В. Ульянов (Ленин)

Том 45

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

45
ТОМ

Март 1922 – март 1923

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1982

ББК 11.5
Л 40

0101020000 Л $\frac{10102-020}{401(07)-82}$ 8—80

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының қырық бесінші томына 1922 жылғы 6 марттан 1923 жылғы 2 мартқа дейін жазылған шығармалар енгізіліп отыр. Ленин бұл шығармаларында социализм құрылысының, Совет мемлекеті сыртқы саясатының, дүние жүзілік жұмысшы және коммунистік қозғалыстың аса маңызды проблемаларын одан әрі талдап шешеді.

Жаңа экономикалық саясаттың бірінші жылының қорытындылары оның дұрыстығын толық дәлелдеді: халық шаруашылығын қалпына келтіруде алғашқы табыстарға қол жетті, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы бекіді, Советтер Республикасының халықаралық жағдайы нығайды. Осылардың негізінде Ленин Коммунистік партияның бұдан былайғы саясаты үшін маңызды қорытындылар жасады.

Том металлистердің Бүкіл россиялық съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде «Совет республикасының халықаралық және ішкі жағдайы туралы» 1922 жылы 6 мартта сөйленген сөзбен ашылады, бұл сөзінде Ленин партия, совет және шаруашылық жұмысын тиісінше қайта құрып, уақытша экономикалық шегіністі тоқтату, капиталистік элементтерге қарсы батыл шабуыл жасау әзірлігіне көшу міндетін алға қойды.

Ленин партияның жаңа міндеттерін 1922 жылы 27 марта — 2 апрельде болған РКП(б) XI съезінде жан-жақты баяндап, негіздеп берді. Томға съезд жұмысымен байланысты бірқатар материалдар енгізілді.

Орталық Комитеттің саяси есебінде, РКП(б) XI съезінде сөйлеген басқа да сөздерінде, Коминтерннің IV конгресінде жасаған «Россия революциясының бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары» деген баяндамасында, Москва Советінің пленумында 1922 жылы 20 ноябрьде сөйлеген сөзінде, сондай-ақ «Манчестер Гардианның» тілшісі А. Рансомға берген интервьюінде және Шығармаларда бірінші рет жарияланып отырған «Солтүстік Америкадағы орыс колониясына» деген хатында Ленин жаңа экономикалық саясаттың мәнін, маңызын және оны жүзеге асыру әдістерін ашып көрсетеді.

Социализм мен капитализм арасында, деп көрсетті Ленин, «кімді кім жеңеді» деген мәселені шешетін аяусыз күрес жүріп жатыр. Мемлекеттік және капиталистік кәсіпорындар — сауда және өнеркәсіп, орыс және шетел кәсіпорындары арасындағы жарыс өріс алды, ендігі міндет осы жарыста капитализмді жеңіп шығу болып отыр.

Экономикалық және саяси жағынан алып қарағанда, деп атап көрсетті Ленин, жаңа экономикалық саясат социалистік экономиканың іргетасын қалау мүмкіндігін толық қамтамасыз етеді. Бүкіл саяси өкімет түгелдей жұмысшы табының қолында. «Россияның пролетарлық мемлекетінің қолындағы экономикалық күш коммунизмге өтуді қамтамасыз етуге әбден жеткілікті» (109-бет). Партияның сара жолы дұрыс. Ал енді не керек? Жөндеп басқару, істі практика жүзінде ұйымдастыра білу, шаруашылық жүргізуді жақсылап үйрену керек. Ленин жұмыста басты назарды кадрларды дұрыс іріктеп алуға және партия мен үкіметтің қаулылары мен директиваларының орындалуын тексеруге аударуды ұсынды. *«Адамдарды тексеру және істің нақты орындалуын тексеру* — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы да осында, тек қана осында» (18-бет).

Мемлекеттік аппаратты жақсарту жөніндегі қызметтің бағытын айқындай келіп, Ленин совет қызметкерлері кәсіптік одағы Бүкіл россиялық V съезінің президиумына жолдаған хатында былай деп жазды: «Қазір-

гі уақытта ең басты кезекті міндет және ең таяу жылдардағы ең маңызды міндет — совет аппаратын қысқарту, оны неғұрлым жетілдіре ұйымдастыру, қағаз бастылықты, бюрократизмді жою, орынсыз шығындарды азайту жолымен бұл аппаратты жүйелі түрде ықшамдау және арзандату» (348-бет).

Капиталистік элементтердің біраз өсуі және ұсақ буржуазиялық стихияның күшеюі негізінде марксизмге дұшпан идеялар жапдана түскен жаңа экономикалық саясат жағдайында бұқара арасындағы идеялық-тәрбие жұмысы, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес ерекше зор маңыз алды. Томға Лениннің «Жауынгер материализмнің маңызы туралы» деген белгілі мақаласы еніп отыр; Ленин бұл мақаласында Коммунистік партияның философиялық майдандағы жұмысының аса маңызды бағыттарын айқындады, оның мақсаттарын сипаттап, практикалық шараларын белгіледі, сонымен бірге атеистік насихаттың міндеттері мен әдістерін айқындап берді. Бүкіл мақала диалектикалық және тарихи материализмнің табиғатты, қоғамдық өмірді және адамдардың санасын өзгертудегі орасан зор маңызы туралы ой-пікірге толы. Өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегіндегі, сондай-ақ «Философиялық дәптерлердегі» идеяларды дамыта келіп, Ленин маркстік философияның жаратылыс тану ғылымымен тығыз байланыста болуының, қоғамдық өмір құбылыстары мен процестерін және жаратылыс ғылымдарының жетістіктерін қорыту негізінде диалектиканы жан-жақты талдап жасаудың қажеттігін атап көрсетті.

Коммунистер, деп жазды Ленин, марксизм философиясын дәйектілікпен қорғауға, алуан түрлі идеалистік ағымдарға қарсы үнемі, бітіспес күрес жүргізіп, буржуазиялық ғылымның «соңғы жетістігін» жамылғы еткен сәнге айналған философиялық ілімдердің реакцияшылдығын ашып көрсетуге тиіс. Бұл мақаланың аса маңызды принциптік қағидалары өзінің программалық маңызын қазіргі кезде де сақтап қалып отыр.

Осы томға енген шығармаларда совет сыртқы саясатының проблемалары, ең алдымен Совет мемлекеті қа-

тысқан бірінші халықаралық экономикалық конференция — Генуя конференциясына байланысты мәселелер үлкен орын алады.

1922 жылы 14 мартта Г. В. Чичеринге жазған хатында, совет делегациясының Генуя конференциясында жасайтын мәлімдемесінің жобасына түзетулер мен ескертпелерде, металлистердің Бүкіл россиялық съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде «Совет республикасының халықаралық және ішкі жағдайы туралы» сөйленген сөзде және РКП(б) Орталық Комитетінің партияның XI съезіндегі саяси есебінде Ленин совет делегациясының міндеттерін тұжырымдап, тактикасын белгілеп берді.

Совет делегациясы конференцияда ұсынған программа әлеуметтік құрылыстары әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік принципін басшылыққа алды, ішкі істерге араласпауды, шабуыл жасамауды, толық тең праволылық пен өзара тиімділікті, экономикалық, саяси және мәдени салалардағы ынтымақтастықты, отар елдер халықтарының бәрінің де өзін өзі билеуге правосы бар деп білуді, нашар дамыған елдерге көмек көрсетуді, барлық соғыс борыштарын жоюды және барлық соғыс шарттарын қайта қарауды, барлық дау-жанжалдарды бейбіт құралдармен шешуді және соғысты болдырмауды, қару-жарақты жаппай қысқартуды және халықты қырып-жоятын қаруға тыйым салуды көздеді.

Ленин капиталистік елдерде бейбітшілікті сақтағысы және Советтік Россиямен экономикалық қатынастар орнатқысы келетін топтар мен элементтерді қолдау қажет деп есептеді. «...Буржуазиялық лагерьдің,— деді ол,— мәселені соғыс жолымен шешуге бейім өкілдерімен істес боламыз ба, әлде буржуазиялық лагерьдің, коммунизм тұрғысынан титтей сынға да төтеп бере алмайтын ең нашар пацифизм болса да, соған бейім тұратын өкілдерімен істес боламыз ба, мұның бізге бәрібір емес...» (82-бет).

Бейбіт қатар өмір сүру, социализм позицияларын нығайту мақсатымен, деп үйретті Ленин, социалистік мемлекет, егер қажет болса, капиталистік елдермен

компромисс жасай алады және компромисс жасауға тиіс. Генуя конференциясында Совет мемлекеті келіс сөздерге негіз бола алатын бірсыпыра нақты ұсыныстар жасады. Совет үкіметі, өзара тиімділік принципі сақталған жағдайда, кеңшіліктер жасауға барудан бас тартпады. «Алайда,— деп атап көрсетті Ленин «Нью-Йорк Геральд» газетінің тілшісіне интервьюінде,— Генуядағы орыс делегациясына қорлаушылық шарттар ұсынғысы келетіндер қатты қателеседі. Россия өзіне жеңілген ел ретінде қарауға көне алмайды. Егер буржуазиялық үкіметтер Россия жөнінде осындай сарында сөйлесуге әрекет жасаса, онда олар орасан зор зердесіздік жасайды» (182-бет).

Совет делегациясы, партияның Орталық Комитетінің директиваларын, Лениннің нұсқауларын орындай отырып, империалистік державалардың Совет мемлекетінің суверенитетіне қол сұғуына үзілді-кесілді тойтарыс берді, олардың Совет республикасын экономикалық және саяси жағынан кіріптарлыққа салуға, Совет өкіметін жоюға, Россияны дүние жүзілік капитализмнің жартылай отарлық шылауына айналдыруға бағытталған арсыз талаптарын қабылдамай тастады. Берік және сонымен бірге икемді лениндік саясат совет делегациясына империалистердің лагеріндегі қайшылықтарды пайдалануға және капиталистік мемлекеттердің Советтер Республикасына қарсы бағытталған біртұтас майданының құрылуына жол бермеуге мүмкіндік туғызды.

Ленин экономикалық байланыстарды, сауданың өрістеуін әлеуметтік құрылыстары әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруіне жәрдемдесетін аса маңызды факторлардың бірі деп санады. Томға енген «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жанындағы концессиялық комитеттің председателіне», «Герман фирмалары консорциумымен жасалған шарт туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хат» деген материалдар, Л. Уркартқа концессия беру жөніндегі бірқатар документтер Лениннің капиталистік елдермен және жекелеген компаниялармен экономикалық келісімдер жасасуға қалай табандылықпен күш салғандығын, сонымен бірге бұл келісімдердің Совет

елі үшін тиімсіз шарттарын қалай үзілді-кесілді қабылдамай тастағандығын көрсетеді.

Ленин социалистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындауда сыртқы сауда монополиясына орасан зор маңыз берді. Ол сыртқы сауда монополиясы социалистік мемлекеттің экономика саласындағы ең басты тұтқалы орындарының бірі деп білді және тек сыртқы сауда монополиясы, шеттен товар әкелу мен шетке товар шығаруды мемлекеттің жоспарлы түрде реттеп отыруы негізінде ғана сол кездегі әлсіз совет экономикасын шетел капиталының еніп кетуінен қорғауға, отандық өнеркәсіпті қалпына келтіріп, одан әрі өркендетуді, елді индустрияландыру үшін қажет болатын пайда табуды, алтын қорды молайтуды қамтамасыз етуге болады деп көрсетті. Буржуазиялық мемлекеттермен экономикалық байланыстардың ұлғаюына және шетел империалистері мен ел ішіндегі капиталистік элементтер тарапынан советтік сыртқы сауда монополиясына өршелене шабуыл жасалуына орай сыртқы сауда монополиясының маңызын Ленин ерекше атап көрсетті. Кейбір басшы партия және совет қызметкерлері сыртқы сауда монополиясын жоюды (Г. Я. Сокольников, Н. И. Бухарин, Г. Л. Пятаков) немесе оны бәсеңдетуді (И. В. Сталин, Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев) жақтауы себепті бұл мәселе одан сайын шиеленісе түсті.

Томға 1922 жылы 15 майда И. В. Сталинге жазылған записка және сыртқы сауда монополиясын қуаттау туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасы енгізілді; бұл жобаны Саяси бюро қабылдады. Кейінірек, 1922 жылы 6 октябрьде, Орталық Комитеттің пленумы Ленин болмаған кезде Сокольниковтың баяндамасы бойынша сыртқы сауда монополиясын бәсеңдету туралы қаулы қабылдады. Ленин 13 октябрьде Орталық Комитетке жазған хатында (247—251-беттерді қараңыз) пленумның шешімімен келіспейтіндігін білдіріп, Сокольниковтың позициясын сынады және «нормадан біраз ауытқуды талап етуге мәжбүр болып отырғандығын» көрсетіп, бұл мәселенің шешілуін екі айға, Орталық Комитеттің келесі пленумына дейін, кейінге қалдыра тұруды ұсынды; бұл ұсы-

нысты Орталық Комитет қабылдады. 13 декабрьде Ленин Орталық Комитетке арналған хатын айтып жаздырды; бұл хатында ол Бухариннің сыртқы сауда монополиясына қарсы келтірген дәлелдерін егжей-тегжейлі талдап, бекерге шығарды. Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы мәселені шешуді Орталық Комитет пленумының қандай да бір кешеуілдетуіне үзілді-кесілді қарсы болды. «Бұл аса маңызды мәселе жөнінде,— деп жазды ол,— бұдан әрі ауытқуларға жол беруге мүлде болмайды және бұлай ету бүкіл жұмысты бүлдіреді» (378-бет).

Орталық Комитеттің 1922 жылы 18 декабрьде болған пленумы Лениннің ұсынысына сәйкес сыртқы сауда монополиясын сақтау мен нығайтудың сөзсіз қажеттігін қуаттап, бірауыздан шешім қабылдады. Кейінірек партияның XII съезі де сыртқы сауда монополиясының мызғымастығын қуаттады.

Совет мемлекетінің Шығыс елдерімен достық қатынастар орнатуына және нығайтуына Ленин ерекше маңыз берді. Ол «Обсервер» мен «Манчестер Гардианның» тілшісі М. Фарбманға берген интервьюінде Совет үкіметінің алда болатын Лозанна халықаралық конференциясында Таяу Шығыс мәселелері жөнінде ұстайтын позициясын баяндады. Таяу Шығыс елдерінің прогресшіл ұлттық талап-тілектерін қанағаттандыру қажеттігін атап корсете келіп, Ленин былай деді: «Біздің тәжірибеміз өзімізді мынадай берік сенімге жеткізді: әр түрлі ұлттардың мүдделеріне орасан зор көңіл бөлушілік қана дау-жанжалдардың негізін жояды, өзара сенбеушілікті жояды, қандай да бір интрига болып қалар ма екен деп қауіптенуді жояды, әсіресе әр түрлі тілдерде сөйлейтін жұмысшылар мен шаруалардың сенімін туғызады, мұндай сенім болмайынша халықтар арасында бейбіт қатынастар да, қазіргі цивилизациядағы барлық бағалы нәрселерді азды-көпті ойдағыдай өркендету де мүлде мүмкін емес» (271-бет).

Ленин бастаған Совет үкіметі бейбітшіл сыртқы саясатты бұлжытпай жүргізді. Ленин империалистік соғыстарға қарсы дәйекті күрес жүргізу қажет деп көрсетті, «егер соғыс қаупін толық жою туралы айтпа-

ғанның өзінде, шын мәнінде бейбітшілікке қарай бастайтын... шешімдер мен шаралар» (272-бет) мүмкіндігінше көбірек керек деп атап айтты. Ленин «біздің тарихи концепциямыз дүние жүзілік жаңа соғыстар болмай қоймайды деп ұйғарады» (74-бет) деген сөздерді совет делегациясының Генуя конференциясында жасайтын мәлімдемесінің жобасынан «сөзсіз алып тастауды» ұсынды. Дүние жүзілік жаңа соғысты болдырмауды Ленин аса маңызды проблема деп санады. «Clarté» тобына жолдаған құттықтауында және «Гаагадағы біздің делегацияның міндеттері туралы мәселе жөніндегі заметкаларында» Ленин империалистік буржуазия идеологтарының соғысты ақтау үшін қолданып жүрген дәлелдері мен софизмдерінің бәрін талқандап, империалистердің соғысты әзірлеуін әшкерелеп, жаңа соғысқа қарсы күрестің пәрменді шараларын түсіндіру керек деп жазды.

Генуя конференциясында қарусыздану идеясын практикалық міндет ретінде, баянды бейбітшілікті қамтамасыз етудің нақты жолы ретінде ұсынып, Совет үкіметі іс жүзінде өз позициясының адалдығын дәлелдеді. Ленин «төрттен бірі қысқартылатындығын жариялап және мұны Генуяда уақытша бітім жасасу бағытында шамалы болса да және онша сенімді болмаса да, бірақ сонда да біршама нақты қадам жасалғандығымен дәлелдей отырып» (228-бет), Қызыл Армияны қысқарту туралы мәселені IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті III сессиясының күн тәртібіне енгізуді ұсынды.

Сонымен бірге Совет мемлекеті былай деп мәлімдеді: өзінің қару-жарақты қысқарту жөніндегі шараларының шарты екі жақтың да бірдей толық әрі сөзсіз міндетті болуы, яғни империалистік елдер тарапынан да дәл осындай шаралардың қолданылуы, Совет еліне қандай да бір шабуыл жасаушылық және оның ішкі істеріне араласушылық болмайтындығына қажетті кепілдіктер жасалуы болып табылады деп мәлімдеді. Империалистердің Советтер Республикасына шабуыл жасау қаупі туып отырғандығын, капиталистік елдерде соғысты тілейтін ықпалды партиялар, саяси қайраткерлер және

финанс алшауыттары бар екендігін көрсете келіп, Ленин партияны, барлық совет адамдарын Совет мемлекетінің қорғаныс қуатын барынша нығайтуға, сақадай сай тұруға шақырды.

Европа мен Азияның бірқатар елдерінде социалистік революциялардың жеңіске жетуімен, дүние жүзілік социализм системасының құрылуымен және нығаюымен, отаршылдықтың күйреуімен, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруге ұмтылуымен және бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысының өсуімен байланысты, дүние жүзілік соғысты болдырмаудың, дүние жүзілік соғыстарды қоғам өмірінен аластаудың әбден нақты мүмкіндігі туды. Лениннің нұсқауларын басшылыққа алған КПСС пен Совет үкіметі халықаралық қатаң бақылау жасай отырып жаппай және толық қарусыздану баянды бейбітшілікті қамтамасыз етудің ең пәрменді жолы деп есептейді.

Қоғамдық құрылыстары әр түрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі жөніндегі лениндік бағыт әсте капитализммен ымыраласқандық, коммунистердің өздерінің түпкі мақсатынан — социализмнің бүкіл дүние жүзінде жеңуінен бас тартқандығы емес. Ленин бейбіт қатар өмір сүруді екі системаның — социалистік система мен капиталистік системаның арасындағы босаңсымайтын идеологиялық, саяси және экономикалық күрес деп біледі. Оның үстіне, нақ сол бейбітшіліктің сақталуы капитализммен экономикалық жарыста социализмнің жеңіске жетуі үшін, капиталистік елдердің ішіндегі тап күресінің өрістеуі үшін, езілген халықтардың империализмге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының дамуы үшін ең қолайлы жағдайлар туғызады. Социалистік системаның табыстары және бейбітшілік жолындағы, дүние жүзілік жаңа соғысты болдырмау жолындағы дәйекті күрес халықтың ең қалың бұқарасын коммунистердің төңірегіне топтастырады, еңбекшілерді олардың қанаушыларға қарсы, империализмге қарсы революциялық күресінде жігерлендіреді.

Томға енген бірқатар шығармалар мен документтер: «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат және үш Интернационалдың конференция-

сындағы Коминтерн делегациясына Коммунистік Интернационалдың Атқару комитеті беретін директивалардың жобасы жөніндегі ұсыныстар», РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының есебі бойынша партияның XI съезі қарарының жобасы жөніндегі ұсыныс, «Бізге тым қымбатқа түсті» деген мақала, «Үш Интернационал конференциясының аяқталуына байланысты Коминтерн Атқару комитеті шешімінің жобасына ескертпелер мен ұсыныстар», Коминтерннің IV конгресінде жасалған баяндама және басқалар халықаралық жұмысшы және коммунистік қозғалыс мәселелеріне арналған.

Коммунистік партиялардың басты міндеті, деп көрсетті Ленин, жұмысшылардың көпшілігін, еңбекшілердің көпшілігін өз жағына қаратып алуда. Біртұтас майдан тактикасы бұқара үшін күрестегі маңызды құрал болып табылады. Келісімге жету мақсатымен коммунистер, өздерінің негізгі принциптерінен бас тартпай, екінші жақтан бірдей кеңшіліктер ала отырып, белгілі бір кеңшіліктер жасай алады және кеңшіліктер жасауға тиіс. Оңшыл социалистердің теріс саяси бағытын әшкерелегенде, деп көрсетті Ленин, жұмысшы-социалистерді үркітіп алмай, оларға реформистік идеология мен саясаттың қателігін шыдамдылықпен, байыптылықпен түсіндіру қажет. Ленин большевиктік партияның тәжірибесін, Россиядағы революцияның сабақтарын творчестволықпен қабылдау қажеттігіне туысқан партиялардың назарын аударды. Ол коммунистер өздерінің тактикасында икемді болып, күрестің барлық формалары мен құралдарын қолдана білуі керек деп атап көрсетті.

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының қырық бесінші томы Владимир Ильичтің «Съезге хат», «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы», «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде», «Күнделік дәптердің беттері», «Кооперация туралы», «Біздің революция туралы (Н. Сухановтың запискалары жөнінде)», «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек (Партияның XII съезіне ұсыныс)», «Аз болса да,

жақсы болсын» деген соңғы хаттары мен мақалаларын қамтиды, ол бұл хаттары мен мақалаларын өзі ауырып жүрген кезінде, 1922 жылғы 23 декабрьден 1923 жылғы 2 мартқа дейін, айтып жаздырған болатын.

Лениннің соңғы мақалалары мен хаттарының маңызына бара жетпейді. Өзара етене байланысқан бұл мақалалар мен хаттар, шын мәнінде, Ленин өзінің бұларға дейінгі шығармалары мен сөздеріндегі қорытындылары мен қағидаларын дамыта отырып, СССР-де социализм құрылысының ұлы жоспарын талдап жасауды аяқтаған және дүние жүзілік азаттық қозғалысының жалпы перспективаларына сәйкес Россияны социалистік жолмен қайта құру программасын қорытып тұжырымдаған тұтас еңбек болып саналады.

Батыс европалық реформистердің және меньшевиктердің Россия экономикалық және мәдени жағынан артта қалуы себепті онда социализмнің жеңуі мүмкін емес деген пайымдауларын Ленин күйрете сынады. Сонымен бірге бұл сын оппортунистерге қарсы, партия ішіндегі капитулянттарға қарсы, Россияда социалистік шаруашылықтың құрылуы тек Европаның аса маңызды елдерінде пролетариат жеңіске жеткеннен кейін ғана мүмкін болады-мыс деп мәлімдеген Троцкийге қарсы бағытталды. Ленин Октябрь социалистік революциясының тарихи заңдылығын атап көрсете келіп, Россияда толық социалистік қоғамды орнату үшін «қажетті және жеткілікті нәрсенің бәрі» (409-бетті қараңыз) бар деді. Бұл данышпандық қағиданың орасан зор, шын мәнінде тарихи маңызы болды: ол партияға, Совет елінің барлық еңбекшілеріне кең көкжиек ашып берді, олардың социализм құрылысының сәттілігіне деген сенімділігін нығайтып, оппортунистерге қарсы күресте партияның қолына өткір қару ұстатты.

Ленин СССР-де социализм орнатудың ерекше қиыншылықтарын атап айтты. Империалистік державалар, Советтер Республикасына интервенция мен блокада ұйымдастырып, елімізді мүмкіндігінше көбірек күйзелту үшін қолдан келгеннің бәрін істеді. Сонымен бірге жауыққан капиталистік қоршау жағдайында совет халқының социализмді әлі де ұзақ уақыт орнатуы-

на тура келетіндігі әбден айқын еді. Совет еліне империалистердің заем немесе кредит бергілері келмеді; шетел капиталистері концессия алуға да бара қоймады. Совет халқы коммунистер партиясының басшылығымен барлық қиыншылықтарды жеңетіндігіне, «нэптік Россиядан социалистік Россия болатындығына» (347-бет) Ленин кәміл сенім білдірді.

Ленин социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау мәселесін терең талдап баяндады. Халық шаруашылығын жоспарлау мәселесіне ол өзінің соңғы хаттарының бірін әдейілеп арнады. Ленин берік экономикалық негіз жасамайынша жаңа қоғам орнатуға болмайды деп көрсетті.

Өзінің соңғы сөздері мен мақалаларында Ленин елді индустрияландырудың, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді көбірек дамытудың социализм құрылысында шешуші маңызы бар екендігін тағы да атап көрсетті. «Ал енді нақ осы, «ауыр индустрия» дейтін өнеркәсіп,— деп жазды Ленин,— социализмнің негізгі базасы болып табылады». Сонымен бірге ауыр өнеркәсіп елдің қорғаныс қабілетінің негізі болып табылады — ауыр индустриясыз «біз ешқандай өнеркәсіп жасай алмаймыз, ал өнеркәсіпсіз біз дербес ел болудан мүлде қаламыз». Міне сондықтан да Ленин «өзіміздің машиналы ірі индустриямызды дамыту үшін, электрлендіруді дамыту үшін» қолдан келгеннің бәрін істеуді ұсынды. Ленин елді индустрияландырудың жолдарын белгілеп берді, ішкі және сыртқы саудадан түсетін табыстар, жеңіл өнеркәсіп орындарынан алынатын пайда, салықтар және ең алдымен нэпмандарға салынатын салық, мемлекеттік аппаратты арзандату, аса қатаң үнем режимі елді индустрияландыруға қажетті қаржының көздері болып табылады деп көрсетті. Жұмысшы табы, деп атап көрсетті Ленин, ірі өнеркәсіпті, троцкистердің ұсынғанындай, ұсақ товар өндірушілерді «отарлау» және күйзелту арқылы емес, шаруалармен берік одақтасу, қала мен деревня еңбекшілерінің әлауқатын ұдайы арттыру негізінде жасауға тиіс (236, 323, 446-беттерді қараңыз).

Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта

құру программасы жаңа қоғам орнатудың лениндік жоспарының аса маңызды құрамдас бөлігі болды. Лениннің сіңірген аса зор еңбегі мынада: ол пролетарлық революцияның жұмысшы табы саяси өкіметті жеңіп алғаннан кейінгі ең қиын міндетін шешудің — әрі ұсақ меншікші, әрі еңбеккер болып табылатын миллиондаған шаруаларды социалистік құрылысқа тартудың, оларды жекеше шаруашылықтардан ірі коллективтік өндіріске көшірудің нақты жолын белгілеп берді. Ол осындай жол шаруа шаруашылықтарын кооперациялау болып табылады деп көрсетті. Өзінің «Кооперация туралы» деген тамаша мақаласында Советтік Россияда кооперацияны дамытудың және алғашқы коллективтік шаруа шаруашылықтарын құрудың тәжірибесін қорыта келіп, Ленин шаруалардың өмірін социалистік негізде қайта құрудыңданышпандық кооперациялық жоспарын талдап жасады. Қажетті техникалық база жасау, шаруалардың мәдени дәрежесін көтеру, кооперацияның әр түрлі формаларын дамыту арқылы шаруаларды бірте-бірте шаруашылықтың коллективтік формаларына қатыстыру, шаруалар коллективтік шаруашылықтарға біріккен кезде еріктілік принципін қатаң сақтау, мемлекет тарапынан кооперацияға бағыт беріп, жол сілтеу және барынша көмек көрсету, жұмысшы табын деревняны социалистік жолмен қайта құруға белсене және тікелей қатысуға мейлінше кең тарту — лениндік кооперациялық жоспардың негізгі қағидалары міне осындай.

Лениннің соңғы мақалаларында социализм құрылысының негізгі міндеттерінің бірі болып табылатын мәдени революцияны жүзеге асырудың қажеттігі, халықтың жаппай сауатты болуына жетудің, халықтық интеллигенция кадрларын даярлаудың, ғылымды өркендетудің қажеттігі ерекше атап көрсетілді.

Ленин біздің Советтік республикамызда әлеуметтік құрылыс жұмысшы табы мен шаруалардың ынтымақтастығына негізделгендігін атап көрсетті. «Жұмысшылар мен шаруалар одағы,— деп жазды ол ««Беднотаның» төрт жылдық мерекесі жөнінде» деген құттықтауында,— Совет өкіметінің бізге бергені міне осы.

Совет өкіметінің күші міне осында. Біздің табыстарымыздың және біздің түпкілікті жеңіп шығатындығымыздың кепілі міне осында» (69-бет). Ленин өзінің соңғы мақалаларында жұмысшы табының шаруалар жөніндегі басшылық ролін, шаруалардың жұмысшыларға сенімін сақтау партияның аса маңызды міндеті екендігін атап көрсетті.

Совет елінің халықтары арасында дұрыс қарым-қатынастар орнатуға Ленин орасан зор маңыз берді. Ол социалистік құрылыс пен ел қорғаныcының мүдделері совет республикаларының бұрынғыдан да тығыз топтасуын, олардың біртұтас мемлекеттік одақ болып бірігуін қажет ететіндігіне назар аударды.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнаған «СССР-ді құру туралы» деген хатында және «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатында, бұл хаттар осы томға еніп отыр, Ленин Сталиннің Украинаны, Белоруссияны, Азербайжанды, Грузияны, Арменияны Россия Федерациясына кіргізу және оларды автономиялық республикаларға айналдыру арқылы совет республикаларын біріктіру туралы ұсынысын қатты сынады. Ленин дербес ұлт республикаларын «автономияландыру» идеясына пролетарлық интернационализм принциптерінен шегіну деп, ал мұның өзі совет халықтарының достығын одан әрі нығайту, оларды социализм құрылысында топтастыру және ынтымақтастыру міндеттеріне сай келмейді деп білді. «Осы «автономияландыру» әуре-сарсаңының бәрі түп-тамырымен теріс және мезгілсіз» екендігін атап көрсетіп, Ленин былай деп жазды: «Менің ойымша, бұл жерде Сталиннің асығыстығы мен әкімшілікке әуестігі, сонымен қатар оның атышулы «социал-ұлтшылдыққа» қарсы ызалануы қатерлі роль атқарды» (394—395, 396-беттер).

Ленин совет республикаларын біріктірудің принцип жағынан басқа жолын көрсетіп берді. Өзі бұрын талдап жасаған советтік федерализм принциптері негізінде, еліміздегі ұлттық құрылыстың тәжірибесін қорыта келіп, Ленин одақтық мемлекеттің нақты формасын

белгілеп, тең праволы дербес совет республикаларын ерікті түрде біріктіру негізінде Советтік Социалистік Республикалар Одағын құрудың данышпандық идеясын ұсынды. Ол совет республикаларын біріктіру идеясын бюрократиялық бұрмалауға жол беруге болмайтындығын көрсетті, шамадан тыс централизмнен сақтандырды, халықтарды топтастырудың қажетті шарты ретінде әрбір республиканың суверенитетін нығайту қажеттігін атап көрсетті. Толық тең праволылық, адалдық, өзара құрмет, достық, туысқандық ынтымақтастық және өзара көмек — ұлттар арасындағы қатынастар міне осыған негізделуге тиіс.

Совет мемлекетін нығайту, аппаратты жетілдіру ісінде Ленин мемлекеттік, партиялық және қоғамдық бақылауға маңызды роль берді. Ол Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының қызметін зер салып қадағалады, оның жұмысын жақсартуға табандылықпен күш салды. «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы И. В. Сталинге хатта» және «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі председателі орынбасарларының) жұмысына қатысты ескертпелерге жауапта» Ленин бақылау жүйесін жақсартып, еңбекшілердің қалың бұқарасын бақылауға қатыстыру қажеттігін атап көрсетті. Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жұмысын жолға қоюдағы кемшіліктерді сынай отырып, Ленин сонымен бірге Жұмысшы-Шаруа инспекциясын мүлде жоюды ұсынған Троцкиймен үзілді-кесілді келіспейтіндігін білдірді.

Өзінің «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек (РКП XII съезіне ұсыныс)» және «Аз болса да, жақсы болсын» деген соңғы мақалаларында Ленин партиялық және мемлекеттік бақылауды біріктіріп, Орталық Бақылау Комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы бірыңғай органын құру негізінде бақылауды ұйымдастыруды түбірінен қайта құру жоспарын талдап жасады. Ленин бәрін қамтитын, тұрақты жұмыс істейтін бірыңғай партиялық-мемлекеттік бақылаудың сындарлы жүйесін жасаудың социалистік құрылыс-

тың барлық міндеттерін ойдағыдай орындау үшін орасан зор маңызы болатындығын атап көрсетті.

Лениннің соңғы мақалалары мен хаттары партияның идеялық және ұйымдық бірлігін нығайтуға деген үлкен қамқорлыққа толы. Ленин партияның басшы органы — Орталық Комитеттің топтасқандығы мен тұрақтылығын әлгі бірліктің аса маңызды шарты деп есептеді. Ленин «Съезге хатта» партияның басшы қайраткерлері арасындағы келіспеушіліктердің салдарынан жікке бөліну қаупінің тууына жол бермейтін шаралардың бірі ретінде Орталық Комитет мүшелерінің санын бірнеше он адамға дейін, тіпті жүз адамға дейін көбейтуді ұсынды. Сонымен бірге бұл шара, деп көрсетті Владимир Ильич, Орталық Комитеттің партия мен елге басшылық жасаушы коллективтік орган ретіндегі беделі мен ролін көтереді, партия кадрларының көпшілігін Орталық Комитеттің жұмысына үйретуге мүмкіндік береді және партия аппаратының жақсаруына жәрдемдеседі.

«Съезге хатта» Ленин Орталық Комитеттің тұрақтылығы туралы мәселені партияның Орталық Комитетінің бірсыпыра мүшелерінің жеке бастарының қасиеттері тұрғысынан да талдады. Ленин Троцкийдің большевизмге жат әрекеттерін және маңызды мәселелердің бірі жөнінде Орталық Комитетке қарсы жүргізген күресін көрсете келіп, істің мәніне келгенде, оған саяси сенімсіздік көрсетті. Владимир Ильич Зиновьев пен Каменевтің идеялық тұрақсыздығынан да сақтандырды. Владимир Ильич олардың Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңіндегі штрейкбрехерлігі кездейсоқ болмағандығын еске салды. Бухарин мен Пятаковқа мінездеме бергенде Ленин Бухариннің «диалектиканы... ешқашан толық түсінбегендігін», ал Пятаковтың әкімшілікке тым салынып кететіндігін атап айтты. «Съезге хатта» Сталинге де мінездеме берілді. Ленин «Сталин тым дөрекі, ... бұл кемшілік бас секретарь қызметінде төзгісіз болып келеді» деп атап айтты. Ол үлкен билікті өз қолына жинап алған Сталиннің сол билікті дұрыс пайдалана білмеуінің қауіпті болатындығын ескертті.

Партияның Орталық Комитетінің бас секретары қызметіндегі Сталинді ауыстыру жөнінде кеңес бере отырып, Ленин бұл қызметке басқа қайраткер қойылуға тиіс, «басқа жақтарының бәрін алғанда ол адамның Сталин жолдастан тек бір ғана артықшылығы болатын болсын, атап айтқанда, неғұрлым ұстамды, неғұрлым әділ, неғұрлым сыпайы және жолдастарға неғұрлым ілтипатты болсын, қыңырлығы аз болсын, т. т.» (384-бет) деп есептеді.

Лениннің ұсыпыстарына сәйкес, РКП(б) XII жәпе XIII съездері партияның Орталық Комитеті мүшелерінің санын көбейтті. Орталық Комитеттің құрамын кеңейтудің орасан зор принциптік маңызы болды. Мұның өзі Орталық Комитеттің ролін көтеріп, антипартиялық топтарды талқандауға жәрдемдесті. Лениннің 1922 жылы 24—25 декабрьде және 1923 жылы 4 январьда жазған, Орталық Комитеттің мүшелеріне мінездеме берілген жазбалары, Владимир Ильичтің өсиетіне сәйкес, өзі қайтыс болғаннан кейін партияның кезекті съезіне хабарландырылуға тиіс болатын, РКП(б) XIII съезінде делегациялар бойынша оқылды. Лениннің «Съезге хатын» талқылай келіп, делегациялар Сталинді Орталық Комитеттің бас секретары қызметінде қалдыруды жақтап пікір білдірді, өйткені олар троцкистердің ленинизмге жасаған шабуылдарына тойтарыс берудегі Сталиннің атқарған маңызды ролін, оның партиядағы беделін ескерді және ол Лениннің сын ескертпелеріп еске алады деп сенім білдірді.

Лениннің соңғы еңбектерінің орасан зор тарихи маңызы мынада: ол бұл еңбектерінде Коммунистік партияның СССР-де толық социалистік қоғам орнату жөніндегі сара жолын негіздеп, таптық күштердің халықаралық аренадағы арақатынасына терең талдау жасады, дүние жүзілік азаттық қозғалысын одан әрі дамытудың жолдары туралы мәселені қарастырды.

Ленин өзінің соңғы мақалаларында Россияда социалистік революцияның жеңуі, жер жүзіндегі халықтың орасан зор көпшілігінің империализмге қарсы күреске қосылуы социализмнің халықаралық көлемде сөзсіз жеңетіндігіне айғақ болады деген кәміл сенім білдірді.

Ленин Азия, Африка, Латин Америкасы халықтарының ұлт-азаттық күресінің капитализмді әлсіретіп, күйрететін дүние жүзілік революциялық процестегі орасан зор ролін ашып көрсетті. Ол сонымен бірге «бұл есеп Европа мен Американың пролетариатын революцияшыл күштер санынан шығарады» (199-бет) деген пайымдаудан сақтандырды. Дамыған капиталистік елдерде бірқатар жағдайлардың салдарынан социалистік революцияларды бастау қиынырақ болатындығын Ленин талай рет атап айтты. Бірақ ол бұл социалистік революциялардың сөзсіз болатындығына сенді. Батыс пен Шығыстағы халық бұқарасы ортақ жау — империализмге қарсы бірлесіп күрес жүргізген жағдайда ғана, барлық елдердің коммунистік партияларында қимыл бірлігі болған жағдайда ғана социализм бүкіл дүние жүзінде жеңіске жететіндігін Ленин ұдайы атап көрсетті.

Антиимпериалистік революцияшыл күштер одағында, деп үйретті Ленин, Советтер Республикасы шешуші роль атқарады. Дүние жүзілік социалистік революцияның дамуына Совет елі өзінің басты ықпалын өнеге күші, ең алдымен өзінің шаруашылық саласындағы жетістіктері арқылы жасайды. Міне сондықтан да совет халқының өндіргіш күштерді орасан тез дамытуға, «социализмнің негізінде орасан зор күштер бар екенін және енді адамзаттың керемет жақсы мүмкіндіктер беретін жаңа даму сатысына көшіп отырғанын кез келген және әрбір адамға айқын, көз жеткізе дәлелдеуге» (443-бет) мүмкіндік алуына Ленин осыншама маңыз берді. Ленин Совет елінің дамыған капиталистік елдерді тарихи қысқа мерзімде қуып жетіп, басып озатындығына кәміл сенетіндігін білдірді.

Лениннің соңғы сөздерінің, мақалалары мен хаттарының негізгі мазмұны міне осындай. Ой-пікірлерінің байлығы және бұл еңбектерде ұсынылған теориялық қағидаларының маңыздылығы жағынан алып қарағанда бұл еңбектер Лениннің идеялық мұрасында аса көрнекті орын алады.

* *
*

Осы томға бұрын әр түрлі басылымдарда жарияланған, бірақ В. И. Лениннің Шығармаларына енбеген 37 еңбек пен документ енгізілді. Олардың арасында Совет мемлекетінің сыртқы саясатымен байланысты документтердің үлкен бір тобы: «Г. В. Чичеринге хат», ««Нью-Йорк Геральд» газетінің тілшісіне интервью», «И. В. Сталинге, Л. Б. Каменевке және Л. Д. Троцкийге записка және Генуяға жіберілетін телеграмманың жобасы», «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап И. В. Сталинге хат және Г. В. Чичеринге жіберілетін телеграмманың жобасы», «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жанындағы концессиялық комитеттің председателіне», «Л. Уркартқа концессия беру жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына арнап И. В. Сталинге хат» және басқа документтер бар. Бірқатар документтер: «Н. П. Горбуновқа записка және кооперация туралы мәселе жөніндегі ұсыныстар», «Финанс саясатының мәселелері жөнінде Г. Я. Сокольниковқа хат», «СССР-ді құру туралы. РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап Л. Б. Каменевке хат», «Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары арасында жұмысты бөлісу туралы ұсыныстар», «Халық Комиссарлары Советінің председателі мен орынбасарларының жұмыс тәртібі туралы ұсыныстар» және басқалары шаруашылық, ұлттық, мәдени құрылыс мәселелеріне және Халық Комиссарлары Советінің аппаратын қайта құруға арналған. Бірнеше документ: «И. В. Сталин мен Л. Б. Каменевке хат», «РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының есебі бойынша қарардың жобасы жөніндегі ұсыныс», «Секретариаттың жұмысын ұйымдастыру туралы РКП(б) Орталық Комитеті пленумы қаулысының жобасы» және басқа документтер РКП(б) XI съезімен, партия құрылысының мәселелерімен байланысты жазылған. Бірсыпыра документтер: «РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат және үш Интернационалдың

конференциясындағы Коминтерн делегациясына Коммунистік Интернационалдың Атқару комитеті беретін директивалардың жобасы жөніндегі ұсыныстар», «Үш Интернационал конференциясының аяқталуына байланысты Коминтерн Атқару комитеті шешімінің жобасына ескертпелер мен ұсыныстар», «Пермь губерниялық атқару комитетінің председателіне», «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына» және басқалары халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының мәселелерін баяндайды.

Осы томға енген 18 документ: «Совет делегациясының Генуя конференциясында жасайтын мәлімдемесінің жобасына түзетулер мен ескертпелер», «РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныс», Г. В. Чичеринге үш телеграмма, «РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына запискалар және Г. В. Чичеринге жіберілетін телеграмманың жобасы», «Г. В. Чичеринге жіберілетін телеграмманың жобасы», «М. М. Литвиновқа телеграмма», «Лозанна конференциясы жөнінде Антанта державаларына жолданатын нота туралы Г. В. Чичеринге және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат», «Герман фирмалары консорциумымен жасалған шарт туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хат», «Заттай салық туралы деректердің ақпарын Орталық Комитетке беру туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасы», «Кооперативтік банк туралы тезистер», «РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына армияны қысқарту туралы ұсыныс», партияға жаңа мүшелер қабылдаудың шарттары туралы мәселе жөніндегі записка, «РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хат және шетелге баратын жолдастарға берілетін директиваның жобасы», «Г. В. Плехановтың шығармаларын бастырып шығару туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының қаулысы», РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына запискалар және үш Интернационал конференциясының аяқталуына байланысты мәселелер жөніндегі қаулылардың жобалары бірінші рет жарияланып отыр.

«Дайындық материалдар» бөлімі РКП(б) XI съезіне арналған және «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулы» жөніндегі материалдарды («Қаулының негізгі бөлімдері» деген документ бірінші рет жарияланып отыр), ««Екі жақты» бағыну және заңдылық туралы хаттың тезистерін», «Сомды тұрақтандыру туралы жазбаларды», «Коминтерннің IV конгресінде жасалатын «Россия революциясының бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары» деген баяндаманың жоспарларын», «Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде сөйленетін сөздің конспектісін», «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақалаға арналған материалдарды қамтиды.

«Қосымшаларға» «Г. В. Чичеринге Генуяда өтетін конфереңциядағы совет делегациясының председателі уәкілдігін беру туралы мәлімдеме», «Россия коммунистік (большевиктер) партиясы XI съезінің делегаттарына арналған жеке анкета», «В. И. Лениннің кезекші секретарьларының күнделігі» енді. Осы дәуірге қатысты басқа да материалдармен бірге «Күнделіктің» Владимир Ильич өмірінің соңғы кезеңін дұрыс баяндау үшін орасан зор маңызы бар. Лениннің барған сайын асқынып бара жатқан ауыр науқасты ерлікпен жеңе отырып, ғажайып ерік күшін сақтай отырып, бүкіл күш-қуатын партия ісіне, жұмысшы табының ісіне жұмсағандығын «Күнделік» күн сайын көрсетіп отырады. Ленин өз өмірінің соңғы күндеріне дейін Россияда социализм құрудың тағдыры мен жолдарын, партияны және оны нығайту шараларын, дүние жүзілік революциялық қозғалысты ойластырумен болды.

В. И. Лениннің Шығармалары толық жинағына енгізілген негізгі еңбектері қырық бесінші томда жариялануымен аяқталады. Келесі томдарға В. И. Лениннің жазысқан хаттары енеді.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

В. И. ЛЕНИН

1922

СОВЕТ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ІШКІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

МЕТАЛЛИСТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНДЕГІ КОММУНИСТІК ФРАКЦИЯНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 1922 ж. 6 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[1]

(Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.) Жолдастар! Саясаттың басты міндеттері туралы мәселе жөнінде өзімнің қорытындыларым мен пікірлерімді ортаға салу үшін, сіздердің дағдылы тәртіптеріңізді біраз бұзып, сіздердің мәжілісіңіз бен съезіңіздің күн тәртібіне қойылып отырған тақырыптарға бүгін тоқталмауыма рұқсат етіңіздер. Белгілі бір мемлекеттік мекемелердің ресми өкілі болмаса да, іс жүзінде мемлекеттік жұмыстың аса зор бір бөлегін атқарып отырған адамдарға сөз арнау бізде бұрын да талай рет болып келді. Біздің мемлекеттік мекемелеріміздің көпшілігінде жұмысшы табының белгілі бір өкілдерінің, оның ішінде, әрине, алдыңғы саптағылардың бірі — металлистердің нағыз тиянақты жұмыс жүргізіп отырғаны сіздердің бәріңізге де мәлім.

Міне сондықтан да мен сіздердің жұмыстарыңыздың дағдылы тәртібін бұзу, сөйтіп кәсіптік және партиялық мәселелер туралы айтудан да гөрі саяси мәселелер туралы, біздің халықаралық және ішкі жағдайымыз туралы айту дәл осы ретте ешбір орынсыз болмас деп ойлаймын. Өйткені, менің білуімше, біздің халықаралық жағдайымызда да, біздің ішкі жағдайымызда да саясаттағы кейбір бетбұрысқа ұқсас нәрсе бар, сол нәрсе саясаттағы осы бетбұрысты толық түсіну, дұрыс ұғу үшін және өз жұмысында — совет жұмысында да, партия жұмысында да, кәсіптік жұмыста да, басқа жұмыстардың бәрінде де — оны жүзеге асыру

үшін партиялық адамдардың қай-қайсысынан да және, әлбетте, саналы жұмысшылардың қай-қайсысынан да оған ерекше көңіл бөлуді талап етеді.

Бізде халықаралық саясат мәселелерінің ең бастысы әлі де Генуя[2] мәселесі болып отырғанын сіздер, әрине, бәріңіз де білесіздер, жолдастар. Мен оның осындай басты мәселе болып қала беруінің заңды екендігіне оншалықты қатты сене қоймаймын, өйткені біз: «Генуя» дегенімізде, жұрттың бәріне көптен белгілі конференцияны, Италияда, Генуяда шақырылмақшы болып ұйғарылған, әбден дерлік әзірленіп біткен конференцияны, ал қазіргі кезде, амал қанша, шақырылуға мүмкіндігі көп пе, аз ба, немесе ондай мүмкіндігі жоққа жуық па,— мұны ешкім білмейтін (мұны Генуя инициаторлары мен ұйымдастырушыларының өздері де білмейді-ау деп мен қатты қауіптенемін) әрі-сәрі жағдайдағы конференцияны айтамыз. Қалай болғанда да, біз өзімізге және жұмысшы-шаруа республикасының тағдырына қандай да бір назар аударып отырған адамдардың бәріне: біздің бұл жөніндегі, яғни Генуядағы конференция туралы мәселе жөніндегі позициямыз әуел бастан-ақ мейлінше берік болды және сол берік күйінде қалып отыр деп айтуға тиіспіз. Ал егер әлдебіреулерде өзінің пиеттерін орындау үшін табандылығы түгіл, тіпті ең қарапайым батылдығы, ең қарапайым қабілеті де жетпесе, ол біздің кінәмыз емес. Біз әуел бастан-ақ: *Генуяны құптаймыз және оған барамыз,* деп мәлімдеген болатынбыз; капиталистік елдермен (әзірге олар толық қаусамай тұрғанда) сауда жасасу бізге сөзсіз қажет болғандықтан, біз бұл конференцияға көпес ретінде баратындығымызды және оған осы сауданың саяси жағынан қолайлы шарттарын неғұрлым дұрыс және неғұрлым тиімді түрде талқылау үшін, тек қана сол үшін баратынымызды біз өте жақсы түсіндік және мұны ешбір жасырған жоқпыз. Үкіметтері Генуя конференциясының алғашқы жоспарын жасаған және конференцияға жол ашқан капиталистік мемлекеттер үшін бұл, әрине, ешбір құпия емес. Бізді әр түрлі капиталистік елдермен байланыстырып отырған бірсыпыра сауда шарттарының бірден-бірге ұза-

рып келе жатқанын, практика жүзіндегі сауда келісімдері санының өсіп келе жатқанын бұл мемлекеттер өте жақсы біледі; әр түрлі шет мемлекеттер мен біздің өнеркәсібіміздің әр түрлі салаларының арасында мейлінше алуан түрлі комбинацияларда барынша егжей-тегжейлі талқыланып жүрген сауда кәсіпорындарының саны, орыс және шетел сауда кәсіпорындарын қоса есептегенде, қазіргі кезде өте көп. Сондықтан Генуяда ең алдымен сөз болатын мәселенің практикалық негізі капиталистік мемлекеттерге әбден белгілі. Ал егер осы негізге қосымша ретінде толып жатқан әр түрлі саяси әңгімелер, жорамалдар, іске аспайтын жобалар қондырма болып табылатын болса, онда мұны көбінесе қолдан жасалған, ойдан шығарылған және осыған мүдделі адамдар тарапынан жүзеге асырылатын тек қондырмасымақ қана деп түсіну керек.

Совет өкіметі өмір сүріп келе жатқан төрт жылдан астам уақыттың ішінде біз, әлбетте, буржуазиялық мемлекеттер атынан өкілдік етіп отырған мырзалар ескірген буржуазиялық дипломатия өнерінің барлық ережелеріне сәйкес өрістетіп жүрген осы дипломатиялық ойынға тиісті түрде баға бере білу үшін жеткілікті практикалық тәжірибе (бұл туралы біздің теория жағынан да жеткілікті білетіндігімізді былай қойғанда) алдық. Бұл ойынның негізінде не жатқанын біз өте жақсы түсінеміз: оның мәнісі сауда екенін біз білеміз. *Буржуазиялық елдерге Россиямен сауда жасасу керек:* белгілі бір формадағы экономикалық қарым-қатынастарсыз, өздерінде күйреу осыған дейін қандай болып келсе, бұдан әрі де сондай болып созыла беретінін олар біледі; олардың бүкіл тамаша жеңістеріне қарамастан, олардың бүкіл дүние жүзіндегі газеттер мен телеграммаларды ұшы-қиыры жоқ мақтан сөздерге лық толтырып отырғандығына қарамастан, бәрібір олардың экономикасының берекесі қашады, сөйтіп олар өздерінің ұлы жеңістерінен кейін, міне төрт жылдан бері жаңаны құрмақ түгіл, ең қарапайым міндетті — ескіні ғана қалпына келтіру міндетін — орындай алмай келеді және қайткенде үшеу болып, төртеу болып, бесеу болып жиналып (келісім жасасу

мүмкіндігін сұмдық қиындататын тым үлкен сан екепін көріп отырсыздар), саудаға мүмкіндік берерліктей комбинация жасау төңірегінен шыға алмай жүр.

Сауда жасауды үйрену үшін коммунистерге шынында да уақыт керек екендігін, ал мұны үйренгісі келген адамдардың қай-қайсысы да әуелгі кезде бірнеше жыл бойы өрескел қателер жасайтынын, бірақ бұл іс олар үшін жаңа іс болғандықтан тарихтың оларға кешірім жасайтынын мен түсінемін. Бұл арада миды да тез ойлай білетін ету керек және коммунистік обломовшылдықтың, немесе, дәлірек айтсақ, орыстық обломовшылдықтың қандайын болса да және басқа да көптеген нәрселерді лақтырып тастау керек. Бірақ буржуазиялық мемлекеттердің өкілдеріне сауда ісін, жүздеген жылдар бойы өздері жүргізіп келген сауда ісін, өздерінің бүкіл қоғамдық тұрмысына негіз болған сауда ісін жаңадан үйренуге тура келуі — бұл таңданарлық іс. Алайда, біздер үшін бұл онша таңданарлық іс емес: олар империалистік соғысты біздің бағалағанымыздай, дұрыс бағалай алмады, біз мұны әлдеқашан білгенбіз және айтқанбыз. Олар империалистік соғысты бағалағанда, өздерінің көз алдында тұрған ісінің тұрғысынан ғана бағалады, ал өздері орасан зор жеңістерге жеткен соң үш жылдан кейін олар қиын жағдайдан құтылудың жолын таба алмай отыр.

Біздер, коммунистер: соғысты тереңірек және дұрысырақ бағалаймыз, соғыстың қайшылықтары мен апаттары капиталистік мемлекеттердің жорамалдағанынан гөрі анағұрлым өлшеусіз кең әсер етеді деген болатынбыз. Сөйтіп, біз, жеңген буржуазиялық елдерге сырттан қарай отырып: олар біздің болжауларымызды, соғысқа және оның нәтижелеріне берген бағамызды әлі талай рет еске алатын болады деген едік. Олардың, сірә, төртке де жетпейтін қарағайдың арасында адасып жүруі бізді таңдандырмайды. Бірақ сөйте тұрса да біз былай дейміз: әзірге капиталистік мемлекеттер мемлекет болып өмір сүріп тұрғанда, ол мемлекеттермен сауда жасасу біз үшін қажет. Біз олармен келіс сөз жүргізуге саудагер ретінде барамыз, ал біз мұны жүзеге асыра алатындығымызды капиталистік держава-

лармен екі арадағы көбейіп келе жатқан сауда шарттарының саны дәлелдейді, мәмлелердің саны дәлелдейді. Бұл шарттар әлі жасалмағандықтан, біз оларды жариялай алмаймыз. Капиталист-саудагер бізге келіп: «Біз әзір әңгіменің аяғына жетпегендіктен, бұл өз арамызда қала тұруға тиіс» десе,— әрине, сауда тұрғысынан қарағанда бұдан бас тартуға болмайды. Бірақ біз қанша шарт әзірленіп жатқанын білеміз ғой,— ол шарттардың тізімінің өзі бірнеше бетті алады, оның ішінде көрнекті финанс топтарымен талқыланған ондаған нақты практикалық ұсыныстар бар. Әрине, буржуазиялық державалардан өкіл болып келіп, Генуяда жиналып жатқан мырзалар мұны бізден кем білмейді: басқасы не болса да, бұл үкіметтердің өздерінің капиталистік фирмаларымен байланысы, әрине, сақталып қалып отыр. Тіпті олардың берекесіздігі де оларға мұны байқатпайтындай оншалықты ұлғая қойған жоқ.

Сондықтан да, егер біз шетелден келген телеграммаларда: олар Генуяда не болатынын анық білмейтін секілді-міс, олар жаңа бірдемелер ойлап шығарып жатқан секілді-міс, олар Россияға жаңа шарттар қою арқылы дүние жүзін таңдандырғысы келетін секілді-міс деген хабарларды үнемі кездестіріп отырсақ, онда оларға былай деп айтуға рұқсат етіңіздер: сіздер мұнымен ешкімді таңдандыра алмайсыздар, мырзалар (мұны мен Генуяда Ллойд Джорджға бетпе-бет айтуымның сәті түсер деп үміттенемін). Сіздер — сауда адамысыздар және сауданы өте жақсы жасайсыздар. Біз сауданы жаңа ғана үйреніп келеміз және сауданы өте жаман жасаймыз. Бірақ бізде ондаған, жүздеген шарттар мен шарт жобалары бар, ол шарттардан біздің сауданы қалай жасайтындығымыз, қандай мәмлеге келіп жатқандығымыз немесе қандай мәмлелерге келетініміз және оларды қандай талаптарға сүйеніп жасайтындығымыз көрінеді. Ал егер біз газеттерде әлдекімді қорқытуға арналған — сіздерді әлдебір қиыншылықта сынап көргісі келеді деген әр түрлі хабарларды кездестірсек, онда біз бұған ешбір абыржымай езу тартып күлеміз де қоямыз. Біз қоқан-лоқыларды жетерліктей көргенбіз, оның бер жағында, өзінің ең

ақырғы үзілді-кесілді бағасын ұсынып, есікті тарс жауып тұра жөнелгелі тұрған саудагердікінен де гөрі елеулірек қоқан-лоқыларды көргенбіз. Бүкіл дүние жүзін түгел дерлік қолында ұстап отырған одақтас державалардың зеңбіректер арқылы жасаған қоқан-лоқыларын көргенбіз. *Бұл қоқан-лоқылардан біз қорыққанымыз жоқ. Европаның дипломат мырзалары, мұны ұмыта көрмегейсіздер.*

Біздің көздейтініміз — әсте де өзіміздің дипломатиялық беделімізді, өзіміз жөніндегі пікірді қолдау емес, бұл — буржуазиялық мемлекеттер үшін ғана ерекше қажет нәрсе. Біз бұл туралы ресми түрде тіпті сөз де қылмаймыз. Бірақ біз мұны ұмытқан жоқпыз. Интервенцияны қолдаған ең күшті державалардың бәрінің одағына қарсы соғысып, өзінің жұмысшы-шаруа өкіметін қорғағанын бізде бірде-бір жұмысшы, бірде-бір шаруа ұмытқан жоқ, ұмыта алмайды және еш уақытта ұмытпайды. Біздің қолымызда осы мемлекеттердің бірнеше жыл бойы Колчактармен, Деникиндермен жасасқан шарттарының бүтін бір жиынтығы бар. Ол шарттар жарияланған, оларды біз білеміз, оларды бүкіл дүние жүзі біледі. Жасырынбақ ойнаудың, істі біздің бәріміз де Иван Непомнящийлерге айналып кеткен сияқты етіп көрсетудің не керегі бар? Осы державалармен өзінің соғысқанын, мұны олардың жеңе алмағанын әрбір шаруа мен әрбір жұмысшы біледі. Ал егер, буржуазиялық мемлекеттердің өкілі мырзалар, сіздер: «Біз Россияны сынға түсетіндей жағдайға қоямыз» деп бүкіл дүние жүзін хабарландыруды ермек етіп, оған өздеріңіздің қағаздарыңызды (сіздерде қағаз өте көп, керегінен де артық), сияларыңызды шығын ету керек болса, өздеріңіздің проводтарыңыз бен өздеріңіздің радиостанцияларыңыздың жұмысын ауырлату керек болса, онда кімді кімнің сынға түсуге душар ететінін әлі көрерміз. Біз қазірдің өзінде сыннан өттік және сөз арқылы, сауда арқылы, ақша арқылы емес, сойыл арқылы сыннан өттік. Сондықтан ауыр, қанды және азапты жарақаттарды бастан кешкен біз туралы қазірдің өзінде біздің өзіміз емес, дұшпандарымыз: «Ысыл-

ғанның біреуі ысылмағанның екеуіне татиды» деп айтуға тиіс болса, оған біз лайықпыз.

Біз бұған соғыс саласында лайық болдық. Ал сауда жөнінде, амал не, бізді, коммунистерді, аз соққылап жүр, бірақ мен таяу болашақта бұл олқылықтың орны да сондайлық ойдағыдай толатындығына сенемін.

Мен Генуяда Ллойд Джорджбен осы тақырыпқа бет-пе-бет сөйлесіп, оған: *біздерді түкке тұрғысыз нәрселермен қорқытудың керегі жоқ,* өйткені бұдан сол қорқытушының өзінің беделі түседі деп айтпақшымын дедім. Бірнеше айдан бері маған саяси істерге тікелей қатысуға мүмкіндік бермей келген және өзіме жүктелген совет қызметін атқаруға мүлде ерік бермей келген менің сырқатым бұған кедергі жасамас деп сенемін. Бірнеше аптадан кейін өзімнің тікелей жұмысыма қайтып кірісе аламын деп сенуіме негіз бар. *Бірақ өзара келістік деп бүкіл дүние жүзіне хабарлап отырған істері жөнінде олар бірнеше аптадан кейін үшеу болып немесе төртеу болып өзара келісе ала ма,— бұған мен сенбеймін.* Бұған дүние жүзінде ешкім сенбейді, ол ол ма, мұны тіпті олардың өздері де білмейді деуге менің батылым барады, өйткені бүкіл дүние жүзінің билігін қолына ұстап отырған, жеңген державалар, өздері талай рет бас қосқаннан кейін,— олардың конференцияларының санының ұшы-қиыры жоқ, тіпті бұған Европаның буржуазиялық баспасөзінің өзі де күледі,— Каннға жиналды, ал соның өзінде де олар өздерінің мақсаты не екенін дұрыстап айта алмады[3].

Сондықтан, дипломатиялық құбылмалылық тұрғысынан емес, практикалық міндеттер тұрғысынан қарағанда, жағдайды Троцкий жолдас бәрінен де гөрі дұрысырақ белгіледі. Генуя әбден жолға қойылды, әбден сөз байласылды, Генуя жөнінде толық келісілді, тек буржуазиялық үкіметтердің біреуінің тұрақсыздығы ғана (олар бір түрлі сезіктенерліктей тұрақсыз бола бастады) уақытша кешеуілдеуге мәжбүр етті[4] деген хабар тараған күннің ертеңінде ол былай деп бұйрық жариялады: «Әрбір қызыл әскер халықаралық жағдайды түсінетін болсын; олардың интервенция жасап көргісі келетін тұрақты тобы бар, біз мұны кәміл біле-

міз; біз қас қақпастан қырағы тұрамыз, сондықтан да дипломатиялық ойынның не екенін, қару күшінің не екенін, осы уақытқа дейін таптық жанжалдардың бәрі қару күшімен шешіліп келгенін әрбір қызыл әскер білетін болсын».

Бұл ойынның не екенін, қару күшінің не екенін әрбір қызыл әскер білетін болсын, сонда біз не болатынын көреміз. Капиталистік елдердің бәрінде капитализм қалай қаусаса да, мұны ықпалсыз емес партиялардың көбі сынап көре алады. Ал егер үкіметтер соншалықты тұрақсыз болып, уақытында жиналыс шақыра алмаса, онда бұл үкіметтердің кімнің қолында боларын кім білсін. Біз оларда соғысты тілейтін ықпалды партиялардың, ықпалды адамдардың да, экономикалық алпауыттардың да бар екенін білеміз, біз мұны өте жақсы білеміз, сөйтіп экономикалық шарттарға негіз етіп алынып отырған шын мәннен де біз жеткілікті хабардармыз. Біз ауыр сындарды басымыздан шамадан тыс тым көп кешірдік, соғыстың жаңа әрекетінің бізді қандай апаттарға, қандай азаптарға ұшыратуы мүмкін екенін де білеміз, сондықтан біз былай дейміз: біз *бұған тағы да төтеп береміз, тек мұны істеуге әрекет етіп көріңіздер.* Дипломатиялық құбылмалы пікірлердің орнына өзінің бұлжымас бұйрығын жариялаған Троцкий жолдас жасаған қорытындының мәні: итальян кабинетінің тұрақсыздық көрсетуіне байланысты Генуя конференциясының кейінге қалдырылуы дегеніміз — соғыс қаупінің төнуі екендігін айтып, әрбір қызыл әскерге халықаралық жағдайды жаңадан түсіндіруде болып отыр. *Бізде мұны әрбір қызыл әскер білетін болады, біз бұған жетеміз.* Бұған жету бізге оңай, өйткені мұны білмейтін семья, мұны білмейтін қызыл әскер Россияда сирек кездеседі, мұны олар тек газеттерден, пұсқау хаттардан немесе бұйрықтардан ғана емес, өз деревнясынан біледі, олар өз деревнясында осы соғысты басынан өткізген жарымжандарды, семьяларды, қуаңшылықты, азабы мол ашаршылық пен күйзелісті, адам айтқысыз жоқшылықты көзімен көрді және олар мұның неден туып отырғанын да біледі, большевиктердің зиянды қылықтарынан туып отыр

деп түсіндіру үшін Парижде меньшевиктер мен эсерлер шығарып жатқан газеттерді оқымаса да біледі. Қазір оның тұла бойында тойтарыс беру ниетінен (осылай-ақ дейін), бізге қарсы Колчак пен Деникиннің соғысын ұйымдастырып, осы соғысты қолдағандарға тойтарыс беру ниетінен күшті ниет табыла қоймас. Бұл орайда бізге үгіт пен насихат жөнінде жаңа комиссиялар құрудың керегі жоқ.

Генуя конференциясы туралы мәселе жөнінде істің мәнін буржуазия таратып отырған газет лақаптарынан айқын айыра білу керек; буржуазияға бұл лақаптар жан түршігерлік бомба сияқты болып көрінеді, бірақ біз ол бомбалардан қорықпаймыз, өйткені біз ондай бомбаларды көп көрдік және олар көбінесе күле жауап беруге де татымайды. Бізге жеңілгендер ретінде талап қойып, оны еріксіз таңуға әрекеттенудің қандайы болса да құр сандырақ, оған жауап берудің керегі жоқ. *Біздер көпестер ретінде қатынас жасаймыз, сенің бізге не беруге тиісті екеніңді, біздің саған не беруге тиісті екенімізді білеміз, сенің заңды түрдегі пайдаң, тіпті үстеме пайдаң қандай болуға тиіс екенін де білеміз.* Біз коптеген ұсыныстарды көріп отырмыз, жеңген үш-төрт державаның бейнесі қалай болып қалыптасқанмен де, бізде шарттардың саны осіп келеді және өсе бермек; конференцияны осылай кейінге қалдырудан сіздер зиян шегесіздер, өйткені мақсаттарыңыздың не екенін оздеріңіз де білмейтіндіктеріңізді және ерік дерті дейтін дертке шалдыққандарыңызды сіздер осы арқылы өз адамдарыңызға дәлелдеп бересіздер. Бұл дерт экономика мен саясатты түсінбеушіліктен болып отыр, мұны біз сіздерден гөрі тереңірек бағалай білдік. Біздің бұған баға бергенімізге жақында он жыл толады, ал содан бергі осы күйзелушілік пен бүлінушіліктің бәрі буржуазиялық-мемлекеттерге әлі де түсініксіз.

Біз өзімізде қалыптасқан жағдайды қазірдің өзінде айқын көріп отырмыз, сондықтан *өзіміз бастаған шегіністі қазірдің өзінде тоқтата аламыз және тоқтатып жатырмыз* деп біз толық сенiммен айта аламыз. *Жетеді.* Жаңа экономикалық саясаттың шегініс екенін

біз барынша айқын көріп отырмыз және мұны жасырмаймыз, біз ұстап тұра алатын шектен асыңқырап кеттік, бірақ күрес логикасы осындай. Егер 1917 жылдың октябрінде не болғанын есінде ұстаған, немесе егер ол кезде саяси жағынан жетілмей, 1917 жылы болған жағдаймен кейін танысқан адам болса, онда ол адам сол кезде большевиктердің буржуазия жөнінде компромистік ұсыныстарды қандай көп жасағанын біледі. Большевиктер былай деген болатын: «Мырзалар, сіздердің істеріңіз қаусап барады, ал біз өкімет басына келеміз және оны ұстап тұра аламыз. Сіздер, мужиктерше айтқанда, осыны жанжалсыз-ақ реттестіруді ойластырсаңыздар қайтеді». Біз жанжалдар ғана емес, сонымен қатар котеріліс жасау әрекеттерінің де болғанын, бұл көтерілістерді меньшевиктер мен эсерлер шығарғанын және солар қолдағанын білеміз. Олар бұрын: «Біз өкіметті Советтерге қаласа қазір береміз» деген болатын. Жуырда Керенскийдің Черновқа қарсы Париж журналында басылған бір мақаласын оқыдым (онда мұндайлар өте көп)[5]; Керенский былай дейді: біз өкіметтен айырылмауға тырыстық па, мен Демократиялық кеңес кезінде-ақ — егер біртектес үкімет құруды өз міндетіне алатын адамдар табылса, онда өкімет ешбір дау-шарсыз-ақ жаңа үкіметтің қолына беріледі деп мәлімдегенмін.

Біз өкіметті дара қолға алудан бас тартқанымыз жоқ. Біз дара қолға аламыз деп 1917 жылдың июнінде-ақ мәлімдедік*. 1917 жылы октябрьде Советтер съезінде біз мұны жүзеге асырдық. Советтер съезінде большевиктер көпшілік болды. Сонда Керенский юнкерлерге сөз салып, Красновқа шапқылады, армия жинап, Петроградқа аттанғысы келді. Біз оларды аздап жаншып жібердік, сондықтан олар қазір өкпелеп: «Неткен қорлықшылар, неткен басқыншылар, неткен жендеттер еді!» дейді. Біз былай деп жауап береміз: «Обалдарың өздеріңе, достар! Орыс шаруалары мен жұмысшылары сіздердің қимылдарыңызды ұмытты деп ойламаңыздар! Сіздер октябрьде біздерді нағыз қиян-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 32-том, 297-бет. *Ред.*

кескі күреске душар еттіңіздер, біз бұған террормен, үш есе күшті террормен жауап бердік, *ал егер тағы да керек болса, егер тағы да байқап көргілеріңіз келсе, тағы да соны істейміз».* Осының қажет екендігіне бірде-бір жұмысшы, бірде-бір шаруа күмәнданбайды; бұған интеллигенттік байбаламшылардан басқа ешкім күмәнданбайды.

Адам естімеген экономикалық қиыншылықтар жағдайында бізге өзімізден жүз есе күшті жаулармен соғысуға тура келді; бұл жағдайда коммунистік тым шұғыл шаралар қолдануға, керегінен де гөрі әрірек баруға тура келгендігі түсінікті; бізді осылай істеуге мәжбүр етті. Біздің жауларымыз бізді құртамыз деп ойлады, олар бізді сөз жүзінде емес, іс жүзінде бағындырамыз деп ойлады. Олар: «Ешқандай кеңшілік жасауға бармаймыз» деді. Біз: «Егер сіздер бізді ең ауыр коммунистік шаралар қолдануға батылы бармайды деп ойласаңыздар, онда қателесесіздер» — деп жауап бердік. Ал біз бұған бел будық, біз мұны істедік, сөйтіп біз жеңіп шықтық. Енді біз былай дейміз: бұл позицияларды ұстап тұра алмаймыз, біз шегінеміз, өйткені керекті позицияларды қолымызда ұстап тұру үшін біз жеткілікті нәрселерді жеңіп алдық. Меньшевиктер мен эсерлер бастаған бүкіл ақ гвардияшылар бұған мәз болып: «Солай ма! сіздер шегіндіңіздер ме!» — дейді. — Мәз бола беріңіздер, бұл сіздерге жұбаныш болады, — дейміз біз. Егер біздің жауымыз нақты жұмыстың орнына өзін өзі жұбатумен айналысса, бұл бізге тиімді. Шаттана беріңіздер, сіздер жалған үмітпен өздеріңізді өздеріңіз жұбату арқылы бізді бұдан да гөрі тиімді жағдайға қоясыздар. Біз орасан зор позицияларды жеңіп алдық, ал егер 1917 жылдан 1921 жылға дейін біз бұл позицияларды жеңіп алмаған болсақ, онда біздің географиялық жағынан да, экономикалық жағынан да, саяси жағынан да шегінетін кеңістігіміз болмаған болар еді. Біз өкіметті шаруалармен одақтаса отырып сақтаймыз, ал егер өздеріңізге соғысқа дейін ұсынылған шарттарға көңгілеріңіз келмесе, онда соғыстан кейін одан да нашар шарттарға душар боласыздар. Мұның өзі 1917 жылдан 1921 жылға дейінгі

дипломатиялық, экономикалық және саяси тарихта дәл бейнеленді, сондықтан бұл ешбір мақтанғандық емес. Бұл жай ғана қорытындылап айтқандық, жай ғана еске салғандық. Егер капиталист мырзалар 1917 жылы октябрьде біздің ұсыныстарымызды қабылдаған болса, олардың қазіргіден бес есе көп нәрсеге қолы жетер еді. Сіздер үш жыл соғыстыңыздар. Не таптыңыздар? Тағы да соғысқыларыңыз келе ме? Сіздердің араларыңызда соғысты тіпті де жұрттың бәрі бірдей тілемейтінін біз жақсы білеміз. Екінші жағынан, біз осындай орасан күшті ашаршылық болып отырғанда, өнеркәсіптің жағдайы осындай болып отырғанда, 1917 жылдан 1921 жылға дейін жеңіп алған позицияларымыздың бәрін бірдей ұстап тұра алмайтынымызды білеміз. Біз ол позициялардың бірсыпырасынан айрылып қалдық. Бірақ қазір біз: *капиталистерге қандай жеңілдіктер жасайтындығымыз мағынасында алғанда бұл шегініс аяқталды* деп айта аламыз. Біз өз күштерімiз бен капиталистердің күштерін салмақтап көрдік. Орыс капиталистерімен және шетел капиталистерімен шарттар жасасу мағынасында біз үлгі ретінде бірсыпыра барлау әрекеттерін жасадық, сондықтан: *өзіміздің экономикалық шегінісімізді біз енді тоқтата аламыз. Жетеді. Біз бұдан әрі шегінбейміз,* енді күштерімізді дұрыс өрістетіп, дұрыс топтастырумен айналысамыз,— деп айтамыз, партия съезі де Россияның басшы партиясы атынан ресми түрде осыны айтады деп үміттенемін және осыны айтатындығына сенемін.

Біз өзіміздің экономикалық шегінісімізді тоқтатамыз дегенде, менің бұл өзіміздің басымызда бар адам айтқысыз қиыншылықтарды аз да болса ұмытқандығым емес, бұл жөнінде сіздерді тыныштандырып, жұбатқым келгендігім емес. Шегіністің шектері туралы және оны біздің тоқтататындығымыз не тоқтатпайтындығымыз туралы мәселе — біздің алдымызда қандай қиыншылықтар тұрғандығы туралы мәселе емес. Алдымызда қандай қиыншылықтар тұрғандығын біз білеміз. Россия сияқты шаруа елінде ашаршылықтың не екендігін біз білеміз. Ашаршылық туғызған апаттан өзіміздің әлі арыла алмағандығымызды біз білеміз.

Сауда жасасуға мәжбүр болып отырған елде және дүние жүзінде болып көрмеген осыншама орасан көп қағаз ақша шығарып отырған елде финанс дағдарысы дегеннің не екендігін біз білеміз[6]. Біз бұл қиыншылықтарды білеміз, біз олардың орасан зор екендігін білеміз. Мен бұл қиыншылықтардың ұшы-қиыры жоқ деуден қорықпаймын. Бізді бұл титтей де қорқытпайды. Қайта, керісінше, біз жұмысшылар мен шаруаларға: «Алдарыңызда міне осындай қиыншылықтар тұр, батыс державаларының тарапынан бізге міне осындай қауіп төніп отыр. Келіңдер, жұмыс істейік, өз міндеттерімізге сергек қарайық»,— деп ашық айтудан өзімізге күш аламыз. Егер біз өзіміздің шегінісімізді тоқтатсақ, ол біздің бұл қауіптерді білмегендігіміз емес. Біз бұл қауіптерге тура қараймыз. Біз былай дейміз: «Міне, басты қауіп осында; аштаршылық туғызған апаттан айығу керек. Біз одан әлі айыққанымыз жоқ. Біз финанс дағдарысын әлі тіпті де жеңгеніміз жоқ». Сондықтан шегіністі тоқтату туралы сөздерді: біз қазірдің өзінде-ақ іргетасты (жаңа экономиканы) қаладық деп санаймыз, енді тып-тыпыш алға баса береміз деген мағынада түсінуге тіпті де болмайды. Жоқ, іргетас әлі қаланған жоқ. Біздің әлі болашаққа көз жібергенде көңіліміз тынышымайды. Біздің төңірегіміз толған қауіп, соғыс қаупі — бұл туралы мен жеткілікті айтқан болатынмын, ал өз ішімізде бізді одан да зор қауіптер қоршап отыр, мұнда шаруалардың керемет күйзеліске ұшырауы, ашаршылық, финанс берекесіздігі сияқты экономикалық қауіптер туып отыр. Бұл қауіптер орасан зор. Бізден орасан көп күш жұмсау талап етіледі. Ал егер бізді соғысқа еріксіз киліктірсе, біз соғыса білеміз. Бірақ соғысу оларға да онша жеңіл емес. 1918 жылы соғысты бастау және оны 1919 жылы сол күйінде соза беру оларға оңай болып еді. Бірақ 1922 жылға дейін көп уақыт өтті, көп қан төгілді, басқа да көп өзгеріс болды. Батыс жұмысшылары мен шаруалары тіпті де 1919 жылғыдай емес. Біз немістерге қарсы соғысып жатырмыз, ал большевиктер болса, олар немістердің жіберген адамдары, басқа ешкім де емес дегенді айтып, оларды енді алдай алмайды. Өзіміздің эконо-

микалық жағдайымыздан біз үрейлене қоймаймыз. Қазір орыс капиталистерімен және шетел капиталистерімен жасасқан біздің ондаған шарттарымыз бар. Алдымызда қандай қиыншылықтар болғанын және бар екенін біз білеміз. Біз орыс капиталистерінің бұл шарттарға неге көнгенін білеміз. Біз бұл шарттардың қандай талаптармен жасалғанын білеміз. Бұл капиталистердің көпшілігі осы шарттарды практиктер есебінде, көпестер есебінде жасасады. Біз де көпестер ретінде жасасамыз. Бірақ қай көпес болса да белгілі дәрежеде саясатты ескеріп отырады. Егер бұл көпес мүлде жабайы елдің көпесі болмаса, ол баяндылықтың зор мүмкіндіктерін, үлкен сенімділікті көрсетпейтін үкіметпен мәмлеге келмейді. Мәмлеге келсе ол көпес — көпес емес, ақымақ. Ал ақымақтар көпестердің арасында басым көпшілік бола алмайды, өйткені көпестік күрестің бүкіл логикасы оларды көпестердің арасынан аластап отырады. Егер бұрын бізде: Деникин саған соққы берсе, сен де оған соққы бере алатындығыңды дәлелде деген баға болса, қазір бізде: көпес саған соққы берсе, сен де оны мәмлеге келуге мәжбүр ете алатындығыңды дәлелде дейтін басқа баға бар. Біз мұны дәлелдедік. Бізде қазірдің өзінде Россияның және Батыс Европаның ең ірі капиталистік фирмаларымен жасасқан бірсыпыра шарттар бар. Біз олардың не нәрсені көздеп отырғанын білеміз. Олар біздің не нәрсені көздеп отырғанымызды біледі.

Енді жұмыстың міндеті бізде біраз өзгереді. Сондықтан, былайша да біраз ұзаққа созылған баяндамама қосымша ретінде мен осы туралы тағы да бірнеше сөз айтқым келеді.

Генуяның ауытқушылық көрсетуіне, бұл ауытқушылықтың, сірә, шегі көрінбеуіне және өзіміздің ішкі саясатымызда біздің мұншама жеңілдіктер жасауымызға байланысты туған жағдайдан кейін енді біз: *«Жетеді, енді ешбір жеңілдік жасамаймыз!»* деуге тиіспіз. Егер капиталист мырзалар әлі де соза беруге болады, неғұрлым ұзаққа соза берсек, соғұрлым жеңілдіктер көп болады деп ойласа, онда, қайталап айтамын, оларға: *«Жетеді, ертең сіздер түк те алмайсыздар!»* деу

керек. Егер Совет өкіметінің және оның жеңістерінің тарихынан олар еш сабақ алмаған болса, онда олар қалауын істесін. Біз өз тарапымыздан бәрін істедік және біз бұл туралы бүкіл дүние жүзі алдында мәлімдедік. Біздің бұдан әрі шегінбейтіндігімізді съезд де қуаттайды деп сенемін. *Шегініс бітті*, ал осыған байланысты біздің жұмысымыз да өзгереді.

Осы мәселені талқылағанда бізде осы күнге дейін үлкен қызбалық, тіпті күйгелектенушілік байқалып отырғандығын айта кету керек; әр түрлі жоспарлар жасалып, әр түрлі шешімдер қабылдануда. Бұл жөнінде мен мынаны айтқым келеді. Кеше мен ойламаған жерден «Известиядан» Маяковскийдің саяси тақырыпқа жазылған өлеңін оқыдым[7]. Өлең жағына жетік еместігімді толық мойындасам да, мен оның ақындық талантына бас июшілердің қатарына жатпаймын. Бірақ саяси және әкімшілік тұрғыдан алғанда, көптен бері мен мұндай ләззат алған емеспін. Ол өзінің өлеңінде мәжілістердің түгін қалдырмай мазақтайды және мәжіліс үстіне мәжіліс жасайды деп коммунистерді мысқылдайды. Поэзия жағынан қалай екенін білмеймін, ал саясат жағынан мұның мүлтіксіз дұрыс екендігіне кепілдік беремін. Шынында да, біз үнемі мәжіліс өткізе беретіп, комиссиялар құрып, жоспарлар жасай беретін адамдардың кейібіне түсіп отырмыз, ал мұның өзі өте жаман кейіпке түсу екенін де айта кету керек. Орыс өмірінде Обломов деген осындай тип болған. Ол өне бойы төсекте жатып алып, жоспарлар жасаумен айналысқан. Одан бері көп уақыт өтті. Россия үш революция жасады, әйтсе де Обломовтар қалып қойды, өйткені Обломов болған тек помещик қана емес еді, сонымен қатар шаруа да Обломов болды, тек шаруа ғана емес, интеллигент те, тек интеллигент қана емес, жұмысшы да және коммунист те Обломов болды. *Ескі Обломов қалып қойып отыр және оны ұзақ уақыт жуу керек, тазалау керек, сілкілеп, қырнау керек* деп айту үшін, сөйтіп одан қандай да болсын бір мән шығару керек деп айту үшін біздің қалай мәжіліс жасайтындығымызға, комиссияларда қалай жұмыс істейтіндігімізге көз жіберудің өзі жеткілікті. Бұл ретте біз өз жағ-

дайымызға ешқандай жалған үмітке салынбай қарауға тиіспіз. «Революция» деген сөздің басқы әрпін үлкен етіп жазатындардың ешқайсысына біз, эсерлер сияқты, еліктегеніміз жоқ. Бірақ Маркстің: революция кезінде зердесіздік аз жасалмайды, қайта кейде көп жасалады[8] деген сөзін біздің қайталап айтуымызға болады. Бұл зердесіздікке байсалдылықпен және тайсалмай қарау керек, — біз, революционерлер, осыған үйренуге тиіспіз.

Біз бұл революцияда қазірдің өзінде түпкілікті жеңіп шыққан бұлжымас нәрселерді көп істедік және мұны қазір бүкіл дүние жүзі біледі, сондықтан бізге абыржудың, күйгелектенудің ешбір керегі жоқ. Қазір жағдай мынадай: жүргізілген барлауға сүйене отырып, біз өзіміздің істегендерімізді тексереміз,— бұл тексерудің өте зор маңызы бар, біз бұл тексеруден әрі қарай алға басуымыз керек. Бізге капиталистермен күресе білуге тура келетін болғандықтан да, біз өзіміздің жаңа жолымызды батыл жүргізуге тиіспіз. *Біз өзіміздің бүкіл ұйымымызды құрғанда, коммерциялық кәсіпорындардың басында бұл саладан тәжірибесі жоқ адамдар отырып қалмайтындай етіп құруымыз керек.* Бізде мекемелердің басына екінің бірінде коммунист қойылады,— ол сөзсіз адал, коммунизм жолындағы күресте сыналған адам, түрмені басынан өткізген адам, сондықтан ол мемлекеттік трестің басына қойылған, бірақ ол сауда жасай білмейтін адам. Коммунист ретінде онда талассыз жақсы қасиеттердің бәрі бар, бірақ көпес оны қалай да алдап соғады — мұны келістіре істейді, өйткені шын берілген коммунистер екендігіне есуас адамнан басқа бірде-бір адам күмәнданбайтын ең лайықты, тамаша коммунистерді онда бекер отырғызған, бұл мекемелерге іске адал ниетпен қарайтын іждағатты приказчикті отырғызу керек еді, ол шын берілген коммунистен өз жұмысын анағұрлым жақсы атқарады. Біздің обломовшылдығымыз міне осы арада байқалып отыр.

Біз практикалық жұмысты атқару үшін, басқа тамаша қасиеттерінің бәрі бар, бірақ бұл жұмысқа мүлде жарамсыз коммунистерді отырғыздық. Бізде мемлекет-

тік мекемелерде қаншама коммунистер отыр? Бізде нағыз іждағатты неміс ғалымының өзін де таңдандырарлық толып жатқан материалдар, келелі еңбектер бар, бізде таудай үйіліп жатқан қағаздар бар, бұлардың бәрін тексеріп қарап шығу үшін Истparттың[9] 50 мәрте 50 жыл жұмыс істеуі керек, ал практика жүзінде мемлекеттік тресте сіз еш нәрсенің анығына жете алмайсыз және кімнің не үшін жауап беретінін білмейсіз. Бізде артығымен шығарылып жатқан, Маяковскийдің суреттегеніндей асығыстықпен шығарылып жатқан декреттердің практика жүзінде орындалуы тексерілмей келеді. Жауапты коммунист қызметкерлердің қаулылары бізде орындала ма? Олар осы істі жолға қоя біле ме? Жоқ, жолға қоя білмейді, міне осы себептен де біздің ішкі саясатымыздың түйіні өзгеріп кетеді. Біздің мәжілістер мен комиссиялар дегеніміз не нәрсе? Бұл көбінесе ойыншық болып отыр. Біз партия тазалауын бастап, өзімізге өзіміз: «Партияға жолдан қосылып кіріп кеткен құлқыншылдар, ұрылар жойылсын» дегеннен кейін бізде іс жақсара бастады[10]. Шамамен айтқанда, жүз мың адамды біз қуып шықтық, бұл өте жақсы, бірақ бұл істің тек басы ғана. Партия съезінде біз бұл мәселені жақсылап талқылаймыз. Міне сол кезде, менімше, қазір тек комиссиялар ғана құрып, ешқандай практикалық жұмыс жүргізбей отырған және жүргізе білмей отырған он мыңдаған адамдар да сондай халге ұшырайды. Міне біз осылайша тазарғаннан кейін біздің партия нақты жұмыспен айналысатын болады және мұны, соғыс саласындағы жұмыстарда қалай түсінсе, солай түсінетін болады. Әрине, мұның өзі бірнеше айдың ішінде ғана бітетін жұмыс емес, тіпті бір жылда да біте қоятын жұмыс емес. Біз бұл мәселеде тастай беріктік көрсетуге тиіспіз. Біз жұмысымыздың сипаты өзгерді деп айтудан қорықпаймыз. Біздің ішіміздегі ең қауіпті жау — бюрократ, бұл — жауапты (ал содан соң жауапты емес те) совет қызметінде отырып алып, адал адам ретінде жұрттың бәрінің сый-құрметіне бөленетін коммунист. Ол аздап шу көтергенімен, жаңсақ қадам жасамайды. Ол қағаз бастылыққа қарсы күресуді үй-

рөнбеген, ол қағаз бастылыққа қарсы күресе білмейді, ол оны жасырып жаба түседі. *Біз осы жаудан тазаруға тиіспіз, барлық саналы жұмысшылар мен шаруалар арқылы біз оны қолға аламыз. Партияда жоқ бүкіл жұмысшы-шаруа бұқарасы түгелдей коммунистік партияның алдыңғы қатарлы отрядының соңына еріп, әлгі жауға және әлгі бассыздық пен обломовшылдыққа қарсы шығады. Бұл жөнінде ешқандай ауытқушылық болуы мүмкін емес.*

Сөзімді аяқтай келіп, мен қысқаша қорытынды жасаймын. Генуя ойыны, соның төңірегінде болып жатқан құбылмалылық ойыны бізді титтей де ауытқыта алмайды. Енді бізді алдай алмайды. *Біз өзіміздің жеңілдік жасау саясатымызды жүргізе отырып, көпестерге барамыз, олармен мәмлеге келеміз, бірақ қазір жеңілдік жасаудың шегі белгіленді.* Өз шарттарымызда осы кезге дейін көпестерге беріп келгенімізді біз өзіміздің заңымызда бір адым кейін шегіну мағынасында істедік, енді одан әрі шегінбейміз.

Осыған байланысты біздің ішкі саясатымыздағы, әсіресе экономикалық саясатымыздағы басты міндеттеріміз өзгереді. Бізге керегі — жаңа декреттер емес, жаңа мекемелер емес, күрестің жаңа әдістері емес. *Бізге керегі — адамдардың іске жарамдылығын тексеру, істің нақты орындалуын тексеру.* Келесі тазалау өздерін әкімдерміз деп *әлдеқандай көретін* коммунистерге жүргізіледі. Осы комиссиялардың, кеңестердің, қысыр әңгімелердің бәрімен айналысам деп, қарапайым істі істемей отырғандардың бәрінің одан да насихат пен үгіт жұмысына, басқа да әр түрлі пайдалы жұмыстарға көшкені жөн. Бұлар ерекшесымақ, ақылдысынған бірдеңені ойлап шығарады да, бізде жаңа экономикалық саясат қой, сондықтан жаңадан бірдеңе ойлап шығару керек деп ақталады. Ал өздеріне тапсырған іс істелмейді. Өздеріне берілген тиынды сақтай алмайды және оны 2 тиын етуге тырыспайды, қайта оның орнына миллиард, тіпті триллион сом совет ақшасына жоспар жасайды. Біз міне осы қырсыққа қарсы күрес жүргіземіз. *Адамдарды тексеру және істің нақты орындалуын тексеру* — бүкіл жұмыстың, бүкіл саясаттың тетігі енді осында, тағы

да осында, тек қана осында. Бұл іс бірнеше айдың ішінде, бір жылдың ішінде бітетін жұмыс емес, бірнеше жылдың жұмысы. Жұмыстың тетігі енді неде екенін біз партия атынан ресми түрде айтуымыз керек, сөйтіп осыған сәйкес қатарымызды қайта құруымыз керек. Сонда біз шаруалар бұқарасы қолдаған большевиктік пролетарлық өкіметтің қолға алған жұмысының барлық салаларында бұл кезге дейін қалай жеңіп келген болсақ, бұл жаңа салада да солай жеңіп шығамыз. (Қол шапалақтау.)

«Правда» № 54, 8 март, 1922 ж.

«Правда» газетінің гранкалармен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ПАРТИЯҒА ЖАҢА МҮШЕЛЕР ҚАБЫЛДАУДЫҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ

В. М. МОЛОТОВҚА ХАТТАР[11]

1

Молотов жолдасқа

Мен қарсы емеспін[12].

Келтірілмеген документтерге сілтеме жасалғандықтан, көп нәрсе айқын емес[13]. Меніңше, жұмысшылар үшін 3 жыл стаж, шаруалар мен қызыл әскерлер үшін 4 жыл, қалғандары үшін 5 жыл стаж болуын талап ету керек.

Стаж («қосылушылар»?) ұғымын дәлірек айқындау қажет.

Егжей-тегжейін талдап жасау Орталық Комитетке тапсырылсын.

9/III. *Ленин*

1922 ж. 9 мартта жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

2

Молотов жолдасқа

Менің мынадай ұсынысымды Орталық Комитеттің пленумына енгізуіңізді өтінемін:

Партияға жаңа мүшелер қабылдау үшін керекті стажды ұзартуды мен өте-мөте маңызды деп санаймын. Зиновьевте стаж жұмысшылар үшін $^1/_2$ жыл, ал басқалар үшін бір жыл деп белгіленген[14]. Жарты жылды ірі өнеркәсіп орындарында іс жүзінде жұмысшы болып кемінде 10 жыл істеген жұмысшылар үшін ғана қалдыруды ұсынамын. Басқа жұмысшылар үшін $1^1/_2$

жыл белгіленсін; шаруалар мен қызыл әскерлер үшін 2 жыл, ал басқа қалғандардың бәрі үшін 3 жыл белгіленсін. Бұдан ерекше жағдайға Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының[15] бірлесіп рұқсат етуі бойынша жол беріледі.

Зиновьев ұсынып отырған қысқа мерзімді өзгеріссіз қалдыруды мен өте қауіпті деп санаймын. Ірі өнеркәсіп мағынасында алғанда, ешбір елеулі мектептен өтпеген адамдардың бізде үнемі жұмысшылар деп саналып жүргендігі күмәнсыз. Кездейсоқ және барынша қысқа уақытқа жұмысшыға айналған нағыз ұсақ буржуаның өзі ылғиына жұмысшылар категориясына қосылып жүр. Біздің партиямыздың пролетарлық дейтін сипаты іс жүзінде оны ұсақ шаруашылықты элементтердің басым болу, оның бер жағында ең қысқа уақытқа басым болу мүмкіндігінен ешбір сақтап қала алмайтындығын ақылы бар ақ гвардияшылардың бәрі мейлінше нақты түрде ескеріп отырады. Бізде үстем болып отырған салақтық тұсында, жұмыстың жүйесіздігі тұсында стаж мерзімінің қысқа болуы кандидаттардың азды-көпті шын сыналған коммунистер болып табылатын-табылмайтындығын ойдағыдай тексеру атаулының іс жүзінде мүлде жоқтығын білдіреді. Егер біздің партиямызда 300--400 мың мүше болып отырған болса, онда мұның өзі де тым көп, өйткені барлық деректер түгелдей қазіргі партия мүшелерінің дайындығы жеткіліксіз дәрежеде екендігін көрсетеді. Сондықтан мен стаждың мерзімін ұзарту қажет екендігін және содан соң Ұйымдастыру бюросына стажды бос формальдылық етпей, шынында аса елеулі сынақ ететін ережелер әзірлеп, оларды қатал қолдану жөнінде тапсырма беруді мен өте қатты талап етемін.

Мен бұл мәселені съезде ерекше мұқият талқылау керек деп ойлаймын.

Ленин

1922 ж. 24 мартта телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1925 ж. 23 декабрьде «Вечерняя Москва» газетінің 293-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

3

Молотов жолдасқа

партияға жаңа мүшелер қабылдау шарттары туралы мәселе съезде қойылғанға дейін Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне оқуға беруіңізді өтінемін

Пленумның партияға жаңа мүшелердің кіруі үшін белгіленген кандидаттық стаждың мерзімі туралы мәселе жөніндегі 25 марттағы шешімін оқығаннан кейін мен бұл шешімге съезде қарсы шыққым келеді[16]. Бірақ, съезде сөйлей алмаспын деп қауіптеніп, менің мына пікірлерімді оқып шығуды өтінемін.

Біздің партиямыз қазір өз құрамының көпшілігі жағынан жеткілікті дәрежеде пролетарлық партия бола алмай отырғандығында күмән жоқ. Менің ойымша, бұған ешкім қарсы шыға алмайды, өйткені бұл жағдайды статистикалық жай ақпардың өзі дәлелдейді. Соғыстан бері Россиядағы фабрика-завод жұмысшылары құрамының пролетарлық сипаты бұрынғыдан анағұрлым кеміді, өйткені соғыс кезінде әскери қызметтен жалтарғысы келгендер заводтарға орналасты. Бұл — жалпыға мәлім факт. Екінші жағынан, осындай қиын кезеңде, әсіресе дербес таптық саясат жөнінде тез оянып келе жатқан шаруалар орасан басым болып отырған кезде шын пролетарлық басшылық ету үшін қажет болатынынан гөрі біздің партияның саяси тәрбиесі жалпы және орта есеппен алғанда (егер оның мүшелерінің орасан көпшілігінің дәрежесін алатын болсақ) қазір кемірек екендігі де күмәнсыз. Содан соң, үкіметтік партияға кіруге қызығушылық қазіргі уақытта орасан зор екендігін еске алу керек. Пролетарлық атаулының бәрінен соншалықты алыс жатқан жұрттың қазір большевиктердің саяси табыстарына елігіп жүргеніне көз жеткізу үшін сменовехшылдардың[17] барлық әдеби шығармаларын еске түсірудің өзі жеткілікті. Егер Генуя конференциясы бізді саяси жаңа табысқа жеткізетін болса, онда ұсақ буржуазиялық элементтердің және пролетарлық атаулының бәріне тікелей қас элементтердің партияға ағылуы орасан зор мөлшерде өсе түседі. Жұмысшылар үшін жарты жыл-

дық стаж белгілеу бұл ағылуды ешбір жағдайда да тоқтата алмайды, өйткені мұндай қысқа стажды қолдан жасап алудан жеңіл еш нәрсе жоқ, оның үстіне, өте-мөте көптеген интеллигенттік және жартылай интеллигенттік элементтер үшін біздің жағдайда жұмысшылар қатарына кірудің ешқандай қиыншылығы жоқ. Осының бәрінен мен мынадай қорытынды жасаймын,— біздің партиямыздың құрамының пролетарлық еместігін ақ гвардияшылардың әбден саналы түрде ескеруі бұл қорытындыны менің көз алдымда нығайта түседі — біз кандидаттық стаждың мерзімін едәуір ұзартуға тиіспіз, ал егер жұмысшылар үшін 6 айды қалдыратын болсақ, онда өзімізді де, өзгелерді де алдамау үшін «жұмысшы» деген ұғымды сөзсіз анықтап алуымыз қажет, анықтағанда осы ұғымға тек өзінің тұрмыс жағдайы бойынша шынында да пролетарлық психологияны бойына сіңіруге тиіс болған адамдар ғана жататын болсын. Ал мұның өзі ешбір өзге мақсаттарсыз, экономикалық және әлеуметтік тұрмыстың жалпы жағдайлары бойынша көптеген жылдар бойы фабрикада болмайынша мүмкін емес.

Егер шындыққа көзді жұмып қарамайтын болсақ, онда мынаны мойындауымыз керек: қазіргі уақытта партияның пролетарлық саясаты оның құрамы арқылы емес, қайта партияның азғантай тобының орасан зор, жеке-дара беделі арқылы белгіленіп отыр, бұл топты партияның ескі гвардиясы деп атауға болады. Осы топтың ішінде кіші-гірім күрес болса болғаны, онда оның беделі түспеген күннің өзінде де, әлсірейтіні соншалық, мәселенің шешілуі енді оған байланысты болмай қалады.

Сондықтан мыналарды істеу қажет: 1) кандидаттық стаждардың бәрі ұзартылсын; 2) кандидаттық стаждан өту дегеніміздің шындығында қандай болуға тиіс екені, кандидаттық стаждың бос формальдылық болып қалмай, шын өтіліп жатқанын тексерудің нақты және практикалық шарттары қандай болуға тиіс екені барынша егжей-тегжейлі анықталсын; 3) партияға жаңа мүшелер қабылдау туралы мәселені шешетін мекемелерде ысылған көпшілік құру қажет; 4) жаңа мүше

қабылдау жөнінде губерниялық комитеттердің ғана емес, сонымен қатар бақылау комиссияларының да шешім қабылдауы шарт болуға тиіс; 5) пролетарлық саясатты әбден саналы түрде жүргізетін коммунистердің қатарына ешбір жатпайтын партия мүшелерінен партияның арылуын жеңілдету үшін тағы да белгілі бір шаралар әзірлеу керек. Мен партияны негізінен қайта тазалауды ұсынып отырғаным жоқ, өйткені мұны қазір практикада жүзеге аспайтын нәрсе деп ойлаймын, бірақ партияны іс жүзінде тазалаудың, яғни оның құрамын азайтудың белгілі бір амалдарын табу қажет, ал егер мұны ойластыратын болсақ, онда мен бірсыпыра қолайлы шаралардың табылатындығына сенемін.

Егер мүмкін болса, мен Орталық Комитеттің осы үндеуді оқитын мүшелерінің маған Халық Комиссарлары Советі секретарьларының біреуінің атына ең болмағанда қысқаша телефонограмма арқылы жауап беруін өтінер едім.

26/III — 1922 ж. *Ленин*

Бірінші рет 1925 ж. 23 декабрьде «Вечерняя Москва» газетінің 293-номерінде басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖАНЫНДАҒЫ КОНЦЕССИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ[18]

11/III. 1922 ж.

Кржижановский жолдасқа
Кошірмесі — Смольянинов жолдасқа

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының Концессиялық комитетіне Россияда да, шетелде де РСФСР-дің шетел капиталистерімен жүргізіліп жатқан *барлық* концессиялық келіс сөздері мен концессиялық істері жөніндегі толық материалдарды іріктеп алу және өзінде жинақтау міндеті жүктеледі. Өткен уақыттағы материалдарды да іріктеу қажет.

Концессиялық комитет осы материалдарды төмендегідей бөлімдерге бөліп, дәлме-дәл тіркеу тізімін жасап отыруға тиіс:

а) жасалған шарттар;
б) таяу уақытта шарттар жасалуы мүмкін болатын елеулі келіс сөздер;
в) тоқталып қалған келіс сөздер (себебі көрсетілсін);
г) барлық өзге келіс создер.

Тізімде істің мазмұны қысқаша корсетілуге тиіс (мысалы: келіс сөздердің жайы, концессия объектісі, концессияға талапкерлердің атауы, капиталдың шамамен алынған немесе дәл мөлшері, сақтаулы істің номері).

Бұл тізімнің көшірмесі Еңбек және Қорғаныс Советінің[19] іс басқармасына жіберілетін болсын және ол ай сайын жаңа мәліметтермен толықтырылып отыратын болсын.

Концессиялық комитет материалды іріктеуге және

тізім жасауға жауапты адамды (іс басқарушы, секретарь) тағайындауға тиіс, ол адамның фамилиясы Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқармасына дереу хабарлануға тиіс.

Еңбек және Қорғаныс Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған дана бойынша басылып отыр

ЖАУЫНГЕР МАТЕРИАЛИЗМНІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ[20]

«Под Знаменем Марксизма» журналының жалпы міндеттері жөнінде Троцкий жолдас журналдың 1—2-номерінде мәнді нәрселердің бәрін айтып өтті және тамаша айтты. Мен 1—2-номерге жазылған кіріспе мәлімдемеде журнал редакциясы жариялаған жұмыстың мазмұны мен программасын толығырақ анықтайтын кейбір мәселелерге тоқталып өткім келеді.

Бұл мәлімдемеде: «Под Знаменем Марксизма» журналының төңірегінде біріккендердің бәрі бірдей коммунистер емес, бірақ олардың бәрі де дәйекті материалистер делінген. Менің ойымша, коммунистердің коммунист еместермен жасалған осы одағы сөзсіз қажетті одақ болып табылады және журналдың міндеттерін дұрыс белгілейді. Коммунистердің (ұлы революцияның бастапқы кезін ойдағыдай атқарған жалпы революционерлердің де) ең үлкен және қауіпті қателерінің бірі — революцияны тек революционерлердің ғана қолымен жасауға болады деп ұғынушылық. Қайта, керісінше, қандай да болсын елеулі революциялық жұмыстың табысты болуы үшін, революционерлер шын мәнінде өміршең және алдыңғы қатарлы таптың авангарды ретіндегі рольді ғана атқара алатындығын ұғыну керек және оны жүзеге асыра білу керек. Авангард өзі басшылық етіп отырған бұқарадан қол үзбей, қайта бүкіл бұқараны шын мәнісінде алға қарай бастай білген кезде ғана авангардтың міндеттерін атқара алады. Коммунист еместермен мейлінше әр алуан қызмет сала-

сында одақ жасамайынша, ешқандай коммунистік құрылыстың табысқа жетуі туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Мұның материализмді және марксизмді қорғамақ болып, «Под Знаменем Марксизма» журналы қолға алып отырған жұмысқа да қатысы бар. Россияның алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірінің басты бағыттарында, бақытымызға қарай, көрнекті материалистік дәстүр бар. Г. В. Плехановты айтпағанның өзінде, Чернышевскийді атап өтудің өзі де жеткілікті; қазіргі халықшылдар (халықшыл социалистер, эсерлер, т. с.) көбінесе сәнге айналған реакциялық философиялық ілімдерге бой ұрып, европалық ғылымның бейне бір «ең соңғы жаңалықтарының» жылтырағына алданып, бұл жылтырақтың астарында буржуазияға, оның соқыр сенімдеріне және буржуазиялық реакцияшылдыққа жарамсақтанушылықтың бір түрі жатқандығын ажырата алмай, Чернышевскийден кейін шегініп келді.

Қалай дегенмен де, біздің Россияда коммунист еместер лагерінен шыққан материалистер әлі де болса бар және олардың көп уақытқа дейін бола беретіндігі де күмәнсыз, сондықтан философиялық реакцияға және «білімді қоғам» дейтіннің философиялық соқыр сенімдеріне қарсы күресте дәйекті және жауынгер материализмді жақтаушылардың бәрін бірлескен жұмысқа тарту біздің сөзсіз борышымыз болып табылады. Әке-Дицген,— оны дәмесі көп, дәрмені жоқ әдебиетші баласымен шатастыруға болмайды,— қазіргі қоғамда философия профессорлары көп ретте іс жүзінде «попшылдықтың дипломды малайларының»[21] дәл өзі дегенді айтып, буржуазиялық елдерде үстем болып отырған және ол елдердің ғалымдары мен публицистерінің назарын аударып отырған философиялық бағыттарға марксизмнің негізгі көзқарасын дұрыс, дәл және айқын көрсетті.

Өздерін алдыңғы қатарлылар деп санауды ұнататын біздің россиялық интеллигенттер де, айта кетелік, олардың барлық басқа елдердегі серіктері де, мәселені Дицгеннің сөздерімен берілген бағаның тұрғысына

қарай көшіруді мейлінше жақтырмайды. Бірақ олардың мұны жақтырмайтын себебі — оларды шындық көзге түртеді. Дицген берген қатал сипаттаманың барынша дұрыс екендігін түсіну үшін, үстемдік етуші буржуазияға қазіргі білімді адамдардың мемлекеттік, одан соң жалпы экономикалық жағынан, қала берді тұрмыс жөнінен, басқа да әр түрлі нәрселер жөнінен тәуелді екендігін аз да болса ойлап көрудің өзі-ақ жеткілікті. Буржуазияның таптық мүдделері мен таптық позициясы арасындағы байланысты, оның әр түрлі діни формаларды қолдауы мен сәнге айналған философиялық бағыттардың идеялық мазмұнының арасындағы байланысты түсіну үшін,— тіпті радийдің табылуымен байланысты болған бағыттардан бастап, қазір Эйнштейнге жармасуға талаптанып жүрген бағыттарға дейінгі бағыттарды,— европалық елдерде тым жиі пайда болып отыратын, сәнге айналған орасан көп философиялық бағыттарды еске түсірудің өзі-ақ жеткілікті.

Жоғарыда айтылғандардан мынаны көреміз: жауынгер материализмнің органы болғысы келетін журнал, біріншіден, «поповщылдықтың» қазіргі «дипломды малайларының» бәрін сөзсіз әшкерелеу және қудалау мағынасында алғанда, жауынгер орган болуға тиіс; бұл малайлар ресми ғылымның өкілдері ретінде көрінсе де, немесе өздерін «демократияшыл солшылдар немесе идеялық-социалистік» публицистер деп атап жүрген ерікті сарбаздар ретінде көрінсе де бәрібір.

Мұндай журнал, екіншіден, жауынгер атеизмнің органы болуға тиіс. Бізде осы жұмысты басқарып отырған ведомстволар немесе, былайша айтқанда, мемлекеттік мекемелер бар. Бірақ бұл жұмыс, сірә, біздегі нағыз орыс бюрократизмінің (тіпті совет бюрократизмінің де) жалпы жағдайларының тепкісіне ұшырап, мейлінше селқос, мейлінше қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Сондықтан, өзін жауынгер материализмнің органы болу міндетіне арнап отырған журнал, тиісті мемлекеттік мекемелердің жұмысына қосымша ретінде, ол жұмысты түзетіп, жандандыру мақсатында, атеистік насихат пен күресті талмай жүргізсе, бұл аса маңыз-

ды іс болар еді. Барлық тілдегі бүкіл тиісті әдебиетті мұқият қадағалап отыру керек, бұл саладағы бағалы әдебиеттің бәріп аз да болсын аударып отыру керек немесе, ең болмағанда, оның мазмұнын қысқаша баяндап отыру керек.

Энгельс XVIII ғасырдың аяқ шеніндегі жауынгер атеистік әдебиетті халық арасына көп тарату үшін оны аудару керек деп осы заманғы пролетариаттың басшыларына әлдеқашап-ақ кеңес берген болатын[22]. Біз мұны осы уақытқа дейін істемей ұятты болып отырмыз (мұның өзі — өкіметті дұрыс пайдалана білуден гөрі революциялық дәуірде өкіметті жеңіп алу әлдеқайда оңайырақ екендігін көрсететін көп дәлелдің бірі). Кейде жұрт біздің осы селқостығымызды, салақтығымызды, орашолақтығымызды әр түрлі «лепірме» пікірлермен: мысалы, XVIII ғасырдың көне атеистік әдебиеті ескірді, ғылыми емес, қарадүрсін, т. с. деген пікірлермен ақтамақшы болады. Не педанттықты бүркемелейтін, не марксизмді мүлде түсінбеушілікті бүркемелейтін осындай, бейне бір ғылымисынған софизмдерден жаман еш нәрсе жоқ. Әрине, XVIII ғасырдағы революционерлердің атеистік шығармаларында ғылыми емес нәрселер де, қарадүрсін нәрселер де аз емес. Бірақ осы шығармаларды бастырып шығарушылардың оларды азайтуына және қысқаша соңғы сөздер жазып, онда XVIII ғасырдың аяқ шенінен бастап адамзаттың дінді ғылыми тұрғыдан сынауының прогресті болғандығын көрсетуіне, тиісті жаңа шығармаларды, т. т. көрсетуіне ешкім де кедергі жасамайды. Бүкіл қазіргі қоғам тарапынан қараңғылыққа, надандыққа және соқыр сенімдерге душар етіліп отырған сан миллиондаған халық бұқарасы (әсіресе шаруалар мен қолөнершілер бұқарасы) осы қараңғылықтан бірыңғай маркстік білім алудың тіке жолымен ғана құтыла алады екен деп ойлау, марксист тарапынан жасалуы мүмкін қателердің ішіндегі ең зор және ең жаман қате болған болар еді. Бұл бұқараға атеистік насихат жөнінде мейлінше әр алуан материал беру қажет, оларды өмірдің мейлінше әр түрлі салаларынан алынған фактілермен таныстырып отыру қажет, оларды ынталан-

дыру үшін, оларды діни ұйқыдан ояту үшін, оларды түрлі-түрлі жақтарынан, әр түрлі әдістермен серпілту, т. с. үшін оларға о жағынан да, бұ жағынан да жақындай білу қажет.

Адамдарды діни ұйқыдан ояту үшін, XVIII ғасырдың ескі атеистерінің үстем болып отырған поппылдыққа қарсы өткір тілмен және ашық шабуыл жасаған алғыр, өжет, талантты публицистикасы,— марксизмді ешбір дерлік шебер сұрыптап алынған фактілермен сипаттамаған, іш пыстырарлық, құрғақ қайталаудан гөрі, біздің әдебиетімізде басым болып отырған және (жасыратыны жоқ) марксизмді жиі-жиі бұрмалайтын қайталаудан гөрі, екінің бірінде мың мәрте қолайлы болып шығады. Маркс пен Энгельстің азды-көпті ірі шығармаларының бәрі бізде аударылған. Ескі атеизм мен ескі материализм бізде Маркс пен Энгельстің енгізген түзетулерімен толықтырылмай қалады екен деп қорқуға тіпті ешбір негіз жоқ. Ең маңызды нәрсе әлі де мүлде қараңғы бұқараны діни мәселелерге саналы түрде қарауға және діндерді саналы түрде сынауға ынталандыра білуде болып отыр; біздің марксистсымақ коммунистер, ал іс жүзінде марксизмді бүлдіруші коммунистер бәрінен гөрі нақ осыны кобірек ұмытып жүр.

Екінші жағынан, діндерді қазіргі кездегі ғылыми сынаудың окілдеріне көз жіберіңіздерші. Білімді буржуазияның осы окілдері діни соқыр сенімдерді өздерінің теріске шығаруын өздерін буржуазияның идеялық құлдары ретінде, «поппылдықтың дипломды малайлары» ретінде бірден-ақ әшкерелейтін пайымдауларымен әрқашан дерлік «толықтырып отырады».

Екі мысал келтірейін. Профессор Р. Ю. Виппер 1918 жылы «Христиан дінінің шығуы» деген кітапша шығарды («Фарос» баспасы. Москва). Қазіргі заманғы ғылымның басты-басты нәтижелерін қайталап айта отырып, автор саяси ұйым ретіндегі шіркеудің құралы болып отырған соқыр сенімдерге, алдаушылыққа қарсы күреспейтіндігі былай тұрсын, бұл мәселелерді орағытып өтетіндігі былай тұрсын, сонымен бірге «ұшқарылықтың» екеуіпен де: идеалистік ұшқарылықтан да,

материалистік ұшқарылықтан да жоғары көтерілмекші болып, тура кісі күлерлік және ең реакциялық дәме білдіреді. Мұның өзі үстемдік етуші буржуазияға жарамсақтанғандық болады; бұл буржуазия бүкіл дүние жүзінде өзінің еңбекшілерден сығып алған пайдаларынан жүз миллиондаған сомды дінді қолдауға жұмсап отырады.

Немістің белгілі ғалымы Артур Древс өзінің «Христос туралы аңыз» деген кітабында діни соқыр сенімдер мен ертегілерді теріске шығарып, ешқандай Христостың болмағандығын дәлелдей отырып, кітабының аяқ жағында дінді, дін болғанда «күн сайын бірден-бірге күшейіп келе жатқан натуралистік тасқынға» қарсы тұра алатын, жаңартылған, тазартылған, айлалы дінді ғана жақтайды (1910 жылғы немісше 4-басылуының 238-беті). Бұл — біле тұра істейтін, ескі және шіріген діни соқыр сенімдерді ең жаңа, бұрынғыдан да гөрі пасық және оңбаған соқыр сенімдермен ауыстыру үшін қанаушыларға тұп-тура ашық түрде көмектесіп отырған реакционер.

Мұнан Древстің кітабын аударудың керегі жоқ еді деген мағына шықпайды. Мұның мәнісі — коммунистер және барлық дәйекті материалистер буржуазияның прогресшіл бөлегімен өздерінің одағын белгілі мөлшерде жүзеге асыра отырып, буржуазия реакцияшылдыққа салынған кезде оны үздіксіз әшкерелеп отыруға тиіс деген сөз. Мұның мәнісі — XVIII ғасырдағы буржуазияның, яғни буржуазия революцияшыл болған дәуірдегі буржуазияның өкілдерімен одақ жасасудан қашу марксизмге және материализмге опасыздық жасау болар еді деген сөз, өйткені Древстермен белгілі бір формада, белгілі бір дәрежеде «одақтасу» үстем болып отырған діни қара түнекшілерге қарсы күресте біз үшін міндетті нәрсе.

Жауынгер материализмнің органы болғысы келетін «Под Знаменем Марксизма» журналы атеистік насихатқа, тиісті әдебиеттерді шолуға және біздің осы саладағы мемлекеттік жұмысымыздың орасан зор кемшіліктерін түзетуге көп орын беруге тиіс. Қазіргі буржуазияның таптық мүдделері мен таптық ұйымдары-

ның діни мекемелермен және діни насихат ұйымдарымен[23] байланысты екенін көрсететін нақты фактілері мен салыстырулары көп кітаптар мен кітапшаларды пайдаланудың ерекше маңызы бар.

Дін мен капиталдың ресми, қазыналық, мемлекеттік байланысы аз байқалатын Солтүстік Америка Құрама Штаттарына қатысты материалдардың бәрі де ерекше маңызды. Бірақ оның есесіне «қазіргі демократия» деп аталынып жүрген нәрсе (меньшевиктер, эсерлер және анархистердің бір бөлегі, т. с. соншама ақылсыздыққа салынып, маңдайлары жарылғанша соның алдында бас иіп жүр) буржуазия үшін нені уағыздау пайдалы болса, соны уағыздау бостандығы ғана болып табылатындығы бізге айқын бола бастады, ал буржуазия үшін барып тұрған реакциялық идеяларды, дінді, қара түнекті, қанаушыларды, т. с. жақтауды уағыздау пайдалы.

Жауынгер материализмнің органы болғысы келетін журнал белгілі бір шығармалар оқушылардың қандай тобына және қай тұрғыдан қолайлы бола алатындығын сипаттай отырып, бізде не басылып шыққандығын (басылып шыққандар деп тек тәуір аудармаларды ғана есептеуге болады, ал ондай аудармалар онша көп емес) және тағы да не басылып шығуға тиіс екендігін көрсете отырып, біздің оқушы жұртшылығымызға арнап атеистік әдебиетке шолу жасайды деп сенгім келеді.

Жауынгер материализм істеп шығуға тиісті жұмыс үшін, коммунистер партиясына жатпайтын дәйекті материалистермен одақ жасасумен қатар, «білімді қоғам» деп аталатын қоғамда үстем болып отырған, сәнге айналған философиялық ауытқушылыққа — идеализм мен скептицизм жағына қарай ауытқушылыққа қарсы материализмді жақтаудан, уағыздаудан қорықпайтын және материализмге қарай ойысып отырған қазіргі жаратылыс тану ғылымының өкілдерімен одақ жасасудың маңызы бұдан артық болмаса, кем емес.

Эйнштейннің относительдік теориясы туралы А. Тимирязевтің «Под Знаменем Марксизма» журналының

1—2-номерінде басылған мақаласы журнал осы екінші одақты да жүзеге асыра алады деп сенуге мүмкіндік береді. Бұған көбірек көңіл болу керек. Қазіргі жаратылыс тану ғылымы басынан кешіріп отырған нақ осы шұғыл өзгерістерден екінің бірінде реакцияшыл философиялық мектептер мен мектепшелер, бағыттар мен бағытшалар туатындығын естен шығармау керек. Сондықтан жаратылыс тану ғылымы саласында ең жаңа революция алға қоятын мәселелерді қадағалап отыру және философиялық журналда бұл жұмысқа жаратылыс зерттеушілерді тартып отыру зор міндет болып табылады, бұл міндетті шешпейінше жауынгер материализм ешбір жағдайда жауынгер де бола алмайды, материализм де бола алмайды. Егер Тимирязев журналдың бірінші номерінде: Эйнштейннің теориясына қазірдің өзінде буржуазиялық интеллигенция өкілдерінің орасан көпшілігі жармасып жүр деуге тиіс болса, ал Эйнштейннің өзі, Тимирязевтің сөзіне қарағанда, материализмнің негіздеріне қарсы ешбір белсенді күрес жүргізбеген болса, мұның өзі тек Эйнштейнге ғана қатысты болып отырған жоқ, сонымен қатар XIX ғасырдың аяқ шенінен бастап жаратылыс тану ғылымын қайта құрушы ұлы білімпаздардың көпшілігіне демесек те, бірқатарына қатысты болып отыр.

Сондықтан осы сияқты құбылысқа саналы түрде қарау үшін біз мынаны түсінуге тиіспіз: елеулі философиялық дәлелге сүйенбесе ешқандай жаратылыс ғылымдары, ешқандай материализм буржуазиялық идеялардың тегеуріміне қарсы және дүниеге буржуазиялық көзқарасты қайта орнатуға қарсы күресте төтеп бере алмайды. Бұл күресте төтеп беру үшін және оны ақырына дейін жеткізіп, толық табысты ету үшін жаратылыс зерттеушісі осы заманғы материалист болуға тиіс, Маркс өкілі болған материализмнің саналы жақтаушысы болуға тиіс, яғни диалектикалық материалист болуға тиіс. Осы мақсатқа жету үшін «Под Знаменем Марксизма» журналының қызметкерлері Гегельдің диалектикасын, яғни Маркс өзінің «Капиталында» болсын, өзінің тарихи және саяси еңбектерінде болсын практика жүзінде қолданған диалектиканы материа-

листік тұрғыдан жүйелі түрде үйренуді ұйымдастыруға тиіс; ал Маркстің бұл диалектиканы мейлінше табысты етіп қолданғаны сонша: қазіргі кезде Шығыстағы (Жапония, Индия, Қытай) жаңа таптардың,— яғни жер жүзі халқының көпшілік бөлегі болып отырған және өздерінің тарихи мешеулігінің, өздерінің тарихи ұйқысының салдарынан Европаның бірталай алдыңғы қатарлы мемлекеттеріндегі тоқыраушылық пен шірушілікке осы кезге дейін себепші болып келген жүз миллиондаған адам баласының,— өмірге, күреске оянуының әрбір күні,— жаңа халықтар мен жаңа таптардың өмірге оянуының әрбір күні марксизмді барған сайын қуаттап отыр.

Әрине, Гегельдің диалектикасын бұлайша үйрену, бұлайша түсіндіру, бұлайша насихаттау жұмысы — аса қиын жұмыс, сондықтан бұл жөніндегі алғашқы тәжірибелердің қателіктерге ұрындырары күмәнсыз. Бірақ ештеңе істемейтін адам ғана қателеспейді. Гегельдің материалистік тұрғыдан ұғынылған диалектикасын Маркстің қалай қолданғандығына сүйеніп, біз осы диалектиканы барлық жағынан талдап шеше аламыз және талдап шешуге тиіспіз, журналда Гегельдің басты-басты шығармаларынан үзінділер басып шығаруға тиіспіз, бұларды материалистік тұрғыдан ұғындыруға тиіспіз, бұларға Маркстің диалектиканы қалайша қолданғандығының үлгілері арқылы, сонымен бірге экономикалық, саяси қатынастар жөніндегі диалектиканың үлгілері арқылы түсінік беріп отыруға тиіспіз, ал мұндай үлгілерді ең жаңа тарих, әсіресе осы заманғы империалистік соғыс пен революция өтемөте көп беріп отыр. «Под Знаменем Марксизма» журналының редакторлары мен қызметкерлерінің тобы, менің ойымша, «Гегель диалектикасының материалистік достарының» өзінше бір «қоғамы» болуға тиіс. Қазіргі заманғы жаратылыс зерттеушілер Гегельдің материалистік тұрғыдан түсіндірілген диалектикасынан жаратылыс тану ғылымындағы революцияның алға қойып отырған философиялық мәселелеріне бірсыпыра жауап (егер іздей білсе және егер біз оларға көмек корсетуді үйренсек) таба алады, ал буржуазиялық сәнге бас ию-

ші интеллигенттер бұл мәселелерде «сүрініп», реакциялық жолға түсіп жүр.

Осындай міндетті өзінің алдына қойып, оны жүйелі түрде орындап отырмайынша, материализм жауынгер материализм бола алмайды. Щедриннің сөзімен айтқанда, ол шайқасушыдан гөрі соққы жеушi болып қалады. Мұнсыз көрнекті жаратылыс зерттеушілері, өздерінің философиялық қорытындылары мен тұжырымдарында осы уақытқа дейін қалай дәрменсіз болып келсе, екінің бірінде солай дәрменсіз болып қала береді. Өйткені жаратылыс тану ғылымы соншалықты тез алға басып, барлық салаларда революциялық күшті өзгерістер кезеңін басынан кешіріп отыр, сондықтан жаратылыс тану ғылымы философиялық қорытындыларсыз ешбір жағдайда да ілгері баса алмайды.

Пікірімді қорыта келіп, философия саласына қатысы болмаса да, қалай дегенмен қоғамдық мәселелер саласына, «Под Знаменем Марксизма» журналы көңіл бөлгісі келіп отырған мәселелер саласына қатысы бар бір мысал келтірейін.

Мұның өзі — қазіргі ғылымсымақтың іс жүзінде ең өрескел және ең арам реакциялық көзқарастарды таратушы болып отырғандығын көрсететін мысалдардың бірі.

Жуырда маған «Орыс техникалық қоғамының» XI бөлімі шығарып тұратын «Экономист» журналының[24] 1-номерін (1922 ж.) жіберіпті. Осы журналды маған жіберген жас коммунист байқамай (шамасы, журналдың мазмұнымен танысуға уақыты болмаса керек) журналға өзінің қатты тілектес екендігін білдіріпті. Іс жүзінде бұл журнал, қаншалықты біле тұра істеп отырғанын білмеймін, әрине, ғылыми, демократизм жамылғыларын, т. б. бүркеніп жүрген қазіргі крепостниктердің органы болып табылады.

П. А. Сорокин дейтін бір мырза осы журналда «Соғыстың әсері туралы» деген «социологиялықсымақ» кең көлемді зерттеулерін бастырған. Ғылыми мақала автордың және оның шетелдік толып жатқан ұстаздары мен серіктерінің «социологиялық» еңбектеріне жа-

салған ғылыми сілтемелерге толы. Оның ғылымилығы міне мынадай:

83-бетте былай делінген:

«Петроградта қазір 10 000 некеленушінің 92,2-сі айырылысып кетіп отыр — бұл адам нанғысыз үлкен цифр, оның бер жағында 100 некенің 51,1-і бір жыл толмай бұзылған, 11 проценті бір ай толмай, 22 проценті екі ай толмай, 41 проценті 3—6 ай толмай бұзылған, тек 26 проценті ғана алты айдан асқаннан кейін бұзылған. Бұл цифрлар қазіргі жария неке — шынына келгенде некеден тыс жыныстық қатынасты бүркемелейтін және «жидек» құмарлардың өз тәбеттерін «заңды түрде» қанағаттандыруына мүмкіндік беретін форма екендігін көрсетеді» («Экономист» № 1, 83-бет).

Осы мырза да, журналды шығарып, онда осындай пайымдауларды басып отырған орыс техникалық қоғамы да өздерін демократияны жақтаушылар қатарына қосатындығында және оларды шын атымен атаса, яғни крепостниктер, реакционерлер, «поповщинаның дипломды малайлары» деп атаса, мұны олардың барып тұрған қорлау деп санайтындығында күмән жоқ.

Буржуазиялық елдердің неке, неке айыру, некесіз туған балалар туралы заңдарымен, сондай-ақ бұл орайда істің нақты жағдайымен тіпті азын-аулақ танысудың өзі осы мәселеге көңіл бөліп жүрген адамдардың қай-қайсысына болса да қазіргі буржуазиялық демократияның, тіпті ең демократиялық деген буржуазиялық республикалардың бәрінде де, әйелдерге және некесіз туған балаларға нағыз крепостниктік түрде қарайтындығын көрсетеді.

Бұл, әрине, меньшевиктердің, эсерлердің және анархистердің бір бөлегі мен Батыстағы тиісті партиялардың бәрінің демократия туралы және оны большевиктердің бұзғандығы туралы даурыға беруіне кедергі жасамайды. Шынына келгенде, нақ большевиктік революция неке, неке айыру және некесіз туған балалардың жағдайы сияқты мәселелер жөнінде бірден-бір дәйекті демократиялық революция болып табылады. Ал бұл мәселе — кез келген елдегі халықтың жартысынан көбінің мүдделеріне барынша тікелей қатысы бар мәселе. Тек большевиктік революция ғана, өзінен бұрын

орасан көп және өздерін демократиялық деп атаған буржуазиялық революциялар болып өткендігіне қарамастан, реакцияшылдық пен крепостниктікке де қарсы, билеуші және дәулетті таптардың дағдылы екіжүзділігіне де қарсы осы көрсетілген мәселе жөнінде тұңғыш рет үзілді-кесілді күрес жүргізді.

Егер Сорокин мырзаға 10 000 некеленушінің 92-сінің айырылысып кетуі адам нанғысыз үлкен цифр сияқты болып көрінген болса, онда автор не өмірден мүлдем тыс қалған бір монастырьда өмір сүріп, тәрбиеленген екен деп жоруға тура келеді,— ал ондай монастырьдың болғандығына кімнің болса да сене қоюы екіталай,— не бұл автор реакция мен буржуазияға жағынып, шындықты бұрмалайды деп жоруға тура келеді. Буржуазиялық елдердегі қоғамдық жағдайлармен аз да болсын таныс адамдардың қай-қайсысы болса да іс жүзінде айырылысып кетушілердің нақты саны (әрине, шіркеу мен заң арқылы емес) барлық жерде де өлшеусіз көп екендігін біледі. Бұл тұрғыдан алып қарағанда Россияның басқа елдерден айырмашылығы тек қана мынада: оның заңы екіжүзділікті, әйел мен оның баласының правосыздық жағдайын дәріптемейді, қайта екіжүзділік пен правосыздықтың қандайына болса да ашықтан-ашық және мемлекеттік өкімет атынан ұдайы соғыс жариялап отырады.

Маркстік журналдың осы сияқты қазіргі «білімді» крепостниктерге де қарсы соғыс жүргізуіне тура келеді. Олардың едәуір бөлегі, сірә, бізде тіпті мемлекеттік ақша алып отырған да болар және жас өспірімдерді оқыту үшін мемлекеттік қызметте жүрген де болар; ал олардың бұл мақсатқа жарамдылығы барып тұрған азғындатушылардың оқу орындарындағы жас балаларға надзиратель болу роліне жарамдылығынан артық емес.

Россияда жұмысшы табы өкіметті жеңіп ала білді, бірақ бұл өкіметті пайдалануды әлі үйренген жоқ, өйткені, егер бұлай болмаған болса, ол бұл сияқты оқытушылар мен ғылыми қоғамдардың мүшелерін буржуазиялық «демократия» елдеріне әлдеқашан-ақ сы-

пайылап қапа аттандырып салған болар еді. Бұл сияқты крепостниктерге ең лайықты орын сол елдерден табылады.

Үйренеді, үйренуге ынтасы болса болғаны.

12.III.1922.

«Под Знаменем Марксизма»
№ 3, март, 1922 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Под Знаменем Марксизма»
журналының тексті
бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ХАТ

14.III.1922.

Чичерин жолдас! Сіздің 10/III. хатыңызды оқыдым. Меніңше, пацифистік программаны Сіздің өзіңіз осы хатыңызда тамаша баяндап бергенсіз[25].

Барлық шеберлік пацифистік программаны да, біздің көпестік ұсыныстарымызды да қарқынды *түрде* (егер «олар» қарқынды жеделдететін болса) айқын әрі қатты дауыстап айта білуде.

Мұндай шеберлік Сізден де, біздің делегациядан да табылады.

Меніңше, Сізде қазірдің өзінде 13 шақты тамаша пункт бар (Сіздің хатыңызға қойылған белгілерді жіберіп отырмын).

«Біздің аса кең әрі толық программамыз бар!» дейміз де, жұрттың бәрін елең еткіземіз. Егер оқып беруімізге бөгет жасаса, қарсылығымызды қоса *бастырып шығарамыз.*

Барлық жерде «сәл» ескерту жасалсын: біз коммунистерміз ғой, *өзіміздің* коммунистік программамыз бар (III Интернационал), *бірақ* солай бола тұрса да *көпестер ретінде* басқа, яғни буржуазиялық лагерьдегі (оған II және II $^1/_2$ Интернационалдарды[26] жатқыза отырып) *пацифистерді қолдауды* (тіпті $^1/_{10\,000}$ мүмкіндік болса да) өз борышымыз деп санаймыз.

Мысқыл да, «ілтипат» та болып шығады әрі жаудың арасына іріткі салуға көмектеседі.

Осындай тактика ұстансақ, біз Генуяда сәтсіздік

болған күнде *де* жеңіп шығамыз. Өзімізге тиімсіз келісімге *бармаймыз.*

Коммунистік сәлеммен Сіздің *Ленин*

14/III.

P. S. Чичерин жолдас! Біз қосымша тағы да неге мысқылдай түспейміз (және «ілтипат білдіре» отырып):

біз *барлық* соғыс борыштарын жоюды (§ 14) және Версаль шартын, сондай-ақ *барлық* соғыс шарттарын (§ 15) *қайта қарауды* (өзіміздің 13 параграфтың негізінде) ұсынамыз[27],

бірақ көпшіліктің азшылықты майоризациялауы негізінде емес, қайта *келісуі* негізінде, өйткені біз мұнда көпес ретінде қатысатын болғандықтан, *мұнда* көпестік принциптен өзгеше ешқандай принцип ұсына *алмаймыз?* Біз Құрама Штаттарды майоризациялағымыз келмейді; біз көпестерміз; біз оларды дегенімізге *көндіргіміз* келеді!! Барлық мемлекеттерге *сұрау қойып,* олардың келіспейтіндерін *көндіруге* әрекет жасау керек. Әрі ілтипатты, әрі буржуйларға тиімсіз. «Ілтипат білдіре отырып» оларды масқаралап, беттеріне түкіреміз.

Нұсқа: елдердің азшылығын (халқының саны бойынша) көпшілігіне бағындыруды екі лагерьдің: буржуазиялық лагерь мен советтік лагерьдің (жеке меншікті мойындаушы лагерь мен мұндайды мойындамаушы лагерьдің) әрқайсысының ішінде *жеке* ұсынуға болады.

Жобаға да, нұсқаға да қозғау салу керек.

Les rieurs seront avec nous!*

×) ** қосымша: ұсақ ұстаушылар үшін алып тастау, *өйткені* олардың жалған емес, шынында да ұсақ, еңбекші ұстаушылар екенін нақты дәлелдеу қолдан келеді.

---

* — Келекешілер біздің жақта болады! *Ред.*

** — Хаттың текстінде мұндай белгі жоқ. *Ред.*

Г. В. ЧИЧЕРИННІҢ ХАТЫНА САЛЫНҒАН БЕЛГІЛЕР

ЛЕНИН ЖОЛДАСҚА

10 март, 1922 ж.

Аса құрметті Владимир Ильич,

Мына төмендегі ұсыныстарды оқып шығуыңызды және Өзіңіздің нұсқауларыңызды беруіңізді Сізден өте-мөте өтініп сұраймын. Біз «пацифистік аса кең программа» ұсынуға тиіспіз, мұның өзі біздің алдағы уақытта сөйлейтін сөзіміздің ең басты элементтерінің бірі, алайда ол программа бізде жоқ. Қолда бары — Орталық Комитеттің алғашқы директиваларынан алынған жекелеген үзінділер ғана. Мен мұнда осы міндетті орындауға тұңғыш рет әрекет жасамақпын.

Негізгі қиындық мынада: қазіргі уақытта халықаралық саяси және экономикалық формалар империалистердің жыртқыштығы үшін үнемі бүркеніш болып, атап айтқанда, бізге қарсы қолданылатын қару болып отыр. Ұлттар лигасы дегеніміз тек қана Антантаның қаруы; Антанта оны бізге қарсы қолданды да. Буржуазиялық мемлекет пен советтік мемлекет арасында арбитраж болуы мүмкін емес деп Өзіңіз айтқан едіңіз, алайда арбитраж пацифистік арсеналдың қажетті бөлігі болмақ. Шығыс-Қытай темір жолын интернационалдандыру дегеннің мәнісі оны бізден және Қытайдан тартып алуды және бұл темір жолды Антантаның басып алуын бүркемелеу болып табылады. Бізде шетелдік эмиссиялық банк ашу және бізде долларды қолданатын болу, сол сияқты жалпы алғанда барлық жерде алтын ақшаның бірыңғай единицасын енгізу,— мұның өзі Американың экономикалық жағынан бүтіндей құлдыққа салуының ең бір шын мәніндегі құралы болар еді.

Біз қазір дағдыға айналып отырған халықаралық формаларға қандай да бір жаңалық енгізуге тиіспіз, сонда бұл формалардың империализмнің қаруына айналып кетуіне бөгет жасайтын боламыз. Ол жаңалық біздің тәжірибеміз бен жасампаздығымыздан да, сондай-ақ күшейе түскен күйзеліс пен империалистік дүниенің қирауы процесінде өмірдің өз жасампаздығынан да туындайды. Дүние жүзілік соғыстың нәтижесінде барлық езілген және отар халықтардың азаттық жолындағы қозғалысы күшейіп отыр. Дүние жүзілік мемлекеттердің қабырғасы қаусай бастады. Біздің халықаралық программамыз барлық езілген отар халықтарды халықаралық схемаға енгізуге тиіс. Барлық халықтардың бөлініп шығуға немесе гомрульге праволы екендігі мойындалуы керек. 1885 жылғы Африка конференциясының салдарынан Бельгиялық Конго жан

түршігерлік күйге түсті, өйткені бұл конференцияда европалық державалар негрлер жөнінде филантропияға салынды, ал бұл филантропия ең бір рақымсыз қанаудың бүркеніші болды. Біздің халықаралық схемамыздағы жаңалық мынада болуға тиіс: негр халқы, басқа да отар халықтар сияқты, европалық халықтармен терезесі тең түрде конференциялар мен комиссияларға қатысатын болсын және өзінің ішкі өміріне қол сұғылуына жол бермеуге праволы болсын. Екінші бір жаңалық жұмысшы ұйымдарының міндетті түрде қатысуында болуға тиіс. Дүние жүзілік соғыс кезінде ағылшын жұмысшы әдебиетінде тред-юниондарды алдағы европалық конгреске қатыстыру талабы айтарлықтай кең етек алған еді. Біз оны өз делегациямызға ВЦСПС-тің үш мүшесін енгізу арқылы нақты жүзеге асырдық. Біз ұсынатын халықаралық ұйымда дауыстардың үштен бірі әрбір делегацияда жұмысшы ұйымдарына тиесілі болатын етіп белгілеу қажет. Алайда езілген халықтар мен қудаланған елдерді империализмнің озбырлығынан қорғау үшін бұл екі жаңалық аздық етеді, өйткені дәл жұмысшылардың сатқын лидерлері сияқты, отар халықтардың басшы топтары да оп-оңай-ақ марионетқаға айналып кете алады. Бұл аталғандардың екеуін де қатыстыру болашақ күрес үшін майдан ашып бермек. Жұмысшы ұйымдарының алдына отар халықтарды азат ету жолында, Совет өкіметіне көмектесу жолында және империалистік жыртқыштарға қарсы күресу міндеті қойылады. Бірақ лидерлер сатып кетуге тырысатын болады. Сонымен, халықаралық конференциялардың немесе конгрестердің жекелеген халықтардың ішкі істеріне қол сұқпау принципін де белгілеу қажет. Ерікті ынтымақтастық және күштілердің әлсіздерге жәрдемдесуі қолданылатын болсын, бірақ күштілер әлсіздерді өз ырқына көндіруге ұмтылмасын.

1) дұрыс!

2)

3)

Соның нәтижесінде біз мынадай өте-мөте батыл және мүлде жаңа ұсыныс жасайтын боламыз: толық теңдік негізінде, өзін өзі билеу правосын, езілген барлық халықтардың толық бөлініп шығуға немесе гомрульге праволы болуын жариялау негізінде, сондай-ақ бүкіл конгрестің үштен бірі мөлшерінде жұмысшы ұйымдары қатыстырылатын, жер шарының барлық халықта-

ры қатысатын БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК КОНГРЕСС. Конгрестің мақсаты — аашылықты күштеу емес, қайта толық келісімге келу. Ол моральдық беделімен ықпал жасайды. Іс жүзінде ол біздің дүние жүзілік қалпына

4)) келтіру жөніндегі аса кең экономикалық программамызды жүзеге асыру үшін техникалық комиссиялар

әлбетте ((бөлетін болады.

Ұлттар лигасының немесе Ұлттар қоғамының барлық жобаларында Ұлттар қоғамының шешімдерін орындауға күштеп көндіру әдісі жөніндегі ұсыныстардың тек мынадай екі түрі ғана қарастырылған: не барлық державалар контингенттерінен құрама армия құру, не жазалау мандатын белгілі бір державаға, не белгілі бірнеше державаға жүктеу. Бірінші жағдайда іске қабілетсіз бірдеңе болып шығады, өйткені көптеген державалар контингенттерінен құралған құрама армия түк бітіре алмайды. Екінші жағдайда Ұлттар лигасы немесе Ұлттар қоғамы неғұрлым ықпалды державалардың жаңадан жаулап алушылығын ақтау үшін сылтау ғана болады. Сөйтіп, күштеу элементін немесе жазалау экспедицияларын мүлде жою қажет және дүние жүзілік конгресті келісу мақсатында сөз сөйлеп, ниет білдіретін аренаға айналдыра отырып, оған тек моральдық беделді ғана қалдыру қажет. Соғысты болдырмау — арбитраждың міндеті. Арбитраждың екі түрі бар: не екі жақтың да арбитрге өз еріктерімен жүгінуі, мысалы Гаага трибуналына жүгіну, мұндай жағдайда арбитрдің шешімі міндетті түрде орындалуға тиіс, не басқаша әдіс, оған мысал ретінде Англия мен Құрама Штаттар арасындағы шарттың арбитраж жөніндегі статьясын алуға болады, бұл статьяда соғыс қаупі төне қалған жағдайда келістіруші ерекше комиссиялар құрылады, оларға екі жақ та жүгінуге міндетті, алайда бұл комиссиялардың шешімі сөзсіз орындалуға жатпайды, солай болғанымен де белгілі бір мерзім ішінде, мысалы бір жыл бойына арбитраждың келістірушілік қызметі жалғаса береді; бұл екінші әдістің мақсаты: соғыс қимылдарының басталып кетуін кешеуілдету, сөйтіп заңдандырылған аралық уақытта қарсы жақтардың аптығын басу және жанжалды бәсеңдету. Бірінші әдісте арбитражға жүгіну міндетті емес, бірақ оның шешімі міндетті түрде орындалуға тиіс. Екінші әдісте арбитражға міндетті түрде жүгіну қажет, бірақ оның шешімінің орындалуы міндетті емес, ал қарсы жақтар тек заңдандырылған мерзім бойына ғана бірін-бірі тыңдайтын болады.

дұрыс!

Бұл альтернативадан қазіргі уақытта бас тартуға

болмайды. Ұсынылып отырған бүкіл дүние жүзілік конгресс Гаага трибуналын, оның факультативтік арбитражын қоса және басқа да қызмет түрлерін қабылдай алар еді. Ал біз капиталистік мемлекет пен Совет мемлекеті арасында мүшелерінің жартысы империалистер, жартысы коммунистер болатындай етіп екі жақтан да
(5)
саны бірдей мүшелер тағайындалатын аралық сот қа- 5)
на болуы мүмкін деп санаймыз. Осымен бір мезгілде біз өзімізде Республика Революциялық-әскери советімен бірлесіп белгіленген тезистерді басшылыққа ала
(6)
отырып, қару-жарақты жаппай қысқартуды ұсынамыз; 6)
Гаага және Женева конвенцияларының дәстүрлерін одан әрі дамыта отырып, біз соғыс жүргізу ережелерін: сүңгуір қайықтарды, химиялық газдарды, мино-
меттерді, жалын шашқыштарды қолданбау және әуе 7)
қарулы күресіне тыйым салу сияқты әр қилы тыйым салулар арқылы толықтыруды ұсынамыз.

Бүкіл дүние жүзілік конгресс бөлетін техникалық комиссиялар дүние жүзілік қалпына келтірудің аса 8)
кең программасын жүзеге асыруға басшылық жасайды. Бұл программа күштеп таңылмайды. Бұл әрбір қатысушының пайдасын көздейтін ерікті ұсыныс болмақ. Әлсіздерге көмек көрсетіледі. Нақ осылай дүние
жүзілік темір жол, өзен және теңіз жолдарын белгілеу 9)
қажет. Бұл жолдарды интернационалдандыру біртебірте дамитын іс болмақ, өйткені қарсылық білдіретіндерге күштеу әдісін қолдануға жол берілмейді. Халықаралық техникалық комиссиялар ересен магистральдар салу үшін, халықаралық өзендермен қатынас жасауды реттеу үшін, халықаралық айлақтарды пайдалану үшін және дүние жүзілік теңіз жолдарын техникалық жағынан жақсарту үшін жекелеген елдерге экономикалық және техникалық тұрғыда жәрдемдесуді ұсынуға тиіс болады. Біз алдыңғы қатарлы елдердің капиталына Лондон — Москва — Владиво-
сток (Пекин) ересен магистралын салуды ұсына- 10)
мыз, және біз мұны осының арқасында Сибирьдің қисапсыз мол байлығын жаппай пайдалануға мүмкіндік туады деп түсіндіреміз. Жалпы алғанда күштілердің әлсіздерге көмегі экономикалық географияға және

ресурстарды жоспарлы түрде бөлуге негізделуге тиіс болатын дүние жүзілік қалпына келтірудің негізгі принципі болып табылады. Алтын ақшаның бүкіл дүние жүзілік единицасына экономикалық жағынан әлсіз елдерді күшті елдердің көмегімен көтерудің нәтижесінде ғана қол жетеді, сонымен бірге бұл көтеру баршаға ортақ мүдде болмақ, өйткені дүние жүзілік күйзеліс тіпті Американың өзінде сұрапыл жұмыссыздықты туғызып, күшті елдерді де қаусатады. Күштілер әлсіздерге көмектесе отырып, өздеріне рыноктар, шикізат көздерін қамтамасыз етеді. Осындай пайымдауға сүйене отырып, біз американ банктерінің қоймасында нақ қазір тектен-текке жатқан алтынды жоспарлы
11) түрде бөлуді ұсынамыз. Алтынды барлық елдерге осылайша жоспарлы түрде бөлу заказдарды, сауданы, жетпейтін материалдармен жабдықтауды жоспарлы түрде бөлумен, жалпы алғанда күйзелген елдерге жан-жақты экономикалық көмек көрсетумен ұштастырылу-
12) ға тиіс. Бұл көмек қарыз беру сипатында бола алады, өйткені шаруашылық жоспарлы түрде жүргізілгенде ол қарыз бірнеше жылдан кейін-ақ қайтарыла бастайды. Бартер-Институттың (Кейнс), немесе Центральштелленің, немесе товар айырбасы ұлттық орталықтарының жоспары да осыған жатқызылады. Егер Германия жекелеген көпестердің орнына бірыңғай Центральштеллені бізге қарсы қойса, онда бізге тиімсіз болмақ, өйткені мұның өзі бізге нашар товарды қымбат бағаға сатып ал деп тықпалаудың әдісі болмақ. Ал егер осы Центральштелле қажетті товарларды дүние жүзілік көлемде жоспарлы түрде бөлудің құралы
13) болса және күшті елдердің әлсіз елдерге көмектесу әдісі болса, онда ол шаруашылықты қалпына келтірудің аса кең программасының қажетті буыны болмақ. Бізге Америка жіберіп отырған астық — азық-түлікті халықаралық бөлудің тұңғыш бастамасы. Соғыс кезінде Антанта шеңберінде ішінара алғанда отынды жоспарлы түрде бөлу ісі жүзеге асырылған еді; аса кең программаның ең басты элементтерінің бірі мұнай мен көмірді жүйелі түрде ұдайы бөлу болуы керек, бірақ осылай еткенде де күштеу мен жазалаудың нышаны да болмауға тиіс. Халықаралық техникалық комиссиялар ең жалпылама түрде жылу және күш энергиясын жоспарлы түрде бөлу жоспарларын жасауға тиіс. Осының бәрі қосылғанда буржуазиялық құрылыс тұсында

ненің теориялық жағынан мүмкін болатынын, бірақ ненің тарихи өмір шындығында ұлттық эгоизмдерге және капиталистік олигархиялардың жыртқыштығына кезігетінін аңғартады.

Коммунистік сәлеммен *Георгий Чичерин*

1922 ж. 14 мартта жазылған

Бірінші рет 1945 ж. толық емес түрінде мына кітапта басылған: «Дипломатия тарихы», 3-том, Москва — Ленинград

1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ ЖӘНЕ ҮШ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ КОМИНТЕРН ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ АТҚАРУ КОМИТЕТІ БЕРЕТІН ДИРЕКТИВАЛАРДЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР[28]

Зиновьевке
Сталинге
Каменевке және Саяси бюроның басқа да мүшелеріне:

Ұсынамын

11-статья (2-бөлімі) (меньшевиктерге көзқарасты өзгерту туралы) алынып тасталсын.

Қазір мұны тіпті шартты түрде де айтуға болмайды.

Меніңше, директиваны былайша өзгерту керек:

АА) Егер неғұрлым даулы мәселелерді, яғни II және $II^1/_2$ Интернационалдарға III Интернационалдың дұшпандығын көбірек туғызатын мәселелерді қойғыларыңыз келсе, онда біз мынадай жағдайда келісеміз

(а) мәселелердің тізімі туралы

(б) ... және III Интернационалдың правосын талқылаудың егжей-тегжейлі ережелері туралы бізбен келісім; оның праволарын егжей-тегжейіне дейін барынша қорғау, т. с., т. с.

ББ) Ал біз жұмысшылар бұқарасының ішінара болса да, бірлескен **қимылдарына** ұмтылуды мақсат санап, онша даулы емес мәселелерді *ғана* қоюды ұсынамыз.

Егер *АА* қабылданатын болса, онда біз былай деп

қосамыз: біздің II және $II^1/_2$ Интернационалдарға беретін жалпы бағамыз, біздің оларға қарсы қоятын кінәларымыздың *жиыны*, т. т., т. т.

Содан соң: 25/III-та, яғни алдын ала өткізілетін кеңесте, мақсатқа жету, яғни барлық 3 Интернационалды ((II де, $II^1/_2$ да)) жалпы конференцияға көндіру үміті *әзірге* үзілмей тұрғанда, біздің делегаттарымыз мейлінше ұстамды болулары керек.

Конференцияның *құрамына* бола бірден қол үзбеу керек; егер *мүлде* төзгісіз, шектен асқан пасықтық болмаса, Москвадан сұрамай тұрып, жалпы қол үзбеу керек.

Ленин

1922 ж. 14 немесе 15 мартта жазылған

Бірінші рет 1958 ж. толық емес түрінде мына кітапта басылған: «В. И. Лениннің 1917—1922 жылдардағы қызметі туралы», Москва

1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында толық басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Е. А. ПРЕОБРАЖЕНСКИЙДІҢ «РКП-ның ҚАЗІРГІ ДЕРЕВНЯДАҒЫ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ» ДЕГЕН ТЕЗИСТЕРІ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ[29]

Саяси бюро мүшелеріне арнап Молотов жолдасқа

Преображенский жолдастың тезистері туралы

1. Бас тақырыбы жарамайды. Бұл «негізгі принциптер» емес, ол принциптер программаның өзінде белгіленген, мұны «Қазіргі кезең жағдайларында РКП-ның деревнядағы жұмысының қойылысы туралы» деу керек.

Ұсынысым: тақырыптың осылай өзгеруіне сәйкестендіре отырып, тезистерді *қысқарту* және ішінара өзгерту авторға тапсырылсын. Атап айтқанда, жалпы принципті қайталаулар қысқартылсын (оларға съездің болашақ шешімін түсіндіретін, анықтайтын листовкада орын беріледі) және *практикалық,* әсіресе *ұйымдық* қорытындылар толығырақ дамытылсын.

2. I параграфтың бас тақырыбында: жекеше айтудың орнына «әлеуметтік қатынастар» делінсін.

(Нашар көшірілген: *«обеднения»* дегеннің орнына «объединения»
«безлошадных» дегеннің орнына «бесплощадных» делінген...)

3. I параграфта шұбалаңқылық ерекше көп: көбін кітапшаға көшіру керек.

4. I параграфта да, басқа параграфтарда да «кооперациялау» туралы жалаң және абстракт түрде айтылған. Мұның өзі сан рет айтылып, жалықтырған нәрсе. Мүлде басқаша баяндау керек, «Кооперация-

ланыңдар!» деген жалаң ұранды қайталамай, қайта кооперацияланудың *практикалық тәжірибесінің* неде екенін және оған *қалай* көмектесу керек екенін *нақты көрсету* керек. Егер бұл материал авторда жоқ болса, онда съездің шешіміне бұл материалды жинау және академиялық тұрғыдан емес, практикалық тұрғыдан зерттеу *талабын* енгізу керек. (Преображенский жолдастың тезистерінің бәрі — барып тұрған және әсіре-академиялық тезистер; практика жүзіндегі мемлекеттік, шаруашылық жұмыс емес, интеллигентшілдік, үйірмешілдік, әдебиетшілдік.)

5. «Коллективтік шаруашылықтардан басқасы» даму емес, қайта «құлдырауға бет алу» (кедейлерде). Бұл жарамайды. 1-ден, «коллективтерде» жалпы жақсы екені дәлелденбеген. Жалған коммунистік өзін өзі мақтаушылық арқылы шаруаларды ашындыруға болмайды. 2-ден, «құлдырауға бет алу емес», қайта *барлық жерде* дамудың бөгелуі; *көбінесе* — құлдырау.

6. «Шаруашылықты шаруалар» «ауыл шаруашылық мәдениетін жақсарту міндетімен» *«әуестенеді»* деген сөздер ыңғайсыз айтылған және, амал не, бұл да «коммунистік мақтаншақтық». «Баяу болғанымен, басталып келеді» (§ I) деу керек.

7. «Шаруалардың (?) теңдігі сіңісіп келеді» (?). Бұлай деуге болмайды.

I параграфтың аяғы мүлде жарамсыз: тезистер емес, мақала; деректері жоқ болжаулар.

8. II параграфтың бас жағы көпшілікке өте түсініксіз. Ал шындығына келгенде мұның тезистерде түкке керегі жоқ. Үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

9. II параграфтың екінші сөйлемі («кедейлер комитеттерінің әдістеріне» қарсы сөйлем) зиянды және теріс, өйткені, соғыс, мәселен, кедейлер комитеттерінің әдістерін қолдануға мәжбүр етуі мүмкін.

Бұл жайында мүлдем басқаша, мәселен, былай айту керек: ауыл шаруашылығын өрге бастырудың және оның өнімдерін көбейтудің маңызы аса зор болуы се-

бепті, қазіргі кезеңде пролетариаттың кулактар мен ауқатты шаруалар жөніндегі саясаты ең алдымен олардың қанаушылық талаптарын *тежеуге* және т. б. бағытталуға тиіс.

Олардың талаптарын қалай тежеу керек, кедейлерді біздің мемлекет қалай қорғауға тиіс және қалай қорғай алады,— барлық әңгіме осында. Мұны практика жүзінде зерттеу керек және зерттеуге мәжбүр ету керек, ал жалпылама сөздердің *түкке қажеті* жоқ.

10. II параграфтың соңғы сөздері дұрыс, бірақ көпшілікке түсінікті емес және дамытылмаған. Өңдей түсу керек.

11. III параграфтағы: «Қол үзу», т. т. деген сөздер мүлде бұрмаланған.

12. Бүкіл III параграфта сайып келгенде жалпылама нәрселер басым. Мұның түкке керегі жоқ. Оларды бұлай жалаң қайталау — зиянды; адамның жүрегін айнытады, ішін пыстырады, мылжыңға қарсы ызаландырады.

Мұның орнына ең болмағанда бір *уезді* алып, «кооперациялауға» қалай көмектесу керек екенін *іскерлікпен* талдау арқылы көрсеткен жөн; *кооперацияны зердесіздік коммунистік ойыншыққа айналдыру арқылы* шаруаларды ызаландырмау керек;— агрономиялық жақсартуларға және сондайларға біз *іс жүзінде* қалай және нақ немен көмектесенімізді және көмектесуге тиіс екенімізді, т. т. көрсету керек.

Тақырыпқа дұрыс кіріспеген. Зиянды кірісқен. Жалпылама құрғақ сөздер жұрттың бәрінің жүрегін айнытады. Бұлар бюрократизмді *туғызып*, оны мадақтайды.

13. IV параграфтың бас жағы өте-мөте сәтсіз. Мұның өзі съезге арналған тезистер емес, көпшілікке түсініксіз мақала.

Содан соң. «Декрет түрінде директивалар беру»,— міне автордың ұсынып отырғаны осы. Бұл түбірінен теріс. Бізді бюрократизмнің тұншықтырып отырған себебі — біз әлі де «декрет түрінде директивалар беру»

ойынын ойнап жүрміз. Бұдан нашар және зиянды еш нәрсені автор ойлап та шығара алмаған болар еді.

Содан соң. РКП съезінде: «Советтердің IX съезінің шешімдерін жүзеге асыру керек» деу — барып тұрған жанжал. Осы үшін де тезистер жазу керек пе!!

Параграф бүтіндей жарамсыз. Жалпылама айтылған нәрселер. Жел сөздер. Жұрттың бәрін тойдырып болған тілектер. Мұның өзі — *осы заманғы* «коммунистік бюрократизм».

Мұның орнына ең болмағанда тіпті бір уезд бойынша болса да,— ең болмағанда тіпті бір болыс бойынша болса да, — *практикалық* тәжірибенің деректерін алып, оларды академиялық тұрғыдан емес, практикалық тұрғыдан зерттеген жөн: сүйкімді коммунистік бюрократтар, *міне мыналарды* (нақты түрде, мысалдар келтіріліп, жергілікті жерлердің аттары аталып, фактілер дәл көрсетіліп) *істемеуді, ал мыналарды* (мұны да нақты түрде) істеуді үйреніңіздер деген жөн.

Тезистердің «кооперация» жөніндегі бұл кемшілігі мұнда, IV параграфта, ерекше зор және ерекше зиянды.

14. V параграфта «совхоздардың жұмысшылары» «ауыл шаруашылық пролетариатының кадрлары» деп жарияланған. Бұл дұрыс емес. Мұның өзі «коммунистік менмендік». Бұл көбіне пролетариат *емес*, қайта бұл әрі «паупер», әрі ұсақ буржуа, не десеңіз, соның бәрі. Өзіңді өтірікпен жұбатпау керек. Бұл зиянды. Бұл — біздің бюрократизмнің негізгі көзі. Ал мұның өзі шаруаларды *босқа* ашындырып, ренжітеді. Біздің совхоздардағы «ауыл шаруашылық пролетариатының кадрлары» туралы әзірше үндемей қоя тұрғанның өзі ақыл.

Одан соң: бұл «пролетариатты» («мейлінше әр текті және ала-құла»— дұрыс!, сондықтан да ыңғайсыз бірдеңеге... көбірек ұқсайды, бірақ «кадрлар» емес) ұйымдастыру «өте қиын» деп дұрыс айтылған.

Дұрыс! Сондықтан да «совхоздардың құрамы ұсақ меншікші элементтерден тазартылуға тиіс» деген сияқты нәрселерді айтудың керегі жоқ, өйткені мұның өзі

күлкі және заңды күлкі туғызады (шаруа үйлерін жаман ауадан тазарту деген сияқты).

Үндемегеннің өзі артық.

15. VI параграфта (тек қана!) практикалық міндеттерге кірісу басталады. Бірақ бұл кірісудің де әлсіздігі сонша, практикалық тәжірибе арқылы аз дәлелденгендігі сонша, мынадай қорытынды жасауға (жоғарыда, 1-пунктте белгіленген ұсынысты өзгертуге) тура келеді:

тезистер жарамсыз деп танылсын;

авторға плюс Осинскийге плюс Теодоровичке плюс Яковенкоға съезде деревняда істейтін делегаттардың кеңесін ұйымдастыру тапсырылсын;

кеңестің тақырыбы тіпті де «принциптер», т. с. болмасын, тек қана *практикалық тәжірибені зерттеп, баға беру* болсын:

қалай кооперациялау керек?

жаман совхоздармен қалай күресу керек? жаман кооперативтермен және жаман коллективтермен қалай күресу керек?

Всеработземлесті[30] қалай күшейту керек? (авторды онда *ұзақ* жұмыс істеуге қою керек).

Орталық Комитеттің атынан бұл кеңестің алдына — жалпылама нәрселерді қайталауға салынбай, тек қана жергілікті (уездік, облыстық, селолық) *практикалық* тәжірибені егжей-тегжейіне жете зерттеуді міндет етіп қою керек; егер бұл тәжірибе аз болатын болса (сірә, аз болар, өйткені оны жинау жөнінде ешкім еңбектенген жоқ; ал жиналмаған тәжірибе өте көп), онда съездің

(а) осы практикалық тәжірибені зерттеу жөніндегі комиссия сайлағаны жөн;
(б) комиссия Орталық Комитетке бағындырылсын;
(в) оған Преображенский жолдас енгізілсін;
(г) Преображенский жолдас Всеработземлеске де енгізілсін...
(д) комиссияға тәжірибені жинау, өңдеу, әзірлеу тапсырылсын (бірқатар мақалалардан соң)

өндіргіш күштердің өсуін тоқтатпастан, қалай кооперациялау, кулактарды *қалай* «тежеу» керек екенін, Всеработземлестің істі *қалай* жүргізуі, оны *қалай* күшейту керек екенін, т. т. және т. с. міндетті түрде барынша нақты көрсете отырып, деревнядағы жұмысты қалай жолға қою туралы *Орталық Комитеттің* (жаңа) *хатын* әзірлеу тапсырылсын.

Орталық Комитеттің атынан съездің мынадай (шамамен айтқанда) қарары дайындалсын:

Партияның деревнядағы жұмыс саласындағы басты кемшілігі практикалық тәжірибені зерттемегендігі екендігін фактілер көрсетіп, съездің арнаулы комиссиясы растап отыр. Барлық кеселдің және бүкіл бюрократизмнің тамыры осы. Съезд Орталық Комитетке 1-ші кезекте осыған қарсы күресуді тапсырады. Оның бер жағында, белгілі бір комиссияның көмегімен, оның 1 (немесе 2, 3) мүшесі Всеработземлесте *тұрақты* жұмыс істейтін болсын.

Жұмысты нақ қалай жүргізу, қалай жүргізбеу керек екені жөнінде кеңес және бұйрық беру үшін тәжірибені ұдайы зерттей отырып, комиссия листовкалар, кітапшалар басып шығаруға тиіс.

16/III.1922. *Ленин*

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ Э. ВАНДЕРВЕЛЬДЕГЕ БЕРЕТІН ЖАУАБЫНЫҢ ЖОБАСЫ[31]

Зиновьев жолдасқа

көшірмесі — Каменев жолдасқа
— Молотов жолдасқа

Мен әлгінде Каменевпен сөйлестім, біз былай деп келістік: Сіз бүгін түн ортасы ауа Вандервельдеге телеграммаңызды Совет үкіметіне табыс еттік деп жауап бересіз. Ал Совет үкіметінің атынан ертең оған юстиция халық комиссары Курский жолдас жауап жолдайды.

Мен жауаптың текстін Саяси бюрода талқылау жөнінде ұсыныс жасаймын және өз тарапымнан мына төмендегідей текст ұсынамын:

««Вена социалистік бірлестігінің» өкілдері де біраз ауытқи отырып жүргізген саясатты Екінші Интернационал өкілдерінің қай уақытта болсын тынбастан жүргізгені жөнінде Россияда Совет үкіметінің бірде-бір мүшесі ешқашан күмәнданған емес. Қанаушы таптармен тікелей де, жанама түрде де одақ жасасу саясатын жүргізген нақ солар, ал қанаушы таптар барлық елдерде коммунистерді қуғындап, өлтірді; мұның мысалдары Германия демократиялық республикасында ерекше көп және ерекше көзге түседі. Батыс Европадағы белгілі саяси топтардың қазіргі уақытта эсерлер мен меньшевиктерге білдіріп отырған сенгіштігін тек осы бірлестік арқылы ғана және эсерлер мен меньшевиктер партиялары арасындағы саяси жақындық арқылы ғана түсіндіруге болады; ал эсерлер мен меньшевиктер Колчактың, Деникиннің және т. с. Россияға жасаған шапқыншылығын іс жүзінде қолдап отыр-

ды. Сіз жазып отырған өсерлердің ісі жөнінде шындығында үкім шығарылмағаны былай тұрсын, тіпті сот та болған жоқ және айыпкерлерге айыптау актісі әлі тапсырылған жоқ. Қалай болғанда да мынаны қоса айтуды борышым деп санаймын: тұтқындарды айырбастау немесе тұтқындардың белгілі бір категорияларын босату жөніндегі ұсыныс сияқты іскерлік ұсыныстардан, Деникин үкіметі помещиктердің өкіметін қайта орнату мақсатымен Советтік Россияға тікелей шапқыншылық жасаған кезде оның тарапынан болған мұндай ұсыныстардан Совет үкіметі бас тартқан жоқ.

Юстиция халық комиссары Курский.»

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

1922 ж. 17 мартта телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында толық емес түрінде басылған, 33-том

Бірінші рет, секретарьдың жазбасы бойынша толық басылып отыр (машинкада басылған дана)

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ ЖӘНЕ ШЕТЕЛГЕ БАРАТЫН ЖОЛДАСТАРҒА БЕРІЛЕТІН ДИРЕКТИВАНЫҢ ЖОБАСЫ

Саяси бюро мүшелеріне арнап
Молотов жолдасқа

Радек жолдастың шетелге баратын сапарына байланысты, *сондай-ақ Сосновский жолдас та барады деседі, — дипломатиялық қабілеттілік* бұл өте бағалы және өте ірі қызметкерлердің күшті жақтарына *қосылмайтын* болғандықтан, Саяси бюро атынан мынадай директива қабылдауды ұсынамын:

«Саяси бюро шетелге баратын барлық жолдастардан қазіргі кезеңнің, бір жағынан, меньшевиктер мен эсерлер туралы мәлімдемелер мен әңгімелерде мейлінше ұстамды болуды, ал екінші жағынан, оларға қарсы нағыз аяусыз күрес жүргізуді және оларға (ақ гвардияшылардың *іс жүзіндегі* ең қауіпті сыбайластары ретінде) ең күшті сенімсіздікпен қарауды талап ететінін атап көрсетеді».

17/III.

Ленин

P. S. *Телефон арқылы дауысқа қоюды* өтінемін[32].
Ленин

1922 ж. 17 мартта жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

И. И. СТЕПАНОВТЫҢ «ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ӨТПЕЛІ ФАЗАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ РСФСР-ді ЭЛЕКТРЛЕНДІРУ»[33] ДЕГЕН КІТАБЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Степанов жолдастың осы еңбегіне барлық коммунистердің ықылас қоюын шын жүректен тілеймін.

Автор ең қиын және ең маңызды мәселелерді өте жақсы баяндай білген. Автор кітапты интеллигенттерге емес (кітаптарды буржуазияшыл жазушылардың ең жаман әдеттеріне еліктеп жазу бізде дағды болып алған), еңбекшілерге, нағыз халық бұқарасына, қатардағы жұмысшылар мен шаруаларға арнап жазуды ұйғарып, өте жақсы істеген. Степанов жолдастың баяндауындағы кейбір жерлерді қосымша түсініктемелерсіз түсіну қиын тистін адамдар үшін де, жалпы осы мәселе жөнінде орыс және шетел әдебиетінің басты-басты еңбектерін білгісі келетін адамдар үшін де автор қосымшада әдебиет көрсеткішін берген. VI тараудың бас жағын ерекше көрсете кету керек; автор мұнда жаңа экономикалық саясаттың маңызын өте жақсы баяндайды, содан соң электрлендіру жөнінде тарап жүрген «жеңілтек» скептицизмді жақсылап тұрып бекерге шығарады; бұл скептицизм әдетте мәселе туралы айтарлықтай ойластырудың жоқтығын бүркемелейді (егер бұл скептицизм, кейде осылай да болатыны сияқты, ақ гвардияшылардың, эсерлер мен меньшевиктердің жалпы совет құрылысы атаулыға дұшпандығын бүркемелеу болмаса).

Халық ағарту ісі жөнінде шын (чиновниктік-құр сандалу емес) жұмыс жүргізу үшін бізге көбінесе жетпей жүрген нәрсе — осындай оқу құралы, «мектеп-

терге» (барлық, міндетті түрде жалпы барлық мектептерге) «арналған» нақ осы сияқты «оқу құралдары». Егер біздің марксист әдебиетшілердің бәрі өз күштерін жұртты тегіс ығыр қылған газеттік және журналдық саяси даурықпаға сарп етудің орнына, түгелдей барлық қоғамдық мәселелер бойынша нақ осындай оқу құралдарын немесе оқулықтар жазуды қолға алған болса, онда біз мына сияқты масқараны — саяси өкіметті пролетариат жеңіп алғаннан кейін бес жылға жуық уақыт өткен соң, *оның*, пролетариаттың, мемлекеттік мектептері мен университеттерінде жастарды буржуазиялық ескі ғалымдардың буржуазиялық ескі былыққа үйретуі (дұрысырақ айтқанда, бұзуы) сияқты масқараны басымыздан кешірмеген болар едік.

Советтердің сегізінші съезі: электрлендіру жоспары РСФСР-дің барлық — түгелдей барлық — оқу орындарында міндетті түрде оқытылсын деп қаулы алды[34]. Біздің (біздің, большевиктердің) мәдениетсіздігіміздің салдарынан бұл қаулы, басқа да көп қаулылар сияқты, қағаз бетінде қалып қойды. Енді, Степанов жолдастың «мектептерге арналған» осы «оқу құралының» жарық көруіне байланысты мынаған жету керек — және біз жетеміз де!— әрбір уездік (ал содан соң әрбір болыстық) кітапханада осы «оқу құралының» бірнеше данасы болатын болсын;— Россияның әрбір электр станциясында (ал олар 800-ден астам) бұл кітап алдырылып қана қоймай, сонымен қатар электр туралы, РСФСР-ді электрлендіру туралы және жалпы техника туралы міндетті түрде жалпы жұртқа түсінікті халықтық оқу ұйымдастырылсын;— әрбір мектептегі әрбір халық мұғалімі бұл «оқу құралын» оқып, ұғынсын (бұл істе көмек көрсету үшін әрбір уезде инженерлер мен физика оқытушыларының үйірмесі немесе тобы ұйымдастырылуға тиіс) және тек өзі оқып, түсініп және ұғынып қана қоймай, сонымен қатар мұны мектеп оқушылары мен жалпы шаруа жастарына қарапайым тілмен және түсінікті етіп айтып бере алатын болсын.

Бұған жету үшін көп еңбек ету керек. Біз — жарлы адамдармыз және мәдениетсіз адамдармыз. Мұның оқасы жоқ. Оқу керек екендігін түсіну болса болғаны.

Оқуға ықылас болса болғаны. Қазір жұмысшы мен шаруа үшін білімнің помещиктер мен капиталистерге «пайда» мен табыс келтіру үшін керек емес, қайта *өз* тұрмысын жақсарту үшін керек екендігін анық түсіну болса болғаны.

Ал осының бәрі бізде бар. Сондықтан біз оқып үйренеміз және үйреніп шығамыз.

Н. Ленин

18. III. 1922.

«Правда» № 64, 21 март, 1922 ж.

Мына кітаптың қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр: И. Степанов. «Дүние жүзілік шаруашылықтың өтпелі фазасына байланысты РСФСР-ді электрлендіру», Москва, 1922

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ[35]

Саяси бюро мүшелеріне арнап
Молотов жолдасқа

Москва комитетінің (соның ішінде Зеленский жолдастың) дарға асуға лайық қылмыскер-коммунистерге іс жүзінде *босаңдық жасағаны* бірінші рет емес.

Бұл «қателескендіктен» істеліп келеді. Бірақ бұл «қатенің» қаупі орасан зор. *Ұсынамын:*

1. Дивильковский жолдастың ұсынысы *қабылдансын.*

2. Коммунистерге *босаңдық жасағаны* үшін (босаңдықтың түрі — айрықша комиссия) Москва комитетіне қатаң сөгіс жариялансын.

3. Коммунистердің жауапкершілігін «жеңілдету» мағынасында соттарға «ықпал жасауға» аз да болса әрекет істелгені үшін Орталық Комитеттің *партиядан шығаратыны* барлық губерниялық комитеттерге тағы да ескертілсін.

4. Соттардың коммунист еместерге қарағанда, коммунистерді *қаталырақ* жазалауға міндетті екені Юстиция халық комиссариатына нұсқау хат арқылы (көшірмесі партияның губерниялық комитеттеріне) хабарландырылсын.

Мұны орындамағаны үшін халық судьялары және Юстиция халық комиссариаты коллегиясының мүшелері *қызметтен қуылуға* тиіс.

5. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің

Президиумына Москва Советінің президиумын баспасөзде сілейте *сынау* тапсырылсын.

Ленин

18. III.

P. S. Бұдан асқан масқаралық пен тәртіпсіздік болар ма: өкімет басындағы партия «өзінің» жексұрындарын қорғайды!!

1922 ж. 18 мартта жазылған

Бірінші рет 1962 ж. 20 ноябрьде «Правда» газетінің 324-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Н. П. ГОРБУНОВҚА ЗАПИСКА ЖӘНЕ КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫСТАР[36]

Горбунов жолдас!

Оқып шығыңыз, өзіңізге қысқаша белгілеп алыңыз және *Саяси бюро* мүшелеріне, ал одан кейін *Цюрупа* мен *Рыковқа* арнап *дереу* Молотов жолдасқа жолдаңыз.

Меніңше, кооперация — кәсіподақтар емес.

Кооперация мүшелік жағынан міндетті ұйым болып қала беруге тиіс.

Қаражаттың келіп түсуі ерікті түрде болу керек. Егер бізде кооперация сауда жасайтын болса (сандалбай мылжыңдардың жұрттың бәрін ығыр қылған саяси даурықпасын басумен шұғылданатын күнделікті газеттер шығаруды ойынға айналдырмаса), онда сауда табыс келтіруге тиіс. Кімде-кім жарна төлесе, ол табыс алады.

Бәрі де кооперация мүшелері. Бұл бізге болашақ үшін керек. Оның неменеге кедергі болары белгісіз.

Пай жарналары ерікті түрде болады. Жарна төлеген адам табыстан үлес алады.

Қорытынды: меніңше, мәселе кейінге қалдырылсын; бұл сессияда қойылмасын.

Ленин

18/III.

1922 ж. 18 мартта жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ

(ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ)[37]

21/III. 1922.

Цюрупамен және Рыковпен әңгімелестім. Жұмыс жақсарады деп сенемін. Оның бер жағында, бір мәселенің Сіздің халық комиссариатыңызға[38] қатысы бар. Цюрупа мен Рыковтың басты міндеті істің орындалуын тексеру, адамдарды іріктеп алу болып табылады (қазір осы болуға тиіс).

Көмекшілер керек. Бұл үшін Халық Комиссарлары Советі іс басқармасының аппаратының бір өзі жеткіліксіз, ал оны ұлғайту тиімсіз. Мен бұл үшін (істің орындалуын тексеру, халық комиссариаттарының *төменгі орындарын* қадағалау ісінде Цюрупа мен Рыковқа тікелей көмектесу үшін) Жұмысшы-Шаруа инспекциясын пайдалану керек деген пікір айттым. Сіз мұны мақұлдайсыз ба, соны білгім келеді; егер мақұлдайтын болсаңыз, орынбасарлармен Сіздің жазбаша келісіміңіз керек, ал бұл келісімді әзірлеуге менің қатысқым келеді.

Мақсат: Жұмысшы-Шаруа инспекциясының Цюрупа мен Рыков іріктеп жатқан таңдаулы қызметкерлерінен, Сізбен келісім бойынша, ерекше және сөзсіз сенімді адамдарды, мыналарды тез және сөзсіз орындай алатын адамдарды а) істі орындата *алатын;* б) істің орындалуын тексере алатын; в) белгілі бір халық комиссариатында, бөлімде, Москва Советінде немесе Петроград Советінде, т. т. *аппараттың* дұрыстығын тексере алатын; г) жұмысты *қалай* жолға қою жөнінде нұсқау бере ала-

тын адамдарды (Сіздің де, екі орынбасардың екеуінің де оларды *практикалық* тапсырмалар беріп сынауларыңыз арқылы) даярлау.

Бұл адамдар жұмыстың барысы мен нәтижесін орынбасарларға және Сізге *тікелей* баяндап отыру арқылы ғана жұмыс істейді. Бұл адамдарды *мейлінше* асықпай іріктеп алу керек, тек талай рет сынағаннан кейін ғана оларды, былайша айтқанда, «ерекше уәкілдігі бар» инспекторлар мен нұсқаушыларға айналдыру керек; олардың санын, *бірте-бірте*, бірнеше ондаған адамға жеткізу керек. Олар өз кезегінде, партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларды Жұмысшы-Шаруа инспекциясына тартуды *(іс жүзінде)* жүзеге асырады.

Егер мақұлдасаңыз, осының көшірмесін, Өзіңіздің қоспа жазбаңызбен бірге, Цюрупа мен Рыковқа жіберіңіз. Егер қарсы пікіріңіз болса, маған дереу жазыңыз (және телефон соғыңыз). Мен бұл туралы съездегі баяндамамда айтқым келеді.

Ленин

Бірінші рет 1930 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

И. В. СТАЛИН мен Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ХАТ

Сталин мен Каменев жолдастарға

Съездің қосымша қаулысының жобасын алдым[39].

Негізінен алғанда қосыламын. Бір қарағанда, мынадай түзетулер ұсынамын:

1) «жаңалар» деген сөз (1-бет, төменнен 1-жол) алынып тасталсын,

2) аяқ жағында «съезд комиссияға жүктейді» дегеннің орнына: «съезд Орталық Комитетке, Цюрупа мен Киселев жолдастарды (Орталық Комитетке мүше емес екі адамды) қатыстыра отырып мыналарды орындауды жүктейді» деу керек.

Ойым:

а) тағы да онша елеулі емес түзетулер ұсынсам деймін;

б) адамдарды тексеру және істің орындалуын тексеру жөніндегі тақырыпқа бірдеңелерді қоссам ба деймін.

Егжей-тегжейін телефон арқылы келісерміз.

Қалай енгізу керек?

Мен Орталық Комитет пленумына хат әзірлеймін (24-не. IV?).

Бұл хатта

1) баяндаманың қысқаша жоспары,

2) Троцкийдің хатын сөз етемін[40]: негізінен алғанда бұған қосыламын деймін,

3) өзімнің Цюрупамен және Рыковпен келіскенімді айтамын*,

* Қараңыз: осы том, 65—66-беттер. *Ред.*

4) Сіздің жобаңызды өз атымнан қосамын,

5) Орталық Комитеттің пленумы дауысқа салуын өтінемін: мұны ол мақұлдай ма? Осының бәрін баяндамада Орталық Комитеттің атынан айтуыма рұқсат ете ме?

P. S. Осы форма бәрінен де гөрі тәуір.

Қосу керек: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің далиын кетуіне қарсы: әрбір губерниядан 3-тен артық болмасын.

21/III — 1922 ж.

Ленин

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған көшірме бойынша басылып отыр

«БЕДНОТАНЫҢ» ТӨРТ ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ[41]

«Беднотаның» редакциясын газеттің төрт жылдық мерекесіне байланысты құттықтаймын.

Еңбекші шаруалардың мүдделеріне қызмет ету жөнінде газет төрт жыл бойы адал және табысты еңбек етті. Капиталистер мен помещиктердің халықтарды душар еткен соғысы Россияны күйзелткені сонша, бізде еңбекші шаруалар осы уақытқа дейін кедей болып қалып отыр. Соғыс салдарынан туған ашаршылық пен қайыршылықты, жоқшылық пен күйзелісті жеңу үшін Россияның еңбекші бұқарасына әлі де көп жұмыс әрі ауыр жұмыс істеуге тура келеді.

Ал Россияның шаруалары мен жұмысшылары бұл ауыр жұмысты істей алады және қайткен күнде де ақырына дейін жеткізеді. Бұл жұмыста жұмысшылар мен шаруаларды енді помещиктер мен капиталистерді байыту үшін еңбек етпей, олардың өздері үшін, өздерінің тұрмысын жақсарту үшін еңбек ететіндігін сезінуі қолдап, жебейді.

Жұмысшылар мен шаруалар одағы — Совет өкіметінің бізге бергені міне осы. Совет өкіметінің күші міне осында. Біздің табыстарымыздың және біздің түпкілікті жеңіп шығатындығымыздың кепілі міне осында.

Капиталистер жіберіп отырған шетел әскерлерінің қолдауымен Россияда помещиктер өкіметін қайта орнатуға тырысқан Колчак пен Деникинді біз осы одақтың арқасында жеңдік.

Енді шетел капиталистері Советтік Россиямен сауда

шарттарын жасасуға мәжбүр болып отыр. Бұл шарттар күйзелген шаруа шаруашылығын қалпына келтіру үшін қажетті ауыл шаруашылық құралдарын, машиналар және басқа заттар сатып алуымызға көмектеседі.

Қазір біз ашаршылық жылынан кейін ең ауыр көктемді бастан кешіріп отырмыз. Бірақ біздің еңсеміз түспейді. Жұмысшылар мен шаруалардың күйзелісі қаншама зор болғанымен, біз енді помещик үшін емес, өзіміз үшін жұмыс істеуге право мен мүмкіндік алдық. Сондықтан біз күйзелген шаруашылықты қалпына келтіріп, жақсартатын боламыз.

Н. Ленин

23. III. 1922.

«Беднота» № 1183, 26 март, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНА АРНАП В. М. МОЛОТОВҚА ХАТ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ XI СЪЕЗІНДЕ ЖАСАЛАТЫН САЯСИ БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ[42]

23/III. 1922.

Молотов жолдас!

Сізден Орталық Комитеттің пленумына мынаны жеткізуді өтінемін:

1. Сырқаттанып қалуыма байланысты мені пленумға қатысудан босату жөніндегі өтінішімді (әрі пленумдағы мәжілісте болып, әрі съезде баяндама жасауды мен көтере алмаймын);

2. Баяндаманың төменде келтіріліп отырған жоспары жөнінде түсінік беру үшін менің пленумға келуім керек болса, менің сөзсіз келуіме болады, онда мен шақырылғаннан кейін 2—3 сағаттан соң келе аламын.

3. Орталық Комитеттің съезде мен жасамақ болып отырған саяси баяндамасының жоспары:

> металлистер съезінде, 6. III. 1922*, сөйленген сөзде айтылғандарды негізінен қайталау, кейбір пункттерде соны дамыту. Генуя туралы өте қысқа айтылады. *Жаңа экономикалық саясат* туралы және «мемлекеттік капитализм» деген ұғым туралы біраз толығырақ айтылады.
>
> Шегіністі (экономикалық) тоқтату және күштерді қайта топтастыру міндеті. Сменовехшіл Устрялов арқылы: *жаңа экономикалық саясат* «тактика» емес, большевизмнің «эволюциясы» деп мәлімдеп отырған буржуазия тарапынан бізді сақтандыру[43].

---

* Қараңыз: осы том, 1—19-беттер. *Ред.*

Бізге жетпей отырған басты нәрсе — мәдениеттілік, басқара білушілік. Мұны кішкене мысалдармен сипаттау. Экономикалық және саяси жағынан алғанда *жаңа экономикалық саясат* бізге социалистік экономиканың негізін қалау мүмкіндігін толық қамтамасыз етеді. Әңгіме «тек қана» пролетариат пен оның авангардының мәдени күштерінде болып отыр.

Біздің революцияның сөзсіз жеңіп алғандары туралы және оның әлі де істеліп бітпеген істері туралы.

Интервенцияның болу мүмкіндігі. Финанс дағдарысының қауіптілігі. «Тыныс алуды» пайдалану: негізгі жұмысты адамдарды іріктеп алуға және істің нақты орындалуын тексеруге бағыттау.

Жүзеге аса бастаған міндеттердің ұлылығы мен әрі материалдық, әрі мәдени жұтаңдық арасындағы алшақтық.

Баяндамаға қосымша ретінде Халық Комиссарлары Советі председателінің және Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің екі орынбасарының ролін көрсету; бұл туралы 1922 жылғы январьдың аяғынан бастап менің А. Д. Цюрупамен жазысқан хаттарымды айту керек[44]; істің орындалуы көбірек тексерілетін етіп жұмысты жаңаша қою туралы қазір біз үшеуміз (плюс Рыков) әзірлеп жатқан ережені айту керек*.

Халық Комиссарлары Советі ұсақ-түйектерден босатылсын; оның функциялары Еңбек және Қорғаныс Советі мен Кіші Халық Комиссарлары Советінің[45] функцияларынан дәлірек ажыратылсын. Басшы жолдастарды, тек халық комиссарларының орынбасарларын ғана емес, халық комиссарларының өздерін де Халық Комиссарлары Советіне қатыстыру арқылы оның беделін көтеру керек.

Осыған байланысты және Калинин жолдастың бірнеше рет жасаған ауызша мәлімдемесіне сәйкес, сондай-ақ Енукидзе жолдастың осымен қоса

* Қараңыз: осы том, 172—181-беттер. *Ред.*

жіберіліп отырған жазбаша хабарына[46] сәйкес Орталық Комитеттің атынан съезге жоғарыда баяндалған жоспарды мақұлдау ұсынылсын, сонымен қатар заң шығарудың негізгі мәселелерін талдап жасау үшін және халық комиссариаттары мен Халық Комиссарлары Советінің жұмысын ұдайы бақылап отыру үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетін неғұрлым ұзақ уақытқа созылатын сессияларға шақыруды мақұлдау ұсынылсын.

Ақырында, партия (және оның Орталық Комитеті) мен Совет өкіметінің функцияларын неғұрлым дәлірек ажырату қажет; совет қызметкерлері мен совет мекемелерінің жауапкершілігі мен дербестігі көтерілсін, барлық мемлекеттік органдардың бәрінің жұмысына жалпы басшылық жасау партияға қалдырылсын, қазіргідей тым жиі, жүйесіз, көбінесе ұсақ-түйекке бола араласушылыққа жол берілмесін.

Партия съезінің бекітуіне арнап тиісті қарар жобасы жасалсын[47].

4. Орталық Комитеттің пленумынан Орталық Комитеттің атынан қосымша баяндамашы тағайындауды өтінемін, өйткені менің баяндамам тым жалпылама, содан соң мен өзімнің бұл баяндаманы жасай алатындығыма онша сенбеймін, ал ең бастысы — Саяси бюроның ағымдағы жұмысынан қазірдің өзінде айлар бойы артта қалып қойдым[48].

Коммунистік сәлеммен

Ленин

Бірінші рет 1928 ж. 30 августа «Правда» газетінің 201-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ЖАСАЙТЫН МӘЛІМДЕМЕСІНІҢ ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР МЕН ЕСКЕРТПЕЛЕР[49]

Молотов жолдасқа

Чичерин жолдастың «Конференциядағы бірінші сөздің элементтері» деп аталған жазбаша сөзі жөнінде мынадай өзгерістер ұсынамын:

1) Бірінші беттегі жоғарыдан 7 және 8-жолдар — жай ғана саяси-экономикалық системалар туралы емес, «меншік системалары» туралы айтуды ұсынамын[50].

2) Нақ сол бетте, төменнен 8 және 9-жолдар — «күштеу жолымен жасалатын төңкерістің болмай қалмайтындығы және қанды күрестің қолданылатындығы» туралы еске салудың қандайы болсын сөзсіз алынып тасталсын, оның орнына пацифистердің көзқарастарына біздердің, коммунистердің қосылмайтындығымыз, мұның өзі коммунистік әдебиеттен жеткілікті мәлім екендігі, бірақ осында көпестер ретінде келіп отырғандықтан, біздің даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуге жасалған әрекеттің қандайын болса да барынша қолдауды өзіміздің борышымыз деп сөзсіз санайтындығымыз туралы ғана айтылсын.

3) Тағы да сол бетте, төменнен 2 және 3-жолдар — біздің «тарихи концепциямыз күштеу шараларын қолдануды қамтиды» деген сөздер сөзсіз алынып тасталсын.

4) 2-бет, жоғарыдан 2 және 3-жолдар — біздің тарихи концепциямыз дүние жүзілік жаңа соғыстар болмай қоймайды деп сөзсіз ұйғарады деген сөздер сөзсіз алынып тасталсын.

Бұл сияқты үрейлендіретін сөздер ешбір жағдайда

қолданылмасын, өйткені мұның өзі дұшпанның сойылын соққандық болар еді. Біз келіс сөздер жүргізе бастаған мемлекеттер, Гендерсон, Кейнс, т. т. сияқты мемлекеттік қызметкерлер тәрізді пацифистердің көзқарастарына коммунистердің көзқарастары сәйкес келмейтіндігін, бірақ өзіміз тілеген экономикалық келісімге жету мақсатында осы пацифистік программаның ең болмағанда белгілі бір үлесін мүмкіндігінше неғұрлым кең орындау үшін өзімізге байланысты нәрсенің бәрін істеуді біз өзіміздің борышымыз деп санайтындығымызды атап көрсетумен ғана шектелу керек.

1922 ж. 23 мартта телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет, секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

РКП(б) XI СЪЕЗІ[51]

27 МАРТ—2 АПРЕЛЬ, 1922 ж.

Съезд ашыларда сөйленген сөз, РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебі, саяси есеп бойынша сөйленген қорытынды сөз, съезд жабыларда сөйленген сөз — 1922 ж. 28, 29 мартта және 4 апрельде «Россия Коммунистік (большевиктер) партиясы XI съезінің бюллетенінің» 1, 2 және 8-номерлерінде толық басылған; РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының есебі бойынша қарардың жобасы жөніндегі ұсыныс бірінші рет 1959 ж. «Вопросы истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған; «Деревнядағы жұмыс туралы қарардың жобасы жөнінде» — 1925 ж. Лениннің IV жинағында; «Правдада» хабарландырулар басу туралы мәселе жөнінде сөйленген сөз — 1931 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXVII том

Съезд ашыларда сөйленген сөз, РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебі, саяси есеп бойынша сөйленген қорытынды сөз — мына кітаптың тексті бойынша басылып отыр: «Россия Коммунистік (большевиктер) партиясының он бірінші съезі. Стенографиялық есеп». РКП Орталық Комитетінің баспа бөлімшесі, 1922 ж., кітаптың тексті стенограммамен салыстырылған; РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының есебі бойынша қарардың жобасы жөніндегі ұсыныс, «Деревнядағы жұмыс туралы қарардың жобасы жөнінде» және съезд жабыларда сөйленген сөз — қолжазбалар бойынша; «Правдада» хабарландырулар басу туралы мәселе жөнінде сөйленген сөз — стенограмма бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗД АШЫЛАРДА 27 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Партияның Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша РКП XI съезін ашық деп жариялаймын.

Жолдастар! Сіздер бұл съезге біз капиталистік мемлекеттердің интервенциясы мен шапқыншылықтарына тым болмаса ең тікелей формасында ұшырамаған бүтін бір жылдан кейін жиналып отырсыздар. Өзіміздің күштерімізді социалистік құрылыстың нағыз, басты-басты, негізгі міндеттеріне арнауға біз бірінші жыл мүмкіндік алып отырмыз.

Бұл тұрғыдан алғанда біздің тек алғашқы адымдар ғана жасағанымыз күмәнсыз. Бірақ мен мынаған сенемін: егер біз өзіміздің істегенімізге тиісті байсалдылықпен баға берсек және, барлық уақытта бірдей сүйсіне бермейтін, ал кейде мүлде сүйсіндірмейтін шындыққа тура қараудан қорықпасақ, онда алдымыздап енді ғана толық көрініп келе жатқан қиыншылықтардың бәрін, осы қиыншылықтардың бәрін біздің жеңетіндігіміз күмәнсыз.

Биылғы жылы біздің басымызға түскен ауыртпалықтар өткен жылдардағыдан да ауыр болмаса жеңіл бола қояр ма екен.

Империалистік соғыстың және бізге капиталистер таңған соғыстың барлық зардаптары, нақ осының бәрі қосылып келіп, бізге ашаршылық болып, ең ауыр күйзеліс болып тиді. Қазір бұл ауыртпалықтар әлі толық

жойылып біткен жоқ. Ал біздің ешқайсымыз ол ауыртпалықтарды тез арада жеңуге болады деп есептемейміз.

Бірақ, егер біз өз партиямыздың бірлігін сақтап, нығайтсақ, егер біз халықаралық қиыншылықтардан, бұған дейін құтылғанымыздай, ойдағыдай құтылсақ, егер біз барлық күшімізді қазір осы жағдайлардан келіп туып отырған сөзсіз қажетті міндеттерді орындауға жұмылдырсақ, онда біздің бұл қиыншылықтардың бәрін жеңетіндігіміз күмәнсыз.

Бүкіл дүние жүзінде коммунистік қозғалыс өсіп келеді, ол коммунистік қозғалысты соғыс кезінің және соғыстың аяқталу кезінің қарқынымен өлшеген біздің кейбіреулеріміздің күткеніміздей онша шапшаң болмағанымен, қалай дегенмен де байсалды, берік түрде кеңінен, тереңдеп өсіп келеді. Сондықтан, егер біз қазірдің өзінде дүние жүзінің барлық елдерінде немесе, болмашы аз ғана елдерді қоспағанда, барлық елдерінде өмір сүріп отырған коммунистік партиялармен ынтымақтасып, өз жағдайымызға дұрыс баға бере білсек және өз қателіктерімізді мойындаудан қорықпасақ, онда біз бұл қиыншылықтардың бәрін жеңіп шығамыз.

Қысқаша газет есебі
1922 ж. 28 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 70-номерінде басылған

2
РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ ЕСЕБІ 27 МАРТ

(Қол шапалақтау.) Жолдастар! Маған Орталық Комитеттің саяси есебін жылдың басынан емес, қайта оның аяғынан бастауға рұқсат етіңіздер. Қазір саясаттың неғұрлым көкейтесті мәселесі Генуя болып отыр. Бірақ біздің баспасөзімізде бұл туралы қазірдің өзінде өте көп айтылғандықтан, өзімнің 6 мартта сөйлеген, басылып шыққан сөзімде бұл мәселе жөнінде елеулі пікірлер айтуыма тура келгендіктен, егер сіздердің тарапыңыздан қандай да бір егжей-тегжейді баяндау ерекше талап етілмесе, мен бұл мәселенің егжей-тегжейіне бармауға рұқсат етуді өтінер едім.

Генуя туралы жалпы алғанда сіздердің бәріңіз де білесіздер, өйткені баспасөз бұл мәселеге көп орын берді, — менің байқауымша, біздің жалпы құрылысымыздың, әсіресе шаруашылық құрылысының шын мәніндегі, практикалық және шұғыл қажеттеріне зардабын тигізіп, тіпті шамадан тыс көп орын берді. Европада, әрине, барлық буржуазиялық елдерде, Генуя туралы әр түрлі даурықпалармен алдарқатуды немесе бас айналдыруды өте жақсы көреді. Ал біз бұл жолы (тек бұл жолы ғана емес-ау) оларға еліктеп отырмыз және шамадан тыс көп еліктеп отырмыз.

Біздің таңдаулы дипломаттарымыздан (ал бізде совет дипломаттары, Совет республикасы өмір сүре бастаған алғашқы кездегідей емес, қазір едәуір көп) делегация құру үшін біз Орталық Комитетте ең тиянақ-

ты шаралар қолданғанымызды айтуға тиіспін. Біз Орталық Комитетте Генуяға баратын дипломаттарымызға жеткілікті дәрежеде егжей-тегжейлі директивалар әзірлеп бердік. Біз бұл директиваларды өте ұзақ уақыт бойы әзірледік, бірнеше рет талқыладық және қайта-қайта талқыладық*. Әлбетте, мен бұл арада мәселе соғыс жайында болып отыр демес едім, өйткені бұл сөз теріс түсінік туғызады, бірақ қалай болғанда да мәселе жарыс туралы болып отырғаны өзінен-өзі түсінікті. Буржуазиялық лагерьде Генуя конференциясын болдырмауға бағытталған ерекше күшті және басқа ағымдарға қарағанда анағұрлым қуатты ағым бар. Бұл конференцияны қалай да қорғап қалғысы келетін, оның шақырылуына күш салатын ағымдар да бар. Бұл соңғы ағымдар қазір күш алып отыр. Ақырында, барлық буржуазиялық елдер лагерінде пацифистік деп атауға боларлықтай ағым бар, оған бүкіл II және II½ Интернационалды да қосу қажет. Мұның өзі буржуазияның бірсыпыра пацифистік ұсыныстарды қорғап қалуға және пацифистік саясат сияқты бір нәрсені белгілеуге тырысатын лагері. Біздердің, коммунистердің, бұл пацифизм жөнінде белгілі көзқарастарымыз бар, ол көзқарастарымызды бұл жерде айтып жатудың тіпті де қажеті жоқ. Генуяға біздің коммунистер ретінде емес, көпестер ретінде баратынымыз түсінікті. Бізге сауда жасау керек, оларға да сауда жасау керек. Біз сауданы өзімізге тиімді етіп жасағымыз келеді, ал олардың мұны өздеріне тиімді етіп жасағысы келеді. Күрестің қалай өрістейтіні, аз дәрежеде болса да, біздің дипломаттарымыздың шеберлігіне байланысты болмақ.

Біз Генуяға көпестер ретінде барғанда, буржуазиялық лагерьдің мәселені соғыс жолымен шешуге бейім өкілдерімен істес боламыз ба, әлде буржуазиялық лагерьдің, коммунизм тұрғысынан титтей сынға да төтеп бере алмайтын ең нашар пацифизм болса да, соған бейім тұратын өкілдерімен істес боламыз ба, мұның бізге бәрібір емес екені түсінікті. Бұл айырмашылықты

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 407—410, 416—418, 419—420, 443—446-беттер; осы том, 40—47, 74—75-беттер. *Ред.*

түсіне білмеген және, өзінің тактикасын осыған бейімдеп, практикалық мақсаттарға жете білмеген көпес нашар көпес болар еді.

Біз Генуяға практикалық мақсатпен — сауданы ұлғайту және оны неғұрлым кеңінен, ойдағыдай өркендетуге мүмкіндік беретін жағдайлар жасау мақсатымен барамыз. Бірақ біз Генуя конференциясының табысты өтуіне тіпті де кепілдік бермейміз. Бұған кепілдік беру күлкілі және қисынсыз болар еді. Мен мынаны айтуға тиіспін: қазір Генуя беріп отырған мүмкіндіктерге мейлінше сергектікпен және сақтықпен баға бергеннің өзінде, дегенмен, біз өзіміздің бұл мақсатымызға жетеміз деу асыра айтқандық болмайды деп ойлаймын.

Егер біздің ондағы әңгімелесетін адамдарымыз жеткілікті дәрежеде зейінді болса және тым қасарыспа болмаса — Генуя арқылы, егер олар қасарысқысы келсе — Генуядан тыс істейміз. Бірақ біз өзіміздің мақсатымызға жетеміз!

Барлық капиталистік державалардың ең шұғыл, зәру, практикалық және соңғы жылдары айқын байқалған мүдделері Россиямен сауданы дамытуды, тәртіптеуді және ұлғайтуды талап етіп отыр ғой. Ал мұндай мүдделер бар екен, онда таласуға да, дауласуға да болады, әр түрлі комбинацияларда ажырасуға да болады, — ал ажырасуға тура келетіндігі әбден ықтимал,— дегенмен, сайып келгенде, бұл негізгі шаруашылық қажеттілігі өзіне өзі жол ашады. Сондықтан мен біздің бұл жөнінде алаңдамауымызға болады деп ойлаймын. Мерзімі үшін кепіл болмаймын, істің сәті үшін кепіл болмаймын, бірақ Совет республикасы мен өзге бүкіл капиталистік дүние арасында дұрыс сауда қарым-қатынастарының дамуы сөзсіз ілгерілейді деп нақ осы жиналыста зор сеніммен айтуға болады. Мұнда қандай үзілістер болуы мүмкін,— бұл туралы мен баяндаманың тиісті жерінде айтамын, бірақ Генуя туралы мәселе жөнінде осымен шектелуге болады деп ойлаймын.

Мәселемен толығырақ танысқысы келетін және газеттерде жарияланған делегация мүшелерінің тізімі-

мен қанағаттанбайтын жолдастар комиссия немесе секция сайлап, Орталық Комитеттің барлық материалдарымен, хаттармен, директивалармен таныса алатындығы өзінен-өзі түсінікті. Егжей-тегжейлерді біз, әлбетте, шамамен белгіледік, өйткені бұл Генуяда кімдердің стол басына отыратыны және онда қандай шарттар, немесе алдын ала шарттар қойылатыны, немесе қандай ескертулер жасалатыны әлі күнге дейін дәл мәлім емес. Осының бәрін мұнда талқылап жату өте қолайсыз болар еді, менің ойымша, тіпті іс жүзінде мүмкін болмас еді. Қайталап айтамын, съездің бұл мәселе бойынша барлық жарияланған документтерді де, Орталық Комитеттің өзіндегі документтерді де секция немесе комиссия арқылы жинатып алуға толық мүмкіндігі бар.

Мен жоғарыда айтылғандармен шектелемін, өйткені біздің ең зор қиыншылықтарымыз бұл мәселеде еместігіне сенімдімін. Бүкіл партия баса көңіл бөлуге тиісті мәселе бұл емес. Европаның буржуазиялық баспасөзі бұл конференцияның маңызын әдейі, қасақана көпіртіп көрсету, асыра бағалау арқылы еңбекшілер бұқарасын алдап отыр (осы еркін демократиялық елдер мен республикалардың бәрінде бүкіл буржуазиялық баспасөздің $^{9}/_{10}$ бөлігі әрдайым осылай істейді). Біз бұл баспасөздің ықпалына біраз еріп кеттік. Әдеттегісіндей, біздің газеттеріміз ескі буржуазиялық дағдыларға әлі де беріліп отыр, жаңа социалистік жолға түскісі келмей отыр, сөйтіп біз мәселенің мәнін ескермей, көбірек шу көтердік. Істің шын мәнісіне келгенде, әсіресе 1917 жылдан бастап біздің бастан кешіргеніміздей елеулі жылдарды бастап кешірген, сол кезден бері біздің көргеніміздей саясаттың елеулі комбинацияларын көрген коммунистер үшін Генуя зор қиыншылық болып көріне қоймайды. Тек Орталық Комитеттің құрамында ғана емес, біздің партиямыздың құрамында да бұл мәселе жөнінде қандай да бір алауыздық немесе талас туғаны менің есімде жоқ. Мұның өзі табиғи нәрсе, өйткені коммунистердің көзқарасы тұрғысынан қарағанда,— тіпті олардың арасындағы әр түрлі сарындарды ескергеннің өзінде,— мұнда

таласарлық ештеңе жоқ. Біз Генуяға, қайталап айтамын, копестер ретінде барамыз, басталған, жасалып жатқан сауданы және, кейбіреулер оны белгілі бір уақытқа күштеп тоқтатқанпың өзінде, дегенмен бұл үзілістен кейін сөзсіз даму беретін сауданы күшейтудің неғұрлым тиімді формаларын белгілеу үшін барамыз.

Сондықтан, Генуя туралы осы бір қысқаша нұсқаулармен шектеліп, мен, өзімнің көзқарасымша, өткен жылы саясаттың басты-басты мәселелері болған және келесі жылы саясаттың басты-басты мәселелері болатын мәселелерге көшемін. Менің ойымша (немесе, қалай болғанда да, менің әдетім осы), Орталық Комитеттің саяси баяндамасында біз есеп беріліп отырған жылдың ішінде пе болғапы туралы ғана сөз қылып қоймай, сонымен бірге, өзіміздің таяу жылдағы саясатымызды дұрыс белгілеу үшін, бір жылдың ішінде бір нәрсені үйрену үшін, есеп беріліп отырған жылдың ішінде қандай саяси сабақтар — негізгі, түбегейлі сабақтар алынғаны туралы да сөз қылуымыз керек.

Жаңа экономикалық саясат, әрине, басты мәселе болып табылады. Есеп беріліп отырған бүкіл жыл жаңа экономикалық саясат ұранымен өтті. Егер біз бұл жылдың ішінде қандай да болсын ірі, елеулі және баянды табысқа жеткен болсақ (мен бұған әлі онша күмәнсыз сене бермеймін), бұл табыс тек осы жаңа экономикалық саясаттың бастауынан бір нәрсе үйренуімізде ғана болып отыр. Егер біз тіпті аз нәрсе үйренсек те, біз, шынында да, бұл жылдың ішінде жаңа экономикалық саясат саласында өте көп нәрсе үйренген боламыз. Ал біз шын мәнісінде үйрендік пе және қанша үйрендік,— мұны енді, сірә, кейінгі оқиғалар, мәселен, алдағы финанс дағдарысы сияқты, біздің еркімізге онша көп байланысты емес оқиғалар тексеретін болса керек. Менің ойымша, біздің жаңа экономикалық саясатымыз туралы мәселе жөнінде, барлық пайымдаулардың, бір жыл ішіндегі тәжірибені ескерудің де, алдағы жылға практикалық сабақтар алудың да негізі ретінде, еске тұту керек болатын басты нәрсе — мынадай үш пункт.

Біріншіден, жаңа экономикалық саясат бізге ең алдымен шаруалар экономикасымен шын мәнісінде тұтасуды жүзеге асырып отырғанымызды тексеру ретінде маңызды. Біздің революциямыздың дамуының өткен кезеңінде, барлық назарымыз бен барлық күшіміз, көбінесе, шапқыншылықты тойтару міндетіне аударылған немесе түгел дерлік осыған жұмсалған кезде, біз бұл тұтасу туралы тиісінше ойластыра алмадық,— біздің оған мұршамыз болмады. Дүние жүзілік империализмнің орасан зор күштері бізді тез тұншықтыратындай қауіп туып, оны тойтарудың мейлінше шұғыл әрі ең төте міндеті алға қойылған кезде бұл тұтасуға белгілі дәрежеде мән бермеуге болатын еді және солай болуға тиіс те еді.

Жаңа экономикалық саясатқа бетбұрыс өткен съезде ерекше күшті бірауыздылықпен, тіпті біздің партиямыздағы (біздің партиямыздың тегінде күшті бірауыздылығымен ерекше көзге түсетінін мойындау қажет) басқа мәселелерді шешкендегіден де күшті бірауыздылықпен шешілді. Бұл бірауыздылық социалистік экономикаға жаңаша әдіспен қарау қажеттігінің әбден пісіп жетілгенін көрсетті. Көптеген мәселелерде келісе алмаған, жағдайға әр түрлі тұрғыдан баға берген адамдар бірауыздылықпен және өте тез, ешқандай қобалжымастан бізде социалистік экономикаға, оның іргесін қалауға қалай қараудың шын мәніндегі әдісі жоқ, бұл әдісті табудың бірден-бір тәсілі — жаңа экономикалық саясат деген қорытындыға келді. Соғыс оқиғаларының дамуы себепті, саяси оқиғалардың дамуы себепті, ескі мәдениеті бар Батыста капитализмнің дамуы және отарларда қоғамдық және саяси жағдайлардың дамуы себепті, бізге, еліміз экономика жағынан ең артта қалған ел қатарына жатпағанмен, ең артта қалған елдердің бірі болған кезде, ескі буржуазиялық дүниені бірінші болып бұзып өтуге тура келді. Еліміздегі шаруалардың орасан көпшілігі ұсақ жеке шаруашылықпен шұғылданады. Өзіміз белгілеген коммунистік қоғам орнату программасындағы біз дереу жүзеге асыра алатын құрылыс шаруалардың ең қалың бұқарасы арасында тындырылып жатқан істер-

ден белгілі дәрежеде сыртқары жүргізілді, біз шаруалар бұқарасына өте ауыр міндеткерлік жүктедік, мұнымызды соғыс бұл жөнінен ешқандай қобалжуға жол бермейді деп ақтадық. Ал осы ақтауымызды, егер оны бүкіл аумағымен алатын болсақ, шаруалар қателіктер жібергенімізге қарамастан қабыл алды, өйткені мұндай қателіктер жасамауға бізде мүмкіндік қалмаған еді. Өздеріне жүктелген бұл орасан зор ауыртпалықтардың жұмысшы-шаруа өкіметін помещиктерден қорғап қалу үшін, революцияның бүкіл жеңісін бізден тартып алуға қауіп төндірген капиталистік шапқыншылық бізді тұншықтырып тастамауы үшін қажет болғанын жалпы алғанда шаруалар бұқарасы көрді және түсінді. Бірақ национализацияланған, социализацияланған фабрикаларда, заводтарда, совхоздарда құрылып жатқан экономика мен шаруалар экономикасы арасында тұтастық болмады.

Мұны біз партияның өткен съезінде айқын көрдік[52]. Мұны айқын көргеніміз сонша, жаңа экономикалық саясаттың сөзсіз екендігі туралы мәселе жөнінде партияда ешқандай қобалжушылық болған жоқ.

Шетелдегі әр түрлі орыс партияларының адам айтқысыз көп баспасөзінде біздің бұл шешімімізге берілген бағаларды көрудің өзі қызық. Бұл бағалардың арасындағы айырмашылық түкке тұрғысыз: олар өткенді желеу етіп, солшыл коммунистер әлі күнге дейін жаңа экономикалық саясатқа қарсы деген пікірді қазір де қайталап отыр. Кейбір адамдар 1918 ж. болған, біздегі солшыл коммунистердің өздері де ұмытқан нәрселерді, 1921 ж. еске түсіріп, ол туралы осы күнге дейін малтасын езіп келеді, қайта-қайта малтасын езе береді, сөйтіп: бұл большевиктер деген жұртқа мәлім, зұлым және суайт адамдар, олар бұл мәселеде өздерінің арасында алауыздық бар екенін Европадан жасырады деп сендірмек болады. Мұны оқығанда: мейлі, адаса берсін деп ойлайсың. Бізде болып жатқан істер туралы олардың түсініктері осындай болса, қазір шетелдерге өтіп кеткен, өте білімді сияқты болып көрінетін осынау ескі адамдардың қаншалықты сапалы екендігін олардың осы түсініктеріне қарап бағалауға

болады. Бізде ешқандай алауыздық болмағанын біз білеміз, болмаған себебі — социалистік экономиканың іргесін қалауға басқаша кірісудің практикалық қажеттілігі бәрімізге айқын болды.

Бізде өзіміз орнатуға тырысқан жаңа экономика мен шаруалар экономикасы арасында тұтастық болмады. Бұл тұтастық қазір бар ма? Әлі жоқ. Біз оған тек енді ғана жақындап келеміз. Жаңа экономикалық саясаттың бүкіл маңызы, екінің бірінде біздің баспасөзіміздің тиісті жерінен емес, кез келген жерден әлі де іздеп жүрген бүкіл маңызы мынада және тек мынада ғана: біз орасан көп күш жұмсап орнатып жатқан жаңа экономиканың шаруалар экономикасымен тұтасуын табуда. Біздің сіңірген еңбегіміздің өзі осында. Бұлай етпесек біз коммунист-революционер болмас едік.

Біз жаңа экономиканы ешқандай ескілікпен санаспай, мүлде жаңаша құра бастадық. Ал егер біз оны құра бастамаған болсақ, біз алғашқы айларда-ақ, алғашқы жылдарда-ақ тас-талқан етіліп талқандалған болар едік. Бірақ бұдан: егер біз оны осылай барынша батыл бастаған болсақ, онда біз алдағы уақытта да тек қана осылай жүргізе беретін боламыз деген мағына тумайды. Бұл қайдан туады? Бұл ешқайдан тумайды.

Бізге мүлде жаңа іс істеуге тура келетінін, капиталистік жағынан неғұрлым дамыған елдердегі жұмысшы жолдастар бізге тез арада көмектеспесе, онда біздің ісіміз адам айтқысыз қиындап кететінін, онда, күмән жоқ, бірқатар қателіктерге жол берілетінін біз әуел бастан-ақ айттық. Ең бастысы: қай жерде қандай қателіктерге жол берілгенін сергектікпен қарап, бәрін басынан қайта жасай білу керек. Егер бәрін басынан бастап екі рет емес, тіпті сан рет қайта жасауға тура келсе, бұл өзіміздің дүние жүзіндегі ең ұлы міндетімізге соқыр сенімсіз, сергектікпен қарайтынымызды көрсетеді.

Қазір жаңа экономикалық саясат мәселесі жөніндегі негізгі міндет — өткен жылдың тәжірибесін дұрыс игеру. Мұны істеуіміз керек және мұны істегіміз келеді. Ал егер бұған қайткенде де жеткіміз келсе (бұған

жеткіміз келеді және жетеміз де!), онда жаңа экономикалық саясаттың негізгі, шешуші, басқаларының бәрін өзіне бағындыратын міндеті — өзіміз құра бастаған (өте нашар, өте олақ болса да, дегенмен, мүлде жаңа социалистік экономика, жаңа өндіріс, жаңа бөліс негізінде құра бастаған) жаңа экономика мен сан миллион шаруалар өмір сүріп отырған шаруалар экономикасы арасында тұтастық орнату екенін білуіміз керек.

Мұндай тұтастық болмай келді, мұндай тұтасуды біз ең алдымен жасауымыз керек. Бәрін осы ой-пікірге бағындыруымыз керек. Біз жаңа экономикалық саясаттың бұл тұтасуды қаншалықты жасай алғанын әлі де анықтай түсіп, өзіміз жасай бастаған нәрселерді олақ жасалса да бұзбауымыз керек.

Біз өзіміздің экономикамызды шаруалармен бірге орнатып жатырмыз. Біз бұл экономиканы сан рет қайта құруымыз керек және біздің ірі өнеркәсіп жөніндегі, ауыл шаруашылығы жөніндегі социалистік жұмысымыз бен әрбір шаруа шұғылданып отырған және ол мұқтаждықтан құтылуға ұмтыла отырып, данасынбай (өйткені, азап шегіп аштан өлудің тікелей қаупінен шығу және құтылу үшін оның данасынуға мұршасы келе ме?), өзінің шама-шарқынша жүргізіп отырған жұмыстың арасында тұтастық жасалатындай етіп құруымыз керек.

Біздің бұл тұтастықты айқын көруіміз үшін, бүкіл халықтың оны көруі үшін, өздерінің қазіргі ауыр, сұмдық күйзелген, адам айтқысыз қайыршылық, азапты тұрмысы мен алыс социалистік мұраттар үшін жүргізіліп жатқан жұмыс арасында байланыс бар екенін бүкіл шаруалар бұқарасының көруі үшін, бұл тұтастықты көрсету керек. Қарапайым, қатардағы еңбекші адам өзінің қандай да бір жақсартуға жеткенін және помещиктік өкімет пен капитализм дәуірінде аздаған шаруалардың жеткеніндей емес, басқаша жеткенін түсінетіндей етуіміз керек; помещиктік өкімет пен капитализм дәуірінде әрбір жақсарту (жақсартулар, күмән жоқ, болды және өте ірі жақсартулар болды) мужикті қорлаумен, мазақтаумен, масқаралаумен, бұқараға зорлық-зомбылық жасаумен байланысты еді,

мұны шаруалардың ешқайсысы ұмытқан жоқ және Россияда ондаған жылдар бойы ұмытпайды да. Біздің мақсатымыз — тұтастықты қайта орнату, біз істі алыстан, шаруаның тұрғысынан қарағанда қиял болып көрінетін нәрседен бастамай, оған түсінікті, тапыс және оның қазіргі қайыршылық жағдайында оның қолы жететін нәрседен бастайтынымызды шаруаға іспен дәлелдеп көрсету,— оған өзіміздің көмектесе білетінімізді, күйзелген, қайыршыланған, азапты ашаршылыққа ұшыраған ұсақ шаруа ауыр халге түскен кезде коммунистер қазір оған іс жүзінде көмектесіп отырғанын дәлелдеп көрсету. Не біз мұны дәлелдеп көрсетеміз, не ол бізден ат-тонын ала қашатын болады. Мұның өзі мүлде сөзсіз нәрсе.

Жаңа экономикалық саясаттың маңызы міне осында, бүкіл саясатымыздың негізі міне осында. Жаңа экономикалық саясатты қолданудан біздің бүкіл өткен жыл ішінде алған басты сабағымыз және біздің алдағы жылға арналған басты, айталық, саяси ережеміз осында. Шаруа бізге несие береді және бастан өткен оқиғалардан кейін несие бермеуі, әрине, мүмкін емес. Шаруалардың көпшілігі: «ал егер сіздер істей білмейтін болсаңыздар, біз күте тұрамыз, мүмкін, сіздер де үйренерсіздер» деп келісумен келеді. Бірақ бұл несиенің сарқылмауы мүмкін емес.

Мұны білу керек және, несие алғаннан кейін, дегенмен, асығу керек. Шаруалы ел бізге одан әрі несие бермейтін, ол, егер сауда терминін қолдану мүмкін болса, қолма-қол есептесуді талап ететін кезең жақындап келе жатқанын білу керек. «Бірақ қазір дегенмен, осыншама айлар және осыншама жылдар бойы созып келгеннен кейін сіздер, сүйікті басқарушылар, бізге мұқтаждықтан, қайыршылықтан, ашаршылықтан, күйзелістен құтылу үшін көмектесудің ең дұрыс, сенімді әдісіне ие болдыңыздар. Сіздер істей білесіздер, сіздер мұны дәлелдедіңіздер». Міне біз осындай емтиханға сөзсіз кездесеміз және ол, бұл емтихан, сайып келгенде, бәрін: жаңа экономикалық саясаттың тағдырын да, Россиядағы коммунистік өкіметтің тағдырын да шешеді.

Біз өзіміздің тікелей ісімізді тындыра аламыз ба, жоқ па? Бұл жаңа экономикалық саясат бір нәрсеге жарай ма, жоқ па? Егер шегініс дұрыс болып шықса, онда шегіне отырып, шаруа бұқарасымен тізе қосып, онымен бірге, жүз есе баяу болса да, сеніммен іркілмей алға басу керек, біздің қалай да алға бара жатқанымызды бұл бұқара әрдайым көретіндей етіп алға басу керек. Сонда біздің ісіміз тіпті де жеңілмейтін болады және дүние жүзінде ешқандай күш бізді жеңе алмайтын болады. Осы уақытқа дейін, алғашқы жылдың ішінде, біз әлі оған жеткен жоқпыз. Мұны ашық айту қажет. Егер біз жаңа экономикалық саясаттағы орасан зор қауіпті түгел ұғынсақ, сөйтіп барлық күшімізді осал пункттерге жұмсасақ, онда біздің бұл міндетті орындайтындығымызға мен кәміл сенемін (ал біздің жаңа экономикалық саясатымыз осындай мейлінше айқын әрі берік қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр).

Шаруа бұқарасымен, қатардағы еңбекші шаруалармен тізе қоса бірігу керек, сөйтіп өзіміздің арман еткенімізден гөрі өлшеусіз, шексіз баяу қарқынмен, бірақ оның есесіне бүкіл бұқара шын мәнісінде бізбен бірге ілгері жылжитындай етіп, ілгері жылжи бастау керек. Сонда бұл қозғалыс қазір біз арман да ете алмайтын дәрежеде тездейтін шақ туады. Бұл, меніңше, жаңа экономикалық саясаттың бірінші негізгі саяси сабағы.

Екінші, неғұрлым жекеше түрдегі сабақ, бұл — мемлекеттік және капиталистік кәсіпорындарды жарыс арқылы тексеру. Бізде қазір аралас қоғамдар құрылуда,— мен олар туралы кейін біраз айтамын,— олар, біздің бүкіл мемлекеттік саудамыз және біздің бүкіл жаңа экономикалық саясатымыз сияқты, біздің, коммунистердің, сауда тәсілдерін, капиталистік тәсілдерді қолдануымыз болып табылады. Олардың мынадай да маңызы бар: мұнда капиталистік әдістер мен біздің әдістеріміздің практикалық жарысы ұйымдастырылады. Практика жүзінде салыстырып көріңіздер. Біз бұған дейін программа жазып, уәде беріп келдік. Кезінде бұл өте қажет еді. Программасыз және уәделерсіз дүние жүзілік революция бастау мүмкін емес. Егер

бұл үшін ақ гвардияшылар, оның ішінде меньшевиктер де, бізді балағаттайтын болса, мұның өзі меньшевиктердің, II және II$^1/_2$ Интернационал социалистерінің жалпы алғанда революцияның қалай дамитыны туралы ешқандай ұғымы жоқ екенін көрсетеді. Біз, осы арқылы бастамайынша, басқаша бастай алмадық.

Бірақ қазір істің жайы мынадай болып отыр: біз өзіміздің жұмысымызды тексеруді енді шындап жолға қоюымыз керек, коммунистер құратын кәдімгі бақылау мекемелері арқылы жүргізілетін тексерудей емес, бұл бақылау мекемелері жақсы бола тұрса да және олар совет мекемелерінің системасында да, партия мекемелерінің системасында да мінсіз дерлік бақылау мекемелері бола тұрса да, ондай тексеру — шаруа экономикасының шын мәніндегі қажеттері тұрғысынан алғанда күлкілі нәрсе, бірақ біздің құрылысымыздың тұрғысынан алғанда бұл әсте күлкілі нәрсе емес. Біз қазір осындай бақылау мекемелерін құрып жатырмыз, бірақ мен қазір бұл тексеру туралы айтып отырғаным жоқ, бұқаралық экономика тұрғысынан жүргізілетін тексеру туралы айтып отырмын.

Капиталист жабдықтай білді. Ол мұны жаман істеді, тонаушылықпен істеді, ол бізді қорлады, ол бізді тонады. Мұны коммунизм туралы әңгіме етпейтін, өйткені оның не екенін білмейтін қарапайым жұмысшылар мен шаруалар біледі.

«Бірақ капиталистер дегенмен жабдықтай білді ғой, ал сіздер жабдықтай білесіздер ме? Сіздер жабдықтай білмейсіздер». Былтыр көктемде,— әрдайым айқын естілмегенімен,— міне осындай дауыстар естілді, бірақ олар сол өткен жылғы көктемдегі бүкіл дағдарыстың қосалқы негізі болды. «Сіздер тамаша адамсыздар, бірақ өздеріңіз қолға алған істі, экономикалық істі, істей білмейсіздер». Өткен жылы шаруалар, шаруалар арқылы жұмысшылардың бірқатар топтары коммунистік партияға қарсы бағыттаған ең қарапайым және ең өлтіре түйреген сын міне осындай. Сондықтан да жаңа экономикалық саясат туралы мәселедегі бұл ескі пункт осындай маңызға ие болып отыр.

Тексеру болғанда, нағыз тексеру керек. Капиталист

қатарласып әрекет жасайды, тонаушылықпен әрекет жасайды, пайда түсіреді, бірақ ол істей біледі. Ал сіздер ше — сіздер жаңаша істеп байқайсыздар: сіздер пайда түсіре алмайсыздар, принциптеріңіз — коммунистік принцип, мұраттарыңыз — жақсы,— ал олардың баяндалғанына қарағанда,— қасиетті адам сияқтапып, жұмаққа тірідей баргыларыңыз келіп тұрғандай боласыздар,— ал істі істей білесіздер ме? Тексеру, нағыз тексеру керек; тексеру болғанда, Орталық Бақылау Комиссиясы зерттеу жүргізіп, сөгіс беретін, ал Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жаза белгілейтін тексеру емес,— жоқ, халықтық экономика тұрғысынан жүргізілетін нағыз тексеру керек.

Коммунистерге әр түрлі мәулет берілді,— басқа бір-де-бір үкіметке берілмеген мөлшерде несие берілді. Әрине, коммунистер капиталистерден, помещиктерден құтылуға көмектесті, шаруалар мұны бағалайды, сондықтан шаруалар несиеге мәулет беріп келді, бірақ мұның бәрі белгілі мерзімге дейін. Ал одан кейін тексеру болады: сіздер шаруашылықты басқалардай, олардан қалыспай жүргізе білесіздер ме? Ескі капиталист жүргізе біледі, ал сіздер жүргізе білмейсіздер.

Бірінші сабақ, Орталық Комитеттің саяси баяндамасының бірінші басты бөлімі міне осы. Біз шаруашылықты жүргізе білмейміз. Мұның өзі бір жылдың ішінде дәлелденді. Мен бірнеше мемлекеттік трестен (Тургенев осыншама мақтаған осы тамаша орыс тілімен айтатын болсақ) мысал келтіріп, біздің шаруашылықты қалай жүргізе білетінімізді көрсеткім-ақ келер еді.

Амал не, бірқатар себептермен, көбінесе сырқаттығыма байланысты мен баяндаманың бұл бөлімін толық әзірлей алмадым, сондықтан болып жатқан жағдайларды байқауға негізделген өзімнің сенімімді білдірумен ғана шектелуге тиіспін. Шаруашылық жүргізе білмейтінімізді біз осы жылдың ішінде әбден айқын көрсеттік. Бұл негізгі сабақ. Біз не таяу жылдың ішінде шаруашылық жүргізе білетінімізді дәлелдеп көрсетеміз, не Совет өкіметі өмір сүре алмайды. Оның үстіне ең зор қауіп — мұны жұрттың бәрі бірдей түсіне

бермейді. Егер барлық коммунистер, жауапты қызметкерлер, мынаны айқын түсінсе: шаруашылықты жүргізе білмейді екенбіз, ендеше әуелі үйренейік, сонда ісіміз оңға басады десе, мұның өзі, меніңше, негізгі, түбегейлі қорытынды болар еді. Бірақ кейбіреулер мұны түсінбейді, және осылай деп ойлаған адам — жетілмеген, коммунизмді әлі үйренбеген адам,— мүмкін, түсінер, үйренер деп сенеді. Жоқ, ғафу етіңіз, істің мәні шаруаның, партияда жоқ жұмысшының коммунизмді үйренбегенінде емес, істің мәні программа өрбітіп, халықты сол ұлы программаны орындауға шақыратын кездің өткен шақ болып қалғанында. Ол уақыт өтті, енді сіздер қазіргі қиын жағдайда жұмысшы мен мужик шаруашылығына практика жүзінде көмектесе білетіндіктеріңізді дәлелдеулеріңіз керек, сіздердің жарыста төтеп бергендеріңізді жұмысшы мен мужик көретін болуы керек.

Жеке меншікті капиталистерді де, орыс капиталистерін де, шетел капиталистерін де, коммунистерді де қатыстыра отырып, біз құра бастаған аралас қоғамдар, бұл қоғамдар — жарысты дұрыстап жолға қоюға, біз шаруа шаруашылығымен тұтастық орната білуде капиталистерден кем түспейтінімізді, шаруалардың қажетін қанағаттандыра алатынымызды, шаруаның қазіргідей мейлінше қараңғы болып отырған кезінде-ақ, өйткені оны қысқа мерзімде қайта тәрбиелеуге болмайды,— оның ілгері басуына көмектесе алатынымызды көрсетіп, осыны үйренуге мүмкіндік беретін формалардың бірі.

Біздің алдымызда, ең шұғыл міндет ретінде, міне осындай жарыс тұр. Жаңа экономикалық саясаттың түйіні және, менің сенуімше, партиялық саясаттың бүкіл мәні міне осында. Бізде бірыңғай саяси мәселелер мен қиыншылықтар толып жатыр. Оларды сіздер де білесіздер: Генуя да, интервенция жасалу қаупі де бар. Қиыншылықтар зор, бірақ олардың бәрі бұл қиыншылықпен салыстырғанда түкке тұрғысыз. Онда біз мұның қалай істелетінін көрдік, онда біз көп нәрсе үйрендік, буржуазиялық дипломатияны бастан кештік. Бұл нәрсені бізге меньшевиктер 15 жыл бойы үйретті

және ол үйреткендерінің кейбіреулері пайдалы да болды. Бұл жаңалық емес.

Бірақ бізге экономикада істеуге тура келетін мынадай нәрсе бар: енді қарапайым приказчикпен, қарапайым капиталиспен, көпеспен жарыста төтеп беру керек; көпес шаруаға барады және коммунизм туралы таласпайды,— біліп қойыңыз, коммунизм туралы таласпайды,— қайта былай деп таласады: егер бір нәрсе табу керек болса, дұрыс сауда істеу, орната білу керек болса, мен қымбатқа орнатамын, ал коммунистер, мүмкін, одан да қымбатырақ, он есе қымбатырақ орнатар. Қазір істің мәні міне осындай үгітте болып отыр, экономиканың түп тамыры міне осында болып отыр.

Қайталап айтамын, мәулет пен несиені біз халықтан өзіміздің дұрыс саясатымыз арқасында алып келдік, ал бұлар, жаңа экономикалық саясаттың тілімен айтсақ,— вексельдер, бірақ бұл вексельдерде мерзімдері көрсетілмеген, сондықтан оларды өндіріп алуға тапсырғанда, мерзімді вексельдің текстіне қарап біле алмайсың. Қауіп міне осында, осы саяси вексельдердің кәдімгі сауда вексельдерінен айырмашылығын көрсететін ерекшелік міне осында. Біз бүган бүкіл назарымызды аударуымыз керек, барлық жерде мемлекеттік трестер мен аралас қоғамдарда жауапты және таңдаулы коммунистер отыр ғой деп жайбарақаттанып қалмауымыз керек,— бұдан ешқандай нәтиже шықпайды, өйткені олар шаруашылық жүргізе білмейді, сондықтан бұл жағынан алғанда олар ірі фабриканың және ірі фирманың мектебінен өткен қатардағы капиталистік приказчиктен нашар. Мұны біз түсінбейміз, мұнда коммунистік менмендік — ұлы орыс тілімен айтқанда, комчванство — әлі жойылмай келеді. Мәселе мынада: әрі таңдаулы, әрі сөзсіз адал, әрі шын берілген, каторганы бастан өткізген және өлімнен қорықпаған жауапты коммунист сауданы жүргізе білмейді, өйткені ол епшіл емес, мұны үйренбеген және үйренгісі келмейді, әліппеден бастап үйренуге тиіс екенін түсінбейді. Ол, дүние жүзіндегі ең ұлы революцияны жасаған коммунист, революционер, оған қырық

пирамида болмағанмен, қырық европалық ел капитализмнен құтқарады деп үмітпен көз тігіп отыр,— ол қатардағы приказчиктен үйренуге тиіс, өйткені бұл приказчик он жыл бойы лабазбен екі арада жүгірген, бұл істі біледі, ал бұл жауапты коммунист және шын берілген революционер, мұны білмейтіндігі былай тұрсын, оның үстіне мұны білмейтіндігін де білмейді.

Міне сондықтан, егер біз, жолдастар, ең болмағанда осы бірінші білмеушілігімізді түзетсек те, мұның өзі орасан зор жеңіс болмақ. Біз бұл съезден: біз мұны білмеппіз, енді әлімнеден бастап үйренеміз деген сеніммен таратуға тиіспіз. Біз дегенмен әлі де революционер болудан айнығап жоқпыз (көптеген адамдар, тіпті оншама дәлелсіз болмаса да, біздерді бюрократтанып кетті дей тұрса да) және қарапайым нәрсені — жаңа, әдеттен тыс қиын істе бірнеше рет басынан бастап бірнеше рет қайталай білу керек екенін түсіне аламыз: бастаған екенсің, тұйыққа тірелсең — қайтадан баста,— сөйтіп осылайша он рет қайта істе, бірақ дегеніңе жет, маңғазданба, мен коммунистпін, ал анау қайдағы бір партияда жоқ приказчик деп менменсіме, мүмкін, ол ақ гвардияшы, анығында да ақ гвардияшы болар, бірақ ол экономика жағынан қалайда істелуі керек істі істей біледі, ал сен істей білмейсің. Егер сен жауапты коммунист болсаң, сенің коммунистік және советтік «кавалер» деген жүздеген шендерің мен атақтарың болса, егер сен мұны түсінсең, өзіңнің мақсатыңа жетесің, өйткені мұны үйренуге болады.

Осы жылдың ішінде біз, өте кішкене болса да, кейбір табыстарға жеттік, бірақ олар тым аз. Ең бастысы — қазір бізде, жауапты және шын берілген орыс коммунисінде, кез келген ескі приказчиктен істі артық істей білмейтіндікті түсінгендіктің және кең таралған, барлық коммунистер қостап отырған сенімнің жоқтығы. Қайталап айтамын, үйренуді басынан бастау керек. Егер біз мұны түсінсек, онда біз емтиханнан сүрінбей өтеміз, ал ол — қиын емтихан, ол — жақындап келе жатқан финанс дағдарысы емтиханы, орыстық және халықаралық рынок емтиханы, оған біз бағыныштымыз, онымен біз байланыстымыз, одан біз қол үзіп

кете алмаймыз. Бұл — қиын емтихан, өйткені бұл емтиханда бізді экономика және саясат жағынан сүріндіруі мүмкін.

Мәселе осылай және тек қана осылай қойылып отыр, өйткені мұндағы жарыс күрделі және бұл жарыс — шешуші жарыс. Біздің саяси және экономикалық қиыншылықтарымыздан құтылатын әр түрлі жолдарымыз көп болды. Бұл әр түрлі жолдардың бәрін күні бүгінге дейін әр түрлі етіп ұштастырып, әр түрлі жағдайларға бейімдеп пайдалана білгенімізді мақтанышпен айта аламыз, бірақ енді бізде ешқандай жол жоқ. Мұны сіздерге ешбір әсіресіз айтуға рұқсат етіңіздер, сондықтан бұл мағынада алғанда, шын мәнісінде «ең ақырғы, шешуші зор майдан» халықаралық капитализмге қарсы емес,— оған қарсы «ең ақырғы, шешуші зор майдандар» әлі көп болмақ,— жоқ, мына орыс капитализміне, ұсақ шаруа шаруашылығынан өсіп шығып, соның қолдауына сүйенетін капитализмге қарсы болғалы тұр. Алдағы таяу уақытта шайқас, міне, осында болғалы тұр, ал оның мерзімін дәл белгілеуге болмайды. «Ең ақырғы, шешуші зор майдан» осында болғалы тұр, мұны енді ешқандай, саяси да, қандай болсын басқа да жолдармен айналып өту мүмкін емес, өйткені бұл — жеке меншік капиталмен жарысу емтиханы. Не біз жеке меншік капиталмен жарыстың бұл емтиханынан сүрінбей өтеміз, не бұл толық күйреу болмақ. Бұл емтиханнан сүрінбей өту үшін біздің саяси өкіметіміз және толып жатқан әр түрлі экономикалық және басқа ресурстарымыз бар,— не тілесеңіз, соның бәрі,— шеберліктен басқасының бәрі бар. Шеберлік жоқ. Сөйтіп, егер біз өткен жылдың тәжірибесінен осындай қарапайым сабақ алып, оны бүкіл 1922 жыл бойы өзімізге жолбасшы сабақ етсек, онда бұдан бұрынғы қиыншылықтан анағұрлым зор екендігіне қарамастан, біз бұл қиыншылықты да женеміз, өйткені, бұл қиыншылық біздің өз қиыншылығымыз. Бұл қайдағы бір сыртқы жау емес. Бұл қиыншылық мынада: біз өзімізге еріксіз танылып отырған ұнамсыз ақиқатты түсінгіміз келмейді және душар болуға тиіс ұнамсыз халге душар болғымыз, үйренуді басынан бастағы-

мыз келмейді. Бұл — менің ойымша, жаңа экономикалық саясаттан туатын екінші сабақ.

Ал үшінші, қосымша, сабақ, бұл — мемлекеттік капитализм туралы мәселе жөнінде. Бухарин жолдастың съезде болмауы өкінішті, онымен біраз дауласқым келіп еді, бірақ мұны келесі съезге дейін қалдыра тұрғаным жақсырақ болар. Мемлекеттік капитализм туралы мәселе жөнінде жалпы біздің баспасөз және жалпы біздің партия мынадай қатеге жол беріп отырады: біз интеллигентшілдікке, либерализмге бой ұрып, мемлекеттік капитализмді қалай түсіну жөнінде білгіштікке салынамыз, ескі кітаптарды ақтарамыз. Ал онда тіпті де бұл туралы жазылмаған: онда капитализм тұсындағы мемлекеттік капитализм жайында жазылған, ал коммунизм тұсындағы мемлекеттік капитализм жайында жазылған бірде-бір кітап жоқ. Бұл жайында бір ауыз сөз жазу Маркстің де ойына келмеген, сөйтіп бірде-бір дәл цитат, даусыз нұсқаулар қалдырмай кеткен. Сондықтан енді өзіміздің тырбануымызға тура келеді. Ал егер, осы баяндамаға әзірлепу үстінде менің осылай етуге тырысқанымдай, мемлекеттік капитализм туралы мәселе жайында өзіміздің баспасөзімізді оймен жалпы бір шолып өтсек, біздің баспасөз мүлде нысанадан тыс атады, мүлде басқа жаққа қарайды деген сенім туады.

Бүкіл экономикалық әдебиет бойынша, мемлекеттік капитализм дегеніміз капиталистік құрылыс тұсындағы, мемлекеттік өкімет белгілі бір капиталистік кәсіпорындарды өзіне тікелей бағындыратын кездегі капитализм. Ал бізде мемлекет пролетарлық мемлекет, пролетариатқа сүйенеді, пролетариатқа барлық саяси артықшылықтарды береді және пролетариат арқылы шаруаларды төменнен өзіне тартады (біз бұл жұмысты кедейлер комитеттерінен бастағанымыз сіздердің естеріңізде болар). Сондықтан да мемлекеттік капитализм өте көп адамдарды шатастырады. Бұлай болмауы үшін мынадай негізгі нәрсені есте ұстау керек: біздің өзіміздегідей түрдегі мемлекеттік капитализм ешқандай теорияда, ешқандай әдебиетте талданбаған, оның қарапайым себебі — бұл сөздерге байланысты

дағдылы ұғымдардың бәрі капиталистік қоғамдағы буржуазиялық өкіметке бейімделіп жазылған. Ал бізде қоғам капиталистік жолдан тайқып шығып кеткенімен, жаңа жолға әлі түскен жоқ, ал бұл мемлекетке буржуазия емес, пролетариат басшылық етеді. «Мемлекет» дегенімізде, бұл мемлекет — өзіміз екенімізді, бұл — пролетариат, бұл — жұмысшы табының авангарды екенін біздің түсінгіміз келмейді. Мемлекеттік капитализм дегеніміз өзіміз тежей білетін, өзіміз шегін белгілей білетін капитализм, бұл мемлекеттік капитализм мемлекетпен байланысты, ал бұл мемлекет — жұмысшылар, бұл — жұмысшылардың алдыңғы қатарлы бөлегі, бұл — авангард, бұл — өзіміз.

Мемлекеттік капитализм дегеніміз біз белгілі бір шеңберге қоюға тиісті капитализм, бірақ біз оны осы уақытқа дейін сол шеңберге қоя алмай отырмыз. Істің бүкіл мәні міне осында. Ал бұл мемлекеттік капитализмнің қандай болатыны енді бізге байланысты. Біздің саяси өкіметіміз жеткілікті, әбден жеткілікті; біздің қарамағымызда экономикалық құралдар да жеткілікті, бірақ тікелей басқару үшін, әрі шекараны белгілеу үшін, әрі араны ашып алу үшін, әрі өзі бағынбай, өзіне бағындыру үшін жоғарылатылған жұмысшы табының авангардында шеберлік жеткіліксіз. Бұл арада тек қана шеберлік керек, ал ол бізде жоқ.

Пролетариаттың, революцияшыл авангардтың, әбден жеткілікті саяси өкіметінің болуы, ал мұнымен қатар мемлекеттік капитализмнің болуы — тарихта мүлде болып көрмеген жағдай. Мәселенің түйіні мынада: бұл — өзіміз жол бере алатын және өзіміз жол беруге тиісті, өзіміз шеңберге қоя алатын және өзіміз шеңберге қоюға тиісті капитализм екенін, өйткені бұл капитализм қалың шаруаларға және шаруалардың мұқтажын өтеу үшін сауда жасасуға тиісті жеке меншік капиталға қажет екенін біз түсінуіміз керек. Істі жолға қойғанда, капиталистік шаруашылық пен капиталистік айналымның дағдылы барысы мүмкін болатындай етіп жолға қою керек, өйткені бұл халыққа керек, мұнсыз өмір сүру мүмкін емес. Басқасының бәрі олар үшін, бұл лагерь үшін, сөзсіз қажетті нәрсе емес,—

басқасының бәрімен олар келісе алады. Сіздер, коммунистер, сіздер, жұмысшылар, сіздер, мемлекетті басқаруды қолға алған пролетариаттың саналы бөлегі, сіздер өздеріңіз қолға алған мемлекетті өз қалауыңызша қызмет істейтіндей ете біліңіздер. Ал біз міне бір жылды бастан өткіздік, мемлекет өзіміздің қолымызда,— ал жаңа экономикалық саясатта ол бұл жылы өз қалауымызша қызмет істеді ме? Жоқ. Біз мұны мойындағымыз келмейді: ол біздің қалауымызша қызмет істемеді. Ал ол қалай қызмет істеді? Машина қолдан шыға береді: оны басқарушы адам орнында отырған сияқты, ал машина бағыттаған жаққа қарай жүрмейді, оның орнына, не астыртын, не заңсыз, не қайдан шыққанын құдай білсін, басқа біреу, не жалдаптар, не жеке шаруашылық капиталистері немесе солардың бәрі бағыттаған жаққа қарай жүреді,— бірақ машина жүргенде өзінің рулінде отырған адамның ойынан оншалықты шыға бермейді, ал көбінесе тіпті де олай жүрмейді. Мемлекеттік капитализм туралы мәселе жөнінде есте сақтау керек негізгі нәрсе міне осы. Бұл негізгі салада басынан бастап үйрену керек, егер бұл біздің игілігімізге айналып, санамызға қонса, тек сонда ғана біз мұны үйренетіндігімізге кепіл бола аламыз.

Енді мен шегіністі тоқтату туралы мәселеге көшемін, бұл туралы мен металлистердің съезіндегі сөзімде айтқанмын*. Мен содан бері партиялық баспасөзде де, жолдастардың жеке хаттарында да, Орталық Комитетте де ешқандай қарсы пікір кездестіргенім жоқ. Орталық Комитет менің жоспарымды мақұлдады, ал бұл жоспарда әрі осы съезде Орталық Комитет атынан жасалатын баяндамада шегіністің осы тоқтатылуын мейлінше жігерлі түрде атап көрсету, әрі съезден енді бүкіл партия атынан, енді міндетті түрде тиісті директива беруді өтіну көзделген еді. Біз бір жыл шегінумен болдық. Біз енді партия атынан: жетер!— деуге тиіспіз. Шегіну арқылы көздеген мақсатымызға жеттік. Бұл кезең бітіп келеді немесе бітті. Енді басқа мақсат — күштерді қайта топтау мақсаты алға қо-

---

* Қараңыз: осы том, 9—10-беттер. *Ред.*

йылады. Біз жаңа орынға келдік, жалпы және тұтас алғанда біз қалай да біршама тәртіппен шегіндік. Рас, бұл шегіністі үрейлі шегініске айналдыруға тырысып, тұс-тұстан естілген дауыстар аз болған жоқ. Біреулер: сіздер пәлендей салада дұрыс шегінбедіңіздер деп соқты, мәселен, «жұмысшы оппозициясы»[53] деп аталған топтың кейбір өкілдері осылай деді. (Менің ойымша, олардың бұлай деп аталуы дұрыс емес еді.) Олар шектен тыс ынталану нәтижесінде бір есікке кірем деп, екінші есікке тап болды, сөйтіп мұны қазір айқын көрсетті. Ол кезде бұлар өздерінің әрекеті біздің қозғалысымызды түзетуге бағытталмағанын көрмеді, ал шынында олардың әрекетінің тек бір ғана маңызы болды — үрей туғызды, тәртіппен шегінуге бөгет жасады.

Шегініс — әсіресе шабуыл жасауға дағдыланып қалған революционерлер үшін, әсіресе олар бірнеше жыл бойы орасан зор табысты шабуыл жасауға дағдыланған кезде, әсіресе олар басқа елдердің тек шабуыл бастауды ғана арман ететін революционерлерінің ортасында отырған кезде қиын іс. Біздің шегініп бара жатқанымызды көргеннен кейін олардың кейбіреулері тіпті орынсыз және балаша жылады, мәселен, Коминтерннің Атқару Комитетінің соңғы кеңейтілген мәжілісінде осылай болды[54]. Ең жақсы коммунистік сезімге беріліп, коммунистік ниет білдіріп, кейбір жолдастар: орыстың жақсы деген коммунистері, ойлап қараңызшы, шегініп бара жатыр деп жылады. Бұл тамаша демократиялық елдерде көп жыл бойы эмигрант болып тұрсам да, менің осы батыс европалық психологияны түсінуім енді қиын болатын шығар. Бірақ, мүмкін, олардың көзқарасы тұрғысынан мұны түсіну қиын шығар, сондықтан жылауға болатын шығар. Қалай болғанда да, бұл сентименталдыққа тоқталып жатуға біздің уақытымыз жоқ. Біз көп жыл бойы мұншама табысты шабуыл жасап, мұншама ғажайып көп жеңіске жеткендіктен де (және мұның бәріне сұмдық күйзелген, материалдық алғы шарттардан жұрдай болған елде жеттік!), бұл шабуылды баянды ету үшін бізге шегініс мейлінше қажет болғаны, біз мұншама көп жеңіске жеткендік-

тен, мейлінше қажет болғаны бізге айқын еді. Біз лап қойып басып алған позициялардың бәрін бірдей ұстап тұра алмадық, ал екінші жағынан, жұмысшылар мен шаруалардың ынта-жігері тасыған кезде лап қойып, қисапсыз көп нәрсені басып алуымыз арқасында ғана, тек сондықтан ғана бізде кеңістіктің көп болғандығы сонша — біз өте алысқа шегіне алдық, қазір де, басты және негізгі нәрседен титтей де айрылмай, әлі де алысқа шегіне аламыз. Үрейленген дауыстар, оның ішінде «жұмысшы оппозициясының» даусы да бар еді (оның ең зор зияны да осы болды!), бізде ішінара қатардан қалып қоюшылықты, тәртіп сақтамаушылықты, дұрыс шегінбеушілікті туғызса да, жалпы және тұтас алғанда жеткілікті дәрежеде тәртіппен шегіндік. Шегінгенде ең қауіпті нәрсе — үрейлену. Егер бүкіл армия (бұл арада мен екінші мағынада айтып отырмын) шегінсе, мұнда, бәрі де алға басқан кездегідей көтеріңкі көңіл күйі болуы мүмкін емес. Мұнда сіз қадам басқан сайын белгілі дәрежеде жабырқау көңіл күйді кездестіресіз. Бізде тіпті — міне Москвада әрі аштық, әрі суық, ал бұрын таза, сәнді еді, қазір — сауда, жалдаптық жайлап отыр деп жазған ақындар да болды. Бізде бірсыпыра осындай поэзиялық шығармалар бар.

Мұның шегіністен туатыны түсінікті де. Ал мұнда орасан зор қауіп бар: жеңімпаз ұлы шабуылдан кейін шегіну сұмдық қиын; мұнда мүлде басқа қатынастар болады; онда тәртіпті сақтамасаң да, бәрі өздігінен ілгері ұмтылып, алға қарай зымырайды; мұнда тәртіп те саналырақ және жүз есе қажеттірек болуға тиіс; өйткені бүкіл армия шегінгенде, қайда тоқтайтыны оған айқын емес, ол мұны көрмейді, ол тек шегіністі ғана көреді,— мұнда бәрінің қаша жөнелуі үшін кейде аз ғана үрейлі дауыстың өзі жеткілікті. Мұндағы қауіп орасан зор. Нағыз армия осылай шегінгенде, пулеметтер орнатып қояды, сөйтіп, дұрыс шегініс бейберекет шегініске айналғанда «Ат!» деген команда беріледі. Бұл дұрыс та.

Біз адам естімеген қиыншылықпен шегініп бара жатқанда және барлық мәселе жақсы тәртіппен шегінуде болып отырған кезде кейбір адамдар, жақсы

ниетпен болса да, үрей туғызса, мұндай кезеңде тәртіпті титтей де болса бұзушылықты қатты, қатал, аяусыз жазалау керек, мұны біздің кейбір ішкі партиялық істеріміз жөнінде ғана емес, сонымен бірге меньшевиктер немесе II½ Интернационалдың барлық мырзалары сияқты мырзалар жөнінде одан да бетер есте тұту керек.

Жуырда мен «Коммунистік Интернационалдың» 20-кітапшасынан Отто Бауэрдің жаңа кітапшасы туралы Ракоши жолдастың мақаласын оқыдым[55]; Отто Бауэрден бір кезде бәріміз де үйренгенбіз, бірақ ол соғыстан кейін, Каутский сияқты, бейшара мещанға айналып кетті. Ол қазір: «Міне олар капитализмге қарай шегініп барады; біз әрдайым: революция — буржуазиялық революция дегенбіз» деп жазып отыр.

Ал мұндай нәрселердің бәрін уағыздап жүрген меньшевиктер мен эсерлер, біздің мұндай істер үшін атып тастаймыз дегенімізге таңданады. Олар таңданады, ал мәселе түсінікті емес пе: армия шегінген кезде шабуыл кезіндегіден де жүз есе күшті тәртіп керек, өйткені шабуыл кезінде бәрі де алға қарай лап қояды. Ал қазір бәрі де артқа қарай қаша жөнелсе, онда бұл сөзсіз және дереу апатқа ұшырау.

Нақ осындай кезеңде тәртіппен шегіну, шегінудің шегін дәл белгілеу және үрейге берілмеу, бұл — ең басты нәрсе. Ал меньшевик: «Сіздер қазір шегініп барасыздар, ал мен әрдайым шегіністі жақтап келдім, мен сіздерге қосыламын, мен сіздердің адамыңызбын, келіңіздер, бірге шегінейік» дегенде, біз оның бұл айтқанына: «Меньшевизмді жұрт алдында қолпаштағаны үшін біздің революциялық соттарымыз ату жазасын қолдануға тиіс, әйтпесе бұлар біздің соттарымыз емес, не екенін құдай білсін» деп жауап қайтарамыз.

Олар ешбір түсіне алмайды да: «Бұл адамдар диктаторлық жасауға неткен құмар десеңізші!» дейді. Олар осы күнге дейін: біз меньшевиктерді қудалағанда, олардың бізбен Женевада шайқасқаны[56] үшін қудалайды деп ойлайды. Бірақ, егер біз мұндай жолмен жүрген болсақ, біз өкімет басында, сірә, екі ай да тұра алмаған болар едік. Шынында, Отто Бауэр де, II және

$II^1/_2$ Интернационалдардың басшылары да, меньшевиктер де, эсерлер де тарататын мұндай уағыз олардың өз мінез-құлқын көрсетеді: «Революция тереңдеп барады. Сенің қазіргі айтып отырғаныңды біз әрдайым айтып келгенбіз. Мұны бізге тағы да қайталап айтуға рұқсат ет». Ал біз бұған былай деп жауап қайырамыз: «Бұл үшін сіздерді атуға рұқсат етіңіздер. Не сіздер өздеріңіздің көзқарастарыңызды айтудан тыйыласыздар, не, егер біз, ақтардың тікелей шабуылы кезіндегіден гөрі анағұрлым қиын халде болып отырған қазіргі жағдайда сіздер өздеріңіздің саяси көзқарастарыңызды айтқыларыңыз келсе, онда, ғапу етіңіздер, біз сіздерге ақ гвардияшылардың ең жаман және ең зиянды элементтері деп қараймыз». Біз мұны ұмытпауға тиіспіз.

Біз шегіністі тоқтату туралы сөз еткенде, бұл арқылы мен тіпті де: біз сауда жасауды үйрендік деп айтқым келіп отырған жоқпын. Қайта мен керісінше пікірдемін; егер менің сөзімнен ондай әсер қалса, мұның өзі мені теріс түсінгендік болар еді және мұның өзі менің өз пікірімді дұрыстап айта білмейтінімді дәлелдер еді.

Бірақ іс мынада: бізде жаңа экономикалық саясаттың салдарынан туған күйгелектік, әбігершілік, бәрін жаңаша құруға, бейімдеуге ұмтылушылық тоқтатылуға тиіс. Қазір бізде бірқатар аралас қоғамдар бар. Рас, олар өте аз. Бізде шетел капиталистерінің қатысуымен тоғыз қоғам құрылды, бұларды Сыртқы сауда комиссариаты бекіткен, Сокольниковтың комиссиясы[57] 6 қоғамды, Солтүстік орман басқармасы 2 қоғамды бекітті. Сонымен, қазір, әр түрлі инстанциялар бекіткен, сан миллион капиталы бар он жеті қоғам болып отыр. (Әрине, бізде инстанциялар жөнінде де шатасушылық жеткілікті, сондықтан мұнда да байқамай қалушылық болуы мүмкін.) Бірақ, қалай болғанда да, орыс және шетел капиталистері қатысатын қоғамдар қазір бізде бар. Олар көп емес. Бұл кішкене, бірақ практикалық бастау коммунистерді бағалағанын, олардың практикасы тұрғысынан бағалағанын көрсетеді; бағалағанда, Орталық Бақылау Комиссиясы мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сияқты жоғары дәрежелі

мекемелер бағалаған жоқ. Әрине, Орталық Бақылау Комиссиясы өте жақсы мекеме, сондықтан біз енді оған билікті көбірек береміз. Бірақ, дегенмен, бұл мекемелер коммунистерді тексергенде, онда... көрдіңіздер ме, халықаралық рынокта олардың беделін танымайды. (Күлкі.) Ал, кәдімгі капиталистер, орыс және шетел капиталистері, коммунистермен бірге аралас қоғам құрғанда, біз былай дейміз: «Дегенмен біз бірдеңе істей білеміз, дегенмен, бұл қаншама нашар, қаншама мардымсыз болса да, бастау мағынасында алғанда бізде қазірдің өзінде бірдеңелер бар». Әрине, онша көп емес, өздеріңіз ойлап көріңіздерші, жариялағанымызға бір жыл болып қалды, бүкіл жігерімізді (ал бізде жігер көп деседі), бүкіл жігерімізді осы іске жұмсадық, ал осы бір жылдың ішінде он жеті-ақ қоғам құрылды.

Мұның өзі біздің қаншалықты сұмдық оралымсыздығымызды, орашолақтығымызды, бізде обломовшылдықтың әлі қаншама көп екенін көрсетеді, бұл обломовшылдық үшін біз, сөз жоқ, әлі таяқ жейміз. Бірақ, дегенмен, қайталап айтамын, бастау бар, барлау жасалды. Егер өздерінің іс істеуіне аз да болса жағдай жасалмаса, капиталистер бізге келмеген болар еді. Бірақ, тіпті болмашы бір бөлегі келсе де, осының өзі-ақ ішінара жеңіске жеткенімізді көрсетеді.

Әрине, олар бұл қоғамдардың ішінде де бізді алдап соғады, кейін бірнеше жыл бойына талқылауға тура келетіндей етіп алдап соғады. Бірақ оның оқасы жоқ. Мен мұны жеңіс деп отырған жоқпын, бұл — барлау, ол біздің қазірдің өзінде майданымыз, табан тірер жеріміз бар екенін, шегіністі енді тоқтата алатынымызды көрсетеді.

Барлау капиталистермен жасалған шарттардың өте аз екенін анықтады, бірақ дегенмен бұл шарттар жасалды. Осыдан үйреніп, одан әрі іс істеу керек. Бұл мағынада алғанда күйгелектенуді, даурығуды, әбігерленуді қоятын уақыт жетті. Запискалар, телефонограммалар үсті-үстіне келіп жатады: «Бізді де қайта ұйымдастыруға болмас па екен, өйткені бізде жаңа экономикалық саясат қой?». Бәрі де әбігерленеді, айқай-шу көтеріледі; ешкім практикалық іс істемейді, ал

бәрі де жаңа экономикалық саясатқа қалай бейімделуді сөз қылады, ал ешқандай нәтиже шықпайды.

Ал көпестер коммунистерге күле қарап, сірә: «Бұрын бас үгіттеушілер[58] болды, ал қазір бас әңгімелесушілер шықты» дейтін болса керек. Капиталистер бізді келеке̇леді, біз кешігіп қалдық, уақытты өткізіп алдық,— бұған ешқандай күмән жоқ, міне осы мағынада алғанда мен бұл директиваны съезд атынан да бекіту керек деймін.

Шегініс аяқталды. Капиталистермен бірге қалай жұмыс істеудің басты-басты тәсілдері белгіленді. Өте аз болса да, үлгілер бар.

Білгішсінуді, жаңа экономикалық саясатты талқыға салуды тоқтатыңыздар, өлеңді ақындар жаза берсін, олар соның үшін де ақын болған. Бірақ, экономистер, жаңа экономикалық саясатты талқыға салмаңыздар, қайта осы қоғамдардың санын көбейте беріңіздер, капиталистермен жарысты жолға қоя білетін коммунистердің санын тексеріңіздер.

Шегініс аяқталды, іс енді күштерді қайта топтастыруда. Съезд қабылдауға тиісті директива, әбігерленушілікті, абыржушылықты біржолата жоюға тиісті директива міне осы. Тыныштальңыздар, ақылгөйсімеңіздер, ол кемшілік болып есептеледі. Жұмысты капиталистен кем істемейтініңді практика жүзінде дәлелдеуің керек. Капиталистер шаруалармен экономикалық тұтасуды баю үшін жасайды; ал сен шаруа экономикасымен тұтасуды өзіміздің пролетарлық мемлекетіміздің экономикалық өктемдігін күшейту үшін жасауға тиіссің. Сен капиталистерден басымсың, өйткені мемлекеттік өкімет сенің қолыңда, толып жатқан экономикалық құралдар сенің қолыңда, сен оларды бірақ пайдалана білмейсің, іске байсалдырақ қара, үстіңдегі әшекейді, салтанатты коммунистік жамылғыны таста, қарапайым істі қарапайым болып үйрен, сонда біз жекеше капиталисті артта қалдырамыз. Бізде мемлекеттік өкімет бар, бізде толып жатқан экономикалық құралдар бар; егер біз капитализмді артта қалдырып, шаруа экономикасымен тұтастық орнатсақ, мүлде жеңілмейтін күшке айналамыз. Сонда социализм құрылысы те-

ніздің бір тамшысы делінетін коммунистік партияның ісі болмай, бүкіл еңбекші бұқараның ісі болады; сонда қатардағы шаруа: біздің өзіне көмектесетінімізді көретін болады; сонда ол шаруа бізге ергенде, бұл ілгерілеу жүз мәрте баяу болса да, мұның есесіне миллион мәрте баянды әрі берік болатындай етіп ереді.

Шегіністі тоқтату туралы міне осы мағынада айту керек және бұл ұранды, белгілі бір формада, съездің шешіміне айналдыру дұрыс болар еді.

Мен, бұған байланысты, большевиктердің жаңа экономикалық саясаты дегеніміз не — эволюция ма, әлде тактика ма? — деген мәселеге тоқталғым келіп отыр. Сменовехшылдар мәселені осылайша қойған болатын; өздеріңіз білесіздер, сменовехшылдар — эмиграпттық Россияда тамыр жайған ағымның, кадеттердің аса ірі қайраткерлері, бұрынғы Колчак үкіметінің кейбір министрлері басқарған қоғамдық-саяси ағымның өкілдері — Совет өкіметі орыс мемлекетін орнатып жатыр, сондықтан оған еру керек деген сенімге келген адамдар. «Бірақ бұл Совет өкіметі қандай мемлекетті орнатады? Коммунистер: коммунистік мемлекетті орнатады, бұл — тактика деп сендіреді: большевиктер қиынқыстау кезеңде жекеше капиталистерге соқпай өтеді, ал содан кейін өздеріне керегін алады дейді. Большевиктердің өздеріне ұнағанды айтуына болады, ал шындығында бұл тактика емес, бұл — эволюция, іштей өзгеріске ұшырау, олар кәдімгі буржуазиялық мемлекетке келіп тіреледі, сондықтан біз оларды қолдауға тиіспіз. Тарих әр түрлі жолдармен жүреді» — деп пайымдайды сменовехшылдар.

Олардың кейбіреулері коммунист болып көріпуге тырысады, бірақ неғұрлым тіке айтатын адамдар бар, солардың бірі — Устрялов. Ол Колчак тұсында министр болса керек. Ол өзінің жолдастарын мақұлдамай: «Сіздер коммунизм жөнінде не дегілеріңіз келсе, соны айтыңыздар, ал мен олардікі тактика емес, эволюция деп кесіп айтамын» дейді. Менің ойымша, бұл Устрялов өзінің бұл тіке мәлімдемесімен бізге зор пайда келтіреді. Бізге, әсіресе, қызмет бабына қарай, маған тәтті тілді коммунистік өтірікті, «комөтірікті» өте көп, күн

сайын естуге тура келеді, кейде бұдан өлердей жүрегің айниды. Міне осы «көмөтірік» орнына «Смена Вехтың» номері келіп, тұп-тура: «Сіздерде бұл іс тіпті де олай емес, сіздер осылай деп тек қана қиялдайсыздар, ал іс жүзінде сіздер кәдімгі буржуазиялық батпаққа батып барасыздар, онда да әр түрлі сөзсымақтар жазылған коммунистік жалаушалар желпілдеп тұратын болады» дейді. Бұл өте пайдалы, өйткені бұдан біз үнемі төңірегімізден еститініміздің жай қайталануын емес, тап жауының тура таптық шындығын көреміз. Коммунистік мемлекетте осылай жазылуға тиіс болғандықтан немесе басқаша жазуға тыйым салынғандықтан емес, мұның өзі шынында да тап жауы дөрекі, ашық айтқан таптық шындық болғандықтан осылай жазылып отырған мұндай нәрсені көру өте пайдалы. «Мен Россиядағы Совет өкіметін қолдауды жақтаймын,— дейді Устрялов, кадет, буржуа болып, интервенцияны қолдаса да,— мен Совет өкіметін қолдауды жақтаймын, өйткені оның өзі кәдімгі буржуазиялық өкіметке апаратын жолға түсті».

Бұл, менің ойымша, есте тұту керек болатын өте пайдалы нәрсе; сменовехшылдардың кейбіреулері коммунист болып көрінгеннен гөрі, сменовехшылдардың осылай жазғаны біз үшін анағұрлым жақсы, ал олар коммунист болып көрінуге тырысқанда,— олар құдайға сене ме, коммунистік революцияға сене ме,— мұны алыстан қарап, бәлкім, ажырата алмайсың. Тура айту керек, мұндай ашық жаулар пайдалы. Тура айту керек, Устрялов айтып отырған нәрселердің болуы мүмкін. Тарих әр түрлі өзгерістерді біледі; сенімге, берілгендікке жәнә басқа тамаша жан қасиеттеріне сену — бұл саясатта тіпті де байсалды нәрсе емес. Тамаша жан қасиеттері тек аз ғана адамдарда болады, ал тарихи тағдырды қалың бұқара шешеді, бұл бұқара, егер әлгі тек аз ғана адамдар өзіне ұнамаса, кейде оларға онша сыпайылық жасамайды.

Мұны дәлелдейтін мысалдар көп болды, сондықтан сменовехшылдардың бұл ашық айтқан мәлімдемесін құптау керек. Жау біздің алдымызда тұрған қауіпті көрсетіп, таптық шындықты айтады. Жау мұның бол-

май қалмауына ұмтылады. Сменовехшылдар мыңдаған және он мыңдаған әр түрлі буржуйлардың немесе совет қызметшілерінің — біздің жаңа экономикалық саясатқа қатысушылардың пиғылын көрсетеді. Бұл — негізгі, шын қауіп. Сондықтан да бұл мәселеге баса көңіл бөлу керек: шынында да, кім жеңеді? Мен жарыс туралы айттым. Бізге тікелей жасалған тегеурін жоқ, бізді алқымнан алып отырған жоқ. Ертең не болады, оны біз әлі көре жатармыз, бірақ бүгін бізге қолына қару алып шабуыл жасап жатқан ешкім жоқ, солай бола тұрса да, капиталистік қоғаммен күрес жүз есе қатал және қауіпті күреске айналды, өйткені бізге қарсы дұшпанның қайда екенін және біздің досымыздың кім екенін біз әрдайым айқын көре бермейміз.

Мен коммунистік жарыс туралы айтқанда, коммунистік тілектестік тұрғысынан емес, шаруашылық формаларының және қоғамдық уклад формаларының дамуы тұрғысынан айттым. Бұл — жарыс емес, бұл — капитализм мен коммунизм арасындағы жанталасқан, аласұрған, ақырғы болмаса да, соған жуық, өліспей беріспейтін күрес.

Сондықтан мұнда мәселені айқын қою керек — біздің күшіміз неде және бізге не жетпейді? Саяси өкімет әбден жеткілікті. Пәлендей практикалық мәселеде, пәлендей жұмыс мекемесінде коммунистердің, коммунистік партияның өктемдігі жеткіліксіз деп көрсететін біреу-міреу мұнда табыла қояр ма екен. Тек осыны ғана ойлайтын адамдар бар, бірақ олардың бәрі — үмітсіз артқа қарайтын және алға қарау керек екенін түсінбейтін адамдар. Негізгі экономикалық күш — біздің қолымызда. Барлық шешуші ірі кәсіпорындар, темір жолдар, т. т.— бұлардың бәрі біздің қолымызда. Аренда, қай жерлерде қаншама кең таралған болса да, жалпы алғанда тіпті болмашы роль атқарады, жалпы алғанда оның үлесі тіпті болмашы. Россияның пролетарлық мемлекетінің қолындағы экономикалық күш коммунизмге өтуді қамтамасыз етуге әбден жеткілікті. Не жетпейді? Не жетпейтіні айқын: басқарып отырған коммунистер тобының мәдениеттілігі жетпейді. Ал егер Москваны — 4700 жауапты коммунисті —

алатын болсақ және бұл бюрократтық алыпты, тау төбені алатын болсақ,— сонда кімді кім жетектейді? Коммунистер бұл тау төбені жетектеп келеді деп айтуға болатындығына мен қатты күмәнданамын. Егер шындықты айтатын болсақ, олар жетектемей, оларды жетектеп келеді. Мұнда, бізге бала кезімізде тарихтан айтылған әңгімедегі сияқты бір нәрсе болды. Бізге былай деп үйрететін, бір халық екінші халықты жаулап алады, сонда жаулап алған халық жаулап алушы болады, ал жаулап алынған халық жеңілген халық болады. Бұл өте оңай және жұрттың бәріне түсінікті. Бірақ бұл халықтардың мәдениеті қандай халге ұшырайды? Мұнда іс онша оңай емес. Егер жаулап алған халық жеңілген халықтан мәдениеттірек болса, ол бұл халыққа өз мәдениетін қабылдатады, ал керісінше болса, онда жеңілген халықтың өз мәдениетін жаулап алушыға қабылдататын кезі де болады. РСФСР-дің астанасында осы сияқты бір нәрсе болған жоқ па, мұнда 4700 коммунист (бүтін бір дивизия дерлік және бәрі де ең таңдаулылар) жат мәдениетке бағынышты болып шыққан жоқ па? Рас, мұнда жеңілгендердің жоғары мәдениеті бар сияқты болып көрінуі мүмкін. Тіпті де олай емес. Олардың мәдениеті мардымсыз, болмашы, бірақ дегенмен біздің мәдениетімізден гөрі көбірек. Олардың мәдениеті қаншама бейшара, болмашы болса да, біздің жауапты коммунист-қызметкерлеріміздің мәдениетінен гөрі көптеу, өйткені коммунистер жеткілікті дәрежеде басқара білмейді. Коммунистер мекемелердің басына қойылғанда,— ал оларды кейде саботажшылар жарнама-фирма ету үшін шеберлікпен әдейі бетке ұстайды,— көбінесе ақымақ болып қалады. Мұны мойындау тіпті де ұнамды емес. Немесе ең болмағанда, онша ұнамды емес, бірақ менің ойымша, мұны мойындау қажет, өйткені қазір мәселенің түйіні осында. Меніңше, бір жылғы саяси сабақ осыған келіп тіреліп отыр, сондықтан 1922 жылғы күрес осы ұранмен өтеді.

РСФСР мен РКП-ның жауапты коммунистері өздерінің басқара білмейтінін түсіне ала ма? олар өзіміз жетектеп отырмыз деп ойлайтынын, ал іс жүзінде

оларды жетектеп отырғанын түсіне ала ма? Егер олар мұны түсіне алса, онда, әрине, үйренеді, өйткені үйренуге болады, бірақ бұл үшін оқу керек, ал біздегілер оқымайды. Бізде бұйрықтар мен декреттерді оңдысолды сілтей береді, бірақ тіпті де көздегендеріне жетпейді.

Біз жаңа экономикалық саясатты жариялап, күн тәртібіне қойған жарыс пен сайыс — елеулі жарыс. Ол мемлекеттік мекемелердің бәрінде болатын сияқты, ал шынында бұл — бір-бірімен бітіспес жау екі таптың күресінің тағы бір формасы. Бұл — буржуазияның пролетариатпен күресінің тағы бір формасы, бұл — әлі аяқталмаған және Москваның орталық мекемелерінде де мәдени жағынан асып түсе алмай жатқан күрес. Өйткені екінің бірінде толық өктемдігі, барлық мүмкіндіктері бар және өздерінің праволарымен, өздерінің өктемдігімен бір қадам да аттай білмейтін біздің таңдаулы коммунистерімізден гөрі істі буржуазиялық қайраткерлер жақсырақ біледі.

Мен Александр Тодорскийдің кітапшасынан[59] бір цитат келтіргім келеді. Кітапша Весьегонск қаласында (Тверь губерниясында осындай уездік қала бар) шықты және ол Россиядағы советтік революцияның бір жылдығында — 1918 жылы 7 ноябрьде, әлдеқашан өтіп кеткен уақытта шықты. Бұл весьегонскілік жолдас, сірә, партия мүшесі болса керек. Мен бұл кітапшаны баяғыда оқығанмын, сондықтан бұл жөнінде қателеспеймін деп айта алмаймын. Ол өзінің советтік екі заводты жабдықтауға қалай кірісkенін, екі буржуйды жұмысқа қалай тартқанын және мұны сол кездегіше істегенін: еркіңнен айырамын және бүкіл мүлкіңді конфискелеймін деп қорқытып істегенін айтады. Олар заводты қайта құруға қатыстырылған. 1918 жылы буржуазияның қалай қатыстырылғанын біз білеміз (күлкі), сондықтан бұған толық тоқталудың қажеті жоқ: біз оны қазір басқа әдістермен қатыстырып жатырмыз. Оның қорытындысы міне мынадай: «Бұл әлі істің жартысы — буржуазияны жеңу, оның түбіне жету жеткіліксіз, оны өзімізге жұмыс істеуге мәжбүр ету керек».

Міне бұл — тамаша сөздер. Тіпті Весьегонск қаласында да, тіпті 1918 жылдың өзінде, жеңген пролетариат пен жеңілген буржуазия арасындағы қатынастарды дұрыс түсінушілік болғанын көрсететін тамаша сөздер.

Егер біз қанаушының қолын қағып, зиянсыздандырсақ, оның түбіне жетсек, бұл әлі істің жартысы ғана. Ал бізде, Москвада, 100 жауапты қызметкерден 90-ға жуық адам: барлық іс осында, яғни түбіне жетуде, зиянсыздандыруда, қолын қағуда деп ойлайды. Менің меньшевиктер туралы, эсерлер туралы, ақ гвардияшылар туралы айтқандарымның бәрі көбіне-көп оларды зиянсыздандыруға, олардың қолын қағуға (мүмкін, тек қолын қағуға ғана емес, мүмкін, басқа жеріне де ұруға) және түбіне жетуге келіп тіреледі. Бірақ бұл істің жартысы ғой. Тіпті 1918 жылы да, мұны весьегонскілік жолдас айтқан кезде, бұл істің жартысы еді, ал қазір бұл істің ширегінен де аз. Жауапты коммунистер мекеме басында отырып, шенге ие болып, буржуазиямен бірге ағынның ыңғайына қарай жүзе бермей, бізге жұмыс істеттіруге, олардың қолымен бізге жұмыс істейтіндей етуге тиіспіз. Істің бүкіл мәні міне осында.

Коммунистік қоғамды коммунистердің қолымен орнату, бұл — балалық, мүлде балалық идея. Коммунистер — теңіздің бір тамшысы, халық теңізінің тамшысы. Олар жолды бүкіл дүние жүзілік тарихи бағыт мағынасында ғана емес, жалпы дұрыс белгілегенде ғана халықты өз жолымен алға бастай алады. Бұл мағынада алғанда біз өз жолымызды барынша дұрыс белгіледік, біздің оны дұрыс белгілегенімізді әрбір мемлекет дәлелдеуде, ал біз бұл жолды өз отанымызда да, өз елімізде де дұрыс белгілеуге тиіспіз. Ол тек мұнымен ғана емес, интервенцияның болмайтындығымен де, біздің шаруаларға астықтың есесіне товар бере алатындығымызбен де белгіленеді. Шаруа былай дейді: «Сен тамаша адамсың, сен біздің отанымызды қорғадың; біз мұның үшін сенің айтқаныңды тыңдадық, бірақ егер сен шаруашылық жүргізуді білмесең, онда тайып тұр». Иә, шаруа осыны айтады.

Егер коммунистер бұл шаруашылықты басқалардың қолымен құра білсе, ал өздері буржуазиядан үйреніп,

оны өздері тілеген жолмен бағыттап отырса, біз шаруашылықты басқара аламыз. Ал егер коммунист: мен бәрін білемін, өйткені мен — жауапты коммунисліп, мен қайдағы бір приказчик сияқтылардан зорларды да жеңгенмін, ал біз майдандарда мұндайлардан зорларға да соққы бергенбіз деп ойласа,— міне бізді бауыздайтын осындай өктем пиғыл.

Егер біз қанаушыны зиянсыздандырсақ, қолын қақсақ және күзесек, бұл — істің ең маңызсыз бір бөлегі. Мұны істеу керек. Біздің Мемлекеттік саяси басқармамыз да, біздің соттарымыз да мұны, бұған дейін істеп келгеніндей, сылбыр істемей, өздерінің бүкіл дүние жүзі жауларының қоршауында отырған пролетарлық соттар екенін есте тұтуға тиіс. Бұл қиын емес, негізінен алғанда, мұны біз үйрендік. Мұнда біраз қысым жасалуға тиіс, ал бұл оңай.

Ал жеңістің екінші бөлегі,— коммунизмді коммунистерден басқаның қолымен орнату үшін, экономикада істеуге тура келетінді практикада істей білу үшін,— шаруа шаруашылығымен тұтастық жасау, шаруаларды қанағаттандыру, шаруаны: «Ашаршылық қандай қиын, қандай ауыр, қандай азапты болса да, мен, өкімет әдеттен тыс, дағдыдан тыс бола тұрса да, одан практикалық, нақты сезерлік пайда болатынын көріп отырмын» деп айтатындай ету. Өзіміз істес болып отырған, сан жағынан алғанда бізден көп басым болып отырған элементтер жұмыс істегенде біз олардың жұмысын бақылай білетіндей, біз бұл жұмысты түсінетіндей, олардың қолымен коммунизмге пайдалы бір нәрсе істелетіндей етіп жұмыс істеуіне күш салуымыз керек. Қазіргі жағдайдың түйіні міне осында, өйткені, егер жеке коммунистер мұны әрі түсініп, әрі көріп отырса да, біздің партиямыздың қалың көпшілігі партияда жоқтарды жұмысқа тартудың қажеттігін түсінбей отыр. Бұл туралы қаншама нұсқау хаттар жазылды, қаншама сөздер айтылды, ал бір жылдың ішінде бір нәрсе істелді ме? Ештеңе істелген жоқ. Партиямыздың жүз комитетінен бес комитет те өздерінің практикалық нәтижелерін көрсете алмайды. Қазір кезекке қойылып отырған қажетті нәрседен біз міне осынша-

ма артта қалып қойдық, біз осыншама 1918 және 1919 жылдардың дәстүрлері бойынша өмір сүріп отырмыз. Ол жылдар ұлы жылдар болды, орасан зор бүкіл дүние жүзілік тарихи іс істелді. Ал егер кері бұрылып осы жылдарға көз жібергенде енді кезекте қандай міндет тұрғанын көрмесек, онда бұл апатқа ұшырағандық болар еді, күмәнсіз, сөзсіз апатқа ұшырағандық болар еді; істің бүкіл түйіні де біздің осыны түсінгіміз келмейтіндігінде болып отыр.

Мен енді бізде басқару ісінің қалай болып отырғанын көрсететін практикалық екі мысал келтіргім келеді. Бұл үшін мемлекеттік трестердің бірін мысалға алу дұрысырақ болар еді деп мен жоғарыда айтқанмын. Бұл дұрыс тәсілді қолдана алмайтындығыма кешірім сұрауға тиіспін, өйткені бұл үшін ең болмағанда бір мемлекеттік трест туралы материалдарды мейлінше нақты зерттеу керек болар еді, бірақ, амал не, менің мұндай зерттеу жүргізуге мүмкіндігім болмады, сондықтан кішкене екі мысал келтіремін. Бір мысал мынадай: Москва тұтынушылар қоғамы[60] Сыртқы сауда халық комиссариатын бюрократтық істейді деп айыптады; екінші мысал — Донбасс облысынан.

Бірінші мысал онша келіңкіремейді, бірақ одан жақсы мысал келтіруге мүмкіндігім жоқ. Негізгі пікірді осы мысал арқылы да суреттей аламын. Өздеріңіз газеттерден білесіздер, соңғы айларда менің іске тікелей қатысуға мүмкіндігім болмады, мен Халық Комиссарлары Советінде жұмысқа келе алғаным жоқ, Орталық Комитетте де бола алмадым. Москваға уақытша және сирек келіп жүргенімде Сыртқы сауда халық комиссариаты туралы ашына жазылған жан түршігерлік шағымдар көзіме түсті. Сыртқы сауда халық комиссариатының нашар болып отырғандығына, онда қағаз бастылықтың орын алып отырғандығына мен ешқашан бір минут та күмәнданған емеспін. Бірақ шағым ерекше күшейгеннен кейін мен істің байыбына жетуге,— нақты бір оқиғаны алып, бір жолға болса да төменгі жерге дейін жетуге, неге онда бұлай болып жатқанын, бұл машинаның неге жүрмей тұрғанын анықтауға тырыстым.

Москва тұтынушылар қоғамына консервілер сатып алу керек болыпты. Консерві сату үшін француз азаматы келіпті. Ол мұны халықаралық саясаттың мүдделері үшін және Антанта басшыларының рұқсаты бойынша істеді ме, әлде Пуанкаренің, Совет өкіметіне дұшпан басқа біреулердің ресми мақұлдауымен істеді ме, мұны білмеймін (біздің тарихшыларымыз бұған Генуя конференциясынан кейін көз жеткізер деп ойлаймын), бірақ француз буржуазиясының бұған тек теория жүзінде ғана емес, практика жүзінде де қатысқаны анық, өйткені француз буржуазиясының өкілі Москваға келіп, консервілер сатқан. Москва ашығуда, жазда одан да қатты ашығады, ет әкелінбеді және — біздің Қатынас жолдары халық комиссариатының өзімізге мәлім барлық қасиеттеріне қарағанда — сірә, әкелінбейді де.

Ет консервілерін (бірақ олар, әрине, мүлдем бұзылып кетпеген болса,— мұны болашақ тексеру көрсетер) совет ақшасына сатады. Бұдан оңай не бар? Алайда советтік тұрғыдан және шындап пайымдайтын болсақ, онда тіпті де оңай болмай шығады. Менің істі тікелей қадағалап отыруға мүмкіндігім болмады, мен тергеу ұйымдастырдым, қазір дәптерім бар, онда бұл әйгілі оқиғаның қалай өріс алғаны баяндалған. Ол мынадан басталды: 11 февральда Каменев жолдастың баяндамасы бойынша РКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы шетелден азық-түлік заттарын сатып алу керектігі туралы қаулы алды. Әрине, орыс азаматтары мұндай мәселені РКП Орталық Комитетінің Саяси бюросынсыз қалай шеше алсын! Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: 4700 жауапты қызметкер (бұл тек санақ бойынша ғана[61]) шетелден азық-түлік заттарын сатып алу мәселесін Орталық Комитеттің Саяси бюросынсыз қалай шеше алатын еді? Бұл, әрине, ақылға сыймайтын түсінік қой. Каменев жолдас біздің саясатымыз бен тұрмысымызды жақсы білетіні анық, сондықтан ол жауапты қызметкерлерді көптеп тартуға онша үміт артпай, мәселені тоқ етерінен бастады, былайша айтқанда Саяси бюроға жармасты, сөйтіп бірден (бұл жайында жарыс сөз болғанын мен естіген жоқпын)

мынадай қарар қабылдаттырды: «Сыртқы сауда халық комиссариатының назары шетелден азық-түлік әкелудің қажеттігіне және баж салығының» қажеттігіне, т. с. «аударылсын». Сыртқы сауда халық комиссариатының назары аударылды. Іс ілгерілей бастады. Бұл 11 февральда болды. Маған Москвада февральдың нақ аяқ шенінде немесе сол шамада болуға тура келгенін мен есіме түсіремін, сонда мен бірден москвалық жолдастардың байбаламына, тура жан түршіктірерлік байбаламына тап болдым. Не болып қалды? Азық-түлікті ешбір сатып ала алмаймыз. Неге? Сыртқы сауда халық комиссариатының қағаз бастылығынан. Мен іске ұзақ уақыт араласпағанмын және бұл жөнінде Саяси бюроның қаулысы бар екенін ол кезде білмейтінмін, тек іс басқарушыға: қадағалап, қағазды тауып, маған көрсет дедім. Бұл іс былай аяқталды: Красин келгеннен кейін Каменев Красинмен сөйлесті, іс реттелді, сөйтіп біз консервілер сатып алдық. Жақсы аяқталған істің бәрі жақсы.

Каменевтің Красинмен ұғынысып, РКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы талап етіп отырған саяси жолды дұрыс белгілейтіндігіне мен титтей де күмәнданбаймын. Егер сауда мәселелерінде де саяси жолды Каменев пен Красин белгілейтін болса, біз дүние жүзіндегі советтік республикалардың ең жақсысы болар едік,— бірақ Саяси бюроның мүшесі Каменевті және Красинді Генуя қарсаңында дипломатиялық істермен, жан аямай, шамадан тыс жұмыс істеуді талап ететін істермен шұғылданып жүрген Красинді әрбір келісімге сүйрелей беруге,— бұл жолдастарды француз азаматынан консервілер сатып алу үшін де сүйрелей беруге болмайды ғой. Бұлай жұмыс істеуге болмайды. Мұнда жаңа да, экономикалық та, саясат та жоқ, тек қана қорлаушылық бар. Қазір бұл іс бойынша жүргізілген тергеу менің қолымда. Менде тіпті екі түрлі тергеу бар: бірі — Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Горбунов және оның көмекшісі Мирошников жүргізген тергеу, екіншісі — Мемлекеттік саяси басқарма жүргізген тергеу. Мемлекеттік саяси басқарманың бұл іске шынында не себепті көңіл бөлгенін мен

білмеймін және мұның дұрыс екендігіне берік сенбеймін, бірақ бұған тоқталмаймын, өйткені жаңа тергеу қажет болып қала ма деп қауіптенемін. Ең маңыздысы — материалдың жиналып, қазір менің қолымда болып отырғандығы.

Февральдың аяғында мен Москваға келгенімде «консервілер сатып ала алмаймыз» деген нағыз байбаламға тап болдым, сол кезде пароходтың Либавада тұрғаны, консервілердің сонда жатқаны және тіпті нағыз консервілер үшін совет ақшасын алатыны қалай? (Күлкі.) Егер бұл консервілер мүлде бұзылып кетпеген болса (ал мен қазір «егерді» баса айтамын, өйткені онда өзімнің жаңа тергеу тағайындамайтыныма толық сене алмаймын, ал оның нәтижелері туралы бізге енді басқа съезде айтуға тура келеді) — сөйтіп, егер консервілер бұзылып кетпеген болса, олар сатып алынса, мен былай деп сұраймын: мұндай істі Каменевсіз және Красинсіз алға бастыруға болмаған себебі не? Өзімдегі тергеу мәліметінен мен бір жауапты коммунистің екінші жауапты коммунисті балағаттағанын көріп отырмын. Осы тергеуден мен бір жауапты коммунистің екінші жауапты коммуниске: «Бұдан былай сізбен нотариуссіз сөйлеспеймін» дегенін көріп отырмын. Бұл оқиғаны оқығаннан кейін мен, бұдан 25 жыл бұрын, мен Сибирьде айдауда болған кезде, маған қалай адвокат болуға тура келгенін еске түсірдім. Астыртын адвокат болдым, өйткені мен әкімшілік жолмен жер аударылған адам едім, сондықтан адвокаттық істеуге тыйым салынған, бірақ басқа ешкім болмағандықтан, жұрт маған келіп, кейбір істерін айтатын. Бірақ ең қиыны істің неде екенін түсіну болатын. Бір әйел келеді де, әңгімені, әрине, туысқандарынан бастайды, сөйтіп істің неде екенін айыру тіпті қиын болады. Мен: «Көшірмесін әкел» деймін. Ол ақ сиыр туралы айтады. Оған: «Көшірмесін әкел» дейсің, ал ол кетіп бара жатып: «Ақ сиыр туралы әңгімені көшірмесіз тыңдағысы келмейді екен» дейді. Сөйтіп өзіміздің колониямызда біз бұл көшірме туралы күлетін едік. Бірақ мен істі аз да болса ілгерілеттім: маған келгенде көшірмені ала келетін болды, істің неде екенін, не себеп-

ті арыз ететінін және не жөпінде арыз ететінін айыруға мүмкіндік туды. Мұның өзі бұдан 25 жыл бұрын Сибирьде (бірінші темір жол станциясынан жүздеген шақырым қашық жерде) болған еді.

Ал революцияның үш жылынан кейін Совет республикасының астана қаласында консервілер сатып алу үшін екі тергеу жүргізілуінің, Каменев пен Красиннің іске араласуының, Саяси бюроның директива қабылдауының қажет болуы неліктен? Не жетпеді? Саяси өктемдік пе? Жоқ. Ақша табылды, демек, экономикалық өктемдік те, саяси өктемдік те болды. Барлық мекемелер орнында. Не жетпейді?— Москва тұтынушылар қоғамы қызметкерлерінің жүзден 99-ның мәдениеттілігі жетпейді, менің олар жөнінде ешқандай басқа пікірім жоқ және оларды тамаша коммунистер деп санаймын, және Сыртқы сауда халық комиссариаты қызметкерлерінің мәдениеттілігі жетпейді — бұлар іске мәдениетті түрде кірісе алмады.

Бұл туралы алғаш рет естігенімде мен Орталық Комитетке жазбаша түрде ұсыныс жаздым: меніңше, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелерінен басқаларының бәрін, Москваның мекемелеріндегі, өздеріңіз білесіздер, ешкімнің тиісуіне болмайтын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшелерінен басқаларының бәрін Москваның ең жаман түрмесіне 6 сағатқа, ал Сыртқы сауда халық комиссариатындағыларды 36 сағатқа қамау керек*. Ал қазір айыпты адам табылмапты. (Күлкі.) Шынында да, айыптының табылмайтыны менің айтқандарымнан барынша айқын көрініп отыр. Практика жүзінде істі істей білмейтін кәдімгі орыс интеллигентінің олақтығының — парықсыздығының және берекесіздігінің дәл өзі. Әуелі іске басын сұғады, істейді, одан кейін ойланады, ал егер ісінен ештеңе шықпаса, Каменевке арыз айтуға жүгіреді, Саяси бюроға сүйрейді. Әрине, Саяси бюроға мемлекеттік қиын мәселелердің бәрін қою керек — бұл туралы менің әлі айтуыма тура келеді,— бірақ әуелі ойлап алу керек, тек содан кейін істеу

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 469-бет. *Ред.*

керек. Егер бірдеңе істегің келсе, тиісті документтерге сүйеніп істеуге тырыс. Әуелі телеграмма бер, Москвада телефондар да бар, тиісті мекемелерге телефонограмма жібер, көшірмесін Цюрупаға бер, сөйтіп: мен мәмлені асығыс деп есептеймін, сондықтан қағаз бастылық үшін қудалаймын де. Осы қарапайым мәдениеттілік туралы ойлау керек, іске ойланып кірісу керек; егер іс екі минутта, телефон арқылы сөйлескенде бірден шешілмесе, документтерді алып, соларға сүйеніп: «Егер сен қағаз бастылық жасап, созбұйдаға салсаң, мен сені түрмеге жабамын» де. Бірақ титтей де ойластырғандық, ешқандай әзірлік жоқ, әдеттегі әбігерлік, бірнеше комиссия, бәрі де шаршаған, шалдыққан, ауру, ал істі Каменев пен Красин бас қосқанда ілгері жылжытуға болады. Бұл дағдылы іс. Бұл астана қала Москвада ғана емес, басқа астаналарда да, барлық тәуелсіз республикалар мен жеке облыстардың астаналарында да байқалады; астана емес қалаларда да мұндай істер үнемі және жүз есе сорақы істеліп жатады.

Біздің күресімізде коммунистердің істі ойластырып істеуі керек екенін есте тұту керек. Олар сіздерге революциялық күрес туралы, бүкіл дүние жүзіндегі революциялық күрестің жағдайы туралы өте жақсы айтып береді. Ал адам төзгісіз мұқтаждық пен қайыршылықтан құтылу үшін, бұл үшін ойластыру керек, мәдениетті, тәртіпті болу керек — олар мұны істей білмейді. Егер біз жауапты коммунистерді іске адалдықпен қарамайды деп айыптасақ, мұнымыз дұрыс болмайды. Олардың орасан көпшілігі — жүзден 99-ы — адал болуының үстіне, өздерінің революцияға шын берілгенін ең қиын жағдайда, патша өкіметі құлатылғанға дейін де, революциядан кейін де дәлелдеп көрсеткен, шын мәнісінде өмірін құрбан еткен адамдар. Егер себепті осыдан іздесек, бұл түбірінен теріс болады. Ең қарапайым мемлекеттік іске мәдениетті түрде кірісу керек, бұл — мемлекеттік іс, сауда ісі екенін түсіну керек, егер кедергілер болса, оларды жоя білу керек, қағаз бастылық жөнінде кінәлы адамдарды сотқа тарту керек. Бізде Москвада пролетарлық сот

бар, ол бірнеше ондаған мың пұт консервінің не себепті сатып алынбағанына айыпты адамдарды жауапқа тартуға тиіс. Менің ойымша, пролетарлық сот жазалай біледі, ал жазалау үшін айыптыларды табу керек, ал мен сіздерге айыптыларды табуға болмайтындығы жөнінде кепілдік бере аламын, сіздер әрқайсыңыз осы істі қарап көріңіз: айыптылар жоқ, ал әбігерленушілік, абыржушылық және түкке тұрғысыз нәрсемен айналысушылық бар. Ешкім іске кірісе білмейді, мемлекеттік іске бұлайша емес, басқаша кірісу керек екенін түсінбейді. Ал барлық ақ гвардияшылар, саботажшылар мұны пайдаланады. Саботажшыларга қарсы біздің қиян-кескі күрес жүргізген кезіміз болды, бұл күрес қазір де алға қойылып отыр; саботажшылардың бар екені, олармен күресу керек екені, әрине, дұрыс. Бірақ жағдай мен айтқандағыдай болып отырғанда олармен күресуге бола ма? Мұның өзі саботаждың қандайыпан болса да зияндырақ, саботажшыға екі коммунистің азық-түлік сатып алу жөнінде принципті директива алу үшін Саяси бюроға қай кезде өтініш беру керек деген мәселе жөнінде дауласқанын көріп, осы жарықшаққа басын сұғып алудан басқа ештеңе де керек емес. Егер азды-көпті жөн білетін саботажшы бұл екі коммунистің біреуінің немесе кезекпен екеуінің қасында тұрып, оларды қостаса,— істің бүлінгені. Істің біржолата құрығаны. Кім кінәлы? Ешкім де кінәлы емес. Өйткені екі жауапты коммунист, шын берілген екі революционер өткен жылғы қар үшін дауласады, азық-түлік сатып алуға принципті директива алу үшін Саяси бюроға қай кезде мәселе енгізу керек деген мәселе жөнінде дауласады.

Мәселе міне осылай қойылып отыр, қиыншылық міне осында. Ірі капиталистік кәсіпорынның мектебінен өткен қандай да болсын приказчик мұндай істі істей біледі, ал жауапты коммунистердің жүзден 99-ы істей білмейді және өздерінде мұндай іскерліктің жоқ екенін, әліппеден бастап үйрену керек екенін түсінгісі келмейді. Егер біз мұны түсінбесек, даярлық кластан бастап үйренуге қайтадан отырмасақ, онда біз қазір

бүкіл саясаттың негізі болып отырған экономикалық міндетті тіпті де орындай алмаймыз.

Мен келтіргім келген екінші мысал — Донбасс. Өздеріңіз білесіздер, бұл — біздің бүкіл экономикамыздың орталығы, нағыз негізі. Егер біз Донбассты қалпына келтірмесек, оны тиісті дәрежеге көтермесек, Россияда ірі өнеркәсіпті қандай да болсын қалпына келтіру туралы да, социализмнің қандай да болсын нағыз құрылысы туралы да сөз болуы мүмкін емес, өйткені оны ірі өнеркәсіп арқылы орнатпайынша, басқаша орнату мүмкін емес. Орталық Комитетте біз мұны байқадық.

Бұл аудан жөнінде ұсақ мәселені Саяси бюроға заңсыз, адам күлерлік түрде, қисынсыз қоюшылық болған жоқ, мұның орнына нағыз, мүлде шұғыл іс болды.

Орталық Комитет біздің бүкіл экономикамыздың мұндай нағыз орталықтарында, негізі мен тірегінде шын мәнісінде тыңғылықты жұмыс істелуін қадағалап отырса екен, ал онда ЦПКП-ны — Тас көмір өнеркәсібінің орталық басқармасын, күмәнсыз шын берілген адамдар ғана емес, шын мәнісінде білімді әрі орасан зор қабілеті бар және тіпті,— осылай десем қателеспеспін,— талантты адамдар басқарып отырған-ды, сондықтан Орталық Комитеттің назары осыған аударылған-ды. Украина — тәуелсіз республика, мұнысы өте жақсы, бірақ партиялық тұрғыдан алып қарағанда ол кейде — қалай сыпайырақ айтсам екен?— орағытып кетеді, сөйтіп оларға жету үшін бір амал қолдануымызға тура келеді, өйткені онда айлакер адамдар отыр, ал Орталық Комитет алдайды демеймін, бірақ бізден аздап іргесін аулақ салады. Бүкіл осы істі көру үшін біз мұндағы Орталық Комитетте мәселені талдағанда егес пен алауыздықтың бар екенін көрдік. Онда Кимка — кішкене кен орындарын пайдалану жөніндегі комиссия бар. Әрине, Кимка мен Тас көмір өнеркәсібінің орталық басқармасы арасында күшті егес болып отыр. Бірақ бізде, Орталық Комитетте, дегенмен біраз тәжірибе бар, сондықтан біз басшы топтарды орнынан алмауға бірауыздан ұйғардық, ал егер егес болса, барлық егжей-тегжейлерімен болса да, бізге хабарласын

дедік, өйткені өлкеде біздің тек шын берілген ғана емес, сонымен бірге қабілетті адамдарымыз бар болып отырғанда, егер бұл адамдар үйренін болмады деп санайтын болсақ, олардың әбден үйренуі үшін оларды қолдауға тырысу керек. Мұның бәрі Украинада партия съезін өткізумен аяқталды онда қандай нәтижеге қол жеткеніп мен білмеймін, әр түрлі істер болыпты. Мен украин жолдастардан сұрастырдым және Орджоникидзе жолдастан онда барып, не болғанын көруін арнайы өтіндім, сонымен қатар оған Орталық Комитет те осыны тапсырды. Онда интрига, әр түрлі былықтар болса керек, Истпарт та, егер мұнымен шұғылданса, оны 10 жылдан кейін де аша алмас еді. Бірақ іс жүзінде былай болыпты: Орталық Комитеттің бірауыздан қабылданған директиваларына қарамастан, бұл топ басқа бір топпен ауыстырылған. Бұл арада мәселе неде еді? Негізінде бұл топтың бір бөлегі, өзінің барлық мәртебелі қасиеттеріне қарамастан, белгілі қате істеді. Олар әкімшілікті асыра қолданған адамдардың кебіне ұшырады[62]. Біз онда жұмысшылармен істес болып отырмыз. Екінің бірінде жұрт «жұмысшылар» дегенде, бұл — фабрика-завод пролетариаты деген сөз деп ойлайды. Тіпті де олай емес. Бізде соғыстан бері фабрикалар мен заводтарға келгендер тіпті де пролетарлық емес адамдар, ал олар соғыстан бой тасалап қалу үшін келді, ал бізде қазір қоғамдық және экономикалық жағдай фабрикалар мен заводтарға нағыз пролетарлар келерліктей ме? Олай ойлау дұрыс емес. Бұл Маркске дұрыс, бірақ Маркс Россия туралы емес, он бесінші ғасырдан бастап, тұтас алғанда бүкіл капитализм туралы жазған. Алты жүз жыл бойына бұл дұрыс болып келді, ал қазіргі Россия үшін дұрыс емес. Фабрикаларға барушылардың бәрі екінің бірінде пролетарлар емес, әр түрлі кездейсоқ элементтер.

Артта қалмайтындай, болып жатқан егесті кезінде шешетіндей және әкімшілік жасауды саясаттан айырмайтындай етіп жұмысты дұрыс жолға қоя білу,— міндет міне осы. Өйткені біздің саясатымыз бен әкімшілік етуіміз бүкіл авангардтың бүкіл пролетарлық

бұқарамен, бүкіл шаруалар бұқарасымен байланысты болуына сүйенеді. Егер кімде-кім бұл тегерштіктерді ұмытса, егер ол бірыңғай әкімшілікпен әуестенсе, қырсық сонда. Донбасстың қызметкерлері жіберген қате — біздің басқа қателерімізбен салыстырғанда болмашы қате, бірақ бұл жағдайға тән мысал, өйткені Орталық Комитетте біраузыдан: «Бұл топты қалдырыңыздар, тіпті ұсақ дау-жанжалдарды да бізге, Орталық Комитетке жіберіңіздер, өйткені Донбасс дегеніміз кездейсоқ аудан емес, бұл аудансыз социалистік құрылыс әншейін ізгі тілек болып қала береді»,— деп талап қойылған еді, бірақ біздің бүкіл саяси өктемдігіміз, Орталық Комитеттің бүкіл беделі жеткіліксіз болып шықты.

Бұл жолы қате, әрине, әкімшілік жасау жағынан жіберілді: оның үстіне толып жатқан басқа қателер де болды.

Істің бүкіл түйіні саяси өктемдікте емес, мемлекеттің шаруашылық жұмысы бөгелмейтіндей етіп басқара білуде, адамдарды дұрыс орналастыра білуде, ұсақ-түйек қақтығыстардан аулақ бола білуде екенін көрсететін мысал міне осы. Ал біз осылай ете білмейміз,— қате міне осында.

Менің ойымша, біз өзіміздің революциямыз туралы айтқанда және революцияның тағдырын салмақтап көргенде, біз революцияның толық шешілген және капитализмнен бүкіл дүние жүзілік тарихи бетбұрыстың тарихына мүлде ажырамастай болып енген міндеттерін әбден айыра білуге тиіспіз. Біздің революциямызда мұндай істер бар. Әрине, меньшевиктер мен Отто Бауэр — II½ Интернационалдың өкілі — «Олардікі буржуазиялық революция» деп айқайлай берсін, бірақ біз: біздің міндетіміз — буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу дейміз. Ақ гвардияшылардың бір басылымында: біздің мемлекеттік мекемелерімізде 400 жыл бойы қоқыс жиналды депті; ал біз бұл қоқысты төрт жылдың ішінде тазарттық,— бұл біздің орасан зор еңбегіміз. Ал меньшевиктер мен эсерлер не істеді? Ештеңе істеген жоқ. Бізде де, тіпті алдыңғы қатарлы, білімді Германияда да, тіпті онда да орта ғасырлық қо-

қысты тазарта алмай келеді. Сөйте тұрып, олар біздің сіңірген орасан зор еңбегімізді бізге кінә етіп тағып отыр. Революция ісін ақырына дейін жеткізу — біздің сіңірген, ешкім тартып ала алмайтын еңбегіміз.

Қазір соғыс қаупі төніп тұр. Жұмысшы одақтары, мәселен, реформистік одақтар, соғысқа қарсы қарарлар қабылдап, соғыс ашуға қарсы стачка жасаймыз деп қыр көрсетуде. Жақын арада, қателеспесем, француз палатасында бір тамаша коммунистің соғысқа қарсы сөз сөйлеп, жұмысшылардың соғыстан көтерілісті артық санайтынын[63] айтқаны туралы газет телеграммасын көрдім. Мәселені біздің 1912 жылы, Базель манифесі[64] басылған кезде қойғанымыздай етіп қоюға болмайды. Соғыстан қалай құтылуға болатынын және оған қандай қиыншылықпен қол жететінін, реакциялық соғыстан революциялық жолмен шығу дегеннің не екенін тек орыс революциясы ғана көрсетті. Реакциялық империалистік соғыстар дүние жүзінің барлық түкпірлерінде болмай тұрмайды. Ол кезде ондаған миллион адамдардың қырылғанын және енді тағы да қырылатынын адамзат бұл тектес мәселелердің бәрін шешкенде ұмыта алмайды және ұмытпайды да. Біз XX ғасырда өмір сүріп отырмыз ғой, және, белгілі бір үкіметтің пайдасына емес, қайта оны күйретіп, реакциялық соғыстан революциялық жолмен шыққан бірден-бір халық — орыс халқы, ал оны орыс революциясы шығарды. Ал орыс революциясының жеңіп алғанын ешкім тартып ала алмайды. Оны ешқандай күш ала алмайды, сол сияқты Совет мемлекетінің орнатылуын дүние жүзінде ешқандай күш кері қайтарып ала алмайды. Бұл — бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңіс. Жүздеген жылдар бойы мемлекеттер буржуазиялық типте құрылып келді, ал буржуазиялық емес мемлекеттің формасы алғаш рет табылып отыр. Мүмкін, біздің аппаратымыз жаман да болар, бірақ алғашқы ойлап шығарылған бу машинасы да жаман болыпты деседі ғой, оның тіпті жұмыс істеген-істемегені де белгісіз көрінеді. Бірақ іс мұнда емес, іс өнертабыстың жасалғандығында. Бірінші бу машинасы өзінің фор-

масы жағынан жарамсыз бола берсін, бірақ оның есесіне бізде қазір паровоз бар. Біздің мемлекеттік аппаратымыз іске алғысыз жаман-ақ болсын, бірақ дегенмен бұл аппарат құрылды, асқан зор тарихи өнертабыс жасалды, сөйтіп пролетарлық типтегі мемлекет құрылды, — сондықтан да, мейлі, бүкіл Европа, мыңдаған буржуазиялық газеттер бізде қандай сорақылықтар мен жоқшылық орын алып отырғанын айтып, еңбекші халықтың азаптан басқа көрген жақсылығы жоқ деп даурыға берсін,— сонда да бүкіл дүние жүзінде барлық жұмысшылар Совет мемлекетіне тілектес. Біз жеткен және бізден ешкім тартып ала алмайтын ұлы жеңістер міне осылар. Бірақ біз үшін, коммунистік партияның өкілдері үшін, бұл тек есікті ашу ғана. Қазір біздің алдымызда социалистік экономиканың негізін қалау міндеті тұр. Бұл міндет орындалды ма? Жоқ, орындалған жоқ. Бізде әлі социалистік негіз жоқ. Бұл негіз бар деп ойлайтын коммунистер аса қатты қателеседі. Істің бүкіл түйіні — біздегі орыс революциясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи еңбегі болып табылатын нәрсені біздің мейлінше жаман істеп отырған нәрсемізден, әлі жасалмаған және әлі сан рет қайта жасау керек болатын нәрседен тыңғылықты, айқын және байсалды түрде айыра білуде болып отыр.

Саяси оқиғалар әрқашан мейлінше шиеленісіп отырады және күрделі болады. Оларды шынжырмен салыстыруға болады. Бүкіл шынжырды ұстап қалу үшін оның негізгі буынына жармасу керек. Өзің жармасқың келген буынды әдейі таңдап алуға болмайды. 1917 жылы істің бүкіл түйіні неде болды? Соғыстан шығуда болды, мұны бүкіл халық талап етті, ал бұл бәрінің есесін толтыратын еді. Революцияшыл Россия соғыстан шыға алды. Көп күш жұмсалды, бірақ оның есесіне халықтың негізгі қажеті ескерілді, міне осының өзі бізді көп жылдық жеңіске жеткізді. Совет өкіметі арқылы өзінің неғұрлым демократиялық, еңбекшілерге неғұрлым жақын өкіметіне ие болатынын халық сезді, шаруа мұны көрді, майданнан қайтқан әрбір солдат мұны өте жақсы түсінді. Біз басқа салаларда қаншама зердесіздік, сорақылық істесек те, біз бұл негізгі мін-

детті есепке алғаннан кейін,— демек, бәрі дұрыс болды.

1919 және 1920 жылдары істің түйіні неде болды?— Соғыста жауды тойтаруда болды. Мұнда бүкіл дүние жүзілік қуатты Антанта бізге аттанды, бізді тұншықтырды, мұнда насихаттың қажеті де болмады: партияда жоқ әрбір шаруа не болып жатқанын түсінді. Помещик келе жатыр. Коммунистер онымен күресе біледі. Міне сондықтан да шаруалардың көпшілігі коммунистерді қолдады, міне сондықтан да біз жеңдік.

1921 жылы істің түйіні тәртіппен шегінуде болды. Сондықтан мейлінше қатаң тәртіп керек болды. «Жұмысшы оппозициясы»: «Сіздер жұмысшыларды жете бағаламайсыздар, жұмысшылар көбірек инициатива көрсетуге тиіс» деді. Инициатива тәртіппен шегінуде және тәртіпті мейлінше қатаң сақтауда болуы керек. Кімде-кім азды-көпті үрейлену сарынын енгізсе немесе тәртіпті бұзса, ол революцияны құртар еді, өйткені, жеңіп алуға дағдыланған, революциялық көзқарастар мен мұраттарды бойға сіңірген, ішкі ниетінде қандай да болсын шегінуді пасықтық сияқты бір нәрсе деп есептейтін адамдармен шегінуден қиын еш нәрсе жоқ. Ең зор қауіп тәртіпті бұзып алмауда, ал ең зор міндет тәртіпті сақтауда.

Ал қазір істің түйіні неде? Бұл түйін,— мен өзімнің баяндамамды осымен тұжырымдап, қорытқым келер еді,— түйін, бағытты өзгерту мағынасында алғанда, саясатта емес; бұл туралы жаңа экономикалық саясатқа байланысты өте-мөте көп айтылып жүр. Мұның бәрі босқа айтылып жүр. Бұл — барып тұрған зиянды мылжыңдау. Жаңа экономикалық саясатқа байланысты бізде мекемелерді қайта құрып, жаңа мекемелер ашып, әлектене бастады. Бұл — барып тұрған зиянды мылжыңдау. Біз істің түйіні — адамдарда, адамдарды іріктеп алуда деген қорытындыға келдік. Ұсақ істерге қарсы, мәдениетшілсінуге қарсы күресуге дағдыланған революционердің мұны ұғынуы қиын. Бірақ біз саяси мағынада алғанда сергектікпен бағалау керек болатын жағдайға келдік,— біздің алысқа ұзап ілгерілегеніміз

сонша, барлық позицияларымызды ұстап тұра алмаймыз және ұстап тұруға тиіс емеспіз.

Халықаралық мағынада алғанда, осы соңғы жылдарда біздің жағдайымыз мықтап жақсарды. Біз советтік типтегі мемлекет орнаттық,— бұл бүкіл адамзаттың ілгері басқан қадамы, кез келген елден алынған мәліметтер арқылы мұны күн сайын Коминтерн де растап отыр. Ешкімде титтей де күмән жоқ. Бірақ практикалық жұмыс мағынасында алғанда, істің жайы былай болып отыр: егер коммунистер шаруалар бұқарасына практикалық көмек корсете алмаса, онда шаруалар бұқарасы коммунистерді қолдамайды. Баса көңіл бөлетін нәрсе заңдар шығаруда, жақсы декреттер шығаруда және т. т. емес. Бізде декреттер насихаттың формасы ретінде қызмет еткен кезең болды. Большевиктер өздерінің декреттерінің орындалмайтынын түсінбейді деп біздерді келекеледі; бүкіл ақ гвардиялық баспасөзде осындай келеке қаптап кетті, бірақ бұл кезең заңды кезең еді — большевиктер өкіметті қолға алғаннан кейін, қатардағы шаруаға, қатардағы жұмысшыға: мемлекеттің басқарылуы үшін біз міне осылай еткіміз келеді, міне декрет, байқап көріңіздер деді. Қарапайым жұмысшы мен шаруаға біз озіміздің саясат туралы түсініктерімізді дереу декреттер формасында бердік. Осының нәтижесінде біз халық бұқарасының орасан зор сеніміне ие болдық және ие болып отырмыз. Мұның өзі сондай уақыт еді, революцияның бас кезінде қажет болған кезең еді, онсыз біз революциялық толқынды бастай алмай, ең артта салпақтап жүрген болар едік. Онсыз өмірді жаңа негізде құрғысы келген барлық жұмысшылар мен шаруалардың бізге сенімі болмас еді. Бірақ бұл кезең өтті, ал біз мұны түсінгіміз келмейді. Қазір пәлендей мекемені ашыңдар, қайта құрыңдар деп жарлық берілсе, жұмысшылар мен шаруалар бұған күлетін болады. Қазір қарапайым жұмысшы мен шаруа бұған құштар емес, онысы дұрыс та, өйткені істің негізгі салмағы онда емес. Сен, коммунист, енді халыққа мұнымен бармауға тиіссің. Мемлекеттік мекемелерде отырған біздер әрқашан мұндай ұсақ істерден мұршамыз болмай жат-

са да, шынжырды бұл буынынан ұстамауымыз керек, істің түйіні мұнда емес, істің түйіні адамдардың дұрыс орналастырылмағандығында, бүкіл революцияны тамаша жасай білген жауапты коммунистің сауда-өнеркәсіп ісіне қойылып, бұл істе оның ештеңе түсінбейтіндігінде және шындықты көруге бөгет жасайтындығында, өйткені епшілдер мен алаяқтар оның тасасында тамаша жасырынады. Мәселе біздe ненің орындалғанын практика жүзінде тексерудің жоқтығында болып отыр. Бұл — қарапайым, кішкене міндет, бұл — ұсақ істер; бірақ біз аса зор саяси төңкерістен кейін өмір сүріп отырмыз, біз біраз уақыт капиталистік уклад тұсында өмір сүруге тиісті болып отырғанымызда бүкіл жағдайдың түйіні, сөздің тар мағынасында алғанда, саясатта емес (газеттерде айтылып жүргендер — саяси даурықпа және онда социалистік еш нәрсе жоқ), бүкіл жағдайдың түйіні қарарларда емес, мекемелерде емес, қайта ұйымдастыруда емес. Олар бізге керек болғандықтан, біз мұны істейміз, бірақ халыққа мұнымен бармаңыздар, керекті адамдарды іріктеп алыңыздар және істің практика жүзінде орындалуын тексеріп отырыңыздар,— ал мұны халық бағалайды.

Халық бұқарасының ішінде біз не дегенмен де теңіздің бір тамшысындаймыз, сондықтан біз халық ұғынатын нәрсені дұрыс көрсете білсек қана басқара аламыз. Мұнысыз коммунистік партия пролетариатты соңынан ерте алмайды, ал пролетариат бұқараны соңынан ерте алмайды, сөйтіп бүкіл машина қирайды. Қазір халық және бүкіл еңбекші бұқара өте ауыр мұқтаждықта және ашаршылықта іс жүзінде көмектескенді және тұрмыстың шаруаға керекті әрі оған дағдылы жағы шын мәнісінде жақсарып келе жатқанын көрсеткенді өздері үшін негізгі нәрсе деп біледі. Шаруа рынокты біледі және сауданы біледі. Тікелей коммунистік бөлісті біз енгізе алмадық. Бұл үшін фабрикалар және оларға керекті жабдықтар жетіспеді. Олай болса біз сауда арқылы беруге, бірақ капиталистің бергенінен кем түспейтіндей етіп беруге тиіспіз, әйтпесе мұндай басқаруға халық төзе алмайды. Жағдайдың бүкіл түйіні осында. Ал егер кенеттен бір

жағдай туып қалмаса, мына төмендегідей үш шарт орындалганда бұл біздің 1922 жылғы бүкіл жұмысымыздың түйіні болуға тиіс.

Біріншіден, интервенцияның болмауы шарт. Интервенциядан аулақ болу үшін біз өзіміздің дипломатиямыз арқылы қолдан келгеннің бәрін қолданып жатырмыз, дегенмен интервенцияның болып қалуы күн сайын мүмкін. Біз шын мәнісінде қырағы тұруға тиіспіз және Қызыл Армияның пайдасына бола белгілі дәрежеде ауыр құрбандықтарға баруға, әрине, бұл құрбандықтардың мөлшерін қатаң белгілеуге тиіспіз. Біздің алдымызда бүкіл буржуазия дүниесі тұр, ол бізді тұншықтыру үшін тек қана сырттай сылтау іздеп отыр. Біздегі меньшевиктер мен эсерлер — осы буржуазияның агенттерінің дәл өзі. Олардың саяси жағдайы осындай.

Екінші шарт — егер финанс дағдарысы тым күшті болмаса. Дағдарыс төпіп келеді. Бұл жөнінде сіздер финанс саясаты туралы мәселе сөз болғанда естисіздер. Егер ол тым күшті және ауыр болса, бізге көп істі тағы да қайта құруға және барлық күшті бір іске жұмсауға тура келеді. Егер ол тым ауыр болмаса, оның тіпті пайдалы болуы ықтимал: ол коммунистерді әр түрлі мемлекеттік трестерден тазалап береді. Тек мұны істеуді ұмытпау керек. Финанс дағдарысы мекемелер мен кәсіпорындарды қағып-сілкеді, сонда ең алдымен олардың жарамсыздары істен шығады. Тек айыпты — мамандар, ал жауапты коммунистер жақсы-ақ, олар майдандарда күресті және әрдайым жұмысты жақсы істеді деп, мұның бәрін мамандарға аудара салмау керек екенін ұмытпайық. Сөйтіп, егер финанс дағдарысы шектен тыс ауыр болмаса, одан пайда шығаруға және, Орталық Бақылау Комиссиясының немесе Орталық тексеріс комиссиясының[65] тазалағанындай емес, шаруашылық мекемелердегі барлық жауапты коммунистерді мықтап тазалауға болады.

Ал үшінші шарт — бұл уақыттың ішінде саяси қателер істемеу. Әрине, саяси қателер істейтін болсақ, онда бүкіл шаруашылық құрылыс бүлінеді, онда түзету және бағыттау туралы дауласып, сонымен шұғыл-

дануға тура келеді. Ал егер мұндай күйінішті қателер болмаса, онда алдағы таяу уақытта істің түйіні декреттерде емес және, бұл сөздің тар мағынасында алғанда, саясатта емес, мекемелерде емес, олардың ұйымдастырылуында емес, жауапты коммунистердің топтары мен совет мекемелерінде бұл іспен керек болған дәрежеде шұғылданады, қайта бүкіл жұмыстың түйіні — адамдарды іріктеп алуда және істің орындалуын тексеруде. Егер біз мұны практикада үйренсек, практикалық пайда келтірсек, онда біз тағы да барлық қиыншылықтарды жеңеміз.

Қорытындыда мен біздің советтік органдарымыз, жоғары мекемелеріміз туралы және партияның оларға қатынасы туралы мәселенің практикалық жағына тоқталуға тиіспін. Бізде партия мен совет мекемелері арасында теріс қатынас орнады және мұны біз бірауыздан мойындаймыз. Нақты ұсақ істі Саяси бюроға қалай сүйреушілікті мен жоғарыда бір мысалмен көрсеттім. Мұнан құтылу формальды жағынан өте қиын, өйткені бізде бірден-бір үкіметтік партия басқарады және партия мүшесінің шағым жасауына тыйым салуға болмайды. Сондықтан істің бәрін Халық Комиссарлары Советінен Саяси бюроға сүйрелейді. Мұнда менің де үлкен кінәм болды, өйткені Халық Комиссарлары Советі мен Саяси бюро арасындағы байланыстың көптеген істері тікелей менің өзімде болды. Ал маған одан кетуге тура келгенде, екі тегершік бірден жұмыс істемейтін болып шықты, бұл байланысты сақтау үшін Каменевке үш жақты жұмыс атқаруға тура келді. Таяу уақытта менің жұмысқа қайтып оралуым екіталай болғандықтан, енді барлық үміт тағы да екі орынбасардың — немістерден тазарып шыққан Цюрупа жолдас пен немістерден бүтіндей тазарып шыққан Рыков жолдастың бар екендігіне артылып отыр. Айтпақшы, Германияның императоры Вильгельмнің өзі де біздің кәдемізге жарады,— мен мұны күтпеген едім. Оның хирург-докторы болды, сол доктор Рыков жолдасты емдеуші болып шықты да, оның жаман жағын кесіп алып, оны Германияда қалдырды, жақсы жағын өзінде қалдырып, Рыков жолдастың сол жақсы жағын

әбден тазартып бізге жіберді. Егер бұл тәсіл бұдан былай да қолданылатын болса, мұның өзі әбден жақсы іс болмақ.

Бірақ қалжыңды қоя тұрып, негізгі директивалар жөнінде айталық. Мұнда Орталық Комитетте толық ынтымақ бар, сондықтан съездің бұл мәселеге зор көңіл бөліп, Саяси бюро мен Орталық Комитетті ұсақ-түйек істерден босату және жауапты қызметкерлердің жұмысын күшейту керек деген мағынадағы директиваларды бекітетіндігіне мен сенемін. Халық комиссарлары әуелі Халық Комиссарлары Советіне, ал одан кейін Саяси бюроға бармай, өздерінің жұмысы үшін жауап беретін болуы керек. Формальдық жағынан біз Орталық Комитетке шағым жасау правосын жоя алмаймыз, өйткені біздің партиямыз — бірден-бір үкіметтік партия. Мұнда ұсақ-түйек істер бойынша өтініш жасаудың қандайын болса да тыю керек, бірақ Халық Комиссарлары Советінің беделін арттырып, оған орынбасарлар емес, халық комиссарлары көбірек қатысатындай ету керек, Халық Комиссарлары Советі жұмысының сипатын мына бағытта өзгерту керек, мұны істеуге соңғы жылда менің мұршам болмады: істің орындалуын тексеруді қадағалауға анағұрлым көп көңіл бөлу керек. Енді бізде тағы да екі орынбасар болады, олар Рыков пен Цюрупа. Рыков Чусоснабармда[66] істеген кезінде істі жолға қоя білді, сөйтіп іс оңға басты. Цюрупа ең таңдаулы халық комиссариаттарының бірін жолға қойды. Егер бұлар екеулеп халық комиссариаттарын істі орындау мен жауапкершілік мағынасында ілгері бастыра алса, онда біз мұнда алға қарай кішкентай да болса қадам басамыз. Бізде 18 халық комиссариаты бар, бұлардың кемінде 15-і түкке жарағысыз,— барлық жерде бірдей жақсы халық комиссарларын табу қиын, құдай оңдап, жұрт осыған көбірек көңіл бөлсе екен. Рыков жолдас Орталық Комитет бюросының мүшесі және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі болуға тиіс, өйткені бұл мекемелердің арасында байланыс болуға тиіс, өйткені мұндай байланыс болмайынша, негізгі тегершіктер кейде бос айналады.

Осыған байланысты Халық Комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің комиссияларын қысқартуға назар аудару керек, олар ұшы-қиыры жоқ комиссияларға бытырамай, өз істерін біліп және өз істерін шешетін болуы керек. Жуырда комиссияларға тазалау жүргізілді. Санағанда 120 комиссия болды. Ал қаншасы қажет болып шықты? 16 комиссия. Ал мұның өзі — бірінші тазалау емес. Өз ісі үшін жауап беру, Халық Комиссарлары Советіне шешім ұсыну және өзінің бұл үшін жауап беретінін білу орнына,— кейбіреулер комиссиялардың тасасына жасырынады. Бұл комиссияларда жұмыс әбден былыққан, кімнің жауап беретінін ешкім де білмейді; бәрі де шатысқан, ақыр аяғында, жұртқа түгел жауаптылық жүктейтін шешім ұсынылады.

Бұған байланысты облыстық экономикалық кеңестердің автономиясын және қызметін кеңейтіп, күшейту қажеттігін көрсету керек. Бізде қазір Россия облыстық аудандарға ғылыми негізде бөлінді, бұл ретте шаруашылық жағдайлары, ауа райы, тұрмыс жағдайлары, отын алу, жергілікті өнеркәсіп жағдайлары және т. т. ескерілді. Осы бөлініс негізінде аудандық және облыстық экономикалық кеңестер[67] құрылды. Әрине, ішінара түзетулер болады, бірақ осы экономикалық кеңестердің беделін арттыру керек.

Одан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті неғұрлым жігерлірек жұмыс істеп, ұзағырақ өткізілуге тиісті сессияларға дұрыс жиналатын ету керек. Сессиялар заңдардың жобаларын талқылауға тиіс; бұл заң жобалары кейде, міндетті түрде қажеті болмаса да, Халық Комиссарлары Советіне асығыс енгізіледі. Асыққанша, кейінге қалдыра тұрып, жергілікті қызметкерлердің тыңғылықты ойластыруына мүмкіндік беру керек және заңдарды әзірлеушілерге қатаңырақ талаптар қою керек,— ал бізде осы істелмейді.

Егер Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиялары ұзағырақ уақытқа созылса, олар секцияларға және кіші комиссияларға бөлініп, жұмысты қатаңырақ тексере алады, сөйтіп, менің ше, істің бүкіл түйіні, қазіргі саяси кезеңнің бүкіл мәні болып отыр-

ған істі істей алады: жұмыстың негізгі салмағын адамдарды іріктеуге, істің нақты орындалуын тексеруге аудара алады.

Жауапты коммунистердің 100 реттің 99-ында қазір өздерінің жарамды болып отырған ісіне қойылмағаның, өздерінің ісін жүргізе алмайтынын және қазір үйренуге тиіс екенін мойындау керек және оны мойындаудан қорықпау керек. Егер бұл мойындалса және біздің бұған жеткілікті мүмкіндігіміз болып отырғандықтан,— ал жалпы халықаралық жағдайға қарағанда, біздің үйреніп үлгеруге уақытымыз жетеді,— мұны қалай болғанда да істеу керек. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Газет есептері 1922 ж.
28 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 70-номерінде,
28 және 29 мартта —«Правданың» 70 және 71-номерлерінде басылған

3

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ ЕСЕБІ БОЙЫНША 28 МАРТТА СӨЙЛЕНГЕН ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

(Қол шапалақтау.) Маған ең алдымен осында Преображенский мен Осинский жолдастар жасаған ескертпелерді сынауға біраз уақыт бөлуге тура келеді. Менің ойымша, Преображенский мен Осинский жолдастар ең басты және негізгі мәселеде мүлде нысанадан лағып кетті және нақ өз сөздері арқылы өздерінің саясатты түсінудегі бағытының теріс екенін көрсетті.

Преображенский жолдас капитализм туралы айтты және программа бойынша жалпы айтыс туғызуымыз керек еді деді[68]. Менің ойымша, мұның өзі уақытты тіпті өнбейтін және орынсыз іске зая кетіргендік болар еді.

Ең алдымен мемлекеттік капитализм туралы мәселе жөнінде.

«Мемлекеттік капитализм дегеніміз капитализм,— деді Преображенский,— және тек қана осылай түсінуге болады және осылай түсіну керек». Мен: бұл — схоластика деймін. Бұған дейін ешкім адамзат тарихында капитализм туралы мұндай кітапша жаза алған жоқ, өйткені біз мұны алғаш рет тек енді ғана бастан өткізіп отырмыз. Бұған дейін мемлекеттік капитализм туралы азды-көпті жөні түзу кітапшалар мемлекеттік капитализм — капитализм деген шартпен және қағидамен жазылды. Қазір басқаша болып шықты және ешқандай Маркс, ешқандай марксистер мұны болжай алмады. Сондықтан артқа қарамау керек. Егер сіздер тарихты жазатын болсаңыздар, сіздер оны өте жақсы

жазасыздар, ал сіздер оқулық жазғанда: мемлекеттік капитализм дегеніміз мүлде кенеттен болған, ешкім тіпті болжай алмаған капитализм деп жазасыздар,— өйткені пролетариат неғұрлым кем дамыған елдердің бірінде өкіметті қолға алатынын, әуелі ірі өндірісті және шаруаларға арналған бөлісті ұйымдастыруға тырысатынып, ал одан кейін, мәдени жағдайларға байланысты, бұл міндетті орындай алмаған соң, капитализмді іске тартатынын ешкім болжай алған жоқ қой. Мұның бәрін ешкім еш уақытта болжай алған жоқ, бірақ бұл — мүлде даусыз факт.

Лариннің сөзінде жаңа экономикалық саясат дегеніміз не, оған қалай қарау керек деген мәселені түсінуі мүлде көмескі.

Жаңа экономикалық саясатқа көшу керек болғандығына қарсы бірде-бір елеулі пікір айтылған жоқ. Пролетариат революцияда өзінің пәлендей істерінің тамаша болып шыққанын, ал пәлендей істерінің сәтсіз болғанын мойындаудан қорықпайды. Осы уақытқа дейін мерт болып келген революциялық партиялардың бәрінің де түбіне жеткен нәрсе — олар дандайсып кетті, сөйтіп өз күштерінің неде екенін көре білмеді, өздерінің осал жақтарын айтуға қорықты. Ал біз мерт болмаймыз, себебі біз өзіміздің осал жақтарымызды айтудан қорықпаймыз, бұл осалдықтардан арыла білуді үйренеміз. (Қол шапалақтау.) Біз жол берген капитализмге жол беру керек болды. Егер ол ұсқынсыз, жаман болса, біз оны түзете аламыз, өйткені өкімет біздің қолымызда, сондықтан біз қорқатын еш нәрсе жоқ. Мұны жұрттың бәрі мойындайды, ал мұны үрей таратушылықпен шатыстыру адам күлерлік іс. Егер біз мұны мойындаудан қорықсақ, онда сөзсіз құрып кетер едік. Бірақ біздің мұны үйренетінімізді және мұны үйренгіміз келетінін өткен үш-төрт-бес жыл көрсетіп отыр; бұл жылдарда біз неғұрлым қысқа кезең ішінде неғұрлым күрделі нәрселерді үйрендік. Рас, ол кезде бізді қажеттілік итермелеп отырды. Соғыс бізді ерекше күшпен итермеледі және бірде-бір майдан, бірде-бір жорық бізді итермелемей қоймаған сияқты: әуелі жау Москваға жүз шақырымдай таянып

келді, Орелга таянды, Петроградтан бес шақырым жерде болды. Ал біз шындап ойланып, үйренуге де, үйренгеніміздің нәтижелерін қолдануға да кірісгеннен кейін, жауды да қуып шықтық.

Күнбе-күнгі экономикалық тұрмыстағы жаумен істес болуға тура келгенде жағдай мың есе қиынырақ болады. Бұған дейін әдебиетте мемлекеттік капитализм туралы болып келген таластарды, бұл таластарды, мықтағанда, тарих оқулығына енгізуге болады. Мен оқулықтардың пайдасын есте теріске шығарып отырған жоқпын және жуырда, егер біздің әдебиетшілеріміз газеттерге, саяси даурықпаға азырақ көңіл бөліп, мұның орнына оқулықтар жазса, жақсы болар еді деп жаздым*; бұл істі көптеген адамдар, оның ішінде Ларин жолдас та өте жақсы атқарар еді. Лариннің қасиеттері осында өте пайдалы болар еді, онда біздің міндет орындалар еді; бұл міндетті Троцкий жолдас: қазіргі негізгі іс — жас ұрпақты тәрбиелеу, ал оны тәрбиелейтін ештеңе болмай отыр деп, жақсы атап көрсетті. Шынында да бұл ұрпақ қоғамдық ғылымдарды неден үйренеді? Ескі буржуазиялық қоқыстан. Бұл — масқаралық! Біздің жүздеген марксист әдебиетшілеріміз болып отырған кезде, істің жайы осындай; ал олар барлық қоғамдық мәселелер бойынша оқулықтар бере алады, бірақ бермей келеді, өйткені мұнымен шұғылданбай отыр, оған ұмтылмай отыр.

Мемлекеттік капитализм жөнінде үгіт пен насихаттың ұраны болуға тиісті нәрсені, түсіндірілуге, практика жүзінде ұғындырылуға тиісті нәрсені білу керек. Бұл — қазіргі біздегі мемлекеттік капитализм немістер жазған мемлекеттік капитализмнен басқаша капитализм. Бұл — өзіміз жол берген капитализм. Бұл дұрыс па, жоқ па? Мұның дұрыс екенін жұрттың бәрі біледі!

Біз коммунистердің съезінде мемлекеттік капитализмге өзіміздің пролетарлық мемлекет жол беріп отыр деп шешім қабылдадық[69], ал мемлекет дегеніміз — өзіміз. Егер нашар жол берсек, бұған өзіміз кі-

---

* Қараңыз: осы том, 59—61-беттер. *Ред.*

нәлымыз, басқаға аударудың керегі жоқ! Үйрену керек, пролетарлық мемлекеттегі мемлекеттік капитализмді оған пролетариат белгілеп берген шеңбер мен шарттардан, пролетариатқа тиімді шарттардан шықпайтындай және шыға алмайтындай ету керек. Ал осында біздің бұқара ретінде шаруалармен санасуға және оған еркін сауданы беруге тиісті болғанымыз дұрыс көрсетілді. Мұның пролетарлық диктатура үшін керек екенін әрбір парасатты жұмысшы түсінеді, мұны тек Шляпников жолдас қана келемеждеп, қорлай алады. Мұны жұрттың бәрі түсінген, бұл мың рет қайталанып айтылған, ал сіздер мұны әдейі түсінгілеріңіз келмейді. Егер шаруаға қазіргі жағдайда және белгілі шекте еркін сауда керек болса, біз оны беруге тиіспіз, бірақ бұдан: біз арақпен сауда жасауға рұқсат етеміз деген мағына тумайды. Бұл үшін біз жазалаймыз. Бұдан: біз меньшевиктік, эсерлік деп аталатын және түгелдей бүкіл дүние жүзі капиталистерінің ақшасына шығарылатын саяси әдебиетпен сауда жасауға рұқсат етеміз деген мағына тумайды.

Пулеметтер туралы айтқанда мен міне осы туралы айтқан едім, Шляпников жолдас мұны түсінуге тиіс еді. Ал оның айтқандары — түкке тұрғысыз нәрселер!

Сіз мұнымен ешкімді қорқыта алмайсыз және өзіңізге ешқандай аяушылық туғыза алмайсыз! (Қол шапалақтау. Күлкі.)

Байғұс Шляпников! Ленин оған қарсы пулеметтер құрып қоймақ болыпты.

Әңгіме тіпті де қайдағы бір пулеметтер туралы емес, партия жолымен әсер ету шаралары туралы болып отыр. Пулеметтер туралы әңгіме бізде қазір меньшевиктер, эсерлер деп аталатын адамдар үшін айтылады; олар: сіздер капитализмге қарай шегіну туралы айтасыздар, біз де соны айтамыз, біз сіздерді қостаймыз! деп қорытынды жасайды. Мұны біз ұдайы естіп келеміз, ал шетелде: большевиктер меньшевиктер мен эсерлерді түрмеде ұстағысы келеді, өздері капитализмге жол береді деген орасан зор үгіт жүргізілуде. Әрине, біз капитализмге жол береміз, бірақ шаруаларға керекті мөлшерде жол береміз. Бұл қажет! Мұнсыз ша-

руа өмір сүре алмайды және шаруашылығын жүргізе алмайды. Ал эсерлік және меньшевиктік насихатсыз ол, орыс шаруасы, өмір сүре алады деп біз кесіп айтамыз. Кімде-кім керісінше айтса, біз оған: бәріміз түгел қырылатын болсақ та, саған жол бермейміз!— дейміз. Біздің соттарымыз да мұны толық түсінуге тиіс. Біз Бүкіл россиялық төтенше комиссиядан мемлекеттік-саяси соттарға көшетін болғанда, біз съезде таптан тыс соттарды танымаймыз деп айтуымыз керек. Бізде сайланатын, пролетарлық соттар болуға тиіс және соттар біздің не нәрсеге жол беретінімізді білуге тиіс. Соттың мүшелері мемлекеттік капитализм дегеннің не екенін жақсы білуге тиіс.

Бүгінгі күннің саяси ұраны міне осында, мемлекеттік капитализмді неміс профессорларының қалай түсінгені және мемлекеттік капитализмді біздің қалай түсінетініміз туралы таласта емес. Содан бері біз өте көп нәрсені бастан кешірдік, сондықтан артқа қарай жалтақтау мүлде лайық емес.

Преображенскийдің саяси жағынан қандай дәрежеде мүлде лағып отырғанын оның экономикалық бюро туралы немесе программа туралы пайымдауынан көруге болады[70]. Бұл программа сондай тамаша нәрсе, ал біз оны соншалық бұрмалаймыз! Ал қалайша бұлай болуы мүмкін? Бұлай болуының себебі — әріп артынан әріп, жол артынан жол оқылады да, адам одан арғысына көз жібергісі келмейді. Бір цитатты жұлып алады да, міне мұнда талас болды дейді. «Бұл мамандар жөнінде сағырақ болыңдар, өздеріңді тежеңкіреп ұстаңдар» дегендердің емес, жұмысшы факультеттері мен коммунистік ұялардың бағыты дұрыс болды деседі. Коммунистік ұялардың тамаша коммунистік ұялар екені, жұмысшы факультеттерінің тамаша жұмысшы факультеттері екені рас,— бұл солай, бірақ олардың қателеспеуіне кепілдік жоқ, олар әулие емес.

Иә, коммунистік ұялар — біздің партиямыздың өкілдері, жұмысшы факультеттері — біздің табымыздың өкілдері, ал олардың қателесетіні, біздің оларды түзетуге тиісті екеніміз, бұл — ап-айқын ақиқат. Мұнда қалай түзету керек екенін мен білмеймін, өйткені Ор-

талық Комитеттің бұл мәселені талқылаған жиналыстарына мен өзім қатысқан жоқпын. Бірақ жұмысшы факультеттері мен коммунистік ұялардың профессорларға қарсы бағыты мағынасында алғанда біз туралы асыра сілтегендік болғанын білемін. Бірақ Орталық Комитет істі барлық жағынан қарап, мұнда асыра сілтегендік болғанын, бұл профессорлар жөнінде, жат адамдар, бізге жат таптың өкілдері жөнінде бағыт ұстағанда сағырақ болу керек екенін көргеннен кейін, Преображенский келеді де, программаны суырып алып: бұл топқа ешқандай саяси кеңшілік жасалмасын, әйтпесе бұл программаны бұзғандық болады дейді.

Егер партияны осылай басқара бастасақ, бұл бізді апатқа ұрындырары анық. Бұл Преображенский жолдастың жалпы алғанда саясатты теріс түсінетіндігінен емес, оның барлық іске өзінің күшті жағымен келетіндігінен: ол — дағдылы және әдеттегі белгілі бір шеңберге ұмтылған теоретик, насихаттауға бағытталған әр түрлі шаралармен шұғылданатын насихатшы. Бұл күшті жағын жұрттың бәрі біледі және бағалайды, ал ол саяси және әкімшілік тұрғыдан қарағанда, мұнысы бір сұмдық нәрсе болып шығады. Экономикалық бюро құру керек пе?! Жаңа ғана бәрі де сөйлеп, бәрі де келісіп, партия және совет аппараттарының жігін айыру керек деп, толық бірауыздылық білдірді ғой (ал мұның өте зор маңызы бар: әрекет те осы бірлікке байланысты болады).

Мұны істеу сұмдық қиын,— адам жоқ! Міне Преображенский осында: Сталин екі бірдей комиссариатта[71] деп оп-оңай кінәлады. Ал бізде кім кінәлы емес? Бірнеше міндетті бірден арқаламай отырған кім? Қайткенде басқаша істеуге болады? Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатындағы қазіргі жағдайды қамтамасыз ету үшін, Түркістан жөніндегі, Кавказ жөніндегі және басқа мәселелердің бәрін қарап шешу үшін біз қазір не істей аламыз? Мұның бәрі саяси мәселелер ғой! Ал бұл мәселелерді шешу қажет, бұлар — европалық мемлекеттер жүздеген жылдар бойы шұғылданып келген, демократиялық республикаларда тек болмашы бір бөлегі ғана шешілген мәселелер. Біз оларды шешіп

жатырмыз, бұл үшін бізде, ұлт өкілдерінің қай-қайсысы болса да жолығып, істің мән-жайын толық айтып берерліктей адам болуы керек. Оны қайдан іздеп табу керек? Менің ойымша, Преображенский де Сталин жолдастан басқа кандидатураны атай алмаған болар еді.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы жөнінде де осыны айтуға болады. Іс орасан зор. Ал тексеруді жүргізе білу үшін, оны беделді адам басқаруы керек, әйтпесе, біз ұсақ дау-шарға белшемізден батып, малтығамыз.

Преображенский жолдас Экономикалық бюроны ұсынады, бірақ онда партиялық жұмыс пен советтік жұмыстың жігін айыру туралы біздің айтып жүргендеріміздің бәрі зая кетеді. Преображенский жолдас бейне бір жақсы схеманы ұсынады: бір жағынан — Саяси бюро, одан кейін — Экономикалық бюро, Ұйымдастыру бюросы. Бірақ бұл тек қағаз бетінде ғана жып-жылмағай, ал өмірде адам күлерлік нәрсе! Пәрменді саясатқа ебі бар адамның Совет өкіметі бес жыл өмір сүргеннен кейін қалайша мұндай ұсынысты енгізіп, қалайша оны қабылдауды талап ете алатынын мен тіпті түсінбеймін!

Бізде Ұйымдастыру бюросының Саяси бюродан айырмашылығы қандай? Қайсысы саяси мәселе, қайсысы ұйымдастыру мәселесі екенін дәл айыруға болмайды ғой. Кез келген саяси мәселенің ұйымдастыру мәселесі болуы және керісінше болуы мүмкін. Тек орныққан практика ғана — қандай да болсын мәселені Ұйымдастыру бюросынан Саяси бюроға көшіруге болатындығы — Орталық Комитеттің жұмысын дұрыстап жолға қоюға мүмкіндік берді.

Кім де болсын, қашан да болсын басқа ұсыныс жасады ма? Еш уақытта ешкім басқа ұсыныс жасаған жоқ, өйткені ақылға қонымдылық тұрғысынан қарағанда басқа жолды ұсынуға болмайды. Саяси мәселені ұйымдастыру мәселесінен беталды бөлектеуге болмайды. Саясат адамдар арқылы жүргізіледі, ал егер қағазды басқа адамдар жазатын болса, одан еш нәрсе шықпайды.

Өздеріңіз білесіздер ғой, талай революциялар болды,

ол кездегі парламент жиналыстарында қағаздар жазылды, ал оларды басқа таптың адамдары жүзеге асырды. Іс жөнді болып шықпады, сөйтіп оларды қуып шықты. Ұйымдастыру мәселелерін саясаттан бөлектеуге болмайды. Саясат дегеніміз шоғырланған экономика.

Косиор жолдас Орталық Комитет үстінен шағым етеді, фамилияларды атады (мен олардың бәрін жазып алдым) — мен өзім білмеймін және жауап бере алмаймын, бірақ егер сіздер, партия съезі ретінде, білгілеріңіз келсе, әрбір есім бойынша комиссия сайлап, Косиордан және тиісті адамдардан тәптіштеп жауап алу сіздердің міндетіңіз[72]. Мұнда істің мәні мынада: егер Орталық Комитеттен адамдарды бөлу ісін билеу жөніндегі правосын қайтып алатын болсақ, онда ол саясатты бағыттап отыра алмайды. Біз белгілі бір адамдарды бір орыннан екінші орынға ауыстырған кезде қателіктер жіберсек те, дегенмен Орталық Комитеттің Саяси бюросы өзінің жұмыс істеген барлық уақыты ішінде анағұрлым аз қателесті деп айта аламын. Бұл өзін өзі мақтағандық емес. Саяси бюроның жұмысы комиссиялар арқылы, біздің партиямыздың өзі қойған адамдар арқылы тексерілмейді, ол ақ гвардияшылар арқылы тексеріледі, біздің жауларымыз арқылы тексеріледі, бұған саясаттың қорытындысы дәлел болады, ал саясатта ірі қателер болған жоқ.

Осинскийдің күшті жағы — өзі қолға алған іске жігермен және тегеурінді күшпен кірісетіндігі. Оның бұл күшті жағын оның осал жағы азаятындай етіп жолға қою керек. (Осинский — жігерлі адам, айқайға басуы мүмкін,— бірақ дегенмен мұны істеу керек, әйтпесе ол қызметкер ретінде құриды). Мен Орталық Комитетте оның осал жақтарын күшті жақтарымен ұштастыру шараларын біз қолдандық деп ойлаймын.

Осинскийге қарсы ең жақсы айыптау материалы,— егер мен онымен айтысқым келсе, ал мен мұны тілемеймін,— ең жақсы материал Осинскийдің бүгінгі сөзін бастырып, тақтаға іліп қою болар еді... Бір кезде адам-ақ еді...

Халық комиссарының орынбасары және аса маңызды халық комиссариаттарының бірінің басшы қызмет-

көрі болған, кезкелген мәселе бойынша платформа беретін адамдардың алдыңғы қатарында болған ол, бұл адам, кабинеттік системаға көшуді ұсынды[73]. Мен бұл адамды біржолата мерт болды деймін. Мен мұны тексеріп, егжей-тегжейлеп айтысып жатпаймын, мұндағы бүкіл мүдде: Осинский сияқты орасан зор күштің дұрыс пайдаланылуында. Егер Осинский жолдас өзіне Орталық Комитетте жиі айтылған және менің көп қатысым болған кеңестерге жолдастықпен қарамаса және бұл жөнінде өзін өзі тежемесе, ол бүгінгісіндей сөзсіз және біржолата батпаққа батады.

Мұның өзі өздерінің жаратылысып танытуды жақсы көретін адамдарға өте ұнамсыз болады; егер адам жаратылысынан өте дарынды болса және ол мұны танытқысы келсе, бұл талап орынды. Құдай әркімді осындай етсін. Бірақ Орталық Комитет адам жаратылысының пайдалы жағынан танылуын бақылап отыруға тиіс. Егер тіпті осы, былайша айтқанда, тежелуге жататын адам арыз ететін болса да, Орталық Комитет кабинет туралы пайымдау тежелетіндей етуге тиіс. Бұл пайдалы болады. Бұл батпаққа түспеу үшін өз қабілеттеріңді тежеу керек және халық комиссариаттарындағы жолдастармен кеңесіп, жалпы бағытты білдіру керек, ал бізде тым болмаса бір халық комиссариатында қандай да болсын бір нәрсе талассыз істелді ме? Істелген жоқ.

«Басқару жүйесін жақсарту және бұқараны психология жағынан мобилизациялау». Бұл өлімге душар еткендік! Егер съезд саяси реакцияның мұндай көзқарасын ұстанса, бұл өзін өзі өлтірудің ең тура және ең жақсы әдісі болар еді.

«Басқару системасын жақсарту»?! Қазір болып жатқан әбігершіліктен құтылудың жолын табуға жазғай құдай.

Бізде система жоқ па?! Бес жыл бойы таңдаулы күштер осы системаны жасауға жұмсалды! Бұл система — орасан зор алға басқандық.

Практикалық аппарат жаман екен! Істің жайы қандай екенін біз білеміз бе? Білмейміз! Ал Осинский білетін сияқты сөйлейді. Ол отыра қалып, 10 минуттың

ішінде басқару системасын жаза алады ғой, ал егер осы ниетін тежемесек, бұл зиянды болады және саяси қате болады. Ал басқа жағдайда, егер ол келешекте де жұмысқа қазіргісіндей ынтамен ұмтылатын болса, жұмыс өте пайдалы болмақ.

Міне бұл — жоғарыда айтылған пікірді дәлелдейтін мысал. Одан кейін мынау туралы: мен ең маңызды нәрсе жөнінде айтқанда, Преображенский мен Осинский мұны дәлелдеді, ал Ларин мұны одан да бетер дәлелдеді. Оның не істегенін көріңіздер. Ол мені айыптады және өте көңілді түрмен қалжыңдап, күлді.

Оның мұнысы өте жақсы шығады, бұл — оның күшті жағы. Егер Ларин жолдастың бұл күшті жағы оның мұны мемлекеттік жұмыста қолдануына тура келетіндігімен байланысты болмаса, Ларин жолдас республикаға мың есе көп пайда келтірер еді, өйткені ол — өте қабілетті және ұшқыр қиялды адам. Бұл қабілет өте-мөте бағалы. Ол тек ақынға ғана қажет деп ойлау бекер. Бұл есуастық соқыр сенім! Ол математикада да қажет, тіпті дифференциалдық, интегралдық есептеулер де қиялсыз ашылмаған болар еді. Қиял — аса бағалы қасиет, бірақ Ларин жолдаста ол сәл артықтау. Мәселен, мен былай дер едім: егер Ларин қиялының бүкіл қорын РКП барлық мүшелеріне тең етіп бөлсе, сонда өте жақсы болар еді. (Күлкі, қол шапалақтау.) Ал біз әзірге мұндай операция жасай алмайтын болғандықтан, қашан оны жасағанға дейін мемлекеттік, шаруашылық, жоспарлау, экономикалық істерді Ларинге тапсыруға болмайды; егер тапсырсақ, онда бұрынғы Халық шаруашылығы жоғары советіндегідей болып шығар еді, ол кезде Рыков әлі науқас еді, бірақ жұмыс істеп, бүкіл Халық шаруашылығы жоғары советі атынан қол қойған «Ю. Ларин» еді; мұның жаман болған себебі Ларин жолдастың өзінің тек жаман қасиеттерін ғана көрсеткендігінде емес, қайта, ол жақсы қабілеттерін көрсетті, өйткені оның шын берілгендігіне және істі білетіндігіне ешкімнің ешқандай күмәны жоқ, бірақ істің қойылысы дегенмен теріс болды!

Мен міне осыны айттым. Рас, мұның бәрі нақыл ғой.

Бірақ нақыл жайында Камковтың өзі эсерлер съезінде мені келеке
легеп болатын. Камков былай деді: «Ленин бүгін: «Ұрлық жасама» деп уағыздайды, ал ертең оған қоса: «Теріс жолға түспе» дейді. Лениннің барлық даналығы міне осы». Мен мұны эсер Камковтан 1918 жылы-ақ естіген едім[74]. Ал егер өзінің бұл дәлелдерімен бірге зеңбірек даусын қоса дүркіреткен Камков ешқандай әсер етпеген болса, онда Ларин тіпті де әсер ете алмайды. Қазір бұл міндеттерді біздің жаңа экономикалық саясатымыздың негізгі кезеңдеріне бейімдеу керек. Бұл арада Ларин жолдас партияны теріс бағытқа салуға тырысты; ал ол өзінің толып жатқан қабілеттерін көрсететін, өзі жастарға көп пайдасын тигізетін және өзі Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында жасағанындай қателік жасамайтын іспен айналысқан болса, мүлде басқаша болар еді. Онда Ларин жолдас жас ұрпақ үшін із қалдырар еді. Мен жеткілікті айқын айтқан болармын. Сонда Лариннің мұнда жасап отырған былығы болмас еді[75].

Мен шеттен азық-түлік әкелуді пайдалы деп табу және консервілерді совет ақшасына сатып алу туралы Каменевтің Саяси бюроға ұсыныс-директива енгізгенін айттым. Ларин осында осының бәрін өте жақсы естіп отырды және мұның бәрі көкейінде сайрап тұр, сөйте тұрып дереу осы трибунаға шығып былай деді: «Алтын қорын жұмсау үшін Саяси бюродан рұқсат алу керек екенін Ленин науқастығы себепті ұмытып кетіпті, бұл жолы оған кешірейік». Егер Каменев жолдас алтын қорын француз жалдаптарына олардан сатып алынатын консервілер үшін беру жөнінде бізге ұсыныс жасаса, біз оның сөзін тыңдамаған да болар едік. Консервілер алуға бір тиын алтын берген жоқпыз, советтің қағаз ақшасын бердік, көрдіңіздер ме, сонда да сатып алдық. Вульфсон кеше мені: бұл консервілердің сапасы жақсы деп сендірмек те болды (бұл консервілер әлі келмесе де). Бірақ мен оған сенбеймін, әуелі байқап көрейік, өйткені мұнда әлі алдап соғуы мүмкін. Бірақ әңгіме бұл арада Лариннің өзінің шатастырғандығында: бір тиын алтын берген жоқпыз, оның орнына советтің 160 миллиард сом қағаз ақшасын бердік.

Ларин бұлай дегенде, оны қаскөйлік пиғылмен айтып отыр деп ойлау, әрине, адам күлерлік және қисынсыз болар еді; жоқ, әңгіме онда емес, бірақ оның қиялы триллион километр жерге шарықтап ұшады, міне осыдан келіп іс шатасады.

Мұнан кейін ол: Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы темір жол транспортының $^{3}/_{4}$ бөлігін арендаға беруді ұсынды деді. Бір жақсысы, ол мұны партия съезінде айтты, мұнда Кржижановский оның бұл айтқанын сол арада бекерге шығарды. Мұндайлар онша жиі бола бермейді. Ал сіздер, бұлайша айту әрекеті тек партия съезінде ғана болады деп ойлайсыздар ма? Москваның айтыс клубы туралы істің[76] қалай тексерілгенін, жалпы алғанда істің не себепті Москваның айтыс клубы туралы болғанын Орталық Бақылау Комиссиясынан білгілерің келсе, бұл клубта Ларин және Рязанов жолдастар... (Рязанов орнында отырып: «Онда алтын қоры жайында айтқан жоқпын, одан да сорақыны айтқандар болды».) Мен Москвада болған жоқпын, бұл істі тексеруге қатысқан жоқпын, тек қысқаша ғана мағлұматым бар. (Рязанов: «Кез келген лақапқа нануға болмайды ғой»). Мен мұны Сольц жолдаспен әңгімелескенімде білдім; бұл — лақап емес, жоғары партия съезі Орталық Бақылау Комиссиясына тағайындаған адаммен әңгіме; маған сол айтты, ал оның маған айтқаны ешқандай күмән туғызбайды. Мұны лақап деп атау зор ағаттық болады. Орталық Бақылау Комиссиясы айтыс клубының қылығы туралы істі тексерді, мұнан кейін оның істің бұлайша қойылуының терістігін бірауыздан атап көрсетуіне тура келді. Терістігі неде екені маған айқын. Бүгін Ларин, сөздің қызығына түсіп, өз сөзі өзін айдап салғандықтан, сөз арасында: темір жол транспортының $^{3}/_{4}$ бөлігін арендаға беретін болып еді, мұны Орталық Комитет түзетті дегенге дейін барды. Кржижановский: тіпті де олай емес — Орталық Комитет түзеткен жоқ, Ларин шатастырып отыр, дейді. Үнемі осылай болып келеді.

Пайдалы қызметкер Ларинді нағыз пайдалы жұмысқа қоюды, өзі тілемесе де, зиян келтіріп отырған жұ-

мысынан оны босатуды, міне мұндай істі біз төрт жыл бойы үйренбей келеміз.

Тіпті таңқаларлық іс сияқты: пролетариат диктатурасы, террористік өкімет, дүние жүзіндегі барлық армияларды жеңді, тек Лариннің армиясын жеңе алмады. Мұнда толық жеңіліс! Әрдайым кіріспейтін іске кіріседі. Оның орасан мол білімі, адамдарды соңынан ерте білетіндігі қараңғыда карманып жүрген жас ұрпаққа ерекше маңызды пайда келтірер еді. Біз оның білімін пайдалана білмейміз, сондықтан егес, қарсылық басталады; осыдан келіп Орталық Комитеттің Саяси бюросына, Ұйымдастыру бюросына, Орталық Комитеттің пленумдарына айып тағылады, оларды шектен тыс билік жүргізеді деп айыптайды; олардың барлық жолдастарды дұрыс болерліктей жеткілікті билігі немесе беделі болмай шығады.

Мұны ойластырып, бұл мәселені шындап талқылау керек. Жұмыстың салмағы түсетін жер осында, мұны түзету керек. Егер мұны түзетсек,— біз қиыншылықтардан құтыламыз. Біз бұған Осинский мен Ларин сөз қылған аграрлық программаның жаңа міндеттерін сөз қылу арқылы жетпейміз, осындай түзеу арқылы жетеміз. Мен бұл программа жөнінде рецензия жазып, Орталық Комитетке жолдадым*. Мен қазір оны сөз қылмаймын,— оны білгісі келген қандай да болсын партия мүшесі мұны секретариаттан алып оқуға праволы. Рақым етіңіз! Егер Ларин мен Осинскийдің күшін дұрыс пайдаланып, олардың теріс талаптарын тойтарып отырсақ, біз олардың күшін пайдаланудан орасан зор пайда табамыз.

Мен Шляпников туралы бірнеше сөзбен аяқтаймын. Мен ол туралы көбірек айтқым келіп еді. Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша Зиновьевпен бірге Коминтернде 22-нің мәлімдемесіне[77] жауап берген Троцкий бұл тақырыптың жүзден 99-ын қамтыды.

Шляпников жолдас, біріншіден, менің пулеметтер мен үрейшілдер туралы неге қатысты айтқанымды түсінбегенсіді; мені осылайша талай рет соттаған деп

* Қараңыз: осы том, 50—55-беттер. *Ред.*

қалжыңдады. Жолдастар, қалжың, әрине, жақсы нәрсе. Үлкен жиналыста, әрине, қалжыңсыз сөз сөйлеуге болмайды, өйткені адамдар шаршады; адамша ұғыну керек қой. Бірақ қалжыңға айналдыруға болмайтын нәрселер бар; партияның бірлігі сияқты нәрсе бар.

Барлық жағымыздан жау қоршап отырғанда, Милюковты сол жаққа ауыстырып отырғызуға, ал эсерлерді қандай да болсын газеттер шығаруға керекті ақшамен жабдықтауға, Вандервельдені, Отто Бауэрді айдап салуға, эсерлердің сотталуы жөнінде науқан көтеруге, большевиктер айуандар деп даурығуға халықаралық буржуазияның ақылы жетіп отырғанда, бұл адамдар саясатты жүздеген жылдар бойы үйренген, олардың иелігінде миллиардтаған сом, франк және т. с. алтын ақша болып отырғанда, осылардың бәрі өзімізге қарсы болып отырғанда,— міне мұндай жағдайда, Шляпников жолдас сияқты, «мені Орталық Комитетте соттады» және т. т. деп қалжыңдау,— бұл, жолдастар, кісі күйінерлік іс. Партия съезі нақты қорытындылар жасауы керек. Біз Орталық Комитетте бостан-босқа соттамаймыз! Шляпниковқа сот құрылды, бірақ оны партиядан шығаруға Орталық Комитетте үш дауыс жетпеді[78]. Партия съезіне жиналған партия мүшелерінің бұған назар аударып, Орталық Комитеттің бұл жиналысының протоколын алулары керек. Мұнымен қалжыңдауға болмайды!

Сіздердің Коминтернге арыз етуге заңды праволарыңыз бар. Бірақ мұндай арыз етуден көп бұрын Орталық Комитеттің басым көпшілігі Шляпников жолдасты шығаруды қостады,— бірақ дауыс саны заңды түрдегі үштен екі бөлікке жетпеді. Мұнымен қалжыңдауға болмайды! Металлистер съезі мүшелері фракциясының жиналысында Шляпников жолдас тұп-тура жікке бөлінуге шақырғап үгіт жүргізді, сіздердің мұнымен танысқандарыңыз артық болмайды[79].

Коллонтай жолдастың кітапшасының ролі туралы Троцкий жолдас айтты.

Егер біз мұндай істерді қалжыңға айналдыратын болсақ, онда біздің қазіргідей жағдайымыздың ауыр кезінде төтеп беруіміз туралы сөз болуы мүмкін емес.

Біздің тотеп беруіміз үшін мен үш шарт қойдым: бірінші шарт — егер интервенция болмаса, екінші шарт — егер финанс дағдарысы тым ауыр болмаса, үшінші шарт — біз саяси қателер жасамасақ.

Осындағы шешендердің біреуінің айтуына қарағанда, мен саяси шиеленісулер туралы айтқан сияқтымын. Жоқ, мен саяси қателер туралы айттым. Егер біз саяси қате жасамасақ, онда мен, партияның жүзден 99-ы да, қазіргі кезең оқып үйренетін кезең екенін түсінетін партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалар да бізбен бірге болады деп айта аламын.

Қызыл Армияның бір жылдығы туралы өзінің мақаласында Троцкий жолдастың: «үйрену жылы» дегені есіме түседі. Бұл ұран партия үшін де, жұмысшы табы үшін де дұрыс. Бұл уақыттың ішінде бізде қаһарман адамдар көбейе түсті, олар бүкіл дүние жүзілік тарихтағы шұғыл өзгерісті сөзсіз баянды етті. Мұның өзі қазір алдымызға қойылып отырған: «үйрену жылы» деген міндетті түсінбеуімізді ақтағандық емес.

Қазір біз бұдан бір жыл бұрынғымыздан анағұрлым нық басып тұрмыз. Әрине, қазір де буржуазия жаңа интервенция жасап байқағысы келеді, бірақ бұл оларға бұрынғысынан гөрі қиынырақ соғады; бүгін бұл кешегіден қиынырақ.

Үйренуді жүзеге асыру үшін, біз саяси қатеге жол бермеуге тиіспіз. Біз, Шляпников жолдас сияқты, партияның бірлігін ойыншық ету үшін уақыт өткізбеуге тиіспіз. Бұлай ойнауға болмайды! Партия ішіндегі күрестен көп зиян шегетінімізді біз білеміз. Жолдастар, бұл сабақты ұмытуға болмайды! Міне биыл Орталық Комитет партияның былтырғыға қарағанда съезге фракцияшылдықты азайтып, бірлікті нығайтып келіп отырғанын толық правомен айта алады. Партиямыздағы фракцияшылдық түгел жойылды деп мақтанғым келмейді. Бірақ бұл фракцияшылдықтың азайғаны — қазірдің өзінде дәлелденген мейлінше даусыз факт.

«Жұмысшы оппозициясы» бұрынғы оппозицияның қалдығы екенін өздеріңіз білесіздер. 22-нің мәлімдемесіне қойылған қолдарды X съезд алдында болған платформаға қойылған қолдармен салыстырып көріңіздер[80].

Мұнда түгел қол қойылмаған. Өздерінің Коминтернге арыз ету правосын заңды пайдаланатын адамдарға Мясниковты жақтап өтініш жасаудың заңсыз болғанын айту қажет. Мясников оқиғасы өткен жылдың жазында болды[81]. Ол кезде мен Москвада болмадым, сол себепті мен оған ұзақ хат жаздым*, бұл хатты ол өзінің кітапшасына енгізді. Бұл адамның қабілеті бар екенін, онымен сөйлесуге болатынын мен көрдім, бірақ бұл адамға, егер ол мұндай сынмен топқа түссе, мұнысы орынсыз болатынын айту қажет.

Ол: бұл аудандағы барлық наразыларды жинаңдар, деп хат жазып отыр. Иә, бұл аудандағы барлық наразыларды жинау тіпті де қиын емес. Шляпниковтың осында сөйлеген, ал Медведев жолдастың мұнда сөйлемеген сөздері міне осылар. (Медведев отырған орнынан: «Сізді кім хабарландырады?».) Мені РКП съезі белгілеген мекемелер: Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы, Орталық Комитеттің Секретариаты, Орталық Бақылау Комиссиясы хабарландырады. Тілесеңіз, солардан сұраңыз, сонда Медведев жолдастың қандай сөздер сөйлейтінін көресіздер. Егер мұны тоқтатпасақ, біз бірлікті сақтай алмаймыз, ал бірлікті өзіміздің басты жеңісіміз деуге де болады; өзіміздің қателерімізді аяусыз ашып, олар туралы айтып отыру қажет. Егер біз мұны айқын түсінсек,— ал бұл съезде бұған жетіп отырмыз,— онда біздің қателерді түзете білетіндігімізге титтей де күмән жоқ. (Ду қол шапалақтау.)

Қысқаша газет есебі
1922 ж. 29 мартта «Известия ВЦИК» газетінің 71-номерінде басылған

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 82—88-беттер. *Ред.*

4

РКП(б)-ның КОМИНТЕРНДЕГІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ЕСЕБІ БОЙЫНША ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫС

Біртұтас майдан тактикасының мақсаты мен мәнісі тіпті II және II$^{1}/_{2}$ Интернационалдардың көсемдеріне де осындай күресті бірлесе жүргізу жөнінде қайталап ұсыныс жасаумен шектелмей, капиталға қарсы күреске жұмысшылардың барған сайын қалың бұқарасын тарта беруде болып отыр. Жұмысшылардың көпшілігі қазір өзінің, «жалпы ұлттық», яғни буржуазиямен ортақ өкілдігін емес, таптық, яғни советтік өкілдігін орнатып, буржуазияның саяси үстемдігін құлатып болған кезде, біртұтас майдан тактикасы меньшевиктер («РСДРП») және «Социалист-революционерлер партиясы» (с.-р.) сияқты партияларға сөз салуды, әрине, талап ете алмайды, өйткені олар Совет өкіметінің дұшпандары болып шықты. Совет өкіметі тұсында жұмысшылар бұқарасына өз ықпалымызды *меньшевиктерге және социалист-революционерлерге* сөз салу арқылы *емес*, қайта жоғарыда көрсетілген жолмен ұлғайтуға тура келеді[82].

1922 ж. 29 март пен 2 апрель аралығында жазылған

5
ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ[83]

Н. ОСИНСКИЙГЕ ХАТ

1. IV. 1922 ж.

Осинский жолдас!

Партия съезінің ауыл шаруашылық секциясының жұмысы жөнінде біздің Сізбен әңгімемізге ой жібере отырып, мен қазір мынадай міндет бәрінен де маңызды деген қорытындыға келдім:

> біз жер-жердегі шаруашылық өмірдің фактілерін әзірше жеткіліксіз жинап отырғанымызда, біз қазіргі шаруа шаруашылығының шын мәнісіндегі жағдайы мен қажеттерін әзірше жеткіліксіз зерттеп отырғанымызда, қандай да болсын жарлықтармен, директивалармен немесе ережелермен өзіміздің (партияның да, Совет өкіметінің де) қолымызды байламауымыз керек;
>
> қазіргі уақытта неғұрлым қауіпті, зиянды болатын және жер-жердегі өкімет орындарын оңай шатастыруы мүмкін іске, атап айтқанда: қажетсіз және сәтсіз, дүмбілез, тәжірибеде тексерілмеген регламентацияға ешбір жол бермеу керек.

Советтердің соңғы съезі бағыт берді[84]. Партия съезінің міндеті, меніңше, мынада: ауыл шаруашылық секциясында бұл бағытты қолдануды *жер-жердің практикасы* мен *тәжірибесі* тұрғысынан талқылау; РКП Орталық Комитетіне де, Егіншілік халық комиссариатына да (жалпы алғанда Совет өкіметіне) тексерілетін фактілерді неғұрлым мұқият және толық жинау жөнінде бұйрық беру; Бүкіл россиялық Орта-

лық Атқару Комитетінің таяудағы сессиясының коммунистік фракциясына Советтер съезінің шешімін нақтылап талдағанда, яғни бұл шешімді жаңа және неғұрлым егжей-тегжейлі заңдарға айналдырғанда, іске білмей араласу арқылы ауыл шаруашылық өндірісінің ойдағыдай дамуына қиындық келтірмеу үшін, барынша сақтық жасау жөнінде бұйрық немесе, дұрысырақ айтқанда, директива беру.

Біз *жергілікті жерлердегі* ауыл шаруашылық өмірінің шын мәнісіндегі қажеттерін және өзіміздің жергілікті өкімет аппаратының шын мәнісіндегі қабілеттерін (жақсылық істесем деген игі тілекке бола зиян келтірмеу қабілеттерін) әзірге әбден зерттемей отырғанымызда, меніңше, қазіргі уақытта дүниеде бәрінен бұрын нақ іске білмей араласудан қатты қорқу керек.

Сондықтан мен, ауыл шаруашылық секциясының жұмысына сүйеніп, партия съезінің қарары *шамамен айтқанда* мына түрде болғаны дұрыс деп білемін:

1. Партия съезі, ауыл шаруашылық секциясының жұмысы туралы хабарды тыңдап, оны еске алады; жер-жердегі жұмыстың тәжірибесі туралы жиналған материалдың жеткіліксіздігін атап көрсетеді және жергілікті практикалық тәжірибені мұқият жинап, зейін сала зерттеуді партияның да, сол сияқты барлық совет мекемелеріндегі коммунистік фракциялардың да бірінші кезектегі міндеті етіп алға қояды.

2. Съезд ауыл шаруашылық кооперациясының мекемелерін таратып жіберу (немесе асығыс қайта құру ма?) шараларын қате деп есептеп, бұл жөнінде неғұрлым сақтық жасауды ұсынады.

3. Ауыл шаруашылығында жалдама еңбекті қолдану және жерді арендалау шарттары туралы мәселе жөнінде партия съезі бұл саладағы барлық қызметкерлерге екі мәселенің екеуін де орынсыз формальдылықтармен тежемеуді және Советтердің соңғы съезінің шешімдерін жүзеге асырумен, сол сияқты жоғарыда айтылғандар жөніндегі шектен шығушылықтарды, зиянды асыра сілтеушіліктер-

ді нақ қандай практикалық шаралармен тежеу қолайлы екенін зерттеумен шектелуді ұсынады.

4. Съезд егіс көлемін тез ұлғайту, жер жыртуды арттыру, ауыл шаруашылық өнімдерінің мөлшерін көбейту, шаруаларды ауыр мұқтаждықтан арылту ісіне практикалық көмек көрсетуді шаруалар арасындағы бүкіл партиялық жұмыстың бірінші кезектегі және ең басты мақсаты деп біледі; мұнымен бірге шаруалардың ең кедей бөлегіне көмектесіп, барлық күш, қаражатпен қолдап, ынталандырып отыру керек, қазіргі қиын жағдайда да өздерінің бұл жөніндегі жарамдылығын практикада көрсететін шараларды белгілеуге қажырлы еңбекпен ұмтылу керек.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

6
«ПРАВДАДА» ХАБАРЛАНДЫРУЛАР БАСУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ 2 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[85]

Жолдастар! Осында көрінеу ағаттық жіберіліп отыр. Мен қорытынды сөз сөйлеу үшін емес, кезегім келгендіктен сөз алдым (мұны председатель жолдас атап көрсетті). Мен съезден қабылданған тәртіп пен нормадан сәл шегініс жасауды өтіну үшін кезегіме орай сөз сұрадым. Шешім қабылданып болғаннан кейін бұл мәселеге араласудың қандайы болсын дұрыс емес деп саналатын тәртіп бар. Мен жаңсақ қабылданған шешімге қарсы пікір айту үшін съезден өзіме 4—5 минут уақыт беруді өтінемін.

Съездің осы шешімді қабылдағанын естігенімде және бұл шешімді Рязанов жолдастың қорғағанын естігенімде... (Рязанов: «Бұл қате».) Онда тіпті жақсы, тым болмаса бір жаңсақ шешім Рязановқа соқпай өткен екен. Егер біздің алдымызда шынында да он екі жасар жап-жас аңқау қыз болса, дүниеде коммунизм бар екенін ол кеше ғана естіп, қызыл лепталар тағып, аппақ көйлек киген болса және коммунистер дегеніңіз кілең бір саудагерлер деген болса,— онда бұл кісі күлерлік нәрсе болар еді, бұған рақаттанып күліп алуға болар еді, ал біз шындап не істеп отырмыз? Сіздер «Правданы» хабарландырудан ада қылмақшысыздар, ал ол ақшаны қайдан алмақ? «Известиядан» қалып қоймауы үшін «Правдаға» қанша ақша керек? деген сұрақ туады. Сіздер білмейсіздер ғой? Ендеше мен де білмеймін!

7
СЪЕЗДІ ЖАБАРДА 2 АПРЕЛЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Жолдастар! Біздің съезіміздің жұмысы аяқталып келеді.

Бұл съезді осының алдындағы съезбен салыстырғанда көзге түсетін бірінші өзгешелік — күшті топтасқандық, күшті бірауыздылық, күшті ұйымдық бірлік.

Өткен съездегі оппозицияның бір бөлегінің кішкене бір бөлшегі ғана өзін партиядан тысқары қойды[86].

Кәсіподақтар туралы және жаңа экономикалық саясат туралы мәселеде біздің партиямыздың ішінде алауыздық болмай шықты немесе елерліктей дәрежеде болмай шықты.

Бұл съезде біздің қолымыз жеткен түбегейлі және басты «жаңалығымыз» сол, біздің партиямызды алжыды, ақыл-ойының алғырлығынан, өзінің бүкіл организмінің икемділігінен айрыла бастады деп талмай қақсап келген, қазір де қақсап отырған жауларымыздың айтқандарының қате екендігі қызу дәлелденді.

Жоқ. Біз бұл икемділіктен айрылған жоқпыз.

Әрі Россиядағы, әрі бүкіл дүние жүзіндегі оқиғалардың бүкіл объективтік барысына қарай,— алға басу керек болғанда, жанқиярлық жүректілікпен, шапшаңдықпен, батылдықпен жауға шабуыл жасау керек болғанда, біз осылайша шабуыл жасадық та. Тағы керек болса тағы шабуыл жасаймыз және бір рет емес, талай рет шабуыл жасаймыз.

Біз бұл ісімізбен өзіміздің революциямызды дүниеде әлі болып көрмеген деңгейге көтердік. Әлі де миллион-

даған және жүз миллиондаған адамды қаншама жауыздыққа, күйзеліске және азапқа ұшырата алатын болса да, дүние жүзінде ешқандай күш біздің революцияның негізгі жеңістерін кері қайтарып ала алмайды, өйткені бұл енді «біздің» жеңістеріміз емес, бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңістер.

Ал 1921 жылдың көктеміне қарай біздің революцияның алдыңғы қатарлы отрядына өзі шеберлікпен алға бастауға тиісті болған халық бұқарасынан, шаруалар бұқарасынан қол үзу қаупі туған кезде, сол кезде біз бірауыздан және кәміл шегіну керек деген шешімге келдік. Сөйтіп, біз өткен жылы, жалпы және тұтас алғанда, революциялық тәртіппен шегіндік.

Дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде пісіп жетіліп келе жатқан пролетариат революциялары жанқиярлықпен күресе білуді және шабуыл жасай білуді революциялық тәртіппен шегіне білумен ұштастырмайынша, өз міндетін орындай алмайды. Революцияның бірінші кезеңіндегі біздің тәжірибеміз, жанқиярлықпен батыл шабуыл жасау тәжірибеміз барлық елдер жұмысшыларының сөзсіз кәдесіне жарайтыны сияқты, біздің күресіміздің екінші кезеңінің тәжірибесі, яғни шегіну тәжірибесі де келешекте, тым болмағанда кейбір елдер жұмысшыларының кәдесіне жарайтын болады.

Енді біз шегінуді аяқталды деп білуге қаулы алдық.

Мұның өзі — біздің саясатымыздың бүкіл міндеті жаңаша алға қойылады деген сөз.

Енді мәселенің барлық түйіні мынада: авангард өзін өзі пысықтаудан, өзін өзі қайта құрудан, өзінің даярлығының жеткіліксіздігін, шеберлігінің жеткіліксіздігін ашық мойындаудан қорықпауы керек. Мәселенің барлық түйіні мынада: ендігі жерде анағұрлым қалың әрі қуатты бұқарамен, атап айтқанда нақ шаруалармен бірге ілгері басуымыз керек, шаруаларға көмектесуді, оларды алға бастауды үйреніп келе жатқанымызды және үйренетінімізді оларға ісімізбен, практикамызбен, тәжірибемізбен дәлелдеуіміз керек. Қазіргі халықаралық жағдайда, Россиядағы өндіргіш күштердің қазіргі дәрежесінде мұндай міндетті өте баяу болса

да, сақтықпен, іскерлікпен, өзіміздің әрбір қадамымызды практика жүзінде мың мәрте тексере отырып қана орындауға болады.

Егер біздің партиямызда осылай өте баяу болса да, аса сақ ілгері басуға қарсы дауыс көтерушілер табылса, олар жалғыз-жарым болады.

Бұл кезеңде өз жұмысын нақ осылай жәпе тек қана осылай құру керектігін партия, тұтас алғанда, ұғынды және мұны ұғынғандығын енді ісімен дәлелдейді. Ал біз мұны ұғынған екенбіз, онда өз мақсатымызға жете білеміз!

Россия коммунистік партиясының XI съезін жабылды деп жариялаймын.

«Правда» № 76 және
«Известия ВЦИК» № 76,
4 апрель, 1922 ж.

СЕКРЕТАРИАТТЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Орталық Комитет Секретариатқа ресми қабылдау сағаттарының бөлінуін қатаң белгілеп, бұлжытпай орындауды және оны жариялауды тапсырады; бұл ретте мынадай ереже қабылдансын: секретарьлар, шын мәнінде принциптік басшылық ету жұмысынан басқа ешқандай жұмысты жеке өз міндетіне алмай, мұндай жұмысты өздерінің көмекшілері мен техникалық секретарьларына тапсыруға тиіс.

Сталин жолдасқа өзін советтік мекемелердегі жұмыстан (принциптік басшылық ету жұмысынан басқасынан) босата алатындай орынбасарлар мен көмекшілерді дереу іздестіріп табу тапсырылады.

Орталық Комитет Ұйымдастыру бюросы мен Саяси бюроға 2 апта мерзім ішінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясы коллегиясының мүшелігіне және орынбасарлыққа кандидаттардың тізімін табыс етуді тапсырады[87].

1922 ж. 3 апрельде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БІЗГЕ ТЫМ ҚЫМБАТҚА ТҮСТІ[88]

Айталық, буржуазияның уәкілдері жұмысшылардың едәуір көп адам қатысқан жиналысында өздерінің насихатын жүргізіп жатқан үйге коммунистердің өкілінің кіруі керек. Одан әрі, айталық, бұл үйге кіргізгені үшін буржуазия бізден көп ақы талап етеді. Егер ақы бұрын келісіліп қоймаса, өз партиямыздың бюджетіне ауырлық келтірмеу үшін, біз, әрине, саудаласуға тиіспіз. Егер біз бұл үйге кіру үшін тым қымбат төлесек, бұл — біздің, сөз жоқ, қателескеніміз. Бірақ, бұған дейін реформистердің, яғни буржуазияның ең сенімді достарының, айталық, ерекше «ықпалында» болып келген жұмысшылар алдында өз сөзімізді айту мүмкіндігінен бас тартқаннан гөрі,— ең болмағанда біз жақсылап саудаласуды үйренгенге дейін,— көп ақы төлегеніміз артық.

Үш Интернационалдың өкілдері арасындағы келісімнің қандай шарттармен жасалғаны туралы Берлиннен телеграф арқылы алынған хабарды мен бүгінгі «Правдадан» оқығанымда осы теңеу ойыма келді.

Менің білуімше, біздің өкілдеріміз төмендегі екі шартты қабылдап, теріс істеді: бірінші шарт — Совет өкіметі 47 социалист-революционердің ісі бойынша өлім жазасын қолданбайды; екінші шарт — Совет өкіметі барлық үш Интернационалдың өкілдеріне сот мәжілістерінде болуға рұқсат етеді.

Бұл екі шарттың екеуі де — революцияшыл пролетариаттың реакцияшыл буржуазияға саяси кеңшілік

бергендігі, одан басқа еш нәрсе емес. Мұндай анықтаманың дұрыстығына біреу мірeу күмәндапатын болса, онда мұндай адамның саяси аңғалдығын ашу үшін, оған мынадай сұрақ қою жеткілікті: Ирландия жұмысшыларын көтеріліс жасағаны үшін айыптау жөніндегі процеске[89] немесе Оңтүстік Африканың жұмысшыларын жақын арада көтеріліс жасағаны үшін айыптау жөніндегі процеске [90] барлық үш Интернационал өкілдерінің қатысуына ағылшын үкіметі немесе осы күнгі басқа бір үкімет ризалық бере ме? Бұл және мұндай реттерде ағылшын үкіметі немесе басқа үкімет өзінің саяси дұшпандарына өлім жазасын қолданбауға уәде беруге көне ме? Мынадай қарапайым ақиқатты: бүкіл дүние жүзінде реакцияшыл буржуазияның революцияшыл пролетариатқа қарсы күресін көріп отырғанымызды түсіну үшін әлгі сұраққа біраз ой жіберудің өзі жеткілікті. Бұл күресте екі жақтың бірі болып отырған Коминтерн бұл ретте екінші жаққа — реакцияшыл буржуазияға саяси кеңшілік беріп отыр. Өйткені, іс жүзінде, кейде формальды түрде бүкіл халықаралық реакцияшыл буржуазиямен біртұтас майдан құрып әрекет жасай отырып, эсерлердің коммунистерге оқ атқанын және оларға қарсы көтерілістер жасағанын дүние жүзінде жұрттың бәрі (айқын шындықты жасырғысы келетіндерден басқаның бәрі) біледі.

Мұның есесіне халықаралық буржуазия бізге қандай кеңшілік берді? — деген сұрақ туады. Бұған тек бір ғана жауап болуы мүмкін: бізге ешқандай кеңшілік берген жоқ.

Тап күресінің бұл қарапайым және айқын ақиқатын көлегейлейтін пайымдаулар ғана, жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасының көзіне топырақ шашатын пайымдаулар ғана бұл айқын ақиқатты күңгірттендіруге тырысуы мүмкін. Берлинде III Интернационалдың өкілдері қол қойған келісім бойынша біз халықаралық буржуазияға қазірдің өзінде екі саяси кеңшілік бердік. Біз одан мұның есесіне ешқандай кеңшілік алған жоқпыз.

II және II$^1/_2$ Интернационалдардың өкілдері саяси кеңшілікті тілемсектікпен сұрап алушылар ролін ат-

қарды, пролетариат буржуазияға осындай кеңшілік берді, сөйте тұрып халықаралық буржуазия тарапынан революцияшыл пролетариатқа қандай да болсын саяси кеңшілік әперуден немесе тіпті әперуге әрекет жасаудан үзілді-кесілді бас тартты. Әрине, буржуазиялық дипломатияның шебер өкілдері (буржуазия көптеген ғасырлар бойы өз табының өкілдерін жақсы дипломат болуға үйретті) бұл даусыз саяси фактіні көлегейлеп келді, бірақ фактіні көлегейлеуге әрекеттенуден фактінің өзі титтей де өзгермеді. II және $II^{1}/_{2}$ Интернационалдардың белгілі бір өкілдері буржуазиямен тікелей немесе жанама түрде байланысты болды — бұл мәселе қазіргі жағдайда онша маңызды емес. Біз оларды тікелей байланыс жасады деп айыптап отырған жоқпыз. Бұл арада тікелей байланыс болды ма, әлде барынша шытырман жанама байланыс болды ма, оның іске ешбір қатысы жоқ. Іске қатысы бары мынау ғана: II және $II^{1}/_{2}$ Интернационалдар уәкілдерінің қысым көрсетуімен Коминтерн халықаралық буржуазияға саяси кеңшілік берді және мұның есесіне біз ешқандай кеңшілік алған жоқпыз.

Бұдан қандай қорытынды туады?

Бәрінен бұрып мынадай қорытынды туады: Коммунистік Интернационалда өкілдік еткен Радек, Бухарин және басқа жолдастар дұрыс істемеді.

Содан соң. Бұдан — біз олар қол қойған келісімді бұзуға тиіспіз деген қорытынды туа ма? Жоқ. Менің ойымша, мұндай қорытынды дұрыс болмас еді және қол қойылған келісімді бұзуымыздың жөні жоқ. Біз тек қана мынадай қорытынды жасауға тиіспіз: буржуазиялық дипломаттар бұл жолы біздің дипломаттардан шеберлеу болып шықты, ал келесі жолы — егер үйге кіру ақысы күн ілгері келісілмесе — біздің саудаласып, шеберірек маневр жасауымыз керек болады. Егер мұның есесіне біз Советтік Россия жөнінде немесе капитализмге қарсы күрес жүргізіп жатқан халықаралық пролетариаттың басқа отрядтары жөнінде халықаралық буржуазиядан азды-көпті тең түсерліктей кеңшілік алмайтын болсақ, онда халықаралық буржуазияға саяси кеңшілік (қандай да болсын делдал-

дар бұл кеңшіліктерді қаншама шебер бүркемелесе де) бермеуді біз өзімізге ерекше етіп белгілеуіміз керек.

Біртұтас майдан тактикасына қарсы болған итальян коммунистері және француз коммунистері мен синдикалистерінің бір бөлегі жоғарыда айтылған пайымдаулардан: біртұтас майдан тактикасы қате деген қорытынды жасауы мүмкін[91]. Бұл қорытынды көрінеу теріс болады. Егер коммунистердің уәкілдері, бұған дейін реформистердің ерекше «ықпалында» болып келген жұмысшыларға сөз арнауға өздері біраз, аз да болса, мүмкіндік алатын үйге кіру үшін тым қымбат төлесе, онда келесі жолы бұл қатені түзетуге тырысу керек. Бірақ, бұл барынша күшті күзетілетін, есігі жабық үйге кіру үшін қойылатын қандай да болсын шарттардан және қандай да болсын ақы төлеуден бас тарту әлдеқайда үлкен қате болар еді. Радек, Бухарин және басқа жолдастардың қатесі зор емес; мұның зор болмайтын тағы бір себебі — біз мықтағанда, Советтік Россияның Берлин кеңесінің қорытындыларымен қайраттанған жауларының жеке адамдарға екі-үш қастандық жасау қаупіне ұшыраймыз, ал олардың бұл арам пиғылға жетуі де мүмкін. Өйткені олар коммунистердің өздеріне оқ атуына бөгет жасайтын Берлин кеңесі сияқты кеңестің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, коммунистерге өздері оқ ата алатындығын қазір күн ілгері біліп отыр.

Бірақ қайткенде де біз есігі жабық үйге біраз саңылау жасадық. Қайткенде де Радек жолдас Версаль шартын бұзу туралы ұранды демонстрация ұрандары қатарына қосудан II Интернационалдың бас тартқандығын[92], жұмысшылардың бір бөлегі алдында болса да, әшкерелей алды. Итальян коммунистерінің және француз коммунистері мен синдикалистерінің бір бөлегінің орасан зор қатесі — олардың өздеріндегі бар біліммен қанағаттанатындығында. Олар II және II$^1/_2$ Интернационалдардың өкілдерінің, сондай-ақ Пауль Леви, Серрати және т. с. мырзалардың буржуазияның ең шебер уәкілдері және оның ықпалын таратушылар болып табылатындығын өздерінің жақсы білетіндігімен қанағаттанады. Бі-

рақ мұны шын мәнісінде әбден білетіп және мұның маңызын шын мәнісінде ұғынатын адамдар меп ұғынатын жұмысшылар, күмән жоқ, Италияда да, Англияда да, Америкада да, Францияда да азшылық. Коммунистер өздерімен өздері болып кетпеуге тиіс, қайта, белгілі бір құрбандықтар жасаудан тартынбай, қандай да болсын жаңа және қиып істің бас кезінде сөзсіз болатын қателерден қорықпай, олар буржуазияның өкілдері жұмысшыларға ықпал жасап отырған жабық үйге епетіндей болып қимыл жасауды үйренуге тиіс. Мұны түсінгісі келмейтін және мұны үйренгісі келмейтін коммунистер жұмысшылар арасында көпшілікке ие боламын деп үміттене алмайды, пемесе, қайткенде де, олар мұндай көпшілікке ие болу ісін қиындатады және баяулатады. Ал мұның өзі — коммунистер үшін және жұмысшы революциясын шын мәнісінде жақтаушылардың бәрі үшін мүлде кешірілмейтін нәрсе.

Буржуазияның дипломаттары Коммунистік Интернационалдың өкілдерімен тағы да шебер болып шықты. Берлин кеңесінің сабағы осындай. Біз бұл сабақты ұмытпаймыз. Біз бұл сабақтан қажетті қорытындылардың бәрін жасаймыз. II және II½ Интернационалдардың өкілдеріне біртұтас майдан қажет, өйткені олар бізді біздің тарапымыздан болатын шектен тыс кеңшіліктер арқылы әлсіретеміз деп сенеді; олар біздің коммунистік үйімізге ешқандай ақы төлемсіз енеміз деп сенеді; олар біртұтас майдан тактикасы арқылы жұмысшыларды: реформистік тактика дұрыс, революциялық тактика теріс деп сендірмек болады. Бізге біртұтас майдан қажет, өйткені біз революциялық тактиканың дұрыстығына жұмысшылардың көзін жеткіземіз деп сенеміз. Ал коммунистік өкілдеріміздің қателерін біз оларға және бұл қателерге жол берген партияларға жүктейміз, сөйтіп, бұл қателерден сабақ алып үйренуге және келешекте ол қателерді қайталамауға тырысамыз. Бірақ ешбір жағдайда да біз өз коммунистеріміздің қателерін пролетариат бұқарасына аудармаймыз, өйткені бүкіл дүние жүзінде өзіне шабуыл жасаушы капиталдың тегеурініне бетпе-бет қарсы тұрған сол бұқара. Бұл бұқараның капиталға қарсы кү-

ресуіне көмектесу үшін, бүкіл халықаралық экономикадағы және бүкіл халықаралық саясаттағы екі майданның «айлалы механикасын» түсінуіне көмектесу үшін, біз осы үшін біртұтас майдан тактикасын қабылдадық және оны ақырына дейін жүргіземіз.

1922 ж. 9 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

«Правда» № 81, 11 апрель, 1922 ж.
Қол қойған: Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ЗАПИСКАЛАР ЖӘНЕ ҚАУЛЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ

1

Молотов жолдас, осы мақаланы және менің төмендегі ұсыныстарымды Саяси бюроның мүшелеріне жағалата оқыту арқылы дауысқа салуыңызды өтінемін.

1. Ленин жолдастың бұл мақаласын сейсенбіде «Известияда» және «Правдада» басуға қарсылық болмасын.

2. Берлин келісімін осы тұрғыдан бағалау жөнінде, әсіресе социалист-революционерлер мен меньшевиктердің, осы екі партияның оң қанатының және халықаралық буржуазияның арасындағы іс жүзіндегі байланыстың дәл фактісін егжей-тегжейлі ашып көрсету жөнінде советтік және партиялық баспасөзге директива берілсін.

3. Осы мақсаттар үшін Савинковтың «Большевиктерге қарсы күрес» деген кітапшасын және Ст. Ивановичтің «Орыс социал-демократиясының ымырт шағы» деген кітапшасын, бұл кітапшалардың екеуі де меньшевиктер мен социалист-революционерлердің оң қанатының халықаралық реакциямен нақты байланыстылығын дәлелдегенін толық түсіндіре отырып, европалық тілдердің бәрінде басып шығару ісі тездетілсін.

4. Мұндай және осы сияқты материалдардың тиісті түсініктемелермен барлық тілдерде мүмкіндігінше тезірек басып шығарылуын бақылау Троцкий жолдасқа жүктелсін.

5. Телеграф арқылы Радек жолдасқа Берлин кеңе-

сінің толық протоколдарын алып мүмкіндігінше тезірек Москваға келу ұсынылсын.

6. Бухарин жолдасқа толық емделуге бару міндеттеліп, оның Россияға қайтуына тыйым салынсын.

Ленин

1922 ж. 9 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет, секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

2

Саяси бюроға арнап
Сталин жолдасқа

Зиновьев жолдастың ұсынысы жөнінде енді Радекті шақырмауды, ал Берлин кеңесінің толық протоколдарының бәрін дипломатиялық почтамен жіберуді талап етумен шектелуді жақтап дауыс беремін.

Бухариннің мұнда келуіне барынша батыл қарсылық білдіремін, өйткені бұл оның емделуіне орынсыз кедергі болады[93].

Ленин

1922 ж. 10 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет, секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ЧАРЛЗ П. ШТЕЙНМЕЦКЕ ХАТ[94]

Moscow. 10. IV. 1922.

Қымбатты мистер Штейнмец!

Сіздің 16. II. 1922 ж. достық хатыңыз үшін Сізге шын жүректен алғыс айтамын. Мен, ұялсам да, мынаны мойындауға тиіспін: Сіздің есіміңізді бұдан тек бірер ай бұрын ғана бірінші рет Кржижановский жолдастан естідім, ол біздің «Россияны электрлендіру жоспарын әзірлеу жөніндегі мемлекеттік комиссияның» председателі болған еді, ал қазір «Мемлекеттік жалпы жоспарлау комиссиясының» председателі. Ол маған Сіздің бүкіл дүние жүзі электротехниктерінің арасында үздік орын алып отырғаныңызды айтты.

Мартенс жолдас Сіз туралы өзінің әңгімелері арқылы мені қазір Сізбен көбірек таныстырды. Бұл әңгімелерден мен мынаны көрдім: Сізді Советтік Россияға тілектестікке жеткізген, бір жағынан, Сіздің әлеуметтік-саяси көзқарастарыңыз екен. Екінші жағынан, электротехниканың өкілі ретінде және оның бер жағында техниканың дамуы жағынан алдыңғы қатарлы елдердің біріндегі өкілі ретінде Сіздің капитализмді жаңа қоғамдық құрылыспен, шаруашылықты жоспарлы түрде реттейтін және тұтас елдерді электрлендіру негізінде бүкіл халық бұқарасының әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ететін құрылыспен алмастырудың қажет екендігіне және болмай қоймайтындығына көзіңіз жеткен екен. Ғылым, техника, өнер өкілдерінің — капитализмді басқа бір қоғамдық-экономикалық құрылыспен алмастыру қажет екендігіне көзі жетін

келе жатқан және Советтік Россияның бүкіл капиталистік дүниеге қарсы күресінің «қорқынышты қиыншылықтарынан» («terrible difficulties») бойын аулаққа салмайтын, үрейі ұшпайтын, қайта, керісінше, күрестің болмай қоймайтындығын және оған шама келгенінше қатысып, жаңаның ескіні жеңуіне көмектесу қажеттігін түсініп келе жатқан өкілдерінің саны — дүние жүзінің барлық елдерінде өсіп келеді — аңсағанымыздан гөрі баяуырақ болғанымен, тоқтаусыз, үздіксіз өсіп келеді.

Мен әсіресе Сіздің Россияға кеңес, нұсқаулар, т. т. арқылы көмектесу жөніндегі ұсынысыңыз үшін Сізге алғыс айтқым келеді. Советтік Россия мен Құрама Штаттардың арасында ресми және заң жүзінде танылған қатынастардың болмауы Сіздің ұсынысыңыздың практикада жүзеге асырылуын біз үшін де, Сіз үшін де тым қиындататын болғандықтан мен Сіздің хатыңызды да, өзімнің жауабымды да жариямақпын, сонда Америкада немесе Құрама Штаттармен де, Россиямен де сауда шарттары арқылы байланысы бар елдерде тұратын көптеген адамдар Сізге (информация арқылы, орыс тілінен ағылшын тіліне аудару, т. с. арқылы) Совет республикасына көмектесу жөніндегі өз ниетіңізді жүзеге асыруға көмектеседі деп сенемін.

Ең ізгі сәлеммен
туысқандықпен
Сіздің *Ленин*

«Правда» № 85, 19 апрель, 1922 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Машинкада басылған,
В. И. Ленин түзету енгізген
данасы бойынша басылып отыр

ҮШ ИНТЕРНАЦИОНАЛ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КОМИНТЕРН АТҚАРУ КОМИТЕТІ ШЕШІМІНІҢ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Г. Е. ЗИНОВЬЕВКЕ ХАТТАР[95]

1

1-ші пунктке қосымша ұсынамын: әсіресе 1) біздің меньшевиктер мен эсерлердің Совет өкіметіне қарсы помещиктер мен буржуазияның жалпы майданымен іс жүзіндегі байланысы егжей-тегжейлі түсіндірілсін, бұл үшін Савинковтың «Большевиктерге қарсы күрес» (Варшава, 1920), сондай-ақ Ст. Ивановичтің «Орыс социал-демократиясының ымырт шағы» деген кітапшаларына ерекше назар аударылсын, өйткені бұл кітапшаларда, әрине, басқа да бірқатар документтерден белгілі жағдай,— атап айтқанда, меньшевиктер мен эсерлердің оң қанаты ортақ партия деген атты формальды түрде бүркеніп етіп, іс жүзінде мүлде дербес қимылдап отырғаны ерекше айқын ашылған; 2) біздің меньшевиктер мен эсерлердің II және $II^{1}/_{2}$ Интернационалдардың көсемдерімен бірдей екендіктерін, Отто Бауэрдің іс жүзінде капитализм алдында үрейлене шегіну ұсынылатын және осылай істеу уағыздалатын соңғы кітапшасының бүтіндей зиянды екендігін түсіндіруге ерекше көңіл бөлінсін. Біз мұндай уағыздауды өзіміз соғыс кезінде майданнан үрейлене қашудың уағыздалуын әжуалағанымыздан басқаша әжуалай алмаймыз.

2-ші пунктті қабылдаймын.

3-ші пункт жөнінде:

Бұл жөнінде мен күмәнданамын, өйткені бірауыздылықты дәл талап етуге қаулы қабылдау, былайша қарағанда, бізді қателіктерден құтқаруға тиіс деп ой-

лаймын, ал Берлин кеңесі бекіткен пункттерді (Советтік Россияны қорғау, т. с.) түсіндіретін тақырыптардағы жалпы үндеу хаттар бізге өте-мөте пайдалы болмақ, өйткені дұшпандарымыздың қалай шатасқанын әшкерелей отырып, біз оларды бұдан былай да талай рет пайдаланамыз.

4-ші пункт жөнінде: сөзсіз қолдаймын.

5-ші пункт жөнінде: қарсы емеспін.

6-шы пункт жөнінде:

Маған бұл пункттің мәнісі түсініксіз, өйткені мен Берлин келісімін қабылдаған шешімдердің ресми текстін алғаннан кейін дереу бекіту керек, немесе, сірә, 9/IV-де «Правдада» жарияланған нақ сол текст бекітіліп отыр деген ескертумен дереу бекіткен тіпті жақсы болар еді деп ойлаймын.

Әсіресе Берлин кеңесі протоколының толық текстін арнаулы курьермен мейлінше жедел түрде жіберуді қамтамасыз етуді және бұл протоколға үш Интернационалдың әрқайсысының ресми өкілдері қол қойған-қоймағанын тексеруді өтінемін.

Ленин

1922 ж. 11 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

2

Зиновьев жолдас!

Коминтерн Атқару Комитеті шешімінің бүгін таңертең өзіміз записка арқылы пікір алысқан пункттеріне тағы да мынаны қосқан жөн болар еді:

II және II$^1/_2$ Интернационалдардың саясатын сынауға енді біршама басқаша сипат беру керек,— атап айтқанда: ондағы жұмысшыларды қатты айтылған сөздермен шошындырып алмай, олардың өкілдері Берлинде қабылдаған ұрандар (мысалы, капиталға қарсы күрес, 8 сағаттық жұмыс күні, Советтік Россияны қорғау, ашыққандарға көмек) мен бүкіл реформистік саясат

арасындағы ымыраға келмес қайшылықтарды түсіндіре отырып, бұл сынға (әсіресе II және $II^1/_2$ Интернационалдарды жақтаушы жұмысшылар қатынасатын жиналыстарда және оларға арналған арнаулы листоктар мен мақалаларда) ерекше төзімділікпен және тыңғылықты түрде неғұрлым түсіндіру сипатын беру керек.

Мүмкін, мұны баспастан бұрын II және $II^1/_2$ Интернационалдардың Берлиндегі шешімдерді бекіткен-бекітпегенін тексеріп алған жөн болар.

Ленин

1922 ж. 11 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ (ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ[96]

I. ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

1. Орынбасарлардың негізгі жұмысы — декреттердің, заңдардың және қаулылардың іс жүзінде орындалуын тексеру; совет мекемелерінің штаттарын қысқарту, олардағы іс жүргізудің тәртіпке салынуын және оңайлатылуын қадағалау; бюрократтықпен және қағаз бастылықпен күресу, олар осы жұмысқа арнайы жауап береді және барлық басқа жұмыстар осыған бағындырылуға тиіс.

Бұдан өзгелерінің бәрі осы негізгі тапсырманы егжей-тегжейлеу немесе оны жеке реттерде толықтыру болып табылады.

Орынбасарларға мынадай міндеттер жүктеледі:

2. Басқа мекемелерде, сондай-ақ совет мекемелерінде де, партия мекемелерінде де (Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы, РКП Орталық Комитетінің Саяси және Ұйымдастыру бюролары және т. с. мекемелердің бәрі) совет мәселелерінің орынбасарлардың келісімімен және қатысуымен ғана қаралуын бақылап отыру.

3. Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советін ішінара (және көбінесе) ведомстволық басқарма арқылы шешілуге, ішінара (нақ кейінге қалдыруға болмайтын шұғыл және ерекше маңызды реттерде) орынбасарлардың тікелей жарлықтары арқылы шешілуге тиісті ұсақ мәселелерден барынша арылту.

В. И. Лениннің «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 11 апрель, 1922 ж.

Переписать поскорее в 4-5 экз. (мне) Цюр.; Рык.; остальные Сталину для П. Бюро).

Постановление

о работе замов (заместителей председателя СНК и СТО).

I. Общие и основные задания замов.

1. Основная работа замов, за которую они специально отвечают и которой должно быть подчинено все остальное, состоит в проверке фактического исполнения декретов, законов и постановлений; в сокращении штатов совучреждений, в надзоре за упорядочением и упрощением делопроизводства в них; в борьбе с бюрократизмом и волокитой.

Все дальнейшее является детализацией этого основного задания или частным дополнением к нему.

строчку пропустить

На замов возлагается:

2. — Наблюдение за тем, чтобы ~~[illegible]~~ рассмотрение советских вопросов в других учреждениях, как советских, так и партийных (президиум ВЦИКа, политбюро и оргбюро ЦеКа Р.К.П. — и т. д. без всякого изъятия) происходило не иначе как с ведома и участия замов.

3. — Разгрузка СНКа и СТО в максимальной степени от мелочных вопросов, разрешение которых должно происходить частью (и преимущественно) в порядке ведомственного управления, частью (именно в неотложных обстоятельствах и исключительно в важных случаях) непосредственными распоряжениями замов.

4. *Еңбек және Қорғаныс Советінің* жарлық беретін мәжілістерінің және әсіресе *Кіші Халық Комиссарлары Советінің* өзінің жұмысын сөзсіз қажетті мөлшерден тыс кеңейтпеуін, өз ісін және өзіне жүктелген міндеттерді қиындатпауын, өзінің функцияларының бюрократтықпен желбуазданып, орынсыз зораюына жол бермеуін, қайта әрбір халық комиссарының және әрбір жеке мекеменің жұмыста неғұрлым дербес және неғұрлым жауапты болуын талап етуін мұқият қадағалап отыру.

5. Халық комиссарлары мен жеке қойылған мекемелерді оларға берілген праволар мен оларға жүктелген міндеттер шеңберінде дербес және жауапты басқаруға көндіру.

6. Ең алдымен коллегия мүшелерінің және аса маңызды совет қызметкерлерінің, ал олардан өзге барлық совет қызметкерлерінің де жауаптылығы мейлінше дәл және жеке-жеке белгіленуін байқап отыру; әркімге жеке не жүктелді деген мәселеде басымдық алып отырған ауа жайылушылыққа және көмескілікке қарсы, осыдан туатын барып тұрған жауапсыздыққа қарсы аяусыз күрес жүргізу.

7. Адамдарды тексеру және іріктеу мақсатымен, сол сияқты совет аппаратын шын мәнісінде жақсарту мақсатымен, совет қызметкерлерін өздеріне шақырып алу арқылы және мүмкіндігінше Москваның жеке мекемелеріне, провинцияға барып тұру арқылы, тек жоғары гана емес, сонымен бірге міндетті түрде орта және төменгі совет қызметкерлерінің де белгілі бір бөлігімен жеке танысу.

8. Белгілі бір уақыт бойына ерекше екпінді маңызы болатын халық комиссариаттарын, олардың бөлімдері мен мекемелерін жауынгерлік жағдайға қою, оларға қызметкерлермен, қаржымен, орынбасарлардың өздері беретін нұсқаулармен және т. с. барынша көмектесу.

II. ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСЫ БАР АРНАУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

9. Орынбасарлар өз еңбегінің шамамен алғанда $^{9}/_{10}$-ын шаруашылық халық комиссариаттарына, $^{1}/_{10}$-ін басқаларына жұмсауға тиіс.

10. Соңғы кезде финанс мәселелері бірінші орынға қойылды, сондықтан орынбасарлар бұл мәселелерге неғұрлым көп көңіл бөлуге тиіс.

11. Сыйлық беру тәртібін енгізу, совет қызметшілеріне Сыртқы сауда халық комиссариатындағы, кооперациядағы және саудамен шұғылданатын басқа да мекемелердегі айналымның мөлшері мен пайданың мөлшеріне қарай ақы төлеу ерекше көкейтесті іс болып табылады.

Сыйлық беру тәртібін жалпы барлық совет қызметшілеріне ақы төлеуге жаппай қолдану шараларын зерттеуді және әзірлеуді үнемі алға қойып отыру керек.

12. Ішкі сауданың ерекше халық комиссариатын құруға немесе бұл істі Сыртқы сауда халық комиссариатына немесе Халық шаруашылығы жоғары советіне қосуға әзірлік жасау жөніндегі жұмыстардың бәрін тоқтату қажет. *Еңбек және Қорғаныс Советі* жанынан ерекше *«Ішкі сауда комиссиясын»* құру керек; оның жанында шағын секретариат және оның бірден-бір жергілікті органдары: губерниялық экономикалық кеңестер болуы керек.

13. Біршама тәуір жолға қойылған мемлекеттік трестерді өте нашар жолға қойылған көпшілік трестерден бөлектеп, соңғыларын сөзсіз жабу мақсатымен, олардың жұмысын бақылап отырудың аса зор маңызы бар; мемлекеттік трестердің басқармаларындағы коммунистердің ролін (іс жүзіндегі ролін) тексеру; істің жүргізілуіне және істің ойдағыдай жүргізілуіне шын мәнісінде жауап беретін адамдарды белгілеу.

14. Штаттардың нормасын жасау үшін, бұл норма-

ны тексеру үшін, іс жүргізудің және оны бақылаудың негурлым жақсы тәсілдерін белгілеу үшін, әрбір орынбасар белгілі бір халық комиссариатының бір-екі үлгілі бөлімін немесе мекемесін жолға қоюды өзінің жауапкершілігіне алуы қажет.

Бұл аз ғана, бірақ шын мәнісінде үлгілі мекемелерде белгіленетін жұмыс тәсілдері, жұмыс өнімділігін арттыру әдістері, бақылау әдістері кейін бірте-бірте барлық совет мекемелеріне енгізілуге тиіс.

Бұл мәселенің ерекше маңыздылығы себепті, бюрократтық ескілікті қорғайтын советтік бюрократияның қатты қасарып қарсылық көрсетуі себепті, басқа мекемелерді алға ұмтылдырып, тексеріп отырудың құралы ретінде аз ғана үлгілі мекемелер құру үшін, созсіз, қажырлы күрес қажет. Тиісті мекемелермен (совет қызметшілері одағының Орталық Комитеті, ВЦСПС, Еңбек институты, т. т. және т. с.) жасалған келісім бойынша және орынбасарлардың бақылауымен, еңбекті және басқару ісін ұйымдастыру туралы бүкіл ең жақсы, ең жаңа әдебиет, әсіресе американ және неміс әдебиеті аударылып, бастырылуға тиіс.

15. Коммунистердің совет мекемелері ішінде — бастапқы кезде өте аз мекемелерде болса да — қайта орналастырылуын байқап отыру қажет, сойтіп, коммунистерге жұмыстың барысын шын мәнісінде тексеріп отыруға, бюрократизм мен қағаз бастылыққа қарсы шын мәнісінде күресуге, біздің түкке тұрғысыз советтік аппаратпен істес болмасқа лажы жоқ соры қайнаған азаматтардың дереу жағдайын жақсартып, тауқыметін жеңілдетуге шын мәнісінде мүмкіндік беретін қызмет орындарына коммунистердің ғана (иерархиялық сатының ең жоғарғы буынында да, ең төменгі буынында да) қойылуына тырысу керек.

Иерархиялық сатының төменгі буынында қызмет істейтін коммунистерге ерекше көңіл бөлу керек, өйткені олар көбінесе жоғарыдағылардан іс жүзінде маңыздырақ болады.

16. Губерниялық экономикалық кеңестердің есептерін, біріншіден, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы-

ның мүшелері және Орталық статистика басқармасы мен «Экономическая Жизньнің»[97] қызметкерлері дұрыс оқып, оларды оқыған әрбір адам баспасөз үшін немесе өз мекемелері үшін сң қысқаша пікір айтатын және мезгілінде қажетті нұсқаулар беріліп, қорытындылар жасалуына жауап беретін болуы керек; екіншіден, оларды, мүмкіндігінше, қызметшілер қатарында жоқ және есептерді ведомстволық емес, *тек* коммунистік тұрғыдан *ғана* оқи алатын ондаған (кемінде) коммунистер тобы оқитын болуы керек.

Петроградтағы Милютин жолдас бастаған топ губерниялық экономикалық кеңестердің есептерін оқу үшін бұл есептерді бөліп отыруды және газеттерде, журналдарда, жиынтық кітапшаларда және т. с. пайдалануды басқаруға тиіс.

Әр түрлі экономикалық мекемелердің (уездік экономикалық кеңестердің де, мемлекеттік трестердің де, «аралас қоғамдардың» да, т. т. және т. с.) міндетті түрде басылатын есептерінің шеңберін бірте-бірте көбейте беру үшін үнемі күрес жүргізу керек, өйткені барған сайын халықтың көпшілігін кітапханаларда осындай есептермен пайдалануға үйретпейінше, жартылай азиялық елді шын мәнісінде мәдениетті елге және социалистік елге айналдырудың қандайы туралы болса да сөз де болуы мүмкін емес.

17. «Экономическая Жизнь» газеті *Еңбек және Қорғаныс Советінің* шын мәнісіндегі органына, *шаруашылықты басқару органына* айналдырылуға тиіс. Орынбасарлардың екеуі де оны үнемі оқып тұруға тиіс және бұл газетті есептерді ақпарламайтын, олардың дұрыс түсіп тұруын бақыламайтын, *жеке мекемелердің* шаруашылық жұмысына елеулі талдау жасамайтып, жарамды және жарамсыз мекемелерді, *адамдарды,* жұмыс тәсілдерін, т. т. қатаң сынамайтын тек «пікірлердің», көзқарастардың, дау-керістердің әдеттегі «жартылай тәуелсіз», интеллигенттік-буржуазиялық органы дәрежесіне түсіруге тырысатын барлық әдебиетшілер мен барлық совет қызметкерлерінің белең алған талабына қарсы аяусыз күрес жүргізуге тиіс.

«Экономическая Жизньді» *шаруашылықты басқарудың* шын мәнісіндегі органына, социалистік құрылыстың шын мәнісіндегі органына айналдыру үшін жылдар бойы күресуге тура келеді, бірақ сол себепті де үнемі, табанды күрес жүргізу қажет.

18. Орталық статистика басқармасы жөнінде де осыны айтуға болады. Қазіргі уақытта, ескі буржуазиялық салт бойынша, $^{9}/_{10}$ әлі де «академиялық», «тәуелсіз» орган болып отырған оның бұлай болмай, социалистік құрылыс, тексеру, бақылау органы, социалистік мемлекеттің осы сәтте, қазір, ең алдымен білуге тиісті нәрселерінің есебін алу органы болуы керек. Ескі әдеттердің қарсылығы мұнда да өте күшті болатыны сөзсіз; сондықтан күрес соғұрлым қатты болуға тиіс. (Орынбасарлардан менің 1921 жылдың жазында осы тақырыпта «Экономическая Жизньнің» редакторымен және Орталық статистика басқармасымен жазысқан хаттарымды қарап шығуды өтінемін.*)

III. ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ ЖҰМЫС ӘДІСІ; ОЛАРДЫҢ АППАРАТЫ

19. Орынбасарлар ұсақ-түйектен және халық комиссарларымен, коллегия мүшелерімен қажетсіз кездесуден өздерін барынша босатады; мұндай нәрселер әдетте орынбасарлардың көп уақытын алып, нақты жұмысты тексерумен шұғылдану мүмкіндігінен айырады.

20. Орынбасарлар өздерін әр түрлі комиссияларға қатысудан барынша босатады.

21. Орынбасарлар қазіргі бар комиссияларды (олардың $^{9}/_{10}$ қажетсіз және жабылғанмен де сәл өңін өзгертіп тез арада қайта құрылғыш келеді) жабуға барынша тырысады және жаңа комиссиялардың құрылуына жол бермейді.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 120—123-беттер және Шығармалар, 33-том, 11—16-беттер. *Ред.*

22. Комиссия жұмысы сөзсіз қажет болған реттерде орынбасарлар оларға өздері қатысудан барынша аулақ болып, мүмкіндігінше, олардың шешімдерін түпкілікті бекітумен немесе жұмысты тездетумен және олардың шешімдерін белгіленген тәртіп бойынша бекітуге жолдаумен қанағаттанады.

23. Орынбасарлардың аппараты, біріншіден, *Халық Комиссарлары Советі* мен *Еңбек және Қорғаныс Советі* іс басқарушыларының, олардың көмекшілерінің және секретарьларының адам құрамы. Сөзсіз қажетті минимумнан,— онда да орынбасарлардың *өздерінің* қадағалап отыруына әбден мүмкін (онша зор емес) минимумнан әрі — бұл аппарат ешқандай ретте кеңейтілмеуге тиіс. Екіншіден, орынбасарлар Кіші Халық Комиссарлары Советінің жеке мүшелеріне жеке тапсырмалар жүктейді. Үшіншіден, орынбасарлардың бас аппараты Жұмысшы және шаруа инспекциясының халық комиссариаты болуға тиіс.

Орынбасарлар өздеріне көмекшілер мен орындаушыларды осы халық комиссариатынан өздері іріктеп алады, оларды жұмысқа үйретеді және олардың жұмысын тексеріп отырады, әсіресе партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың бұл жұмысқа қатысуын кеңейтуге күш салады (бұл — ерекше қиын іс, бірақ сонымен бірге оның маңыздылығы сонша — бұл істі бірте-бірте өрістетпейінше Совет өкіметінің құритыны сөзсіз).

24. Орынбасарлар бюрократтық, қағаз бастылық, істі орындамаушылық, ұқыпсыздық және т. т. үшін өз билігімен әкімшілік жаза беруді бұрынғыдан жиірек қолдануға тырысуға тиіс (Цюрупа жолдас әзірлеген бұл тақырыптағы заң жобасын тездету керек). Бұдан да гөрі қаттырақ айыпты болған реттерде қызметтен алу, сотқа тарту, Юстиция халық комиссариаты арқылы сабақ боларлық айқын процестер ұйымдастыру керек.

IV. ЕКІ ОРЫНБАСАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ БІРЛІК ТУРАЛЫ

25. Екі орынбасардың жұмысында толық бірлік орнату үшін, олар аса маңызды жарлықтарды бір-біріне көшірме түрінде хабарлап отырады және жеке кездесулерде ауызша беретін жарлықтарын, нұсқауларын және т. с. стенограмма түрінде жазып отыруды (әрине, мейлінше қысқа түрде және ең маңызды жерлерін) үнемі әдетке айналдырады. Мұның үшін Халық Комиссарлары Советінің іс басқармасы жанындағы стенографисткалардың санын көбейтіліп, орынбасарлардың бүкіл жұмыс уақыты бойынша 2 стенографистка кезекшілік етуге тиіс. Егер қажет болса, шетелден бір-екі жақсы диктофон алдыру керек.

26. Аса маңызды, жазбаша, сондай-ақ ауызша, баяндамалар жөнінде де осыны айтуға болады.

27. Міндеттерді ұғынуда және іс істеуде бірлік орнату мақсатымен және жұмыстағы қосарлануды, қайшылықтарды мүлде жою үшін, орынбасарлар қажетті және аса маңызды реттерде өзара кеңесіп отырады.

Орынбасарлар арасында алауыздық туған күнде мәселені Халық Комиссарлары Советінің Председателі, ол жоқ болса Орталық Комитет Саяси бюросы немесе ол ерекше тағайындаған жолдас шешеді.

V. ОРЫНБАСАРЛАР АРАСЫНДА ЖҰМЫСТЫ БӨЛІСУ

28. Ең таяудағы айларға, ерекше қаулы қабылданғанға дейін, орынбасарлар арасында жұмысты бөлудің мынадай тәртібі белгіленеді.

29. Цюрупа жолдас Үлкен Халық Комиссарлары Советінде председательдік етеді (мәжілістің 2 сағаты өткеннен кейін председательдік ету Рыков жолдасқа тапсырылады). Председательдік етпейтін орынбасар Үлкен Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінде (пленум мәжілісінде) қатысып отыруға міндетті.

Цюрупа жолдас Үлкен Халық Комиссарлары Советінің баспасөзде жарияланатын қаулылары мен телеграф арқылы берілетін жарлықтарына оның атынан қол қояды, сондай-ақ Үлкен Халық Комиссарлары Советі мен Кіші Халық Комиссарлары Советінің комиссияларына және Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысына бақылау жасайды. Ол Үлкен Халық Комиссарлары Советінің іс басқармасы мен секретариатын тікелей бақылап, сонымен бірге бұл аппараттың Еңбек және Қорғаныс Советінің аппаратымен мейлінше толық бірлігі болуына, қандай да болсын екі ұдайлықтың және қандай да болсын ынтымақсыздықтың болмауына жауап береді.

30. Рыков жолдас *Еңбек және Қорғаныс Советінің* пленум мәжілістерінде председательдік етеді, оның баспасөзде жарияланатын қаулылары мен телеграф арқылы берілетін жарлықтарына қол қояды, *Еңбек және Қорғаныс Советінің* іс басқармасы мен секретариатын тікелей бақылап отырады (жоғарыда көрсетілгеніндей, бұл аппарат пен Үлкен Халық Комиссарлары Советінің аппараты арасында ажырамайтын толық бірлік болуы шарт).

31. Істің орындалуын тексеру, штаттардың қысқартылуын және аппараттың жақсартылуын бақылау жөнінде, сондай-ақ Үлкен Халық Комиссарлары Советі мен *Еңбек және Қорғаныс Советінің* шешуін керек етпейтін ағымдағы жеке ұсақ мәселелер бойынша халық комиссариаттары екі орынбасар арасында былайша бөлінеді:

Цюрупа жолдастың қарамағына мыналар жатады:

Егіншілік халық комиссариаты
Қатынас жолдары халық комиссариаты
Халық шаруашылығы жоғары советі
Почта-телеграф халық комиссариаты
Юстиция халық комиссариаты
Ішкі істер халық комиссариаты
Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты
Халық ағарту комиссариаты

Рыков жолдастың қарамағына мыналар жатады:

Финанс халық комиссариаты
Сыртқы сауда халық комиссариаты
Ішкі сауда жөніндегі комиссия
Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы
Еңбек халық комиссариаты
(және ішінара ВЦСПС)
Әлеуметтік қамсыздандыру халық
комиссариаты
Азық-түлік халық комиссариаты
Әскери істер жөніндегі халық комиссариаты
Сыртқы істер халық комиссариаты
Денсаулық сақтау халық комиссариаты
Орталық статистика басқармасы
Облыстық экономикалық кеңестер
Концессия комитеті
Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

11/IV. 1922.

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«НЬЮ-ЙОРК ГЕРАЛЬД» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІНЕ ИНТЕРВЬЮ[98]

Ленин жолдас «Нью-Йорк Геральд» деген американ газстінің қызметкерімен әңгімесінде Генуя конференциясы жөнінде былай деп мәлімдеді:

Бұл конференция тек бір ғана экономикалық принципті басшылыққа алуға тиіс. Россия буржуазиялық мемлекеттерден өзінің нені күтетінін жақсы біледі. Істің қазіргі жағдайы бұдан былай осы күйінде қала алмайды. Қазіргі жағдай Россия үшін де, бүкіл дүние жүзі үшін де апатты.

Россия буржуазиялық елдермен сауда жасауға ділгер болып отыр. Екінші жағынан, Европаның экономикалық өмірі Россиясыз реттеле алмайтынын буржуазиялық үкіметтер жақсы біледі.

Алайда Генуядағы орыс делегациясына қорлаушылық шарттар ұсынғысы келетіндер қатты қателеседі. Россия өзіне жеңілген ел ретінде қарауға көне алмайды. Егер буржуазиялық үкіметтер Россия жөнінде осындай сарында сөйлесуге әрекет жасаса, онда олар орасан зор зердесіздік жасайды.

«Красная Газета» (Петроград)
№ 84, 14 апрель, 1922 ж.

Газеттің тексті
бойынша басылып отыр

И. В. СТАЛИНГЕ, Л. Б. КАМЕНЕВКЕ жəне Л. Д. ТРОЦКИЙГЕ ЗАПИСКА

Сталин, Каменев жəне Троцкий жолдастарға

Литвиновтың Германиямен жасалған келісімге[99] қол қойылғаны туралы телеграммасы мұны баспасөзде дереу жариялау керек пе, əлде Генуяда қалай да келіспеушілік[100] болып жүрмес пе екен деген күдікпен жағдайды біраз айқындап алғанға дейін кейінге қалдыра тұрған жөн бе деген мəселе қояды. Менің ойымша, бұл мəселені бүгіннен қалдырмай шешу керек.

Ленин

1922 ж. 18 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр

И. В. СТАЛИНГЕ, Л. Б. КАМЕНЕВКЕ және Л. Д. ТРОЦКИЙГЕ ЗАПИСКА және ГЕНУЯҒА ЖІБЕРІЛЕТІН ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ

Сталин, Каменев және Троцкий жолдастарға

Мынадай телеграмма жіберуді (және «Правда» мен «Известия» редакцияларына біздің баспасөзімізге берілетін директива ретінде хабарлауды) ұсынамын:

«Чичерин мен Сосновскийге

Генуядан келіп түсіп жатқан бүкіл информация біздің алдауға еріп бара жатқанымызды көрсетеді. Ллойд Джордж Францияға қарсы даурыға отырып, осы арқылы өзінің басты мақсатын — жалпы және әсіресе бұрынғы меншікшілерге борыштарды төлеуге бізді көндіруге тырысатынын бүркемелейді. Ағылшын дипломаттарының осы дағдылы айла-шарғысын әшкерелеуге, өз баспасөзімізде де, шетелдік коммунистік баспасөзде де жүйелі түрде әшкерелеуге кірісетін мезгіл жетті»[101].

Ленин

1922 ж. 19 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

И. В. СТАЛИНГЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ЖІБЕРІЛЕТІН ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ[102]

Сталин жолдасқа

Егер Саяси бюро мүшелері тарапынан бұған қарсылық болмаса, менің мына телеграммамды Чичеринге жіберуіңізді өтінемін.

«Чичерин жолдасқа

Ллойд Джорджың ағылшын жыртқыштарының қысымымен әрекет ететініне және Англияның Франциядан айрылғысы келмейтініне мен ешқашан күмәнданған емеспін, бірақ бұл жағдай біздің саясатымызды титтей де өзгертуге тиіс емес және біз конференцияның өткізілмей қалуынан қорқуға тиіс емеспіз деп ойлаймын. Жеке адамдарға берешектерді мойындауға есте бармау керек. Қазіргі жағдайды білемін ғой деп ойлаймын.

Ленин»

1922 ж. 21 апрельде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ ЖӘНЕ Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ЖІБЕРІЛЕТІН ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ

24 апрель, 1922 ж.

Саяси бюроға арнап Сталин жолдасқа

Ллойд Джорджға жолданған хатқа қарсылық білдірген Рудзутактың телеграммасына қарағанда, меніңше, Чичерин не қазірдің өзінде-ақ сөзсіз қателік жасап және Орталық Комитеттің директивасын бұзып отыр[103], не осылай ету оның қолынан әбден келеді. Қателік нақ мынада: Чичерин практика жүзінде еш нәрсеге қол жеткізбестен, ажырасуға — атап айтқанда шетел капиталистерінің жеке меншігін қалпына келтіруге келіспеушіліктен туған ажырасуға барынша тиімді, принцип жағынан маңызды және бұдан былайғы жерде үнемі ұтымды болатын бірден-бір түсінік беру мүмкіндігінен бізді құралақан қалдыруы мүмкін.

Сондықтан бүгіннен қалдырмай Саяси бюро мүшелерінен телефон арқылы пікір сұрауды және менің атымнан мынадай телеграмма жіберуді ұсынамын:

«Делегацияның барлық мүшелеріне арнап Чичеринге

Рудзутактың 22 апрельдегі телеграммасында білдірген пікірін әбден дұрыс деп санаймын. Ажырасудың бірден-бір тиімді сылтауынан, оның үстіне ең таяу уақытта біздің дипломатиялық және коммерциялық толық жеңіске жетуімізді қамтамасыз ететін сылтаудан, атап айтқанда біз шетел капиталистерінің жеке меншігін қалпына келтіруге сөзсіз келіспейміз деген сылтаудан айрылып қалуымызға апарып соқтыратын әрбір қадамды және әрбір пікірді өте қауіпті қателесу деп санаймын.

Тағы да қайталаймын: біз Сізге өзіміздің жасайтын кеңшіліктеріміздің ең ақырғы шегін көрсететін мейлінше дәл тексті хабарлағанбыз, ал біз бұл кеңшіліктерден зәрредей де ауытқымаймыз. Осы кеңшіліктер негізінде келісу мүмкін болмайтыны толық айқындалысымен-ақ ажырасу жөнінде Сізге уәкілдік береміз, соның өзінде үгіт жүргізу үшін және бұдан былай да дипломатиялық шабуыл жасау үшін мына екі желеуді сақтау керек:

1) Орыс-герман шартының принциптік маңызы.

2) Капиталистердің меншігін қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде біздің екі түрлі көзқараста болуымыз».

Сізден Саяси бюро мүшелерінің бәрінің немесе тым болмаса көпшілігінің пікірін хабарлауды өтінемін[104].

Кешке Сізбен, егер мүмкін болса Каменевпен де, сағат 7-де $^{1}/_{4}$ сағатқа кездесу жасаймыз.

Ленин

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

Г. В. ПЛЕХАНОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН БАСТЫРЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

27 АПРЕЛЬ, 1922 ж.[105]

Каменев жолдасқа Тер жолдаспен сөйлесу және Плехановтың революциялық шығармаларын бір жинақ етіп бастырып шығаруды жүзеге асыру тапсырылсын.

Бірінші рет, протоколдық жазбаның машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ҰСЫНЫС[106]

Дереу мынаны қалай да істеу керек: манифест үшін конспект немесе тезистер жіберуін өтініп Чичеринге шифрленген телеграмма жіберілсін.

Ленин

1922 ж. 28 апрельде жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

«ЖАҢАҒА ЖАҚЫН ТАҚЫРЫПТАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКІ МАҚАЛАЛАР» ДЕГЕН КІТАПШАҒА АЛҒЫ СӨЗ

1922 ЖЫЛҒЫ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ[107]

Бұл кітапша менің бастамам бойынша емес, Москва коммунистерінің бастамасы бойынша басылып отыр. Мен алғашында ескіні ескірді деп есептеп, бұл ескіні қайта бастыруға қарсы болдым.

Москвалық жолдастар бастыруға әзірлеген текстi оқып шыққаннан кейін, бұл ретте ескінің ойлағандағыдан аз ескіргендігіне көзім жетті. Ерекше қарқынды және шапшаң революциялық дамудың төрт жылы өтсе де, бұл ескінің көп жағы бұл ретте тіпті де ескірмеген.

1922 жылғы көктемнің ағымдағы кезеңі зор көлемде 1918 жылғы көктемнің ағымдағы кезеңінің негізгі ерекшеліктерін қайталайды. Ол кезде соғыстар арасында: өзіміз 1918 жылы февральда аяқтаған (дұрысырақ айтқанда: аяқтадық дерлік) империалистік соғыс пен азамат соғысы арасында «тыныс» болған еді; бұл азамат соғысы Богаевский сияқты контрреволюционерлерді алғашқы жеңумен аяқталмаған еді, қайта мұны чехословактар, Корнилов, Деникин және К^0 тек енді ғана әзірлеп жатқан-ды.

Аnағұрлым зор, бүкіл дүние жүзілік көлемдегі «тынысты», Советтік Россияға қарсы бүкіл дүние жүзілік буржуазия жүргізіп, ұтылыс тапқан соғыс пен осы буржуазия әзірлеп жатқан, бірақ қазіргі уақытта әлі толық әзірлеп болмаған соғыс арасындағы тынысты енді Генуя тағы да дәл бейнелейді. (Мен бұл сөздерді 1922 жылы 28 апрельде, қатынастың үзілу қаупі төн-

гені туралы соңғы хабарлар алынған кезде жазып отырмын.)

Ол кезде де, қазір де бүкіл советтік саясаттың «түйіні»— ұйымдастыруда, есепке алуда және бақылау жасауда, практикалық міндетке жайлап, сақтықпен, іскерлікпен кірісуде, нақтылы жұмысты тексеруде, біздің практикалық тәжірибемізді зерттеуде болып отыр. Бұл туралы менің бұдан бірер апта бұрын РКП XI съезінде айтуыма тура келді. Съездің Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша қабылданған қарарынан және басқа қарарларынан көрініп отырғанындай, бұл «бағытты» съезд қабылдады. XI съезді жабардағы қорытынды сөзімде мен бұл бағытты қорытуға тырыстым*.

1918 жылғы ескі кітапшапы қайта бастыру қазір пайдасыз емес, өйткені ол кездегі таластар біздің партиямыздың қазіргі міндеттерінен көп нәрсені түсініп анықтауға көмектеседі. Преображенский, Осинский, Ларин жолдастардың партияның XI съезінде Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша жарыссөзде сөйлеген сөздері сияқты сөздер партияның өте көп және өте көрнекті басшы қызметкерлерінің назары аударылуға тиісті жаққа аударылмағанын айқын көрсетті. Біздің саясатымыздың міндеттерінің «түйіні» бұл сөздерде теріс белгіленді. Мен алдағы таяу уақытта оқушылармен бұл туралы толығырақ әңгімелесе алармын деп сенемін. Ал әзірге мынаны еске салумен шектелуге тиіспін: қайтадан басылатын кітапшада әңгіме: адамдарды дұрысырақ орналастыра отырып, әрбір адамның дәл белгіленген жұмысқа жеке жауаптылығын белгілеуге ұмтыла отырып, жаңа мекемелердің «жаңа» жоспарларына немесе істі жаңадан қоюға, қайта ұйымдастыруға және тағы сондайларға әуестенбей, жұмыстың практикалық тәжірибесін зейін қоя зерттеп, тексере отырып, «жұмыс істеуді үйрену» міндетінің не себепті ол кезде бірінші орынға қойылғанын *(қазір де қойылып отырғанын)* анықтау туралы болып отыр.

---

* Қараңыз: осы том, 126—133, 155—157-беттер. *Ред.*

Қорытындыда тағы бір сөзсіз қажетті ескерту жасамақпын. Мен өзімнің 1918 жылы көктемде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінде сөйлеген қорытынды сөзімді* бұл кітапшадан алып тастадым. Бұл сөз түкке тұрғысыз болып жазылған. Мен бұл жөнінде өзімнің бір кезде, 1919 немесе 1920 жылы, петроградтық жолдастарға жазған хатымда айтқанымды, баспасөзге арналған хатта айтқанымды, бірақ, өкінішке орай, олар басып шығармаған сөзімді қайталап айтуға тиіспін**. Атап көрсеткенде: мен өз сөздерімнің әдетте газеттерде берілетін текстері үшін жауапты болмаймын және бұл сөздерді — қайткенде де өте-мөте, ерекше қажеті болмайынша және қалай болғанда да менің осы дәл мәлімдемемді қайталамайынша — қайта баспауды өте қатты өтінемін. Менің көбінесе тым шапшаң сөйлейтіндігімнен бе, әлде менің көбінесе стилистика жағынан өте бұзып сөйлейтіндігімнен бе, әлде бізде сөздің әдетте асығыс және өте қанағаттанғысыз жазылатындығынан ба,— бәрін қоса алғанда, осы себептерден бе және қандай да болсын басқа себептерден бе,— бірақ өзімнің жазылған сөздеріме текстегідей түрінде жауапты болмайтыным және оларды қайта баспауды өтінетінім анық. Сөздің жазбасын жасайтындар жауап берсін. Ал қажет болған күнде қайта бастыру үшін менде өзім текстіне сөзсіз және толық жауапты болатын кітапшалар мен мақалалар әбден жеткілікті.

28. IV. 1922.

Н. Ленин

1922 ж. мына кітапшада басылған: Н. Ленин (В. И. Ульянов). «Жаңаға жақын тақырыптарға арналған ескі мақалалар», Москва, Мемлекеттік баспа

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 289—298-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 268—270-беттер. *Ред.*

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ТЕЛЕГРАММА[108]

Үш айдан кейінгі жаңа конференция — біз үшін ең бір пайдалы іс. Генуя конференциясы жабылар кезде өзіңізге ешбір жағдайда ешқандай финанстық міндеттемелер алмаңыз, борыштарды тіпті ішінара ешбір мойындаушы болмаңыз және жалпы ажырасудан қорықпаңыз. Красин жолдастың ерекше пікірінен көретініміз: оның ұстаған бағыты — мүлде теріс және жол беруге болмайтын бағыт. Финанс келіс сөздерінің барысына және нәтижесіне қарамастан, бейбітшілікті сақтау үшін өзара міндеттеме алу жөніндегі мәселені тағы да бір рет шұғыл түрде алға тартыңыз және бұл мәселені Ллойд Джорджның қойып отырған қанағаттанғысыз формасында болса да қолдаңыз.

1922 ж. 30 апрельде жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ЗАПИСКАЛАР ЖӘНЕ Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ЖІБЕРІЛЕТІН ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ[109]

Чичерин мен *Литвиновтың* (Красинді айтпағанда) адам естімеген масқара және *қауіпті* солқылдақтыққа салынуларына байланысты *тұқыртып алуды* ұсынамын.

Менің жобам:

«Чичериннің де, ішінара Литвиновтың да Красиннің *сорақылықтарына* дейін құлдырауы бізді қатты қынжылтады. Осындай солқылдақтық жасалуы себепті делегацияға сөзсіз түрде ажырасуды және мүмкіндігіне қарай тезірек ажырасуды ұсынамыз, соның өзінде мұның себебін жеке меншікті қалпына келтіруге келіспейтіндігімізден деп айқын, дәл көрсетіңіздер және өте тиімді әрі қолма-қол берілетін қарыз алатын болғандықтан ғана біз ішінара кеңшіліктер жасауға келісіп отырмыз, меншіктің екі системасы арасында, бірімен-бірі тең жақтардың арасында жасалатын шартқа сөзсіз сүйеніп отырмыз деп мәлімдеңіздер. (Енді сәл солқылдақтық жасалатын болса Орталық Атқару Комитетінде жұрт алдында уәкілдіктеріңнің күшін жоямыз және қызметтеріңнен босатамыз.) Литвиновтың ашық телеграммасы бізді алдап кеткілері келетіндігін айқын көрсетеді».

Ленин. 2/V

Уәкілдіктеріңнің күшін жоямыз деп қорқытудың қажеті жоқ деген Сталиннің түзетуімен *келіспеймін. Ленин.*

Сталин жолдас!

Генуяға жіберілетін телеграммаға тағы мынадай қосымша ұсынамын:

12 майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы шақырылып отыр. Осы мерзімге делегацияның кем дегенде үш мүшесі барлық материалдарды алып Москваға келуге тиіс. Чичерин Германияда қалып, одан әрі емделуге тиіс[110].

Ленин 2/V

1922 ж. 2 майда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

«ПРАВДАНЫҢ» ОН ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ

Жария «Правданың»,— *патша* заңдары бойынша жария болған — большевиктік күнделікті газеттің құрылғанына он жыл толды[111]. Ал бұл он жылдықтың алдында, шамамен айтқанда, тағы да он жылдық бар: большевизм пайда болған кезден бастап есептегенде тоғыз жыл (1903—1912), ал егер бағыты жағынан әбден «большевиктік» ескі «Искраның»[112] құрылған уақытынан (1900) бастап есептесек, он үш жыл (1900—1912) бар.

Россияда шығарылатын большевиктік күнделікті газеттің он жылдық мерекесі... Содан бері тек он жыл ғана өтті! Ал күрес пен қозғалыстың мазмұны жағынан алып қарағанда бұл уақыттың ішінде жүз жыл бастан өткендей. Егер ескі өлшеумен, II және II$^1/_2$ Интернационалдардың сабаздары сияқты европалық филистерлердің өлшеуімен өлшейтін болсақ, соңғы бес жылдың ішіндегі қоғамдық дамудың шапшаңдығы тіпті ақылға сыймастай ғажап; ал ол сабаздар — бұл цивилизациялы филистерлер — отарлардағы, жартылай тәуелді және мүлдем кедей елдердегі жүздеген миллион (егер дәл айтатын болсақ, миллиардтан астам) адамдардың өздеріне, үндістер мен қытайларға көрсетілетіндей қорлық көрсетілуіне төзуін, адам естімеген қанаушылыққа, тікелей тонаушылыққа да, ашаршылыққа да, зорлық-зомбылыққа да, қорлауға да төзуін, мұның бәріне төзгенде, «цивилизациялы» адамдардың: кеше Германия мен Англия арасында, ертең Жапония

мен Америка арасында (Франция мен Англияның белгілі бір түрде қатысуымен) олжаны бейбіт бөлісу керек пе, әлде империалистік олжаны бөлісу үшін он-жиырма миллион адамды қыру керек пе деген мәселені «еркін», «демократиялық», «парламенттік» жолмен шешуі үшін төзуін — «табиғи» нәрсе деп есептеуге дағдыланған.

Дүние жүзілік дамудың мұндай орасан тездеуінің негізгі себебі — оған жаңадан жүз-жүздеген миллион адамның тартылғаны. Өзін дүниенің тұтқасы деп есептеуге дағдыланған ескі буржуазиялық және империалистік Европа бірінші империалистік қырғында сасық бітеу жарадай шіріп барып жарылды. Шпенглерлер және оларға масаттана алатын (немесе, ең болмағанда, оларға назар аудара алатын) білімді мещандардың бәрі бұл жөнінде қалай қыңжылса да, ескі Европаның бұл құлдырауы империалистік тонаушылықпен және жер жүзіндегі халықтың көпшілігін езумен күшті болған дүние жүзілік буржуазияның құлдырау тарихындағы оқиғалардың біреуі ғана болып табылады.

Бұл көпшілік енді оянып, қозғалысқа келді: бұл қозғалысты ең күшті және «құдіретті» державалар да тоқтата алмайды. Тоқтату қайда! Бірінші империалистік қырғында қазіргі «жеңімпаздардың» кішкентай, өте кішкентай Ирландияның өзін де жеңуге шамасы келмейді, олардың тіпті финанс және валюта мәселелеріне байланысты өз араларында туған шатасушылықты да жеңуге шамасы келмейді. Ал Индия мен Қытай қазандай қайнап жатыр. Бұларда — 700 миллионнан астам адам бар. Бұлар — сол маңайдағы, дәл өздері сияқты азиялық елдерді қоса есептегенде,— жер жүзіндегі халықтың тең жартысынан көбі. Ол елдерде 1905 жыл жақындап келеді, ырық бермей, барған сайын тез жақындап келеді,— ал оның мынадай мәнді, зор айырмашылығы бар: 1905 жылы Россиядағы революция оқшау (ең болмағанда, бастапқы кезде) өткен еді, яғни басқа елдерді бірден революцияға тартпаған еді. Ал Индиядағы және Қытайдағы өсіп келе жатқан революциялар қазірдің өзінде-ақ революция-

лық күреске, революциялық қозғалысқа, халықаралық революцияға тартылып келеді және тартылды да.

Күнделікті жария газет — большевиктік «Правданың» он жылдық мерекесі бізге асқан зор дүние жүзілік революцияның ұлы қарқынмен тездеу белестерінің бірін айқын көрсетеді. 1906—1907 жылдары патша өкіметі революцияны тас-талқан еткендей болды. Большевиктік партия біраз жылдардан кейін — *басқа формада, басқаша* — жаудың қамалына өте білді және қарғыс атқан патшалық, помещиктік самодержавиені өз ішінен қопару жұмысын күн сайын, «жария түрде» жүргізуді бастай білді. Тағы да біраз жыл өтті, большевизм ұйымдастырған пролетарлық революция жеңіп те шықты.

1900 жылы ескі «Искра» құрылған кезде бұған не бары он шақты революционер қатысты. Большевизм пайда болған кезде оған Брюссель мен Лондондағы 1903 жылғы құпия съездерде қырық шамалы революционер қатысты[113].

1912—1913 жылдары, большевиктік жария «Правда» пайда болған кезде, оны ондаған және жүздеген мың жұмысшы қолдады; олар тиындап жинаған қаржысымен патша өкіметінің езгісін де, социализмнің ұсақ буржуазиялық сатқындарының, меньшевиктердің бәсекесін де жеңді.

1917 жылы ноябрьде құрылтай сайлауында 36 миллион адамның 9 миллионы большевиктерді жақтап дауыс берді. Ал іс жүзінде, дауыс бергенде емес, күресте, 1917 жылғы октябрьдің аяғында және ноябрьде, Советтердің Бүкіл россиялық II съезіндегі делегаттардың көпшілігі арқылы, еңбекші халықтың ең белсенді және саналы бөлегінің, атап айтқанда, сол кездегі он екі миллиондық армияның *көпшілігі* арқылы, пролетариат пен саналы шаруалардың көпшілігі большевиктерді жақтады.

Соңғы жиырма жылдың ішінде бүкіл дүние жүзілік революциялық қозғалыстың «тездеуінің» кішкене цифрлы көрінісі міне осындай. Өте кішкене, өте шағын көрініс, онда не бары 150 миллион халықтың тарихы өте қарадүрсін бейнеленген, ал бұл жиырма жылдың

ішінде бір миллиардқа дейін және одан да көп халқы бар елдерде революция басталып, жеңімпаз күшке айналды (бүкіл Азия, оның үстіне Оңтүстік Африканы да ұмытпау керек, ол өзінің құл емес, *адам* болу жөніндегі талабын жақында еске салды және оншама «парламенттік» емес жолмен еске салды).

Ал егер қайдағы бір «шпенглеряттар», бұл сөзім үшін ғапу етіңіз, осыдан (II және $II^{1}/_{2}$ Интернационалдардың «ақылгөй» көсемдерінен әр түрлі зердесіздікті күту керек) бұл есеп Европа мен Американың пролетариатын революцияшыл күштер санынан шығарады деп қорытынды жасаса, біз оған былай деп жауап береміз: жаңағы айтылған «ақылгөй» көсемдердің — үнемі пайымдауына қарасақ, ұрықтанғаннан кейін тоғыз ай өткен соң баланың тууын күтуге болатындықтан, осыған қарап баланың туатын сағатын да, минутын да, баланың туарда қалай келетінін де, ананың босанар кездегі халін де, баласы мен анасы душар болатын азап пен қауіптің нақты дәрежесін де белгілеуге болады-мыс. Қандай «ақылгөй» адамдар! Халықаралық революцияның дамуы тұрғысынан қарағанда, чартизмнен буржуазияның алдында құрдай жорғалайтын Гендерсондарға, немесе Варленнен Ренодельге, немесе Вильгельм Либкнехт пен Бебельден Зюдекумге, Шейдеманға және Носкеге көшу тек автомобильдің жүздеген шақырым тегіс және жазық тас жол*дан* нақ сол жолдағы былапыт, сасық шалшыққа, біреуіне кез шалшық*қа* «көшуі» сияқты бірдеңе екенін олар еш уақытта аңғара алмайды.

Адамдар өздерінің тарихын өздері жасайды. Бірақ чартистер, Варлендер және Либкнехттер оны өздерінің басымен және өздерінің жүрегімен жасайды. Ал II және $II^{1}/_{2}$ Интернационалдардың көсемдері оны дененің мүлде басқа мүшелерімен «жасайды»: топырақты жаңа чартистер үшін, жаңа Варлендер үшін, жаңа Либкнехттер үшін тыңайтады.

Өзін өзі алдау қазіргі *аса қиын* кезеңде революционерлер үшін өте зиянды болар еді. Большевизм халықаралық күшке *айналса* да, *барлық* цивилизациялы және алдыңғы қатарлы елдерде қазір жария (біздің

«Правданың» бұдан он жыл бұрын патша өкіметі тұсында жария болғаны сияқты) коммунистік партиялар түрінде өсіп келе жатқан жаңа чартистер, жаңа Варлендер, жаңа Либкнехттер туса да, дегенмен халықаралық буржуазия әзірге өз табының жауынан әлдеқайда күшті болып қалып отыр. Босануды қиындату үшін, Россияда пролетарлық өкімет туған кезде қауіп пен азапты он есе көбейту үшін қолынан келгенінің бәрін істеген бұл буржуазия ақ гвардиялық және империалистік соғыстар және т. т. арқылы әлі де миллиондаған және ондаған миллион адамды азапқа және қырғынға ұшырата алады. Біз мұны ұмытпауға тиіспіз. Біз өзіміздің тактикамызды қазіргі жағдайдың осы ерекшелігіне шебер бейімдеуге тиіспіз. Буржуазия әзірге оп-оңай азаптап, жазалап, өлтіре алады. Бірақ революцияшыл пролетариаттың сөзсіз және — бүкіл дүние жүзілік-тарихи тұрғыдан қарағанда — өте таяу уақытта болатын толық жеңісін ол тоқтата алмайды.

2/V. 1922.

«Правда» № 98, 5 май, 1922 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ФИНАНС САЯСАТЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ Г. Я. СОКОЛЬНИКОВҚА ХАТ

Көшірмелері Цюрупа, Рыков жолдастарға және Сталин жолдасқа (Саяси бюроға арнап)

Сокольников жолдас!

Мен Сіздің ішкі астық заемы жөніндегі жобаңыз жөнінде Цюрупа жолдастың әңгімесін тыңдадым, жобаның текстін өзім де қарап шықтым. Меніңше, бұл өзін өзі алдау сияқты. Мұның өзі іс жүзінде азды-көпті бір нәрсе бере алады деп Сіз қалай дәлелдер едіңіз? Меніңше, бұдан керісінше қорытынды жасау керек сияқты: эмиссия талап ете отырып, яғни жалдаптық рынокты бізге қарсы жүргізілетін күрестің сол рынок социалық табысты қолданатын шарасына қарай итермелей отырып, мұның өзі біздің жағдайымызды нашарлата түседі. Әлбетте, эмиссия өсісімен бағаны тез көтеріп жіберуді рынок үйреніп алғанға ұқсайды, соның салдарынан эмиссия біз үшін бос ермекке және өзіңді құр алдарқатуға айналып, халықтан қандай да болсын нақты түсім бермейді. (Айтпақшы, эмиссия арқылы қандай нақты түсім алынатыны жөнінде дәл деректер көрсетілуге тиіс. Оларды тым болмаса апта сайын өң қысқа формада қорытып отыру керек еді. Осы іс істеле ме?)

Менің ойымша, өзіңді өзің алдарқату сияқты зиянды әдетті қоятын мезгіл жетті, бір жағынан — әр түрлі салықтар жинауды арттыруға жеткізетін, екінші жағынан — штаттарды неғұрлым тезірек, неғұрлым көбірек қысқарту жөніндегі шын революциялық шараларды қолға алатын мезгіл жетті. Бұл ретте бірқатар халық комиссариаттарындағы толып жатқан аса ірі бөлімдерді және тіпті белгілі бір халық комиссариатын

кейбірінің мерзімін көрсетпей-ақ, кейбірін күзге дейін жауып тастауға дейін бару керек.

3-категориялы темір жолдарды жабу жөнінде біз елеулі түрде жұмыс істеп жатырмыз ба, соны тексеру туралы мен бүгін Дзержинскийге хат жазып жібердім[114]. Осындай революциялық шараларсыз съездің финанс саясаты туралы қарары[115] да қағаз жүзінде қалып қоймас па екен деп және біз тоніп келе жатқан апат алдында дәрменсіз болып қалудың аз-ақ алдында, жалпы алғанда өмірден артта қалып келе жатырмыз-ау деп өте-мөте қауіптенемін.

Өзіңіздің қорытындыңызды беруді өтінемін[116].

Ленин

1922 ж. 2 майда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ (ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ) ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТПЕЛЕРГЕ ЖАУАП[117]

Сталин жолдасқа, жағалата оқуға берілуін өтінемін (айтысты жария етпеу үшін көбейтілмесін) Саяси бюро мүшелеріне және Цюрупа жолдасқа (пәлен уақытта оқыдым деп әркім документтің өзіне қол қоятын болсын).

Оқты суырып алу машақаты[118] себепті жауабымның кешіккеніне кешірім сұраймын.

Рыков жолдастың ескертпелері — «сын» ескертпелер, бірақ комескі, сондықтан жауап беруді керек етпейді.

Томский жолдастың сыйлық жөніндегі ескертпесін мен дұрыс емес деп есептеймін. Томский жолдастың айтуынша, «мемлекетті тонаушылыққа» айналған кәсіподақтық сыйлық системасының күйреуі бізді әсте сыйлық системасынан бас тартуға мәжбүр етпей, қайта сыйлық системасын қолдану әдістерін зерттеу және жақсарту ісімен неғұрлым қажырлы шұғылдануға мәжбүр етуге тиіс.

Троцкий жолдастың ескертпелерінің де бір бөлегі комескі (мәселен, 4-параграфтағы «қауіптену»), сондықтан жауап беруді керек етпейді; бір бөлегі, бұдан бұрын Саяси бюрода талай рет байқалған біздің Троцкий жолдаспен арамыздағы ескі алауыздығымызды қайта жаңғыртады. Бұларға мен басты-басты екі пункт: а) Жұмысшы-Шаруа инспекциясы және б) Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы бойынша қысқаша жауап беремін.

а) Жұмысшы-Шаруа инспекциясы жөнінде Троцкий жолдастың айтқаны түбірінен теріс. Бізде таңдаулы деген коммунистер арасында да «ведомствошылдық» ерекше күшті болып отырғанда, қызметшілердің дәрежесі төмен болып отырғанда, ведомство ішінде интригашылдық (қандай да рабкриндіктен асып түсетін) орын алып отырғанда, қазір Жұмысшы-Шаруа инспекциясынсыз іс істеуге болмайды. Жұмысшы-Шаруа инспекциясынан бүкіл мемлекеттік жұмысты тексеріп, жақсарту аппаратын жасау үшін ол жөнінде үнемі және қажырлылықпен жұмыс істеуге болады және жұмыс істеу керек. Әйтпесе тексерудің, жақсартудың, жұмыс істеуді үйретудің ешқандай практикалық құралы жоқ. Егер қазір Жұмысшы-Шаруа инспекциясында 12 000 адамдай аппарат бар болса, ол нашар және ақысы аз аппарат болса, оны қысқартып, жақсарту керек; мәселен, бұрынғы төленетін ақының $^1/_2$ бөлігін сақтап, аппараттың $^1/_6$ бөлігін қалдыру керек, яғни төленетін ақыны үш есе арттыру керек; әуелі ондаған, кейіннен жүздеген ең жақсы, сөзсіз адал және іс білетін қызметкерлерді бөліп шығару керек; олар қазір де бар, бірақ есепке алынбаған, бөлінбеген, топтастырылмаған, ұйымдастырылмаған. Мұны істеуге болады және бұл істелуге тиіс. Әйтпесе ведомствошылдықпен және бюрократизммен күресу мүмкін емес. Әйтпесе партияда жоқ жұмысшылар мен шаруаларға басқару ісін үйрету мүмкін емес, ал бұл міндеттен қазіргі кезеңде принцип тұрғысынан да, практика тұрғысынан да бас тартуға болмайды.

б) Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жөнінде Троцкий жолдастың айтқаны түбірінен теріс, мұның үстіне ол өзі пікір айтып отырған істен таңқаларлық түрде хабарсыз. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы академизмнен зардап шекпейтіні былай тұрсын, қайта, мүлде керісінше, тым ұсақ, күнделікті «кәкір-шүкірден» бас көтере алмаудан зардап шегуде. Кржижановский жолдас, көңілшектігінен, өзін дереу «көмектесуге» тартатындардың өтініштеріне тым беріліп кетіп жүр. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің жаңа орынбасары, Пятаков, «қатаңырақ» бола-

ды жəне Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының «академизм» кемшілігінен емес, мүлде оған керісінше кемшіліктен арылуға көмектеседі деп сенемін.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының шын мəніндегі кемшіліктерін жақсы білгендіктен, мен Саяси бюроның мүшелерін қиялмен емес, фактіге құрылған, объективтік материалмен хабардар ету үшін, Кржижановский жолдастан: оз жұмысы «ұсақ-түйекпен айналысудан» зиян көріп отырған жоқ па, бұл туралы дəл мəліметтер қандай деп сұрадым. Кржижановский жолдас маған 2 айдың ішінде: 1922 жылғы февраль мен мартта Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының президиумы алдына қойылған мəселелердің тізімін жіберді. Жиынтығы: аа) жоспарлау мəселелері — 17%; бб) маңызды шаруашылық сипаттағы мəселелер — 37%; вв) «кəкір-шүкірлер» — 46% болған. Бұл материалдарды мен Саяси бюроның қай мүшесіне болса да қарап шығуға жібере аламын.

Троцкий жолдастың 1922 жылғы 23 апрельде жазылған, орынбасарларға, көшірмесі Саяси бюроның секретариатына жолданған екінші қағазында (сірə, көшірменің маған жіберілмеуі кездейсоқ болса керек), біріншіден, Саяси бюроның финанстық үштікті (Сокольников жəне екі орынбасар) құру туралы қаулысын Кіші жəне Үлкен Халық Комиссарлары Советі арасындағы бөгет деп мінеген шектен тыс қызба, бірақ мейлінше теріс «сын» бар. Мұндай сынды орынбасарларға жолдау ешқандай жоспарлы жұмысқа да, жалпы алғанда азды-көпті ұйымдастырылған мемлекеттік жұмысқа да үйлеспейді.

2-ден, бұл қағазда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын академизмге салынды деп түбірінен теріс, ақиқатқа мүлде қарама-қарсы айыптаулар, Троцкий жолдасты хабардарсыздық жағынан мүлде адам айтқысыз мынадай мəлімдеме жасауға дейін жеткізген айыптаулар бар: «Эмиссияның мөлшерін белгілемейінше,— деп жазады ол,— жəне ақша қаражатын ведомстволар арасында бөлмейінше қазір ешқандай шаруашылық жоспары болмайды жəне болуы мүмкін де емес. Ал, *менің пікірімше,* Мемлекеттік жоспарлау ко-

миссиясының бұл негізгі мəселелерге *е ш қ а н д а й қ а т ы с ы ж о қ*».

Асты сызылған сөздер мені тек мынадай сұрау қоюға ғана мəжбүр етеді: хабардар болмайынша «пікір айтудың» қажеті не? Орталық Комитеттің əрбір мүшесінің жəне *Еңбек жəне Қорғаныс Советінің* əрбір мүшесінің хабардар болуы оп-оңай. Хабардар болу — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында нақ сол көрсетілген мəселелермен шұғылданатын финанстық-экономикалық секция бар екенін білу болар еді. Бұл жұмыста кемшіліктер, əрине, бар, бірақ ол кемшіліктерді академизмнен емес, нақ керісінше бағыттан іздеу керек.

1922 ж. 5 майда жазылған

Бірінші рет 1928 ж. толық емес түрінде Лениннің VIII жинағында басылған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында толық басылған, 33-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ЖІБЕРІЛЕТІН ТЕЛЕГРАММАНЫҢ ЖОБАСЫ

Одақтастардың жаңа меморандумын бетке ұстап[119], қалай да тезірек ажырасыңыз, өйткені біз жеке меншікшілерге кеңшілік жасамаймыз, ал бұдан қолайлы кезеңді табу қиын. Созбақтай беру бізді әлсіретеді. Қолымызда герман шарты тұрғанда біз енді тек соны ғана негізге алуға ұзақ уақыт әрекет жасаудан ешбір бас тартпаймыз. Италиямен оңаша сұхбаттасуға аса сақтықпен кірісіңіз.

1922 ж. 5 немесе 6 майда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

М. М. ЛИТВИНОВҚА ТЕЛЕГРАММА[120]

Державалардың соңғы меморандумының жалпы қабылдауға келмейтіндігі ажырасу үшін қолайлы сылтау болады ғой деп ойлаймыз, ал егер сіз мұнымен келіспесеңіз, біз, ажырасу мәселесі шешілді деп есептеп, ажырасудың ең қолайлы кезеңін таңдап алуды сіздің еркіңізде қалдыруға келісеміз.

1922 ж. 8 майда жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ТЕЛЕГРАММА[121]

Орыс-герман шартының маңызын, оны Германияның қабылдағанын, оның Италияға жасаған әсерін және мұнайға концессия алу үшін державалардың қырқысқанын ескере келіп, біз мынадай қорытынды жасаймыз: біз үшін қазір бәрінен де дұрысы,— тұтас алғанда бүкіл халықаралық саясатты кемінде бірнеше айға созылатын белгілі бір кезең бойына тек орыс-неміс шарты негізінде ғана құру керек, бұл шартты бірден-бір үлгі деп жариялаймыз да, біз тек мол пайдаға ғана бола ол шарттан ауытқимыз. Осыны ажырасудың формасы етіп әзірлеуге тырысыңыз. Орыс-неміс шартын бекітумен бірге осындай мәлімдемені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің декларациясына енгізгіміз келеді. Өз пікіріңізді телеграмма арқылы жедел хабарлаңыз.

1922 ж. 9 майда жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

ЗАТТАЙ САЛЫҚ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ АҚПАРЫН ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ БЕРУ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

1) Азық-түлік халық комиссариатына
2) Егіншілік халық комиссариатына
3) Орталық статистика басқармасына
4) Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына ауыл шаруашылық секциясына

4 күннен кейін заттай салық туралы деректердің ақпарын Орталық Комитетке беру жүктелсін, оның көлемі *1 беттен* аспасын, сондай-ақ 1921—1922 жылдары жиналған және баспасөзде 1922—1923 жылдары жиналуға тиіс деп көрсетілген заттай салықтың мөлшерлері жөніндегі айқын, дәл мәлімет қоса тапсырылсын[122].

1922 ж. 11 майда жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ТЕЛЕГРАММА[123]

Біздің жауабымызға байланысты туып отырған жағдай жөнінде баспасөздің түсініктемесі дұрыс түсінілген болса, Ллойд Джордж бітім туралы дереу жасалуға тиіс саяси келісімді финанстық-экономикалық келісімдерден бөліп тастауға әзір отыр, ал финанстық-экономикалық келісімдер ұзақ уақыт жұмыс істейтін комиссияға беріледі[124]. Мұның өзі істің мейлінше тиімді аяқталғаны және сөзсіз жеңіске жеткендік болар еді, сондықтан мынаны ұсынамыз: 1) ұзақ уақыт жұмыс істейтін комиссияға келісе отырып, экономика саласында қасарыса көнбеу бағытынан таймау керек, 2) Ллойд Джорджның саяси келісімге (кепілді шарт) ұмтылуын барынша қолдау керек, 3) жекелеген елдермен сепараттық келісімдер жасасуға барынша ұмтылу қажет, 4) Ллойд Джорджның Польша мен Румынияның шығыс шекаралары туралы мәселе қоюын барынша пайдаланып, бұл шекаралар бейбітшілік орнатуға кедергі келтіреді деп көрсету керек, алайда мұны, Рига шартынан[125] ауытқыды деген сөзге қалмау үшін, сақтықпен істеу керек. Иоффенің баяндамасы бойынша, әсіресе Рапалло шартына байланысты Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қарарына арналған негізгі қағидаларды тез арада хабарлауды тағы да өтінеміз — біздің № 3535/с телеграммамызды* қараңыз.

1922 ж. 14 майда жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған данасы бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 209-бет. *Ред.*

И. В. СТАЛИНГЕ ЗАПИСКА ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САУДА МОНОПОЛИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ[126]

Сталин жолдас! Осыған байланысты, Саяси бюро мүшелерінен *пікір сұрау арқылы* мынадай директиваны өткізуді ұсынамын: «Орталық Комитет сыртқы сауда монополиясын мақұлдайды және Халық шаруашылығы жоғары советін Сыртқы сауда халық комиссариатымен қосу туралы мәселені талдап жасау мен әзірлеу барлық жерде тоқтатылсын деп қаулы алады. Барлық халық комиссарлары құпия қол қоятын болсын» және түпнұсқа Сталинге қайтарылсын, көшірме жасалмасын.

15/V. *Ленин*

1922 ж. 15 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСФСР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕ КІРІСПЕ ЗАҢНЫҢ ЖОБАСЫНА ҚОСЫМШАЛАР ЖӘНЕ Д. И. КУРСКИЙГЕ ХАТТАР[127]

1

Жоба

РСФСР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНЕ КІРІСПЕ ЗАҢ

... 5. Совет өкіметінің оның контрреволюциялық қастандықтан қорғалуына кепілдеме болатын жағдайлар жасалғанға дейін революциялық трибунал Қылмыстық кодекстің 58, 59, 60, 61, 62, 63+*6 4*......... статьяларында қаралған қылмыстар бойынша × ең ауыр жазалау шарасы ретінде ату жазасын қолдануға право береді).

×) *64*-ші, *65*-ші, *66*-шы, *67*-ші, *68*-ші және *69*-шы статьялар да қосылсын.

××) Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының шешімі бойынша, ату жазасын шетелге (белгілі мерзімге немесе мерзімсіз) жер аударумен ауыстыру правосы қосылсын.

×××) Қосылсын: шетелден рұқсатсыз қайтып келгені үшін ату жазасы.

Курский жолдас!

Меніңше, ату жазасын қолдануды (шетелге жер аударумен ауыстырып) ұлғайту керек. Меньшевиктердің, *эсерлердің, т. с.* әрекеттерінің барлық түрлерін *т ө м е н н е н 1-жолды* қараңыз;

бұл әрекеттерді *х а л ы қ а р а л ы қ б у р ж у а з и я - м е н* және оның бізге қарсы күресімен (баспасөз бен агенттерді параға сатып алумен, соғыс әзірлеумен, т. с.) **байланысты** ететін тұжырым табу керек.

Өзіңіздің пікіріңізді қосып тез кері қайтаруыңызды өтінемін.

15/V.

Ленин

1922 ж. 15 майда жазылған

Бірінші рет 1937 ж. «Большевик» журналының 2-номерінде толық емес түрінде басылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша толық басылып отыр

2

17. V. 1922.

Курский жолдас! Біздің әңгімемізді толықтыру ретінде Сізге Қылмыстық кодекстің қосымша параграфының нобайын жіберіп отырмын. Бұл — алғашқы нобайы, әрине, мейлінше өңдеуді, қайта жасауды керек етеді. Алғашқы нобайының барлық кемшіліктеріне қарамастан, негізгі ой түсінікті деп ойлаймын: террордың *мәнісін* және оны *ақтауды*, оның қажеттігін, оның шегін дәлелдейтін принципті және саяси шындық (юридикалық-тар мағынадағы ғана емес) қағиданы ашық ұсыну.

Сот террорды жоймауға тиіс; жоюға уәде беру өзін өзі алдағандық немесе басқаларды алдағандық болар еді, қайта оны, жалғандық қоспай, бояммаламай, принципті түрде, айқын дәлелдеп, заңды ету керек. Неғұрлым кең тұжырымдау керек, өйткені іс жүзінде, аздыкөпті кең қолдану шарттарын тек революциялық праволық сезім мен революциялық ұждан ғана белгілейді.

Коммунистік сәлеммен
Ленин

1-нұсқа:

Капитализмнің орнына келетін коммунистік меншік системасының тең праволылығын халықаралық буржуазияның танымайтын және интервенция немесе блокада жасау, немесе шпиондық жүргізу немесе баспасөзді қаржыландыру жолымен және сол сияқты

жолдармен коммунистік меншік системасын күшпен құлатуға тырысатын бөлегіне көмектесу бағытында әрекет жасап, насихат немесе үгіт жүргізу, немесе ұйымға қатысу, немесе осы бағытта қимыл жасайтын (үгіт немесе насихат) ұйымдарға көмектесу,

ең ауыр жазалау шарасымен жазаланады, айыпты жеңілдететін жағдайлар болғанда, оның орнына еркінен айыру немесе шетелге жер аудару жазасы беріледі.

2-нұсқа:

‡‡

а) Халықаралық буржуазияның сол бөлегіне объективтік түрде көмектесетін насихат немесе үгіт жүргізу және т. т. ақырына дейін.

б) Жоғарыда көрсетілгендей сипаты бар әрекет жүргізетін ұйымдарға (бұлардың әрекеті жоғарыда көрсетілгендей сипатта болады) қатысқаны немесе сондай ұйымдарға не болмаса адамдарға көмектескені үшін айыпты адамдар нақ осындай жазаға тартылады.

‡‡ 2б нұсқа көмектесетін немесе көмектесе алатын

Бірінші рет 1924 ж. мына кітапта басылған: «Советтік юстиция қайраткерлерінің Бүкіл россиялық V съезі. 10—15 март, 1924 жыл. Тезистер. Стенографиялық есеп. Қарарлар», Москва, Юридикалық баспа

Қолжазба бойынша басылып отыр

ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ ДЕЛЕГАЦИЯНЫҢ ЕСЕБІ БОЙЫНША БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Иоффенің баяндамасы бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қарарының жобасы, шамамен айтқанда, мына түрде жазылсын:

1. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің делегациясы РСФСР-дің толық суверендігін қорғай отырып,— кіріптарлыққа салу және жеке меншікті қайта орнату әрекеттерімен күресе отырып,— Германиямен шарт жасасып, өзінің міндеттерін дұрыс орындады.

2. Халықаралық саяси және экономикалық жағдай мынадай белгілермен сипатталады:

— саяси жағынан: бейбітшіліктің жоқтығы және жаңа империалистік соғыстардың болу қаупі |Ирландия; Индия; Қытай және басқалар; Англия мен Франция арасында,— Жапония мен Құрама Штаттар арасында қатынастың шиеленісуі, *т. т. және т. с.* ((толығырақ))|

3. — экономикалық жағынан: бүкіл дүние жүзілік қуатты және соғыста (=талаумен) байыған, «жеңуші» елдер соғыс аяқталған соң $3^1/_2$ жыл өткеннен кейін тіпті бұрынғы капиталистік қатынастарын да қалпына келтіре алмай отыр |валюталық былық; Версаль шартының орындалмауы және оны орындауға болмайтындығы; Құрама Штаттарға бересілі борыштардың төленбеуі, *т. т. және т. с.— (толығырақ)*|.

4. Сондықтан Канны қарарларының 1-параграфы *меншіктің* екі *системасының* (капиталистік, немесе жеке меншіктің және коммунистік, *әзірге* тек РСФСР-де ғана қабылданған меншіктің) *тең праволылығын* мойындай отырып, осылайша, жанама түрде болса да, меншіктің бірінші системасының күйрегеніп, банкрот болғанын, оның, тепе-теңдік негізде, екінші системамен *келісуінің* сөзсіздігін мойындауға мәжбүр болып отыр.

5. Канны шарттарының басқа параграфтары, Генуяда болған державалардың меморандумдары және т. с. сияқты, бұған қайшы келеді, сөйтіп өздерін өмірге бейімсіз етеді.

6. *Бүкіл дүние жүзі* жеке меншіктен және ол туғызатын *экономикалық былық* пен соғыстардан меншіктің жоғары системасына *көшкенге дейін, уақытша ахуал ретінде болса да,* меншіктің екі системасының шын мәнісіндегі тең праволылығы тек Рапалло шартында ғана көрсетілді. Сондықтан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті

Рапалло шартын, қиыншылықтардан, былықтан және соғыс қаупінен құтқаратын (әзірге меншіктің екі системасы, оның ішінде капиталистік меншік сияқты соншама ескірген система сақталып қалып отырғанда) бірден бір дұрыс жол деп танып, құптайды;

РСФСР-дің капиталистік мемлекеттермен қатынастары үшін *тек* осындай типтегі шарттарды *ғана* дұрыс деп таниды;

Халық Комиссарлары Советі мен Сыртқы Істер Халық Комиссариатына саясатты осы рухта жүргізуді тапсырады;

— Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына мұны РСФСР-мен федерацияға қосылатын барлық республикалармен келісім жасау арқылы қуаттауды тапсырады;

— Сыртқы Істер Халық Комиссариаты мен Халық Комиссарлары Советіне бұдан басқаша істеуге, яғни Рапалло типтес шарттардан шегінуге, тек РСФСР-дің еңбекші бұқарасы үшін өте-мөте тиімді болатын ерек-

ше жағдайларда және т. с. реттерде ғана жол беруге бұйырады[128].

1922 ж. 15 немесе 16 майда жазылған

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 33-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

РАДИОТЕХНИКАНЫ ДАМЫТУ ТУРАЛЫ[129] РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТТАР

1

Сталин жолдасқа, Саяси бюроның барлық мүшелеріне жағалата оқуға берілуін өтінемін

Сталин жолдас,

екі баяндаманы қоса жіберіп отырмын: біріншісі — электр жөніндегі маман, профессор Осадчийдің радиотелеграф және телефон байланысы туралы баяндамасы; екіншісі — Бонч-Бруевичтің (біреуі Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы, ал екіншісі патшаның аса көрнекті генералы болған белгілі ағалы-інілі Бонч-Бруевичтердің туысқаны емес) баяндамасы. Баяндамасын мен қоса жіберіп отырған бұл Бонч-Бруевич — аса ірі қызметкер және радиотехникадағы өнертапқыш, Нижний Новгород радиолабораториясының бас қайраткерлерінің бірі.

Бұл баяндамалардан байқалатыны: адам аузынан шыққан сөзді сымсыз радиохабары арқылы неғұрлым алыс қашықтыққа беру мүмкіндігін біздің техникамызда жүзеге асыруға әбден болады; Москвада сөйленетін сөздерді, баяндамаларды және лекцияларды республикадағы, Москвадан жүздеген, ал белгілі жағдайда мыңдаған шақырым қашық әлденеше жүздеген жерлерге бере алатын әлденеше жүздеген қабылдағыштарды іске қосуды да жүзеге асыруға әбден болады.

Менің ойымша, әсіресе халықтың сауатсыз бұқарасы үшін насихат пен үгіт жүргізу тұрғысынан да, сол сияқты лекциялар беру үшін де, бұл жоспарды жүзеге асыру бізге сөзсіз қажет. Қоғамдық ғылымдар сала-

сында біз жұмысқа қатыстырып отырған буржуазиялық профессорлардың көпшілігі мүлдем жарамсыз және тіпті зиянды болып отырғанда бізге қоғамдық ғылымдар бойынша лекциялар оқи алатын өзіміздің аз ғана коммунистік профессорларымызды бұл лекцияларды федерацияның барлық түкпірлеріндегі жүздеген орындар үшін оқытып отудан басқа жол жоқ.

Сондықтан радиотелефон байланысын ұйымдастыру ісін аяқтап шығудан және жұмысқа толық жарамды, дауыстап сөйлейтін аппараттар жасаудан қаржыны ешбір аямау керек деп ойлаймын.

Нижний Новгород радиолабораториясының жұмыстарын жолға қоюға, сөйтіп, бүкіл республикада Москвадан немесе басқа орталықтан сөйленетін сөздерді, жасалатын баяндамаларды, оқылатын лекцияларды қалың бұқара үшін қайталап бере алатын, толық жарамды, дауыстап сөйлейтін аппараттарды және әлденеше жүздеген қабылдағыштарды орнату жөнінде Нижний Новгород радиолабораториясы бастаған жұмыстарды аяқтауды барынша тездету үшін лаборатория жұмысын жолға қоюға сметадан тыс, ерекше шұғыл нәрсе ретінде алтын қорынан алтынмен 100 мың сом қаржы бөлу туралы қаулы қабылдауды ұсынамын.

Еңбек және Қорғаныс Советіне бұл қордың жұмсалуына ерекше бақылау қою және, мүмкін, егер тиімді деп табылса, жұмысты ерекше шапшаң және табысты жүргізгені үшін, сол көрсетілген қордан сыйлық беру тәртібін енгізу тапсырылсын.

Бұған қоса айтатыным: бүгін шыққан «Известия» ағылшындардың радиотелеграфия саласында радиотелеграммаларды астыртын беруді ойлап тапқаны туралы хабарлайды. Егер бұл өнертабысты сатып ала алсақ, онда радиотелефон және радиотелеграф байланысы әскери іс үшін бұрынғыдан да зор маңыз алар еді.

Ленин

1922 ж. 19 майда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1949 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Секретарьдың газет текстімен салыстырылған жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

2

Сталин жолдасқа

Бонч-Бруевичтің бүгінгі қағазы жөнінде мен радиолабораторияны арнаулы тапсырмаларсыз алтын қорынан қаржыландыра алмаймыз деп ойлаймын.

Сондықтан радиолабораторияның дауыстап сөйлейтін телефондар мен қабылдағыштарды жетілдіру және өндіру ісін шешуді барынша тездетуіне керекті шығындарды анықтауды Еңбек және Қорғаныс Советіне тапсыруды ұсынамын. Менің пікірімше, біз тек осыған ғана сметадан тыс белгіленген алтын сомасын бөлуге тиіспіз.

Ленин

1922 ж. 19 майда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

«ЕКІ ЖАҚТЫ» БАҒЫНУ ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ[130]

Саяси бюроға арнап Сталин жолдасқа

Прокуратура туралы мәселе Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының жұмыстарына басшылық ету үшін тағайындалған Орталық Комитет комиссиясында алауыздық туғызды. Егер бұл алауыздық мәселенің Саяси бюроға өздігінен көшірілуіне себеп болмаса, онда мен, өз тарапымнан, мәселені соншама маңызды деп есептеп, оны Саяси бюроның шешуіне беруді ұсынамын.

Алауыздықтың мәнісі мынада: Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сайлаған комиссиядағы көпшілік прокуратура туралы мәселе жөнінде прокурорлық бақылаудың жергілікті өкілдерін тек орталықтың ғана тағайындауына және олардың тек орталыққа ғана бағындырылуына қарсылық білдірді. Көпшілік, жалпы барлық жергілікті қызметкерлер үшін белгіленген «екі жақты» бағыну дейтінді, яғни олардың, бір жағынан, тиісті халық комиссариаты арқылы орталыққа бағынуын, екінші жағынан, жергілікті губерниялық атқару комитетіне бағынуын талап етеді.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясындағы нақ сол көпшілік прокурорлық бақылаудың жергілікті өкілдерінің жергілікті губерниялық атқару комитеттері мен жалпы жергілікті өкімет органдарының қандай да болсын шешімдеріне заңдылық тұрғысынан қарсылық білдіру правосын қабылдамады.

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясындағы көпшіліктің мұндай мүлде теріс шешімін қандай дәлелмен қорғауға болатынын түсіну маған қиын. Мен тек: бұл ретте «екі жақты» бағынуды қорғау дегеніміз жергілікті орындардың қажетті дербестігі үшін, бюрократиялық централизмге қарсы және губерниялық атқару комитеттерінің қызметкерлеріне орталықтың менмендікпен қарауына қарсы заңды күрес жүргізу деген дәлелдерді ғана естідім. Заңдылық калугалық және қазандық бола алмайды, қайта бірыңғай Бүкіл россиялық және тіпті Советтік республикалардың бүкіл федерациясы үшін бірыңғай болуға тиіс деген көзқараста менмендік бар ма? Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясындағы көпшілік ұстаған көзқарастың негізгі қатесі — олардың «екі жақты» бағыну принципін теріс қолданатындығында. «Екі жақты» бағыну айырмашылықтың шын мәнісінде сөзсіз болып отырғанын ескере білу керек болатын жерлерде қажет. Калуга губерниясындағы егіншілік Қазан губерниясындағыдай емес. Бүкіл өнеркәсіп жөнінде де осыны айтуға болады. Бүкіл әкімшілік жасау, басқару жөнінде де осыны айтуға болады. Бұл мәселелердің бәрінде жергілікті ерекшеліктерді ескере алмау бюрократиялық централизмге және т. с. бой ұрғандық болар еді, жергілікті айырмашылықтардың ақылға қонымды жұмыстың негізі болып табылатынын ескере алуда жергілікті қызметкерлерге кедергі жасағандық болар еді. Ал оның бер жағында, заңдылық біреу болуға тиіс, сондықтан, Қазан заңдылығынан өзгеше Калуга заңдылығын сақтағысы келетін ежелгі-орыстық көзқарасқа және жартылай тағы адамдардың әдетіне жол берушілік біздің бүкіл өміріміздегі және біздің бүкіл мәдениетсіздігіміздегі негізгі кесел болып табылады. Басқа қандай да болсын әкімшілік билікке қарағанда, прокурорлық бақылауда ешқандай әкімшілік билік болмайтынын және оның бірде-бір әкімшілік мәселеде ешқандай шешуші дауыспен пайдаланбайтынын есте ұстау қажет. Прокурор тек бір ғана істі істеуге — қандай да болсын жергілікті айырмашылықтарға және қандай да болсын

жергілікті ықпалдарға қарамастан, бүкіл республикада заңдылықтың шын мәнісінде біркелкі ұғынылуын бақылап отыруға праволы және міндетті. Прокурордың бірден-бір правосы және міндеті — істі соттың шешуіне тапсыру. Бұл соттар қандай? Біздегі соттар — жергілікті соттар. Судьяларды жергілікті Советтер сайлайды. Сондықтан, прокурор заңның бұзылуы туралы өзі қозғаған істі шешуіне беретін өкімет — жергілікті өкімет; ол өкімет, бір жағынан, бүкіл федерация үшін белгіленген бірыңғай заңдарды мүлтіксіз орындауға міндетті, ал екінші жағынан, жазалау шарасын белгілегенде жергілікті жағдайлардың бәрін ескеруге міндетті; мұнымен бірге ол: пәлендей ретте заңның бұзылғаны күмәнсыз бола тұрса да, жергілікті сотта анықталған, жергілікті адамдарға жақсы мәлім пәлендей жағдайлар сотты пәлендей адамдар жөнінде жазаны жұмсарту қажет деп тануға, немесе тіпті пәлендей адамдарды сот бойынша ақталды деп тануға мәжбүр етеді деп айтуға праволы. Егер біз бүкіл федерацияда бірыңғай заңдылық орнатуға керекті бұл ең қарапайым шартты қалай да орындап отырмасақ, онда ешқандай қорғап-сақтау туралы және мәдениеттілікті ешқандай жасау туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Прокурор губерниялық атқару комитеттерінің және басқа жергілікті өкімет органдарының шешімдеріне қарсылық білдіруге праволы болмауға тиіс, заңдылық тұрғысынан оларды Жұмысшы-Шаруа инспекциясы тексеруге тиіс деу де принцип жағынан дұрыс емес.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы тек заңдылық тұрғысынан ғана емес, қажеттілік тұрғысынан да қорытынды жасайды. Прокурор бірде-бір жергілікті өкіметтің бірде-бір шешімі заңға қайшы келмеуіне жауапты, сондықтан прокурор қандай да болсын заңсыз шешімге тек осы тұрғыдан ғана қарсылық білдіруге міндетті, онда да прокурор шешімдердің іске асырылуын тоқтатуға праволы емес, тек бүкіл республикада заңдылықты мүлде бірдей ұғынылатын ету шараларын қолдануға ғана міндетті. Сондықтан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің комиссиясындағы көпшіліктің шешімі принцип жағынан мейлінше теріс бо-

лып қана қоймай, «екі жақты» бағыну принципін түбірінен қате қолданып қана қоймай, оның үстіне заңдылық және аз да болса мәдениеттілік орнату жөніндегі қандай да болсын жұмысты нашарлатады.

Содан соң, бұл мәселені шешу үшін жергілікті ықпалдардың маңызын ескеру керек. Біздің қыруар заңсыздық ішінде өмір сүріп отырғанымыз және жергілікті ықпалдың заңдылық пен мәдениеттілік орнатудың ең үлкен жауы болмағанмен, ең үлкен жауларының бірі болып табылатыны күмәнсыз. Жер-жерде партия тазалауы жүзеге асырылғанда жергілікті тексеріс комиссияларының көбінде жеке адамдардың және жергілікті жерлердің арасында өштесулер болғандығын партия тазалауы басым факт ретінде ашып көрсеткені туралы естімеген адам бола қояр ма екен. Бұл — даусыз және жеткілікті сабақ аларлық факт. Біздің партияға, заң жағынан жеткілікті білімді және қандай да болсын таза жергілікті ықпалдарға қарсы тұра алатын сенімді коммунистерді жүздеп табудан гөрі ондап табу оңайырақ екенін бекер деуге кімнің батылы бара қояр екен. Прокуратураның «екі жақты» бағынуы туралы және оның тек бір ғана орталыққа бағынуының қажеттігі туралы сөз болғанда, мәселе нақ осыған келіп тіреледі. Ал орталықта біз бас прокурор, Жоғарғы трибунал және Юстиция халық комиссариатының коллегиясы арқылы орталық прокурорлық билікті жүзеге асыратын он шақты адам табуға тиіспіз (бас прокурор дербес жеке билікпен пайдалана ма, әлде бұл билікті Жоғарғы трибуналмен және Юстиция халық комиссариатының коллегиясымен бөлісе ме деген мәселені мен оқшау қалдырамын, өйткені бұл мәселе мүлде екінші дәрежелі мәселе және ол қалай болғанда да орасан зор билікті партияның бір адамға сеніп тапсыратындығына немесе бұл билікті жоғарыда көрсетілген үш инстанцияға бөлетіндігіне қарай шешіледі). Бұл он адам орталықта отырып, партиялық үш мекеменің ең жақын бақылауы бойынша және олармен ең тығыз байланыс жасай отырып жұмыс істейді; жергілікті ықпалдар мен жеке адамдардың ықпалдарына қарсы толық кепілдік жасайтын ол

үш мекеме, атап айтқанда, мыналар: Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы, Орталық Комитеттің Саяси бюросы және Орталық Бақылау Комиссиясы; оның бер жағында бұл соңғы мекеме, яғни, тек партия съезі алдында ғана жауапты болатын Орталық Бақылау Комиссиясы мынадай етіліп құрылады: Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері еш қандай халық комиссариатында, еш қандай жеке ведомствода және Совет өкіметінің еш қандай органында титтей де қосалқы қызмет атқара алмайды. Мұндай жағдайда, бұған дейін ойлап шығарылған барлық кепілдіктер ішінде мынадай ең зор кепілдік алатынымыз айқын: партия, жергілікті ықпалдарға, жергілікті бюрократизмге және қандай да болсын бюрократизмге іс жүзінде қарсы тұрып, бүкіл республикада және бүкіл федерацияда заңдылықтың шын мәнісінде біркелкі қолданылуын орната алатын шағын орталық коллегия құрады. Сондықтан жалпы республикада біздің бүкіл партиялық жұмысымыз үшін де, советтік жұмысымыз үшін де жалпы барлық негізгі ұғымдар мен барлық негізгі ережелерді белгілеп отыратын партия органдары бұл орталық юридикалық коллегияның жасауы мүмкін қателерін нақ сол жерде дереу түзетіп отырады.

Егер бұдан шегінетін болсақ, онда ешкім тура және ашық қорғамайтын көзқарасты, атап айтқанда: бізде мәдениеттіліктің және онымен тығыз байланысты заңдылықтың жоғары дәрежеде бейне бір дамығандығы сонша — біз, ешқашан ешқандай жергілікті ықпалдарға берілмейтіндігі және бүкіл республикада біркелкі заңдылықты өздері орнататындығы тұрғысынан мүлде мінсіз жүздеген прокурорларымыз бар екендігіне кепіл бола аламыз дейтін көзқарасты астыртын жүргізе беретін боламыз.

Сайып келгенде мен мынадай қорытындыға келемін: прокуратура жөнінде «екі жақты» бағынуды жақтау және оның жергілікті өкімет орындарының қандай да болсын шешіміне қарсылық білдіру правосын алып тастау принципінде теріс болып қана қоймай, біздің заңдылықты табанды түрде енгізіп отыру жөніндегі негізгі міндетімізге бөгет жасап қана қоймай, оның үс-

тіне жергілікті бюрократия мен жергілікті ықпалдардың мүдделері мен соқыр сенімдерін, яғни еңбекшілер мен жергілікті және орталық Совет өкіметі, сондай-ақ РКП орталық билігі арасындағы ең жаман кедергіні білдіреді.

Сондықтан мен Орталық Комитетке: «екі жақты» бағынуды бұл ретте қабылдамай, жергілікті прокурорлық билікті тек *орталыққа* бағынатын етіп белгілеуді және прокурорлық биліктің жергілікті өкімет орындарының барлық және қандай да болсын шешімдеріне бұл шешімдердің немесе қаулылардың заңдылығы тұрғысынан қарсылық білдіру правосы мен міндетін сақтауды, бұл шешімдер мен қаулыларды тоқтатуға право бермей, істі соттың шешуіне тапсыруға ерекше право беруді ұсынамын.

Ленин

1922 ж. 20 майда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1925 ж. 23 апрельде «Правда» газетінің 91-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ СЕКРЕТАРИАТЫНА ХАТ[131]

Менің ойымша, мәселені төрттен бірі қысқартылатындығын жариялап және мұны Генуяда уақытша бітім жасасу бағытында шамалы болса да және онша сенімді болмаса да, бірақ сонда да біршама нақты қадам жасалғандығымен дәлелдей отырып қойған жөн.

Ленин

1922 ж. 20 майда телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған көшірме)

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ ЖӘНЕ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫНЫҢ ЖОБАСЫ

Саяси бюроға арнап Сталин жолдасқа:

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы дұрыс ұйымдастырылмағанын көрсетті. Оның мүшелерінің басым көпшілігі — лауазымды адамдар.

Саяси бюроның мынадай шешімін шығаруды ұсынамын:

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мүшелерінің кемінде 60 проценті совет қызметінде ешқандай лауазым алып отырмаған жұмысшылар мен шаруалар болуы қажет деп танылсын; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мүшелерінің кемінде 67 проценті коммунистер болсын; бұл мәселені Орталық Комитеттің ең таяудағы пленумына әзірлеу үш адамнан құрылған топқа: Калинин, Енукидзе, Каменев жолдастарға тапсырылсын. Советтердің ең таяудағы Бүкіл россиялық съезінде бекіту үшін алдымен Саяси бюроға, сол арқылы Орталық Комитеттің пленумына енгізілсін[132].

23/V. 1922.

Ленин

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЗАКАВКАЗЬЕ ЕҢБЕКШІ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БІРІНШІ СЪЕЗІНЕ[133]

Закавказье еңбекші әйелдерінің I съезін құттықтаймын. Сайлағандарыңыз үшін алғыс айтамын. Науқастығыма байланысты бара алмаймын.

Ульянов-Ленин

1922 ж. кеш дегенде 26 майда жазылған

Азербайжан тілінде 1922 ж. 28 майда «Коммунист» газетінің 116-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1922 ж. 29 майда «Бакинский Рабочий» газетінің 117-номерінде басылған

Телеграмма көшірмесімен салыстырылған, «Бакинский Рабочий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Л. УРКАРТҚА КОНЦЕССИЯ БЕРУ ЖӨНІНДЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ*[134]

Уркартқа, егер ол бізге көп қарыз беретін болса ғана, концессия берілсін.

Уркартқа концессияға берілуге тиісті заводтарды тексеру үшін барған және оны қолдамаған Михайлов комиссиясының запискасымен Саяси бюроның барлық мүшелері таныссын.

Жаулар біздің транспортымыз бен өнеркәсібіміздің негізгі капиталы толық қирады деп есептейді. Барлық тұтыну заттарына салық салу арқылы, қант, *сыра* сияқты өнімдерге салынатын салықты шегіне жеткізу жолымен осы капиталды қалпына келтіруге қаржы іздестіру қажет.

Ішкі күштеу заемы мен табыс салығын есте ұстау керек.

1922 ж. 4 сентябрьде айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Ф. Э. Дзержинскийдің жазбасы бойынша басылып отыр

---

* Документтің жоғарғы жағына Ф. Э. Дзержинский: «В. И. директивалары.— 4. IX.» және «Сталин жолдасқа», ал текстің соңына: «Дұрыс. Дзержинский» деп жазған. Документте И. В. Сталиннің де: «Ленин жолдастың пікірі» деп соққан белгісі бар. *Ред.*

БІР КЕСПЕК БАЛДАҒЫ БІР ҚАСЫҚ ҚАРА МАЙ

Азамат О. А. Ерманский «Еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру және Тейлор системасы» (Мемлекеттік баспа. 1922) деген өте пайдалы және өте жақсы кітап жазды. Бұл оның 1918 жылы жарыққа шыққан «Тейлор системасы» деген кітабының қайтадан өңделуі. Кітап едәуір кеңейтілген; мынадай өте маңызды қосымшалармен толықтырылған: I. «Өнімді еңбек және мәдениет»; II. «Шаршау проблемасы». Бұрын «Еңбек және демалыс» деп аталған аса маңызды бөлімдердің бірі бұрын бар болғаны 16 бет болса, енді 70 бет болып көбейген (III тарау: «Адам жұмысы»).

Кітап бізге Тейлор системасын өте толық баяндайды, оның бер жағында, ерекше бір маңызды жері, бұл системаның ұнамды жағын да, *оның ұнамсыз жағын* да, сонымен қатар адам машинасының физиологиялық кірісі мен шығысы туралы негізгі ғылыми деректерді де баяндайды. Менің ойымша, барлық кәсіптік мектептер үшін және жалпы барлық 2-ші басқыш мектептер үшін міндетті түрдегі оқулық деп танылуға кітап тұтас алғанда әбден жарайды. Жұмыс істеуге үйрену — Совет республикасының қазіргі басты, шын мәнісінде жалпы халықтық міндеті. Жаппай сауаттылыққа жету, мұнымен ешбір шектеліп қалмай, қайткен күнде де одан әрі ілгерілеп, европалық және америкалық ғылымның шын бағалы нәрселерінің бәрін үйрену — біздің ең бірінші және ең басты міндетіміз.

Азамат Ерманскийдің кітабының елеулі бір кемші-

лігі бар, бұл кемшілік, сірә, оны оқулық деп тануға кедергі жасайтын сияқты. Бұл — автордың көп сөзділігі. Ешқандай керегі болмаса да, ол бір айтылғанды сан рет қайталайды. Бұл жөнінде автордың өз кітабын жазғанда оны оқулыққа айналдыруды ойламағандығы белгілі дәрежеде оған кешірімділікпен қарауға дәлел болуы мүмкін. Алайда автор алғы сөздің VIII бетінде өз кітабының құндылығы ғылыми мәселелердің түсінікті баяндалуында деп білетінін айтады. Оныкі дұрыс. Бірақ түсінікті етіп баяндау қайталауға жол бермеуді де талап етеді ғой. Үлкен кітапты оқуға «халықтың» қолы тимейді. Азамат Ерманскийдің кітабы тым үлкен, әрі ешбір орынсыз үлкен. Мұның өзі оның түсінікті болуына кедергі жасайды...*

1922 ж. 10 сентябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы арадан үзіледі. *Ред.*

Л. УРКАРТПЕН ШАРТ ЖАСАСПАУ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ

12/IX.

Сталин жолдас!

Красиннің Уркартпен шартын оқып шыққан едім, мен оны бекітуге қарсымын. Табысты бізге екі жылдан немесе үш жылдан кейін беруге уәде етіп, Уркарт бізден ақшаны қазір алмақ. Бұған мүлде жол беруге болмайды. Уркарттың концессиясын сол жерде зерттеуге арнайы барған комиссия председателі Михайлов заводтың қирауына кінәлы біз емес, *шетелдіктер* екенін дәлелдеп отыр. Ал төлейтін біз болғанымыз ба!! Жеңілдікті біз x (икс) жылдардан кейін алатын сияқтымыз, ал өзіміз нақ қазір төлей бастауымыз керек!

Бұл концессияға *келіспеуді* ұсынамын.

Бұл қанау және тонау.

Михайлов комиссиясының қорытынды пікірін естеріңізге саламын. Ол концессияға қарсы болатын.

Ешқандай елеулі дәлел қосылған жоқ. Келіспеу керек.

Сізден осыны Саяси бюро мүшелеріне жеткізуді өтінемін.

Коммунистік сәлеммен *В. Ульянов (Ленин)*

P. S. Бұл концессия өнеге болмайды-мыс деу — айлакерлік.

Анық және сөзсіз өнеге *болар*. Ешқандай сөзуарлыққа және сендірулерге қарамастан, *іс жүзінде* осылай болары сөзсіз.

Ал жалпы алғанда Михайлов комиссиясы ашқан нәрсенің *бәрі* мүлде ескерілмеген. Мұндай концессияға қарсы *біркатар* дәлелдер бар.

Ленин

1922 ж. 12 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КӘСІПОДАҚТАРДЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ V СЪЕЗІНЕ ХАТ[135]

17. IX. 1922.

Қымбатты жолдастар!

Ұзаққа созылған сырқаттанудан кейін съезд алдында менің — жазбаша болса да — бірінші рет сөз сөйлеуіме тура келіп отыр. Сондықтан менің жалынды сәлем жолдаумен және біздің өнеркәсіптің және біздің республиканың жағдайы мен міндеттері туралы аздаған қысқаша сөздермен шектелуіме рұқсат етіңіздер. Біздің жағдайымыз ерекше қиын, өйткені негізгі капиталды, машиналарды, құралдарды, үйлерді және т. т. қалпына келтіру үшін қаржы жоқ, ал енді нақ осы, «ауыр индустрия» дейтін өнеркәсіп социализмнің негізгі базасы болып табылады. Капиталистік мемлекеттерде бұл негізгі капиталды әдетте заемдар арқылы қалпына келтіреді. Капиталистер мен помещиктердің меншігін біз қалпына келтірмей тұрғанда, бізге заем бергілері келмейді, ал біз мұны істей алмаймыз және істемейміз де. Сонда адам айтқысыз қиын және ұзақ жол: бүлінген темір жолдарды, машиналарды, үйлерді және басқаларды бірте-бірте қалпына келтіру үшін аз-аздап қор жинау, салықтарды көбейту жолы қалып отыр. Еңбекші шаруалар жұмысшылардың басшылығымен социализм орнатып жатқан мемлекет ретінде, біз бүкіл дүние жүзінде әзірге жалғыз болып отырмыз; демократия, бостандық және т. т. туралы алуан түрлі көпірме сөздерді бетке ұстап, іс жүзінде капиталистер мен помещиктердің жеке меншігін нығайтатын, бүкіл жер шарын бөлісіп жатқан және оны

қайтадан бөлісу үшін, неғұрлым әлсіз және артта қалған жүздеген миллион халықтарды құлдыққа салу үшін өзара соғысып жатқан азын-аулақ байлардың үстемдігін орнататын капиталистердің басшылығынан еңбекші шаруалар үзілді-кесілді бас тартып отыр.

Біз әзірге жалғыз болып отырғанда өзіміздің халық шаруашылығымызды қалпына келтіру міндеті өз мойнымызға адам айтқысыз ауыр жүк болып түседі. Еңбекшілердің жағдайын жақсарту үшін және империалистік соғыс пен азамат соғысынан бүлінген шаруашылығымызды аздап болса да қалпына келтіру үшін барлық шаруалардың және барлық жұмысшылардың күштерін орасан зор жұмылдыру қажет, бізде әлі де өте нашар болып отырған өз мемлекеттік аппаратымызды жетілдіріп, арзандату қажет.

Тұрмыстың ауыр жағдайларының немесе біздің мемлекеттік құрылысымыздың тым баяулығының әсерімен сары уайымға салынуына тура келген әрбір саналы шаруа және жұмысшы капиталистер мен помещиктер үстемдік еткен таяуда өткен заманды еске түсірсін. Мұны еске түсіру оның жұмысында сергектікті қайта орнатады. Барлық күшті жұмсап, жұмысты барлық жағынан күшейтіп, жақсарту керек — жұмысшы-шаруа өкіметін аман сақтап қалудың бірден-бір жолы осы.

Жолдастық сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

«Труд», 18 сентябрь, 1922 ж. және «Правда» № 210, 19 сентябрь, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

СССР-ді ҚҰРУ ТУРАЛЫ

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ХАТ[126]

26/IX.

Каменев жолдас! Сіз Сталиннен оның комиссиясының тәуелсіз республикалардың РСФСР-ге кіруі туралы қарарын, сірә, алған да боларсыз.

Егер алмаған болсаңыз, секретарьдан алыңыз да, дереу оқып шыға қойыңызшы. Мен бұл жөнінде кеше Сокольниковпен, бүгін Сталинмен әңгімелестім. Ертең Мдиванимен («тәуелсіздікшіл» деген күдік таңылған грузин коммунисі) кездеспекпін.

Меніңше, мәселе өте маңызды. Сталиннің аздап асығыстық жасайтыны бар. Сіз жақсылап (Сіз бір кезде мұнымен шұғылданбақшы болып едіңіз және тіпті аздап шұғылдандыңыз да ғой) ойластыруыңыз керек; Зиновьев те сөйтсін.

Сталин бір нәрсеге көнуге қазірдің өзінде келісті. 1-параграфта РСФСР-ге «кіру» деудің орнына —

> «РСФСР-мен бірге Европа мен Азияның советтік республикаларының одағы болып ресми түрде бірігу» делінсін.

Бұл көнудің рухы түсінікті ғой деп сенемін: біз Украин ССР-імен және басқалармен өзімізді тең праволы деп есептейміз, солармен бірге және солармен тең жағдайда жаңа одаққа, жаңа федерацияға, «Европа мен Азияның Советтік Республикалары Одағына» кіреміз.

Онда 2-параграф та өзгертуді керек етеді. РСФСР

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілістерімен қатар —

«Европа мен Азия Советтік Республикалары Одағының жалпы федерациялық Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитетін» құру сияқты нәрсе.

Егер аптасына біріншісі бір рет және екіншісі бір рет (немесе тіпті екіншісі 2 аптада 1 рет) мәжіліс өткізетін болса, мұны жолға қою қиын емес.

Маңыздысы — біздің «тәуелсіздерге» сылтау тауып бермеуіміз, олардың *тәуелсіздігін* құртпауымыз, қайта үйдің тағы да *жаңа бір қабатын, тең праволы* республикалар федерациясын құрып беруіміз керек.

2-параграфтың екінші бөлімі былай болып қала алар еді: наразылар жалпы федерациялық Бүкіл одақтық Орталық Атқару Комитетіне (*Еңбек және Қорғаныс Советі* мен *Халық Комиссарлары Советінің* шешімдері жөнінде) шағым береді, бірақ *бұл арқылы* істің орындалуын (РСФСР-де де солай) *тоқтатып қоймайды.*

3-параграф редакциясы өзгертілген қалпында қала берер еді: *«Европа мен Азия Республикалары Одағына кірген* барлық республикаларда РСФСР-дің тиісті халық комиссариаттарының шағын аппараттары бар өз уәкілдері болуы үшін Москвада тұратын *жалпы федерациялық* халық комиссариаттарына қосылады».

3-параграфтың 2-бөлімі сол күйінде қалады; мүмкін, тең праволылықтың көбірек болуы үшін былай деуге де болар: «Европа мен Азия Советтік Республикалары Одағына кіруші бүкіл республикалардың *Орталық Атқару Комитеттерінің* келісімі бойынша».

3-бөлім ойластырылсын: «орындыны» *«міндеттімен»* ауыстыру керек емес пе? Немесе ең болмағанда *сұрау салу* түрінде және «өте-мөте төтенше маңызы бар» жағдайларда ғана сұрау салмай шешуге жол беру түрінде *шартты* міндеттілікті қосса қайтер еді?

§ 4, мүмкін, мұнда да «бүкіл республикалардың Орталық Атқару Комитеттерінің келісімі бойынша қосылсын» деу керек болар?

§ 5, мүмкін, «*таза кеңесші* сипаттағы (немесе *тек қана* кеңесші сипаттағы) бірлескен (немесе жалпы) конференциялар мен съездерді белгілеуге байланысты» деп қосу керек болар?

1- және 2-ескертулерге тиісінше өзгерістер енгізілсін.

Сталин қарарды Орталық Комитеттің Саяси бюросына енгізуді мен келгенге дейін кейінге қалдыра тұруға келісті. Мен дүйсенбіде, 2/X. күні келемін. Сізбен және Рыковпен 2 сағаттай уақытқа таңертең, айталық, 12—2-де және, қажет болып қалса, кешке, айталық, 5—7-де немесе 6—8-де кездескім келеді.

Бұл менің алдын ала жобалауым. Мдиванимен және басқа жолдастармен әңгімелесудің негізінде қосатын және өзгертетін боламын. Сізден де нақ осылай істеуді және маған жауап қайтаруды қатты өтінемін.

Сіздің *Ленин*

P. S. Көшірмелері Саяси бюроның *барлық* мүшелеріне жіберілсін.

1922 ж. 26 сентябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ҰЛЫ ДЕРЖАВАЛЫҚ ШОВИНИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ Л. Б. КАМЕНЕВКЕ ЗАПИСКА

Каменев жолдас! Ұлы орыстық шовинизмге өліспей беріспейтін соғыс жариялаймын. Ауру тістен құтылысыммен-ақ, оны барлық сау тістеріммен жеп қоямын.

Одақтық Орталық Атқару Комитетінде
орыс
украин
грузин, т. т.
кезекпен *председательдік етуін созсіз* талап ету керек!

Созсіз!

Сіздің *Ленин*

1922 ж. 6 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1937 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 21-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

БАКУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА

Москва. 6/X. 1922.

Қымбатты жолдастар! Мен жаңа ғана Азнефтьтің жағдайы туралы Серебровский жолдастың қысқаша есебін тыңдадым. Бұл жағдайдың қиыншылықтары тіпті де аз емес. Сіздерге өзімнің жалынды сәлемімді жолдай отырып, сіздерден қайткенде де таяу уақытта шыдай тұруды өтінемін. Алғашқы кезде бізге ерекше ауыр. Бұдан былай жеңілдеу болады. Біз жеңуге тиіспіз және қайткен күнде де жеңеміз.

Сіздерге тағы да ізгі коммунистік сәлем жолдаймын.

В. Ульянов (Ленин)

«Бакинский Рабочий» № 251, 7 ноябрь, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

Л. УРКАРТҚА КОНЦЕССИЯ БЕРУ ТУРАЛЫ Г. Л. ПЯТАКОВҚА ХАТ

Пятаков жолдас! Мен сияқты кеше сіз де Уркартқа концессия беруге қарсы пікір айтқан едіңіз. Сондықтан осы концессия жөніндегі мәселені тағы бір рет тексеру сіздің қолыңыздан келеді және тексеруге келісесіз ғой деп ойлаймын (оның үстіне біздің кешегі шешіміміз, шындығында, мәселені тағы да ұзаққа созып жібереді).

Тексеру, менің ойымша, *негізінен* монополия туралы мәселеге қатысты жүргізілуге тиіс; мәселенің басым жағы да осында. Концессияның финанс жағынан тиімді болуы туралы мәселе — екінші кезектегі мәселе.

1) Кен істері советінен картаны,— И. К. Михайлов (жергілікті жерге барған комиссия председателі) соған бердім дейді,— одан концессия картасын алу керек.

2) Мынадай кесте жасалсын: негізгі өнімдердің тізбесі; бұл өнімдердің біздің басқа заводтарда өндірілу проценті (мыс, мырыш және басқалары); тағы қай жерлерде өндіріледі, орталықтан *тым алыс па,* әлде жақын ба, т. с.

3) Қорытынды: Уркарт қай салада, қандай өнімге монополия алады, оның маңызы.

4) Барлық мәселелердің ішіндегі ең бастысы — Екібастұз және оның Урал үшін маңызы.

Мені қатты таңдандырған нәрсе: Богданов «Кузбасс жақынырақ» деді (ол әлдеқайда алыс), ал Кржижановский жолдас маған: сіз Менделеевтің ескірген және теріске шығарылған көзқарастарын ұстанасыз деді.

Екібастұзда Ертіске апаратын тармақ жол болып отырғанда және ол Уралға апаратын анағұрлым жақын және арзан су жолымен қамтамасыз етіп отырғанда, бұл арада айтысып жататын не бар? істің мәні неде болып отыр?

Егер Кузбасс әлдеқайда қымбат және алыс болса (су жолы транспорты жоқ болса), онда *бүкіл* Екібастұзды Уркартқа беруге біздің *правомыз жоқ;* $^1/_2$ бөлігін алам десе — ала қойсын.

Осы хатты тек Кржижановскийге ғана көрсетуіңізді өтінемін; бұл тексеру бөтен ешкімге сеніп тапсырылмасын; тексеруді тек өзіңіз ғана жүргізетін болыңыз (әрине, мырыш, мыс және басқаларының өндірілу мөлшері және олардың өндірілетін жерлері жөніндегі барлық статистикалық цифрларды, бұлардың не үшін керек екенін білместен, кез келген чиновник сіздің алдыңызға жайып салады); осы істі қолға аласыз ба, тез арада бітірем деп есептейсіз бе,— маған жазып жіберіңіз.

6/X. 1922.

Коммунистік сәлеммен *Ленин*

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ТОҚЫМАШЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР СЪЕЗІНЕ[137]

10. X. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар!

Сіздерді алдауға тура келгеніне кешірім сұраймын! Тісім ауырып, мұның өзі жұмысымның тап басталған кезінде мені одан қол үздіріп қана қоймай, сонымен бірге тағы да,— тұтас бір аптаға — әбден жүйкемді құртты. Әр түрлі кездесулерді (съездерде) тағы да бір апта бойы қоя тұруым керек.

Бұл съезде бола алмайтыныма қатты өкінемін. Кутузов жолдастың сіздерге бәрін толық айтып беретініне және менің ізгі сәлемім мен тілектерімді жеткізетініне кәміл сенемін.

Сіздің *Ленин*

1922 ж. мына кітапта басылған: «Тоқымашылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық 5-ші съезінің жұмыстары туралы есеп. 6—11 октябрь, 1922 ж.», Москва

1924 ж. 25 январьда төтенше шыққан «Голос Текстилей» газетінің факсимилесі бойынша басылып отыр

РКСМ БЕСІНШІ СЪЕЗІНЕ[138]

Қымбатты достар! Сіздерді өзім барып құттықтай алмайтындығыма қатты өкінемін. Сіздердің V съезіңіздің жұмыстары мейлінше табысты болуына тілектеспін. Жастар дүние жүзілік революцияның келесі кезеңі пісіп жетілген кезде алға қойылған міндетті толық атқаратындай болып ойдағыдай есейіп-жетіле алады деп сенемін.

Коммунистік жалынды сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

11/X. 1922.

«Правда» № 230, 12 октябрь, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

СЫРТҚЫ САУДА МОНОПОЛИЯСЫ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ[139]

Орталық Комитеттің секретары *Сталин* жолдасқа
13/X. 1922.

Орталық Комитет пленумының 6 октябрьдегі (№ 7 протокол, 3-пункт) шешімі мынадай маңызды емес сияқты, ішінара реформа белгілеген: «товарлардың кейбір категориялары бойынша немесе кейбір шекараларға сәйкестіре отырып шеттен товар әкелуге және шетке товар шығаруға уақытша рұқсат ету туралы *Еңбек және Қорғаныс Советінің* бірсыпыра жеке қаулылары шығарылсын».

Ал іс жүзінде мұның өзі сыртқы сауда монополиясын болғызбау деген сөз. Сокольников жолдастың осыған жетуге тырысқаны және жеткені таңқаларлық емес. Ол әрқашан осыған жетуге тырысып келді, ол парадоксты жақсы көреді және монополия біздің өзімізге тиімсіз дегенді дәлелдеуге әрқашан тырысып бақты. Бірақ шаруашылықтағы адамдардың ешқайсысынан егжей-тегжейіне жете сұрамастан, бұған принцип жүзінде монополияны жақтаушылардың дауыс бере салғаны таңқаларлық нәрсе.

Қабылданған қаулының мәнісі қандай?

Шеттен товар әкелу және шетке товар шығару үшін сатып алу конторлары ашылады. Контордың иесі *тек* ерекше көрсетілген товарларды *ғана* сатып алуға және сатуға праволы.

Ал бақылау қайда? бақылау құралдары қайда?

Зығыр Россияда 4 жарым сом, Англияда 14 сом тұрады. Процент пен пайда тез өскен жағдайда капитал-

дың іштей қалай қайта құрылып, батылдана түсетіндігін біздің бәріміз де «Капиталдан» оқығанбыз. Капиталдың тәуекелге басын байлауға тез бара алатындығы жұрттың бәрінің есінде, ал Маркс мұны соғыстан және оның «секірістерінен» көп уақыт бұрын айтқан болатын.

Ал қазір ше? Шаруалар мен саудагерлерді аса пайдалы мәмледен қандай күш тоқтата алмақ? Россияға тағы да надзирательдерді қаптату керек болғаны ма? Сатып алу конторының қорлісін ұстап алып, оның зығыры шетке жасырын шығару үшін сатылып қойды деп дәлелдеу керек болғаны ма?

Сокольников жолдастың парадокстары қашанда тапқыр болып келеді, бірақ парадокстарды ауыр ақиқаттан айыра білу керек қой.

Бұл сияқты мәселе жөнінде деревнялық Россияда ешқандай «заңдылықтың» болуы мүлде мүмкін емес. Жалпы алғанда контрабандамен салыстырудың қандайы болса да («бәрібір, айталық, контрабанда да монополияға мейлінше қарсы болады ғой» деу) мүлде дұрыс емес: шекарадағы маман-контрабандистің жөні бір басқа да, *барлығы* өздерін қорғайтын және олардың «өз» пайдасын олардан тартып алуға тырысатын өкіметке қарсы соғысатын *барлық* шаруалардың жөні бір басқа.

Бізге енді ғана миллиондар бере бастаған (ондаған миллиондар және одан да көп беретін болады) монополия режимін бастан өткермей жатып, біз мейлінше былық енгізіп отырмыз, аз-аздап пысая бастаған ісімізді бүлдіргелі отырмыз.

Біз система құра бастадық: сыртқы сауда монополиясы да, кооперация да құрыла бастады. Бір-екі жылдан соң кейбір қорытындылар шығады. Сыртқы саудадан түсетін пайда жүздеген проценттермен өлшенеді, біз миллиондап және он миллиондап пайда ала *бастаймыз*. Біз аралас қоғамдар құра *бастадық*, олардың пайдасының (қисапсыз) *жартысын* алуды үйрене бастадық. Біз қазірдің өзінде-ақ өте қомақты мемлекеттік табыстың біраз перспективасын көріп отырмыз. Ал

біз азды-көпті бұл сияқты пайда бере алмайтын баж салықтарына сеніп, осыны тастамақпыз, біз бәрін тастап, елес қуалап кетпекпіз!

Мәселе пленумға асығыс қойылған. Елеулі айтыстың нышаны да болған жоқ. Асығуға ешқандай себеп жоқ. Шаруашылықтағы адамдар енді ғана істің байыбына бара бастады. Материалдар жинамастап, документтер мен цифрларға сүйене отырып, өзіміз *жақтайтын* және өзіміз *қарсы болатын* дәлелдерді таразыға салмастан, сауда саясатының аса маңызды мәселелерін атүсті шеше салуда іске дұрыс көзқарастың ең болмаса жұрнағы бар ма? Шаршаған адамдар бірнеше минутта дауыс бере салады да, сонымен іс бітеді. Бұдан гөрі оңай саяси мәселелерді біз сан рет таразыға салып, көбінесе бірнеше ай бойы шешкен болатынбыз.

Сол күні мәжілісте болуыма аурудың бөгет жасағандығына және қазір өзімнің нормадан біраз ауытқуды талап етуге мәжбүр болып отырғандығыма мен қатты өкінемін.

Алайда мен мәселені таразыға салып, зерттеу керек, асығу зиянды деп ойлаймын.

Менің ұсынысым: бұл мәселенің шешілуі екі айға, яғни келесі пленумға дейін кейінге қалдырыла тұрсын, ал оған дейін біздің сауда жөніндегі саясатымыздың тәжірибесі туралы бір жерге жинақталған және тексерілген *документтер* жиналсын.

В. Ульянов (Ленин)

P. S. Кеше Сталин жолдаспен сөйлескенде (мен пленумда болған жоқпын, сондықтан пленумда болған жолдастардан сұрап білуге тырыстым) біз, айта кетейін, Питер және Новороссийск порттарын уақытша ашу жөнінде де сөз қозғадық. Меніңше, екі мысалдың екеуі де товарлардың мейлінше аз тізімі жөнінде болса да мұндай эксперименттердің өте қауіпті екендігін көрсететін сияқты. Питер портының ашылуы Финляндия шекарасы арқылы зығырдың контрабандалануын сұмдық үлкен мөлшерде күшейтеді. Әкці

контрабандистерге қарсы күрестің орнына біздің мойнымызға зығыр өсіретін ауданның *барлық шаруаларына* қарсы күрес жүктеледі. Бұл күресте біз сөзсіз дерлік соққы жейтін боламыз, оның бер жағында бұл оңдырмай соғылғап соққы болады. Новороссийск портының ашылуы басы артық астықты тез сарқады: бізде соғыс үшін жиналған қорлар аз болып отырғанда, мұның өзі абайлағандық бола ма? бұл қорларды көбейту үшін үнемі қолданылған бірқатар шаралар әлі де нәтиже бере алмай отырғанда мұның өзі абайлағандық бола ма?

Содан соң мынаны ойластыру керек. Сыртқы сауда монополиясы бізге алтын қорының Россияға құйыла бастауына мүмкіндік берді. Мынадай болады деп сенуге енді-енді мүмкіндік туа бастады: пәлендей бір көпестің Россияға бірінші рет жарты жылға сапар шегуі оған, айталық, жүздеген процент пайда берді; ол мұндай правоны сатып алғаны үшін бізге бағаны Сыртқы сауданың пайдасына 25 проценттен 50 процентке дейін көтереді. Біз үйренуге де, осы пайданың мөлшерін *көбейтуге* де мүмкіндік ала бастадық. Ал осының бәрі бірден күйремекші, бүкіл жұмыс үзілмекші, өйткені егер әр түрлі порттар ішінара, уақытша ашылатын болса, онда *мұндай «монополия» үшін бірде-бір көпес соқыр тиын да бермейді*. Бұл анық. Мұндай тәуекелге барудан бұрын бірнеше рет ойланып, есептеп алу керек. Мұның үстіне, өзіміз тексеріп отыратын шетел көпестерін атап-атап жібермей, жалпы бүкіл ұсақ буржуазияны жіберу саяси тәуекел болады.

Сыртқы саудада біз алтын ақша келіп құйылады деп есептедік. Тек шарап монополиясы болмаса, мен басқадай есепті көріп отырғаным жоқ, бірақ шарап монополиясында аса елеулі моральдық пікірлер де, Сокольниковтың бірқатар іс жүзіндегі қарсы пікірлері де бар.

Ленин

P. P. S. Қазір (сағат $1^1/_2$) маған бірқатар шаруашылықтағы адамдар кешеуілдете тұруды өтініш етеді деп

хабарлап отыр. Бұл өтінішті әлі оқығаным жоқ, бірақ мейлінше қолдаймын. Мәселе 2-ақ айда болып отыр.

Ленин

Бірінші рет 1950 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуында басылған, 33-том

Қолжазба бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОҒАРЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА

Халық шаруашылығы жоғары советінің президиумына — *Богданов жолдасқа*

Көшірмелері:

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына — *Кржижановский жәнс Пятаков жолдастарға*

Финанс халық комиссариатына — *Владимиров жолдасқа*

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің президиумына

Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары — *Каменев жолдасқа* және *Л. Б. Красин* жолдасқа

Красин жолдас маған хат жіберді, ол хатында Губкин жолдас бастаған инженерлер тобының аса ірі табыстары туралы хабарлайды, бұл инженерлер тобы батырлыққа жуық табандылық көрсетіп, мемлекеттік органдардың болмашы көмегімен, түк жоқ жерде жанар сланецтер мен сапропельді толық ғылыми зерттеу жұмысын ғана дамытып қоймай, сонымен қатар осы қазындылардан әр түрлі пайдалы өнімдер, атап айтқанда: ихтиол, қара лак, әр түрлі сабындар, парафин, күкірт қышқылы аммонийін, т. т. іс жүзінде дайындауды үйренген.

Бұл жұмыстар, Красин жолдастың сипаттамасы бойынша, он, жиырма жылдан соң Россияға жүздеген миллион беретін өнеркәсіптің берік негізі болғандықтан, мен мынаны ұсынамын:

1. Бұл жұмыстардың бұдан былай да дамуы финанс жағынан дереу қамтамасыз етілсін.

2. Оларды бөгейтін әр қилы кедергілер жойылсын және алдағы уақытта да жойылып отырсын және

3. Осы көрсетілген инженерлер тобы еңбек Қызыл Ту орденімен және ақшалай ірі сомамен наградталсын.

Бұдан кейінгілері туралы маған Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы Горбунов жолдас арқылы жазбаша түрде хабарлауды өтінемін. Қандай да бір кедергілер кездесетін болса, тағы да сол Горбунов арқылы маған дереу хабарлаңыздар.

Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және
Қорғаныс Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

1922 ж. 16 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1930 ж. 20 январьда «Известия ЦИК и ВЦИК» газетінің 20-номерінде басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған данасы бойынша басылып отыр

ГЕРМАН ФИРМАЛАРЫ КОНСОРЦИУМЫМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТ ТУРАЛЫ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА ХАТ[140]

САЯСИ БЮРОҒА арнап СТАЛИН жолдасқа,
көшірмесі КАМЕНЕВ жолдасқа.

Мен Отто Вольфпен жасалған шартты мұқият оқып шықтым. Каменев жолдастың қарсы болуы бүтіндей істің мәнін түсінбегендіктен туып отыр деп есептеймін, сондықтан бұл мәселені ертеңнен қалдырмай Саяси бюроның шешуіне қою керек деп ойлаймын, өйткені Каменев екеуміздің арамыздағы мұндай пікір қайшылығы беделді және түпкілікті шешімді қажет етеді.

Каменев өзінің запискасында біз «Вольфтен оның товарын сатып алуға міндеттіміз» деп жазады. Бұл — бастан-аяқ түсінбеушілік. Шартты оқи отырып, мен бірқатар статьялардан Вольфтің бізге беретін товарларының тізімін тексеруге біздің правомыз бар екенін көрдім. Біз Вольфтің товарларын сатып аламыз деп өзімізге ешқандай міндеттеме алмаймыз. Егер Вольф біз сатып алуға келісетін товарлардың тізімін жасай алмаса, онда шарт Вольф товарларының біз сатып алуға келіскен бөлігіне ғана қолданылады. Мен бұл істі Лежавамен де, Фрумкинмен де бүгін егжей-тегжейлі айқындап алдым, оның екеуі де Вольфтің товарларын сатып алу жөнінде бізге мүлде ешқандай міндеттеме жүктелмейтінін растап отыр.

Бейне бір Лежава оның күдігін, Каменевтің оз сөзімен айтқанда, «тереңдете түсті» деуі де Каменев жолдастың тарапынан болған нақ осындай түсінбеушілікті көрсетеді. Шындығында да, Стомоняковтың № 62 протоколдың 2-бетінде тұжырымдалған және біздегі барлық шаруашылық адамдары бірауыздан қабылда-

ған ұсынысын мүлде басқаша түсіну керек. Бұл ұсыныста біздің жаңадан өрлеп келе жатқан өнеркәсібіміздің мүддесі үшін Вольф бізге станоктар және басқа қажетті, мысалы электр тресі үшін қажетті, құралдар жеткізіп беру ісін мүмкіндігіне қарай неғұрлым өрістете түссе екен деген тілек білдірілген. Вольф бұған келісер еді, өйткені мұндай заказ да оған табыс келтіреді, ал жалпы алғанда герман металлургия өнеркәсібі заказға мұқтаж болып отыр. Бізге станоктар мен машиналар, мысалы электр тресі үшін, өте-мөте қажет болатын себебі — бізде бұл өнеркәсіп жандана бастады, сондықтан біз өзімізде осы өнеркәсіпті, оны герман өндіріс құрал-жабдықтарымен біржола нығайтып алып, дамыта түсуіміздің өте-мөте зор маңызы бар.

Демек, Лежава енгізген түзету Россия шаруашылығының мүдделерін дұрыс түсінуден туған, ал Россия қазір әсіресе бүкіл жеңіл индустрия үшін протекционизмге ділгер болып отыр, өйткені протекционизм болса біз осы индустрияны оңай қалпына келтіре аламыз және сол арқылы пролетариатымыздың мүдделерін қамтамасыз етеміз. Лежава енгізген түзетудің қандай да бір еркін саудамен немесе тіпті, баж салығын сақтай отырып болса да, шекараларды ашумен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Каменев жолдас өз запискасының аяқ жағында былай деп жазған:

«Қорытындысы: төлемдерімізді бір жыл кейінге қалдырған Вольфке біз өзімізге белгісіз товарлар үшін қазір шикізатты сатып алу және тасып әкету жөнінде монополиялық право береміз. Арзан».

Бұл мүлде түсінбеушілік. Біздің Вольфпен жасасқалы отырған шарттан гөрі неғұрлым тиімді шарттың болуы мүмкін емес. Біз оған бір жылғының 10 процентін төлейміз, тіпті Англияның өзі қазір 7 процент төлеп отыр, ал герман үкіметі 12 процент төлеп отыр. Бұл бір. Біз Вольфтен өзімізге әсте белгісіз товарларды емес, тек өзіміз тізімге қарап таңдап алған және әкелуге рұқсат етілген товарларды ғана сатып аламыз — бұл екі. Үшінші жағдай мынада: оған сатып алу және тасып әкетуі жөнінде монополиялық право бергенімізде біз пайданы қандай да болсын баж салы-

ғына ешбір жанасымы болмайтын етіп бөлісеміз деп шарт қоямыз. Атап айтқанда: біріншіден, біз дивидендтің 10 процентін аламыз, екіншіден, Вольф сияқты біз де пайданың 10 процентін аламыз және, үшіншіден, егер пайда 40 проценттен асатын болса, онда біз қалған бөлігінің 75 процентін аламыз, ал консорциум тек 25 процентін ғана алады.

Мен Вольфпен жасалған шартты неміс капиталистік кәсіпорындарымен жасалатын әдеттегі шарт деп санаймын.

Мұндай шарттың біз үшін шексіз тиімді болатын бір себебі — біз талай жүздеген процентке жететін пайданы жарма-жар бөліп аламыз. Бұл ретте біздің жаңадан өрлеп келе жатқан өнеркәсібіміздің және, демек, біздің өнеркәсіп орындарымыздың мүдделері толық қорғалатын болады. Шекараны тым болмаса шартты түрде, тым болмаса уақытша ашқаннан туарлық, бізді тонайтын нәтижелерден ештеңе жоқ. Сондықтан мен Вольфпен жасалатын шартты бекітуді сөзсіз талап етемін және бұл істің өте-мөте асығыстығы себепті мәселені ертең Саяси бюроға қоюды өтінемін, сонымен қатар Вольфпен жасалатын шартты және Каменев жолдастың запискасын қоса жіберіп отырмын[141].

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

1922 ж. 18 октябрьде жазылған

Бірінші рет, машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен және қол қойған данасы бойынша басылып отыр

ФИНАНС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНЕ[142]

Қымбатты жолдастар!

Совет финансын нығайту міндеті аса қиын міндеттердің бірі болып табылады, бірақ қазір бұл міндет бірінші қатарда тұр және оны шешпейінше Советтік Россияның тәуелсіздігін халықаралық капиталдан қорғау ісінде де, елдің шаруашылық және мәдени даму ісінде де алға қарай елеулі қадам басу мүмкін емес. Салықтар жинау арқылы жұмысшы-шаруа мемлекетін барлық мемлекеттік органдардың дұрыс жұмыс істеуіне қажетті қаржылармен қамтамасыз ету дәрежесіне қысқа мерзім ішінде жету үшін біздің финанс аппаратымыз өзінің барлық күшін жұмсауға тиіс.

Финанс қызметкерлерінің Бүкіл россиялық съезін құттықтай отырып, мен финанс қызметкерлері өздеріне Советтік Россияның еңбекші бұқарасы жүктеп отырған үмітті финанс құрылысында ақтап шығатындығына кәміл сенетіндігімді білдіремін.

В. Ульянов (Ленин)

20 октябрь, 1922 ж.

«Правда» № 240, 24 октябрь, 1922 ж.

«Правда» газетінің машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен және қол қойған данасымен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТТІК РОССИЯ ДОСТАРЫНЫҢ ҚОҒАМЫНА (АМЕРИКАДАҒЫ)[143]

20. X. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар!

Пермь губерниясы «Тойкино» совхозында (совет шаруашылығында) сіздердің Қоғамыңыздың мүшелері Гарольд Вэр бастаған трактор отряды жүргізген жұмысы жөнінде біздің газеттерде өте жақсы хабарлар жарияланды, мен соларды жаңа ғана Пермь губерниялық атқару комитетінен әдейі сұрап тексердім.

Аталған жұмыс орнының әсіресе орталықтан тым қашықтығы салдарынан болып отырған, сонымен қатар азамат соғысы кезінде Колчактың күйзелтуі салдарынан болып отырған орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, сіздер табысқа жеттіңіздер, бұл табыстарыңызды мейлінше ерекше табыстар деп тану керек.

Өзімнің қатты құрметтейтіндігімді сіздерге айтуға асықпын, мұны өз Қоғамыңыздың органында, сонымен қатар, егер мүмкін болса, Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының жалпы баспасөзінде де жариялауды өтінемін.

Мен бұл совет шаруашылығын үлгілі шаруашылық деп тануды және құрылыс жұмыстары жөнінде болсын, бензинмен, металмен, жөндеу шеберханасын ұйымдастыру үшін қажетті басқа да материалдармен жабдықтау жөнінде болсын, оған арнайы және төтенше көмек көрсету туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына өтініш жасаймын.

Сіздерге біздің Республикамыздың атынан тағы да шын жүректен алғыс айтамын және біздер үшін көмектің бірде-бір түрі сіздер көрсеткен жәрдемдей соншалық уақытылы және соншалық маңызды болмайтындығын ескерулеріңізді өтінемін.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
Ленин

«Правда» № 240, 24 октябрь, 1922 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТТІК РОССИЯҒА ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК ҚОҒАМЫНА[144]

20. X. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар!

Тамбов губерниясының Кирсанов уезіндегі және Одесса губерниясының Митино станциясының жанындағы совет шаруашылықтарында сіздердің Қоғамыңыздың мүшелері жүргізген жұмыстар жөнінде, сол сияқты Донецк бассейнінің бір топ шахтерлерінің жұмысы туралы біздің газеттерде өте жақсы хабарлар басылды[145].

Әсіресе азамат соғысы кезінде күйзелудің салдарынан болып отырған орасан зор қиыншылықтарға қарамастан, сіздер табысқа жеттіңіздер, бұл табыстарыңызды ерекше табыстар деп тану керек.

Өзімнің қатты құрметтейтіндігімді сіздерге айтуға асықпын, мұны өз Қоғамыңыздың органында, сонымен қатар, егер мүмкін болса, Солтүстік-Америка Құрама Штаттарының жалпы баспасөзінде де жариялауды өтінемін.

Мен аса үздік шаруашылықтарды үлгілі шаруашылықтар деп тануды және олардың жұмысын қолайлы жағдайда дамыту үшін оларға арнайы және төтенше көмек көрсету туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына өтініш жасаймын.

Сіздерге біздің Республикамыздың атынан тағы да шын жүректен алғыс айтамын және сіздердің жерді трактормен өңдеу жөніндегі көмегіңіз біз үшін өте-мөте уақытылы және маңызды екендігін ескерулеріңізді өтінемін.

Сіздердің 200 ауыл шаруашылық коммунасын ұйымдастырмақшы болып отырғандарыңызға байланысты сіздерді құттықтауға мүмкіндігім болғанына мен ерекше сүйсінемін.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

Ленин

«Правда» № 240, 24 октябрь, 1922 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ПЕРМЬ ГУБЕРНИЯЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ

20 октябрь, 1922.

Пермь губерниясының территориясында, Охап уезінде Гарольд Вэр жолдастың басшылығымен жұмыс істеп жүрген американ трактор отряды, істі қолға алғанына көп уақыт болмаса да, елеулі нәтижеге жеткен. Барлығы 1500 десятинаға жуық жер жыртылған, оның шамамен 1000 десятинасына күздік дақыл себілген.

Егер біздің практикамыздағы дағдылы кемшіліктер тұсау болмағанда, бұл аталған топ, күмән жоқ, бұдан да көбірек нәтижеге жететін еді.

Сіздің баяндамаңызда бензиннің, жағар майдың жоқтығы, үй салуда жұмысшылардың жеткіліксіздігінен болатын қиыншылықтар айтылған, бірақ осы қиыншылықтарды жою үшін губерниялық атқару комитетінің қандай шаралар қолданғандығы көрсетілмеген.

Осындай пайдалы бастаманың барынша қолдау таппауына және әсіресе кездесетін кедергілерді тезірек көріп, оларды жоюға көмектесе алатын жергілікті ұйымдар тарапынан қолдау таппауына мүлде жол беруге болмайды.

Сіздің аталған топқа барынша қолдау көрсетуіңізді және, атап айтқанда, олардың тракторларды тиімді пайдалану, бензин табу, жөндеу шеберханасын ұйымдастыру, тұрғын үйлер салу, т. б. жөніндегі ұйғарымдарының жүзеге асырылуына көмектесуіңізді өтінемін.

Американ ауыл шаруашылық топтарының бізге көрсетіп отырған көмегі дер кезінде көрсетілген, неғұрлым

қажет көмек. Бұл арада біздің ең басты міндетіміз — олардың бастамаларының кедергіге мейлінше аз ұшырап, барынша толық жүзеге асуына жағдай жасау.

Өзіңіз қолданған шаралардың нәтижелері туралы маған Смольянинов жолдас арқылы хабарлаңыз, сондай-ақ күнделікті істе кездесетін, өзіңіз шеше алмайтын айрықша маңызды қажеттіктер жөнінде де хабарлап отырыңыз.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен және қол қойған данасы бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА

24/X. 1922 ж.

Тракторларын ала келген кейбір американ ауыл шаруашылық коммуналары мен отрядтарының керемет табыстары бірқатар газет мақалаларында атап өтілді. Арнайы тексергенде Пермь губерниясындағы «Тойкино» совхозында Гарольд Вэр басқарған трактор отрядының жұмысты өте жақсы істейтіні анықталды. Мұнымен қатар Халық шаруашылығы жоғары советінің Өнеркәсіп иммиграциясы бөлімінде Тамбов губерниясы, Кирсанов уезіндегі және Одесса губерниясы, Тирасполь уезі, Мигаево селосындағы ауыл шаруашылық коммуналарының жұмысы туралы нақ осындай мәліметтер бар.

Россияға техникалық көмек беретін американ қоғамы қазіргі уақытта Россияға жөнелту үшін 800—1000 тракторы бар 200-ге жуық артель ұйымдастырмақшы. Егер бұл істің сәті түссе, онда біз әрбір уезде американ техникасы бар тым болмаса бір үлгілі ауыл шаруашылығы болуына қол жеткізе аламыз; бұған мен аса зор маңыз беремін.

Бұл істі көтермелеу мақсатында мен Советтік Россия достарының американ қоғамына және Советтік Россияға техникалық көмек беретін американ қоғамына әрқайсына жеке-жеке алғыс хат жаздым; ол хаттарда біздің ауыл шаруашылығымызға олардың бізге дер кезінде көрсеткен осы маңызды көмегіндей көмек әлі болып көрген емес деп атап көрсеттім*. Мен бұл

* Қараңыз: осы том, 258—259, 260—261-беттер. *Ред.*

хаттарымда оларға Пермь шаруашылығын және неғұрлым көрнекті басқа да шаруашылықтарды үлгілі шаруашылықтар деп тану туралы және құрылыс жұмыстары жөнінде болсын, бензинмен, металмен, сондай-ақ жұмысты дамыту үшін және жөндеу шеберханаларын ұйымдастыру үшін қажетті басқа да материалдармен қамтамасыз ету жөнінде болсын бұл шаруашылықтарға арнайы және төтенше көмек көрсету туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетіне өтініш жасайтындығымды хабарладым.

Осы мәселені қарауды және менің осы өтінішімді қанағаттандыруды өтінемін[146].

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған данасы бойынша басылып отыр

Л. УРКАРТПЕН ЖАСАЛАТЫН ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ҚОСЫМШАЛАР[147]

1) Тағы да: Екібастұздың Урал үшін жеткілікті бөлігі (кемінде $^1/_4$ немесе $^1/_6$ бөлігі) РСФСР-дің қолында болуын сөзсіз қамтамасыз етіп, концессияның территориясын кішірейту керек;

2) басты нәрсе: біздің табысымыз 1934 (?) жылға дейін кешеуілдемейтіндей етіп, Уркарт алатын сомаларды азайту керек.

Ленин

3) Бұл түзетулер не үшін керек? Біздің уәкілдерімізге *шамамен* директива беру үшін бе?

Жақтаймын.
Ленин

1922 ж. ерте дегенде 25 октябрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЗАТ ЕТІЛГЕН ПРИМОРЬЕГЕ СӘЛЕМ[148]

Чита. Қиыр Шығыс республикасы
Министрлер Советінің председателіне

Жеңімпаз Октябрь революциясының бес жылдығы қарсаңында Қызыл Армия РСФСР-дің және онымен одақтас республикалардың территорияларын шетелдік басқыншылардың әскерлерінен толық тазартуға қарай тағы да бір батыл қадам жасады. Қиыр Шығыс республикасы халықтық-революциялық армиясының Владивостокты алуы жапон империализмінің ауыр езгісін бастан кешірген орыс азаматтарын Россияның еңбекші бұқарасымен біріктіреді. Россияның барлық еңбекшілерін және қаһарман Қызыл Армияны осы жаңа жеңіспен құттықтай отырып, азат етілген облыстардың және Владивосток қаласының барлық жұмысшылары мен шаруаларына РСФСР Халық Комиссарлары Советінің сәлемін жеткізуді Қиыр Шығыс республикасының үкіметінен өтінемін.

РСФСР Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

Москва, 26. X. 1922 ж.

«Правда» № 243, 27 октябрь, 1922 ж.

«Правда» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«ОБСЕРВЕР» МЕН «МАНЧЕСТЕР ГАРДИАН» ТІЛШІСІ М. ФАРБМАНҒА ИНТЕРВЬЮ[149]

1. Сұрақ. Орыстарға қарсы баспасөз Эррионың Москвада қабылдануын және француз-орыс келіс сөздерін Советтік Россияның шетел жөніндегі саясатының үзілді-кесілді бетбұрысы деп бейнелейді.

Бұл дұрыс па? Ағылшындардың Таяу Шығыстағы саясатына Россияның күш көрсету деп қарайтыны және Франция екеуі Англияға қарсы бағытталған келісім жасасуға әзір екені рас па?

Жауап: Эррионың Москвада қабылдануын және француз-орыс келіс сөздерін жалпы алғанда Советтік Россияның саясатындағы белгілі бір, тіпті аздап болса да, бетбұрыс деп және жеке алғанда оның Англияға қарсы бетбұрысы деп көрсетуді мен мүлде теріс деп есептеймін[150]. Күмән жоқ, Эррионың Москвада қабылдануын да, Франциямен жақындасуға қарай немесе онымен қазір мүмкін, ықтимал болып отырған және біз қажет деп ойлағымыз келетін келіс сөздер жүргізуге қарай жасалған қадамды да біз өте-мөте жоғары бағалаймыз. Франциямен жақындасудың қандайы болса да бізге өте-мөте керек, мұның ерекше бір себебі — Россияның сауда мүдделері континенттегі бұл аса күшті державамен жақындасуды барынша талап етеді. Бірақ біз бұл жақындасу өз саясатымыздың Англия жөнінде белгілі бір дәрежеде өзгеруін зәрредей де міндет етпейді деп сенеміз. Біз екі державамен де барынша достық қатынаста болу әбден мүмкін және мұның өзі біздің мақсатымыз болып табылады деп санаймыз. Біз нақ сауда қарым-қатынастарының дамуы осы мақсатқа жету бағытында сөзсіз айрықша мықтап көмектеседі деп санаймыз. Біз Англия мен Францияның дұрыс түсінілген мүдделері де осы бағытта әсер ететін болады деп санаймыз. Біз Англия мен Францияның өзара мүдделерінде, олар Россиямен жанасып

отырғандықтан, Англия мен Францияның арасында сөзсіз өшпенділік элементтерінің болуы тіпті де мүмкін емес деп санаймыз. Керісінше, біз тіпті былай деп ойлаймыз: бұл державалардың Россия жөнінде бейбіт және достық қатынастарда болуы — Англия мен Францияның арасындағы бейбітшілік пен достықтың неғұрлым ұзақ болуына және Франция мен Англияның арасында қазіргі жағдайларда болуы мүмкін және болуы ықтимал алауыздықтардың қандайының болса да неғұрлым тез және неғұрлым дұрыс сәтті аяқталуына керекті кепілдіктердің бірі (мен ең күшті кепілдік деуге дайынмын десем де болады).

2. Сұрақ. Англия қолдаған грек-түрік соғысының іс жүзінде аяқталуы ағылшын-орыс келісімін жасасу үшін ең жақсы кезең болып табылмай ма?

Жауап. Әрине, Англия қолдап келген грек-түрік соғысының[151] аяқталуы ағылшын-орыс келісімін жасасу мүмкіндігін белгілі дәрежеде арттыратын кезең болып табылады. Біз осы соғыс аяқталмай тұрып та бұл келісімді жасасуға ұмтылған едік, қазір де неғұрлым жігерлі түрде ұмтылатын боламыз. Рас, бұл соғыстың аяқталуына байланысты мәселелердің кейбіреулері біздің Англиямен арамызда алауыздық туғызатын нәрсе болып табылады. Алайда, біріншіден, грек-түрік соғысының орнына келген бейбітшілік, біздің ойымызша, жалпы халықаралық саясаттың ұтысы болып табылады, сондықтан біз грек-түрік бітімінің нәтижесінде бұл саясаттың жалпы жағдайлары жақсарады деп сенеміз. Екіншіден, біз өзіміздің Англиямен екі арада болып отырған алауыздықты жойылмайтын алауыздық деп тіпті де санамаймыз. Керісінше, біз: нақ грек-түрік соғысының аяқталуы осы аяқталған соғысты халықаралық саясат сахнасының төріне қойған жанжалдар мен келіспеушіліктердің де аяқталуы болады деген үмітіміздің қаншалықты ақталатындығын, Таяу Шығыс мәселесінің әр түрлі кезеңдеріне байланысты, таяудағы уақыт бізге көрсететіндігіне сенеміз. Осы соғыстың аяқталуы сонымен қатар Англиямен болған егес пен келіспеушілікті де аяқтауы үшін біз қолдан

келгеннің бәрін істейміз, сондықтан біз: ағылшын үкіметінің мүдделері орыстарға қарсы қандай да болса өсек-аяң мен баспасөздің екінің бірінде арам пиғылда болып келетін сөздерінен осы жолы да жоғары тұрады деп сенеміз.

3. Сұрақ. Россияның шығыс мәселесі жөнінде қатысуын Сіз тек бедел жөніндегі ғана іс деп санайсыз ба, әлде Сіз Россияның тек нақты мүдделерін ғана көздейсіз бе? Французлардың Россияны конференцияның тек бұғаздар туралы мәселені шешетін бөлігіне ғана қатыстыру керек деген ұсынысымен орыс үкіметі келісе ме?

Жауап. Россияның Таяу Шығыс мәселесін шешуге қатысуын мен тіпті де бедел жөніндегі іс емес деп санаймын[152]. Бедел мәселелеріне біздің мейлінше жайбарақат қарайтынымызды және тек қана беделге бола қандай да болсын талап қоюға немесе державалар арасында бейбітшілік болуының шын мүмкіндіктерін нашарлатуға ешқашан бармайтынымызды мен өзіміздің бүкіл халықаралық саясатымыз арқылы бес жыл ішінде біз толық дәлелдедік қой деп ойлаймын. Бірде-бір державада халық бұқарасы арасында мұндай жайбарақат караушылық және тіпті бедел ретіндегі бедел мәселесіне барынша көңілді күлкі ретінде қарауға дайын тұрушылық жоқ екендігіне мен сенімдімін. Біздің ойымызша, қазіргі заманның дипломатиясы бедел мәселесіне нақ осылайша қарауға қарай бірден-бірге тез жылжып келеді.

Біздің Таяу Шығыстағы саясатымыз біз үшін Россияның және онымен федерацияға біріккен бірқатар мемлекеттердің барынша нақты және тікелей өмірлік мүддесінің ісі болып табылады. Егер осы мемлекеттердің бәрі өздерінің Таяу Шығыс жөніндегі конференцияға қатысу талабын қанағаттандыра алмаған болса, онда мұның өзі өшпенділіктің; дау-жанжалдардың және наразылықтардың толып жатқан элементтерін туғызған болар еді; мұның өзі, бір жағынан, Европа шығысының, екінші жағынан, барлық басқа мемлекеттердің арасындағы бірыңғай сауда істерінде қиыншылықтар туғызған болар еді, сөйтіп бейбіт қатар өмір сүруге не ешбір негіз қалмаған болар еді, не бей-

біт қатар өмір сүру адам айтқысыз қиындаған болар еді.

Сондықтан Париждің Россияны конференцияның тек бұғаздар туралы мәселені шешетін бөлігіне ғана қатыстыру жөніндегі ұсынысына орыс үкіметі риза емес. Біздің ойымызша, мұндай шек қоюшылық бәрінше практикалық және тікелей, атап айтқанда экономикалық, қолайсыз жағдайларға сөзсіз әкеліп соқтырады, ал бұл қолайсыз жағдайлардан Франция мен Англияның өздері ең таяу уақыттың ішінде зардап шегуі әбден мүмкін.

4. Сұрақ. Бұғаздар туралы мәселені шешудің орыстар ұсынатын программасы қандай?

Жауап. Бұғаздар жөніндегі біздің программамыз (әзірше, әрине, шамамен), айта кететін болсақ, мыналардан құралады:

Біріншіден, Түркияның ұлттық талаптарын қанағаттандыру. Біз мұны тек ұлт тәуелсіздігінің мүдделері ғана талап етіп қоймайды деп санаймыз. Соншалық көп ұлтты болып отырған мемлекетте, мұндай көп ұлтылық басқа елдерде табыла қоюы екіталай, біздің ұлт мәселесін бес жыл бойы шешкендегі тәжірибеміз бізді бүтіндей мынаған сендіреді: мұндай жағдайларда ұлттардың мүдделеріне бірден-бір дұрыс көзқарас — ол мүдделерді барынша қанағаттандыру және бұл негізде дау жанжалдардың мүмкіншілігі атаулының бәрін болдырмайтындай жағдайлар туғызу болып табылады. Біздің тәжірибеміз өзімізді мынадай берік сенімге жеткізді: әр түрлі ұлттардың мүдделеріне орасан зор көңіл бөлушілік қана дау-жанжалдардың негізін жояды, өзара сенбеушілікті жояды, қандай да бір интрига болып қалар ма екен деп қауіптенуді жояды, әсіресе әр түрлі тілдерде сөйлейтін жұмысшылар мен шаруалардың сенімін туғызады, мұндай сенім болмайынша халықтар арасында бейбіт қатынастар да, қазіргі цивилизациядағы барлық бағалы нәрселерді азды-көпті ойдағыдай өркендету де мүлде мүмкін емес.

Екіншіден, біздің программамыз бейбіт уақытта да, соғыс уақытында да барлық әскери корабльдер үшін

бұғаздардың жабық болуын көздейді. Мұның өзі барлық державалардың, территориялары бұғаздарға тікелей жанасатын державалардың ғана емес, сонымен қатар барлық басқа державалардың да саудадағы ең жақын, етене мүддесі. Мынаны есте ұстау керек: соғысқа қарсы және бітімге* қарсы пацифистік жел сөздер, әңгімелер мен сендірулер, кейде тіпті анттар да бүкіл әлемде адам айтқысыз көп естіледі, ал бейбітшіліктің қамтамасыз етілуі үшін шын, тіпті ең қарапайым, қадам жасауға дайын тұрушылықты мемлекеттердің көпшілігінде және, әсіресе, қазіргі цивилизациялы мемлекеттердің көпшілігінде біз өте-мөте аз кездестіреміз. Ал біз бұл мәселеде де, бұл сияқты мәселелерде де жалпылама мәлімдемелердің, салтанатты уәделердің, желбуаз формулалардың мүмкіндігінше аз болғанын және егер соғыс қаупін толық жою туралы айтпағанның өзінде, шын мәнінде бейбітшілікке қарай бастайтын ең қарапайым, ең айқын шешімдер мен шаралардың мүмкіндігінше көбірек болғанын жақсы көреміз.

Үшіншіден, бұғаздар жөніндегі біздің программамыз сауда кемелерінің теңізде толық еркін жүзуін талап етеді. Мұның алдындағы сөйлемде менің айтқан сөздерімнен кейін, менің ойымша, бұл пунктті түсіндіріп, нақтылап жатудың ешбір керегі жоқ.

5. Сұрақ. **Егер Ұлттар лигасы өз құрамына Россияны, Түркияны, Германияны және Құрама Штаттарды да енгізетін болса, орыс үкіметі Лиганың бұғаздарды бақылауына келісер ме еді?**

Әлде Россия бұғаздарды бақылау үшін ерекше комиссия құруды талап еткен болар ма еді?

Жауап. Біз әрине, Ұлттар лигасына[153] қарсымыз, ал менің ойымша, біздің Ұлттар лигасына қарсы болуымызды өзіндік ерекшеліктері бар экономикалық және саяси құрылысымыз ғана туғызып отырған жоқ, сонымен қатар жалпы алғанда қазіргі бүкіл халықаралық саясаттың нақты жағдайлары тұрғысынан қаралатын бейбітшілік мүдделері де бұл қарсы болушы-

* Бұл арада Версаль бітімі туралы айтылып отыр. *Ред.*

лықты толық ақтайды. Ұлттар лигасының бойында оның бүкіл дүние жүзілік соғыстан туғандығының барлық белгілері бар екендігі сонша, оның Версаль шартымен тығыз байланысты екендігі сонша, оның өн бойында ұлттардың тең праволылығын нақты белгілеудің, ұлттардың өзара бейбіт қатар өмір сүруінің нақты мүмкіндіктерінің жұрнағы да жоқтығы сонша, Ұлттар лигасына біздің қарсы болуымыз, меніңше, түсінікті және бұдан әрі түсіндіріп жатуды керек етпейді.

6. Сұрақ. Уркартпен жасалған келісімді бекітуден бас тарту «солшыл коммунистердің» жеңгендігі бола ма? Келіс сөздерді қайта жүргізуді және Уркартпен жасалған шартты бекітуді мүмкін ететін объективтік жағдайлар қандай?

Жауап. Уркартпен шарт жасасу туралы мәселені біздің үкімет мен ауырып, үкімет істеріне қатыса алмаған кезде-ақ көтерген болатын. Сондықтан бұл істің барлық егжей-тегжейлеріне мен қазіргі уақытта әлі де әбден қанық емеспін. Бірақ, солай бола тұрса да, мен солшыл коммунистердің жеңісі туралы қазіргі уақытта әңгіме жоқ және әңгіме болуы да мүмкін емес деп, мейлінше кесіп айта аламын. Мен мұны үкімет істерінің барысын өзімнің тікелей бақылап отыратындығымнан білемін.

Мәселе мынада: Англияның бізді конференцияға жібергісі келмей жасаған әділетсіз қадамының күтпеген нәрсе болғандығы сонша, оның Россияда ыза туғызғаны сонша және оңшыл коммунистерді солшылдармен ғана топтастырып қоймай, сонымен қатар партияда жоқ орыс халқының орасан қалың бұқарасы — жұмысшылар мен шаруаларды да топтастырғандығы сонша, мәселе солшыл және оңшыл коммунистердің арасында ешқандай алауыздыққа жеткен жоқ және жете алмайтын да еді.

Уркартпен екі арадағы шартты біздің қабылдамауымыздың себебі тек жалпы партиялық пиғылды ғана емес, сонымен қатар нақ жалпы халықтық пиғылды да, яғни бүкіл жұмысшы және бүкіл шаруа бұқарасының пиғылын да тікелей көрсетті деп айтуға болады.

Келіс сөздерді қайта жүргізу және Уркартпен жасалған шартты бұдан былай бекіту ең алдымен Россия жөніндегі, Россияның Таяу Шығыс мәселелері жөніндегі конференцияға қатысу праволарын бекерге шығару атаулының бәріне қатысы бар өрескел әділетсіздіктерді Англияның жоюына байланысты. Уркарттың бізге ұсынған нақты шарттарына келетін болсақ, онда мұнымен барынша егжей-тегжейлі шұғылдануға менің әзір уақытым болған жоқ, сондықтан тек мынаны ғана айта аламын: неғұрлым объективтік және дәлелді айтыстан барлық «жақтаушы» мен «қарсы» пікірлерді зер салып зерттеуге және бұл мәселені Россияның мүдделеріне барынша сай келетін рухта шешуге керекті материал алу үшін үкімет бұл келісімнің жақтастары мен қарсыларына біздің баспасөзде неғұрлым тез арада пікірлерін айтуға мүмкіндік беру керек деп ұйғарды.

7. *Сұрақ.* Англияның орыстарға қарсы баспасөзінің Москвада өнеркәсіпшілердің жақын арада қамауға алынғандығы жаңа экономикалық саясаттың аяқталып, национализациялау мен конфискелеу саясатына қайта оралғандықты көрсетеді деп айыптауы қаншалықты әділ?

Жауап. «Москвада өнеркәсіпшілердің» қамауға алынуына байланысты Англияның орыстарға қарсы баспасөзінің бізді айыптауы туралы Сіздің сұрағыңыз жөнінде мен мынаны айтуға тиіспін: дәл бүгін біздің газеттен («Известия») «Қара биржашыларды қамауға алу» деп аталған заметка оқыдым. Мемлекеттік саяси басқарма жанындағы Экономикалық басқарма бастығының дәл өзі З. Б. Кацнельсон жолдас бұл заметкада мынаны айтады: өнеркәсіпшілдерді қандай да болсын қамауға алу туралы мүлде сөз болған жоқ, «бұл қамауға алу еркін сауданы қудалағандық болып табылады деп Совет өкіметі жауларының РСФСР ішінде де, шетелде де таратып жүрген лақаптары шындығына келгенде Батыс Европамен реттеліп келе жатқан экономикалық қатынастарды үзу жөнінде белгілі бір контрреволюциялық ниетті көздеген *мейлінше қисынсыз* өтірік болып табылады».

Шындығына келгенде тек қара биржа дейтіннің

алаяқтары ғана қамауға алынған, ал біздің өкімет орындарының қолында осы биржашы-валютташылардың Москвадағы шетел миссияларының кейбір қызметкерлерімен байланысты екенін анықтайтын деректер бар, оның бер жағында бұл деректер платина, алтын (сом алтын) сатушылықты анықтап қана қоймай, сонымен қатар *бұл қымбат нәрселерді контрабанда арқылы шет елге жіберуді ұйымдастырушылықты* да анықтайды.

Біз туралы бұлар «жаңа экономикалық саясатты» аяқтағалы отыр деген лақаптардың мазмұннан мүлде жұрдай екенін, істі адам айтқысыз бұрмалау және алдау арқылы біздің саясатымыздың өңін айналдырып көрсетуге тырысып жүрген Англияның орыстарға қарсы баспасөзі айыптауларының барып тұрған өтірік екенін Сіз осыдан көре аласыз. Шындығына келгенде үкіметтік топтардың ешқайсысында да «жаңа экономикалық саясатты» аяқтау және ескі саясатқа қайта оралу туралы мүлде сөз болған жоқ. Оның бер жағында, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қазір болып жатқан сессиясында үкіметтің бүкіл жұмысы жаңа экономикалық саясат дейтінді одан ауытқудың барлық мүмкіндіктерін жою үшін заң жүзінде барынша баянды етуге бағытталып отыр.

27. X. 1922 ж.

«Правда» № 254, 10 ноябрь, 1922 ж.

Машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен данасы бойынша басылып отыр

IX САЙЛАНҒАН БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ IV СЕССИЯСЫНДА 1922 ж. 31 ОКТЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[154]

(Ұзаққа созылған, ду қол шапалақтау. Барлығы орындарынан тұрады.) Жолдастар! Менің шағын ғана құттықтау сөзбен шектелуіме рұқсат етіңіздер. Әрине, ең алдымен өз құттықтауымызды Қызыл Армияға жолдауымыз қажет, ол Владивостокты алып және Советтік Россиямен байланысты республикалардың ең соңғысының бүкіл территориясын тазартып, таяуда өз ерлігін тағы да көрсетті. Егер мен: Қызыл Армияның осы жаңа ерлігін осында отырған бәріміз де құттықтаймыз және сонымен қатар соғысты аяқтауға қарай, сірә, барынша батыл қадам жасалғанын: ақ гвардияшылардың соңғы күштерінің теңізге ысырылып тасталғанын құттықтаймыз десем, мен жалпы жұрттың пікірін білдірермін деп сенемін. (Қол шапалақтау.) Мен біздің Қызыл Армия Россияға қарсы немесе бізбен тікелей немесе жанама, тығыз немесе азды-көпті жырақ байланысы бар республикалардың қайсысына қарсы болса да ақ гвардияшылар тегеурінінің қайталану мүмкіндігінің қандайынан болса да бізді ұзақ уақытқа құтқарды деп ойлаймын.

Бірақ сонымен қатар, тым мақтаншақтық әуенге бірден түсіп кетпеу үшін, бұл арада тек Қызыл Армияның ерлігі мен күші ғана емес, халықаралық жағдай да, біздің дипломатия да роль атқарғанын айтуға тиіспіз.

Бір кезде Жапония мен Америка Құрама Штаттары

Колчакты қолдау туралы келісімге қол қойған-ды. Бұл уақыттың алыста қалғаны сонша — біздің көбіміз ол туралы, сірә, мүлде ұмытқан да болармыз. Бірақ ондай уақыт болды. Ал егер біз мұндай келісімнің енді мүмкін болмауына жеттік десек, егер біз жапондардың бүкіл әскери күшіне қарамастан, өздерінің кететіндігі туралы жариялап, бұл уәдесін орындауына жеттік десек, әрине, бұл арада біздің дипломатияның да сіңірген еңбегі бар.

Мен қазір өзімнің қысқаша құттықтау сөзімді ұзартпаймын, бұл табыстың себептерін айтып жатпаймын. Тек қана былай деймін: таяудағы уақыттың ішінде орасан зор маңызы бар мәселеде, біз елеулі түрде мүдделі болып отырған мәселеде,— Англия 13 ноябрьде Лозаннада шақырғалы отырған Таяу Шығыс жөніндегі конференцияда біздің дипломаттарымыздың өздерін тағы да бір рет көрсетуіне тура келеді. Біздің дипломаттардың ол жерде де ұятқа қалмайтындығына, РСФСР-мен бірге барлық федерациялық республикалардың мүдделерін біздің ол жерде де қорғай алатындығымызға мен сенімдімін; қалай болғанда да, біз кедергінің қайда екенін, оның не нәрсе екенін, біздің мейлінше заңды талаптарымыз бен тілектерімізге, тек біздің ғана емес, сонымен қатар бұғаздар туралы мәселеде мүдделі болып отырған мемлекеттердің бәрінің де талаптары мен тілектеріне оның қандай дәрежеде қарсы келетіндігін бұқараның алдында айқын ашып беру біздің қолымыздан келеді.

Мен сыртқы саясат туралы осы қысқаша ескертпелермен шектелемін де, енді сіздердің жұмыстарыңызға көшемін.

Бұл жұмыстардың бір қарағанда, бәлкім, кейбіреулерге онша маңызды болып көрінбегендігіне немесе көрінбей отырғандығына қарамастан, мен өзіміз бұл арада бірқатар табыстарға жеттік деп ойлаймын. Сіздер қазірдің өзінде қабылдаған бірінші кодексті — еңбек туралы кодексті — алайық. Мұның өзі Совет өкіметінің орасан зор жеңісі, өйткені барлық елдер жұмысшы табына жабылып жатқан кезде біз жұмыс заңының, мәселен, 8 сағаттық жұмыс күні сияқты негіз-

дерін берік орнататын кодекс ұсынып отырмыз. Рас, бұл кодекс жөнінде, бәлкім, белгілі бір мәселеге байланысты көбірек тілек білдіруге де болар еді. Бірақ мен мұндай тілек білдіру дұрыс болмас еді деп ойлаймын.

Қазір аласұрған капиталистік бәсеке жүріп жатқан, миллиондаған және он миллиондаған жұмыссыздары бар, капиталистері өз күштерімен құдіретті капиталистік одақтар ұйымдастырып жатқан, жұмысшы табына қарсы жорық ұйымдастырып жатқан барлық мемлекеттерге қарағанда,— міне соларға қарағанда біздің мәдениетіміз әлдеқайда төмен екендігімен, өндіргіш күштердің бізде олардың бәріндегіден де аз дамығандығымен, біздің олардың бәрінен де нашар жұмыс істейтіндігімізбен санасу керек. Бізге мұны мойындауға тура келуі, бәлкім, тым ыңғайсыз да шығар. Бірақ мен былай деп ойлаймын: біз мұндай нәрселерді көлгірсіген жел сөздермен және даурықпа ресми сөздермен бүркемелемей, оларды тұп-тура мойындайтындықтан да, біз осының бәрін мойындап, мұны түзету үшін мемлекеттердің қай-қайсысынан болса да көп күш жұмсап отырғанымызды трибунада тұрып айтудан қорықпайтын болғандықтан да, біз басқа мемлекеттерді олардың ойына да келмейтін шапшаңдықпен қуып жететін боламыз.

Әрине, бұл сұрапыл шапшаңдық емес, әрине, бұған жету үшін біздің бірнеше жыл бойы өте қажырлы жұмыс істеуіміз керек. Әлбетте, бүгін-ертең еш нәрсе істей алмайсың. Біз қазірдің өзінде-ақ бес жыл өмір сүрдік және қоғамдық қатынастардың қандай шапшаң ауысып отыратындығын көрдік. Мерзім дегеннің не екенін түсінуді біз үйрендік. Мұны біз бұдан былай да үйрене беруіміз керек. Қандай өзгерістің болса да сұрапыл шапшаңдықпен болуына бізде ешкім сенбейді, бірақ оның есесіне шын шапшаңдыққа, тарихи дамудың өзінің болған күйінде алынған қандай дәуірінен болса да асып түсетін шапшаңдыққа,— міне мұндай шапшаңдыққа, егер қозғалысқа нағыз революциялық партия басшылық ететін болса, біз мұндай шапшаң-

дыққа сенеміз және біз мұндай шапшаңдыққа қайткен күнде де жетеміз.

Енді мен сіздер қабылдаған жер кодексі туралы мәселеге тоқталамын. Бұл жөнінде, өздеріңіз білесіздер, біздің заңдарымыз даңқты 1917 жылғы 25 октябрьден кейін алғашқы күннен бастап, барлық және әр түрлі заңдардан ерекше түрде, бірден жер туралы ереже ұсынды, ол ереже техникалық жағынан, бәлкім, юридикалық жағынан да, тым жетілмеген болар, бірақ ол барлық мәнді нәрселерді, шаруа үшін мейлінше қажет нәрсені, шаруаның жұмысшымен одақтасуын қамтамасыз еткен нәрсені берді. Сөйтіп сол уақыттан бастап, өткен бес жылды үздіксіз соғыстармен өткізу бізге қаншама қиын болса да, біз шаруаның жерден неғұрлым көп қанағат алуы жөнінде қамқорлық жасауымызды тоқтатқан жоқпыз. Ал егер қазір сіздер қабылдап отырған заңға да белгілі бір жағынан түзетулер енгізу керек болып шықса, біз осы бұдан былайғы түзетулерді, бұдан былайғы жақсартуларды өзіміздің Қылмыстық кодекс жөніндегі түзетулер мен жақсартуларды сіздердің дәл қазір қабылдағандарыңыз сияқты етіп ешбір қиналмай-ақ қабылдайтын боламыз. Жер туралы мәселе, халықтың орасан көпшілігінің — шаруа халқының — тұрмысын жөнге салу туралы мәселе — біз үшін түбегейлі мәселе. Бұл жөнінде біз қазірдің өзінде-ақ мынаған жеттік: ескі заңдарды өзгерту жөніндегі ұсыныс атаулының бәрі де бізде қашан да болсын кедергіге кездеспей, қайта біздің заң шығаратын жоғары мекемеде қолдауды және ең дұрыс көзбен қараушылықты кездестіретіндігін орыс шаруасы біледі.

Содан соң сіздердің қарауларыңызға азаматтық кодекс, жалпы сот құрылысы сияқты мәселелер қойылды. Өздеріңіз білесіздер, өзіміз табандылықпен жүргізіп отырған саясат жағдайында, ал бұл саясат жөнінде бізде ауытқушылық болуы мүмкін емес, бұл мәселе халықтың қалың бұқарасы үшін ең маңызды мәселе болып табылады, мұны сіздер білесіздер. Қай азаматтың болса да қазіргі экономикалық айналымға байланысты заңды түрде қанағаттануы болып табылатын

нәрсе мен жаңа экономикалық саясат арқылы қиянат істеу болып табылатын нәрсенің арасындағы шекті біз бұл арада да сақтауға тырыстық, мұндай қиянаттар барлық мемлекеттерде жария істеледі, ал біз ондайларға ерік бергіміз келмейді, мұны өздеріңіз білесіздер. Сіздердің әдейі осы мақсатты көздеп енгізген және өздеріңіз мақұлдаған түзетулердің қаншалықты ойдағыдай болғанын болашақ көрсетеді. Бұл жөнінде біз ешбір жағдайда да өз қолымызды байлап-матамаймыз. Егер күнделікті өмір бұрын біздің көзімізге түспеген қиянат істеушіліктерді көрсетсе болса, онда біз қажетті түзетулерді дереу енгіземіз. Бұл жөнінде сіздердің бәріңіз, әрине, өте жақсы білесіздер — басқа державалар, өкінішке қарай, заңдарды біз сияқты тез шығара алмайды. Бұл жөнінде Советтік Россияны аздап қуып жетуді ойластыруға таяудағы болашақ оларды да мәжбүр етпес пе екен, мұны көрерміз.

Содан соң, маңызы жағынан кем соқпайтын мәселелердің ішінен сіздер тағы да осы жерде түпкілікті шешкен мәселеге тоқталу керек. Бұл — жергілікті жерлердегі Советтер съездері туралы және губерниялық атқару комитеттері туралы мәселе. Бұл мәселенің шешілуі бұрынғы барлық заң шығару системалары жағдайында да және бұрынғы барлық конституциялар жағдайында да осы уақытқа дейін өте кешіктіріліп келді. Мұның өзі маңызды емес деп саналды. Жергілікті жерлерде ескіліктің өзін қалдыруға болатын сияқты көрінді. Біз бұған керісінше қараймыз. Егер біздің революция нағыз табыстарға жетіп отырған болса, онда мұның себебі — нақ жергілікті өкімет орындарына, жергілікті жерлердің өз тәжірибесіне біз қашан да болсын барынша мықтап көңіл бөліп отырдық, бұған біздің көзіміз жетеді. Егер революция 1917 жылы октябрьде бірден сондай табыстарға жетіп, 1918 жылдың көктеміне қарай бізге соғыс аяқталып та қойған сияқты болып көрінген болса,— шындығына келгенде ол тек енді ғана басталып келе жатқан еді, онда да өзінің ең нашар формасында, азамат соғысы формасында басталған еді; шындығына келгенде немістермен бітім жасасу азамат соғысының ең жаман

элементтерін сол немістердің қолдауы болды; немістермен сол кездегі жасалған бітім, күзге қарай күйреген бітім, шындығына келгенде одақтас державалардың да бұл элементтерді бастан-аяқ қолдауы болды, ал одақтас державалар немістермен бітім жасасты деп біздің өзімізді кінәлаған болатын. Ал егер, деймін мен, революция бірнеше айдың ішінде, тіпті бірнеше аптаның ішінде өз ісін осылай тез істеген болса, онда мұның себебі — біз жергілікті элементтерге бүтіндей арқа сүйедік, біз олардың қимыл жасауына толық мүмкіндік бердік, революциямыздың жеңілмейтіндігін және оның қимыл шапшаңдығын туғызған энтузиазмды біз нақ жергілікті жерлерден күттік. Сол уақыттан бері біздің жергілікті жерлердің мейлінше әр қилы көптеген, айталық, өзгерістерді бастан кешіруіне тура келгендігін мен білемін. Жергілікті жерлердің орталыққа көзқарасы біздің үлкен міндетіміз болды, ал мен бұл міндетті біз әрқашан мүлтіксіз шештік деп тіпті де айтқым келіп отырған жоқпын: біздегі мәдениеттің жалпы дәрежесінде мұндай мүлтіксіз шешу туралы біз арман ететін де ештеңе жоқ. Бірақ ол қандай да болсын басқа мемлекеттегіден неғұрлым шынайы, дұрыс және берік шешілді,— мұны біз батыл айта аламыз.

Қорытындыда мен тағы тек бір ғана мәселеге тоқталамын, бұл мәселеге мен ерекше назар аударамын және, менің ойымша, ол формальды түрде сіздердің күн тәртібіңізде де, мәселелердің тізімінде де жоқ болғанымен, сіздердің бәріңіз де оған назар аударуға тиіссіздер. Бұл — біздің мемлекеттік аппарат туралы мәселе, ескі, бірақ мәңгі жаңа мәселе.

1918 жылы, август айында, біз Москвада өзіміздің аппаратымыздың санағын жүргіздік. Біздің Москвадағы мемлекет және совет қызметшілерінің саны 231 000 болып шықты, бұған орталық мекемелердің де, жергілікті москвалық, қалалық мекемелердің де қызметшілері кіреді. Таяуда, 1922 жылы октябрьде біз бұл санақты тағы да жүргіздік, бұл жолы біз өзіміздің далиып кеткен аппаратымызды қысқарттық деп және ол енді, бәлкім, ықшамдала түскен болуға тиіс деп

сенген едік. Ол 243 000 адамға тең болып шықты. Барлық қысқартулардың қорытындылары міне осындай болды. Бұл мысал зерттеп, салғастыру жөнінде бұрынғыдан да көп еңбек сіңіруді талап етеді. Ол кезде, 1918 жылы, айталық, біз реформаның алғашқы қызуымен осындай санақ жүргізген кезде, біз, ашық айтқанда, оның қорытындыларынан кәдеге жарарлықтай еш нәрсе алғанымыз жоқ деуге болады. Бұған мұршамыз да келген жоқ. Азамат соғысы бізге зәрредей де бос уақыт қалдырмады. Қазір біз бұл істеледі деп сенеміз. Біз өзіміздің кемшілігі өте көп, екі еседен де анағұрлым көп далиып кеткен, көбінесе біз үшін емес, бізге қарсы жұмыс істеп отырған,— бұл шындықты тіпті өз республикамыздың заң шығаратын жоғары мекемесінің трибунасында тұрып болса да айтудан қорықпау керек,— аппаратымыз жақсарады деп сенеміз. Оны жақсарту үшін көп еңбек сіңіріп, іскерлік көрсету керек. Бұл жақсарту нақ қандай болуы керек деген мәселе жөнінде өте байсалды жұмыс істеуге бізде қолайлы жолдар бар, бірақ әзірше тек жолдар ғана — жеке мақалалар, жергілікті жеке зерттеулер ғана бар. Егер біздің бәріміз бұл арадан осы мәселеге әдеттегіден гөрі анағұрлым көп көңіл бөлуге бел байлап, асығып-үсігіп, абыр-сабыр болуға уақытты аз бөлуге,— ал бұған біз бәріміз де көбінесе адам айтқысыз көп уақыт бөлеміз,— бел байлап қайтатын болсақ және егер біз өз аппаратымызды шын зерттеп, бұл жөнінде көптеген жылдар бойы жұмыс істейтін болсақ, онда бұл орасан зор жеңіс болады, бұл біздің табысқа жетуімізді қамтамасыз еткендік болады. Біз өз аппаратымызды стихиялық түрде жасап жатырмыз деп ашық мойындауымыз керек. Таңдаулы жұмысшылар соғыс саласында да, азаматтық салада да ең қиын жұмыстарға барып, қолға алды, екінің бірінде теріс қолға алды, бірақ жұмысты түзете де, істей де білді. Осындай, бәлкім, ондаған қайратты адамдар мен өздерінің көп қағаздарының ішінде көміліп шырмала отырып, саботаж жасайтын немесе жартылай саботаж жасайтын жүздеген адамдардың арасындағы арасалмақ,— міне осындай арасалмақ біздің нақты ісімізді екінің бірінде

адам айтқысыз қағаз бастылыққа салып құртып келді. Біз осы уақытқа дейін зерттей алмай келген бұл мәселені мейлінше тәптіштеп зерттеуге тиіспіз. Көптеген жылдар өтуге тиіс, көптеген жылдар бойы біз үйренуге тиіспіз, неге десеңіз, біздің жұмысшылардың мәдени дәрежесі төмен, өндірістің мүлде жаңа ісін қолға алу жұмысшыларға қиын,— ал адалдық пен энтузиазм көрсету мағынасында алғанда, біз тек жұмысшыларға ғана сүйене аламыз. Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды жақсарту үшін, оны мәдениеттің жоғары сатыларына — жеке адамдар мағынасында емес, оның толық көлемінде — көтеру үшін көптеген жылдар өтуге тиіс. Бұдан былай өз күшімізді осындай жұмысқа арнай отырып, біз қажетті және сөзсіз ең жақсы нәтижелерге жетеміз, бұған мен сенемін. (Ұзақ қол шапалақтау.)

«Правда» № 247, 1 ноябрь, 1922 ж.

«Правда» газетінің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЛОЗАННА КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ АНТАНТА ДЕРЖАВАЛАРЫНА ЖОЛДАНАТЫН НОТА[155] ТУРАЛЫ Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ЖӘНЕ РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ХАТ

31/X. 1922 ж.

Чичерин жолдасқа және Саяси бюроның барлық мүшелеріне

Антантаға жолданатын нотаны мен өте маңызды деп санаймын; бұл нотаның жобасындағы сөздердің бәрін мейлінше ден қойып салмақтап жатуға қазір менің уақытым жоқ. Әрбір сөзді 2 және 3 реттен тексеру керек деп ойлаймын; конференцияға барудан біз бас тартамыз деген ұғым туып кетпеуі қажет.

Осы жағынан алғанда нота ерекше «дипломатиялық» болуға тиіс. Меніңше, өзім өте асығыс көз жүгіртіп өткен нотаның аяқ жағында осы тұрғыдан алғанда жеткілікті дәрежеде дипломатиялық емес сөздер бар сияқты.

Ленин

Бірінші рет, машинкада басылған көшірмесі бойынша басылып отыр

«ПЕТРОГРАДСКАЯ ПРАВДАҒА»[156]

1. XI. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар! Сіздерді Октябрь революциясының бес жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын және келесі бес жылда бейбіт майданда осы уақытқа дейін соғыс майданында күрескеніміз сияқты ойдағыдай күресуді тілеймін.

Ізгі сәлем жолдап, тілектестік білдіремін
Сіздің *В. Ульянов (Ленин)*

«Петроградская Правда» № 251, 5 ноябрь, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ПРАВДАҒА»

Қымбатты жолдастар! Сіздерді Октябрь революциясының бес жылдық мерекесімен қызу құттықтаймын. Менің тілегім: келесі бес жылда біз осы уақытқа дейін қарудың күшімен жеткен жеңісімізден кем соқпайтын жеңіске жетейік және оның өзінде бейбіт жолмен жетейік.

Сіздің *Ленин*

2. XI. 1922.

«Правда» № 252, 7 ноябрь, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОММУНИСТ-КООПЕРАТОРЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРІНШІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА[157]

Коммунист-коoператорлардың халықаралық конференциясының әбден дер кезінде шақырылуын құттықтай отырып, оның жұмыста толық табысқа жетуіне тілектеспін.

Конференция мүшелерімен бірге мен де қойылып отырған міндеттің — кооперативтік аппараттың дүние жүзілік революция пайдасына жеңіске жетуінің күрделі және қиын екендігін түсінемін.

Россияда істелген жұмыстың тәжірибесі арқылы жалпы іске біз де пайда келтіре алатын болсақ, мен өте қуанар едім.

1922 ж. 2 ноябрьде жазылған

1922 ж. 3 ноябрьде «Правда» газетінің 249-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

КООПЕРАТИВТІК БАНК ТУРАЛЫ ТЕЗИСТЕР[158]

1) Мәмлелердің көлемі үшін және уездерде таратылғаны үшін берілетін сыйлықтар;
2) сол сияқты — вкладтардың да;
3) аса көрнекті ауыл шаруашылық коммунист-кооператорлардың бақылау үшін және жеделдетіп отыру үшін банкілерге қатысуы;
4) Мемлекеттік банктің процентті кеміту түрінде кооперативтік банкті көтермелеуі;
5) Мемлекеттік банктің біршама сома бөлуі.

1922 ж. 2 ноябрьде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

ПЕТРОГРАД ТОҚЫМАШЫЛАРЫНА[159]

3. XI. 1922.

Қымбатты жолдастар! Беріп жіберген жылы жамылғы үшін шын жүректен алғыс айтамын, өзі ғажап екен. Шоровты қабылдай алмағаныма қатты өкінемін.

Ізгі сәлем жолдаймын!

Сіздің *В. Ульянов (Ленин)*

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СТАТИСТИКТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ СЪЕЗІНЕ[160]

4 ноябрь, 1922 ж.

Құттықтауларыңыз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтамын, менің алғысымды және табысты жұмыс істеулеріңізге игі тілегімді қабылдауларыңызды өтінемін.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

«Правда» № 251, 5 ноябрь, 1922 ж.

Қолжазба бойынша басылып отыр

«МАНЧЕСТЕР ГАРДИАН» ТІЛШІСІ А. РАНСОМҒА ИНТЕРВЬЮ[161]

БІРІНШІ НҰСҚА

1. Сұрақ. Мен орасан зор экономикалық жандануды көрдім, жұрттың бәрі сатып алып, сатып жатыр, сірә, жаңадан сауда табы туып келе жатқан болар. Менің мынаны сұрағым келеді: ***нэпман қалайша саяси күш емес және ол саяси күш болуға тырысудың белгілерін қалайша көрсетпейді?***

Жауап. Сіздің бірінші сұрағыңыз баяғы бір өткен кезде Лондонда болған бір әңгімені менің есіме түсірді. Бұл әңгіме сенбі күні кеште болған еді. Бұдан жиырма жыл бұрын біз таныс адам екеуміз серуендеп жүрген едік[162]. Көшелерде айрықша сапырылысқан адамдар. Саудагерлер көшелерде барлық жерде жайғасып алған, мұнай құйылған кішкентай металл түтіктер арқылы немесе сол тәріздес бірдеңе арқылы жарық жасап, өз товарларын көрсетіп отыр. Жарықтары өте әдемі еді. Көшелердегі жүріс-тұрыс тура айрықша еді. Жұрттың бәрі сатып алып немесе сатып жүр.

Ол кезде Россияда біз «экономистер» деп атаған бағыт болатын-ды. Мұндай біршама асыра айтылған атпен біз Маркстің тарихи материализмінің көзқарастарын балалық тұрпайылаушылықты атаған болатынбыз. Менің танысым «экономист» еді, ол: міне, осы айрықша экономикалық әрекеттің ізінше саяси күшке бой ұру басталуға тиіс деп, өзінің даналығын дереу айта бастады. Маркстi бұлайша түсінушілікті мен мысқылдап күлдім. Таптың «саяси күшке» қарай бетбұрыс жасалуы мүмкін және жасалуға тиіс экономи-

калық зор күші бар екепін ұсақ саудагерлердің көптігі мен олардың сапырылысқан әрекеттері тіпті де көрсете алмайды. Сірә, Лондон сауданың бүкіл дүние жүзілік күші болып, экономикалық та, саяси да күш болып менің әңгімелесіп жүрген адамымның ойлағанынан гөрі біраз қиынырақ жолмен қалыптасқан болуы керек, ал Лондондағы коше саудагерлері, олардың таңғажайып сапырылысуына қарамастан, «саяси күштен», тіпті ондай күш болуға тырысудан да әлдеқайда алыс еді.

Мен Сіздің бұл «нэпман» (яғни коше саудагері ме? ұсақ алыпсатар ма?) сіздерде «саяси күш болуға тырысудың белгілерін» қалайша көрсетпейді деген сұрағыңыз бізде жұрттың күлкісін келтіретін сұрақ қой деп қорқамын және біз оған былай деп жауап береміз: Лондон көшелеріндегі, сенбі күндерінде барлығы бірдей сатып алып, сатумен айналысқан тобырдың Англияда «саяси күш болуға тырысудың белгілерін» көрсетпеген себебі қандай болса, мұның себебі де сондай.

2. Сұрақ. Мен қазіргі уақытта Россияда сатып алу-сату мен айырбас көп пайда береді, ал өндіріс өте сирек жағдайларда ғана пайда беруі мүмкін деген әсер алып отырмын. Сатып алу-сату мен айырбас нэпмандардың қолында. Пайдалы өндіріс көбінесе ұсақ көлемде жүргізіледі және жеке адамдардың қолында. *Зиян шектіретін* өндіріс — мемлекеттің қолында. Менің мынаны сұрағым келеді: *мұның өзі нэпмандардың экономика жағынан ұдайы күшейіп, мемлекеттің ұдайы әлсіреуін көрсетпей ме?*

Жауап. Мен Сіздің екінші сұрағыңыз да жоғарыда көрсетілген мағынада алғанда «экономистік» дерлік тұрғыдан қойылып отыр ғой деп қорқамын. Бастиа, сірә, шынымен дерлік «ежелгі гректер мен римдіктер тонау арқылы күн көрді» деген пікірде болған сияқты. Ол тонау арқылы күн көрген осы адамдардың тонаған нәрселері қайдан алынды? — деген «экономикалық» мәселеге онша көңіл бөлген жоқ.

Сізде «қазіргі уақытта Россияда сатып алу-сату мен айырбас көп пайда береді», «ал өндіріс өте сирек жағдайларда ғана пайда беруі мүмкін деген пікір туып отыр».

Москва көшелерін байқаудан туған мұндай қорытындыны оқып, мен өте таңқалдым. Мен былай деп ойладым: сонда миллион-миллиондаған орыс шаруалары жөнінде қалай болмақ? Олардың жерге тұқым себуі Россияда сирек болатын жағдай емес және өте сирек кездесетін жағдай емес, қайта басым болып отырған жағдай емес пе? Бұл жағдай «тіпті» не нәрсені болса да «нэпманның» «сатып алу-сатуынан» гөрі негұрлым көп жағдай емес пе? Ал анығында, Россиядағы шаруа өндірісі «мүмкін» нәрсе болып қана қоймай, сонымен қатар өте-мөте «пайдалы» да емес пе? Әйтпесе біздің шаруалар мемлекетке адам айтқысыз тез және жеңіл тапсырған жүз миллиондаған азық-түлік салығы қайдан алынған болар еді? Ұлан-байтақ Россияның деревнялары мен қалаларындағы құрылыс қызметінің барша жұрт та, әрбір кісі де аңғарып отырған жаппай өрлеуі қайдан шыққан болар еді?

Сұрақ қойып отырған адам құлдырап бара жатқан орыс валютасынан бір ұсақ саудагер кейде миллион-миллиондаған пайда тауып отырған кездегі, еркін рынокта миллионның құны бұрынғы бір сомның құнынан аз болып отырған кездегі ұсақ сауданы «көп пайда беретін сату мен айырбас» деп танып отырған жоқ па екен? Мұндай қатенің бола қоюы екіталай, өйткені біздің мемлекет қазір — міне бірнеше ай бойы — қағаз ақшалардың «артық» нольдерін сызып тастап отыр[163]. Кеше триллион болған болса, бүгін төрт нолі сызылып тасталған соң он миллион болып отыр. Мемлекет мұнан байымайды, бірақ ол мұнан «әлсірей бастайды» деп топшылау тіпті де ақылға қонбайды, өйткені ақшаны жақсартуға қарай бір қадам алға басқандық бұл арада анық көрініп тұр. Сомның қалай тұрақтай бастағанын нэпман көре бастады; мысалы, мұның өзі биыл жазда байқалды; нольдерді «сызып тастау» бұдан былай да болатындығын нэпман сезе бастады, ал мұның нэпманның «саяси күш болуға тырысуы» арқылы тоқтала қоятындығына мен күмәнданамын.

Өндіріске қайта оралайын. Жер бізде мемлекеттің қолында. Жерді иеленіп отырған ұсақ шаруалар салықты өте жақсы төлеп отырады. Өнеркәсіп өндірісі, жеңіл индустрия дейтін жағынан алғанда, көрінеу көзге жанданып келеді, ал мұның өзі көбінесе мемлекет қызметшілерінің басқаруымен мемлекеттің меншігінде, не арендаторлардың иелігінде болады.

Сондықтан «мемлекет ұдайы әлсірейді» деп қауіптенуге негіз жоқ.

Өндірісті саудадан жеке алып қарамау керек, қайта жеңіл индустриядағы өндіріс пен ауыр индустриядағы өндірісті жеке алып қарау керек. Мұның соңғысы шынында да тиімсіз; біздің мемлекеттің шын ауыр жағдайы осыдан болып отыр. Бұл туралы төменде айтамыз.

3. Сұрақ. Нәпманды өндіріске қаржы беруге мәжбүр етуге (салық салу жолымен) әрекет жасалады деген сөз бар. Менің мынаны сұрағым келеді: *мұның нәтижесі тек бағалардың өсуі, нәпманның пайдасының өсуі және, жапамалап алғанда, жалақыны көтеру қажеттігі ғана болмай ма,— сөйтіп, бұрынғы жағдайға қайта оралу болып шықпай ма?*

Жауап. Мемлекеттің қолында жүз миллиондаған пұт астық бар. Мұндай жағдайда салықтар *«тек қана»* бағаны көтере түседі деп күтуге болмайды. Салықтар да нәпмандар мен өндірушілерден бізге өнеркәсіпке көмек көрсетерліктей, әсіресе ауыр индустрияға көмек көрсетерліктей табыс береді.

4. Сұрақ. Егер әдеттегі капиталистік өлшемдер бойынша пайымдайтын болсақ, экономикалық жағдай нашар болуға тиіс. Егер коммунистік өлшемдер бойынша пайымдайтын болсақ, жағдай тағы да нашар болуға тиіс (ауыр индустрияның құлдырауы). Алайда мен кездестірген адамдардың қай-қайсысы болса да бұдан бір жыл бұрынғыға қарағанда өз жағдайының жақсы екендігін айтады. Сірә, капиталистік идеология да, коммунистік идеология да мойындамайтын бір нәрсе жасалып жатқан болса керек. Бұл екі идеологияның екеуі де прогресті керек етеді. Бірақ біз прогрестенудің орнына регрестеніп отырсақ қалай болады? Менің мынаны сұрағым келеді: *біздің ілгері, жаңа игілікке қарай бармай, қайта кейін қарай, ескі жағдайға қарай қайтып оралуымыз мүмкін емес пе?* Россияның кейін қарай, шамалап алғанда оның талап-тілегіне сай келетін ауыл шаруашылық өндірісінің дәуіріне қарай және шетелден зат әкелу

болмашы ғана болса да, жанданған ішкі саудаға қарай жылжуы мүмкін емес пе? Бұрынғы феодалдық диктатура тұсындағы сияқты пролетариат диктатурасы тұсында мұндай дәуірдің болуы мүмкін емес пе?

Жауап. Әуелі «әдеттегі капиталистік өлшемдер» бойынша «пайымдай» бастайық. Бүкіл жаз бойы біздің сомымыз тұрақты болды. Мұның өзі көрінеу көзге жақсара бастағандық. Содан соң шаруа өндірісі мен жеңіл индустрияның жандана бастағандығы күмәнсыз. Бұл да жақсарғандық. Ақырында, біздің Мемлекеттік банк алтын ақшамен кемінде 20 миллион сом таза табыс алды (бұл минимум; іс жүзінде бұдан да көп). Аз, бірақ жақсарғандық екені күмәнсыз. Аз, бірақ ауыр индустрияға арналған қордың көбейе бастағандығы күмәнсыз.

Содан соң. Коммунистік өлшемдер бойынша пайымдауға көшейік. Жоғарыда айтылған үш жағдайдың үшеуі де коммунистік тұрғыдан да пайдалы болып табылады, өйткені бізде мемлекеттік өкімет жұмысшылардың қолында. Сомның тұрақтануына қарай жасалған *қадам* да, шаруа өндірісі мен жеңіл индустрияның жандануы да, Мемлекеттік банктің (яғни мемлекеттің) пайдаларының *басталуы* да — осының бәрі коммунистік тұрғыдан да пайдалы болып табылады.

Капитализм мен коммунизм қарама-қарсы болып отырғанда, әр қилы жағдайлардың *бұл екі қарама-қарсы көзқарастың екеуі бойынша да пайдалы* болатынын қалай түсінуге болады? Бұл мүмкін нәрсе, өйткені коммунизмге өту, егер мемлекеттегі өкімет жұмысшы табының қолында болса, мемлекеттік капитализм арқылы да мүмкін болады. Мұның өзі нақ «біздің қазіргі жағдайымыз».

Ауыр индустрияның төмендеуі — біздің кемшілігіміз. Мемлекеттік банктен және Сыртқы саудадан табыстың түсе бастауы бұл салада да істі жақсартудың дайындығы болып табылады. Мұндағы қиыншылықтар өте зор, бірақ іс тіпті де үмітсіз емес.

Бұдан әрі. Біздің кейін қарай «феодалдық диктатура» сияқты бірдеңеге келе жатуымыз мүмкін емес пе? Тіпті де бұлай болуы мүмкін емес, өйткені біз баяу,

үзілістер жасап, оқта-текте кейін қарай қадам жасап, мемлекеттік капитализм жолымен көтеріліп келеміз. Ал бұл жол — бізді социализм мен коммунизмге (социализмнің жоғары сатысына) қарай алға апаратын жол, ешбір ретте де кейін қарай феодализмге апаратын жол емес.

Сыртқы сауда өсіп келеді; үзілістермен болса да, сомның тұрақтануы күшейіп келеді; Питерде де, Москвада да өнеркәсіп көрінеу өрге басып келеді; ауыр индустрияға көмектесу үшін мемлекеттің қаржы әзірлеуі аздап болса да, тым аздап болса да басталып отыр және тағы сондайлар. Осының бәрі, қайталап айтайын, өте баяу және үзілістермен болса да, Россияның кейін қарай емес, ілгері басып келе жатқандығын дәлелдейді.

5. Сұрақ. Әлде біз өндірісте пайдаланылуға тиісті капиталды босқа шашудың өкінішті көрінісін көріп отырмыз ба?

Жауап. Бұл сұраққа осының алдындағы айтылғандарда-ақ жауап берілген болатын.

6. Сұрақ. Бұл сұрақтармен қатар осы қыста карточка системасы қайтадан енгізіліп, нэпмандардың қоймалары толық реквизицияланады деп қазір Москвада көп таралып жүрген лақаптарды бекерге шығаруды Сіздің аузыңыздан есту «Манчестер Гардианға» қызықты болар еді.

Жауап. Бізді кейін қарай карточка системасына немесе «нэпмандардың қоймаларын толық реквизициялауға» қайтып оралуды көздеп жүр деген лақаптардың бүтіндей бекер екендігін ықыласпен қуаттаймын.

Барып тұрған өтірік. Мұндай еш нәрсені біз ойға да алған жоқпыз.

Қазіргі Россияда мұндай еш нәрсе болады деп ойлауға да болмайды. Мұның өзі бізге мықтап өшіккен, бірақ онша ақылды емес адамдардың өшпенділікпен таратып жүрген лақаптары.

7. Сұрақ. Ақырында, менің Уркартпен жасалатын шарт біржолата қабылданбай тасталған жоқ, тек ағылшын үкіметімен қалыпты достық қатынастар қалпына келтірілгенге дейін кейінге қалдырылып отыр деген топшылауым дұрыс па?

Жауап. Уркарт жөнінде Сіздің айтып отырғаныңыз әбден дұрыс. Мен таяуда Фарбманға айтқанымды* қайталаймын. Уркарттың концессиясын біз біржолата қабылдамай тастағанымыз жоқ. Оны біз өзіміз жұрт алдында көрсеткен саяси себеп бойынша ғана қабылдамай тастадық. Біз өзіміздің баспасөзде барлық *жақтаушылар* мен барлық *қарсылардың* пікірлерін ашықтан-ашық талқылай бастадық. Ал біз осы талқылаудан кейін саяси жағынан да, экономикалық жағынан да өзіміз түпкілікті пікірге келеміз ғой деп сенеміз.

5/XI. 1922.

Сіздің *Ленин*

1922 ж. 22 ноябрьде ағылшын тілінде «The Manchester Guardian» газетінің 23797-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылуларында басылған, XXVII том

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 268—275-беттер. *Ред.*

ЕКІНШІ НҰСҚА (АЯҚТАЛМАҒАН)

Сіздің сұрақтарыңызға жауап беремін:

1. Менің ойымша, «нэпман», яғни «жаңа экономикалық саясат» тұсында өсіп отырған сауданың өкілі саяси күш болғысы келеді, бірақ мұның ешбір белгілерін көрсетпейді немесе оларды көрсеткен күнде, өз ниеттерін жасыратындай етіп көрсетеді. Оған өз ниеттерін жасыруға тырысу қажет, өйткені бұлай болмаған күнде біздің мемлекеттік өкімет тарапынан оның елеулі оппозицияға кездесуі мүмкін, ал кейде оппозициядан да жаман нәрсеге, яғни тікелей өшпенділікке кездесуі мүмкін.

Мен былай деп ойлаймын: өндіріс құрал-жабдықтарының орасан көпшілігі біздің мемлекеттік өкіметтің қолына шоғырланған кезде ұсақ буржуазияның шын экономикалық талап-тілегі: тұтыну заттарын сатып алу және сату еркіндігі болып табылады. Біздің заңдарымыз ұсақ буржуазияға осы еркіндікті қамтамасыз етіп отыр.

Сіз қолданып отырған «нэпман» деген сөз кейбір түсініспеушілікке әкеліп соқтырады. Бұл сөз қысқартылып айтылған «нэп» деген, «жаңа экономикалық саясат» деген сөзден және «ман» деген қосымшадан құралған, ал «ман» дегеніміз «адам, немесе осы жаңа экономикалық саясаттың өкілі» деген сөз. Газет тілінде бұл сөз алғашқыда ұсақ алып-сатарды немесе сауда еркіндігін алуан түрлі қиянат жасау үшін пайдаланатын кісіні қалжыңдап атау ретінде шыққан болатын.

Жаңа экономикалық саясаттың сырттай қарағанда көбінесе нақ көзге түсетін жері — осы сияқты «нэпман» немесе, Сіз жазғандай, «сататын және сатып алатын» адамдардың бәрі алдыңғы қатарға шығады.

Бірақ халықтың шын көпшілігінің шын экономикалық қызметі тіпті де бұл емес. Мәселен, шаруалардың орасан көп бұқарасының қызметін көрсетсек те жеткілікті, ал шаруалар нақ қазір өздерінің егістік жерін орасан зор жігермен және асқан жанқиярлықпен қалпына келтіруде, сөйтіп өздерінің ауыл шаруашылық өндіріс құралдарын, өздерінің тұрғын үйлерін, қора-қопсыларын, т. т. қалпына келтіру жөнінде жұмыс істеуде. Екінші жағынан, өнеркәсіп жұмысшылары нақ қазір еңбек құралдарын жақсарту жөнінде, тозығы жеткен еңбек құралдарын жаңа еңбек құралдарымен ауыстыру жөнінде, қираған, бүлінген немесе зақымданған үйлерді, т. т. қалпына келтіру жөнінде нақ сондай асқан жігермен жұмыс істеуде.

«Нэпман», егер саяси экономияның елеулі терминдерінің саласынан гөрі қалжыңы бар газет тіліне анағұрлым көбірек жататын бұл сөзді қолданатын болсақ, ол өзінің экономикалық күшіне сай келетін шудан гөрі анағұрлым көбірек шу көтеріп жүр. Сондықтан мен тарихи материализмнің — экономикалық күштің соңынан саяси күш ере жүруге тиіс дейтін жеңілдетілген қағидасын біздің «нэпманға» қолданатын адам өте қатты қателесуі және тіпті адам күлерлік толып жатқан түсініспеушіліктердің құрбаны болуы мүмкін ғой деп қауіптенемін.

Жаңа экономикалық саясаттың шын мәні мынада: пролетарлық мемлекет, біріншіден, *ұсақ өндірушілер үшін сауда еркіндігіне рұқсат берді* және, екіншіден, *ірі капиталға арналған өндіріс құрал-жабдықтарына пролетарлық мемлекет капиталистік экономикада «мемлекеттік капитализм» деп аталғанның бірсыпыра принциптерін қолданады.*

Менің ойымша, бұдан мен саяси күшті болуым керек деген қорытынды жасайтын «нэпман» тек қателесіп қана қоймай, сонымен қатар марксизмді өзінің тұр-

пайы түсінгендігі үшін газетте келемеждің кейіпкері болуы да мүмкін.

2. Сіздің қазір Россияда сатып алу мен сату айрықша мол табыс береді, «ал өндіріс өте сирек жағдайларда ғана пайда беруі мүмкін» деген пікіріңіз, меніңше, ««нэпман» мырзаның» саяси экономиясын мейлінше әділ келемеж етушілікті тудыра алатын сияқты.

Егер мен қателеспесем, Россияда ұсақ шаруа халқы орасан көпшілік болып есептеледі, ол қазір ерекше жігермен өндіріске кірісті, сойтіп, әсіресе, егер азамат соғысының адам естімеген бүліншілігін, ашаршылықты, т. т. еске алатын болсақ, орасан зор, адам айтқысыз дерлік (мемлекеттің тұқым, т. т. арқылы ішінара көмек көрсетуі арқасында) табыстарға жетті. Сонымен қатар ұсақ шаруалардың табысқа жеткендігі сонша — олар жүздеген миллион пұт астық болып есептелетін мемлекеттік салықты әдеттен тыс жеңіл және ешбір күштеусіз дерлік өтеді.

Сондықтан мен былай деп айту әділірек болар деп ойлаймын: көлемі жағынан өте ұсақ өндірісі бар халықтың орасан зор көпшілігі, өндіріс жеке адамдардың қолында бола тұрса да, мейлінше зор пайда береді. Шаруалардың бүкіл ауыл шаруашылық өндірісі осындай болып отыр. Ішінара жеке адамдардың қолындағы, ішінара мемлекеттік арендаторлардың қолындағы немесе село халқы үшін тұтыну заттарын өндіретін мемлекеттік заводтардағы өнеркәсіп өндірісі де нақ сондай немесе одан біршама аздау пайда береді.

Мемлекеттің қолында қалып отырған, егер ғылыми саяси-экономиялық терминологияны қолдансақ, өндіріс құрал-жабдықтары (руда, металл, т. т.) өндірісі немесе негізгі капитал өндірісі деп атау керек болатын өндіріс қана шын пайда бермейтін өндіріс болып табылады. Капиталистік экономикада капиталдың бұл түрі өзінің қайта жаңғыртылуы үшін әдетте мемлекеттік заемдар берілуін талап етеді, бұл заемдар бүлінген өндіріс құрал-жабдықтарын қайтадан қалпына келтіре алатын бірқатар кәсіпорындарды қайта құру үшін бірден өте-мөте көп сома (жүздеген миллион сом немесе тіпті жүздеген миллион доллар) береді.

Бүлінген өндіріс құрал-жабдықтарын қалпына келтіру біз үшін ұзақ уақыт бойы ешқандай пайда бермейтін болады, Сіз айтқандай, «пайда бермейтін» болып табылады. Негізгі капиталды қалпына келтіру үшін бізге едәуір көп уақыт бойы концессиялардан түсетін табысты немесе мемлекеттік қаржыларды пайдалануға тура келеді.

Қазіргі экономикалық өмір шындығы осындай. Көріп отырғаныңыздай, мен бұл өмір шындығына Сізден гөрі әжептәуір басқаша қараймын. Мен Сіздің бізде «нэпмандар экономикалық жағынан ұдайы күшейіп», «мемлекет экономикалық жағынан ұдайы әлсіреп» бара-ды-мыс деген пікіріңіз Маркстің тұрпайы саяси экономияны келемеж етуіне, сірә, сай келіп қала ма деп қорқамын.

Ал мен ескі әдет бойынша былай деп ойлай аламын: Маркстен кейін басқадай бір маркстік емес саяси экономия туралы тек мещандарды, тіпті «жоғары цивилизациялы» мещандарды болса да, ақымақ ету үшін ғана айтуға болады.

«Саяси күш» туралы мәселе жөнінде мен былай деп аяқтаймын: Россияда саяси күштің негізі — жұмысшылар мен шаруалар. Капиталистік елдердің бәрінде шаруаларды помещиктер де, капиталистер де тонайды. Шаруалар неғұрлым саналы болған сайын, олар мұны соғұрлым жақсы түсінеді. Сондықтан халық бұқарасы «сатып алушы және сатушы» нэпмандардың соңынан ермейді.

3. «Нэпмандарға» салынған салықтар өндіріске қаражат берудің орнына тек жалақы мен бағаны арттыруға ғана әкеліп соқтырмай ма?

— Жоқ, өйткені бағаның негізі астық болады. Астықтың біраз бөлегі мемлекеттің қолында, салық түрінде жиналған. Нэпман бағаға өз бетімен ықпал жасай алмайды, өйткені ол өндіруші емес. Реті келгенде айта кетейін, сыртқы сауда монополиясы бізге нэпманды уыстан шығармай ұстауға көмектеседі, өйткені баға нэпмансыз, шетелдегі өндіріс бағасы арқылы және біздің өндірісті қаржыландыруға жұмсалатын мемлекеттік үстеме бағамыз арқылы белгіленеді.

Мен, эмиссияның өсуінің салдарынан, біздің қағаз ақшалар бағасының өсуін Сіз кейде нэпмандардың бағаны өсіруі деп түсініп қала ма деп қорқамын. Бұлай түсіну қате болар еді.

1922 ж. 27 октябрь мен 5 ноябрь аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 17-номерінде басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен және толықтырған данасы бойынша басылып отыр

МОСКВА ЖӘНЕ МОСКВА ГУБЕРНИЯСЫ ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕРІ МЕН ШАРУА ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ПАРТИЯЛЫҚ ЕМЕС КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА[164]

Қымбатты жолдастар! Ізгі тілек білдіріп, құттықтағандарыңыз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтамын. Өзім барып қатыса алмағаныма қатты өкінемін. Революцияның бес жылдығымен құттықтаймын және съездің барынша табысты болуына тілектеспін.

Сіздің *Ленин*

6/XI. 1922.

«Рабочая Москва» № 227, 9 ноябрь, 1922 ж.

«Рабочая Москва» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Бұрынғы МИХЕЛЬСОН ЗАВОДЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА[165]

Қымбатты жолдастар! Жеңіл-желпі сырқаттың өзі мені нақ бүгін үйде отыруға мәжбүр еткеніне өте өкінемін. Бес жылдық мерекеге байланысты сіздерге қызу құттықтау жолдап, тілектестік білдіремін. Алдағы бес жылда табысты жұмыс істеулеріңізге тілектеспін.

Сіздің *В. Ульянов (Ленин)*

7/XI. 1922.

Бірінші рет 1942 ж. Лениннің XXXIV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«ЭЛЕКТРОПЕРЕДАЧА» МЕМЛЕКЕТТІК ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ[166]

Қымбатты жолдастар!

Бүгін, революцияның бес жылдығы күні, сіздердің клубыңыздың ашылуын ерекше ықыласпен құттықтаймын және сіздер, «Электропередача» мемлекеттік электр станциясының жұмысшылары мен қызметшілері, бірігіп күш жұмсау арқылы бұл клубты жұмысшыларды ағарту жөніндегі аса маңызды позициялардың біріне айналдыра алады деген сенім білдіремін.

В. Ульянов (Ленин)

7. XI. 1922 ж.

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

В. И. Ленин түзеткен және қол қойған түпнұсқа бойынша басылып отыр

КЛИНЦЫДАҒЫ СТОДОЛЬ ШҰҒА ФАБРИКАСЫНЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА[167]

8. XI. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар!

Құттықтап, сыйлық жібергендеріңіз үшін сіздерге шын жүректен алғыс айтамын. Жасырын сырымды айтайын, маған сыйлық жіберудің керегі жоқ. Осы жасырын өтінішімді барлық жұмысшыларға кеңірек айтуларыңызды қатты өтінемін.

Шын пейіліммен алғыс айтып, сәлем жолдап, тілектестік білдіремін.

Сіздің *В. Ульянов (Ленин)*

Бірінші рет 1924 ж. «Голос Текстилей» газетінің қосымшасы «Челноктың» 1-номерінде (Москва) басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РОССИЙСКАЯ
СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ
ФЕДЕРАТИВНАЯ
Советская Республика.

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ
СОВЕТА
Труда и Обороны.

—о—

Москва, Кремль.

8. XI 1922 г.

№ 8547

Рабочим
Стодольской
суконной-фабрики
в Клинцах.

Дорогие товарищи!

Сердечно благодарю вас
за приветствие и подарок.
По секрету скажу, что
подарков посылать мне
не следует. Прошу очень
об этой секретной просьбе
пошире рассказать всем
рабочим.

Самые лучшие бла-
годарности и привет и поже-
лания. Ваш В. Ульянов (Ленин)

В. И. Лениннің «Клинцыдағы Стодоль шұға фабрикасының жұмысшыларына» деген хатының қолжазбасы.— Ноябрь, 1922 ж.

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҢ IV КОНГРЕСІ[168]

5 НОЯБРЬ—5 ДЕКАБРЬ, 1922 ж.

1
КОМИНТЕРННІҢ БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК IV КОНГРЕСІНЕ, ЖҰМЫСШЫ ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ӘСКЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ПЕТРОГРАД СОВЕТІНЕ

Конгрестің бірінші мәжілісінде бола алмайтыныма, сондықтан хат арқылы құттықтаумен шектелуге тиіс болғаныма қатты қынжыламын.

Коммунистік партиялардың жолында орасан зор қиыншылықтардың тұрғанына қарамастан, Коминтерн өсіп, нығайып келеді. Жұмысшылардың көпшілігін өз жағына шығарып алу бұрынғысынша басты міндет болып отыр. Ал бұл міндетті біз қалай болған күнде де *орындаймыз.*

II және $II^1/_2$ Интернационалдардың бірігуі пролетариаттың революциялық қозғалысына пайдалы болмақ: жалған сөз аз болады, алдау аз болады — бұл жұмысшы табына әрқашан пайдалы.

Коминтерннің IV конгресін өз қаласында қабылдап отырған Петроград жұмысшыларына және олардың жаңа Советіне ізгі тілек білдіріп, жалынды сәлем жолдаймын.

Питер жұмысшылары шаруашылық майданында да алдыңғы қатардағылардың бірі болуға тиіс. Петроградтың шаруашылық жағынан қайта өрлей бастағанын қуанышпен естіп отырмыз. Сіздердің Петроградта болып қайтуға шақыруларыңызға жауап ретінде таяу арада барармын деп үміттенемін.

Россиядағы Совет өкіметі өзінің бірінші бес жылдығын мерекелеп отыр. Ол қазір қай уақыттағысынан да анағұрлым берік. Азамат соғысы аяқталды. Шаруашылықтағы алғашқы табыстарды көріп отырмыз. Бүкіл

дүние жүзі жұмысшыларының капитализмді құлату жолындағы қиын күресінде оларға көмектесуді Советтік Россия өзіне ұлы мәртебе көреді. Біз жеңіп шығамыз.

Коммунистік Интернационал жасасын!

Москва, 4 ноябрь, 1922 ж.

В. Ульянов (Ленин)

«Правда» № 253, 9 ноябрь, 1922 ж.

Газеттің В. И. Ленин түзеткен, түпнұсқамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

2

РОССИЯ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БЕС ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

КОМИНТЕРННІҢ IV КОНГРЕСІНДЕ 13 НОЯБРЬДЕ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

(Ленин жолдастың келуін залда отырғандардың бәрі ұзаққа созылған ду қол шапалақтаумен және овациямен қарсы алады. Барлығы орындарынан тұрып, «Интернационалды» айтады.) Жолдастар! Мен шешендердің тізімінде басты баяндамашы болып саналамын, бірақ сіздер менің ұзақ уақыт сырқаттанып тұрғаннан кейін үлкен баяндама жасай алмайтындығымды түсінерсіздер. Мен аса маңызды мәселелерге кіріспе ғана жасай аламын. Менің тақырыбым өте шектеулі болады. «Россия революциясының бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары» деген тақырып тым кең әрі үлкен, бір шешен бір сөйлеген сөзінде толық қамти алмайды. Сондықтан мен бұл тақырыптың бір кішкене бөлегін ғана аламын, атап айтқанда — «жаңа экономикалық саясат» туралы мәселені аламын. Мен қазіргі осы ең маңызды мәселемен сіздерді таныстыру үшін тек қана осы кішкентай бөлегін әдейі алып отырмын,— бұл мәселе, қала берді, мен үшін өте маңызды, өйткені қазір мен осы мәселемен шұғылданып жүрмін.

Сонымен, мен жаңа экономикалық саясатты біздің қалай бастағанымыз және осы саясаттың көмегімен қандай нәтижелерге жеткеніміз жөнінде айтпақпын. Егер мен осы мәселемен шектелсем, бәлкім, осы мәселе жөнінде жалпы шолу жасап, жалпы түсінік бере алармын.

Егер жаңа экономикалық саясатқа біздің қалай келгендігімізден бастайтын болсақ, онда мен 1918 жылы жазған бір мақаламды[169] айта кетуге тиіспін. 1918 жылдың басында мен нақ бір қысқа айтыс үстінде мемлекеттік капитализм жөнінде біз қандай бағыт ұстауымыз керек деген мәселені қозғадым. Ол кезде мен былай деп жаздым:

«Біздің Совет республикасындағы істің қазіргі (яғни сол кездегі) жағдайына қарағанда, мемлекеттік капитализм *бір адым ілгері басқандық* болар еді. Егер, шамамен айтқанда, енді жарты жылдан соң бізде мемлекеттік капитализм орнай қалса, бұл үлкен табыс болар еді, ал бір жылдан кейін бізде социализмнің түпкілікті нығаюына және жеңілместей болуына ең сенімді кепіл болар еді»*.

Мұның өзі, әлбетте, қазіргіге қарағанда біздің зердесіздеу кезімізде айтылған еді, бірақ мұндай мәселелерді қарастыра білмейтіндей зердесіз емес едік.

Сонымен, 1918 жылы мен Совет республикасының сол кездегі шаруашылық жағдайымен салыстырғанда мемлекеттік капитализм бір адым ілгері басқандық болып табылады деген пікірде болдым. Мұның өзі өрескел, бәлкім, тіпті сөлекет естілер, өйткені сол кездің өзінде-ақ біздің республика социалистік республика болатын; ол кезде біз күн сайын өте асығып,— сірә, орынсыз асығыстық жасап,— әр түрлі жаңа шаруашылық шаралар қолданып отырдық, ол шараларды социалистік шаралар деп атамауға болмайтын еді. Солай бола тұрса да, мен ол кезде мемлекеттік капитализмді Совет республикасының сол кездегі шаруашылық жағдайымен салыстырғанда бір адым ілгері басқандық болады деп ойладым, сөйтіп мен бұл пікірді одан әрі Россия шаруашылық құрылысының элементтерін жай санап шығу арқылы түсіндірдім. Меніңше, бұл элементтер мыналар болды: «1) патриархтық, яғни ауыл шаруашылығының неғұрлым қарабайыр формасы; 2) ұсақ товар өндірісі (бұған астықпен сауда жасайтын шаруалардың көпшілігі де кіреді); 3) жекеше

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 318-бет. *Ред.*

капитализм; 4) мемлекеттік капитализм және 5) социализм»*. Сол кездегі Россияда осы шаруашылық элементтердің бәрі де болатын. Ол кезде мен осы элементтердің бір-біріне қандай қатынаста екендігін және социалистік емес элементтердің бірін, атап айтқанда мемлекеттік капитализмді социализмнен жоғары бағалауға болмас па екен дегенді түсіндіруді өзіме міндет етіп қойдым. Мен қайталап айтайын: мұның өзі, өзін социалистік республика деп жариялаған республикада социалистік емес элементтің социализмнен жоғары бағаланатындығы, жоғары тұр деп тапылатындығы жұрттың бәріне өте өрескел көрінеді. Бірақ, егер сіздер Россияның шаруашылық құрылысын біздің тіпті де біртектес және жоғары дамыған деп есептемегендігімізді, қайта Россияда патриархтық егіншілік, яғни социалистік формамен қатар егіншіліктің неғұрлым қарабайыр формасы бар екенін толық ұғынғандығымызды еске түсірсеңіздер, істің жайы түсінікті болады. Мұндай жағдайда мемлекеттік капитализм қандай роль атқара алар еді?

Содан кейін мен өзіме мынадай сұрақ қойдым: осы элементтердің қайсысы басым? Ұсақ буржуазиялық ортада ұсақ буржуазиялық элементтің үстем болатындығы айқын. Ол кезде мен ұсақ буржуазиялық элементті басым деп білдім; басқаша ойлау мүмкін емес еді. Ол кезде мен өзіме қойған сұрақ,— мұның өзі қазіргі мәселеге қатысы жоқ, арнаулы айтыста қойылған болатын,— мынадай еді: мемлекеттік капитализмге біз қалай қараймыз? Сонда мен өзіме: мемлекеттік капитализм, ол социалистік форма болмағанымен де, біз үшін, Россия үшін қазіргіге қарағанда неғұрлым қолайлы форма болар еді деп жауап бердім. Бұл нені көрсетеді? Бұл, біз қазірдің өзінде әлеуметтік революция жасасақ та, социалистік шаруашылықтың бастамаларын да, негіздерін де өзіміздің асыра бағаламағандығымызды көрсетеді; қайта, сол кездің өзінде-ақ біздің белгілі дәрежеде мынаны мойындағанымызды: иә, біз әуелі мемлекеттік капитализмге жетіп, ал содан

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 319-бет. *Ред.*

соң барып социализмге жетсек, жақсы болар еді деп мойындағандығымызды көрсетеді.

Мен бұл жағын ерекше атап көрсетуге тиіспін, өйткені тек осыған сүйеніп қана, біріншіден, қазіргі экономикалық саясаттың не екенін түсіндіруге болады деп және, екіншіден, бұдан Коммунистік Интернационал үшін де аса маңызды практикалық қорытындылар жасауға болады деп ойлаймын. Мен бізде шегінудің күні бұрын әзірленген жоспары болып та еді деп айтқым келмейді. Ондай жоспар болған жоқ. Бұл қысқа айтыс сөздер ол кезде тіпті де шегінудің жоспары болған жоқ. Өте маңызды бір пункт жөнінде, мысалы, мемлекеттік капитализм үшін басты маңызы бар сауда еркіндігі жөнінде мұнда бірде-бір сөз жоқ. Дегенмен де шегінудің жалпы, көмескі идеясы осы арқылы сол кезде-ақ айтылған болатын. Мен былай деп ойлаймын: біз бұған өзінің шаруашылық құрылысы жағынан өте артта қалған, осы уақытқа дейін өте артта қалып отырған елдің тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар Коммунистік Интернационалдың және батыс европалық алдыңғы қатарлы елдердің тұрғысынан да назар аударуға тиіспіз. Біз енді, мәселен, программа жасаумен шұғылданып жатырмыз. Менің өзім: егер біз барлық программаларды қазір тек қана жалпы түрде, айталық, алғашқы оқу түрінде ғана талқылап қойған болсақ, сөйтіп оларды басуға берген болсақ, ал түпкілікті шешімді қазір, осы жылы шығармасақ, біз бәрінен де дұрыс істеген болар едік деп ойлаймын. Неге? Бәрінен бұрын, әрине, оның себебі, біз ол программалардың бәрін бірдей жақсылап ойластыра қойғанымыз жоқ деп ойлаймын. Ал одан соң тағы бір себебі, шегінудің мүмкін екендігі туралы және ол шегінуді қамтамасыз ету туралы мәселені біз мүлдем дерлік ойластырған жоқпыз. Ал мұның өзі капитализмнің құлатылуы сияқты және орасан зор қиыншылықтары бар социализм орнату сияқты бүкіл дүние жүзінде болып жатқан соншалықты түбегейлі өзгерістер тұсында біздің назар аударуымыз сөзсіз қажет болатын мәселе. Біз тікелей шабуылға шығатын кезімізде және сонымен қатар жеңетін кезімізде өзіміздің қалай

қимыл жасауымыз керек екенін біліп қана қоймауға тиістіміз. Революция кезінде бұл онша қиын емес, сонымен қатар онша маңызды да емес, қалай болғанда да бұл оң шешуші мәселе емес. Революция кезінде дұшпанның өсінен жаңылатын кезі әрқашан болып тұрады, ал егер біз дұшпанға сондай сәтте шабуыл жасайтын болсақ, оп-оңай жеңе аламыз. Бірақ мұның өзі де әлі еш нәрсені аңғартпайды, өйткені біздің дұшпанымыз, егер ол жеткілікті дәрежеде ұстамды болса, күні бұрын күштерді және басқаларды жинап алуы мүмкін. Ол мұндай кезде бізді шабуылға оп-оңай арандата алады және содан кейін көп жылға кейін шегеріп тастай алады. Міне сондықтан да мен: өзімізге шегіну мүмкіндігін әзірлеуге тиіспіз деген пікірдің өте зор маңызы бар, маңызы болғанда тек теориялық тұрғыдан ғана емес деп ойлаймын. Сонымен қатар таяу болашақта капитализмге қарсы тікелей шабуылға шығуға әзірленіп жатқан партиялардың бәрі өздеріне шегінуді қалай қамтамасыз ету жөнінде де практикалық тұрғыдан қазір ойластыруға тиіс. Менің ойымша, егер біз өзіміздің революцияның тәжірибесінен туындайтын басқа да барлық сабақтармен қатар бұл сабақты ескеретін болсақ, онда мұның өзі бізге ешқандай зиян келтірмейтіндігі былай тұрсын, сонымен қатар бізге көп ретте пайда келтіруі әбден ықтимал.

1918 жылдың өзінде-ақ біз мемлекеттік капитализмді шегінудің мүмкін болатын жолы деп қарағанымызды атап көрсеткеннен кейін, мен біздің жаңа экономикалық саясатымыздың нәтижелеріне көшемін. Қайталап айтайын: ол кезде мұның өзі әлі өте көмескі идея еді, ал 1921 жылы, біз азамат соғысының ең маңызды кезеңінен өткеннен кейін, онда да жеңіспен өткеннен кейін, біз Советтік Россияның үлкен,— мен ең үлкен деп ойлаймын,— ішкі саяси дағдарысына кездестік. Бұл ішкі дағдарыс шаруалардың едәуір бөлегінің ғана емес, сонымен қатар жұмысшылардың да наразылығын туғызды. Мұның өзі Советтік Россияның тарихында бірінші және, ақырғы рет болды деп сенемін, бұл кезде шаруалардың көптеген бұқарасы

санасыз түрде, инстинкт бойынша, көңіл ауаны бойынша бізге қарсы болды. Осы ерекше, ал біз үшін, әлбетте, өте қолайсыз жагдай неден туды? Мұның себебі, біз өзіміздің экономикалық шабуылымызда ілгері қарай тым ұзап кеттік, біз өзімізге жеткілікті базаны қамтамасыз етпедік, ол кезде біз саналы түрде тұжырымдай алмаған, бірақ біз де тез арада, бірнеше аптадан кейін мойындаған нәрсені бұқара сезді, мұның өзі атап айтқанда: таза социалистік формаларға, таза социалистік бөліске тікелей көшуге біздің қолда бар күшіміз жетпейтінін, егер неғұрлым жеңіл міндеттермен тынатындай болып шегінуге дәрменсіз болсақ, онда бізге апатқа ұшырау қаупі төнетінін мойындағандық еді. Менінше, дағдарыс 1921 жылы февральда басталды. Сол жылдың көктемінде-ақ біз бірауыздан жаңа экономикалық саясатқа көшуді ұйғардық, бұл жөнінде бізде үлкен алауыздықтар болғанын мен көргенім жоқ. Қазір, бір жарым жыл өткеннен кейін, 1922 жылдың аяғында, біз енді кейбір салыстырулар жасай аламыз. Не болып еді? Осы бір жарым жылдан астам уақытты біз басымыздан қалай өткіздік? Нәтижесі қандай? Бұл шегіну бізге пайда келтірді ме, шынында да ол бізді аман сақтап қалды ма немесе нәтижесі әлі белгісіз бе? Бұл — мен өзіме қойып отырған басты сұрақ, сонымен қатар мен осы басты сұрақтың барлық коммунистік партиялар үшін де бірінші дәрежелі маңызы бар деп ойлаймын, өйткені, егер олай болған жоқ деген жауап алынатын болса, онда бәріміз де апатқа ұшыраған болар едік. Мен былай деп ойлаймын: бұл сұраққа біздің бәріміз де байсалды қалпымызды ешбір бұзбастан солай болды деп жауап бере аламыз, атап айтқанда: бұл сынаққа біздің төтеп бергенімізді өткен бір жарым жыл растап, әбден дәлелдеп отыр деген мағынада жауап бере аламыз.

Мен енді осыны дәлелдеп көрейін. Мен бұл үшін біздің шаруашылығымыздың құрамдас бөліктерінің бәрін қысқаша атап өтуге тиіспін.

Бәрінен бұрын біздегі финанс системасына және атақты орыс сомына тоқталайын. Мен орыс сомын бұл сомдардың саны қазір квадриллионнан асып кеткені

үшін болса да атақты деп санауға болады деп ойлаймын. (Күлкі.) Осының өзі де бірдеңеге тұрады. Бұл — қисапсыз цифр. Бұл цифрдың нені білдіретінін тіпті осындағылардың бәрі бірдей білмейтініне мен кәміл сенемін. (Бәрі де күледі.) Бірақ біз бұл сандарды әсіресе экономика ғылымының тұрғысынан қарағанда аса маңызды деп санамаймыз, өйткені нольдерді сызып тастауға болады ғой. (Күлкі.) Экономика тұрғысынан қарағанда мүлдем маңызсыз бұл өнерде де біз қазірдің өзінде бірдеңелерге жетіп отырмыз, істің бұдан былайғы барысында біздің бұл өнерде бұдан анағұрлым көп нәрсеге жететінімізге мен сенімдімін. Шын мәнінде маңызды болып отырған мәселе — сомды тұрақтандыру туралы мәселе. Біз осы мәселемен шұғылданып отырмыз, біздің таңдаулы күштеріміз шұғылданып жатыр, өйткені біз бұл міндетке шешуші мән береміз. Сомды ұзақ уақытқа, ал кейін біржолата тұрақты ете алсақ, демек, біздің ұтқанымыз. Онда осы қисапсыз цифрлардың бәрі — осы триллиондар мен квадриллиондардың бәрі — түк емес. Онда біз өзіміздің шаруашылығымызды берік негізге қоя аламыз және берік негізде одан әрі өркендете аламыз. Бұл мәселе жөнінде мен сіздерге айтарлықтай маңызды және шешуші фактілер келтіре аламын деп ойлаймын. 1921 жылы қағаз ақша құнының тұрақтылық дәуірі үш айға жетпеді. Үстіміздегі 1922 жылы, бұл жыл әлі бітпесе де, бұл дәуір бес айдан асып отыр. Мен осының өзі де жеткілікті деп ойлаймын. Әрине, бұл міндетті келешекте толық шешетіндігімізді біздің ғылыми дәлелдеуімізді күтсеңіздер, онда бұл жеткіліксіз. Бірақ мұны түгел және толық дәлелдеу, менің пікірімше, мүлде мүмкін емес. Біз өзіміздің жаңа экономикалық саясатымызды бастаған былтырғы жылдан бүгінгі күнге дейін біздің ілгері басуды үйренгенімізді осы айтылған деректер дәлелдейді. Егер біз мұны үйренген болсақ, егер тек ерекше бір зердесіздік жасап алмасақ, осы жолда біздің алдағы уақытта да одан әрі табыстарға жетуге үйренетінімізге мен сенімдімін. Алайда ең маңызды нәрсе — сауда, атап айтқанда бізге қажет болып отырған товар айналымы. Соғыс

жағдайында болғанымызға қарамастан (өйткені, өздеріңізге мәлім, Владивосток осыдан бірнеше апта бұрын ғана алынды), біз өзіміздің шаруашылық ісімізді тек енді ғана әбден жүйелі түрде жүргізе бастай алатынымызға қарамастан, мұны екі жылдың ішінде жеңе алған болсақ,— біз қалай дегенмен де қағаз ақшаның тұрақтылық дәуірі үш айдан бес айға көтерілуіне жеткен болсақ, онда мен бұған қанағаттана аламыз дегенді айта аламын ғой деп ойлаймын. Өйткені біз жалғыз болып отырмыз. Біз ешқандай заем алғанымыз жоқ және алып та отырғанымыз жоқ. Өздерінің капиталистік шаруашылығын сондалық «тамаша» ұйымдастырып, қайда бара жатқанын осы күнге дейін білмей отырған қуатты капиталистік мемлекеттердің бірде-бірі бізге көмектескен жоқ. Версаль бітімі арқылы олар өздері де түсінбейтін финанс системасын жасады. Егер осы ұлы капиталистік мемлекеттер солай қожайындық етіп отырса, онда артта қалған, білімсіз біздер аса маңызды нәрсеге: сомның тұрақтану жағдайына жеткенімізге риза бола аламыз деп ойлаймын. Бұл қайдағы бір теориялық талдаумен емес, практикамен дәлелденеді, ал мен практиканы дүниедегі теориялық дискуссиялардың бәрінен де маңыздырақ деп санаймын. Ал практика бұл арада біздің шешуші нәтижелерге жеткенімізді, атап айтқанда — шаруашылықты сомның тұрақтануы бағытында жүргізе бастағанымызды дәлелдейді; мұның сауда үшін, еркін товар айналымы үшін, шаруалар үшін және ұсақ өндірушілердің орасан зор бұқарасы үшін өте үлкен маңызы бар.

Енді мен өзіміздің әлеуметтік мақсаттарымызға көшейін. Ең бастысы, әрине, шаруалар. 1921 жылы біз шаруалардың орасан зор бөлегі сөзсіз наразы болғанын көрдік. Одан кейін бізде ашаршылық болды. Ал мұның өзі шаруалар үшін ең ауыр сынақ еді. Ол кезде бүкіл шетелдің: «Қараңыздар, социалистік экономиканың нәтижелері осы» деп даурыққаны әбден табиғи нәрсе. Шындығында ашаршылық азамат соғысының сұмдық салдары болғаны жөнінде олардың үндемегені, әрине, әбден табиғи нәрсе. Бізге 1918 жылы шабуыл жасай бастаған помещиктер мен капиталистердің

бәрі ашаршылықты социалистік экономиканың салдары болып табылады-мыс деп көрсетті. Ашаршылық шынында да үлкен, ауыр бақытсыздық болды, біздің бүкіл ұйымдық және революциялық жұмысымызға құрып кету қаупін төндірген бақытсыздық болды.

Сонымен, мен қазір былай деп сұраймын: бұрын болып көрмеген және күтпеген күйзелушіліктен кейін, біз жаңа экономикалық саясат енгізгеннен кейін, біз шаруаларға сауда еркіндігін бергеннен кейін, қазір істің жайы қандай? Жауап айқын және жұрттың бәріне анық, атап айтқанда: шаруалардың бір жылдың ішінде ашаршылықты жеңгені былай тұрсын, сонымен қатар азық-түлік салығын да берді, бергенде біз қазірдің өзінде жүздеген миллион пұт алғандай көлемде берді, ал оның бер жағында ешқандай күштеу шарасы қолданылған жоқ деуге де болады. Бұрын, 1921 жылға дейін Россияда, айталық, жалпы құбылыс болған шаруалар көтерілісі мүлдем дерлік жойылды. Шаруалар өздерінің қазіргі жағдайына риза. Мұны біз сеніммен айта аламыз. Біз бұл дәлелдерді қайдағы бір статистикалық дәлелдерге қарағанда неғұрлым маңызды деп санаймыз. Бізде шаруалар шешуші фактор болып табылады — бұған ешкім күмәнданбайды. Бұл шаруалардың қазіргі жағдайы олардың тарапынан бізге қарсы белгілі бір қозғалыс болып қалар ма деген қауіп туғызбайды. Біз мұны асырып айтып отырғанымыз жоқ, әбден көзіміз жетіп айтып отырмыз. Бұған қазірдің өзінде қол жетті. Шаруалардың біздің өкімет жұмысының белгілі бір жағына наразы болуы мүмкін және олар бұл жөнінде шағым жасай алады. Бұл, әрине, мүмкін және сөзсіз болатын нәрсе, өйткені мұны болғызбау үшін біздің аппарат, біздің мемлекеттік шаруашылық әлі тым нашар, бірақ барлық шаруалар тарапынан бізге, қалай дегенмен де, айтарлықтай наразылық болуы ешбір мүмкін емес. Бұған бір жылдың ішінде қол жетті. Мен осының өзі өте көп жетістік деп ойлаймын.

Бұдан әрі жеңіл индустрияға көшейін. Біз өнеркәсіпте нақ ауыр өнеркәсіп пен жеңіл өнеркәсіптің арасына айырма қоюға тиіспіз, өйткені олардың жағдай-

лары әр түрлі. Жеңіл өнеркәсіпке келетін болсақ, ол жөнінде мен: мұнда жалпы өрлеу бар екені байқалады деп сеніммен айта аламын. Мен тәптіштеп жатпаймын. Статистикалық деректер келтіру менің міндетіме жатпайды. Алайда бұл жалпы әсер фактілерге негізделген, ал мұның негізінде ешбір теріс немесе дәл емес нәрсенің жоқ екендігіне мен кепіл бола аламын. Біз жеңіл өнеркәсіпте жалпы өрлеу бар екенін және осыған байланысты Петроградта да, Москвада да жұмысшылардың жағдайы белгілі дәрежеде жақсарып келе жатқанын көріп отырмыз. Басқа аудандарда бұл жағдай кемірек дәрежеде байқалады, өйткені онда ауыр өнеркәсіп басым, сондықтан мұны қорытып жатудың керегі жоқ. Дегенмен, қайталап айтайын, жеңіл өнеркәсіптің өрлеп келе жатқаны сөзсіз және Петроград пен Москва жұмысшылары жағдайының жақсарып келе жатқаны да күмәнсыз. Бұл қалалардың екеуінде де 1921 жылдың көктемінде жұмысшылар арасында наразылық болды. Қазір ол наразылық мүлде жоқ. Жұмысшылардың жағдайы мен ниғылын күн сайын байқап отырған біздер бұл мәселеге келгенде қателеспейміз.

Үшінші мәселенің ауыр өнеркәсіпке қатысы бар. Бұл жөнінде мен жағдай әлі де ауыр күйінде қалып отырғанын айтуға тиіспін. Бұл салада белгілі бетбұрыс 1921—1922 жылы туды. Сонымен, біз жағдайдың жуық арада жақсаратындығына сене аламыз. Бұл үшін қажетті қаржыны біз ішінара жинастырып та қойдық. Капиталистік елде ауыр өнеркәсіптің жағдайын жақсарту үшін жүздеген миллион заем керек болар еді, онсыз жақсарту мүмкін болмас е[illegible] Капиталистік елдердің экономикалық тарихы м[illegible] дәлелдейді: артта қалған елдерде доллармен немесе алтын соммен есептегенде ұзақ мерзімді жүздеген миллион заемдар ғана ауыр өнеркәсіпті көтеру үшін қаражат бола алар еді. Бізде ондай заемдар болған жоқ, біз осы уақытқа дейін еш нәрсе алғанымыз да жоқ. Концессиялар және басқалар жөнінде қазіргі жазылып жүргендер құр қағаздан басқа еш теңге емес деуге болады. Біз кейінгі кезде бұл жөнінде, әсіресе

Уркарт концессиясы жөнінде де көп жаздық. Алайда біздің концессия жөніндегі саясатымыз маған өте жақсы саясат болып көрінеді. Бірақ, осыған қарамастан, бізде пайда беретін концессия әлі жоқ. Мен мұны ұмытпауларыңызды өтінемін. Сонымен, ауыр өнеркәсіптің жағдайы артта қалған біздің ел үшін шынында да өте ауыр мәселе болды, өйткені біз бай елдерден заемдар аламыз деп үміттене алмадық. Осыған қарамастан, біз қазірдің өзінде-ақ едәуір жақсарғандықты көріп отырмыз және саудадағы ісіміздің қазірдің өзінде бізге біраз капитал бергенін көріп отырмыз. Рас, бұл әзір өте аз, алтын соммен есептегенде жиырма миллионнан аз-ақ асады. Не дегенмен де, бастау бар: біздің сауда бізге қаржы беріп отыр, оны біз ауыр өнеркәсіпті көтеру үшін пайдалана аламыз. Қазіргі уақытта біздің ауыр өнеркәсіп не дегенмен де әлі өте ауыр жағдайда болып отыр. Бірақ мен біздің қазірдің өзінде аздап қор жинай алатындығымыз шешуші жағдай болады деп ойлаймын. Мұны біз алдағы уақытта да істейміз. Мұның өзі көбінесе халықтың есебінен жасалатын болғанымен, біз сонда да қазір үнемдеуге тиіспіз. Біз қазір өзіміздің мемлекеттік бюджетті қысқарту, өзіміздің мемлекеттік аппаратты қысқарту мәселесімен шұғылданып отырмыз. Мен біздің мемлекеттік аппарат жөнінде кейін тағы бірер сөз айтамын. Біз, қалай болғанда да, өзіміздің мемлекеттік аппаратты қысқартуға тиіспіз, біз қанша мүмкін болса, сонша үнемдеуге тиіспіз. Біз барлық нәрседен, тіпті мектептен де үнемдейміз. Осылай болуға тиіс, өйткені біз білем[illegible]ауыр өнеркәсіпті сақтап қалмайынша, оны қа[illegible]елтіріп алмайынша, біз ешқандай өнеркәсіп жасай алмаймыз, ал өнеркәсіпсіз біз дербес ел болудан мүлде қаламыз. Мұны біз жақсы білеміз.

Россияны сақтап қалатын нәрсе: шаруа шаруашылығында егіннің жақсы шығуы ғана емес — бұл әлі жеткіліксіз — және шаруаларға тұтыну заттарын беріп тұратын жеңіл өнеркәсіптің жақсы қалыпта болуы ғана емес,— бұл да әлі жеткіліксіз,— сонымен қатар бізге *ауыр* индустрия да керек. Ал мұны жақсы қалып-

қа келтіру үшін бірнеше жыл жұмыс істеу керек болады.

Ауыр индустрия мемлекеттің қаржымен көмектесуін керек етіп отыр. Егер біз сол қаржыны таба алмасақ, біз — социалистік мемлекет болудан деп айтпай-ақ қояйын — цивилизациялы мемлекет болудан қаламыз. Сөйтіп, бұл орайда біз батыл қадам жасадық. Біз ауыр индустрияны аяғынан тік тұрғызуға қажетті қаржыны жинай бастадық. Рас, осы уақытқа дейін біз тапқан сома, алтын соммен есептегенде жиырма миллионнан аз-ақ асады, бірақ, не дегенмен де, осы сома бар, ал ол сома өзіміздің ауыр индустрияны көтеруге ғана арналады.

Біздің халық шаруашылығының ең басты элементтерін жалпы алғанда мен өзімнің уәдем бойынша сіздерге қысқаша баяндап бердім деп ойлаймын және осы айтылғандардың бәрінен жаңа экономикалық саясат қазірдің өзінде пайда бере бастады деген қорытынды жасауға болады деп ойлаймын. Біз мемлекет ретінде сауда жүргізе алатындығымызға, ауыл шаруашылығы мен индустрияның берік позицияларын өзімізде сақтап, ілгері баса алатындығымызға қазірдің өзінде біздің дәлеліміз бар. Практикалық қызметіміз осыны дәлелдеді. Менің ойымша, біз үшін әзірге осының өзі жеткілікті. Бізге әлі көп нәрсені үйренуге тура келеді, бізге әлі үйрену керек екендігін біз түсіндік те. Біз өкіметті бес жыл бойы ұстап отырмыз және оның бер жағында осы бес жыл бойы біз соғыс жағдайында болдық. Демек, біз табысқа жеттік.

Бұл түсінікті, өйткені шаруалар бізді жақтады. Бізді шаруалардың жақтағанынан артық жақтау қиын. Шаруалар ақтарды помещиктердің жақтап отырғанын түсінді, помещиктерді шаруалар дүниеде бәрінен де жек көреді. Сондықтан да шаруалар барлық энтузиазмімен, барынша берілгендікпен бізді жақтады. Шаруалардың бізді ақтардан қорғауына жету қиын болған жоқ. Бұрын соғысты жек көріп келген шаруалар ақтарға қарсы соғыс үшін, помещиктерге қарсы азамат соғысы үшін мүмкін болғанның бәрін істеді. Солай бола тұрса да, бұл әлі жеткіліксіз еді, өйткені шын мә-

нісінде бұл арада мәселе өкімет помещиктердің қолында қала ма немесе шаруалардың қолында қала ма дегенге ғана келіп тірелді. Біз үшін бұл жеткіліксіз еді. Біз өкіметті жұмысшылар үшін тартып алғанымызды және осы өкіметтің көмегімен социалистік тәртіп орнатуды өзімізге мақсат етіп қойып отырғанымызды шаруалар түсінеді. Сондықтан социалистік шаруашылықты экономикалық жағынан әзірлеу біз үшін басқаның бәрінен де маңызды болды. Біз мұны тура жолмен әзірлей алмадық. Біз мұны айналма жолдармен істеуге мәжбүр болдық. Біз өзімізде орнатқан мемлекеттік капитализм өзгеше бір мемлекеттік капитализм болып табылады. Ол мемлекеттік капитализмнің әдеттегі ұғымына сай келмейді. Билік тұтқаларының бәрі біздің қолымызда, жер біздің қолымызда, ол мемлекеттікі. Бұл өте маңызды, ал біздің дұшпандарымыз мұны түкке тұрмайтын сияқты етіп көрсетеді. Бұл дұрыс емес. Жердің мемлекеттікі екендігі өте маңызды және сонымен қатар экономикалық жағынан да практикалық зор маңызы бар. Бұған біз жеттік, сондықтан мен біздің бұдан былайғы барлық қызметіміз тек осы шеңберде ғана дамуы керек екенін айтуға тиістімін. Біз қазірдің өзінде-ақ шаруаларымыздың риза болуына жеттік, өнеркәсіптің жандана бастауына, сауданың жандана бастауына жеттік. Біздің мемлекеттік капитализмнің сөзбе-сөз ұғымдағы мемлекеттік капитализмнен айырмашылығы — біздің пролетарлық мемлекеттің қолында жер ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптің барлық аса маңызды салалары болып отырғандығында деп мен айтып өттім. Бәрінен бұрын арендаға біз ұсақ және орта индустрияның тек белгілі бір бөлегін ғана бердік, ал басқаларының бәрі біздің қолымызда қалып отыр. Ал саудаға келетін болсақ, мен: біздің аралас қоғамдар, яғни капиталдың бір бөлегі жеке капиталистердікі, онда да шетелдік капиталистердікі болатын, ал екінші бөлегі — біздікі болатын қоғамдар құруға тырысатынымызды, оларды қазірдің өзінде құра бастағанымызды тағы да баса көрсеткім келеді. Біріншіден, сауда жасауды біз осы жолмен үйренеміз, ал бұл бізге қажет және, екіншіден, өзіміз қажет

деп тапсақ, мұндай қоғамды жоюға әрқашан біздің мүмкіндігіміз болады, сонымен, былайша айтқанда, біз бұдан еш нәрсе жоғалтпаймыз. Ал жеке капиталистен біз үйренеміз, қалай көтеріле алатынымызды, қандай қателер жасап отырғанымызды байқаймыз. Мен осымен шектелуге болады деп ойлаймын.

Менің тағы да кейбір болымсыз пункттерге тоқталғым келеді. Біздің зердесіздік жасағанымыз және тағы да толып жатқан зердесіздік жасайтынымыз күмәнсыз. Мұны ешкім де менен артық біле алмайды және менен айқынырақ көре алмайды. (К ү л к і.) Біздің зердесіздік жасауымыздың себебі не? Оның себебі түсінікті: біріншіден, біз — артта қалған елміз, екіншіден, біздің елде білім өте аз, үшіншіден, біз сырттан көмек алмай отырмыз. Бірде-бір цивилизациялы мемлекет бізге көмектесіп отырған жоқ. Керісінше, олардың бәрі бізге қарсы жұмыс істеп отыр. Төртіншіден, өзіміздің мемлекеттік аппараттың кінәсынан. Біз ескі мемлекеттік аппаратты өнеге еттік, ал ол біздің сорымыз болды. Мемлекеттік аппараттың бізге қарсы жұмыс істеуі өте жиі кездеседі. Мәселе былай болды: 1917 жылы, біз өкіметті тартып алғаннан кейін, мемлекеттік аппарат бізге саботаж жасады. Біз ол кезде өте үрейленіп: «Бізге қайтып келе көріңіздер»,— деп өтіндік. Сонымен, олардың бәрі қайтып келді, ал мұның өзі біздің сорымыз болды. Бізде қазір орасан көп қызметшілер бар, бірақ бізде оларға шын мәнісінде билік жүргізетін жеткілікті білімі бар күштер жоқ. Іс жүзінде өте көп ретте былай болады: мемлекеттік өкімет қолымызда отырған осы жоғарғы жерде аппарат ептеп-септеп жұмыс істейді, ал төменде олар өз беттерімен билік жүргізеді, билік жүргізгенде де көбінесе біздің шараларымызға қарсы жұмыс істейтіндей етіп билік жүргізеді. Жоғарыда біздің, қанша екенін мен білмеймін, бірақ, қалай болғанда да, тек бірнеше мың, көп болғанда бірнеше ондаған мың ғана өзіміздің адамдар бар деп ойлаймын. Ал төменде — патшадан және буржуазиялық қоғамнан алынған жүздеген мың ескі чиновниктер бар, олар кейде қасақана, кейде са-

насыз түрде бізге қарсы жұмыс істейді. Мұнда қысқа мерзім ішінде еш нәрсе істей алмайсың, бұған күмән жоқ. Мұнда аппаратты жетілдіру үшін, оны өзгертіп, жаңа күштер тарту үшін біз көп жыл бойы жұмыс істеуге тиіспіз. Біз мұны айтарлықтай жедел қарқынмен істеп отырмыз, бәлкім, тым жедел қарқынмен істеп отырған болармыз. Совет мектептері, жұмысшы факультеттері құрылды, бірнеше жүз мың жас адамдар оқып жүр, бәлкім, тым тез оқып жүрген шығар, бірақ, қалай болғанда да, жұмыс басталды, ал менің ойымша, бұл жұмыс өзінің нәтижесін береді. Егер біз тым асықпай жұмыс істесек, онда бірнеше жылдан кейін бізде аппаратымызды түп-тамырымен өзгерте алатын көптеген жас адамдар болады.

Мен өзіміз толып жатқан зердесіздік жасадық дедім, ал сонымен қатар осы жөнінде де, өзіміздің дұшпандарымыз туралы да мен бірдеңе айтуға тиіспін. Біздің дұшпандарымыз біздің бетімізге басып, большевиктердің толып жатқан зердесіздік жасағанын Лениннің өзі де мойындап отыр ғой дейтін болса, мен бұған былай деп жауап бергім келеді: иә, бірақ, естеріңізде болсын, біздің зердесіздігіміз қалай дегенмен де сіздердің зердесіздіктеріңізге қарағанда мүлдем басқаша. Біз тек енді ғана үйрене бастадық, бірақ өзіміздің жақсы нәтижелерге жететінімізге сеніп соншалықты жүйелі түрде үйреніп жатырмыз. Ал біздің дұшпандарымыз, яғни капиталистер және II Интернационалдың сабаздары біз жасаған зердесіздіктерді баса көрсетіп отырса, онда бұл арада мен салыстыру үшін орыстың бір атақты жазушысының сөздерін келтіремін, ол сөздерді мен біраз өзгертіп айтамын, сонда ол сөздер мына түрде болып шығады: егер большевиктер зердесіздіктер жасаса, онда большевиктер: «Екі жердегі екі — бес» дейді; ал большевиктердің дұшпандары, яғни капиталистер және II Интернационалдың сабаздары зердесіздік жасаса, оларша: «Екі жерде екі — стеарин шырағы»[170] болып шығады. Мұны дәлелдеу қиын емес. Мысалы, Американың, Англияның, Францияның, Жапонияның Колчакпен жасасқан шартын алыңыздаршы. Мен сіздерден былай деп сұрай-

мын: дүние жүзінде бұлардан гөрі көзі ашық, қуатты державалар бар ма? Ал сонда не болып шықты? Олар есептеп көрместен, ойластырмастан, байқап қарамастан, Колчакқа көмек көрсетуге уәде берді. Мұның өзі сәтсіздікке ұшырау болды, мұны, меніңше, тіпті адамның ақыл-парасаты тұрғысынан қарағанда түсіну қиын.

Немесе одан да жуығырақ, одан да маңыздырақ басқа бір мысал: Версаль бітімін алайық. Мен сіздерден былай деп сұраймын: «ұлы», «даңққа бөленген» державалар мұнда не істеді? Олар бұл былықтан, мағынасыздықтан құтылудың жолын енді қалай таба алмақшы? Менің ойымша, капиталистік мемлекеттер, капиталистік дүние және II Интернационал бәрі бірігіп жасап отырған зердесіздіктермен салыстырғанда біздің зердесіздігіміз түк емес деп қайталап айтсам, мұным асырып айтқандық болмайды. Сондықтан мен дүние жүзілік революцияның перспективалары — бұл тақырыпқа мен қысқаша тоқталуға тиіспін — қолайлы деп ойлаймын. Ал белгілі бір жағдайдың тұсында, менің ойымша, бұл перспективалар бұдан жақсара түседі. Осы жағдайлар жөнінде бірнеше сөз айтқым келеді.

Біз коммунистік партиялардың ұйымдық құрылысы туралы және олардың жұмысының әдістері мен мазмұны туралы 1921 жылы III конгресте бір қарар қабылдадық[171]. Қарар тамаша, бірақ ол — басынан аяғына дейін орыстық қарар, яғни бәрі орыс жағдайынан алынған. Бұл оның жақсы жағы, сонымен қатар жаман да жағы. Жаман болатын себебі: бірде-бір дерлік шетелдік адам оны оқып шыға алмайды, бұған мен сенемін,— осыны айтудың алдында мен сол қарарды қайталап оқып шықтым. Біріншіден, ол тым ұзақ, онда 50 не одан да көп параграф бар. Әдетте мұндай нәрселерді шетелдіктер оқып шыға алмайды. Екіншіден, тіпті оқып шыққанның өзінде, оның нақ тым орыстық болғандығынан, оны шетелдіктердің ешқайсысы түсінбейді. Мұның себебі оның орыс тілінде жазылғандығы емес,— қарар барлық тілге тамаша аударылған,— мұның себебі — ол басынан аяғына дейін орыс рухында жазылған. Ал үшіншіден, алда-жалда оны әйтеуір бір

шетелдік түсіне қалса, оны ол орындай алмайды. Бұл — қарардың үшінші кемшілігі. Мен осында келген кейбір делегаттармен әңгімелестім, ал конгрестің бұдан былайғы барысында, бұған өзім қатыспасам да,— амал не, қатысу мен үшін мүмкін болмай тұр,— әр түрлі елдерден келген делегаттардың көбімен толық әңгімелесермін деп үміттенемін. Менде осы қарар арқылы біз үлкен қате жасадық, атап айтқанда, өзіміздің бұдан әрі табысқа жетуіміздің жолын өзіміз кесіп тастадық деген пікір туып отыр. Жоғарыда айтып өткенімдей, қарар тамаша жасалған, мен оның 50 немесе одан да көп параграфына тегіс қол қоямын. Бірақ өзіміздің орыстық тәжірибені шетелдіктерге қалай жеткізу керек екенін біз түсінбегенбіз. Қарарда айтылғанның бәрі түкке тұрғысыз. Ал біз мұны түсінбесек, біз ілгері баса алмаймыз. Менің ойымша, біздің бәріміз үшін, орыстар үшін де, сондай-ақ шетелдік жолдастар үшін де, ең маңызды нәрсе — Россия революциясынан кейін бес жыл өткен соң біз оқуға тиіспіз. Біз тек енді ғана оқуға мүмкіндік алдық. Бұл мүмкіндіктің қаншалықты ұзаққа созылатынын мен білмеймін. Біздің алаңсыз оқуымызға капиталистік державалар қаншалықты ұзақ уақыт мүмкіндік беретінін мен білмеймін. Бірақ әскери ісімізден, соғыстан бос әрбір сәтімізді біз оқу үшін пайдалануға және де басынан бастап оқу үшін пайдалануға тиіспіз.

Мұны бүкіл партия және Россияның барлық топтары өздерінің білімге деген құштарлығы арқылы дәлелдеп отыр. Оқуға осылайша ұмтылушылық біз үшін қазіргі ең маңызды міндет оқу және оқу екенін көрсетеді. Сол сияқты шетелдік жолдастар да оқуға тиіс, оқығанда біз оқуға тиіс болып отырған мағынада, біз әлі де мұқтаж болып отырған оқи білу, жаза білу және оқылғанды түсіну мағынасында оқымауға тиіс. Мұның өзі пролетарлық мәдениетке жата ма, болмаса буржуазиялық мәдениетке жата ма?— деп таласады. Мен бұл мәселені ашық қалдырамын. Қалай дегенмен де күмәнсыз нәрсе: бізге ең алдымен оқи білу, жаза білу және оқығанымызды түсіне білу қажет. Шетелдіктерге мұның керегі жоқ. Оларға енді бұдан гөрі жоғары-

рақ нәрсе керек: бұған ең алдымен коммунистік партиялардың ұйымдық құрылысы жөнінде біз жазған және шетелдік жолдастар оқымай, түсінбей қол қойған нәрсені олардың да түсініп алуы жатады. Бұл олардың бірінші міндеті болуға тиіс. Бұл қарардың орындалуы қажет. Мұны бір түнде істеуге болмайды, бұл мүлдем мүмкін емес. Қарар тым орысша: ол россиялық тәжірибені бейнелейді, сондықтан ол шетелдіктерге мүлдем түсініксіз, ал олар оны икона сияқты бұрышқа іліп қойып, оған табынумен қанағаттана алмайды. Мұнымен еш нәрсеге жетуге болмайды. Олар орыс тәжірибесінің біразын қабылдауға тиіс. Бұл қалай жүзеге асады, мен оны білмеймін. Итальяндарға олардың әлі де жетерлікті дәрежеде білімді емес екенін, олардың елінің қаражүздікті болғызбауға әлі де кепілдігі жоқ екенін түсіндіріп, бәлкім, бізге, мысалы, Италиядағы фашистер үлкен қызмет көрсетер. Бәлкім, бұл өте пайдалы болар. Біз де, орыстар да, осы қарардың негіздерін шетелдіктерге түсіндірудің жолын іздеуге тиіспіз. Әйтпесе олар бұл қарарды мүлде орындай алмайды. Бұл жағынан алғанда біз енді туып отырған кезеңде ең маңызды нәрсе оқу екенін тек орыс жолдастарға ғана емес, сонымен қатар шетелдік жолдастарға да айтуға тиіспіз, бұған менің көзім жетеді. Біз жалпы мағынада оқимыз. Ал олар революциялық жұмыстың ұйымдастырылуын, құрылысын, әдісін және мазмұнын шын ұғынып алу үшін арнаулы мағынада оқуға тиіс. Егер бұл орындалса, онда дүние жүзілік революцияның перспективалары тек жақсы болып қана қоймай, сонымен қатар тамаша да болатынына менің көзім жетеді. (*Көпке дейін басылмаған ду қол шапалақтау.* «Біздің Ленин жолдас жасасын!» деген *дауыстар жаңадан ду овациялар туғызады.*)

«Правда» № 258, 15 ноябрь, 1922 ж.

В. И. Ленин түзеткен неміс тіліндегі стенограммамен салыстырылған «Коммунистік Интернационалдың IV конгресі бюллетенінің» 1922 жылғы 16 ноябрьдегі 8-номерінің тексті бойынша басылып отыр

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ САЯСИ БЮРОСЫНА АРМИЯНЫ ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС

Сталин жолдасқа

Менің мына ұсынысым жөнінде қазір Саяси бюро мүшелерінің пікірін сұрауды ұсынамын:

январь айының ішінде армияны 200 мың адамға қысқарту туралы мәселені үкіметтің қарауына енгізу жөніндегі Троцкий жолдастың болжамды ұсынысы бекітілсін;

Троцкий жолдастан оның қай мерзімде мұндай ұсынысты тұжырымдалған түрде Халық Комиссарлары Советінің қарауына енгізуді мүмкін деп санайтыны сұралсын[172].

Ленин

13/XI. 1922 ж.

Бірінші рет, машинкада басылған дана бойынша басылып отыр

СОЛТҮСТІК АМЕРИКАДАҒЫ ОРЫС КОЛОНИЯСЫНА[173]

Советтік Россияға техникалық көмек беретін американ қоғамының өкілі — Райхель жолдас — маған жаңа экономикалық саясатқа Солтүстік Америкадағы орыс колониясының бір бөлегі арасында болып отырған теріс көзқарас туралы хабарлады.

Менің ойлауымша, бұл теріс көзқарас капиталистік баспасөздің бұл саясатты қасақана бұрмалап түсіндіруінің және Советтік Россиядан қуылған, өшіккен ақ гвардияшылар, сондай-ақ меньшевиктер мен эсерлер таратып жүрген қисынсыз өтіріктің нәтижесі болуы мүмкін.

Европада біз туралы және, әсіресе, біздің жаңа экономикалық саясатымыз туралы бұл өтіріктер қолданылудан барған сайын қалыңқырап барады. Жаңа экономикалық саясат Советтік Россияның қоғамдық құрылысында ешқандай түбегейлі өзгеріс жасаған жоқ және өкімет жұмысшылардың қолында болып отырғанда еш уақытта еш нәрсені өзгерте де алмайды, ал Совет өкіметінің беріктігіне қазіргі кезде, сірә, ешкім де енді күмәндана алмайтын болса керек. Капиталистік баспасөздің жалақорлығы және орыс ақ гвардияшыларының Америкаға ағылып баруы тек біздің күштілігімізді ғана дәлелдейді.

Жаңа экономикалық саясаттың басты кезеңдерінің бірі болып табылатын мемлекеттік капитализм дегені-

міз Совет өкіметі жағдайында жұмысшы табы саналы түрде жол беріп және шек қойып отырған капитализм. Буржуазиялық үкіметтері бар елдердің мемлекеттік капитализмінен біздің мемлекеттік капитализміміздің өте елеулі айырмашылығы нақ мынада: бізде мемлекет буржуазияның мемлекеті емес, шаруалардың толық сеніміне ие бола білген пролетариаттың мемлекеті.

Амал не, бізде мемлекеттік капитализмді енгізу өзіміз тілегендей жедел қарқынмен жүргізілмей отыр. Мысалы, біздің осы кезге дейін іс жүзінде бірде-бір елеулі концессиямыз жоқ, ал біздің шаруашылығымызды өркендетуге шетел капиталы қатыспайынша, ол шаруашылықты тез қалпына келтіру мүмкін емес.

Бірден-бір дұрыс саясат — біздің жаңа экономикалық саясатымыз туралы мәселені әлі де айқын ұғына алмай отырғандарға,— мен Коммунистік Интернационалдың IV конгресінде осы мәселеге арнап Троцкий жолдастың сөйлеген сөзін және менің сөйлеген сөзімді* оқуды ұсынамын.

Райхель жолдас маған Россияға барып, жұмыс істегісі келетін, өздерімен бірге жаңа өндіріс құралдарын, тракторларды, жақсартылған мәдени дақылдардың тұқымын, т. б. ала келуді көздеп отырған ауыл шаруашылық және басқа өндірістік америкал коммуналарын ұйымдастыру жөнінде Техникалық көмек қоғамының жүргізіп отырған әзірлік жұмысы туралы хабарлады.

Техникалық көмек қоғамына және Советтік Россия достарының қоғамына жолдаған өз хаттарымда олардың ауыл шаруашылық коммуналары мен отрядтары 1922 ж. жазда Россияда әбден ойдағыдай жұмыс істегендері жөнінде мен бұдан бұрын американ жолдастарға өз алғысымды айтқан болатынмын**.

Оларға Совет үкіметі атынан тағы да өз алғысымды айту үшін және көмектің барлық түрлерінің ішінде біздің ауыл шаруашылығымызға және осы шаруашылықтың техникасын жақсартуға көрсетілетін көмек

---

* Қараңыз: осы том, 313—330-беттер. *Ред.*
** Қараңыз: бұл да сонда, 258—259, 260—261-беттер. *Ред.*

біз үшін ең маңызды және ең бағалы көмек болып табылатынын атап көрсету үшін осы сәтті пайдаланып отырмын.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі

В. Ульянов (Ленин)

1922 ж. 14 ноябрьде жазылған

1923 ж. 10 январьда «Русский Голос» газетінің 2046-номерінде басылған. Нью-Йорк

Машинкада басылған, газеттің текстімен салыстырылған көшірме бойынша басылып отыр

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ[174]

Көрмеге өте үлкен мән беремін; оған барлық ұйымдар толық көмек корсетеді деп сенемін. Шын жүректен ең жақсы табыс тілеймін.

В. Ульянов (Ленин)

14. XI. 1922.

1922 ж. «Вестник Главного Выставочного Комитета Всероссийской Сельскохозяйственной и Кустарно-Промышленной Выставки с Иностранным Отделом» журналының 1-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«CLARTÉ» ТОБЫНА[175]

15 ноябрь, 1922 ж.

Қымбатты достар!

Мүмкіндікті пайдаланып, сіздерге ең ізгі сәлемімді жолдап отырмын. Мен қатты ауырып, бір жылдан астам уақыт сіздің топтың бірде-бір шығармасын көре алмадым. Сіздердегі «des anciens combattants»* ұйымы өмір сүріп отыр және тек сан жағынан ғана өсіп, нығайып қоймай, сонымен қатар империалистік соғысқа қарсы күресті тереңдету және кеңейту мағынасында алғанда рухани жағынан да өсіп, нығаяды деп сенемін. Бұл сияқты соғысқа қарсы күрес адамның өз өмірін арнауына татиды, бұл күресте мейірімсіз болу керек, бұл соғысты қорғайтын барлық софизмдерді жеріне жеткізе қуғындау керек.

Ізгі сәлем жолдаймын.

Сіздің *Ленин*

Бірінші рет 1925 ж. француз тілінде «Clarté» журналының 71-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXVII том

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — бұрын соғысқа қатысқандардың. *Ред.*

МОСКВА СОВЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫНДА 1922 ж. 20 НОЯБРЬДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[176]

(Ду қол шапалақтау, «Интернационал».) Жолдастар! Мен сіздердің мәжілісіңізге ертерек келе алмағаныма қатты өкінемін және барынша кешірім сұраймын. Менің білуімше, сіздер менің Москва Советіне келуім үшін мүмкіндік туғызуға бұдан бірнеше апта бұрын әзірленіпсіздер. Мен мұны істей алмадым, өйткені ауырғаннан кейін, декабрь айынан бастап мен, профессионалистің тілімен айтқанда, едәуір ұзақ мерзімге жұмыс істеу қабілетімнен айрылдым және жұмыс істеу қабілетім азайғандықтан менің осы сөз сөйлеуімді аптадан аптаға кейін қалдыруыма тура келді. Өзім әуел баста, естеріңізде болар, Цюрупа жолдасқа, ал кейін Рыков жолдасқа жүктеген жұмыстың едәуір көп үлесін тағы да Каменев жолдасқа қосымша жүктеуіме тура келді. Айта кету керек, мен ілгеріде қолданған теңеумен айтқанда, оған кенеттен екі арба жүкті бірден тартуға тура келді. Ал тағы сол теңеуді қолдана отырып айтсақ, ат өте шалымды әрі ұшқыр болып шықты. (Қол шапалақтау.) Бірақ қалай-да екі арба жүкті сүйреуге болмайды, сондықтан да мен Цюрупа мен Рыков жолдастардың қайтып келетін кезін қазір асыға күтудемін, сонда біз жұмысты аздап болса да әділ бөлісер едік. Ал мен болсам жұмыс істеу қабілетімнің азайғандығына байланысты, істерді байқап көру үшін ойлағанымнан анағұрлым артық уақыт жұмсауға тиіспін.

1921 жылы декабрьде, менің жұмысты мүлдем тоқ-

татуыма тура келген кезде, бізде жылдың аяғы болатын. Ол кезде біз жаңа экономикалық саясатқа көшуді жүзеге асырып жатқан едік, бұл көшу, біз оған 1921 жылдың басында кіріссек те, ол кезде едәуір қиын болды, мен өте қиын болды дер едім. Бұл көшуді жүзеге асыра бастағанымызға жыл жарымнан астам уақыт өтті, ал осы уақыттың ішінде көпшілік жаңа орындарға отыратын және жаңа жағдайларға, әсіресе жаңа экономикалық саясаттың жағдайларына сәйкес орналасатын мезгіл жеткен тәрізді еді.

Сыртқы саясат жөнінде бізде өзгерістер бәрінен де аз болды. Бұл жөнінен біз бұрын алған бағытымызды жүргізе бердік және мен сіздерге адал ұжданмен мынаны айта аламын деп есептеймін: ол бағытты әбден дәйекті түрде және орасан зор табыспен жүргіздік. Алайда, сіздерге бұл туралы толық баяндап жатудың қажеті жоқ: Владивостоктың алынуы, мұның ізінше болған демонстрация және жуық арада газеттерден өздеріңіз оқыған мемлекеттік-федерациялық мәлімдеме бұл жөнінен бізге ештеңе өзгертудің керегі жоқ екенін айдан анық дәлелдеп, көрсетіп берді[177]. Біз әбден анық және айқын белгіленген жолда тұрмыз, сөйтіп бүкіл дүние жүзі мемлекеттерінің алдында өзіміздің табысқа жетуімізді қамтамасыз еттік, ал бұл мемлекеттердің кейбіреулері бізбен бір стол басында отыруды қаламайтынын әлі де мәлімдеуге әзір. Дегенмен, экономикалық қатынастар,— ал олардан кейін дипломатиялық қатынастар жөнделіп келеді,— жөнделуге тиіс, сөзсіз жөнделеді. Бұған қарсылық жасаған мемлекеттердің қай-қайсысы болса да кешігіп қалу қаупіне ұшырайды және, бәлкім, кейбір елеулі мәселелерде қолайсыз жағдайда болу қаупіне ұшырауы мүмкін. Мұны қазір біздің бәріміз көріп отырмыз, көргенде тек баспасөзден ғана, газеттерден ғана көріп отырғанымыз жоқ. Болып отырған өзгерістердің қандайлық зор екендігіне жолдастардың шетелге барып қайтқан сапарлардан да көздері жетер деп ойлаймын. Бұл орайда бізде, егер ескі теңеуді қолдансақ, былайша айтқанда, басқа поезға да, басқа көлікке де ешқандай ауысып мінушілік болған жоқ.

Ал өзіміздің ішкі саясатымызға келсек, мұнда біздің тарапымыздан 1921 жылдың көктемінде ауысып мінушілік болды; мұны бізге ерекше күшті және ерекше айқын жағдайлар жасатты, сөйтіп бұл ауысып мінушілік жөнінде біздің арамызда ешқандай жарыс сөз, ешқандай алауыздық болған жоқ,— міне нақ осы ауысып мінушілік бізге біраз қиыншылықтар келтіріп отыр, бізге, мен айтсам, үлкен қиыншылықтар келтіріп отыр. Мұның себебі: бетбұрыстың қажет екендігіне біздің күмәндануымыз емес,— бұл жөнінде ешбір күмән жоқ,— мұның себебі: біздің осы жаңа экономикалық саясаттың қолданылуы біз күткен табыстарды берген-бермегеніне біздің күмәндануымыз емес. Партиямыздың қатарында да, партияда жоқ жұмысшылар мен шаруалардың орасан зор бұқарасының қатарында да бұл жөнінде ешқандай күмәндану болған жоқ деп мейлінше кесіп айта аламын.

Мәселе бұл мағынада алғанда қиын емес. Қиындықтар мынадан туады: біздің алдымызға міндет қойылып отыр, оны орындау үшін жаңа адамдарды өте жиі тарту керек, төтенше шаралар мен төтенше тәсілдер қолдану керек. Бізде әлі де болса екі бағыттың қайсысы дұрыс деп күмәндану бар, екі бағытта да өзгерістер бар, сонымен қатар айта кету керек, мұның екеуі де әлі едәуір ұзақ уақыт бойы сақталып қалады. «Жаңа экономикалық саясат»! Таңқаларлық атау. Бұл саясаттың жаңа экономикалық саясат деп аталған себебі — ол кері қарай бұрады. Біз қазір шегініп келеміз, кері шегініп бара жатқан сияқтымыз, бірақ біз мұны істегенде әуелі шегініп, содан соң ілгері қарай жүгіріп келіп, қаттырақ секіру үшін істеп отырмыз. Жаңа экономикалық саясатымызды жүргізуде біз тек жалғыз осы шартпен ғана кейін шегіндік. Шегінгеннен кейін асқан табандылықпен алға ұмтыла бастау үшін қазір қай жерде және қалай қайта сап құруға, бейімделуге, қайта ұйымдастырылуға тиіс екенімізді біз әлі білмейміз. Осы істердің бәрін бірқалыпты жүзеге асыру үшін, мақалда айтылатынындай, шешпестен бұрын он рет емес, қайта жүз рет өлшеп алу керек. Бұлай істеу өзіміздің барлық міндеттерімізді орындап, мәселелері-

мізді шешу жолында бізге кездесетін адам айтқысыз қиыншылықтарды жеңу үшін керек. Қазіргі тындырылған істерге жету жолында қаншама құрбандықтар жасағанымызды, сіздер өте жақсы білесіздер, азамат соғысының қаншама ұзақ уақытқа созылғанын және қаншама күшімізді сарп еткенін сіздер жақсы білесіздер. Енді міне, Владивостоктың алынуы (Владивосток алыс та болса, өзіміздің қаламыз ғой) (ұзақ қол шапалақтау) бізге, біздің табыстарымызға барша жұрт тілектес болып отырғанын бізге, біздің бәрімізге көрсетіп отыр. Мұнда да, онда да — РСФСР. Бұл тілектестік бізді ішкі жаулардан да, бізге шабуыл жасаған сыртқы жаулардан да құтқарды. Мен Жапония жөнінде айтып отырмын.

Біз әбден айқын дипломатиялық жағдайға ие болдық және бұл жағдай бүкіл дүние жүзі мойындаған дипломатиялық жағдайдың дәл өзі. Мұны сіздердің бәріңіз де көріп отырсыздар. Сіздер мұның нәтижелерін көріп отырсыздар, ал бұл үшін қаншама уақыт керек болды десеңізші! Қазір біз экономикалық саясатта да, сауда саясатында да өз праволарымызды жауларымыздың мойындауына жеттік. Мұны сауда шарттарының жасалуы дәлелдеп отыр.

Осыдан бір жарым жыл бұрын, жаңа экономикалық саясат деп аталатын саясат жолына түскен бізге, біздің осы жолмен жылжуымыз неліктен соншама адам айтқысыз қиын болып отырғанын біз көре аламыз. Біз өмір сүріп отырған мемлекеттің соғыста қирағаны соншалық, азды-көпті қалыпты арналардың қандайынан болса да ығыстырылып шығарылғаны соншалық және азапқа ұшырап, зиян шеккені соншалық — қазір біз барлық есеп-қисапты амалсыздан өте аз проценттен — соғысқа дейінгі проценттен бастап отырмыз. Бұл өлшеуішті біз өз өміріміздің жағдайларына қолданамыз, кейде өте шыдамсыздықпен, қызу қолданамыз, сөйтіп бұл арада ұшы-қиырсыз қиыншылықтар бар екеніне үнемі көз жеткізіп отырамыз. Бұл арада өзіміздің алдымызға өзіміз қойған міндеттің одан бетер ұшы-қиырсыз болып көрінетін себебі — біз оны кәдімгі буржуазиялық мемлекеттің жағдайымен салыстырамыз. Біз-

дің бұл міндетті өзіміздің алдымызға қойып отырған себебіміз: әдетте бұл сияқты жағдайда аса бай державалардың беретін көмегін ала алмайтынымызды* түсіндік. Азамат соғысынан кейін бізді бойкот дерлік жағдайға қойды, яғни бізге: біз әдетте жасап келген және капиталистік дүниеде қалыпты болып саналатын экономикалық байланысты сіздермен жасамаймыз деді.

Біз жаңа экономикалық саясат жолына түскелі бір жарым жылдан аса уақыт өтті, біз бірінші халықаралық шарт жасасқалы бұдан едәуір көп уақыт өтті, ал солай бола тұрса да, бүкіл буржуазияның, барлық үкіметтердің тарапынан бізге жасалған осы бойкот қазіргі уақытқа дейін сезіліп отыр. Жаңа экономикалық жағдайларға барғанда біз бұдан басқа ешбір нәрседен үміт күтпеген едік, бірақ солай бола тұрса да өзіміздің осыған көшуге және табысқа жеке-дара жетуге тиіс екендігіміз жөнінде біздің күмәнымыз болған жоқ. Капиталистік державалардың тарапынан бізге көрсетілуі мүмкін, бізге көрсетілетін қандай да болсын көмек бұл жағдайды жоймайтыны былай тұрсын, қайта ол, сірә, орасан көп ретте, бұл жағдайды бұрынғыдан бетер күшейтетіні, бұрынғыдан бетер шиеленістіретіні барған сайын айқындала түсіп отыр. Біз өзімізге: «жеке-дара істейміз» дедік. Біз қандай да бір мәмлеге келген, қандай да бір шарт байласқан, қандай да бір келіс сөз бастаған капиталистік мемлекеттердің әрқайсысы дерлік бізге «жеке-дара істейсіңдер» дейді. Айрықша қиыншылық міне осында. Біз бұл қиыншылықты түсінуіміз керек. Біз өзіміздің мемлекеттік құрылысымызды үш жылдан астам уақыт бойы істелген жұмыс арқылы, адам айтқысыз ауыр, бастан-аяқ ерлікке толы жұмыс арқылы жасадық. Осы уақытқа дейін біз бастан кешірген жағдайларда — бірдеңені артық қиратып алмаймыз ба деп талдау жасап отыру-

* Стенограммада бұдан әрі мынадай текст бар: «егер тіпті біз, әдетте айтылып жүргеніндей, көмек берілетін мемлекетке мұндай жағдайда жүктелетін өте-мөте жоғары, айталық, проценттерді ескерген күннің өзінде. Шындап келгенде, олар көмек көрсеткелі отырған жоқ. Турасын айту керек, көмек деген сөзден гөрі анағұрлым дөрекілеу атауға лайық, тіпті осы дағдылы жағдайдың өзі де біз үшін ауыр болды». *Ред.*

ға уақыт болмады,— құрбандық көп болып кетпес пе екен деп талдау жасап отыруға уақыт болмады, өйткені құрбандықтар жетерліктей көп болды, өйткені ол кезде біз бастаған күрес (сіздер өте жақсы білесіздер, сондықтан ол жөнінде көп айтып жатудың қажеті жоқ), ол күрес ескі қоғамдық тәртіпке қарсы өліспей беріспейтін күрес еді, біз оған қарсы күресkенде, өзіміз үшін өмір сүру правосын, бейбіт даму правосын жеңіп алу үшін күрестік. Біз ол правоны жеңіп алдық. Бұл біздің сөздеріміз емес, бізге бүйрегі бұрды деп айыпталатын куәлардың көрсеткендері емес. Бұл біздің жауларымыздың қосынында болып отырған және, әрине, біздің жаққа бүйрегі бұрмайтыны былай тұрсын, қайта мүлдем басқа жаққа бүйрегі бұратын куәлардың көрсеткендері. Бұл куәлар Деникиннің лагерінде болды, оккупацияны басқарды. Ал олардың бұра тартуы бізге өте қымбатқа түскенін, көптеген бүліншілікке себеп болғанын біз білеміз. Олардың кесірінен біз толып жатқан зиян шектік, алуан түрлі қымбат нәрселерден айрылдық, ең қымбат нәрсе — адам өмірін қисапсыз көп мөлшерде шығын еттік. Енді біз өз міндеттерімізге бар ынтамызбен көз жібере отырып, мынаны түсінуге тиіспіз: қазіргі басты міндет — бұрын жеңіп алған табыстарымызды бермеу. Бұрын жеңіп алған табыстарымыздың бірде-бірін біз бермейміз. (Қол шапалақтау.) Мұнымен қатар біз мүлде жаңа міндетке кездесіп отырмыз; бұрынғы нәрсенің тікелей кедергі болып шығуы мүмкін. Бұл міндетті түсіну бәрінен де гөрі қиынырақ. Ал мұны түсіну керек, айталық, мүлде басқаша болуға тура келетін кезде жұмыс істеуді үйрену үшін түсіну керек. Жолдастар, мен бұл сөздер мен ұрандар түсінікті деп ойлаймын, өйткені мен іске қатыспаған бір жыл дерлік уақыт бойында өз қолдарыңыздағы жұмыс саласымен айналыса отырып, сіздердің практика жүзінде сан саққа жүгіртіп, жүздеген себептер бойынша, бұл жөнінде сөйлеулеріңізге, ойласуларыңызға тура келді, сондықтан бұл жөнінде ой толғау сіздерді тек бір ғана қорытындыға: енді бізден азамат соғысы майданында осы уақытқа дейін өзіміз қолданып келген икемділік-

тен де көбірек икемділік талап етіледі деген қорытындыға келтіре алатындығына мен сенемін.

Біз ескіден бас тартуға тиіс емеспіз. Бізді капиталистік державаларға икемдеп отырған бірқатар кеңшіліктер,— осы бірқатар кеңшіліктер державалардың бізбен қарым-қатынас жасасуына толық мүмкіндік береді, олардың пайда табуын, бәлкім, кейде мөлшерден көп пайда табуын қамтамасыз етер. Сонымен қатар біз, мемлекетіміз өз қолында түгел дерлік ұстап отырған өндіріс құрал-жабдықтарының тек кішкене бөлегін ғана беріп отырмыз. Жуырда газеттерде ағылшын Уркарт ұсынған концессия туралы мәселе талқыланды[178], ал Уркарт осы уақытқа дейін азамат соғысында барлық уақытта дерлік бізге қарсы болып келген еді. Ол: «Біз Россияға қарсы, бізді пәлендей-түгендей нәрселерден құралақап қалдыруға батылы барған Россияға қарсы азамат соғысында өз мақсатымызға жетеміз»,— деген еді. Осылай дегеннен кейін де бізге онымен қарым-қатынас жасауға тура келді. Біз бұл қарым-қатынастардан бас тартпадық, біз бұл қарым-қатынастарды үлкен ризашылықпен қабыл алдық, бірақ біз былай дедік: «Кешірім етіңіз, біз жеңіп алғандарымызды кері қайтарып бермейміз. Біздің Россия сондай ұлан-байтақ, біздің экономикалық мүмкіндіктеріміз сондай көп, сондықтан біз сіздің сыпайы ұсынысыңыздан бас тартпауға өзімізді ерікті деп санаймыз, бірақ бұл ұсынысты біз іскер адамдар ретінде сабырлылықпен талқылаймыз». Рас, біздің бірінші әңгімемізден еш нәрсе шықпады, өйткені саяси себептерден оның ұсынысымен келісе алмадық. Біз оған қабылдамаймыз деп жауап беруге тиіс болдық. Ағылшындар бұғаз туралы, Дарданеллы туралы мәселеге біздің қатысу мүмкіндігімізді мойындамай отырғанда, біз қабылдамаймыз деп жауап беруге тиіс болдық, бірақ осы қабылдамаудан кейін біз дереу бұл мәселені шын мәнінде қарастыра бастауға тиіс болдық. Бұл бізге тиімді ме, жоқ па, бұл концессияны жасау бізге тиімді ме, жоқ па, ал егер тиімді болса, қандай жағдайларда тиімді болады деп талқыладық. Біз баға жөнінде сөйлесуге тиіс болдық. Міне мұның өзі сіздерге,

жолдастар, енді мәселелерге біздің қандайлық дәрежеде бұрынғыша қарамауымыз керек екендігін айқын көрсетеді. Бұрын коммунист: «Мен жанымды қиямын» дейтін, ал мұның өзі үнемі оңай бола бермесе де, оған өте оңай сияқты болып көрінетін. Ал енді біздің, коммунистердің, алдымызда мүлдем басқа міндет тұр. Енді біз бәрін есептеуге тиіспіз, сондықтан сіздердің әрқайсыңыз есепшіл болуды үйренуге тиіссіздер. Біз капиталистік жағдайда өзіміздің өмір сүруімізді қайткенде қамтамасыз ете алатынымызды, өз дұшпандарымыздан біздің қайткенде пайда түсіре алатынымызды есептеуіміз керек, олар, әрине, саудаласады, олар саудаласуды ешқашан естерінен шығарған емес және олар біздің есебімізден саудаласады. Мұны біз де ұмытпаймыз және кей жерде сауда өкілдері момақан адамдарға айналады деп және момақан адамдарға айналғанда әр түрлі игіліктерді бізге тегін бере салады деп әсте ойламаймыз. Олай болмайды, ал біз солай болады деп үміттенбейміз, қайта тойтарыс беруге дағдыланған біз бұл арада да ретін келтіріп, сауда жасауға да, пайда түсіруге де, экономикалық қиын жағдайлардан құтылуға да қабілетті боламыз деп сенеміз. Міне бұл — өте қиын міндет. Міне біз осы міндетпен шұғылданып отырмыз. Мен ескі міндет пен жаңа міндеттің арасындағы тұңғиықтың қаншалық зор екендігін өзіміздің айқын түсінуге ұмтылуымызды және түсініп алуымызды тілер едім. Бұл тұңғиық қандай зор болса да, біз соғыста маневр жасауды үйрендік және қазір біз жасағалы отырған, қазір біз қатысып отырған маневрдің ең қиын маневр екендігін түсінуге тиіспіз, оның есесіне бұл маневр, сірә, ақырғы маневр болар. Мұнда біз өз күшімізді сынап көруге және өзіміздің кешегі ғылымдарымызды тек жаттап алып, өткенді қайталап қана отырмағанымызды дәлелдеуге тиіспіз. Кешірім етіңіздер, біз қайтадан үйрене бастадық және жұрттың бәрі көретін белгілі бір табысқа жететіндей болып қайта үйренеміз. Менің ойымша, нақ осы қайта үйренуге бола біз енді бір-бірімізге тағы бір рет берік уәде беруіміз керек: біз жаңа экономикалық саясат деген атпен кері бұрылдық, бірақ

жаңадан ештеңе бермеу үшін және сонымен қатар капиталистерге пайда беру үшін, бізге қандай дұшпандық көзқарастағы болса да кез келген мемлекетті бізбен мәмлеге келіп, қарым-қатынас жасауға мәжбүр ететіндей пайда беру үшін кері бұрылдық. Бүкіл интервенцияның басшысы және тірегі болған Уркартпен сан рет әңгімелескен Красин жолдас былай деді: Уркарт бүкіл Россияда бізге ескі құрылысты қайткенде де таңу жолындағы барлық әрекеттерінен кейін онымен, Красинмен, бір стол басында отырып: «Қаншаға бересіз? Қанша бересіз? Неше жылға бересіз?» — дей бастапты. (Қол шапалақтау.) Бұл әңгімеден біздің бірсыпыра концессиялық мәмлелер жасауымыздың, сөйтіп — буржуазиялық қоғамның тұрғысынан алғанда — әбден дәл, мызғымайтын шарттық қатынастарға келуіміздің арасы әлі де едәуір жырақ жатыр, бірақ біз өзіміздің бұған жақындап келе жатқанымызды, тіпті жақындап қалғанымызды, бірақ әлі жете қоймағанымызды қазір көріп те отырмыз. Жолдастар, мұны мойындау керек және дандайсымау керек. Бізді күшті, дербес ететін, ешқандай капиталистік мәмлелерден қорықпайтындығымызға бізді сабырлы сенімді ететін, мәмле қаншалықты қиын болса да, біз ол мәмлені жасайтындығымызға, оның мәнін түсінетіндігімізге және оны шешетіндігімізге сабырлы сенімді ететін жағдайға біз әлі толық жеткеніміз жоқ. Сондықтан бұл салада біз бастаған жұмыс,— саяси жұмыс та, партиялық жұмыс та,— жүргізіле берілуге тиіс, сондықтан біз ескі тәсілдерден мүлдем жаңа тәсілдерге көшетін болуымыз керек.

Бізде ескі аппарат қалып отыр, сондықтан біздің қазіргі міндетіміз бұл аппаратты жаңа негізде қайта құру болмақшы. Біз мұны бірден қайта құра алмаймыз, бірақ біз істі өзімізде бар коммунистерді дұрыс орналастыратындай етіп жолға қоюымыз керек. Олар, осы коммунистер, өздері қызметке қойылған аппаратты меңгеруі қажет, бізде жиі болып тұратыны сияқты, бұл аппарат олардың өздерін меңгеріп әкетпейтін болуы керек. Жасыратыны жоқ, мұны тура айту керек. Алдымызда міне осындай міндеттер және осын-

дай қиыншылықтар тұр, ал мұның өзі дәл біз өзіміздің іскерлік жолға түскен кезде, социализмге біз әдемі бояулармен нақышталған икона деп қарамауға тиіс болған кезде болып отыр. Біз дұрыс бағыт ұстауымыз керек, бізге бәрі тексерілген болуы, бүкіл бұқара, бүкіл халық біздің жолымызды тексеріп: «Иә, бұл ескі құрылыстан жақсы» дейтіп болуы керек. Біз өзіміздің алдымызға қойған міндет міне осындай. Біздің партиямыз, елдің бүкіл халқымен салыстырғанда адамдардың шағын бір тобы, осы міндетті қолға алды. Осы уйтқы бәріп қайта құру міндетін өзінің алдына қойып отыр және ол қайта құрады да. Мұның утопия емес екендігін, қайта мұның өзі жұртты баурап алған іс екендігін біз дәлелдедік. Мұны бәріміз де көрдік — бұл іс қазірдің өзінде-ақ істелді. Істі қайта құрғанда еңбекшілер бұқарасының, шаруа және жұмысшы бұқарасының бүкіл көпшілігі: «Сіздер өздеріңізді өздеріңіз мақтап отырған жоқсыздар, қайта біз сіздерді мақтап отырмыз, сіздер жақсы нәтижелерге жеттіңіздер, бұл нәтижелерден кейін бірде-бір парасатты адам еш уақытта ескіге қайта оралуды ойламайды деп отырмыз» дейтіндей етіп қайта құру керек. Ал бұған әлі жеткен жоқпыз. *Сондықтан жаңа экономикалық саясат бүгінгі күннің бәрін қамтитын, басты, кезектегі ұран болып қалып отыр.* Біз өзіміз кеше үйренген ұрандардың бірде-бірін ұмытпаймыз. Мұны біз әбден сабырлы түрде, ешбір қобалжымастан кімге болса да айта аламыз және біздің әрбір қадамымыз осыны көрсетеді. Алайда біз әлі де жаңа экономикалық саясатқа бейімделуге тиіспіз. Жаңа экономикалық саясаттың барлық теріс жақтарын санап жатудың қажеті жоқ, оның теріс жақтарын өздеріңіз өте жақсы білесіздер, оларды иліктіре білу, мейлінше азайта білу керек, бәрін де есеппен құра білу керек. Біздің заңдарымыз бұған толық мүмкіндік береді. Біз істі ұйымдастыра аламыз ба? Бұл әлі әбден шешілген жоқ. Біз оны зерттеп жүрміз. Біздің партиялық газетіміздің әрбір номері сіздерге: пәлендей фабрикада, пәлендей фабрикантта аренда шарттары мынадай, ал біздің коммунист-жолдасымыз директор болып істейтін жерде шарттар

мынадай деген мәселе сөз болатын ондаған мақала ұсынады. Бұл табыс берө ме, жоқ па, ақтай ма, жоқ па? Біз күнделікті мәселелердің нағыз өзекті жеріне көштік, ал мұның өзі орасан зор табыс. Социализм қазірдің өзінде алыс болашақтың мәселесі емес, не қайдағы бір дерексіз елес мәселесі, немесе қайдағы бір икона мәселесі емес. Иконалар жөнінде біз бұрынғы пікірімізде, өте жаман пікірде қалып отырмыз. Біз социализмді күнделікті өмірге әкеп енгіздік және осы арада түсініп алуымыз керек. Бүгін таңдағы міндетіміз міне осы, қазіргі дәуірдегі міндетіміз міне осы. Бұл міндет қаншалық ауыр болса да, біздің бұрынғы міндетімізбен салыстырғанда қаншалық жаңа болса да және ол бізге қаншама қиындықтар келтірсе де,— біз бәріміз бірлесе отырып, ертең емес, бірнеше жылда, бұл міндетті біз бәріміз бірлесе отырып қайткенде де орындаймыз, сөйтіп нэптік Россиядан социалистік Россия болады деген сенім білдіріп, сөзімді аяқтауыма рұқсат етіңіздер. (*Ұзаққа созылған ду қол шапалақтау.*)

«Правда» № 263, 21 ноябрь, 1922 ж.

«Правда» газетінің стенограммамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПТІК ОДАҒЫНЫҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ V СЪЕЗІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНА[179]

22. XI. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар!

Қазіргі уақытта ең басты кезекті міндет және ең таяу жылдардағы ең маңызды міндет — совет аппаратын қысқарту, оны псғұрлым жетілдіре ұйымдастыру, қағаз бастылықты, бюрократизмді жою, орынсыз шығындарды азайту жолымен бұл аппаратты жүйелі түрде ықшамдау және арзандату. Сіздің одақтың бұл бағытта көп жұмыс істеуіне тура келеді.

Совет қызметкерлері кәсіподағының Бүкіл россиялық V съезінің табысты болуына және жемісті жұмыс істеуіне тілектес бола отырып, съезд совет аппараты туралы мәселені арнайы талқылайды деп үміттенемін.

Халық Комиссарлары Советінің Председателі
В. Ульянов (Ленин)

«Известия ВЦИК» № 267, 25 ноябрь, 1922 ж.

Машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен және қол қойған дана бойынша басылып отыр

ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КЕМЕЛЕРІН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ЖАСАУ ПРОГРАММАСЫН ҚЫСҚАРТУ ТУРАЛЫ

(И. В. СТАЛИНГЕ ХАТТАР)

1

Сталин жолдасқа

(Әзірге жеке кеңесу түрінде ғана, басқа да цекистермен кеңесуді өтінемін[180])

Сізге кеме жөндеу программасы туралы мәселе жөніндегі жиынтық ведомосты жіберіп отырмын. Тезірек шешу керек, тіпті бүгін шешу керек деп ойлаймын. Мен кеше Склянскиймен егжей-тегжейлі әңгімелестім және біраз қобалжып қалдым, бірақ 10 миллион сом жұмсау — адам айтқысыз үлкен шығын, сондықтан мен қалай дегенмен де мынадай ұсыныс жасамай қала алмаймын:

«Нахимов» крейсерін жасап бітіру мақұлдансын, одан соң қалған үлкен кемелер (эсминецтер, линиялық корабльдер, т. с.) $^1/_3$-ге азайтылсын және қалған барлық шығындарды тиісінше қысқарту ведомствоға жүктелсін. Осылай етсек, тұтас алғанда 7 миллионға жеткізуге болады деп ойлаймын, ал қалған сомадан мектептерге жұмсалатын қаржыны көбейткен әлдеқайда дұрыс болмақ. Аса құпия жиынтық ведомосты және одан соң Пятаков комиссиясы[181] жұмысының нәтижелерін қоса жіберіп отырмын; бұл комиссия, Склянский жолдастың сөзіне қарағанда, қазірдің өзінде-ақ 16 миллионға жуық қысқартқан.

Флот қазіргі көлемінде, Склянский жолдастың дұрыс айтқанындай, шағын флот болғанымен, біз үшін тым шектен тыс тыраштану деп ойлаймын. «Нахимов» крейсерін жасап бітіру керек, өйткені біз оны өзімізге

тиімді болатындай етіп сатамыз, ал қалғандарына келетін болсақ, теңізші мамандарымыздың қалай дегенмен де шамадан тыс әуестеніп отырғандығына менің көзім жетті. Бізге флоттың керегі жоқ, ал мектептерге жұмсалатын қаржыны көбейту өте-мөте қажет-ақ[182].

Ленин

1922 ж. 25 ноябрьде, таңертеңгі сағат 11-де телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

2

Сталин жолдасқа

Мені кеме жөндеу программасын «көз жұмбай мөлшермен»[183] қысқартып отыр деген кінәлауға байланысты мен мынаны түсіндіруге тиіспін:

Кеме жөндеу программасының бүкіл көлемі біз саяси және экономикалық себептерге байланысты өзімізде ұстауға ұйғарған флоттың көлемімен үйлестірілуге тиіс (ал мұны, әрине, тек мамандар ғана істей алады). «Нахимов» крейсері біздің флоттың сапында болуы керектігіне мені әбден иландырды, өйткені қиын жағдайға тап бола қалсақ, оны өзімізге тиімді болатындай етіп сата алады екенбіз. Одан әрі, біздің кеме жөндеу жөніндегі программамызда көптеген эскадралық миноносецтер, бірқатар линиялық корабльдер, одан соң сүңгуір қайықтар, т. т. аталған. Маған бұл кемелердің жалпы саны тым көп сияқты болып, жалпы алғанда біздің әскери-теңіз күштеріміздің жағдайына сәйкес келмейтін және біздің бюджетке тым ауыр соғатын сияқты болып көрінеді. Кемелердің бұл бөлігін нақ қанша қысқартуға болатындығын мен білмеймін және Пятаков пен Сокольников комиссиясының да мұны тиімділік тұрғысынан, экономикалық және әсіресе саяси мақсаттар тұрғысынан айқындауға мүмкіндігі болмады деп ойлаймын.

Мен үшін күмәнсыз бір нәрсе: жалпы сома, 10 миллион,— біздің күшіміз жетпейтін сома. Сондықтан мен бұл соманы 7 миллион деп белгілеуді ұсынамын; қосымша цифрлар біздің флоттағы кемелердің санына қарай алынғанда, эскадралық миноносецтердің, линиялық корабльдердің, сүңгуір қайықтардың және басқа флоттың жалпы саны қанша болатындығын есептеп шығаруды әскери мамандарға міндеттеу қажет. Әйтпесе біз флотымызды тіпті де қысқарта алмаймыз деп ойлаймын, өйткені теңізші-мамандар, әлбетте, өз ісінің қызығына беріліп кетіп, кез келген цифрды өсіріп көрсетеді, ал оның бер жағында біз авиацияға қыруар қаржы бөліп отырғанымызда, флотқа қаржы жұмсау жөнінде төрт есе, он есе сақтық жасауға тиіспіз, оның үстіне Владивостоктың қосылуына байланысты тағы да, бәлкім, өте көп шығындануымызға тура келеді.

Металл заводтарына және Главэлектроға уәде етілген заказдарды беру жөніндегі Каменевтің пікірлеріне келетін болсақ, онда мынаны айту керек: заказдарды біз шаруалардың мұқтаждықтарын өтеуге беруіміз қажет, ал флот сияқты нәрсеге ешқандай заказ бере алмаймыз[184], өйткені экономикалық және саяси мақсаттар тұрғысынан алып қарағанда бізде азды-көпті елеулі көлемде флот ұстауға мүмкіндік жоқ.

Сондықтан мен мынадай ұсыныс жасаймын: жұмсалатын қаржының жалпы сомасын үш миллионға қысқартып, қалған соманың кеме жөндеу программасы шеңберінде белгілі бір мақсаттарға қандай пропорцияларда белгіленуге тиіс болатындығы есептеп шығарылсын, одан соң біздің кеме жөндеу заводтарымыздың белгіленілген санын шаруаларға қажет металл бұйымдар жасауға көшіру ісін қалай дереу қолға алатындығымыз айқындалсын.

Ленин

1922 ж. 29 ноябрьде, сағат 19-да телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

АҒАРТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СЪЕЗІНЕ[185]

Жолдастар, құттықтағандарыңыз үшін сіздерге алғыс айтамын және өздеріңізге жүктелген үлкен әрі жауапты міндетті — жас ұрпақты жаңа өмір құруға даярлау міндетін орындап шығуларыңызға тілектеспін.

Ленин

1922 ж. 26 ноябрьде жазылған

1922 ж. декабрьде «Работник Просвещения» журналының 10-номерінде басылған

Журналдың тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ КӨМЕГІНІҢ[186] СЕКРЕТАРЫ МЮНЦЕНБЕРГ ЖОЛДАСҚА

Коминтерннің IV конгресіндегі Сіздің баяндамаңызға қосымша ретінде мен көмек ұйымдастырудың маңызын қысқаша сөздермен көрсеткім келеді.

Ашыққандарға халықаралық жұмысшы табының тарапынан берілген көмек Советтік Россияның өткен жылғы ашаршылықтың ауыр күндерінен аман өтуіне және оны жеңіп шығуына едәуір дәрежеде көмектесті. Қазіргі уақытта ашаршылық салған жараларды жазу, ең алдымен жетім қалған әлденеше мың балаларға қамқорлық жасау және ашаршылықтың салдарынан қатты күйзелген ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті қалпына келтіру керек.

Халықаралық жұмысшы табының туысқандық көмегі бұл салада да қазірдің өзінде-ақ көріне бастады. Пермь маңындағы американ трактор колоннасы, Америка техникалық көмек ұйымының ауыл шаруашылық топтары, Халықаралық жұмысшы көмегінің ауыл шаруашылық және өнеркәсіп кәсіпорындары, Советтік Россияға Жұмысшы көмегі арқылы бірінші пролетарлық заем тарату және оған жазылу — осының бәрі Советтік Россияны экономикалық жағынан қалпына келтіруге көмектесу үшін жұмысшылардың туысқандық көмек көрсету ісіндегі көп үміт күттірерлік бастамалар.

Халықаралық жұмысшы көмегінің Советтік Россияға экономикалық көмек көрсетудегі осынша сәтті басталған ісін бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары мен

еңбекшілері барынша қолдауға тиіс. Совет өкіметін тануды талап ете отырып, буржуазиялық елдердің үкіметтеріне үздіксіз күшті саяси тегеурін жасаумен қатар, дүние жүзі пролетариатының экономикалық мол көмегі қазіргі кезде Советтік Россияның империалистік концерндерге қарсы экономикалық ауыр соғысында Советтік Россияға ең жақсы, нағыз практикалық көмек және социалистік шаруашылықты құру ісінде ең жақсы қолдау болып табылады.

Вл. Ульянов (Ленин)

Москва, 2 декабрь, 1922.

Бірінші рет 1924 ж. мына кітапта басылған: «Халықаралық жұмысшы көмегінің үш жылы. 1921—1924». Москва, «Межрабпом» баспасы

В. И. Ленин қол қойған түпнұсқа бойынша басылып отыр Неміс тілінен аударма

КОММУНИСТІК ЖАСТАР ИНТЕРНАЦИОНАЛЫНЫҢ МОСКВАДАҒЫ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ҮШІНШІ КОНГРЕСІНЕ[187]

4. XII. 1922 ж.

Қымбатты жолдастар!

Сіздерді өзім барып құттықтай алмай отырғаныма өкінемін. Сіздерге өз жұмыстарыңызда табысқа жетулеріңізге ең ізгі тілек білдіремін. Жоғары атаққа қарамастан, сіздер ең басты мәселені — жастарды даярлау және оқу ісін іскерлікпен ілгері бастыру қажеттігін ұмытпайды деп сенемін.

Ең ізгі коммунистік сәлеммен

В. Ульянов (Ленин)

«Правда» № 275,
5 декабрь, 1922 ж.

Машинкада басылған,
В. И. Ленин түзеткен
және қол қойған дана
бойынша басылып отыр

ГААГАДАҒЫ БІЗДІҢ ДЕЛЕГАЦИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ЗАМЕТКАЛАР[188]

Соғыс қаупіне қарсы күрес туралы мәселе жөнінде Гаагадағы конференцияға байланысты мен бұл мәселе қарапайым, айқын және біршама оңай дейтін соқыр сенімді жою ең үлкен қиыншылық болып табылады деп ойлаймын.

Реформистердің аса көрнекті көсемдерінің бәрі жұмысшы табына әдетте: соғысқа стачкамен немесе революциямен жауап берелік дегенді айтады. Ал бұл жауаптардың үзілді-кесілді сияқты болып көрінуі екінің бірінде жұмысшыларды, кооператорларды, шаруаларды қанағаттандырып, тыныштандырады.

Бәлкім, мұндай пікірге барынша қатты тойтарыс беруден бастау ең дұрыс тәсіл болар. Әсіресе қазір, жуырда болған соғыстан кейін, тек ең зердесіз немесе барып тұрған суайт адамдар ғана соғысқа қарсы күрес туралы мәселеге осылай жауап беру бір кәдеге жарайды деп сендіруге тырысады деп мәлімдеу керек. Соғысқа революциямен «жауап беру», бұл сөздердің ең қарапайым және дәл мағынасында алғанда, қалай мүмкін болмаса, соғысқа стачкамен «жауап беру» де дәл сол сияқты мүмкін емес деп мәлімдеу керек.

Соғысты тудыратын құпия сырдың қандай үлкен екендігін көрсететін, шын төніп келе жатқан соғыстың алдында жұмысшылардың әдеттегі ұйымының,— ол өзін революциялық ұйым деп атаса да,— қандай дәрменсіз екендігін көрсететін нақты жағдайды жұртқа түсіндіру керек.

Соңғы соғыс кезінде жағдайдың қандай болғандығын және неліктен оның басқаша бола алмағандығын жұртқа барынша нақты түрде қайта-қайта түсіндіру керек.

Әсіресе мына жағдайдың мағынасын түсіндіру керек: «отан қорғау» лажсыз мәселе болып отыр, еңбекшілердің орасан көпшілігі оны сөзсіз өз буржуазиясының пайдасына шешеді.

Сондықтан, біріншіден, «отан қорғау» туралы мәселені түсіндіру; екіншіден, осыған байланысты, «жеңілісті жақтау» туралы мәселені түсіндіру және, ақырында, соғысқа қарсы күрестің бірден-бір мүмкін әдісін түсіндіру, атап айтқанда соғысқа қатысып жүрген барлық революционерлердің соғысқа қарсы *ұзақ* жұмыс істеуі үшін құпия ұйымның сақталуы және құрылуы — осының бәрі бірінші орынға қойылуға тиіс.

Соғысқа бойкот жасау — зердесіздік жел сөз. Коммунистер қандай реакциялық соғысқа болса да баруға тиіс.

Соғыстың қылмыс екендігін, соғыстың социалист үшін жолсыз екендігін, т. т. теория жүзінде мойындау бос сөз болып шығатынын, өйткені мәселенің бұлайша қойылуында ешбір нақтылық жоқ екенін ең болмағанда соғыс қарсаңындағы неміс әдебиетінің мысалдары арқылы, атап айтқанда, 1912 жылғы Базель конгресінің мысалдары арқылы барынша нақты түрде көрсеткен жөн. Соғыстың қалай бастала алатындығы және қалай басталатындығы жөнінде біз бұқараға ешбір шын нақты түсінік бермейміз. Қайта, үстемдік етуші баспасөз өзінің орасан көп сандарында бұл мәселені күн сайын көмескілендіріп отыр және бұл мәселе жөнінде өтірік мағлұмат таратып отыр, ал социалистік әлсіз баспасөз ол өтірікке қарсы тұруға мүлдем дәрменсіз, оның үстіне бұл баспасөз осы пункт жөнінде бейбіт уақытта да түбірінен теріс көзқарастар ұстап отыр. Елдердің көпшілігінде коммунистік баспасөздің де масқара болуы мүмкін.

Менің ойымша, кооператорлар мен тред-юнионистердің халықаралық конгресіне баратын делегаттарымыз міндеттерді өзара бөлісіп, қазіргі кезде соғысты ақтау

үшін айтылып жүрген софизмдердің бәрін егжей-тегжейіне дейін әбден тәптіштеп талдаулары керек.

Бұқараны соғысқа тартудың ең басты құралы, бәлкім, нақ буржуазия баспасөзінің қолданып отырған софизмдері болуы мүмкін және соғысқа қарсы біздің дәрменсіз болуымыздың ең басты себебі не біздің осы софизмдерді күні бұрын талдамайтынымызда болып отыр, не, одан да үлкен бір себебі, 1912 жылғы Базель манифесі рухында: біз соғысқа жол бермейміз, біз соғыстың қылмыстылығын әбден түсінеміз, т. с. деген арзан, мақтаншақтық, мүлдем бос сөздер арқылы сол софизмдерден бойды алып қашуымызда болып отыр.

Меніңше, егер Гаага конференциясында соғысқа қарсы белгілі бір тілде сөйлей алатын бірнеше адамымыз болса, онда осы конференцияға қатысып отырғандар бейне бір соғысқа қарсылар, бұлар соғыстың ең күтпеген кезде өздеріне қатер төндіруі мүмкін екендігін және қатер төндіруге тиіс екендігін түсінеді-міс, бұлар соғысқа қарсы күрес жүргізу әдісін азды-көпті ұғадымыс, бұлар соғысқа қарсы күрес жүргізудің парасатты және мақсатқа жеткізе алатын жолын табуға азды-көпті қабілетті-міс деген пікірді бекерге шығару бәрінен де гөрі маңызды болады.

Таяуда болған соғыстың тәжірибесіне байланысты біз соғыс жарияланған күннің ертеңінде толып жатқан теориялық мәселелердің де, күнделікті мәселелердің де туатындығын және әскерге шақырылатындардың орасан зор көпшілігінің бұл мәселелерге азды-көпті айқын пікірмен, азды-көпті адал ниетпен қарауына ешбір мүмкіндік бермейтіндігін түсіндіруге тиіспіз.

Меніңше, бұл мәселені ерекше толық түсіндіру керек, түсіндіргенде оны екі түрлі мағынада түсіндіру керек:

Біріншіден, өткен соғыс кезінде не болғанын айтып, талдау керек және қатысушылардың бәріне: олардың мұны білмейтінін, немесе олар мұны білгенситінін, ал шынында мәселенің нақ түйінінің неде екендігіне көз жұматынын, мұны білмейінше соғысқа қарсы ешбір күрес туралы сөз етуге де болмайтынын мәлімдеу керек. Бұл пункт бойынша, менің ойымша, ол кезде орыс

социалистері арасында соғыс жөнінде туған барлық сарындарды, барлық пікірлерді талдау керек. Бұл сарындардың кездейсоқ тумағандығын, бұларды жалпы алғанда осы күнгі соғыстар табиғатының өзі туғызғандығын дәлелдеу қажет. Бұл пікірлерді талдамайынша, олардың қалайша сөзсіз туатындығын және соғысқа қарсы күрес туралы мәселе үшін олардың қалайша шешуші маңызы болатындығын түсіндірмейінше, мұндай талдау болмайынша соғысқа ешбір әзірлік жөнінде, тіпті оған саналы түрде қарау туралы сөз болуы да мүмкін емес екендігін дәлелдеу қажет.

Екіншіден, қазіргі дау-жанжалдардан, тіпті ең мардымсыз дау-жанжалдардан болса да, мысалдар келтіріп, сол мысалдар арқылы мынаны түсіндіру керек: Англия мен Францияның Түркиямен жасасқан шартының қайдағы бір ұсақ-түйегі жөнінде Англия мен Франция арасындағы талас, немесе Тынық мұхиттың кез келген мәселесі жөнінде болса да Америка мен Жапония арасында болатын түкке тұрғысыз алауыздық, немесе кез келген ірі державалар арасында отарға таласу, не олардың баж салығы, не жалпы алғанда олардың сауда саясаты жөнінде таласы, т. т. және т. с. соғысты күнбе-күн қалай туғызатындығын түсіндіру керек. Меніңше, егер Гаагада соғысқа қарсы өз сөзіңнің бәрін әбден еркін айту мүмкіндігі жөнінде болмашы күмән туса, онда тым болмаса тек басты нәрсені ғана айту үшін бірсыпыра айла-амал ойлап табу керек, ал айтылмай қалғандарын кейін кітапша етіп бастырып шығару керек. Председательдің сөзді тоқтатып тастауына дейін бару керек.

Менің ойымша, нақ осы мақсатпен делегацияға тұтас алғанда соғысқа қарсы сөз сөйлей білетін, яғни соғысқа қарсы барлық басты дәлелдерді және соғысқа қарсы күрестің барлық шарттарын дамытып сөйлей білетін және сөйлеуге міндетті болған шешендерден басқа, шетелдік басты-басты үш тілдің үшеуін де білетін адамдар да шақырылуға тиіс, бұлар делегаттармен сөйлесуге және негізгі дәлелдерді делегаттардың қаншалықты түсінгендіктерін, белгілі бір дәлелдер келті-

рудің немесе мысалдар келтірудің қаншалықты қажет екендігін анықтайтын болсын.

Бірсыпыра мәселелерде, бәлкім, өткен соғыс саласынан нақты мысалдар келтірудің өзі елеулі әсер ететін болар. Бірсыпыра басқа мәселелерде, бәлкім, мемлекеттер арасындағы қазіргі дау-жанжалдарды және болуы мүмкін қарулы қақтығыстармен бұл дау-жанжалдардың байланысын түсіндіру арқылы ғана елеулі әсер етуге болар.

Соғысқа қарсы күрес туралы мәселе жөнінде, менің есімде, біздің коммунист депутаттардың парламенттерде де, парламенттен тыс жерде де сөйлеген сөздерінде толып жатқан мәлімдемелер бар, олар — соғысқа қарсы күрес жөнінде сұмдық теріс, сұмдық ұшқалақ мазмұнда жасалған мәлімдемелер. Менің ойымша, бұл сияқты мәлімдемелерге, әсіресе бұл мәлімдемелер соғыстан кейін жасалған болса, мейлінше батыл түрде қарсы шығу керек және ондай шешендердің әрқайсысының есімін аяусыз атап көрсету керек. Ондай шешен жөнінде өз пікірімізді, әсіресе керек болған жағдайда, қалағанымызша жұмсартуға болады, бірақ бұл сияқты реттердің бірде-бірін елемей өтуге болмайды, өйткені бұл мәселе жөнінде ұшқалақтық жасау — қырсық, қырсық болғанда басқа қырсықтардың бәрінен асып түсетін қырсық, сондықтан бұл қырсыққа кешірімділік көрсетуге әсте болмайды.

Жұмысшы съездерінің сұмдық ақылсыз, ұшқалақ бірқатар шешімдері бар.

Барлық және әр түрлі материалдарды дереу жинап алып, тақырыптың барлық жеке бөлімдері мен бөлшектерін де, съездегі бүкіл «стратегияны» да егжей-тегжейлі талқылау керек.

Мұндай мәселе жөнінде біздің тарапымыздан тек қателікке ғана емес, сонымен бірге елеулі шалалыққа да жол берілуіне төзуге болмайды.

4/XII. 1922.

Бірінші рет 1924 ж. 26 апрельде «Правда» газетінің 96-номерінде басылған
Қол қойған: Ленин

Машинкада басылған, В. И. Ленин түзеткен және қол қойған данасы бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ АРАСЫНДА ЖҰМЫСТЫ БӨЛІСУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР[189]

Орынбасарлар арасында жұмысты бөлісу:

1. Бір орынбасар *Еңбек және Қорғаныс Советін*, қалған екеуі — ай сайын кезекпен *Халық Комиссарлары Советін* алады.
2. Халық комиссариаттарын 1922 жылғы көктемдегі тізімге сәйкес (немесе сол сияқты) тізім бойынша[190] өзара бөліседі.
3. Қазірдің өзінде басталған жұмысты (мысалы, трестер — трестер туралы комиссия; ауыр индустрияға жұмсалатын шығындардың есебі) Каменев жолдас жалғастырады.
4. Әрбір орынбасар аппаратты тексеруді өз мойнына алады;— белгілі бөлегін апта сайын немесе екі апта сайын (әрбір тексеру кезекпен бірде — бір, бірде — екінші халық комиссариатына;— бірде оның жоғарғы, бірде төменгі жақтарына арналатындай етіп;— әрқайсысы егжей-тегжейіне дейін ескерілген жазбаша қаулымен бекітілетіндей етіп есептеу және жазу керек; тексерілмеген халық комиссариаттарының басқа халық комиссариаттары үшін жазылған, бірақ дәл осындай қысқартулар мен жақсартуларды өздерінде жүзеге асырмайтын бөліктері қамауға алуға және жұмыстан шығаруға дейін жазаға тартылады).

Ленин

4/XII. 1922 ж.

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

Н. Е. ФЕДОСЕЕВ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ СӨЗ[191]

Николай Евграфович Федосеев туралы менің естеліктерім 90-жылдардың бас кезіне саяды. Бұл естеліктерді мен дәл деп айта алмаймын.

Ол кезде мен провинцияда,— атап айтқанда, Қазанда және Самарада тұрдым. Федосеев туралы мен Қазанда болған кезімде естідім, бірақ онымен жүзбе-жүз кездескенім жоқ. 1889 жылы көктемде мен Самара губерниясына кетіп қалдым, онда 1889 жылы жаздың аяқ шенінде Федосеевтің және Қазандағы үйірмелердің,— сонымен қатар мен қатысқан үйірменің де,— басқа да мүшелерінің қамауға алынғанын естідім. Егер сол жазда Қазанда қалған болсам, мен де оп-оңай қамауға алынған болар едім деп ойлаймын. Бұдан соң көп кешікпей-ақ марксизм Батыс Европада «Еңбекті азат ету» тобы[192] бұдан едәуір бұрын жариялаған социал-демократиялық бағытқа орай бағыт ретінде кеңейе бастады.

Н. Е. Федосеев өзінің маркстік бағытқа жататындығын біріншi болып жариялай бастаған адамдардың бірі еді. Оның Н. К. Михайловскиймен айтысы осы негізде басталғаны есімде; Михайловский оның құпия хаттарының біріне «Русское Богатствода» жауап берген болатын[193]. Осы негізде менің Н. Е. Федосеевпен хат алысуым басталды. Біздің қарым-қатынасымыз Гопфенгауз арқылы болғаны есімде; мен Гопфенгаузбен бір рет кездестім және Владимир қаласында Федосеевпен жолығысуға әрекет жасап, онымнан сітеңе шықпа-

ды. Мен ол жерге барғанда Федосеев түрмеден шығар деген үмітпен барған едім, бірақ бұл үмітім ақталмады[194].

Кейін Федосеев менімен бір уақытта Шығыс Сибирьге айдалды және Сибирьде өзін өзі өлтірді, сірә, өте-мөте қолайсыз болған тұрмыс жағдайына байланысты өз басының ауыр тауқыметіне шыдай алмаған болса керек.

Менің Федосеевпен жазысқан хаттарым дүниеге маркстік немесе социал-демократиялық көзқарастың сол кезде алға қойылған мәселелері туралы болғаны есімде. Әсіресе есімде қалғаны, Федосеевті білетіндердің бәрі оны өз ісіне әбден берілген ескі уақыттағы революционердің типі ретінде ерекше жақсы көретін еді; сірә, ол белгілі бір мәлімдемелері арқылы немесе жандармдар жөніндегі аңғалдық әрекеттері арқылы өзінің жағдайын нашарлатып алған болуы керек.

Менде Федосеевтің хаттарының немесе қолжазбаларының кейбір үзінділері бір жерлерде қалуы мүмкін, бірақ олар сақталды ма және оларды іздеп табу мүмкін бе — бұл жөнінде мен нақты ештеңе айта алмаймын.

Қалай дегенмен де, Поволжье үшін және Орталық Россияның кейбір жерлері үшін Федосеевтің атқарған ролі ол кезде тамаша зор болды және ол кездегі жұрттың өздерінің марксизмге бетбұрысында осы ғажап талантты және өз ісіне барынша берілген революционердің әсерін өте-мөте көп сезінгендігі күмәнсыз.

6. XII. 1922 ж.

1923 ж. мына кітапта басылған: «Федосеев Николай Евграфович. Россиядағы революциялық марксизм пионерлерінің бірі (Естеліктер жинағы)». Москва — Петроград
Қол қойған: Ленин

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАБДЫҚТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫ ҚАУЛЫСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ

Келтірілген есептен тыс барлық мектептердің, оқытушылардың да, сондай-ақ оқушылардың да астық жөніндегі қажеті толық қамтамасыз етілсін және, қызметшілерге керекті ең аз, ерекше тексерілген мөлшерді қоса отырып, бұл үшін астықтың нақ қандай мөлшері қалдырылуға тиіс екенін есептен шығару Каменев жолдасқа, Цюрупа жолдасқа және Яковлева жолдасқа тапсырылсын.

Мектептерге жұмсалатын шығынға арнап тағы да алтынмен 1 миллион сом қосылсын[195].

Ленин

1922 ж. 6 немесе 7 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Машинкада басылған, В. И. Ленин қол қойған дана бойынша басылып отыр

ПЛЕНУМҒА САЯСИ БЮРОНЫҢ РЕГЛАМЕНТІНЕ ҚАТЫСТЫ ҰСЫНЫС

1. Саяси бюроның мәжілістері бейсенбі күндері 11-де жәпе ешқашан да 2-ден кешікпей отіп тұрады.

2. Егер қаралмаған мәселелер қалып қойса, онда олар не жұмаға, не дүйсенбіге нақ сол сағаттарға көшіріледі.

3. Саяси бюроның күн тәртібі сәрсенбіде күндізгі сағат 12-ден кешіктірілмей үлестіріліп болуға тиіс. Нақ сол уақытқа күн тәртібіне арналған материалдар (жазбаша түрде) жеткізіліп болуға тиіс.

4. Қосымша мәселелерді мәжіліс болатын күні тек мынадай жағдайларда ғана енгізуге болады:
   а) кейін қалдыруға мүлде болмайтын жағдайда (әсіресе дипломатиялық мәселелер),
   б) тек жазбаша түрде ғана,
   в) Саяси бюро мүшелерінің біреуінің де тарапынан қарсылық болмаған жағдайда ғана.

Күн тәртібінен тыс енгізілетін мәселелерге қарсылық білдірілмеуі жөніндегі соңғы шартты ешқандай кейін қалдыруға болмайтын дипломатиялық мәселелерді қарауға келгенде ғана елемеуге болады.

Ленин

1922 ж. 8 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ МЕН ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР[196]

Халық Комиссарлары Советінің орынбасарлары мен председателінің жұмыс тәртібі

1. Жұмыс уақыты: 11—2, 6—9; Халық Комиссарлары Советінің председателімен бірге мына күндері: *дүйсенбі және сейсенбі, бейсенбі және жұма.*

2. Осы күндер мен сағаттарда (Саяси бюроны, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советін шығарып тастағанда) Еңбек және Қорғаныс Советінің барлық орынбасарлары мен председателінің ерекше мәжілістері қажет болған кезде әрқашан, ал *жалпы алғанда* аптасына бір сағаттан *кемінде* екі рет. Бұл сағат бір күн бұрын кешкі сағат тоғыздан кешіктірілмей белгіленуі керек.

3. Орынбасарлардың барлық жұмысы былайша бөлінеді:

(а) Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысын өте жақын қадағалау;

(б) *Еңбек және Қорғаныс Советінің* жарлық шығаратын мәжілістерінің жұмысын да өте жақын қадағалау

(орынбасарларды басқа, неғұрлым маңыздырақ жұмысқа босатып алу үшін *Еңбек және Қорғаныс Советінің* жарлық шығаратын мәжілістерін қалпына келтіру қажет. Жарлық шығаратын мәжілістерде орынбасарлар председательдік *етпейді,* бірақ *тек*

солардың қойған қолдары ғана бұл мәжілістердің шешімдерін түпкілікті шешім етеді);

(в) *Халық Комиссарлары Советі* мен *Еңбек және Қорғаныс Советі* мәжілістерінің *Халық Комиссарлары Советінің* председателі председательдік етпеген бөліктерінде председательдік ету;

(г) Финанс комитетіне қатысу (Сокольников және оның орынбасары мен Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі қосылады; соңғысы — Финанс комитетінің барлық жиналыстарына қатыса бермейді).

(Мүмкін, аптасына бір рет Финанс комитетінің *Халық Комиссарлары Советі* председателінің председательдік етуімен бір сағаттық мәжілісін белгілеу керек болар? Мұны ойластыру керек.);

(д) Кіші Халық Комиссарлары Советін қоса, барлық мекемелердің күн тәртіптерін және Халық Комиссарлары Советі председателінің председательдік етуімен, төртеуі болып ең маңызды мәселелерді анықтай отырып, мәселелердің кезегін белгілеу;

(е) халық комиссарларының және олардың орынбасарларының өздеріне нұсқау беру арқылы да, сондай-ақ олардың аппаратын жоғарыдан да, төменнен де зерттеу арқылы да жекелеген халық комиссариаттарын және олардың аппаратын өте жақын қадағалап отыру;

(ж) бұл үшін (*е* пункті) халық комиссариаттары *Халық Комиссарлары Советі* председателінің бекітуімен орынбасарлардың арасында бөлінеді.

4. Жоғарыда көрсетілген барлық жұмыс орынбасарлардың арасында үшеуі де (ал қажет болған жағдайда олардың іс басқарушылар қатарынан алынған көмекшілері де) белгілі бір жұмыста *екі айдан* «отыратындай», ал мұнан кейін *оны ауыстыратындай* етіліп бөлінеді.

(Мұның өзі барлық орынбасарларды тұтас алғанда *бүкіл* аппаратпен таныстыру үшін және басқару ісінде нағыз бірлікке жету үшін қажет.)

5. Үш орынбасар арасындағы мұндай бөлістің жобасын олар дереу жасайды және төртеуі бекітеді.

6. Бүкіл аппаратты жақсарту және түзету жұмысы осы кезге дейін орынбасарларды түгелімен босатпай келген председательдік етуден, халық комиссарларының орынбасарларымен және халық комиссарларымен бос әңгіме-дүкен құрудан анағұрлым маңыздырақ болғандықтан, әрбір орынбасардың аппараттың жоғарғы да, төменгі де нағыз алуан түрлі, мұның үстіне ең күтілмеген бөлімдерін жеке өзі зерттеуіне арнап, аптасына *кемінде екі сағат* «төменге түсуін» белгілеу және қатаң жүзеге асыру қажет. Мұндай зерттеудің қағазға түсірілген, бекітілген және *барлық* ведомстволарға (белгілі реттерде) хабарланған протоколы аппаратты *қысқартуға* және біздің мемлекеттік аппаратымызда бәрін де ширата түсуге тиіс болады.

Ленин

1922 ж. 9 декабрьде жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ УКРАИНДЫҚ СЪЕЗІНЕ[197]

Советтердің Бүкіл украиндық съезінің ашылуын құттықтаймын.

Съездің қарауына тура келетін ең маңызды мәселелердің бірі — республикалардың бірігуі туралы мәселе. Біздің мемлекеттік аппаратымыздың одан әрі ұйымдастырылуы осы мәселенің дұрыс шешілуіне байланысты; ал совет қызметкерлерінің Москвада, Питерде және Харьковта жүргізілген соңғы санағында мемлекеттік аппараттың өрескел кемшіліктері сондай айқын және көрнекі түрде ашылды.

Съезд ерекше көңіл бөлуге тиіс екінші мәселе — біздің ауыр өнеркәсібіміз туралы мәселе. Донбассты, мұнай мен металлургияны соғысқа дейінгі өнімділігіне жеткізу — біздің бүкіл шаруашылығымыздың негізгі міндеті, біздің барлық күш-жігеріміз осы міндетті орындауға бағытталуға тиіс.

Мен съездің бұл міндеттерді орындаудың дұрыс жолын табатындығына кәміл сенемін, сонымен қатар оның жұмысының толық табысты болуын шын жүректен тілеймін.

Ленин

10. XII. 1922 ж.

«Коммунист» (Харьков) № 285, 12 декабрь, 1922 ж.

«Коммунист» газетінің машинкада басылған көшірмемен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ АРАСЫНДА ЖҰМЫСТЫ БӨЛІСУ ТУРАЛЫ Л. Б. КАМЕНЕВКЕ, А. И. РЫКОВҚА, А. Д. ЦЮРУПАҒА ХАТ

Каменев, Рыков, Цюрупа жолдастарға

Науқасымның қайталауына байланысты мен қазір саяси жұмыстың қандайын болса да тоқтатуға және өз демалысымды қайта жалғастыруға тиіспін[198]. Сондықтан сіздер мен біздің арамыздағы алауыздықтар практикалық маңызын жойып отыр. Тек мен Рыковтың практикалық қосымшасымен мүлде келіспейтінімді айтуға тиіспін, оған қарсы тұп-тура керісінше — қабылдаулардың толық еркіндігі, шек қойылмайтындығы және тіпті ұлғайтылатындығы жайында ұсыныс жасаймын[199]. Егжей-тегжейлерін жүзбе-жүз жолыққанға дейін кейінге қалдырамын.

Халық комиссариаттарын бөлісумен де мен едәуір дәрежеде келіспеймін. Бұл бөлісуді жеке орынбасарлардың таза әкімшілік жұмысқа қабілеттілігімен тығызырақ үйлестіру керек деп ойлаймын; меніңше, сіздердің кеше берген бөлісулеріңіздің басты кемшілігі осындай үйлестірушіліктің жоқтығында болып отыр[200]. Председательдік ету және заң шығарушылық актілердің де, сондай-ақ Финанс комитеті қаулыларының, т. с. заң жүзінде тұжырымдалуының дұрыстығын бақылау функциялары әкімшілік аппаратын тексеру және жақсарту функцияларынан анағұрлым қатаңырақ бөлектенуге тиіс еді. Таза әкімшілік функциялары Цюрупа мен Рыковқа тән болса, ал бірінші функцияларға (яғни председательдік ету, тұжырымдаудың дұрыстығын бақылау, т. б.) Каменев жолдас көбірек бейім.

Жоғарыда көрсетілген жалпы себеппен мен бұл мә-

селеспі өзім демалыстан қайтып оралғанға дейін кейінге қалдыра тұруға тиіспін. Тек мынаны естеріңізде ұстауды өтінемін: мен сіздер ұсынған бөліске өз келісімімді (сіздердің ұсынысыңыздан өзгеше) үш айға емес, егер өзім жұмысқа үш ай өтпестен бұрын қайтып оралатын болсам, сол мерзімге дейін беремін.

Сіздердің бөліскен кезде «Экономическая Жизнь» сияқты маңызды органды мүлде ұмытып кеткендеріңізді еске саламын, оны біреудің арнайы қадағалап отыруы қажет. Мен өз басым оны Рыковтың қадағалап отыруы бәрінен де дұрысырақ болар еді деп ойлаймын.

Ленин

13. XII. 1922 ж.

Телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

СЫРТҚЫ САУДА МОНОПОЛИЯСЫ ТУРАЛЫ[201]

Орталық Комитеттің пленумына арнап
Сталин жолдасқа

Бухарин жолдастың хатын талдап қарауды мен ең маңызды мәселе деп санаймын. Бірінші пунктінде ол былай дейді: «Ленинде де, Красинде де Сыртқы сауда халық комиссариатының жұмысқа қабілетсіздігінен — комиссариаттың «принциптік» құрылымынан туып отырған жұмысқа қабілетсіздігінен — еліміздің шаруашылығы зиян шегіп отырған қыруар шығындар жөнінде бір ауыз сөз жоқ, өзіміз шаруалардың товар қорын жұмылдырып, оны халықаралық товар айналымына қоса алмайтындығымыздан (және әбден түсінікті себептермен ұзақ уақыт бойы қоса алмайтын боламыз) болып отырған шығындар жөнінде бір ауыз сөз жоқ».

Бұлай пайымдау мүлдем теріс, өйткені Красинде II параграфта аралас қоғамдар құру жөнінде анық айтылған, бұл қоғамдар, біріншіден, шаруалардың товар қорын жұмылдыру әдісі және, екіншіден, осы жұмылдыру нәтижесінде біздің мемлекетіміздің қазынасына кем дегенде жарма-жар пайда алу әдісі болып табылады. Сонымен, мәселенің мәніне нақ Бухариннің өзі соқпай кетіп отыр, ол «шаруалардың товар қорын жұмылдырудың» кірісті бүтіндей, тек қана нэпмандарға беретіндігін көргісі келмейді. Біздің Сыртқы сауда халық комиссариаты нэпмандардың пайдасына жұмыс істей ме, әлде ол пролетарлық мемлекеттің пайдасына жұмыс істей ме — мәселе осында болып отыр. Мұның түбегейлі мәселе екені сонша, бұл мәселеге бола пар-

тия съезінде сөзсіз күресуге болады және күресу керек.

Сыртқы сауда халық комиссариатының жұмысқа қабілетсіздігі туралы мәселе осы бірінші, негізгі, принциптік мәселемен салыстырғанда мүлдем бағынышты мәселе, өйткені мұның жұмысқа қабілетсіздігі біздің барлық халық комиссариаттарының жұмысқа қабілетсіздігінен артық та емес, кем де емес, ал олардың жұмысқа қабілетсіздігі өздерінің жалпы әлеуметтік құрылымына байланысты және ол бізден ұзақ жылдар бойы оқып үйрену, жалпы дәрежені көтеру жолында аса табанды жұмыс істеуді талап етеді.

Бухарин тезистерінің екінші пунктінде былай дейді: «мысалы, Красин тезистерінің 5-параграфы сияқты пункттерді жалпы концессияларға да түгелдей қолдануға болады». Бұл тағы да шылғи өтірік, өйткені Красин 5-тезисінде былай дейді: «деревняда ең қаскүнем қанаушы, алып-сатар, жалдап, доллармен, фунтпен, швед кронасымен әрекет жасайтын шетел капиталының агенті қолдан енгізіледі». Ал концессиялардан бұл сияқты ештеңе шықпайды; концессияларда біз тек территорияны ғана көздеп қоймаймыз, сонымен қатар ерекше заттармен сауда жасау үшін ерекше рұқсат берілуін де көздейміз, тағы да, ең бастысы, концессияға берілген белгілі бір нәрселермен сауда жасауды біз өз қолымызда ұстаймыз; Красиннің: еркін сауданы біз 6. X-дегі пленумның шешімінде көрсетілген шеңберде ұстап тұра алмаймыз, өйткені сауданы біздің қолымыздан тек контрабандистердің қысым күшімен ғана емес, барлық шаруалардың қысым күшімен де жұлып алады деген дәлелдеріне қарсы бір ауыз сөз айтпастан, осы негізгі экономикалық және таптық дәлелге бір сөзбен де жауап берместен, Бухарин Красинге айып тағады, бұл айып өзінің негізсіздігі жағынан қайран қалдырады.

Бухарин өз хатының үшінші пунктінде былай деп жазады: «Красиннің 3-параграфы». (Ол жаңылып, 4-тің орнына 3 дейді.) «Біздің шекарамыз сақталып отыр», ал содан соң былай деп сұрақ қояды: «Бұл не деген сөз? Бұл — іс жүзінде еш нәрсе істелмей отыр

деген сөз. Мұның өзі маңдайшасында көпшілікке арналған жақсы жарнамасы бар, ішінде еш нәрсе жоқ магазинге (Главзапор системасы) ұқсайды». Красин: біздің шекарамызды таможнялық немесе шекаралық күзеттен гөрі сыртқы сауда монополиясының болуы сақтап отыр деп әбден анық айтқан. Осы айқын, тура және даусыз фактіге қарсы Бухарин бір сөз де айтпайды және айта да алмайды. «Главзапор системасы» деген сөздер кезінде Маркстің «фритредервульгарис»[202] деген сөздермен жауап берген сөз тіркестерінің қатарына жатады, өйткені мұнда мүлдем тұрпайы фритредерлік бос сөзден басқа еш теңе жоқ.

Содан соң, Бухарин төртінші пунктте Красинді ол біздің өз таможнялық саясатымызды жетілдіруге қарай баруға тиіс екендігімізді көрмейді деп айыптайды; осымен қатар мені кінәлап: бүкіл ел бойынша бақылаушылар қою жөнінде айтып, қате жасады-мыс, ал іс жүзінде әңгіме тек шеттен зат әкелу мен шетке зат шығару пункттері туралы ғана болып отыр дейді. Бұл арада Бухариннің қарсылықтары тағы да ұшқалақтығымен қайран қалдырады және айдалаға лағып кетеді, өйткені Красин біздің таможнялық саясатымыздың жетілдірілуін көріп қана қоймайды, толық мойындап қана қоймайды, сонымен қатар күмәндануға жұрнақ та қалдырмайтын етіп дәл көрсетеді. Атап айтқанда бұл жетілдірудің мәні мынада: біз, біріншіден, сыртқы сауда монополиясы системасын, екіншіден, аралас қоғамдар құру системасын қабылдадық.

Империализм дәуірінде ешқандай таможнялық саясаттың шын саясат бола алмайтындығын және жарлы елдер мен адам айтқысыз бай елдердің арасында сұмдық айырмашылық бар екендігін Бухарин көрмейді, бұл — оның нағыз қайран қалдырар қатесі, оның бер жағында таза теориялық қатесі. Бухарин бірнеше рет таможнялық күзетке сілтеме жасайды, өнеркәсіпті бай елдердің кез келгені бұл күзетті көрсетілген шарттарда толық қирата алатындығын көрмейді. Бұл үшін ол елдің бізде таможнялық сыйлық белгіленген товарларды Россияға шеттен әкелуге шетке товар шығару сыйлығын енгізуі жеткілікті. Бұл үшін өнеркәсіпті елдердің

қай-қайсысында болса да ақша артығымен жетерлік, ал осындай шараның нәтижесінде өнеркәсіпті елдің қандайы болса да біздің осал өнеркәсібімізді сөзсіз күйрете алады.

Сондықтан Бухариннің таможнялық саясат жөніндегі барлық пайымдаулары практика жүзінде орыс өнеркәсібінің мүлдем қорғансыз қалуы және еркін сауда системасына ең жұқа перде бүркеніп оту деген сөзден басқа еш нәрсе емес. Біз бұған қарсы барлық күшімізбен күресуге және партия съезіне дейін жетіп, күресуге тиіспіз, өйткені қазір, империализм дәуірінде, сыртқы сауда монополиясы системасынан басқа, ешқандай елеулі таможнялық саясат туралы сөз қылуға да болмайды.

Бухариннің Красинді айналымды күшейтудің бүкіл маңыздылығынан ештеңе түсінбейді деп айыптауын (бесінші пунктте) Красиннің аралас қоғамдар туралы айтқандары мүлдем бекерге шығарады, өйткені осы аралас қоғамдар біздегі орыс өнеркәсібінің таможнялық күзет жағдайындағыдай жалған емес, нақты күзетін сақтай отырып, нақ айналымды күшейту мақсатынан басқа ешқандай мақсатты көздемейді.

Егер, содан соң, алтыншы пунктте маған қарсы шығып, Бухарин: ол үшін шаруаның ең тиімді келісім жасасуының маңызы жоқ деп және күрес шаруа мен Совет өкіметінің арасында болмайды, Совет өкіметі мен экспортер арасында болады деп жазып отырса, онда бұл тағы да түбірінен теріс, өйткені, мысалы, мен көрсеткен баға айырмашылықтары жағдайында (зығыр Россияда 4 сом 50 тиын, ал Англияда 14 сом тұрады) экспортер барлық шаруаларды мейлінше тез, сенімді және күмәнсыз түрде өз төңірегіне жияды. Іс жүзінде Бухарин жалданты, ұсақ буржуаны және шаруалардың жоғарғы тобын қорғап, өнеркәсіп пролетариатына қарсы шығып отыр, өйткені өнеркәсіп пролетариаты Россияны әсте таможнялық саясат арқылы емес, тек қана сыртқы сауда монополиясы арқылы күзетпейінше өзінің өнеркәсібін қайта құра алмақ емес, Россияны өнеркәсіпті ел ете алмақ емес. Осы күнгі Россия жағдайында басқа протекционизм атаулының

бәрі мүлдем жалған, қағаз жүзіндегі протекционизм болып табылады, ол пролетариатқа еш нәрсе бермейді. Сондықтан, пролетариаттың және оның өнеркәсібінің тұрғысынан қарағанда, бұл күрестің ең түбірлі, принциптік маңызы бар. Аралас қоғамдар системасы — Сыртқы сауда халық комиссариатының нашар аппаратын шын жақсарта алатын бірден-бір система, өйткені бұл система жағдайында шетелдік көпес пен орыс көпесі қатар істейді. Егер біз тіпті осындай жағдайларда да білімімізді арттырып, үйрене алмасақ және толық үйренбесек, онда біздің халқымыз әбден ақымақ халық болғаны.

Ал егер «таможнялық күзет» туралы айтатын болсақ, онда мұның өзі Красин әбден айқын көрсеткен және Бухариннің өзі ешбір жағынан бекерге шығара алмаған қауіптерге біздің көз жұма қарағанымыз болады.

Тағы да қоса айтатыным: шекараны ішінара ашу валюта жөнінде өте елеулі қауіптерге ұшыратады, өйткені біз іс жүзінде Германияның жағдайына душар боламыз, шетелдік Россиядан ұсақ буржуазияның және әр түрлі агенттердің Россияға еніп кетуі мағынасында өте елеулі қауіптерге ұшыратады, мұны біз титтей де бақылай алмаймыз.

Шындап және ұзақ уақыт үйрену үшін аралас қоғамдарды пайдалану керек,— өз өнеркәсібімізді қалпына келтірудің бірден-бір жолы осы.

Ленин

1922 ж. 13 декабрьде телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет толық емес түрінде 1924 ж. 26 январьда «Известия ВЦИК» газетінің 21-номерінде басылған

Бірінші рет 1930 ж. «Пролетарская Революция» журналының 2—3-номерінде толық басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП И. В. СТАЛИНГЕ ХАТ

Мен енді өз істерімді аяқтап бітірдім және алаңсыз жүріп кетуіме болады[203]. Сондай-ақ сыртқы сауда монополиясына өзімнің көзқарасымды қорғау жөнінде Троцкиймен келісуді де аяқтадым. Мені өте қатты алаңдататын бір-ақ жағдай қалды, ол — Советтер съезінде сөйлей алмайтындығым[204]. Маған сейсенбі күні дәрігерлер келеді, сонда біз съезде сөйлеуге аздап болса да мүмкіндіктің бар-жоғын талқылаймыз. Онда сөз сөйлеуден бас тартуды, күштірек айтпағанның өзінде, мен өзіме үлкен қолайсыздық деп санар едім. Сөйлейтін сөзімнің конспектісін бұдан бірнеше күн бұрын жазып қойғанмын[205]. Сондықтан менің ұсынатыным: менің орныма басқа біреудің сөз сөйлеуі үшін әзірлікті тоқтатпай, сәрсенбіге дейін менің өзімнің сөйлеуіме, бәлкім, әдетте сөйленетін сөзбен салыстырғанда өте қысқартылған, мәселен, сағаттың төрттен үшіндей уақыт сөз сөйлеуіме мүмкіндік сақталсын. Мұндай сөз менің орынбасарымның (бұл мақсат үшін Сіз кімді уәкіл етсеңіз де) сөзіне ешбір бөгет болмайды, алайда саяси жағынан да өз басым жөнінен алғанда да пайдалы болады деп ойлаймын, өйткені қатты алаңдауымның себептерін жояды. Мұны ескеруіңізді және, егер съездің ашылуы әлі де кешеуілдетілетін болса, маған секретарым арқылы күні бұрын хабарлауыңызды өтінемін[206].

Ленин

15. XII. 1922 ж.

Мен сыртқы сауда монополиясы жөніндегі мәселені созуға үзілді-кесілді қарсымын. Егер қандай да бір ұйғарымдардан (сонымен бірге бұл мәселеге менің қатысуым керек болатын ұйғарымдардан да) келесі пленумға дейін қалдыра тұру жөнінде пікір туатын болса, онда мен бұған үзілді-кесілді қарсы болар едім, өйткені Троцкий менің көзқарасымды менің өзімнен кем қорғамайтынына сенемін, бұл — бір, екіншіден, Сіздің мәлімдемеңіз, Зиновьевтің, сондай-ақ, естуімше, Каменевтің мәлімдемесі Орталық Комитет мүшелерінің бір бөлегі өздерінің бұрынғы пікірін қазірдің өзінде өзгерткендігін дәлелдейді; үшінші, және ең басты нәрсе: бұл аса маңызды мәселе жөнінде бұдан әрі ауытқуларға жол беруге мүлде болмайды және бұлай ету бүкіл жұмысты бүлдіреді.

Ленин

15. XII. 22 ж.

Телефон арқылы айтып жаздырған

Бірінші рет толық емес түрінде 1930 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XXVII том

Секретарьдың жазбасы бойынша толық басылып отыр (машинкада басылған дана)

В. И. ЛЕНИННІҢ СОҢҒЫ ХАТТАРЫ МЕН МАҚАЛАЛАРЫ[207]

23 ДЕКАБРЬ, 1922 ж.— 2 МАРТ, 1923 ж.

I

СЪЕЗГЕ ХАТ[208]

Мен осы съезде біздің саяси құрылысымызда бірсыпыра өзгерістер жасау жөнінде әбден кеңес берер едім.

Мен өзімнің ең маңызды деп есептейтін ой-пікірлерім жөнінде сіздермен пікір алысқым келеді.

Ең алдымен мен Орталық Комитет мүшелерінің санын бірнеше он адамға дейін немесе тіпті жүз адамға дейін көбейтуді алға қоямын. Егер біз осындай реформа жасамаған болсақ,— оқиғалардың барысы біз үшін әбден қолайлы болмаған жағдайда (ал біз әбден қолайлы болады деп үміт ете алмаймыз), менің ойымша, біздің Орталық Комитетке зор қауіптер төнген болар еді.

Содан соң, мен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының шешімдеріне белгілі шарттармен заңдық сипат беруді, бұл жөнінен белгілі дәрежеде және белгілі шарттармен Троцкий жолдастың пікірін мақұлдауды съездің назарына ұсынғым келеді.

Бірінші пунктке, яғни Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейтуге келетін болсақ, онда мен мұның өзі Орталық Комитеттің беделін көтеру үшін де, біздің аппаратты жақсарту жөнінде елеулі жұмыс жүргізу үшін де, Орталық Комитеттің шағын бөлегінің даужанжалдары партияның бүкіл тағдыры үшін тым зор маңыз алып кетпейтіндей болуы үшін де керек деп ойлаймын.

Менің ойымша, біздің партиямыз жұмысшы табынан Орталық Комитеттің 50—100 мүшесі болуын та-

лап етуге праволы және одан оны шектен тыс күш жұмсатпай-ақ ала алады.

Мұндай реформа өз партиямыздың беріктігін едәуір арттыра алар еді және дұшпан мемлекеттер ортасында партиямыздың күресін жеңілдеткен болар еді, ал бұл күрес, менің ойымша, таяу жылдар ішінде қатты шиеленісуі мүмкін және қатты шиеленісуге тиіс те. Менің ойымша, мұндай шараның арқасында партиямыздың тұрақтылығы мың есе ұтқан болар еді.

Ленин

23. XII. 22 ж.
Жазып алған М. В.

II

Жазбалардың жалғасы.
24 декабрь, 22 ж.

Мен жоғарыда Орталық Комитеттің тұрақтылығы дегенде — жіктеліске қарсы шараларды айтып отырмын, өйткені мұндай шаралардың жалпы алғанда қолданылуы мүмкін. Өйткені «Русская Мысльдағы» ақ гвардияшының (ол, сірә, С. С. Ольденбург болса керек), біріншіден, өздерінің Советтік Россияға қарсы әрекеті жөнінде біздің партияның жікке бөлінуінен дәмеленуі, екіншіден, бұл жіктеліс үшін партияның ішінде аса елеулі алауыздықтар болуынан дәмеленуі, әрине, дұрыс еді.

Біздің партия екі тапқа сүйенеді, сондықтан да, егер сол екі таптың арасында келісім болмаса, партияның тұрақсыз болуы мүмкін, оның құлдырауы сөзсіз. Бұл ретте белгілі бір шаралар қолдану, жалпы алғанда біздің Орталық Комитет тұрақты болады деп пайымдау пайдасыз. Бұл ретте жіктеліске жол бермеуге ешқандай шаралардың көмегі болмайды. Бірақ мен мұны сөз қылудың жөні жоқ, ол тым қашық болашақ және тым ақылға сыймайтын оқиға деп сенемін.

Мен таяу уақытта жіктелісті болғызбаудың кепілі ретіндегі тұрақтылықты айтып отырмын және бұл арада тек жеке адамға ғана тән бірсыпыра пікірлерді талдамақпын.

Менің ойымша, осы тұрғыдан қарағанда тұрақтылық мәселесінде Орталық Комитеттің Сталин мен Троцкий сияқты мүшелері негіз болып табылады. Жіктеліс қаупінің жартысынан көбі, меніңше, осы екеуінің арасындағы қатынаста болып отыр, бұл жіктелістен құтылуға болар еді және одан құтылудың жолы, менің ойымша, басқасын былай қойғанда, Орталық Комитет мүшелерінің санын 50 адамға дейін, 100 адамға дейін көбейту болар еді.

Сталин жолдас, бас секретарь болып алғаннан кейін ұшан-теңіз билікті өз қолына жинап алды, ал оның осы билікті әрдайым мейлінше абайлап пайдалана алар-алмасына мен сене алмаймын. Екінші жағынан, Троцкий жолдас, Қатынас жолдары халық комиссариаты туралы мәселеге байланысты оның Орталық Комитетке қарсы жүргізген күресінің өзі-ақ дәлелдегеніндей, тек үздік қабілеттілігімен ғана көзге түсіп қоймайды. Оның жеке басы, бәлкім, қазіргі Орталық Комитеттегі ең қабілетті адам болар, бірақ сонымен бірге өзіне өзі сенушілікке тым салынып кеткен және істің таза әкімшілік жағына тым әуес.

Қазіргі Орталық Комитеттің аса көрнекті екі көсемінің осы екі түрлі қасиеті кездейсоқ жіктеліске ұрындыра алады, егер партиямыз бұған жол бермеуге шаралар қолданбаса, онда жіктелістің күтпеген жерден туып кетуі мүмкін.

Мен бұдан әрі Орталық Комитеттің басқа мүшелерін өздерінің жеке қасиеттері жағынан сипаттап жатпаймын. Тек еске сала кетейін дегенім — Зиновьев пен Каменевтің октябрьдегі уақиғасы, әрине, кездейсоқ нәрсе емес, бірақ большевизмге жатпайтын қылық үшін Троцкийдің оншама айыпталып жүрмегені сияқты, бұл уақиғаны да олардың жеке бастарына оншама айып етіп тағуға болмайды.

Орталық Комитеттің жас мүшелерінің ішінен Бухарин мен Пятаков туралы бірер сөз айтқым келеді. Бұлар, меніңше, ең көрнекті (ең жас күштердің ішіндегі) күштер, ал бұлар жөнінде мынаны есте тұтқан жөн болар еді: Бухарин партияның аса бағалы, аса ірі теоретигі ғана емес, сонымен бірге ол заңды түрде бүкіл

партияның сүйіктісі деп саналады, бірақ оның теориялық көзқарастарын толық маркстік көзқарастарға тым зор күдікпен жатқызуға болады, өйткені оның көзқарастарында схоластикалық көзқарас сияқты бірдеңе бар (ол диалектиканы ешқашан оқыған емес және, менің ойымша, оны ешқашан толық түсінген емес).

25. XII. Мұнан соң, Пятаков — күмән жоқ, асқан жігерлі, асқан қабілетті адам, бірақ әкімшілікке, істің әкімшілік жағына тым салынып кететін адам, сондықтан елеулі саяси мәселеде оған сене қоюға болмайды.

Әрине, бұл екі ескертпенің екеуін де мен осы аса көрнекті және адал қызметкерлердің екеуі де өз білімдерін толықтырып, өздерінің сыңаржақтықтарын өзгертетін ыңғай таба алмас деген жорамалмен қазіргі уақыт үшін ғана жасап отырмын.

Ленин

25. XII. 22 ж.
Жазып алған М. В.

1922 ж. 24 ДЕКАБРЬДЕГІ ХАТҚА ҚОСЫМША

Сталин тым дөрекі, өз ортамызда, өздеріміздің, коммунистердің, арамыздағы қарым-қатынаста әбден төзуге болатын бұл кемшілік бас секретарь қызметінде төзгісіз болып келеді. Сондықтан мен жолдастарға Сталинді осы орыннан ауыстырудың жолын ойластырып көруді және бұл орынға басқа адамды тағайындауды ұсынамын, басқа жақтарының бәрін алғанда ол адамның Сталин жолдастан тек бір ғана артықшылығы болатын болсын, атап айтқанда, неғұрлым ұстамды, неғұрлым әділ, неғұрлым сыпайы және жолдастарға неғұрлым ілтипатты болсын, қыңырлығы аз болсын, т. т. Бұл жағдай болмашы ұсақ нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бірақ менің ойымша, жіктелістен сақтандыру тұрғысынан қарағанда және Сталин мен Троцкийдің жоғарыда мен жазған өзара қатынасы тұрғысынан қарағанда, бұл ұсақ нәрсе емес немесе

мұның өзі шешуші маңыз алып кетуі мүмкін ұсақ нәрсе.

Ленин

Жазып алған Л. Ф.
4 январь, 1923 ж.

III

Жазбалардың жалғасы.
26 декабрь, 1922 ж.

Орталық Комитет мүшелерінің санын 50 адамға дейін немесе тіпті 100 адамға дейін көбейту, меніңше, екі түрлі немесе тіпті үш түрлі мақсатқа қызмет етуге тиіс: Орталық Комитеттің мүшелері неғұрлым көп болса, Орталық Комитеттің жұмысына үйрету соғұрлым көп болады, қайсыбір абайсыздықтан жікteліс туып кету қаупі соғұрлым аз болады. Орталық Комитетке жұмысшыларды көптеп тарту жұмысшылардың біздің өте нашар аппаратымызды жақсартуына көмектесетін болады. Бұл аппарат, шын мәнінде, ескі режимнен қалған мұра, өйткені оны осындай қысқа мерзім ішінде, әсіресе соғыс жағдайында, ашаршылық жағдайында, т. с. қайта жасау мүлде мүмкін болмады. Сондықтан біздің аппаратымыздың кемістіктерін бізге келемеж ете немесе ызалана бетке басатын «сыншыларға»: бұл адамдар қазіргі революцияның жағдайларын мүлде түсінбейді деп, сабырлы түрде жауап беруге болады. Бес жылдың ішінде аппаратты жеткілікті дәрежеде қайта құру мүлде мүмкін емес, әсіресе біздегі революция болып өткен жағдайларда мүмкін емес. Егер біз бес жылдың ішінде жұмысшылар шаруаларды бастап, буржуазияға қарсы шығып отырған мемлекеттің жаңа типін жасаған болсақ, осының өзі жеткілікті, ал мұның өзі дұшпандық халықаралық жағдайда орасан зор іс болып табылады. Бірақ мұны түсіне білу, шын мәнінде, патшадан, буржуазиядан біздің ескі аппарат алғанымызды, ал енді бейбітшілік орнап, ашаршылықтан сақтайтын ең аз қажетіміз қамтамасыз етіліп отырған кезде, бүкіл жұмысымыз аппаратты жақсартуға бағытталуға тиіс екенін бізден ешбір көлегейлемеуге тиіс.

Мен мәселені былай түсінемін: ондаған жұмысшы, Орталық Комитеттің құрамына кіргеннен кейін, біздің аппаратымызды тексеру, жақсарту және қайта құру ісімен кімнен болса да жақсы шұғылдана алады. Алғашында осы функцияны атқаруға тиіс болған Жұмысшы-Шаруа инспекциясы бұл функцияны атқара алмайтын болып шықты, сондықтан Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Орталық Комитеттің осы мүшелеріне «қосымша» ретінде ғана немесе белгілі жағдайларда көмекші ретінде ғана пайдаланылуы керек болар. Орталық Комитеттің құрамына кіретін жұмысшылар көбінесе, менің пікірімше, ұзақ уақыт совет қызметін атқарған жұмысшылардан болмауға тиіс (хатымның бұл бөлімінде мен шаруаларды да барлық жерде жұмысшыларға қосып отырмын), неге десеңіз, бұл жұмысшыларда қазірдің өзінде белгілі бір дағдылар мен белгілі бір теріс түсініктер қалыптасып алған, ал нақ осы дағдылар мен теріс түсініктерге қарсы күресу керек-ақ.

Орталық Комитеттің жұмысшы мүшелерінің қатарына көбінесе бізде бес жылдың ішінде совет қызметшілерінің қатарына жоғарылаған топтан төмен тұратын жұмысшылар және қатардағы жұмысшылар мен шаруаларға жақын тұрған, бірақ тікелей немесе жанамалап қанаушылар разрядына кірмейтін жұмысшылар енуге тиіс. Менің ойымша, мұндай жұмысшылар Орталық Комитеттің барлық мәжілістеріне, Саяси бюроның барлық мәжілістеріне қатыса отырып, Орталық Комитеттің барлық документтерін оқи отырып, совет құрылысын адал жақтаушылар кадрын, біріншіден, Орталық Комитеттің өзін тұрақты етуге қабілетті, екіншіден, аппаратты жаңартып, жақсарту жөнінде шынымен жұмыс істеуге қабілетті жақтаушылар кадрын құра алады.

Ленин

Жазып алған Л. Ф.
26. XII. 22 ж.

Бірінші рет 1956 ж. «Коммунист» журналының 9-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

IV

Жазбалардың жалғасы.
27 декабрь, 1922 ж.

МЕМЛЕКЕТТІК ЖОСПАРЛАУ КОМИССИЯСЫНА ЗАҢ ШЫҒАРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН БЕРУ ТУРАЛЫ[209]

Бұл пікірді Троцкий жолдас ұсынғалы, сірә, көп уақыт өткен шығар. Мен ол пікірге қарсы шыққанмын, себебі бұлай болған күнде біздің заң шығарушы мекемелеріміздің системасында негізгі үйлеспеушілік болады деп таптым. Бірақ іске зер салыңқырап қарағанда мен мұнда, асылында, дұрыс пікір бар деп білемін, атап айтқанда: Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, хабардар адамдардың, сарапшылардың, ғылым мен техника өкілдерінің жиынтығы ретінде, асылына келгенде, іс туралы дұрыс пікір айту үшін деректері анағұрлым көп бола тұрса да, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы біздің заң шығарушы мекемелерімізден біраз сырт тұр.

Алайда, біз осы кезге дейін Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мемлекетке сын көзімен талдап тексерілген материал беріп отыруға тиіс, ал мемлекеттік мекемелер мемлекеттік істерді шешіп отыруға тиіс деген көзқарасты негізге алып келдік. Менің ойымша, қазіргі жағдайда, мемлекеттік істер ерекше қиындаған кезде, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы мүшелерінің сарабын керек ететін мәселелерді мұндай сарапты керек етпейтін мәселелермен екінің бірінде аралас шешіп отыруға тура келетін кезде, ал тіпті оның үстіне, кейбір пункттері Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының сарабын керек ететін істерді мұндай сарапты керек етпейтін пункттермен аралас шешіп отыруға тура келетін кезде, міне осындай қазіргі кезде, менің ойым-

ша, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының компетенциясын ұлғайту жағына қарай қадам жасау керек болады.

Мен бұл қадамды мына түрде болуға тиіс деп білемін: Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының шешімдері кәдімгі советтік тәртіп арқылы қабылданбай тасталатын болмасын, өзінің қайта шешілуі үшін ерекше тәртіпті керек ететін болсын, мысалы, мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясына енгізу, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының бұл шешімінің бұзылуға жататындығын анықтау үшін ерекше ережелерге сүйене отырып, баяндама запискалар жазып, мәселені ерекше нұсқау бойынша қайта шешуге әзірлеу, ақырында, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мәселесін қайта шешу үшін айрықша мерзімдер белгілеу тәртібін, т. с. керек ететін болсын.

Бұл жағынан қарағанда, менің ойымша, Троцкий жолдастың пікірін қабылдауға болады және қабылдау керек те, бірақ бұл пікір не біздің саяси көсемдеріміздің арасынан арнаулы адамның, не Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында председательдік етуі, т. с. жөнінде қабылданбауы керек. Менің ше, бұл арада жеке адамға қатысты мәселе принциптік мәселемен қазіргі кезде тым тығыз араласып кетіп отырған сияқты. Менің ойымша, қазір Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Кржижановский жолдас жөнінде және оның орынбасары Пятаков жолдас жөнінде естіліп жүрген айыптаулар және екі жаққа бірдей тағылып жүрген айыптаулар, бір жағынан, біз тым жұмсақ, дербестігі жоқ, жігерсіз деген кінәлауды естіп жүрміз, ал екінші жағынан, тым дөрекі, дөкір, елеулі ғылыми әзірлігі кем, т. с. деген кінәлауды естіп жүрміз,— менің ойымша, бұл айыптаулар мәселенің екі жағын көрсетеді, көрсеткенде, мәселенің осы екі жағын шектен тыс өсіре көрсетеді, ал шынына келгенде бізге Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының екі типтік мінезді шебер ұштастыра білуі керек, бұл мінездердің бірінің үлгісі Пятаков, ал екіншісінің үлгісі Кржижановский бола алады.

Менің ойымша, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын бір жағынан, ғылыми білімді, атап айтқанда, техника жағынан немесе агрономия жағынан білімді, не техника, не агрономия саласынан ондаған жылдармен өлшенетін, зор практикалық жұмыс тәжірибесі бар адам басқаруға тиіс. Менің ойымша, мұндай адамның әкімшілік қасиеттері ғана емес, мол тәжірибесі және жұртты өзіне тарта алатын қабілеті болуы керек.

Ленин

27. XII. 22 ж.
Жазып алған М. В.

V

Мемлекеттік жоспарлау
комиссиясы шешімдерінің
заңдық сипаты туралы
хаттың жалғасы.
28. XII. 22 ж.

Мен мемлекеттік істердің бағытына шешуші әсер ете алатын біздің кейбір жолдастардан әкімшілік жағын асырып жіберетінін байқадым; істің әкімшілік жағы, әрине, өз орны мен өз кезінде қажет-ақ, бірақ мұны істің ғылыми жағымен, өмір шындығын кең көлемде қамтумен, жұртты тарта білу қабілетімен және т. т. шатастырмау керек.

Қандай да болсын мемлекеттік мекемеде, әсіресе Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында осы екі қасиетті ұштастырып отыру қажет, Кржижановский жолдас маған Пятаковты Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына тартып, жұмыс істеу туралы оныме келіскенін айтқанда, мен бұған өзімнің келісімімді бере отырып, бір жағынан, менде іштей белгілі бір күдік болды, екінші жағынан, бұл арада біз мемлекеттік қайраткерлердің екі типін ұштастырамыз деп кейде үміттендім де. Бұл үміт орындалды ма, жоқ па, мұны енді күту керек және тәжірибе жүзінде біраз уақыт байқап көру керек, бірақ принципінде, менің ойымша, мінездер мен типтерді (адамдарды, қасиеттерді) бұлай ұштастыру мемлекеттік мекемелердің дұрыс жұмыс

істеуі үшін сөзсіз қажет екендігінде күмән болмауға тиіс. Менің ойымша, жалпы алғанда қандай да болсын асыра сілтеушілік сияқты, бұл арада «әкімшіліктегі» асыра сілтеушілік те зиянды. Мемлекеттік мекеме басшысының жұртты өзіне тартарлықтай барынша зор қабілеті болуы керек және олардың жұмысын тексеру үшін жеткілікті дәрежеде мол ғылыми, техникалық білімдері болуы керек. Мұның өзі негізгі нәрсе. Мұнсыз дұрыс жұмыс бола алмайды. Екінші жағынан, өте маңызды нәрсе — ол әкімшілік ете алатын болуы керек және бұл істе лайықты көмекшісі немесе көмекшілері болуы керек. Бұл екі қасиеттің бір адамның бойына бітуі кездесе қояр ма екен және мұның қажеті бола қояр ма екен.

Ленин

Жазып алған Л. Ф.
28. XII. 22 ж.

VI

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы
туралы жазбалардың жалғасы.
29 декабрь, 1922 ж.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, сірә, бізде барлық жағынан бірдей сарапшылар комиссиясына айналып келе жатқан болса керек. Мұндай мекемені мол тәжірибесі бар және техника жөнінен жан-жақты ғылыми білімі бар адам басқармаса болмайды. Әкімшілік жасаушы күш мұнда, асылы, көмекші күш болуға тиіс. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының белгілі дәрежеде тәуелсіз және дербес болуы осы ғылыми мекеменің беделі тұрғысынан қарағанда міндетті нәрсе және ол бір нәрсеге байланысты, атап айтқанда оның қызметкерлерінің адалдығына және біздің экономикалық, әлеуметтік құрылысымыздың жоспарын жүзеге асыруға олардың адалдықпен күш салуына байланысты.

Бұл соңғы қасиет қазір, әрине, некен-саяқ кездесуі мүмкін, өйткені Мемлекеттік жоспарлау комиссиясын

құрайтын ғалымдардың басым көпшілігі, әрине, сөзсіз буржуазиялық көзқарастар мен буржуазиялық соқыр сенімдерге шалдыққан адамдар. Бұларды осы жағынан тексеріп отыру бірнеше адамның міндеті болуға тиіс, ол адамдар Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының президиумын құра алады, ол адамдар коммунистер болуға тиіс және күнбе-күн жұмыстың күллі барысында буржуазиялық ғалымдардың берілгендік дәрежесін, олардың буржуазиялық соқыр сенімдерден қол үзгенін, олардың бірте-бірте социализм көзқарасына көшуін де қадағалап отыруға тиіс. Осындай ғылыми тексерудің бұл екі жақты жұмысымен таза әкімшілік ету жұмысының қатар істелуі біздің Республикамызда Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы басшыларының көздейтін мақсаты болуға тиіс.

Ленин

Жазып алған М. В.
29 декабрь, 22 ж.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жүргізетін жұмысты жеке тапсырмаларға бөлгіштеу тиімді ме, қайта, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының президиумы үнемі тексеріп отыратын, соның қарауына жататын мәселелердің күллі жиынтығын шеше алатын тұрақты мамандар тобын жасауға тырысу жөн бе! Менің ойымша, соңғысы тиімдірек, сондықтан уақытша және жекелеген шұғыл тапсырмалардың санын азайтуға тырысу керек.

Ленин

29 декабрь, 22 ж.
Жазып алған М. В.

Бірінші рет 1956 ж. «Коммунист» журналының 9-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

VII

Жазбалардың жалғасы.
29 декабрь, 1922 ж.

(ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ САНЫН КӨБЕЙТУ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМГЕ)

Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейтерде, менің ойымша, сонымен қатар және, бәлкім, көбінесе, түкке жарамай отырған біздің аппаратты тексеру және жақсарту ісімен де шұғылдану керек болар. Бұл мақсат үшін біз әбден жетік мамандардың қызметін пайдалануға тиіспіз, ал мұндай мамандармен қамтамасыз ету міндеті Жұмысшы-Шаруа инспекциясының міндеті болуға тиіс.

Жеткілікті білімдері бар, тексеру жөніндегі бұл мамандарды және Орталық Комитеттің осы жаңа мүшелерін қалай ұштастыру керектігіне келсек — бұл міндет іс үстінде шешілуге тиіс.

Менінше, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (өзінің дамуы нәтижесінде және оның дамуы жөнінде біздің түсініспеушіліктеріміздің салдарынан) қорыта келгенде қазір өзіміз байқап отырған нәрсеге жеткізген сияқты, атап айтқанда — ерекше халық комиссариатынан Орталық Комитет мүшелерінің ерекше функциясына көшу жағдайына жеткізген сияқты; бәрін бірдей ревизиялайтып мекемеден жақсы ақы төленуге тиіс, саны жағынан аз, бірақ бірінші дәрежелі ревизорлардың жиынына көшу жағдайына жеткізген сияқты (біздің ақы төленетін ғасырымызда және ревизорлар өздеріне ақыны жақсы төлейтін мекемелерде қызмет істеуге тікелей мүдделі болып отырған жағдайда мұның өзі өте-мөте қажет).

Егер Орталық Комитет мүшелерінің саны тиісінше көбейтілген болса және ол әбден жетік мамандар мен

барлық салаларда Жұмысшы-Шаруа инспекциясының әбден беделді мүшелерінің көмегі арқылы жылдан-жылға мемлекетті басқару курсынан өтетін болса,— сонда, менің ойымша, біз өзіміз осынша уақыт бойы шеше алмай келген бұл міндетті ойдағыдай шешеміз.

Демек, қорыта келгенде, Орталық Комитеттің 100 адамға дейін мүшесі болуы керек және олардың нұсқауы бойынша ревизия жасаушы 400—500-ден аспайтын көмекшілері — Жұмысшы-Шаруа инспекциясының мүшелері болуы керек.

Ленин

29 декабрь, 22 ж.
Жазып алған М. В.

Бірінші рет 1956 ж. «Коммунист» журналының 9-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

Жазбалардың жалғасы.
30 декабрь, 1922 ж.

ҰЛТТАР ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ «АВТОНОМИЯЛАНДЫРУ» ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ[210]

Автономияландыру туралы атышулы мәселеге, ресми түрде, сірә, советтік социалистік республикалар одағы туралы деп аталатын мәселеге барынша жігерлі және барынша шұғыл кіріспегенім үшін мен Россия жұмысшыларының алдында қатты кінәлы болсам керек.

Жазда, осы мәселе көтерілген кезде, мен науқас едім, ал одан соң, күзде, мен науқасымнан айығармын деп, октябрь және декабрь пленумдары менің бұл мәселеге араласуыма мүмкіндік берер деп қатты үміттендім. Бірақ, мен іс жүзіне келгенде октябрь пленумында да (осы мәселе жөнінде), декабрь пленумында да бола алмадым, сөйтіп бұл мәселе мүлде менсіз өтті деуге болады.

Мен тек Дзержинский жолдаспен ғана әңгімелесіп үлгердім, ол Кавказдан келіп, маған бұл мәселенің Грузияда қалай қойылып отырғанын айтып берді. Сонымен қатар мен Зиновьев жолдаспен де бір-екі ауыз сөз сөйлестім де, оған бұл мәселе жөніндегі өзімнің қаупімді білдірдім. Грузин жанжалын «тергеу» үшін Орталық Комитет жіберген комиссияны басқарған Дзержинский жолдастың хабарлаған нәрселерінен мен өте үлкен қауіп түйіп қалдым. Егер, маған Дзержинский жолдастың хабарлағанындай, мәселе Орджоникидзенің қол жұмсауына дейін барған болса, онда біздің қандай батпаққа барып түскенімізді көз алдымызға елестетуге болады. Сірә, осы «автономияландыру»

әуре-сарсаңының бәрі түп-тамырымен теріс және мезгілсіз болса керек.

Аппараттың бірлігі керек болды деседі. Бұлай иландырулар қайдан шықты екен? Мұның өзі менің күнделік дәптерімнің өткендегі номерлерінің бірінде өзім көрсетіп те өткендей, бізге патша өкіметінен қалған және болар-болмас қана советтік рең берілген российялық аппараттың дәл өзінен шықпады ма екен*.

Күмән жоқ, біз өз аппаратымызға өзіміздікі деп сенеміз деп айта алатындай болған кезге дейін бұл шараны қоя тұрған жөн болатын еді. Ал қазір біз шындығына келгенде бұған керісінше айтуға тиіспіз: біздің өз аппаратымыз деп отырғанымыз — өзімізге іс жүзінде әлі бүтіндей жат әрі өзі буржуазиялық және патшалық қойыртпақ болып табылатын аппарат, басқа елдерден көмек болмаған және соғыстағы «істеріміз», ашаршылыққа қарсы күресіміз бас көтертпей қойған бес жылдың ішінде бұл қойыртпақты өзгертуге ешқандай мүмкіндік болмады.

Осындай жағдайларда өзімізге дәлел ететін «одақтан шығу бостандығының» құр қағаз болып шығатыны өте табиғи нәрсе, бұл қағаз Российяның бұратана халықтарын нағыз орыс адамының, шовинист-великоростың, асылында, кәдімгі орыс бюрократы қандай болса, сондай оңбағанның, зорлықшының шапқыншылығынан қорғай алмайды. Күмән жоқ, советтік және советтендірілген жұмысшылардың болмашы проценті, сүтке түскен шыбындай шовинистік великорус азғындарының осы теңізіне батып кететін болады.

Бұл шараны қорғамақ болып, тікелей ұлттық психологияға, ұлттық ағарту ісіне қатысы бар халық комиссариаттарын бөліп шығардық деседі. Бірақ мұнда бұл халық комиссариаттарын толық бөліп шығаруға бола ма?— деген сұрақ және бұратана халықтарды орыстың нағыз ұр да жықтарынан шынымен қорғауға біз жеткілікті қамқорлықпен шаралар қолдандық па?— деген екінші сұрақ туады. Менің ойымша, қолдана алатын болсақ та, қолдануға тиіс болсақ та, біз бұл шараларды қолданғанымыз жоқ.

* Қараңыз: осы том, 387—391-беттер. *Ред.*

Менің ойымша, бұл жерде Сталиннің асығыстығы мен әкімшілікке әуестігі, сонымен қатар оның атышулы «социал-ұлтшылдыққа» қарсы ызалануы қатерлі роль атқарды. Жалпы алғанда ызалану дегеннің өзі саясатта, әдетте, нағыз жаман роль атқарады.

Сонымен қатар мен осы «социал-ұлтшылдардың» «қылмыстары» туралы істі тергеу үшін Кавказға барған Дзержинский жолдас та бұл арада өзінің тек қана нағыз орыстық пиғылымен көзге түсті ме деп қорқамын (жұртқа мәлім, орыс болып кеткен бұратана адамдар нағыз орыстық пиғылдан әрдайым асып түсіп отырады) және оның күллі комиссиясының әділ болу-болмауын Орджоникидзенің «қол жұмсауы» жеткілікті сипаттай ма деп қорқамын. Менің ойымша, осы орыстық қол жұмсаушылықты ешқандай арандатушылықпен, тіпті ешқандай қорлаушылықпен ақтауға болмайды және Дзержинский жолдас бұл қол жұмсаушылыққа жеңіл-желпі қарағаны үшін кешірілмейтіндей кінәлы.

Орджоникидзе Кавказдағы барлық былайғы азаматтар үшін өкімет адамы еді. Оның өзі де, Дзержинский де дәлел етіп отырған ашу-ызаға ерік беруге Орджоникидзенің правосы жоқ еді. Қайта, Орджоникидзе бірде-бір жай азамат, әсіресе «саяси» қылмыс жөнінде айыпталушы азамат міндетті болмайтын ұстамдылық көрсетуге міндетті еді. Ал, шынын айтқанда, социал-ұлтшылдар дегеніміз саяси қылмыс жөнінде айыпталушы азаматтар ғой және бұл айыптаудың барлық жағдайы оны тек солай ғана таныта алған еді ғой.

Енді бұл арада: интернационализм дегенді қалай түсіну керек? — деген принциптік маңызды мәселе туып отыр*.

Ленин

30. XII. 22 ж.
Жазып алған М. В.

---

* Бұдан әрі стенографиялық жазбада мынадай текст сызылып тасталған: «Біздің жолдастар осындай принциптік маңызды мәселені жете түсінбеген ғой деп ойлаймын». *Ред.*

Жазбалардың жалғасы.
31 декабрь, 1922 ж.

ҰЛТТАР ТУРАЛЫ НЕМЕСЕ «АВТОНОМИЯЛАНДЫРУ» ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

(Жалғасы)

Мен өзімнің ұлт мәселесі жөніндегі шығармаларымда жалпы ұлтшылдық туралы мәселені абстракт түрде қою мүлдем жарамсыз деп жазған болатынмын. Езуші ұлттың ұлтшылдығы мен езілген ұлттың ұлтшылдығын, үлкен ұлттың ұлтшылдығы мен кішкене ұлттың ұлтшылдығын ажырата білу қажет.

Екінші ұлтшылдық жөнінде тарихи практикада әрдайым дерлік біз, үлкен ұлттың өкілдері, сансыз көп зорлық жасап кінәлы болып жүрміз, тіпті одан да асып — өзіміз байқамайтын сансыз көп зорлық, зәбір көрсетеміз,— бұл жөнінде менің Волгадағы есте қалғандарымды еске алудың өзі-ақ жеткілікті: бізде бұратана халықтарды ылғи кемсітетін, полякты басқаша емес, «полячишка» деп атайтын, татарды басқаша емес, «князь» деп келемеждейтін, украинды басқаша емес, «хохол» деп атайтын, грузинді және Кавказдың басқа да халықтарын — «капказ адамы» деп атайтын.

Сондықтан езуші немесе «ұлы» ұлт деп аталатын ұлттың (ұлы болғанда өзінің зорлықтарымен ғана ұлы, ұлы болғанда ұр да жықтың ұлылығындай ғана ұлы ұлттың) интернационализмі ұлттардың формальдық теңдігін сақтауда ғана болмауға тиіс, сонымен қатар өмірде іс жүзінде қалыптасқан теңсіздіктің есесін езуші ұлттың, үлкен ұлттың тарапынан өтейтін теңсіздікте де болуға тиіс. Кімде-кім мұны түсінбесе, ол адамның ұлт мәселесіне шын пролетарлық көзқарасты түсінбегені, ол адамның, асылында, ұсақ буржуазиялық көзқараста қалғаны, сондықтан да оның минут сайын буржуазиялық көзқарасқа ауытқымай тұра алмайтын болғаны.

Пролетар үшін не нәрсе маңызды? Пролетар үшін пролетарлық тап күресінде өзіне бұратана халықтардың барынша сенуін қамтамасыз ету маңызды болып

қапа қоймайды, сонымен бірге шын мәнінде қажетті де. Бұл үшін не қажет? Бұл үшін тек формальдық теңдік қапа қажет емес. Бұл үшін өткен тарихи дәуірде «ұлы державалы» ұлт үкіметінің бұратана халыққа көрсеткен сенімсіздігін, күдікшілдігін, жәбір-жапасын енді оған деген өзінің ықыласымен, өзінің кеңпейілділігімен қайткеп күпде де өтеу қажет болады.

Менің ойымша, большевиктер үшін, коммунистер үшін мұны одан әрі, толық түсіндіріп жатудың керегі жоқ. Сондықтан, менің ойымша, бұл ретте, грузин ұлты жөнінде, біз өзіміздің тарапымыздан мәселеге шын пролетарлық көзбен қарап, барынша абай болу, ілтипатты болу, кеңшілік жасау керек болатындығының нағыз мысалын көріп отырмыз. Мәселенің осы жағына немқұрайды қарайтын, «социал-ұлтшылдық» деген айыптауды оңды-солды қолдана беретін грузин (оның өзі нағыз, шын «социал-ұлтшыл» болып қана қоймай, сонымен қатар дөрекі великорус ұр да жығы болып отырғанда), ол грузин, асылына келгенде, пролетарлық таптық ынтымақ мүдделерін бұзады, өйткені пролетарлық таптық ынтымақтың дамуы мен нығаюын дәл ұлттық әділетсіздік сияқты нәрседен басқа ештеңе де бөгей алмайды, және де «зәбірленген» ұлт өкілдері теңдік сезіміне, осы теңдіктің тіпті ұқыпсыздықтан болса да, тіпті әзіл түрінде болса да бұзылуына, өзінің пролетар жолдастарының бұл теңдікті бұзуына бәрінен де гөрі кінәмшіл келеді. Міне сондықтан да бұл ретте аз ұлттарға кеңшілік пен жұмсақтық жасау жөнінде сараңдық көрсеткеннен гөрі жомарттық жасағанның өзі жақсы. Міне сондықтан да бұл ретте пролетарлық ынтымақтың түпкі мүддесі, ал олай болса пролетарлық тап күресінің де түпкі мүддесі ұлт мәселесіне біздің ешқашан формальды түрде қарамауымызды, қайта, езілген (немесе аз) ұлт пролетарының езуші (немесе үлкен) ұлт пролетарына көзқарасында міндетті түрде болатын айырмашылықты әрқашан ескеріп отыруымызды талап етеді.

Ленин

Жазып алған М. В.
31. XII. 22 ж.

Жазбалардың жалғасы.
31 декабрь, 1922 ж.

Ал енді осындай жағдайда қандай практикалық шаралар қолдану керек?

Біріншіден, социалистік республикалар одағын сақтап, нығайту керек; бұл шара жөнінде күмән болмауға тиіс. Бұл шара бүкіл дүние жүзілік буржуазияға қарсы күресу үшін және оның интригасынан қорғану үшін, бүкіл дүние жүзілік коммунистік пролетариатқа қандай қажет болса, бізге де сондай қажет.

Екіншіден, социалистік республикалар одағын дипломатиялық аппарат тұрғысында сақтау керек. Реті келгенде айта кетейін, бұл аппарат біздің мемлекеттік аппаратымыздың құрамындағы ерекше аппарат. Бұл аппаратқа біз ескі патшалық аппараттан азды-көпті ықпалды деген бірде-бір адамды жіберген жоқпыз. Онда азды-көпті беделді деген бүкіл аппарат коммунистерден құралды. Сондықтан бұл аппарат, өзіміз былайғы халық комиссариаттарында қанағат қылуға мәжбүр болып отырған аппаратқа қарағанда, ескі патшалық, буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық аппараттан салыстыруға болмайтын, өлшеусіз көп дәрежеде тазартылған, сыннан өткен коммунистік аппарат атағына қазірдің өзінде-ақ ие болып отыр (мұны батыл айтуға болады).

Үшіншіден. Орджоникидзе жолдасты сабақ боларлықтай етіп жазалау керек (мұны қатты қынжыла айтып отырмын, өйткені өз басым оның достарының бірімін және онымен шетелде эмиграцияда жұмыс істедім), сонымен қатар Дзержинскийдің комиссиясының барлық материалдарын, онда күмәнсыз орын алып отырған толып жатқан теріс пәрселер мен әділетсіз пікірлерді түзету үшін, жеріне жеткізе тергеу немесе қайтадан тергеу керек. Бүкіл осы барып тұрған великорустық-ұлтшылдық науқанға, әрине, Сталин мен Дзержинскийді саяси-жауапты ету керек.

Төртіншіден, біздің одағымызға кіретін өзге ұлт республикаларында ұлт тілін қолдану жөнінде мейлінше қатаң ережелер енгізіп, бұл ережелерді өте-мөте

мұқият тексеру керек. Күмән жоқ, темір жол қызметінің бірлігі деген желеумен, фискалдық бірлік деген және тағы басқа желеумен бізде, қазіргі аппаратымыздың тұсында, нағыз орыстық сипаттағы толып жатқан қиянаттар орын алатын болады. Осы қиянаттарға қарсы күресу үшін, осындай күресті қолға алатын адамдардың ерекше адал пиетті болуын айтпағанның өзінде, ерекше тапқыр болу қажет. Бұл арада егжей-тегжейлі кодекс керек болады, оны сол республикада тұратын ұлт өкілдері ғана азды-көпті ойдағыдай етіп жасай алады. Оның бер жағында бүкіл осы жұмыстың нәтижесінде Советтердің келесі съезінде қайтадан кері оралудан, яғни советтік социалистік республикалар одағын тек әскери жағдай мен дипломатия жағдайында ғана сақтап, басқа жағдайлардың бәрінде жеке халық комиссариаттарының толық дербестігін қалпына келтіруден күні бұрын бас тартуға ешбір болмайды.

Мынаны есте ұстау керек: егер партия беделі азды-көпті дәрежеде жеткілікті сақтықпен және әділдікпен қолданылатын болса, онда халық комиссариаттарының бөлшектелуі және Москва мен басқа орталықтар жөнінде олардың жұмысының арасындағы үйлеспеушілік партия беделінің өзімен-ақ зиянсыз етіледі; орыс аппаратымен біріккен ұлт аппараттарының болмауынан біздің мемлекетімізге келетін зиян, бізге ғана емес, сонымен қатар бүкіл Интернационалға да келетін, таяу уақытта, бізден кейін іле-шала, тарихи майдан сахнасына шыққалы отырған Азияның жүз миллиондаған халықтарына келетін зияннан өлшеусіз кем, шексіз кем. Егер біз Шығыстың осы аттанысы қарсаңында және оның ояна бастаған кезінде, өзіміздің ішіміздегі бұратана халықтар жөнінде титтей де болса дөрекі мінез көрсетіп, әділетсіздік жасап, Шығыста өз беделімізге нұқсан келтірер болсақ, мұның өзі кешірілмейтін оппортунизм болар еді. Капиталистік дүниені қорғайтын Батыс империалистеріне қарсы топтасу қажеттігі — жөні бөлек мәселе. Мұнда ешқандай күмән болмауға тиіс, сондықтан менің бұл шараларды сөзсіз мақұлдайтынымды айтып жатуым артық. Тіпті ұсақ-түйек нәрседе болса да езілуші халықтар

жөніндегі империалистік козқарастарға өзіміз бой ұрсақ, мұнымен озіміздің бүкіл принциптік адал ниетімізге, империализмге қарсы жүргізілетін күресті өзіміздің барынша принципшілдікпен қорғайтындығымызға әбден нұқсан келтіретін болсақ, мұның жөні — басқа мәселе. Ал бүкіл дүние жүзілік тарихтағы ертеңгі күн — атап айтқанда империализм езгісіндегі халықтардың оянып, біржолата ұйқысы ашылатын күн және оларды азат ету жолында ұзақ уақытқа созылатын, батыл да ауыр шайқас басталатын күн болмақ.

Ленин

31. XII. 22 ж.
Жазып алған М. В.

Бірінші рет 1956 ж. «Коммунист» журналының 9-номерінде басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРДІҢ БЕТТЕРІНЕН[211]

Россия халқының сауаттылығы жөнінде 1920 жылғы санақтың деректері бойынша таяуда шыққан еңбек («Россиядағы сауаттылық», Москва, 1922 ж., Орталық статистика басқармасы, Халыққа білім беру статистикасы бөлімі) өте маңызды құбылыс болып табылады.

Төменде Россия халқының 1897 және 1920 жылдардағы сауаттылығының осы еңбектен алынған кестесін келтіріп отырмын:

	1000 еркектің сауаттысы:		1000 әйелдің сауаттысы:		Бүкіл халықтың әрбір 1000 адамының сауаттысы:	
	1897 ж.	1920 ж.	1897 ж.	1920 ж.	1897 ж.	1920 ж.
1. Европалық Россия . .	326	422	136	255	229	330
2. Солтүстік Кавказ . . .	241	357	56	215	150	281
3. Сибирь (Батыс)	170	307	46	134	108	218
Барлығы . . .	318	409	131	244	223	319

Біз пролетарлық мәдениет жөнінде және оның буржуазиялық мәдениетпен арақатынасы жөнінде мылжыңдап жүрген уақытта бізге фактілер тіпті буржуазиялық мәдениет жөнінде де біздегі істің өте нашар екендігін көрсететін цифрлар беріп отыр. Күткендейақ, жағдай былай болып шықты: жалпы сауаттылық

жөнінде біз әлі де өте көп артта қалыппыз, тіпті патша уақытындағымен (1897 жылмен) салыстырғанда да біздің ілгері басуымыз тым баяу болып шықты. Мұның өзі «пролетарлық мәдениетті» қиялдап жүргендер және қиялдамақшы болғандар үшін айбынды сақтандыру және кінәлау болмақ. Мұның өзі Батыс Европаның кәдуілгі цивилизациялы мемлекетінің деңгейіне жету үшін бізге әлі қаншалықты қажырлы қарапайым жұмыс істеу керек екендігін көрсетеді. Содан соң, мұның өзі пролетарлық табыстарымыздың негізінде шын мәнінде азды-көпті мәдени дәрежеге жету үшін қазір біздің қандай көп жұмыс істеуіміз керек екендігін көрсетеді.

Біз осындай даусыз, бірақ тым теориялық қағидамен шектеліп қалмауымыз керек. Өзіміздің тоқсандық бюджетімізді таяуда қайта қарағанда біз бұл іске практика жүзінде де кірісуіміз керек. Әрине, ең алдымен Халық ағарту комиссариатының шығыны емес, басқа ведомстволардың шығындары қысқартылуға тиіс, сөйтіп босаған қаржы Халық ағарту комиссариатының мұқтажына жұмсалуға тиіс. Астық жағынан біз біршама тәуір қамтамасыз етіліп отырған биылғыдай жылда мұғалімдерге берілетін астықтың мөлшерін көбейту жөнінде сараңдық жасамауымыз керек.

Қазір халыққа білім беру саласында жүргізіліп жатқан жұмысты, жалпы айтқанда, тым тар өрісті жұмыс деп атауға болмайды. Байырғы мұғалімдерді орнынан қозғау үшін, оларды жаңа міндеттерге тарту үшін, оларды педагогика мәселелерін жаңаша қою арқылы ынталандыру үшін, дін мәселесі сияқты мәселелер жөнінде ынталандыру үшін істеліп жатқан іс тіпті де аз емес.

Бірақ біз басты нәрсені істемей отырмыз. Біз халық мұғалімін тиісті сатыға көтеру жөнінде қамқорлық көрсетпей отырмыз немесе қамқорлықты тым жеткіліксіз көрсетіп отырмыз, ал мұнсыз ешқандай мәдениет туралы: пролетарлық мәдениет туралы да, тіпті буржуазиялық мәдениет туралы да сөз болуы мүмкін емес. Әңгіме біз осы уақытқа дейін құтыла алмай келе жатқан және шындап күш салмайынша құтыла алмай-

тын жартылай азиаттық мәдениетсіздік жөнінде болуға тиіс, ал бұдан құтылу үшін біздің мүмкіндігіміз бар, өйткені ешбір жерде халық бұқарасы нағыз мәдениетке біздегідей ынталы емес; ешбір жерде осы мәдениет мәселелері біздегідей терең, дәйекті түрде қойылып отырған жоқ; ешбір жерде, ешбір елде мемлекеттік өкімет жұмысшы табының қолында емес, ал жұмысшы табының көпшілігі өзінің, мәдениеттілігінің демей-ақ қояйын, сауаттылығының олқылықтарын өте жақсы түсінеді; ешбір жерде жұмысшы табы осы жөніндегі өз жағдайын жақсарту үшін біздегідей құрбандықтар жасауға әзір емес және ондай құрбандықтар жасамайды да.

Өзіміздің бүкіл мемлекеттік бюджетімізді ең алдымен халықтың бастауыш білім алу жөніндегі талап-тілектерін қанағаттандыруға бағыттау үшін бізде әлі өте аз, өлшеусіз аз жұмыс істеліп отыр. Тіпті біздегі Халық ағарту комиссариатында да екінің бірінде қайдағы бір Мемлекеттік баспаның шектен тыс үлкен штаттарын көруге болады, ал бұл арада мемлекеттің баспаны қамқорлыққа алуы емес, қайта оқи алатын адамдардың болуына, оқи білетіндер санының көп болуына, баспаның саяси өрісі болашақ Россияда кең болуына қамқорлық жасауы бірінші орында тұруға тиіс екеніне ешбір көңіл бөлінбейді. Біз әлі де ескі (оңбаған) дағды бойынша, халықтың сауаттылығы жөніндегі жалпы саяси мәселеге қарағанда, баспа туралы мәселе сияқты техникалық мәселелерге тым көп уақыт бөліп, көп күш жұмсап жүрміз.

Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарманы алсақ, мұнда да ведомстволық мүддемен далитылған және халықтың кеңінен білім алу жөніндегі талап-тілектеріне бейімделмеген көптеген артық нәрселерді табуға болатындығына біз сенеміз. Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармада біраз нәрсе алдымен біздегі фабрика-завод жастарының білімін көтеріп, оған практикалық бағыт берудің заңды талабынан тумай отыр. Егер Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарманың штаттарын зер салып қарап көрсек, бұларда осы тұрғыдан қарағанда талайы далитылған және орынсыз

ойдан шығарылған және жабылуға тиісті болып шығады. Пролетар-шаруа мемлекетінде әлі толып жатқан нәрсені халық сауаттылығын дамыту үшін үнемдеуге болады және үнемдеу керек, мұны не жарым-жартылай байбатшалық типтегі әр түрлі ойыншықтарды, не, халықтың сауаттылығы статистикада көрсетілген қалпында тұрғанда біз оларсыз да күн көре алатын, біз әлі ұзақ уақыт күн көре алатын және біз оларсыз да күн көруге тиіс мекемелерді жабу арқылы істеуге болады.

Бізде халық мұғалімі буржуазиялық қоғамда еш уақытта жетпеген, жетпейтін және жете де алмайтын жоғары дәрежеге қойылуға тиіс. Бұл — дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат. Істің мұндай жағдайына біз халық мұғалімінің рухани жағынан көтерілуі жөнінде де, оны өзінің шын жоғары атағын ақтауға барлық жағынан әзірлеу жөнінде де, ал бастысы, бастысы және бастысы — оның материалдық жағдайын көтеру жөнінде де ұдайы, тынбастан табанды түрде жұмыс істеу арқылы жетуге тиіспіз.

Халық мұғалімдері осы кезге дейін барлық капиталистік елдердің бәрінде буржуазиялық құрылыстың тірегі болып отыр, оларды осы буржуазиялық құрылыстың тірегінен совет құрылысының тірегіне айналдыру үшін, олар арқылы шаруаларды буржуазиямен одақ жасаудан аулақтатып, пролетариатпен одақ жасауға тарту үшін халық мұғалімдерін ұйымдастыру жөніндегі жұмысты ұдайы күшейте беру керек.

Қысқаша айта кетейін, деревняға ұдайы барып тұру бұл орайда ерекше роль атқаруға тиіс, оның бер жағында, мұның өзі бізде қазірдің өзінде жүзеге асырылып отыр және мұның өзі жоспарлы түрде дамытылуға тиіс. Деревняға бару сияқты шаралардан ақшаны аямау керек, ақшаны біз екінің бірінде түгелдей дерлік ескі тарихи заманға жататын мемлекеттік аппаратқа бостан-босқа шашып отырмыз.

Мен 1922 жылы декабрьде Советтер съезінде сөйленбей қалған сөзіме арнап қалалы жерлердегі жұмысшылардың деревня тұрғындарына қамқорлық жасауы жөнінде материал жинадым. Бұл жөнінде кейбір мате-

риалдарды маған Ходоровский жолдас берді, мен өзім бұл тақырыпты талдап, Советтер съезі арқылы жариялап үлгермегендіктен, оны енді талдау үшін жолдастардың алдына қойғалы отырмын.

Бұл арада негізгі саяси мәселе — қаланың деревняға қатынасы, біздің бүкіл революциямыз үшін мұның шешуші маңызы бар. Буржуазиялық мемлекет барлық күш-жігерін қала жұмысшыларын топастандыруға ұдайы бағыттап, мемлекет есебінен, патшалық және буржуазиялық партиялардың есебінен шығатын бүкіл әдебиетті осы мақсатқа бейімдеп отырғанда, біз өз өкіметімізді қала жұмысшысын село пролетариаты арасына коммунистік идеяларды шын мәнінде таратушы етуге пайдалана аламыз және пайдалануға тиіспіз.

Мен «коммунистік» идеяларды дедім, сондықтан түсінбестік туғызып аламын ба немесе жұрт тым бір беткей түсініп қала ма деп ойлап, дереу ескерту жасағалы отырмын. Мұны ешбір жағдайда да біз деревняға таза және тар мағынадағы коммунистік идеяларды бірден жеткізуге тиіспіз деп түсінуге ешбір болмайды. Біздің деревняда коммунизм үшін әлі материалдық негіздер жоқ болып отырғанда, мұны зиянды деуге болады, мұны коммунизм үшін апатты деуге болады.

Жоқ. Қала мен деревня арасында қарым-қатынас орнатудан бастау керек, деревняға коммунизм енгізуді мезгілі жетпей тұрып мақсат етіп әсте қоймау керек. Мұндай мақсатқа жету қазір мүмкін емес. Мұндай мақсат мезгілсіз. Мұндай мақсаттың қойылуы іске пайда орнына зиян келтіреді.

Ал қала жұмысшылары мен деревня қызметкерлерінің арасында қарым-қатынас орнату, олардың арасында жолдастықтың оңай жасала алатын формасын орнату,— бұл біздің міндетіміз, мұның өзі өкімет басында тұрған жұмысшы табының негізгі міндеттерінің бірі. Бұл үшін фабрика-завод жұмысшыларынан бірсыпыра (партиялық, кәсіптік, жеке) бірлестіктер құру қажет, бұлар деревняға оның мәдени дамуына көмек көрсетуді өздеріне үнемі мақсат етіп қоятын болуға тиіс.

Тиісті деревня ұясына «бекітілген» әрбір жұмысшы ұясы өзінің серіктес ұясының белгілі бір мәдени талап-тілегін қанағаттандырмақ болып кез келген ыңғайлы сәтте, кез келген жағдайда үнемі қамқорлық жасап отыруы үшін барлық қалалық ұяларды барлық деревнялық ұяларға «бекіту» мүмкін болар ма екен? Немесе байланыстың басқа формаларын іздеп табудың сәті түсе ме? Бұл мәселеге жолдастардың назарын аудару үшін, Батыс Сибирьдің қазіргі бар тәжірибесін көрсету үшін (бұл тәжірибені маған Ходоровский жолдас айтты) және бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар осы орасан зор мәдени міндетті бүкіл көлемінде алға қою үшін мен бұл арада мәселені тек алға қоюмен ғана шектелемін.

Біз деревня үшін өзіміздің ресми бюджетімізден басқа немесе өзіміздің ресми қарым-қатынастарымыздан басқа ештеңе істеп отырғанымыз жоқ деуге болады. Рас, бізде қала мен деревняның мәдени қарым-қатынастары өзінен-өзі туып және сөзсіз басқа сипат алып отыр. Капитализм тұсында қаланың деревняға бергендері деревняны саяси, экономикалық, адамгершілік жағынан аздыратын, т. с. кері кетіретін. Бізде қала өзінен-өзі деревняға оның мүлде қарама-қарсы нәрселерді бере бастады. Бірақ осының бәрі атап айтқанда өзінен-өзі, стихиялы түрде жасалып отыр, ал осы жұмысқа саналылық, жоспарлылық және жүйелілік енгізу арқылы осылардың бәрін күшейтуге (ал содан кейін жүз есе арттыруға) болады.

Бұл мәселені зерттеген кезде ғана, бұл мәселені алға қою, оны талқылау және оны іске асыру үшін жұмысшылардың әр түрлі бірлестіктерін — бұлардың бюрократтануына әсте жол бермей — құрған кезде ғана біз ілгері баса бастаймыз (ал ол кезде біздің жүз есе жылдам ілгері баса бастайтынымыз анық).

2 январь, 1923 жыл.

«Правда» № 2, 4 январь, 1923 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Секретарьдың газет текстімен салыстырылған жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

КООПЕРАЦИЯ ТУРАЛЫ[212]

I

Бізде, меніңше, кооперацияға жеткілікті көңіл бөлінбей жүр. Қазіргі кезде, Октябрь революциясынан бері қарай және жаңа экономикалық саясатқа қарамастан (қайта, бұл орайда: жаңа экономикалық саясаттың арқасында деуге тура келеді), кооперацияның бізде мүлде ерекше маңыз алып отырғанын жұрттың бәрі бірдей түсіне ме екен. Бұрынғы кооператорлардың армандарында қиял көп. Олар өздерінің қиялшылдығынан көбінесе күлкі болып жүр. Ал олардың қиялшылдығы неде? Ол мынада: бұл адамдар жұмысшы табының қанаушылар үстемдігін құлату жолындағы саяси күресінің негізгі, түпкі маңызын түсінбейді. Қазір бізде қанаушылар үстемдігі құлатылды, сондықтан енді, бұрынғы кооператорлардың армандарындағы қиялшылдық, тіпті романтикалық, тіпті сөлекеттік болып көрінген нәрселердің көбі нағыз боямасыз шындыққа айналып келе жатыр.

Шынында да, бізде мемлекеттік өкімет жұмысшы табының қолында болып отыр екен, барлық өндіріс құрал-жабдықтары осы мемлекеттік өкіметтің қарамағында болып отыр екен, бізде, шынында да, халықты кооперативтендіру міндеті ғана қалды. Тап күресінің, саяси өкіметке ие болу жолындағы күрестің, т. т. қажеттігіне енді әбден иланып отырған адамдар тарапынан бұрын заңды түрде келеке етіліп, күлкіге айналдырылып, немқұрайды қаралып келген социализм халықты барынша кооперативтендіру жағдайында өзінен-өзі мақсатына жетеді. Ал Россияны кооператив-

тендірудің біз үшін қазір қандай орасан зор, шексіз кең маңыз алып отырғанын жолдастардың бәрі бірдей түсініп жүрген жоқ. Біз жаңа экономикалық саясатта саудагер ретіндегі шаруаға, жеке сауда принципіне кеңшілік жасадық; кооперацияның зор маңызы (жұрттың ойлағанына керісінше) нақ осыдан келіп туады. Асылын айтқанда, жаңа экономикалық саясаттың үстемдігі тұсында орыс халқын жеткілікті түрде кең де терең қамтып кооперативтендірсек,— бізге бар керегінің өзі осы, өйткені қазір біз жеке мүддені, жеке сауда мүддесін біріктірудің, оны мемлекет тарапынан тексеріп, бақылап отырудың сатысын таптық, ол мүддені жалпы мүдделерге бағындырудың сатысын таптық; мұның өзі бұрын талай-талай социалистер үшін негізгі бөгет болып келген еді. Шынында да, барлық ірі өндіріс құрал-жабдықтарының мемлекет билігінде болуы, мемлекет билігінің пролетариат қолында болуы, бұл пролетариаттың әлденеше миллиондаған ұсақ және ең ұсақ шаруалармен одақ жасасуы, шаруаларға осы пролетариат басшылығының қамтамасыз етілуі және т. т.— міне керекті нәрсенің бәрі осы емес пе, кооперация арқылы, бұрын саудагерлік кооперация деп өзіміз жақтырмай келген кооперация арқылы,— қазіргі жаңа экономикалық саясат тұсында да белгілі бір жағынан нақ солай жақтырмауға правомыз бар кооперация арқылы, тек бір ғана кооперация арқылы толық социалистік қоғамды орнату үшін қажетті нәрсенің бәрі осы емес пе? Бұл әлі социалистік қоғамды орнатқандық емес, бірақ социалистік қоғамды орнату үшін қажетті және жеткілікті нәрсенің бәрі осы.

Міне нақ осы жағдайды біздің практикалық қызметкерлеріміздің көбі жеткілікті бағаламай жүр. Бізде жұрт кооперацияға немқұрайды қарайды, біріншіден, принцип жағынан (өндіріс құрал-жабдықтарына меншік мемлекеттің қолында), екіншіден, мүмкін болғанынша неғұрлым *оңай, жеңіл, шаруаның қолы жетерлік* жол арқылы жаңа тәртіпке көшу жағынан осы кооперацияның ерекше маңызы бар екенін түсінбейді.

Ал басты мәселе тағы да осында ғой. Социализмді орнатуға арналған әр түрлі жұмысшы бірлестіктері

жөнінде қиялға берілудің жөні бөлек, социализмді орнатуға *әрбір* ұсақ шаруа қатыса алатындай етіп осы социализмді практика жүзінде құрып үйренудің жөні бір болек. Біз қазір нақ осы сатыға жетіп те отырмыз. Сол сатыға жеткенімізбен, оны мейлінше аз пайдаланып отырғанымыз да күмәнсыз.

Біз жаңа экономикалық саясатқа көшкенде асыра сілтедік, асыра сілтегенде еркін өнеркәсіп пен сауда принципіне тым көп орын беру арқылы асыра сілтеген жоқпыз, біз жаңа экономикалық саясатқа көшкенде кооперация туралы ойлауды ұмыту, кооперацияны қазір жете бағаламау, кооперацияның жоғарыда көрсетілген екі жағынан бірдей өте зор маңызы бар екенін қазірдің өзінде ұмыта бастау арқылы асыра сілтедік.

Мен енді осы «кооперативтік» принципке сүйене отырып, практика жүзінде қазір нақ не істеуге болатындығы және не істеу керек екендігі туралы оқушымен сөйлескелі отырмын. «Кооперативтік» принциптің социалистік маңызы барша жұртқа және әрбір адамға айқын болуы үшін оны нақ қазір қандай жолдармен дамытуға болады және қандай жолдармен дамыта бастау керек?

Кооперацияны саяси жағынан былайша қою керек: кооперацияға жалпы алғанда және әрқашан белгілі бір жеңілдік беріліп қана қоймай, бұл жеңілдік таза мүліктік жеңілдік (банктің беретін процентінің жоғары мөлшері, т. с.) болуға тиіс. Кооперацияға мемлекет қаражатынан қарыз беру керек; ол қаражат жеке меншік кәсіпорындарға, тіпті ауыр өнеркәсіпке, т. т. өзіміз қарызға беріп отырған қаражаттан аз да болса асып түсетін болуы керек.

Әрбір қоғамдық құрылыс белгілі бір таптың финанс жағынан қолдауы арқасында ғана туады. «Еркін» капитализмнің тууына жұмсалған әлденеше жүз миллиондаған сомды еске түсіріп жатудың керегі жоқ. Қазіргі уақытта өзіміз әдеттегіден тыс қолдауға тиіс болып отырған қоғамдық құрылыс — кооперативтік құрылыс екенін енді түсініп, оны іске асыруымыз керек. Бірақ оны қолдағанда осы сөздің шын мағынасында қолдау керек, яғни бұл қолдауды кез келген

кооперативтік айналымды қолдау деп ұғу жеткіліксіз,— бұл қолдауды *халықтың шын бұқарасы шын мәнінде қатысып отырған* кооперативтік айналымды қолдау деп ұғу керек. Кооперативтік айналымға қатысып жүрген шаруаға сыйлық беріп отыру керек, бұл — сөзсіз дұрыс форма, бірақ бұл арада сол қатысуды және оның сапалылығы мен сапалылығын тексеріп отыру керек,— мәселенің түйіні осында. Кооператор деревняға келіп, кооператив дүкенін ашқанда, ашық айтсақ, халық оған ешбір қатыспайды, сөйте тұра ол өзінің жеке пайдасын көздеп, оған қатысып көруге асығады.

Бұл істің басқа бір жағы да бар. Кооперация жұмыстарына жұрттың бәрін тегіс қатыстыру үшін, қатыстырғанда енжар түрде емес, белсенді түрде қатыстыру үшін, «цивилизациялы» (бәрінен бұрын сауатты) европалықтар тұрғысынан қарағанда, біз енді аз ғана жұмыс істеуіміз керек. Дұрысын айтқанда, бізге *«тек қана»* бір нәрсе қалды: халқымызды кооперацияға тегіс қатысудан түсетін барлық пайданы түсініп, өзінің қатысуын жолға қоятындай дәрежеде «цивилизациялы» етуіміз керек. *«Тек қана»* осы. Социализмге көшу үшін бізге енді басқа ешқандай даналықтың керегі жоқ. Бірақ осы «тек қананы» жүзеге асыру үшін тұтас төңкеріс керек, бүкіл халық бұқарасының мәдени дамуының тұтас бір кезеңі керек. Сондықтан біздің ережеміз: данасуды мүмкіндігіне қарай неғұрлым азайта түсу, тілмарсуды мүмкіндігіне қарай неғұрлым азайта түсу болуға тиіс. Бұл тұрғыдан алып қарағанда жаңа экономикалық саясат нағыз кәдуілгі шаруаның дәрежесіне үйлесетіндігі, одан шама жетпейтін ештеңе де талап етпейтіндігі жағынан прогресс болып табылады. Бірақ жаңа экономикалық саясат арқылы бүкіл халықты кооперацияға тегіс қатыстыру үшін — міне осы үшін тұтас бір тарихи дәуір керек. Біз бұл дәуірден, жағдай жақсы болса, он-жиырма жылдың ішінде өте аламыз. Бірақ, дегенмен де, бұл ерекше тарихи дәуір болады, ал осы тарихи дәуір болмайынша, жұрт тегіс сауатты болмайынша, жеткілікті дәрежеде зейінді болмайынша, кітапты пайдалануға халықты жеткілікті дәрежеде дағдыландырмайынша,

бұған материалдық негіз болмайынша, айталық, егіннің шықпай қалушылығынан, ашаршылықтан, т. т. белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етілмейінше,— міне осылар болмайынша, біз өз мақсатымызға жете алмаймыз. Енді бүкіл істің түйіні мынада: біз қазірдің өзінде көрсеткен, көрсеткенде жеткілікті мөлшерде көрсетіп, толық табыспен баянды еткен революциялық қарқынымызды, революциялық энтузиазмымызды, міне, осыны (мен бұл арада былай деп айтуға әзірмін деуге болады) зейінді, сауатты саудагер бола білумен ұштастыра білу керек; жақсы кооператор болу үшін осының өзі-ақ әбден жеткілікті. Мен саудагер бола білу дегенді мәдениетті саудагер бола білу деп түсінемін. Орыс адамдары немесе жалпы шаруалар мұны көкейіне тоқып алатын болсын; олар: сауда істеп жүрсем — саудагер бола білгенім, деп ойлайды. Бұл мүлде дұрыс емес. Ол сауда істеп жүр, бірақ бұдан мәдениетті саудагер бола білу әлі тым алыс жатыр. Ол қазір азиаттарша сауда істеп жүр, ал саудагер бола білу үшін европалықтарша сауда істеу керек. Бұдан оны тұтас бір дәуір бөліп тұр.

Бітірейін: кооперацияға экономика, финанс, банк жағынан бірсыпыра артықшылық берілсін; біздің социалистік мемлекеттің халықты ұйымдастырудың жаңа принципін қолдауы осылай болуға тиіс. Бірақ мұнымен міндет тек қана жалпы түрде қойылып отыр, өйткені бұл арада міндеттің бүкіл мазмұны практикалық жағынан әлі тәптіштеп көрсетілмей, белгіленбей қалып отыр, яғни кооперативтену үшін өзіміз беретін «сыйлықтар» формасын (және оларды берудің шарттарын), кооперацияға жеткілікті дәрежеде көмектесуімізге мүмкіндік беретін сыйлықтар формасын, цивилизациялы кооператор тәрбиелеп шығаруымызға мүмкіндік беретін сыйлықтар формасын іздеп таба білу керек. Ал өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік болған кездегі, тап ретінде пролетариат буржуазияны жеңген кездегі цивилизациялы кооператорлар құрылысы дегеніміз — социализм құрылысы.

4 январь, 1923 жыл.

II

Мен жаңа экономикалық саясат туралы жазғанда, өзімнің мемлекеттік капитализм туралы 1918 жылғы мақаламнан үнемі цитат келтіріп отырдым*. Бұл кейбір жас жолдастардың күмәндануына талай рет себеп болды. Бірақ олардың күмәндануы көбінесе абстракциялық-саяси бағытта болып отырды.

Олардың ойынша, өндіріс құрал-жабдықтары жұмысшы табының қолында болып отырған, мемлекеттік өкімет те сол жұмысшы табының қолында болып отырған құрылысты мемлекеттік капитализм деп атауға болмайтын сияқты көрінді. Алайда олар «мемлекеттік капитализм» деген атауды менің мынадай мағынада қолданғанымды байқамады: *біріншіден,* ол атау біздің қазіргі позициямызды солшыл коммунистер дейтіндерге қарсы менің айтысымдағы позициямен тарихи байланыстыру үшін қолданылды, сонымен қатар мен мемлекеттік капитализм біздің қазіргі экономикамыздан жоғары болар еді деп сол кездің өзінде-ақ дәлелдегенмін; мен үшін ең маңыздысы — әдеттегі мемлекеттік капитализмнің әдеттен тыс, тіпті мүлде әдеттен тыс, мемлекеттік капитализммен — оқушыларды жаңа экономикалық саясатпен таныстыра отырып өзім айтқан мемлекеттік капитализммен сабақтастық байланысын анықтау еді. *Екіншіден,* мен үшін әрқашан маңыздысы практикалық мақсат болатын. Ал біздің жаңа экономикалық саясаттың практикалық мақсаты концессиялар алу еді; ал біздің жағдайымызда концессиялар мемлекеттік капитализмнің таза типі болатыны күмәнсыз еді. Мемлекеттік капитализм туралы пайымдауларды мен міне осылай түсіндім.

Ал істің мемлекеттік капитализм немесе, ең болмаса, сонымен салыстыру бізге керек болуы мүмкін тағы бір жағы бар. Ол — кооперация туралы мәселе.

Капиталистік мемлекет жағдайында кооперацияның коллективтік капиталистік мекеме болып табылатындығы күмәнсыз. Сондай-ақ біздің қазіргі экономикалық өміріміздің жағдайында — жеке меншік капита-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 305—339-беттер. *Ред.*

листік кәсіпорындарды дәйекті-социалистік типтегі (өндіріс құрал-жабдықтары да, кәсіпорын тұрған жер де, тұтас алғанда бүкіл кәсіпорын да мемлекеттікі) кәсіпорындармен — бірақ, басқаша емес, қоғамдық жерде және, басқаша емес, жұмысшы табының қолындағы мемлекеттік өкіметтің бақылауы арқылы — ұштастырып жатқан кезімізде, принциптік маңызы жағынан бұрын дербестігі болмаған кәсіпорындардың үшінші бір түрі туралы, атап айтқанда: кооперативтік кәсіпорындар туралы мәселе туатыны да күмәнсыз. Жеке меншікті капитализм тұсында кооперативтік кәсіпорындардың капиталистік кәсіпорындардан айырмашылығы коллективтік кәсіпорындардың жеке меншік кәсіпорындардан айырмашылығы сияқты болады. Мемлекеттік капитализм тұсында кооперативтік кәсіпорындардың мемлекеттік-капиталистік кәсіпорындардан айырмашылығы — біріншіден, жеке меншік кәсіпорындар, екіншіден, коллективтік кәсіпорындар болып табылатындығы. Біздің қазіргі құрылысымыз тұсында кооперативтік кәсіпорындардың жеке меншікті капиталистік кәсіпорындардан айырмашылығы — коллективтік кәсіпорындар болып табылатындығы; ал егер кооперативтік кәсіпорындар мемлекеттің, яғни жұмысшы табының қолындағы жерде, оның қолындағы өндіріс құрал-жабдықтары арқылы құрылған болса, олардың социалистік кәсіпорындардан айырмашылығы жоқ.

Кооперация туралы сөз болғанда, бізде міне осы жағдай жеткілікті дәрежеде ескеріліп жүрген жоқ. Біздің мемлекеттік құрылысымыздың өзгешелігі арқасында кооперацияның бізде мүлде ерекше маңыз алатыны ұмыт қала береді. Егер бізде, айта кетейік, пәлендей көрнекті өріс алмаған концессияларды өз алдына былай қойсақ, онда біздің жағдайымызда кооперация социализмге екінің бірінде әбден сай келеді.

Өз пікірімді түсіндірейін. Роберт Оуэннен бастап, бұрынғы кооператорлардың жоспарларындағы қиялшылдық неде? Ол мынада: олар тап күресі туралы, жұмысшы табының саяси өкіметті жеңіп алуы туралы, қанаушылар табының үстемдігін құлату туралы мәселе сияқты негізгі мәселені есепке алмай, қазіргі

қоғамды бейбіт жолмен социализмге айналдыруды көкседі. Сондықтан да, осы «кооперативтік» социализмде, халықты жай кооперативтендіру арқылы тап жауларын таптас қызметкерлерге, тап соғысын тап татулығына (азаматтық татулық дейтінге) айналдыруға болады деген армандарда біздің бастан-аяқ қиялшылдық, әлде бір романтикалық, тіпті сөлекеттік бар деп тапуымыз дұрыс.

Қазіргі заманның негізгі міндеті тұрғысынан қарағанда біздің пікіріміздің дұрыс екендігі күмәнсыз, өйткені мемлекетте саяси өкіметті жеңіп алу жолында тап күресі жүргізілмейінше, социализмнің жүзеге асуы мүмкін емес.

Ал қазір, мемлекеттік өкімет жұмысшы табының қолында болған соң, қанаушылардың саяси өкіметі құлатылған соң, өндіріс құрал-жабдықтарының бәрі (жұмысшы мемлекетінің өз еркімен, шарт бойынша, қанаушыларға уақытша концессияға беріп отырғандарынан басқасы) жұмысшы табының қолында болған соң, істің қалай өзгергенін қараңыз.

Енді біз кооперацияның жай өсуінің өзі біз үшін социализмнің өсуімен барабар (жоғарыда көрсетілген, «шамалы» ерекшелігінен басқасы) деп айтуға правомыз, ал сонымен бірге біз социализм жөніндегі бүкіл көзқарасымыздың түбірінен өзгергенін мойындауға да мәжбүр болып отырмыз. Бұл түбірінен өзгерудің мәнісі мынада: бұрын біз басты назарымызды саяси күреске, революцияға, өкіметті жеңіп алуға, т. т. аударатын едік және аударуға тиіс едік. Ал қазір басты назарымыз, оның өзгергені сонша, бейбіт ұйымдық «мәдени» жұмысқа аударылып отыр. Мен былай деп айтуға дайынмын: егер халықаралық қатынастар болмаса, өз позициямыз үшін халықаралық көлемде күресуге міндетті болмаған болсақ, біздің басты назарымыз мәдениеттілікке аударылар еді. Ал егер мұны былай қойып, ішкі экономикалық қатынастармен шектелетін болсақ, онда біздің жұмысымызда басты назар қазір шынында мәдениеттілікке қарай ойысар еді.

Біздің алдымызда бір дәуірді алатын басты-басты екі міндет тұр. Ол — мүлде еш нәрсеге жарамайтын,

біздің бұрынғы дәуірден бүтіндей ала салған аппаратымызды қайта құру міндеті; бұл жөнінде біз бес жылғы күресіміздің ішінде елеулі еш нәрсені қайта құрып үлгерген жоқпыз, үлгере алмайтын да едік. Екінші міндетіміз — шаруалар үшін мәдени жұмыс жүргізу. Ал осы шаруалар арасында мәдени жұмыс, экономикалық мақсат ретінде, нақ сол кооперативтендіру ісін көздейді. Толық кооперативтендірілген жағдайда біз қазірдің өзінде екі аяғымызбен бірдей социалистік негізде нық басып тұрған болар едік. Бірақ бұл толық кооперативтендіру жағдайының өзі шаруалардың (қалың бұқара болып табылатын нақ сол шаруалардың) мәдениеттілігін керек етеді, тұтас бір мәдени революциясыз толық кооперативтендірудің өзі мүмкін емес.

Біздің дұшпандарымыз бізге: сіздер мәдениеті жеткіліксіз елде социализм орнатамыз деп ақылға сыймайтын істі қолға алып отырсыздар, деп талай рет айтқан болатын. Бірақ олардың қателескен жері сол: біз істі теория (неше түрлі педанттардың теориясы) бойынша басталуға тиіс жағынан бастаған жоқпыз, бізде саяси және әлеуметтік төңкеріс қазір өзіміз қалай болғанмен бетпе-бет келіп отырған мәдени төңкерістің, мәдени революцияның ізашары болып шықты.

Толық социалистік ел болып шығуымыз үшін бізге енді осы мәдени революция жеткілікті; бірақ біз үшін бұл мәдени революцияның орасан көп қиыншылықтары бар, таза мәдени жағынан да қиыншылығы бар (өйткені біз сауатсызбыз), материалдық жағынан да қиыншылығы бар (өйткені мәдениетті болу үшін материалдық өндіріс құрал-жабдықтарының белгілі дәрежеде дамуы керек, белгілі дәрежеде материалдық база керек).

6 январь, 1923 жыл.

*Бірінші рет 1923 ж.
26 және 27 майда «Правда»
газетінің 115 және
116-номерлерінде
басылған
Қол қойған: Н. Ленин*

*Секретарьдың газет текстімен
салыстырылған жазбасы
бойынша басылып отыр
(машинкада басылған дана)*

БІЗДІҢ РЕВОЛЮЦИЯ ТУРАЛЫ

(Н. СУХАНОВТЫҢ ЗАПИСКАЛАРЫ ЖӨНІНДЕ[213])

I

Бұл күндері Сухановтың революция туралы запискаларын қарап шықтым. II Интернационалдың барлық сабаздары сияқты, біздің барлық ұсақ буржуазиялық демократтардың педанттығы ерекше көзге түседі. Олардың шамадан тыс қорқақ екенін айтпағанның өзінде, әңгіме неміс үлгісінен сәл ауытқу туралы болған кезде олардың тіпті ең тәуірлері де өздеріне ескертпелерді талшық ететінін айтпағанның өзінде, барлық ұсақ буржуазиялық демократтардың бүкіл революцияда жеткілікті мөлшерде көрсеткен бұл мінезі туралы айтпағанның өзінде, олардың өткенге құлдық ұрып еліктеушілігі көзге түседі.

Олардың бәрі де өздерін марксиспіз деп атайды, бірақ марксизмді адам айтқысыз педанттықпен түсінеді. Олар марксизмдегі шешуші нәрсені: атап айтқанда марксизмнің революциялық диалектикасын мүлде түсінбеді. Революция кезеңдерінде барынша икемділік керек болады деген Маркстің тікелей нұсқауларын да[214] олар мүлде түсінбеген, тіпті аңғармаған, мысалы, Маркстің, ұмытпасам, 1856 жылы жазған хаттарындағы нұсқауларын да,— бұл хаттарда Маркс Германиядағы шаруалар соғысын, революциялық жағдайды туғыза алатын соғысты жұмысшы қозғалысымен біріктіруге үміт білдірген болатын[215],— тіпті осы тура нұсқауларды да олар орағытып өтіп, ыстық ботқаны айнала жүгіретін мысықтай, оны шыр айналып, айналсоқтап жүреді де қояды.

Олар өздерінің бүкіл мінез-құлықтары арқылы, буржуазиядан кейін шегінуге, әсіресе буржуазиядан қол үзуге қорқатын су жүрек реформистер екендіктерін көрсетеді, ал сонымен қатар олар өздерінің қорқақтығын нағыз әулекі сөзуарлықпен және мақтаншақтықпен бүркемелейді. Бірақ олардың бәрінің де марксизмнің мынадай пікірін тіпті таза теория жүзінде де мүлдем түсіне алмайтындығы көзге түседі: олар осы уақытқа дейін Батыс Европадағы капитализм мен буржуазиялық демократияның дамуының тек белгілі бір жолын ғана көріп келді. Ал енді олар бұл жолдың басқаша емес, кейбір (бүкіл дүние жүзілік тарихтың жалпы барысы тұрғысынан қарағанда мүлдем болмашы) түзетулермен, mutatis mutandis* үлгі болып санала алатындығын түсінбейді.

Бірінші — бүкіл дүние жүзілік бірінші империалистік соғысқа байланысты революция. Мұндай революцияда жаңа белгілер, немесе нақ соғысқа байланысты түрі өзгерген белгілер білінуге тиіс, өйткені дүние жүзінде ондай соғыс, ондай жағдайда, әлі ешқашан болған емес. Аса бай елдердің буржуазиясының бұл соғыстан кейін «қалыпты» буржуазиялық қатынастарды орната алмай келе жатқанын біз осы уақытқа дейін көріп отырмыз, ал өздерін революционер деп көрсетіп жүрген біздің реформистер, ұсақ буржуа қалыпты буржуазиялық қатынастарды шек (аттап өтуге болмайтын шек) деп санап келді және санап та отыр, оның бер жағында бұл «норманы» әбден дағдылы әрі тар мағынада түсінеді.

Екінші — дамудың жалпы заңдылығы жағдайында бүкіл дүние жүзілік тарихта бұл дамудың не формасының, не тәртібінің өзгешелігін көрсететін жеке-жеке даму кезеңдерінің болуы ешбір теріске шығарылмайтындығы, қайта солай болуы керек екендігі туралы пікір атаулының қандайы болса да оларға мүлде жат. Мәселен, Россияның цивилизациялы елдердің және осы соғыс арқылы тұңғыш рет цивилизацияға біржолата тартылып отырған елдердің, бүкіл Шығыс елде-

* — тиісті өзгертулермен. *Ред.*

рінің, Европадан тыс елдердің шекарасында тұрғандығы, сондықтан Россияның кейбір өзгешеліктерді, әрине, дүние жүзілік дамудың жалпы бағыты бойынша болып отырған, бірақ оның революциясын батыс европалық елдердің бұрын болып өткен барлық революцияларынан өзгеше ететін және Шығыс елдеріне көшкен уақытта ішінара кейбір жаңалықтар ендіретін өзгешеліктерді көрсете алғандығы және көрсетуге тиіс болғандығы олардың тіпті ойына да келмейді.

Мәселен, олардың батыс европалық социал-демократияның дамып келе жатқан кезінде жаттап алған дәлелі — әбден дағдылы болған дәлел; бұл дәлел бойынша: біз социализм орнататындай дәрежеге жеткеніміз жоқ, бұлардың ішіндегі әр түрлі «ғалым» мырзалардың айтуынша, бізде социализм үшін объективтік экономикалық алғы шарттар жоқ сияқты. Ал өзіне былай деп сұрақ қою ешқайсысының да ойына келмей отыр: революциялық ситуацияға, бірінші империалистік соғыста қалыптасқан революциялық ситуацияға кездескен халық, өз жағдайының лажсыздығы әсерінен күреске, цивилизацияның одан әрі өсуі үшін өзіне әдеттегіден өзгеше жағдай туғызуына қандай да болсын жол ашатын күреске ұмтыла алмай ма?

«Россия өндіргіш күштер дамуының социализмді мүмкін ететіндей сатысына жеткен жоқ». II Интернационалдың барлық сабаздары, олардың ішінде, әрине, Суханов та, бұл қағиданы, шынында, әулие көріп, аузынан тастамайды. Бұл даусыз қағиданы олар сан ·ка жүгіртеді, сөйтіп олар бұл қағиданы біздің революцияны бағалау үшін шешуші нәрсе деп түсінеді.

Ал егер жағдайдың өзгешелігі Россияны, біріншіден, азды-көпті ықпалы бар батыс европалық елдердің бәрі қатысқан дүние жүзілік империалистік соғысқа салса, оның дамуын Шығыстың басталып келе жатқан және ішінара басталып та кеткен революцияларының деңгейінде нақ «шаруалар соғысы» мен жұмысшы қозғалысының одағын, Маркс сияқты «марксист» 1856 жылы Пруссия жөнінде мүмкін болатын перспективалардың бірі ретінде жазған одағын, біз жүзеге асыра алатындай жағдайларға түсірсе, қалай болады?

Егер жағдайдың өте лажсыздығы жұмысшылар мен шаруалардың күштерін сонысы арқылы он есе арттыра отырып, бізге цивилизацияның негізгі шарттарын жасауға, барлық басқа батыс европалық мемлекеттерге қарағанда, басқаша кірісудің мүмкіндігін ашса, қалай болады? Бұдан дүние жүзілік тарих дамуының жалпы бағыты өзгерді ме? Бұдан дүние жүзілік тарихтың жалпы барысына тартылып келе жатқан және тартылып отырған әрбір мемлекеттегі негізгі таптардың негізгі арақатынасы өзгерді ме?

Егер социализмді орнату үшін белгілі мәдениет дәрежесі керек болса (бірақ осы белгілі «мәдениет дәрежесі» нақ қандай екенін ешкім де айта алмайды, өйткені ол батыс европалық мемлекеттердің әрқайсысында әр түрлі), онда біздің ең әуелі осы белгілі дәрежеге жету үшін керекті алғы шарттарды революциялық жолмен жеңіп алудан бастауымызға, ал *содан кейін* барып, жұмысшы-шаруа өкіметі мен совет құрылысының негізінде басқа халықтарды қуып жету үшін ілгері басуымызға неге болмайды.

16 январь, 1923 ж.

II

Сіздер социализм орнату үшін цивилизациялы болу керек дейсіздер. Өте жақсы. Ал өзімізде цивилизациялықтың ең әуелі помещиктерді қуып жіберу және россиялық капиталистерді қуып жіберу сияқты алғы шарттарын жасауымызға, содан кейін барып социализмге қарай қадам басуымызға неге болмайды? Дағдылы тарихи тәртіпті бұлайша өзгертуге болмайды немесе бұлайша өзгерту мүмкін емес дегенді сіздер қай кітаптардан оқыдыңыздар?

Наполеонның былай деп жазғаны есімде: «On s'engage et puis... on voit». Орыс тіліне еркін аударғанда бұл: «Әуелі шындап ұрысқа кірісу керек, ал одан арғысы көріне жатады» деген сөз. Міне біз әуелі 1917 жылы октябрьде шындап ұрысқа кірістік, ал одан арғы жерде дамудың Брест бітімі немесе жаңа экономика-

лық саясат, т. с. сияқты ұсақ-түйектерін (дүние жүзілік тарих тұрғысынан қарағанда бұлардың ұсақ-түйектер екені даусыз) көрдік. Ал негізінде біздің жеңіп шыққанымызға қазіргі уақытта күмән жоқ.

Революциялардың басқа жолмен жасала алмайтыны біздің Сухановтардың, олардан оңырақ тұрған социал-демократтарды айтпағанның өзінде, түсіне де кірмейді. Халқы өлшеусіз көп және әлеуметтік жағдайларының өлшеусіз алуан түрлілігімен көзге түсетін Шығыс елдеріндегі бұдан былайғы революциялардың орыс революциясынан да сөзсіз көп өзгешеліктерді оларға тарту ететіні біздің европалық мещандардың түсіне де кірмейді.

Каутскийше жазылған оқулықтың өз уақыты үшін өте пайдалы нәрсе болғанына сөз жоқ. Бірақ солай бола тұрса да, бұл оқулық бұдан былайғы дүние жүзілік тарих дамуының барлық формаларын күн ілгері көрсетті-міс деген ойдан арылатын мезгіл жетті. Бұлай деп ойлаушыларды тура ақымақтар деп жариялау дер кезінде істелген іс болар еді.

17 январь, 1923 ж.

1923 ж. 30 майда «Правда» газетінің 117-номерінде басылған
Қол қойған: Ленин

Секретарьдың газет текстімен салыстырылған жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

БІЗ РАБКРИНДІ ҚАЛАЙ ҚАЙТА ҚҰРУЫМЫЗ КЕРЕК

(ПАРТИЯНЫҢ XII СЪЕЗІНЕ ҰСЫНЫС)[216]

Рабкриннің біз үшін орасан зор қиыншылық туғызып отырғаны және бұл қиыншылықтың осы уақытқа дейін шешілмегені күмәнсыз. Менің ойымша, қиыншылықты Рабкриннің пайдалылығын немесе керектігін мойындамай отырып шешетін жолдастар дұрыс жасамайды. Бірақ мен сонымен қатар біздің мемлекеттік аппарат туралы және оны жақсарту туралы мәселенің өте қиын, әлі де болса шешілмеген және сонымен қатар өте-мөте көкейтесті мәселе екенін бекер демеймін.

Біздің Сыртқы істер халық комиссариатынан басқа мемлекеттік аппаратымыз көп ретте ескінің сарқыншағы болып табылады, бұл сарқыншақ қандай да болсын елеулі өзгерістерге мейлінше аз ұшыраған. Оның жоғарғы жағы аздап қана боялған, ал басқа жақтары біздің ескі мемлекеттік аппараттың кәдуілгі нағыз ескі жұрнағы болып табылады. Сондықтан, оны шын мәнісінде жаңартудың әдісін іздестіріп көру үшін, менің ойымша, өзіміздегі азамат соғысының тәжірибесіне жүгіну керек.

Азамат соғысының неғұрлым қауіпті кезеңдерінде біз қалай істеп едік?

Біз өзіміздің таңдаулы партиялық күштерімізді Қызыл Армияға топтастырдық; біз өз жұмысшыларымыздың таңдаулыларын мобилизациялауға бардық; біз жаңа күштерді өз диктатурамыздың ең терең тамыры жатқан жерден іздедік.

Рабкринді қайта құрудың негізін біз, менің түсінуімше, дәл осы бағытта іздеуіміз керек. Мен партиямыз-

дың XII съезіне мұндай қайта құрудың мынадай жоспарын қабылдауды ұсынамын, бұл жоспар біздің Орталық Бақылау Комиссиясының ерекше кеңейтілуіне негізделген.

Біздің партияның Орталық Комитетінің пленумы қазірдің өзінде-ақ өзінше жоғары партиялық конференцияға айналатындай болып дамуға ұмтылатындығын көрсетті. Пленум орта есеппен екі айда бір реттен жиі жиналмайды, ал ағымдағы жұмысты Орталық Комитеттің атынан, жұртқа мәлім, біздің Саяси бюро, біздің Ұйымдастыру бюро, біздің Секретариат, т. т. жүргізеді. Мен біздің осылайша бастаған жолымызды аяқтауымыз керек және Орталық Комитеттің пленумдарын Орталық Бақылау Комиссиясының қатысуымен екі айда бір рет жиналатын жоғары партиялық конференцияларға біржолата айналдыруымыз керек деп ойлаймын. Ал бұл Орталық Бақылау Комиссиясын қайта құрылған Рабкриннің негізгі бөлімімен төменде көрсетілген шарттар бойынша біріктіру керек.

Мен съезге жұмысшылар мен шаруалардан Орталық Бақылау Комиссиясына 75—100 (цифрлардың бәрі, әрине, шамамен алынған) жаңа мүше сайлауды ұсынамын. Сайланушылар партиялық жағынан алып қарағанда Орталық Комитеттің кәдімгі мүшелері сияқты тексерілуге тиіс, өйткені сайланушылар Орталық Комитет мүшелерінің барлық праволарымен пайдаланатын болады.

Екінші жағынан, Рабкрин адалдық жағынан және біздің мемлекеттік аппаратты білуі жағынан алып қарағанда айрықша тексерілген, мұнымен қатар, жалпы алғанда еңбекті, жеке алғанда басқарушылық еңбекті, кеңсе еңбегін, т. т. ғылыми жолмен ұйымдастырудың негіздерімен таныстығы жөнінде ерекше сыннан өткен 300—400 қызметшіден құрылатын болып ықшамдалуы керек.

Менің ойымша, Рабкринді Орталық Бақылау Комиссиясымен осылайша біріктіру — бұл мекемелердің екеуіне де пайдалы. Бір жағынан, мұндай жолмен Рабкриннің үлкен бедел алатыны соншалық, ол, аз дегенде, біздің Сыртқы істер халық комиссариатынан кем

болмайды. Екінші жағынан, біздің Орталық Комитет Орталық Бақылау Комиссиясымен бірге жоғары партиялық конференцияға айналу жолына біржола шығады; ол бұл жолға, шынында, қазірдің өзінде шықты және өзінің міндеттерін дұрыс орындау үшін оның екі тұрғыдан: *өзінің* ұйымдастырылуы мен жұмысының жоспарлылығы, тиімділігі, жүйелілігі жөнінен және біздің жұмысшылар мен шаруалардың таңдаулылары арқылы нағыз қалың бұқарамен байланыс жасау жөнінен осы жолмен жүре отырып ақырына дейін жетуі керек.

Біздің аппаратымызды ескі аппарат ететін сфералардан не тікелей, не жанамалап шығатын бір қарсы пікірдің, яғни біздің аппаратымызды нақ сол революциядан бұрынғы адам айтқысыз, мүлдем келіссіз күйінде, осы күнге дейін болып отырған күйінде қалдыруды жақтайтындардан шығатын қарсы пікірдің болатынын мен күн ілгері көріп отырмын (реті келгенде айта кетелік, қазір біз түбегейлі әлеуметтік өзгерістер жасау үшін керек болатын мерзімдерді белгілеп отыруға қолымыз жетті, бұл — тарихта тым сирек болатын оқиға; сөйтіп бес жылда *не* істеуге болатынын және неғұрлым ұзақ мерзімдердің не үшін керек екенін қазір біз анық көріп отырмыз).

Бұл қарсы пікірдің мәні — мен ұсынғалы отырған қайта құрылыстан тек қана былық туады-мыс деу. Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері барлық мекемелерді аралап, қайда, не үшін және кімге баратындарын білмей, барлық жердің берекесін қашырып, қызметкерлерді өздерінің күнделікті жұмыстарынан қалдырып, т. т. және т. с. жасап шарқ ұрып жүретін болады деседі.

Мен былай деп ойлаймын: бұл қарсы пікірдің негізі қастық екені соншама айқын, оған тіпті жауап беріп жатудың да керегі жоқ. Орталық Бақылау Комиссиясы президиумының тарапынан және Рабкрин халық комиссары мен оның коллегиясы тарапынан (сонымен қатар тиісті реттерде біздің Орталық Комитеттің Секретариаты тарапынан да) Орталық Бақылау Комиссиясымен бірге өзінің халық комиссариатын және

оның жұмысын дұрыстап ұйымдастыру үшін талай жылдар бойы қажырлы жұмыс істеу керек болатыны өзінен-өзі түсінікті. Рабкрин халық комиссары, менің пікірімше, халық комиссары болып қала алады (солай болып қалуға тиіс те), ол бүкіл Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жұмысына және оның ішінде оның қарауына «жіберілген» болып саналатын Орталық Бақылау Комиссиясының барлық мүшелеріне басшылық етуді, бүкіл коллегия сияқты, өз қолында ұстайды. Менің жоспарым бойынша, Рабкриннің қалатын 300—400 қызметшісі, бір жағынан, Рабкриннің басқа мүшелері жанында және Орталық Бақылау Комиссиясының қосымша мүшелері жанында таза секретарьлық міндеттер атқаратын болады, ал екінші жағынан, олар жоғары дәрежеде маманданған, ерекше тексерілген, өте-мөте сенімді болуға тиіс, өздерін Рабкрин чиновниктерінің қазіргі нағыз бейшаралық (бұдан жаман деп айтпағанның өзінде) жағдайынан әбден құтқаратындай жоғары жалақы алуға тиіс.

Қызметшілердің санын мен көрсеткен цифрға дейін азайту Рабкрин қызметкерлерінің сапасын да, бүкіл жұмыстың сапасын да әлденеше есе жақсартады, сонымен қатар халық комиссары мен коллегия мүшелерінің жұмысты ұйымдастыру және жұмыс сапасын жүйелі түрде, ұдайы арттыру ісімен бүтіндей шұғылдануына мүмкіндік береді деп сенемін; ал жұмыс сапасының арттырылуы жұмысшы-шаруа өкіметі үшін және біздің советтік құрылыс үшін сөзсіз қажет.

Екінші жағынан, сонымен қатар мен былай деп ойлаймын: Рабкрин халық комиссарына осы күні біздің республикамызда саны кемінде 12 болып отырған, еңбекті ұйымдастыру жөніндегі жоғары институттардың (Орталық еңбек институты, Еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру институты, т. т.) бірқатарын біріктіру, бірқатарын үйлестіру жөнінде біраз жұмыс істеуге тура келеді. Шектен тыс біркелкілік және бұдан туатын біріктіруге ұмтылушылық зиянды болады. Қайта, бұл ретте осы мекемелердің бәрін біріктіріп, қосу мен бұл мекемелердің әрқайсысының белгілі дәрежеде дербес болу шартын сақтай отырып, олардың арасына ду-

рыс шек қоюдың екі арасындағы парасатты және қолайлы аралықты табу керек.

Мұндай қайта құрудан біздің өзіміздің Орталық Комитеттің де Рабкриннен кем ұтпайтыны даусыз, ол бұқарамен байланыс жасау мағынасында да, өз жұмысының үздіксіз жүруі және байсалдылығы мағынасында да ұтады. Сонда Саяси бюро мәжілістерін әзірлеудің неғұрлым қатаң және жауапты тәртібін орнату мүмкін болады (және орнату керек); бұл мәжілістерге белгілі мөлшерде — не белгілі бір уақыт жағынан, не ұйымдастырудың белгілі бір жоспары бойынша белгіленген мөлшерде — Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері де қатысуға тиіс.

Рабкрин халық комиссары Орталық Бақылау Комиссиясының президиумымен бірге Орталық Бақылау Комиссиясы мүшелері жұмыстарының бөлінісін белгілеуге тиіс болады; белгілегенде олардың Саяси бюроға қатысу міндеттілігі тұрғысынан және қай ретпен болса да Саяси бюроның қарауына түсетін барлық документтерді тексеріп отыруға міндеттілігі тұрғысынан, не олардың өздерінің жұмыс уақытын теориялық дайындыққа, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыруды зерттеуге жұмсау міндеттілігі тұрғысынан, немесе олардың жоғары мемлекеттік мекемелерден бастап, төменгі жергілікті мекемелерге, т. с. дейін біздің мемлекеттік аппаратымызға бақылау жасауға және оны жақсартуға іс жүзінде қатысу міндеттілігі тұрғысынан белгілеуге тиіс болады.

Сонымен қатар мен былай деп ойлаймын: Орталық Комитет мүшелері мен Орталық Бақылау Комиссиясы мүшелерінің мұндай реформа болғанда әлдеқайда жақсы хабардар болып, Саяси бюроның мәжілістеріне жақсы дайындалуы жағынан (бұл мәжілістерге қатысы бар барлық қағаздарды Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының барлық мүшелері Саяси бюроның мәжілісі болардан кеш дегенде бір тәулік бұрын алуға тиіс; тек сөзсіз ешбір кешіктіруге болмайтын реттерде ғана бұл тәртіп бұзылады, мұндай реттер Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелерін мәселемен таныстыру үшін және олар-

ды шешу үшін ерекше тәртіп болуын талап етеді) болатын саяси пайданың үстіне, мынадай да пайда болады — біздің Орталық Комитеттің ішінде әркімнің тікелей жеке басына қатысты және кездейсоқ жағдайлардың әсері азаяды, сөйтіп жікке бөліну қаупі азаяды.

Біздің Орталық Комитет әбден орталықтанған және өте беделді топқа айналды, бірақ бұл топтың жұмысы Орталық Комитеттің беделіне сәйкес жағдайларға қойылған жоқ. Мен ұсынып отырған реформа осыған көмектесуге тиіс, ал Саяси бюроның әрбір мәжілісінде белгілі мөлшерде қатысып отыруға міндетті Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері ынтымақты топ болуға тиіс, бұл топ «ешкімнің бет-жүзіне қарамастан», мыналарды қадағалап отыруға тиіс: өздерінің сұрау салуына, документтерді тексеруіне және жалпы алғанда сөзсіз хабардар болуы мен істердің өте-мөте дұрыс болуына жетуіне ешкімнің де, бас секретарьдың да, Орталық Комитеттің басқа мүшелерінің ешқайсысының да беделі бөгет болмауы керек.

Әрине, біздің Совет республикасында әлеуметтік құрылыс екі таптың: жұмысшылар мен шаруалардың ынтымақтастығына негізделген; бұған қазір белгілі шарттармен «нэпмандар» да, яғни буржуазия да қатыстырылып отыр. Егер бұл таптардың арасында елеулі таптық алауыздықтар туса, онда жіктеліс сөзсіз болады, бірақ біздің әлеуметтік құрылысымызда ондай жіктелістің сөзсіз болуына қажетті негіздер жоқ, сондықтан біздің Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының, сондай-ақ тұтас алғанда партиямыздың да басты міндеті — жік туып кетуі мүмкін жағдайларды мұқият қадағалап отыру, олардың алдын алу, өйткені түптеп келгенде біздің республикамыздың тағдыры мынаған байланысты: шаруалар бұқарасы жұмысшы табымен жасаған одағынан айнымай, онымен бірге бола ма, немесе жұмысшылардан өзін ажыратуға, олардан айырып әкетуге «нэпмандарға», яғни жаңа буржуазияға ырық беріп қоя ма,— міне осыған байланысты болады. Осы екі түрлі жолды біз неғұрлым анығырақ көретін болсақ, оны біздің жұмысшы-

лар мен шаруалардың бәрі неғұрлым анығырақ ұғынатын болса, Совет республикасына апат әкелуі мүмкін жіктеліске біздің ұшырамауымызға сенім соғұрлым көп болады.

23 январь, 1923 ж.

«Правда» № 16, 25 январь, 1923 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Секретарьдың газет текстімен салыстырылған жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

АЗ БОЛСА ДА, ЖАҚСЫ БОЛСЫН

Біздің мемлекеттік аппаратты жақсарту мәселесінде, менің ойымша, Рабкринге сан жағын қуаламау керек және асықпау керек. Өзіміздің мемлекеттік аппараттың сапасы туралы ойлануға, оған қамқорлық жасауға біз осы уақытқа дейін өте аз үлгердік, сондықтан оны ерекше мұқият дайындау, нағыз осы заманға лайықты сапасы бар, яғни батыс европалық үлгілердің ең жақсыларынан қалыспайтын адам құрамын Рабкринде жинауға қамқорлық жасау заңды болады. Әрине, социалистік республика үшін бұл шарт тым қарапайым. Бірақ алғашқы бес жыл біздің миымызға сенбестік пен скептицизмді мықтап құйды. Мысалы, «пролетарлық» мәдениет туралы тым көп, тым жеңіл даурығып: бізге бастапқы кезде нағыз буржуазиялық мәдениеттің өзі де жетер еді, біз бастапқы кезде буржуазиялық тәртіпке дейінгі мәдениеттердің барып тұрған жаман типтеріне, яғни чиновниктік мәдениетке, немесе крепостниктік мәдениетке және т. т. соқпай өтсек те болар еді, деп жүргендерге біз амалсыздан сенімсіздік және скептицизм білдіру ниетіндеміз. Мәдениет мәселелерінде асығыстық пен ауа жайылушылық бәрінен де зиянды. Біздің жас әдебиетшілеріміз бен коммунистеріміздің көбі осыны мықтап көкейге тоқып алғандары жөн болар еді.

Сөйтіп, біз енді өткен тәжірибемізден мемлекеттік аппарат туралы мәселеде онша асықпағанымыз дұрысырақ болар еді деген қорытынды жасауға тиіспіз.

Біздің мемлекеттік аппарат жөніндегі ісіміз, жиркенішті демегеннің өзінде, күйінішті болып отырғаны сонша — біз ең алдымен оның кемшіліктерімен қалай күресуді әбден ойластырып алуымыз керек, ойластырғанда ол кемшіліктердің тамыры өткен шақта жатқанын, бұл өткен шақ асты-үстіне келтірілгенмен де, оның жойылып болмағанын, баяғы заманда-ақ күні бітіп, келмеске кеткен мәдениет саналып әлі ұмытыла қоймағанын есте ұстауымыз керек. Мен бұл арада нақ мәдениет туралы мәселе көтеріп отырмын, өйткені бұл істерде қол жеткен нәрсе деп мәдениетке, тұрмысқа, дағдыға сіңгендерді ғана есептеу керек. Ал бізде әлеуметтік құрылыстағы жақсы деген нәрселер шегіне жете әбден ойластырылмаған, ұғынылмаған, сезілмеген, асығыс алынған, тексерілмеген, сыннан өткізілмеген, тәжірибе арқылы дәлелденбеген, баянды етілмеген, т. т. деуге болады. Әрине, революция дәуірінде және бізді бес жыл ішінде патша өкіметінен советтік құрылысқа жеткізген дамудың соншалық бас айналдырарлықтай шапшаңдығы тұсында басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Дер кезінде ақылға келу керек. Аптығып тез алға басушылықтан, мақтаншақтық атаулыдан және солар сияқтылардан аман сақтап қалатын сенімсіздікке сүйену керек. Ілгері басудағы сағат сайын өзіміз жариялап, минут сайын өзіміз жасап отырған қадамдарымызды және содан соң олардың берік еместігін, елеулі еместігін және түсініксіз екендігін секунд сайын өзіміз дәлелдеп отырған қадамдарымызды тексеруді ойластыруымыз керек. Асығу бұл арада бәрінен де зиянды болар еді. Біз де бірдеңе білеміз-ау деп немесе бізде шын жаңа, социалистік, советтік деген атаққа шын лайық, аппаратты құру үшін әйтеуір бірсыпыра элементтер бар-ау деп ойлау және т. т. бәрінен де гөрі зиянды болар еді.

Жоқ, мұндай аппарат және тіпті оның элементтері де бізде кісі күлерліктей аз, сондықтан біз оны жасап алу үшін уақыт аямау керек екендігін және көп, көп жылдар жұмсау керек екендігін естен шығармауымыз керек.

Бұл аппаратты жасап алу үшін бізде қандай элементтер бар? Екі-ақ элемент бар. Біріншіден, социализм жолындағы күреске берілген жұмысшылар бар. Бұл элементтердің білімі жеткіліксіз. Олардың бізге ең жақсы аппарат бергісі келер еді. Бірақ олар мұны қалай істеуді білмейді. Олар мұны істей алмайды. Олар бұл үшін қажет болатын даму дәрежесіне, мәдениет дәрежесіне, осы күнге дейін жеткен жоқ. Ал бұл үшін атап айтқанда мәдениет керек. Бұл арада омыраулаумен немесе тегеурінмен, өткірлікпен немесе жігермен, немесе жалпы алғанда адамның қандай да болсын жақсы қасиетімен еш нәрсе істеуге болмайды. Екіншіден, білім, оқу, үйрену элементтері бар, бірақ бұлар бізде барлық басқа мемлекеттердегігe қарағанда кісі күлерліктей аз.

Бұл арада да осы білімнің орнын біз ынтамен, асығып-аптығумен, т. т. толтыруға (немесе олардың орнын толтыруға болады деп алдарқануға) әлі де тым бейім екенімізді ұмытуға болмайды.

Өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды жаңарту үшін біз қалай да өз алдымызға: біріншіден — оқу керек, екіншіден — оқу керек және үшіншіден — оқу керек деген міндет қоюымыз керек, содан соң ғылымның бізде түкке тұрғысыз нәрсе болып немесе сәнге айналған жел сөз болып қалмауын (жасыратыны жоқ, бұл бізде өте-мөте жиі кездеседі), ғылымның шынымен қан мен тәнге сіңуін, тұрмыстың құрамдас бір элементіне толық және шындап айналуын тексеріп отыруымыз керек. Тоқ етерін айтқанда, біз буржуазиялық Батыс Европаның қоятын талаптарын емес, социалистік ел болып дамуды өзіне міндет еткен елге лайық және келісті талаптарды қоюымыз керек.

Айтылғаннан шығатын қорытындылар: біз Рабкринді, өзіміздің аппаратымызды жақсартудың құралы ретінде, шын мәнінде үлгілі мекеме етуге тиістіміз.

Рабкриннің қажетті дәрежеге жетуі үшін: жеті рет өлшеп, бір-ақ кес деген ережені ұстану керек.

Бұл үшін әлеуметтік құрылысымыздағы шын мәнінде жақсы деген нәрсенің бәрін жаңа халық комисса-

риатын құруға ойластыра отырып, мейлінше сақтықпен, білгірлікпен қолдану керек.

Бұл үшін әлеуметтік құрылысымызда бар жақсы элементтер, атап айтқанда: біріншіден, алдыңғы қатарлы жұмысшылар, екіншіден, бірде-бір сөзге беталды сене салмайды, ар-ұжданына қарсы бірде-бір сөз айтпайды деп сенуге болатын шын мәнінде білімді элементтер — қандай қиыншылықты болса да мойындаудан қорықпайтын болуы керек және өзінің алдына шындап қойылған мақсатқа жету үшін қандай күрестен болса да қорықпайтын болуы керек.

Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды жақсарту жолында бес жыл бойы әуре-сарсаң болып келеміз, бірақ бұл тек әуре-сарсаң ғана, бұл әуре-сарсаң осы бес жыл ішінде тек өзінің жарамсыздығын ғана немесе тіпті өзінің пайдасыздығын ғана, немесе тіпті өзінің зияндылығын ғана дәлелдеді. Әуре-сарсаң болғандықтан, ол сырт қарағанда бізге жұмыс сияқты болып көрінді де, ал іс жүзінде біздің мекемелеріміз бен миымызды былғап келді.

Сайып келгенде, мұны басқаша болатындай ету керек.

Мынаны ереже етіп ұстау керек: саны азырақ болса да, сапасы жоғарырақ болғаны жақсы. Мынаны ереже етіп ұстау керек: асығыс істеп, байсалды адам қазынасын алудан мүлде мақрұм қалғанша, оны екі жылдан соң немесе тіпті үш жылдан соң алған жақсы.

Бұл ережені бұлжытпай ұстап, оны біздің тұрмысымызға қолдану қиын болатынын мен білемін. Бұған кері ереженің бізде мың-сан саңылау тауып, өзіне жол ашатынын мен білемін. Бұған орасан зор қарсылық көрсету керек болатынын, керемет табандылық көрсету керек болатынын, бұл жөніндегі жұмыстың, ең болмағанда, алғашқы жылдары сұмдық абыройсыз жұмыс болатынын мен білемін; солай бола тұрса да, тек осындай жұмыс арқылы ғана өз мақсатымызға жете алатындығымызға және тек осы мақсатқа жеткенде ғана біз советтік, социалистік және басқа тағы сондай деп атауға шын

мәнінде лайық болатын республика құра алатынымызға және т. т. менің көзім жетеді.

Көптеген оқушылар өзімнің бірінші мақаламда* мен мысал үшін келтірген цифрларды, сірә, тым болымсыз деп тапса керек. Бұл цифрлардың жеткіліксіздігін дәлелдеуге толып жатқан есептер келтіруге болатынына мен сенемін. Бірақ мен былай деп ойлаймын: осы сияқты және басқа да әр түрлі есептердің бәрінен де біз бір нәрсені — шын мәнінде үлгілі сапа мүддесін жоғары қоюымыз керек.

Мен былай деп есептеймін: біздің өз мемлекеттік аппаратымызды ойдағыдай, барынша шындап қолға алатын уақытымыз, ақырында, нақ қазір жетті, ал мұндай уақытта осы жұмыстың ең зиянды дерлік белгісі асығыстық болмақ. Сондықтан бұл цифрларды көбейтіп көрсетуден мен қатты сақтандырған болар едім. Қайта, менің ойымша, бұл арада цифрларға ерекше сараң болған жөн. Турасын айтайық. Рабкрин халық комиссариаты қазір бедел дегеннен жұрдай. Біздің Рабкрин мекемелеріндей нашар жолға қойылған ешбір мекеменің жоқ екенін, қазіргі жағдайда бұл халық комиссариатынан еш нәрсе талап етуге де болмайтынын жұрттың бәрі біледі. Егер біз бірнеше жылдан кейін, біріншіден, үлгілі боларлық, екіншіден, жұрттың бәріне де сөзсіз сенім туғызарлық, үшіншіден, біз Орталық Бақылау Комиссиясы сияқты жоғары мекеменің жұмысын шынымен ақтап шықтық деп кез келген кісіге және әркімге дәлелдей алатын мекемені жасап шығаруды шынымен мақсат еткіміз келсе, біз мұны мықтап есте сақтауымыз керек. Меніңше, қызметшілер санының қандай да болсын жалпы нормасын белгілеу дегенді дереу және біржолата тастауымыз керек. Рабкрин қызметшілерін біз мүлде ерекше түрде және басқаша емес, аса қатаң сыннан өткізіп барып іріктеп алуға тиіспіз. Шынында да, іліп-салынып жұмыс істейтін, оның үстіне өзіне титтей де сенім тудыра алмайтын, сөзінің беделі сұмдық аз болатын халық комиссариатын құрудың не керегі бар? Менің

* Қараңыз: осы том, 422—428-беттер. *Ред.*

ойымша, өзіміздің қазіргі көздеп отырғанымыз сияқты қайта құрылыстың тұсында осындайға жол бермеу біздің басты міндетіміз болып табылады.

Біз Орталық Бақылау Комиссиясына мүше етіп тартатын жұмысшылар, коммунистер сияқты, мінсіз болуға тиіс, сондықтан мен былай деп ойлаймын: өздерінің істейтін жұмыстарының тәсілдері мен міндеттеріне үйрету үшін олармен әлі де ұзақ уақыт жұмыс істеуіміз керек. Содан соң, секретарь қызметін атқаратын адамдар бұл жұмыста көмекші болуға тиіс және саны белгілі мөлшерден аспайтын бұл адамдарды қызметке тағайындар алдында үш қайтара тексеруді талап ету керек. Ақырында, Рабкрин қызметшілерінің орындарына біз, ерекшелік ретінде, бірден қоюға бел байлайтын лауазымды адамдар мынадай шарттарға сай келуге тиіс:

біріншіден, оларды бірнеше коммунист ұсынуға тиіс;

екіншіден, олар біздің мемлекеттік аппаратымызды білетіндігі жөнінде сынақтан өтуге тиіс;

үшіншіден, олар біздің мемлекеттік аппаратымыз туралы мәселе жөніндегі теорияның негіздерін білетіндігі жөнінде, басқару, іс жүргізу, т. т. жайындағы ғылымның негіздерін білетіндігі жөнінде сынақтан өтуге тиіс;

төртіншіден, олар Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелерімен және өздерінің секретариатымен жұмыс істесе алатын болуға тиіс, сөйтіп біз тұтас алғанда бүкіл осы аппараттың жұмысына сене алатын болуымыз керек.

Бұл талаптардың өлшеусіз зор шарттарды керек қылатынын мен білемін, сондықтан мен Рабкриндегі «практиктердің» көпшілігі бұл талаптарды орындалмайтын талаптар деп жариялайды немесе оларды жирене күлкі етеді деп қауіптенуге өте бейіммін. Ал мен Рабкриннің қазіргі басшыларының немесе оған қатысы бар адамдардың қай-қайсысынан болса да Рабкрин сияқты халық комиссариатының іс жүзінде қандай қажеттілігі бар екенін сіз маған адал ниетпен айтып бере аласыз ба? — деп сұраймын. Менің ойымша, бұл сұрақ оның

нысапты болуына көмектеседі. Не бізде сонша көп болған қайта құрулардың бірімен, Рабкрин сияқты үміт күтуге болмайтын іспен айналысуды қою керек, не баяу, қиын, әдеттен тыс жолмен, көптеген тексерулерден өткізе отырып, шын мәнінде үлгілі бір нәрсені, тек шені мен атағы талап еткендіктен ғана емес, былай да жалпы мен жалқының сый-құрметіне ие бола алатын шын мәнінде үлгілі бір нәрсені жасап шығуды өзімізге шындап міндет етіп қоюымыз керек.

Егер шыдамымыз жетпейтін болса, егер бұл іске бірнеше жыл жұмсамасақ, онда мұны мүлде қолға алмағанның өзі жақсы.

Меніңше, жоғары еңбек институттары саласында және басқа салаларда біздің қазір жасап шығарған мекемелеріміздің ішінен біразын таңдап алу керек, оларда істің әбден дұрыс жолға қойылуын тексеру керек, сөйтіп жұмысты жүргізгенде ол қазіргі ғылым дәрежесіне шын мәнінде сай келетіндей және бізге оның барлық жемістерін беретіндей етіп жүргізу керек. Сонда өз жұмысын істей алатын, атап айтқанда — жұмысшы табының, Россия коммунистік партиясының және республикамыздағы бүкіл халық бұқарасының сеніміне ие бола отырып, біздің мемлекеттік аппаратты жақсарту жолында үнемі, үздіксіз жұмыс істей алатын мекемені бірнеше жыл ішінде құра алатындығымызға сену утопия болмайды.

Бұған дайындық жұмысты қазірдің өзінде-ақ бастай беруге болар еді. Егер Рабкрин халық комиссариаты осы қайта құру жоспарымен келіскен болса, онда ол дайындық шараларын қазірдің өзінде-ақ бастай алар еді, сөйтіп асықпай және бір рет істелген нәрсені қайта істеуден бас тартпай, жұмысын толық аяқтағанға дейін үздіксіз істей бере алар еді.

Жартыкеш шешімнің қандайы болса да бұл арада мейлінше зиянды болар еді. Рабкрин қызметшілерінің қандай да болсын басқа пікірлерге сүйенетін нормаларының бәрі, асылына келгенде, ескі чиновниктік пікірлерге, ескі соқыр сенімдерге, қазірдің өзінде теріске шығарылған, жалпы жұртқа мазақ болатын, т. с. нәрселерге негізделген болар еді.

Асылында, мәселе бұл арада былай қойылып отыр:

Не біз қазір мемлекеттік құрылыс ісінде шындап бірдеңе үйренгендігімізді (бес жылда бірдеңе үйрену күнә емес) көрсетуіміз керек, не — біз бұл үшін әлі жетілмеген боламыз; ал бұлай болса іске кірісудің қажеті жоқ.

Бізде осындай адам қазынасы болып отырғанда тым болмаса бір халық комиссариатын жүйелі түрде жәнө жаңадан жасап шығару үшін біз қазірдің өзінде-ақ жетерліктей үйрендік деп жорамалдасақ, бұл ерсі болмайды деп ойлаймын. Рас, бұл бір халық комиссариатының өзі біздің бүкіл мемлекеттік аппаратымызды толық бейнелеуге тиіс.

Жалпы алғанда еңбек ұйымдастыру жайында және жеке алғанда басқару еңбегін ұйымдастыру жайында екі немесе одан да көп оқулық жазу жөнінде дереу конкурс жариялау керек. Бұған қазірдің өзінде біздің қолымызда бар Ерманскийдің кітабын негіз етіп алуға болады, бірақ, жақшаның ішінде айта кетсек, Ерманскийдің өзгешелігі — ол меньшевизмге көрінеу іш тартады және Совет өкіметіне лайықты оқулық жазуға жарамсыз. Содан соң бұған Керженцевтің таяуда жарық көрген кітабын негіз етіп алуға болады; ақырында, қолда бар азын-аулақ оқу құралдарының кейбіреулері де кәдеге жарап қалуы мүмкін.

Даярлығы бар және адал бірнеше адамды әдебиет жинау үшін және осы мәселені зерттеу үшін Германияға немесе Англияға жіберіп алу керек. Мен Англияны айтқанда, егер Америкаға немесе Канадаға жіберіп алу мүмкін болмай қалса деген оймен айтып отырмын.

Рабкрин қызметшісі кандидатына емтихан белгілеудің бастапқы программасын жасау үшін комиссия тағайындалсын; Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелігіне кандидат жөнінде де осылай істелсін.

Осы және осыған ұқсас жұмыстар, әлбетте, халық комиссарына да, Рабкрин коллегиясының мүшелеріне де, Орталық Бақылау Комиссиясының президиумына да қиындық келтірмейді.

Мұнымен қатар Орталық Бақылау Комиссиясы мү-

шелерінің қызметіне кандидаттар іздестіру үшін дайындық комиссиясын тағайындауға тура келеді. Қазір бізде бұл қызметке лайық кандидаттар барлық ведомстволардың тәжірибелі қызметкерлерінен де, біздің советтік мектептердің студенттерінен де жеткілікті мөлшерде табылады деп сенемін. Белгілі бір категорияны күн ілгері шығарып тастау дұрыс бола қоймас. Сірә, бұл мекеменің құрамы әр түрлі болғаны мақұл болар, бұл мекемеде бізге әр қилы қасиеті, алуан түрлі беделі бар адамдардың басын қосуды қарастыруымыз керек болар, сондықтан бұл арада кандидаттар тізімін жасау міндеті жөнінде біраз жұмыс істеуге тура келеді. Мысалы, егер жаңа халық комиссариаты бір шаблонмен құрылған болса, айталық, оңкей чиновник сипатты адамдардан құрылған болса, немесе үгітшілік сипаты бар адамдар енгізілмей құрылған болса, немесе мінезі кісіге жұғымды яки осы қызметкердің өзіне тосын ортаға еркін араласа алатын қабылеті бар, т. с. адамдарсыз құрылған болса, мұның өзі бәрінен де гөрі қолайсыз болар еді.

Егер мен өз жоспарымды академиялық типтегі мекемелермен салыстырсам, өз пікірімді бәрінен де гөрі жақсы білдірермін деп ойлаймын. Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері өз президиумының басшылығымен Саяси бюроның барлық қағаздары мен документтерін үнемі қарап отырумен шұғылданута тиіс болады. Сонымен қатар олар біздің ең ұсақ және жеке мекемелерден бастап, жоғары мемлекеттік мекемелерге дейінгі мекемелеріміздегі іс жүргізуді тексеру жөніндегі жекелеген жұмыстарға өз уақытын дұрыс бөлуге тиіс болады. Ақырында, олардың жұмыстарының қатарына теорияны оқу, яғни өздері шұғылданғысы келген жұмысты ұйымдастырудың теориясын оқу қосылады және не байырғы жолдастардың басшылығымен, не еңбек ұйымдастыру жөніндегі жоғары институттар оқытушыларының басшылығымен жүргізілетін практикалық сабақтар қосылады.

Бірақ олар осы тәрізді академиялық жұмыстармен ешбір шектеліп қала алмайды деп ойлаймын. Мұндай академиялық жұмыстармен қатар оларға, алаяқтарды демей-ақ қояйын, бірақ сол сияқтыларды ұстауға дайындық деп атауға менің аузым баратын жұмыстарға және өздерінің жүріс-тұрыстарын, әдіс-тәсілдерін, т. с. бүркемелеу үшін айрықша амал-айлалар ойлап табу деп атауға болатын жұмыстарға өздерін әзірлеуге тура келеді.

Егер батыс европалық мекемелерде мұндай ұсыныстар адам естімеген ашу-ыза туғызатын болса, адамгершілік ашыну сезімін, т. т. туғызатын болса, ал мен: мұны істей алатындай болу үшін біз әлі онша бюрократтана қойған жоқпыз деп сенемін. Біреуді ұстап алады екен деп ойлап ренжитіндей, бізде жаңа экономикалық саясат әлі ондай құрметке не бола қойған жоқ. Бізде Совет республикасы тек жақында ғана құрылды және неше түрлі қоқсықтар төбе болып үйіліп жатыр, сондықтан кейбір айлакерлік арқылы, кейде едәуір аулақтағы негіздерге бағытталған немесе едәуір айналыс жолмен жүретін барлау арқылы сол қоқсықтың ішін ақтаруға болады деген ойға ренжу әлде біреулердің ойына келе қояр ма екен, ал егер тіпті келе қалса, ондай адамды біздің бәріміз де шын ықыласымызбен күлкі ететінімізге сенуге болады.

Француздар pruderie деп атайтын, біздің кісі күлерлік тәлімсу деп, не кісі күлерлік бәлсіну деп атауымызға болатын және совет ішіндегі болсын, партия ішіндегі болсын, біздің бүкіл бюрократиямызға өте-мөте қолайлы болып отырған белгіні біздің жаңа Рабкрин артқа тастап кетеді деп сенеміз. Жақшаның ішінде айта кетейік, бюрократия бізде тек совет мекемелерінде ғана емес, партия мекемелерінде де кездеседі.

Егер мен жоғарыда еңбекті жоғары дәрежеде ұйымдастыру жөніндегі институттарда, т. с. біздің оқыған үстіне оқи беруіміз керек деп жазған болсам, мұның өзі менің «оқуды» эсте де мектептегіше оқу деп түсінгендігім емес немесе менің тек мектептегіше ғана оқу жайындағы ойдан аса алмай қалғандығым емес. Бұл ретте «оқу» дегенде мені белгілі бір жеңіл-желпі қал-

жың аралас қулықты, белгілі бір айлакерлікті, белгілі бір залымдықты немесе сол сияқты бірдеңені түсінуден бас тартты деп бірде-бір нағыз революционерлер күдіктене қоймас деп сенемін. Батыс Европадағы мәртебелі де іргелі мемлекетте мұндай ойдан шынында да төбе шашың тік тұрар еді, бірде-бір жөн білетін чиновник бұл ойды тіпті талқыға салуға да көнбес еді, мен мұны білемін. Бірақ мен біздің әзір әбден бюрократтанып кетпегендігімізге, сондықтан мұндай пікірдің талқыға түсуі бізде әзіл-қалжыңнан басқа еш нәрсе туғызбайтындығына сенемін.

Шынында да, жағымды нәрсені пайдалы нәрсемен ұштастырмайтын несі бар? Күлкілі бір нәрсені, зиянды бір нәрсені, жартылай күлкілі, жартылай зиянды бір нәрсені, т. т. ұстап алу үшін белгілі бір қалжың аралас немесе жеңіл-желпі қалжың аралас қулықты пайдаланбайтын несі бар?

Егер осы пікірлерді өзі қарастырып көрсе, меніңше, біздің Рабкрин көп ұтатын сияқты, ал біздің Орталық Бақылау Комиссиясы немесе оның Рабкриндегі әріптестері бірнеше рет өздерінің өте-мөте көрнекті жеңістеріне жеткенде себі тиген шытырман оқиғалардың тізімі мәртебелі де кінәратшыл оқулықтарда айтуға лайықсыздау орындарда біздің болашақ «рабкриншілдер» мен «цекакистердің» іс-әрекеттері арқылы едәуір молығатын тәрізді.

* *
*

Партия мекемелерін совет мекемелерімен қалай ұштастыруға болады? Бұл арада жол беруге болмайтын бірдеңе жоқ па?

Мен бұл мәселені өз атымнан қойып отырғаным жоқ, жоғарыда бізде тек совет мекемелерінде ғана емес, сонымен бірге партия мекемелерінде де бюрократтар бар дегенімде өзім меңзеген адамдардың атынан қойып отырмын.

Егер іс мүддесі осыны талап етсе, шынында да, бұларды ұштастырмайтын несі бар? Сыртқы істер халық комиссариаты сияқты халық комиссариатында мұндай

ұштастырудың өте-мөте пайдалы болып отырғанын және оның әуел бастап-ақ қолданылып келе жатқанын ешқашан да ешкім көрмеп пе екен? Шетел державаларының «жүрістеріне» жауап ретінде, олардың — лайықсыздау сөз шығып кетпеуі үшін айтсақ — қулық-сұмдығын іске асыртпау үшін біздің жасаған «жүрістеріміз» жайындағы көптеген ірілі-ұсақты мәселелер Саяси бюрода партиялық тұрғыдан талқыланып отырмай ма? Совет мекемесінің партия мекемесімен осылай икемді түрде ұштастырылуы біздің саясатымызда орасан зор күштің қайнар көзі болып отырған жоқ па? Мен былай деп ойлаймын: өзін өзі ақтаған нәрсе, біздің сыртқы саясатымызға орнығып, бұл салада ешбір күмән туғызбастай болып, дағдыға әбден еніп алған нәрсе қалай да біздің бүкіл мемлекеттік аппарат жөнінде де соншалық орынды болмақшы (мен тіпті одан да гөрі орынды болады деп ойлаймын). Ал Рабкрин біздің бүкіл мемлекеттік аппаратымызға арналған мекеме ғой, сондықтан оның қызметі түп-түгел барлық және әр түрлі мемлекеттік мекемелерге, жергілікті мекемелерге де, орталық мекемелерге де, сауда мекемелеріне де, нағыз чиновниктік мекемелерге де, оқу мекемелеріне де, архив мекемелеріне де, театр мекемелеріне де, т. б.— бір сөзбен айтқанда, түп-түгел барлық мекемелерге қатысты болуға тиіс.

Осы сияқты құлашы кең мекемеге, оның үстіне тағы да қызмет формаларының аса зор икемділігі керек мекемеге — міне осындай мекемеге партия бақылауы мекемесін совет бақылауы мекемесімен айрықша түрде біріктіруге неге болмайды?

Мен бұдан ешқандай кедергі көре алмаған болар едім. Ол ол ма, мен бұлай ұштастыру ойдағыдай жұмыс істеудің бірден-бір кепілі болады деп ойлаймын. Мен бұл жөнінен қандай да болсын күмәнданулар біздің мемлекеттік аппаратымыздың ең шаң басқан түкпірлерінен бой көрсетеді, сондықтан мұндайларға тек бір ғана нәрсемен — мазақпен жауап беру керек деп ойлаймын.

Екінші күмән: оқу ісі мен қызмет ісін ұштастыру қолайлы ма? Меніңше, тек қолайлы ғана емес, солай болуға тиіс те. Жалпы айтқанда, біз батыс европалық мемлекеттікке қаншама революцияшыл көзбен қарасақ та, одан ең зиянды және ең күлкілі бірсыпыра соқыр сенімдерді жұқтырып та үлгердік, ал бізге мұны өзіміздің сүйкімді бюрократтарымыз ішінара әдейі жұқтырды, олар осындай соқыр сенімдердің лай суынан өздерінің талай рет балық аулай алатындығын белгілі бір пиғылмен пайдаланып бақты; сөйтіп олардың осы лай судан балықты көп аулағаны соншалық, тіпті бұл аулаудың қаншалық кең өріс алғанын біздің арамыздағы тек су қараңғы соқырлар ғана көрмеді.

Бүкіл қоғамдық, экономикалық және саяси қатынастар саласында біз «сұмдық» революцияшылмыз. Бірақ шенге табыну, іс жүргізудің формалары мен салттарын сақтау саласына келгенде, біздің «революцияшылдығымыз» екінің бірінде нағыз кертартпа ескішілдікке ойысады. Бұл арада қоғамдық өмірдегі орасан зор ілгері секіру ең кішкене өзгерістерден сұмдық жасқанушылықпен қалай ұштасатындығының өте қызық құбылысын талай рет байқауға болады.

Бұл түсінікті де, өйткені ілгері басудың ең батыл қадамдары көптен бері теорияның үлесіне жататын салада, ең алдымен және тіпті бірыңғай дерлік теория жүзінде дәріптелген салада болып келді. Орыс адамы ығыр қылған чиновниктік өмірден үйіне барып әдеттен тыс батыл теориялық тұжырымдар айтқанда ғана шерін тарқататын, сондықтан мұндай әдеттен тыс батыл теориялық тұжырымдар бізде адам айтқысыз сыңаржақты сипат алды. Бізде жалпы тұжырымдар жөніндегі теориялық батылдық пен қандай да бір болар-болмас кеңселік реформадан кереметтей жасқанушылық қатар отасып келді. Жер жөніндегі қандай да бір бүкіл дүние жүзілік аса ұлы революция кейбір мемлекеттер естіп көрмеген батылдықпен жасалып отырды, ал сонымен қатар қайдағы бір оныншы дәре-

желі кеңселік реформа жасауға ақыл-ой жетпей жатты; жалпы мәселелерге қолданылғанда сондай «тамаша» нәтиже берген нақ сол жалпы ережелерді осы реформаға қолдануға келгенде ақыл-ой немесе төзім жетпей жатты.

Сондықтан да біздің қазіргі тұрмысымыз керемет батылдықтың белгілері мен ең ұсақ өзгерістер алдындағы ой жасқаншақтығын адам таңданарлық дәрежеде ұштастырып отырады.

Мен бірде-бір нағыз ұлы революция тұсында басқаша болып көрген де емес деп ойлаймын, өйткені нағыз ұлы революциялар ескінің, ескіні өңдеуге бет алушылықтың және жаңаға, жаңа болғанда ескінің ешбір жұрнағы да қалмайтындай жаңаға барынша абстракт түрде ұмтылушылықтың арасындағы қайшылықтардан туады.

Ал бұл революция неғұрлым шұғыл болса, осындай қайшылықтардың бірталайы сақталып тұратын уақыт соғұрлым ұзаққа созылады.

* *
*

Біздің тұрмысымыздың жалпы белгісі қазір мынау: біз капиталистік өнеркәсіпті қираттық, орта ғасырлық мекемелерді, помещиктік жер иелігін түк қалдырмай қиратуға тырыстық, сөйтіп осы негізде ұсақ және өте ұсақ шаруалар жасап алдық, бұл шаруалар пролетариаттың революциялық жұмысының нәтижесіне сенгендіктен соның соңынан еріп отыр. Бірақ бізге бұл сенімге сүйеніп, неғұрлым дамыған елдерде социалистік революция жеңіп шыққанға дейін шыдап тұру оңай емес, өйткені ұсақ және өте ұсақ шаруалар, әсіресе жаңа экономикалық саясат тұсында, экономикалық қажеттілік себебімен, еңбек өнімділігінің ең төменгі сатысында тұрады. Оның үстіне халықаралық жағдайдың салдарынан Россия қазір кейін қарай ысырылып тасталды, жалпы және тұтас алғанда, халық еңбегінің өнімділігі қазір бізде соғысқа дейінгіден едәуір төмен болып отыр. Батыс европалық капиталистік державалардың бір бөлегі біле тұра, бір бөлегі

стихиялы түрде, бізді кейін ысырып тастау үшін, Россиядағы азамат соғысының элементтерін біздің елді мүмкіндігінше көбірек күйзелтуге пайдалану үшін қолдарынан келгеннің бәрін істеді. Империалистік соғыстан нақ осылай шығу, әрине, едәуір пайдалырақ болып көрінді: бұл державалар шамалап айтқанда,— біз Россиядағы революциялық құрылысты төңкеріп тастамасақ та, қалай болғанда да, оның социализмге қарай дамуын қиындатамыз деп ойлады, өздерінің көзқарасы бойынша олар басқаша ойлай алмайтын да еді. Ақырында олар өз міндетін жартылап шешті. Олар революция жасаған жаңа құрылысты құлата алмады, бірақ бұл құрылыстың дереу ілгері қадам басуына да мүмкіндік бермеді, ал мұндай қадам жасау социалистердің болжауын ақтап шығар еді, олардың өндіргіш күштерді орасан тез дамытуына, социализм құрыла алатын мүмкіндіктердің бәрін түгел дамытуына, социализмнің негізінде орасан зор күштер бар екенін және енді адамзаттың керемет жақсы мүмкіндіктер беретін жаңа даму сатысына көшіп отырғанын көз келген және әрбір адамға айқын, көз жеткізе дәлелдеуіне мүмкіндіктер берер еді.

Халықаралық қатынастар системасы қазір былай қалыптасып отыр: Европада жеңген мемлекеттер бір мемлекетті — Германияны құлдыққа салып отыр. Одан соң, Батыстағы бірқатар мемлекеттер, оның ішінде ең байырғы мемлекеттер, өздерінің жеңісі арқасында мына жағдайда — бұл жеңісін өздерінің езілген таптарына бірқатар мардымсыз жеңілдіктер беру үшін пайдаланатын жағдайда болып отыр, бұл мардымсыз жеңілдіктер, қалай дегенмен де сол езілген таптардың ішіндегі революциялық қозғалысты кешеуілдетеді және «әлеуметтік татулық» тәрізді бірдеңені туғызады.

Сонымен бірге, Шығыс, Индия, Қытай және басқа бірқатар елдер, нақ соңғы империалистік соғыстың салдарынан, өздерінің қалыпты жолынан біржолата шығып қалды. Олардың дамуы жалпы европалық капиталистік көлемге қарай біржолата бағыт алды. Бұл елдерде жалпы европалық толқу басталды. Бұлардың бүкіл дүние жүзілік капитализмді түгелдей дағдарыс-

қа ұрындырмай қоймайтын дамуға келіп кіргендігі енді бүкіл дүние жүзіне айқын.

Сонымен, біздің алдымызға қазіргі кезде мынадай сұрақ қойылып отыр: өзімізде ұсақ және өте ұсақ шаруа өндірісі болып отырғанда, өзіміз күйзеліп отырғанда, батыс европалық капиталистік елдер өздерінің социализмге қарай дамуын аяқтап шыққанға дейін біз шыдап тұра аламыз ба? Бірақ олар өздерінің социализмге қарай дамуын біз бұрын күткендей етіп аяқтамайды. Олар өздерінің бұл дамуын өздерінде социализмнің біркелкі «пісіп жетілуі» арқылы аяқтамайды, бір мемлекеттерді екінші мемлекеттердің қанауы арқылы, империалистік соғыс кезінде бірінші болып жеңілген мемлекетті қанауы арқылы, оған қоса бүкіл Шығысты қанау арқылы аяқтайды. Ал, екінші жағынан, Шығыс та дәл осы бірінші империалистік соғыстың нәтижесінде революциялық қозғалысқа біржолата келіп отыр және бүкіл дүние жүзілік революциялық қозғалыстың жалпы ағымына біржолата тартылып отыр.

Істің жайы осындай болуы біздің еліміздің қандай тактика ұстауын қажет етеді? Ол тактика, сірә, мынадай болуы керек: біз өзіміздің жұмысшы өкіметімізді сақтап қалу үшін, өзіміздің ұсақ және өте ұсақ шаруаларымызды сол өкіметтің беделімен және басшылығымен ұстап тұру үшін өте-мөте сақ болуға тиіспіз. Біздің жағымыздағы артықшылық мынау: бүкіл дүние жүзі қазірдің өзінде-ақ бүкіл дүние жүзілік социалистік революцияны туғызуға тиісті қозғалысқа көшіп отыр. Ал біздің жағымыздағы қиындық мынау: империалистер бүкіл дүние жүзін екі лагерьге бөлді, оның бер жағында Германияға, капиталистік дамудың шын мәнінде озық мәдениетті еліне, қазір көтерілу өте-мөте қиын болып қалуы осы екі лагерьге бөлінуді шиеленістіріп отыр. Батыс дейтін жақтың барлық капиталистік державалары оны тұқыртып, оған көтерілуге мүмкіндік бермей отыр. Ал екінші жағынан, адам төзімінің ең ақырғы шегіне жеткізіле қаналып отырған жүздеген миллион еңбекші халқы бар бүкіл Шығыс мынадай жағдайға: оның адам күштері мен материал-

дық күштері өзінен анағұрлым кіші батыс европалық мемлекеттердің қайсысының болса да адам күштерімен, материалдық және әскери күштерімен ешбір салыстыруға келмейтін жағдайға қойылып отыр.

Осы империалистік мемлекеттермен алдағы болатын қақтығысудан біз аман қала аламыз ба? Батыс европалық контрреволюцияның орыс контрреволюциясын қолдауға бағытталған жорығы Батыс пен Шығыс контрреволюционерлерінің лагерінде, шығыс қанаушылары мен батыс қанаушыларының лагерінде, Жапония мен Америка лагерінде болған қайшылықтардың салдарынан іске аспай қалып, Батыстың өрлеп келе жатқан империалистік мемлекеттері мен Шығыстың өрлеп келе жатқан империалистік мемлекеттері арасындағы ішкі қайшылықтар мен жанжалдардың бізге, бірінші рет мұрша бергені сияқты, екінші рет те мұрша береді деп біз үміттене аламыз ба?

Меніңше, бұл сұраққа былай жауап беру керек сияқты: бұл арада істің шешілуі тым көп жағдайларға байланысты, ал жалпы және тұтас алғанда, күрестің немен тынатындығын жер жүзіндегі халықтардың орасан зор көпшілігін сайып келгенде капитализмнің өзі-ақ күреске үйретіп, баулып отырғандығы негізінде ғана болжап көруге болады.

Сайып келгенде, күрестің нәтижесі мынаған байланысты: Россия, Индия, Қытай, т. т. халықтың орасан зор көпшілігі болып табылады. Ал халықтың нақ осы көпшілігі соңғы жылдары өзінің азаттығы жолындағы күреске адам айтқысыз тез тартылып отыр, сондықтан осы мағынада алғанда дүние жүзілік күрестің түпкілікті шешілуінің қандай болатындығы жөнінде иненің жасуындай күмән болуы мүмкін емес. Осы мағынада алғанда социализмнің түпкілікті жеңуі әбден және сөзсіз қамтамасыз етілген.

Бірақ біздің назар аударатынымыз социализмнің түпкілікті жеңуінің осындай даусыз екендігі емес. Батыс европалық контрреволюциялық мемлекеттердің өзімізді басып-жаныштауына жол бермеу үшін біз, Россия коммунистік партиясы, біз, Россия Совет өкіметі, қандай тактика ұстауымыз керек, біз міне осы-

ған назар аударамыз. Контрреволюцияшыл империалистік Батыс пен революцияшыл және ұлтшыл Шығыстың арасында, дүние жүзінің ең цивилизациялы мемлекеттері мен Шығыстағыдай артта қалған, бірақ көпшілік болып отырған мемлекеттердің арасында болатын келесі соғыс қақтығыстарына дейін өзіміздің өмір сүруімізді қамтамасыз ету үшін — әлгі көпшіліктің цивилизацияланып үлгеруі керек. Социализмге тікелей көшу үшін біздің саяси алғы шарттарымыз болғанымен, бұл көшу үшін бізге де цивилизация жетіспей отыр. Өзімізді сақтап қалу үшін біз мынадай тактика ұстауымыз керек немесе мынадай саясатты қолдануымыз керек.

Біз мынадай мемлекет орнатуға ұмтылуға тиіспіз: бұл мемлекетте жұмысшылар шаруаларға өз басшылық етуін, шаруалардың өзіне деген сенімін сақтап қала алатын болуы керек және барынша үнемшіл бола отырып, өздерінің қоғамдық қатынастарында қандай да болсын ысырапшылдықтың қандай да болсын ізін қалдырмауы керек.

Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымызды мейлінше үнемшіл болуға жеткізуге тиіспіз. Біз өзіміздің мемлекеттік аппаратымыздан оған патшалық Россиядан, оның бюрократтық-капиталистік аппаратынан соншалық көп қалған ысырапшылдықтың барлық іздерін жоюымыз керек.

Мұның өзі шаруалар өресіздігінің дәуірлеуі болып кетпей ме?

Жоқ. Егер біз жұмысшы табының шаруаларға басшылық етуін сақтап қалсақ, онда біз өз мемлекетімізде шаруашылықты мейлінше көп үнемдеудің арқасында әрбір титтей де болса үнемделген қаражатты өзіміздің машиналы ірі индустриямызды дамыту үшін, электрлендіруді, гидроторфты дамыту үшін, Волховстройды салып бітіру үшін және басқалар үшін сақтауға мүмкіндік аламыз.

Біздің үмітіміз осында, тек осында ғана болмақ. Бейнелеп айтқанда, біз бір аттан екінші атқа, атап айтқанда, шаруаның, мужиктің көтерем атынан, күйзелген шаруа еліне арналған үнемшілдіктің атынан про-

летариаттың өзіне іздеп отырған, іздемей отыра алмайтын атына, машиналы ірі индустрияның, электрлендірудің, Волховстройдың атына және т. б. атқа тек сонда ғана ауысып міне аламыз.

Мен өз жұмысымыздың, өз саясатымыздың, өз тактикамыздың, өз стратегиямыздың жалпы жоспарын қайта құрылған Рабкриннің міндеттерімен өз ойымша міне осылай байланыстырамын. Рабкринді айрықша жоғары дәрежеге қойып, оған Орталық Комитеттің правосындай правосы бар жетекшілік беріп, т. т. және т. с. істеп, оған ерекше қамқорлық жасап, ерекше көңіл бөлуімізді ақтайтын нәрсе мен үшін міне осында болып отыр.

Мұндай ақтаудың мәнісі мынада: өз аппаратымызды барынша тазалау арқылы ғана, оның ішіндегі өте қажет еместердің бәрін барынша қысқарту арқылы ғана біз күмәнсыз нық басып тұра аламыз. Және оның бер жағында біз ұсақ шаруа елінің дәрежесінде емес, осы жаппай өресіздік дәрежесінде емес, машиналы ірі индустрияға қарай тынбастан ілгері, тек ілгері өрлеп бара жатқан елдің дәрежесінде нық басып тұра аламыз.

Мен біздің Рабкриннің, міне, осындай мәртебелі міндеттерді атқаруын арман етемін. Міне сол үшін де мен партияның аса беделді жоғарғы тобын «қатардағы» халық комиссариатымен біріктіруді жоспарлап отырмын.

2 март, 1923 жыл.

«Правда» № 49, 4 март, 1923 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

Секретарьдың газет текстімен салыстырылған жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

РКП(б) XI СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ ЕСЕБІНІҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1

Съезде жасалатын саяси баяндаманың жоспары жөнінде

Барлық баяндауды басты-басты 3 қорытындыға әкеліп саю керек.

1 (А) Генуя. Біз өзімізді жәбірлеттірмейміз.
Бізді соққыға жыққан жоқ — соққыға жыға да, алдай да алмайды.

2 (Б) Коминтерн. Ұлы орыс революциясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңістерінің жиынтығы, қорытындысы, нәтижесі
α: буржуазиялық демократия 400 жылғы қоқыс 4 жылда
β: реакциялық, империалистік соғыстан шығу (революциялық жолмен шығу)
γ: мемлекеттің советтік типі (алғашқы паровоз нашар!).

3 (В) ендігі жерде *күнделікті* жұмыс үшін тыныс алу керек.
Жауапты коммунистер алдыңғы шептен артқа шегінсін!
Жай приказчик — алға бассын!
Сүйемдеп бассын.
Ұсақ істер.
Мәдени және шаруашылық жұмыстар.

Тәтті тілді коммунистік өтірік (жүрек айнытады) пен

Басқара білмейміз: приказчик versus** жауап-

* Қараңыз: осы том, 81—133-беттер. *Ред.*
** — қарама-қарсы. *Ред.*

Устряловтың таптық шындығы.

Есеп беріліп отырған жылда (1921—1922) жаңа экономикалық саясат саласында шайқасқанымыздан гөрі соққыға ұшырағанымыз көп болды. «Ысылғанның біреуі ысылмағанның 2-уіне...»

ты коммунист мысал (Донбасстың және Пятаковтың).

2

Бір жылғы саясаттың қорытындылары; бір жылғы саясаттың сабақтары — тақырып міне осы.

Хронологиялық тәртіппен: 1) жаңа экономикалық саясат; 2) Коминтерн; 3) Генуя.

Кері тәртіп:

Генуя туралы — менің 6 мартта сөйлеген сөзімнен* және Троцкий жолдастың жұрттың бәріне таныс сөздерінен кейін nil novi**.

Коммунистік Интернационал туралы — Зиновьев жолдастың тақырыбы ма? Мүлдем алып тастау керек пе?

Жаңа экономикалық саясат:

Оған жалпы баға. 1918 жылы-ақ берілген...***

«Мемлекеттік капитализм» ұғымы...

Алғашқы жыл. Тек енді ғана басталуы. (Ашаршылық, т. б.)

Өту, жақындау мағынасында алғанда шаруаларға бейімделу.

Шегіністі *тоқтату*.

Социализм жеңісі *үшін жеткілікті*.

Мәдениеттілік мәселесі.

Финанс дағдарысы, салықтар *((бюджет және Ларин..?))*[217].

* Қараңыз: осы том, 1—19-беттер. *Ред.*

** — ешқандай жаңалық жоқ. *Ред.*

*** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 316—339-беттер. *Ред.*

Устрялов.

Сауда жасай білу және басқара білу...
Тодорский, одан цитат келтіру.
Приказчиктер *versus* коммунистер.
Әкімшілікті тым асырып жіберген адам...[218]

Финал:

«Тізбек буындарының» қайсысы?

1918 — Советтер. 1919—1920 — тойтарыс.
1921 — құрылыстың басталуы. Ашаршылық.
1922: **орасан зор міндеттердің және материалдық қайыршылық пен мәдени қайыршылықтың арасындағы** *алшаңтық* (**түңғиық**). **Бұл түңғиықты көміп тастау.**

Шегінуді тоқтату:

Бізге пролетарлық мемлекеттің **жаңа экономикалық саясатқа** кеңшілік жасағаннан «тапқан» *зияны да* (социализмді қамтамасыз ету үшін) жетер.

Табыс қамтамасыз етілді, **егер** жеткілікті болса? не нәрсе? **мәдениеттілік!!!**

Қосымшалар:

Баяндамаға қосымша:
көкейтесті практикалық шаралар:
«Жасарған» Цюрупа
+
Рыков: 1) Бірдеңеге жарап қалар және **Вильгельм** өзінің хирургі арқылы.

2) нашар бөлегін кесіп тастап, капиталистік қоғамда қалдырды, ал тәуір бөлегін социалистік Россияға қайтарды.

3) Халық шаруашылығы жоғары советіндегі коллегиялылықтың «азғантай» артықтығынан құтылған Рыков жабдықтау жөніндегі төтенше комиссар ретінде өзін дара өкімет етіп көрсетті.

«Смена Вехтағы» Устрялов — «тәтті тілді коммунистік өтірікке» қарсы қолданылатын тамаша дауа.

Жаман айтпай жақсы жоқ: мен таңжылмай отырып, $^1/_2$ жыл (1921 және 1922) «сырттан» қарадым[219].

NB Жұмысты жаңаша жолға қою туралы 1922 ж. январьдың аяғынан бері Цюрупамен жазысқан хаттар.

Осыған орай *Саяси бюроның* жұмысын жеңілдету, оны лайықсыз істерден арылту, оның беделі мен жұмыс қабілетін арттыру (мысал: Главбум жөніндегі Троцкийдің комиссиясы. Мұндай комиссияларды өрістету).

3

Сырқат болуыма байланысты, тек қысқаша және басты-бастыларын ғана. Қажет болған жағдайда қосымшаны басқа біреу жасайды.

1. *Генуя* туралы 6 мартта айтылғанды қайталау.
2. *Жаңа экономикалық саясат* туралы. Негізгі екі қағида: (а) социализмге көшу ретінде, шаруаларға қолайлылау, дағдылы қағида; ірі өнер-

Жаңа экономикалық саясат =

(1) шаруа экономикасымен *«тұтасуды»* тексеру.

(2) капитализм м е н (сауда капитализмімен де, өнеркәсіп капитализмімен де) (орыс капитализмім е н де, шетел капитализмімен де)

кәсіп күйзелген кездегі **бірден-бір** мүмкін жол. | жарысты тексеру*

3. (б) «Мемлекеттік капитализм». Схоластикалық ұғым ба? Жоқ. *Капитализм* тұсында болған мемлекеттік капитализм емес, *жаңа* ұғым, өйткені жаңа құбылыс. Мемлекет = жұмысшы табы, оның авангарды, оның шыңдалған ұйымдық және мәдени күш-қуаты.
4. Шегіністі тоқтату (1922 ж. 6 мартта-ақ айтылған болатын) — Орталық Комитеттің атынан**.

   Барлау жасалды; негіз қаланды; аралас қоғамдар lancés***. Егер шегініс аяқталған болса, um im Bilde zu bleiben**** алда қандай міндет тұр. *Күштерді қайта топтастыру; шабуылды* (жекеше шаруашылық капиталға шабуылды) әзірлеу (экономикалық жағынан).
5. Эволюция ма әлде тактика ма? **«Смена Вехтағы»** Устрялов. «Тәтті тілді коммунистік өтіріктен» гөрі жақсы.
6. Кім жеңеді? Не жетпейді? Мәдениеттілік. Басқара білушілік (соның ішінде мемлекеттік сауданы жүргізе білушілік).
7. Тодорский (1918 жылы-ақ Весьегонскіде-ақ!): коммунизмді кімдердің қолымен орнату керек? { жаулап алушы және жаулап алынған: мәдениет дәрежесі*****. }
8. Басқара білмеушілік: басқара білмейтінімізді «біз білеміз» = танымның басталуы.

   Екі мысал.
9. (а) Москвадағы Москва тұтынушылар қоғамы Сыртқы сауда халық комиссариатының бюрократизміне қарсы қалай күресті?

---

* Бұл пункттерді В. И. Ленин кейінірек қосып жазған. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 9—19-беттер. *Ред.*
*** — енгізілді. *Ред.*
**** — перспективаны сақтап қалу үшін. *Ред.*
***** Бұл сөздерді В. И. Ленин кейінірек қосып жазған. *Ред.*

Мұнда жетіспеген нәрсе не? *Мәдениеттілік.*

10. (б) Талантты бір коммунист қалай «әкімшілікті тым асырып жіберді»?

Мынаны қосу керек: **міндетті түрде** *бюджет* (Ларин): **мемлекеттік трестер** (коммунистердің рөлі).

ал мұнда ше? Әкімшілік етуді саясатпен ұштастыра білу.

11. Мұның алдындағы пайымдаулар мен *типтік* мысалдар қорытындысы: Социалистік қоғамның **іргетасын** қалау үшін *экономикалық және саяси* құралдар әбден жеткілікті.

Жетпейтіні ше? Мәдениеттілік, білгірлік.

12. Ақ гвардиялық-меньшевиктік бағаны салыстырып көр. (((400 жылғы қоқыс 4 жылда)))

(α) буржуазиялық демократия ма?

Иә! ал сіздер ше?

(β) соғыстан шығу. (Ал қазір ше?)

(γ) Совет мемлекеті. *Алғашқы бу машинасы.*

Үш ұлы нәрсе істелді және қайтарылмайтындай болып жеңіп алынды.

Төртіншісі және бастысы: **социалистік экономиканың іргетасы қаланды ма?** *Әлі қаланған жоқ.* Сан рет қайта қалау керек, қалап бітіреміз.

13. Енді «тізбек буындарының» қайсысына жармасу керек?

1917 — соғыстан шығу

1918 — Советтік конституция versus Құрылтай жиналысы

1919 және 1920 — тойтарыс беру

1921 — шегініс (жаңа экономикалық саясат) тәртіппен*

1922 — *тағы да интервенция ма?* **Финанс дағдарысы ма? Тыныс алу ма?**

---

* «Тәртіппен» деген сөзді В. И. Ленин кейінірек қосып жазған. *Ред.*

В. И. Лениннің «1922 ж. 27 мартта сөйленетін сөздің жоспары» деген қолжазбасының бірінші беті.— 25—26 март, 1922 ж.

План речи на 27.III.1922:

1. О Генуе кратко после 6.III.1922. (+ деньги соц.-дем. устраив. не раз и не два: «мы идем»!)

2. НЭП. Ил. «суть сего вопроса»:
(а). Проверка «смычки» с крестьянской эк-кой.

3. (б) Проверка соревнования гос. и капитал. предприятий (и госуд. и кап-ов и муж. и проч.).

4. (в) «Госкапитализм». Сквернейш. vs реальн. и практ. значение сего слова. (госкапит. — Госпл, др. мол.).

(г)

5. Остановка отступления. Не в смысле: «уже научились», а в смысле: не нервничать, не сочинять, а на данной почве укреп., «перегруппировка сил и подготовка» = лозунг дня. Подготовка наступл. на ч.а. = кап. Сил = конкурс. Работа сделана. Сплош. ошибки.

6. «Отступ. или рубеж»? Устрялов «См. вех»: «ничего сладенького коммунистам».

7. Чья возьмет? Чего не хватает? Культурности, умения управлять (в/ч. вопр. хозяйства).

8. Тодорский: с. 62, под. уже в V.1918! (Ср. разговоры из «Экон. жизни»: кто кого? капиталисты? 4/100 отв. коммунистов Москвы и моск. бюрократизм.)

Два типичных примера

9. Пример № 1: МПО бор. с бюро КК ЦК. «Консервы с бельгийской коровой». Чего «им» (без Красина и Каменева) не хватало? Культурности. (Жертвовать дело МПО vs ККЦК)

10. Пример № 2: Как «он» и «они» переадминистрировали? (в Донбассе). (Туда был негодное умение упр. + негр. администрир.)

11. «Госторгсиндикат»: пример.... к будущему году! (роль коммунистов: плохо!)

12. Итог: вполне достаточно у нас средств для победы в НЭПе: и полит. и экон. Вопрос «только» в культурности!

13. Белогвардейцы (б/ч. М. нар. и Ко) видят в этом конец и их победу! Напрасно! обзор сделанного и несделанного оч. полезен:
(α). Бурж.-дем. рев. «они» 70 лет! Прогнали их (что не удавалось в 4 года!)
(β). выход из войны: реальн. выход из реакц. войн. А у них?
(γ). Сов. госуд. Первое в мире. Как зачаток: «хуже первого корабля»!! нам неотделимо.
Четверть, и главное, не доделано: фундам. соц. эк-ки. Многое переделать.

14. За какое «звено цепи» теперь уцепиться надо? (См. оборот).

адамдарды тексеру, істің нақты орында-
луын тексеру.

Істің түйіні: алға қойылған және басталған міндеттердің бүкіл дүние жүзілік-тарихи ұлылығы мен материалдық *және мәдени* қайыршылықтың арасындағы *алшақтық*.

14. Бұқараны бастау керек (өйтпейінше біздің бәріміз теңіздегі тамшыдаймыз).

Бұқара енді нақ шаруашылық және мәдени жұмыстарды өзіміздікі деп білетін болады.

Революция кезінде біз барынша көп іс тындырдық.

Революциядан тыс уақыт аралығында мәдени жұмысты істей білу керек.

15. Декреттер (*«декреттер арқылы насихаттау кезеңі»* өткен), қайта ұйымдастырулар, т. т. және т. с. арқылы қиянат жасамау керек. Қарапайым жұмыс — мәдени жұмыс, мәдени-шаруашылық жұмыс. **Істің орындалуын тексеру!!!**



Қосымшалар:

1. Халық Комиссарлары Советі мен *Еңбек және Қорғаныс Советі*. Орынбасарлар.
2. Партия versus *совет жұмысы*
3. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті.

Директиваның жобасы енгізіледі.

NB айрықша *Облыстық экономикалық кеңестер**

4

1922 ж. 27 мартта сөйленетін сөздің жоспары

1. *Генуя* туралы 1922 ж. 6 мартта айтылғанды қысқаша қайталау. (+ Делегация құрылды.— Директивалар бір

* *«NB* айрықша *Облыстық экономикалық кеңестер»* деген сөздерді В. И. Ленин кейінірек қосып жазған. *Ред.*

(емес, екі емес, сан рет мұқият талқыланды. — *«Біз дайынбыз»*.)

2. *Жаңа экономикалық саясат*. Бұл «мәселенің» басты-басты пункттері:

   (а) Шаруа экономикасымен «тұтасуды» тексеру.

3. (б) Мемлекеттік және капиталистік кәсіпорындарды (*сауда* кәсіпорындарын да, *өнеркәсіп* орындарын да, *орыс* кәсіпорындарын да, *шетел* кәсіпорындарын да) жарыс арқылы тексеру.

4. (в) «Мемлекеттік капитализм». Бұл сөздің схоластикалық *versus* революциялық және практикалық маңызы.

((*Мемлекеттік* капитализм. Мемлекет дегеніміз — **«біз»**.))

5. (г) Шегіністі тоқтату. Тоқтатқанда «үйреніп болдық» деген мағынада емес, күйгелектенбе, ойдан шығарма, қайта *осы негізде* үйрен деген мағынада; «күштерді қайта топтастыру және әзірлік» = бүгінгі күннің ұраны. *Жекеше шаруашылық капиталға* шабуыл жасауға әзірлену = ұран.

Барлау жасалды. *Аралас қоғамдар*.

6. «Эволюция ма әлде тактика ма»? «Смена Вехтағы» Устрялов: «тәтті тілді коммунистік өтіріктен» гөрі пайдалырақ.

7. Кім жеңеді? Не жетпейді? Мәдениеттілік, *басқара білушілік*

(оның ішінде мемлекеттік сауда жүргізе білушілік).

8. *Тодорский, 62-бет, баса көрсету керек.* X. 1918 өзінде-ақ!

(Салыстыру керек: жаулап алушы және жаулап алынған: кім мәдениеттірек? Москваның жауапты 4700 коммунисі және Москва бюрократиясы.)

Типтік екі мысал:

9. № 1 мысал: *Москва тұтынушылар қоғамы Сыртқы сауда халық комиссариатының* бюрократизміне қарсы күресті.

«Ақ сиырдың көшірмесі», «Оларға» (Красин мен Каменевсіз) не жетпеді? *Мәдениеттілік.*

(Москва тұтынушылар қоғамы versus Сыртқы сауда халық комиссариатының «ісі» туралы материалдар.)

10. № 2 мысал: «Ол» (және «олар») қалай *әкімшілікті тым асырып жіберді?* (Донбасста).

(Бұл арада басқаруды толық білмеушілік + кейбір *саяси* қателер болды.)

11. «Мемлекеттік трестер»: мысал... келесі жылға!

(коммунистердің ролі: *нашар!*)

12. Қорытынды: **жаңа экономикалық саясатта** жеңіп шығу үшін бізде саяси құралдар да, экономикалық құралдар да әбден жеткілікті. Мәселе *«тек қана» мәдениеттілікте!*

13. Ақ гвардияшылар (оның ішінде *меньшевиктер* мен *эсерлер* және $К^0$) мұны өздерінің пайдасына асатын *бірдеңе* деп түсінеді! Бекершілік! Жете істелгенді және жете істелмегенді шолу өте пайдалы:

(α). «Олар» буржуазиялық-демократиялық революция деседі! Оларға қарсы (400 жылғы қоқыс 4 жылда!)

(β). соғыстан шығу: реакциялық соғыстан *революциялық* жолмен шығу. Ал оларда ше?

(γ). Совет мемлекеті. Дүние жүзіндегі бірінші мемлекет. Жаңа заман: *алғашқы паровоздан* нашар!!

Ажырамас үш нәрсе.

Төртінші, және *басты,* нәрсе істеліп біткен жоқ: *социалистік экономиканың іргетасы.* Сан рет қайта жасау керек.

14. Енді «тізбек буындарының» қайсысына жармасу керек?

1917 — соғыстан шығу.

1918 — Совет мемлекеті versus Құрылтай жиналысы.

1919 және 1920 — шапқыншылыққа тойтарыс беру.

1921: шаруаларға экономикалық жағынан жақындау. *Экономикалық саясатты іздеу.*

1922: *Істің түйіні* мекемелерде, қайта құруларда, жаңа декреттерде емес, *адамдарда* және істің *орындалуын тексеруде.* Адамдарды іріктеп алу және істің орындалуын тексеру.

Үш (3) жағдайда:

(α) интервенция болмағанда.
Меньшевиктер мен эсерлер жөнінде: саяси *қолпаштағаны* үшін *ату.*

(β) Финанс дағдарысы тым күшті емес (онша күшті емес пе? мемлекеттік трестерді тазалау).

(γ) *Саяси қателіктер* жасамау.

15. «Кезеңнің түйінді мәселесі» (тізбек буындары) = алға қойылған міндеттердің ұлылығы мен тек материалдық қана емес, сонымен қатар *мәдени қайыршылықтың* да арасындағы алшақтық.

16. Бұқараны бастау керек, әйтпейінше біз теңіздегі тамшыдаймыз.

«Декреттер арқылы насихаттау кезеңі» өтті. Бұ-

қара ойланып істелген практикалық жұмысты ғана, шаруашылық және мәдени жұмыстағы *практикалық табысты* ғана түсініп, бағалайды.

ΣΣ* = Адамдарды іріктеп алу және істің орындалуын тексеру!

Қосымшалар:

1. Партия versus совет органдары. (Ұсақ-түйектерден арылту. Совет қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру.)
2. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті ше? Сессиялар ұзағырақ болсын. Мәселе неғұрлым мұқият талқылансын. Тексеру неғұрлым егжей-тегжейлі жүргізілсін.
3. Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі.
   Менің орынбасарларым (Рыков және II Вильгельмнің пайдасы),
   1922 ж. январьдан бергі жазысқан хаттар. Істің орындалуын тексеру, ширату, *жоғарыдан тазалау жүргізу.*
4. Халық Комиссарлары Советі. Беделін көтеру, ұсақ-түйектерден арылту.
5. Еңбек және Қорғаныс Советі. *Облыстық экономикалық кеңестердің жұмысын* өрістетіп, кеңейту.
6. Кіші Халық Комиссарлары Советі. Мұны да ұсақ-түйектерден арылту.

Директивалар жобасы (Орталық Комитеттің тапсыруы бойынша) енгізіледі.

Жоспардың 1, 2, 3-нұсқалары 1922 ж. 21 және 25 март аралығында, 4-нұсқасы — 25—26 мартта жазылған

Бірінші рет 1, 2, 3-нұсқалары 1930 ж. Лениннің XIII жинағында, 4-нұсқасы 1926 ж. «Большевик» журналының 4-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

2
СЪЕЗДІҢ 2 АПРЕЛЬДЕ БОЛҒАН МӘЖІЛІСІНДЕГІ ЖАЗБАЛАР

Седой:
α) ...Қайшылықтар, жөнсіздік, дәйексіздік...
β) *«аса зор сенім»* және!!?

---

1) Бұрынғы *Жұмысшы оппозициясын* қуғындады деп Орталық Комитетті кінәлаудың негізсіздігі
2) жөнді жұмыстан бас тарту
3) оппозиция ойынына көңіл қою
4) металлистердің съезіндегі әрекет
5) съезден кейін де сондай
6) бұрынғы *Жұмысшы оппозициясының* ішінде, көзқарастарының түрліше болуына қарамастан, партиядағы адал жұмыс істейтін көпшілік пен өзінің сөзсіз адал еместігін көрсеткен азшылықты (мүмкін тіпті болмашы азшылықты) айырып қарауға партияны мәжбүр ететіндей жік байқала ма.

1922 ж. 2 апрельде жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ОРЫНБАСАРЛАРДЫҢ (ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН ЕҢБЕК ЖӘНЕ ҚОРҒАНЫС СОВЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ) ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ ЖӨНІНДЕ*

1

ҚАУЛЫНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

4. IV. 1922.

Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасарлары туралы

1) $^{9}/_{10}$ — шаруашылық халық комиссариаттарына.
$^{1}/_{10}$ — қалғандарына.
Басты мәселе — финанс.

2. Бастысы — істің орындалуын тексеру.

3) Аппарат — іс басқармалары.
Тым көбейте бермеу керек.
Minimum.
Аппарат + Жұмысшы-Шаруа инспекциясы.

4) Төменгі орындардағы қызметкерлерді тексеру (және коммунистік ұяларды қайта ұйымдастыру керек пе?)

5) Коммунистерді совет қызметшілерінің арасына қайта орналастыру керек, орналастырғанда коммунистер шеттетілмейтіндей, елеусіз болмайтындай, қайта *алаяқтарды ұстап алатындай* және қағаз жұмысын *тездететіндей* етіп орналастыру керек.

6) Орынбасарлардың екеуі де *«Экономическая Жизнь»-ді* оқып тұруға міндетті.

---

* Қараңыз: осы том, 172—181-беттер. *Ред.*

Бұл газетті шаруашылықты басқару, есептердің, т. с. түсіп тұруын тексеру *органына* айналдыру # керек.

7) *Орталық Статистика Басқармасын* академиялық органнан басқару ісіне көмектесуші органға айналдыру керек.

(NB: **Пешехонов**)

8) Сыртқы сауда халық комиссариатының бүкіл аппаратын көшіру — товар айналымының %-і + пайда мөлшері

Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының да

Сыйлық беру жүйесі

9) *Мемлекеттік трестерді тазалау және олардың тонап алғандарын тексеру* өте-мөте қажет.

Комиссия + Губерниялық экономикалық кеңестер

10) *Ішкі сауда халық комиссариаты ше?*

Сыртқы сауда халық комиссариаты ше? Халық шаруашылығы жоғары советі

11) Облыстық экономикалық кеңестер: қызметкерлерді шақырып алу керек пе? есептер керек пе?
+ *жергілікті жерлерге барып тұру*
+ штаттарды қысқарту
+ іс жүргізуді тәртіпке келтіру және оңайлату.

(12) Губерниялық экономикалық кеңестердің есептерін оқып тұру керек пе?

(13) Орынбасарлардың жұмысын стенографиялық жолмен жазып алу.

III бөлім (3 бет).

Орынбасарлардың жұмысы туралы

Цюрупада 4 бөлім бар:
I. тапсырмалар (I, 1—11)
II. жұмыс әдісі (II, 1—6)
III. байланыс жасау (III, 1—4)
IV. еңбек бөлінісі (VI, 1—2, *а—д*)

(V) + ерекше мәселелер.

Үш бөлім:

А) Жалпы тапсырмалар.
Б) Халық комиссариаттарын бөлісу.
В) Ерекше мәселелер (**Ішкі** сауда халық комиссариаты; *есептер*).

Цюрупада:

1. Нақты жұмысты тексеру.
2. Істің орындалуын тексеру.
3. Дербестікке және жауапкершілікке көндіру.
4. Жеке жауапкершілікті белгілеу.
5. Қызметкерлерді қатаң және үнемі іскер бақылап отыру.
6. Қызметкерлермен *жеке-жеке* танысу.

42. 31 bis.

7. Бюрократизмге және қағаз бастылыққа қарсы күрес.
8. Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советін ұсақ-түйек мәселелерден арылту.
9. Кіші Халық Комиссарлары Советі мен *жарлық беруші* Еңбек және Қорғаныс Советі өз жұмыстарын ұлғайта бермеуі керек.
10. Ерекше маңызды халық комиссариаттарын жауынгерлік жағдайға көшіру.

11. Ерекше бақылауға алынатын аса маңызды басқармаларды бөліп көрсету. Ad 4 0*.

(II) 12. Орынбасарлар өздерін ұсақ-түйектерден арылтады.
13. Комиссиялардан — idem**.
14. Комиссияларды жабуға тырысады.
15. Комиссияларға тікелей қатысудан өздерін босатады.
16. **Жұмысшы-Шаруа инспекциясы** мен *Іс басқармасын* пайдаланады.
17. Жазалар — әкімшілік жазалар қолдану және соттау (жұрт алдында көрсету процестері).

(II) 18. Көшірмелерді (жазбаны) бір-біріне хабарлап отырады.
19. Баяндамалардан алынған үзінділерді idem.
20. Кеңесіп отырады.
21. Жұмыстағы қосарланудан аулақ болады.

IV) 22. Бір аптадан председательдік етіп тұрады.
23. Халық комиссариаттарын бөліседі.
24. — ұзақ уақытқа емес.
25. — шаруашылық халық комиссариаттары да, шаруашылықпен айналыспайтын халық комиссариаттары да.
26. — халық комиссариаттарының бөлшектенуі.
27. — Лениннің тұжырымы.
28. — Халық шаруашылығы жоғары советі мен Азық-түлік халық комиссариаты.
29. Кіші Халық Комиссарлары Советі.
30. *Халық Комиссарлары Советінің* Іс басқармасы.
31. Облыстық экономикалық кеңестер.
31 bis. Қызметкерлерді шақырып алу.

---

* — 40-пунктке. *Ред.*
** — Бұл да солай. *Ред.*

‖32. Совет *мекемелерімен* байланыс жасау.

V бөлім:

(V) 33. $^{9}/_{10}$ — шаруашылық халық комиссариаттарына.
34. Олардың $^{9}/_{10}$-ы — финансқа.
[34 bis: *Қатынас жолдары халық комиссариаты.*]
35. «Экономическая Жизнь».
36. Орталық статистика басқармасы.
37. Сауда. %%.
(Сыртқы сауда.
Кооперация.)
38. *Ішкі сауда.*
39. Мемлекеттік трестер.
40. Үлгілі бөлімдер (іс жүргізу).
NB |||41. Штаттарды қысқарту.
| *ad 6.* 42. Төменгі орындардағы қызметкерлер. |
43. Барып тұру.
44. Совет мекемелеріпде коммунистерді қайта бөлу, қайта орналастыру.
45. *Есептер және оларды оқу.*

I. Негізгі нәрсе:

1. {Істің нақты орындалуын тексеру | 1 және 2 | ; штаттарды қысқарту; бюрократизмге және қағаз бастылыққа қарсы күрес | 7 |
2. Совет мәселелерін басқа мекемелерде қарау | *Рыковта* 32 |
3. *Халық Комиссарлары Советі* мен *Еңбек және Қорғаныс Советін* ұсақ-түйектерден арылту | § 8 |.
4. Кіші Халық Комиссарлары Советі мен Жарлық беруші Еңбек және Қорғаныс Советі Idem | § 9 |.

5. Дербестік пен жауапкершілікке көндіру | § 3 |.
6. Жеке жауапкершілікті белгілеу | 4 | (қатаң және іскер бақылау: | 5 |).
7. *Төменгі орындардағы* қызметкерлермен жеке-жеке танысу. Барып тұру.

| 6 + 42 + 31 bis + 43 |

8. | § 10 |: Ерекше маңызды халық комиссариаттарын немесе бөлімдерді жауынгерлік жағдайға көшіру («кезең») (немесе *ерекше бақылау*).

II.

9. $^9/_{10}$ — шаруашылық халық комиссариаттарына | 33 |.
10. Олардың $^9/_{10}$-ы — финансқа | 34 |.
10. Ерекше маңыздысы — Қатынас жолдары халық комиссариаты* | 34 bis |.
11. *Сыйлық беру жүйесі* | 37 |. Сыртқы сауда халық комиссариаты мен Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы (барлық жерде ме? сыйлық беру жүйесі ме?)
12. Ішкі сауда | 38 |.
13. Мемлекеттік трестер | 39 |.
14. 2—4 үлгілі бөлім | 40, 41 |.

{ штаттарды қысқарту
штаттардың нормалары
қысқартудың мөлшеріне қарай сыйлық беру керек пе?

15. Совет мекемелерінде коммунистерді қайта орналастыру | 44 |.
16. Экономикалық кеңестердің есептері | 45 |.
17. «Экономическая Жизнь» | 35 |.

---

* Қолжазбада бұл пунктті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

18. Орталық статистика басқармасы | 36 |.

III. *Жұмыс әдісі.*

19. | 12 | Өзін ұсақ-түйектерден және басы артық *жолығысулардан* арылту.
20. комиссиялардан idem | 13 |
21. комиссияларды жабу | 14 |
22. комиссияларға тікелей қатысудан | 15 |.
23. *Жұмысшы-Шаруа инспекциясының* аппараты және Іс басқармалары (minimum) | 16 |.
24. Жазалар — жеке өзі әкімшілік жазалар қолдану және сот | 17 |.

IV. *Байланыс жасау.*

25. Көшірмелер мен жазбаны хабарлап тұру | 18 |*.
26. Баяндамалардан алынған үзінділерді idem | 19 |.
27. Кеңесін отырады | 20 |.
28. жұмыстағы қосарланудан аулақ болады | 21 |*.

V.

29. *Халық Комиссарлары Советінде* — Цюрупа Еңбек және Қорғаныс Советінде *Рыков* председательдік етеді.
30. Телефон арқылы берілетін жарлықтарға қол қою.
31. Халық комиссариаттарын
||| **аппаратты** *және істің орындалуын бақылауына қарай* бөлісу.

Бірінші рет 1928 ж. Лениннің VIII жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Бұл пунктті Ленин сызып тастаған. *Ред.*

2

ҚАУЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТАРАУЛАРЫ

Тараулар:

I. Орынбасарлардың жалпы және негізгі тапсырмалары.

II. Орынбасарлардың жұмысына қатысты арнаулы мәселелер.

III. Жұмыс әдісі. Аппарат.

IV. Орынбасарлар арасындағы байланыс.

V. Орынбасарлар арасындағы еңбек бөлінісі.

1922 ж. кеш дегенде 11 апрельде жазылған

Бірінші рет, қолжазба бойынша басылып отыр

««ЕКІ ЖАҚТЫ» БАҒЫНУ ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚ ТУРАЛЫ» ХАТТЫҢ ТЕЗИСТЕРІ*

(а) (б)

Екі жақты бағыну және заңдылықты қадағалау.

Бюрократиялық централизмге қарсы болу керек пе? — жергілікті орындардың қажетті дербестігін жақтау керек пе? — губерниялық атқару комитетіндегілерге менмендікпен қараушылыққа қарсы болу керек пе?

Заңдылық Калуга заңдылығы және Қазан заңдылығы бола алмайды деген көзқараста менмендік бар ма?

Мынадай айырмашылықты ескере білу керек жерлерде екі жақты бағыну болады:

Калуга егіншілігі мен Қазан егіншілігі, онеркәсіп, *бүкіл* әкімшілік. Заңдылық біреу болуға тиіс. Әйтпесе мәдениеттілік те, саяси сауаттылық та болмайды.

Бірыңғай заңдылық — жергілікті әкімшілік — және *жергілікті соттар*. Прокуратура әкімшілік етпейді және ештеңе шешпейді**.

Заңдылықты қадағалайды: Губерниялық атқару комитетінің шешімдерін тоқтатпайды және мақсатқа сәйкестілігіне төрелік айтпайды (Жұмысшы-Шаруа инспекциясы сияқты), тек қана бірыңғай заңдылықты қорғайды.

Сондықтан екі жақты бағыну принципін қолдану — принцип жағынан аса үлкен ағаттық және түбірінен қате болады.

---

* Қараңыз: осы том, 222—227-беттер. *Ред.*

** Қолжазбада алғашқы алты абзац сызылып тасталған. *Ред.*

Содан соң тағы да жергілікті ықпалдар туралы мәселе.

Қыруар заңсыздық және жергілікті ықпалдардың зияны. Мысалы: партия тазалауы. Мұны бекер деуге бола ма немесе бұдан губерниялық атқару комитетіндегілерге менмендікпен қарауды көруге бола ма?

Жергілікті ықпалға қарсы күресе алатын партияның 10 немесе 100 мүшесі ме?

(αα) Ұйымдастыру бюросы + Саяси бюро + *Орталық Бақылау Комиссиясы*

Орталық = бас прокурор + Жоғарғы Трибунал + Юстиция халық комиссариаты + (αα)

А ΣΣ* = жергілікті бюрократия мен жергілікті ықпалдар = еңбекші халық пен өкімет арасындағы ең жаман кедергі

Б заңдылық пен мәдениеттілік «калугалық» заңдылық пен мәдениеттілік емес, қайта minimum бірыңғай заңдылық пен мәдениеттілік.

1922 ж. кеш дегенде 20 майда жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

IX САЙЛАНҒАН БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ IV СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОСПАРЫ*

1) *Владивосток:* Қиыр Шығыс республикасы
жапон империализмі
||| соғыс және дипломатия.

2) Кодекстер: еңбек туралы. Аз ба? *Еңбек өнімділігі. Мәдениет дәрежесі.*

3) — жер туралы: баянды ету және жетілдіру, тәжірибе жинақтау.

4) және 5) — азаматтық право туралы және сот құрылысы туралы (бұл да NB).

6) *жергілікті советтер,* губерниялық атқару комитеттері туралы etc. {біздің бүкіл конституциямыздың негізі}

Сондай-ақ мен сіздердің жұмыстарыңызға жүйелі түрде шолу жасап жатпаймын, өйткені басты нәрсені айтып өттім деп ойлаймын.

Тек қана *біздің мемлекеттік аппаратымыз* туралы.

Таяу арада жүргізілген санақ (1 октябрь, 1922) — *231* мыңның орнына *243* мың (28 август, 1920)**.

Оқу, аппаратты жақсарту, мәдениетті котеру.

1922 ж. 25 октябрьден кешірек жазылған

Бірінші рет 1945 ж. Лениннің XXXV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 276—283-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 530—531-беттер. *Ред.*

СОМДЫ ТҰРАҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР[220]

1) 6 ай бойы дерлік төтеп бердік (V дан X $^1/_2$ дейін)

#

бiршама *тұрақтанды* (табыс — жұмыс істеуге татиды)

2) таяу арадағы 6 айда жағдай нашар болады, *салыққа* үміт арту керек. *(Бәлкім, өткен жылғыға қарағанда тәуірлеу болуы мүмкін) ((X. XI.))*

3) Мемлекеттік банкте бонаны қамтамасыз етерліктей *20* миллион сом алтын ақша бар.
өнеркәсіпке көмектеседі
   α)
   β) сыртқы саудаға көмектеседі

бүкіл халық шаруашылығының және өнеркәсіптің ортақ мүддесі

1922 ж. октябрьдің аяғы — ноябрьдің басында жазылған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

КОМИНТЕРННІҢ IV КОНГРЕСІНДЕ ЖАСАЛАТЫН «РОССИЯ РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БЕС ЖЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ» ДЕГЕН БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ*

1

1. Баяндаманы емес, тек қана жарыс сөзге *қысқаша кіріспе* (ауру, т. б.).
2. Тақырып: *Жаңа экономикалық саясат* тәжірибе арқылы тексерілді ме? Мақұлдадық па (тәжірибе) әлде қарсы болдық па?
3. «Мемлекеттік капитализм» туралы мәселе 1918 жылы-ақ көтерілген.
4. Кітапшадан цитат[221]. | *Seite 5.* | || | «Мемлекеттік капитализм прогресс болар еді». |
5. Цитат: Россия экономикасының «5 элементі».
6. Цитат: қай элемент басым?
7. *Жаңа экономикалық саясаттың* жоспары немесе идеясы немесе мәні неде?
   α) жерді мемлекет қолында сақтау
   β) *сол сияқты өндіріс құрал-жабдықтары* (**транспорт,** т. б.) саласындағы тұтқалы орындардың бәрін де сақтау.
   γ) ұсақ өндіріс саласындағы сауда еркіндігі
   δ) *жекеше капиталды* тарту мағынасындағы мемле-

* Қараңыз: осы том, 313—330-беттер. *Ред.*

кеттік капитализм (концессиялар да, *аралас қоғамдар* да).

8. Қорытындысында мұның беретіні: *1918* шегініс қамтамасыз етілді.

9. 5 жыл бойы жалғызбыз; басқа елдерде революция әлі жоқ;
соғыс пен ашаршылық.
Құримыз ба?

10. Аздап *шегіну керек*. Шегіндік. *Қорытындысы ше?*

11. 1921 көктемде — 1922 күзіне дейін. Қорытындылары қандай?

12. *Сом.* Оның тұрақтануы $<$ 1921 3 ай
$>$ **1922** **5** »
Біз өзіміз-ақ, ешкімнің көмегінсіз-ақ көтеріліп келеміз.
(квадриллион? Иә, бірақ сызып тастау қиын емес.)

13. Шаруалар? *Азық-түлік салығы (ойдағыдай* жиналуы; жүздеген миллион).

14. Жеңіл индустрия? *Жалпы өрлеу!*

15. Ауыр индустрия?
жағдай өте ауыр.
1921—1922 жақсаруға қарай бетбұрыс, бірақ өте шамалы бетбұрыс
(Мемлекеттік банктің табыстары: алтынмен 20 млн., көмектесу мүмкіндігі).

16. Қорытынды: демек, табыс болады, табыс нақты *бар*.
Система еркінсу емес, шатастыру емес, іс жүзінде сынақтан өткен.
Біз өзіміз-ақ, басқаның көмегінсіз-ақ көтеріліп келеміз.

17. Қиындықтар *орасан зор, әлі де бірнеше жыл.*

Зердесіздік толып жатыр. Иә. Жолдың жаңа екендігі.
Керісінше, ешбір көмексіз-ақ.
Аппарат бөтен.

Біздің зердесіздігіміз $2 \times 2 = 5$.
«олардың» зердесіздігі $2 \times 2 =$ стеарин шырағы.

1) Колчак
2) Версаль бітімі

18. Сондықтан
перспективалар тамаша.
Және бұдан да жақсы болады, егер
біз де келесі бесжылдықта **көбінесе**
үйренуді қолға алсақ
Коммунистік Интернационал да, өйткені партиялардың *ұйымдық құрылысы* туралы қарар (1921) **орындалған жоқ**
перспективалар
...бұдан да жақсы болады.

Аты:

«коммунистік партиялардың ұйымдық құрылысы туралы»
«олардың жұмысының әдістері мен мазмұны туралы»
Organisatorischer Aufbau der kommunistischen Parteien, Methoden und Inhalt ihrer Arbeit*.

Коминтернде 13. XI. 1922 сөйленетін сөз.

1922 ж. 13 ноябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. 21 январьда «Правда» газетінің 17-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* «Аты» деген сөзден бастап тексті В. И. Ленин сызып тастаған. *Ред.*

2

Орыс революциясының 5 жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары

Диктатуралар

Күреспен, *соғыспен* және анархиялықпен өткен бес жыл (1922 *Владивостокқа дейін*[222]).

Енді ғана — бейбіт құрылыс.

«Жаңа экономикалық саясат».

Шаруалар, олардың көзқарасы (1922 азық-түлік салығын жинау)

өнеркәсіп, оның өрлей бастауы

а) тұтыну заттары

б) өндіріс құрал-жабдықтары (ауыр индустрия)

{ Басталуы?? Қиын }

Жабайы өшпенділік

— — — бас кезінде (күрес барысы; жеңіс)

енді — — — күйреу. Соғыс құрбандықтары.

үйрену	алдыңғымен байланысты емес пе? әзірше жалғыз қалдық. Бұрын да төмен дәреже әрі *қайыршылық* = байланыстың 2 кезеңі

Кім бастайды?

(шаруалар) буржуазия ма

немесе пролетариат па?

шетелге қуып жіберу = «сейілту құралы» сияқты

екі Россия.

Басқа елдер[223].

3

1. *Kein Berichterstatter.* (Krankheit).
   Nur kurze Einleitung und *nur* über ein *Thema:* ob die neue ökonomische Politik *gute* Resultate gebracht hat, oder schlechte, oder unbestimmte.

2. War die «neue ökonomische Politik» ganz un-

vorgesehen, unvorbereitet, oder schon früher vorgesehen?

3. Meine Erklärung aus dem Jahre 1918 || (S. 5)
   (Erstes Zitat).
4. Zweites Zitat: S. 6: 5 **Elemente.** }
5. Welches Element vorherrscht? (Zitat) (*S*. **6.**).
6. Also? «Neue ökonomische Politik» =
   1) *Kommandohöhen* in unseren Händen
   2) Grund und Boden dem Staate
   3) Freiheit der wirtschaftlichen Tätigkeit der Bauern
   4) Große Industrie (und große Agrikultur) in unseren Händen
   5) Privatkapitalismus — für ihn möglich Konkurrenz gegen *Staatskapitalismus*
   6) Staatskapitalismus so geartet, daß wir das Privatkapital heranziehen zusammen mit *unserem* Kapital.
7. Es war nicht absichtlich gemacht, aber das Resultat dieser Erklärungen war *dies:* **Rückzug gesichert.**

Drei Hauptpunkte praktisch {{ Staatskapitalismus }} = ||
(1) Freiheit des Handels für den Kleinbesitz
(2) Alle Kommandohöhen (große Agrikultur und große Industrie) in unseren Händen
(3) Gemischte «Gesellschaften» = «Garantie des Lernens».

8. Das Resultat? 1921 Frühling eingeführt «Neue ökonomische Politik».
   1922 *Ende? Vergleichen wir.*
9. *Der Rubel?* 1921 $<$ *als 3 Monate* stabil
   1922 $>$ als **5 Monate stabil**

(Überflüssige Nullen zu streichen).
NB

10. Bauernschaft? Schon jetzt ___ Mill. Pud.

11. Leichte Industrie. *Aufschwung* überall.
Schwere Industrie:
(1) Lage schwer.
(2) Eine **kleine** Besserung im Vergleich mit 1921.
(3) Mittel (sind) *da*, um weiter zu helfen (*20 Mill.* Rub. in Gold. Staatsbank).

12. *Monopol des auswärtigen Handels.*

13. ΣΣ = Der erste Erfolg ist *da*.
Bis jetzt *keine* Schulden
nichts gezahlt
keine irgendwie ernstzunehmenden Konzessionen.

14. Das genügt für mich.
Das neue System *ist* nicht willkürlich
ist nicht Konfusion
ist keine «Erfindung», «Utopie» usw.
ist praktisch *erprobt*.

15. Noch enorme Schwierigkeiten? Absolut richtig?
Noch unzählige Dummheiten? Ganz richtig.
Aber der Charakter, der Typus der Dummheiten?
Unserer? der Gegner?
2×2 = 5
2×2 macht *Stearinlicht*
{ 2 Beweise: Koltschak
Versailler Frieden }

16. Eben deshalb Perspektiven der Weltrevolution *ausgezeichnet*.
Noch besser, wenn wir weiter lernen
(das garantiere ich ihnen) ((Staatsapparat **fremder**))

Für Kommunistische Internationale?

Resolution nicht gelesene, nicht zu erfüllende.

NB |||| Wenn das gebessert, dann auch in dem Sinne *Perspektiven ausgezeichnet.*

АУДАРМАСЫ

1. *Баяндамашы емес* (ауру).
Тек қана қысқаша кіріспе және *тек қана* бір *тақырыпқа:* жаңа экономикалық саясат *жақсы* нәтижелер берді ме немесе жаман нәтижелерге соқтырды ма, немесе нәтижелері тұрлаусыз ба.
2. «Жаңа экономикалық саясат» мүлдем ойға келмеген, дайындалмаған нәрсе болды ма, немесе ол бұрыннан-ақ ойластырылған ба еді?
3. Менің 1918 жылғы мәлімдемем || (5-бет)
(Бірінші цитат).
4. Екінші цитат: **6**-бет: 5 **элемент.** }
5. Қай элемент басым болып отыр? (Цитат) (**6**-бет).
6. Сонымен? «Жаңа экономикалық саясат» =
   1) *тұтқалы орындар* біздің қолымызда
   2) жер мемлекет қолында
   3) шаруалардың шаруашылықты жүргізу еркіндігі
   4) ірі индустрия (ірі ауыл шаруашылығы да) біздің қолымызда
   5) жекеше капитализм — оның *мемлекеттік капитализммен* бәсекелесуі мүмкін
   6. мемлекеттік капитализм мынадай: біз жекеше капиталды *өз* капиталымызбен бірге тартып отырмыз.
7. Бұл алдын ала ойластырылып жасалған жоқ, бірақ бұл мәлімдемелердің нәтижесі *мынадай* болды: **шегініс қамтамасыз етілді.**

Практикалық жағынан басты үш пункт {{ (1) Ұсақ өндіріс саласындағы сауда еркіндігі.
(2) Тұтқалы орындардың бәрі (ірі ауыл шаруашылы-

мемлекеттік капитализм = (ғы мен ірі индустрия) біздің қолымызда. (3) Аралас «қоғамдар» = «үйрену кепілі».

8. Нәтижесі не? 1921 көктемде «жаңа экономикалық саясат» енгізілді.
1922 аяғында ше? *Салыстырып көрейікші.*

9. *Сом ба?* 1921 3 айдан > тұрақты
1922 5 айдан < тұрақты
(Артық нольдерді сызып тастау керек).
NB

10. Шаруалар ма? қазірдің өзінде-ақ ___ миллион пұт.

11. Жеңіл индустрия. Жалпы *өрлеу.*
Ауыр индустрия:
(1) Жағдай ауыр
(2) 1921 жылмен салыстырғанда аздап жақсарды
(3) Одан әрі көмектесу үшін керекті қаражат *нақты бар* (алтынмен *20 миллион* сом. Мемлекеттік банк).

12. *Сыртқы сауда монополиясы.*

13. ΣΣ* = Алғашқы табыс *нақты бар.*
Осы уақытқа дейін *ешбір* борыш та
еш нәрсе де төленген жоқ
аз да болсын елеулі ешқандай концессиялар жоқ.

14. Осының өзі-ақ мен үшін жеткілікті.
Жаңа система еркінсу *емес*
шатастыру *емес*
«ойдан шығарылған нәрсе» емес, «қиял», т. т. емес.
іс жүзінде *сынақтан өткізілген.*

15. Әлі де орасан зор қиындықтар бар ма? Әбден дұрыс па?

* — Summa summarum — жалпы қорытынды. *Ред.*

Әлі де қыруар зердесіздіктер бар ма? Әбден дұрыс.
Бірақ зердесіздіктердің сипаты, типі қандай?
Біздікі ше? Дұшпандардікі ше?

2×2 = 5

2×2 *стеарин шырағына* тең болады.

{ 2 дәлелдеме: Колчак
Версаль бітімі. }

16. Нақ сондықтан да дүние жүзілік революцияның перспективалары *өте тамаша.*

Егер бұдан былай да үйренетін болсақ, бұдан да жақсы болмақ

(мен осылай болатыны жөнінде сіздерге кепілдік беремін) ((мемлекеттік аппарат **бөтен**))

Коммунистік Интернационал үшін бе?

Қарар оқуға келмейді, орындауға келмейді.

NB |||| Егер мұны түзетсек, онда осы мағынада да *перспективалар өте тамаша.*

1922 ж. 13 ноябрьден ертерек жазылған

Бірінші рет 1959 ж. «Вопросы Истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

СОВЕТТЕРДІҢ БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ X СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ[224]

1. 5 жылдық мереке (Владивосток).
2. Азамат соғысы жұмысшы табы мен шаруаларды *біріктірді, жеңілмес күштің кепілі* міне осында.
3. Азамат соғысы үйретіп, шынықтырды (Деникин және басқалары жақсы *ұстаздар;* жақсылап үйретті; *біздің таңдаулы қызметкерлеріміздің* бәрі *армияда болды*).
3. *b i s:*... 3 *b i s: д и п л о м а т и я* (NB).

> Аппарат құру оңай.

4. Өткен жылғы ашаршылықты да жеңдік.
5. Енді *түгелдей э к о н о м и к а н ы* қолға алу керек: социализмге қалай (NB) *к е л у к е р е к?*
6. Басқаша емес, *жаңа экономикалық саясат* арқылы.
7. *Бір жылғы тексеріс?*
8. *Финанс*. Алға *б о л м а ш ы қадам.*
9. *Крицман*, 1920 — 16%; 1921 — 50%; 1922 — 60%[225].
10. Сауданың өсуі, *і ш к і* сауданың да
11. — — сыртқы сауданың да.
12. — Аралас қоғамдар: **үйрену.**
13. Өнеркәсіп: жеңіл индустрия *ж а қ с а р д ы,*
14. — — — ауыр индустрия *қиындау*, бірақ үміт үзерлік емес: алға қарай сәл қадам жасалды.

15. *Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы:* оның ерекше маңызы.
16. Жалпы мемлекеттік аппарат: **іске алғысыз жаман;** *буржуазиялық мәдениеттен төмен.*
    (1917 ж. XI де «қорқып қалды»); нақ бүкіл мәдениет мәселесі, ал мәдениетті *көтеру үшін жылдар керек.*
17. Мемлекеттік аппаратта жүздеген мың қызметшілер. *Көбейіп кетуі.*
NB 18. 1922 (X—XI) санақ.
19. Оның қорытындылары.
20. *Киннің мақаласы*[226].
21. Қайта жасау емес, *қайта орналастыру* мен *қысқарту.*
22. *Көптеген жылдардың жұмысы:* (біз жалғызбыз, біз сүйреп келеміз, *бізді сүйреу* керек еді).
23. Шапшаңырақ (1917—1922)
    баяуырақ (1922—1927??) («ұран»).
24. Қала ұяларының деревня ұяларын қамқорлыққа алуы және *vice versa**.

Екінің бірінде: бұл аппарат бізге тән емес, қайта біз оған тәнбіз!!

Келесі жылға арнап шикізатпен және басқаларымен жабдықтау! *NB* (қауіп).

1922 ж. декабрьдің бірінші жартысында жазылған

Бірінші рет 1925 ж. 27 сентябрьде «Правда» газетінің 221-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* — керісінше. *Ред.*

*«БІЗ РАБКРИНДІ ҚАЛАЙ ҚАЙТА ҚҰРУЫМЫЗ КЕРЕК» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР**

1

«БІЗ РАБКРИНДІ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

1. — Біздің мемлекеттік аппаратымыз тұтас алғанда ескі рухпен неғұрлым байланысты, неғұрлым зақымданған.

Осы жолмен біз оны неғұрлым жаңартамыз.

2. — Орталық Комитетпен тікелей байланысты аппараттың осындай типінің анағұрлым үлкен ширақтығы.

3. — Оның анағұрлым үлкен беделі.

4. — Онда Орталық Комитеттің мүшелері тым көп болмай ма?

5. — Орталық Комитет пленумдарының конференциялар ретіндегі сипаты қазірдің өзінде-ақ біздің бұдан бұрынғы партия құрылысымыздан өсіп шықты.

6. — Жоғары үкімет мекемелерінің (Халық Комиссарлары Советі, Еңбек және Қорғаныс Советі, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, т. б.) мәжілістеріне Орталық Комитет мүшелерінің қатысуына шек қою туралы қаулы болуы мүмкін.

7. — Олардың бұл мәжілістерге қатысулары үшін кезек белгіленуі мүмкін.

8. — Олардың Рабкрин коллегиясының мәжілістеріне қатысулары үшін кезек белгіленуі мүмкін.

9. — Бұл жоспарға қарсы айтылуы мүмкін пікір: ревизорлар тым көп, бақылау тым көп, дереу жауап беpі-

* Қараңыз: осы том, 422—428-беттер. *Ред.*

луін талап етуге праволы және қызметшілерді өздерінің тікелей жұмысынан қол үздіретін бастықтар және т. т. тым көп.

10. — Жауап: біз Жұмысшы-Шаруа инспекциясындағы қызметшілердің әдеттегіден өзгеше құрамын жобалап отырмыз.

11. — Сыртқы істер халық комиссариатындағы қызметшілердің құрамы жақсы екенін неліктен деп түсіндіруге болады? Және де Жұмысшы-Шаруа инспекциясынан нақ осындай жаңартылған аппарат шығару үшін қандай жағдайлар туады?

12. — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы бес жылдың тәжірибесі негізінде жұмысты жаңаша ұйымдастыруды қазірден бастап қолға алуға тиіс.

13. — Орталық Комитеттің Секретариаты тарапынан жұмысты жаңаша ұйымдастыру (Орталық Комитеттің жаңа мүшелеріне басқару ісінің барлық егжей-тегжейлерін үйретуді ұйымдастыру).

14. — Саяси бюро мәжілістерін көбірек тәртіпке келтіре түсу енді жұмыстың барысынан-ақ туады.

15. — Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейтуден болатын маңызды пайда — оның шешімдерінде әркімнің жеке пікірін білдірстіп, кездейсоқ элементтің азаюы, т. б.

1923 ж. кеш дегенде
9 январьда айтып
жаздырған

Бірінші рет 1959 ж.
Лениннің XXXVI жинағында
басылған

Секретарьдың жазбасы
бойынша басылып отыр
(машинкада басылған дана)

2
БІЗ РАБКРИНДІ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?

Рабкриннің бізге орасан зор қиыншылық туғызып отырғанына күмән жоқ. Одан осы кезге дейін еш нәрсе шықпай келді, сондықтан оны ұйымдастыру туралы және тіпті жалпы оның қажеттігі туралы мәселе сол мәселе қалпында қалып отыр.

Менің ойымша, оның керектігіне күмәнданатындар дұрыс істеп отырған жоқ. Бірақ мен біздің мемлекеттік аппаратымыз және оны жақсарту туралы мәселенің өте қиын және шешілуі әлі де болса қашық мәселе екенін де бекерге шығармаймын.

Біздің мемлекеттік аппаратымыз, Сыртқы істер халық комиссариатынан басқасы, көбінше ескінің сарқыншағы болып табылады, ол түбегейлі қиратуға неғұрлым аз ұшыраған. Оның жоғары жағы ғана аздап жатықталған. Ал басқа жағынан оны шын мәнінде іске қосу үшін жұмысшы және шаруа мемлекетіне, оның үстіне кілең жаңа негізде құрылған мемлекетке, бұл үшін онда, нағыз иерархиялық шеңберде, партия мүшелерінің шоғырлануы барлық уақытта керек болып келді және қазір де керек болып отыр.

Бұл айтылғанды дәлелдеу үшін,— біз азамат соғысының қауіпті кезеңдерінде қалай қимыл жасағанымызды, таңдаулы партиялық күштерімізді Қызыл Армияға қалай жинақтағанымызды, партиядағы алдыңғы қатарлы жұмысшыларымызды мобилизациялауға қалай барғанымызды еске түсірудің жөні бар.

Міне сойтін, менің ойымша, Жұмысшы-Шаруа инс-

пекциясын қайта құру жөніндегі біздің барлық әрекеттеріміздің нәтижесінде біз тағы да бір әрекет жасамадық деген қорытындыға келіп отырмыз. Атап айтқанда, біз жұмысшыларымыз бен шаруаларымызды Орталық Комитеттің мүшелері ретінде өз партиямызды басқаруға қойып, бұл істі соларға беруге әрекет жасамадық.

Мен Рабкринді осылайша қайта құруды өзімше былай деп ойлаймын: адалдығы мен берілгендігі жағынан сынақтан толық өткен бірнеше ондаған (50 адамнан 75 адамға дейін) жұмысшылар мен шаруалар Орталық Комитеттің өзге мүшелеріне қосымша партияның Орталық Комитетіне сайланады. Сонымен бірге Рабкрин ақыр аяғында (ақыр аяғында!) бірнеше жүз адамнан, бір жағынан, жалпы алғанда Рабкриннің істерінде неғұрлым сыннан өткен, яғни біздің аппаратымызды жалпы бақылаумен неғұрлым таныс, біздің аппаратымызды білуі жөнінен де, мекемелерде еңбекті ұйымдастыру мәселелеріне теориялық даярлығы жөнінен де, тексеру, тергеу тәсілдері жөнінен де әбден жетік мамандардан,— екінші жағынан, таза секретарьлық, жәрдемші аппараттың адамдарынан құрылатын болады.

Орталық Комитеттің басқа мүшелерімен толық тең праволы болатын Орталық Комитеттің жаңа мүшелеріне біздің мемлекеттік аппаратымызды ұзақ та қажырлы жұмыс істеп зерттеу және жақсарту жөнінде тапсырма беріледі. Рабкриннің қалған қызметшілерінің бәрі оларға бұл істе көмектесуге: біреулері бұл аппаратпен неғұрлым таныс және Рабкриннің жұмысымен неғұрлым таныс адамдар ретінде, екіншілері — секретарьлық типтегі қызметшілер ретінде тапсырма алады.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты бұл орайда нақ осы кезге дейінгісіндей халық комиссариаты болып қала алар еді. Орталық Комитеттің жаңа мүшелерін осы комиссариаттың жанында уақытша командировкада жүр деп санауға болар еді. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары, сондай-ақ оның коллегия мүшелері де, өз атағын, өз жағдайын және өз праволарын сақтап қала алар еді.

Ал біз осылайша ұйымдастырудан қандай пайда тапқан болар едік? Ең алдымен, біз өзіміздің аппаратымыз-

ды жеткіліксіз зерттеу негізінде жасалатын жаңа қайта құрулардан біржола бас тартқан болар едік. Екіншіден, оған Орталық Комитеттің мүшелерін тарту арқылы да, сондай-ақ ондағы қызметшілердің санын бірнеше жүзге дейін азайту арқылы да біз бұл халық комиссариатының беделін бірден көтерген болар едік. Өйткені жалпы тәртіп бойынша Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының мүшелері тексерілетін мекемелердің бергенімен күн көріп отырған қазіргі жағдайдан біз Рабкрин қызметшілерінің мейлінше тәуелсіз болуы не өте жоғары жалақымен (бұған қызметшілердің санын бірнеше жүз өте-мөте білікті және тексерілген жоғары қызметшілер қалатындай етіп қысқарту арқылы жетуге болады), не Орталық Комитеттің жоғарыда көрсетілген мүшелерінің, сондай-ақ халық комиссариаты қызметшілерінің санын мұқият тексергенде өзіміз қалдырған аздаған мамандардың үнемі бақылауы мен қадағалауында болатын таза секретарьлық типтегі көмекшілермен қамтамасыз етілетіндей жағдайға бірден көшкен болар едік.

Орталық Комитеттің жаңа мүшелері біздің мемлекеттік аппаратымызды оның барлық тармақтарында, соның ішінде мемлекеттік трестерде де, ұқыптырақ және абайлап зерттеуге тапсырма алған болар еді.

Бұл істі тез істеп тастауға болмайды. Сондықтан олар өздерінің тапсырмаларын орындау үшін ешқандай белгілі мерзім алмаған болар еді. Екінші жағынан, олар нақ осындай тапсырманы орындау үшін Орталық Комитеттің бір мүшелерін екінші бір мүшелерімен ауыстыру арқылы бірнеше жыл жұмыс істейміз деп үміт арта алатын болар еді, яғни біз Орталық Комитеттің мүшелеріне осы орында бірнеше жыл жұмыс істеу және одан кейін өздерінің бұрынғы орындарына қайтып оралу мүмкіндігін партия съезінің шешімімен қамтамасыз еткен болар едік.

Ленин

9 январь, 1923 ж.

Жазып алған М. В.

БІЗ РАБКРИНДІ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?

(жалғасы)

Нақ осындай жоспардың толып жатқан қарсы пікірлер туғызатынын, ол қарсы пікірлердің көпшілігі біздің мемлекеттік аппаратымыздың шын мәнінде ескі, яғни революцияға дейінгі күйінде қалған, ескі элементтерінің ішіндегі ең сұмдарының өшіге шулауынан шығатынын мен күн ілгері біліп отырмын. Олар мұның өзі жұмыста әбден былық туғызады-мыс, Орталық Комитеттің мүшелері не істеуге білмей, барлық жерде жұмысқа кедергі келтіріп, түсініктемелер сұрап, халық комиссариаттарында, мекемелерде сенделіп жүреді-міс, т. т. және т. с. дейтін болады.

Менінше, мұндай қарсы пікірлердің сипаты олардың қайдан шыққанын жеріне жеткізе әшкерелейтін сияқты және бұл қарсы пікірлердің тіпті жауап беруге татитын-татымайтындығы екіталай. Егер қызметшілердің әдеттегі типті құрамы болады деп ұйғарылса, онда, сірә, мұндай қарсы пікірлердің ең болмағанда бір бөлігін ақтауға болатындығы өзінен-өзі түсінікті. Бірақ мәселе мынада: біз бұл халық комиссариатында қызметшілердің нақ әдеттегі типті құрамы болады деп ұйғармаймыз, қайта оның құрамына партия съезінің тексеруімен Орталық Комитетке сайлауға тұрарлық таңдаулы жұмысшыларды ғана аламыз. Меніңше, біз мұнымен Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының құрамы бұдан былай сапасы жағынан біздегі таңдаулы халық комиссариаттарынан, атап айтқанда, Сыртқы істер халық комиссариатынан, нашар болмауына кепілдік жасайтын сияқтымыз. Сыртқы істер халық комиссариатындағы қызметшілердің құрамы жақсы екенін неліктен деп түсіндіруге болады? Мұның себебі, біріншіден, онда ескі қалыптағы дипломаттардың азды-көпті елеулі бөлегі қала алмады, екіншіден, біз онда жолдастарды жаңадан іріктеп алдық, оларды тек жаңа талаптар бойынша ғана, жаңа міндеттерге сай келулеріне қарай іріктедік, үшіншіден, онда, Сыртқы істер халық комиссариатында, басқа халық комиссариаттарындағыдай шын мәнісінде чиновниктердің ескі белгілерін то-

лығынан қайталайтын, ойдан-қырдан жиналған қисапсыз көп қызметшілер жоқ және, төртіншіден, Сыртқы істер халық комиссариаты біздің Орталық Комитетіміздің тікелей басшылық етуімен жұмыс істейді. Дұрысын айтқанда, бұл — біздегі халық комиссариаттарының ішіндегі толық жаңартылған, шын мәнінде жұмысшы-шаруа өкіметіне және оның рухында жұмыс істейтін бірден-бір халық комиссариаты; ол солай бола тұрса да, іс жүзінде бұқара ішінде жұмыс істей отырып, оған қарсы және оның рухына жатпайтын жұмыс істейді деген емес.

Енді Жұмысшы-Шаруа инспекциясынан нақ осындай шын мәнінде жаңартылған аппарат шығару үшін біздің алдымызға қандай шарттар қойылады? Бірінші шарт — сайлау арқылы адалдық толық қамтамасыз етілетін болады; екінші шарт — қызметкерлердің өздерінің іске берілгендігі және қабілеттілігі тұрғысынан алғанда жоғары қасиеттері; үшінші шарт — олардың жоғары партиялық мекемеге жақындығы және біздің партиямызды, ал сол арқылы біздің бүкіл мемлекеттік аппаратымызды да басқаратындармен тең праволылығы.

Нақ осы жерде негізгі болып табылатын нәрсені, атап айтқанда: істі білуді, біздің мемлекеттік аппаратымызды білуді және оның қалайша өзгертілуге тиіс екенін білуді ешқандай адалдық, ешқандай партиялық бедел ауыстыра алмайды деп айтулары мүмкін.

Мен бұған былай деп жауап беремін: жаңа халық комиссариатының жұмысынан біздің шұғыл нәтижелер күтпейтініміз және бұл жұмыстың көптеген жылдарға созылатынын күн ілгері болжайтынымыз менің ұсынысымда ең елеулі шарттардың бірі болып отыр. Олай болса, мәселе енді жаңа халық комиссариатының жұмысын ұйымдастыруға келіп саяды.

Бұл жерде де мен Орталық Комитеттің жаңа мүшелерін оқытуды, мұның өзінде іс жүзінде оқытуды дұрыс ұйымдастыру үшін, яғни оларды біздің мемлекеттік аппаратымыздың барлық егжей-тегжейлерімен таныстыруды, оларды сондай-ақ буржуазиялық мемлекеттің әр түрлі қызметшілердің жұмысын ең жақсы жолға қою ісінде осы замапғы ғылымының не істегені саласын-

да таныстырумен ұштастыру үшін біздегі партия қызметкерлері де, сол сияқты біздегі қазіргі Жұмысшы-Шаруа инспекциясының басшылары да жеткілікті тәжірибе, жеткілікті білім, жеткілікті шеберлік және басқа қасиеттер жинақтады деп ойлауға өзімді праволымын деп санаймын.

Ленин

13 январь, 23 ж.

Жазып алған Л. Ф.

БІЗ РАБКРИНДІ НЕ ІСТЕУІМІЗ КЕРЕК?
(2-жалғасы)

Мен Жұмысшы-Шаруа инспекциясының қазірден-ақ, бес жылдың тәжірибесі негізінде, жұмысты жаңаша ұйымдастыра бастайтыны; жаңа қызметкерлерді бірқатар топтарға бөліп, жұмысты осы топтарға үнемі бөліп отыратыны; бұл топтарды: шетел тәжірибесімен практикалық тұрғыдан таныса отырып, жұмыспен дүркін-дүркін шұғылданатындарға; жалпы алғанда еңбекті және арнайы басқару ісіндегі еңбекті ұйымдастыру саласындағы осы заманғы ғылымның қорытындыларымен таныса отырып, жұмыспен теориялық тұрғыдан шұғылданатындарға бөлетіні өзінен-өзі түсінікті деп ойлаймын. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы өзінің барлық қызметкерлерін атқарылатын жұмыстардың бәрінен өтетіндей етіп бөледі; бұл жұмыстар оларға төменнен жоғарыға дейін, әр түрлі қызметтерде және басқарудың әр түрлі салаларында, әр түрлі жерлерде, ұлттар жөніндегі жұмыстың әр түрлі жағдайларында, т. т. үнемі тапсырылады.

Бір сөзбен айтқанда, мен Жұмысшы-Шаруа инспекциясындағы жолдастар осы бес жылдың ішінде бірдеңені үйренді және олар өздерінің алған білімдерін халық комиссариатын жаңадан ұйымдастыруға қолдана алады деп ойлаймын. Мұның үстіне, бізде, сірә, өздерін еңбек ұйымдастыруды зерттеуге арнаған ғылыми сипаттағы үш мекеме (Орталық еңбек институты, осы мақсат үшін бөлінген Жұмысшы-Шаруа инспекциясындағы топ және Әскери халық комиссариатындағы топ) бар екенін

ұмытпау керек. Жақында осы үш топтың бәрінің съезі болды[227], сондықтан олардың жұмысы енді осы кезге дейінгіден неғұрлым дұрыс, неғұрлым ынтымақты және неғұрлым мақсатты жүргізіледі деп сенуге болады.

Мен біздің Орталық Комитетіміздің Секретариаты тарапынан жұмысты қалай жаңаша ұйымдастыруға болатынын ойлап отырмын? Әрине, Орталық Комитеттің бірнеше ондаған мүшелері жұмыстың жаңаша ұйымдастырылуын талап етеді. Бірақ мен біздің Орталық Комитетіміздің пленумын жоғары сатыдағы конференциялар типі бойынша ұйымдастыруға біз қазірдің өзінде іс жүзінде көшкенімізді айта кетуге тиіспін. Ендігі жерде мәселе мынада: Орталық Комитеттің осы жаңа мүшелеріне Орталық Комитеттегі барлық жұмысты және жоғары мемлекеттік мекемелермен танысу жұмысын үйретуді ұйымдастыру керек. Егер біз бұл істе кешеуілдеп қалсақ, онда біз өзіміздің негізгі міндеттеріміздің бірін, атап айтқанда, өкімет басына келуімізді еңбекшілер бұқарасының таңдаулы элементтеріне басқарудың барлық егжей-тегжейлерін үйрету үшін пайдалану міндетін орындай алмаймыз. Біздің Саяси бюромыздың мәжілістерін көбірек тәртіпке келтіру, мәжілістердің уақытын ықшамдап, оларды аптасына екі рет өткізуді тағайындау, мәжілістерде қаралатын документтердің бәрін жақсылап әзірлеу және бұл документтерді Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне неғұрлым мезгілінде жеткізіп беру сияқты шаралар. Мұндай шаралар қазірдің өзінде жұмыстың бүкіл барысынан туып та отырғаны және қатаң талап етілетіні сонщалық, бұларға нөлендей бір қарсы пікір айтылады деп ойлауға бола қояр ма екен. Әрине, мұның өзі секретарьлық типтегі қызметшілерге жұмсалатын шығынның көбейтілуін керек етеді, бірақ бұл шығындардан ақша аяу тым қисынсыз іс болар еді.

Мұның үстіне, мен Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейтуден табатын маңызды пайдамыз — оның шешімдерінде жеке бір кісінің пікірін білдіретін, кездейсоқ элементтің азаюы, шешімдерді мұқият әзірлеу, мұндай мәжілістерде жасалатын барлық пайымдаулардың неғұрлым тыңғылықты тексерілуі және осыған байланысты біздің Орталық Комитетіміздің өз жұмысының

сабақтастығы жөнінен де, сол сияқты бұл мекеменің бұқарамен байланысы жеткіліксіз болған жағдайда туу мүмкін жікке бөлінушілікке қарсы күресу жөнінен де үлкен тұрақтылығы деп санайтынымды жолдастардан жасырмаймын.

Ленин

13 январь, 23 ж.

Жазып алған Л. Ф.

1923 ж. 9 және 13 январьда айтып жаздырған

Бірінші рет 1959 ж. Лениннің XXXVI жинағында басылған

Секретарьдың жазбасы бойынша басылып отыр (машинкада басылған дана)

ҚОСЫМШАЛАР

ГЕНУЯДА ӨТЕТІН КОНФЕРЕНЦИЯДА Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ УӘКІЛДІГІН БЕРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Le Soussigné, Président du Conseil des Commissaires du Peuple de la République Socialiste Fédérative des Soviets de Russie, Président de la Délégation de Russie à la Conférence Européenne, déclare par les présentes que son surchargement par des affaires d'Etat et l'état non pas absolument satisfaisant de sa santé faisant impossible son départ de Russie, il transmet en vertu de la Résolution de la session Extraordinaire du Comité Central Executif Panrusse en date du 27 Janvier 1922, tous les droits de Président de la Délégation Russe au citoyen G. V. Tchitcherine, vice-Président de la Délégation de Russie.

Moscou, au Kremlin, le 25 mars 1922.

Vl. Oulianoff (Lénine)

Бірінші рет 1962 ж. 24 апрельде «Правда» газетінің 114-номерінде басылған (факсимиле)

В. И. Ленин қол қойған түпнұсқа бойынша басылып отыр

ГЕНУЯДА ӨТЕТІН КОНФЕРЕНЦИЯДА Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ УӘКІЛДІГІН БЕРУ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Төменде қол қоюшы, Россия Социалистік Федерациялық Советтік Республикасы Халық Комиссарлары Советінің Председателі, Европа конференциясына қатысатын орыс делегациясының председателі осы арқылы мынаны хабарлайды: мемлекеттік істердің тым көптігі және денсаулық жағдайының онша жақсы болмауы оның Россиядан ұзап шығуына мүмкіндік бермей отыр, сондықтан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1922 ж. 27 январьда болған төтенше мәжілісінің қарарына сүйене отырып, орыс делегациясы председателінің барлық праволарын азамат Г. В. Чичеринге — орыс делегациясы председателінің орынбасарына береді.

Москва, Кремль, 25 март, 1922 ж.

Вл. Ульянов (Ленин)

Бірінші рет 1961 ж. мына кітапта басылған: «Ленин идеялары өмір сүріп, жеңіске жете береді», Москва

Француз тілінен аударма

РОССИЯ КОММУНИСТІК (БОЛЬШЕВИКТЕР) ПАРТИЯСЫ XI СЪЕЗІНІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА АРНАЛҒАН ЖЕКЕ АНКЕТА

1. Фамилиясы, есімі, әкесінің аты ....Ульянов Владимир Ильич*
2. Қандай дауыспен $\frac{\text{кеңесші}}{\text{шешуші}}$ қатысасыз
3. Делегаттық билет №:
4. Қай ұйымнан делегатсыз ....Москва
5. Жасыңыз ....52 жастамын
6. Ұлтыңыз ....орыс
7. Біліміңіз ....жоғары
8. Өзіңізді қандай әлеуметтік топқа (жұмысшы, шаруа, қызметші) қосасыз
9. Өз кәсібіңіз бойынша неше жыл жұмыс істедіңіз: әдебиетші ретінде 28 жыл
10. Қазіргі уақытта қандай партиялық жұмыс атқарып жүрсіз ....РКП Орталық Комитетінің мүшесімін
11. Қазіргі уақытта қандай совет жұмысын атқарып жүрсіз .... Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің председателімін
12. Қазіргі уақытта мыналарға қандай қатысыңыз бар:
    а) кооперацияға
    б) кәсіподақ қозғалысына } ешқандай қатысым жоқ
13. РКП-ға қашан кірдіңіз ....құрылған кезінен бастап(1895)
14. Бұрын басқа партияларда болдыңыз ба, болсаңыз қашан, қай партияларда: ....Болған жоқпын

Қол қойған *В. Ульянов (Ленин)*

1922 жылы март айының 27-сі күні

Бірінші рет 1930 ж. Лениннің XIII жинағында басылған

Ішінара В. И. Ленин толтырған бланк бойынша басылып отыр

---

* Петитпен терілген жауаптар М. И. Ульянованың қолымен жазылған. *Ред.*

В. И. ЛЕНИННІҢ
КЕЗЕКШІ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІГІ[228]

21 ноябрь, 1922 ж.— 6 март, 1923 ж.

21 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Таңертең Владимир Ильичте Горбунов болды. Сағат $11^1/_2$-нан Каменев; сағат 6-да мәжіліс[229]. Ешқандай тапсырма болған жоқ. Лидия Александровнада [Фотиевада] дауысқа қойылуға тиісті* бір қағаз[230] бар, Сталинмен сөйлесу үшін Владимир Ильич ол қағаз туралы сағат 5—6 арасында есіне салуды өтінді. Бірақ Лидия Александровна ол қағазды өзіне алып, оның Сталиннен естігісі келген түсініктемесі мен өзім айтамын, сондықтан есіне салудың қажеті жоқ деді, дегенмен Лидия Александровна есіне салады. $10^1/_4$—$10^3/_4$ Каменев.

21 ноябрь, кешке.

Хаскель — $11^1/_2$ }
Сталин — $12^1/_2$ } 22 ноябрьге тағайындалған**.

Хаскель мен Лерс (аудармашы) жөнінде комендатураға жарлық берілді.

22 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

I. Таңертең ешқандай тапсырма болған жоқ. Қабылдануға тиісті адамдар қабылдауда болды.

Кеш [ке] — Кивдило мен Бродовский сағат 6-ға (фар-

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:

* Дауысқа қойылды. Саяси бюроға берілді. Чичеринге де, Сталинге де хабарланды. Володичева.

** Хаскель — Каменев арқылы. Лерс — аудармашы. Сталин — орындалды. Екеуі де болды.

фор фабрикасының жұмысшылары)*, олар мына тәртіппен қабылданады: сағат 6-ға Горбуповтың кабинетіне келеді, Горбупов олармен сөйлесіп, бізге хабарлайды, сол кезде Владимир Ильич онда бір минутқа кіріп шығады.

Пропуск туралы жарлықты (Троицк қақпасы арқылы) беру қажет.

II. Хаскельдің ұсынысы туралы өте құпия хатты Владимир Ильич Саяси бюроның барлық мүшелеріне және Чичеринге жіберілсін деп табыс етті, дауысқа қою үшін** Назаретянға[232] 8 данасы жіберілді. Буракovадан[233] тексерілсін,— алынды.

III. Совет қызметкерлері кәсіподағының Бүкіл россиялық 5-съезінің президиумы атына жолданатын Горбуновтың қағаздарын[234] Владимир Ильичке қол қоюға беру қажет (қол қойылған соң Горбуновқа қайтару керек).

23 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Таңертең сағат 11-ден $2^1/_2$-ға дейін Владимир Ильичте Саяси бюроның мәжілісі. Әзірше ешқандай тапсырма болған жоқ.

Егер Губерге хат туралы Владимир Ильич сұрай қалса, бәрін Чичерин өзі тындырмақ болды деу керек. Хаскель бүгін 7 сағат 20 минутта жүреді. Хат (Владимир Ильичтің өтінгеніндей) Ландер арқылы беріледі. Әзірше кешке ешқандай қабылдау тағайындалған жоқ.

23 ноябрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

5 сағат 40 минутта Владимир Ильич кабинетінде болды. Склянскийден келетін пакетті және Саяси бюро протоколының қашан дайын болатындығы, оның техникалық жағынан қалай әзірленіп жатқандығы туралы сұрады. Мен Склянскийден пакет жайын сұрадым, ол пакетті 24 ноябрьде таңертең жіберуге уәде етті.

6 сағат 45 минутта Сокольниковке пакет.

8 сағат 5 минутта Владимир Ильичтің Сталинмен сөй-

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:

* Кивдило мен Бродовский Закс[231] арқылы хабарланды, олар туралы бәрін Закстен білуге болады.

** 15/20 минутта жіберілді. № 8565.

лескісі келін еді, Сталин Орталық Комитет Секретариатының мәжілісінде болып шықты. Владимир Ильич: «не кешке, не таңертең, ал қазір мазалаудың қажеті жоқ», деді. 8 сағат 30 минутта шығып кетті.

Владимир Ильич жаңа кітаптардың бәрін қарап шықты. Владимир Ильичке Зиновьевтен келген пакетті[235] және Закстен келген материалды бердім. Владимир Ильич үлкен Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің күн тәртібін сұраттырды, орыс тілінен ағылшын тіліне аударуға хат берді. 10 сағат 5 минутта Владимир Ильич шығып кетті.

24 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич Мейснерді (Главрыбадан) қабылдамақ болған еді, мүмкін, бүгін қабылдар, әзір белгісіз.

Владимир Ильич кеме жасау программасы туралы мәселе жөнінде, бәлкім, бүгін кешке немесе ертең күндіз Склянский мен Панценджанскийді қабылдайтын болар*.

Владимир Ильич Австралия партиясының өкілдері Ирсман мен Гарденді бүгін кешке телефонмен байланыса алатындай жерде ұстауды өтінді, кешкі 5-тен 9-ға дейін, олар 294 — «Люксте» тосады, комендатура арқылы байланыс жасауға болады.

Буракова телефон соғып, Воровскийдің бұғаздар туралы телеграммасы жөнінде Чичериннің жасаған ұсынысын** дауысқа қою[236] үшін Владимир Ильичке беруді өтінді.

24 ноябрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Мәжіліс басталар алдында Владимир Ильичке Каменев кіріп шықты. Владимир Ильич сағат 6-дан $7^1/_2$-ға дейін Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде болды. Грузия Орталық Комитетінің мәлімдемесі жөніндегі комиссияның құрамы туралы Саяси бюродан келген мәселе дауысқа қою[237] үшін Владимир Ильичке берілді. Владимир Ильич дауыс берген жоқ.

Дауысқа қойылатын бұғаздар туралы ұсынысты Са-

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:
* Склянский қабылданды.
** Кешкісін Саяси бюроға жіберілді.

яси бюроға жіберу үшін берді. $7^1/_2$—$8^1/_2$ — Склянский, одан соң Кржижановский — пәтерінде.

25 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич сырқат, кабинетінде бес-ақ минут болды, үш хатты телефон арқылы айтып жаздырды, бұл хаттарға кейінірек жауап сұраттырмақ болған еді.

Мария Ильинична [Ульянова] оны ешбір мазаламау керек — егер жауаптар туралы оның өзі сұраса — тиісті адамнан сұраған жөн деді. Ешқандай қабылдау болған жоқ, әзірше ешқандай тапсырма берілген жоқ. Сталин мен Зиновьевтен екі пакет[238] бар — ерекше жарлық және рұқсат болғанға дейін бұл пакеттер жайында ләм демеу керек.

25 ноябрь, кешке.

Сағат 6-да келді. Телефон арқылы бірнеше минут сөйлесті. $6^1/_2$-нан $7^1/_2$-ға дейін А. Д. Цюрупа болды. Кейін — кідірместен шығып кетті, шығарында столының үстінде жатқан екі папкадағы Каменевтің барлық істерін Цюрупаға, ал Уркарттың концессиясы туралы мақалаларды[239] Чичеринге жіберуді өтінді. Ол орындалды. (Ал материалдардың біразы Николай Петровичте [Горбуновта] немесе архивте.)

Чичерин Уркарттың концессиясы жөнінде өзінің тікелей нұсқау алғысы келетіндігін айтуды өтінді. Ол (Чичерин) ертең кешке жүріп кетеді. Жексенбі күні таңертең айту керек. (Әлі айтылған жоқ.)

$8^1/_2$-нан $8^3/_4$-ке дейін — телефон арқылы сөйлесілді. Горбунов өзіне трестер туралы барлық материалдарды, қаржыландыру мәселелерін және Каменевтің секретариатынан түскен информацияны беріп жіберуді өтінді, өйткені Владимир Ильич одан бұл материалдармен Цюрупаны таныстыруды өтініпті. Трестер туралы пікірлерді және Каменевтен түскен информацияны мен Цюрупаға жіберіп те қойдым — Цюрупа оларды алып, танысып көру үшін біраз уақытқа өзінде қалдыра тұруды өтінді. Сірә, Николай Петрович тағы бір материалдар берген болуы керек.

Пакеттерді көрсеткен жоқпын. Ал бәрі де, сірә, өте

маңызды болса керек. Ол туралы Лидия Александровнамен ақылдасу керек болар.

26 ноябрь, жексенбі, таңертең (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич сағат 12-де келіп, телефон арқылы сөйлесті, кітаптарды қарады, кейбір кітаптарды ала кетті. В. Милютиннің баяндамасын[240] және басқа қағаздарды алып, $1^1/_2$-да кетіп қалды.

26 ноябрь, жексенбі, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич 6 сағат 50 минутта келді, телефон арқылы сөйлесті, 7 сағат 30 минутта Цюрупа келді. 8 сағат 30 минутта Цюрупа кетті, сондай-ақ Владимир Ильич те шығып кетті.

27 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич күндізгі сағат 12 шамасында кабинетінде болды, ешкімді сұраған жоқ және көп кешікпей кетіп қалды. Сыртқы сауда туралы барлық материалды Надежда Константиновна арқылы сұратыпты, барлық материал пәтеріне жіберілді. Әзірше ешқандай тапсырма берілген жоқ, қабылдау болған жоқ. Пакеттер де жоқ.

27 ноябрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Горбунов Мюнценбергке байланысты Зиновьевтен келген қағазды (егер ол келіп түссе), мүмкін болса, Владимир Ильичке қол қоюға беруді және өзіне (Горбуновқа) сыртқы сауда туралы материалдарды жіберуді өтінді, өйткені Владимир Ильич бұл материалдармен Цюрупаны таныстыруды өтінген-ді. Бірақ Владимир Ильич ол материалдарды бүгін берген жоқ. Материалдар оның пәтерінде. Владимир Ильичтен ешқандай жарлық болған жоқ. Сағат 7-ге кеткенде пәтеріне келуге Крамерге[241] пропуск беру туралы комендатураға жарлық еттім.

Пакеттер біраз жиналып қалды. Олардың арасында Берлиннен келген почта бар.

28 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне келген жоқ, Лидия Александровнамен екі рет телефон арқылы сөйлесті*. Сорокиннің 159 директива туралы 26 ноябрьде «Экономическая Жизньде» басылған мақаласын[243] сұрады** — содан соң Лидия Александровнаға тапсырмалар берді — кешке әзірше ешқандай тапсырма берілген жоқ, пакеттерді де қалдырмаймын.

28 ноябрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

7 сағат 45 минутта Владимир Ильич Аванесовты тауып алып, өзіне оның телефон соға алатын-алмайтындығын сұрауды өтінді. Екінші рет телефон соғып, өз телефонын айтты. Мен Аванесовтың Жұмысшы-Шаруа инспекциясы коллегиясының мәжілісінде екендігін Владимир Ильичке хабарладым. «Онда керегі жоқ, мен Сізге таңертең телефон соғамын» деді. Шпал майлайтын заводтарды Халық шаруашылығы жоғары советінен Қатынас жолдары халық комиссариатына беру туралы мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде қайта қарау туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына, көшірмесі Богдановқа, Фоминге[244] жолданған Горбуновтың қағазы Владимир Ильичтің қол қоюына берілген болатын[245]. Владимир Ильич оған қол қойды (пәтерінде қол қойып, секретариатқа жіберді).

29 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич 12 сағат 20 минутта кабинетіне келіп, Сталинді шақырып алды, ол 13 сағат 40 минутқа дейін отырды. Кешке ешқандай тапсырма берілген жоқ. Пакеттер де әзірше жоқ.

29 ноябрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Саяси бюродан былай деп хабарлады (8812): одақтас республикалар туралы мәселе ертең Саяси бюрода қаралады (хабардар болу үшін емес, қарау үшін жіберілді)[246].

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:
* Қосымша карточканы [242] қараңыз.
** Мақала қиып алынып, желімделініп, пәтеріне жеткізіліп берілді.

Владимир Ильич сағат $5^1/_2$-пан сағат 6-ға дейін телефон соқты. Сталинпен кеме жөндеу программасы туралы қағаз алынды ма деп сұрады. Бірнеше минут Каменевпен телефон арқылы сөйлесті. Кеме жөндеу программасы туралы өз пікірлерін телефон арқылы айтып жаздырып, Сталин мен Каменевке жіберілуін өтінді (тапсырмасы орындалды)[247].

Лондонға Хаскельге телеграмма жіберілді ме деп сұрады. Чичериннің кабинетіндегі кезекші секретарь жіберілді деп жауап берді*. Ертең таңертең жазбаша анықтама жібереді. Владимир Ильичке айтылды.

7 сағат 50 минуттан 8 сағат 55 минутқа дейін Аванесов болды. Кабинетте әңгімелесті. Сағат 9-да кетті. Аванесовпен әңгімелескен кезде Орталық Комитеттің пленумы қашан болатынын сұрады. Бұл мәселе ертең Саяси бюроның күн тәртібіне қойылады (жұмыс тәртібімен қоса қаралмақ), ал Орталық Комитеттің соңғы пленумында пленум Советтер съезіне орайлас шақырылсын деп қаулы алынған болатын. Бұл Владимир Ильичке айтылды[248].

30 ноябрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич 1 сағат 10 минутта кабинетіне келді, телефон соғып, «Последние новостидің» 13 октябрьдегі 763-номерін әкеп беруді өтінді: ол одан Пешехоновтың мақаласымен[249] танысначқшы екен. Тауып алдым да, пәтеріне апарып бердім. Кабинетте Владимир Ильич дәл 5 минут болып, бірден үйіне кетті. Ешқандай тапсырма болған жоқ. Әзірше ешқандай пакеттер де жоқ. Лидия Александровна Владимир Ильичтің атына түскен Хаскель мен Чичериннің пакеттерінің Каменевке берілгендігін,— әншейін хабардар болу үшін,— жазып қоюды өтінді.

30 ноябрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне 6 сағат 45 минутта келіп, нендей жаңалық бар, Саяси бюроның мәжілісі қашан аяқталды деп сұрады. Владимир Ильичке жаңа кітаптар

«Орындалуы» деген графадағы белгі:

* Телеграмманың көшірмесі Хаскельге Литвиновтың қолы қойылып жіберілді. 30 ноябрьде алынды.

бар екенін айттым; өзіне әкеліп беруді өтінді. 13 октябрьдегі «Последние новости» газетін қайтарып берді.

7 сағат 55 минутта Владимир Ильичке Адоратский келіп, 8 сағат 40 минутқа дейін отырды. Владимир Ильич телефон арқылы сөйлесті. Саяси бюроның протоколын сұрады, мен оған апарып бердім. Владимир Ильич Саяси бюроның протоколын тығып қоюды өтінді. Энгельстің «Саяси осиет» деген кітабын ерекше сақтауды өтінді. Қарап шыққан жаңа кітаптарды қайтарып берді. Владимир Ильич сағат 9-да кетті.

1 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич 11 сағат 20 минутта Лидия Александровнаға телефон соғып, сағат 12-ге Молотовтың* келуін тағайындауды өтінді.

Молотов пен Сырцов бірге келіп, сағат 12-ден $1^1/_2$-ға дейін болды. Әзірше кешке ешқандай тапсырма берілген жоқ. Пакеттер де жоқ.

1 декабрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич 5 сағат 30 минутта келді, 5 сағат 45 минутта Цюрупа келді.

Ирсман, Гарден және аудармашы Войтинский сағат 7-де келіп, 8 сағат 40 минутта кетті. Владимир Ильич 8 сағат 45 минутта шығып кетті.

2 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич 12 сағат 30 минутта келді, 10-ақ минут болды, Лидия Александровнаны шақырып алды. Одан сағат 6-ға дейін Книповичпен кездесер алдында Главрыба туралы материалдарды іріктеп қоюды өтінді, Владимир Ильич бұл кездесуді кешкі сағат 7-ге ұйымдастыруды өтінген-ді. Материалдар Горбуновта, барлық материалдардың сағат 6-ға дейін бізде болуын қадағалау керек. Книпович туралы барлық постыларға оны өткізу жөнінде жарлық беру қажет, өйткені оның пропускісі жоқ.

Таңертең Владимир Ильичте дәрігер болып, Владимир Ильичке былай деді: екі айда бір рет немесе тіпті екі

«Орындалуы» деген графадағы белгі:
* Молотовтың келуі сағат 12-ге тағайындалған еді, ол келді.

рет бірнеше күнге Владимир Ильичтің сыртқа кетіп тынығуы керек. Сейсенбі күні председательдік етуге әлі рұқсат етілген жоқ — бейсенбі күні рұқсат етіледі, бірақ аз уақытқа — ал бейсенбіден кейін бірнеше күнге сыртқа міндетті түрде кетуі керек.

Горбунов телефон соғып, Рыковтың 1 декабрьде жүрдек поезбен Тифлистен шыққандығын мүмкін болған бойда-ақ Владимир Ильичке хабарлауды өтінді, хабарлау керек, өйткені Владимир Ильич мұны білуге өте құштар.

Владимир Ильич сағат 8-ге Каменевтің келуін өтінді (14 сағат 5 минутта телефон соқты).

Киннің нақ қай мақаласы[250] туралы Владимир Ильичтің Цюрупаға айтқанын Владимир Ильичтен сұрап білуді Лидия Александровнаның есіне салу керек, өйткені Цюрупа ол мақаланы ешбір таба алмай отыр.

2 декабрь, кешке.

Сағат $6^1/_2$-нан кабинетте; сағат 7-ден 8-ге дейін Книпович, 8-ден $9^1/_4$-ке дейін Каменев.

Ағылшынша жазылған хатты беріп, Ирсманның қашан жүретінін білуді өтінді. «Люкстің» коменданты Кайзерден сұрап білдік, ол Ирсман, сірә, бүгін жүрмес, оның дәл қай күні жүретінін ертең айтамын деп хабарлады*. Онда мұны Владимир Ильичке айтып, оған осы хатты беру керек.

Мюнценбергке жазылған хатқа** қол қойды[251], бірақ хаттың бас жағы немісше дұрыс жазылды дегенге мен келіспеймін деп ескерту жасады. Көшірмесін өзінің (№ 8579) секретариатында қалдыруды өтінді.

Свидерскийге жазылған хат оның қол қоюына берілді, бізде көшірмесі бар. Егер қол қойып берсе — тиісті жеріне жіберу керек[252].

Горбунов газеттердің қиындыларын*** берді: бір папкада жаңа материалдар, екінші бір папкада ескіріңкіреп қалған материалдар бар. Бұл материалдар Владимир

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:

* Кайзердің анықтамасы: қашан жүретінін Ирсманның өзі де анық білмейді, ал мұнда ол ұзақ болады, мүмкін, тіпті бірнеше ай болар.

** Хат Горбунов арқылы Мюнценбергке табыс етілді. М. Володичева.

*** Владимир Ильичтің столының үстіне қойылды.

Ильичтің Советтер съезінде сөйлейтін сөзі үшін керек, ол осы материалдарды жинастыруды өтінген болатын. Осы материалдарды оған жексенбі күні беруге бола ма деп Лидия Александровнадан сұрау керек қой деп ойлаймын.

Владимир Ильич Рыков пен Дзержинскийдің (дәл) қашан келетіндігін Беленькийден[253] сұрауды өтінді*. Осыны білуге тым құштар. Беленькийден сұрап үлгерген жоқпын.

Фрумкиннің материалдарды әзірлеп жатқандығы және оларды дүйсенбі күні таңертең немесе жексенбі күні кешке жіберетіндігі туралы Владимир Ильичке айтылды.

Владимир Ильич финанс мәселесі жөніндегі Михайловскийдің запискасын Горбуновтан бірнеше рет сұрады. Ол Надяда [Аллилуевада] болуы керек. Михайловскийдің екі запискасының және Краснощековтың запискасының пайдаланылып болған соң өзіне қайтарылып берілуін өтінді[254]. Сағат $9^1/_2$-да кетті.

3 декабрь, таңертең (С. А. Флаксерманның жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне сағат 2-де келді. Стенографистканы шақыруды өтінді. Володичева үйінде жоқ екен, сосын Владимир Ильич іздемей-ақ қойыңдар, жазатыным көп емес, қолмен-ақ жазармын деді. Рыков пен Дзержинскийдің қашан келетіні туралы Беленькийдің анықтамасы, сондай-ақ Ирсманның қай уақытта жүретіндігі туралы Кайзердің анықтамасы Владимир Ильичке айтылды. Владимир Ильич Коминтерндегі ағылшын тілін білетін Войтинский арқылы Ирсманға записканың қашан керек болатындығын білуді өтінді.

Владимир Ильич кабинетінде 20 минут болды да, кетіп қалды.

«Орындалуы» деген графадағы белгі:

* Беленький былай деп хабарлады: Дзержинский Тифлистен шамамен 8 декабрьде шығады, жолда ревизия жасау үшін аялдап, Москваға шамамен 13 декабрьде келеді. Рыков Тифлистен 2 декабрьде шықты, мұнда 4 декабрь күні таңертең болады. (Рыков жөнінде тағы да тексеріп, телефон соғады). Беленький тағы да бір рет телефон соғып, былай деді: Рыков бүгін кешкі сағат 6-да келеді, тағы да бір рет тексеріп, телефон соғады. Жол бойынан сұрастырды.

3 декабрь, жексенді, кешке (С. А. Флаксерманның жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне кешкі сағат 6-да келді.

Беленький былай деп хабарлады: Қатынас жолдары халық комиссариатының анықтамасына қарағанда Рыков Бакуден 3 декабрьде жүріп кеткен, Ростовқа 5 декабрьде келеді деп күтіп отырған көрінеді. Тексеру үшін Дзержинскийге телеграмма жіберілді. Владимир Ильичке айтқаным жоқ.

6 сағат 45 минут. Владимир Ильич Аванесовтың хатын алғанын, оны оқып шыққанын және бәрінен бұрын оның өзімен телефон арқылы сөйлескісі келетінін оған хабарлауды өтінді. Ертең таңертең айтылсын.

Кешкі сағат 7-де Владимир Ильич кабинетінен шығып кетті.

4 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне 11 сағат 5 минутта келді. Рыковтың қашан келетіні туралы дәл анықтауды тапсырды*. 10 сағат 40 минутта Владимир Ильич телефон соқты, таңертеңгі сағат 11-ге Аванесовтың келуін өтінді. Аванесов 11 сағат 15 минутта келіп, 12 сағат 10 минутта кетті, әңгіме сыртқы сауда туралы мәселе жөнінде болды. Владимир Ильич 12 сағат 30 минутта Горбуновтың кабинетіне барды, одан қайтып келіп, Володичеваға телефон арқылы айтып жаздырды, сағат 2-де үйіне кетті. Кешкі сағат 6-да Владимир Ильичте Колегаев болады (телефоны 174—14 немесе Троцкийдің коммутаторы арқылы).

Рыков келген соң оны (оған дейін Владимир Ильич дачада болса, ол бейсенбіде жүрмек) телефон арқылы Владимир Ильичпен тілдестіру керек**. 5 сағат 50 минутта Владимир Ильичте Жуков 10 минут болады. Сағат 7-ден сағат 8-ге дейін Фрумкин, 8 сағат 15 минуттан сағат 9-ға дейін Цюрупа (шамамен, егер бұл уақыт Владимир Ильичке қолайсыз болса, онда ертең таңертеңгі сағат 11-де немесе $12^1/_2$-да).

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:

* Беленькийге телефон соғып, тағы да бәрін дәл анықтап білуін өтіндім. Бүгін кешке жауап беруге уәде етті.

** Қадағалау керек.

4 декабрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич 5 сағат 30 минутта Литвиновқа хатты және жастар Коминтернінің III конгресіне құттықтауды[255] Володичеваға айтып жаздырды. Автомат арқылы сөйлесіп, бүгін менде қандай қабылдаулар бар деп сұрады, қабылдауға кімдердің қай уақытта келуге тиісті екенін айттым. 5 сағат 50 минутта Колегаев театрлардың жабылуы туралы мәселемен кіріп, 6 сағат 10 минутқа дейін болды. Оның ізінше Жуков Гольцманмен және Лаврентьевпен бірге кіріп, 6 сағат 50 минутқа дейін электр өнеркәсібі туралы сөйлесті. Олардан соң 6 сағат 50 минутта сыртқы сауда туралы мәселе жөнінде сөйлесу үшін Фрумкин кіріп, 7 сағат 25 минутқа дейін болды. 7 сағат 30 минутта Владимир Ильич кабинетінен шығып кетті, Владимир Ильич сағат 8-де кабинетіне қайтып келді. Владимир Ильич Литвиновтың жауабы жайында сұрады. Хаскельдің телеграммасын сұрап алды. Испан Cesar Reyes-тің кітабын беріп, кітаптың[256] бірінші бетіне жазылған жазу мен мазмұнын аударып беруді өтінді. Құрамында Зиновьев, Троцкий және Бухарин бар комиссия 4 декабрьде (бүгін) кешке мәжіліс құрды, Гаагадағы біздің делегацияның міндеттері туралы мәселе жөнінде Владимир Ильичтің заметкаларының[257] бір данасы осы комиссияға (Бухариннің атына) жіберілді.

Владимир Ильич сағат 9-да кабинетінен шығып кетті.

5 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Литвинов телеграмманы Хаскельдің біздің миссия арқылы алғандығын растайтын дерек бар, мұны Владимир Ильичке айту керек деп хабарлады.

Владимир Ильич кабинетіне 10 сағат 45 минутта келіп, Бухариннен, Зиновьевтен және Троцкийден құралған комиссия мәжіліс өткізді ме деп сұрады — түнде болды деп жауап бердім; 1 сағат 40 минутта кетті.

Сағат 6-да Владимир Ильичте чехословак жұмысшылары болады (тізімді қараңыз)[258]. Барлық постыларға оларды өткізіп жіберу туралы жарлық беріп қою керек, Кремльге олардың пропускілері (15 минутқа) бар. Хабарланды.

Сағат 7-де Попов $^1/_2$ сағатқа келеді (хабарланды). Телеграмманың Хаскельге табыс етілгендігі жөнінде Литвиновтан жазбаша хабар келуге тиіс.

5 декабрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Сағат 6-дан $6^3/_4$-ке дейін — чехословактар: Иозеф Гайс, Храмоста, Франек, Рихтер, Анцелович пен Хабера[259] болды.

Сағат 7-ден 8-ге дейін Попов (санақ туралы) болды. Бірнеше минуттық үзіліс (үйіне кетті). 8 сағат 20 минутта кабинетте — А. Д. Цюрупа. 9 сағат 25 минутта кетті.

6 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне сағат он бірден аса бере келді. Владимир Ильич өзінің тапсыруы бойынша Лидия Александровнадан бірнеше хат жазуды (Яковлеваға, Каменевке, Цюрупаға) өтінді. Өзін телефон арқылы Сталинмен жалғастыруды өтінді — онымен жолығысу туралы келісті. 12 сағат 40 минутта Владимир Ильичке Сталин келіп, 2 сағат 20 минутқа дейін отырды. Эйдуктің сағат $7^1/_2$-да, Довгалевскийдің сағат 6-да, Богдановтың сағат 7-де келуін өтінді. Сталиннен кейін Мещеряковпен сөйлесеісі келді*.

Владимир Ильич 2 сағат 25 минутта үйіне кетті. Каменев телефон соғып: Ленин жолдастың атына пакет жіберемін, тікелей өзіне табыс ету керек** деді.

6 декабрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Каменевтен келген хатты Владимир Ильич сағат 6-да оқыды.

6 сағат 5 минуттан 6 сағат 30 минутқа дейін — Богданов; 6 сағат 55 минуттан 7 сағат 20 минутқа дейін — Эйдук; 7 сағат 25 минуттан... дейін — Довгалевский.

Өзінің Н. Е. Федосеев туралы естеліктерін[260] 15—20 минут айтып жаздырды. Сағат 9-дан аса бере үйіне кет-

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:

* Сөйлескен жоқ, өйткені ұзақ отырып қалды.

** 4 сағат 45 минутта алынып, кабинетте стол үстіне қойылды. Володичева.

ті. Владимир Ильичтің өтініші бойынша естеліктер Анна Ильиничнаға [Елизароваға] жіберілді (жолдаманың көшірмесін қараңыз).

7 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне 10 сағат 55 минутта келді; сағат 11-де Каменевтің председательдік етуімен Саяси бюроның мәжілісі басталды. Владимир Ильич қатысып отырды. Владимир Ильич мәжілістен 2 сағат 20 минутта пәтеріне кетті.

7 декабрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич кабинетіне 5 сағат 30 минутта келіп, Сталинмен және басқалармен телефон арқылы сөйлесті, Саяси бюроға және Яковлеваға толып жатқан тапсырмалар берді. 6 сағат 15 минутта ағымдағы қағаздарды өзімен бірге алып, Горкиге жүріп кетті.

8 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич 12 сағат 10 минутта Лидия Александровнаға телефон соғып, онымен Саяси бюроның кешегі шешімдері туралы сөйлесті.

12 сағат 15 минутта Беленький арқылы Владимир Ильичке мына қағаздар жіберілді: 1) Саяси бюроның 39-номерлі протоколы[261] және 2) бүкіл Россия және округ көлеміндегі жауапты қызметкерлердің тізімі (Сырцовтан). Владимир Ильич кейінірек телефон соғып, бірдеңелерді айтып жаздырмақ болды.

8 декабрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Владимир Ильич 5 сағат 35 минутта телефон соғып, Володичеваға айтып жаздырды, 5 сағат 50 минутта Владимир Ильичпен Лидия Александровна сөйлесті, Саяси бюроға жіберілетін үш мәселені: Воровскийдің, Мдиванидің, Чичериннің 1922 жылғы 7 декабрьдегі телеграммасын, Советтердің X съезінің қарарларын қарайтын комиссияның құрамы туралы және Бүкіл украиндық съезге құттықтау[262] туралы мәселелерді дауысқа қойды. Саяси бюроның регламентін[263] айтып жаздырды. Пленумды кейінге қалдыруға келісім берді. Сөзін 6 сағат 20 минутта аяқтады. Берлиннен дәрі жіберіліпті.

9 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Кештен бері ешқандай тапсырма жоқ. Мария Ильинична телефон соғып, Владимир Ильич Ленин $5^3/_4$-тен бастап бірдеңені айтып жаздырғысы келеді, ал сағат 6-да Рыковпен әңгімелеседі, ол келіп, үйде отыр деді. Ешқандай тапсырма жоқ. Пакеттер бар.

9 декабрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич 6 сағат 5 минутта телефон соғып, тапсырма берді. Владимир Ильичтің орынбасарлардың жұмысы туралы хаттары[264] Рыковқа, Сталинге, Цюрупаға және Каменевке жіберілді.

Беленький Каменевтен Владимир Ильичке пакет әкеледі.

Владимир Ильичтің француз тіліндегі хатын[265] Суварин бүгін кешке қайтарады.

Владимир Ильичке: 1) орынбасарлардың жұмысы туралы оның хаты (түпнұсқасы, көшірмесі және бұрынғы қаулының[266] көшірмесі), Цеткинадан келген хат және дәрі жіберіледі.

10 декабрь, таңертең.

Владимир Ильичтен ештеңе болған жоқ.

10 декабрь, кешке.

Сағат 6-дан аса телефон соғып, өзін Сталинмен жалғастыруды өтінді. Кировтың, Васильевтің және Полуянның эсерлер туралы телеграммасын[267] жақтап дауыс берді.

Владимир Ильичтің Лаццариге француз тілінде жазған, Суварин түзеткен хатын алғашқы мүмкіндік болысымен-ақ Владимир Ильичтің өзіне жіберу керек, хат будкаға тапсырылды; сағат $8^3/_4$-те Владимир Ильич Фрумкинге хат жіберуді өтінді, ол хатта Владимир Ильич Аванесовтың тезистері жөнінде Фрумкиннің пікірін сұраған. Жіберілді. Фрумкиннен өзінің пікірін[268] қашан жазып жіберетіндігін ертең таңертең білу керек.

Таңертең Горбуновтан да сұрау керек (8605 және 8606-номерлі көшірмелерді қараңыз)[269].

Лаццариге хатты әдейілеп жіберудің керегі жоқ. Бір реті келгенде жіберілсін. Владимир Ильич осылай деді.

11 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Ешқандай тапсырма болған жоқ. Владимир Ильич бір рет те телефон соққан жоқ. Кешке кабинетте жылылық 14 градустан кем болмауын тексеру керек.

11 декабрь, кешке (Ш. М. Манучарьянцтің жазбасы).

Ешқандай тапсырма болган жоқ. Владимир Ильич бір рет те телефон соққан жоқ.

12 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 11-де Москваға келіп, 11 сағат 15 минутта кабинетіне кірді, кабинетте аз уақыт болып, сағат 12-ге дейін үйіне кетті. Сағат 12-де оған Рыков, Каменев және Цюрупа келмек*.

Владимир Ильич кабинеттен сағат 2-де кетті, сағат 2-ге дейін Владимир Ильичте Рыков, Каменев, Цюрупа болды.

Кешке әзірше ештеңе жоқ.

12 декабрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич 5 сағат 30 минуттан бері кабинетінде. Телефон арқылы бірнеше минут сөйлесті. Итальян Лаццариге деген хатты жөнелтуді тапсырып, оны кім апаратынын ерекше қадағалауды (сенімді жолдас апаратын болсын деп) өтінді. Дзержинский сағат 6-дан 6 сағат 45 минутқа дейін болды.

Стомоняков — (мәселе сыртқы сауда монополиясы туралы) — 7 сағат 45 минут.

Сағат $8^1/_4$-де шығып кетті.

Владимир Ильичтің Лаццариге хаты Суваринге («Люкс», 23) жіберілді. Ол сенімді жолдастармен келісіп, ертең таңертең ол туралы бізге хабарлайды немесе ең жақсысы оның өзіне телефон соғады**.

13 декабрь, таңертең (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Сағат 11-де дәрігерлер болды. Толық тынығу, сыртқа кету керек деп тапсырды.

«Орындалуы» деген графадағы белгілер:

* Олар болды.

** Владимир Ильичтің өтініші бойынша ерекше қадағаланды. Сувариннің өзінің қолхаты алынды.

Бітпей қалған істерді тапсыру үшін сағат 12 шамасында Фотиеваны пәтеріне шақырды. Орталық Комитетке Рожков туралы, Фрумкинге, Стомоняковке және Троцкийге сыртқы сауда туралы, орынбасарларға жұмысты бөлісу туралы[270] хаттарды айтып жаздырды. 12 сағат 30 минутта Сталин келіп, 2 сағат 35 минутта кетті.

13 декабрь, кешке (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

5 сағат 55 минутта Фотиеваны шақырып алды. Фрумкин мен Троцкийдің жауаптары жөнінде хабарланды. 14 декабрь күні сағат 12-де Кржижановскиймен жолығыспақ болды. Орталық Комитеттің пленумына сыртқы сауда туралы мәселе жөніндегі хатты[271] 7 сағат 30 минуттан 8 сағат 25 минутқа дейін айтып жаздырды. Фрумкинмен кездескісі келіп еді, бірақ кейінге қалдырды. Көңіл күйі жаман емес, әзілдеді. Тек істерді тапсырып болғысы келіп мазасызданды.

14 декабрь, таңертең (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Сағат 11-де телефон соғып, Фотиевамен сыртқы сауда туралы жазылған кешегі хат жайында сөйлесіп, оны ешкімге бермеуді өтінді, өйткені оған қосымша бар деді. Кржижановский бола ма деп сұрады. 11 сағат 10 минутта тағы да телефон соқты.

1 сағат 10 минутта Ярославскиймен жалғастыруды өтінді. Ярославский табылмағандықтан, онымен сөйлесуді немесе жолығуды кешке қалдырды. 2 сағат 25 минутта Фотиеваны шақырып алып, Аванесовқа сыртқы сауда туралы хатпен бірге жіберу үшін оған жазылған записканы берді. Хатты алған соң оны Фрумкинге қайтадан жіберуді тапсырды, Фрумкинді, бәлкім, кешке қабылдар. Саяси бюроның Рожков туралы шешімін естіп білгенде, өте риза болды, күліп: бұл өте жақсы жаңалық[272],— деді. Жүзіне қарағанда көңіл күйі жақсы сияқты, әзілдеп, күледі.

14 декабрь, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич алтыға он бес минут қалғанда телефон соқты. Саяси бюроның протоколы туралы сұрады. Айтып жаздырғысы келетіндігін айтты. Ярославскиймен

жалғастыруды өтінді. (Ярославский Владимир Ильичте болды). Сағат 7-ге кеткенде — дәрігер. Фрумкин келді, бірақ Владимир Ильичпен кездесе алмады. Сағат тоғызға кеткенде Владимир Ильич Фрумкин осында ма деп сұрады. Ертең Фрумкин Цюрупаға келеді ғой, сонда сағат 12-де ол туралы менің есіме салыңыз деп Лидия Александровнаға тапсырды. Сыртқы сауда монополиясы туралы материалдардың Троцкийге түгел жіберілген-жіберілмегенін білуді өтінді және өзіндегі материалдарды берді. Оларды Лидия Александровнаға көрсету керек. Бухариннің хаты туралы Владимир Ильичтің хаты Владимир Ильичтің өзінің өтінуі бойынша Сталин мен Троцкийге жіберілді*. Оның өзі айтқандай, қосымшасын кейін бөлек жазып береді.

Сағат 8-ге дейін: 1) Псковтағы Рожков жөнінде Зиновьевке хатты, 2) Социалистік республикалар одағы туралы Каменевке хатты, 3) сыртқы сауда туралы хатқа қосымшаны айтып жаздыратынын Лидия Александровнаға айтты.

Сағат 9 шамасында сағат 10-ға дейін телефон соғып қалармын деп қайталап айтты. Мария Ильинична сағат 10 шамасында телефон соғып, Владимир Ильич бүгін айтып жаздырмайды деді.

15 декабрь, таңертең (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

11 сағат 50 минутта телефон соқты. Кешегі хаттардың көшірмелерін сұрады. Фотиеваны пәтеріне шақырып алды, оған өзінің Троцкийге жазған хатын беріп, бұл хатты машинкада Фотиеваның тікелей өзі қайта басып, өзі жіберуін, ал көшірмесін конвертке салып желімдеп, құпия архивте[273] сақтауды тапсырды. Оған жазып отыру өте қиын, хаттың түпнұсқасын жойып жіберу керек деп еді, алайда түпнұсқа көшірмесімен бірге құпия архивте сақтаулы.

Кітаптар жөнінде тапсырма берді: техника жөніндегі кітаптарды бірыңғай, медицина жөніндегі кітаптарды бірыңғай, басқаларын да солай бөліп, қайтарып жіберу керек, ауыл шаруашылығы жөніндегі кітаптарды Мария

«Орындалуы» деген графадағы белгі:
* Фрумкинге жіберудің керегі бар ма?

Ильиничнаға, өндірістік насихат, еңбекті ұйымдастыру жөніндегі және педагогикалық кітаптарды Надежда Константиновнаға беру керек, беллетристика қашан бірсу керек дегенше сақталсын, ал публицистика, саяси кітаптар, мемуарлар, естеліктер және т. т. маған сақталсын деді.

Сонымен бірге Финкомитеттің барлық протоколдарын секретарьдың тым ұзақ та емес, тым қысқа да емес, бірақ Финкомитеттің жұмысы жөнінде айқын мағлұмат беретін запискасымен қоса маған жіберіңдер деп тапсырды. Көңіл күйім онша емес, тұла бойым ауырлап тұр, түнде ұйықтамадым деді.

15 декабрь, кешке (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

8 сағат 30 минутта телефон соқты. Сталинге және Троцкийге арнаған хаттарын (әуелі телефон арқылы, сосын пәтеріне шақырып алып) айтып жаздырды. Сталинге — Советтер съезінде сөз сөйлеуі мүмкін екендігі туралы[274], Троцкийге — сыртқы сауда туралы мәселені пленумның талқылауынан алып тастау белгіленген болса, оған өзінің үзілді-кесілді қарсы екендігі туралы. Сағат 9 шамасында аяқтады.

16 декабрь, таңертең (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Сағат 11-ден 11 сағат 45 минутқа дейін дәрігерлер (Крамер мен Кожевников[275]) болды. Надежда Константиновна орынбасарларға арналған хатты жіберіпті, сірә, оны кеше кешке немесе бүгін дәрігерлер келгенге дейін өзі жазып алған болуы керек. Пакалн[276] Владимир Ильичтің Горкиге барғысы келмейді, өйткені аэрошанамен бару шаршатып тастайды, ал автомобильмен баруға болмайды дегенін айтты. Пакалн былай дейді: күн сайын сағат $9^{1}/_{2}$-да оған итті (Айданы) ертіп әкеледі, ол итті еркелетеді, ол оны өте жақсы көреді. Ферстерден[277] съезде сөйлегенге дейін кемінде 7 күн толық тынығу керектігін растаған телеграмма келді. Владимир Ильич бір рет те телефон соққан жоқ және ешқандай тапсырма берген жоқ.

16 декабрь, кешке (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Надежда Константиновна телефон соғып, Советтер

съезінде сөйлей алмайтындығын Владимир Ильичтің атынан Сталинге хабарлауды өтінді. Владимир Ильичтің денсаулығы қалай деген сұраққа: орташа, ажары жаман емес, ал одан арғысын айту қиын деді. Сонымен қатар Владимир Ильичтің тапсыруы бойынша Ярославскийге астыртын түрде телефон соғып, оған пленумда сыртқы сауда туралы мәселе жөнінде Бухарин мен Пятаковтың, мүмкін болса басқалардың да сөйлеген сөздерін жазып отыруды тапсыруды өтінді.

18 декабрь, таңертең (Н. С. Аллилуеваның жазбасы).

Орталық Комитеттің пленумы өтіп жатыр. Владимир Ильич қатысқан жоқ, науқас — ешқандай тапсырма, жарлық болған жоқ.

18 декабрь, кешке.

Пленум мәжілісі өтіп жатыр. Владимир Ильич қатысқан жоқ, пленум кешкі мәжілісте аяқталды.

23 декабрь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Сағат 9-ға кеткенде Владимир Ильич пәтеріне шақырып алды. 4 минут бойы айтып жаздырды. Ауырыңқырап отырғаны байқалды. Дәрігерлер болды. Айтып жаздырардың алдында: «Мен Сізге съезге хатты айтып жаздырғым келеді. Жазыңыз!»— деді. Тез айтып жаздырды, бірақ сырқат екендігі сезіліп тұрды. Жаздыртып болған соң бүгін қай күн деп сұрады. Мұнша неге жүдеусің, съезге[278] неге бармадыңыз деді, менің онда болатын уақытымды алғанына өкініш білдірді. Мұнан кейін мен ешқандай тапсырма алған жоқпын.

24 декабрь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Келесі күні (24 декабрьде) сағат 6 мен 8-дің аралығында Владимир Ильич тағы да шақырып алды. Кеше (23 декабрьде) және бүгін (24 декабрьде) айтып жаздырғаным өте құпия нәрсе деп ескертті. Мұны әлденеше рет атап айтты. Айтып жаздырғандарымның бәрі ерекше бір орында, айрықша жауапкершілікпен сақталатын болсын және үзілді-кесілді құпия нәрсе деп есептелсін деп талап етті. Сол сәтте тағы да бір қосымша жарлық[279] берді.

Владимир Ильичке Сухановтың «Революция туралы запискаларыныц» III және IV томдарын алдық.

29 декабрь[280].

Надежда Константиновна арқылы Владимир Ильич жаңа кітаптардың тізімін жасауды өтінді. Дәрігерлер оның кітап оқуына рұқсат етті. Владимир Ильич Сухановтың «Революция туралы запискаларын» (III және IV томдарын) оқып жатыр. Владимир Ильичтің беллетристикаға зауқы жоқ. Владимир Ильич тізімдерді бөлімдер бойынша жасауды өтінді.

5 январь, 1923 ж.

Владимир Ильич 3 январьдан бергі жаңа кітаптардың тізімін және Титлиновтың «Жаңа шіркеу» атты кітабын сұратты.

17 январь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 6 мен 7-нің арасында жарты сағатқа шақырып алды. Сухановтың революция туралы кітабы жөніндегі заметкасын оқып, оған түзетулер енгізді. 10, 15 минут бойына сол заметканың[281] жалғасын айтып жаздырды.

Кітап және өзінің қолжазбаларын оқуын оңайлататын кітап астына қоятын жаңа сүйеуішке риза болды.

«Біздің Сухановтардың...» деген сөз тіркесін айтып отырғанда, «...түсіне де кірмейді...» деген сөздерге келгенде кідіріп қалып, жалғасын ойластырғанға дейін әзілдеп былай деді: «Қандай ұмытшақ болғанмын! Не айтайын дегенімді мүлде ұмытып қалдым! Масқара! Ғажап ұмытшақ болыппын!» Заметканы дереу көшіріп жазып, маған беріңіз деп өтінді.

Айтып жаздырған кезінде бірнеше күн бойына оны қадағалай қарағанда байқағаным: сөзін аяқтатпай бөліп жібергенді ұнатпай қалады, өйткені онда ол ойының желісінен жаңылып қалады.

18 январь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич шақырған жоқ.

19 январь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич бүгін сағат 7 шамасында және сағат

9-ға кеткенде шақырып алды. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы («Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек?») өзінің 2-нұсқасын[282] 30 минут шамасы айтып жаздырды. Мұны тез жазып бітіргім келеді деді.

20 январь.

Владимир Ильич бүгін сағат 12 мен бірдің арасында шақырып алды. Өзінің «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек?» деген мақаласын оқыды. Оған қосымшалар мен түзетулер енгізді.

Менің мақаламның бір бөліміне қатысы бар бір анықтаманы маған Надежда Константиновна береді деді және Лидия Александровнаға нақ сол туралы: еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру жөнінде бізде қандай және қанша мекеме бар екендігін, еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру жөнінде қанша съезд болғандығын және ол съездерге қандай топтар қатысқандығын білуді тапсырды. Питерде қандай да бір материалдар жоқ па екен? (Хлоплянкин[283] дәл Надежда Константиновнаның қолында бар материалдай материал жіберіпті, бірақ ол біраз толығырақ екен.)

Кітаптардың толық тізімін сұрады[284]. 30 минут шамасы болдым.

21 январь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич шақырған жоқ.

22 январь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич 25 минутқа (сағат 12-ден 12 сағат 25 минутқа дейін) шақырып алды. Рабкрин туралы жазылған мақаланың 2-нұсқасына түзетулер енгізді; осы нұсқаға біржолата тоқтады. Өйткені оның уақыты шектеулі еді, сондықтан өте асықты. Мақаланы тәртіпке келтіруді, қайта басып, кешке таман өзіне қайтарып беруді өтінді. Надежда Константиновна оған кіргізерде: мақаланы қарап шығу үшін ол тағы да бірнеше минут уақытты заңсыз алып отыр, деді. Надежда Константиновна маған сестраның (кезекші) мені Владимир Ильичке жібергісі келмегендігін айтты. Владимир Ильичте болып қайтқанымнан кейін, Надежда Константиновна секретариатқа келіп, Владимир Ильичтің: «Мен жазып

үлгермеген жерлерде қалып қойған сөздер болса, ашық қалдыруға болады» деген өтінішін айтты. Владимир Ильичке өзі өте асыққандықтан оның айтқандарын жазып үлгеру қиын болған сияқты көрініпті деді. Бәрі жазылды, ал егер күмән туса, оның өтінгеніндей істеледі деп айтылды.

23 январь (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 12 мен сағат 1-дің арасында шақырып алды. Жоғарыда аталған мақаланы тағы да бір рет жүгірте оқып шығып, аздаған өзгерістер енгізді. Ол өзгерістерді өзінің данасы мен біздегі данаға да енгізуді, сөйтіп ол даналардың біреуін «Правда» үшін Мария Ильиничнаға беруді өтінді. Мақала түзетіліп, сағат 3-ке дейін Мария Ильиничнаға табыс етілді. Лидия Александровна қайтып келді ме және біздің мейрамдарымыз бітті ме?— деп сұрады.

30 январь (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич 24 январьда Фотиеваны шақырып алып, Дзержинскийден немесе Сталиннен грузин мәселесі жөніндегі комиссияның материалдарын сұратып алдыруды және ол материалдарды мұқият зерттеуді тапсырды. Бұл тапсырма Фотиеваға, Гляссерге және Горбуновқа берілді. Мақсат — Владимир Ильичке баяндау, мұның өзі Владимир Ильичке партия съезі үшін керек еді. Мәселенің Саяси бюрода қаралатындығын ол, сірә, білмесе керек[285]. Ол былай деді: «Мен сырқаттанып қалардың алдында Дзержинский маған комиссияның жұмысы туралы және «жанжал» туралы айтқан болатын, ал мұның өзі маған өте ауыр әсер етті».

Бейсенбі күні, 25 январьда, ол материалдарды алдыңдар ма деп сұрады. Мен Дзержинский сенбі күні ғана келеді екен. Сондықтан одан сұрап біле алмадым дедім.

Сенбі күні Дзержинскийден сұрадым, ол материалдар Сталинде деді. Сталинге хат жазып жіберген едім, ол Москвада болмай шықты. Кеше, 29 январьда, Сталин телефон соғып материалдарды Саяси бюросыз бере алмайтындығын айтты. Владимир Ильичке артық бірдеңелерді айтып жүрген жоқсыз ба, күнделікті істерді ол

қайдан біліп отыр?— деп сұрады. Мысалы, оның Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы мақаласы оған кейбір жағдайлардың мәлім екендігін аңғартады. Еш нәрсе айтып жүрген жоқпын және Владимир Ильич істерді біліп отыр деп ойлауға ешқандай дәлелім жоқ дедім. Жауапты білу үшін бүгін Владимир Ильич шақырып алды, материалдарды берігізу үшін күресетіндігін айтты.

26 январьда Владимир Ильич Цюрупаға, Свидерскийге және Аванесовқа, егер олар менің мақалама келісетін болса, онда бірнеше кеңес шақырып, съезге дейін оқулықтардың (сірә, еңбекті нормалау жөніндегі оқулықтардың) жоспарын, конспектісін жасау керек болмас па екен деген мәселені талқыласын деп айтуды тапсырды. Олар Керженцевтің, Ерманскийдің кітаптарын[286] біле ме екен. Еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру жоспары бар, Жұмысшы-Шаруа инспекциясында еңбекті нормалау бөлімі бар.

Бүгін: Цюрупа не деп жауап қайырды, мақалаға ол өзі, Свидерский, Аванесов, Реске келісе ме екен? коллегияның басқа да мүшелері келісе ме екен?— деп сұрады. Ол жағын мен білмеймін дедім. Цюрупа қобалжып жүрген жоқ па, соза түсуге тырысып жүрген жоқ па, Сізбен шын ниетімен сөйлесіп жүр ме деп сұрады. Онымен сөйлесуге әзірге мүмкіндігім болған жоқ, тапсырманы ғана айттым, оны орындамақшы болды дедім.

24 январьда Владимир Ильич: «Бәрінен бұрын біздің «астыртын» ісіміз жөнінде: Сіздің мені алдап жүргеніңізді білемін» деді. Мен олай емес деп иландырмақ болып едім, ол: «Ол жөнінде менің өз пікірім бар»,— деді.

Бүгін, 30 январьда, Владимир Ильич: 30 мартта съезде сөйлеуіме бола ма деп сұрағанымда, кеше дәрігер жоқ деп жауап берді, бірақ оған дейін басыңызды көтересіз, ал бір айдан кейін газет оқуға да рұқсат етіледі деп уәде берді деді. Грузин комиссиясы туралы мәселеге оралғанда күліп: «Ол газет емес қой, демек, қазір де оқуыма болады» деді. Байқауымша, көңіл күйі жаман емес сияқты. Басында компресс жоқ.

1 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич бүгін (сағат $6^1/_2$-да) шақырып алды.

Материалдарды алуға Саяси бюроның рұқсат еткендігін[287] айттым. Не нәрсеге назар аудару керек екендігі жөнінде және оларды жалпы қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау берді[288]. Владимир Ильич: «Егер еркіндікте болсам (әуелі жаңылысып, содан кейін күліп, қайталады: егер еркіндікте болсам), осының бәрін өзім оңай-ақ істеген болар едім» деді. Оларды зерттеу үшін 4 апта керек болады деп ұйғарылды.

Өзінің мақаласына Цюрупаның және басқалардың қалай қарайтындығы туралы сұрады. Цюрупа мен Свидерскийдің нұсқауларына сәйкес, Свидерский толық келісетін көрінеді. Цюрупа Орталық Комитет мүшелерін тартуға қатысты жерін құптайды, ал 300—400 адамға дейін қысқартылған жағдайда Жұмысшы-Шаруа инспекциясының қазіргі функцияларының бәрін орындауының мүмкіндігі жөнінде күмәнданады. Аванесовтың көзқарасы маған белгісіз. Ертең бүкіл коллегияның кеңесі, деп жауап бердім.

Орталық Комитетте мақала туралы сөз болды ма деп сұрады. Ол маған белгісіз дедім. Владимир Ильич бұл хабарларға қанағаттанды.

2 февраль (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат $11^3/_4$-те шақырып алды. «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын[289] айтып жаздырды. Сағат $12^1/_2$-да аяқтады.

Өзіне Лидия Александровнаның бір күннен кейін келуін өтінді. «Қай сағатта» деген сұраққа, енді мен еркін адаммын ғой деді. Сөз арасында сағат 2-ден сағат 5-ке дейін ғана келуге болмас дей келіп, мүмкін, сағат алтыда келуге болар, немесе кезекші сестрамен келісуге болар деді.

23 январьдан бері көрмеген едім. Ажарына қарағанда едәуір оңалған тәрізді: өңі кіріп, шырап қалыпты. Айтып жаздыруы, әрқашанғысындай, тамаша: мүдірмейді, сөз таңдағанда онша қиналмайды, дұрысында, айтып жаздырғандай емес, қолдарын сілтеп, сөйлейді. Басында компресс жоқ.

3 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 7-де бірнеше минутқа шақырып алды. Материалдарды қарап шықтыңыздар ма деп сұрады. Тек сыртқы көлемі жағынан ғана қаралды, материалдар, біз ойлағандай, онша көп емес екен деп жауап бердім. Бұл мәселе Саяси бюрода сөз болды ма деп сұрады. Ол туралы айтуға правом жоқ деп жауап бердім. «Сізге нақ осы жөнінде айтуға әдейі тыйым салынған ба?» деп сұрады. «Жоқ, ағымдағы істер туралы айтуға жалпы алғанда правом жоқ». «Демек, бұл ағымдағы іс қой?» Өзімнің жаңсақтық жасағанымды түсіндім. Айтуға правом жоқ дегенді қайталап айттым. «Бұл іс жайында өзім ауырмай тұрып Дзержинскийден естіп білгенмін. Комиссия Саяси бюрода баяндама жасады ма?» — деді. «Иә, жасады, егер мен ұмытпасам, Саяси бюро оның шешімін бекіткен-ді». «Ал, менің ойымша, Сіз өз мәлімдемеңізді үш аптадан кейін жасайсыз, сол кезде мен хат жазамын»,— деді. «Бәлкім, үш аптадан соң үлгере алмаспыз»,— деп жауап қайтардым. Дәрігерлер (қазір ғана келіп түскен Ферстер, Кожевников және Крамер) келді, мен шығып кеттім. Өңіне қарағанда көңілді әрі ширақ көрінді, бірақ Ферстердің келуіне сәл абыржығандай, өйткені Ферстердің оны көрмегеніне көп уақыт болған-ды.

4 февраль (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич бүгін сағат 6 шамасында шақырып алды. Сізді мейрам күндерінде де шақырғаныма қарсылығыңыз жоқ па деп сұрады. («Ақырында, Сіздің де бір уақыт тынығыңыз келеді ғой?»).

«Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласының жалғасын жарты сағаттан астам уақыт айтып жаздырды. Өңі жақсы, даусы ширақ. Компресс жоқ. «Әзірге жетер. Азырақ шаршадым»,— деген сөздермен бітірді. Шифрды ажыратып жазуды, жазып болған соң, телефон соғуды өтінді, өйткені ол мақаланы, бәлкім, бүгін одан әрі айтып жаздыратын болар; жазған кезімде қолжазбаның алдымда жатуы — ежелгі дағдым, онсыз жазу маған қиынға түседі деді.

Надежда Константиновна маған Владимир Ильичте

неміс дәрігерінің (Ферстердің) болғанын, дәрігердің оған көптеген жағымды нәрселер айтқанын, гимнастика жасауға рұқсат еткенін, мақалаларды айтып жаздырту үшін уақытты ұзартқанын, бұған Владимир Ильичтің өте риза болып қалғанын айтты.

Сағат 8-де тағы да шақырып алды. Бірақ айтып жаздырған жоқ, жазылғанды қарап, қосымшалар енгізді. Қарап болған соң, мақаланы баспасөзге берместен бұрын, Цюрупаға және оның коллегиясының, бәлкім, басқа да кейбір мүшелеріне көрсетпек ойы бар екенін, өзінің осы пікірлеріне тағы да бірдеңелер қосқысы келетінін айтты. Айтып жаздыру қарқыны әдеттегіден баяулау болды. Басында компресс. Өңі сынық. Сірә, шаршаса керек.

5 февраль (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич бүгін сағат 12-де шақырып алды. 15 минут болдым. Айтып жаздыру қарқыны баяу. Бір жерінде сөз таңдағанда қиналыңқырап: «Бүгін айтқаным онша жатық шықпай, мықты болмай (осы сөздерді баса айтты) отыр» деді. Өзінің «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек?» деген мақаласын сұрап алды. Оны 3—4 минут үнсіз оқыды. Сосын тағы да біраз айтып жаздырды да, тоқтатуға ұйғарып, бүгін сағат 4-те, 5-те, бәлкім, сағат 6-да шақырармын деді.

5 февраль, кешке (М. И. Гляссердің жазбасы).

Владимир Ильич сағат 7-де (10 минут қалғанда) Лидия Александровнаны шақырды, бірақ ол кісі сырқат болғандықтан, мені шақырды.

Грузин мәселесі жөніндегі комиссияның материалдарын талдауға кірістіңіздер ме және бұл жұмысты қандай мерзімде аяқтамақшысыздар деп сұрады. Материалдарды бөлісіп алып, оқуға кірістік, ал мерзіміне келетін болсақ, өзіңіз белгілеп берген мерзімде, яғни үш аптада аяқтамақшымыз деп жауап қайтардым. Ол біздің материалдарды қалай оқымақшы екенімізді сұрады. Мен біздің әрқайсымыз түгел оқып шығуымыз керек деген қорытындыға келдік дедім. «Сіздер бірауыздан осындай ұйғарымға келдіңіздер ме?»—«Иә». Владимир Ильич съезге дейін қанша уақыт қалғанын есептей бастады.

Бір ай 25 күн қалды дегенімде, ол: бұл мерзім жеткілікті болар, ал егер қосымша деректер керек болса, әсіресе Кавказға баруға одан да көп уақыт керек екендігін еске алатын болсақ, ол мерзім аз да болар деді. Біздің әрқайсымыздың жұмысты қанша істейтінімізді сұрады да, қажет болған жағдайда Володичева мен Шушаника Манучарьянцті жұмысқа тартуларыңызға болады деді. Содан соң сіздердің бәріміз барлық материалды түгел оқуымыз керек деген шешімдеріңіз формальды шешім емес пе деп сұрады. Ол шешім бізде ешбір жерде жазылған жоқ деп жауап бердім де; сіздің оған қандай да бір қарсылығыңыз бар ма?— деп сұрадым. Бәріңіздің барлық материалды түгел оқығандарыңыз, әрине, жөн болар еді, бірақ біздің комиссияның тапсырмасы тым айқын емес қой деді. Бір жағынан, оның бізді шектен тыс қинағысы келмеді, екінші жағынан, жұмыстың барысында ол тапсырманы ұлғайту қажеттігі анықталып қалар деп есептеу керек. Бәлкім, қосымша материалдар алуға тура келер. Материалдар қайда сақталады, оларды сіздер қалай пайдаланасыздар, барлық материалдардың қысқаша конспектісін жасайсыздар ма және ол конспектіні машинкаға басасыздар ма («бұл қиын емес пе?») деп сұрады. Ақырында, Владимир Ильич материалдарды әзірлеу үшін бізге қанша уақыт керек болатындығын және оларды қандай формада әзірлейтіндігімізді ең таяу апта ішінде анықтау керек деп, ал әзірлеген кезде комиссия белгілеген мәселелер бойынша, сондай-ақ жұмыстың барысында бізге оның өзі қойып отыратын сұрақтар бойынша барлық деректерді жалпы шолып шығу қажеттігін басшылыққа аласыздар деп ұйғарды.

Бұдан кейін Владимир Ильич Орталық статистика басқармасының Петроградта, Москвада және Харьковта (егер соңғыда санақ жүргізілген болса) жүргізген санағы жөніндегі материалдарды қорыту жағдайы қандай екенін, оларды қанша уақытта қорытып бітіретінін және материалдардың жарияланатын-жарияланбайтынын Поповтан сұрап білуді тапсырды. Владимир Ильич санақ материалдарын партия съезіне дейін баспасөз бетінде көргісі келеді; ол, бұрынғы санақтардың дерек-

тері жарияланбағандығына қарамастан, бұл жолғы санақ ерекше маңызды болғандықтан, оның материалдары жариялануға тиіс деп есептейді, ал Попов Владимир Ильичке тек кестелерді ғана жіберіпті. Сондықтан әсіресе Поповты қысыңқырау керек, алдын ала онымен ауызша сөйлесіп, кейін ресми түрде сұрату керек.

Барлығы 20 минут болдым. Владимир Ильич науқастанғаннан бері оны бірінші рет көргенім еді. Меніңше, өңі жақсы, өзі ширақ көрінді, тек қана бұрынғысынан гөрі жүзі сәл жүдеу тартқан. Сол қолын сілтей, оң қолының саусақтарын бүге отырып, баяу сөйлейді. Басында компресс жоқ.

6 февраль, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 7 мен 9-дың арасында шақырып алды. $1^1/_2$ сағат шамасы болдым. Әуелі өзінің «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын оқи бастады. Қызыл сиямен жасалған түзетулер (түзетулердің мәні емес, оларды енгізу сипаты!) Владимир Ильичтің көңілін көтерді. Оның өтініші бойынша мақала қайта көшірілген жоқ, алғашқы шифры ажыратылып жазылған данасы Владимир Ильичтің оқыған кезінде енгізген түзетулерімен ғана толықтырылды. Бірақ түзетулер корректорлық әдіспен енгізілмей, кәдуілгі секретарьлық әдіспен енгізілгендіктен, мұның өзі екінші рет оқығанда Владимир Ильич үшін ыңғайсыз болды. Ол бұдан былай бәрін қайта көшіруді өтінді. Владимир Ильич мақаланы көз жүгірте қарап отырып, ой желісінен шығып, бұрын айтып жаздырмай, өзі жазып дағдыланғандығы жайында, стенографтардың өзін неліктен қанағаттандырмайтындығын («қанағаттандырмады» деді) өзінің енді түсінгендігін, әдетте өз қолжазбасының көз алдында тұруына, қиналған кезде, «бөгелген» жерді ойлап алу үшін кідіруге, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүруге, тіпті бір жаққа серуендеп кетіп қалуға дағдыланғандығын, қазір де жиі-жиі қарындашты ала салып, жаза бастағысы немесе өз қолымен түзету енгізгісі келетіндігін айтты.

18-жылы бір мақаласын Троцкийдің стенографына айтып жаздыруға өзінің қалай әрекет жасағандығын,

«кібіртіктей» бастағанын сезген кезде қысылғанынан «адам айтқысыз» шапшаңдықпен одан әрі «төпей» бергендігін, сонын салдарынан қолжазбаны өртеп жіберуіне тура келгендігін, содан кейін «Ренегат Каутскийді»[290] өз қолымен жазуға отырып, оны жазып шыққандығын, оған риза болғандығын еске түсірді.

Владимир Ильич осының бәрін өте көңілді, өзінің әсерлі күлкісімен күліп отырып айтты. Оның мұндай көңілді болғанын мен әлі көрмеген едім. Сол мақаланың біразын одан әрі айтып жаздырды. Ол 15—20 минутқа созылды. Айтып жаздыруды өзі тоқтатты.

7 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич шақырып алды. 3 мәселе жөнінде айтты.

1) Санақтың нәтижелері туралы (тапсырма берді — санақ жөніндегі жинақтың корректурасын өзіне көрсетуді өтінді. Мен оны көрсету үшін Сталиннің рұқсаты керек дедім).

2) Грузин комиссиясы туралы. Жұмыс қалай жүріп жатыр, оқып шығуды қашан бітіресіздер, қашан жинала алар едік деп, т. т. сұрады.

3) Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы. Коллегияның қазір қандай да бір шешім қабылдауға, «мемлекеттік маңызы бар қадам жасауға» ойы бар ма немесе съезге дейін кейінге қалдырып отыр ма. Мақала жазып жатырмын, бірақ сәті түсіңкіремей тұр, дегенмен қайткен күнде де жазып бітірем бе деген ойым бар және, оны баспасөзге берместен бұрын, Цюрупаға оқып шығуға бергім келеді деді. Бұл мақаланы тез бітіруім керек пе, жоқ па, Цюрупадан сұраңыз деп тапсырды.

Бүгін Кожевников былай деді: Владимир Ильичтің денсаулығы орасан зор жақсарды. Ол қазір қолын қимылдатады және қолының жұмысқа жарамды болатындығына өзі де сене бастады.

7 февраль, таңертең (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильичте сағат $12^1/_2$ шамасында болдым. Кез келген тақырыпқа айтып жаздырамын, ал оларды тәртіпке келтіруді кейінге қалдыра тұрамын деді. Мына

тақырыпта айтып жаздырды: 1) партия мекемелері мен совет мекемелерін қалай ұштастыруға болады? және 2) оқу қызметін лауазымдық қызметпен ұштастыру қолайлы бола ма?

«Ал ол революция неғұрлым шұғыл болса...» деген сөздерге келгенде тоқталып, бірнеше рет қайталап айтты, сірә, қиналды-ау деймін; мұның алдында жазылғанды қайта оқып, жәрдемдесуді өтінді, сосын күліп: «Осы арада мен, сірә, біржолата малтығып қалсам керек, солай-ақ болсын — нақ осы арада малтығып қалды деп жазып та қойыңыз!» — деді.

Мен сөзіңізді амалсыздан маған айтып жаздыруыңыз уақытша нәрсе емес пе, таяу уақытта-ақ өз қолыңызбен жазатып боласыз ғой дегенімде, ол: «Шіркін, ол күн қашан туады дессеңізші!» — деді. Даусынан шаршағандығы, науқастығы сезіліп тұрды.

7 февраль, кешке (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 7 мен 9-дың арасында шақырып алды. $1^1/_2$ сағат шамасы болдым. Кеше тоқтаған сөйлемін аяқтады. «Мен енді келесі тақырыпты дамытып көрейінші», — деді. Іле-шала өзі бұрын белгілеген тақырыптар[291] жайында сұрады; ал тақырыптарды оқып берген кезде, ол бұлардың бірін (Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарманың халық арасындағы жалпы ағарту жұмысымен арақатынасын) ұмытып кеткен екенмін деді. Өзінің «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласының жалпы бөлімін айтып жаздырды. Қолын сілтеп, қиналмай, шапшаң да, еркін айтып отырды.

Аяқтап болған соң: бұл бөлімін кейінірек тұтас алғанда бүкіл мақаламен байланыстырып көремін деді. Шаршады. Кешке Надежда Константиновнадан Владимир Ильичтің ертең айтып жаздырмайтындығын білдім; оқымақшы екен.

9 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич таңертең шақырып алды. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы мәселені съезге қоятындығын айтты. Ал санаққа келетін болсақ, оны ойландырып отырған мәселе — кестелер керекті түрде басылар ма

екен деген мәселе. Тексеру туралы тапсырманы Каменев немесе Цюрупа арқылы жүргізу керек деген менің ұсынысыма қосылды. Тапсырманы Кржижановский мен Свидерскийге беру керек. Көңіл күйі мен өңі өте жақсы. Ферстердің маған газет оқуыма рұқсат беруден бұрын адамдармен дидарласуыма рұқсат беретін ойы бар деді. Мұның өзі, сірә, дәрігер тұрғысынан қарағанда шынында да жақсы болар деген пікіріме, ол ойланып қалды да, өте байсалды түрде былай деді: менің ойымша, мұның өзі нақ дәрігер тұрғысынан қарағанда қолайсыз болар еді, өйткені басылған материалды оқып шығасың да тынасың, ал дидарласу дегеніңіз пікір алысуды туғызады.

9 февраль, таңертең (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 1-ге кеткенде шақырып алды. Қайтадан көшіріліп жазылған соң көбірек ұнады деді. Мақаланың кеше айтып жаздырған бөлігін оқыды, ешқандай түзету енгізген жоқ десе де болады. Оқып шыққаннан кейін: «Байқауымша, менің бұл еңбегім әжептәуір түсінікті болып шыққан сияқты» деді. Менде ол өз мақаласының бұл бөлігіне қатты риза болды деген әсер қалды. Мақаланы «Мен, міне, қалай байланыстырамын...» деген, т. б. сөздермен аяқтауды өтінді. Бір сағат шамасы болдым.

9 февраль, кешке.

Владимир Ильич Лидия Александровнаны шақырып алды. Надежда Константиновна өзіне мақаланың жалпы бөлімін беруді өтінді, өйткені Владимир Ильич оған соны оқып шығуды тапсырған екен.

10 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 7-ге кеткенде шақырып алды. «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаланы мүмкіндігінше 2 күннің ішінде оқып шығу үшін Цюрупаға беруді тапсырды.

Тізімдер бойынша кітаптар сұрады[292]. Түрінен шаршағандық сезіледі, ойындағысын ұмытып қалып, сөздерін шатастырып, өте қиналып сөйлейді. Басына компресс қойылған.

12 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич нашарлап қалды. Басы қатты ауырады. Мені бірнеше минутқа шақырып алды. Мария Ильиничнаның айтуынша, дәрігерлердің Владимир Ильичті ренжіткені соншалық, тіпті оның еріндері дірілдеп кетіпті. Ферстер бір күн бұрын оған газет оқуға, біреумен дидарласуға және саяси хабар алып тұруға үзілді-кесілді тыйым салынатынын айтыпты. Сіз саяси хабар алып тұру дегенді қалай түсінесіз деген сұраққа, Ферстер былай деп жауап берді: «Міне, мысалы, Сіз совет қызметшілерінің санағы туралы мәселені білгіңіз келетін көрінеді». Дәрігерлердің мұншама хабардарлығына, сірә, Владимир Ильич ренжіп қалған болса керек. Оның үстіне, тегі, Владимир Ильичте Орталық Комитетке нұсқауды дәрігерлер бермейді, қайта дәрігерлерге нұсқауды Орталық Комитет беріп отыр екен деген пікір тууы ықтимал.

Менімен тағы сол 3 тақырып жөнінде сөйлесті, басының ауыратындығын айтты. Мен қалжыңдап, иландыру жолымен емдеп көрейін, екі күннен соң басыңыздың ауырғаны қояды дедім.

14 февраль (Л. А. Фотиеваның жазбасы).

Владимир Ильич мені сағат бірге кеткенде шақырып алды. Басы ауырмайды екен. Мен мүлде сауықтым. Науқасым жүйкеде ғой, кейде тіпті сап-саумын, яғни, ақыл-парасатым мейлінше айқын, ал кейде нашарлап қаламын деді. Сондықтан оның тапсырмаларын орындауға біздер асығуға тиіспіз, өйткені бірдеңелерді съезге қалай да өткізгісі келеді, оны істей алатындығына сенеді де. Егер де біздер тапсырмалардың орындалуын созып алсақ, істі бүлдіреміз, онда ол өте қатты ренжиді. Дәрігерлер келді де, әңгімені үзуге тура келді.

14 февраль, кешке.

Қайтадан шақырып алды. Қиналып сөйледі, сірә, шаршаған болуы керек. Тағы да өз тапсырмаларының үш пункті жөнінде айтты. Әсіресе өзін бәрінен де гөрі көбірек мазалап жүрген мәселе, яғни грузин мәселесі

жөнінде тәптештеп айтты. Жеделдетуді өтінді. Кейбір нұсқаулар берді[293].

5 март (М. А. Володичеваның жазбасы).

Владимир Ильич сағат 12 шамасында шақырып алды. Бірі Троцкийге[294], екіншісі Сталинге[295] арналған екі хатты жазып алуды, біріншісін телефон арқылы Троцкийдің тікелей өзіне айтуды жәпе опың жауабын өзіне мүмкіндігінше тезірек хабарлауды тапсырды. Бүгін менің айтқандарым онша жатық шықпай отыр деді де, екінші хатты кейінге қалдыра тұруды өтінді. Ауырыңқырап жатты.

6 март (М. А. Володичеваның жазбасы).

Бірінші хатқа жауап туралы сұрады (жауап телефон арқылы стенограммаланған болатын). Екінші хатты (Сталинге жазылған хатты) оқып шығып, тікелей өзіне табыс етіп, қолма-қол жауап алуды тапсырды. Мдивани тобына деген хатты[296] айтып жаздырды. Ауырыңқырап жатты. Надежда Константиновна бұл хаттың Сталинге жіберілмеуін өтінді, сонымен 6-сы күні жібермедік. Ал 7-сі күні мен Владимир Ильичтің жарлығын орындауға тиіспін дедім. Надежда Константиновна Каменевпен сөйлесті, сөйтіп хат Сталинге және Каменевке, содан кейін Зиновьев Питерден қайтып келген соң оған да табыс етілді. Владимир Ильичтің хаты Сталинге табыс етілісімен-ақ оның қайырған жауабы да алынды (мен хатты Сталиннің тікелей өзіне табыс еттім, ол өзінің Владимир Ильичке қайтаратын жауабын маған айтып жаздырды). Хат Владимир Ильичке әлі берілген жоқ, өйткені ол ауырып қалды[297].

Бірінші рет 1963 ж. «Вопросы истории КПСС» журналының 2-номерінде басылған

Секретарьлардың жазбалары бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИН
РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ*

КОММУНИСТІК ИНТЕРНАЦИОНАЛ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КОММУНИСТІК, II ЖӘНЕ II½ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАР КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСАТЫН КОМИНТЕРН ДЕЛЕГАЦИЯСЫНА ДИРЕКТИВАЛАРЫ

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне 1922 жылы 14 немесе 15 мартта жазған хатында бірқатар ұсыныстар жасады, бұл ұсыныстар Коминтерн Атқару Комитеті 1922 жылы 17 мартта қабылдаған директивалардың текстіне енгізілді (қараңыз: осы том, 48—49-беттер).

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША РКП(б) XI СЪЕЗІНІҢ ҚАРАРЫ

1922 жылы 28 мартта РКП(б) XI съезі қабылдаған қарардың жобасында В. И. Лениннің 1922 жылы 21 мартта И. В. Сталин мен Л. Б. Каменевке жазған хатында жасаған түзетулері мен қосымшалары ескерілген (қараңыз: осы том, 67—68-беттер); «РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», 1961, 159—163, 525—526-беттер).

КОМИНТЕРНДЕГІ РКП(б) ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ЕСЕБІ БОЙЫНША РКП(б) XI СЪЕЗІНІҢ ҚАРАРЫ

Ленин осы қарардың жобасына біртұтас майдан тактикасы туралы мәселе жөнінде ұсыныс енгізді; бұл ұсыныс РКП(б) XI съезі 1922 жылы 2 апрельде қабылдаған қарарға түгелдей

* В. И. Лениннің осы уақытқа дейін табылмаған еңбектерінің тізіміне тек хаттары ғана кіретіндіктен, ол — хаттардың тиісті томында беріледі.

кірді (қараңыз: осы том, 150-бет; «РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», 1961, 518—520, 526—528, 619—620-беттер).

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ КОМИССИЯСЫНЫҢ СОВЕТТІК РЕСПУБЛИКАЛАРДЫ БІРІКТІРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ 1922 ж. 6 ОКТЯБРЬДЕ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ПЛЕНУМЫ ДИРЕКТИВА РЕТІНДЕ БЕКІТКЕН ҚАРАРЫ

Қарардың жобасында В. И. Лениннің 1922 ж. 26 сентябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап Л. Б. Каменевке жазған хатында жасаған ескертпелері ескерілген (қараңыз: осы том, 238—240-беттер).

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДАҒЫ СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАП Г. В. ЧИЧЕРИНГЕ ДИРЕКТИВАЛАР. *25 апрель, 1922 ж.*

«ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫНА МҮШЕ БОЛУДЫҢ МІНДЕТТІЛІГІ, ЖАРНА ТӨЛЕУДІҢ ЕРІКТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛАР КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ БІРЛІГІ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫ. *12 май, 1922 ж.*

МЕМЛЕКЕТТІК ТЕАТРЛАРҒА АҚШАЛАЙ ЖӘРДЕМДІ КЕМІТУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫ. *16 ноябрь, 1922 ж.*

МЕМЛЕКЕТТІК ЖАБДЫҚТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША ҚАУЛЫ. *7 декабрь, 1922 ж.*

ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРЫ А. В. ЛУНАЧАРСКИЙ МЕН ОНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫ. *7 декабрь, 1922 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының осы аталған қаулыларының В. И. Ленин толықтырған және түзетулер енгізген жобалары сақтаулы. В. И. Лениннің «Тұтынушылар кооперациясына мүше болудың міндеттілігі, жарна төлеудің еріктілігі туралы және тұтынушылар кооперациясының бірлігі туралы» мәселе жөніндегі және мемлекеттік жабдықтау комиссиясының баяндамасы бойынша қаулыларға енген ұсыныстары жарияланған (қараңыз: осы том, 64, 364-беттер).

РСФСР ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ [ЕРЕКШЕ БӨЛІМ. I ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЛМЫСТАР. 1. КОНТРРЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАР ТУРАЛЫ]

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде В. И. Ленин толықтырған «РСФСР қылмыстық кодексіне кіріспе заңның» жобасы және В. И. Лениннің 1922 жылы 15 және 17 майда Д. И. Курскийге жазған, кодекс жөнінде ұсыныстар жасаған екі хаты сақтаулы (қараңыз: осы том, 213—215-беттер). В. И. Лениннің толықтырулары мен ұсыныстары 1922 жылы 24 майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы бекіткен Қылмыстық кодекстің «Контрреволюциялық қылмыстар туралы» бөлімінде ескерілген.

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ДЕКРЕТТЕРІ, РСФСР ҮКІМЕТІНІҢ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ МЕН НОТАЛАРЫ

БҮКІЛ РОССИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСШЫ-ШАРУА ИНСПЕКЦИЯСЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРИАТЫ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ. *16 март, 1922 ж.*

СОВЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ГЕНУЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БІРІНШІ ПЛЕНУМ МӘЖІЛІСІНДЕ ЖАСАҒАН МӘЛІМДЕМЕСІ. *10 апрель, 1922 ж.*

РСФСР ҮКІМЕТІНІҢ АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ ЖӘНЕ ИТАЛИЯ ҮКІМЕТТЕРІНЕ НОТАСЫ. *2 ноябрь, 1922 ж.*

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде аталған документтердің В. И. Ленин толықтырған және ескертпелер жасаған жобалары сақтаулы (қараңыз: осы том, 74—75-беттер; Лениннің XXXVI жинағы, 440—441-беттер).

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ДОКУМЕНТТЕРДІҢ ТІЗІМІ

ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ КҮН ТӘРТІБІНЕ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Халық Комиссарлары Советінің 1922 жылғы 3 октябрьдегі мәжілісінде В. И. Ленин Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің күн тәртібіне мәселелерді енгізу тәртібі туралы мәселе бойынша баяндамашы ретінде сөз сөйледі (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Бұл — Халық Комиссарлары Советі қаулысының жобасын В. И. Ленин жазған деп жорамалдауға негіз бола алады.

РКП(б) ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ САЯСИ БЮРОСЫНЫҢ АМЕРИКАН КӘСІПКЕР ТОПТАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ КЕЛІС СӨЗДЕР ЖҮРГІЗУ ҮШІН СОВЕТТІК РОССИЯҒА ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫСЫ

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1922 жылғы 19 октябрьдегі мәжілісінде осы мәселе талқыланғанда Ленин баяндамашы ретінде сөз сөйледі. Демек, Саяси бюро қаулысының текстін В. И. Ленин жазды деп жорамалдауға болады.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *Жұмысшы металлистер одағының Бүкіл россиялық V съезі* 1922 жылы 3—7 мартта Москвада өтті. Съездің жұмысына 318 делегат (оның ішінде 282 коммунист бар) қатысты, олар металлистер одағының 534 626 мүшесінің өкілдері еді. Одақтың жұмысын жаңа экономикалық саясатқа сәйкес қайта құру — съездің міндеті ең алдымен осы болды. Съезд мынадай мәселелерді талқылады: 1) Бүкіл россиялық жұмысшы металлистер одағы Орталық Комитетінің және Орталық тексеру комиссиясының есебі; 2) шаруашылық органдардың (Главметалдың, Әскери-өнеркәсіп Советінің, Главэлектроның) есебі; 3) металлистер одағының жаңа экономикалық саясат жағдайындағы міндеттері туралы; 4) одақтың ұйымдық құрылысы; 5) ұйымдастыру мен насихат жөніндегі халықаралық комитеттің қызметі туралы; 6) металлистердің Люцерн конгресіне Бүкіл россиялық жұмысшы металлистер одағының IV съезі сайлаған делегация туралы.

Съезд ашылғанға дейін-ақ, 1922 жылы 1 мартта, Бүкіл россиялық жұмысшы металлистер одағы Орталық Комитетінің коммунистік фракциясы бюросының ірі аудандық делегациялардың өкілдерімен бас қосқан мәжілісінде съезде «Республиканың халықаралық және ішкі жағдайы» туралы баяндама тыңдап, бұл үшін РКП Орталық Комитетінен баяндамашы сұрау қажет деп танылған, съезд делегаттары В. И. Лениннің сөз сөйлеуін өтінеді деп көрсетілген болатын.

Ленин 6 мартта съездің коммунистік фракциясының таңертеңгі мәжілісінде сөз сөйледі. Лениннің баяндамасы бойынша қарар алынбады, фракция баяндаманы тыңдалды деп есептеді.— *1.*

[2] Ленин бұл арада Генуяда (Италия) өтуге тиісті болған халықаралық экономикалық және финанс конференциясын айтып отыр. Европада бейбітшілік және экономикалық ын-

тымақтастық орнату проблемаларын, оның ішінде Россияның борыштары туралы мәселені қарау үшін конференция шақыру инициативасын 1921 жылы 28 октябрьде осы мәселе жөнінде Англияға, Италияға, Америка Құрама Штаттарына, Францияга және Жапонияға нота жолдаған Совет үкіметі көтерген болатын. Конференцияны шақыру туралы шешімді Антанта елдерінің Жоғарғы советі 1922 жылы 6 январьда Канны қаласындағы (Франция) конференциясында қабылдады.

Советтік Россияны конференцияға шақыру туралы шешім қабылдағанда, одақтас елдер Совет үкіметін бірқатар саяси және экономикалық мәселелерде өздерінің дегеніне көнуге мәжбүр етуге, сонымен бірге Советтік Россиямен шаруашылық байланыстар орнатуға дәмеленген еді. Бейбіт қатар өмір сүру принципін басшылыққа алған Совет үкіметі, капиталистік елдермен дипломатиялық және шаруашылық қатынастарды жолға қою қажет деп есептеп, конференцияға қатысуға келісім берді. 27 январьда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Төтенше сессиясында Генуя конференциясына қатысатын совет делегациясы бекітілді. Делегацияның председателі болып В. И. Ленин, председательдің орынбасары болып сыртқы істер жөніндегі халық комиссары Г. В. Чичерин тағайындалды; оған «егер жағдайға байланысты Ленин жолдастың конференцияға баруға мүмкіндігі болмай қалған күнде, председательдің бүкіл правосы берілді» («СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 67-бет). Делегацияның құрамына мыналар кірді: Л. Б. Красин, М. М. Литвинов, Н. Н. Нариманов, В. В. Воровский, Я. Э. Рудзутак және т. б. В. И. Лениннің Генуя конференциясына баруы жөніндегі мәселе Советтік республикалар еңбекшілерінің арасында кеңінен талқыланды. Олар көптеген хаттарда Лениннің қауіпсіздігі мен өмірі үшін мазасызданғандық білдірді, Лениннің оған баруына қарсы болды. Лениннің өзі Генуяға барғысы келді, ол Совет үкіметінің позициясын империалистік державалардың басшыларына тікелей өзі баяндамақшы болды. Мемлекеттік істердің тым көптігі және денсаулық жағдайы Лениннің Россиядан ұзап шығуына мүмкіндік бермеді. РКП(б) Орталық Комитеті бұл мәселе жөнінде арнаулы шешім қабылдады; осы шешімге сәйкес В. И. Ленин делегация председателі уәкілдігін Г. В. Чичеринге берді (қараңыз: осы том, 498, 499-беттер). Конференцияға өзі қатыса алмаса да, Ленин конференцияға әзірлік жөніндегі бүкіл жұмысқа, совет делегациясының қызметіне басшылық етті. Ленин жазған және РКП(б) Орталық Комитеті бекіткен директивалардың жобалары, оның совет делегациясының Генуя конференциясында жасайтын программалық мәлімдемесі жөнінде Саяси бюро мен Г. В. Чичеринге жазған хаттары, оның Генуяға жолдаған телеграммалары және басқа документтер совет өкілдерінің конференциядағы

міндеттері мен бүкіл іс-әрекет бағытын егжей-тегжейіне дейін белгілеп берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 407—410, 416—418, 419—420, 443—446-беттер және осы том, 40—47, 74—75, 183, 184, 185, 186—187, 193, 194—195, 207, 208, 209, 211-беттер).

Генуя конференциясы 1922 жылғы 10 апрельден 19 майға дейін созылды. Оған 29 елдің: Советтік Россияның, Великобританияның, Францияның, Италияның, Бельгияның, Жапонияның, Германияның және басқа елдердің өкілдері қатысты. Америка Құрама Штаттарының үкіметі конференцияға қатысудан бас тартты; ол Россияда «қажетті жағдайлар» жасалмай, ең алдымен жеке меншік қалпына келтірілмей тұрып, Россияны экономикалық жағынан қайта өркендету туралы мәселені қарау «пайдасыз» деп есептеді. Америка Құрама Штаттары өзінің Италиядағы елшісін конференцияға байқаушы етіп жіберді.

Конференцияның бірінші мәжілісінде Чичерин Совет үкіметінің мәлімдемесін жариялап сөз сөйледі; бұл мәлімдеме советтік сыртқы саясаттың негізгі принципін — қоғамдық құрылысы әр түрлі мемлекеттердің — социалистік және капиталистік мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принципін негізге алды. Мәлімдемеде былай делінді: коммунизм принциптері көзқарасында қала отырып, Россия делегациясы сонымен бірге меншіктің екі әр түрлі системасы болып табылатын мемлекеттер арасында экономикалық ынтымақтастық орнату қажеттігін мойындайды, сөйтіп Совет үкіметінің «өзара сыйластық, тең праволылық және толық әрі сөзсіз тану негізінде» («СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 192-бет) барлық елдермен іскерлік қатынас орнатуға дайын екенін растайды. Совет үкіметі батыс державалар мен Советтік Россияның шаруашылық ынтымақтастығын қамтамасыз ететін бірсыпыра шаралар ұсынды. Совет делегациясы қару-жарақты жаппай қысқарту туралы және жалпыға бірдей бейбітшілік орнату үшін бүкіл дүние жүзілік конгресс шақыру туралы ұсынысын конференцияның талқылауына енгізуді ұйғарып отырғанын мәлімдеді.

Совет үкіметінің мәлімдемесі, әсіресе қару-жарақты қысқарту туралы ұсынысы, капиталистік елдер өкілдерінің тарапынан мүлде теріс көзқарас туғызды. Империалистік державалар Совет мемлекетінен патша үкіметі мен Уақытша үкіметтің барлық борыштарын мойындауды, Россиядағы барлық бұрынғы облыстық, сондай-ақ жергілікті өкімет орындарының финанс жөніндегі міндеттемелерін мойындауды, Совет үкіметінің, сондай-ақ оның алдындағы үкіметтердің немесе жергілікті өкімет орындарының қимыл-әрекетінен болған зиянның бәрі үшін жауапкершілікті өзіне алуды, национализацияланған кәсіпорындарды шетелдік иеленушілеріне қайтарып беруді, шетелдіктер үшін экономикалық және праволық пұрсаттылықтар белгілеуді, іс

жүзінде сыртқы сауда монополиясын жою болып табылатын бірқатар талаптарды қабылдауды талап етті.

Совет делегациясы империалистердің Совет мемлекетінің ішкі істеріне қол сұғуға тырысқан бұл әрекеттеріне батыл тойтарыс беріп, олардың Советтік Россияны экономикалық және саяси кіріптарлыққа түсіруге, Совет өкіметін жоюға және Россияны дүние жүзілік капитализмнің жартылай отарлық шылауына айналдыруға бағытталған талаптарын қабылдамай тастады және одақтас державаларға өзінің қарсы талабын қойды — Советтік Россияның шетел соғыс интервенциясы мен блокададан шеккен зиянын өтеуді талап етті.

Конференцияның он бойында совет делегациясы өзінің программалық мәлімдемесінде тұжырымдалған принциптерді қорғады және өзара тиімділік негізінде бірқатар икемділік көрсетуге дайын екенін білдіре отырып, келісімге жетуге күш салды. Алайда империалистік державалар тең праволылық негізінде Советтік Россиямен келісім жасасқысы келмеді, сөйтіп өз талаптарын жақтап қасарыса берді.

Антанта елдері ұстаған келіспеу позициясы салдарынан, конференция Советтік Россияның капиталистік мемлекеттермен қатынастарын қалыпқа келтіруде тікелей практикалық нәтиже бере алмады. 19 майда, конференцияның соңғы пленум мәжілісінде, Генуяда шешілмеген мәселелерді одан әрі талқылау үшін 1922 жылы июньде Гаагада бас қосуға тиісті болған екі сарапшылар комиссиясын (советтік және батыс державаларының) құру туралы шешім қабылданды.

Совет мемлекетінің Генуя конференциясында ұстаған принципті әрі икемді бағыты халықаралық аренада оның позициясы мен беделін нығайта түсті. Совет мемлекеті өзімен тек тең праволылық негізде ғана келіс сөздер жүргізуге болатынын дәлелдеді. Ол бүкіл дүние жүзі алдында өзінің бейбітшілдігін, барлық халықтармен достық және ынтымақ орнатуға тырысатынын көрсетіп берді.— *2.*

3 Ленин бұл арада Антанта елдері Жоғарғы советінің 1922 жылы 6—13 январьда Канны қаласында (Франция) өткен конференциясын айтып отыр. Канны конференциясы қабылдаған ең маңызды документ Генуяда халықаралық экономикалық конференция шақыру туралы 6 январьда қабылданған қарар болды. Бұл қарарда шарттар тұжырымдалды, бұлардың қабылдануы, одақтас елдер Жоғарғы советінің пікірінше, алдағы конференцияның жемісті жұмыс істеуі үшін қажет болды. Бұл шарттардың бірінші параграфында былай делінді: «Өздерінің меншік системасын, ішкі экономикалық тіршілігін және басқару сипатын ұйымдастырғанда өздері сүйенуге тиісті болатын принциптерді басқаларға зорлап таңу правосын ұлттар иемдене алмайды. Әрбір ұлттың бұл орайда өзі қалаған системаны таңдап алуға правосы бар» («СССР сыртқы саясатының документ-

тері», V том, М., 1961, 58-бет). Бұл шарттарда одан әрі мыналар көзделді: шетелдік капитал қайсыбір елге көмек көрсеткенде оның пайда табуына және оған ешкімнің тимеуіне кепілдік беру; белгілі бір елдің үкіметтері жасаған және жасайтын немесе кепілдік берген барлық борыштар мен міндеттемелерді мойындау; мүлікті конфискелеуден немесе секвестрлеуден шетелдік мүдделерге келген шығындар мен зияндардың барлығын қайтаруға, қалпына келтіруге немесе орнын толтыруға міндеттеме алу; ұлттардың басқа елдердегі тәртіп пен саяси системаны құлатуға бағытталған насихаттан және одақтас мемлекеттерге қарсы дұшпандық әрекеттерден тартынуға міндеттеме алуы. Қорытындысында одақтас державалар Совет үкіметін ол осы шарттардың бәрін қабылдағаннан кейін ғана тани алады деген мәлімдеме жасалған. Канны конференциясына қатысушылар «Европаны экономикалық жағынан қалпына келтіру» және «барлық халықтардың ынтымақтастығын» қамтамасыз ету мақсатында халықаралық синдикат (консорциум) құру қажет деп тапты. Бұл шешімнің түпкі негізінде батыс державалардың монополистік капиталының Советтік Россия экономикасын өз қолына түсіріп алуды көздеген пиеті жатты.

Канны конференциясы қарарының текстін және Антанта елдерінің Жоғарғы советі атынан Совет үкіметінің делегациясын Генуя конференциясына қатысуға ресми шақыруды Италия министрлер советінің председателі Бономи 1922 жылы 13 январьда Чичеринге жібереді. Бономиден алынған қарар текстінің 1-параграфында «өз меншік системасы» деген сөздер қалдырылып кеткен-ді. Осыған байланысты Ленин Чичериннен буржуазиялық баспасөзде, сондай-ақ «Известия ВЦИК» газетінің 1922 жылғы 10 январьдағы 6-номерінде бұрынырақ жарияланған, осы сөздер бар қарар текстін (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 404-бет) өзіне беріп жіберуді өтінеді.

Ленин Канны шарттарының 1-параграфының тұжырымдалуына зор мән берді, оны капиталистік меншік системасының банкротқа ұшырайтындығын және ол меншікпен қатар социалистік меншік системасының да сөзсіз өмір сүре алатындығын жанама түрде мойындағандық ретінде бағалады. Ленин Советтік Россияны шетелдік капиталға кіріптар етуге бағытталған Канны шарттарының басқа параграфтары бірінші параграфқа көрінеу қайшы келгендігін көрсетіп берді (қараңыз: осы том, 216—218-беттер).

Генуя конференциясын әзірлеу кезінде Францияның басшы топтары және ағылшын премьер-министрі Ллойд Джордж Советтік Россияны Генуя конференциясына шақырмастан бұрын оған Канны қарарын алдын ала мойындатуға күш салып бақты.

Ленин 1922 жылы 15 февральда Чичеринге жазған хатын-

да оған мына «фактілерді *дәл және ресми түрде* күмәнсыз анықтауды» тапсырды:

«(1) бізді шақырғанда, біздің Канны шарттарын *мойындауымызды* дәл, айқын, ресми мәлімдеуді бізден ешкім талап еткен *жоқ* еді.

(2) біз жауабымызда мұндай мәлімдеме жасаған *жоқпыз*. Және біздің жауабымыз *толық емес* деп бізге *хабарланған жоқ*.

(3) бүкіл ағылшын буржуазиялық баспасөзі француздармен дауласқанда Канны шарттарын алдын ала мойындаудың міндетті еместігін *мойындаған болатын*» (Шығармалар толық жинағы, 44-том, 428-бет).— *7*.

[4] Италияның сыртқы істер министрі Торретта 1922 жылы 24 февральда Г. В. Чичеринге жолдаған радиотелеграммасында министрліктің дағдарысқа ұшырауы салдарынан итальян үкіметі Генуя конференциясының ашылуын кейінге қалдыруға мәжбүр болып отырғанын хабарлады. Радиотелеграмма 25 февральда «Известия ВЦИК» газетінің 45-номерінде жарияланды.

В. И. Ленин сол күні-ақ И. В. Сталин мен Л. Б. Каменевке жазған хатында: «дәл мерзімді 15 мартқа белгілеуді ұсынған мейлінше шымшыма нотаны мүмкіндігінше тезірек жіберу Чичеринге тапсырылсын» (Шығармалар толық жинағы, 44-том, 448-бет) деп ұсынды. 25 февральда Италияның сыртқы істер министрі Торреттаға және Великобританияның сыртқы істер министрі Керзонға Чичерин қол қойған телеграмма жіберілді, онда былай делінді: «Россия үкіметі жекелеген елдердегі үкімет құрамының өзгеруі, мұның өзінде олардың саясатының мәнін ешбір қобалжыта алмайтын өзгеруі, жеңуші-державалардың бүкіл дүние жүзі алдында халықаралық міндеттеме алуына әсер ете алатындай саяси қатынастардың баянсыздығымен кездесерміз деп күтпеп еді». Совет үкіметі конференцияны шақырудың түпкілікті мерзімін 1922 жылғы 23 мартқа тағайындауды ұсынды (қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 113—115-беттер).— *7*.

[5] Бұл арада А. Ф. Керенскийдің «Февраль және Октябрь» деген мақаласы айтылып отыр; «Современные Записки» журналы, Париж, 1922, IX кітап.— *10*.

[6] Финанс дағдарысының шиеленісуі — сом курсының ұдайы құнсыздануы — 1921 жылдың аяғында бірқатар себептерден туды. Соғыстан күйзелген елдің өнеркәсібі, пайда келтіру былай тұрсын, өзі мемлекет есебінен өмір сүрді, азық-түлік ресурстары мүлде мардымсыз болды, ал ашаршылық бағаларды күрт өсіріп жіберді; әскери коммунизм дәуірінде ақшалай салықтар және мемлекеттік қызметтер үшін (транспорт, оның ішінде қалалық транспорт, почта қызме-

ті, тұрғын үй және т. б.) ақы алынған жоқ. 1921 жылдың аяғында Советтердің Бүкіл россиялық IX съезі қабылдаған елдің бюджетінде соғысқа дейінгі ақшамен есептегенде шығыс кірістен бір миллиард сомға жуық асып кеткен-ді. Дефицит қағаз ақша шығаруды ұдайы көбейте беру есебінен өтелді, бірақ ол ақшаның сатып алу қабілеті (өнеркәсіп және азық-түлік товарлары жоқ болғандықтан) өтемөте төмен болды.

Финанс дағдарысын жоюдың жолдары туралы мәселе РКП(б) XI съезінде қойылды. Съезд «Финанс саясаты туралы» деген қарарында елдің финанс шаруашылығын сауықтыруды, алтынға негізделген ақша айналымын қалпына келтіруді қамтамасыз етуге тиісті бірқатар нақты шаралар белгіледі (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 345—351-беттер).— *13.*

[7] Бұл арада В. В. Маяковскийдің «Мәжілісқұмарлар» деген өлеңі айтылып отыр.— *15.*

[8] Бұл арада Ф. Энгельстің «Эмигранттық әдебиет» деген мақаласындағы сөздер айтылып отыр (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 516-бет).— *16.*

[9] *Истпарт* — Октябрь революциясының тарихы мен Россия коммунистік партиясының тарихы жөніндегі материалдарды жинап, зерттейтін комиссия; Халық Комиссарлары Советінің 1920 жылғы 21 сентябрьдегі қаулысы бойынша Халық ағарту комиссариаты жанынан құрылды. Истпарттың бірінші председателі — М. С. Ольминский. Партия тарихын зерттеудің зор маңызын ескере отырып, РКП(б) Орталық Комитеті 1921 жылғы 31 январьдағы айрықша нұсқау хатымен 44 губернияда партия ұйымдарының тарихын зерттейтін жергілікті орталықтар құрды. 1921 жылы декабрьде партияның Орталық Комитетінің қаулысы бойынша Истпарт Орталық Комитеттің бір бөлімі правосымен РКП(б) Орталық Комитетінің қарамағына берілді. Барлық облыстық және губерниялық партия комитеттеріне де истпарт бөлімдерін құру тапсырылды. Истпарт бөлімдері үлкен зерттеу жұмысын өрістетті. Олар документті материалдарды жинаумен және зерттеумен шұғылданды, партияның карт мүшелерінің мемуар жазуына көмектесті, партияның және оның жергілікті ұйымдарының тарихына арналған басылымдар шығарды. Истпарттың архиві мен кітапханасында партияның және революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі аса бағалы материалдар жинақталды. Истпарт партия съездерінің протоколдарын, «Искра», «Вперед», «Пролетарий» газеттерін қайта басып шығарды, «Бюллетень», тарихи-партиялық «Пролетарская Революция» журналын (1921

жылғы октябрьден) шығарды, бірқатар революция және партия тарихы музейлерін ұйымдастырды.— *17.*

[10] Партия тазалауы РКП(б) X съезінің «Партия құрылысының мәселелері бойынша» деген қарары негізінде 1921 жылғы 15 августан декабрьге дейін жүргізілді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 214—227-беттер). Партиядан 159 355 адам шығарылды және кетті (24,1%) (бұған Брянск мен Астрахань губернияларының және Түркістан компартиясының деректері енген жоқ). Партиядан шығарылғандардың және кеткендердің ішінде: жұмысшылар — 20,4%, шаруалар — 44,8%, қызметшілер мен еркін кәсіп адамдары — 23,8%, басқалары — 11,0% болды. Тазалаудың алғашқы қорытындылары РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясында шығарылды (декабрь, 1921 жыл); тазалаудың түпкілікті қорытындыларын РКП(б) XI съезі шығарды, съезд XI партия конференциясының «Партияның адам құрамын тексеру тәжірибесін есепке алумен байланысты партияны нығайту туралы мәселе жөнінде» деген қарарын және РКП(б) облыстық комитеттері, облыстық бюролары және губерниялық комитеттері секретарьлары кеңесінің «Партия тазалауымен байланысты партияны нығайту туралы қарарға қосымша ретінде партия құрылысының ұйымдастыру мәселелері жөніндегі практикалық ұсыныстар» деген қарарын бекітті (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 363—372-беттер). Тазалаудың нәтижесінде партияның әлеуметтік құрамы жақсарды, тәртіп нығайды, партияда жоқ жұмысшы-шаруа бұқарасы арасында партияның беделі өсті, партияның идеялық және ұйымдық топтасқандығы күшейді.— *17.*

[11] В. И. Ленин бұл хаттарды РКП(б) XI съезінде партияны тазалау және нығайту жұмысының қорытындылары туралы мәселе қойылуына және осы мәселе жөнінде тезистер әзірленуіне байланысты жазған.

Ленин 1921 жылы декабрьде-ақ, партия тазалауының алғашқы қорытындыларын зерттей келіп, П. А. Залуцкийге, А. А. Сольцке және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат жазып, онда алдағы XI партия конференциясының шешімінде партияға мүше қабылдаудың анағұрлым қатал шарттарын белгілеуге кеңес берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 308—309-беттер).

Ленин «Партияны тазалау туралы РКП(б) XI конференциясы қарарының жобасына ескертпелерде» былай деп жазды: «Мен нағыз жұмысшыларды партияға қабылдаудың жеңілдетілуіне ешқандай қарсылық көрсетпеген де болар

едім, бірақ ірі өнеркәсіптің жұмысшысы болып кімнің санала алатынын белгілейтін айрықша қатал шарттар қоймасақ, онда бұл саңылаудан тағы да толып жатқан жексұрындар дереу еніп кетеді» (Шығармалар толық жинағы, 44-том, 310—311-беттер).

РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясы партияға қабылдау шарттарын өзгерту туралы мәселені шешкен жоқ, бірақ партияның XI съезі партия Уставының партияға жаңа мүшелер қабылдау шарттары жөніндегі бөліміне өзгерістер енгізу қажет деген тілек білдірді.— *20.*

12 Әңгіме РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының тапсыруы бойынша РКП(б) XI съезіне Г. Е. Зиновьев дайындаған «Партияны нығайту туралы» тезистердің бастапқы жобасы туралы болып отыр. Саяси бюроның 1922 жылғы 8 марттағы шешімі бойынша бұл жоба Саяси бюро мүшелеріне таратылып берілген болатын. Жобада шаруалар мен қызыл әскерлер партияға РКП(б)-ның үш жылдық стажы бар үш мүшесінің рекомендациясымен, ал қызметшілер және басқалар партияның бес жылдық стажы бар бес мүшесінің рекомендациясымен алынатын болсын деп көрсетілді.

Ленин тезистердің жобасын негіз етіп алуға қарсылық білдірген жоқ, бірақ сонымен бірге жұмысшыларды партияға қабылдағанда РКП(б)-ның үш жылдық стажы бар мүшелерінің рекомендациясы болуын, шаруалар мен қызыл әскерлерді қабылдағанда — төрт жылдық стажы барлардың, басқаларды қабылдағанда — бес жылдық стажы барлардың рекомендациясы болуын талап етуді, сондай-ақ тезистердің жобасында жоқ кандидаттық стаж туралы («қосылушылар» туралы) мәселені талдап зерттеуді ұсынды.

13 мартта Саяси бюро Зиновьевтің қайта өңделіп, толықтырылған тезистерін бекітті; ал 17 мартта тезистер «Правданың» 62-номерінде жарияланды.

Ленин Саяси бюроның мәжілісінде бұл тезистер бекітілген кезде болған жоқ. Тезистердің партияға мүшелер қабылдау шарттары туралы бөлімі жөнінде оның елеулі қарсылықтары болатын, мұны ол 24 марттағы хатында баяндаған-ды.— *20.*

13 Ленин бұл арада РКП(б) Бүкіл россиялық XI конференциясының «Партияның адам құрамын тексеру тәжірибесін есепке алумен байланысты партияны нығайту туралы мәселе жөнінде» деген қарарын және РКП(б) облыстық комитеттері, облыстық бюролары және губерниялық комитеттері секретарьлары кеңесінің «Партия тазалауымен байланысты партияны нығайту туралы қарарға қосымша ретінде партия құрылысының ұйымдастыру мәселелері жөніндегі практикалық ұсыныстар (1921 жылғы декабрь)» деген қарарын айтып отыр; Зиновьевтің «Партияны нығайту туралы» тезистерінің бастапқы жобасында бұл қарарлардың текстері келтірілмеген болатын.— *20.*

[14] Әңгіме Зиновьевтің РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы бекіткен «Партияны нығайту және оның жаңа міндеттері туралы» тезистерінің бесінші пункті туралы болып отыр; бұл пунктте мынадай қағида бар-ды: «Партия уставына өзгеріс енгізу үшін (II бөлім, 7-пункт) XI съезд жұмысшылар мен шаруалар кандидаттар қатарында кемінде алты ай, қалғандары — кемінде бір жыл болуға тиіс деп қаулы етеді» («РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», М., 1961, 684-бет).— *20.*

[15] *Орталық Бақылау Комиссиясы* (ЦКК) — партия бақылауының жоғары органы. 1920 жылы 22—25 сентябрьде болып өткен РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында партияның ішкі демократиясын күшейту, партиялық бірлік пен тәртіпті нығайту туралы бірсыпыра практикалық шаралармен қатар партия съезінде сайланатын Бақылау комиссиясын және губерниялық партия комитеттері жанынан партиялық комиссиялар құру туралы шешім қабылданды (қараңыз: «Партия құрылысының кезектегі міндеттері туралы» қарар — «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 196—204-беттер). Бақылау комиссиялары жұрт сенімінө бөленген ең әділ коммунистерден құрылуға тиіс. В. И. Ленин Бақылау комиссиясын «партиялық және пролетарлық ұждапның нағыз органы» (Шығармалар толық жинағы, 41-том, 429-бет) ету қажет деп есептеді. Орталық Бақылау Комиссиясы бірінші рет РКП(б)-ның 1921 жылы 8—16 мартта болып өткен X съезінде сайланды.— *21.*

[16] 1922 жылы 25 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Зиновьев тезистерінің бесінші пунктін өзгерту туралы В. И. Лениннің ұсынысын қабылдады, бірақ Ленин нұсқауларының бәрін бірдей ескермеді. Пленум партияға жаңа мүшелер қабылдаудың шарттары туралы пунктті съезге мынадай тұжырымда енгізуге қаулы етті: «Бөтеннің еңбегін қанаумен, жалдаптықпен және т. б. күн көретін элементтердің партияға кіруіне ешбір жағдайда жол берілмейтін болсын, кандидаттық стаж жұмысшылар үшін — 6 ай, қызыл әскерлер үшін — 1 жыл, шаруалар мен басқа адамдар үшін — $1^1/_2$ жыл мөлшерінде белгіленіп, партияға жаңа мүшелерді ұсынған жолдастарға ерекше жауапкершілік жүктелсін» («РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», М., 1961, 737—738-беттер).

РКП(б) XI съезінің «Партияны нығайту және оның жаңа міндеттері туралы» қарарында, партия Уставына өзгеріс енгізіліп, XII съезге дейінгі бүкіл кезеңге РКП(б)-ға мүше қабылдаудың жаңа тәртібі бекітілді. Партияға аларда мынадай үш категория белгіленді: 1) жұмысшылар және жұмысшылар мен шаруалардан шыққан қызыл әскерлер;

2) шаруалар (қызыл әскерлерден басқасы) және бөтеннің еңбегін қанамайтын майдагерлер; 3) басқалар (қызметшілер және т. б.). Кандидаттық стаж бірінші категория үшін — 6 ай, екінші категория үшін — 1 жыл және үшінші категория үшін, сондай-ақ басқа партиялардан шыққандар үшін — 2 жыл мөлшерінде белгіленді. Бірінші және екінші категориялар үшін партияға қабылдағанда партияның үш жылдық стажы бар үш мүшесінің рекомендациялары қажет болды, сонымен бірге жұмысшылар және жұмысшылар мен шаруалардан шыққан қызыл әскерлер үшін уездік комитет пен аудандық комитеттің, ал шаруалар мен майдагерлер үшін губерниялық комитеттің бекітуі қажет болды. Басқалар (қызметшілер және т. б.), сондай-ақ басқа партиялардан шыққандар партияның бес жылдық стажы бар бес мүшесінің рекомендациялары болғанда және губерниялық комитет міндетті түрде бекіткенде ғана РКП(б)-ға қабылдана алды. Толық 20 жасқа дейінгі жастар (қызыл әскерлерден басқалары) партияға тек РКСМ арқылы ғана қабылданды. Партияға кіргісі келетіндердің тізімдері күні бұрын жариялануға тиісті болды.

Съезд рекомендация берушілердің рекомендация алушылар үшін өте-мөте қатаң жауапкершілігін тағы бір рет қуаттап, Орталық Комитетке бұл жауапкершіліктің нақты формаларын ойлап табуды тапсырды (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 358-бет).— *22.*

17 *Сменовехшылдар* — орыс ақ эмигрант интеллигенциясы арасында 1921 жылы пайда болған қоғамдық-саяси ағымның өкілдері. Белгілі бір себептермен Советтік Россиядан эмиграцияға кетпеген ескі, буржуазиялық интеллигенцияның бір бөлігі де сменовехшылдықты қолдады. Сменовехшылдар өздерінің атын 1921 жылы Прагада шыққан «Смена вех» деген жинақтан алды. Ю. В. Ключников, Н. В. Устрялов, С. С. Лукьянов, А. В. Бобрищев-Пушкин, С. С. Чахотин, Ю. Н. Потехин және басқа кадеттік сарындағы ақ эмигранттар сменовехшылдардың идеологтары болды. Сменовехшылдарда өз баспасөз органы — «Смена Вех» журналы болды, бұл журнал 1921 жылғы октябрьден 1922 жылғы мартқа дейін Парижде шығып тұрды.

Жаңа экономикалық саясаттың енгізілуіне байланысты Совет республикасында капиталистік элементтердің біраз жандана бастауы сменовехшылдықтың әлеуметтік негізі болды. Жаңа экономикалық саясатқа көшуді сменовехшылдар Совет өкіметінің капитализмді қалпына келтіруге қарай икемделе бастауы деп қарады, сөйтіп Совет мемлекеті буржуазиялық республикаға айналады деп үміттеніп, Совет өкіметіне өздерінің қызметтес болуын ұсынды. Алайда сменовехшылдардың бір бөлегі Совет өкіметіне адал жұмыс

істеуге ниет білдірді. Осыны негізге алып, РКП(б) Бүкіл россиялық XII конференциясы (4—7 август, 1922 жыл) «Антисоветтік партиялар мен ағымдар туралы» қарарда былай деп атап көрсетті: ««Сменовехшылдық» деп аталатын ағым осы уақытқа дейін объективтік-прогрестік роль атқарып келді және әлі де атқара алады. Ол эмиграция мен орыс интеллигенциясының Совет өкіметімен «ымыраға келген» және елімізді өркендету үшін Совет өкіметімен бірге жұмыс істеуге әзір тұрған топтарын біріктірді және біріктіріп отыр. *Сондықтан* «сменовехшылдық» бағыт дұрыс қатынас жасауға лайық болды және лайық болып отыр. Бірақ мұнымен қатар «сменовехшылдық» ағымда да буржуазиялық-реставрациялық ниеттің күшті екендігін, экономикалық жеңілдіктерден кейін буржуазиялық демократия жағына қарай саяси жеңілдіктер болады, т. с. деген үміттің меньшевиктермен және эсерлермен бірге сменовехшылдыққа да ортақ екендігін бір сәт те ұмытуға болмайды» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 417-бет).

Сменовехшылдардың көпшілігі кейін ашық контрреволюциялық позицияға көшті.

В. И. Лениннің сменовехшылдыққа берген сипаттамасын осы томның 107—108-беттерінен қараңыз.— *22.*

18 В. И. Ленин қол қойған осындай хат сонымен бірге аралас (кредиттік және акционерлік) қоғамдар туралы істер жөніндегі комиссияның председателі Г. Я. Сокольниковқа да жіберілген-ді (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 449—450-беттер).— *25.*

19 *Еңбек және Қорғаныс Советі* (СТО)— Халық Комиссарлары Советінің тұрақты комиссиясы. Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советі 1920 жылы апрельде Еңбек және Қорғаныс Советі болып қайта құрылды. Еңбек және Қорғаныс Советінің Председателі В. И. Ленин болды.— *25.*

20 *«Жауынгер материализмнің маңызы туралы»* деген мақала «Под Знаменем Марксизма» журналының партияның XI съезіне шығуға тиісті үшінші номеріне арналып жазылды.

Н. К. Крупскаяның кейін еске алғанындай, В. И. Ленин бұл мақаланы қалай жазуды Корзинкино деревнясында дем алған кезінде ойластырған. Ленин бұл кезде дінге қарсы тақырыптағы көптеген кітаптар мен кітапшаларды оқып шығады; А. Древстің «Die Christusmythe» («Христос туралы аңыз») деген кітабын, Э. Синклердің «The Profits of religion» (кітап орысшаға аударылып, 1925 жылы «Дін және баю» деген атпен шықты) деген кітабын және басқа кітаптарды оқиды. «Серуенге шыққанда,— деп жазды Н. К. Крупская,— біз Древс пен Синклер туралы, бізде дін-

ге қарсы насихаттың үстірт жүргізілетіндігі туралы, бұл істе тұрпайылаудың көптігі, жаратылыс тану ғылымымен нашар байланыстырылатындығы, діннің әлеуметтік тамырлары өте аз ашылатындығы, революция жылдарында орасан зор дәрежеде өскен жұмысшылардың талап-тілектерін дінге қарсы насихаттың мүлде аз қанағаттандыратындығы туралы әңгімелесетін едік» («Под Знаменем Марксизма», 1933, № 1, 148—149-беттер).

1922 жылы 12 мартта мақала жазылып бітеді, алайда Ленин оны өңдеу жұмысын тоқтатпайды. Секретарьға арнаған запискасында ол былай деп жазады: «Менің № 1 данаға енгізген өзгерістерім мен толықтыруларымды екінші (№ 2) данаға мұқият көшіруді, сөйтіп *№ 1* дананы, «Под Знаменем Марксизма» журналына жіберіп, алынғаны туралы қолхат алуды өтінемін» (Лениннің XXXV жинағы, 1945, 340-бет). Ленин мақалаға діндерді ғылыми тұрғыдан сынаудың осы заманғы өкілдері Древс пен Виппер туралы қосымша енгізген («Под Знаменем Марксизма» журналының 1—2-номерінің бір данасындағы «Редакциядан» деген мәлімдемеге Ленин салған «+Древс+Виппер» деген таңба, сірә, осымен байланысты болса керек; журналдың бұл данасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы), Синклердің «The Profits of religion» деген кітабы туралы айтылған жерін сызып тастап, дінге қарсы насихатта осындай кітаптар мен кітапшаларды және басқаларын пайдаланудың маңыздылығын жалпы атап өтеді.

«Под Знаменем Марксизма» — философиялық және қоғамдық-саяси журнал; жауынгер материализм мен атеизмді насихаттау мақсатында және «поппылдықтың дипломды малайларына» қарсы күресу үшін құрылған болатын. Журнал Москвада 1922 жылғы январьдан 1944 жылғы июньге дейін ай сайын (1933—1935 жылдары — екі айда бір рет) шығып тұрды.— *27.*

21 Ленин бұл арада И. Дицгеннің мына сөздерін айтып отыр: «Біз дипломды малайлардың айтатын «білім мен ғылым» туралы көпірме сөздерін, «идеалдық игіліктер» туралы сөздерін жан-тәнімізбен жек көреміз, бір кезде мәжуси поптардың өздері бірінші болып таныған табиғат құпияларымен халықты алдағаны сияқты, бұлар да тыраштанып шығарып алған идеализмімен қазір халықты топастандырып жүр» (И. Дицген. Таңдамалы философиялық шығармалар, 1941, 261-бет).— *28.*

22 Қараңыз: Ф. Энгельс. Эмиграпттық әдебиет (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 514-бет).— *30.*

23 Бұл арада бастапқыда мынадай текст болған: «Жуырда Эптон Синклердің «Діннен түсетін пайда» деген кітапшасын

қарап шығуыма тура келді. Күмән жоқ, автордың мәселеге кірісуінде және оны түсіндіру мәнерінде кемшіліктер бар. Бірақ бұл кітапшаның құндылығы мынада: ол әсерлі жазылған және онда келтірілген нақты фактілер мен салғастырулар келтірілген...».

Кейін Н. К. Крупскаяның есіне түсіргеніндей, бұл кітапты оған «өз романдарының көмегімен жүргізіп жатқан күресі туралы жазған» хатымен қоса автор беріп жіберген екен. Ленин «ағылшын сөздігін пайдалана отырып, кешкілікте кітапты оқиды. Дінге қарсы насихат тұрғысынан алғанда кітапша оны жеткілікті қанағаттандырмайды, бірақ буржуазиялық демократияға айтылған сын ұнайды» («Под Знаменем Марксизма», 1933, № 1, 148-бет).— *33.*

[24] *«Экономист»*— Орыс техникалық қоғамының өнеркәсіп-экономика бөлімінің журналы; бұл қоғамның құрамына Совет өкіметіне дұшпандық пиғылдағы буржуазиялық техникалық интеллигенция мен бұрынғы кәсіпорын иелері кірген болатын. Петроградта 1921 жылғы декабрьден 1922 жылғы июньге дейін шығып тұрды (1-номерінің мұқабасында 1922 жыл деп көрсетілген). В. И. Ленин бұл журналды «ақ гвардияшылардың нағыз орталығы» деп атады.

В. И. Ленинге журналдың редакторы Д. А. Лутохин жіберген журналдың 1-номерін оған Н. П. Горбунов табыс еткен.— *36.*

[25] 1922 жылы 28 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Ленин жазған «РКП(б) Орталық Комитетінің совет делегациясының Генуядағы міндеттері туралы қаулысының жобасын» аз ғана толықтыруларымен қабылдап, делегацияға оның конференцияда мәлімдейтін программасын егжей-тегжейіне дейін талдап жасауды тапсырды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 443—446-беттер). РКП(б) Орталық Комитетінің директиваларымен сәйкес, Г. В. Чичерин бұл программаны жасап, Ленинге жолдаған хатында баяндап берді.

Лениннің совет делегациясы сөзінің программасына енгізген толықтырулары 21 мартта Чичерин әзірлеген мәлімдеменің жобасында ескерілді. Бұл жобаға түзетулер мен ескертпелерді осы томның 74—75-беттерінен қараңыз.— *40.*

[26] *Екі жарым Интернационал* (ресми аты — Социалистік партиялардың халықаралық бірлестігі) — революцияшыл бұқараның қысым жасауымен II Интернационалдан шыққан центристік социалистік партиялар мен топтардың халықаралық ұйымы; 1921 жылы февральда Венадағы конференцияда құрылды. II½ Интернационалдың лидерлері сөз жүзінде II Интернационалды сынай отырып, іс жүзінде пролетарлық қозғалыстың барлық аса маңызды мәселелері бойынша жұмысшы табы ішінде оппортунистік, жікшілдік

саясат жүргізді және құрылған бірлестікті коммунистердің жұмысшы бұқарасы арасында өсіп келе жатқан ықпалына қарсы қоюға тырысты. «Революционерлер деп атанғысы келетін $II^1/_2$ Интернационалдағы мырзалар,— деп жазды В. И. Ленин,— елеулі жағдай атаулының қандайында болсын іс жүзінде контрреволюцияшыл болып шығады, өйткені олар ескі мемлекеттік аппаратты күшпен қиратудан қорқады, олар жұмысшы табының күшіне сенбейді» (Шығармалар толық жинағы, 44-том, 112-бет).

1923 жылы майда II және $II^1/_2$ Интернационалдар Социалистік жұмысшы Интернационалы дейтінге бірікті.— *40.*

27 *Версаль бітім шарты* 1914—1918 жылдардағы дүние жүзілік империалистік соғысты аяқтады, оған 1919 жылы 28 июньде, бір жағынан, Америка Құрама Штаттары, Британия империясы, Франция, Италия, Жапония және олармен біріккен державалар, екінші жағынан, Германия қол қойды.

Версаль бітім шартына баға бере келіп, Ленин былай деді: «Бұл бітім ондаған миллион адамды, соның ішінде ең цивилизациялы адамдарды құлдық халге түсірген құлақ естімеген, тонаушылық бітім» (Шығармалар толық жинағы, 41-том, 384-бет). Версаль бітім шарты капиталистік дүниенің жеңген державалардың пайдасына қайта бөлінуін баянды етуді, сондай-ақ елдер арасында Советтік Россияны тұншықтыруға және бүкіл дүние жүзіндегі революциялық қозғалысты талқандауға бағытталған қатынастар системасын жасауды мақсат етті.— *41.*

28 Коммунистік Интернационалдың буржуазияның тегеурініне қарсы біртұтас жұмысшы майданын құру жолындағы күресі және жұмысшылар бұқарасының бірлікке ұмтылуы $II^1/_2$ Интернационалдың басшылығын 1922 жылы 19 январьда Коминтерннің Атқару Комитетіне және II Интернационалға Европаның экономикалық жағдайының проблемалары мен жұмысшы табының реакцияға қарсы іс-әрекеттерін талқылау үшін 1922 жылдың көктемінде халықаралық конференция шақыру туралы ұсыныс жіберуге мәжбүр етті. Коминтерн бұл ұсынысты қабыл алды.

Жарияланып отырған хат Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің үш Интернационалдың конференциясына баратын Коминтерн делегациясына директиваларын әзірлеумен байланысты жазылды. Хатта Г. Е. Зиновьев әзірлеп, Коминтерн Атқару Комитетіне ұсынар алдында өз пікірін айтуды өтініп, 1922 жылы 14 мартта В. И. Ленинге жіберген директивалар жобасына ескертпелер бар.

Лениннің ескертпелері мен ұсыныстарына сәйкес түзетілген және толықтырылған директиваларды Саяси бюро мақұлдады. 17 мартта директиваларды Коминтерн Атқару Комитеті бірауыздан бекітті.

Үш Интернационалдың конференциясы 1922 жылы 2—5 апрельде Берлинде өтті.

Конференцияда, бір жағынан, II және II½ Интернационалдардың өкілдері, екінші жағынан, Коммунистік Интернационалдың өкілдері арасында шиеленіскен күрес өріс алды. Коминтерннің делегациясы капиталдың шабуылына қарсы, реакцияға қарсы, жаңа империалистік соғыстарды әзірлеуге қарсы күрес туралы, Советтік Россияға көмек туралы, Версаль шарты және соғыс кезінде күйзелген облыстарды қайта өркендету туралы мәселелер талқылау үшін кәсіптік одақтардың және басқа жұмысшы ұйымдарының қатысуымен бүкіл дүние жүзілік конгресс шақыру туралы ұсыныс жасады. II Интернационалдың өкілдері II½ Интернационал делегациясының іс жүзінде қолдауы арқасында Коминтерн делегациясын қолайсыз шарттарды қабылдауға: Грузияның Совет мемлекетінен бөлінуін мойындауға, бұқаралық жұмысшы ұйымдарында коммунистік ұялар құрудан бас тартуға және саяси қылмыстылардың босатылуына көнуге мәжбүр етуге тырысты. Делегация бұл талаптарды қабылдаған жоқ, алайда Совет өкіметі контрреволюцияшыл эсерлердің ісі жөнінде өлім жазасын қолданбайтын болсын, II және II½ Интернационалдардың өкілдеріне сотта болуға рұқсат етілсін деген шартқа келісті. Ленин «Бізге тым қымбатқа түсті» деген мақаласында Коминтерннің өкілдері Н. И. Бухариннің, К. Б. Радектің және басқаларының бұл шартқа көнушілігін қатты сынға алып, оны қате деп есептеді (қараңыз: осы том, 159—164-беттер).

Конференцияда жалпы декларация қабылданды, онда нақты мәселелер жөнінде бірлескен кеңестер өткізу және қимыл-әрекеттер жасау мүмкіндігі мойындалды.

Конференция еңбекшілерді Генуя конференциясы кезінде сегіз сағаттық жұмыс күні жолында, жұмыссыздыққа қарсы, капитализмнің шабуылына қарсы, орыс революциясын қолдау жолында, барлық мемлекеттердің Советтік Россиямен саяси және экономикалық қатынастарды қалпына келтіруі жолында, барлық елдерде ұлттық және халықаралық көлемде біртұтас пролетарлық майданды қалпына келтіру жолында күресу ұранымен бұқаралық демонстрациялар өткізуге шақырды.

Конференция бүкіл дүние жүзілік конгресті неғұрлым тез шақыру қажеттігін жақтаған пікір білдірді және бұдан былайғы конференциялар мен конгресті әзірлеу үшін 9 адамнан (әр Интернационалдан үш өкілден) ұйымдастыру комиссиясын құрды.

Алайда бұған еңбекшілердің қалың бұқарасының қысымымен ғана көнген II және II½ Интернационалдардың басшылары бұл келісімге саботаж жасап, оны іске астыртпады. 1922 жылы 21 майда II және II½ Интернационалдардың бірқатар партиялары Гаагада коммунистердің қатысуынсыз бүкіл дүние жүзілік конгресс шақыру туралы шешім қа-

былдады. Осымен байланысты тоғыз адам комиссиясының Берлинде 1922 жылы 23 майда өткен мәжілісінде Коминтерн делегациясы өзінің бұл комиссиядан шығатынын мәлімдеді.— *48*.

29 Е. А. Преображенскийдің партияның XI съезіне арнап әзірлеген «РКП-ның қазіргі деревнядағы саясатының негізгі принциптері» деген тезистері 1922 жылы 10 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы мен Саяси бюросының барлық мүшелеріне таратылып берілді. Тезистермен танысқан соң, В. И. Ленин осы жарияланып отырған хатты жазған. 18 мартта Саяси бюро Преображенскийдің тезистерін қараганнан кейін Лениннің осы хатының 15-пунктінде тұжырымдалған ұсыныстарын қабылдады.— *50*.

30 *Всеработземлес* — Жер және орман қызметкерлерінің Бүкіл россиялық кәсіптік одағы.— *54*.

31 1922 жылы 28 февральда Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық, террористік күрес жүргізгені үшін социалист-революционерлер партиясы Орталық Комитетінің мүшелері мен белсенді қайраткерлерін Жоғарғы революциялық трибунал сотына беру туралы Мемлекеттік саяси басқарманың қаулысы жарияланды. Бұған жауап ретінде өзін «Социалист-революционерлер партиясының шетелдік делегациясы» деп атаған эмигрант-эсерлердің бір тобы 1922 жылы 11 мартта өздерінің Берлинде шығарылатын «Голос России» деген газетінің 913-номерінде «Бүкіл дүние жүзінің социалистік партияларына» үндеу хат жариялап, сотталатындардың өлім жазасына кесілетіндігі бейне бір күні бұрын шешіліп қойылғандығына қарсы наразылық білдірді. Бұл үндеу хат II және II$^1/_2$ Интернационалдардың партиялары, реформистік кәсіподақтар мен буржуазиялық интеллигенция тарапынан қолдау тапты.

Жарияланып отырған документ В. И. Ленин мен Г. В. Чичериннің атына Англия тәуелсіз жұмысшы партиясының Ұлттық советі, Дат социал-демократиялық партиясының председателі Т. Стаунинг, II Интернационал лидерлерінің бірі Э. Вандервельде және Жалпы герман жұмысшы одағының президиумы эсерлерге болатын сотты үш Интернационалдың Берлин конференциясына дейін кейінге қалдыра тұруды талап етіп жіберген телеграммаларға байланысты жазылған.

Ленин ұсынған жауаптың жобасын 1922 жылы 18 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы болмашы өзгерістер енгізіп қабылдады, сөйтіп бұл жоба 21 мартта юстиция халық комиссары Д. И. Курскийдің қолы қойылып, «Известия ВЦИК» газетінің 64-номерінде жарияланды.

Эсерлерге болған сот Москвада 1922 жылы 8 июньде — 7 августа өтті. Айыптылар ретінде 34 адам: эсерлер партия-

сы Орталық Комитетінің мүшелері, Орталық Комитеттің Москва бюросының мүшелері және эсерлер партиясы Орталық Комитетінің директиваларына бойынша әрекет жасаған осы партияның жекелеген мүшелері сотқа тартылды. Процесс айыптау материалдарын толық растады және эсерлер партиясы Орталық Комитетінің белсенді контрреволюциялық қызметін: Совет өкіметіне қарсы заговорлар мен көтерілістерді, жұмысшы көсемдерін өлтіруді, шетел интервенциясын қолдауды ұйымдастырғанын әшкерелеп берді. Жоғарғы трибунал басты-басты он екі айыпкерді (Гоц, Донской, Гендельман-Грабовский, Ратнер-Элькинд, Тимофеев және басқалары) өлім жазасына кесті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы бұл үкімді бекітті, егер эсерлер партиясы Совет өкіметіне қарсы қарулы күрес әдістерінен бас тартпаса, террор жасау және бүліктер ұйымдастыру тактикасын одан әрі жүргізе беретін болса, бұл үкімді жүзеге асыруға қаулы етті. Сотқа тартылғандардың бір бөлегі 2 жылдан 10 жылға дейін түтқында қатал ұстауға кесілді. Сотталғандардың кейбіреулері, өздерінің кінәларын мойындап, эсерлер партиясы Орталық Комитетінің қылмысты әрекеттерін әшкерелегендіктен, жазадан босатылды.— *56.*

32 1922 жылы 18 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы В. И. Ленин ұсынған жобаны қабылдады.— *58.*

33 «Дүние жүзілік шаруашылықтың өтпелі фазасына байланысты РСФСР-ді электрлендіру» деген кітапты, В. И. Лениннің тапсыруы бойынша, И. И. Скворцов-Степанов жазды; Ленин бұл еңбекке аса зор маңыз беретін болатын.

Ленин кітаптың жазылу барысын ұдайы сұрап біліп отырды, авторға көмектесті, оған неғұрлым қолайлы жағдайлар туғызуға тырысты. Мысалы, 1921 жылы 17 июльде ол Скворцов-Степановтан жазамын деп уәде берген еңбегінің «қалай жазылып жатқанын және қашан бітетінін» хабарлауды өтінеді (Лениннің XX жинағы, 1932, 221-бет); 20 сентябрьде Владимир Ильич электрлендіру жөнінде орыс және неміс тілдеріндегі әдебиеттердің бәрін Скворцов-Степановқа тауып беруді Н. П. Горбуновқа тапсырды; октябрьдің аяғында Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросынан Скворцов-Степановты командировкаға жіберудің орнына, «...жаза бастаған әдеби еңбегін, басқа істермен алаңдамай, 1—1½ айда бітіруі үшін *Москва іргесіндегі* совхоздардың *біріне,* сүт ішуге, *жіберуді»* өтінеді (Лениннің XXXV жинағы, 1945, 284-бет).

Ленинге кітаптың қалай жазылып жатқанын хабарлап, 1922 жылы 20 январьда Скворцов-Степанов былай деп жазды: «Қымбатты Владимир Ильич, бұрынғыша қасарыса электрлендіріп жатырмын... Москвада болған кезіңізде, өзімді қайраңқырап алу үшін, әдеттегіше бес минут Сізбен жүз-

десуім керек. Сіз, ақылды қанаушы ретінде, кісінің жұмысқа қабілеттілігін керемет арттырасыз. Сіздің қолыңызды қатты қысамын. Осындай жұмысқа жегіп қойғаныңыз үшін Сізге рақмет» («Пролетарская Революция», 1929, № 10, 122-бет).

Алғы сөзді Скворцов-Степановқа жолдай отырып, Ленин 19 мартта жазған хатында оны «тамаша табысымен» құттықтады (Шығармалар, 36-том, 569-бет).

Лениннің алғы сөзі кітап шықпастан бұрын, 1922 жылы 21 мартта «Правданың» 64-номерінде басылды. Кітап шыққан соң Скворцов-Степанов оның бір данасын мынадай арнау сөз жазып, Ленинге ұсынады: «Қымбатты В. И. Ленин-Ульянов жолдасқа — осы еңбекті жазуға аяусыз «зорлықпен» отырғызылған, сөйтіп ойда жоқта өзінің «қабілетін» көрсеткен автордан. Осындай «зорлық» жасасын! И. Степанов, 23/X 1921 — 29/III 1922» («В. И. Лениннің Кремльдегі кітапханасы», М., 1961, 318-бет).— *59.*

[34] В. И. Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің «Кржижановский жолдастың электрлендіру туралы баяндамасы бойынша» 1920 жылы 29 декабрьде қабылдаған қарарын айтып отыр (қараңыз: «Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық сегізінші съезі. Стенографиялық есеп», М., 1921, 271—272-беттер). Бұл қарардың жобасын Ленин жазған болатын (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 42-том, 218—219-беттер).— *60.*

[35] В. И. Лениннің хаты мына жағдайлармен байланысты жазылған. Москва Советінің Орталық тұрғын үй бөліміндегі қиянаттар туралы түскен көптеген арыздар бойынша осы бөлімге ревизия жүргізілді. Осындай арыздар Лениннің атына да түсуі себепті бұл ревизияға Халық Комиссарлары Советінің іс басқармасы да (А. А. Дивильковский) жақын араласты. Ревизия Орталық тұрғын үй бөлімінің бірқатар жауапты қызметкерлерінің қиянат жасағандығын, оларға бұл жөнінен Москва коммуналдық шаруашылығының бөлім меңгерушісі, партия мүшесі Советниковтың көмектескендігін анықтады. РКП(б) Москва комитетінің бюросы 14 мартта Москва Советі президиумының қатысуымен мәжіліс өткізіп, ревизияның қорытындысын негізсіз деп тауып, істі қайта қарау үшін жаңа, партиялық комиссияға беруге қаулы етті. Дивильковский 15 мартта Н. П. Горбуновқа және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының барлық мүшелері хабардар болуы үшін оларға да жіберген хатында бұл шешімді «барлық істі бірінші разряд бойынша жерлеу» деп атады, ол Лениннің «бюрократтық бандитизмді, әсіресе ол партияға жанасып алған жауыз элементтер тарапынан істелгенде» аяусыз қудалау туралы нұсқауларына қайшы келетінін атап көрсетті, бұл шешімді күшінен

айырып, кінәлы адамдарды сотқа беруді өтінді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ленин бұл хатты Саяси бюро мүшелеріне арнап В. М. Молотовқа жолдай отырып, оның бұрышына: «Горбуновқа — *Цюрупа мен Рыковты таныстырғаннан кейін* дереу беріп жіберу үшін» — деп жазған.— *62.*

[36] Бұл документ Л. М. Хинчуктың 1922 жылғы 17 марттағы хатымен байланысты жазылған; бұл хатында ол В. И. Лениннен Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының уәкілдер Советінің алдағы 5-ші сессиясында кооперацияға мүше болудың еріктілігі туралы мәселені қою-қоймау туралы нұсқау беруді өтінген болатын.

Лениннің ұсыныстары РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1922 жылғы 12 майдағы «Тұтынушылар кооперациясына мүше болудың міндеттілігі, жарна төлеудің еріктілігі туралы және тұтынушылар кооперациясының бірлігі туралы» мәселе жөніндегі қаулысына кірді.— *64.*

[37] В. И. Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің жұмысын қайта құру және Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлісу туралы мәселені бірінші рет 1922 жылы январь — февральда А. Д. Цюрупамен жазысқан хатында қойған (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 395—403-беттер). Одан кейінгі жерде Ленин «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулының» жобасын әзірледі (қараңыз: осы том, 172—181-беттер).— *65.*

[38] Бұл арада әңгіме Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты туралы болып отыр.

Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (Рабкрин) Совет өкіметі орнаған бастапқы айларда құрылған Мемлекеттік бақылау халық комиссариатын қайта құру негізінде В. И. Лениннің инициативасы бойынша 1920 жылы февральда құрылған болатын.— *65.*

[39] Бұл арада, сірә, РКП(б) Орталық Комитетінің партияның XI съезіне арналған саяси есебі бойынша партия және совет органдары қызметтерінің шегін анықтау туралы мәселе жөніндегі қарар жобасына қосымша (қосымшаның тексті табылмаған) сөз болып отырса керек. В. И. Ленин бұл мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің 1922 жылы 25 мартта өткен пленумына өзі табыс еткен Орталық Комитет саяси баяндамасының жоспарына енгізген (қараңыз: осы том, 71—73-беттер).— *67.*

40 Бұл арада, сірə, Троцкийдің 1922 жылғы 10 марттағы партия және совет органдарының өзара қатынасы туралы, олардың қызметтерінің шегін анықтау қажеттігі туралы мəселе жөніндегі хаты айтылып отырса керек; бұл хат Зиновьевтің «Партияны нығайту туралы» тезистері жобасының талқылануына байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне жіберілген болатын.— *67.*

41 В. И. Ленин *««Бедноганың» төрт жылдық мерекесіне»* деген құттықтауды осы газеттің редакторы В. А. Карпинскийдің өтініші бойынша жазған.

Ленин «Беднота» редакциясының жұмысына үнемі зер салып отырды, Карпинскийден шаруалар мен қызыл əскерлерден газетке келіп түскен хаттар туралы, хаттардың саны, жалпы көңіл ауаны, негізгі мəселелер туралы үнемі баяндап отыруды талап етті (қараңыз: Шығармалар, 35-том, 520-бет).

Газетке келіп түскен хаттар туралы мəліметті Ленинге жолдай отырып, Карпинский 1922 жылы 21 марта былай деп жазды: «Қымбатты жолдас! Сізге кезекті «барометрді» жіберіп отырмын, сонымен бірге «Бедноганың» төрт жылдық мерекесіне арнап, 25 марттағы сенбіге дейін қысқа мақала жазуды Сізден қатты өтінер едім. Бəлкім, газеттің Сізді нақ қалай хабардар етіп отырғандығымен байланысты, бəлкім, аса маңызды шаруа декреттерін əзірлеген кезде Сізге оның нақ қаншалықты пайдалы болғандығымен байланысты, Сіз... «Беднота» жайында қысқаша болса да бірдеңе жазып беруден бас тарта қоймас деп үміттенеміз» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ленин Карпинскийдің хатын зер сала оқып шығады, ашаршылыққа жəне жаңа экономикалық саясатты жүргізудегі қателіктерге байланысты шаруалардың пиғылы қандай болып отырғаны айтылған жерлерінің астын сызады, сөйтіп РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының барлық мүшелеріне жəне Рыков пен Цюрупаға осы хатпен танысуды ұсынады.

Ленин құттықтауды «Бедноганың» редакциясына қосымша запискамен бірге жібереді, запискасында өзінің науқас екенін хабарлап, былай деп жазады: ««Бедноганың» төрт жылдық мерекесіне *тəуірлеу* бірдеңе жаза алатын емеспін. Егер мына жіберіп отырған нəрсем жарап қалса, басарсыздар; жарамсыз болса,— себетке тастай салыңыздар, сол жақсы болады» (В. И. Ленин. «1922—1923 жылдардағы мақалалар мен сөздер», М., 1936, 147-бет).

«Беднота»— шаруаларға арналған күнделікті газет; 1918 жылғы 27 марттан бастап Москвада шығып тұрды. 1931 жылы 1 февральда «Беднота» «Социалистическое Земледелие» газетімен бірікті.— *69.*

[42] Бұл хат РКП(б) Орталық Комитетінің 1922 жылы 25 мартта өткен пленумына арналып жазылған-ды. Пленумның негізгі мәселесі партияның алдағы XI съезіне әзірлік туралы мәселе болды. Пленум былай деп қаулы етті: «а) Ленин жолдастың съезде жасайтын баяндамасының өзі ұсынған жоспары бекітілсін. б) Орталық Комитеттің саяси есебі бойынша қосымша баяндамашы болып Каменев жолдас тағайындалсын. в) Ленин жолдасқа өзінің баяндамасында, Еңбек және Қорғаныс Советін дамыту туралы және оның жергілікті жерлердегі тірек пункттері туралы айтылатын жерінде, Облыстық экономикалық кеңестердің зор рөлін еске сала кету ұсынылсын». (Бұл пункт Ф. Э. Дзержинскийдің ұсынысы бойынша қабылданды.) (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

В. И. Ленин пленумның шешімін алғаннан кейін саяси баяндаманың пленумға дейін жасалған жоспарының нұсқасына *«NB* айрықша *Облыстық экономикалық кеңестер»* деген белгі соғады да, өзі «27 мартта сөйленетін сөздің жоспары» деп атаған және өзі сол бойынша съезде сөз сөйлеген түпкілікті нұсқаға: *«Облыстық экономикалық кеңестердің жұмысын* өрістетіп, кеңейту» деген пункт енгізеді (қараңыз: осы том, 457—461-беттер).— *71.*

[43] Ленин бұл арада Н. В. Устряловтың 1922 жылы 21 январьда «Смена Вех» журналының 13-номерінде басылған «Эволюция және тактика» деген мақаласын айтып отыр.— *71.*

[44] Ленин бұл арада Халық Комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің және Кіші Халық Комиссарлары Советінің жұмысын қайта құру туралы А. Д. Цюрупаға жазған хаттарын айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 395—403-беттер).— *72.*

[45] *Кіші Халық Комиссарлары Советі* 1917 жылы декабрьде Халық Комиссарлары Советінің күн тәртібін ұсақ мәселелерден арылту үшін құрылды; Халық Комиссарлары Советінің комиссиясы правосында болды. Кіші Халық Комиссарлары Советі бірауыздан қабылдаған шешімдердің бәріне В. И. Ленин қол қоятын, сойтіп олар Халық Комиссарлары Советі қаулысының күшіне ие болатын; ал пікір алалығы болған күнде мәселе Халық Комиссарлары Советінде қаралатын.— *72.*

[46] В. И. Ленинге 1922 жылы 21 мартта жазған хатында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары А. С. Енукидзе жергілікті атқару комитеттерінің жұмысына Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы тарапынан басшылықты жақсарту үшін және шаруашылық

мәселелерді шешкен кезде орталық халық комиссариаттары мен жергілікті атқару комитеттері арасында дұрыс өзара қатынас орнату үшін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясын кемінде үш айда бір рет, 2 аптаға дейін мерзімге шақыруды ұсынды. «Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің пленум мәжілістерінің шешімдері,— деп жазды ол,— бұл мәселелерді талқылауға Россияның барлық түкпірлерінен келген, жергілікті жұмыстан мол тәжірибесі бар қызметкерлердің қатысуы арқасында анағұрлым дұрыс болады және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының шешімдерінен гөрі неғұрлым беделдірек болады. Сессияларда жергілікті қызметкерлермен бірлесе отырып неғұрлым ұзақ уақыт жұмыс істеу Президиум мүшелеріне мол материал береді, жергілікті жерлердегі пиғылдар мен мұқтаждықтарды біліп отыруға көмектеседі, ал мұның өзі сессиялар аралығында Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының өзінің де жұмысын қатты жандандырады және күшейте түседі» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *73.*

47 В. И. Лениннің ұсыныстары РКП(б) XI съезінің «Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша» деген қарарына және «Партияны нығайту және оның жаңа міндеттері туралы» деген қарарына енді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының, Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 331—332, 353—363-беттер).— *73.*

48 Пленум Орталық Комитеттің саяси есебі бойынша қосымша баяндамашы етіп Л. Б. Каменевті тағайындаған еді, бірақ ол РКП(б) XI съезінде бұл мәселе жөнінде сөз сөйлеген жоқ.— *73.*

49 Генуя конференциясына қатысатын совет делегациясының Г. В. Чичерин ұсынған мәлімдемесінің жобасына В. И. Ленин енгізген түзетулер мен ескертпелердің барлығы ескерілді. Чичерин совет делегациясының мәлімдемесін Генуя конференциясының 1922 жылғы 10 апрельдегі бірінші пленум мәжілісінде жариялады.— *74.*

50 В. И. Ленин бұл арада Г. В. Чичериннің сөйлейтін сөзінің жобасындағы мына текcті айтып отыр: «Біз осы замангы дүние жүзіндегі екі лагерьдің екеуінің де саяси және экономикалық системаларын өзара мойындау туралы Канны қарарының бірінші пунктіне аса зор маңыз береміз» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Чичерин әзірлеген жобадағы осы текстің тұсына Ленин сызып белгі салған. Ескертпелердің 2, 3 және 4-пункттерінде айтылатын сөздердің астын Чичерин әзірлеген жобада Ленин сызып қойған.— *74.*

51 *РКП(б) XI съезі* 1922 жылы 27 март — 2 апрельде Москвада өтті.

Съезд азамат соғысы аяқталып, Совет елі бейбіт шаруашылық құрылысқа көшкеннен кейін бір жылдан соң шақырылды. Съездің міндеті жаңа экономикалық саясатты жүргізудің алғашқы жылының қорытындыларын шығару және социалистік құрылыстың бұдан былайғы жоспарын белгілеу еді.

Съездің алдында партияның Орталық Комитеті В. И. Лениннің басшылығымен орасан зор әзірлік жұмысын жүргізді. Съездің аса маңызды документтерін Ленин жазды немесе олар Лениннің қатысуымен әзірленді. Съезге партияны пығайту және оның жаңа міндеттері туралы қарардың жобасын әзірлеген кезде Ленин партияға жаңа мүшелер қабылдаудың шарттары туралы мәселе жөнінде Орталық Комитетке үш хат жазды. Ленин Орталық Комитеттің саяси есебі бойынша қарарды әзірлеуге тікелей қатысты, Коминтерндегі РКП(б) делегациясының есебі бойынша қарар жобасына ұсыныс енгізді. Ленин Е. А. Преображенскийдің «РКП-ның қазіргі деревнядағы саясатының негізгі принциптері» деген тезистерін қатты сынап, съездің деревнядағы жұмыс туралы қарарының негізгі қағидаларын тұжырымдап берді. Ленин «Кәсіподақтардың жаңа экономикалық саясат жағдайындағы ролі мен міндеттері туралы тезистердің жобасын» дайындады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 371—388-беттер), бұл жоба Орталық Комитеттің осы мәселе жөнінде съезд бекіткен қаулысының негізіне алынды. Дәл съезд қарсаңында, Ленин Орталық Комитеттің 25 марттағы Пленумына өзі қатысуға мүмкіндігі болмаған соң, Орталық Комитеттің саяси есебінің жоспарын пленумның қарауына ұсынды. Пленум болмашы қосымшалар енгізіп, бұл жоспарды және съездің күн тәртібін бекітті. Пленумнан кейін Ленин пленум енгізген қосымшаларды ескере отырып, саяси есептің егжей-тегжейлі жоспарын талдап жасады.

Партияның XI съезінің жұмысына шешуші дауыспен 522 делегат, кеңесші дауыспен 164 делегат қатысты. Съезді В. И. Ленин кіріспе сөз сөйлеп ашты.

Съездің күн тәртібі мынадай болды: 1) Орталық Комитеттің саяси есебі; 2) Орталық Комитеттің ұйымдық есебі; 3) Тексеру комиссиясының есебі; 4) Орталық Бақылау Комиссиясының есебі; 5) РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының есебі; 6) Кәсіптік одақтар; 7) Қызыл Армия туралы; 8) Финанс саясаты; 9) Партияны тазалаудың қорытындылары және партия қатарын нығайту: жастар арасындағы жұмыс туралы, баспасөз және насихат туралы қосымша баяндамалар; 10) Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының сайлауы. Мұнымен бірге съезд партияның деревнядағы жұмысы туралы мәселені әзірлеу

жөнінде комиссия құрды, бұл мәселе съездің аграрлық секциясында талқыланып, қарар әзірленетін болды.

Партияның Орталық Комитетінің саяси қызметі туралы баяндаманы Ленин жасады. Ол қазіргі халықаралық өмірдегі неғұрлым маңызды оқиға Генуя конференциясын шақыруды әзірлеу болып табылады, Совет үкіметі оған қатысуға келісім бергенде бейбітшілікті нығайтуға және капиталистік елдермен сауда байланысын орнатуға тырысты деп атап көрсетті. Жаңа экономикалық саясатқа негізделген социалистік құрылысты одан әрі жүргізудің жоспарын баяндап және дәлелдеп бере келіп, Ленин енді шегінуді тоқтатып, капиталистік элементтерге шабуылды әзірлеу үшін күштерді қайта топтастыру міндетін алға қойды. Ленин өзінің қорытынды сөзінде жаңа экономикалық саясатты жүргізу туралы мәселеде партияның ұстаған бағытына ревизия жасауға тырысқан Е. А. Преображенскийдің, Н. Осинскийдің (В. В. Оболенскийдің), Ю. Ларинніц, А. Г. Шляпниковтың сөйлеген сөздерінің дәлелсіз екендігін көрсетіп берді.

Съезд партияның Орталық Комитетінің саяси және ұйымдық бағытын мақұлдады, жекеше шаруашылық капитализмге жасалатын қажетті жеңілдіктер таусылды, бұл мағынада алғанда кейін шегіну аяқталды деп тапты. Съезд партияның саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін партиялық күштерді қайта топтастыруды партияның негізгі міндеті етіп белгіледі. Партия Совет мемлекетінің саясатына басшылық жасай отырып, шаруашылық құрылысы ісінде Советтердің ролін арттыруды қамтамасыз етуі үшін съезд партия және совет органдарының қызметтерін анағұрлым анығырақ шектеу қажеттігін атап көрсетті. Съезд РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының қызметін мақұлдады және Коминтерн Атқару Комитетінің саяси бағытын, ол қабылдаған және іске асырып отырған біртұтас майдан тактикасын құптайтынын білдірді.

Жаңа экономикалық саясат жағдайында кәсіподақтардың ролі туралы мәселе съездің жұмысында едәуір орын алды. Орталық Комитеттің тезистерін кәсіподақтарды мемлекеттендіру жөніндегі өзінің бұрынғы позициясынан шыққан нәрсе болып табылады-мыс деп түсіндіруге, X съездің кәсіподақтар туралы мәселе жөніндегі қарарын жоққа шығаруға тырысқан Троцкийдің әрекеті съезде қолдау таппады. Съезд бұл мәселе жөнінде қарар қабылдады, онда кәсіподақтар мемлекеттік өкіметтің бүкіл саяси және шаруашылық қызметінде оның ең жақын қызметкері болуға тиіс деп көрсетілді, сондай-ақ съезд кәсіподақтардың коммунизм мектебі ретіндегі маңызын растап берді.

Съезд Совет мемлекетінің финанс саясаты жөніндегі мәселелерін талқылап, бюджетті тәртіптеу, мемлекеттік табыстарды ұлғайту жөнінде шаралар белгіледі, шаруалардың тұтынуды өтейтін шаруашылықтан ауыл шаруашылығын

өрге бастырудың бірден-бір кепілі — товарлы шаруашылыққа көшуін көтермелеп отыру қажеттігін атап көрсетті.

Съездің он бірінші мәжілісінде аграрлық секцияның хабары тыңдалды. «Деревнядағы жұмыс туралы» қарарда жергілікті тәжірибені мұқият жинау және зерттеу қажет деп табылды және ауыл шаруашылық кооперациясы жөнінде қандай да болсын әкімшілік жасауға тырысушылық әрекеттері айыпталды. Съезд партияның деревнядағы негізгі міндеті — ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруді арттыруда шаруаларға практикалық көмек көрсету болып табылады деп тапты.

Съездің «Партияны нығайту және оның жаңа міндеттері туралы» қарарының аса зор маңызы болды. Бұл қарарда партияның бұқарамен байланысын нығайту және партияның басшылық ролін көтеру жөніндегі, партия аппаратының жұмысын жақсарту және партия тәртібін күшейту жөніндегі міндеттер мен нақты шаралар тұжырымдалды. Партияға жат элементтердің өтіп кетуіне жол бермеу мақсатында қарарда партияға қабылдаудың жаңа шарттары белгіленді.

Съезд «Бақылау комиссияларының міндеттері мен мақсаттары туралы» қаулы қабылдады, «Бақылау комиссиялары туралы ережені», «Орталық тексеру комиссиясы туралы ережені» бекітті, РКСМ-нің жұмысы туралы, баспасөз және насихат туралы, жұмысшы әйелдер мен шаруа әйелдер арасындағы жұмыс туралы мәселелерді талқылады.

Съезд 2 апрельде съездің әскери делегаттары кеңесінің жұмысы туралы хабарды тыңдап, Қызыл Армияны нығайту туралы мәселе жөнінде қаулылар қабылдады, бұл қаулыларда, Совет республикасының халықаралық жағдайы Қызыл Армиядағы адам санын кемітуге мүмкіндік берген күннің өзінде де, Қызыл Армияның жауынгерлік қабілетін арттыру қажет деп тапты.

Съезд «Бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» кейбір мүшелері туралы» қарарда олардың фракцияшылдық антипартиялық күрес жүргізуіне жол беруге болмайды деп тауып, Коминтернге партия туралы тұтас алғанда партия мен бүкіл жұмысшы табы арасындағы өзара қатынастың шын жағдайын бұрмалайтын жалған мәліметтер хабарлаған «жұмысшы оппозициясының» мүшелерін батыл айыптады (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 391-бет.) Съезд партияның бірлігі мен қатаң партиялық тәртіп жұмысшы табының жеңіске жетуінің бірінші шарты болып табылады деп атап көрсетті.

Съезді жабардағы қорытынды сөзінде Ленин революцияның жеңістерін ешқандай күш кері қайтарып ала алмайды, өйткені бұл жеңістер бүкіл дүние жүзілік-тарихи жеңістер болып табылады, партия өзінің алдында тұрған мін-

деттерді орындайды және өзінің мақсаттарына жетеді деген сенім білдірді.— *77.*

[52] Бұл арада *РКП(б) X съезі* туралы айтылып отыр; ол партияның азамат соғысы аяқталып, ел бейбіт құрылысқа көшкеннен кейін өткен бірінші съезі.

Съезд 1921 жылы 8—16 мартта Москвада болды. Мандат комиссиясының деректері бойынша, съездің жұмысына партияның 732 521 мүшесінің атынан шешуші дауыспен 694 делегат және кеңесші дауыспен 296 делегат қатысты. Съезд елдің саяси және шаруашылық өмірінің түбегейлі мәселелері жөнінде шешімдер қабылдады. Съездің жұмысына В. И. Ленин басшылық етті. Ол съезді ашарда сөз сөйледі, Орталық Комитеттің саяси қызметі туралы, салымды заттай салықпен ауыстыру туралы, партияның бірлігі және анархо-синдикалистік уклон туралы баяндамалар жасап, кәсіптік одақтар туралы, отын мәселесі жөнінде және съезді жабарда сөз сөйледі. Ленин съездің аса маңызды қарарларының жобаларын әзірледі. Орталық Комитеттің қызметі туралы есепте және азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы баяндамада Ленин жаңа экономикалық саясатқа көшудің қажеттігін теориялық және саяси жағынан терең негіздеп берді. Лениннің баяндамасы бойынша съезд азық-түлік салымын заттай салықпен ауыстыру туралы, партияның «әскери коммунизмнен» сан миллиондаған шаруаларды социализм құрылысына тартуды, социалистік қоғамның экономикалық іргетасын қалауды көздеген жаңа экономикалық саясатқа көшуі туралы тарихи шешім қабылдады.

Съезд партияның бірлігі туралы мәселеге айрықша назар аударды. Оппортунистік топтар, кәсіподақ айтысының барысында партия ұйымдарында жеңіліске ұшырағанына қарамастан, съезде партияның шаруашылық және совет құрылысындағы басшылық роліне қарсы шықты. Ленин өзінің сөйлеген сөздерінде оппозициялық топтардың антимаркстік көзқарастарын қатты сынады. Лениннің ұсынысы бойынша қабылданған «Партияның бірлігі туралы» деген қарарда (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 43-том, 96—102-беттер) фракциялық топтардың бәрін дереу тарату талап етілді. Съезд Орталық Комитеттің фракцияшылдық жолға түскен мүшелерін партиядан шығаруды ең қатал шара ретінде қолдану жөнінде Орталық Комитетке уәкілдік берді. Съезд сондай-ақ Ленин әзірлеген «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» деген қарар (қараңыз: бұл да сонда, 103—107-беттер) қабылдады. Бейбіт социалистік құрылыс жағдайында съезд ішкі партиялық демократияны кеңейту, партияның қызметін мейлінше кең демократиялық негізде қайта құру жөнінде шаралар белгіледі.

X съездің жұмысында кәсіподақтардың шаруашылық құрылыстағы ролі туралы мәселе едәуір орын алды. Кәсіподақтар туралы айтысты қорытындылай келіп, съезд троцкистердің, бухариншілдердің, «жұмысшы оппозициясының», «демократиялық централизм» тобының және басқа оппортунистік топтардың көзқарастарын батыл айыптады және басым көпшілік дауыспен лениндік платформаны мақұлдады, бұл платформада коммунизм мектебі ретіндегі кәсіподақтардың ролі мен міндеттері белгіленіп, кәсіподақ демократиясын кеңейту жөніндегі шаралар алға қойылды.

Партияның жаңа жағдайдағы ұлт саясатын белгілеуде X съездің ұлт мәселесі жөніндегі шешімдері орасан зор роль атқарды, бұл шешімдерді Ленин басшылық еткен комиссия талдап жасаған болатын. Съезд бұрын қаналып келген халықтардың іс жүзіндегі теңсіздігін толық жою, оларды социализм құрылысына белсене қатысуға тарту міндетін алға қойды. Съезд ұлт мәселесіндегі антипартиялық уклондарды — коммунизм және пролетарлық интернационализм ісі үшін елеулі қауіп болып табылатын ұлы державалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдықты айыптады.

Партияның X съезі В. И. Ленин бастаған 25 адамнан жаңа Орталық Комитет сайлады.— *87.*

53 *«Жұмысшы оппозициясы»*— А. Г. Шляпников, С. П. Медведев, А. М. Коллонтай, Ю. Х. Лутовинов және басқалар басқарған антипартиялық фракцияшыл топ. Топ осы атпен 1920 жылы сентябрьде РКП(б) Бүкіл россиялық IX конференциясында тұңғыш рет бой көрсетті; ноябрьде ол РКП(б) Москва губерниялық конференциясында айрықша кеңес ұйымдастырып, фракциялық күрес және партияның бірлігін бұзу жолына түсті. 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысының барысында «жұмысшы оппозициясы» біржола қалыптасты. Оның көзқарастары партия ішіндегі анархо-синдикалистік уклонның көрінісі болып табылды. Бұл көзқарастар А. М. Коллонтайдың РКП(б) X съезі қарсаңында басылып шыққан «Жұмысшы оппозициясы» деген кітапшасында анағұрлым толық баяндалды. Коммунистік партияның пролетариат диктатурасы системасындағы басшылық ролін теріске шығара отырып, пролетарлық мемлекеттің социалистік экономика құрылысындағы маңызын жоққа шығара отырып, оппозиция бүкіл халық шаруашылығын басқару ісін кәсіптік өндірістік одақтарға біріккен «өндірушілердің бүкіл россиялық съезіне» беруді ұсынды, бұл кәсіптік өндірістік одақтар елдің бүкіл халық шаруашылығын басқаратын орталық орган сайлауға тиісті болды. «Жұмысшы оппозициясы» жұмысшы табы ұйымының жоғары формасы — партия емес, кәсіподақтар деп санап, кәсіподақтарды Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы қойды. «Жұмысшы оппозициясының» ішкі партиялық мәселелер жөніндегі платформасы партия басшылығын «партия бұқара-

сынан қол үзді», «пролетариаттың творчестволық күштерін жете бағаламады», «партияның жоғарғы тобы азғындады» деген сияқты жалақорлық айыптаулардан құралды.

РКП(б) X съезі «жұмысшы оппозициясының» идеологиясы мен фракциялық қызметіне күйрете соққы берді. Съездің В. И. Ленин ұсынған «Партиямыздағы синдикалистік және анархистік уклон туралы» қарарында «жұмысшы оппозициясының» көзқарастары теория жағынан теріс, «практика жүзінде коммунистік партияның ысылған басшылық бағытын әлсіретеді және іс жүзінде пролетарлық революцияның тап жауларына көмектеседі» деп атап көрсетілді («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 233-бет). Партия съезі «жұмысшы оппозициясының» идеяларын насихаттау Коммунистік партия қатарында болумен сыйыспайды деп тапты. Съезден кейін «жұмысшы оппозициясы» тобының қатардағы мүшелерінің көпшілік бөлегі «жұмысшы оппозициясынан» қол үзіп, партияның бағытын қолдады. Алайда оппозицияның Шляпников пен Медведев басқарған қалдықтары құпия ұйымын сақтап қалды және «солшыл» жел сөздерді бүркемелеп, антипартиялық насихатты жүргізе берді. «Жұмысшы оппозициясын» ұйымдық жағынан талқандау 1922 жылы РКП(б) XI съезінде аяқталды. Сонымен бірге № 77 ескертуді де қараңыз.— *101.*

54 Бұл арада, сірә, Коминтерн Атқару Комитетінің бірінші кеңейтілген пленумына қатысқан Француз коммунистік партиясы делегациясының бір бөлігі — Даниэль Рену, Луи Селье және басқалар туралы айтылып отыр; бұлар РКП(б)-ның жаңа экономикалық саясатының мәнісі мен маңызын түсінбеді, сөйтіп, ол Россияда капитализмді реставрациялауға әкеліп соқтырады-мыс, халықаралық революциялық қозғалысты әлсіретеді-міс деп есептеді.

Коминтерн Атқару Комитетінің бірінші кеңейтілген пленумы 1922 жылы 21 февраль — 4 мартта Москвада өтті. Оған 36 елден 105 делегат қатысты.

Пленумның күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: Германияның, Францияның, Чехословакияның, Великобританияның, Италияның, Американың, Польшаның, Балкан елдерінің коммунистік партиялары туралы баяндамалар; Коминтерн Атқару Комитетінің есебі; біртұтас майдан тактикасы туралы; кәсіптік қозғалыс туралы; жаңа соғыс қаупі туралы; жаңа экономикалық саясат туралы және басқа мәселелер. Біртұтас майдан тактикасы туралы мәселе пленумның негізгі мәселесі болды. Пленум барлық коммунистік партияларға біртұтас майдан тактикасын қолданудың формаларын әр елдің өз жағдайларына сәйкес нақты белгілеуді ұсынды. «Советтік Россияның жаңа экономикалық саясаты» деген тезистерде жаңа экономикалық саясаттың

дұрыстығы расталды және оның халықаралық маңызы атап көрсетілді.— *101.*

[55] Ленин бұл арада М. Ракошидің «Советтік Россиядағы жаңа экономикалық саясат» деген мақаласын айтып отыр; бұл мақала Отто Бауэрдің ««Der neue Kurs» in Sowjetrußland», Wien, 1921 («Советтік Россиядағы «жаңа бағыт»», Вена) деген кітапшасын талдауға арналған. Мақала 1922 жылы мартта «Коммунистический Интернационал» журналының 20-номерінде жарияланды.

«Коммунистический Интернационал» («Коммунистік Интернационал») — журнал, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің органы; орыс, неміс, француз, ағылшын, испан, қытай тілдерінде шығып тұрды. Бірінші номері 1919 жылы 1 майда шықты. Журналды шығару Коминтерн Атқару Комитеті Президиумының Коммунистік Интернационалды тарату туралы 1943 жылғы 15 майдағы қаулысына сәйкес 1943 жылы июньде тоқтатылды.— *103.*

[56] Бұл арада эмиграциядағы большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы күрес туралы айтылып отыр.— *103.*

[57] Бұл арада Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Аралас қоғамдар туралы істер жөніндегі комиссия туралы айтылып отыр; бұл комиссия Еңбек және Қорғаныс Советінің 1922 жылғы 15 февральдағы қаулысы бойынша құрылды. Комиссияның председателі Г. Я. Сокольников болды. Еңбек және Қорғаныс Советі 1922 жылы 8 мартта бекіткен «Комиссия туралы ереже» бойынша, оның міндеті «мемлекет қатысатын сауда және өнеркәсіп қоғамдары мен кредит мекемелерін (аралас қоғамдарды), сондай-ақ барлық типтегі акционерлік қоғамдарды құру туралы ұсыныстарды қарау» болды («Жұмысшы және шаруа үкіметінің заңдары мен жарлықтарының жинағы», М., 1922, № 23, 15 апрель, 251-статья, 387-бет).

1922 жылы 4 апрельде Халық Комиссарлары Советі Аралас қоғамдар туралы істер жөніндегі комиссияны таратып, Еңбек және Қорғаныс Советі жанынан Концессиялар мен акционерлік қоғамдар туралы істер жөніндегі бас комитетті құру туралы декрет қабылдады.— *104.*

[58] *«Бас үгіттеуші»* — Уақытша үкіметтің әскери және теңіз министрі А. Ф. Керенскийге ағылшын-француз империалистерінің және орыс буржуазиясының талабын орындап, 1917 жылы жазда майданды аралаған сапары кезінде солдаттарды шабуылға шыққандаршы деп үгіттегені үшін оған солдаттардың қойған аты.— *106.*

[59] Бұл арада А. И. Тодорскийдің Тверь губерниясының Весьегонск уездік атқару комитеті 1918 жылы бастырып шығар-

ған «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітабы айтылып отыр. Кітапты уездік газеттің редакторы А. И. Тодорский Совет өкіметінің уезде бір жыл ішінде істеген жұмысы туралы Октябрь революциясының жылдығында Тверь губерниялық партия комитетіне берілген есеп ретінде жазған. Кітап 1000 дана тиражбен басылып, уездегі барлық селолар мен деревняларға таратылды, сондай-ақ орталық газеттер мен көрші губерниялар газеттерінің редакцияларына жіберілді. Ленин кітапты оқып шыққаннан кейін-ақ өзі үшін былай деп жазып қойған: «Тамаша кітап екен! *Александр Тодорский «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл»*... (Әсіресе «Тақтай тілетін және былғары заводтары» деген тақырыпшасы бар §-фы немесе бөлімі сабақ аларлық екен, *61—62*-беттер)», сол бойда кезекші секретарьға былай деп записка жазады: «Тодорскийдің кітабынан *«Тақтай тілетін және былғары заводтары»* (*61—62*-беттер, кітаптың аты дәл көрсетілсін) деген тақырыпша екі дана етіліп машинкада көшіріліп басылсын, 1 данасы маған жіберілсін де, 1 данасы іздеп табуға оңай болатындай етіліп менің архивімде қалдырылсын». Бұдан кейін тағы да былай деп жазады: «...P. S. Көшірме жасалып, ол салыстырылып, тексерілгеннен кейін кітап *маған* тағы да қайтарылсын» («Исторический Архив», 1958, № 4, 4-бет).

Ленин кітаптың 62-бетіндегі мына абзацқа ерекше назар аударған: «Егер біз қанаушылардың қолын қағып, оларды зиянсыздандырсақ немесе «құртып жіберсек», бұл — әлі істің жартысы ғана. Біз оларды жұмыс істеуге мәжбүр еткен кезде, сөйтіп олардың қолымен орындалған іс арқылы біз жаңа тұрмысты жақсартуға және Совет өкіметін нығайтуға көмектескен кезде ғана іс ойдағыдай орындалады». Ленин осы абзацтың астын сызып қойған, жиегіне үш сызықпен таңба салып, «NB» деп жазып қойған (Ленин сөздердің астын сызған және белгі соққан кітаптың бір данасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы), бұдан кейін 1918 жылдың аяғында немесе 1919 жылдың басында жазылған «Үлкен мәселелерді айқындау үшін кішкентай көрініс» деген мақалада цитатқа келтірген. Ленин Весьегонск уезіндегі Совет өкіметінің құрылысы жөніндегі жұмыс тәжірибесінен «социалистік құрылыстың ең маңызды мәселелері жөнінде өте келелі сабақтар алу керек» деп көрсетті және Тодорскийдің кітабын көп таратуға шақырды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 441—445-беттер).

Кітап бірнеше рет қайта басылды. Соңғы рет 1961 жылы бүгінгі Весьегонск туралы жазылған «Кішкентай істегі үлкен табыс» деген очеркпен бірге басылып шықты.— *111.*

60 *МПО* — Москва тұтынушылар қоғамы.— *114.*

61 Бұл арада губерниялық және уездік орталықтардағы партияның басшы кадрларының сандық және сапалық құрамын, олардың территориялық бөлінісін және пайдаланылуының тиімділігін анықтау мақсатында 1921 жылы июльде жүргізілген жауапты қызметкерлердің санағы айтылып отыр.— *115.*

62 Бұл арада Донбасс тас көмір өнеркәсібі орталық басқармасы (ЦПКП) туралы айтылып отыр; бұл басқарма Донбасстың ірі шахталарында көмір өндіруді жолға қою жөнінде үлкен жұмыстар жүргізумен бірге, ұсақ шахталарды және өнеркәсіптің басқа салаларын қалпына келтірудің маңызын жете бағаламады, сондай-ақ жергілікті партия және кәсіподақ ұйымдарының шаруашылық құрылыстағы инициативасын басып отырды.

Донбасс тас көмір өнеркәсібі орталық басқармасын басқарып отырған Г. Л. Пятаков әкімшілік жасау, өнеркәсіпке басшылық етудің әскери-бюрократиялық әдістерін қолдану жолына түсті, мұның салдарынан Донбасстың халық шаруашылығын қалпына келтіру жөніндегі жұмысқа жұмысшылар бұқарасын тарту кешеуілдетілді. Осының негізінде басшы шаруашылық қызметкерлері арасында, сондай-ақ Донбасс тас көмір өнеркәсібі орталық басқармасы мен жергілікті кадрлар арасында да алауыздықтар туды. 1921 жылы 9—13 декабрьде болып өткен УКП(б)-ның VI конференциясында Донецкінің және басқа ұйымдардың делегаттары Пятаковтың жұмыс әдістерін батыл айыптап сөз сөйледі. Конференциядан кейін Пятаков Донбасстағы жұмыстан кері шақыртылды.— *122.*

63 Ленин бұл арада Варшавадан алынып, 1922 жылы 22 мартта «Правда» газетінің 65-номерінде «Франция. Милитаризмге қарсы» деген жалпы тақырыппен басылған мына телеграмманы айтып отыр: «Француз баспасөзі әскери қызмет мерзімі туралы заңның талқылануымен байланысты сөз сөйлеген палата депутаты, коммунист Рено Жанның милитаризм мен империализмге қарсы бағытталған ерекше күшті сөзіне зор көңіл бөліп отыр. Оң жақтағы орындықтарда отырғандар қатты шулап жатқанда Рено Жан жаңа соғыстың болғанына көнгеннен гөрі пролетариат көтеріліс жасағанды артық көреді деп мәлімдеді. Егер буржуа дивиденд алуға жанталасса, пролетариат үшін Франциядағы 1793 жылғы әлеуметтік революцияның қадірі одан тіпті де кем емес, пролетариат бұл революцияны толық жеңіске дейін жеткізеді...».— *124.*

64 *1912 жылғы Базель манифесі* — соғыс туралы манифест, ол 1912 жылы 24—25 ноябрьде Базельде өткен Төтенше халықаралық социалистік конгресте қабылданды. Манифест халықтарды төніп келе жатқан дүние жүзілік империалистік

соғыс қаупінен сақтандырды, бұл соғыстың тонаушылық мақсаттарын ашып берді және барлық елдердің жұмысшыларын бейбітшілік үшін батыл күрес жүргізуге, «капиталистік империализмге пролетариаттың халықаралық ынтымағының қуатын» қарсы қоюға шақырды. Штутгарт конгресінің (1907) қарарындағы империалистік соғыс басталған жағдайда соғыс туғызған экономикалық және саяси дағдарысты социалистер капиталистік таптың үстемдігін құлатуды тездету үшін, социалистік революция жолындағы күрес үшін пайдалануға тиіс деген, В. И. Ленин тұжырымдаған пункт Базель манифесіне енгізілді.— *124.*

65 *Центропроверком* — Орталық тексеріс комиссиясы; РКП(б) Орталық Комитеті оны 1921 жылы 25 июньде партия тазалауы кезеңінде жергілікті тексеріс комиссияларының жұмысына басшылық жасау үшін 5 адамнан құрды (қараңыз: «Правда» № 140, 30 июнь, 1921 жыл). Орталық тексеріс комиссиясы партия тазалауының қорытындылары туралы екі мәрте (XI партия конференциясында және партияның XI съезінде) баяндады.— *129.*

66 *Чусоснабарм* — Жұмысшы және Шаруа Қорғаныс Советінің Қызыл Армия мен Флотты жабдықтау жөніндегі төтенше уәкілі. Чусоснабарм қызметі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1919 жылғы 8 июльдегі «Қызыл Армияны жабдықтау ісін ұйымдастырудағы өзгеріс туралы» декреті бойынша тағайындалды (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 150, 11 июль, 1919 ж.). Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1921 жылғы 16 августағы қаулысы бойынша Чусоснабарм аппараты жойылып, оның адам құрамы мен мүлкі Халық шаруашылығы жоғары советінің органдарына берілді.— *131.*

67 *Облыстық экосолар* — Облыстық экономикалық кеңестер (немесе советтер) — Еңбек және Қорғаныс Советінің жергілікті органдары; Советтердің Бүкіл россиялық VIII съезінің (декабрь, 1920) «Экономикалық басқарудың жергілікті органдары туралы» қаулысына сәйкес 1921 жылдың басында құрылды.

Еңбек және Қорғаныс Советі бекіткен, В. И. Ленин қол қойған «Облыстық шаруашылық органдар туралы уақытша ереже» (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 68, 30 март, 1921 жыл) бойынша, облэкосолар барлық жергілікті шаруашылық органдар мен губерниялық экономикалық кеңестердің жұмысын үйлестіру және күшейту мақсатында құрылған болатын. Барлық жоғары органдардың экономикалық мәселелер жөніндегі қаулыларының дер кезінде және дәл орындалуын қадағалау, облыстардың шаруашылық жоспарларын қарау және үйлестіру, ол жоспарлардың жүзеге асырылуын бақылау, материалдық ресурстардың дұрыс пайдаланы-

луын, жергілікті инициативаның дамытылуын байқау облыстық экосолардың басты міндеттері болды. Облэкосолардың құрамына Халық шаруашылығы жоғары советінің, қатынас жолдары, азық-түлік, егіншілік, еңбек, финанс халық комиссариаттарының, Жұмысшы-Шаруа инспекциясының (кеңесші дауыспен) және ВЦСПС-тің жергілікті өкілдері кірді. Облэкосолардың председательдерін Еңбек және Қорғаныс Советі тағайындады.

Ленин экономикалық кеңестерге зор маңыз берді, олардың жұмысын бақылауға және олардың материалдарын талдауға әр түрлі совет мекемелерін қатыстырды, экосолардың есептері зер сала зерттелуге тиіс деп көрсетті, бұл есептермен коммунистердің үлкен топтарын таныстырып отыруды, экосолардың жұмысы туралы пікірлерді баспасөзде жариялауды ұсынды (қараңыз: осы том, 175—176-беттер). Ленин жергілікті экосолардың қызметін өрістетуді орталық органдардың жұмысын дұрыс ұйымдастырудың, олардың аппаратын ықшамдаудың, қызметкерлердің жауапкершілігін арттырудың, жергілікті басқару органдары мен еңбекшілердің қалың бұқарасының шаруашылық инициативасын дамытудың аса маңызды құралдарының бірі болып табылады деп есептеді.

Партияның XI съезі «Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша» деген қарарында былай деп атап көрсетті: «жалпы мемлекеттік көлемдегі шаруашылық құрылыстың бұдан былайғы жұмысы жергілікті жерлердің жинаған тәжірибесіне ғана сүйене алады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 331-бет).— *132.*

68 Ленин бұл арада Е. А. Преображенскийдің сөзі жөнінде, оның сөзінің пролетариат диктатурасы жағдайындағы «мемлекеттік капитализм» туралы мәселенің лениндік қойылысына қарсы наразылық білдірген бөлігін айтып отыр.— *134.*

69 Ленин бұл арада РКП(б) X съезінің «Советтік республика капиталистік қоршауда» деген қарарын айтып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 270—272-беттер).— *136.*

70 Е. А. Преображенский өзінің сөзінде шаруашылық құрылысқа басшылық ету үшін, РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросымен және Ұйымдастыру бюросымен қатар, Орталық Комитеттің тағы да бір органын — Экономикалық бюросын — құруды ұсынды. Саяси бюро бұл ұсынысты съезге дейін-ақ қабылдамай тастаған-ды.

Одан әрі Преображенский Орталық Комитетті партия программасының буржуазиялық мамандарға көзқарас ту-

ралы бөлімінің мамандардың жұмыс істеуі үшін жолдастық жағдай туғызып, олардың материалдық дәрежесін арттыру жөнінде қамқорлық жасап отырумен қатар, бұл топқа ешқандай саяси жеңілдік жасамау, олардың контрреволюциялық ниеттеріне тойтарыс беріп отыру керектігі айтылған жерін орындамады деп айыптады. Преображенский партияның Орталық Комитеті 1921—1922 жылдары Москваның, Қазанның, Петроградтың және басқа қалалардың бірқатар жоғары оқу орындарында болған ереуілдерге қатысқан профессорлар жөнінде саяси жеңілдік жасалуына жол бердіміс деп пайымдады. Главпрофобр (Кәсіптік-политехникалық мектептер мен жоғары оқу орындары бас басқармасы) жасаған және 1921 жылы күзде Халық Комиссарлары Советі бекіткен жаңа «Жоғары оқу орындары туралы ережені» қайта қарауды талап ету профессорлардың негізгі талаптарының бірі болды. Профессорлар жоғары оқу орындары жанынан жұмысшы факультеттерінің жұмыс істеуіне қарсы шықты, жоғары оқу орындарының басқармаларын құрғанда студенттердің, кәсіподақтардың және Главпрофобрдың өкілдерін қатыстырудың жаңа Ережеде бекітілген тәртібіне қарсы болды, бұл правоны оқытушылар коллегияларына беруді талап етті, сондай-ақ бірқатар экономикалық талаптар да қойды. Сол кезде Главпрофобрды басқарып отырған Преображенский ереуілге қатысқан профессорлардың барлығына оларды қамауға алуға дейінгі ең қатал жазаларды қолдануды талап етіп, қате позиция ұстады. Кейбір жоғары оқу орындарының коммунистік ұялары мен жұмысшы факультеттері де осындай позиция ұстады.

РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы бұл мәселемен бірнеше рет шұғылданды; мамандарға икемділікпен қарау қажеттігін ескере отырып, Саяси бюро Главпрофобрдың қате бағытын түзетті, сөйтіп Халық ағарту комиссариатының басшы қызметкерлеріне — А. В. Луначарскийге, М. Н. Покровскийге және басқаларға — профессорлардың талаптарын істің мәнісіне үңіле зерттеуді, сонымен бірге оларға принципті, саяси жеңілдіктер жасамауды, олармен келісімге келуге қол жеткізуді тапсырды (В. И. Лениннің бұл мәселе жөніндегі хаттарын Лениннің мына жинақтарынан қараңыз: XXXIV, 406-бет, XXXVI, 216 және 219-беттер). Саяси бюро жоғары мектептің экономикалық жағдайын қарау үшін Халық ағарту комиссариатының, Ағарту қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитетінің және профессорлардың өкілдерінен 1922 жылы февральда комиссия құрып, жаңадан қабылданған «Жоғары оқу орындары туралы ережені» жүзеге асыру қажет деп тапты. Комиссияның профессорлармен өткізген бірнеше кеңесінің және партияның Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша Халық ағарту комиссариаты қолданған бірсыпыра басқа шаралардың нәтижесінде ереуілдер тоқтатылды.— *138.*

[71] И. В. Сталин 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты құрылған кезден бастап 1923 жылы июльде осы комиссариат жойылғанға дейін ұлт істері жөніндегі халық комиссары болды. 1919 жылғы марттан бастап Сталин сонымен бірге мемлекеттік бақылау халық комиссары, ал 1920 жылы февральда Мемлекеттік бақылау халық комиссариаты қайта құрылғаннан кейін 1922 жылғы 25 апрельге дейін Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары болды.— *139.*

[72] В. В. Косиор өзінің сөзінде партияның Орталық Комитетін ол басшы партия және кәсіподақ қызметкерлерін бір орыннан екінші орынға ауыстырғанда фракциялық пікірлерге сүйенді-міс деп айыптады. В. М. Молотовтың Орталық Комитеттің ұйымдық есебі жөніндегі қорытынды сөзінде Косиор атап өткен адамдар басқа жұмысқа тек істің мүддесіне қатысты пікірлер бойынша ғана ауыстырылғандығын дәлелдейтін фактілер келтіріліп, бұл айыптау жоққа шығарылды. Шын мәнісінде, кәсіподақ айтысы кезеңінде Троцкийдің платформасында тұрған Косиордың сөзі партияның X және XI съездері аралығындағы дәуірде Орталық Комитет жүзеге асырған кәсіподақтарда партияның басшылық ролін пығайту шараларына қарсы бағытталған еді.— *141.*

[73] Н. Осинский (В. В. Оболенский) өзінің сөзінде комиссарлар «кабинеті» құрылсын, оның құрамын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті емес, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті алдында жауап беретін «кабинет» председателі бір өзі тағайындасын деп ұсыныс жасады.

В. И. Ленин съездегі жарыс сөз кезінде былай деп жазып қойған:

«((«Кабинет құрылсын!»))

жалғыз мүше кабинет құруға тиіс» (Лениннің XIII жинағы, 1930, 22-бет).— *142.*

[74] Бұл арада, тегінде, Б. Камковтың солшыл эсерлер партиясының III съезінде (28 июнь — 1 июль, 1918 жыл) В. И. Лениннің «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақаласына қарсы сөйлеген сөзі туралы айтылып отырған болуы керек; аталған мақалада Ленин былай деп жазған болатын: «Ақшаны ұқыпты, адал есептеп жұмса, шаруашылықты жүргізгенде үнемшіл бол, жалқау болма, ұрлама, еңбекте қатаң тәртіп сақта деген ұрандар,— қанаушылар табы ретінде буржуазия өз үстемдігін нақ осындай сөздермен бүркеген кезде революцияшыл пролетарлар әділетті түрде күлкі еткен нақ осындай ұрандар енді, буржуазия құлатылғаннан кейін, қазіргі кезеңнің кезектегі және басты ұрандары болып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 188-бет). Камков съезде өзінің «Контрреволюция-

ның бұғауында» («Наш Путь», 1918, II кітап, май) деген мақаласында жазған пікірін қайталады.— *144.*

75 Ю. Ларин съезде сөйлеген сөзінде Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы белгілеген беделді бір комиссия Генуя конференциясына қатысушы совет делегациясының келіс сөздер жүргізетін материалы ретінде елдегі темір жолдардың $^3/_4$ бөлегін, Петроград — Рыбинск су жолын, 3 мың шақырым жол жүйесімен қоса Уралдың металлургия заводтарын және электротехникалық өнеркәсіпті арендаға (концессия негізінде) беру жөнінде ұсыныс әзірлепті-міс деп мәлімдеді.

Г. М. Кржижановскийдің сөйлеген сөзінде Лариннің бұл пайымдауы жоққа шығарылды.— *144.*

76 РКП(б) Москва Комитеті жанындағы *айтыс клубы* 1921 жылы августа ұйымдастырылды. РКП(б) Москва Комитеті Секретариаты мен Бюросының 1921 жылғы 29 декабрьдегі шешіміне сәйкес айтыс клубтары Москваның аудандарында да құрылды. Партия және совет құрылысының, Совет республикасы экономикалық саясатының мәселелерін және басқа мәселелерді талқылап отыру солардың міндеттеріне жататын. Алайда көп ұзамай РКП(б) Москва Комитеті жанындағы айтыс клубының трибунасын түрлі оппозициялық топтар өз көзқарастарын насихаттау үшін пайдалана бастады. Айтыс клубы туралы мәселе Орталық Бақылау Комиссиясында талқыланды, ол өзінің шешімінде «соңғы уақытта бұл клубтағы айтыстар демагогтық, бейпартиялық сипат алғандығын» атап көрсетіп, Москва партия комитетіне «клубтың жұмысына баса назар аударып отыруды» ұсынды.

РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 20 февральда айтыс клубы туралы мәселені талқылап, Москва Комитетіне клуб басқармасының құрамын қайта қарауды және айтыс клубы «қалың бұқараның назарын аударатын мәселелерді талқылауға арналған шын мәніндегі клуб» болуына барлық шараларды қолдануды тапсырды (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *145.*

77 *«22-нің мәлімдемесі»* — РКП(б) X съезінің «Партияның бірлігі туралы» қарарына қарамастан фракция ретінде әлі де әрекет еткен бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» бір топ мүшелері (А. Г. Шляпников, С. П. Медведев, А. М. Коллонтай, Г. И. Мясников және басқалары) Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумының Президиумына 1922 жылы 26 февральда жасаған антипартиялық мәлімдеме. РКП(б) Орталық Комитетіне және Коминтерн Атқару Комитетіндегі орыс делегациясына алдын ала хабарламастан, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің Президиумына табыс етілген бұл мәлімдемеде «біздің елімізде біртұтас майданның жайы онша жақсы емес», партияның

басшы орталықтары жұмысшылардың мұқтаждықтары мен мүдделерін ескеріп отырмайды-мыс, партия жікке бөлінуге таяу отыр-мыс делінді.

Коминтерннің Атқару Комитеті «22-нің мәлімдемесін» тексеру үшін құрамына К. Цеткин, М. Кашен, Я. Фрис, В. Коларов, К. Крейбих, У. Террачини және А. Мак-Манус енген комиссия тағайындады. Осы комиссияның есебі бойынша Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің пленумы 4 мартта, төрт адам қалыс қалған жағдайда, біраузыдан қарар қабылдап, онда мәлімдемеде келтірілген айыптарды теріске шығарды, 22-нің позициясын РКП(б) X съезінің шешімдеріне қайшы келетін және коммунизм жауларына «партияға қарсы және пролетариат диктатурасына қарсы қару» беретін позиция деп айыптады. Пленум мәлімдемеге қол қойғандарды «басталған күресті одан әрі жүргізе беру РКП-мен, оның міндеттерімен, Россия пролетариатының мүдделерімен қайшылыққа әкеп соқтыруы, сөйтіп оларды III Интернационалдың қатарынан шығарып тастауы мүмкін» деп ескертті (қараңыз: «РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп». М., 1961, 751—752-беттер).

РКП(б) XI съезі де 22-нің мәлімдемесі туралы мәселені қарау үшін 19 адамнан құрылған комиссия тағайындады. Комиссия бұрынғы «жұмысшы оппозициясы» тобының қызметіне байланысты материалдардың бәрін мұқият зерттеді. Съезд комиссияның есебі бойынша 2 апрельдегі жабық мәжілісінде «Бұрынғы «жұмысшы оппозициясының» кейбір мүшелері туралы» арнаулы қарар қабылдады, онда былай деп көрсетілді: «Съезд Коминтерн тағайындаған арнаулы комиссия жалғандығын анықтаған мәліметтердің Коминтернге хабарлануын мүлде төзгісіз нәрсе деп есептейді. Съезд Коминтерннің комиссиясына берген өздерінің түсініктемелерінде партия туралы РКП мен түтас алғанда бүкіл жұмысшы табы арасындағы қарым-қатынастардың шын сипатын бұрмалайтын жалған мәліметтерді хабарлаған бұл топтың кейбір мүшелерінің мінез-құлқын барынша үзілді-кесілді түрде масқаралайды». Съезд Шляпниковты, Медведевті, Коллонтайды антипартиялық фракцияшылдық әрекеттерін қайта бастаған жағдайда олардың партиядан шығарылатындығы жөнінде ескертті (қараңыз: бұл да сонда, 577—580-беттер).— *146.*

78 Ленин бұл арада РКП(б) Орталық Комитеті пленумының және Орталық бақылау комиссиясының 1921 жылғы 9 августағы біріккен мәжілісін айтып отыр; Лениннің ұсынысы бойынша бұл мәжілісте Орталық Комитеттің мүшесі болып саналатын А. Г. Шляпниковтың партиялық тәртіпті бұзғандығы туралы мәселе талқыланды. Бұл мәжілісті шақыру үшін Шляпниковтың 1921 жылы июльде Москва электр станциясының РКП(б) ұясы мүшелерінің жиналысында үкіметтің кейбір қаулыларын, атап айтқанда Орталық Комитеттің жалпы саясатына сәйкес бірқатар кәсіпорындарды

арендаға беру туралы Халық шаруашылығы жоғары советінің шешімін қатты сынап сөз сөйлеуі тікелей себеп болды. Ленин X съездің «Партияның бірлігі туралы» қарары негізінде Шляпниковты антипартиялық іс-әрекеті үшін Орталық Комитеттің құрамынан шығаруды, сонымен бірге оны партиядан да шығарып жіберуді талап етті, ол өзінің ұсынысын партияның Орталық Комитеті өз мүшелерінің қайсысының болса да Орталық Комитет саясатының іске асуына бөгет жасауына төзіп отыра алмайды деп дәлелдеді. Алайда бұл аса қатаң шараны қолдану үшін Орталық Комитет мүшелері мен кандидаттарының $^{2}/_{3}$ бөлігінің даусы керек еді, ал бұл ретте бір дауыс жетпей қалды. Бірауыздан (үш адам қалыс қалды) мынадай қаулы қабылданды: «Орталық Комитеттің мүшесі — Шляпников жолдастың партиялық тәртіпті талай рет бұзғандығы себепті, жиналыс Шляпников жолдастың бұдан былайғы жерде Орталық Комитеттің шеңберінен тыс жерде Орталық Комитеттің саясатына қарсы бағытталған, партия съезінің пікірін шын мәнісінде білдіруші шешімдерге қарсы келетін сөздер сөйлеуі, мәлімдемелер жасауы, сынауы мүлдем жол беруге болмайтын нәрсе болып табылады және Шляпников жолдастың Орталық Комитетте жұмыс істеу-істемеу мәселесін тікесінен қояды деп атап көрсетеді. Осы себепті жиналыс Шляпников жолдасты бұл жөніндегі өзінің бүкіл саяси мінез-құлқын өзі мүше болып отырған Орталық Комитеттің бағытымен үйлестіріп, батыл өзгертуге үзілді-кесілді шақырады. Егер Шляпников жолдас бұдан былайғы жерде өз мінез-құлқын өзгертпеген күнде, онда мәселені екінші рет қарау үшін дәл осындай жиналыс шақыру Орталық Комитетке тапсырылады» («РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», М., 1961, 748-бет).— *147*.

79 Металлистер одағы Орталық Комитетінде «жұмысшы оппозициясының» едәуір ықпалы бар екенін ескере отырып, РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 4 мартта Коминтерн Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумы «22-нің мәлімдемесін» тексеру үшін құрған комиссияның шешімін жұмысшы металлистер одағының Бүкілроссиялық V съезінің коммунистік фракциясына хабарлауды қажет деп тапты. 6 мартта фракцияның мәжілісінде сөйлеген сөзінде А. Г. Шляпников Коминтерн комиссиясын «22-нің мәлімдемесін» объективті түрде тексермеді деп айыптап, осы мәселе жөнінде Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің кеңейтілген пленумы қабылдаған қарарға қарсы шықты, мәлімдемедегі демагогтық қағидаларды қайталап, ол мәлімдеме фракцияшылдық мақсаттарды көздеген жоқ еді деп дәлелдеуге тырысты. Шляпниковтың сөйлеген сөзі мәжілісте қолдау тапқан жоқ. Бес адам қалыс қалған жағдайда фракция бірауыздан мынадай қарар қабылдады: «Комиссияның және Коминтерн пленумының

бірауыздан қабылдаған қаулысын, сондай-ақ Зиновьев, Шляпников және К. Цеткин жолдастардың 22 коммунистің мәлімдемесі жөніндегі түсініктемелерін тыңдай келіп, металлистер одағы Бүкіл россиялық V съезінің фракциясы халықаралық коммунизмнің жоғары органының бұл шешімін түгелдей құптайды және бұл шешімге сөзсіз бағынуды әрбір коммунистің борышы деп есептейді. Сонымен бірге фракция жолдастарды дүние жүзіндегі ең тәртіпті Коммунистік партия — орыс Коммунистік партиясының жікке бөліну қаупін туғызатын мұндай құбылыстардың қайталануынан сақтандырады. Осы қуатты бірлік мақсаты үшін съездің фракциясы қол қойған жолдастарды, әсіресе дүние жүзіндегі тұңғыш еңбек республикасын басқарып отырған Россия Коммунистік партиясының ішіндегі титтей де болсын тұрақсыздық пролетарлық мемлекетке қарсы және халықаралық жұмысшы табына қарсы дүние жүзілік буржуазияның зұлымдығы мен өзіне сенімділігін күшейте түсетін қазіргі ауыр кезеңде, қатаң тәртіптілікке, ұстамдылыққа және тәртіп сақтауға шақырады» («РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», М., 1961, 752-бет).— *147.*

80 В. И. Ленин бұл арада 1921 жылы 25 январьда «Правда» газетінің 15-номерінде жарияланған ««Жұмысшы оппозициясының» тезистерін» айтып отыр. Бұл тезистерге қол қойған 38 адамнан 9 адам «22-нің мәлімдемесіне» қол қойған болатын.— *148.*

81 Г. И. Мясников Пермь губерниясының Мотовилиха ауданында антипартиялық топ құрды, ол топ партияның саясатына қарсы күрес жүргізді. 1921 жылы 29 июльде РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы Мясниковтың Пермь ұйымында сөйлеген сөздерін, оның «Көкейкесті мәселелер» деген мақаласын және РКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған баяндама запискасын талқылап, бұларды антипартиялық әрекеттер деп тапты және комиссия құрып, оған Мясниковтың қызметін тексеру тапсырылды. Осы комиссияның баяндамасы бойынша 22 августа РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросы Мясниковтың тезистерін партия мүддесіне қайшы деп тауып, оған ресми партия жиналыстарында өз тезистерін айтып сөйлемеуді міндет етіп жүктеді, оны Пермь ұйымынан кері шақырып алып, Орталық Комитеттің қарамағында қалдырды. Мясников Орталық Комитеттің шешіміне бағынбады, сөйтіп Мотовилихаға қайтып барып, антипартиялық қызметін жүргізе берді. Мұнымен қатар Мясников Петроградта антипартиялық топ ұйымдастыруға тырысты. Мясниковтың қызметін тексерген РКП(б) Орталық Комитетінің комиссиясы партиялық тәртіпті бірнеше рет бұзғаны үшін, X съездің партия бірлігі туралы қарарына қарамай, партияға қарсы күресу үшін ерекше топ ұйымдастырғаны үшін Мясников-

ты партиядан шығаруды ұсынды. 1922 жылы 20 февральда РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы комиссияның Мясниковты партиядан шығару туралы шешімін Мясниковтың бір жылдан кейін партияға қабылдау туралы қайтадан өтініш беруге правосы бар деген қосымшамен бекітті (қараңыз: «РКП(б) он бірінші съезі. Стенографиялық есеп», М., 1961, 748—749-беттер).

Мясников туралы сонымен бірге Лениннің XXXVI жинағын қараңыз, 1959, 299 және 308-беттер.— *149.*

82 В. И. Ленин ұсынған тұжырымдама РКП(б) XI съезінің 1922 жылы 2 апрельде қабылданған «РКП-ның Коминтерндегі делегациясының есебі бойынша» деген қарарына түгелдей енгізілді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 332—334-беттер).— *150.*

83 Бұл документ партияның XI съезі аграрлық секциясының жұмысымен байланысты жазылған.

РКП(б)-ның деревнядағы саясаты туралы мәселе XI съездің күн тәртібіне енгізілген жоқ-ты. Делегациялар кеңесінің атынан М. П. Томскийдің енгізген ұсынысы бойынша, съезд 9 адамнан комиссия сайлап, оған аграрлық секцияда талқылау үшін деревнядағы жұмыс туралы мәселені әзірлеуді тапсырды. Секцияның материалдарынан оның мүшелеріне арналған сұрақтардың тізбесі сақталған; бұл тізбе В. И. Лениннің РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына 1922 жылы 16 мартта жазған хатындағы ескертпелері мен ұсыныстары ескеріліп жасалған (қараңыз: осы том, 50—55-беттер).

Секциядағы жарыс сөз кезінде жергілікті жерлерде РКП(б) X съезінің партияның деревнядағы саясаты туралы және Советтердің IX съезінің ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы шешімдерін жүзеге асыру жөнінде әлі жеткілікті тәжірибе жинақталмағандығы анықталды.

Бұл мәселенің талқылануын зер сала қадағалаған Ленин Н. Осинскийге жолдаған бұл хатында,— оның тапсыруымен бұл хат Саяси бюроның барлық мүшелеріне де жіберілген-ді,— секцияға практикалық сипаттағы қарар әзірлеуді, онда жергілікті тәжірибені зерттеуді және талдап қорытуды басты міндет етіп қоюды ұсынды. Осинскийдің хабарлауы бойынша, бұл хатты дәл сол күні съезд комиссиясының барлық мүшелері оқыған, ал онда ұсынылған қарар жобасы аграрлық секцияның барлық мүшелеріне оқып берілген және олар оны қабылдаған. 2 апрельде съезд «Деревнядағы жұмыс туралы» қарарды бекітті, бұл қарарға Лениннің барлық ұсыныстары толық енгізілді. Съезд Орталық Комитетке сонымен бірге Орталық Комитет жанынан деревнядағы жұмыс жөнінде комиссия құруды тапсырды

(қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 351—352-беттер).— *151.*

84 Ленин бұл арада 1921 жылы декабрьде өткен Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің «Ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы қаулысын» және «Ауыл шаруашылық кооперациясы туралы қаулысын» айтып отыр (қараңыз: «Жұмысшы, шаруа, қызыл әскер және казак депутаттары Советтерінің Бүкіл россиялық тоғызыншы съезі. Стенографиялық есеп», М., 1922, 286—294-беттер).

Съезд ауыл шаруашылығын неғұрлым тез қалпына келтіру елдің бүкіл халық шаруашылығын өрге бастырудың қажетті шарты болып табылады деп көрсетті және ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету жөніндегі практикалық шаралардың кең программасын белгілеп берді. Съезд ұзақ мерзімдік ауыл шаруашылық кредит ұйымдастыру, ауыл шаруашылық білім беру ісін дамыту, ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын өндіруді арттыру, т. б. қажет деп тапты. Егіншілік халық комиссариатына елдің мал шаруашылығын қорғауға, қалпына келтіруге және дамытуға арналған қажетті шараларды белгілеп, жүзеге асыру тапсырылды. Съезд Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті жанынан айрықша өкілдік берілген ауыл шаруашылық комиссиясын құруға, ал жергілікті жерлерде, атқару комитеттері жанынан,— 1922 жылдың ауыл шаруашылық науқанын өткізу үшін,— губерниялық және уездік ауыл шаруашылық комитеттерін құруға қаулы етті.

Жеке шаруа шаруашылығын көтеруге арналған шараларды белгілей отырып, съезд сонымен бірге шаруашылықтың коллективтік формаларын одан әрі нығайту үшін негіз ретінде деревняда кооперацияны ұлғайту міндетін алға қойды. Съезд Совет өкіметінің барлық органдарын кооперативтік құрылысқа көмек көрсетуге міндеттеп, кооперативтік насихатты өрістетуді ұсынды.

Ленин «Ауыл шаруашылығын нығайту және өркендету шаралары туралы қаулыны» әзірлеуге тікелей қатысты: съездің партияда жоқ делегаттарының кеңесінде сөз сөйледі, қаулының жобасын қарап шығып, оған түзетулер енгізді.— *151.*

85 РКП(б) XI съезінде «Баспасөз және насихат туралы» қарар талқыланған кезде Д. Б. Рязанов оған партиялық баспасөзде хабарландырулар басуды тоқтату туралы қосымша енгізуді ұсынды. Съезд бұл ұсынысты жалпы партиялық баспасөзде емес, тек «Правдада» ғана хабарландырулар баспау жөнінде түзету енгізіп қабылдады. В. И. Ленин бұл кезде мәжіліске қатысқан жоқ еді. Ол съездің бұл шешімі тура-

лы естігеннен кейін сол мәжілісте председательдік еткен Л. Б. Каменевке мынадай записка жазған: «Каменев жолдас! Съездің *«Правдада»* хабарландырулар басылмасын деп шешкені рас па? Бұл көрінеу қате ғой, ол шешімді түзетуге болмас па екен?» (Лениннің XIII жинағы, 1930, 29-бет). Каменев қабылданған шешімді түзету мүмкін емес деп есептеп, «Правданы» қолдаудың басқа әдістерін табуды ұсынды. Алайда Ленин съезд сайлаған Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясы мүшелерінің тізімі жарияланғаннан кейін осы шешімді күшінен айыру жөнінде ұсыныс жасап сөз сөйлеп, өзінің ұсынысын жаңа экономикалық саясат жағдайында баспасөзге алтып қорыпан немесе салық түсімдерінен қаржы бөлінеді деп дәмелену дұрыс болмас еді деп дәлелдеді. Лениннің бұл ұсынысы қабылданды.

Лениннің сөзі ішінара стенографияланғандықтан және оның жазылу сапасы нашар болғандықтан, бұл басылымда аталған сөз толық емес түрінде басылып отыр.— *154.*

86 Ленин бұл арада, сірә, РКП(б) Орталық Комитеті 1922 жылы 20 февральда партиядан шығарған Г. И. Мясниковты және РКП(б) XI съезі партиядан шығарған Ф. А. Митин мен Н. В. Кузнецовты айтып отырған болуы керек.— *155.*

87 1922 жылы 3 апрельде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы бұл жобаны «...Сталин жолдас бір ай ішінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясындағы жұмыстан мүлде босауы үшін» деген қосымшамен қабылдады. Пленумның И. В. Сталинді РКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретарьлығына тағайындау туралы шешімімен байланысты ол Халық Комиссарлары Советінің 1922 жылғы 25 апрельдегі қаулысымен Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары міндетінен босатылды.— *158.*

88 В. И. Ленин «Бізге тым қымбатқа түсті» деген мақаласын В. М. Молотовқа жолдағанда мынадай запискаңы қоса жіберген: «Менің мына мақаламды, бұған белгілі практикалық ұсыныстар жалғасады, Саяси бюро мүшелеріне жағалата оқытып алуды өтінемін» (Лениннің практикалық ұсыныстарын осы томның 165—166-беттерінен қараңыз).

1922 жылы 10 апрельде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы мынадай қаулы қабылдады: «Ленин жолдастың «Бізге тым қымбатқа түсті» деген мақаласын сейсенбі күні «Известияда» және «Правдада» жариялауға қарсылық болмасын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). 11 апрельде мақала жарияланды.— *159.*

89 Россиядағы Октябрь революциясының ықпалымен 1918 жылы Ирландияда ұлт-азаттық қозғалысының жаңа өрлеуі басталды. 1918 жылы декабрьде болған ағылшын парламен-

тінің сайлауы кезінде Ирландияда мандаттардың көпшілігін шинфейнерлер партиясының (Ирландияның тәуелсіздігі үшін күрескен буржуазиялық-ұлтшылдық партия) өкілдері алды. 1919 жылы 21 январьда олар Дублинде бас қосып, өздерін Ирландия ұлттық жиналысы деп атап, Ирландия республикасын жариялады. Ағылшын өкімет орындары бұған әскери террормен жауап берді. Ирландия халқының ұлттық-революциялық күресін күшпен жаныштауға шамасы келмегеннен кейін ағылшын үкіметі шинфейнерлер партиясының оң қанатымен мәмлеге келді. 1921 жылы декабрьде олардың арасында шарт жасалды, бұл шарт бойынша Ирландияның оңтүстік бөлегі «Ирландия еркін мемлекеті» (Эйре) деп жарияланып, доминион правосын алды, ал Солтүстік Ирландия (Ольстер) Англияның құрамында қалды. Шинфейнерлердің солшыл, республикалық қанаты оңшылдардың ағылшын империалистерімен сатқындық мәмлесіне қарсы шықты. Ирландияда азамат соғысы басталды. Алайда республикашылдар өздеріне жұмысшылар мен шаруалардың қалың бұқарасының қолдауын қамтамасыз етерліктей ұрандар көтере алмады. 1923 жылдың көктемінде республикашылдардың басшылары соғыс қимылдарының тоқтатылғандығын жариялады. Ирландияда буржуазияның және деревнядағы капиталистік жоғарғы топтың өкіметі орнады.— *160.*

90 Оңтүстік Африка жұмысшыларының көтерілісі 1922 жылы мартта Иоганнесбург, Бенони және Браппан қалаларында болды.

Дүние жүзілік рынокта алтынның бағасы төмендеуіне байланысты, кен өнеркәсіпшілері өздерінің табатын пайдаларын сақтап қалу үшін европалық-жұмысшылардың жалақысын төмендетуге және оларды жаппай жұмыстан шығаруға кірісті. Осымен байланысты 1922 жылы 9 январьда алтын кен орындарында ереуіл жарияланды. Мартта ереуіл көтеріліске ұласты. Бенони және Браппан қалалары, Иоганнесбургтің жұмысшы поселкелері — Фордсбург және Иппе — жұмысшылардың қолына көшті. Оңтүстік Африканың жас коммунистік партиясы көтеріліске белсене қатысты. Көптеген коммунистер, оның ішінде ереуілдің басшылары Фишер мен Спендифф қарулы күрес кезінде ерлікпен қаза тапты. Генерал Смэтстің реакцияшыл үкіметі 10 мартта аталған қалаларда соғыс жағдайын жариялап, көтерілісшілерге қарсы әскер жұмсады, артиллерия мен самолеттерді пайдаланды. 14 мартта көтеріліс жаныштап тасталды. Үкімет оған қатысушыларды қаталдықпен жазалады: қамауға алынғандардың саны 10 000 адамнан асты, мыңдаған жұмысшылар әскери сотқа берілді.— *160.*

91 Ленин бұл арада, сірә, Коминтерн Атқару Комитетінің бірінші кеңейтілген пленумында (21 февраль — 4 март, 1922

жыл) біртұтас майдан тактикасы туралы мәселе талқыланған кезде Итальян коммунистік партиясының делегациясы (Эрфилио Амброджи, Риккардо Роберто, Умберто Террачини) мен Француз коммунистік партиясы делегациясының бір бөлігі (Марсель Кашен, Рожер Морис Метейе, Даниэль Рену, Луи Селье) ұстаған позицияны айтып отырған болуы керек. Бұл мәселе жөніндегі қарарды үш делегацияға (итальян, француз, испан делегацияларына) қарсы он тоғыз делегация көпшілік болып қабылдады.— *162.*

92 Ленин бұл арада Версаль шартын жою туралы ұранды үш Интернационал конференциясының шақыруы бойынша 1922 жылы 20 апрельде немесе 1 майда өтуге тиісті болған еңбекшілер демонстрацияларының ұрандарына кіргізуден II Интернационал өкілдерінің бас тартқандығын айтып отыр.— *162.*

93 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 12 апрельде В. И. Лениннің ұсынысын қабылдады.— *166.*

94 В. И. Лениннің көрнекті американ электротехник-ғалымы Чарлз П. Штейнмецке жазған хаты Штейнмецтің мынадай мазмұндағы хатына қайтарылған жауап еді:

«Н. Ленин мырзаға.

Маған қымбатты Ленин мырза! Осындай ауыр жағдайларда әлеуметтік және өнеркәсіптік қайта өркендеу жөнінде Россия атқарып жатқан таңқаларлық жұмысқа өзімнің сүйсінетіндігімді Сізге білдіру үшін Б. В. Лосев мырзаның Россияға қайтуы маған қолайлы жағдай туғызып отыр.

Мен Сіздің мейлінше толық табысқа жетуіңізді тілеймін және Сіздің табысқа жететіндігіңізге кәміл сенемін де. Шынында да Сіз табысқа жетуге тиіссіз, өйткені Россия бастаған орасан зор істің жүзеге аспай қалуына жол берілмеуі керек.

Егер техникалық мәселелер жөнінен, әсіресе электр құрылысы мәселелері жөнінен қандай да бір жолмен, кеңесіммен, ұсынысыммен және нұсқауыммен Россияға көмектесе алатын болсам, мен қолымнан келгеннің бәрін істеуге әрқашан да өте қуаныштымын. Сізге туысқандық сәлеммен Ч. Штейнмец».

Сол кезде «Советтік Россияға техникалық көмек қоғамының» Нью-Йорктегі бөлімінің секретары болған Б. В. Лосевтің естеліктері бойынша, Штейнмец 1920 жылдың июнінде қоғамның делегациясы оған келіп жолыққан кезде-ақ Совет республикасының экономика және өнеркәсіп салаларындағы барлық проблемалары жайында хабардар болып отырғысы келетіндігін білдіріп, Советтік Россияда электр станцияларын және жоғары вольтті электр желісін салу үшін техникалық документтерді жасауда көмектесуге әзір екендігін айтқан.

Лосевтің кейіннен еске алғанындай, 1922 жылы февральда Москваға қайтқалы жатқан оған Штейнмец В. И. Ленинге арнаған хатын бергенде былай деген: «Сізбен бірге бара алмайтыныма өкінемін, өте қатты өкінемін. Меніңше, дүние жүзілік соғыстың нәтижелері мынадай сияқты: егер Россияда советтік құрылыс орнатылмаған болса, онда өмірдің жалпы ешқандай құндылығы қалмас еді... Мен және көптеген басқа адамдар да россиялықтардың мақсаттарына тілектес екенімізді, бүкіл жүрегімізбен және парасатымызбен солармен бірге екенімізді Россиядағылар біліп отырсын. Орыстарға олар қолға алған сұраныл қиын істе қалай да табыс тілеуіміз керек» (қараңыз: Б. В. Лосев. «Бір хаттың тарихы».— «Вечерняя Москва», 1960, № 95, 22 апрель).

Штейнмецтің хатын алған соң, Ленин Г. М. Кржижановскийден және Л. К. Мартенстен америкап ғалымы туралы негұрлым толық мағлұмат беруді өтінеді. Ленин 2 апрельде Штейнмецке берілетін жауаптың жобасын жазады, онда хаттың соңғы абзацының Кржижановский ұсынған нұсқасын пайдаланады, сөйтіп бұл жобаны мынадай запискамен қоса Кржижановскийге жібереді: «Кржижановский жолдас! Сізге Штейнмецке берілетін жауаптың жобасын жіберіп отырмын. Өзіңіздің ескертпелеріңіз бен қосымшаларыңызды енгізген соң маған қайтаруыңызды өтінемін. Коммунистік сәлеммен Ленин» (Лениннің XXXVI жинағы, 1959, 463-бет). 10 апрельде Ленин хаттың түпкілікті нұсқасына: «Коминтернге беріп ағылшын тіліне аудартып алыңыз *(ағылшындардың біреуі тексерсін, жобада соның қойған таңбалары болсын)*, содан кейін менің бланкіме машинкада қайта басылып, маған қол қоюға берілсін» деген қоспа сөз және ағылшынша Штейнмецтің адресін жазған. Ағылшын тіліне аударылған хаттың тексті басылған бланкіге Ленин «12. IV. 1922» деп жазып, былай деп қол қойған: «fraternally Yours *Lenin*» («Сізге туысқандық сәлеммен *Ленин*».— *Ред.*), бұдан кейін секретарьға мынадай нұсқау берген: «а) 1 данасын заказды хатпен Америкаға жіберіңіз. Ағылшынша және орысша дәл жазылған *адресін ертең маған көрсетіңіз.* б) 1 данасын Мартенске жіберіңіз. в) 1 данасын сақтаңыз. 2) Штейнмецтің хаты мен менің орысша жазған жауабымды бастырып шығару үшін (орысша) *Кржижановскийге* жіберіңіз, ал басылған соң маған қайтарыңыз» («Исторический Архив», 1961, № 5, 12-бет).

19 апрельде Штейнмецтің хаты және Лениннің оған қайтарған жауабы совет газеттерінде жарияланды, ал Штейнмецтің Кржижановский жазған өмірбаяны 20 апрельде «Правданың» 86-номерінде басылды.— *167*.

95 Жарияланып отырған ескертпелер мен ұсыныстардың үш Интернационалдың Берлинде өткен конференциясына байланысты Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті

Президиумы шешімінің мына жобасына қатысы бар: «1) Бүкіл халықаралық коммунистік баспасөзде меньшевиктер мен эсерлерге қарсы науқан күшейтілсін. 2) Берлин кеңесінің материалдарын ұдайы пайдалануды қолға алып, дұшпанның әрбір әлсіз жеріне шабуыл жасалсын. 3) Тоғыздық әзірге жалпы үндеу хаттар шығармайтын болсын. 4) 20 апрельдегі демонстрация кезінде үгіт жұмысында тайсақтамай, дұшпанды сынау керек. 5) Жеке секциялар нақты жағдайларға сәйкес әрекет жасайды. 6) Берлиндік нәтиженің ратификацияланувы туралы мәселе қаралғанға дейін делегацияның қандай да болсын жаңа қадамдары кейінге қалдырылсын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. Е. Зиновьев осы жобаны В. И. Ленинге жібере отырып, сол күні, Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті Президиумының мәжілісіне дейін, өзінің пікірін айтуды өтінген.— *169.*

96 *«Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулы»* В. И. Лениннің Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің қызметін жаңаша жолға қою туралы ережені талдап жасау жөніндегі үлкен жұмысының нәтижесі болып табылады; бұл жұмыс А. Д. Цюрупамен жазысқан хаттарында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 395—403-беттер) және басқа документтерде бейнеленген.

Қаулының жобасын әзірлеуге Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары — А. Д. Цюрупа және А. И. Рыков қатысты. Цюрупа жұмысты жаңаша ұйымдастыру үшін Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарларына халық комиссариаттарын топтап бөлудің екі нұсқасын ұсынды. Сонымен бірге Цюрупа орынбасарлардың жұмысын қайта құру туралы егжей-тегжейлі баяндама записка әзірледі. Цюрупаның жобаларына Рыковтың ескертпелері мен түзетулерін алған соң, Ленин бірінші нұсқаға былай деп жазды: «Рыковтың түзетулері бар (келесі бетті қараңыз) 1-ші нұсқа қабылданды, 4. IV. 1922»; бұдан кейін Ленин оған Рыковтың бірқатар ұсыныстарын енгізіп, Цюрупа мен Рыковқа халық комиссариаттарын топтап бөлуді белгілейді. Сол күні Ленин «Орынбасарлардың жұмысы туралы қаулының» толық жоспарын талдап жасайды. Цюрупаның баяндама запискасын негізге ала отырып, Ленин оның барлық ұсыныстарын әуелі қайта номерлеп шығады (1—28-пункттер), одан соң Рыковтың енгізген қосымшаларын қайта номерлейді (29—32-пункттер). Ленин жоспардың қосымша 13 пунктін, сірә, осыдан кейін жазған болуы керек. Одан әрі Ленин барлық ұсыныстарды 45 пункттен тұратын толық жоспар етіп бі-

ріктіреді. Ақырында, ұқсас пункттерді біріктіре келіп, Ленин 31 пункттен құралатын қаулының түпкілікті жоспарын жазады (қараңыз: осы том, 463—470-беттер); қаулыда осы пункттер дамытылған.

Қаулы жобасының қолжазбасында Ленин жазған мынадай қоспа сөз бар: «*4—5 дана* (*маған; Цюрупаға; Рыковқа;* қалғандары Саяси бюро мүшелеріне арнап Сталинге) етіп тезірек көшіріп жазу керек». Алынған ескертпелерге Лениннің берген жауаптарын осы томның 203—206-беттерінен қараңыз.

Ленин бұл мәселеге 1922 жылғы декабрьде де қайта оралды (қараңыз: осы том, 361, 366—368, 370—371-беттер).— *172.*

97 *«Экономическая Жизнь»* («Экономикалық Өмір») — күнделікті газет; 1918 жылғы ноябрьден 1937 жылғы ноябрьге дейін Москвада шығып тұрды; бастапқыда Халық шаруашылығы жоғары советі мен басқа да шаруашылық халық комиссариаттарының органы, 1921 жылғы июльден Еңбек және Қорғаныс Советінің, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының, Мемлекеттік банк пен Финанс халық комиссариатының органы болды. В. И. Ленин газет редакциясына талай рет ақыл-кеңес беріп, «Экономическая Жизнь» шаруашылық құрылыстың жауынгерлік органы болуына күш салды.

1928 жылы газеттің он жылдығына байланысты РКП(б) Орталық Комитеті «Экономическая Жизнь» ленинизмнің принципті позициясын берік қорғайтын және шаруашылық құрылыстың практикасын терең жаза білетін басшы экономикалық газетке айнала алды деп атап көрсетті. 1937 жылғы 16 ноябрьден бастап «Экономическая Жизнь» газеті «Финансовая Газета» болып қайта құрылды; оның шығарылуы 1941 жылы июньде тоқтатылды.— *176.*

98 *«The New York Herald»* («Нью-Йорк Хабаршысы») — американ күнделікті газеті, республикалық партияның органы; Нью-Йоркте 1835 жылдан 1924 жылға дейін шығып тұрды.— *182.*

99 Әңгіме Генуя конференциясы кезінде 1922 жылы 16 апрельде Рапаллода (Генуяның жанында) Советтік Россия мен Германия арасында жасалған шарт туралы болып отыр.

Конференцияның бастапқы кезінде-ақ Германия мен жеңген елдер арасында елеулі қайшылықтар бар екендігі анықталды. Герман үкіметінің Совет мемлекетінің мүдделері есебінен Антанта державаларымен мәмлеге келмек болған әрекеттерінен түк шықпады, сөйтіп ол батыс елдермен қатынастарында өз позициясын нығайтуға үміттеніп, Совет мемлекетімен шарт жасасуға мәжбүр болды.

Шартта екі жақтың да бірінші дүние жүзілік соғыстың салдарынан туған бір-біріне қоятын талаптарынан бас тар-

туы көзделді. Егер Совет үкіметі национализацияланған кәсіпорындарды бұрынғы иелеріне қайтару жөнінде басқа мемлекеттердің талаптарын орындамайтын болса, Герман үкіметі де сондай кәсіпорындарды бұрынғы германдық иелеріне қайтаруды талап етуден бас тартатын болды. Сонымен бірге екі елдің арасында дипломатиялық қатынастар және экономикалық мәселелерде өзара қолайлы жағдай туғызу принципі орнатылатын болды.

Рапалло шартына қол қойылуы совет дипломатиясының зор табысы болды, өйткені бұл акт Совет мемлекетінің халықаралық жағдайын нығайтты, біртұтас антисоветтік майдан құру әрекеттерінің іске аспай қалғандығын көрсетті. Бұл шарттың жасалуы Совет үкіметі буржуазиялық мемлекеттермен өзінің қатынастарын тек меншіктің екі системасының тең праволылығын мойындау негізінде ғана қалыпты жағдайға келтіретіндігін растап берді. Сонымен бірге шарттың Германия үшін де үлкен маңызы бар еді, өйткені ол Германияға Совет елімен өзара тиімді экономикалық және сауда қатынастарын орнатуға мүмкіндік берді.

Ленин «Генуя конференциясындағы делегацияның есебі бойынша Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті қаулысының жобасында» Рапалло шартына баға берді (қараңыз: осы том, 216—218-беттер).

Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті делегацияның есебі бойынша 1922 жылы 17 майда қабылдаған қаулысында «РСФСР-дің капиталистік мемлекеттермен қатынас жасауы үшін тек осы секілді шарттарды ғана дұрыс» деп тапты (IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы. № 5 бюллетень, 1922 жылғы 19 май, 17-бет). Рапалло шартына қол қойылғаны туралы хабар 1922 жылы 19 апрельде «Известия ВЦИК» газетінің 85-номерінде жарияланды.— *183.*

100 В. И. Ленин бұл арада Генуя конференциясындағы жағдайды айтып отыр.

1922 жылы 11 апрельде совет делегациясына Великобритания, Франция, Италия, Бельгия және Жапония сарапшыларының март айында Лондонда болған кеңесінде әзірленген «сарапшылар баяндамасы» (Лондон меморандумы) деп аталатын документ тапсырылды. «Сарапшылар баяндамасында» Совет үкіметінен патша үкіметі мен Уақытша үкіметтің, Россиядағы барлық бұрынғы өкімет орындарының барлық борыштарын өтеу, шетелдіктердің Совет мемлекеті национализациялаған бұрынғы меншіктерін оларға қайтарып беру, немесе олардың мүлкіне келтірілген зиян үшін, немесе оны жоғалтқаны үшін құнын төлеу, шетелдіктер үшін экономикалық және праволық пұрсаттылықтар беру талап етілді, сондай-ақ іс жүзінде сыртқы саудаға монополияны жоятын басқа да бірқатар талаптар қойылды.

14—15 апрельде Ллойд Джордж ресми емес кеңес өткізді, оған РСФСР-дің, Францияның, Италияның және Бельгияның өкілдері қатысты. Кеңесте Лондон меморандумы талқыланды. Батыс державаларының талаптарына қарама-қарсы Совет делегациясы өз талабын қойды: совет делегаттары интервенция мен блокаданың Советтік Россияға келтірген зияны алтынмен есептегенде 39 миллиард сом болатындығын мәлімдеді. Антанта державаларының өкілдері, қарулы интервенция үшін жауапкершіліктен жалтаруға тырысып, совет жағының қарсы талаптарын мойындамау позициясына көшті, совет делегациясынан бұл талаптарын қайтып алуды талап етті, мұның есесіне орыстардың соғыстан болған борыштарының бір бөлегін «есептен шығарып тастауды» ұсынды.

Конференциядағы істің жайы туралы хабарды алғаннан кейін РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 17 апрельде совет делегациясына келісімнің шарттары туралы мынадай директива жіберді: соғыстан болған борыштар мен соғысқа дейінгі борыштардың проценті совет жағының қарсы талаптарымен өтелуге тиіс; реституциялар (жеке меншікті қалпына келтіру) мүлде қабылданбайды; ең үлкен жеңілдік есебінде бұрынғы меншік иесі-шетелдіктер, басқа жағдайлары бірдей болғанда, өздерінің бұрынғы кәсіпорындарын арендаға немесе концессияға алу жөнінде олардың правосы артықша деп танылуы мүмкін; соғысқа дейінгі борыштардың мойынға алынғандары бойынша төлеу он бес жылдан соң (ең бері дегенде он жылдан соң) басталады; Совет үкіметі ұсақ меншік иелерінің мүдделеріне қамқорлық жасауға міндеттенеді. Саяси бюро Совет үкіметіне дереу ірі заем берілуін бұл жеңілдіктердің міндетті шарты деп санады. Саяси бюроның директивасында бұл шарттар жеңілдіктердің ақырғы шегі болып табылады деп көрсетілді.

«Москвадағы пікір берік,— деп жазды сыртқы істер халық комиссарының орынбасары Л. М. Карахан 18 апрельде Г. В. Чичеринге,— сіздердің келісе алмайтын түріміз бар деген хабарларыңыз ешкімді қобалжытқан жоқ».

Совет делегациясының «сарапшылар баяндамасына» ресми жауабы делегацияның 20 апрельдегі меморандумында баяндалды. Совет делегациясы «сарапшылар баяндамасында» қойылған талаптарды «Россияны оның суверенитетіне нұқсан келтіретін тізе бүгу жүйесіне киліктіруге» тырысушылық деп бағалап, үзілді-кесілді қабылдамай тастады («СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 235-бет), сөйтіп Россияның шетел интервенциясынан шеккен зиянын өтеу жөнінде қарсы талап қойды, бұл ретте РСФСР үкіметі өзара міндеттену принципі сөзсіз сақталған жағдайда ғана шетелдік азаматтардың шеккен шығындарын өтеу туралы келіс сөз жүргізетіндігі атап көрсетілді.— *183.*

101 В. И. Лениннің бұл жарияланып отырған документтегі ұсынысын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 19 апрельде қабылдаған болатын. Телеграмма дәл сол күні Сыртқы істер халық комиссариаты арқылы Г. В. Чичеринге және Л. С. Сосновскийге, сондай-ақ «Правда» мен «Известия ВЦИК» газеттерінің редакцияларына жіберілді.— *184.*

102 В. И. Лениннің 1922 жылы 21 апрельде Генуяға жолдаған бұл телеграммасы Г. В. Чичериннің 20 апрельдегі телеграммасына қайтарылған жауап еді; Чичерин бұл телеграммасында конференциядағы жағдайға Лениннің берген бағасымен келіспей, шетелдіктердің олардың меншігін национализациялаудан шеккен зиянын өтеу туралы мәселеде «нақ Ллойд Джордж көбірек мүдделі, өйткені ағылшынның өктемдік етуші шонжарлары оған қысым жасап отыр» деп жазған болатын. «Мәселе,— деді Чичерин,— әзірге ашық қалды — әлі талқыланады. Егер Франция кетсе, Англия да қалмайды. Унионистер бұған жол бермейді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *185.*

103 1922 жылы 20 апрельде Г. В. Чичерин Ллойд Джорджға хат жолдап, соғыстан болған борыштар және барлық борыштар жөніндегі проценттер жойылған күнде, жеткілікті финанс көмегі көрсетілгенде, сондай-ақ Совет үкіметі де-юре деп танылғанда, ол «национализацияланған немесе алынған мүлікті бұрынғы иелерінің пайдалануына қайтарып беруге немесе, бұлай етуге мүмкін болмаған жерлерде, бұрынғы меншік иелерінің әділ талаптарын не олармен тікелей келісім жасасу жолымен, не осы конференцияда егжей-тегжейлі талқыланып, қабылданатын келісімге сәйкес қанағаттандыруға әзір болар еді» деп хабарлады («СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 260-бет).

Совет делегациясының көпшілігі Чичериннің бұл хатын РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының директивасын бұзу деп бағалады. Я. Э. Рудзутак бұл туралы 22 апрельде Сыртқы істер халық комиссариатына жолдаған телеграммасында хабарлады.— *186.*

104 1922 жылы 24 апрельде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Г. В. Чичеринге жолданатын телеграмманың В. И. Ленин ұсынған текстін мынадай түрде бекітті: «Рудзутактың 22 апрельдегі телеграммасында білдірген қауіптенушілігін әбден дұрыс деп есептейміз. Бізді келіс сөздерді үзудің бірден-бір тиімді сылтауынан, және де ең таяу уақытта дипломатиялық және коммерциялық толық жеңіске жетуімізді қамтамасыз ететін сылтаудан, атап айтқанда шетелдік капиталистердің жеке меншігін қалпына келтіруге сөзсіз келіспейтіндігіміздің сылтауынан айрылып қалуға

бастайтын әрбір қадамды және әрбір сөзді аса қауіпті қате деп санаймыз. Тағы да қайталап айтамыз: біз өзіміздің одан әрі титтей де шегіне алмайтын жеңілдіктеріміздің ақырғы шегі көрсетілген мейлінше дәл текстi Сізге хабарлаған болатынбыз. Бұл — реституцияны және ақшалай құнын өтеуді қабылдамаймыз, аренданың және концессиялардың тек артықша правосы болуын ғана мойындаймыз деген сөз. Осы жеңілдіктер арқылы келісімге келу мүмкін еместігі толық анықталысымен-ақ Сізге келіс сөздерді үзуге уәкілдік береміз, үгіт үшін және бұдан былайғы дипломатиялық қимыл-әрекет үшін екі көзірді сақтап қалыңыз:

1) Орыс-герман шартының принципті маңызы.

2) Тек капиталистердің меншігін қалпына келтіру туралы мәселе жөнінде ғана келісе алмағандығымыз» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Бұл қаулы қабылданғаннан кейін Чичериннің хаттары мен телеграммалары алынды; бұларда ол өзінің Ллойд Джорджбен жүргізген келіс сөздері туралы хабарлай келіп, келіс сөздердің сәтсіздікке ұшырау қаупі туған соң, ол келіс сөздердің жалғасын комиссияға ауыстыру үшін, сөйтіп уақыттан ұтып, РКП(б) Орталық Комитетінің нұсқауларын алу үшін совет делегациясының қолын байламайтын тұжырымдаманы ұсынуды мүмкін деп санағандығын түсіндірді.

Бұл түсініктемеден кейін Саяси бюро Чичериннің іс-әрекетін дұрыс деп тауып, 25 апрельде Генуяға директива жолдады, онда келіс сөздер сөзсіз үзіліп қалатындай болған жағдайда делегация мұның «тек жеке меншікті қалпына келтіру туралы мәселеден ғана» туғандығын атап айтуға тиіс деп көрсетті. «Бұрынғы шетелдік меншік иелерінің шеккен шығындары туралы мәселеде,— делінді ол директивада,— біздің бере алатын жеңілдіктеріміздің ақырғы шегі мынадай: 1) 17 апрельдегі директиваға сәйкес, біз концессия берілуі мүмкін деп тапқан жерлерде концессиялардың артықша правосы болады. Егер кәсіпорын жалпы арендаға берілетін болса, ал бұрынғы шетелдік меншік иесі алмаса, онда ол қандай да болсын бір төлем алу правосынан айрылады. 2) Ал мемлекеттің шаруашылық билігінде қалатын кәсіпорындар иелерінің талаптары өзіміз мойындап, белгілеген мөлшерде қанағаттандырылады». Ең болмаған жағдайда Саяси бюро меншік иелерінің талаптарын мойындау мен олардың қанағаттандырылу мөлшері Совет үкіметінің әрбір жеке меншік иесімен келісуіне қарай анықталады деп, бірақ мұндай келісімдер үшін ешқандай төреші болмауға тиіс деп ұсыныс жасауға болады деп есептеді. Саяси бюро жеңілдіктерді Советтік Россияға берілетін заемдардың мөлшерлері мен шарттарына мейлінше тәуелді етіп жасау қажеттігін тағы да атап көрсетті (КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Лениннің Генуяға жіберілген телеграммаларда Ллойд Джорджға және басқа ағылшын басшы қайраткерлеріне берген бағасы (қараңыз: осы том, 184, 185-беттер) конференцияның барысында расталды. Одан кейінгі күндерде Великобритания делегациясы Чичериннің 20 апрельдегі хатын келіс сөздерді жалғастыру үшін негіз етіп алу жөніндегі уағдаластықтан да жалтарып шыға келді. 28 апрельде Чичерин конференция председателінің атына жолдаған хатында, егер Батыс державалары 20 апрельдегі хаттың пункттерін келіс сөздер үшін негіз етіп алу жөніндегі өздерінің келісімінен бас тартатын болса, онда совет делегациясы ол хат енді өзіне қол байлау бола алмайды деп есептеп, өзінің 20 апрельдегі меморандумында баяндалған көзқарасына қайта оралады деп көрсетті (қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 276—277-беттер).— *187.*

105 Г. В. Плехановтың Шығармаларын бастырып шығару туралы мәселе РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына В.И. Лениннің ұсынысы бойынша енгізілді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Саяси бюроның 1922 жылғы 27 апрельдегі мәжілісі күн тәртібінің бір данасы сақталған, онда 19 пункт атап көрсетілгеннен кейін Лениннің қолымен: *«Плеханов Шығармалары»*— деп жазылған.— *188.*

106 Бұл документ Троцкийдің 1922 жылы 28 апрельде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына енгізген ұсынысына байланысты жазылған: 1) үгіт мақсатымен мынадай мәлімдеме жасау керек: егер Антанта үкіметтері орыс капиталистерінің шетелдердегі барлық капиталдарын конфискелеген болса, Совет үкіметі ешқандай наразылық білдірмеуге міндеттеме алар еді, 2) Генуя конференциясында келіс сөздер үзіліп қалған күнде халыққа арнап манифест шығару керек. Ленин Троцкийдің запискасындағы мына сөздердің астын сызып қойған: «Біздің делегацияға осындай манифест үшін өзінің негізгі ойларының нобайын жазуды міндеттеу керек болар (әйтпесе біз маңызды жайттарды ұмытып кетуіміз мүмкін); Ленин бұл сөздердің тұсына: «Тек соңғы сөздермен ғана келісеміп»— деп жазып қойған.

Саяси бюро дәл сол күні қаулы қабылдады: «Чичерин, Литвинов жолдастарға мынадай мазмұнда телеграмма жіберілсін: «Келіс сөздер үзілген жағдайда Халық Комиссарлары Советінің немесе Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің атынан халыққа манифест жариялау керек деп есептейміз. Манифестің жобасын немесе манифесте баяндалатын негізгі ойлардың нобайын жазып, дереу Москваға жіберуді өтінеміз» (КПСС Орталық Комитеті жанын-

дағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Келіс сөздердің бұдан былайғы барысында манифест шығару қажет болмай қалды.— *189.*

107 В. И. Лениннің *«Жаңаға жақын тақырыптарға арналған ескі мақалалар. «Жаңа экономикалық саясат» туралы мәселе жөнінде (Екі мақала және 1918 ж. сөйленген бір сөз)»* деген кітапшасын 1922 жылы Мемлекеттік баспаның Москва бөлімшесі басып шығарды. Кітапшаға мынадай еңбектері енді: «1922 жылғы басылуына алғы сөз», «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері» деген мақала, 1918 жылы 29 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде жасалған «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндама» және ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақала (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 179—225, 259—288, 305—339-беттер).

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде осы кітапша корректурасының бір данасы сақталған, онда Ленин енгізген түзетулер мен қойған белгілер және алғашқыда кітапшаға енгізілген, 1918 жылы 29 апрельде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мәжілісінде сөйленген «Совет өкіметінің кезектегі міндеттері туралы баяндама бойынша қорытынды сөздің» үстіңгі жағына жазылған «бәрін алып тастау керек» деген сөздер бар (Шығармалар толық жинағы, 36-том, 289—298-беттер).— *190.*

108 Жарияланып отырған телеграмма 1922 жылы 30 апрельде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қабылдағаннан кейін Г. В. Чичеринге жіберілген. Бұл телеграмма Чичериннің «орыс мәселесі» үш айдан кейін шақырылатын жаңа конференцияға берілмекші деп хабарлаған телеграммаларына, сондай-ақ Чичериннің Генуя конференциясындағы келіс сөздер туралы мәселе жөніндегі Л. Б. Красиннің ерекше пікірін хабарлаған телеграммаларына жауап еді. «Келіс сөздер тұйыққа тірелді», келісімге келу және Орталық Комитеттің директивалары негізінде заем алу мүмкін болмай қалды деп мәлімдеп, Красин мынадай елеулі жеңілдіктер жасауды ұсынды: соғысқа дейінгі борыштарды проценттерінсіз мойындау керек, бұл борыштар, деп мәлімдеді ол, алтынмен есептегенде сегіз миллиард сомнан аспайды, бұдан кейін барлық жеке адамдар мен фирмалардың алтынмен есептегенде үш-төрт миллиард сом мөлшеріндегі шығындарын бір жолға өтеуге болады деп білу керек; осы сомаға заем шығарып, облигацияларды бұрынғы иелеріне бөліп тарату керек; бұл соманы толық төлеудің шарты есебінде — одақтас державалардың Совет үкіметін де-юре деп тануын және олардың үкіметтерінің Советтік

Россияға кредит ұйымдастыруға көмек көрсетуге ресми уәде беруін талап ету керек.

В. И. Лениннің телеграммасына жауап бере келіп, Чичерин келіс сөздердің мүлдем үзіліп қалғанынан гөрі үш айдан кейін жаңа конференцияның шақырылғаны артық деп мойындады, бірақ ол былай деп атап көрсетті: «Ллойд Джордж өзін құтқаруға тырысып, бізбен келісімге келуге күш салуда, ал үш айдан соң Англиядағы жағдай біз үшін анағұрлым қолайсыз болуы мүмкін». Чичерин одан әрі: одақтастар Советтік Россияға кредит беру туралы Совет үкіметі барлық шетелдіктердің — бұрынғы меншік иелерінің шеккен шығындарын өтеуге келісім бергеннен кейін ғана нақты сөйлеспек деп атап көрсетті (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *193.*

109 Жарияланып отырған документ Генуядан Чичерин мен Литвинов одақтас державалардың өкілдерімен келіс сөз жүргізген кезде Орталық Комитеттің директиваларында көрсетілмеген жеңілдіктерге баруы мүмкін деген қауіп туғызған бірқатар хабарлар алынуымен байланысты жазылған.

1922 жылғы 30 апрельдегі телеграммасында Литвинов былай деп хабарлады: Антанта державаларының өкілдері, егер Совет үкіметі жеке меншік иелерінің талаптарын қанағаттандыруға келісетін болса, Советтік Россияға көмектесу, сондай-ақ оған кредит бөлу, темір жол материалдары және басқа материалдар экспортын ұйымдастыру, Россияға техникалық қызметкерлер жіберу және тағы басқа мақсаттарда халықаралық консорциум құру жоспарын ұсынады. Литвинов дереу заем аламыз екенбіз деп дәмеленбеу керек, бұл меншік иесі-шетелдіктердің шеккен шығынын өтеу туралы мәселе жөнінде келісімге қол жеткенде ғана мүмкін нәрсе деп көрсетті. Москвада 2 майда алынған телеграммада Литвинов сонымен бірге одақтастар «қашан біз Россиядағы шетелдік мүліктің барлық иелеріне шеккен шығындарын өтеу принципін мойындағанға дейін... кредиттердің егжей-тегжейін тіпті талқылаудан да үзілді-кесілді бас тартып отыр» деп көрсетті (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

1 және 2 майда Саяси бюро Чичерин қол қойған телеграммаларды алды; оларда жеке меншікті экспроприациялау правосының мызғымастығын жариялаумен қатар, Совет үкіметі кредит алу қажеттігімен байланысты күны он жылдан кейін өтелетін советтік мемлекеттік бағалар шығару жолымен жеке меншік иелеріне ақшалай шығын мөлшерін өтеуге өзінің келісетіндігін мәлімдеуі ұсынылды.

Кейініректе Чичерин бұл телеграммалардың авторы А. А. Иоффе екенін және Саяси бюроға 2 майда жіберіл-

ген телеграмма алдында бопа шығару туралы мәселе жөнінде пікір алысу келісімнің ықтимал шарттарын анықтап алуды ғана көздегенін хабарлады. Чичерин делегация өзінің қызметінде Саяси бюроның директиваларын басшылыққа алатынын атап көрсетті.— *194.*

110 Бұл ұсынысты РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 2 майда талқылады. Саяси бюро Ленин ұсынған телеграмманың жобасына И. В. Сталиннің мынадай түзетулерін қабылдады: 1) уәкілдіктің күшін жою деген сөздерді алып тастау керек; 2) телеграмма: «Орталық Комитет осы директиваны орындауды үзілді-кесілді талап етеді» деген сөздермен аяқталсын. Сталиннің ұсынысы бойынша телеграмманың алғашқы сөйлеміндегі «сорақылықтар» деген сөз «қателіктер» деген сөзбен алмастырылды. Саяси бюро телеграммаға қосымшаны өзгеріссіз қабылдады.— *195.*

111 *«Правда»*— күнделікті большевиктік жария газет, газеттің бірінші номері 1912 жылы 22 апрельде (5 майда) Петербургте шықты.

«Правда» Ленадағы атқылауға байланысты бүкіл елде бұқаралық саяси стачкалар толқыны кең өріс алған жаңа революциялық өрлеу жағдайында жарыққа шықты. Газет жұмысшылардың өздері жинаған қаржыға шығарылып тұрды; ол 40 мың данаға дейін таратылды, жекелеген номерлерінің тиражы 60 мыңға дейін жетіп жүрді. Күнделікті жұмысшы газетін шығаруды жолға қоюды Ленин Петербург жұмысшылары жүзеге асырған ұлы тарихи іс деп сипаттады.

«Правда» партияны халықтың қалың бұқарасымен күн сайын байланыстырып отырды. Газет төңірегінде жұмысшы тілшілердің көп санды армиясы қалыптасты. Газеттің әрбір номерінде жұмысшылардың ондаған корреспонденциялары басылып тұрды. Екі жылдан астам уақыт ішінде жұмысшылардың 17 мыңнан астам корреспонденциясы жарияланды.

Ленин «Правдаға» идеялық басшылық етті, газетке күн сайын дерлік жазып тұрды, оның редакциясына нұсқаулар беріп отырды, газеттің жауынгерлік, революциялық рухта болуына күш салды. «Правда» редакциясында партияның ұйымдастыру жұмысының едәуір бөлегі шоғырландырылды. Мұнда жергілікті партия ұяларының өкілдерімен кездесулер өткізіліп тұрды, фабрикалар мен заводтардағы партиялық жұмыс туралы мәліметтер осында түсіп отырды, партияның Орталық және Петербург комитеттерінің партиялық директивалары осы жерден берілді.

«Правданы» полиция үнемі қудалады. 1914 жылы 8(21) июльде газет жабылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Правда» қайтадан шығарылды. 1917 жылғы 5(18) марттан бастап «Прав-

да» РСДРП Орталық және Петербург комитеттерінің органы ретінде шыға бастады.

«Правда» большевиктік баспасөз тарихында аса маңызды орын алады. «Правда» тәрбиелеген алдыңғы қатарлы жұмысшылар ұрпағы Ұлы Октябрь социалистік революциясында және социализм құрылысында аса көрнекті роль атқарды. «Правда» тұңғыш жария шығатын бұқаралық жұмысшы газеті болды және Россия жұмысшы табының және халықаралық пролетариаттың баспасөзін дамытудағы жаңа кезеңді бейнеледі. «Правданың» бірінші номері шыққан күн 1914 жылдан бастап жұмысшы баспасөзінің мерекесі күніне айналды.

«Лениндік «Правда»,— деп жазды КПСС Орталық Комитеті газеттің елу жылдығы күні, 1962 жылы 5 майда, өзінің ««Правда» газетіне, совет баспасөзінің барлық қызметкерлеріне» арнаған құттықтауында,— Ұлы Октябрьдің дауылпазы, социализм мен коммунизм құрылысының насихатшысы, үгітшісі және ұйымдастырушысы болды, ол халық бұқарасын Коммунистік партияның төңірегіне топтастыруда, оларды идеялық жағынан шыныктырып, оларға саяси тәрбие беруде, еңбекшілердің түбегейлі мүдделерін білдіретін нағыз халықтық баспасөзді дамытуда аса көрнекті роль атқарды» («Правда» № 125, 5 май, 1962 жыл).— *196.*

112 *«Искра»* (ескі) — 1900 жылы В. И. Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте шықты; келесі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. «Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Ю. О. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен,— Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысып тұру ісін жүргізіп отырды. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы әрі басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын топтастыру және тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды, ал 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкин-

нің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі, бұл съезде Россиядағы шын мәнінде революциялық маркстік партияның негізі қаланды. Съезд арнаулы қаулысында «Искраның» партияны құру үшін күресте айрықша роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей меньшевиктер Плехановтың қолдауымен «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің органы болудан қалды.— *196*.

113 Бұл арада РСДРП II съезі айтылып отыр, съезд 1903 жылы 17 июль — 10 августа (30 июль — 23 августа) болып өтті. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қудалауы салдарынан оның мәжілістері Лондонға көшірілді. Съезге 43 делегат қатысты, олар 26 ұйымның өкілдері еді.

Партияның программасы мен уставын бекіту және басшы партия орталықтарын сайлау съездің күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелер болды.

В. И. Ленин мен оның жақтаушылары съезде оппортунистерге қарсы батыл күрес жүргізді.

Съезд партия программасын бірауыздан (бір дауыс қалыс қалды) бекітті, онда пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революция жеңіп, пролетариат диктатурасы орнатылуын көздеген міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Партияның уставын талқылағанда партияны құрудың ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес өріс алды. Ленин және оның жақтаушылары жұмысшы табының айбынды революциялық партиясын құру үшін күресті. Сондықтан уставтың бірінші параграфының Ленин ұсынған тұжырымында партияға мүше болу үшін, программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен бірге партия ұйымдарының біріне тікелей қатысу да міндетті шарт болды. Мартов съезге бірінші параграфтың оның өзі әзірлеген тұжырымын ұсынды, бұл тұжырым бойынша партияға мүше болу үшін, программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен оған үнемі жеке жәрдемін тигізіп отырса да жеткілікті деп есептелді. Барлық солқылдақ элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезд

болмашы көпшілік дауыспен қабылдады. Ал негізінен алғанда, съезд Ленин әзірлеген уставты бекітті. Съезд сондай-ақ тактикалық мәселелер бойынша да бірқатар қаралар қабылдады.

Съезде искралық бағыттың дәйекті жақтаушылары — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдар — Мартовтың жақтастары арасында жікке бөлінушілік болды. Партияның орталық мекемелерін сайлағанда революцияшыл марксистер, Лениннің жақтастары, көпшілік дауыс алып, сол кезден бастап олар большевиктер деп, ал Лениннің қарсыластары, оппортунистер,— меньшевиктер деп атала бастады.

РСДРП II съезінің тарихи маңызы лениндік «Искра» ұсынған және талдап жасаған принциптік және ұйымдық негіздерде шын мәнінде революциялық партияны — большевиктер партиясын құрғандығында. «Саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде,— деп жазды Ленин,— большевизм 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар толық жинағы, 41-том, 7-бет). Большевиктік партия — жаңа түрпатты пролетарлық партия — барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі болды.— *198.*

114 Қараңыз: В. И. Ленин. 1922—1923 жылдардағы мақалалар мен сөздер. М., Партиялық баспа, 1936, 283-бет.— *202.*

115 Бұл арада РКП(б) XI съезінің «Финанс саясаты туралы» қарары айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері мен қарарлары», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 345—351-беттер).— *202.*

116 В. И. Ленинге 1922 жылғы 4 майдағы жауап хатында Г. Я. Сокольников астық заемын шығару дефицитсіз бюджет жасау жөнінде Ленин ұсынған нәрменді шараларды жүзеге асыру ісін жеңілдетеді, жаңадан шығарылатын ақша мөлшерін (қағаз ақша эмиссиясын) азайтады және шығарылған ақшаның бір бөлегін айналыстан алады деп дәлелдеді.

Астық заемын шығару туралы мәселе Халық Комиссарлары Советінің бірнеше мәжілісінде талқыланды. 1922 жылы 13 майда Халық Комиссарлары Советі астық заемы туралы қаулының жобасын бекітті, оны Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті III сессиясының қарауына ұсынды. Бірінші ішкі қысқа мерзімдік астық заемын Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылғы 20 майдағы қаулысы бойынша Финанс халық комиссариаты мемлекет 1922 жылғы 1 декабрьден 1923 жылғы 31 январьға дейін өтейтіндей етіп жалпы сомасы 10 миллион пұт қара бидай (астық күйінде) мөлшерінде шығарды. Облигацияларды сату 1 июньде басталды. Олардың құнын әрбір нақты жерде Мемлекеттік банк қара бидайдың (астық күйінде) ба-

зардағы орташа нарқы бойынша анықтап отырды, мұның өзінде облигацияны сатып алушы бағаның $^{95}/_{100}$ бөлігін төледі. Заем облигациясын кепілге салуға, сатуға, заттай салық есебіне өткізуге болатын еді. Азық-түлік халық комиссариатына төлем кепілдемесі ретінде заттай салықтан облигацияларды төлеуге арналған арнаулы қор жасау міндеті жүктелді. Егер Азық-түлік халық комиссариаты оған жүктелген міндеттемелерді орындай алмайтындай болса, мемлекет астық сатып алуга алтынмен есептегенде 10 миллион сом кепілдік қор бөлетін болды (қараңыз: «Известия ВЦИК», №№ 112, 121, 21 май, 2 июнь, 1922 жыл).— *202.*

117 Документке секретарьға арналған мынадай жарлық жазылған: «Лепешинская жолдасқа: 3 дана көшірме жасалсын: 2 данасы Сталинге, 1 данасы маған. Көшірмелерді *тікелей өзіңіз* және *екі* мәрте тексеріңіз. 5/V. Ленин».

«Орынбасарлардың жұмысы туралы қаулының» жобасына (қараңыз: осы том, 172—181-беттер) Лениннің алған ескертпелерін, оның тапсыруы бойынша, сірә, секретарь біріктіріп, Саяси бюроның барлық мүшелеріне және А. Д. Цюрупаға жіберген болуы керек. В. И. Лениннің архивінде осы мәселе жөніндегі документтер сақталған конверттің бетінде Лениннің қолымен «Орынбасарлардың жұмысы туралы 11. IV. 1922 жылғы қаулы және V. 1922 жылғы «айтыс»» деп жазылған.— *203.*

118 1922 жылы 23 апрельде Солдатенков аурухапасында (қазіргі С. П. Боткин атындағы аурухана) В. И. Ленинге 1918 жылы 30 августа жасалған қастандықтан кейін қалған оқты алу үшін оған операция жасалды.— *203.*

119 Әңгіме одақтас елдердің 1922 жылғы 2 майдағы меморандумы туралы болып отыр; олар бұл меморандумды конференцияда совет делегациясына 3 майда тапсырған болатын. Антанта елдері бұл меморандумда Совет үкіметінен патша үкіметінің және Уақытша үкіметтің барлық борыштары мен мемлекеттік міндеттемелерін төлеуді және шетелдіктердің национализацияланған меншіктерін өздеріне қайтарып беруді тағы да талап етті. Соның өзінде одақтастар Советтік Россияның интервенция мен блокада салдарынан шеккен зиянын төлеуден үзілді-кесілді бас тартты.— *207.*

120 Жарияланып отырған телеграмманы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 8 майда қабылдаған және ол М. М. Литвиновтың 6 майдағы телеграммасына жауап ретінде жазылған. Литвинов одақтастардың 2 майдағы меморандумы ультиматум болып табылмайтынын, ол келіс сөздерді жалғастыра беруге мүмкіндік беретінін атап көрсете келіп, совет делегациясы Генуядағы келіс сөздердің үзіліп қалуына жол бермеуге тырысып жатқанын және де-

легацияның бұдан былайғы бағыты туралы Саяси бюродан директива алуы қажеттігін хабарлаған.— *208.*

121 В. И. Ленин 1922 жылы 9 майда ұсынған телеграмма РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қабылдағаннан кейін Г. В. Чичеринге жіберілді.— *209.*

122 В. И. Ленин ұсынған жобаны РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 11 майда қабылдады.

Саяси бюроның қаулысына сәйкес 16 майда Орталық статистика басқармасы, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы, Азық-түлік халық комиссариаты, Егіншілік халық комиссариаты өкілдерінің кеңесінде 1921—1922 жылы жиналған азық-түлік салығының және 1922—1923 жылы жиналатын азық-түлік салығының мөлшері туралы анықтама бекітілді. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде Саяси бюроға жіберілген кеңес протоколының бір данасы анықтамамен бірге сақтаулы, осы данада Лениннің: «архивке» деп соққан белгісі бар.— *210.*

123 В. И. Ленин 1922 жылы 14 майда ұсынған телеграмма РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қабылдағаннан кейін Г. В. Чичеринге жіберілді.— *211.*

124 Бұл арада совет делегациясының 1922 жылғы 11 майдағы меморандумы айтылып отыр.

РКП(б) Орталық Комитетінің директиваларын орындай отырып, делегация бұл меморандумда Антанта державаларының талаптарын қабылдамай тастады, олар өзара міндеттену принципін мойындамайтын болса, Советтік Россия жеңілдік жасауға бармайды деп мәлімдеді. Совет делегациясы даулы финанс мәселелерін зерттеу үшін сарапшылардың аралас комитетін құруды ұсынды.

Сонымен, Советтік Россия жөнінде өздерінің отаршылдық позициясынан бас тартқысы келмеген Антанта державаларының кінәсынан Генуядағы келіс сөздер үзіліп қалды.

Совет делегациясының қызметін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы мақұлдап, А. А. Иоффенің баяндамасы бойынша 17 майда қарар қабылдады. Бұл қарардың жобасын В. И. Ленин жазды (қараңыз: осы том, 216—218-беттер).— *211.*

125 1921 жылы 18 мартта, бір жағынан, Россия мен Украина, екінші жағынан, Польша қол қойған Рига бітім шарты бойынша, РСФСР мен Польшаның арасындағы шекара поляк-совет соғысы кезінде Керзонның 1920 жылы 11 июльде Совет үкіметіне жолдаған нотасында ұсынылған межеден гөрі шығысырақ өтті. Бұл шарт бойынша, Батыс Украина мен Батыс Белоруссия Польшаға кетті. 1922 жылы 2 майда

М. М. Литвинов Генуядан Сыртқы істер халық комиссариатына былай деп хабарлады: «Ағылшындар бізге орыс-поляк шекарасын қайта қарауды талап етіңдер деп кеңес береді, олар шекараны Керзон ұсынған шепке дейін шегіндіруді қалайтын секілді» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

17 майда Генуя конференциясында бір-біріне шабуыл жасамау туралы пактінің жобасы талқыланғанда Г. В. Чичерин былай деп мәлімдеді: егер «бір-біріне шабуыл жасамау туралы пакті территориялық статус-квоны құрметтеу принципіне негізделетін болса, бұл құрметтеу осы статус-квоны мойындаумен барабар деп қаралмауға тиіс... Мәселен, Украина мен Румынияның арасындағы статус-квоны құрметтеу Россия үшін Румынияның қазіргі территориялық статус-квосын құрметтеумен, атап айтқанда, Румынияның Бессарабияны қазіргі оккупациялап алуын мойындаумен барабар емес» («СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 401-бет).— *211.*

126 Бұл документ партияның басшы топтарында 1921 жылдың аяқ кезінде және бүкіл 1922 жыл бойы сыртқы сауда монополиясы туралы мәселенің талқылануына байланысты жазылған.

Халық Комиссарлары Советінің 1918 жылғы 22 апрельдегі декретімен орнатылған сыртқы сауда монополиясы Совет үкіметінің қаулыларында талай рет расталды. Жаңа экономикалық саясатқа көшу және шетелмен сауда байланыстарының ұлғаюы сыртқы сауда туралы заңдарға қосымшалар енгізуді қажет етті. В. И. Лениннің тапсыруы бойынша сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары А. М. Лежава әзірлеген «Сыртқы сауда туралы тезистерде» сыртқы сауда монополиясын нығайту қажеттігі атап көрсетіліп, жаңа жағдайлардағы товар экспорты мен импортының шарттары белгіленді. Тезистерді Ленин мақұлдағаннан кейін, 1922 жылы 4 январьда Халық Комиссарлары Советінің Жоғары экономикалық комиссиясы қабылдады. Сыртқы сауда монополиясын сақтауға Г. Я. Сокольников, Н. И. Бухарин, Г. Л. Пятаков қарсы шықты. Сокольников сыртқы сауда монополиясын жойып, оны сауда концессиялары режимімен ауыстыруды ұсынды. И. В. Сталин, Г. Е. Зиновьев, Л. Б. Каменев сыртқы сауда монополиясын бәсеңдетуді жақтап пікір айтты. 1922 жылы 4 мартта РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы «Сыртқы сауда туралы тезистерді» кейбір түзетулер енгізіп қабылдады. Тезистер түпкілікті күйінде 10 мартта бекітілді. Осы тезистердің негізінде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы 1922 жылы 13 мартта «Сыртқы сауда туралы» қаулы қабылдады («Известия ВЦИК» газетінің 1922 жылғы 15 марттағы 60-номерінде жарияланды).

Саяси бюроның шешіміне қарамастан, Сокольников өз көзқарасын өзгерткісі келмеді, сөйтіп трестерге, кооперативтерге және басқаларына шетелден азық-түлік сатып алуға рұқсат беру жоспарын ұсынды; сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары М. И. Фрумкин де сыртқы сауда монополиясын бәсеңдетуді жақтап, мемлекеттің қолында берік монополияға сүйеніп, товарлардың 4—5 түрімен ғана көтерме сауда жасауды қалдыруды ұсынды.

15 майда РСФСР-дің Германиядағы уәкілетті өкілі Н. Н. Крестинскийден сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде партия ішінде болып жатқан күрестің шетел капиталистерімен іскерлік келіс сөздер жүргізуге теріс әсерін тигізіп отырғанын дәлелдейтін документтерді алған соң, Ленин қаулының жарияланып отырған жобасын, сондай-ақ И. В. Сталин мен М. И. Фрумкинге хат жазды; Ленин бұл хатта «сыртқы сауда монополиясын бәсеңдету туралы сөздердің бәріне, келіс сөздер мен комиссияларға және басқаларына *ресми түрде тыйым салу* керек» деп көрсетті (Лениннің XXXVI жинағы, 1959, 484-бет). Лениннің хатына Сталин былай деп жазған: «*Дәл қазіргі* кезеңде сыртқы сауда монополиясын *бәсеңдету* бағытындағы қадамдарға «ресми түрде тыйым салуға» қарсы емеспін. Дегенмен, оны *бәсеңдетпей* отыра алмайтын шығармыз деп ойлаймын» (В. И. Ленин. Өмірбаян, М., 1963, 600—601-беттер).

Ленин ұсынған қаулының жобасын Саяси бюро 22 майда бекітті. Мұны да осы томнан қараңыз: 372—376, 377—378-беттер.— *212.*

127 Жарияланып отырған документтерді В. И. Ленин Юстиция халық комиссариатының РСФСР Қылмыстық кодексін жасауымен және оның IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылы 12—26 майда өткен III сессиясында талқылануымен байланысты жазған. Ленин қосымшалар мен алғашқы хатты оған юстиция халық комиссары Д. И. Курский жіберген «РСФСР Қылмыстық кодексіне кіріспе заңның» жобасына жазған. Осы мәселе жөнінде Курскиймен көзбе-көз әңгімелескеннен кейін Ленин Қылмыстық кодекстің қосымша параграфының нобайы келтірілген екінші хатын жазады. Лениннің ұсыныстары Қылмыстық кодекстің «Контрреволюциялық қылмыстар туралы» деген бөлімін одан әрі талдап әзірлеуде пайдаланылды.

РСФСР Қылмыстық кодексі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясында бекітіліп, 1922 жылы 1 июньде күшіне енді (қараңыз: «Жұмысшы және шаруа үкіметінің заңдары мен жарлықтарының жинағы», М., 1922, № 15, 1 июнь, 153-статья, 202—239-беттер).— *213.*

[128] 1922 жылы 17 майда IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы Генуя конференциясы туралы мәселені талқылап, лениндік жоба негізге алынған қаулы қабылдады (қараңыз: IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы. № 5 бюллетень, 1922 жылғы 19 май, 15—17-беттер).— *218.*

[129] «Қағазсыз және «қашықтық дегенді білмейтін» газет»— радионы дамытуға зор мацыз бере отырып, В. И. Ленин Нижний Новгород радио лабораториясының жұмыс істей бастаған ең алғашқы кезінде-ақ, 1920 жылдың февралында, осы лабораторияның жетекшісі М. А. Бонч-Бруевичке былай деп жазды: «Осы және Сіздің басқа да жұмыстарыңызға барынша көмек көрсетуге уәде етемін» (Шығармалар, 35-том, 415-бет). 17 мартта Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулысына қол қойды, онда былай делінді: «1. Почта және телеграф халық комиссариатының Нижний Новгород радио лабораториясына мейлінше жедел түрде, әрі кеткенде екі жарым ай ішінде, радиусы 2000 шақырым жерді қамти алатын Орталық радиотелефон станциясын жасау тапсырылсын. 2. Станция Москвада орнатылатын болсын, оған әзірлік жұмыстары дереу басталсын» («В. И. Ленин туралы естеліктер», 2-бөлім, М., 1957, 589—590-беттер).

1921 жылы 27 январьда Ленин радиотелефон құрылысы туралы декретке қол қойды, онда бұл құрылыстың көлемді программасы белгіленіп, оның мемлекеттік маңыздылығы мен айрықша жеделдігі атап көрсетілді. Радиотелефон хабар таратқыштары мен қабылдағыштарын дайындау тағы да Нижний Новгород радио лабораториясына тапсырылды.

Ленин әсіресе Москвада радиотелефон станциясын салуға ерекше көңіл бөлді. Ол Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбуновқа осы істі арнайы қадағалап, жұмыстың барысы туралы оған баяндап отыруды тапсырды.

1922 жылы 13 майда, радиотелефон станциясы іске қосылардан бірнеше ай бұрын, Ленин телефон арқылы инженер В. А. Павловпен сөйлесіп, станцияның құны жөнінде қосымша түсініктер алады, ал кейінірек, 18 майда, одан бұл істі жақсылап жолға қою үшін сайып келгенде қанша ақша (соғысқа дейінгі соммен есептегенде) керек болатынын Бонч-Бруевичтен сұрап білуді өтінеді (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 1959, 482, 486—487-беттер).

19 майда радио лабораториясының қалыпты жұмыс істеуі үшін берік бюджет қажет, оның мөлшері соғысқа дейінгі ақшамен айына кем дегенде 7500 сом болуы мүмкін деген Бонч-Бруевичтің хабарын алғаннан кейін (Бонч-Бруевич радио лабораториясының одан әрі дамытылуын қамтамасыз ете алатын қалыпты бюджет соғысқа дейінгі ақшамен айына 20 мың сом болуы керек деп есептеді), Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына алтын қоры-

нан радио лабораториясына арнап қосымша қаржы бөлу жөнінде ұсыныс енгізді, ол ұсыныста радио лабораториясының дауыстап сөйлейтін аппараттар мен радиоқабылдағыштар жасауды барынша тездетуі көзделді. 22 майда Саяси бюро Лениннің бұл ұсынысын қабылдады.

В. И. Ленин Нижний Новгород радио лабораториясының қызметін жоғары бағалады. 11 майда Ленин почта және телеграф халық комиссары В. С. Довгалевскийге Нижний Новгород Советінің Нижний Новгород радио лабораториясын Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы және профессорлар Бонч-Бруевич пен Вологдинді Құрмет тақтасына жазу туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің алдына қойған өтінішін қолдау қажет деп санайтынын жазды (қараңыз: Лениннің XXXV жинағы, 1945, 348-бет). 1922 жылы 19 сентябрьде Москва радиотелефон станциясы іске қосылғаннан кейін, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша Нижний Новгород радио лабораториясы Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды; Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің бұл қаулысында лабораторияның ғылыми жетекшілерінің қызметі де атап көрсетілді.— *219.*

130 В. И. Ленин *«Екі жақты бағыну және заңдылық туралы»* хатты Прокурорлық бақылауды тағайындау туралы ережекің жобасын талқылаумен байланысты жазған; бұл жобаны 1922 жылы 13 майда Юстиция халық комиссариаты IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясының қарауына енгізген болатын.

Сессияда жоба қатты сынға алынды. Жергілікті жерлердегі прокурорлар атқару комитеттерінен аттап өтіп, тек республика прокурорына ғана бағынады, сондай-ақ прокурорларды тағайындау, жұмыстан шығару, бір орыннан екінші орынға ауыстыру және оларға белгілі бір жұмысты уақытша істетпеу де тек қана республика прокурорының билігінде болады делінген бесінші статья жөнінде қызу айтыс өрістеді. Н. В. Крыленконың баяндамасы бойынша сессия көпшілік дауыспен заң жобасын материал есебінде арнайы сайланған комиссияға тапсыруға шешім қабылдады. Комиссия құрамының көпшілігі жергілікті жерлердегі прокурорлардың екі жақты бағынуын — жергілікті губерниялық атқару комитеттеріне және орталыққа (республика прокурорына) бағынуын жақтап пікір айтты. РКП(б) Орталық Комитеті Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясын басқару үшін құрған комиссия да осындай шешім қабылдады. Комиссия мүшелері Л. Б. Каменев және А. И. Рыков «екі жақты бағыну» принципін жақтады. В. И. Ленин жарияланып отырған, Саяси бюроға арналған хатында бұл принципті қабылдамауды ұсынды. 22 майда Саяси бюро көпшілік дауыспен Лениннің ұсынысын қабылдап, мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Ко-

митеті сессиясының коммунистік фракциясының қарауына берді. Саяси бюроның қаулысында былай делінді: ««Екі жақты бағыну» қабылданбасын, жергілікті прокурорлық билік тек қана орталыққа — генерал-прокурорға бағынатын болып белгіленсін. Жергілікті прокурорлық билік орындарын Жоғарғы трибуналдың, Юстиция халық комиссариатының және Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының бақылауымен генерал-прокурор тағайындайды. Прокурорлық биліктің жергілікті өкімет орындарының барлық және қандай да болсын шешімдеріне сол шешімдердің немесе қаулылардың заңдылығы тұрғысынан қарсылық білдіруге правосы бар және осылай етуге міндетті деп есептелсін, бірақ оларды тоқтатып қоюға правосы жоқ, істі соттың шешіміне беру жөнінде айрықша правосы бар деп есептелінсін».

Алайда фракция «екі жақты бағынуды» жақтады. 24 майда Саяси бюро өзінің 22 майдағы шешімін растады, одан «істі соттың шешіміне беру жөнінде айрықша правосы бар деп есептелінсін» деген сөздерді алып тастады, сөйтіп былай деп қаулы етті: «Саяси бюро прокуратура туралы заңды осы сессияда бекіту қажет деп есептейтіндігі Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының фракциясына жеткізілсін, фракцияның қарсылығы Орталық Комитеттің пленумына, ал пленум шешімді озгерткен жағдайда — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің келесі сессиясына қойылатын болсын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Сессия сайлаған комиссия бесінші статьяны ұзақ талқылаудан кейін Юстиция халық комиссариатының «екі жақты бағынуды» теріске шығару жөніндегі редакциясын қабылдады. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы «Прокурорлық бақылау туралы ережені» осындай түрде бекітті, сөйтіп 8 июльдегі декрет бойынша, 1922 жылғы 1 августан бастап күшіне енгізілді.— *222.*

131 В. И. Лениннің бұл хаты РКП(б) Орталық Комитеті секретариатының Қызыл Армиядағы адам санын қысқарту туралы мәселені IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің алдағы III сессиясына қою керек пе деген сұрауына жауап еді. Генуя конференциясында совет делегациясының қару-жарақты жаппай қысқарту мүмкіндігі туралы мәселені көтеруімен байланысты Республика Революциялық-әскери советі Қызыл Армиядағы адам санын қысқарту жоспарын жасады. Сессияның күн тәртібіне бұл мәселе Генуя конференциясының нәтижелері қандай болатындығына қарай, алдын ала, шартты түрде қойылды. 1922 жылы 24 майда Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы қаулы қабылдады, онда былай деп көрсетілді: «Генуя конференциясы, біздің делегация қорғаған бағыттың арқасында, армияны айтарлықтай қысқарту мүм-

кін деп үміттенуге негіз береді». «Алайда,— делінді одан әрі қаулыда,— Генуя конференциясы, негізгі мәселелердің шешілуін Гаагаға дейін кейін қалдырып, Совет республикасы мен буржуазиялық мемлекеттердің өзара қатынастары саласынан ең шұғыл мәселелерді де шешіп бере алмады...» Осы себепті армияны қысқарту туралы мәселе Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті III сессиясының күн тәртібінен алынып тасталды. Сессия Гаага конференциясының нәтижелері анықталғанда тиісті ұсыныс жасауды үкіметке және Әскери істер жөніндегі халық комиссариатына тапсырды (қараңыз: IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің III сессиясы. № 10 бюллетень, 1922 жылғы 26 май, 18—19-беттер).— *228.*

132 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылғы 26 майдағы мәжілісінде В. И. Лениннің ұсынысын талқылап, оны IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті III сессиясының жұмысына басшылық ету үшін Орталық Комитет құрған комиссияға материал ретінде беруге қаулы етті.— *229.*

133 *Закавказье еңбекші әйелдерінің бірінші съезі* 1922 жылы 26 майда Бакуде ашылды. Съезде мынадай баяндамалар тыңдалды: Советтік Россияда, бүкіл дүние жүзінде әйелдер қозғалысының дамуы және халықаралық әйелдер секретариатының міндеттері; Закавказье еңбекші әйелдері және III Интернационал; ағымдағы кезең туралы және басқалар. Съезд 30 майда өзінің жұмысын аяқтады.

«Закавказье еңбекші әйелдерінің бірінші съезіне» құттықтау Грузияның, Арменияның және Азербайжанның еңбекші әйелдері атынан олардың Ленинді Закавказье еңбекші әйелдерінің съезіне делегат етіп сайлағаны туралы В. И. Ленин алған хабарға жауап ретінде жазылған.

Құттықтау съездің бірінші мәжілісінде оқылды.— *230.*

134 Бұл арада Октябрь революциясына дейін Орыс-Азиялық біріккен қоғамының председателі және Россияда ірі кен кәсіпорындарының (Қыштым, Риддер, Таналық, Екібастұз) иесі болған ағылшын өнеркәсіпшісі және финансисі Л. Уркартқа пайдалы қазынды кендерді зерттеу және өндіру жөнінде концессия беру туралы келіс сөздер айтылып отыр.

Сыртқы сауда халық комиссары Л. Б. Красин мен Л. Уркарт арасындағы келіс сөздер Лондонда 1921 жылы июньнің ортасында басталды. 1921 жылғы августан сентябрьге дейін келіс сөздер Москвада өтті. Совет үкіметі Октябрь революциясына дейін Уркарт иелік еткен кәсіпорындарды белгілі бір шарттармен оған концессияға беруге әзір еді. Ленин концессияның негізгі шарттарын белгілеп, келіс сөздердің барысын зер сала бақылап отырды (қараңыз: Лениннің жинақтары: XX, 188-бет; XXIII, 63—69-беттер;

XXXV, 219—220, 221—222, 223-беттер; XXXVI, 261—262, 311—312-беттер). Келіс сөздердің барысында концессиялық шарттың жобасы әзірленді. Алайда 1921 жылы октябрьде Уркарт келіс сөздерді үзді, қысым көрсету және шантаж жасау арқылы Совет үкіметін елеулі жеңілдіктер жасауға көндіруге үміттеніп, антисоветтік науқанға қосылды.

Лениннің ұсынысы бойынша РКП(б) Орталық Комитеті Уркартқа концессияға беруге белгіленген кәсіпорындарды зерттейтін комиссия құрды, оның председателі И. К. Михайлов болды. Комиссия көрсетілген кәсіпорындардың бүлінуіне шетелдіктер кінәлы деген қорытындыға келіп, Уркартқа концессия беруге қарсы пікір білдірді.

РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына жасалған, жариялапып отырған бұл ұсыныстарды В. И. Ленин Михайлов комиссиясының баяндама запискасын алғаннан кейін жазған. Ленин бұл ұсыныстарында Уркарт Совет мемлекетіне көп заем берген жағдайда ғана оған концессия берілуі мүмкін деп көрсетті.

Уркартпен келіс сөздер 1922 жылы қайта басталды.

Красин 1922 жылы 9 сентябрьде Уркартпен алдын ала жасалған концессиялық шартқа қол қойды. Бұл шарт бойынша, Уркартқа концессия ретінде Орыс-Азиялық біріккен қоғамының Урал мен Сибирьдегі бұрынғы кәсіпорындары (Қыштым, Таналық, Риддер және Екібастұз өңірлеріндегі) 99 жыл мерзімге берілді (шартқа қол қойылғаннан кейін 40 жылдан соң барлық концессиялық кәсіпорындарды мерзімінен бұрын сатып алуға Совет үкіметі праволы болды).

Красин қол қойған шарттың талаптары бойынша, концессионердің айналым капиталын және кәсіпорындарды Совет үкіметі тарапынан берілген жарлықтар салдарынан концессионердің өз иелігіндегі кәсіпорындарда шеккен шығыны мөлшерінде,— бұл мөлшер шығын анықталған соң белгіленеді,— қалпына келтіру мақсатын көздеп, совет жағы оған материалдық жәрдем көрсетуге тиісті болды. Алайда бұл жәрдемнің жалпы сомасы «алтын ақшамен 20 млн. сомнан аспайды» деп ескертілді. Совет жағы бұл белгіленген соманың есебіне шарт біржола бекітілгеннен кейінгі екі айдың ішінде концессионерге 150 мың ф. ст. беруге келісті. Соманың қалған бөлегі концессионерге шарт бекітілген күннен бастап есептегенде 15 жыл мерзімде талап етушісіне 10 000 сомдық парқы бар міндеттемелермен төленетін болды. Шартқа қол қойылғаннан кейін 3 жылдан соң осы міндеттемелері бойынша концессионерге жылына 3 процент есебінен проценттер есептеліне басталуға тиіс болды. Концессионерге концессия территориясында орман және қазынды байлықтарды пайдалану жөнінде айрықша право, сондай-ақ өндіріліп жатқан шикізат пен шығарылып жатқан өнімдерді белгілі бір шарттармен ішкі рынокта (РСФСР-де) немесе шетелде сату правосы берілді. Концессиялық кәсіпорындар жергілікті салықтар мен төлемдер төлеуден босатылды, бі-

рақ оларға мемлекеттік өнеркәсіп орындары үшін совет заңдары бойынша тағайындалған жалпы мемлекеттік салықтар мен төлемдер салынды. Концессионер металл балқыту жөнінен өзіне белгіленген минималды норманың орындалуын қамтамасыз етуге, өндірісті кепілді мөлшерде үздіксіз арттыруға және бұл туралы Совет үкіметінің алдында мезгіл-мезгіл есеп беріп отыруға міндеттенді. Концессия берілгені үшін төленетін ақы ретінде ол жыл сайын РСФСР үкіметіне, Совет үкіметінің қалауына сәйкес, ақшадай (ағылшын валютасымен) немесе заттай мынадай үлес беруге міндеттенді: концессионердің өндіретін металдарының және тікелей сатуға шығарылатын әр түрлі қазындылардың 6 проценті; өндірілетін көмірдің, шымтезектің немесе шикізаттың 6 проценті; өндірістің басқа өнімдерінің — «шығарылатын материалдардың, фабрикаттардың, бұйымдардың және т. б.» — өзіндік құнынан қолма-қол төленетін ақша есебімен 4 процент. Совет үкіметіне концессионерден «оның өндіріп жатқан металдары мен өнімдерінің, алатын қазындыларының және шығаратын басқа да товарларының 50 процентіне дейін» сатып алуға право берілді. Концессия мерзімі біткеннен кейін концессионердің барлық кәсіпорындары Совет үкіметіне тегін берілуге тиісті болды.

Шартқа қол қойылғаннан кейін бір ай мерзім ішінде оны Халық Комиссарлары Советі бекітуге тиісті болды.

Красин қол қойған шартпен танысқан соң, Ленин оны Совет мемлекетіне көрінеу тиімсіз шарт деп бағалады, сөйтіп шартты бекітуге қарсы пікір айтты (қараңыз: осы том, 234—235-беттер). Л. Уркартпен шарт жасасу туралы мәселе РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 14, 21, 28 сентябрьдегі мәжілістерінде, РКП(б) Орталық Комитетінің 1922 жылғы 5 октябрьдегі пленумында талқыланды. Орталық Комитеттің пленумы қаулы қабылдады, оның бір пунктінде былай делінді: «I. а) Уркартпен шарт қабылданбасын. Оның бер жағында, Англиямен сауда шартының тұрақсыздығы — Англия бұл шартты біржақты актімен және қалаған кезінде үзе алатын еді — шартты қабылдамауға себеп бола алады. Ал негізгі себеп мынау: қазіргі кезеңде Россия үшін өмірлік мәні бар Дарданеллы туралы мәселеде Англия душпандық саясат жүргізіп отырғандықтан Советтік Россия көлемі мен маңызы жағынан мұндай айрықша концессияға қол қоя алмайды. Бұл себеп Халық Комиссарлары Советінің ресми қаулысында ерекше көрсетілуге тиіс». Халық Комиссарлары Советі 6 октябрьде шартты қабылдамай тастады (қараңыз: «Известия ВЦИК» № 226, 7 октябрь, 1922 жыл).

Ленин концессияның барлық шарттарын тағы да мұқият зерттеу қажет деп есептеді (қараңыз: осы том, 243-бет). Ол, атап айтқанда, концессия территориясын кемітуді және Уркарт алуға тиісті соманы азайтуды ұсынды (қараңыз: осы том, 266-бет).

Уркартпен келісімді Совет үкіметінің қабылдамаған себептері туралы, сондай-ақ онымен келіс сөздерді қайта бастау мүмкіндігі туралы мәселені Ленин ағылшын газеттері — «Обсервер» мен «Манчестер Гардианның» тілшісі Фарбманға 1922 жылы 27 октябрьде (қараңыз: осы том, 273—-274-беттер) және «Манчестер Гардиан» газетінің тілшісі А. Рансомға 1922 жылы 5 ноябрьде (қараңыз: осы том, 297-бет) берген интервьюінде сөз етті.— *231.*

135 *Кәсіптік одақтардың Бүкіл россиялық бесінші съезі* Москвада 1922 жылы 17—22 сентябрьде өтті. Съезге 5 миллионнан астам ұйымдасқан жұмысшылардың өкілдері болып табылатын 970 делегат қатысты (шешуші дауыспен — 775, кеңесші дауыспен — 195 делегат). Съезд В. И. Ленинді президиумның құрметті мүшесі етіп сайлады.

Съездің күн тәртібіне мына мәселелер қойылды: 1) ВЦСПС-тің есебі және Тексеру комиссиясының баяндамасы, 2) одақтың жаңа саясатын жүргізудің қорытындылары туралы баяндама және кәсіптік қозғалыстың кезекті міндеттері, 3) өнеркәсіптің жағдайы туралы Халық шаруашылығы жоғары советінің баяндамасы, 4) Еңбек халық комиссариатының баяндамасы, 5) одақтардың ұйымдық құрылысы, 6) жалақыны реттеу және коллективтік шарттар, 7) кәсіподақтардың мәдени-ағарту жұмысы, 8) әлеуметтік қауіпсіздендіру, 9) кәсіподақтардың ашаршылыққа байланысты жүргізген жұмысы туралы хабарлама баяндама, 10) Профинтерннің баяндамасы, 11) сайлау.

Съезд қарсаңында, сентябрьдің басында, ВЦСПС президиумының председателі М. П. Томский Лениннен съезге хат жолдауды өтінді. Ленин бұған келісті. «Сіздің өтінішіңізді зор ықыласпен орындаймын,— деп жазды Ленин 9 сентябрьде Томскийге.— Сізде мен өз хатымда тоқталуға тиісті ерекше тақырыптар бар ма, әлде жоқ па,— осыны жазып жіберіңізші. Көп нәрседен хабарсызбын, білмеймін, жалпы және жай құттықтаумен шектелу лайық болар ма екен, әлде қандай да бір арнаулы тақырып төңірегінде азды-көпті тиянақты әңгімелеген жөн бе. Бүкіл президиумға жалынды коммунистік сәлеммен. Ленин». Ленин 13 сентябрьде жазған хатының жобасын мынадай запискамен қоса И. В. Сталинге жібереді: «Сталин жолдас! Мына хаттың жобасын Томский жолдасқа (сондай-ақ, егер қажет болса, Каменев, Зиновьев, Рыков жолдастарға, т. т.) көрсетіңізші, содан соң *маған қайтарыңыз, машинкада қайта бастыртып ертең қайтарыңызшы.* Мен оны 16-сы күні немесе қажет болған күні съезге жеткіздіртемін. *Ленин*». Ленинге қайтарылған запискада Саяси бюро мүшелерінің хаттың текстімен келісетіндігі жөнінде қойған белгілері, сондай-ақ Томскийдің: «Егер ірі өнеркәсіп социализмнің базасы екендігі туралы тақырыпқа *жұмысшылар туралы* біршама әсерлірек бірер сөз жазылса,

жақсы болар еді»— деген ескертпесі бар. Ленин: «ал нақ осы өнеркәсіп, «ауыр индустрия» деп аталатын өнеркәсіп, социализмнің негізгі базасы болып табылады» деген қосымшаны хаттың жобасына, сірә, осы ескертпеге байланысты енгізген болуы керек.

Лениннің хаты съездің бірінші мәжілісінде, 17 сентябрьде кешке оқылды; сонымен бірге Лениннің тапсырмасы бойынша және оның атынан Томский съезге, ол арқылы кәсіптік одақтарға ұйымдасқан барлық қызметкерлерге Владимир Ильичтен жалынды сәлем айтып, табысқа жетуге тілек білдірді. Съезд В. И. Ленинге жауап ретінде сәлем хат қабылдады, онда былай делінді: «Сіз тағы да бізбен біргесіз, Сіздің рульді өз қолыңызға алғаныңызды біз тағы да көреміз деген ойдың бір өзінен-ақ — бойдағы жігеріміз тасып, түпкілікті жеңіске деген үмітіміз кәміл сенімге айналады». «Біз,— делінді одан әрі сәлем хатта,— ірі өнеркәсібімізді ең таяу жылдардың ішінде соғысқа дейінгі дәрежесінен әлдеқайда асып түсетін көлемде қалпына келтіруге барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз. Съезд ұйымдасқан жұмысшылардың атынан Сізге бұл жөнінде салтанатты уәде береді және ол уәдесін қасиеттеп орындайды».— *236.*

136 1922 жылы 10 августа РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы партияның Орталық Комитетінің кезекті пленумына РСФСР-дің және тәуелсіз ұлттық совет республикаларының өзара қатынастары туралы мәселені әзірлеу жөнінде комиссия құруды Ұйымдастыру бюросына жүктеді. Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросының 11 августа құрылған комиссиясына И. В. Сталин, В. В. Куйбышев, Г. К. Орджоникидзе, Х. Г. Раковский, Г. Я. Сокольников және ұлт республикаларының өкілдері — С. А. Агамали-оглы (Азербайжан), А. Ф. Мясников (Армения), П. Г. Мдивани (Грузия), Г. И. Петровский (Украина), А. Г. Червяков (Белоруссия) және басқалары енді.

Сталин комиссия қарарының жобасын —«РСФСР-дің тәуелсіз республикалармен өзара қатынастары туралы» қарардың жобасын әзірледі; бұл жоба Украинаның, Белоруссияның, Азербайжанның, Грузияның және Арменияның автономиялы республикалар правосымен Россия федерациясына кіруін көздеді. Сталиннің жобасы советтік ұлт республикалары компартияларының Орталық Комитеттеріне талқылауға жіберілді. Оны Азербайжан және Армения компартияларының Орталық Комитеттері қолдады. Грузия КП Орталық Комитеті жобаға қарсы шығып, 1922 жылғы 15 сентябрьдегі мәжілісінде көпшілік дауыспен мынадай шешім қабылдады: «Сталин жолдастың тезистері негізінде ұсынылып отырған тәуелсіз республикаларды автономияландыру формасындағы біріктірудің мерзімі әлі жеткен жоқ деп саналсын. Шаруашылық жөніндегі күш-жігерді және жалпы саясатты біріктіру қажет деп есептейміз, бірақ тәуелсіздік-

тің барлық белгілері сақталуы керек». Белоруссия КП Орталық Комитеті өзінің қаулысында тәуелсіз республикалар арасында шарттық қатынастарды сақтауды жақтап пікір білдірді. Украина КП Орталық Комитеті жобаны талқылаған жоқ.

Комиссияның мәжілісі 1922 жылы 23 және 24 сентябрьде болды, В. М. Молотов председательдік етті. Комиссия (бір адам — Грузияның өкілі қалыс қалған жағдайда) Сталиннің жобасын негіз етіп қабылдады. Комиссия арнаулы пунктпен Грузия КП Орталық Комитетінің қарарын қабылдамай тастады. Сталиннің жобасы пункт-пункт бойынша талқыланған кезде соңғы пункттері көпшілік дауыспен жобаның мәнін өзгертпейтін кейбір өзгерістермен және қосымшалармен қабылданды. Атап айтқанда, екінші пункт — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті, РСФСР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі қаулыларының ұлт республикаларының тиісті мекемелері үшін міндеттілігі туралы пункт 8 дауыспен қабылданды, 1 дауыс (Мдивани) қарсы, 1 адам (Петровский) қалыс қалды.

В. И. Ленин Саяси бюро мүшелеріне арналған, осы жарияланып отырған хатында талдаған комиссия қарарының түпкілікті тексті мынадай:

«1. Украина, Белоруссия, Азербайжан, Грузия, Армения және РСФСР советтік республикалары арасында алғашқыларының ресми түрде РСФСР құрамына кіруі туралы шарт жасасу орынды болады деп есептелсін, Бұқара, Хорезм және Қиыр Шығыс Республикасы туралы мәселе ашық қалдырылсын, олармен таможня ісі, сыртқы сауда, сыртқы істер, әскери істер және басқалары жөнінде шарт жасасуды қабылдаумен шектелсін.

Ескерту: 1-ші пунктте аталған республикалар мен РСФСР-дің конституцияларына бұл мәселе совет жолымен өткізілген соң тиісті өзгерістер енгізілсін.

2. Осыған сәйкес РСФСР Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің қаулылары 1-ші пунктте аталған республикалардың орталық мекемелері үшін міндетті делініп, ал РСФСР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулылары — осы республикалардың біріккен комиссариаттары үшін міндетті деп саналсын.

Ескерту: РСФСР Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының құрамына осы республикалардың өкілдері енгізіледі.

3. 1-ші пунктте аталған республикалардың сыртқы істері (Сыртқы істер халық комиссариаты, Сыртқы сауда халық комиссариаты), әскери істері, қатынас жолдары (жергілікті транспорттан басқасы) және Потельдері (Почта және телеграф халық комиссариаты.— *Ред.*) РСФСР-дің сондай мекемелерімен біріктірілсін, республикаларда РСФСР-дің тиісті

халық комиссариаттарының шағын аппараты бар өз уәкілдері болуы керек.

Уәкілдерді, республикалардың Орталық Атқару Комитеттерімен келісе отырып, РСФСР халық комиссарлары тағайындайды.

Республикалар мүдделі болған жағдайда олардың өкілдері Сыртқы істер халық комиссариаты мен Сыртқы сауда халық комиссариатының шетелдердегі тиісті өкілдіктеріне қатысуы орынды болады деп саналсын.

4. Республикалардың финанс, азық-түлік, еңбек және халық шаруашылығы халық комиссариаттары РСФСР-дің тиісті халық комиссариаттарының директиваларына ресми түрде бағындырылсын.

5. 1-ші пунктке аталған республикалардың қалған халық комиссариаттары, атап айтқанда: юстиция, ағарту, ішкі істер, егіншілік, жұмысшы-шаруа инспекциясы, халық денсаулығын сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаттары дербес деп саналсын.

1-ші ескерту: Жоғарыда аталған республикалардың контрреволюцияға қарсы күресетін органдары РСФСР Мемлекеттік саяси басқармасының директиваларына бағындырылсын.

2-ші ескерту: Республикалардың Орталық Атқару Комитеттеріне тек азаматтық істер бойынша ғана амнистия правосы берілсін.

6. Бұл шешім жарияланбайды, ал оны РКП Орталық Комитеті мақұлдағаннан кейін, Советтердің Бүкіл россиялық съезі шақырылғанға дейін жоғарыда аталған республикалардың Орталық Атқару Комитеттеріне немесе Советтер съездеріне совет жолымен өткізу үшін, нұсқау директива ретінде, ұлттық Орталық Комитеттерге беріледі, ал Советтердің Бүкіл россиялық съезінде ол осы республикалардың тілегі ретінде жарияланады» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Г. И. Петровскийдің ұсынысы — комиссия қабылдаған шешімдерді республикалардың губерниялық партия комитеттерінің бюроларында талқылауға рұқсат ету жөніндегі ұсыныс — төрт дауысқа (Петровский, Червяков, Агамалиоглы, Мдивани) қарсы 5 дауыспен қабылданбады; бұдан кейін Петровский РСФСР-мен озара қатынастар туралы мәселені Украина КП Орталық Комитеті талқыламағанын комиссия протоколына жазып қоюды ұсынды.

25 сентябрьде комиссияның материалдары (Сталиннің жобасы, комиссия мәжілістерінің қарары мен протоколдары, сондай-ақ Грузия, Азербайжан және Армения компартиялары Орталық комитеттерінің қарарлары) Горкидегі Ленинге жіберілді. Сонымен бірге, Лениннің нұсқауларын күтпестен және бұл мәселені Саяси бюрода қарамастан, Орталық Комитеттің секретариаты комиссияның қарарын

5 октябрьде болатын пленум қарсаңында РКП(б) Орталық Комитетінің барлық мүшелері мен мүшелікке кандидаттарға таратып берді.

Комиссияның материалдарымен танысқан соң, Ленин Саяси бюроның мүшелеріне арналған, осы жарияланып отырған хатты жазды. Хатта 27 сентябрь деп көрсетілген; бұл жаңсақтық болса керек, өйткені «В. И. Лениннің хаттары, записскалары және тапсырмалары тіркелетін кітапта» Лениннің хаты Саяси бюроның мүшелеріне 26 сентябрьде жіберілді деп жазылған; оның үстіне, хатта айтылған Лениннің Сталинмен әңгімесі 26 сентябрьде болды; осыған сүйеніп Ленин хатты 26 сентябрьде жазған деген қорытынды жасауға болады.

Ленин Саяси бюро мүшелеріне арнаған хатында Сталиннің дербес ұлттық совет республикаларын «автономияландыру» туралы идеясына қарсы шықты және Советтік Социалистік Республикалар Одағын құруды ұсынып, оларды біріктірудің принцип жағынан басқа жолын көрсетіп берді (сонымен бірге В. И. Лениннің «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатын да қараңыз — осы том, 394—401-беттер).

Сталин оның атына Ленин айтқан сынға және Лениннің совет республикаларын олардың тең праволылығы мен суверенитетін сақтау негізінде біріктіру туралы ұсынысына мүлде теріс қарады. Сталин 1922 жылы 27 сентябрьде Саяси бюро мүшелеріне жазған хатында, СССР-ді құру идеясының интернационалистік мәнін анық түсініп алмастан, Лениннің позициясын «ұлттық либерализм» ретінде бағалады. Сталин РСФСР Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетімен бірге одақтық Орталық Атқару Комитетін құруға қарсы болып, оны федералдық Орталық Атқару Комитетіне айналдыруды ұсынды. Бірақ партияның Орталық Комитеті Ленинді қолдайтындығын түсінгендіктен, Сталин өз көзқарасын қорғауға батылы бармай, Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы комиссиясының қарарын Лениннің барлық ұсыныстарымен сәйкестендіріп қайта өңдеді. Сталиннің, Орджоникидзенің, Мясниковтың және Молотовтың қолдары қойылған жаңа жоба Орталық Комитеттің мүшелері мен мүшелікке кандидаттарына таратылды. Алайда жобаға кіріспе бөлімде Лениннің принциптік мәні бар нұсқаулары негізінде оның қайта жасалғаны айтылмай қалды, «автономияландыру» жобасы мен СССР-ді құрудың лениндік жобасының арасындағы түбегейлі айырмашылық анық көрсетілмеді, жаңа қарар Орталық Комитеттің Ұйымдастыру бюросы комиссиясының «негізінде дұрыс және сөзсіз қолайлы» қарарының «біршама өзгертілген, неғұрлым дәл тұжырымдамасы» ғана деп пайымдалды.

Жаңа қарардың текстінде былай делінді:

«1. Украина, Белоруссия, Закавказье Республикалары Федерациясы және РСФСР арасында оларды «Социалистік

Советтік Республикалар Одағына» біріктіру туралы шарт жасалуы қажет деп танылсын және олардың әрқайсысының «Одақтың» құрамынан өз еркімен шығу правосы сақталсын.

2. «Одақтың» жоғары органы «Одақтық Орталық Атқару Комитеті» деп есептелсін, ол халықтарының санына пропорциялы түрде РСФСР, Закавказье Федерациясы, Украина және Белоруссия Орталық Атқару Комитеттерінің өкілдерінен құрылады.

3. «Одақтық Орталық Атқару Комитеті» тағайындайтын «Одақтық Халық Комиссарлары Советі» «Одақтық Орталық Атқару Комитетінің» атқару органы деп есептелсін.

4. «Одақтың» құрамына кіретін Республикалар мен федерациялардың Сыртқы істер халық комиссариаты, Сыртқы сауда халық комиссариаты, Әскери істер халық комиссариаты, Қатынас жолдары халық комиссариаты және Почта және телеграф халық комиссариаты «Сов. Соц. Республикалар Одағының» сәйкес халық комиссариаттарымен біріктірілсін, «Республикалар одағының» тиісті халық комиссариаттарының республикалар мен федерацияларда шағын аппараты бар өз уәкілдері болсын, бұл уәкілдерді федерациялар мен республикалардың Орталық Атқару Комитеттерімен келісе отырып, «Одақтың» халық комиссарлары тағайындайды.

Ескерту: Мүдделі республикалардың өкілдерін Сыртқы істер халық комиссариаты мен Сыртқы сауда халық комиссариатының шетелдердегі тиісті өкілдіктеріне қатыстыру қажет деп саналсын.

5. «Республикалар одағының» құрамына кіретін республикалар мен федерациялардың финанс, азық-түлік, халық шаруашылығы, еңбек және инспекция халық комиссариаттары, сондай-ақ олардың контрреволюцияға қарсы күресетін орталық органдары «Республикалар одағының» тиісті халық комиссариаттарының директиваларына және Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің қаулыларына бағындырылсын.

6. Республикалар «Одағының» құрамына кіретін қалған халық комиссариаттары, атап айтқанда: юстиция, ағарту, ішкі істер, егіншілік, халық денсаулығын сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариаттары дербес деп саналсын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

1922 жылы 6 октябрьде, РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында РСФСР мен тәуелсіз республикалар арасындағы өзара қатынастар туралы мәселе талқыланған күні, бұл мәжіліске қатыса алмаған Ленин Л. Б. Каменевке записка жазып, ұлы державалық шовинизммен күресу қажеттігін атап көрсетті және қарарға қосымшада одақтық Орталық Атқару Комитетінде бірігетін республикалардың бәрінің өкілдері кезектесіп председательдік етуін ұсынды (қараңыз: осы том, 211-бет).

РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Лениннің позициясын толығымен қолдады, оның ұсыныстары негізінде әзірленген қарарды Орталық Комитеттің директивасы ретінде қабылдады және Советтер съезіне енгізу үшін И. В. Сталин председателі болған жаңа комиссияға СССР-ді құру туралы заңның жобасын әзірлеуді тапсырды. Орталық Комитеттің мүшелері өздерінің сөздерінде ұлы державалық шовинизмнің көріністерін батыл айыптады. Сонымен бірге пленум алғашында СССР-дің құрылуына қарсы шыққан, содан кейін Грузияның СССР-ге Закавказье Федерациясы арқылы емес, тікелей кіруін талап еткен Мдиваниге тойтарыс берді.

Лениннің принципті нұсқауларын басшылыққа ала отырып, партияның Орталық Комитеті республикаларды біріктіру жөніндегі бұдан былайғы жұмыстың бәрін бағыттап отырды. В. И. Лениннің Одақтық Орталық Атқару Комитетінің кезектесіп председательдік ететін (бірігетін республикалардың санына қарай) бірнеше председателі институтын құру туралы ұсынысы қабыл алынды. М. И. Калининнің ұсынысы бойынша, республикалар одағының жоғары органы Советтердің Бүкіл одақтық съезі болып табылады, съезд федерациялық Орталық Атқару Комитетін сайлайды, ал ол Одақтық Халық Комиссарлары Советін сайлайды деп ұйғарылды. РКП(б) Орталық Комитетінің 18 декабрьде өткен пленумы комиссия ұсынған Одақтық шарттың жобасын қарады. Пленум Одақтық съезд СССР-ді құру туралы декларация қабылдауға, Орталық Атқару Комитетін сайлауға, Орталық Комитеттің 6 октябрьдегі пленумының директивасы негізінде шарттың текстін әзірлеуге тиіс деп қаулы етті; съезд әзірлеген шарттың тексті шарт жасасушы республикалар Орталық Атқару Комитеттерінің сессияларының мақұлдауына беріледі; шарттың тексті шарт жасасушы республикалардың Орталық Атқару Комитеттерінде мақұлданғаннан кейін және Одақтық Орталық Атқару Комитетінің келесі сессиясында бекітілгеннен кейін дереу күшіне енеді; шарттың тексті СССР II съезінде түпкілікті бекітілуге тиіс; Одақтық Халық Комиссарлары Советін сайлау және халық комиссариаттарын ұйымдастыру Одақтық Орталық Атқару Комитетінің 1923 жылы апрельде шақырылатын сессиясына дейін кейінге қалдырылады.

1922 жылы 30 декабрьде Советтердің Бүкіл одақтық I съезі болды, онда Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылды.— *238.*

137 *Тоқымашылар кәсіптік одағының Бүкіл россиялық V съезі* Москвада 1922 жылы октябрьдің 6-нан 11-не дейін өтті. Оған шешуші дауыспен 350 делегат, кеңесші дауыспен 117 делегат қатысты. Съезд кәсіподақтар Орталық комитетінің есебін, тоқыма өнеркәсібінің жағдайы туралы, кәсіподақтардың Бүкіл россиялық съезі туралы, ұйымдық мәселе

жөніндегі, еңбек ету жағдайлары туралы, мәдени жұмыс туралы және тоқымашылар арасындағы халықаралық жұмысшы қозғалысы туралы баяндамаларды талқылады.

Бірінші мәжілісте делегаттар В. И. Ленинді съездің құрметті председателі етіп сайлап, оған сәлем хат жолдады. 1922 жылы 9 октябрьде олар Лениннен съезге келуді өтінді, Ленин бұған келісім берді. Алайда денсаулығының нашарлауы себепті ол съезге келе алмады.

10 октябрьде Владимир Ильичпен әңгімелескен Тоқымашылар кәсіподағы басқармасының председателі И. И. Кутузов съезде былай деп әңгімеледі: «Өздеріңізге мәлім, кеше, Ленин жолдас съезге келуге уәде берген еді. Оның тісі ауырады екен, міне сол ауруына да қарамастан, қалай дегенмен де осында келуге ұйғарған еді.

Мен осы келгенде Лениннен келіп тұрмын, ал барғанымда оның кешегіден өзгеріп қалғанын өзім де байқадым. Ол ауырып отырмын, қалай болатынын білмеймін, тегінде, қатысудың сәті түспес, мәселе дәрігерлердің не дейтініне байланысты деді. Сөйтіп отырғанда дәрігерлер келді, олар Лениннің тағы бір апта бойы ешқайда шығуына үзілді-кесілді тыйым салды.

...Ленин жолдас біздің съезд жұмысының барысына, делегаттардың көңіл күйіне және жергілікті жерлерде не істеліп жатқанына өте-мөте қатты назар аударды. Ол біздің съезіміздің жұмысы жемісті болуына тілек білдірді, өзінің съезде бола алмағандығына қатты өкінді».

Лениннің құттықтауы съездің 10 октябрьдегі таңертеңгі мәжілісінде оқылды. Съезд президиумы делегаттардың атынан оған жауап хат жолдады.— *245.*

138 *Россия Коммунистік Жастар Одағының Бүкіл россиялық бесінші съезі* 1922 жылы 11—17 октябрьде Москвада өтті. Съезде мынадай баяндамалар тыңдалды: 1) Республиканың халықаралық және ішкі жағдайы туралы, 2) Коммунистік жастар Интернационалы Атқару Комитетінің баяндамасы, 3) Россия Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің есебі, 4) жаңа экономикалық саясат жағдайында жастарға коммунистік тәрбие берудің негізгі міндеттері, 5) жұмысшы жастардың білім алуы, 6) деревнядағы жұмыс. Мәселелердің бір бөлегі төрт секцияның: ұйымдастыру, саяси-ағарту, экономикалық және спорт секцияларының мәжілістерінде қаралды.

Лениннің құттықтауы 11 октябрьдегі бірінші мәжілісте оқылды. Съезд Ленинге сәлем хат жолдады. «Пролетарлық революцияның,— деп жазды онда съезд делегаттары,— еңбекші жастардың қалың көпшілігін оятқаны сонша, жұмысшы және шаруа жастарының қалың бұқарасын саяси өмірге серпілткені сонша, біздің қатарымызда орасан мол революциялық күш пен қуат жиналып отыр. Біздің міндетіміз осы күш-қуатты дұрыс жолға жұмсау, осы күш-қуатты

айқын таптық санамен қаруландыру болып табылады... Комсомолдық Россия Сіздің шақыруыңыз бойынша «аспанға атой салуға!» әрдайым дайын болады».— *246*.

139 Жарияланып отырған хат РКП(б) Орталық Комитетінің 1922 жылы 5—6 октябрьде өткен пленумы В. И. Ленин қатыса алмаған 6 октябрьдегі мәжілісінде Г. Я. Сокольниковтың баяндамасы бойынша сыртқы сауда монополиясын бәсеңдету туралы қаулы алуымен байланысты жазылған. Ол шешімде былай делінді: «а) Сыртқы сауда монополиясы жөнінен ешқандай өзгеріс жарияламастан, Еңбек және Қорғаныс Советі товарлардың жеке категориялары бойынша сырттан әкелу мен сыртқа шығаруға немесе жекелеген шекараларға қолдануға уақытша рұқсат беру туралы бірқатар жеке қаулылар алсын; б) Еңбек және Қорғаныс Советіне көрсетілген шараларды дереу жүзеге асыра бастау ұсынылсын, сыртқа шығарылатын немесе сырттан әкелінетін товарлардың, сондай-ақ сырттан әкелу мен сыртқа шығару жүзеге асырылатын порттар мен шекаралардың жалпы тізімі жасалғанға дейін бұл шаралар кейінге қалдырылмайтын болсын...» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Ленин пленумның шешімімен келіспеді, бұл шешім сыртқы сауда монополиясының бұзылуына әкеп соқтырады деп есептеді. Лениннің бұл көзқарасын сыртқы сауда халық комиссары Л. Б. Красин қолдады, ол Саяси бюроға осы мәселе жөнінде мақала табыс етті. 12 октябрьде Ленинге хат жазған Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі Л. М. Хинчук және басқа бірқатар шаруашылық қызметкерлері сыртқы сауда монополиясын бәсеңдетуге қарсы болды.

РКП(б) Орталық Комитетіне арналған, жарияланып отырған хатта,— хаттың бірінші бөлегі 12 октябрьде жазылған (Ленин бұл хатпен Л. Б. Красинді алдын ала таныстырған), ал қосымшалары 13 октябрьде жазылған,— Ленин пленумның сыртқы сауда тәртібі туралы қаулысының қате екенін көрсете келіп, бұл мәселені шешуді екі айға, партияның Орталық Комитетінің келесі пленумына дейін кейінге қалдыра тұруды ұсынды.

12 октябрьде, Лениннің хатын алғанға дейін-ақ, оның пікірін білгендіктен,— өйткені Владимир Ильич бұл мәселе жөнінде И. В. Сталинмен әңгімелескен болатын,— Саяси бюро Л. Б. Красиннің мақаласын қарап, мынадай шешім қабылдады: «а) Орталық Комитеттің Москвадағы барлық мүшелерінен пленумның сыртқы сауда тәртібі туралы шешімін жүзеге асыруды екі айға кейінге қалдыру туралы мәселе жөніндегі пікірлерін сұрау секретариатқа тапсырылсын; б) Орталық Комитеттің мүшелері Красин жолдасқа өзінің осы мәселе жөніндегі пікірлерін екі күн мерзімнен кешіктірмей Орталық Комитетке табыс етуді жүктесін; бұл пікірлер-

ді Орталық Комитеттің барлық мүшелеріне таратуды секретариатқа міндеттесін; в) егер пікір сұралғанда басым көпшілік дауыс жиналмаса, мәселені шешу Орталық Комитеттің Саяси бюросына көшірілсін» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

13 октябрьде Орталық Комитеттің секретариаты келіп түскен В. И. Лениннің хаты мен Л. Б. Красин табыс еткен «Сыртқы сауда тәртібі туралы Сыртқы сауда халық комиссариатының тезистерін» Орталық Комитеттің мүшелеріне таратып берді. Орталық Комитеттің мүшелері В. И. Лениннің ұсынысын қолдады, олардың тек кейбіреулері ғана өз позицияларын әлі де қорғап бақты. Мысалы, Н. И. Бухарин 15 октябрьде И. В. Сталиннің атына жолдаған хатында сыртқы сауда монополиясын жою талабын дәлелдеуге тырысты. Сталин Орталық Комитеттің мүшелеріне былай деп жазды: «Ленин жолдастың хаты Орталық Комитет пленумының сыртқы сауда туралы 6/X-дегі шешімінің дұрыстығына менің сенімімді өзгерте алған жоқ... Солай бола тұрса да, Ленин жолдастың Орталық Комитет пленумының шешімін іске асыруды кейінге қалдыру туралы табанды ұсыныс жасауы себепті, мен мәселені келесі пленумда Ленин жолдастың қатысуымен қайта талқылауға қою үшін кейінге қалдыруды *жақтап* дауыс беремін». Тек Г. Е. Зиновьев қана өзінің «Сыртқы сауда тәртібі туралы мәселе жөнінде пленум қабылдаған шешімді формальды пікір бойынша да, сондай-ақ істің мәні бойынша да қайта қарауға үзілді-кесілді қарсы» екендігін, сөйтіп өзінің «қайта қараудың қандайына болсын қарсы» дауыс беретіндігін мәлімдеді (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, Орталық Комитет мүшелерінің пікірін сұрау нәтижесінде 16 октябрьде бір дауысқа қарсы 14 дауыспен мынадай шешім қабылданды: «Мәселені шешу келесі пленумға дейін кейінге қалдырылсын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).

Сонымен бірге В. И. Лениннің Орталық Комитет пленумына арнап сыртқы сауда монополиясы туралы 1922 жылы 13 декабрьде И. В. Сталинге жазған хатын (осы том, 372—376-беттер) және ол хатқа берілген ескертуді қараңыз.— *247.*

[140] Бұл арада РСФСР үкіметі мен Отто Вольф басқарған герман фирмалары консорциумы арасында 1922 жылы 9 октябрьде Берлинде жасалған келісім туралы айтылып отыр. Бұл келісім жалпы протоколдан және үш шарттан тұратын. Бірінші шартта құрылғалы отырған аралас Орыс-Герман сауда акционерлік қоғамы (Русгерторг) туралы негізгі ережелер баяндалды, пайданы бөлу, даулы мәселелерді шешу

тәртібі белгіленді. Екіншісі — Русгерторгтың Сыртқы сауда халық комиссариатының бақылауында болатын сауда саласындағы жұмыс тәртібін реттеді, товар сатып алу, товарларды сырттан әкелу және сыртқа шығару, бағаларды белгілеу мәселелерін шешті. Үшінші шарт бойынша консорциум Совет үкіметіне консорциум өндіретін бұйымдарды сатып алуға бір жыл мерзімге 10 процент жылдық осім есебінен 500 мың ф. ст. дейін товар кредитін, ал Русгерторгқа — дәл сондай шарттармен 750 мың ф. ст. мөлшерінде кредит беретін болды, мұның өзінде бұдан былай да кредиттер беріп тұру көзделінді. Шарттардың күші сақталатын мерзім көрсетілген жоқ. 12 ай бұрын алдын ала хабарлағаннан кейін әрбір жақ бұл шарттарды бұза алатын болды.

Қоғамды құру туралы протоколға Берлинде 1922 жылы 16 ноябрьде қол қойылды. 1923 жылдың көктеміне қарай қоғам бірқатар совет қалаларында — Москвада, Петроградта, Дондағы Ростовта және басқаларында өзінің бөлімшелерін ашты. О. Вольфтің консорциумымен шарт жасалуы және ол шарттың бекітілуі шетелде орасан зор әсер етті, сөйтіп басқа кәсіпкерлермен және компаниялармен келіссөздер жүргізу үшін қолайлы жағдай туғызды.

Алайда бұдан былайғы жерде консорциум келісімнен туатын міндеттемелерді орындаудан жалтаруға айналды, ал 1924 жылы Русгерторгтың құрамынан шығып кетті.— *254.*

141 О. Вольф басқарған герман фирмаларының консорциумымен жасалған шартты Халық Комиссарлары Советі 1922 жылы 19 октябрьдегі декретімен бекітті. Сол күні РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісі өтті, онда В. И. Ленин О. Вольфтің фирмасымен концессиялық шарт жасалғаны туралы хабарлама жасап сөз сөйледі. Хабарламаны тыңдағаннан кейін Саяси бюро былай деп қаулы етті: «Келісімге қол жеткендігі себепті мәселе талқыланбасын. Бұл іс жөніндегі материалдар танысу үшін Саяси бюро мүшелеріне таратылсын».

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы шартты Халық Комиссарлары Советінің бекіткені туралы хабарда (1922 жылы 20 октябрьде «Известия ВЦИК» газетінің 237-номерінде жарияланған) мынадай бұрыштама бар: «Ертең газеттерде жариялансын, 19. X. 1922. Халық Комиссарлары Советінің председателі В. Ульянов (Ленин)» және «Телеграф арқылы шетелге берілсін. Ленин».— *256.*

142 *Финанс қызметкерлерінің Бүкіл россиялық съезі* Москвада 1922 жылы 22—28 октябрьде өтті. Съезге шешуші дауыспен 147 делегат, кеңесші дауыспен 126 делегат қатысты. Съезд мынадай баяндамаларды тыңдады: 1) финанс саясаты туралы, 2) 1922—1923 жылдарға арналған финанс жоспары туралы, 3) салық саясаты және салық салу жүйесін тиімді

сту туралы, 4) мүлік-табыс салығы туралы, 5) жергілікті бюджет — оның мазмұны мен ұйымдастырылуы туралы және басқа бірқатар мәселелер. Съезд қабылдаған шешімдерде Совет мемлекетін нығайту және халық шаруашылығын өркендету мақсатында финанс саясатында сомды тұрақтандыруға берік бағыт алу қажеттігі, эмиссияның ролін кеміту және ақша салықтары мен өнеркәсіптен түсетін табыстардың маңызын арттыру атап көрсетілді. Съезд салық аппаратының құрылымы туралы салық секциясы әзірлеген ережелерді және жалпы азаматтық салық туралы декреттің жобасын мақұлдады; ұйымдастыру секциясы ұсынған губерниялық, уездік және облыстық финанс бөлімдерінің штаттарын бекітті, сондай-ақ басқа да бірқатар шешімдер қабылдады.

В. И. Лениннің финанс қызметкерлерінің съезіне жолдаған құттықтауы 22 октябрьдегі бірінші мәжілісте оқылды. 27 октябрьде съездің таңертеңгі мәжілісінде Ленинге жауап хат қабылданды.— *257.*

143 *Советтік Россия достары қоғамы (Америкада)* 1921 жылы июньде пайда болды. Қоғам Американ жұмысшы одағы, Советтік Россияға техникалық көмек қоғамы және басқа да бірқатар ұйымдар өкілдерінің 7—9 августа Нью-Йоркте өткен конференциясында ресми түрде құрылды. Қоғамға 200-ден астам жергілікті ұйымдар кірді. Әрбір ұйымды Атқару комитеті немесе Қимыл комитеті басқарды, ол Қоғамның Ұлттық атқару комитетімен тікелей байланысты болды. Советтік Россия достары қоғамының Ұлттық атқару комитеті мен Кеңесші комитеті барлық ұйымдастыру және үгіт жұмысына басшылық етті, сондай-ақ жиналған ақша қаржысын бірыңғай қорға жинақтауға басшылық жасады. Қоғам Советтік Россияның жұмысшылары мен шаруаларына көмек көрсетуді, Америка Құрама Штаттарында Советтік Россия туралы шын мағлұматтар таратуды және Америка Құрама Штаттары үкіметінің Россияға экономикалық бойкот жасауын тоқтатуы жолында күресуді өзіне мақсат етіп қойды.

1922 жылы майда Қоғам Россияға трактор отрядын жіберді, бұл отряд 17 июльде Пермь губерниясының Сарапуль уезіндегі «Тойкино» совхозында (қазір Пермь облысының Больше-Сосновск ауданы) жұмысқа кірісті. Совхозды өрге бастыруда үлкен табыстарға жеткен трактор отрядының жұмысы машина техникасымен жарақтанған ірі шаруашылықтың артықшылықтарын шаруаларға айқын көрсетті. 1922 жылы 15 октябрьде «Правдада» отрядтың жетекшісі Г. Вэрдің «Американ трактор отряды» деген мақаласы жарияланды, В. И. Ленин бұл мақалаға назар аударды.

Лениннің ұсынысы бойынша, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы 1922 жылы 9 ноябрьде «Тойкино» совхозын үлгілі шаруашылық деп таныды.

Лениннің хаты Америка Құрама Штаттарындағы орыс жұмысшы ұйымдары Нью-Йоркте шығарып тұрған «Советская Россия» журналында 1922 жылы 15 ноябрьде ағылшын тілінде жарияланды.— *258.*

[144] *Советтік Россияға техникалық көмек қоғамын* 1919 жылы майда Нью-Йорктегі орыс эмигранттары ұйымдастырған болатын. Америка Құрама Штаттары мен Канаданың басқа жерлерінде де осындай қоғамдар құрылды. Қоғамды құру ісіне Россиядан келгендермен бірге американдар мен канадалықтар да белсене қатысты. Қоғам Америка Құрама Штаттары мен Канададан білікті маман жұмысшылар мен техниктер жіберу жолымен Советтік Россияның халық шаруашылығын қалпына келтіруге көмектесуді өзіне мақсат етіп қойды. 1921 жылы 2—4 июльде Нью-Йоркте Советтік Россияға техникалық көмек қоғамдарының бірінші съезі болды; бұл съезд Америка Құрама Штаттары мен Канаданың бірқатар қалаларында құрылған жергілікті қоғамдарды Советтік Россияға техникалық көмектің Америка Құрама Штаттары мен Канададағы бірыңғай қоғамына біріктірді. Қоғамның жұмысына басшылық жасау үшін съезд Орталық бюро сайлады және Қоғамның уставын қабылдады. Техникалық мамандығы бар, «Халық Комиссарлары Үкіметін танитын және Россияны коммунистік негізде құруға өзінің білімі мен еңбегін арнауға келісетін» әрбір адам Қоғамның мүшесі бола алды. 1923 жылдың басында Қоғамның Америка мен Канаданың әр түрлі жерлерінде 75-тен астам бөлімшелері және 20 мыңнан астам мүшелері болды. Қоғамның Нью-Йоркте, Чикагода, Бостонда, Филадельфияда, Питсбургте және басқа қалаларда бөлімшелері ашылды. Көптеген бөлімшелердің жанынан белгілі бір мамандықтар бойынша, мысалы, Чикагода — автомобиль, трактор және электротехника мектептері, Нью-Йоркте — механика институты, Питсбургте — механикалық шеберхана, Шығыс Вирджинияда — дайындығы бар жұмысшылардан шахтерлер әзірлейтін мектеп ашылды. Қоғам 1921 жылдың аягынан 1922 жылдың октябріне дейін Советтік Россияға жеті ауыл шаруашылық, екі құрылыс, бір шахтерлер коммуналары мен бірқатар топтар жіберді. Бұл топтар Россияға 500 мың долларға жуық соманың машиналарын, тұқымын, азық-түлігін, басқа да құрал-жабдықтарын әкелді.

1923 жылы июньде Советтік Россияға техникалық көмек қоғамының екінші съезі өтті, ол коммуналарды, білікті маман жұмысшылардың дайындалған топтарын ұйымдастыру және оларды Советтік Россияға жөнелту жөніндегі жұмысты одан әрі жалғастырып қана қоймай, оны бұрынғыдан да күшейту жөнінде шешім қабылдады. В. И. Ленинге жіберілген телеграммада съезд «дүние жүзіндегі тұңғыш жұмысшы-шаруа республикасын» құттықтай келіп, «Бүкіл дүние жүзінің езілгендері мен қаналғандарының азаттығы

және бақытты жолындағы оның қаһармандық күресінде толық қолдау көрсетуге уәде береміз» деп сендірді.

Қоғамның шаруашылық жөнінен көмек көрсетуге бағытталған белсенді жұмысы 1925 жылға дейін созылды. Қоғамның алдына қойылған міндеттер орындалғаннан кейін, 1925 жылы оның қызметі тоқтатылды.

Ленин Советтік Россияға техникалық көмек қоғамының, сондай-ақ Советтік Россияның Америка Құрама Штаттарындағы достары қоғамының Совет Республикасына көмек көрсету жөніндегі қызметін пролетарлық интернационализмнің, еңбекшілердің туысқандық ынтымақтастығының айқын көрінісі деп бағалады.

Лениннің хаты Америка Құрама Штаттарындағы орыс жұмысшы ұйымдары Нью-Йоркте шығарып тұрған «Советская Россия» журналында 1922 жылы декабрьде ағылшын тілінде жарияланды.— *260.*

145 Тамбов губерниясының Кирсанов уезінде американ ауыл шаруашылық коммунасы жұмыс істеді; бұл коммунаны 1921 жылы январьда Америка Құрама Штаттарында Советтік Россияға техникалық көмек қоғамы патша самодержавиесі қуғындағандықтан Россиядан эмиграцияға кеткен, енді Совет өкіметі орнағаннан кейін өз отанына қайтуға тілек білдірген шаруалар мен фабрика-завод жұмысшыларынан ұйымдастырған болатын. 65 адамнан құралған (олардың ішінде 5 әйел, 7 бала бар) алғашқы топ Тамбов губерниясына 1922 жылы апрельде келді. 1921 жылғы жазда Антоновтың бандиттері талқандап кеткен Кирсанов уезінің Ирск болысындағы бұрынғы «Ира» совхозының территориясы коммунаға берілді. Аз уақыттың ішінде, 1922 жылдың күзіне дейін-ақ, коммуна шаруашылықты көтеріп, барлық шаруашылық құрылыстарын қалпына келтірді, шатырларда тұрған коммуна мүшелеріне арнап екі қабатты үйдің іргесін қалады, тақтай тілетін және механикалық шеберханалар салды, мал санын едәуір көбейтті. Коммуна көрші селолардың шаруаларына көмек көрсетті: оларға астық, құрал-сайман түрінде тегін және кейіннен өтелетін қарыз берді, шеберханада шаруалардың құрал-саймандарын тегін жөндеп берді. Коммуна өзінің жұмысы арқылы шаруаларға коллективтік еңбектің тиімділігін дәлелдеп берді, оларды шаруашылықтың коллективтік формаларына тартуға жәрдемдесті. Шаруалардың өздері коммуна «халық үшін үлгі және өнеге болып отыр» деді, оны «өзіміздің шамшырағымыз» деп атады. Лениннің ұсынысы бойынша, 1922 жылы 9 ноябрьде Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы коммунаны үлгілі шаруашылық деп тапты; коммунаға зор материалдық көмек көрсетілді — кредит, қарызға тұқым, құрылысқа ағаш берілді.

1924 жылы февральда коммуна Владимир Ильич Лениннің есімімен аталды. Шаруашылықтың негізгі салаларын

өркендетудегі табыстары үшін 1936 жылы Совет үкіметі коммунаны «Құрмет белгісі» орденімен наградтады. Қазір Кирсанов ауданының Ленин атындағы колхозы (коммунарлар 1938 жылы Ауыл шаруашылық артелінің уставын қабылдаған болатын) Тамбов облысындағы ең ірі және алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірі болып табылады.

Одесса губерниясының Тирасполь уезінде, Мигаево станциясының жанынан (газетте Митино станциясы жанынан деп қате басылған) Канададан келген бір топ украиндар мен галициялықтар 1922 жылдың майында «Ленин жолдастың атындағы бірінші канадалық егіншілік үлгілі коммунасын» құрған болатын. Көп кешікпей коммунарлар өздеріне берілген күйзелген помещиктік имениені сол кездегі көлеммен алғанда аса үлкен шаруашылыққа айналдырды, үлгілі шеберханалар: ұсталық, токарьлық-слесарьлық, механикалық, столярлық балташылық шеберханалар жабдықтады, оларда жұмыс электр энергиясының көмегімен атқарылды, коммунарлар егіншілік мәдениетін жақсарту жолында табандылықпен жұмыс істеді. Төңіректегі селолардың көліксіз шаруаларына коммуна зор көмек көрсетті. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының 1922 жылғы 9 ноябрьдегі шешімі бойынша бұл коммуна да үлгілі шаруашылық деп танылды.

Донбасста Юзов ауданындағы Лидиевск рудингінде 1922 жылы жазда Россияға келген бір топ американ шахтерлері жұмыс істеді. Лениннің Советтік Россияға техникалық көмек қоғамына жолдаған хатына жауап ретінде осы рудниктегі Американ шахтерлері комитеті сол жылдың октябрінде оған құттықтау телеграмма жіберіп, онда былай делінді: «Сіздің сауыққаныңызға және жауынгерлік қызмет орныңызға қайтып оралғаныңызға қуана отырып, Октябрь революциясының бес жылдығына Сізге өзіміздің жалынды туысқандық сәлемімізді жолдаймыз. Россияға техникалық көмек қоғамына жолдаған хатыңызда бізді ұмытпағаныңыз үшін Сізге шын ниетпен ризашылығымызды білдіреміз. Біз дүние жүзіндегі тұңғыш жұмысшы-шаруа мемлекетіне пайдамызды тигізе алғанымыз үшін өзімізді бақыттымыз деп санаймыз және барша... алдында оны еңбек майданында, ал егер қажет болса, соғыс майданында да қолдауға уәде береміз».— *260.*

146 Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумы 1922 жылы 9 ноябрьде В. И. Лениннің ұсынысын қабылдап, мынадай қаулы шығарды: «Советтік Россияға техникалық көмек беретін американ қоғамының артельдері басқаратын пермьдік және басқа неғұрлым көрнекті шаруашылықтар үлгілі шаруашылықтар деп танылсын».— *265.*

147 Бұл документ И. В. Сталиннің РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне жолдаған запискасына жа-

зылған, онда Л. Уркартпен концессия туралы шарттың талаптарына қосымшалар енгізу ұсынылған.— *266.*

148 Қиыр Шығыс Республикасы әскерлерінің 1922 жылы 25 октябрьде Владивостокқа кіруіне байланысты В. И. Ленин азат етілген Приморьені құттықтап телеграмма жіберген; бұл әскерлер партизандармен бірлесе отырып, Приморьені ақ гвардияшылар мен жапон интервенттерінен азат еткенді. Приморье еңбекшілері Лениннің телеграммасына көрсетілген көмек үшін Совет үкіметіне сәлем жолдап алғыс айтумен жауап берді.— *267.*

149 *«Observer»* («Байқаушы») — ағылшынның консервативтік бағыттағы газеті; ол Лондонда 1791 жылдан бері аптасына бір рет шығып тұрады.

«Manchester Guardian» («Манчестер Сақшысы») — буржуазиялық-либералдық газет, ағылшын буржуазиясының өте-мөте кең тараған және ықпалды газеттерінің бірі. 1821 жылы апталық газет ретінде құрылған (1857 жылдан бастап күн сайын шығып тұрады). Октябрь социалистік революциясынан кейінгі алғашқы жылдары газет Россиядағы жағдайды азды-көпті объективті түрде жазып тұрды.— *268.*

150 Бұл арада радикал-социалистер партиясының лидері, парламент депутаты және Лион қаласының мәрі Эдуард Эррионың 1922 жылғы 20 сентябрьден 10 октябрьге дейін жартылай ресми түрде Россияға шеккен сапары туралы айтылып отыр. Эррио Советтік Россияға аттанған бұл сапарында Францияның РСФСР-мен байланыс орнатуының экономикалық және саяси мүмкіндіктерін анықтау мақсатын көздеді. Мұның өзінде ол «бүкіл дүние жүзінің игілігі үшін екі ұлы халықтың арасын жақындатудың пайдалы ісіне ашық кірісуге әзір әділ байқаушы әрі ақ ниетті демократ» ретінде бара жатқанын атап көрсетті. Эррио осы екі мәселенің екеуі де қанағаттанарлықтай шешілетіндігіне үміт білдірді. Халықтың тұрмыс жағдайларымен, өнеркәсіпті және ауыл шаруашылығын қалпына келтірудің барысымен танысу мақсатын көздеген Эррио Москвада, Петроградта, Нижний Новгородта болды. Путилов заводына, Петроград сауда палатасына, Нижний Новгород жәрмеңкесіне, фабрикаларға, заводтарға, музейлерге барды. Советтік Россияда болғанда өзінің алған әсерлерін ортаға салып, Эррио совет баспасөзінің өкілдеріне берген интервьюінде соғыстың зардаптары мен күйзелісті жою үшін орыс үкіметі мен халқы орасан зор күш-жігер жұмсап жатқандығын өзінің ұдайы көргенін атап айтты. Эррио совет сауда ұйымдарын 1923 жылғы Лион жәрмеңкесіне қатысуға шақырды.

Эррио Советтік Россияны аралаған сапарынан Францияға РСФСР-мен жақындасу ісіне жәрдемдесуге берік ниет қойып оралды; ол осы жақындасуды қолдаған науқанды

бастады және Таяу Шығыс мәселесін Россиясыз шешудің мүмкін еместігі туралы идеяны қолдады. 1922 жылы 10 ноябрьде депутаттар палатасында сөз сөйлеп, Эррио Россияны Лозанна конференциясына толық праволы етіп қатыстыруды талап етті. Советтік Россия туралы әсерлерін ол сөйлеген сөздерінде, оқыған лекцияларында, берген интервьюлерінде және газеттердегі бірқатар мақалаларында баяндады. Эррионың Советтік Россияға барған сапары және оның француз-совет қатынастарын реттеуді жақтаған қызметі Франциядағы осы саяси бағытты жақтаушылардың белсенділігін арттырды, екі елдің арасында қалыпты саяси және экономикалық қатынастар орнату жолындағы маңызды кезең болды.— *268.*

151 Бұл арада ағылшындардың қысымымен 1920 жылы 10 августа константинопольдік (сұлтандық) үкімет қол қойған Севр шартына қарсы түріктердің күресі ұранымен өрістеген грек-түрік соғысы туралы айтылып отыр. Севр шарты шын мәнінде Түркия үшін тәуелсіздіктен толық айрылу деген сөз еді; бұл шарт Азиялық Түркияның бөліске түсуін, Смирнаның басып алынуын, тізе бүгу режимінің сақталуын және т. б. қуаттады.— *269.*

152 Бұл арада Түркиядағы ағылшын-грек интервенциясының жеңілуімен байланысты Англия, Франция және Италия әзірлеген Таяу Шығыс мәселелері жөніндегі конференция туралы айтылып отыр. Империалистік державалар алғашқыда Советтік Россияны бұл конференцияға қатысудан мүлдө шеттетуге тырысты, ал одан кейін Совет мемлекетінің өскелең халықаралық маңызымен санасуға мәжбүр болып, 1922 жылғы 7 октябрьдегі нотада Советтік Россияны конференцияның Қара теңіздегі бұғаздар туралы мәселе талқыланатын кезеңіне ғана қатыстырамыз деп жариялады. Совет үкіметі 1922 жылғы 20 октябрьдегі нотасында бұл мәселе жөнінде өзінің наразылығын мәлімдеді, ал одан кейін 1922 жылы 2 ноябрьде «шақырушы державаларға» жаңадан нота жолдап, онда таяу шығыс конференциясына РСФСР-дің, УССР-дің және Грузин ССР-нің бастан-аяқ қатыстырылуын талап етті. Нотаның жобасы 1922 жылы 2 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде В. И. Лениннің қатысуымен талқыланды. Лениннің Саяси бюро мәжілісінде айтқан және 1922 жылы 31 октябрьде Г. В. Чичеринге және Саяси бюроның барлық мүшелеріне жолдаған хатында (осы том, 284-бет) айтқан ұсыныстары нотада ескерілді. Саяси бюро жауап нотаға қатал айыптаушылық сипат беруге шешім қабылдады.

Таяу Шығыс мәселелері жөніндегі конференция Лозаннада 1922 жылы 20 ноябрьде ашылып, 1923 жылдың 24 июліне дейін созылды. Конференцияға Англия, Франция, Италия, Жапония, Греция, Румыния, Югославия, Түркия қатысты. Қара теңіздегі бұғаздардың режимі туралы мәсе-

лені талқылауға РСФСР, УССР және Грузия ССР-і — бұлардың біртұтас делегациясы болды — және Болгария қатысты. Кейбір мәселелерді талқылауға Албания, Бельгия, Голландия, Испания, Португалия, Норвегия, Швеция тартылды.

Конференция бір жағынан — Великобритания, Франция, Италия, Жапония, Греция, Румыния және Югославия, екінші жағынан — Түркия арасында бітім шартына қол қойылуымен аяқталды. Лозанна конференциясының күн тәртібінде Қара теңіздегі бұғаздар туралы мәселе маңызды орын алды. Совет делегациясы бұл мәселе жөнінде В. И. Лениннің осы интервьюінде тұжырымдалған ұсыныстарды жасады. Алайда совет делегациясының ұсыныстары қабылданбады. Лозанна конференциясында қабылданған бұғаздардың режимі туралы конвенция сауда кемелері мен әскери кемелердің қандай жалаумен болса да қалаған уақытында бұғаздардан еркін өте беруін мақұлдады. Совет Одағы бұл конвенцияны өзінің заңды праволарын бұзады және қара теңіздік елдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етпейді деп тауып, оны бекітпеді.— *270.*

153 *Ұлттар лигасы* — бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстардың аралығындағы кезеңде болған халықаралық ұйым; 1919 жылы бірінші дүние жүзілік соғыста жеңіске жеткен державалардың Париж бейбітшілік конференциясында құрылды. Ұлттар лигасының уставы Версаль бітім шартының бір бөлегі болды және оған 44 мемлекет қол қойған еді. Ұлттар лигасының қызметін Ассамблея, Ұлттар лигасы Советі және бас секретарь басқаратын тұрақты Секретариат жүзеге асырып отырды.

1920 жылдан 1934 жылға дейінгі кезеңде Ұлттар лигасының қызметі Совет Одағына дұшпандық сипатта болды. Ол Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны ұйымдастыру орталықтарының біріне айналды. Ұлттар лигасы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау ісінде дәрменсіз болып шықты, әдеттегідей, агрессорлардың жанталаса қарулануына жәрдемдесті.

1934 жылы сентябрьде Ұлттар лигасына мүше 34 мемлекет Совет Одағына Ұлттар лигасына кіру жөнінде ұсыныс жасады. Бейбітшілікті нығайту жолында күресу мақсатын көздеп, СССР Ұлттар лигасына кірді. Алайда СССР-дің бейбітшілік майданын құру жөніндегі әрекеттері батыс державалардың реакцияшыл топтарының қарсылығына кездесе берді. Екінші дүние жүзілік соғыс басталғаннан кейін Ұлттар лигасының қызметі іс жүзінде тоқтап қалды. Арнайы шақырылған Ассамблеяның қаулысы бойынша 1946 жылы апрельде Ұлттар лигасы ресми түрде таратылды.— *272.*

154 *IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясы* 1922 жылы октябрьдің 23-нен 31-не дейін өтті. Сессия РСФСР-дің 1922—1923 жылдардағы азық-түлік

және шикізат ресурстары туралы Финанс халық комиссариатының баяндамасын, Орталық статистика басқармасының баяндамасын, Бүкіл россиялық ауыл шаруашылық көрмесі туралы, Волховстрой туралы баяндамаларды тыңдады, совет құрылысының негізгі жақтарын реттейтін бірқатар заң жобаларын — «Еңбек туралы заңдар кодексін», «Жер туралы заңдар кодексін», «РСФСР азаматтық заңдар кодексін», «Советтердің губерниялық съездері және губерниялық атқару комитеттері туралы ережені» және басқаларын қарап, бекітті.

В. И. Ленин сессияның 31 октябрьдегі қорытынды мәжілісінде сөз сөйледі. Бұл В. И. Лениннің аурудан тұрғаннан кейін жұрт алдында бірінші рет сөз сөйлеуі еді. IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясы туралы толық есепті қараңыз: «Известия» №№ 240—247, 24 октябрь — 1 ноябрь, 1922 жыл.— *276.*

155 Бұл арада РСФСР үкіметінің 1922 жылы 2 ноябрьде Англия, Франция және Италия үкіметтеріне жолдаған нотасы туралы айтылып отыр (қараңыз: «СССР сыртқы саясатының документтері», V том, М., 1961, 650—653-беттер).— *284.*

156 *«Петроградская Правда»*— күнделікті газет; РКП(б) Орталық Комитеті мен Петроград комитетінің органы ретінде 1918 жылы 2 апрельде шыға бастады. 1924 жылы январьда газет «Ленинградская Правда» деп аталды.— *285.*

157 *Коммунист-кооператорлардың халықаралық бірінші конференциясы* 1922 жылы 1—6 ноябрьде Москвада өтті. Конференцияға Австралияның, Азербайжанның, Арменияның, Австрияның, Болгарияның, Германияның, Грузияның, Қиыр Шығыс Республикасының, Данияның, Италияның, Латвияның, Литваның, Норвегияның, Польшаның, РСФСР-дің, Украинаның, Финляндияның, Францияның, Швейцарияның, Швецияның, Эстонияның өкілдері қатысты. Әр түрлі елдердегі кооперативтік қозғалыстың жағдайы туралы, коммунистердің бұл қозғалыстағы позициясы мен ықпалы туралы Францияның, Советтік Россияның, Италияның, Германияның, Швейцарияның, Болгарияның және Скандинав елдерінің өкілдері баяндамалар жасады. Бұдан басқа, мынадай баяндамалар тыңдалды: Коминтерннің кооперативтік секциясының қызметі туралы; коммунизм және кооперация; коммунистердің кооперативтік қозғалыстағы тактикасы.

Коммунистердің кооперативтік қозғалыстағы тактикасы туралы мәселе негізгі мәселе болды. Конференция кооперацияның саясат саласындағы бейтараптығы принципі теріске шығарылған, пролетариаттың саяси және экономикалық міндеттерімен кооперативтік жұмыстың тығыз байланыстылығын орнату қажеттігі, оны коммунистік партиялармен және революцияшыл кәсіптік одақтармен тығыз ынтымақ-

таса отырып жүргізу қажеттігі атап көрсетілген қарар қабылдады. Конференция В. И. Ленинді құрметті председатель етіп сайлап, оған құттықтау хат жіберді. Лениннің жауап құттықтау хаты 1922 жылы 2 ноябрьде оқылды.— *287.*

158 Кооперациялық банк туралы мәселе Саяси бюроның 1922 жылғы 2 ноябрьдегі мәжілісінде В. И. Лениннің қатысуымен талқыланды. Саяси бюро мынадай қаулы қабылдады: «...Ленин жолдастың негіз етіп алынған, төменде көрсетілген тезистері комиссияға берілсін, оған істің орындалуы туралы Саяси бюроға жазбаша баяндама беру тапсырылсын».

Жарияланып отырған документте Лениннің *«Хинчукпен* сөйлесу үшін **сақталсын»** деген белгісі бар (Л. М. Хинчук — Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі).— *288.*

159 Хатты В. И. Ленин Петроград тоқымашыларының құттықтау хаты мен сыйлығына жауап ретінде жазған. Петроград тоқымашылары өздерінің құттықтау хатында былай деп жазған еді:

«Қымбатты және аса құрметті Владимир Ильич!

Петроград тоқыма тресі өзінің бір жылдық мерекесі күні, өзінің жалынды сәлемімен бірге, трест фабрикаларының бірінде тоқылған түкті жамылғыны Сізге жіберіп отыр.

Петроград тоқымашылары біздің осы қарапайым сыйлығымыздан, біздің қымбаттымыз, Сіз денеңіздің жылынумен бірге, Өзіңізді орап алғымыз келген жұмысшы жүрегінің жылуын да сезсеңіз екен, сондай-ақ адам айтқысыз азыптозу, күйзелу, тапшылық және дагдарыстар жағдайында біздің соғысқа дейінгіден тіпті де нашар жұмыс істемейтіндігімізге, демек, қойған мақсатымызға жететіндігімізге назар аударсаңыз екен деп тілейді.

Біздің қымбаттымыз, денсаулығыңыздың игілігіне пайдаланыңыз».— *289.*

160 *Статистиктердің Бүкіл россиялық төртінші съезі* Москвада 1922 жылы 3—12 ноябрьде өтті. Съезге РСФСР-дің көптеген статистикалық ұйымдарынан, халық комиссариаттарынан, барлық губернияларының түрлі ведомстволарынан және ұлттық совет республикаларының статистикалық ұйымдарынан өкілдер қатысты. Съезд ұйымдастырған секцияларда: ауыл шаруашылық, өнеркәсіп және еңбек, демография және басқа секцияларда съезге келіп түскен тоқсан баяндама тыңдалды. Съезд В. И. Ленинді құрметті председатель етіп сайлап, оған құттықтау телеграмма жолдады. Лениннің жауап телеграммасы съездің 4 ноябрьдегі екінші мәжілісінде оқылды.— *290.*

161 Ағылшын газеті «Манчестер Гардиан» тілшісі Артур Рансом В. И. Лениннен интервью алу үшін 1922 жылы октябрьде Советтік Россияға арнайы келді. 26 октябрьде оған өзі

жауап алғысы келетін сұрақтарын жазып беру ұсынылды. Рансом келесі күні 7 сұрақ әзірлеп, Ленинге жіберді.

В. И. Ленин 3 ноябрь күні кешке Рансомды қабылдады. Әңгіме үстінде Англиядағы парламент сайлауы және Италиядағы фашистік төңкеріс туралы мәселелер қозғалды; бірақ әңгіме негізінен Рансом дайындаған сұрақтар төңірегінде болды. Ленин әлі сұрақтардың барлығына бірдей жауап жазбағанын, дегенмен Рансом кеткенше жазып бітіретінін айтты. Ленин 5 ноябрь күнгі жексенбіде Рансомның жеті сұрағының бәріне жауап жазып болды, ал дүйсенбі күні, «Москвадан жүріп кетуге дәл әзірленіп жатқанымда,— деп жазды Рансом «Манчестер Гардиандағы» корреспонденциясында,— телефон арқылы маған жауаптардың әзір екендігі хабарланды. Мен асығыс түрде Кремльге бардым, поезға өзіммен бірге ала кету үшін жауаптарды дер кезінде алдым».— *291.*

162 В. И. Ленин мен Н. К. Крупская Лондонда 1902 жылғы апрельден 1903 жылғы апрельге дейін тұрды. В. И. Ленин еске алып отырған таныс адам — К. М. Тахтарев, социал-демократ, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» қайраткері, «экономизм» лидерлерінің бірі, «Рабочая Мысльдің» редакторы.

«Экономистер» — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағымның өкілдері. «Экономистер» экономика мен саясаттың арақатынасын теріс түсінді, саяси революциялық күрестің ролін төмендетті. Олар жұмысшы табының міндеттерін жалақыны көбейту, еңбек жағдайларын жақсарту, т. т. жолындағы экономикалық күреспен шектеді, сөйтіп саяси күрес — либерал буржуазияның ісі деп пайымдады. «Экономистер» жұмысшы табы партиясының басшылық ролін, жұмысшы қозғалысына социалистік сананы енгізу қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып жіберу және оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін төндірді. «Экономизмді» идеялық жағынан толық талқандау ісін В. И. Ленин өзінің еңбектерінде жүзеге асырды.— *291.*

163 1922 жылы 24 октябрьде Халық Комиссарлары Советі 1923 жылғы үлгідегі ақша знактарын айналысқа шығару туралы қаулы қабылдады. В. И. Ленин қол қойған бұл қаулы бойынша, 1923 жылғы үлгідегі бір сом айналыстан алынған үлгідегі ақшаның бір миллион сомына, немесе 1922 жылғы үлгідегі ақшаның жүз сомына тең болды.— *293.*

164 *Москва және Москва губерниясы жұмысшы әйелдері мен шаруа әйелдерінің партиялық емес конференциясы* 1922 жылы 6 ноябрьде өтті. Конференцияға 2000-нан астам делегат

әйелдер — москвалық жұмысшы әйелдер, уездер мен болыстардың өкілдері қатысты.

В. И. Ленин өзінің құттықтау хатын оған сөз сөйлеу жөніндегі өтінішті айту үшін конференция жіберген делегат әйелдер арқылы жіберді.— *303.*

165 В. И. Ленин бұрынғы Михельсон заводында бірнеше рет сөз сөйледі. 1918 жылы 30 августа Ленин заводта «Екі өкімет. (Пролетариат диктатурасы және буржуазия диктатурасы)» деген тақырыпта сөз сөйлегеннен кейін оған зұлымдық қастандық жасалды. 1922 жылы августа завод жұмысшылары Москва Советіне заводты Лениннің есімімен атау жөнінде өтініш жасады. 1922 жылы 9 сентябрьде Москва Советі заводқа Владимир Ильичтің есімін беріп, жұмысшылардың өтінішін қанағаттандырды. Заводтың жаңаша аталатындығымен байланысты, сондай-ақ Октябрь социалистік революциясының жақындап қалған бес жылдығымен байланысты, завод жұмысшыларының жалпы жиналысында 7 ноябрьде салтанатты митинг өткізу ұйғарылды. Жұмысшылар Ленинге сол күні заводқа келуге шақырып хат жолдады.

Науқастанып жүргендіктен, Ленин осы хатты жазған. Хат жиналыс өтіп жатқан залда оқылды, завод корпусы алдындағы скверде бірнеше рет оқылды, өйткені жиналысқа қатысқысы келгендердің бәрі бірдей залға сыймаған еді, бұдан кейін завод цехтарында тағы да ұзақ уақыт оқылды.— *304.*

166 В. И. Лениннің «Электропередача» мемлекеттік электр станциясының (қазір — осы станцияның құрылысшы-инженері Р. Э. Классонның атындағы) жұмысшылары мен қызметшілеріне құттықтау хаты Октябрь социалистік революциясының бес жылдығы күні клубтың ашылуына келіп сөз сөйлеуге шақыруға жауап ретінде жазылған.— *305.*

167 *«Клинцыдағы Стодоль шұға фабрикасының жұмысшыларына»* хатты В. И. Ленин фабрикаға Лениннің есімі берілуіне байланысты фабрика жұмысшыларының 1922 жылғы 3 ноябрьдегі құттықтауына жауап ретінде жазған. Жұмысшылар Владимир Ильичке құттықтау хатпен бірге, сыйлыққа костюмдік шұға беріп жібереді. Фабрика жұмысшылары өздерінің Ленинге жолдаған хатында былай деп жазды:

«Біздің қымбатты Ильич!

Пролетарлық революцияның бес жылдығына, біздер, Стодоль шұға фабрикасының жұмысшылары, өз фабрикамызды сенің есіміңмен атауға ұйғардық. Осы себепті біз саған мереке алдында өзіміздің шын жүректен құттықтауымызды жолдаймыз және өз қолымыздан шыққан қарапайым сыйлығымызды жіберіп отырмыз.

Біздің ұстазымыз және көсеміміз, егер сен біздің өз қо-

лымызбен тоқыған матадан тігілген костюмді кисең, біз өзімізді бақыттымыз деп есептейміз. Ильич, денсаулығыңның игілігіне ки және бізді әрқашан өзіңмен бірге деп біл.

Ленин жолдас атындағы Клинцы фабрикасының революцияға және саған шын берілген жұмысшылары
Клинцы, 3 ноябрь, 1922 ж.».— *306.*

168 *Коммунистік Интернационалдың IV конгресі* 1922 жылы 5 ноябрь — 5 декабрьде өтті. Конгресс Петроградта ашылды; 9 ноябрьден бастап кейінгі мәжілістері Москвада өтті. Конгрестің жұмысына 58 коммунистік партияның, үш басқа партияның — Итальян социалистік, Исланд жұмысшы және Монғол халықтық-революциялық партияларының және бес жұмысшы ұйымының — Коммунистік Жастар Интернационалының, Профинтерннің, Халықаралық әйелдер секретариатының, Америка Құрама Штаттары негрлер ұйымының, Халықаралық жұмысшы көмегінің өкілдері қатысты. Конгреске Жапония, Португалия, Бразилия коммунистік партияларының және Коминтерннің III конгресінен кейін құрылған кейбір басқа партиялардың делегаттары тұңғыш рет қатысты.

IV конгресс Коминтерн Атқару Комитетінің есебін және мына мәселелерді: Россиядағы революцияның бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары, капиталдың шабуылы туралы, Коминтерн программасы туралы, коммунистердің кәсіподақтардағы міндеттері туралы, шығыс мәселесі, аграрлық мәселе және басқа мәселелерді талқылады.

В. И. Ленин конгресті әзірлеу жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. Ленин Орталық Комитеттің пленумында 1922 жылы 7 октябрьде РКП(б)-ның конгрестегі делегациясының бюро мүшесі болып сайланған-ды; осы бюроның басшысы ретінде ол орыс делегациясының бүкіл жұмысын басқарды, конгрестің аса маңызды шешімдерін әзірлеуге белсене қатысты. Ол өзінің конгресте сөйлейтін сөзіне мұқият дайындалды, баяндаманың екі жоспарын — орыс және неміс тілдеріндегі жоспарларын жасады (қараңыз: осы том, 475—483-беттер).

Лениннің төменде жарияланып отырған құттықтауы конгресс ашылғанда, 1922 жылы 5 ноябрьде оқылды. Конгрестегі аса маңызды оқиға болған «Россия революциясының бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары» деген баяндаманы Ленин 13 ноябрьде конгрестің таңертеңгі мәжілісінде неміс тілінде жасады. Дәл сол күні баяндаманың неміс тілінде шифры ажыратылып басылған стенограммасын және оның орыс тіліндегі аудармасын алған соң, Ленин былай деп жазады: *«Өте, өте жақсы!!* Үлкен рақмет. *«Правдаға»* беруді ұмытпа-

ңыздар». Баяндама 1922 жылы 15 ноябрьде «Правдада» басылды.

Коммунистік Интернационалдың IV конгресі орыс мәселесі бойынша қарар қабылдады. Онда Советтік Россия дүние жүзілік пролетариат үшін тарихи революциялық тәжірибенің аса бай қазынасы болып қала беретіндігі атап көрсетілді, жаңа экономикалық саясатқа социализм орнатуға бағытталған саясат ретінде жоғары баға берілді. Конгресс Россиядағы пролетарлық революцияға империалистік мемлекеттердің тарапынан шабуыл жасалу және капиталистік құрылыстың қайта орнау қаупінен тек дүние жүзілік пролетариаттың бірлескен күш-жігері ғана кепілдік бере алатындығын көрсете келіп, барлық елдердің еңбекшілерін: «Советтік Россиядан қолыңды тарт! Советтік Россия заң жүзінде танылсын! Советтік Россияның шаруашылық жағынан қалпына келтірілуіне пәрменді көмек көрсетейік!» деген ұрандармен Советтік Россияны қолдап қимыл жасауға шақырды.

Конгресс халықаралық революциялық қозғалыстың жағдайы мен міндеттеріне егжей-тегжейлі талдау жасады, капиталистік елдердегі жұмысшы табының III конгрестен кейін өткен бір жарым жыл ішіндегі күресінің қорытындыларын шығарды, сөйтіп Коммунистік Интернационал жүргізген біртұтас майдан тактикасы дұрыс болғандығын атап көрсетті. Коммунистік Интернационалдың тактикасы туралы тезистерде буржуазияның жұмысшы табына жасаған экономикалық және саяси шабуылына анық сипаттама берілді, коммунистік партиялардың біртұтас майдан тактикасы негізінде капиталдың тегеурініне тойтарыс беруді ұйымдастыру, фашизмге қарсы күресті күшейту жөніндегі міндеттері белгіленді. Біртұтас майдан тактикасына сүйене отырып, конгресс жұмысшы үкіметі ұранын ұсынды, конгресс бұл үкіметті пролетариат диктатурасына өтудің ықтимал формасы деп білді. Сонымен бірге конгресс жұмысшы үкіметі белгілі бір жағдайларда парламенттік негізде де пайда болуы мүмкін деп есептеді, мұндай үкіметтің құрылуы және оның өмір сүруінің өзі буржуазияға қарсы революциялық күреспен ажырағысыз тығыз байланысты екендігін айрықша атап көрсетті.

Версаль системасының құрылуына байланысты халықаралық жағдайды талқылай келіп, конгресс бұл система империалистік мемлекеттер арасындағы қайшылықты шиеленістіретінін, милитарландырудың күшеюіне, жаңа дүние жүзілік соғыстың тұтану қаупінің өсуіне бастайтынын көрсетіп, коммунистік партияларды, ең алдымен Франция мен Германияның коммунистерін, пролетариаттың интернационалдық ынтымағын нығайтуға шақырды.

Конгресс Гаага конгресіне, II және II$^{1}/_{2}$ Интернационалдарға және барлық елдердің кәсіподақтарына ашық хат жолдап, онда оларды капитал шабуылы мен соғыс қаупіне

қарсы бірлесіп қимыл жасауға шақырды, жұмысшы табының біртұтас майданын құруға жаңадан қадам жасады. Коммунистердің кәсіптік қозғалыстағы міндеттерін белгілей келіп, конгресс кәсіподақ қозғалысының бірлігі жолындағы күрес ұранын ұсынды; бұл ұран кәсіподақтар Қызыл Интернационалының Москвада 1922 жылы 19 ноябрь — 2 декабрьде өткен II конгресі шешімдерінің негізі болып табылады.

Конгресс Коминтернніц программасы туралы мәселені талқылағанда В. И. Лениннің оны түпкілікті күйінде қабылдамау, өйткені оны анағұрлым мұқият әзірлеу қажеттігі туралы ұсынысын ескерді. 20 ноябрьде Лениннің басшылығымен өткен орыс делегациясы бюросының кеңесінде программа туралы мәселе жөніндегі шешімнің жобасы жасалды, бұл жоба 21 ноябрьде конгресс қабылдаған қарардың негізі етіп алынды. Конгресс бұл қарарында программаның барлық жобаларын оларды зерттеу, егжей-тегжейлі өңдеу және жариялау үшін Коммунистік Интернационал Атқару Комитетіне беруге қаулы етті, сондай-ақ барлық партияларды өздерінің ұлттық программаларын әзірлеуге міндеттеді.

Езілген және тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысына талдау жасағаннан кейін конгресс отар және жартылай отар елдер үшін біртұтас антиимпериалистік майдан ұранын ұсынды. Коммунистік партиялардың аграрлық мәселедегі саясатын анықтай түсу мақсатымен конгресс Коммунистік Интернационалдың қимыл аграрлық программасының нобайын қабылдады. Коминтерннің II конгресінің аграрлық мәселе жөніндегі қарарын негізінен қайталаған және тұжырымдамалары дәлме-дәл айтылмаған нобайдың бастапқы жобасын Ленин орыс делегациясы бюросының мүшелеріне 1922 жылы 25 ноябрьде жазған хатында сынға алды (хат төрт тілге аударылып, съезд делегаттарына таратылып берілген болатын). Ленин екі қарардың арасында қайшылық болмауы үшін «жаңа қарардың әрбір сөзін II конгрестің қарарымен салыстырып шығуды», сөйтіп «бұл жаңа қарарға ішінара түсіндіру секілді сипат беруді» ұсынды. Лениннің нұсқауларына сәйкес жоба II конгрестің қарарын практикада қолдану жөніндегі нұсқау етіліп қайта өңделді.

Конгресс мәжілістерінің бірінде Халықаралық жұмысшы көмегінің қызметі туралы баяндама тыңдалды. 1922 жылы 2 декабрьде В. И. Ленин Халықаралық жұмысшы көмегінің секретарына хат жазып, онда халықаралық пролетариаттың Совет еліне көрсеткен өндірістік көмегінің қорытындыларын жоғары бағалады (қараңыз: осы том, 353—354-беттер). 1922 жылы 5 декабрьде қабылданған «Советтік Россияға пролетарлық көмек туралы» арнаулы шешімде конгресс дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетке халық шаруашылығын қалпына келтіру ісінде дереу нақты көмек көрсету үшін дүние жүзілік пролетариаттың саяси қуатымен қатар бүкіл шаруашылық қуатын жұмылдыруға шақырды.

Конгресс Коммунистік Интернационалдың жекелеген секцияларындағы жағдайға зор көңіл бөлді. Арнаулы комиссиялар мен пленум мәжілістерінде Франция, Испания, Италия, Чехословакия, Польша, Америка Құрама Штаттары, Югославия, Дания және басқа елдер коммунистік партияларының қызметі талқыланды. В. И. Ленин Коминтерннің жекелеген секцияларының қызметімен байланысты бірқатар мәселелерді шешуге зор көмек көрсетті. Конгресті әзірлеу кезеңінде және оның жұмысы кезінде коммунистік партиялардың өкілдерімен және конгрестің басқа да делегаттарымен кездесіп, ол өзінің кеңестерімен олардың дұрыс саясат белгілеуіне және революциялық қимыл тактикасын жасауына көмектесті. Ленин итальян комиссиясының жұмысына ерекше назар аударды; Итальян коммунистік және социалистік партияларын біріктіру туралы мәселе бұл комиссияның негізгі мәселесі еді. 1922 жылы октябрь мен ноябрьде ол бірігу жөнінде әр түрлі көзқарастарда болған А. Грамшиді, Н. Бомбаччиді, А. Грациаденді, А. Бордиганы қабылдады. РКП(б) Орталық Комитеті итальян делегациясының мүшелеріне итальян коммунистерінің тактикасы туралы хат жолдады. Осының барлығы итальян мәселесі жөніндегі қарар дауысқа қойылғанда итальян делегаттарына бірыңғай позиция ұстауға жәрдемдесті. 1922 жылы 11 декабрьде Ленин Итальян социалистік партиясын құрушылардың бірі және партияның Коминтернге қосылуын жақтаушы — К. Лаццариге хат жазып, онда конгрестің партияны біріктіру туралы шешім қабылдағанын хабарлай келіп, итальян социалистерін бірігуге «мейлінше ынталы түрде» жәрдемдесуге шақырды (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 517—518-беттер).

Конгресс және оның комиссиялары қабылдаған шешімдер компартиялардағы оңшыл оппортунистік және сектанттық-догмашылдық қателіктерді жойып, Коминтерн секцияларының жаңа түрпатты маркстік-лениндік партияларға айналуына көмектесті.— *309.*

169 В. И. Ленин бұл арада өзінің ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақаласын айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 305—339-беттер).— *314.*

170 «Екі жерде екі — стеарин шырағы» деген сөздер — И. С. Тургеневтің «Рудин» деген романындағы кейіпкерлердің бірі Пигасовтың айтқан сөздері; оның ерекше бір қасиеті — әйелдерді жек көрген. Әйелдер жүйелі түрдегі логикалық ойға қабілетсіз деп есептеген Пигасов былай деп пайымдайды: «Еркек, мысалы, екі жерде екі — төрт емес, бес немесе үш жарым дей алады; ал әйел екі жерде екі — стеарин шырағы дейді».— *327.*

171 В. И. Ленин бұл арада Коммунистік Интернационалдың III конгресі қабылдаған «Коммунистік партиялардың ұйымдық құрылысы, жұмыстың әдістері мен мазмұны» деген тезистерді айтып отыр.— *328.*

172 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылы 16 ноябрьде 1923 жылғы январьдың ішінде армиядағы адам санын 800 мыңнан 600 мыңға дейін қысқарту туралы қаулы қабылдады. РКП(б) Орталық Комитетінің 1922 жылы 18 декабрьде өткен пленумы Саяси бюроның бірінші февральға дейін армияны 600 мың адамға дейін қысқарту туралы шешімін қуаттады. Пленум армияны сан жағынан қысқартуды соғыс техникасын жақсартумен өтеу қажеттігін атап көрсетті, осы мақсатпен Халық Комиссарлары Советіне соғыс заводтарының жұмысын тезірек жолға қою үшін қаржы іздестіруді ұсынды. Пленум Советтердің Бүкіл россиялық X съезі атынан барлық халықтарға үндеу хат жолдауды ұсынды, онда РСФСР-дің жаппай қарусыздануға ұмтылып отырғанын тағы да атап көрсетуге, Советтер Елінің бұл талабы жөніндегі басқа мемлекеттер тарапынан кездестіріп отырған қарсыласуды жеңуге шақырды.

Советтердің Бүкіл россиялық X съезі миллиондаған еңбекшілер атынан өзінің бейбітшілікке және бейбіт еңбекке деген еркін тағы да салтанатты түрде растады. «Жаңа соғыстардың қаупінен, капиталистік үкіметтердің жанталаса қару кезенуінен, Версаль шартының масқаралығынан, буржуазиялық мемлекеттердің отаршылдық қулық-сұмдықтарынан сақ болуды ескертіп,— делінді съездің үндеуінде,— РСФСР жұмысшылары мен шаруалары тағы да үн көтереді.

Дүние жүзінің еңбекшілері! Бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін, адамзатты жан түршігерлік, қырып-жоятын соғыстардан сақтау үшін бейбіт еңбекті тілейтіндердің бәрі өздерінің күш-жігерін Советтік Россияның күш-жігеріне қосатын болсын!..

Советтердің X съезі өзінің бейбітшіл саясатының бағытын салтанатты түрде растай отырып, барша жұртты осы бағытты қолдауға шақырады. Барлық халықтар өз үкіметтерінен бейбітшілік талап ететін болсын. Бейбітшілік ісі — халықтардың өздерінің қолында. Келешектегі соғыстардың қаупін жою үшін бүкіл дүние жүзінің барлық еңбекшілері күш-жігерлерін біріктіруге тиіс. Азап шеккен, қасірет шеккен, күйзелген, ашыққан адамзатқа бейбітшілік қайткен күнде де қамтамасыз етілуге тиіс».— *331.*

173 *Америка Құрама Штаттарындағы орыс колониясында* 20-шы жылдары шамалап есептегенде үш миллионға жуық адам болды, олардың көпшілігі саяси, экономикалық және діни себептермен Россиядан революцияға дейін кетіп, қоныс ауыстырғандар еді; ал оның болмашы бөлігі Октябрь социалистік революциясынан кейін Россиядан қашқан бур-

жуазияның, дворяндардың және интеллигенцияның өкілдері еді. Бұл топтардың әлеуметтік және экономикалық жағдайларындағы, сондай-ақ олардың Советтік Россияға көзқарасындағы айырмашылық орыс колониясының бір-біріне дұшпан екі лагерьге бөлінуіне әкеп соқтырды. Бір лагерьде Советтік Россия достары қоғамы (орыс секциясы), Советтік Россияға техникалық көмек қоғамы, Америка Құрама Штаттары кәсіподақтарының орыс секциялары, Өзара көмек көрсететін әр түрлі орыс қоғамдарының біріккен конференциясы және басқа прогресшіл жұмысшы ұйымдары болды, колонистердің көпшілігі солардың төңірегіне топтасты. Екінші лагерь ұсақ буржуазиялық және монархиялық әр түрлі орыс ұйымдарының коалициясы еді, бұлар антисоветтік «Новое Русское Слово» газетінің төңірегіне бірікті.

В. И. Ленин өзінің хатын орыс колониясының Советтік Россияға достық қатынас позициясында тұрған ұйымдардың төңірегіне топтасқан бөлігіне жолдады.— *332.*

174 *Бүкіл россиялық ауыл шаруашылық көрмесі,* Советтердің Бүкіл россиялық IX съезінің қаулысына сәйкес, 1922 жылдың күзінде ашылуға тиісті еді. Алайда көрмені ұйымдастыру жөніндегі жұмыстардың көлемі зор екендігі себепті және егіннің шықпай қалуының зардаптарын жоюмен байланысты көрмені ашу 1923 жылға қалдырылды. Көрменің шетелдік бөліміне үлкен маңыз берілді, өйткені бірқатар шетелдердің кәсіпкерлері оған қатысуға тырысқан-ды. Баспасөзде көрме «тек россиялық қана емес, сонымен бірге белгілі бір мағынада халықаралық та сипатта болуға тиіс», оның «тек ішкі советтік қана емес, сонымен бірге халықаралық мәні де болуы керек» деп атап көрсетілді. 1922 жылы 6 октябрьде В. И. Ленин төмендегі құттықтауды, тегі, осымен байланысты жазған: «Москвадағы халықаралық ауыл шаруашылық көрмесіне. Зор табыстарға жетуді тілеймін, хаттың тым қысқа әрі асығыс жазылғанына кешірім сұраймын. В. Ульянов (Ленин)» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві). Бұл құттықтау жіберілмеген; Ленин оның орнына жарияланып отырған документті жазып, Көрме бас комитетіне жіберді.

ССР Одағының бірінші ауыл шаруашылық және майдагерлік-өнеркәсіп көрмесі Москвада 1923 жылы 19 августа ашылды. В. И. Ленин көрмеге орасан зор назар аударды. Қатты науқастанып жүрсе де, 19 октябрьде, Москваға соңғы рет келгенінде, Ленин көрменің территориясымен жүріп өтті.— *335.*

175 *«Clarté»* («Сәуле»)— прогресшіл жазушылар мен мәдениет қайраткерлерінің тобы, бұл топты 1919 жылы А. Барбюс құрған. «Бұрынғы соғысқа қатысушылардың республика-

лық бірлестігі» («Association Républicaine des Anciens Combattants») және кейіннен бірқатар елдердегі оған келіп қосылған сол сияқты топтардың негізінде ұйымдастырылды; бұл топтар «Бұрынғы соғысқа қатысушылардың Интернационалын» құрды; «Бұрынғы соғысқа қатысушылар Интернационалының» басты ұраны: «соғысқа қарсы соғыс» деген ұран болды. «Clarté» тобына III Интернационалдың жақтаушылары — А. Барбюс, А. Франс, П. Вайян-Кутюрье — және пацифистік ниеттегі жазушылар — Р. Роллан, С. Цвейг, Г. Уэллс, Т. Харди, Э. Синклер, Ж. Ромэн және басқалары кірді. Бұл топ ай сайын өзі аттас журнал шығарып тұрды (1919 жылдың октябрінен 1928 жылдың январына дейін Парижде шығып тұрды), алғашқы жылдары журнал Францияда және шетелдерде айтарлықтай табысқа ие болды. Алайда топ ішіндегі идеялық алауыздықтар мен оның ұйымдық жағынан әлсіздігі оның ірі ұйымға айналуына және зор ықпалға ие болуына мүмкіндік бермеді. Көп кешікпей Барбюс «Clarté»-нің редакторлығынан кеткеннен кейін (1924 жылы апрельде) журнал прогресшіл мәнінен айрылып, 1928 жылы өзінің шығуын тоқтатты, ал топ тарап кетті.

В. И. Лениннің Кремльдегі өз кітапханасында топтың А. Барбюс әзірлеген манифесі,— «Түнектен тараған сәуле. «Clarté» тобы қандай мақсатқа жетуге тырысады!» деген кітап сақтаулы, оған: «Жазылмаған ұлы заңдарды бірінші болып жазған Ленинге игі құрмет көрсетемін. Анри Барбюс» деген арнау сөздер жазылған.— *336.*

176 *Москва Советінің пленумы* Үлкен театр залында Москваның барлық аудандық Советтерінің пленумдарымен бірлесіп мәжіліс өткізді; қалалық және аудандық Советтердің кезекті қайта сайлауын өткізу алдында Москва Советінің президиумы мен атқару комитетінің қызметі туралы есеп тыңдады. В. И. Ленин мәжіліске келгенде оның жұмысының күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып біткен еді. «Ленин жолдастың эстрадаға шығуы,— деп жазылды «Правда» газетіндегі қысқаша хабарда,— айналаны жаңғырықтырған «ура» деген қатты дауыстармен, көпке дейін басылмаған, оркестр орындаған «Интернационалдың» қуатты үнін де басып кеткен овацияға ұласқан қол шапалақтаумен қарсы алынды... Овация «Интернационал» үш мәрте орындалғанға дейін созылды. Ленин жолдас өзінің сөзін бастағысы келіп еді, бірақ жан-жақтан естілген: «Дүние жүзілік революцияның көсемі жасасын!», «Ленин жолдас жасасын!» — деген жалынды ұран оның сөзін қайта-қайта бөле берді. Пленумға қатысушылар кейін еске алғанындай, Владимир Ильич науқастанып жүрсе де үлкен өрлеумен сөз сөйледі. Оның сөзі «айрықша жарқын жүзді, рухтандырғыш, оптимистік сипатта болды» (қараңыз: В. И. Ленин туралы естеліктер, 2-кітап, М., 1957, 386—387-беттер).

Бұл Лениннің көпшілік алдында сөйлеген соңғы сөзі еді.— *337.*

[177] В. И. Ленин бұл арада Қиыр Шығыс республикасының Халықтық жиналысы 1922 жылы 14 ноябрьде қабылдаған Қиыр Шығыс республикасының РСФСР-мен қайта қосылуы туралы қаулысын айтып отыр; бұл туралы хабар 1922 жылы 15 ноябрьде жарияланды. Қаулының толық тексті газеттерде 1922 жылы 21 ноябрьде, Ленин сөз сөйлегеннен кейін жарияланды.— *338.*

[178] 1922 жылы октябрьдің аяғында — ноябрьдің басында «Правда» газетінің беттерінде Л. Уркартпен шарт жасасу жөнінде бірнеше дискуссиялық мақала жарияланды. Дискуссия В. И. Лениннің ұсынысы бойынша ұйымдастырылды. 1922 жылы 30 октябрьде Г. Л. Пятаковқа және М. И. Фрумкинге жолдаған хатында Ленин былай деп жазды: «Красин жолдастың Уркарттың сенімді өкілімен кездескендігі туралы алынған телеграмма бізді осы мәселе жөніндегі дискуссиялық мақалаларды тезірек басуға мәжбүр етеді. Сондықтан ертеңнен қалдырмай «Правдада» Пятаковтың мақаласын оның дискуссиялық сипатын ескерте отырып басуды өтінемін. Арғы күні Фрумкиннің мақаласы немесе оның өзі қалаған басқа біреудің мақаласы жариялансын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *343.*

[179] *Совет қызметкерлері кәсіптік одағының Бүкіл россиялық бесінші съезі* Москвада 1922 жылы 16—21 ноябрьде өтті. Съезге 201 делегат қатысты. Совет қызметкерлері кәсіподағының Тверь губерниялық VI съезі В. И. Ленинді съездің құрметті делегаты етіп сайлады. Совет қызметкерлері кәсіподағының Бүкіл россиялық V съезі Ленинді құрметті председатель етіп сайлап, оған өзінің құттықтауын жіберді. Съезд мынадай мәселелерді талқылады: одақтың Орталық комитетінің есебі, одақтың кезектегі міндеттері, ұйымдық мәселе, тарифтік-экономикалық жұмыс және басқа мәселелер.

Лениннің құттықтауы съезд аяқталған соң алынып, совет қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитетінің президиумы жаңа құрамының бірінші мәжілісінде 1922 жылы 24 ноябрьде оқылды. Ленин алға қойған міндеттер, сондай-ақ советтік мемлекеттік аппарат туралы мәселені арнайы талқылау қажеттігі туралы оның айтқан тілегі совет қызметкерлері Бүкіл россиялық VI съезін әзірлеудің және съездің бүкіл жұмысының негізі етіп алынды; 1924 жылы 21 декабрьде, съезд ашылған күні, Лениннің құттықтауы делегаттарға оқылып берілді.— *348.*

[180] В. И. Лениннің хаты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне оның кеме жөндеу программасын қыс-

қарту туралы ұсынысын дауысқа қою үшін жіберілгенді.— *349.*

181 Бұл арада РКП(б) Орталық Комитеті кеме жасау және қорғаныс жұмыстарының жылдық жоспарын қарау үшін құрған комиссия айтылып отыр.— *349.*

182 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1922 жылғы 30 ноябрьдегі мәжілісінде кеме жөндеу программасы туралы мәселені талқылап, кеме жөндеу шығындарының жалпы сомасын 8 млн. сомға дейін қысқартуға қаулы етті. Үнемделген қаржы, В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, Халық ағарту комиссариатына берілді (қараңыз: осы том, 364-бет).— *350.*

183 В. И. Ленин бұл арада РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне дауысқа қою үшін таратылған Лениннің 1922 жылғы 25 ноябрьдегі хатына: «Мұндай «көз жұмбай мөлшермен» қысқарта салу әдісін дұрыс әдіс дей алмаймын» деп жазған Троцкийдің қарсылығын айтып отыр.— *350.*

184 В. И. Лениннің осының алдындағы хатындағы ұсыныстары дауысқа қойылғанда Л. Б. Каменев 10 млн. сом мөлшеріндегі соманы бекітуді жақтап пікір білдірді, ол мұны заводтарға «заказ беріліп қойды» деген сөздермен дәлелдеді.— *351.*

185 *Ағарту қызметкерлері одағының Бүкіл россиялық төртінші съезі* Москвада 1922 жылы 21—26 ноябрьде өтті. Съезге 183 делегат қатысты. Съездің назар аударған басты мәселесі ағарту қызметкерлеріне саяси тәрбие беру мәселесі болды. «Ағарту қызметкерлері үшін қобалжитын және екінің бірін таңдайтын уақыт өткен,— делінді съезд делегаттарының РКП(б) Орталық Комитетіне жолдаған құттықтау хатында,— тұтас алғанда ағарту ісінде, сондай-ақ ағарту қызметкерлерінің өздерін ағарту ісінде берік коммунистік бағыттың қажеттігін барша жұрт сезініп отыр...» Мәдени-ағарту жұмысының және халыққа білім беру ісінің мәселелерін қараған соң, съезд ағарту қызметкерлерін олардың алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау үшін, олардың жұмысындағы қиыншылықтарды жеңу үшін барлық күштерін аямай жұмсауға шақырды, сөйтіп мәдениет майданындағы жеңіске де «РКП-ның басшылығымен соғыс майдандарында жеңіске қалай жеткен болсақ, мұнда да тек соның жоғарғы басшылығымен ғана жетуге болатындығы» атап көрсетілді.

Съезд Ленинді өзінің құрметті председателі етіп сайлап, оған «ағарту қызметкерлерінің жарты миллиондық армиясы атынан» құттықтау хат жолдады. Лениннің съезді

құттықтаған жауап хаты 1922 жылғы 26 ноябрьдегі таңертеңгі мәжілісте оқылғанда делегаттар оны ду қол шапалақтап қарсы алды.— *352.*

186 *Халықаралық жұмысшы көмегі (Межрабпом)*— халықаралық жұмысшы табының Советтік Россия еңбекшілерімен пролетарлық ынтымағының бұқаралық ұйымы. Советтік Россияның ашаршылыққа ұшыраған жерлерінің халқына көмектесу комитеттерінің 1921 жылы сентябрьде өткен халықаралық конференциясында құрылды; бұл комитеттер бірқатар елдерде осы көмекті халықаралық көлемде үйлестіру мақсатында туған болатын. Халықаралық жұмысшы көмегінің құрылуы В. И. Лениннің 1921 жылы 2 августа халықаралық пролетариатқа жолдаған үндеуіне дүние жүзінің алдыңғы қатарлы жұмысшыларының жауабы болды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 44-том, 79—80-беттер).

Халықаралық жұмысшы көмегі Россияға азық-түлік заттарын, дәрі-дәрмектер жіберді, балалар үйлерін және тағы басқаларын құруда көмек көрсетті. 1921—1922 жылдардың ішінде Халықаралық жұмысшы көмегі алтынмен есептегенде 5 миллион сомнан астам қаржы жинады. Сонымен бірге Халықаралық жұмысшы көмегі шетелдерде Советтік Россияның достары қоғамдарын ұйымдастыруға, шетелдік жұмысшылар топтарының Советтік Россияға қопыс аударуына және халық шаруашылығын қалпына келтіруде совет халқына көмектесу мақсатында олардың өнеркәсіп және ауыл шаруашылық кәсіпорындарын құруына жәрдемдесті. Халықаралық жұмысшы көмегі халықаралық заем шығарды, РСФСР Халық Комиссарлары Советі ол үшін кепілдікті өз мойнына алды. Халықаралық жұмысшы көмегі кең көлемді баспагерлік қызметті өрістетті, шетелде Советтік Россияның өмірін баяндайтын кинофильмдерді таратты.

В. И. Лениннің Халықаралық жұмысшы көмегіне жолдаған хаты оның Совет республикасына көмектесу жөніндегі бұдан былайғы қызметінің программасына айналды.

Көп кешікпей Халықаралық жұмысшы көмегінің міндеттері мен функциялары ұлғайтылды. Халықаралық жұмысшы көмегі сонымен бірге ереуіл және локаут кездерінде барлық елдердің жұмысшыларына, еңбекшілердің балаларына және еңбекші әйелдерге, мүгедектерге және басқаларына моральдық және материалдық көмек көрсетті.

Халықаралық жұмысшы көмегінің басшы органы Орталық Комитет болды; ол Халықаралық жұмысшы көмегінің барлық ұйымдары өкілдерінің халықаралық конгресінде сайланды. Кейбір елдерде халықаралық жұмысшы көмегінің секциялары болды, оларға жеке мүшелермен бірге кейбір жұмысшы ұйымдары (кәсіподақтар, кооперативтер және т. б.) коллективтік мүше болып кірді.— *353.*

187 Коммунистік Жастар Интернационалының III конгресі Москвада 1922 жылы 4—16 декабрьде өтті. Оған әр түрлі ел-

дердің 38 жастар ұйымынан 121 делегат қатысты. Конгресс жастар қозғалысының міндеттерін талқылады: фашизмге қарсы күресте компартияларға жәрдемдесу, соғыс қаупіне қарсы күресу, коммунистік жастар одақтарын жұмысшы жастардың бұқаралық ұйымдарына айналдыру және біртұтас майдан тактикасын жүргізу, комсомолдың ағарту және теориялық жұмысының дәрежесін көтеру және басқалары. Конгресс ерекше қарарында Коммунистік Интернационалдың IV конгресінің барлық шешімдеріне өзінің тілектес екендігін мәлімдеді. Конгресс Коммунистік Жастар Интернационалының Атқару Комитеті ұсынған жаңа программа жобасын негіз ретінде қабылдап, оны барлық одақтарда кеңінен талқылауды ұсынды.

В. И. Лениннің құттықтауы конгресс ашылған күні Үлкен театрда ду қол шапалақталған жағдайда оқылды; конгреске Москваның жұмысшы жастарынан 2 мыңнан астам делегат қатысты. Конгресс сол күні Ленинге жауап хат жолдап, онда «әлеуметтік революция ісі үшін жұмысшы жастардың орасан зор көпшілігін» өз жағына қаратуға барлық күшін аямай жұмсауға коммунистік жастардың атынан уәде берді.— *355.*

188 Гаагада 1922 жылы декабрьдің 10-нан 15-не дейін Халықаралық бейбітшілік конгресі өтті; оны дүние жүзілік жаңа соғыс қаупіне қарсы шыққан жұмысшы бұқарасының қысымымен кәсіподақтардың Амстердам интернационалы шақырған болатын.

В. И. Ленин совет делегациясының конгресте сөз сөйлеуіне зор маңыз берді. Оның ұсынысы бойынша Саяси бюроның мүшелерінен ерекше комиссия құрылды, бұл комиссия конгреспен байланысты мәселелердің бәрін делегаттармен бірлесе отырып талқылауға тиісті болды. Бұл комиссияның 4 декабрьдегі мәжілісіне қатысуға мүмкіндігі болмағандықтан, Ленин өзінің көзқарасын жазбаша баяндап, өзінің жазбасын комиссияға жіберді. Совет делегациясы Гаагада болған кезінде Владимир Ильичтің нұсқауларын басшылыққа алып отырды.

Конгреске 630-ға жуық делегат келді. Онда тек Европа елдері ұйымдарының өкілдері ғана болды. Делегаттардың көпшілік бөлігі социал-демократиялық партиялардың, сатқын кәсіподақтардың және реформистік кооперативтік бірлестіктердің лидерлері еді. Делегаттардың арасында сонымен бірге буржуазиялық пацифистік қоғамдардың өкілдері едәуір орын алды. Халықаралық революцияшыл ұйымдар — Коминтерн, Профинтерн, сондай-ақ Азия мен Африканың езілген елдерінің өкілдері конгреске шақырылмады. Делегаттардың арасында он-ақ коммунист болды — олардың бәрі совет кәсіподақтарының өкілдері еді.

Орыс делегациясын әлсірету және коммунист-делегаттардың өз жұмысын кең өрістетуіне мүмкіндік бермеу үшін

конгресті өткізушілер Голландия үкіметінен Советтік Россияның тек үш делегатына — К. Б. Радекке, Ф. А. Ротштейнге және С. А. Лозовскийге ғана конгреске келуге рұқсат алды. Алты орыс делегаты тек соңғы екі мәжілісте ғана бола алды, сөйтіп, шындығында, конгрестің жұмысына қатыса алмай қалды.

Конгрестің құрамы оның көрінеу антикоммунистік бағыттағы жұмысының сипатын алдын ала белгілеген еді. Алғашқы мәжілістің өзінде-ақ совет делегациясының бір бөлегіне рұқсат беруден бас тартқаны үшін Голландия үкіметіне наразылық білдіру, Қызыл Профинтерннің конгреске жіберілмегендігі туралы мәселені күн тәртібіне қою, совет делегаттарына бірқатар маңызды мәселелер бойынша қосымша баяндама жасауға мүмкіндік беру жөніндегі совет делегаттарының талаптары қабылданбай қалды.

Жасалған кедергілерге қарамастан, совет делегациясы бүкіл дүние жүзінің алдында революцияшыл пролетариаттың империалистік соғысқа көзқарасын конгресс басшыларының рұқсатынсыз-ақ көрсетіп беру үшін конгрестің трибунасын пайдалана білді. Конгрестің инициаторлары конгреске әзірлеген дәрменсіз пацифистік қарарларға қарсы шығып, совет делегаттары бұл қарарлардың практикалық тұрғыдан дәйексіздігін напымды түрде әшкерелеп берді. Совет кәсіподақтарының делегациясы 14 пункттен тұратын өз программасын конгрестің қарауына ұсынды. Үш тілде — француз, неміс және ағылшын тілдерінде — басылған программаның тексті конгресс бюросына және барлық комиссияларға берілді, сондай-ақ барлық делегаттарға үлестірілді, барлық газеттерге жіберілді. Программа Версаль шартын жою жолында, халықаралық империализмнің барлық заговорларын әшкерелеу жолында, құпия шарттарды жариялау жолында, Ұлттар лигасының жалауымен әрекет жасаушы империалистік державалардың агрессияшыл саясатына қарсы, репарация деген желеумен Германияның, Австрияның, Болгарияның және басқа елдердің еңбекшілер бұқарасын құлдануға қарсы, Германияның және барлық елдердің оккупацияланған облыстарынан, «Ұлттар лигасының мандаты бойынша, яғни күштінің правосы бойынша оккупацияланған» облыстар мен территориялардан (Қиыр Шығыс пен Таяу Шығыс, Африка және т. б.) одақтастардың әскерлерін дереу әкету жолында батыл, жаппай күрес жүргізуге шақырды. Конгрестің оппортунистік көпшілігі бұл программаны қабылдамай тастады.

Конгресс қабылдаған қарарлардың «бейбітшілік конгресін» шақырумен байланысты алға қойылған мақсаттардан алыс болғандығы соншалық, совет делегациясы тіпті бұл қарарларға нендей бір түзетулер енгізуден де бас тартты. Бұл қарарларда соғысты туғызатын негізгі себеп — капитализм екендігі туралы бір ауыз сөз де айтылмады, соғысқа қарсы таптық позиция тұрғысынан күресу қажеттігіне нұса-

ра да жасалмады, соғысқа қарсы біртұтас жұмысшы майданын ұйымдастыру туралы сөз де болмады.— *356.*

189 Қараңыз: бұл да осы томда, 65—66, 172—181, 366—368, 370—371-беттер.— *361.*

190 Бұл арада «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулының» жобасында келтірілген тізім айтылып отыр (қараңыз: осы том, 180—181-беттер).— *361.*

191 В. И. Ленин бұл естеліктерді Н. Е. Федосеевтің революциялық қызметіне арналған жинақ үшін Истпарттың өтініші бойынша жазды (мына кітапты қараңыз: «Федосеев Николай Евграфович. Россиядағы революциялық марксизм пионерлерінің бірі (Естеліктер жинағы)». М.—Пг., 1923). Лениннің естеліктеріне бас тақырыпты ұсынған А. И. Ульянова-Елизарова, текстке болмашы редакциялық өзгерістер енгізуді ұсынған да сол. А. И. Ульянова-Елизарованың осы ұсыныстарды жасап Владимир Ильичке жазған хатында Лениннің: «Қарсы емеспін» деген белгісі бар; хат КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Владимир Ильич өз естеліктерінде айтқан өзінің Федосеевпен жазысқан хаттары табылған жоқ.— *362.*

192 *«Еңбекті азат ету»*— 1883 жылы Швейцарияда Г. В. Плеханов құрған орыстың тұңғыш маркстік тобы. Топ Россияда марксизмді насихаттау жөнінде үлкен жұмыс істеді. Плеханов жазған және «Еңбекті азат ету» тобы басып шығарған орыс социал-демократтары программасының екі жобасы (1883 және 1885) Россияда социал-демократиялық партияны дайындауда және құруда маңызды қадам болды. Алайда топ Россиядағы практикалық жұмысшы қозғалысымен байланыста болмады. «Еңбекті азат ету» тобы, деп көрсетті В. И. Ленин, «социал-демократияны тек теория жағынан ғана негіздеп, жұмысшы қозғалысына қарай бір адым аяқ басты» (Шығармалар толық жинағы, 25-том, 144-бет). Топ мүшелері елеулі қателіктерге жол берді: либерал буржуазияның ролін асыра бағалап, шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады. Осы қателер Плехановтың және топтың басқа мүшелерінің (П. Б. Аксельродтың, Л. Г. Дейчтің, В. И. Засуличтің) болашақ меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді.

1903 жылы августа РСДРП II съезінде «Еңбекті азат ету» тобы өзінің таратылғанын мәлімдеді.— *362.*

193 *«Русское Богатство»* («Орыс Байлығы»)— 1876 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте ай сайын шығып тұрған журнал.

90-шы жылдардың басынан Н. К. Михайловский бастаған либерал халықшылдардың қолына көшті. Кейін эсерлер, «халықтық социалистер» партиялары мен мемлекеттік думалардағы трудовиктердің көрнекті мүшелері болған публицистер осы «Русское Богатствоның» төңірегіне топтасты. 1906 жылы журнал жартылай кадеттік Халықтық-социалистік еңбек партиясының (энестердің) органы болды.

1894 жылы «Русское Богатствоның» 1-номерінде жарияланған «Әдебиет және өмір» деген мақалада Михайловский орыс марксистерінің беделін түсіру мақсатымен Н. Е. Федосеевтің оған жазған хаттарынан сыңаржақ іріктеліп алынған бірнеше үзінді жариялады.

Федосеевтің Михайловскийге жазған хаттары көп уақыт бойы жоғалып кетті деп есептеліп келді. 1921 жылы ноябрьде Ленин мына кітапшаның: «Н. К. Михайловскийге екі хат». 1894. (Басылған жері көрсетілмеген) авторы кім екенін айту жөніндегі өтінішке былай деп жауап жазды: «Мүмкін, мұны жазған марқұм *Федосеев* болар. Сол жылдары оның (және оның шағын тобының) Михайловскиймен хат алысып тұрғаны жайында естігенім бар еді. Бірақ ол хаттардың баспасөзде жарияланғанын естіген жоқпын. Алайда анық ештеңе айта алмаймын» (Лениннің XXIII жинағы, 320-бет). Федосеевтің Михайловскийге жазған хаттары тек 1933 жылы ғана «Пролетарская Революция» журналының 1-номерінде толық жарияланды.— *362.*

194 В. И. Ленин Н. Е. Федосеевпен кездесу үшін 1893 жылы октябрьдің басында (жаңаша) Владимирге барды.— *363.*

195 В. И. Лениннің ұсынысы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1922 жылы 7 декабрьде Мемлекеттік жабдықтау комиссиясының баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысына енді. Халық Комиссарлары Советіне кеме жөндеу программасы бойынша үнемделген қаржыдан алтынмен есептегенде 2 миллион сомды Халық ағарту комиссариатына бөлу ұсынылды (қараңыз: осы том, 349-бет).— *364.*

196 Қолжазбаның бірінші бетінің жоғарғы сол жақ бұрышына В. И. Ленин былай деп жазған: «Дереу бес дана етіп көшірілсін». КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы документтің машинкада басылған екі данасында мынадай жазулар бар: біреуінде — *«Ленин жолдасқа»*, екіншісінде — *«Цюрупа жолдасқа»*.— *366.*

197 *Советтердің Бүкіл украиндық VII съезі* 1922 жылы 10—14 декабрьде Харьковта өтті. В. И. Ленин съезд президиумының құрметті мүшесі болып сайланды. Лениннің құттықтауы съезд ашылған күні оқылды; сол күні съезд Ленинге жауап ретінде құттықтау жіберді. Съезд советтік республи-

калардың одақтық бірігуі туралы М. В. Фрунзенің баяндамасы бойынша қаулы қабылдап, суверенді советтік республикаларды біртұтас одақтық мемлекетке — Советтік Социалистік Республикалар Одағына ерікті түрде біріктірудің лениндік идеясын қолдады. Советтердің Бүкіл украиндық VII съезі 1922 жылы 14 декабрьде Ленинге телеграф арқылы былай деп хабарлады: «Советтердің Бүкіл украиндық съезі үкімет баяндамасы бойынша «Советтік Социалистік Республикалар Одағы» деп аталатын жаңа мемлекеттік бірлестікті дереу құру туралы қарарды жаңа ғана Интернационал шырқалған жағдайда бірауыздан қабылдады... Өзінің идеялық көсемі ретінде Сізге жалынды сәлем жолдай отырып, съезд таяу уақыт ішінде Сізді Жалпы одақтық Совет Үкіметінің басшысы қызметінен де көретін шығармыз деп үміттенеді».

Лениннің нұсқауларын басшылыққа алып, съезд сонымен бірге совет құрылысы, финанс саясаты мәселелеріне, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өрге бастыруға зор көңіл бөлді. Съезд Ленинді Бүкіл украиндық Орталық Атқару Комитетінің құрметті мүшесі етіп сайлады.— *369.*

198 13 декабрьде таңертең Лениннің ауруы екі рет қатты асқынды. Дәрігерлер Ленинге алаңсыз дем алып жату керек деп ұйғарды. «Дәрігерлер,— деп жазды кейіннен М. И. Ульянова,— Владимир Ильичті жұмысты мүлде тастап, қала сыртына кетуге әрең көндірді. Ал әзірге Владимир Ильичке серуенге шығуға болмайды, мүмкіндігінше көбірек жату керек деді. Ақыр соңында, Владимир Ильич қаладан кетуге келісіп, «бүгіннен бастап өзінің істерін тоқтата бастайтынын» айтты.

Осыдан кейін Ленин бірнеше күн үйде жұмыс істеді — хаттарын айтып жаздырды, өзі ерекше зор маңызды деп есептеген істерді тындыруға тырысып, әр түрлі тапсырмалар берді.— *370.*

199 Бұл арада В. И. Лениннің келушілерді қабылдауы, жалпы ереже ретінде, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателі орынбасарларының немесе РКП(б) Орталық Комитеті секретарының алдын ала іріктеп алуы бойынша өтуі қажеттігі туралы А. И. Рыковтың ұсынысы айтылып отыр.— *370.*

200 Жарияланып отырған хатта Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателінің орынбасарлары арасында жұмысты 1922 жылы 12 декабрьде А. Д. Цюрупа, Л. Б. Каменев және А. И. Рыков белгілеген бөлісу туралы айтылып отыр. В. И. Лениннің Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Председателінің орынбасарлары арасында жұмысты бөлісу туралы 1922 жылы 4 декабрьдегі ұсынысын, сондай-ақ оның Халық

Комиссарлары Советінің Председателі мен орынбасарларының жұмыс тәртібі туралы ұсыныстарын қараңыз: осы том, 361 және 366—368-беттер.— *370.*

201 Орталық Комитеттің 1922 жылғы 16 октябрьдегі шешіміне сәйкес (139-ескертуді қараңыз), сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе партияның Орталық Комитетінің 15 декабрьге белгіленген пленумында (одан кейін пленум 18 декабрьге көшірілді) қайтадан талқылануға тиіс еді.

В. И. Ленин пленумға үлкен әзірлік жұмысын жүргізді: сыртқы сауданың жайы туралы материалдарды жинауды ұйымдастырды және оларды зерттейтін комиссия құрды; оның ұсынысы бойынша РСФСР-дің шетелдегі сауда өкілдіктерінің қызметі тексерілді; ол Орталық Комитет мүшелерімен, жауапты партия, совет және шаруашылық қызметкерлерімен әңгімелесті; қобалжыған жолдастарға сыртқы сауда монополиясын сақтау қажеттігін түсіндіріп бірсыпыра хаттар мен запискалар жазды; өзінің көзқарасын жақтаушылармен олардың пленумда сөз сөйлеуі туралы келісті. «Пленумда мен монополияны жақтап соғысамын»,— деп жазды ол өз хаттарының бірінде.

Алайда ауруы асқынған соң, 13 декабрьде, дәрігерлер Ленинге жұмыс істетпеді, сөйтіп ол пленумға қатыса алмады. Осымен байланысты Ленин Орталық Комитет пленумына арнап 13 декабрьде осы жарияланып отырған хатты жазып, Бухариннің 1922 жылы 15 октябрьде Орталық Комитетке жазған хатында баяндалған оның сыртқы сауда монополиясына қарсы келтірген дәлелдерін қарап, теріске шығарды. Ленин өзінің хатын И. В. Сталинге, сондай-ақ Л. Д. Троцкийге және В. А. Аванесовқа да жіберді. Сыртқы сауда монополиясын сақтау көзқарасында тұрған Аванесовқа қосымша запискасында Ленин одан сыртқы сауда монополиясы туралы хатқа тағы да нені қосуға болатынын, *«күресті қалай дұрыс ұйымдастыру»* қажеттігін жақсылап ойластыруды өтінді. Троцкийге пленумда «сыртқы сауда монополиясын сақтаудың және нығайтудың сөзсіз қажеттігі туралы көзқарасты» қорғап сөз сөйлеуді ұсынып, Ленин «бұл мәселеде шегінуге болмайтынын» атап көрсетті.

Лениннің хаттары, Ленинмен әңгімелесу және осы мәселе жөніндегі материалдарды терең зерттеу сыртқы сауда монополиясын сақтаудың қажеттігіне Орталық Комитет мүшелерінің көзін жеткізді. Сталин де өзінің позициясын өзгертті. 1922 жылы 15 декабрьде ол Орталық Комитет мүшелеріне былай деп жазды: «Соңғы екі айдың ішінде сыртқы сауда монополиясын сақтау қажеттігін дәлелдейтін жаңа материалдардың көп жиналуы себепті... мен мынаны мәлімдеуді өзімнің борышым деп санаймын: осыдан екі ай бұрын Орталық Комитет мүшелеріне жазбаша түрде хабарлаған сыртқы сауда монополиясына қарсы пікірімді қайтып аламын» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-

ленинизм институтының Орталық партия архиві). Ленин Орталық Комитеттің октябрь пленумында сыртқы сауда монополиясына қарсы дауыс берген Орталық Комитет мүшелерінің бір бөлігінің «өздерінің бұрынғы пікірін қазірдің өзінде өзгерткендігін» қанағаттанғандықпен атап көрсетті (қараңыз: осы том, 378-бет).

Ленин Орталық Комитет пленумының сыртқы сауда монополиясы туралы мәселені шешуді қандай да болса бір кешеуілдетуіне үзілді-кесілді қарсы болды. «Егер бұл мәселе мені қобалжытады және тіпті ол менің денсаулығыма теріс әсерін тигізуі де мүмкін деп қауіптенушілік болса,— деп жазды Владимир Ильич,— менің ойымша, бұл мүлде қате, өйткені біздің түбегейлі мәселелердің бірі жөніндегі саясатымызды мүлде тұрақсыз етіп отырған кешеуілдетушілік мені он мың мәрте қаттырақ қобалжытады». Өзінің пленумға қатыса алмайтындығына қарамастан, Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы мәселені нақ алдағы пленумда талқылау қажеттігін үзілді-кесілді жақтап, И. В. Сталинге 15 декабрьдегі хатында былай деп атап көрсетті: «...Бұл аса маңызды мәселе жөнінде бұдан әрі ауытқуларға жол беруге мүлде болмайды және бұлай ету бүкіл жұмысты бүлдіреді» (қараңыз: осы том, 378-бет). Ленин пленумның алдында Е. Ярославскийден монополияға қарсылардың — Бухарин мен Пятаковтың, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай басқа да қатысушылардың сөйлеген сөздерін жазып алуды өтінеді (қараңыз: осы том, 522-бет).

Орталық Комитеттің декабрь Пленумы бірауыздан шешім қабылдап, онда алдыңғы октябрь пленумының қаулысын күшінен айрылды деп есептеп, «сыртқы сауда монополиясын сақтаудың және ұйымдық жағынан нығайтудың сөзсіз қажеттігін» қуаттады. Солай бола тұрса да, Лениннің сыртқы сауда монополиясы туралы мәселеге аса зор маңыз бергені сонша, ол бұл мәселе туралы Советтердің алдағы Бүкіл россиялық X съезінің коммунистік фракциясына хабарлау керек және оны партияның кезекті, XII съезінің талқылауына қою қажет деп санады.

Лениннің нұсқауына сәйкес, сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе 1923 жылы 17—25 апрельде өткен партияның XII съезінде қаралды. РКП(б) Орталық Комитетінің есебі бойынша съезд қабылдаған қарарда былай делінді: «Съезд сыртқы сауда монополиясының бұлжымайтындығын және одан қалай да болсын бұрылып кетуге немесе оны жүзеге асыру кезіндегі ауытқушылыққа жол берілмейтіндігін үзілді-кесілді растайды, сөйтіп жаңа Орталық Комитетке сыртқы сауда монополиясы режимін нығайтып, дамытып отыруға үнемі шаралар қолдануды тапсырады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 429-бет).— *372.*

202 *Фритредерлік* — өнеркәсіп буржуазиясының экономикалық саясаты, ол саясат еркін сауда және елдің экономикалық өміріне мемлекеттің араласпауы жөніндегі талаптармен сипатталады. Әлеуметтік демагогия мақсатында ағылшын фритредерлері XIX ғасырда еркін сауда ұранын кең пайдаланды. Ірі жер иелеріне қарсы күресте жұмысшылардың қалың бұқарасын өз жағына тартуға тырысқан ағылшын фритредерлері сауда еркіндігі еңбекшілердің материалдық жағдайын жақсартады деп пайымдады. К. Маркс бұл пайымдаулардың мүлде негізсіз екендігін, өйткені «фритредер vulgaris өзінің барлық көзқарастарын, ұғымдарын, капитал мен жалдама еңбек қоғамы жайындағы барлық пікірлерін» «тек қарапайым айналыс, немесе товарлар айырбасы саласынан ғана алатындығын» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 187-бет) көрсетіп берді.— *374.*

203 Бұл арада В. И. Лениннің денсаулығы нашарлауына байланысты оның Горкиге көшіп баруы жөнінде дәрігерлердің жасаған үйғарымы айтылып отыр.— *377.*

204 В. И. Ленин бұл арада Советтердің Бүкіл россиялық X съезін айтып отыр.— *377.*

205 В. И. Лениннің Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде сөйленетін сөзінің жоспарын осы томның 484—485-беттерінен қараңыз. Ленин съезде сөз сөйлеуге әзірленіп, ол ашылардан көп бұрын, 1922 жылғы ноябрьдің өзінде-ақ қажетті материалдарды жинай бастады: кітаптар, газет қиындыларын сұратып алды, Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары В. П. Милютиннің сауданың, финанстың және өнеркәсіптің жайы туралы баяндамасымен танысты, И. И. Ходоровскийге РКП(б) қалалық ұяларының селолық ұяларға, селолық ұяларының қалалық ұяларға қамқорлығы туралы мәліметті жіберуін өтініп хат жазды. Съезде сөйленетін сөзінің жоспарына қарағанда Ленин бұл сөзінде кейін өзінің соңғы мақалаларында баяндаған біркатар мәселелерге тоқталу ниетін көздеген.— *377.*

206 В. И. Ленин денсаулығының нашарлай түсуі себепті Советтердің Бүкіл россиялық X съезінің жұмысына қатыса алмады. 16 декабрь күні кешке Н. К. Крупская кезекші секретарьдан «Советтер съезінде сөйлей алмайтындығын Владимир Ильичтің атынан Сталинге хабарлауды» өтінеді (осы том, 521—522-беттер).

Советтердің Бүкіл россиялық X съезі 1922 жылы 23 декабрьде Москвада ашылды. Оған 2215 делегат, оның ішінде ЗСФСР-ден, УССР-ден және БССР-ден 488 өкіл қатысты. Ленин съездің құрметті председателі болып сайланды; съезд В. И. Ленинге құттықтау телеграмма қабылдағанда ду қол шапалақталып, «Интернационал» орындалды.

Съезд Совет республикасының ішкі және сыртқы саясаты туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің баяндамасын, сондай-ақ Халық шаруашылығы жоғары советінің, Халық ағарту комиссариатының, Финанс халық комиссариатының және Егіншілік халық комиссариатының баяндамаларын талқылады. Съезд Совет үкіметінің қызметін толық мақұлдап, баяндамалар бойынша қабылдаған шешімдерінде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын және финансты одан әрі нығайтуға бағытталған толып жатқан шаралар белгіледі. 26 декабрьде съезд советтік республикаларды біріктіру туралы баяндаманы тыңдады, ал келесі күні, соңғы мәжілісте, осы мәселе жөнінде қаулы қабылдап, онда Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру қажет деп тапты.

Съезд сонымен бірге дүние жүзінің барлық халықтарына үндеу қабылдап, онда Россияның жұмысшылары мен шаруалары атынан өзінің бейбітшілікке ұмтылған еркін салтанатты түрде растап, барлық елдердің еңбекшілерін «бейбітшілікті қамтамасыз ету» үшін және «адамзатты жан түршігерлік, қырып-жоятын соғыстардан сақтау» үшін өздерінің күш-жігерін Советтік Россия халықтарының күш-жігеріне қосуға шақырды.— *377.*

207 1922 жылы 16 декабрьде В. И. Лениннің ауруы қатты асқынды; одан кейінгі күндері Владимир Ильичтің денсаулығы одан да гөрі нашарлап, оң қолы мен оң аяғы жансызданып қалды. Ленин ауруының қауіптілігін жақсы түсінді, сөйтіп, таяу уақытта мүлде іске жарамсыз болып қалуы мүмкіндігін сезгендіктен, бірқатар жазбаларды айтып жаздырмақшы болды, оларда «неғұрлым маңызды» деген ойлары мен пікірлерін — Россиядағы социализм құрылысының жолдары туралы, партия және оны нығайту шаралары туралы, дүние жүзілік революциялық қозғалыстың перспективалары туралы ойлары мен пікірлерін айтуға ұйғарды.

23 декабрьде Ленин дәрігерлерден стенографисткаға бес минут айтып жаздыруға рұқсат сұрады, «өйткені,— деді Владимир Ильич,— бір мәселе мазалап тұр, бәрібір көз ілмеспін деп қорқамын». Рұқсат алған соң, Ленин М. А. Володичеваны шақыртып алып, оған «Съезге хаттың» бірінші бөлімін айтып жаздырады. Келесі күні Владимир Ильич айтып жаздыруды жалғастырғысы келетінін айтады, кейіннен М. И. Ульянованың айтқанындай, дәрігерлер рұқсат бермеген соң, ол мәселені үзілді-кесілді түрде қояды: не өзінің «күнделігін», Ленин өзінің жазбаларын осылай атаған еді, айтып жаздыруына күн сайын, аз уақытқа болса да, рұқсат беріледі, не ол емделуден мүлде бас тартады. Лениннің талап етуі бойынша оған күн сайын 5—10 минут айтып жаздыруға рұқсат беріледі. Бұдан былай Лениннің денсаулығы бірте-бірте жақсара бастайды да, оған күніне 30—40 минут айтып жаздыруға рұқсат етіледі.

Ауыр науқас болса да, Ленин ақыл-парасатының толық айқындығын, ерекше ерік-жігерін, асқан оптимизмін сақтай білді. Владимир Ильичтің денсаулығы қайтадан күрт нашарлаған 6 мартқа дейін ол іс жүзінде жұмыс істеумен болды, өзінің жазбаларын айтып жаздырды, РКП(б) XII съезіне әзірленді. Ол бұл уақыттың ішінде бірнеше көлемді хатты және бес мақаланы айтып жаздырды.

1922 жылы 24, 25 және 26 декабрьде Ленин «Съезге хатты» М. А. Володичева мен Л. А. Фотиеваға одан әрі айтып жаздырды. Ленин 27—29 декабрьде «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы» хатты айтып жаздырды. Владимир Ильич 27 немесе 28 декабрьде, сірә, бұдан былайғы жұмысының белгіленген тақырыптарын айтып жаздырған:

«Ұмытпау үшін:

Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейту туралы хатта көбейтілген Орталық Комитет мүшелерінің Жұмысшы-Шаруа инспекциясына көзқарасы туралы айтылмай қалған.

Белгіленген тақырыптар:

1. Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы және оның жаңа экономикалық саясат тұрғысынан алынғандағы маңызы туралы.

2. Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарманың халық арасындағы жалпы ағартушылық жұмыспен ара қатынасы туралы.

3. Ұлт мәселесі туралы және интернационализм туралы (грузин партиясындағы соңғы жанжалға байланысты).

4. Халыққа білім беру статистикасының 1922 ж. шыққан жаңа кітабы туралы».

29 декабрьде Ленин «Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейту жөніндегі бөлімге» деген жазбаны, 1922 жылы 30—31 декабрьде —«Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатты, 1923 жылы 4 январьда — «Съезге хаттың» екінші бөліміне қосымшаны айтып жаздырады.

2 январьдан бастап 9 февральға дейін Ленин мына мақалаларды айтып жаздырады: «Күнделік дәптердің беттерінен», «Кооперация туралы», «Біздің революция туралы (Н. Сухановтың запискалары жөнінде)», «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек (Партияның XII съезіне ұсыныс)», «Аз болса да, жақсы болсын».

Кейін, 1929 жылы, М. А. Володичева былай деп жазды: «1922 жылғы декабрьден (20-сы күндері) 1923 жылғы марттың басына дейінгі уақыт ішінде В. И. Ленин айтып жаздырған барлық документтер мен мақалалар В. И. Лениннің тілегі бойынша бес дана етіп көшірілді, олардың бір данасын ол өзінде қалдыруды өтінді, үш данасын — Надежда Константиновнаға және бір данасын — өзінің секретариатына (өте құпия) бергізді. Түпкілікті түзетулері мен өзгеріс-

тері түгел түсірілген, таза етіп қайта басылған, «Правдаға» жіберілетін данасын В. И. Ленин өзі қарап шыққан соң Мария Ильинични҇аға бергізді. Түзетулер Надежда Константиновна алған үш данаға да енгізілді. Көшірмелердің бастапқы нұсқаларын мен отқа жағып отырдым. Оның тілегі бойынша, документтердің көшірмелері сақталған конверттер сүргіштеліп печатьталды, содан соң ол конверттердің сыртына тек В. И. Ленин ғана, ал ол қайтыс болғаннан кейін тек Надежда Константиновна ғана аша алады деп жазғызды. «Ал ол қайтыс болғаннан кейін» деген сөздерді конверттердің сыртына мен жазбадым. В. И. Ленинге арналған даналар папкаларға салынып, пайдалануға қолайлырақ болуы үшін жіп тағылып қойылды».

Лениннің партияның ішкі мәселелері жөнінде айтып жаздырған хаттары ол кезде жарияланбады, ал мақалалары сол кездің өзінде-ақ «Правдада» басылды. В. И. Лениннің соңғы мақалалары мен хаттарындағы нұсқаулары партияның XII съезінің, РКП(б) XIII конференциясының және партияның XIII съезінің шешімдерінің негізі етіліп алынды.

1927 жылы декабрьде ВКП(б) XV съезі «Съезге хатты» (1922 жылғы 24—25 декабрьдегі және 1923 жылғы 4 январьдағы жазбаларды) съездің стенограммасына қосымша етуге, сонымен бірге Лениннің бұл жазбалары мен партияның ішкі мәселелері жөніндегі басқа да хаттарын Лениннің жинақтарында жариялауға шешім қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Лениннің 1922 жылғы 24—25 декабрьдегі және 1923 жылғы 4 январьдағы жазбалары ВКП(б) XV съезінің № 30 бюллетенінде басылды. Лениннің партияның ішкі мәселелері жөніндегі хаттары ол кезде жарияланбады. 1956 жылы КПСС Орталық Комитетінің шешімі бойынша бұл хаттар партияның XX съезіне мәлімделіп, одан кейін партия ұйымдарына жіберілді және кеңінен жарияланды — «Коммунист» журналының 1956 жылғы 9-номерінде басылды және көп тиражбен жеке кітапша болып басылып шықты және В. И. Ленин Шығармаларының 4-басылуының 36-томына енгізілді.— *379.*

208 *«Съезге хат»* В. И. Лениннің 1922 жылы 23, 24, 25, 26 және 29 декабрьде («Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейту жөніндегі бөлімге») және 1923 жылы 4 январьда (1922 жылғы 24 декабрьдегі хатқа қосымша) айтып жаздырған жазбаларын қамтиды.

«Съезге хаттың» бірінші бөлімі (1922 жылғы 23 декабрьдегі жазба), «В. И. Лениннің хаттары, запискалары және тапсырмалары тіркелетін кітапта» көрсетілгеніндей, сол күні И. В. Сталинге жіберіледі. Саяси бюро мәжілістерінің және Орталық Комитет пленумдарының протоколдарында В. И. Лениннің бұл жазбасы туралы ештеңе айтылмаған. Алайда Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейту қажеттігі туралы мәселе партияның Орталық Комитетінде

Лениннің 23 декабрьдегі жазбасында берілген нұсқауларына әбден сәйкес қойылды (өйткені: Ленин «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаласында, Орталық Комитет мүшелерінің санын көбейту жөнінде емес, Орталық Бақылау Комиссиясын ұлғайту қажеттігі жөнінде жазды). Лениннің 23 декабрьдегі жазбасында айтылған және оның «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек», «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақалаларында дамытылған ұсыныстары партияның Орталық Комитеті РКП(б) XII съезіне әзірлеген ұйымдық мәселе жөніндегі қарардың негізі етіліп алынды (216-ескертуді қараңыз).

Орталық Комитеттің мүшелеріне мінездеме берілген 1922 жылғы 24—25 декабрьдегі және 1923 жылғы 4 январьдағы жазбаларға келетін болсақ, Лениннің тілегі бойынша, бұл жазбаларды Н. К. Крупская партияның Орталық Комитетіне Владимир Ильич қайтыс болғаннан кейін, 1924 жылы 18 майда, РКП(б) XIII съезі ашылардан бірнеше күн бұрын табыс етті. Бұл документтерді тапсыру туралы протоколда Надежда Константиновна былай деп жазды:

«Мен Владимир Ильичтің ауырып жатып 23 декабрьден 23 январьға дейін айтып жаздырған 13 жеке жазбаны табыс еттім. Бұған ұлт мәселесі жөніндегі жазба кірген жоқ (қазір ол жазба Мария Ильиничнада).

Бұл жазбалардың кейбірі (Рабкрин туралы, Суханов туралы) жарияланған. Жарияланбаған жазбалардың ішінде 1922 жылғы 24—25 декабрьдегі және 1923 жылғы 4 январьдағы жазбалар бар, оларда Орталық Комитеттің кейбір мүшелерінің жеке басына мінездеме берілген. Владимир Ильич оның бұл жазбасы ол қайтыс болғаннан кейін кезекті партия съезіне хабарланса екен деген берік тілек білдірген еді. *Н. Крупская*».

Орталық Комитеттің 1924 жылы 21 майда өткен пленумы, В. И. Лениннің қағаздарын қабылдау жөніндегі комиссияның хабарын тыңдап, мынадай қаулы қабылдады: «Оқылған документтерді жариялау, Владимир Ильичтің тілегіне сәйкес, съезге көшіріліп, делегацияларға жарияланғаннан соң бұл документтерді көшіріп басуға болмайды деп және оларды делегацияларға Ильичтің қағаздарын қабылдау жөніндегі комиссияның мүшелері жариялайды деп белгіленсін».

Осы қаулыға сәйкес және партияның XIII съезі президиумының ұйғаруы бойынша Лениннің «Съезге хаты» делегациялар бойынша оқылды.— *381.*

209 *«Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы»* хатты Н. К. Крупская партияның Орталық Комитетіне 1923 жылы июньнің басында табыс етті. 14 июньде Саяси бюро «Ленин жолдастың Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы туралы запискаларын Орталық Комитеттің мүшелері мен кандидаттарына хабардар болу үшін

жіберу» туралы шешім қабылдады. Лениннің нұсқаулары РКП(б) XIII конференциясының «Экономикалық саясаттың кезектегі міндеттері туралы» қарарында (VIII бөлімі — «Жоспарлы негізді күшейтудің қажеттігі туралы») бейнеленді (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 563—564-беттер).— *387*.

210 В. И. Лениннің *«Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде»* деген хаты СССР-дің құрылуымен байланысты жазылған және ол Совет елі халықтарының арасындағы өзара қатынастар проблемасына арналған.

Лениннің бұл хатты жазуына Грузин Компартиясындағы жанжал — Г. К. Орджоникидзе бастаған РКП(б) Закавказье өлкелік комитеті мен П. Г. Мдиванидің тобы арасындағы жанжал тікелей себеп болды.

Закавказье өлкелік комитеті, ал одан ертерек — РКП(б) Орталық Комитетінің Кавказ бюросы Закавказье республикаларының топтасуына күш салып, Мдивани тобының мүлде қате позициясына қарсы күресіп, принциптік дұрыс бағыт ұстады; Мдивани тобы Закавказье республикаларының шаруашылық және саяси бірігуіне іс жүзінде кедергі жасап, шындығында Грузияның оқшаулығын сақтап қалуға тырысты, сөйтіп буржуазиялық ұлтшылдықтың, грузин меньшевиктерінің сойылын соқты. Грузия коммунистері өздерінің съездерінде, конференцияларында және партия активі жиналыстарында Мдиванидің және оны жақтаушылардың бұл позициясын ұлтшылдық уклон деп әділ бағалады. Ленин Мдиванидің және оның жақтастарының принциптік қате көзқарастарын сынға алды. Нақ Мдивани тобына қарама-қарсы, Ленин 1921 жылы ноябрьде партияның Орталық Комитеті Саяси бюросының Закавказье федерациясын құру туралы мәселе жөніндегі өзі жазған қаулысында былай деп атап көрсетті: «Закавказье республикаларының федерациясы принципінде өте дұрыс және сөзсіз жүзеге асырылуға тиіс деп танылсын» (Шығармалар толық жинағы, 44-том, 280-бет). Мдиванидің жақтастары РКП(б) Орталық Комитетінің октябрь (1922 жылғы) пленумынан кейін де Грузияның СССР құрамына, Закавказье федерациясы арқылы емес, тікелей кіруін талап еткенде Ленин Закавказье өлкелік комитеті мен Грузия КП Орталық Комитетіне жолдаған телеграммасында Мдиванидi жақтаушылардың іс-әрекетіне наразылық білдіріп, олардың *«Орджоникидзені* балағаттауын» үзілді-кесілді айыптады. «Мен,— деп жазды Ленин,— өзімнің жанама қатысуыммен және *Мдиванидің* тікелей қатысуымен *Орталық Комитет* пленумының қарарлары нәтижесінде барлық алауыздық біткен шығар деп сенген едім» (Шығармалар толық жинағы, 54-том, 300-бет).

Сонымен бірге Орджоникидзе де елеулі қателіктер жіберді. Ол Грузияда партияның ұлт жөніндегі саясатын жүргізуде тиісті икемділік пен сақтық көрсете алмады, кейбір шараларды іске асыруда әкімшілік жасауға және асығыстыққа жол берді. Грузия КП Орталық Комитетінің пікірімен және праволарымен үнемі санасып отырмады. Орджоникидзе Мдивани тобымен өзара қатынаста да тиісті ұстамдылық көрсетпеді. Істің насырға шапқаны сонщалық, осы топқа қатысушылардың біреуі Орджоникидзеге тіл тигізгенде, ол әлгі адамға қол жұмсаған.

Закавказье өлкелік комитетінің позициясымен келіспеушілік білдірген Мдиванидің жақтастары,— ал бұлар Грузия КП Орталық Комитетінде көпшілік болатын,— Орталық Комитеттен шығып, РКП(б) Орталық Комитетіне шағым берді. 1922 жылы 25 ноябрьде Саяси бюро Грузия КП Орталық Комитеті мүшелерінің мәлімдемесін дереу қарау үшін Ф. Э. Дзержинский бастаған комиссияны Грузияға жіберуге шешім қабылдады.

Ленинді «грузин мәселесі» қатты мазалады, кезекші секретарьлардың Күнделігінен көрініп отырғанындай, ол Дзержинскийдің оралуын асыға күтеді. 12 декабрьде Дзержинский Москваға қайтып келеді, сойтіп Владимир Ильич сол күні онымен ұзақ әңгімелеседі. Кейін, 1923 жылы январьда, Ленин Л. А. Фотиеваға былай дейді: «Мен сырқаттанып қалардың алдында Дзержинский маған комиссияның жұмысы туралы және «жанжал» туралы айтқан болатын, ал мұның өзі маған өте ауыр әсер етті» (қараңыз: осы том, 525-бет). Ленин «грузин мәселесін» СССР-ді құру туралы жалпы мәселемен байланыстырды, республикаларды біріктірген кезде пролетарлық интернационализм принципі қаншалықты дәйекті жүргізілетіндігін ойлап алаң болды. 14 декабрьде Владимир Ильич ұлт мәселесі жөніндегі — СССР-ді құру жайындағы хатын айтып жаздырмақшы болып еді, бірақ ол кезде бұл ойын іске асыра алмады. Бұдан кейінгі хаттар мен мақалалар тақырыптарының Ленин 27 немесе 28 декабрьде айтып жаздырған тізбесінде: «Ұлт мәселесі туралы және интернационализм туралы (грузин партиясындағы соңғы жанжалға байланысты)» деген тақырып бар.

Ленин «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатында Орджоникидзенің қылығын кінәлады. «Грузин жанжалын» тексеруде Дзержинскийдің комиссиясы тиісті дәрежеде әділдік көрсетпеді деп санады. Ленин осы істің барлығы үшін саяси жауапкершілікті ең алдымен Орталық Комитеттің бас секретары ретінде Сталинге жүктеді; бұл арада Ленин оның республикаларды біріктірер кездегі елеулі қателіктерін ескерген еді. Ленин Мдиванидің Закавказье федерациясы және СССР-ді құру туралы мәселелер жөніндегі принциптік қате позициясын қолдамады. Бірақ, ол кезде ұлы державалық шови-

низмді басты қауіп деп білген және бұл ұлы державалық шовинизмге қарсы күресу міндеті ең алдымен бұрын үстемдік еткен ұлт коммунистерінің мойнына түседі деп есептеген Ленин нақ Сталиннің, Дзержинскийдің және Орджоникидзенің «грузин мәселесіндегі» қателіктеріне көбірек назар аударды.

Ленин «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатында партияның ұлт саясатының ең маңызды проблемаларын корсетіп берді. Ол бұл хатты нұсқау деп есептеп, оған үлкен маңыз берді, сөйтіп кейін оны мақала ретінде жариялауды көздеді. Алайда 1923 жылғы 6 марттан кейін ауруының кенеттен күрт асқынуы себепті Владимир Ильич «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хат жайында түпкілікті шешімін айтып үлгермеді. Л. А. Фотиева 1923 жылы 16 апрельде В. И. Лениннің хатын Саяси бюроға жіберді. РКП(б) XII съезінде бұл хат делегациялар бойынша оқылды. Лениннің нұсқауларына сәйкес съездің ұлт мәселесі жөніндегі шешімінің жобасына бірқатар маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.— *394.*

211 В. И. Ленин *«Күнделік дәптердің беттерінен»* деген мақаласын, сірә, екі мәрте айтып жаздырған болуы керек. КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде алғашқы айтып жаздырған текстің машинкада басылған данасы сақтаулы; бұл текстке Россиядағы сауаттылық кестесі кірмейді, текст «Халық мұғалімі...» деген сөздерден басталатын абзацпен аяқталады. Айтып жаздырғанын қарап шыққан соң Ленин оған қосымша төрт пункт енгізбекші болған: «1) 1897 жылғы санақпен салыстыра отырып, 1920 жылғы санақ бойынша сауаттылық цифрын қосу керек, 2) қалалық жұмысшы ұяларының деревнялық ұяларға қамқорлығы туралы қосу керек, 3) ең алдымен Халық ағарту комиссариатының жұмсайтын қаржысын емес, басқа ведомстволардың жұмсайтын қаржысын осы комиссариаттың пайдасына қысқарту қажеттігін қосу керек, 4) халық мұғалімін ұйымдастыруға және оны совет құрылысының сенімді тірегіне айналдыруға бағытталған жұмыс пен қаржыны күшейту керектігін қосу керек, буржуазиялық құрылысқа қарағанда бізде бұл мақсатқа жетуге болады (жазғы уақытты халық мұғалімінің білімін көтеруге пайдалану үшін деревняға баруға және осыған байланысты шығындарға ерекше назар аудару керек)» (барлық төрт пункт те машинкада басылған данаға секретарьдың қолымен жазылған). Дәл сол күні, 2 январьда, Ленин белгіленген қосымшалардың бәрін айтып жаздырады. Машинкада басылған тексте мақаланың аты көрсетілмеген. «Правдада» мақала «Күнделік дәптердің беттерінен» деген атпен басылды.

В. И. Лениннің мақаласы ағарту қызметкерлері арасын-

да зор өрлеу туғызды. Еліміздегі халыққа білім беру ісіне бұл мақала мейлінше тікелей әсерін тигізді. 1923 жылы 10 январьда Халық ағарту комиссариаты халық ағарту бөлімдеріне жіберген радиограммасында «Күнделік дәптердің беттеріненді» кеңінен таратуды, ондағы лениндік нұсқауларды орындау жөнінде нақты шаралар белгілеуді ұсынды. Мұғалімдер арасындағы идеялық-саяси жұмыс күшейтілді. 1923 жылдың басында партияның Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімі «Мұғалімдер бұқарасы арасындағы партиялық жұмыс» деген тезистерді әзірлеп, жергілікті жерлерге жіберді, бұл тезистерде лениндік нұсқаулар тұрғысынан мұғалімдерге коммунистік тәрбие беру жөнінде нақты міндеттер қойылды. РКП(б) XII съезі өзінің шешімдерінде «мұғалімдердің материалдық жағдайын жақсарту, олардың арасында саяси және ағарту жұмысын күшейту, олардың партия-совет жұртшылығымен идеялық және ұйымдық байланыстарын нығайту жөнінде басталып отырған жұмысты бұлжытпай жүргізе беру және күшейту» қажеттігін атап көрсетті («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 2-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 512-бет).— *402.*

212 Ленин кооперация туралы мәселеге Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде жасайтын баяндамасында тоқталмақшы еді. Декабрьдің бірінші жартысында белгілеген баяндама жоспарында ол былай деп жазды: *«Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы:* оның ерекше маңызы» (осы том, 485-бет). Владимир Ильич Ленин Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі Л. М. Хинчуктен кооперацияның қызметі туралы деректер сұрайды (қараңыз: Шығармалар, 36-том, 582-бет). 1923 жылы январьда Н. К. Крупская Владимир Ильичке қажетті кооперация туралы әдебиетті сұраттырады. Оған мынадай кітаптар жіберіледі: Мещеряков, Н. «Кооперация және социализм». Мақалалар жинағы, М., 1920; Штаудингер, Ф. «Марксизм және тұтыну кооперациясы», М., 1919; Зассен, И. «Капитализм дәуірінде кооперация теориясының дамуы», М., 1919 (бұл үш кітап В. И. Лениннің Кремльдегі кітапханасында сақтаулы); Штаудингер, Ф. «Шульце-Деличтен Крейцнахқа дейін», М., 1919; Чаянов, А. «Шаруа кооперациясын ұйымдастырудың негізгі идеялары мен формалары», М., 1919; Туган-Барановский, М. И. «Кооперацияның әлеуметтік негіздері», М., 1916; Прокопович, С. Н. «Россиядағы кооперативтік қозғалыс, оның теориясы мен практикасы», М., 1913.

«Кооперация туралы» және «Біздің революция туралы (Н. Сухановтың запискалары жөнінде)» деген мақалаларды Н. К. Крупская Орталық Комитетке 1923 жылы майда табыс етті. Саяси бюро 24 майда мынадай шешім қабылдады: «Владимир Ильичтің Надежда Константиновна табыс

еткен мақалаларын оларда көрсетілген ай-күнімен негұрлым тез басып шығару қажет деп танылсын». 26 июньде Орталық Комитеттің пленумы кооперация туралы мәселені В. И. Лениннің мақалаларындағы мәселенің жаңаша қойылысы тұрғысынан талқылады.

Шаруаларды кооперациялау туралы лениндік идеялар РКП(б) XIII съезінің «Кооперация туралы» және «Деревнядағы жұмыс туралы» қарарларының негізіне алынды. «Партияның осы мәселе жөніндегі негізгі бағыты,— деп көрсетті съезд,— Лениннің «Кооперация туралы» деген соңғы мақаласында белгіленген. Ленин осы мақаласында шаруа елінде социализмге барудың негізгі әдісі ретінде село халқын кооперативтендіруді дамытудың программасын толық жасап берді... Деревняның қазіргі жағдайы Ленин жолдас белгілеген бағыттың дұрыстығын ерекше айқын көрсетіп отыр және ең алдымен партияның негізгі назарын ұсақ өндірушілерді кооперативтендіруге аударуды талап етеді, бұл кооперативтендіру социализм құрылысы ісінде орасан зор роль атқаруға тиіс» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 3-том, «Қазақстан» баспасы, 1972, 80—81-беттер).— *408.*

213 В. И. Лениннің *«Біздің революция туралы»* деген мақаласы белгілі меньшевик Н. Сухановтың «Революция туралы запискаларының» үшінші және төртінші кітаптарына (Берлин — Пб.— М., З. И. Гржебиннің баспасы, 1922) байланысты жазылған. В. И. Лениннің кезекші секретарьларының күнделігінде 1922 жылы 24 декабрьде былай деп жазылған: «Владимир Ильичке Сухановтың «Революция туралы запискаларының» III және IV томдарын алдық», ал 29 декабрьдегі келесі жазбада: «Дәрігерлер оның кітап оқуына рұқсат етті. Владимир Ильич Сухановтың «Революция туралы запискаларын» (III және IV томдарын) оқып жатыр» деп көрсетілген. Ленин өзінің заметкаларын 1923 жылы 16 январьда айтып жаздыра бастады және 17 январьда одан әрі айтып жаздырды. Күнделікте 17 январьдағы мынадай жазба бар: «Владимир Ильич сағат 6 мен 7-нің арасында жарты сағатқа шақырып алды. Сухановтың революция туралы кітабы жөніндегі заметкасын оқып, оған түзетулер енгізді. 10, 15 минут бойына сол заметканың жалғасын айтып жаздырды» (осы том, 523-бет).

Н. К. Крупская мақаланы «Правда» редакциясына ат қойылмаған күйінде табыс етті, ол мақалаға газет редакциясы ат қойды.— *417.*

214 В. И. Ленин бұл арада, сірә, К. Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегіндегі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 345—346-беттер) Париж Коммунасына «жоғары дәрежеде икемді саяси

формасы» деген сипаттаманы және Маркс 1871 жылы 12 апрельде Л. Кугельманға жазған хатында (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II т., 1955, 474—475-беттер) «париждіктердің икемділігі» деген жоғары бағаны айтып отырса керек.— *417*.

215 В. И. Ленин бұл арада К. Маркстің 1856 жылы 16 апрельде Ф. Энгельске жазған хатының мына жерін айтып отыр: «Германиядағы барлық іс енді пролетарлық революцияны Шаруалар соғысының қайсыбір екінші рет қайталапуымен қолдау мүмкіндігіне байланысты болмақ. Онда іс тамаша ілгерілеп кетер еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 29-том, 37-бет).— *417*.

216 *«Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек»* деген мақаласы Лениннің «Съезге хатымен» тікелей байланысты және сол хаттағы идеяларды дамытады. В. И. Ленин мақаланы жазуға 1923 жылы январьдың басында кірісті, ол мақаланың жоспарын, ал одан кейін — 9 және 13 январьда — «Біз Рабкринді не істеуіміз керек?» деп аталған мақаланың алғашқы нұсқасын айтып жаздырды (қараңыз: осы том, 486—495-беттер). 19, 20, 22 және 23 январьда Ленин мақаланың екінші, түпкілікті нұсқасын айтып жаздырып, оны «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек (Партияның XII съезіне ұсыныс)» деп атады. Лениннің «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласы оның «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаласының тікелей жалғасы болып, оны дамыта түсті.

Лениннің нұсқауларына сүйене отырып, РКП(б) Орталық Комитеті партияның орталық мекемелерінің жұмысын қайта құру және жақсарту туралы тезистер әзірледі. Орталық Комитеттің 21—24 февральда өткен пленумы кейбір түзетулер енгізіп тезистерді бекітті және ұйымдық мәселені партияның алдағы XII съезінің күн тәртібіне ерекше пункт етіп қоюға шешім қабылдады. Тезистерде Орталық Комитет мүшелерінің санын РКП(б) XI съезінде сайланған 27 адамнан 40 адамға дейін көбейту көзделді. Орталық Бақылау Комиссиясы президиумы мүшелерінің Орталық Комитет пленумдарына қатысу және Орталық Бақылау Комиссиясы президиумының құрамынан Орталық Бақылау Комиссиясының үш тұрақты өкілінің Саяси бюро мәжілістеріне қатысу тәртібі енгізілді. Орталық Комитет пленумдарының талқылауына барлық түбегейлі мәселелер қойылуға тиіс деп көрсетілді. Саяси бюро өзінің өткен мерзім ішіндегі қызметі туралы Орталық Комитеттің әрбір пленумына есеп беріп отыруға тиіс.

РКП(б) Орталық Комитетінің февраль пленумы Орталық Бақылау Комиссиясының құрамын ұлғайту, мемлекеттік және партиялық бақылаудың басшы органдары арасында тығыз ұйымдық байланыс орнату қажет деп тапты. РКП(б)

XII съезіне Рабкринді және Орталық Бақылау Комиссиясын қайта құру туралы съезд қарарының жобасы әзірленді.

Орталық Комитетті нығайтудың лениндік жоспарына Троцкий қарсы шықты. Ол Орталық Комитет құрамының ұлғайтылуы оны «қажетті қалыптылықтан және тұрақтылықтан» айырады-мыс, «Орталық Комитет жұмысының дәлдігі мен дұрыстығына аса үлкен зиян келтіру қаупін туғызады-мыс» деп мәлімдеді. Ол ол ма, Троцкий, Орталық Комитетке қарама-қарсы, Орталық Комитет мүшелерінен және мүшелікке кандидаттардан, Орталық Бақылау Комиссиясы мүшелерінен және облыстар мен жергілікті жерлердің жиырма-отыз өкілдерінен, партия съезі сайлайтын және Орталық Комитетке директивалар беріп, оның жұмысын тексеріп отыратын партия Советін құруды ұсынды. Орталық Комитеттің құрамын ұлғайтуға қарсы Троцкийдің айтқан дәлелдерін, шындығында, партия өмірінің лениндік нормаларына түбірінен қайшы келетін, партияда «қос орталық» құру жөніндегі оның идеясын Орталық Комитет батыл түрде қабылдамай тастады.

Партияның XII съезі Орталық Комитет әзірлеген ұйымдық мәселе жөніндегі қарарды және «Жұмысшы-Шаруа инспекциясы мен Орталық Бақылау Комиссиясының міндеттері туралы» қарарды қабылдады. В. И. Лениннің ұсыныстарына сәйкес, съезд Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының құрамын ұлғайтты және Орталық Бақылау Комиссиясы — Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы біріккен органын құрды.— *422.*

217 В. И. Ленин бұл арада, сірә, Ю. Лариннің 1922 жылы 10 және 13 январьда «Правда» газетінің 6 және 9-номерлерінде жарияланған «Россиялық бюджет алаңдарымен серуендеу» деген мақаласын айтып отырған болуы керек.— *452.*

218 Бұл арада Донбасс тас көмір өнеркәсібі Орталық басқармасының председателі болған Г. Л. Пятаков туралы айтылып отыр.— *453.*

219 Ленин бұл арада өзінің науқастығына байланысты алған демалысын айтып отыр, бұл демалысы кезінде ол Горкиде болды, оқта-текте Москваға келіп тұрды.— *454.*

220 В. И. Ленин өзінің бұл жарияланып отырған заметкаларында қойған мәселелерге «Манчестер Гардианның» тілшісі А. Рансомға берген интервьюінде және Коммунистік Интернационалдың IV конгресінде жасаған баяндамасында тоқталды (қараңыз: осы том, 295—296, 318—320-беттер).— *474.*

221 В. И. Ленин бұл арада өзінің ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» деген мақаласынан

алынған цитатты айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 36-том, 318-бет). Ленин бұл цитатты, сірә, «Біздің дәуіріміздің басты міндеті» — ««Солшыл» балалық туралы және ұсақ буржуазияшылдық туралы» (Жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Петроград Советінің баспасы, 1918, 16-бет) деген кітапша бойынша келтірген болуы керек. Бұл кітапшаның баяндама жоспарында және Коминтерннің IV конгресіндегі баяндамасында Ленин ауызға алған жерлерінің тұсынан сызып белгі салынған данасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.— *475*.

222 Бұл арада Қызыл Армияның 1922 жылы 25 октябрьде Владивостокты азат еткені айтылып отыр.— *478*.

223 В. И. Ленин бұл келтірілген текстi бар беттi түгел сызып тастап, жоғарғы жағынан: «сыртын қараңыз» деп жазған. Беттің сырты неміс тіліндегі жоспармен басталады.— *478*.

224 Қараңыз: 206-ескерту.— *484*.

225 В. И. Ленин келтірген деректер бағаның өсуінің июньнен ноябрьге дейінгі кезеңде айналыста болған ақша мөлшерінің өсуінен 1920 (16%), 1921 (50%) және 1922 (60%) жылдардағы артта қалуын көрсетеді. Сомның тұрақтандырылуын көрсете отырып, бұл деректер, тегінде, конспектінің: *«Финанс. Алға болмашы қадам»* деген 8-пунктін дәлелдеуге керек болған.

Ленин бұл деректерді, сірә, «Жаңа жолда. Жаңа экономикалық саясаттың 1921—1922 жылдардағы қорытындылары» (II кітап. Финанс. Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының редакциясымен шыққан еңбектер. М., Еңбек және Қорғаныс Советінің баспасы, 1923) деген жинаққа Л. Н. Крицман жазған кіріспеден алған болуы керек. Ленин сөз сөйлеуге әзірленіп, 1922 жылы 10 декабрьде жинақтың корректурасын сұраттырады.— *484*.

226 В. И. Ленин бұл арада, сірә, Ф. Кинның ««Мамандар» (Статистикалық зерттеудің тәжірибесі)» деген мақаласын айтып отырған болуы керек; бұл мақала 1922 жылы 3 сентябрьде «Правда» газетінің 197-нөмерінде жарияланған-ды. Совет мекемелері мен трестерінде жұмыс істеген 230 инженердің пікірлерін сұрап білу негізінде мақалада мамандардың екі категориясы бар екені: біріншісі — Совет өкіметіне дұшпан екені, екіншісі — Совет өкіметіне қызмет етуге барған сайын икемделіп келе жатқаны жөнінде қорытынды жасалады. Мақаланың авторы Совет өкіметі міндеттерінің бірі буржуазиялық мамандардың осылайша жіктелуіне барынша жәрдемдесу деп біледі.

М. И. Ульянованың айтуынша, партияда жоқ маман

Фрумкин (Ф. Кин — оның лақап аты) жазған бұл мақала «Владимир Ильичтің назарын қатты аударды, ол мақаланы бірнеше мәрте сөз етіп, менен автормен сөйлесуді, оған Ильичтің пікірін айтуды және оның қайда істейтінін анықтауды өтінді».— *485.*

227 Бұл арада, сірә, 1922 жылы сентябрьде Москвада болған басқаруды дұрыстау мәселелері жөніндегі конференция айтылып отырған болуы керек.— *494.*

228 *В. И. Лениннің кезекші секретарьларының күнделігінде* 1922 жылғы 21 ноябрьден 1923 жылғы 6 мартқа дейінгі кезеңде Лениннің берген тапсырмалары, оның қабылдауында болған адамдар және басқа фактілер жазылған.

Кезекші секретарьлардың Күнделігіндегі жазбаларды Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің секретары Л. А. Фотиева, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі секретарының көмекшісі М. А. Володичева, секретарьлар Н. С. Аллилуева, М. И. Гляссер, С. А. Флаксерман және Лениннің кітапханашысы Ш. М. Манучарьянц жазған.

Күнделікке жөнелтілетін хат-хабар тіркелетін іс жүргізу кітабы пайдаланылған; онда мынадай төрт графа бар: айыкүні, кезекші кім, тапсырмалар және орындалғаны туралы белгі. Титул парақта мынадай жазу бар: «Бұл Күнделікке кезекші болып отырған уақытта берілген барлық тапсырмалар мен болған оқиғалардың бәрін жазып отыру, тапсырмалардың орындалғаны туралы белгі соғу өтініледі.
21/XI—22 ж.».

Күнделікте жазылған оқиғалар, фактілер, аталған адамдар В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерінде, есімдер көрсеткіші мен осы томға енгізіліп отырған Ленин еңбектері текстерінің ескертулерінде көрсетілмесе, мұндай жағдайларда Күнделікке ескертулер беріледі.— *501.*

229 Бұл арада Халық Комиссарлары Советінің В. И. Ленин председательдік еткен мәжілісі туралы айтылып отыр.— *503.*

230 РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері 21 ноябрьде РСФСР-дің Италиядағы уәкілетті өкілі В. В. Воровскийді Лозанна конференциясына баратын делегацияның құрамына енгізу туралы сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичериннің ұсынысына дауыс берді.— *503.*

231 *Закс, Б. Г.*— Халық Комиссарлары Советі іс басқарушысының көмекшісі.— *504.*

232 *Назаретян, А. М.*— РКП(б) Орталық Комитеті секретарының көмекшісі.— *504.*

[233] *Буракова, М. Н.*— РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының техникалық секретары.— *504.*

[234] Қараңыз: осы том, 236—237-беттер.— *504.*

[235] В. И. Ленинге Коминтерннің IV конгресінің Е. Варга әзірлеген «Қимыл аграрлық программасының нобайы» деген қарарының жобасы және Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің осы жобаға қорытынды пікір айтуды өтініп жазған запискасы жіберілген-ді. В. И. Ленин өзінің ескертпелерін 25 ноябрьде таңертең беріп жіберді.— *505.*

[236] РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері Лозанна конференциясын ұйымдастырушыларға совет делегациясының конференция жұмысына қатысатындығы туралы және совет өкілдерінің бұғаздар туралы комиссияның жұмысына қатысатындығы туралы Совет үкіметінің нота жолдауы жөнінде Г. В. Чичериннің ұсынысына дауыс берді.— *505.*

[237] Грузия КП Орталық Комитетінің 22 октябрьде отставкаға шыққан мүшелерінің мәлімдемесін дереу қарау үшін және Грузия КП Орталық Комитетінде баянды татулық орнатуға қажетті шараларды ұсыну үшін құрамына Ф. Э. Дзержинский (председатель), Д. З. Мануильский және В. С. Мицкевич-Капсукас енгізілген комиссия тағайындау туралы РКП(б) Орталық Комитеті Секретариатының 24 ноябрьдегі шешімі дауысқа қойылды. В. И. Ленин дауыс беруден қалыс қалды.— *505.*

[238] Бұл арада, тегі, Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің В. И. Ленинге Коминтерн IV конгресінің кейбір делегацияларын қабылдауды өтініп жазған хаты және платинаны заңсыз түрде сатып алушылыққа қарсы күрес туралы И. В. Сталиннің хаты айтылып отырған болуы керек.— *506.*

[239] Бұл арада сірә, ағылшын өнеркәсіпшісі Л. Уркартпен концессиялық шарт жасасудан Совет үкіметінің бас тартуымен байланысты 1923 жылы 2 февральда «Правдада» жарияланған мақалалар туралы айтылып отырған болу керек.— *506.*

[240] Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары В. П. Милютиннің сауда, финанс және өнеркәсіп мәселелері жөніндегі баяндамасы В. И. Ленинге Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде жасалатын баяндамаға арналған материал ретінде жіберілген-ді.— *507.*

[241] *Крамер, В. В.*— профессор-невропатолог; В. И. Ленинді емдеуге қатысқан.— *507.*

242 Қосымша карточкада былай деп жазылған: «Сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөніндегі материалдарға қосымша Лежаваның председательдігімен өткен кеңестің протоколын және басқаларын — автоматтар номерлерінің тізімін сұраттырып алды. Мұның бәрі потеріне апарылды. Сыртқы сауда монополиясы туралы материалдармен байланысты Фрумкинге, Лежаваға және Цюрупаға берілетін тапсырмаларды Лидия Александровнаға айтты. Телефон арқылы Фрумкинмен, Горбуновпен және басқаларымен сөйлесті. Еңбек және Қорғаныс Советінің күн тәртібін қарап шықты». Дәл сол күні В. И. Ленинге Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы ішкі сауда жөніндегі комиссияның 13 октябрьдегі мәжілісінің протоколы әкелінді.— *508.*

243 М. Сорокин. «Өнеркәсібіміздің командирлер құрамы» («Экономическая Жизнь», 1922 жылғы 26 ноябрь). Жазбада 27 ноябрь деп жаңсақ көрсетілген.— *508.*

244 *Фомин, В. В.*— қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары.— *508.*

245 Қараңыз: В. И. Ленин. 1922—1923 жылдардағы мақалалары мен сөздері, М., 1936, 381-бет.— *508.*

246 РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 30 ноябрьдегі мәжілісінде Орталық Комитет пленумы комиссиясының «Республикалар одағы» туралы баяндамасын тыңдап, СССР Конституциясының негізгі ережелерін қабылдады.— *508.*

247 Қараңыз: осы том, 349—351-беттер.— *509.*

248 30 ноябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 15 декабрьде Орталық Комитет пленумын шақыру туралы Орталық Комитет Ұйымдастыру бюросының 20 ноябрьдегі қаулысын бекітті.— *509.*

249 Бұл арада «А. В. Пешехоновпен әңгіме» деген мақала айтылып отыр.— *509.*

250 Қараңыз: 226-ескерту.— *511.*

251 Қараңыз: осы том, 353—354-беттер.— *511.*

252 В. И. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскийге арналған хатқа 5 декабрьде қол қойды.— *511.*

253 *Беленький, А. Я.*— Мемлекеттік саяси басқарманың (ГПУ) қызметкері.— *512.*

254 Бұл арада А. Г. Михайловскийдің елдің финанс және шаруашылық жағдайы туралы запискасы және финанс халық комиссарының орынбасары А. М. Краснощековтың өнеркәсіпті қаржыландыру туралы тезистері айтылып отыр.— *512.*

255 Қараңыз: осы том, 355-бет.— *514.*

256 C. Reyes. «Nuevas y viejas rutas», Buenos Aires, 1922 (Ц. Рейес. «Жаңа және ескі жолдар»). В. И. Ленинге бұл кітап Коминтерн Атқару Комитетінің секретариатынан беріп жіберілген. 7 декабрьде кітап аударту үшін секретариатқа қайтарылды (қараңыз: «В. И. Лениннің Кремльдегі кітапханасы», М., 1961, 665-бет).— *514.*

257 Қараңыз: осы том, 356—360-беттер.— *514.*

258 Тізімде делегацияның мынадай құрамы көрсетілген: И. Гайс — Чехословакия кәсіподақтары бірлестігінің председателі, Храмоста — коммуналдық жұмысшылар кәсіподағының председателі, Франек — құрылыс жұмысшылары кәсіподағының мүшесі, Рихтер — транспорт жұмысшылары кәсіподағының мүшесі, Хабера — газ және электр өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағының өкілі. Делегация В. И. Ленинге чехословак жұмысшыларының сәлемін жеткізді.— *514.*

259 *Анцелович, Н. М.*— ВЦСПС-тің жауапты қызметкері.— *515.*

260 Қараңыз: осы том, 362—363-беттер.— *515.*

261 Саяси бюроның 7 декабрьдегі мәжілісінің протоколы В. И. Ленинге ол Л. А. Фотиевамен әңгімелескеннен кейін жіберілген; Фотиева Владимир Ильичке ол кеткеннен кейін Саяси бюро қабылдаған шешімдер туралы хабарлаған еді.— *516.*

262 Қараңыз: осы том, 369-бет.— *516.*

263 Қараңыз: осы том, 365-бет.— *516.*

264 Қараңыз: осы том, 366—368-беттер.— *517.*

265 Бұл арада В. И. Лениннің К. Лаццариге жазған хаты айтылып отыр (қараңыз: Лениннің XXXVI жинағы, 517—518-беттер). Б. Суварин — Коминтерннің IV конгресінің делегаты; В. И. Ленин бұл жолы оны аудармашы ретінде тартқан болатын.— *517.*

266 Қараңыз: осы том, 172—181-беттер.— *517.*

267 Саяси бюроның Бакуде эсерлерге болған сот процесі жөніндегі үкім туралы шешімі (7 декабрьдегі телеграмма бо-

йынша) дауысқа қойылды. В. И. Ленин «жақтап» дауыс берді. 14 декабрьде Саяси бюро: қарсылық болмасын деп қаулы алды.— *517.*

268 Халық Комиссарлары Советінің РСФСР-дің шетелдегі сауда өкілдіктеріне ревизия жасау жөніндегі комиссиясының тезистеріне М. И. Фрумкиннің пікірі 11 декабрьде келіп түсті, В. И. Ленинге 13 декабрьде хабарланды.— *517.*

269 В. И. Лениннің М. И. Фрумкинге жазған хаты кеңсе кітабында № 8605 болып тіркелген; № 8606 — Ленинге арнап сейсенбіге (12 декабрьге) мына жинақтың корректурасын әзірлеу жөнінде Н. П. Горбуновқа берілген тапсырма: «Жаңа жолда. Жаңа экономикалық саясаттың 1921—1922 жылдардағы қорытындылары. Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының редакциясымен шыққан еңбектер», М., Еңбек және Қорғаныс Советінің баспасы, 1923 (II кітап. Финанс, III кітап. Өнеркәсіп).— *517.*

270 Қараңыз: осы том, 370—371-беттер.— *519.*

271 Қараңыз: осы том, 372—376-беттер.— *519.*

272 Саяси бюро 4 декабрьде өзінің 7 декабрьдегі шешімін күшінен айырып, Рожковты Псковқа жер аударуға қаулы алды, оған Советтерге қарсы бірінші рет сөз сөйлегенде-ақ Советтік Россиядан қуылатындығы ескертілді.— *519.*

273 В. И. Ленин өзінің хатында пленумда сыртқы сауда монополиясының мызғымастығын қуаттайтын шешім қабылданатындығына үміт білдірді, өйткені октябрь пленумында монополияға қарсы дауыс бергендердің бір бөлігі дұрыс позицияға көшкен еді.— *520.*

274 Қараңыз: осы том, 377-бет.— *521.*

275 *Кожевников, А. М.*— В. И. Ленинді емдеген невропатолог-дәрігер.— *521.*

276 *Пакалн, П. П.*— В. И. Лениннің Горкидегі күзет бастығы.— *521.*

277 *Ферстер, О. Р.*— неміс профессор-невропатологы; В. И. Ленинді емдеген дәрігерлерге консультация берген.— *521.*

278 Бұл кезде Советтердің Бүкіл россиялық X съезі (1922 жылғы декабрьдің 23-нен 27-не дейін) өтіп жатты.— *522.*

279 Қараңыз: 207-ескерту.— *522.*

280 Қараңыз: 213-ескерту.— *523.*

[281] Қараңыз: осы том, 417—421-беттер.— *523.*

[282] Қараңыз: осы том, 422—428-беттер. Алғашқы нұсқасы — осы том, 486—495-беттер.— *524.*

[283] *Хлоплянкин, М. И.*— Еңбек халық комиссариаты коллегиясының мүшесі.— *524.*

[284] Келесі күні (21 январьда) М. А. Володичева В. И. Ленинге мына журналдарды беріп жіберуді өтінеді: «Социалистический Вестник» № 1, «Современные Записки», XIII кітап және «Заря» №№ 9—10.— *524.*

[285] Ф. Э. Дзержинский комиссиясының баяндамасы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының 1923 жылғы 25 январьдағы мәжілісінде талқыланды; комиссияның ұсыныстары бекітілді.— *525.*

[286] В. И. Ленин мына кітаптарды айтып отыр: П. М. Керженцев. Ұйымдастыру принциптері. Пг., 1922; О. А. Ерманский. «Еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру және Тейлор системасы», М., 1922. Бұл кітаптар В. И. Лениннің «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласында (қараңыз: осы том, 429—447-беттер) аталған. Ерманскийдің кітабы туралы сонымен бірге В. И. Лениннің «Бір кеспек балдағы бір қасық қара май» (осы том, 232—233-беттер) деген аяқталмай қалған рецензиясын қараңыз.— *526.*

[287] РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы 1 февральда грузин мәселесі жөніндегі Дзержинский комиссиясының материалдарын беруге рұқсат етті.— *527.*

[288] В. И. Лениннің мынадай нұсқауларын Л. А. Фотиева жазып алады: «1) Грузия Коммунистік партиясының бұрынғы Орталық Комитетін уклоншылдыққа ұрынды деп не үшін айыптады. 2) Партиялық тәртіпті бұзу дегенде оларға қандай кінә тағылды. 3) Грузия КП Орталық Комитетін жаныштады дегенде Закавказье өлкелік комитетін не үшін айыптайды. 4) Жаныштаудың қара күшке саятын әдістері («биомеханика»). 5) Владимир Ильич болмаған кездегі және Владимир Ильич болған кездегі Орталық Комитеттің (РКП(б)-ның.— *Ред.*) бағыты. 6) Комиссияның көзқарасы. Ол тек Грузия КП Орталық Комитетіне тағылған айыптарды ғана қарады ма, немесе Закавказье өлкелік комитетіне тағылған айыптарды да қарады ма? Ол биомеханика оқиғасын қарады ма? 7) Қазіргі жағдай (сайлау науқаны, меньшевиктер, жаныштау, ұлт араздығы)» (КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архиві).— *527.*

[289] Қараңыз: осы том, 429—447-беттер.— *527.*

290 Бұл арада «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген еңбек айтылып отыр.— *532.*

291 Қараңыз: 207-ескерту.— *533.*

292 В. И. Ленин мынадай кітаптарды сұраттырады: В. С. Рожицын. «Жаңа ғылым және марксизм», Харьков, 1922; С. Ю. Семковский. «Марксизм — оқыту пәні. Бүкіл украиндық педагогикалық конференциядағы баяндама (июль, 1922 ж.)», Харьков, 1922; М. Альский. «Азамат соғысы мен жаңа экономикалық саясат кезіндегі біздің финансымыз», М., 1923; С. Н. Фалькнер. «Дүние жүзілік өнеркәсіп дағдарысының өршуіндегі бетбұрыс», М., 1922; Г. Цыперович. «Өз қолымызбен! (5 жыл ішіндегі шаруашылық құрылыстың қорытындылары)», Пг., 1922; Л. Аксельрод (Ортодокс). «Идеализмге қарсы. Философиялық ой-пікірдің кейбір идеалистік ағымдарын сынау. Мақалалар жинағы», М.— Пг., 1922; А. Древс. «Христос туралы аңыз», М., 1923; П. Г. Курлов. «Орыс патша өкіметінің құлауы. Бұрынғы жандармдар корпусы командирінің естеліктері», М.— Пг., 1920; С. И. Канатчиков. «Бүгінгі күн тақырыптарына (Пролетарлық идеология беттері)», Пг., 1923; И. А. Модзалевский. «Пролетарлық аңызшылдық (Осы замангы пролетарлық поэзияның идеологиялық ауытқулары туралы)», Семей, 1922 және басқа кітаптар.— *534.*

293 Л. А. Фотиева былай деп жазып алған: «Владимир Ильичтің нұсқаулары: Сольцке (А. А. Сольц — РКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясы президиумының мүшесі.— *Ред.*) оның (В. И. Лениннің.— *Ред.*) зәбірленуші жағында екенін тұспалдап айту керек. Оның зәбірленушілер жағында екенін солардың біреуіне сездіру қажет.

3 нәрсе: 1. Төбелеспеу керек. 2. Ырыққа көну керек. 3. Үлкен мемлекетті кіші мемлекетпен салыстырмау керек.

Сталин білді ме екен? Неліктен назар аудармаған?

Шовинизмге және меньшевизмге ауытқығаны үшін «уклонистер» деп атау ұлы державашылдарда осы уклонның бар екенін дәлелдейді.

Владимир Ильичке баспа материалдарын жинау керек».

15 февральдан 4 мартқа дейінгі жазбалар Күнделікте жоқ.— *536.*

294 В. И. Ленин Троцкийден партияның Орталық Комитетінің пленумында «грузин мәселесін» өзінің қорғауына алуды өтінеді. Ауруын сылтауратқан Троцкий мұндай міндеттеме ала алмаймын деп жауап береді.— *536.*

295 Бұл арада И. В. Сталинге хат (көшірмелері Л. Б. Каменевке және Г. Е. Зиновьевке жіберілген) айтылып отыр; бұл хатты В. И. Ленин Н. К. Крупская жөнінде Сталиннің көрсеткен дөрекілігін естігеннен кейін айтып жаздырған.

Орталық Комитеттің 1922 жылғы 18 декабрьдегі пленумының шешімі бойынша Ленинге дәрігерлер белгілеген режимнің сақталуы үшін жауапкершілік Сталинге тікелей жүктелген болатын; ол, дәрігерлердің тыйым салғанына қарамастан, 21 декабрьде Лениннің айтып жаздырған бір қызмет бабындағы хатын жаздың деп (шындығында Надежда Константиновна мұны дәрігерлердің рұқсатымен істеген) Крупскаяға ұрсып, оған Бақылау Комиссиясына саламын деп қоқан-лоққы көрсеткен. В. И. Ленин Сталиннен бұл қылығы үшін кешірім сұрауды талап етеді, әйтпесе өзінің онымен қарым-қатынасты үзетіндігін айтады. Кейін М. И. Ульянованың жазғанындай, Сталин кешірім сұрайды. Қалай дегенмен де, бұл факті Лениннің «Съезге хатында» Сталинге берген мінездемесін дәлелдейді.— *536.*

296 В. И. Ленин хатта грузин мәселесі жөнінде записка әзірлеп жатқанын және сөз сөйлемекші екенін хабарлайды.— *536.*

297 Осымен жазбалар үзіледі.

«Надежда Константиновна өтінді...» деген сөздерден бастап текст Күнделікте стенографиялық таңбалармен жазылған; бұл жазуды 1956 жылы 14 июльде М. А. Володичева ажыратып берді.— *536.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

* *А. В. Реальная помощь «друвей Советской России».*— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 190 (1629), 25 августа, стр. 3.— *258, 264.*

Аресты «черных биржевиков».— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 243 (1682), 27 октября, стр. 3. Подпись: В. М.— с.— *274.*

Базельский манифест — қараңыз: Manifest der Internationale zur gegenwärtigen Lage...

«Беднота», М.— *69.*

В Генуе подписано русско-германское соглашение о взаимном признании «де-юре» обеих республик. От Народного комиссариата иностранных дел. (Официальное сообщение).— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 85 (1524), 19 апреля, стр. 1. Под общ. загл.: Генуэзская конференция.— *183.*

Виппер, Р. Ю. Возникновение христианства. М., «Фарос», 1918. 118 стр. (Культурно-историческая б-ка. Всеобщая история. Под ред. проф. Р. Ю. Виппера. VII).— *31.*

Воссоединение ДВР с РСФСР.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар мен документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 258 (1697), 15 ноября, стр. 1.— *338.*

Выпуск в обращение денежных знаков образца 1923 г. Постановление Совета Народных Комиссаров. [24 октября 1922 г.].— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 242 (1681), 26 октября, стр. 3.— *293.*

Высший комсостав празднует 4-ю годовщину.— «Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 42 (1481), 22 февраля, стр. 3. Под общ. загл.: К четвертой годовщине Красной Армии.— *452.*

Вэр, Г. Американский тракторный отряд. (Впечатления одного из членов).— «Правда», М., 1922, № 233, 15 октября, стр. 1.— *258, 264.*

Гончаров, И. А. Обломов.— 4, 15, 17, 18, 105.

Гражданский кодекс РСФСР.— «Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1922, № 71, 25 ноября, ст. 904, стр. 1193—1249.— *279, 473.*

Грамотность в России. М., 1922. 55 стр. (РСФСР. Центр. стат. упр. Отд. статистики нар. образования. К X-му съезду Советов).— *402, 405.*

«Дискуссионный материал». (Тезисы тов. Мясникова, письмо тов. Ленина, ответ ему, постановление Организ. бюро Цека и резолюция мотовилихинцев). Только для членов партии. М., 1921. 37 стр.— *149.*

Договор с Уркартом надо пересмотреть.—«Правда», М., 1922, № 246, 31 октября, стр. 2; № 247, 1 ноября, стр. 2; № 248, 2 ноября, стр. 2. Под общ. загл.: К вопросу о концессии Уркарта, отклоненной Совнаркомом. Подпись: Экономист.— *296—297, 343.*

Доклад Мюнценберга на IV конгрессе Коминтерна — қараңыз: IV конгресс Коминтерна.

Доклад экспертов [Великобритании, Франции, Италии, Бельгии и Японии, принятый на совещании в Лондоне].— В кн.: Материалы Генуэзской конференции. (Подготовка, отчеты заседаний, работы комиссий, дипломатическая переписка и пр.). М., 1922, стр. 92—114. (РСФСР. Народный комисса-

риат по иностр. делам). Под общ. загл.: Совещание экспертов в Лондоне.— *217—218.*

Ерманский, О. А. Научная организация труда и производства и система Тэйлора. М., Госиздат, 1922, XV, 367 стр.— *232—233, 436.*

— *Предисловие [к книге «Научная организация труда и производства и система Тэйлора»].*— В кн.: Ерманский, О. А. Научная организация труда и производства и система Тэйлора. М., Госиздат, 1922, стр. V—XV.— *233.*

— *Система Тэйлора.* Что несет она рабочему классу и всему человечеству. С указателем литературы на русск. и иностр. языках. Пг.— М., «Книга», 1918. 143 стр. Перед загл. авт.: А. Ерманский (инж. А. Гушка).— *232.*

Заявление 22-х — қараңыз: Членам международной конференции Коммунистического Интернационала.

Земельный кодекс РСФСР.— «Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1922, № 68, 15 ноября, ст. 901, стр. 1099—1136.— *279—281, 473.*

[*Зиновьев, Г. Е.*] *Об укреплении и новых задачах партии.* Тезисы т. Г. Зиновьева к XI съезду РКП, утвержденные Центральным Комитетом.— «Правда», М., 1922, № 62, 17 марта, стр. 2—3.— *20—21, 22—23.*

Иванович, Ст.— қараңыз: Португейс, С. И.

«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *279.*

«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов».— 154, 184.

— 1922, № 6 (1445), 10 января, стр. 1.— *216—218.*

— 1922, № 12 (1451), 17 января, стр. 1.— *452.*

— 1922, № 21 (1460), 28 января, стр. 1.— *83—84.*

— 1922, № 42 (1481), 22 февраля, стр. 3.— *452.*

— 1922, № 44 (1483), 24 февраля, стр. 1.— *452.*

— 1922, № 45 (1484), 25 февраля, стр. 1.— *7—8, 83—84.*

— 1922, № 47 (1486), 28 февраля, стр. 1.— *83—84.*

— 1922, № 52 (1491), 5 марта, стр. 2.— *15, 17.*

— 1922, № 81 (1520), 11 апреля, стр. 1.— *165.*

— 1922, № 85 (1524), 19 апреля, стр. 1.— *183.*

— 1922, № 102 (1541), 10 мая, стр. 1.— *187, 209, 211, 216, 217—218.*

— 1922, № 110 (1549), 19 мая, стр. 2.— *220.*

— 1922, № 113 (1552), 23 мая, стр. 2; № 114 (1553), 24 мая, стр. 1—2; № 115 (1554), 25 мая, стр. 1.— *211.*

— 1922, № 190 (1629), 25 августа, стр. 3.— *258, 264.*

— 1922, № 240 (1679), 24 октября, стр. 2—3; № 241 (1680), 25 октября, стр. 2—3; № 242 (1681), 26 октября, стр. 2—3; № 243 (1682), 27 октября, стр. 2—3.— *274, 277, 278—281, 293, 473.*

— 1922, № 250 (1689), 4 ноября, стр. 1.— *290.*

— 1922, № 258 (1697), 15 ноября, стр. 1.— *338.*

— 1922, № 263 (1702), 21 ноября, стр. 1.— *338.*

«Известия ЦК РКП(б)», М., 1921, № 33, октябрь, стр. 42.— *147.*

— 1922, № 1 (37), январь, стр. 31—32, 33—34.— *20.*

Интернационал.— 96—97.

«Искра» [старая, ленинская], [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева].— *196, 198.*

Камков, Б. В плену у контрреволюции. — «Наш Путь», Спб.— М., 1918, кн. II, май, стр. 214—223, в отд.: Пути революции.— *144.*

Каннские резолюции — см. Резолюция Верховного совета, принятая 6 января 1922 г. в г. Канн.

Каннские условия — қараңыз: Резолюция Верховного совета, принятая 6 января 1922 г. в г. Канн.

Керенский, А. Ф. Февраль и Октябрь.— «Современные Записки», Париж, 1922, кн. IX, стр. 269—293.— *10.*

Керженцев, П. М. Принципы организации. (С рисунками). Пг., Госиздат, 1922. 144 стр.— *436.*

Кин, Ф. «Спецы». (Опыт статистического обследования).— «Правда», М., 1922, № 197, 3 сентября, стр. 2.— *485.*

Кодекс законов о труде РСФСР изд. 1922 г.— «Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Прави-

тельства». М., 1922, № 70, 20 ноября, ст. 903, стр. 1159—1188.— *277—278, 473.*

* *Коллонтай, А. М. Рабочая оппозиция.* На правах рукописи. М., 1921. 48 стр. (Только для членов X-го съезда РКП).— *147.*

«Коммунистический Интернационал», М.— Пг., 1922, № 20, 14 марта, стлб. 5311—5318.— *103.*

Конституция (Основной закон) Российской Социалистической Федеративной Советской Республики. Опубликована в № 151 «Известий Всерос. Центр. Исп. Комитета» от 19 июля 1918 г. М., Гиз., 1919. 16 стр. (РСФСР).— *456, 473.*

Конференция трех Интернационалов. Общая декларация.— «Правда», М., 1922, № 80, 9 апреля, стр. 1—2.— *159, 160, 161, 169—171.*

[*Крицман, Л. Н.*] *Введение* [*к книге: На новых путях*].— В кн.: На новых путях. Итоги новой экономической политики 1921—1922 гг. Вып. II. Финансы. Труды под ред. комиссии СТО в составе: В. П. Милютина, А. М. Лежавы, С. Г. Струмилина и др. М., изд. СТО, 1923, стр. XI—XIX. (РСФСР).— *484.*

Крылов, И. А. Музыканты.— 17.

Ларин, Ю. Прогулка по полям российского бюджета. (Вместо маленького фельетона).—«Правда», М., 1922, № 6, 10 января, стр. 1; № 9, 13 января, стр. 1.— *452, 456.*

[*Ленин, В. И.*] *Декрет о земле съезда Советов рабочих и с. д.* (Принят на зас. 26 окт. в 2 ч. н.).—«Известия ЦИК и Петроградского Совета Рабочих и Солдатских Депутатов», 1917, № 209, 28 октября, стр. 1.— *279.*

— [*Доклад об очередных задачах Советской власти на заседании ВЦИК 29 апреля 1918 г.*].— В кн.: Протоколы заседаний Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета 4-го созыва. (Стеногр. отчет). М., Госиздат, 1920, стр. 206—223. (РСФСР).— *190.*

— [*Заключительная речь по докладу об очередных задачах Советской власти на заседании ВЦИК 29 апреля 1918 г.*].— Там же, стр. 234—238. (РСФСР).— *192.*

— *Заключительное слово тов. Ленина* [*при закрытии XI съезда РКП(б) 2 апреля 1922 г.*].— В кн.: Одиннадцатый съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Стеногр. отчет. 27 марта — 2 апреля 1922 г. М., Изд. отд. ЦК РКП, 1922, стр. 479—480. (РКП(б)).— *191.*

Ленин, В. И. Письмо в редакцию газеты «Экономическая Жизнь». 1 сентября 1921 г.— *176—177.*

— *Письмо к петроградским товарищам — қараңыз:* Ленин В. И. Послесловие к брошюре «Успехи и трудности Советской власти».

— *Письмо к съезду.* 23—26 декабря 1922 г.— *384, 395.*

— *Письмо Л. Б. Каменеву.* 3 марта 1922 г.— *118.*

— *Письмо В. М. Молотову для пленума ЦК РКП(б) с планом политдоклада на XI съезде партии.* 23 марта 1922 г.— *69, 100—101.*

— [*Письмо Г. Мясникову.* 5 августа 1921 г.].— В кн.: «Дискуссионный материал». (Тезисы тов. Мясникова, письмо тов. Ленина, ответ ему, постановление Организ. бюро Цека и резолюция мотовилихинцев). Только для членов партии. М., 1921, стр. 26—29.— *149.*

— *Письмо И. В. Сталину для членов ЦК РКП(б) о монополии внешней торговли.* 13 октября 1922 г.— *374, 375.*

— *Письмо И. В. Сталину о работе замов (заместителей председателя СНК и СТО).* 21 марта 1922 г.— *67—68.*

— *Письмо Г. В. Чичерину.* 14 марта 1922 г.— *81—82, 83.*

— *Письмо Г. В. Чичерину о директивах ЦК РКП(б) для советской делегации на Генуэзской конференции.* 7 февраля 1922 г.— *81—82, 83.*

— [*Политический отчет Центрального Комитета РКП(б) XI съезду РКП(б) 27 марта*].— В кн.: Одиннадцатый съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Стеногр. отчет. 27 марта — 2 апреля 1922 г. М., Изд. отд. ЦК РКП, 1922, стр. 7—38. (РКП(б)).— *137—138, 144, 146—147, 191.*

— *Поправки и замечания к проекту заявления советской делегации на Генуэзской конференции.* 23 марта 1922 г.— *81—82, 83.*

— *Послесловие* [*к брошюре «Успехи и трудности Советской власти»*]. 17 апреля 1919 г.— *192.*

— *Постановление о работе замов (заместителей председателя СНК и СТО).* 11 апреля 1922 г.— *361.*

— *Предисловие* [*к книге И. И. Скворцова-Степанова «Электрификация РСФСР в связи с переходной фазой мирового хозяйства»*].—«Правда», М., 1922, № 64, 21 марта, стр. 1. Подпись: Н. Ленин. Под общ. загл.: Новая книга.— *136.*

— *Проект директивы заместителю председателя и всем членам генуэзской делегации.* 1 февраля 1922 г.— *81—82, 83.*

— *Проект директивы ЦК РКП(б) для советской делегации на Генуэзской конференции.* 6 февраля 1922 г.— *81—82, 83.*

— *Проект постановления ЦК РКП(б) о задачах советской делегации в Генуе.* 24 февраля 1922 г.— *81—82, 83.*

— *Пять лет [российской] революции и перспективы мировой революции.* Доклад тов. Ленина [на IV конгрессе Коминтерна 13 ноября 1922 г.].—«Правда», М., 1922, № 258, 15 ноября, стр. 2. Под общ. загл.: IV конгресс Коминтерна.— *333.*

— *Рецензия в ЦК — қараңыз:* Ленин, В. И. Письмо в Политбюро ЦК РКП(б) о тезисах Е. А. Преображенского...

— *Речь об отношении к Временному правительству 4 (17) июня 1917 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Речь т. Ленина на Всероссийском съезде Советов р. и с. д.

— *Речь т. Ленина на Всероссийском съезде Советов р. и с. д.*— «Правда», Пг., 1917, № 82, 28 (15) июня, стр. 2—3; № 83, 29 (16) июня, стр. 2—3.— *10—11.*

— *Речь тов. Ленина на фракции Всероссийского съезда металлистов 6-го марта 1922 г.*—«Правда», М., 1922, № 54, 8 марта, стр. 1—2.— *71, 81, 100, 452, 455, 457.*

— *Старые статьи на близкие к новым темы.* К вопросу о «новой экономической политике». (Две статьи и одна речь 1918 г.). М., Моск. отд. Госиздата, 1922. 101 стр. Перед загл. авт.: Н. Ленин (В. И. Ульянов).— *190—192.*

— *Телеграмма Г. В. Чичерину.* 9 мая 1922 г.— *211.*

— *Управляющему Центральным статистическим управлением.* 16 августа 1921 г.— *177.*

— *Управляющему Центральным статистическим управлением или его заместителю.* 1 сентября 1921 г.— *177.*

— *А. Д. Цюрупе.* Проект директивы насчет работы СТО и СНК, а также Малого СНК. 27 февраля 1922 г.— *72, 454, 461.*

Маркс, К. Гражданская война во Франции. Воззвание Генерального Совета Международного Товарищества Рабочих. Апрель — май 1871 г.— *417.*

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I—III. 1867—1894 гг.— *34—35, 247—248, 292, 374.*

— *Письмо Л. Кугельману.* 12 апреля 1871 г.— *417.*

— *Письмо Ф. Энгельсу.* 16 апреля 1856 г.— *417, 419.*

Маяковский, В. В. Прозаседавшимся.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922,

№ 52 (1491), 5 марта, стр. 2. Под общ. загл.: Наш быт.— *15, 17*.

Международная социалистическая конференция. (Объединенное заседание Исполкомов трех Интернационалов). Стеногр. отчет. М., тип. ГПУ, 1922. 67 стр.— *162, 165, 166, 170*.

Меморандум союзников России. [2 мая 1922 г.].— В кн.: Материалы Генуэзской конференции. (Подготовка, отчеты заседаний, работы комиссий, дипломатическая переписка и пр.). М., 1922, стр. 216—224. (РСФСР. Народный комиссариат по иностр. делам).— *207, 208, 217*.

Мирный договор между Россией и Украиной с одной стороны и Польшей — с другой. (Подписанный в г. Риге 18 марта 1921 года).—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1921, №№ 41—42, 21 мая, ст. 219, стр. 217—236.— *211*.

Михайловский, Н. К. Литература и жизнь.—«Русское Богатство», Спб., 1894, № 1, стр. 88—123, в отд.: II.— *362*.

«Наш Путь», Спб.— М., 1918, кн. II, май, стр. 214—223.— *144*.

Об изменениях и дополнениях Уголовного кодекса РСФСР.—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1922, №№ 72—73, 27 ноября, ст. 906, стр. 1290—1295. Под общ. загл.: Постановления IV сессии Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета IX созыва.— *279—280*.

Одиннадцатый съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Стеногр. отчет. 27 марта — 2 апреля 1922 г. М., Изд. отд. ЦК РКП, 1922. 552 стр. (РКП(б)).— *134, 135, 136—137, 138—139, 140—143, 144—145, 146—147, 148, 149, 154, 191, 202, 462*.

Организационные вопросы партстроительства. Практические предложения по организационным вопросам партстроительства, как дополнение к резолюции об укреплении партии в связи с ее чисткой.—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1922, № 1 (37), январь, стр. 33—34. Под общ. загл.: Совещание секретарей обкомов, оббюро и губкомов РКП. 27—29 декабря 1921 г. (Резолюции и постановления).— *20*.

От Народного комиссариата по иностранным делам.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 47 (1486), 28 февраля, стр. 1. Под общ. загл.: К общей мирной конференции.— *7—8*.

От редакции.—«Под Знаменем Марксизма», М., 1922, № 1-2, стр. 3—4.— *27.*

Отсрочка Генуэзской конференции. От Народного комиссариата по иностранным делам.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 45 (1484), 25 февраля, стр. 1. Под общ. загл.: К общей мирной конференции.— *7—8.*

«Петроградская Правда».— 285.

**План электрификации РСФСР.* Доклад 8-му съезду Советов Государственной комиссии по электрификации России. М., Гостехиздат, 1920. 669 стр. разд. паг.; 14 л. схем и карт. (РСФСР. Науч.-техн. отдел ВСНХ).— *60.*

Платформа «рабочей оппозиции»— қараңыз: Тезисы рабочей оппозиции.

По докладу т. Кржижановского об электрификации. [Резолюция, принятая на VIII Всероссийском съезде Советов. 1920 г.].— В кн.: Восьмой Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—29 декабря 1920 года). М., Госиздат, 1921, стр. 271—272. (РСФСР).— *60.*

«Под Знаменем Марксизма», М.— *27, 28, 29, 32—34, 35, 36, 38—39.*

— 1922, № 1-2, стр. 3—4, 5—7, 70—73.— *27, 33—34.*

Положение о губернских съездах Советов и губернских исполнительных комитетах.—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1922, №№ 72—73, 27 ноября, ст. 907, стр. 1296—1310. Под общ. загл.: Постановления IV сессии Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета IX созыва.— *280—281, 473.*

Положение о судоустройстве РСФСР.—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1922, № 69, 17 ноября, ст. 902, стр. 1139—1156.— *279, 473.*

[*Португейс, С. И.*] *Сумерки русской социал-демократии.* Париж, «Франко-русская печать», 1921. 53 стр. Перед загл. авт.: Ст. Иванович.— *165, 169.*

Постановление [IX съезда Советов] о мерах укрепления и развития сельского хозяйства.— В кн.: Девятый Всероссийский съезд Советов рабочих, крестьянских, красноармейских и казачьих депутатов. Стеногр. отчет. (22—27 декабря 1921 года). М., изд. ВЦИК, 1922, стр. 286—292. (РСФСР).— *151—152.*

Постановление [IX съезда Советов] о с.-х. кооперации.— Там же, стр. 293—294.— *151—152.*

Постановление пленума ЦК о т. Шляпникове. (Выписка из протокола заседания пленума членов ЦК, кандидатов в члены ЦК, членов и кандидатов ЦКК от 9 августа 1921 г. за № 8).— «Известия ЦК РКП(б)», М., 1921, № 33, октябрь, стр. 42.— *147.*

Постановление Народного собрания Дальневосточной Республики, принятое на заседании 14-го ноября [1922 г.].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 263 (1702), 21 ноября, стр. 1.— *338.*

Постановление Сов. Нар. Комиссаров. 6 октября 1922 г.—«Правда», М., 1922, № 226, 7 октября, стр. 4.— *273, 297, 343.*

Постановление Чрезвычайной сессии Всер. Центр. Исп. Ком. [О составе делегации РСФСР на Генуэзскую конференцию].—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 21 (1460), 28 января, стр. 1.— *83—84.*

«Правда», Пг.— М.— *154, 184, 196—200, 286.*

— Пг., 1917, № 82, 28 (15) июня, стр. 2—3; № 83, 29 (16) июня, стр. 2—3.— *10—11.*

— 1921, № 15, 25 января, стр. 2—3.— *148.*

— 1922, № 6, 10 января, стр. 1; № 9, 13 января, стр. 1.— *452, 456.*

— 1922, № 43, 23 февраля, стр. 1.— *147—148.*

— 1922, № 48, 1 марта, стр. 4. На газ. ошибочно указан № 47.— *7—8.*

— 1922, № 53, 7 марта, стр. 3.— *146, 148.*

— 1922, № 54, 8 марта, стр. 1—2.— *71, 81, 100, 452, 455, 457.*

— 1922, № 62, 17 марта, стр. 2—3.— *20—21, 22—23.*

— 1922, № 64, 21 марта, стр. 1.— *136.*

— 1922, № 65, 22 марта, стр. 1.— *124.*

— 1922, № 80, 9 апреля, стр. 1—2.— *159, 160, 161, 169—171.*

— 1922, № 81, 11 апреля, стр. 1.— *165.*

— 1922, № 85, 19 апреля, стр. 2.— *167, 168.*

— 1922, № 93, 28 апреля, стр. 1.— *190.*

Резолюция о некоторых членах бывшей «рабочей оппозиции», [*принятая на XI съезде РКП(б)*].— В кн.: Одиннадцатый съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Стеногр. отчет. 27 марта — 2 апреля 1922 г. М., Изд. отд. ЦК РКП, 1922, стр. 530—533, в отд.: Приложения. Под общ. загл.: Резолюции и постановления XI съезда РКП.— *462.*

Резолюция о финансовой политике, [*принятая на XI съезде РКП(б)*].— Там же, стр. 495—500.— *202.*

Резолюция об организационном построении коммунистических партий и о методах и содержании их работы — қараңыз: Тезисы об организационном строительстве коммунистических партий, о методах и содержании их работы.

Резолюция по вопросу об укреплении партии в связи с учетом опыта проверки личного состава ее.—«Известия ЦК РКП(б)», М., 1922, № 1 (37), январь, стр. 31—32. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РКП. 19—22 декабря 1921 г. (Резолюции и постановления).— *20.*

Резолюция по докладу ЦК, [*принятая на XI съезде РКП(б)*].— В кн.: Одиннадцатый съезд Российской Коммунистической партии (большевиков). Стеногр. отчет. 27 марта — 2 апреля 1922 г. М., Изд. отд. ЦК РКП, 1922, стр. 483—484, в отд.: Приложения. Под общ. загл.: Резолюции и постановления XI съезда РКП.— *191.*

Рижский договор — қараңыз: Мирный договор между Россией и Украиной с одной стороны и Польшой — с другой.

«Русская Мысль», Прага.— *382.*

Русский ответ от 11 мая на меморандум союзников от 2 мая. (Перевод с французского текста).—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 113 (1552), 23 мая, стр. 2; № 114 (1553), 24 мая, стр. 1—2; № 115 (1554), 25 мая, стр. 1.— *211.*

Русско-германский договор. Текст договора, заключенного между РСФСР и Германией в Рапалло 16 апреля 1922 г.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 102 (1541), 10 мая, стр. 1.— *187, 209, 211, 216, 217.*

«Русское Богатство», Спб., 1894, № 1, стр. 88—123, в отд.: II.— 362.

Савинков, Б. В. Борьба с большевиками. Варшава, изд. Русского политич. к-та, 1920, 48 стр.— *165, 169.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. История одного города.— 36.

— Мелочи жизни.— 6.

[*Скворцов-Степанов, И. И.*] *Электрификация РСФСР в связи с переходной фазой мирового хозяйства.* Предисловия Н. Ленина и Г. Кржижановского. [М.], Госиздат, 1922. XVI, 392 стр.; 1 л. карт.— *59—61.*

«Смена Вех», Париж, 1922, № 13, 21 января, стр. 17—19.— *71, 108, 451, 452, 454, 455.*

«Советская республика в капиталистическом окружении». [Резолюция X съезда РКП(б)].— В кн.: Десятый съезд Российской Коммунистической партии. Стеногр. отчет. (8—16 марта 1921 г.). М., Госиздат, 1921, стр. 328—329, в отд.: Приложения. Под общ. загл.: Резолюции и постановления X съезда.— *136.*

«Современные Записки», Париж, 1922, кн. IX, стр. 269—293.— *10.*

Соединенное представительство РСФСР и союзных и братских республик на общеевропейской конференции.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 45 (1484), 25 февраля, стр. 1.— *83.*

Сорокин, П. А. Влияние войны на состав населения, его свойства и общественную организацию.—«Экономист», Пг., 1922, № 1, стр. 77—107.— *36—37, 38.*

Сосновский, Л. Угроза разрыва.—«Правда», М., 1922, № 93, 28 апреля, стр. 1. Под общ. загл.: Генуэзская конференция.— *190.*

Степанов — қараңыз: Скворцов-Степанов, И. И.

Суханов, Н. Записки о революции. Кн. 3—4. Берлин — Пб.— М., Гржебин, 1922. 2 кн. (Летопись революции).— *417—421.*

Тезисы об организационном строительстве коммунистических партий, о методах и содержании их работы. Приняты на 24 заседании [III конгресса Коммунистического Интернационала] 12 июля 1921 г.— В кн.: Тезисы и резолюции III конгресса Коммунистического Интернационала. М., 1921, стр. 35—54.— *328, 329—330, 477, 480, 483.*

Тезисы рабочей оппозиции. Задачи профессиональных союзов.— «Правда», М., 1921, № 15, 25 января, стр. 2—3.— *148.*

Тимирязев, А. К. [Рецензия на книгу:] А. Эйнштейн. О специальной и всеобщей теории относительности (общедоступное изложение). 12-е издание (51—55 тысяч). 91 стр. 1921 г. Издание Фивега.—«Под Знаменем Марксизма», М., 1922, № 1-2, стр. 70—73.— *33—34.*

**Тодорский, А. И. Год — с винтовкой и плугом.* 1917 $\frac{\text{7 ноября}}{\text{25 октября}}$ 1918. Изд. Весьегонского уездного исполнительн. комитета. Весьегонск, 1918. 79 стр.— *111, 453, 455, 459.*

Торжественное заседание в Большом театре.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 44 (1483), 24 февраля, стр. 1. Под общ. загл.: Празднование четвертой годовщины Красной Армии.— *452.*

Торжественное заседание Московского Совета.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 12 (1451), 17 января, стр. 1. Под общ. загл.: Неделя достояния красноармейца. Заботы о Красной Армии.— *452.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *Доклад тов. Троцкого.*—«Правда», М., 1922, № 259, 16 ноября, стр. 2—3. Под общ. загл.: IV конгресс Коминтерна. Пять лет русской революции и перспективы мировой революции.— *333.*

— *Письмо тов. Л. Д. Троцкого.*—«Под Знаменем Марксизма», М., 1922, № 1-2, стр. 5—7.— *27.*

— *Пятый год — год учебы.*—«Правда», М., 1922, № 43, 23 февраля, стр. 1.— *148.*

Тургенев, И. С. Рудин.— 327, 477, 480, 483.

— *Русский язык.* (Стихотворение в прозе).— *93.*

Уголовный кодекс РСФСР.—«Собрание Узаконений и Распоряжений Рабочего и Крестьянского Правительства», М., 1922, № 15, 1 июня, ст. 153, стр. 202—239.— *213, 214, 279.*

Усовершенствование в области радиотелеграфии.—«Известия ВЦИК Советов Рабочих, Крестьянских, Казачьих и Красноарм. Депутатов и Моск. Совета Рабоч. и Красноарм. Депутатов», 1922, № 110 (1549), 19 мая, стр. 2, в отд.: За границей. Под общ. загл.: Разные.— *220.*

Устрялов, Н. В. Эволюция и тактика.—«Смена Вех», Париж, 1922, № 13, 21 января, стр. 17—19.— *71, 108—109, 451—452, 453, 454, 455, 458.*

zu Basel].— In: Außerordentlicher Internationaler Sozialistenkongreß zu Basel am 24. und 25. November 1912. Berlin, Buchh. «Vorwärts», 1912, S. 23—27.— *124, 357, 358.*

«The New York Herald».— 182.

Spengler, O. Der Untergang des Abendlandes. Umrisse einer Morphologie der Weltgeschichte. Bd. 1. Gestalt und Wirklichkeit. 15.—22., unveränd. Aufl. München, Beck, 1920. XV, 615 S. — *197.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Б

Бастиа (Bastiat), *Фредерик* (1801—1850) — француздың тұрпайы экономисі. Буржуазиялық қоғамдағы таптардың қатынастарын қызмет көрсету айырбасы ретінде таныды, капиталистік қатынастарды адамдардың «табиғи» қатынастары деп есептеді, еңбек пен капитал мүдделерінің үйлесімділігін уағыздады, жұмысшы табының ұлттық табыстағы үлесі техниканың прогресіне қарай өсе береді деп дәлелдеуге тырысты. К. Маркс Бастианы «тұрпайы экономия апологетикасының ең сұмпайы, сондықтан да ең салымды өкілі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 18-бет) деп сипаттады. Оның теорияларын капитализмнің осы заманғы қорғаушылары пайдалануда. Бастианың негізгі шығармалары: «Экономикалық софизмдер» (1846) және «Экономикалық үйлесімділіктер» (1849).— *292.*

Бауэр (Bauer), *Отто* (1882—1938) — Австрия социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, «австромарксизм» дейтіннің идеологы. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. 1918—1919 жылдары Австрия буржуазиялық республикасының сыртқы істер министрі болды. $II^1/_2$ (1921), біріккен (1923) және социалистік дейтін Интернационалдардың негізін салушылардың бірі. Австрия жұмысшы табының революциялық қозғалысын басуға белсене қатысты. Ол өзінің антикоммунистік сөздері арқылы фашизммен үндесті, пангермандық насихатты қолдап отырды.— *103—104, 123, 147, 169.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге Германия неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясы қатарындағы реформизм мен реви-

зионизмге қарсы шықты. В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөйлеген сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар толық жинағы, 23-том, 405-бет) деп санады.— *199.*

Богаевский, М. П. (1881—1918) — Дондағы контрреволюцияға белсене қатысушы. 1917 жылғы 18 июньнен 1918 жылғы 29 январьға дейін — Дон Әскері әскери атаманының (генерал Калединнің) орынбасары, сонымен бірге 1918 жылғы январьдың бас кезінен контрреволюциялық «дон үкіметінің» құрамына кірді. Қамауға алынып, сотталды, белсенді контрреволюциялық қызметі үшін 1918 жылы 1 апрельде атылды.— *190.*

Богданов, П. А. (1882—1939) — 1905 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты шаруашылық жұмыста болды. 1918 жылдан 1921 жылға дейін — Халық шаруашылығы жоғары советі коллегиясының мүшесі; 1921 жылдан 1925 жылға дейін — РСФСР Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, кейінірек Солтүстік Кавказ өлкелік атқару комитетінің председателі, Америка Құрама Штаттарындағы Амторг басқармасының председателі, 1935 жылдан — РСФСР жергілікті өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары.— *243, 252.*

Бонч-Бруевич, В. Д. (1873—1955) — советтің мемлекет және қоғам қайраткері; профессионал революционер. Революциялық қозғалысқа 80-жылдардың аяғынан бастап қатысты, 1896 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті. Шетелде «Еңбекті азат ету» тобының қызметіне қатысты, «Искраға» жазып тұрды, большевиктік газет, журналдар мен партиялық баспаларды ұйымдастыруға белсене қатысты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы (1920 жылдың декабріне дейін), «Жизнь и знание» баспасының бас редакторы. 1930 жылдан Москвада өзі ұйымдастырған Әдебиет музейін басқарды, 1946 жылдан — СССР Ғылым академиясының Ленинградтағы Дін және атеизм тарихы музейінің директоры. В. И. Ленин туралы бірқатар естеліктердің авторы.— *219.*

Бонч-Бруевич, М. А. (1888—1940) — советтің аса көрнекті радио инженері. 1916—1919 жылдары электрондық лампаларды зерттеумен шұғылданды; елімізде осындай лампаларды өндіру тұңғыш рет соның басшылығымен ұйымдастырылды. 1918 жылдан Нижний Новгород радио лабораториясын басқарды. В. И. Лениннің тапсырмасы бойынша, М. А. Бонч-Бруевичтің радио лабораториясы Москвада радиохабарын тарату станциясының жобасын жасады; бұл станция (Коминтерн атындағы радио станциясы) 1922 жылы салынды. 1924—1930 жылдары Бонч-Бруевичтің басшылығымен алыс радио байланысының қысқа толқынды бағыттаулы антенналары әзірленіп, қысқа

толқынды линиялары жасалды. Сонымен бірге атмосфераның жоғарғы қабаты физикасының мәселелерімен, әсіре қысқа толқындармен және олардың іс жүзінде қолданылуымен жәнө басқа мәселелермен шұғылданды. 1922 жылдан — Москва жоғары техникалық училищесінің профессоры, 1932 жылдан — Ленинград байланыс инженерлері институтының профессоры. 1931 жылдан — СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі.— *219, 221.*

Бонч-Бруевич, М. Д. (1870—1956) — белгілі әскери қайраткер, генерал-лейтенант, геодезист, аэросуретке түсіру маманы. Патша армиясында бірқатар штаб қызметтерінде болған, Бас штаб академиясында тактикадан сабақ берген. Бірінші дүние жүзілік соғыстың аяқ кезінде — Солтүстік майданның штаб бастығы. Октябрь социалистік революциясынан кейін ескі әскери мамандардың ішінен алғашқылардың бірі болып Совет өкіметінің жағына шықты. Жоғарғы бас қолбасшы штабының бастығы, Жоғары Әскери Советтің әскери жетекшісі, Республика Революциялық Әскери Советінің майдан штабы бастығының қызметтерін атқарды. 1919 жылдан 1923 жылға дейін Халық шаруашылығы жоғары советінің Жоғары геодезия басқармасының бастығы болды. Бірқатар жылдар бойы Республика Революциялық Әскери Советінің қарамағында болып, жекелеген жауапты тапсырмаларды орындады. 1939—1949 жылдары М. Д. Бонч-Бруевичтің редакциясымен «Геодезия» атты анықтамалық нұсқау басылып шықты; бірқатар әскери және геодезиялық еңбектердің авторы ретінде белгілі.— *219.*

Бухарин, Н. И. (1888—1938) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — «Правданың» редакторы, Орталық Комитеттің Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болды. Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: 1918 жылы антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс кезінде (1920—1921) әуелі «буферлік» позиция ұстады, кейіннен Троцкийдің тобына қосылды; 1928 жылдан бастап партия ішінде оңшыл оппозицияны басқарды. 1929 жылы Орталық Комитеттің Саяси бюросынан шығарылды; 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан шығарылды.— *98, 161, 162, 166, 372—376, 383—384.*

В

Вандервельде (Vandervelde), *Эмиль* (1866—1938) — Бельгия Жұмысшы партиясының лидері, II Интернационалдың Халықаралық социалистік бюросының председателі, барып тұрған оппортунистік позицияда болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист, буржуазиялық үкіметке кір-

ді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияға белсене жәрдемдесті. 1925—1927 жылдары — Бельгияның сыртқы істер министрі, СССР-ге қарсы бағытталған Локарно келісімдерін (1925) жасасуға қатысты, коммунистер мен социалистердің біртұтас антифашистік майданын құруға қарсы белсене күресті.— *56—57, 147.*

Варлен (Varlin), *Луи Эжен* (1839—1871) — француз революционері, 1871 жылғы Париж Коммунасының аса көрнекті қайраткері, солшыл прудонист (бір кезде бакунистерге жақын болды); кәсібі жөнінен кітап түптеуші-жұмысшы. Париж кітап түптеушілері қоғамының ұйымдастырушысы болды, 1864 және 1865 жылдары осылардың стачкаларын басқарды. 1865 жылы I Интернационалға кірді, оның Париж секцияларының ұйымдастырушылары мен басшыларының бірі болды. Сот тарапынан қудалауға ұшырады. 1871 жылы — Ұлттық гвардия Орталық комитетінің мүшесі, Париж Коммунасы күндерінде — оның Советінің (үкіметінің) мүшесі, финанс комиссиясының, кейін әскери комиссияның делегаты, Коммунаның солшыл азшылығына қосылды. Версальдықтар Парижге баса-көктеп кіргеннен кейін 6 және 11-округтерді қорғау ісін басқарды, баррикадаларда ерлікпен шайқасты. 28 майда версальдықтардың қолына түсті, азапталып, сотсыз атылды.— *199—200.*

II Вильгельм (Гогенцоллерн) (1859—1941) — герман императоры және Пруссия королі (1888—1918).— *130, 453, 461.*

Виппер, Р. Ю. (1859—1954) — көрнекті тарихшы, Москва университетінің профессоры. Ежелгі тарих жөніндегі, орта ғасырлар және жаңа заман тарихы жөніндегі көптеген оқулықтар мен еңбектердің авторы. 1924 жылы Виппер СССР-ден буржуазиялық Латвияға кетіп қалып, 1940 жылға дейін Рига университетінің профессоры болды. Латвияда Совет өкіметі орнағаннан кейін Москваға қайтып келді, 1943 жылдан — академик.— *31.*

Владимиров (Шейнфинкель), М. К.* (1879—1925) — 1903 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. 1911 жылы большевиктерден қол үзді, кейін плехановшылдардың Париж тобына кірді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып келді, ауданаралықшы болды. Ауданаралықшылармен бірге VI съезде большевиктер партиясына алынды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Петроград қалалық азық-түлік басқармасында және Азық-түлік халық комиссариатында істеді, 1921 жылы — Украинаның азық-түлік халық комиссары, 1922 жылы — РСФСР финанс халық комиссары, 1924 жылғы ноябрьден — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары болды.— *252.*

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

Вольф (Wolff), *Отто* (1881—1940) — Германия финанс олигархиясының көрнекті өкілдерінің бірі. Дүние жүзілік империалистік соғыстан кейін Германияда ауыр өнеркәсіптің аса ірі концерндерінің бірін құрды.— *254—256.*

Вульфсон, С. Д. (1879—1932) — 1902 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Екатеринославта, Луганскіде, Кавказда, Бакуде, Самарада және басқа қалаларда партиялық жұмыс жүргізді. Бірнеше рет қамауға алынды. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдары майдандарда Қызыл Армияны жабдықтау саласында істеді. Қырым Халық Комиссарлары Советінің құрамына кірді. Соғыс біткеннен кейін шаруашылық жұмыста болды. 1921 жылдан 1924 жылға дейін Москва тұтынушылар қоғамы председателінің орынбасары, одан соң председателі, Москва Советі президиумының мүшесі, Москва партия комитетінің мүшесі. 1924 жылы Сыртқы сауда халық комиссариатына жұмысқа ауысты. Италия мен Австрияда сауда өкілі, Парижде және Берлинде сауда өкілдігі советінің мүшесі болды. 1927 жылдан астық экспорты жөніндегі басшылық жұмыста істеді.— *144.*

Вэр, Гарольд (1890—1935) — 1919 жылы Америка Құрама Штаттары Коммунистік партиясының негізі қаланған кезден сол партияның мүшесі, ауыл шаруашылық колледжінің оқытушысы, мамандығы агроном.

1922 жылы жазда өзі ұйымдастырған трактор отрядын (құрамында 21 трактор бар) басқарып, СССР-ге келді. Тракторлар американ жұмысшылары Америка Құрама Штаттарындағы «Советтік Россия достарының қоғамы» арқылы жинаған қаржыға сатып алынған болатын. (Отряд Пермь губерниясында, «Тойкино» совхозында жұмыс істеді.) Кейін Совет Одағына бірнеше рет келді, ірі совхоздар ұйымдастыру жөнінде кеңес берді. 1935 жылы Америка Құрама Штаттарында автомобиль апаты кезінде қайтыс болды.— *258, 262, 264.*

Г

Гегель (Hegel), *Георг Вильгельм Фридрих* (1770—1831) — немістің аса ірі философы — объективтік идеалист, неміс буржуазиясының идеологы. Гегельдің философиясы XVIII ғасырдың аяғы — XIX ғасырдың басындағы неміс идеализмінің шыңы еді. Гегельдің сіңірген тарихи еңбегі диалектиканы терең және жан-жақты талдап жасауы болды, мұның өзі диалектикалық материализмнің теориялық негіздерінің бірі еді. Гегельше, бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүние үздіксіз қозғалыста, өзгерісте, қайта тууда және дамуда болады; алайда Гегель объективтік дүниені, өмір шындығын «абсолюттік рухтың», «абсолюттік идеяның» жемісі деп қарайды. В. И. Ленин «абсолюттік идеяны» идеалист Гегельдің теологиялық ойдан

шығарғаны деп атады. Диалектикалық метод пен шын мәнінде дамуды тоқтатуды талап еткен консервативтік, метафизикалық система арасындағы терең қайшылық — Гегель философиясына тән сипат. Әлеуметтік-саяси көзқарастары жөнінен Гегель конституциялық монархияның жақтасы болды.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Гегельдің идеалистік диалектикасын сын көзбен қайта қарап, объективтік дүние мен адам ойлауы дамуының негұрлым жалпы заңдарын бейнелейтін материалистік диалектиканы жасады.

Гегельдің негізгі шығармалары: «Phänomenologie des Geistes», 1807 («Рух феноменологиясы»); «Wissenschaft der Logik», 1812—1816 («Логика ғылымы»); «Enzyklopädie der philosophischen Wissenschaften im Grundrisse», 1817 («Философиялық ғылымдар энциклопедиясы») және басқалар. Лениннің Гегель шығармаларынан жасаған конспектілері «Философиялық дәптерлерге» енді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 29-том).— *34—35.*

Гендерсон (Henderson), *Артур* (1863—1935) — лейбористік партия мен ағылшын кәсіптік қозғалысы лидерлерінің бірі. 1908—1910 және 1914—1917 жылдары — лейбористердің парламенттік фракциясының председателі. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1919 жылы — Берн (II) Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі, 1923 жылдан —«Социалистік жұмысшы Интернационалы» дейтіннің Атқару комитетінің председателі. Англияның буржуазиялық үкіметтеріне бірнеше рет кірді.— *75, 199.*

Гопфенгауз, М. Г. (1862—1898) — Н. Е. Федосеевтің досы. В. И. Ленин осы Гопфенгауз арқылы Федосеевпен хат алысып тұрған. Федосеевтің өзін өзі өлтіргенін естігенде, Гопфенгауз өзін өзі атып өлтірген.— *362.*

Горбунов, П. П. (1892—1938) — 1917 жылдан Коммунистік партияның мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық Комиссарлары Советінің секретары, В. И. Лениннің жеке секретары, 1918 жылдың августынан — РСФСР Халық шаруашылығы жоғары советінің ғылыми-техникалық бөлімінің меңгерушісі. 1919—1920 жылдары Қызыл Армияда саяси жұмыста болды, XIII және XIV армиялардың Революциялық-әскери советінің мүшесі, РСФСР Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы, СССР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқарушысы. Кейінірек — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мүшесі, Карпов атындағы химия институты директорының орынбасары; 1928 жылдан 1932 жылға дейін Химияландыру жөніндегі комитет ғылыми комиссиясының председателі болды, 1932 жылдан 1935 жылға дейін СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Тәжік-Памир экспедициясын басқарды. 1935 жылдан бастап СССР Ғылым академиясының толық мүшесі және үздіксіз секретары болды.— *64, 116, 253.*

Губкин, И. М. (1871—1939) — аса көрнекті совет геологы, қоғам және мемлекет қайраткері, академик; 1921 жылдан Коммунистік партияның мүшесі.

1918 жылдан Советтік Россияның мұнай өнеркәсібі мен геология қызметін басқарған орталық мекемелерде басшылық қызметтерде болды. 1919—1924 жылдары — Сланец жөніндегі бас комитеттің председателі, одан кейін Сланец өнеркәсібі басқармасының директоры, В. И. Лениннің нұсқауы бойынша құрылған Курск магнит аномалиясын зерттеу жөніндегі Ерекше комиссияның председателі.— *252.*

Д

Деникин, А. И. (1872—1947) — патша армиясының генералы; шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде (1918—1920) — ағылшын-француз және американ империалистерінің итаршысы; Россияның оңтүстігіндегі ақ гвардиялық қарулы күштердің бас қолбасшысы. Совет әскерлері бұл қарулы күштерді талқандағаннан кейін (март, 1920) шетелге эмиграцияға кетті.— *6, 9, 14, 56, 57, 69, 190, 342, 484.*

Дзержинский, Ф. Э. (1877—1926) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1895 жылдан партия мүшесі. Польша мен Литва социал-демократиясын ұйымдастырушылардың бірі. Польшада және Россияда партиялық жұмыс жүргізді. Партияның IV съезінен бастап РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Контрреволюциямен және саботажбен күресу жөніндегі Бүкіл россиялық төтенше комиссияның (ВЧК) председателі болды. 1918 жылдың басында Брест бітімін жасасу туралы мәселе жөнінде қате позиция ұстады. 1921 жылы Бүкіл россиялық төтенше комиссия председателі және ішкі істер халық комиссары қызметтерін атқарумен қатар, қатынас жолдары халық комиссары болып тағайындалды, 1924 жылдан — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1924 жылғы июньнен — РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат және РКП(б) Орталық Комитеті Ұйымдастыру бюросының мүшесі.— *201—202, 394, 396, 399.*

Дивильковский, А. А. (1873—1932) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі. 1906 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетті; плехановшыл-меньшевиктерге қосылды. Дүние жүзілік империалистік соғыстың басынан — интернационалист. 1918 жылы большевиктердің женевалық тобына кірді. 1918 жылы ноябрьде Россияға қайтып келді. Москвада насихатшы және үгітші болып істеді, Халық Комиссарлары Советі іс басқарушысының көмекшісі болды. Соңғы жылдары әдеби жұмыспен айналысты.— *62.*

Дицген (Dietzgen), *Евгений* (1862—1930) — И. Дицгеннің баласы және оның шығармаларын бастырып шығарушы. Фило-

софиядағы өзінің көзқарасын «натурмонизм» деп атады, онда материализм мен идеализм ымыраласады-мыс деп білді. И. Дицгеннің философиялық көзқарастарының әлсіз жақтарын абсолюттендіріп, олармен марксизмді «толықтыру» қажет деп есептеді, сөйтіп материализмді де, диалектиканы да теріске шығаруға келіп соқты. Өмірінің соңғы жылдарында коммунизмнің ашық дұшпаны ретінде көрінді.

Негізгі еңбектері — И. Дицгеннің әр түрлі басылымдарына арналған алғы сөздер, сонымен қатар мыналар: «Materialismus oder Idealismus?», 1921 («Материализм бе немесе идеализм бе?»); «Evolutionärer Materialismus und Marxismus», 1929 («Эволюциялық материализм және марксизм»); «Fort mit dem Klassenkrieg», 1929 («Таптық соғыс жойылсын»).— *28.*

Дицген (Dietzgen), *Иосиф* (1828—1888) — немістің жұмысшы-былғарышысы, өз бетімен диалектикалық материализмге жеткен. 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшыраған соң Германиядан эмиграцияға кетті. 20 жыл бойы Америка мен Европаны кезіп жүрді, әр түрлі кәсіпорындарда жұмыс істеді, сонымен бірге философиялық зерттеулермен шұғылданды. 1864 жылдан 1868 жылға дейін Россияда тұрды, Петербургте былғары заводында жұмыс істеді. Мұнда Дицген «Адамның ми жұмысының мәні» деген кітап және К. Маркстің «Капиталының» бірінші томына рецензия жазды. 1869 жылы Германияға қайта оралып, К. Markспен танысты, Герман социал-демократиялық партиясының жұмысына белсене қатыса бастады. 1884 жылы Дицген қайтадан Америка Құрама Штаттарына кетті, онда ол американ Социалистік жұмысшы партиясы Атқару комитетінің органы — «Der Sozialist» («Социалист») газетін редакциялады.— *29.*

Древс (Drews), *Артур* (1865—1935) — ертедегі христиан діні жөнінен немістің реакцияшыл буржуазиялық тарихшысы. Өзінің «Христос туралы аңыз», «Христиан дінінің гностицизмнен пайда болуы», «Христостың өткен және қазіргі уақыттағы тарихилығын терістеу» деген және басқа еңбектерінде Древс Христостың тарихи өмір сүргендігін теріске шығарады; алайда ол шіркеулік догманы, діни соқыр сенімдерді идеалистік көзқарас тұрғысынан сынады.— *32.*

Е

Енукидзе, А. С. (1877—1937) — советтің мемлекет қайраткері, 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Әскери бөлімінде істеді, 1918 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің секретары, 1923 жылдан 1935 жылғы мартқа дейін — СССР Орта-

лық Атқару Комитетінің секретары. XIII, XIV, XV және XVI съездерде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып, ал партияның XVII съезінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *72—73, 229.*

Ерманский, А. (Коган, О. А.) (1866—1941)— социал-демократ, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз; меньшевиктік баспасөзге белсене қатысып тұрды. Бірінші дүниө жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы — интернационалист-меньшевик, 1918 жылы меньшевиктердің Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1921 жылы меньшевиктер партиясынан шықты, Москвада ғылыми жұмыста болды.— *232—233, 436.*

З

Зеленский, И. А. (1890—1938)— 1906 жылдан РСДРП мүшесі. Астраханьда, Пензада, Оренбургте, Саратовта, Самарада партиялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москваның Басманный ауданында партия ұйымдастырушысы, Москва Советі президиумының мүшесі.

1918—1920 жылдары Москвада азық-түлік жөніндегі басшылық жұмыста болды. 1920 жылдан 1924 жылға дейін — Москва Советі председателінің орынбасары және Москва партия комитетінің секретары, одан кейін Азық-түлік халық комиссариатының коллегия мүшесі. 1925—1931 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының секретары. 1931—1937 жылдары — Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі. Партияның X съезінде Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат болып сайланды, ал XI съезден бастап Орталық Комитеттің мүшесі болды.— *62.*

Зиновьев (Радомысльский), Г. Е. (1883—1936)— 1901 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Петроград Советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі, Коминтерн Атқару Комитетінің председателі болды.

Партияның лениндік саясатына талай рет қарсы шықты: Октябрь социалистік революциясына әзірлік және оны өткізу кезеңінде солқылдақтық көрсетті; қарулы көтеріліске қарсы шықты, 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құру жағында болды. 1925 жылы —«жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы — антипартиялық троцкистік-зиновьевшілдік блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ноябрьде фракциялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, сөйтіп партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады,

Кейнс (Keynes), *Джон Мейнард* (1883—1946) — ағылшынның тұрпайы буржуазияшыл экономисі, мемлекеттік-монополистік капитализмнің апологеті. 1915 жылдан — Англия финанс министрлігінің чиновнигі. 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясының жұмысына қатысты. 1919 жылы июньде отставкаға шыққаннан кейін бірқатар еңбектерінде Версаль системасының экономикалық жағынан негізсіз екендігін қатты сынады. 1921 жылдан бастап ағылшынның қауіпсіздендіру жөніндегі ірі компаниясының председателі болды. 30-жылдарда буржуазиялық саяси экономиядағы апологеттік (өз есімімен «кейнсшілдік» деп аталған) бағыттардың бірінің негізін салушы болды, бұл бағыт бойынша буржуазиялық мемлекет капитализмді «ретке келтіріп», капитализм шеңберінде дағдарыс пен жұмыссыздық болмайтын жоспарлы шаруашылықты «қамтамасыз ете» алады-мыс.— *75.*

Керенский, А. Ф. (1881—1970) — эсер. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің юстиция министрі, әскери және теңіз министрі, одан кейін министр-председателі және жоғарғы бас қолбасшы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күрес жүргізді, 1918 жылы шетелге қашып кетті. Эмиграцияда антисоветтік насихат жүргізді.— *10.*

Керженцев (Лебедев), П. М. (1881—1940) — советтің мемлекет және партия қайраткері, тарихшы, публицист. 1904 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. 1905—1911 жылдары Нижний Новгородта, Петербургте, Киевте астыртын жұмыс жүргізді, большевиктік мерзімді басылымдарға қатысты. 1912 жылы эмиграцияға кетіп, Лондонда, Парижде, Америкада тұрды.

1918—1920 жылдары —«Известия ВЦИК» газеті редакторының орынбасары, Россия телеграф агенттігінің жауапты басшысы. 1921—1923 жылдары — Швецияда уәкілетті өкіл, 1925—1926 жылдары — Италияда уәкілетті өкіл. Одан кейінгі жылдары — СССР Орталық статистика басқармасы басқарушысының орынбасары, ВКП(б) Орталық Комитеті мәдениет және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Коммунистік академия председателінің орынбасары және Әдебиет институтының директоры; СССР Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы, СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Бүкіл одақтық радиокомитет председателі, СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Өнер істері жөніндегі комитет председателі, энциклопедия баспасы бас редакторының орынбасары.— *436.*

Кин, Ф.— 1922 жылы 3 сентябрьде «Праваның» 197-номерінде басылған «Мамандар (Статистикалық зерттеудің тәжірибесі)» деген мақаланың авторы.— *485.*

Киселев, А. С. (1879—1938) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

1917 жылғы Октябрь социалистік революциясынан кейін әскери, кәсіподақ және шаруашылық жұмыста болды. 1920—1921 жылдары кәсіподақтар туралы айтыс кезінде Троцкийдің платформасын жақтады; одан кейінгі жылдары троцкистік оппозицияға белсенді қатысушы болды. 1929 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *141.*

Красин, Л. Б. (1870—1926) — советтің көрнекті мемлекет қайраткері. Социал-демократиялық қозғалысқа 90-жылдардан бастап қатысты, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастыру жөнінде жұмыс істеді, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп халық комиссары, қатынас жолдары халық комиссары болды. 1919 жылдан бастап дипломатиялық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты. 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі. 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкіл.— *116, 117—119, 193, 194, 234, 252—253, 345, 372—376, 459.*

Краснов, П. Н. (1869—1947) — патша армиясының генералы, 1917 жылғы августағы Корнилов бүлігіне белсене қатысушы. 1917 жылы октябрьдің аяғында антисоветтік бүлік кезінде Керенский Петроградқа аттандырған казак отрядтарының командирі болды. 1918—1919 жылдары Дондағы ақ казак армиясын басқарды. 1919 жылы шетелге қашып барып, онда антисоветтік қызметін тоқтатпады; кейінірек гитлершілдерге қызмет етті. Тұтқынға алынып, СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімі бойынша өлім жазасына кесілді.— *10.*

Кржижановский, Г. М. (1872—1959) — Коммунистік партияның ең қарт қайраткері, белгілі совет ғалымы, инженер-энергетик.

Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін Москваның энергетикалық шаруашылығын қалпына келтіруде және өркендетуде істеді. 1920 жылы В. И. Лениннің тапсыруымен Россияны электрлендіру жөніндегі комиссияны (ГОЭЛРО) басқарды. 1921—1930 жылдары Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына басшылық етті. 1930 жылдан 1932 жылға дейін Отын өнеркәсібі халық комиссариатындағы Энергетика бас басқармасының председателі болды. 1932—1936 жылдары СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Жоғары техникалық білім жөніндегі комитеттің председателі және РСФСР халық ағарту комиссарының орынбасары болды. ВКП(б) Орталық Комитетінің және СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып бірнеше рет сайланды. 1929 жылы СССР Ғылым академиясының мүшесі болып сайланды, 1929 жылдан 1939 жылға дейін — СССР Ғылым академиясының вице-президенті, СССР Ғылым академиясының өзі

құрған Энергетика институтының үзбестен директоры болды, энергетика саласындағы көптеген ғылыми еңбектердің авторы.— *25—26, 145, 167, 204—205, 243, 244, 252—253, 388, 389.*

Крицман, Л. Н. (1890—1938) — 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; Совет өкіметінің алғашқы жылдарында шаруашылық жұмысында: Халық шаруашылығы жоғары советінің тамақ өнеркәсібі бөлімі коллегиясының председателі және химия өнеркәсібі бөлімінің мүшесі болды; 1921 жылы — Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. 1923—1924 жылдары —«Правда» редакциясының мүшесі, Коммунистік академия президиумының мүшесі, Үлкен Совет Энциклопедиясы бас редакциясының мүшесі. 1925—1931 жылдары — СССР Орталық статистика басқармасы коллегиясының мүшесі, ал одан соң басқарушысының орынбасары, СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары. 1931 жылдан бастап ғылыми-зерттеу жұмысымен шұғылданды; экономика ғылымдарының докторы. «Экономикалық Энциклопедияның», «Проблемы Экономики», «На Аграрном Фронте» журналдарының редакторы болды. Экономикалық және аграрлық мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *484.*

Курский, Д. И. (1874—1932) — советтің көрнекті мемлекет және партия қайраткері, юрист. 1904 жылдан большевиктік партия мүшесі. Патша үкіметінің қудалауына талай рет ұшырады. Москвадағы 1905 жылғы Декабрь қарулы көтерілісіне белсене қатысты. 1906 жылы Москва большевиктік ұйымы облыстық бюросының құрамына енді. 1914 жылы армияға алынып, онда революциялық жұмысын жүргізе берді. 1917 жылы май айында Румын майданында солдат депутаттары Советінің председателі болып сайланды, Советтердің Бүкіл россиялық I съезінің делегаты. 1917 жылы октябрьде — Одесса революциялық комитетінің мүшесі. 1919—1920 жылдары — Республика Революциялық-әскери советінің мүшесі, Қызыл Армияның Бас штабы мен майдан штабының комиссары. 1918 жылдан 1928 жылға дейін — РСФСР юстиция халық комиссары; оның басшылығымен азаматтық және қылмыстық кодекстер әзірленді. 1921 жылдан — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, 1923 жылдан — СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі. 1924—1927 жылдары партияның Орталық тексеру комиссиясының председателі. 1927 жылы партияның XV съезінде ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. 1928 жылдан 1932 жылға дейін СССР-дің Италиядағы уәкілетті өкілі.— *56—57, 213—215.*

Кутузов, И. И. (1885—1943) — 1917 жылдан большевиктік партия мүшесі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Москва Советінің мүшесі, Москва тоқымашылар одағының председателі. 1918 жылдан — тоқымашылар одағы Орталық Комитетінің председателі. 1920—1921

Л

тиясының лидері. 1890 жылдан — парламент мүшесі. 1905—1908 жылдары — сауда министрі; 1908—1915 жылдары — финанс министрі. 1916—1922 жылдары — премьер-министр, ағылшын империализмінің Таяу және Орта Шығыстағы, Балқандағы позицияларын нығайтуды көздеді, отарлар мен тәуелді елдердегі ұлт-азаттық қозғалысын аяусыз басып-жаныштап отырды. Россиядағы Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет мемлекетіне қарсы соғыс интервенциясы мен блокадаға дем берушілердің және ұйымдастырушылардың бірі.— *5, 7, 184, 185, 186, 193, 211.*

М

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 26-том, 43—96-беттер).— *16, 31, 34—35, 98, 122, 134, 247—248, 291, 301, 374, 417, 419.*

Мартенс, Л. К. (1874 (жаңаша 1875) — 1948) — советтің көрнекті шаруашылық қызметкері, ғалым. 1893 жылы революциялық қозғалысқа кірісті. Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысты. 1899 жылы Германияға қуылды, одан кейін Англияға эмиграцияға кетті.

1919 жылғы январьдан — РСФСР-дің Америка Құрама Штаттарындағы өкілі; Америка Құрама Штаттарымен қатынасты жөнге келтіру әрекеттері оңға баспай, ол әрекеттерді американ үкіметі қабылдамай тастағаннан кейін, 1921 жылы Америкадан қуылды. Советтік Россияға қайтып келгеннен кейін жауапты шаруашылық және ғылыми жұмыста болды; Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Главметалл председателі, Халық шаруашылығы жоғары советінің Өнер табу істері жөніндегі комитетінің председателі, ғылыми-зерттеу дизель институтының директоры, Москваның М. В. Ломоносов атындағы механикалық институтының профессоры болды.— *167.*

Маяковский, В. В. (1893—1930) — ұлы совет ақыны.— *15, 17.*

Мдивани, П. Г. (1877—1937) — 1903 жылдан партияда болды. Кутаисиде, Батумда, Тифлисте, Бакуде және Закавказьенің басқа да қалаларында революциялық жұмыс жүргізді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады.

1918 жылдың аяғынан 1920 жылғы мартқа дейін — XI армия Революциялық-әскери советінің мүшесі және X армия саяси бөлімінің бастығы. 1920—1921 жылдары — РКП(б) Орталық Комитеті Кавказ бюросының мүшесі. 1921 жылы — РСФСР-дің Түркиядағы дипломатиялық өкілі; 1921 жылы июньде Грузия Революциялық комитетінің председателі. 1922 жылы совет делегациясының мүшесі ретінде Генуя конференциясына қатысты.

Закавказье федерациясын ұйымдастыру және СССР-ді құру мәселелерінде қате позиция ұстады, шындығында Грузияның оқшаулығын сақтауға тырысты, Грузияның СССР-ге, Закавказье федерациясы арқылы емес, тікелей кіруін талап етті. Грузия партия ұйымы Мдивани мен оның жақтастарының позициясын ұлтшылдыққа ауытқушылық деп бағалады.

1924 жылы — СССР-дің Франциядағы сауда өкілі. 1931 жылдан 1936 жылға дейін — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, жеңіл өнеркәсіп халық комиссары, Грузия ССР Халық Комиссарлары Советі председателінің бірінші орынбасары. Антипартиялық қызметі үшін 1936 жылы партиядан шығарылды.— *238, 240.*

Медведев, С. П. (1885—1937) — 1900 жылдан партияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияда саяси қызметте болды. 1920—1922 жылдары — Металлистер одағы Орталық Комитетінің председателі; кейінірек Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінде және СССР Орталық Атқару Комитетінде істеді. Антипартиялық «жұмысшы оппозициясы» тобы лидерлерінің бірі болды, одан соң «жаңа оппозицияға» белсене қатысты. 1924 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды. 1926 жылы антипартиялық көзқарастарынан бас тартатынын мәлімдегеннен кейін партияға қайтадан алынды. 1933 жылы, партия тазалауы кезінде, ВКП(б) қатарынан қайта шығарылды.— *149.*

Менделеев, Д. И. (1834—1907) — орыстың ұлы ғалымы; химиялық элементтердің периодтық заңын ашты; бұл заң зат туралы қазіргі заманғы ілімнің жаратылыс тану-ғылыми негізі болып табылады. Менделеев ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларындағы маңызды зерттеулерімен мәлім болды. Өз заманында алдыңғы қатарлы қоғам қайраткері болған Менделеев оқу-ағарту ісін тарату жолында, Россияның өндіргіш күштерін дамыту жолында, оның экономикалық тәуелсіздігі жолында қызу күрес жүргізді. Менделеевтің творчестволық мұрасы жарық көрген 400-ден астам еңбекті қамтиды. Оның еңбектерін бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы таныды. Менделеев көптеген шетелдік академиялар мен қоғамдардың құрметті мүшесі болды.— *243.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыс империалистік буржуазиясының идеологы, тарихшы және публицист. 1905 жылы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, одан кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық орган —«Речь» газетінің редакторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі; империалистік соғысты «жеңіске жеткенге дейін» соза беру саясатын жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел ...ғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті, кадет партиясындағы «демократиялық топ» дейтінді басқарды.— *147.*

Милютин, В. П. (1884—1938) — социал-демократиялық қозғалысқа 1903 жылдан бастап қатысты, әуелі меньшевиктерге қосылды, 1910 жылдан — большевик. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде егіншілік халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады және партияның саясатымен келіспейтіндігі туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты. 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, 1922 жылы — Солтүстік-Батыс облысы экономикалық кеңесі председателінің орынбасары, одан соң басқа жауапты совет және шаруашылық жұмысында болды; партияның Орталық Комитеті мүшелігіне кандидат және Орталық Бақылау Комиссиясына мүше болып сайланды.— *176.*

Мирошников, И. И. (1894—1939) — 1917 жылғы марттан большевиктік партияның мүшесі. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде Қызыл Армия қатарында жаумен шайқасты. 1921 жылдан 1937 жылға дейін Халық Комиссарлары Советі іс басқарушысының көмекшісі және Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысы болып істеді. 1937 жылы СССР финанс халық комиссарының орынбасары болып тағайындалды.— *116.*

Михайлов, И. К. (1881—1950) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Петербургте, Москвада және басқа қалаларда революциялық жұмыс жүргізді. 1902 жылы эмиграцияға кетіп, әуелі Германияда, содан соң Англияда тұрды, «Искраны» Россияға жеткізумен шұғылданды. 1905 жылы Россияға қайтып келіп, жауынгерлік жасақтарда, партияның Орталық Комитеті жанындағы әскери ұйымда жұмыс істеді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинада партизан қозғалысына қатысты, XIV армияның саяси бөлімінде істеді. 1919 жылы декабрьде Москваға шақыртып алынды, Қызыл Армияны жабдықтау коллегиясының мүшесі болды, кейінірек — Кремль және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті үйлері басқарушысының көмекшісі, кеп жұмысшылары одағы Орталық Комитетінің мүшесі. 1922 жылы Алтай мен Уралдағы бұрын Уркарттың қарамағында болған кәсіпорындарды зерттеу жөнінде Еңбек және Қорғаныс Советі құрған Ерекше комиссияның председателі болып тағайындалды. Партияның XIII съезінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланып, 1926 жылға дейін Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Орталық Бақылау Комиссиясында жұмыс істеді. Одан кейінгі жылдары әр түрлі мекемелерде шаруашылық және совет жұмысында болды.— *231, 234—235, 243.*

Михайловский, Н. К. (1842—1904) — либералдық халықшылдықтың аса көрнекті теоретигі, публицист, әдебиет сыншысы, философ-позитивист, социологиядағы субъективтік мектеп өкіл-

дерінің бірі. 1892 жылы «Русское Богатство» журналын басқарды, оның беттерінде марксистерге қарсы өршелене күрес жүргізді. Михайловскийдің көзқарастары В. И. Лениннің ««Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген еңбегінде және басқа шығармаларында сыналған.— *362.*

Молотов (Скрябин), В. М. (1890 ж. туған) — 1906 жылдан партия мүшесі.

1918—1921 жылдары — Солтүстік аудан халық шаруашылығы Советінің председателі, Нижний Новгород губерниялық атқару комитетінің председателі, Украина Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің секретары. РКП(б) X съезінде РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Съезден кейін РКП(б) Орталық Комитетінің секретары; Саяси бюро мүшелігіне кандидат. 1926 жылдан — Саяси бюро мүшесі, одан кейін — КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшесі, 1930—1941 жылдары — СССР Халық Комиссарлары Советінің председателі, 1939 жылдан — СССР Сыртқы істер халық комиссары, одан соң сыртқы істер министрі, СССР Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасары.

Фракциялық қызметі үшін 1957 жылы июньде КПСС Орталық Комитеті Пленумының қаулысымен КПСС Орталық Комитетінің Президиумынан және Орталық Комитет құрамынан шығарылды.— *20—24, 50—55, 56—57, 58, 62—63, 64, 71—73, 74—75, 165—166.*

Мюнценберг (Münzenberg), *Вильгельм* (1889—1940) — Швейцария мен Германиядағы жұмысшы қозғалысының қайраткері, кәсібі жөнінен етікші-жұмысшы. 1910 жылы Германиядан Швейцарияға қоныс аударды. 1914—1917 жылдары Швейцария жастарының социал-демократиялық ұйымының басшысы болды. 1916 жылдан — Швейцария Социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі; 1915—1919 жылдары — Социалистік жастар интернационалының секретары және оның органы «Jugend-Internationale»-нің («Жастар Интернационалы») редакторы болды. Германияға қайтып келгеннен кейін Германия Коммунистік партиясының мүшесі болды. 1919—1921 жылдары — Коммунистік жастар интернационалының секретары. Советтік Россиядағы ашыққандарға халықаралық көмек беруді ұйымдастыру (Межрабпом) шетелдік комитетінің бас секретары болды. 1924 жылдан — рейхстагтың мүшесі. Германия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Германияда өкіметті фашизм басып алғаннан кейін Францияға эмиграцияға кетті. 30-жылдары троцкистермен және басқа оппортунистік элементтермен блок құрып, коммунистік партиялар жүргізіп отырған біртұтас жұмысшы және халықтық антифашистік майданын құру тактикасына қарсы шықты; Германия Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен шығарылды, ал 1939 жылы партиядан шығарылды.— *353—354.*

Мясников, Г. И. (1889—1946) — 1906 жылдан большевиктік партияда болды, Пермьде жұмыс жүргізді. 1921 жылдан Петроградта жұмыс істеді. «Жұмысшы оппозициясы» тобына белсене қатысты. Антипартиялық қызметі және партия тәртібін ұдайы бұзғаны үшін 1922 жылы РКП(б)-дан шығарылды. Кейінірекке «жұмысшы тобы» дейтін контрреволюциялық топтың ұйымдастырушысы болды, шетелге эмиграцияға кетті.— *149.*

Н

I Наполеон (Бонапарт) (1769—1821) — Франция императоры (1804—1814 және 1815 ж.).— *420.*

Носке, (Noske), *Густав* (1868—1946) — Герман социал-демократиялық партиясының оппортунист лидерлерінің бірі. 1918 жылы, Германиядағы Ноябрь революциясы кезінде, Кильдегі матростардың революциялық қозғалысын басып-жаныштауға басшылық етті. 1919—1920 жылдары — әскери министр; Берлин жұмысшыларын жазалауды және К. Либкнехт пен Р. Люксембургті өлтіруді ұйымдастырды, сол үшін «қанды ауыз ит» деп атанды. Кейіннен Пруссияның Ганновер провинциясының президенті болды. Фашистік диктатура жылдарында Гитлер үкіметінен мемлекеттік пенсия алып тұрды. В. И. Ленин Носкені «монархия мен контрреволюциялық буржуазияға қызмет ететін, жұмысшылардан шыққан ең жексұрын жендеттердің» бірі деп атады (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 337-бет).—*199.*

О

Ольденбург, С. С. (1940 ж. қайтыс болды) — 1922 жылы Прагада шыққан ақ гвардиялық «Русская Мысль» журналының саяси шолушысы және ең жақын қызметкері.— *382.*

Орджоникидзе Г. К. (1886—1937) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткері. 1903 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Украинаның, одан соң Россия Оңтүстігінің төтенше комиссары. Азамат соғысы жылдарында — 16-армия мен 14-армияның және Кавказ майданының Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1920—1921 жылдары — Азербайжанда, Армения мен Грузияда Совет өкіметі жолындағы күресті ұйымдастырушылардың бірі. 1921—1926 жылдары — Орталық Комитеттің Кавказ бюросының председателі, одан соң Закавказье өлкелік партия комитетінің секретары. 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясының халық комиссары. 1930 жылдан — СССР Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, ал 1932 жылдан — СССР ауыр өнеркәсіп халық комиссары. 1921 жылдан —

партияның Орталық Комитетінің мүшесі, 1926 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелігіне кандидат, 1930 жылдан — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *122, 394, 396, 399.*

Осадчий, П. С. (1866—1943) — советтің электротехника саласындағы ірі маманы. 1890 жылы Петербург электротехникалық институтын бітіргеннен кейін сол институттың оқытушысы, профессоры, одан соң ректоры болып істеді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары (1921 жылғы апрельден бастап) және сонымен бір мезгілде Халық шаруашылығы жоғары советінің Орталық электротехникалық Советінің председателі болды, Днепростройдың техникалық Советін басқарды, оқытушылық жұмыс атқарды. 1931 жылы промпартия ісі жөнінде бостандығынан айрылып, 10 жылға сотталды. 1935 жылы СССР Орталық Атқару Комитетінің қаулысы бойынша мерзімінен ерте босатылды, 1937 жылы ақталып, сотталғандығы кешірілді.— *219.*

Осинский, Н. (Оболенский, В. В.) (1887—1938) — 1907 жылдан большевиктік партия мүшесі.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Мемлекеттік банкінің басқарушысы, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі. 1918 жылы — «солшыл коммунистер» платформасы авторларының бірі. 1918—1919 жылдары «Правда» редакциясында және Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің насихат бөлімінде істеді. 1920—1921 жылдары антипартиялық «демократиялық централизм» тобына белсене қатысты, 1923 жылы троцкистік оппозицияға қосылды. 1921—1923 жылдары — егіншілік халық комиссарының орынбасары, 1925 жылы — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы президиумының мүшесі. Партияның X, XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1926—1928 жылдары — СССР Орталық статистика басқармасының басқарушысы, 1929 жылы — СССР Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары. Кейінгі жылдары да басшы партиялық және әкімшілік-шаруашылық жұмыста болды.— *54, 134, 141—143, 146, 151—153, 191.*

Оуэн (Owen), *Роберт* (1771—1858) — ағылшынның ұлы социалист-утописі; капиталистік құрылыстың негіздерін қатаң сынға алды, бірақ капитализм қайшылықтарының шын мәніндегі түп-тамырын ашып көрсете алмады; әлеуметтік теңсіздіктің негізгі себебі капиталистік өндіріс әдісінің өзінде емес, оқу-ағарту ісінің жеткіліксіз таратылуында жатыр, оны білім таратумен және әлеуметтік реформалармен жоюға болады деп санап, әлеуметтік реформалардың кең программасын ұсынды. Оуэн жұмыс күнін заң жүзінде шектеу жолында, еңбекті қорғау жолында, балаларға қоғамдық тәрбие беру жолында күрес-

ті. Болашақ «рационалды» қоғамды Оуэн өзін өзі басқаратын шағын (мүшелерінің саны үш мыңнан аспайтын) коммуналардың еркін федерациясы түрінде болады деп білді. Алайда Оуэннің өз идеяларын жүзеге асырмақ болған әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. 30—40 жылдары Оуэн кәсіподақ және кооператив қозғалыстарына белсене қатысты, жұмысшыларға білім беру үшін өте көп жұмыс істеді.

Оуэннің негізгі еңбектері: «Адамның мінез-құлқының қалыптасуы туралы» (1813), «Қоғамдық күйзелістерді жеңілдетудің жоспары туралы Ленарк графтығына баяндама» (1820), «Жаңа адамгершілік дүниесі туралы кітап» (1836—1844) және басқалар.— *414—415.*

П

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-монархиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне жазып тұрды. 1906 жылдан бастап ұсақ буржуазиялық «халықтық социалистер» (энестер) партиясы басшыларының бірі. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап ақ эмигрант.— *464.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы —«Еңбекті азат ету» тобын құрды. Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында «Искра» газеті мен «Заря» журналының редакциясына кірді.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін дүниеге материалистік көзқарасты қорғауда және насихаттауда үлкен роль атқарған бірқатар еңбектер жазды. Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезеңінде барлық негізгі мәселелер жөнінде меньшевиктік позицияда болды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, партияшыл-меньшевиктер тобын басқарды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясына көшті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып келген ол қорғампаз-меньшевик-

тердің «Бірлік» дейтін барып тұрған оңшыл тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға қарсы шықты, социализмге көшу үшін Россия әлі пісіп жетілген жоқ деп есептеді. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін Ленин жоғары бағалады; сонымен бірге ол марксизмнен шегінгені және саяси қызметтегі ірі қателіктері үшін Плехановты қатты сынады.— *28, 188.*

Португейс, С. И. (Иванович, Ст.) (1880—1944) — меньшевик, публицист. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократа» газетіне, «Наша Заря» журналына және жойымпаз-меньшевиктердің басқа да органдарына жазып тұрды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті, елдің оңтүстігіндегі ақ гвардиялық баспасөзге жазып тұрды, кейін шетелге эмиграцияға кетті; өзінің мақалалары мен кітаптарында Совет Одағына, Коммунистік партияға жала жапты.— *165, 169.*

Преображенский, Е. А. (1886—1937) — 1903 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін партиялық және әскери-саяси жұмыста болды. 1918 жылы — «солшыл коммунист». Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) — Троцкий платформасын жақтаушы. Партияның X съезінен кейін — Орталық Комитет пен Халық Комиссарлары Советі финанс комитетінің председателі, Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқарма председателі, «Правда» редакторларының бірі. 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері, сол үшін 1927 жылы партиядан шығарылды. 1929 жылы партияға қайта алынды. Алайда кейін антипартиялық қызметі үшін партия қатарынан қайта шығарылды.— *50—55, 134, 138—140, 143, 191.*

Пуанкаре (Poincaré), *Раймон* (1860—1934) — француз буржуазиялық саяси және мемлекет қайраткері, кәсібі жөнінен адвокат. 1887 жылы депутаттар палатасына сайланды. 1893 жылдан бастап бірнеше рет француз үкіметінің құрамына кірді, француз буржуазиясының неғұрлым агрессияшыл топтарының пікірін білдіруші болды. 1912 жылы Францияның премьер-министрі, ал 1913 жылдан 1920 жылға дейін президенті болды. Осы қызметтерде өзін бірінші дүние жүзілік соғысты әзірлеудің белсенді жақтаушысы ретінде көрсетті, сол үшін «Пуанкаре-соғыс» деп атанды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетел соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. 1922—1924 және 1926—1929 жылдары — Францияның премьер-министрі. Пуанкаренің саясаты барынша антисоветтік бағытта болуымен, француз еңбекшілерінің өмірлік праволары мен демократиялық бос-

тандықтарына шабуыл жасауымен, француз коммунистерін қуғындауымен ерекше көзге түсті.— *115.*

Пятаков, Г. Л. (1890—1937) — 1910 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Украинаның Совет үкіметіне кірді. 1920 жылдан бастап шаруашылық және совет жұмысында: Донбасс тас көмір өнеркәсібі Орталық басқармасының председателі, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы және Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары, Франциядағы сауда өкілі, СССР Мемлекеттік банк басқармасының председателі, ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары болды. Партияның XII, XIII, XIV және XVI съездерінде Орталық Комитетке мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы Украинада антипартиялық «солшыл коммунистер» тобын басқарды; партия ішінде кәсіподақтар туралы айтыс болған кезде (1920—1921) Троцкий платформасын жақтады, 1923 жылдан бастап — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1928 жылы өзінің қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, 1936 жылы тағы да ВКП(б) қатарынан шығарылды.— *204—205, 243—244, 252—253, 349, 350, 384, 388, 389, 451—452.*

Р

Радек, К. Б. (1885—1939) — 900-жылдардың басынан Галицияда, Польшада және Германияда социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. 1917 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Сыртқы істер халық комиссариатында істеді, Коминтерн Атқару Комитетінің секретары болды. РКП(б) VIII—XII съездерінде партияның Орталық Комитетіне мүше болып сайланды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1918 жылы — «солшыл коммунист», 1923 жылдан — троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде фракцияшылдық әрекеті үшін партиядан шығарылды. 1929 жылы өз қателіктерін мойындап мәлімдеме жасады, партияға қайта алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1936 жылы ВКП(б)-дан қайта шығарылды.— *58, 161, 162, 165—166.*

Райхель — американ «Советтік Россияға техникалық көмек қоғамының» өкілі.— *332, 333.*

Ракоши (Rákosi), *Матиас* (1892—1971) — 1918 жылдан Венгрия Коммунистік партиясында болды.

1910 жылы социал-демократиялық партияға кірді. Дүние жүзілік империалистік соғысқа қатысты. 1915 жылы орыс әскерлері тұтқынға түсіргеннен кейін 1918 жылдың басына дейін әскери тұтқындарға арналған лагерьлерде болды; орыс революционерлерімен байланыс жасап отырды. 1918 жылдың октябрінде Венгрияға оралды. Венгрияда Совет өкіметі орнағаннен кейін (1919 жылғы 21 март — 1 август) революциялық үкімет құрамына кірді. 1920 жылдан 1924 жылға дейін Коминтерн Атқару Комитетінде істеді, 1921 жылы Коммунистік Интернационал Атқару Комитетінің секретары болып сайланды.

1924 жылы декабрьде Ракоши астыртын жұмыс жүргізу үшін Венгрияға қайтып барды, бірақ 1925 жылы қамауға алынды. Сегіз жыл түрмеде отырғаннан кейін, 1934 жылы революциялық қызметі үшін тағы да сотқа беріліп, өмір бойы түрмеде ұсталуға кесілді. СССР үкіметінің жәрдемімен 1940 жылы октябрьде босатылды. Босағаннан кейін — Венгрия Коммунистік партиясы Шетелдік комитеті басшыларының бірі, 1945 жылдан — Венгрия Коммунистік партиясының бас секретары; 1948 жылдан — Венгр еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің бас секретары, одан соң бірінші секретары. 1945 жылдан 1952 жылға дейін Венгр республикасы премьер-министрінің орынбасары, 1952 жылдан 1953 жылға дейін — премьер-министрі. Үкімет басшысы болған және партияны басқарған кезде бірқатар қателіктер жіберді, сол үшін 1956 жылы июльде Венгр еңбекшілер партиясы Орталық Комитетінің пленумы оны басшы қызмет орындарынан босатты.— *103.*

Рансом (Ransome), *Артур* (1884 ж. туған) — ағылшынның буржуазиялық жазушысы; бірқатар журналдар мен газеттердің қызметкері. Россияда бірнеше рет болған; 1916—1919 жылдары «Daily News» («Күнделікті Жаңалықтар») және 1919—1924 жылдары «The Manchester Guardian» («Манчестер Сақшысы») газеттерінің Советтік Россиядағы тілшісі болды.— *291—297, 298—302.*

Ренодель (Renaudel), *Пьер* (1871—1935) — Француз социалистік партиясының реформист лидерлерінің бірі. 1902—1914 жылдары «Le Peuple» («Халық») газетінің, 1914—1920 жылдары — «L'Humanité» («Адамзат») газетінің редакторы. 1914—1919 және 1924 жылдары депутаттар палатасының мүшесі болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1927 жылы социалистік партияның басшылығынан шеттеп кетті; 1933 жылы партиядан шығарылды; кейін шағын неосоциалистік топ құрды.— *199.*

Рудзутак, Я. Э. (1887—1938) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1905 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақта басшылық жұмыста, одан соң Халық шаруашылығы жоғары

советі президиумының мүшесі, Центротекстиль председателі болды. 1920 жылдан — РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі, ВЦСПС президиумының мүшесі және бас секретары. 1921—1924 жылдары — РКП(б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының председателі. 1923—1924 жылдары — РКП(б) Орталық Комитетінің секретары, 1924—1930 жылдары — қатынас жолдары халық комиссары, 1926 жылдан — СССР Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, 1932 жылдан — ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының председателі және СССР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссары; 1927—1932 жылдары — ВКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі.— *186.*

Рыков, А. И. (1881—1938) — 1899 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — ішкі істер жөніндегі халық комиссары, 1918—1921 жылдары — Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі, кейінірек Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, содан соң СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты: 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, Орталық Комитеттен және үкіметтен шықты, 1928 жылы — ВКП(б) ішіндегі оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. 1937 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *64, 65, 66, 67, 72, 130—131, 143, 179—180, 201—202, 203, 240, 337, 370—371, 453, 461, 467, 469.*

Рязанов (Гольдендах), Д. Б. (1870—1938) — социал-демократ, меньшевик; партияның VI съезінде (1917) РСДРП(б)-ға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін кәсіподақтарда басшылық жұмыста болды. 1918 жылдың басында Брест бітімі туралы мәселе жөнінде келіспеушіліктен партиядан уақытша шықты; кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) антипартиялық позиция ұстады, сондықтан кәсіподақтарда жұмыс істеуден босатылды. 1921 жылдан бастап К. Маркс пен Ф. Энгельс институтының директоры болды. 1931 жылы февральда меньшевиктердің контрреволюциялық қызметіне көмектескені үшін ВКП(б)-дан шығарылды.— *145, 154.*

С

Савинков, Б. В. (1879—1925) — эсерлер партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — әскери министрдің орынбасары, ал кейін Петроградтың әскери генерал-губернаторы. Октябрь со-

циалистік революциясынан кейін — бірқатар контрреволюциялық бүліктерді ұйымдастырушы, Совет республикасына қарсы соғыс интервенциясына жәрдемдесті, кейін ақ эмигрант. 1924 жылы СССР-ге жасырынып келді, тұтқынға алынды. СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Савинковты атуға үкім шығарды; СССР Орталық Атқару Комитетінің шешімі бойынша бұл ең ауыр жаза 10 жыл мерзімге түрмеде отырумен ауыстырылды. Түрмеде отырғанда, өзін өзі өлтірді.— *165, 169.*

Седой — қараңыз: Литвин-Седой, З. Я.

Серебровский, А. П. (1884—1938) — советтің мемлекет қайраткері. 1903 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. Талай рет қамауға алынды. 1905 жылы — жұмысшы депутаттары Петербург Советі атқару комитетінің мүшесі. 1908 жылдан эмиграцияда болды. 1912 жылы Россияға қайтып келіп, Нижний Новгородта, Москвада, Ростовта партиялық жұмыс жүргізді. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты.

1918 жылдан — Қызыл Армияны жабдықтау жөніндегі төтенше комиссия председателінің орынбасары, одан кейін — қатынас жолдары халық комиссарының орынбасары, Украин майданын әскери жабдықтаудың бастығы. 1921 жылы Грузияда Совет өкіметін орнату жолындағы күреске қатысты. Одан кейінгі жылдары бірқатар жауапты шаруашылық және мемлекеттік қызметтер атқарды. 1920—1926 жылдары Бакуде «Азнефть» басқармасының председателі болды. 1926—1930 жылдары —«Главзолотоның» бастығы, 1931—1937 жылдары ауыр өнеркәсіп халық комиссарының орынбасары болып істеді. Партияның XIV—XVII съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды; 1925 жылдан 1938 жылға дейін Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды.— *242.*

Серрати (Serrati), *Джачинто Менотти* (1872—1926) — итальян жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Итальян социалистік партиясы басшыларының бірі, кейіннен — коммунист. 1915—1923 жылдары — социалистік партияның орталық органы «Avanti!» («Алға!») газетінің директоры. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезінде — интернационалист. Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысушы. Коммунистік Интернационал құрылғаннан кейін Итальян социалистік партиясының Коминтернге кіруіне күш салды, алайда реформистерден қол үзуге қарсы шықты. Кейіннен өзінің центристік қателіктерінен арылды, сөйтіп 1924 жылы «үшінші интернационалистер» фракциясымен бірге Итальян коммунистік партиясына кірді, онда өмірінің ақырына дейін белсене жұмыс істеді.— *162.*

Скворцов-Степанов, И. И. (1870—1928) — көрнекті партия және совет мемлекет қайраткері, әдебиетші-марксист, көптеген экономикалық, тарихи, дінге қарсы еңбектердің авторы, «Ка-

питалдың» үш томының және К. Маркс пен Ф. Энгельстің басқа да бірқатар еңбектерінің аудармашысы әрі редакторы. 1896 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет республикасының бірінші финанс халық комиссары болды. 1919—1925 жылдары бірқатар қызметтер атқарды: Бүкіл россиялық жұмысшы кооперациясы советі председателінің орынбасары, Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы басқармасының мүшесі, Мемлекеттік баспа редакциялық коллегиясы председателінің орынбасары, т. б. Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып әлденеше рет сайланды; РКП(б) Орталық тексеру комиссиясының (X—XIII съездерде) мүшесі, ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі (XIV съезден бастап) болып сайланды. Бірқатар советтік және партиялық органдардың редакторы, ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Ленин институтының директоры, Коммунистік академия президиумының мүшесі болды.— *59—60.*

Склянский, Э. М. (1892—1925)— 1913 жылдан большевиктік партияның мүшесі. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Двинскідегі 5-ші армияның армия комитетінің председателі болып сайланды. Петроградта Октябрь социалистік революциясына қатысты. Совет өкіметі орнатылғаннан кейін — Әскери комиссариат коллегиясының мүшесі. 1918 жылғы сентябрьден 1924 жылға дейін — әскери істер жөніндегі халық комиссарының орынбасары және Республика Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары.— *349.*

Смольянинов, В. А. (1890—1962)— 1908 жылдан большевиктік партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1918 жылдан 1920 жылға дейін, Смоленск губерниялық халық шаруашылығы советінің председателі болды. 1921—1924 жылдары Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінде іс басқарушының әуелі көмекшісі, содан кейін орынбасары болып істеді; 1924—1929 жылдары РСФСР Халық Комиссарлары Советі мен Экономикалық кеңесінің іс басқарушысы болып істеді. 1929—1932 жылдары Магнитостройдың бастығы, 1932—1933 жылдары Востокосталь бастығының орынбасары. 1933 жылдан 1938 жылға дейін — металлургия заводтарын жобалау жөніндегі Ленинград мемлекеттік институтының директоры. 1938 жылдан 1941 жылға дейін — Москвадағы «Красная труба» труба заводында техникалық бөлім бастығы және смена бастығы.— *25—26, 263.*

Сокольников (Бриллиант), Г. Я. (1888—1939)— 1905 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін дипломатиялық және әскери жұмыста болды. 1921 жылдан — Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 жылдан — финанс

халық комиссары. 1926 жылдан — СССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары, кейінірек — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидат және мүшесі болып сайланды. 1925 жылы «жаңа оппозицияға» қосылды, одан соң біріккен троцкистік-зиновьевшілдік блокқа кірді. 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан шығарылды.— *104, 201—202, 205, 238, 247, 248, 250, 350, 367.*

Сольц, А. А. (1872—1945) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты совет және партия жұмысында болды. 1920 жылдан — партияның Орталық бақылау комиссиясының мүшесі, 1921 жылдан — Орталық бақылау комиссиясы президиумының мүшесі және Жоғарғы соттың мүшесі; одан соң СССР Прокуратурасында жауапты қызметтер атқарды.— *145.*

Сорокин, П. А. (1889 ж. туған) — эсер. 1917 жылга дейін Петроград университетінің приват-доценті болды. 1919—1922 жылдары Петроградтың жоғары оқу орындарында социологиядан сабақ берді. Контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды; біраз уақыт Прага университетінде лекция оқыды; 1923 жылдан Америка Құрама Штаттарында тұрады, Гарвард университетінің профессоры.— *36—38.*

Сосновский, Л. С. (1886—1937) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды. 1918—1924 жылдары — «Беднота» газетінің редакторы. Кәсіподақ айтысы кезінде (1920—1921) Троцкийдің платформасын қолдады. 1927 жылы ВКП(б) XV съезінде троцкистік оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарылды. 1935 жылы партияға қайта қабылданды, ал 1936 жылы антипартиялық қызметі үшін тағы да партиядан шығарылды.— *58, 184.*

Сталин (Джугашвили), И. В. (1879—1953) — Россия және халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі. РСДРП-ға 1898 жылы кірді; партияның II съезінен кейін — большевик. Тифлисте, Батумда, Бакуде, Петербургте партиялық жұмыс жүргізді. 1912 жылы январьда РСДРП VI (Прага) конференциясында сайланған Орталық Комитеттің құрамына енгізілді; большевиктік «Правда» газетін редакциялауға қатысты. Октябрь социалистік революциясын әзірлеу және өткізу кезеңінде көтерілісті әзірлеу жөнінде партияның Орталық Комитеті құрған Әскери-революциялық орталыққа енді. Советтердің Бүкіл россиялық II съезінде Халық Комиссарлары Советіне сайланды, онда Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатын басқарды. Шетел соғыс интервенциясы мен

азамат соғысы кезеңінде Республика Революциялық-әскери советінің мүшелігіне еніп, бірқатар майдандарда болды. 1922 жылы РКП(б) Орталық Комитетінің Бас секретары болып сайланды.

Сталин СССР-ді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендірудің лениндік жоспарын жүзеге асыруда, социализм орнату жолындағы, Совет елінің тәуелсіздігі жолындағы, бейбітшілікті ныгайту жолындағы күресте зор роль атқарды. Ірі теоретик және ұйымдастырушы ретінде, Сталин партияның басқа да басшы қайраткерлерімен бірге троцкистерге, оңшыл оппортунистерге, буржуазияшыл ұлтшылдарға қарсы, капиталистік қоршаудың дұшпандық әрекеттеріне қарсы күресті басқарды. Сталин өзінің теориялық еңбектерімен және практикалық жұмысымен ленинизмнің жауларына қарсы идеялық-саяси күреске маңызды үлес қосты. 1941 жылдан Сталин — СССР Халық Комиссарлары Советінің, ал кейін СССР Министрлер Советінің председателі. Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941—1945) — Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің председателі, қорғаныс халық комиссары және СССР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы.

Сталиннің қызметінде дұрыс жақтарымен бірге теріс жақтары да болды. Аса маңызды партиялық және мемлекеттік қызметтерде болған Сталин теориялық және саяси қателіктерге, коллективтік басшылықтың лениндік принциптері мен партия өмірі нормаларының өрескел бұзылуына, социалистік заңдылықтың бұзылуына, Совет Одағының көрнекті мемлекет, саяси және әскери қайраткерлерінің және басқа да адал совет адамдарының негізсіз жаппай жазалануына жол берді.

Партия Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын марксизм-ленинизмге жат деп тауып, батыл айыптады, оған біржола тыйым салды. Орталық Комитеттің партиялық, мемлекеттік және идеологиялық жұмыстардың барлық салаларында басшылықтың лениндік принциптерін және партия өмірінің нормаларын қалпына келтіру және оларды дамыту жөніндегі жұмысын мақұлдады, болашақта мұндай қателіктер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу шараларын қолданды.— *48—49, 65—66, 67—68, 139—140, 158, 166, 183, 184, 185, 186—187, 194—195, 201—202, 203—206, 212, 219—221, 222—227, 229, 231, 234—235, 238, 240, 247—251, 254—256, 331, 349—351, 372—376, 377, 378, 383, 384—385, 396, 399.*

Стомоняков, Б. С. (1882—1941) — 1902 жылдан РСДРП мүшесі, большевик. 1904 жылы Россиядан шетелге қуылды, Льежде тұрды, Орталық Комитет Шетелдік бюросының тапсырмаларын орындап жүрді, Россияға әдебиет пен қару-жарақ жөнелту жұмыстарымен шұғылданды. 1906 жылы Болгарияда тұрды, одан соң Россияға қайтып келді, бірақ көп ұзамай қамауға алынды. Болгар үкіметінің араласуы арқасында босатылып, қайтадан Льежге кетті, одан кейін Болгарияға барды. 1909 жылы Парижге кетіп, большевиктік топта партиялық жұмыс жүр-

гізді. 1910 жылы Берлинге келді, онда партиялық жұмыстан шеттеді. 1915 жылы Болгарияға оралып, армияда қызмет етті. 1917 жылы болгар үкіметі оны Болгария елшілігінің ресми мүшесі ретінде Голландияға жіберді. Соғыс біткеннен кейін отставкаға шықты. 1920 жылдан 1925 жылға дейін — Советтік Россияның Берлиндегі сауда уәкілі. 1926 жылдан — Сыртқы істер халық комиссариатының коллегия мүшесі. 1934 жылдан 1938 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары.— *254—255.*

Суханов, Н. (Гиммер, Н. Н.) (1882 ж. туған) — ұсақ буржуазиялық сарындағы экономист және публицист, меньшевик. Алғашқыда халықшыл болды, одан кейін меньшевиктерге қосылып, халықшылдықты марксизммен ұштастыруға тырысты. Дүние жүзілік империалистік соғыс жылдарында өзін интернационалиспін деп жариялады. 1917 жылы Петроград Советі атқару комитетінің мүшелігіне сайланды; жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетіне жазып тұрды, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін совет экономикалық органдары мен мекемелерінде қызмет істеді. 1931 жылы астыртын меньшевиктік ұйымның басшысы ретінде сотқа тартылды.— *417—421.*

Т

Тейлор (Taylor), *Фредерик Уинслоу* (1856—1915) — американ инженері, 1905—1906 жылдары американ инженер-механиктер қоғамының президенті. Жұмыс күнін мейлінше толық пайдалануға және өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбек құралдарын тиімді қолдануға бағытталған еңбек ұйымдастыру системасының негізін салушы. Капитализм жағдайында бұл система еңбекшілерді қанауды күшейту үшін пайдаланылады.— *232.*

Теодорович, И. А. (1875—1940) — революциялық қызметін 1895 жылдан бастады, большевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін азық-түлік істері жөніндегі халық комиссары ретінде Халық Комиссарлары Советіне енді. 1917 жылы ноябрьде меньшевиктердің және эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, партияның саясатымен келіспейтіні туралы мәлімдеме жасап, үкіметтен шықты. Азамат соғысы жылдарында Колчакқа қарсы күрескен партизан отрядтарының қатарында болды. 1920 жылдан Егіншілік халық комиссариатында әуелі коллегия мүшесі, 1922 жылдан халық комиссарының орынбасары болып істеді. 1928—1929 жылдары өз жұмысында оңшыл оппортунистік қателер жіберді. 1928—1930 жылдары — Шаруалар Интернационалының бас секретары, Халықаралық аграрлық институттың директоры; одан кейінгі жылдары — саяси каторгаға айдалғандар қоғамы баспасының

бас редакторы, «Каторга и Ссылка» журналының жауапты редакторы.— *54.*

Тер-Ваганян, В. А. (1893 ж. туған) — 1912 жылдан большевиктік партияда болды. 1915—1917 жылдары Москвада әуелі Москворецк аудандық ұйымында жұмыс істеді, кейін Москва Комитетінің секретары болды. 1922—1923 жылдары —«Под Знаменем Марксизма» журналының редакторы; одан соңғы жылдары «Правдада», Жеціл онеркәсіп мемлекеттік баспасында, одан кейін «Красная Новь» журналының редакциясында қызмет істеді. 1928 жылы фракцияшылдық қызметі үшін партиядан шығарылды, 1930 жылы партияға қайта алынды. 1933 жылы тағы да шығарылып, 1934 жылы қайта алынды. 1935 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан тағы да шығарылды.— *188.*

Тимирязев, А. К. (1880—1955) — профессор, физика-математика ғылымдарының докторы, 1921 жылдан РКП(б) мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дейін — Москва университетінде, басқа да жоғары оқу орындарында ассистент, приват-доцент, физика профессоры. Октябрь революциясынан кейін — Москва мемлекеттік университетінде, Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте физика профессоры, Коммунистік академияның толық мүшесі, кейін Президиум мүшесі. Физик ғылыми кадрлар даярлау жөнінде үлкен жұмыс жүргізді. А. К. Тимирязев теориялық физика мәселелері, физика тарихы мен методологиясы жөнінен 100-ден астам ғылыми еңбек жазған. 1955 жылғы январьға дейін М. В. Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде физика тарихы кафедрасының меңгерушісі болды.— *33—34.*

Тодорский, А. И. (1894—1965) — 1918 жылдан КПСС мүшесі. 1918—1919 жылдары — Тверь губерниясындағы Весьегонск уезі атқару комитетінің мүшесі, «Известия Весьегонского Совета Депутатов» газеті мен «Красный Весьегонск» газетінің редакторы болды; В. И. Ленин жоғары бағалаған «Винтовка әрі плуг ұстап өткен бір жыл» деген кітаптың авторы (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 37-том, 441—445-беттер). Бригада, одан соң дивизия командирі болып, азамат соғысына белсене қатысты. Кейінгі жылдары бірсыпыра әскери мекемелерде командирлік жоғары қызметтер атқарды. 1955 жылдан — Совет Армиясының отставкадағы генерал-лейтенанты, әдеби қызметпен айналысты.— *111, 453, 455, 459.*

Томский, М. П. (1880—1936) — 1904 жылдан большевиктік партияда болды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — кәсіподақтардың Москва советінің председателі. 1919 жылдан — ВЦСПС президиумының председателі. РКП(б) VIII съезінен бастап партияның Орталық Комитетінің мүшесі, партияның XI съезі-

нен бастап Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі. Талай рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты, 1928 жылы Бухаринмен және Рыковпен бірге ВКП(б)-дағы оңшыл оппортунистік уклонды басқарды.— *203.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — 1897 жылдан РСДРП мүшесі, меньшевик. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында, «фракциядан шеткерілік» бүркенішін жамыла отырып, іс жүзінде жойымпаздар позициясында болды. 1912 жылы антипартиялық Август блогының ұйымдастырушысы болды. Дүние жүзілік империалистік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін эмиграциядан Россияға қайтып келіп, ауданаралықшылар тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Алайда Троцкий большевизм позициясына көшпеген еді, сөйтіп ленинизмге қарсы, партияның саясатына қарсы жасырын және ашық күрес жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республика Революциялық- әскери советінің председателі, Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі және Коминтерн Атқару Комитетінің мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітімін жасасуға қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап партияның сара бағытына қарсы, социализм орнатудың лениндік программасына қарсы өршеленген фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін еместігін қорғады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон ретінде әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды. Шетелде жүріп те ленинизмнің қас жауы болған Троцкий Совет мемлекеті мен Коммунистік партияға қарсы, халықаралық коммунистік қозғалысқа қарсы күресін тоқтатпады.— *7—8, 27, 67, 136, 146, 147—148, 165, 183, 184, 203—206, 331, 333, 377—378, 381, 383, 384—385, 387, 388, 452, 454.*

Тургенев, И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы.— *93.*

У

Уркарт, Л. (1874—1933) — ағылшын финансисі, өнеркәсіпші, білімі жөнінен кен инженері. 1896—1906 жылдары Россияда Баку мұнай кәсіпшіліктерінде инженер болып істеді. Кейін Россияда болған бірқатар ағылшын компанияларының басқарма мүшесі, «Орыс-Азиялық біріккен қоғамының» председателі, ірі кен кәсіпорындарының (Кыштым, Риддер, Таналық, Екі-

бастұз) иесі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болды. Англиядағы интервенционистік топтарды басқарды, «Россияға кредит берушілер қоғамының» председателі болды. 1922 жылы Генуя мен Гаагадағы конференцияға ағылшын делегациясының сарапшысы ретінде қатысты. Советтік Россиямен экономикалық ынтымақтасудан пайда табуды көздеп, 1921 жылы бұрын өзінің иелігінде болған кәсіпорындарды концессияға алу жөнінде келіс сөз бастады. Совет үкіметі Уркарттың ұсынған шарттарын қабылдамай тастағаннан кейін Уркарт өзінің концессиялар туралы ұсыныстарын 1929 жылға дейін талай рет, бірақ сәтсіз қайта бастап отырды.— *231, 234—235, 243—244, 266, 273—274, 296—297, 343, 345.*

Устрялов, Н. В. (1890 ж. туған) — юрист, публицист, кадет партиясының көрнекті қайраткері. 1913 жылы университетті бітіргеннен кейін — Москва және Пермь университеттерінің приват-доценті; 1916—1918 жылдары —«Утро России» газетінің қызметкері; 1918 жылы, Сибирьде болған кезінде, кадеттер партиясының Орталық Комитеті Шығыс бөлімінің председателі болды. «Русское Дело» (Омск) газетін шығарды және Колчак үкіметінде баспасөз бюросын басқарды. Колчакшылдық талқандалғаннан кейін — Харбинде ақ эмигрант. 1921—1922 жылдары Прага мен Парижде шығарылып тұрған «Смена Вех» жинағына және журналына жазып тұрды, сменовехшылдық идеологтарының бірі болды. 1920—1934 жылдары — Харбин университетінің профессоры; 1928 жылдан — Шығыс Қытай темір жолы орталық кітапханасының директоры, 1935 жылы Совет Одағына қайтып келгеннен кейін — Москва транспорт инженерлері институтында экономикалық география профессоры. 1937 жылы июньде антисоветтік қызметі үшін қамауға алынып, СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы оны соттады.— *71, 107—108, 451—452, 453, 454, 455, 458.*

Ф

Фарбман, М. С. (1880 ж. туған) — 1920 жылдан әуелі «Chicago Daily News»-тің, одан соң «Manchester Guardian»-ның және «Observer»-дің Москвадағы тілшісі.— *268—275, 297.*

Федосеев, Н. Е. (1869—1898) — Россиядағы алғашқы марксистердің бірі, маркстік үйірмелердің ұйымдастырушысы және жетекшісі. Революциялық қозғалысқа қатысқаны үшін Қазан гимназиясынан шығарылды. 1889 жылы июльде қамауға алынды. Оның бұдан кейінгі өмірі түрме мен айдауда өтті. Алайда Федосеев өмірінің ақырына дейін әр түрлі қалалардың марксистерімен байланысты болды. Россияның саяси және экономикалық дамуына талдау жасалған бірқатар маркстік еңбектер жазды. Халықшылдардың қате көзқарастарын сынға алды. Федосеев либерал халықшылдықтың идеологы Н. К. Михайлов-

скиймен орыс марксистерінің ішінен біріншi болып айтысқа түсті. Оның В. И. Ленинмен хат жазысып тұруы осы негізде басталып, бұл байланыс Федосеевтің өмірінің аяғына дейін созылды. В. И. Ленин Федосеевтің революциялық қозғалыстағы ролін жоғары бағалады.— *362—363.*

Фрумкин, М. И. (1878—1939) — 1898 жылдан партия мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін партия және совет жұмысында: 1918—1922 жылдары — азық-түлік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, одан соң халық комиссарының орынбасары, Сибирь революциялық комитеті председателінің орынбасары. 1922 жылғы апрельден бастап сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары. Кейінірек финанс халық комиссарының орынбасары. Оңшыл оппозицияға белсене қатысты.— *254.*

Х

Ходоровский, И. И. (1885—1940) — 1903 жылдан РСДРП мүшесі. 1903—1906 жылдары — Николаевск комитетінің мүшесі; 1906—1907 жылдары — Екатеринослав комитетінің мүшесі, 1907—1911 жылдары Москва партия ұйымдарында істеді. Талай рет патша үкіметінің жазалауына ұшырады. Октябрь социалистік революциясы кезінде — Москвадағы көтеріліске қатысты. Октябрь революциясынан кейін — партиялық жұмыста, әскери және совет жұмысында. 1918 жылы — Еңбек халық комиссариаты коллегиясының мүшесі. 1918—1919 жылдары — Оңтүстік майдан саяси бөлімінің бастығы және Революциялық-әскери советінің мүшесі. 1919—1920 жылдары — Қазан, одан кейін Тула губерниялық атқару комитеттерінің председателі, РКП(б) Орталық Комитеті Сибирь бюросының секретары. 1922—1928 жылдары халық ағарту комиссарының орынбасары. 1928—1932 жылдары — Италиядағы, одан кейін Түркиядағы сауда өкілі. 1932 жылдан 1934 жылға дейін СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Жоғары техникалық білім беру жөніндегі комитет председателінің орынбасары. 1934—1938 жылдары СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Емдеу-санитария басқармасының бастығы.— *405—406, 407.*

Ц

Цюрупа, А. Д. (1870—1928) — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1898 жылдан РСДРП мүшесі, большевик.

1917 жылғы ноябрьден бастап — азық-түлік халық комиссарының орынбасары; 1918 жылдың басынан — азық-түлік халық комиссары. 1921 жылдың аяқ кезінен — Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары. 1922—1923 жылдары — Жұмысшы-Шаруа инспекциясы

Ш

Э

Эйнштейн (Einstein), *Альберт* (1879—1955) — ұлы ғалым, физик. Германияда туған. 14 жасынан Швейцарияда тұрды. 1900 жылы Цюрих политехникумын бітіргеннен кейін орта мектепте мұғалім болды, 1902 жылдан 1909 жылға дейін Бернде Федерациялық патент бюросында сарапшы болып істеді. 1909 жылдан 1911 жылға дейін — Цюрих университетінің профессоры, ал одан кейін (1911—1912) Прагадағы неміс университетінің теориялық физика кафедрасын басқарды. 1912 жылы Цюрихке қайтып келіп, политехникумда профессор болып істеді. 1913 жылы Пруссия ғылым академиясының мүшесі болып сайланды; 1914 жылы Берлинге көшіп барып, онда 1933 жылға дейін тұрды, Физика институтының директоры және Берлин университетінің профессоры болды. Национал-социализм идеологтары тарапынан ғалым және қоғам қайраткері — милитаризмге қарсы күресуші ретінде, еврей ретінде қуғындалғандықтан ол 1933 жылы Германиядан кетіп қалуға мәжбүр болды. 1933 жылдан Принстонда (Америка Құрама Штаттары) тұрды, мұнда Жоғары зерттеулер институтында профессор болды. Гитлерлік қуғындауға наразылық білдіру ретінде герман азаматтығынан және Пруссия ғылым академиясының мүшесі атағынан бас тартты.

Эйнштейн относительділік теориясын жасады және кванттық жарық теориясы саласында жаңалық ашты, бұл оның ғалым ретінде бүкіл өмірлік ісі болды. Эйнштейннің еңбектерін дүние жүзі таныған, ол еңбектер осы заманғы физика мен техниканың ажырағысыз бөлігі болып табылады. Эйнштейннің философиялық көзқарастары айқын болған жоқ; ол көбінесе позитивизм рухында пікір айтты, солай бола тұрса да өмірінің соңғы жылдарында махизмге де қарсы шықты. В. И. Ленин Эйнштейнді «жаратылыс тану ғылымын ұлы өзгертушілер» қатарына жатқызды. Эйнштейн әр түрлі елдердің көптеген академияларының, ғылыми қоғамдары мен мекемелерінің мүшесі болып сайланды; 1927 жылы ол СССР Ғылым академиясының құрметті мүшелігіне сайланды. 1921 жылы оған молекулалық физика мен кванттар теориясы саласындағы еңбектері үшін Нобель сыйлығы берілді. Эйнштейн соғысқа жан-тәнімен қарсы болды, атом қаруын қолдануға батыл қарсы шықты. — *29, 33—34.*

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895) — ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз, Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер). — *30, 31.*

Эррио (Herriot), *Эдуар* (1872—1957) — француз саяси қайраткері, радикалдар мен радикал-социалистер партиясы лидерлерінің бірі. 1905 жылдан — Лион қаласының мэрі. 1919 жылдан — парламент депутаты. Бірнеше рет министрлік қызметтер атқарды; 1924—1925 және 1932 жылдары — премьер-министр және

Я

комиссарының орынбасары болып істеді, 1929 жылы — РСФСР финанс халық комиссары. 1918 жылы «солшыл коммунистердің» антипартиялық тобына қатысты; 1920—1921 жылдардағы кәсіподақ айтысы кезінде кейін Троцкиймен біріккен «буферлік» топқа кірді; 1923 жылы 46-ның троцкистік мәлімдемесіне қол қойды. 1924—1926 жылдары троцкистік орталықта ұйымдастыру жұмысын жүргізді, содан кейін оппозициядан қол үзді.— *364*.

В. И. ЛЕНИННІҢ ОМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(6 март, 1922 — 21 январь, 1924)

1922

6 март. Ленин металлистердің Бүкіл россиялық V съезіндегі коммунистік фракцияның мәжілісінде «Совет республикасының халықаралық және ішкі жағдайы туралы» соз сөйледі.

Азық-түлік салығын алудағы қателік туралы Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының Сибирь бөлімінен жазған М. Багаевтың хатымен танысқаннан кейін Ленин Сибирь революциялық комитеті председателінің орынбасары С. Е. Чуцкаевқа хатта баяндалған фактілерді тексеруді және биліктің шектен тыс пайдаланылуына кінәлыларды жазалауды тапсырады.

Ленин Москва уезі Троицкое-Лыково селосына жақын жердегі Корзинкиноға демалуға жүріп кетеді, онда 25 мартқа дейін тұрады, «Жауынгер материализмнің маңызы туралы» деген мақаласын жазумен шұғылданады, РКП(б) XI съезінде партияның Орталық Комитетінің саяси есебін жасауға әзірленеді.

Ленин партияның XI съезіне әзірлік кезеңінде Орталық Комитет Саяси бюросының жұмысын ұйымдастыру туралы РКП(б) Орталық Комитетінің секретары В. М. Молотовқа хат жазады.

7 март. Ленин Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының председателі Л. М. Хинчукке жазған жауап хатында кооперацияның жұмысы туралы жиынтық деректер жіберуді және «кооперацияның бюрократиялық орган емес, шын мәнінде коммерциялық орган болуы» үшін Тұтынушылар қоғамдары орталық ода-

ғының қолданып жатқан шаралары туралы хабарлауды өтінеді.

8 март. Сыртқы істер халық комиссары Г. В. Чичериннің ағылшын газеті «The Manchester Guardian»-ның Советтік Россияға арналған қосымшасына мақала жазу жөніндегі өтінішіне берген жауабында Ленин мақала жазуға мүмкіндігі жоқ екендігін хабарлайды; бұл қосымшаға арналған мақалаларда «Россияны капиталистік емес негізде қалпына келтірудің әбден айқын жоспары» берілуін ойластыруды ұсынады.

Ленин Е. С. Варганың Лениннің экономикалық саясат мәселелері жөніндегі пікірлерін жинақ етіп шетел тілдерінде бастырып шығару үшін ол жинақты құрастыру туралы ұсынысына байланысты оған хат жазады.

9 март. РКП(б) XI съезіне әзірлікке байланысты жазылған Г. Е. Зиновьевтің «Партияны нығайту туралы» деген тезистерінің бастапқы жобасымен танысқаннан кейін Ленин осы мәселе жөнінде В. М. Молотовқа записка жазады.

10 март. Л. Б. Красинге жазған хатында Ленин партияның XI съезіне РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебінде пайдалану үшін сыртқы сауданың соңғы айларда дамуы туралы іс жүзіндегі деректердің қысқаша ақпарын жасауды өтінеді.

Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің іс басқарушысы Н. П. Горбуновқа Көпшілік кітапханасының қалыпты жұмыс істеуіне жағдай жасау үшін қажетті шаралар қолдануды, сондай-ақ Москва Көркем театры бір топ артистерінің шетелден Россияға қайтып келуі үшін қаржы бөлу туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы мен Халық Комиссарлары Советінің бюджет комиссиясы арқылы өткізіп алуды тапсырады.

11 март. Ленин Концессиялық комитеттің председателі Г. М. Кржижановскийге және Аралас қоғамдар туралы істер жөніндегі комиссияның председателі Г. Я. Сокольниковқа директивалық хаттар жолдайды.

	Ленин Парвустың кітапшасы баяндалған телеграмманың газеттерде жариялануын қате деп білу жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныс жасайды, «өйткені бұл телеграмманың жариялануын жұрт Парвусты мадақтау деп түсінетін еді».
	Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі іс басқарушысының орынбасары В. А. Смольяниновқа өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, транспорттың, сауданың және кооперацияның 1922 жылғы январь — февральдағы жайы туралы деректерді Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповтан сұрап алуды тапсырады.
12 март.	Ленин «Жауынгер материализмнің маңызы туралы» деген мақаласын жазып бітіреді.
	Ленин жоғары оқу орындарының финанс жағдайы туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының талқысына салуды ұсынады.
	Ленин елдің финанс жағдайы туралы мәселелер жөнінде Кіші Халық Комиссарлары Советінің мүшесі, Мемлекеттік универсал магазин меңгерушісі А. А. Беловпен әңгімеледі.
12 және 16 март аралығында.	Ленин «Жауынгер материализмнің маңызы туралы» деген мақаласының машинкада басылған текстін қарайды, түзетулер енгізіп, мақаланы толықтырады; мақаланың толықтырылған және түзетілген данасын «Под Знаменем Марксизма» журналының редакциясына жолдауды тапсырып, Л. А. Фотиеваға (немесе Н. С. Лепешинскаяға) записка жазады.
14 март.	Г. В. Чичериннің Генуя конференциясында совет делегациясының сөйлейтін сөзінің программасы баяндалған хатын алғаннан кейін Ленин ондағы неғұрлым маңызды қағидаларды атап көрсетеді және жауап хат жазады.
14 немесе 15 март.	Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат жазады, онда үш Интернационалдың — III, II және $II^1/_2$ («Вена социалистік бірлестігінің») Берлинде шақырылғалы отырған конференциясына қатыса-

тын Коминтерн делегациясының Коммунистік Интернационал Атқару Комитеті директиваларының жобасы жөніндегі ұсыныстарын баяндайды.

15 март. Ленин Л. Б. Каменев пен И. В. Сталинге жазған хатында сыртқы сауда халық комиссары Л. Б. Красиннің және Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары А. Д. Цюрупаның Сыртқы сауда халық комиссариатының айналым қорын көбейту туралы мәселе жөніндегі ұсыныстарын қолдайды.

16 март. Ленин Е. А. Преображенскийдің партияның XI съезіне арнап жазған «РКП-ның қазіргі деревнядағы саясатының негізгі принциптері» деген тезистері туралы РКП(б) Орталық Комитетінің саяси бюросына хат жазады.

17 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына «шетелге баратын барлық жолдастарға» берілетін директиваның жобасын жолдайды.

Ленин елдегі фотокино ісінің дамуын қадағалау, Румянцев музейінде кітаптардың жатып қалуын жою, Орталық радиотелеграф станциясы туралы Еңбек және Қорғаныс Советінің 15 марттағы қаулысының орындалуын қадағалау жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырмалар береді.

Ленин II және II$^{1}/_{2}$ Интернационалдардың лидерлерінің оңшыл эсерлерге болып жатқан сот процесіне араласуға әрекет жасағаны жөнінде Л. Б. Каменевпен әңгімелеседі; одан кейін Совет үкіметінің Э. Вандервельдеге беретін жауабының жобасын және Г. Е. Зиновьевке записка жазады, запискада бұл жобаны РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында талқылауды ұсынады.

18 март. Ленин И. И. Скворцов-Степановтың «Дүние жүзілік шаруашылықтың өтпелі фазасына байланысты РСФСР-ді электрлендіру» деген кітабына алғы сөз жазады.

Ленин сот жауапкершілігіне тартылған партия мүшелеріне партия және сот органдарының көзқарасы туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хат жазады.

Ленин қант тресі басшыларының ісі жөніндегі тергеуді юстиция халық комиссары Д. И. Курскийге жеке өз бақылауына алуы қажеттігі туралы хат жазады, Юстиция халық комиссариаты мен Революциялық трибуналдан совет өкіметі жауларының ықпалында болған шаруашылық мекемелерінің басшыларын қатал жазалауды талап етеді.

Ленин кооперация туралы мәселе жөнінде ұсыныстар жазады және оларды РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне, сондай-ақ Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары А. Д. Цюрупа мен А. И. Рыковқа жолдауды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

19 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне жазған хатында ашаршылыққа қарсы күресу үшін қаржы табу мақсатымен шіркеудің бағалы заттарын алу туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің 1922 жылғы 23 февральдағы декретінің жүзеге асырылуына дін басыларының қарсылығын батыл басып-жаныштау қажеттігі туралы жазады.

20 март. Ленин финанс халық комиссарының орынбасары Г. Я. Сокольниковқа хат жазып, А. А. Беловтың «1922 жылғы жаңа егінге дейінгі финанс науқанының жоспары» деген запискасы туралы пікір жазуды, сондай-ақ ақшалай салықтардың жиналуып қадағалау және мемлекеттік трестердің қызметін финанс жағынан бақылауды жолға қою туралы мәліметтерді хабарлауды өтінеді.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Сыртқы сауда халық комиссариаты коллегиясының құрамы туралы шешімі жөнінде Л. Б. Красиннің хатын алғаннан кейін Ленин оған записка жазады, содан соң комиссариаттың жұмысы туралы және Саяси бюроның сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөніндегі директиваларын жүзеге асыру жайында онымен әңгімелеседі.

Екатеринбург губерниясы Шадрин уезіндегі жергілікті өкімет орындарының азық-түлік салығын жинау кезіндегі қиянаттары туралы

М. Н. Попованың хатымен танысқаннан кейін Ленин бұл хатты шара қолдану үшін Орталық Бақылау Комиссиясына немесе РКП(б) Орталық Комитетінің Ұйымдастыру бюросына жолдауды және жауап хаттың жобасын жазуды Халық Комиссарлары Советінің секретары Л. А. Фотиеваға тапсырады.

Ленин Сыртқы сауда халық комиссариатындағы ет консервілерін сатып алуға байланысты қағаз бастылық туралы баяндама, сондай-ақ сыртқы сауда жөніндегі аралас қоғамдар мен капиталистер қатысатын кәсіпорындар туралы анықтама әзірлеуді Н. П. Горбуновқа тапсырады.

21 март. Ленин РКП(б) XI съезінің Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша қаулысының жобасы жөнінде И. В. Сталин мен Л. Б. Каменевке хат жазады.

Ленин Сыртқы сауда халық комиссариатының коллегиясында сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде орын алып отырған алауыздықтар жөнінде өзінің Л. Б. Красинмен әңгімелескені туралы сыртқы сауда халық комиссарының орынбасары М. И. Фрумкинге және коллегия мүшесі И. И. Радченкоға хат жазады, одан кейін РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының бұл мәселе жөніндегі директиваларын мүлтіксіз орындау қажеттігі туралы Фрумкинге хат жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің жұмысын жолға қою туралы А. Д. Цюрупамен және А. И. Рыковпен әңгімелеседі, оларға үкімет қаулыларының орындалуын тексеруді ұйымдастыруға баса назар аудару жөнінде, бұл үшін Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының қызметкерлерін пайдалану жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының жұмысы туралы И. В. Сталинге хат жазады.

Ленин Советтік Россияға ауыл шаруашылық машиналарын беру туралы келіс сөз жүргізіп жатқан американ капиталистеріне виза

жөнелтудегі қағаз бастылыққа кінәлыларды анықтауды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин Л. Б. Каменевке өзінің партияның XI съезіне РКП(б) Орталық Комитетінің саяси баяндамасын жазып жатқаны туралы және Орталық Комитет пленумының қосымша баяндамашы тағайындауы қажет екендігі туралы жазады.

21 және 25 март аралығында. Ленин партияның XI съезіне РКП(б) Орталық Комитеті саяси есебінің жоспарын әзірлейді.

23 март. Ленин «Беднота» газетінің төрт жылдық мерекесіне байланысты газетке құттықтау хат жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің пленумына арнап хат жазады, онда партияның XI съезіне Орталық Комитет саяси есебінің жоспарын баяндайды.

Ленин Генуя конференциясындағы совет делегациясы мәлімдемесінің жобасына түзетулер мен ескертпелер жазады.

24 март. РКП(б) XI съезіне арналған «Партияны нығайту және оның жаңа міндеттері туралы» тезистердің РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында алдағы уақытта талқыланатындығына байланысты Ленин партияға жаңа мүшелер қабылдаудың шарттары туралы мәселе жөнінде өзінің ескертпелері мен ұсыныстарын пленумның қарауына енгізеді.

Ленин Волховстрой басшылары арасындағы жанжал туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Г. М. Кржижановскиймен телефон арқылы әңгімелеседі; содан кейін оған бұл мәселе жөнінде хат жазады.

25 март. Ленин Корзинкинодан Москваға қайтып келеді.

Ленин Генуя конференциясындағы совет делегациясы председателінің уәкілдіктерін Г. В. Чичеринге беретіні туралы мәлімдемеге қол қояды.

25—26 март. Ленин партияның XI съезіне РКП(б) Орталық Комитеті саяси есебі жоспарының түпкілікті нұсқасын жазады.

26 март. Ленин Орталық Комитет пленумының партияға жаңа мүшелер қабылдаудың шарттары туралы шешімі жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің мүшелеріне арнап хат жазады.

Ленин Германия сыртқы істер министрі В. Ратенаудың РСФСР-дің уәкілетті өкілі Н. Н. Крестинскийді қабылдағаны туралы Л. Б. Красинмен телефон арқылы әңгімеледеді, Красинге Ратенау мен Крестинскийдің әңгімесінің мазмұнын РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының барлық мүшелеріне, Г. В. Чичерин мен М. М. Литвиновқа хабарлауды тапсырады.

27 март. Ленин РКП(б) XI съезі делегатының жеке анкетасын толтырады.

Ленин РКП(б) XI съезін кіріспе сөз сөйлеп ашады, одан кейін партияның Орталық Комитетінің саяси есебін жасайды.

Ленин XI съездің екінші (кешкі) мәжілісіне қатысады, РКП(б) Орталық Комитетінің есебі бойынша жарыс сөздің барысында жазбалар жасайды.

Ленин Украинадағы партия жұмысының мәселелері жөнінде Украина коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің секретары Д. З. Мануильскиймен әңгімеледеді.

28 март. Ленин XI съездің үшінші (күндізгі) мәжілісіне қатысады, РКП(б) Орталық Комитетінің есебі бойынша жарыс сөздің барысында жазбалар жасайды, қорытынды сөз жоспарының нобайын жазады және одан кейін РКП(б) Орталық Комитетінің саяси есебі бойынша қорытынды сөз сөйлейді.

29 март пен 2 апрель аралығында. Ленин Коминтерндегі РКП(б) делегациясының есебі жөнінде партияның XI съезі қарарының жобасына ұсыныс жазады.

30 март. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының А. М. Краснощековты Финанс халық комиссариатындағы жұмысынан босату туралы шешіміне байланысты онымен әңгімеледеді; одан кейін бұл шешімді қайта қа-

рау және Краснощековқа өзін жұмыста көрсетуге мүмкіндік беру қажеттігі туралы Саяси бюро мүшелеріне арнап хат жазады.

31 март. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің Ғылыми-техникалық бөлімінде және Өнер табу істері жөніндегі комитетте қылмысты қағаз бастылық пен әрекетсіздік туралы іс жөнінде айыпталғандарды ақтаған Москва революциялық трибуналының шешімін қайта қарау қажеттігі жайында Д. И. Курскийге хат жазады; оған осы іспен тікелей өзі танысуын және ашық саяси процесс ұйымдастыруды тапсырады.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының қаулысына қарамастан, Д. И. Курскийдің «РСФСР мойындайтын, РСФСР заңдары мен соттары қорғайтын негізгі жеке мүлік праволары туралы» декреттің жобасын әзірлеуден бас тартатындығы жайында хабар алғаннан кейін Ленин бұл істе қағаз бастылыққа жол беруге болмайтындығы жөнінде оған қатаң ескерту жасайды және екі күндік мерзім ішінде осындай жобаны А. Д. Цюрупаға табыс етуді ұсынады; Цюрупаға жазған запискасында Саяси бюроның шешімін орындамағаны үшін Курскийге сөгіс жариялауды ұсынады.

31 март немесе 1 апрель. Ленин РКП(б) XI съезі ауыл шаруашылық секциясының жұмысы туралы Н. Осинскиймен (В. В. Оболенскиймен) әңгімелеседі.

1 апрель. Ленин Н. Осинскийге жазған хатында партияның XI съезі ауыл шаруашылық секциясының жұмысы жөнінде нұсқаулар береді және деревнядағы жұмыс туралы съезд қарары жобасының текстін ұсынады; секретарьларға оны танысу үшін РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне де жіберуді тапсырады.

2 апрель. Партияның XI съезінің он бірінші (таңертеңгі) мәжілісінде Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланады.

Ленин РКП(б) XI съезі жабыларда сөйлейтін қорытынды сөзінің текстін жазады.

Ленин XI съездің он екінші (кешкі) мәжілісіне қатысады; «жұмысшы оппозициясы» тобы туралы съезд комиссиясы баяндамасының талқылануына байланысты жазбалар жазады; съезд қабылдаған «Баспасөз және насихат туралы» қарарға байланысты «Правдада» хабарландырулар басу туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді; съезд жабыларда қорытынды сөз сөйлейді.

Ленин американ электротехник-ғалымы Чарлз П. Штейнмецке жауап хаттың жобасып жазады және бұл жобаны тапысу үшін Г. М. Кржижановский мен Л. К. Мартенске жолдайды.

3 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болып сайланады және РКП(б)-ның Коминтерндегі делегациясының құрамына кандидат болып бекітіледі; Орталық Комитет Секретариатының жұмысы туралы қаулының жобасын ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы туралы, Кіші Халық Комиссарлары Советін қайта құру туралы, РКП(б) XI съезінің қарарларын редакциялау үшін комиссия құру туралы, «Правданың» редакторын тағайындау туралы мәселелер, финанс және басқа мәселелер талқыланады.

4 апрельден ертерек. Ленин Халық ағарту комиссариатының жұмысы туралы А. В. Луначарскиймен әңгімеледі.

4 апрель. Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары арасында міндеттерді бөлісу жөнінде А. Д. Цюрупа әзірлеген жобамен және бұл жобаға А. И. Рыков енгізген толықтырулармен тапысқаннан кейін Ленин жобаға өз түзетулері мен толықтыруларын енгізеді, одан кейін Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының жұмысы туралы қаулының жоспарларын жазады.

Ленин Кремль курсанттарының жағдайын жақсарту қажеттігі туралы Л. Д. Троцкийге хат жазады.

Ленин американ жұмысшыларын Советтік Россияға иммиграциялау туралы және қойма ісін жолға қою туралы А. И. Рыковқа хаттар жазады.

Ленин Финанс халық комиссариаты коллегиясының құрамы және оның жұмысын ұйымдастыру туралы Г. Я. Сокольниковқа записка жазады.

5 апрель. Ленин Курск магнит аномалиясын зерттеу жөніндегі жұмыстардың барысы туралы және Урал мен Кузбасстағы бірқатар кәсіпорындарды С. Рутгерс басқаратын бір топ американ жұмысшыларына пайдалануға беруге және Уралда Алапаевск ауданындағы асбест рудниктерін пайдалану жөнінде американ кәсіпкері А. Хаммерге концессия беруге байланысты мәселелер жөнінде Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі, Главметалл председателі Л. К. Мартенспен әңгімелеседі; одан кейін А. И. Рыковқа Курск магнит аномалиясын зерттеуге, сондай-ақ Рутгерс пен Хаммер концессияларына ерекше көңіл бөлу және барынша көмек көрсету жөнінде ұсыныс жасап, хаттар жолдайды.

6 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Саяси бюроның мәжілістеріне кеңесші дауыспен А. Д. Цюрупаны шақырып тұру туралы ұсыныс жасайды. Мәжілісте Халық Комиссарлары Советінің резервтегі қорын жұмсау тәртібі туралы қаулының жобасы, РКП(б) XI съезінің Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жұмысы жөніндегі нұсқауларын нақтылай түсу туралы, 1922 жылғы апрельдегі жалақы қорының мөлшері туралы, кәсіподақтар съезін шақыру мерзімі туралы мәселелер, үш Интернационал өкілдерінің конференциясы туралы информация және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Г. М. Кржижановскийге жазған хатында Курск магнит аномалиясын игеру үшін дайындық жұмыстарын тез бастауды ұсынады.

Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің председателі М. И. Калининді, Бела

Кунды, РСФСР-дің Берлиндегі уәкілетті өкілі Н. Н. Крестинскийді, азық-түлік халық комиссары Н. П. Брюхановты қабылдайды; өзінің Кавказда емделуі мен тынығуын ұйымдастыру туралы Г. К. Орджоникидземен әңгімелеседі.

7 апрель. Ленин өзінің Кавказда емделуі мен тынығуының жоспарлары жөнінде Г. К. Орджоникидзеге хат жазады.

8 апрель. Ленин А. И. Рыковқа жазған хатында Курск магнит аномалиясын зерттеу жөнінде шетел кәсіпкерлеріне концессия беру қажеттігі туралы оның пікірімен келіспейтіндігін білдіреді, Курск магнит аномалиясын зерттеу мен игеру перспективалары туралы Г. М. Кржижановский мен Л. К. Мартенстің ресми пікірлерін алуды ұсынады.

9 апрель. Ленин «Бізге тым қымбатқа түсті» деген мақала және мақаланы жариялау туралы қаулының жобасы мен басқа да мәселелер жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хат жазады.

10 апрель. Ленин өзінің Чарлз П. Штейнмецке жазған хатының текстіне толықтырулар мен түзетулер енгізеді және хатты ағылшын тіліне аударуды тапсырады.

Ленин үш Интернационал өкілдері конференциясының жұмысы туралы хабарлама жасауы үшін К. Б. Радек пен Н. И. Бухаринді Берлиннен шақыру жөніндегі ұсынысқа байланысты РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

«Экономическая Жизньнің» редакторы Г. И. Крумингe, Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының председателі Г. М. Кржижановскийге, Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповқа, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі іс басқарушысының орынбасары В. А. Смольяниновқа арналған хатында Ленин экономикалық кеңестердің есептері бойынша жергілікті тәжірибені зерттеудің және оның қорытындыларын баспасөзде жазудың жеткіліксіздігіне назар аударады, арнаулы кеңес шақыруды және есептерді зерт-

теу жөнінде жұмыс программасын белгілеуді тапсырады.

Ленин Е. С. Варгаға хат жазып, Коминтерннің жылнамасына арнап жаңа экономикалық саясат туралы мақала жазу жөнінде оның білдірген өтінішін денсаулығына байланысты орындай алмайтындығын хабарлайды, 1918 жылғы мақалаларын (азық-түлік салығы туралы кітапшаға енгізілген мақалаларын) және РКП(б) XI съезінде жасаған баяндамасынан жекелеген үзінділерді көшіріп басуға кеңес береді.

11 апрель. Ленин үш Интернационал өкілдері конференциясының аяқталуына байланысты Коминтерн Атқару комитеті шешімінің жобасына ескертпелер мен ұсыныстар жазады.

Ленин «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулының» жобасын жазып, оны РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне, сондай-ақ А. Д. Цюрупаға жібереді.

12 апрель. А. И. Рыков пен А. Д. Цюрупаға жазған хатында Ленин Кашира электр станциясының Москваға ток бере бастауы үшін «практикалық және неғұрлым батыл шаралар» қолдану туралы нұсқау береді.

Н. Осинскийге жазған хатында Ленин оның «Правдада» жариялапған «Жергілікті тәжірибеден алынған жаңа деректер» деген мақаласын мақұлдайды, жергілікті тәжірибені зерттеу және тарату қажеттігін атап көрсетеді.

13 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Қызыл Армияны қысқарту туралы, Генуя конференциясы туралы, Финанс халық комиссариатының коллегиясы туралы, Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының құрамы туралы, Еңбек және Қорғаныс Советі жанындағы Ішкі сауда жөніндегі комиссия туралы, 1-ші Майды мерекелеуге арналған ұрандар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин поляк коммунисі М. Валецкиймен әңгімеледі және Краков пен Поронинде өзінің

архиві мен кітапханасын іздестіруге шаралар қолдануды өтініп, Сыртқы істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Я. С. Ганецкийге записка жазады.

14 апрельден ертерек. Ленин Генуя конференциясы туралы «New York Herald» газетінің тілшісіне интервью береді.

14 апрель. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде Ирбитск жәрмеңкесі комитетінің председателі С. В. Малышевтің жәрмеңке қорытындылары туралы баяндамасы талқыланған кезде председательдік етеді.

14 апрельден кешірек. Ленин Нижний Новгород жәрмеңкесін ұйымдастыру туралы С. В. Малышевпен әңгімеледі.

15 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына жазған хатында «1910—1914 жылдардағы француз-орыс қатынастарының тарихы жөніндегі материалдар» деген кітап өте ұқыпсыз бастырылып шығарылғанына назар аударады, Я. С. Ганецкий мен Л. М. Караханды кемшіліктерді жою жөнінде шара қолдануға міндеттеуді және кітапты бастырып шығару үшін жауапты болған адамдардың бәрін екі күндік мерзім ішінде анықтауды ұсынады.

17 апрель. РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен пікір сұралған кезде Ленин Россияның патшалық және Уақытша үкіметтерінің қарыздары туралы мәселе Генуя конференциясында талқыланғанда совет делегациясының қандай тактика ұстауы керек екендігі туралы Саяси бюроның Г. В. Чичеринге беретін директивасын бекітуді жақтап дауыс береді.

18 апрель. Ленин И. В. Сталинге, Л. Б. Каменевке және Л. Д. Троцкийге жазған запискасында Советтік Россия мен Германия арасында Рапалло шартының жасалуы туралы сыртқы істер халық комиссарының орынбасары М. М. Литвиновтың телеграммасын жариялау туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросында талқылауды ұсынады.

19 апрель. Ленин Генуяға жіберілетін телеграмманың жобасын қосып, И. В. Сталинге, Л. Б. Каменевке және Л. Д. Троцкийге записка жазады.

20 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Генуя конференциясы туралы мәселе, Байланыс қызметкерлері кәсіподағы Орталық комитеті мен Почта және телеграф халық комиссариатының қызметін тексеру жөніндегі комиссияның баяндамасы, Сыртқы істер халық комиссариаты мен РКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия бюросының сыртқы саясат мәселелері жөніндегі өзара қатынастары туралы мәселе, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының күн тәртібін әзірлеуге арналған комиссияның баяндамасы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының сауда айналымдары туралы В. А. Смольяниновтың хабарламасын тыңдайды, деревняға жөнелтілген товарлар туралы деректерді бөліп көрсете отырып, бұл мәселе жөніндегі материалдарды баспасөзде жариялауды ұсынады.

21 апрель. Ленин Г. В. Чичеринге жіберілетін директивалық телеграмманың жобасын жазады, оны И. В. Сталинге жолдап, егер РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері тарапынан қарсылық болмаса, Генуяға телеграмма жіберуді ұсынады.

22 апрель. Ленин Биологиялық физика институтына келеді, мұнда оқты алып тастау үшін жасалатын операцияға байланысты оның кеудесі рентгенге түсіріледі, одан кейін Ленин Курск магнит аномалиясын зерттеудің барысы туралы академик П. П. Лазаревпен әңгімеледеседі.

23 апрель. Ленин Солдатенков ауруханасына (қазіргі С. П. Боткин атындағы аурухана) келеді, мұнда оған оқты алып тастау үшін операция жасалады.

24 апрель. Ленин Г. В. Чичеринге (Генуя конференциясындағы совет делегациясының барлық мүшелеріне арнап) жіберілетін директивалық

телеграмманың жобасын жазады және оны И. В. Сталинге жіберіп, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелерінің телеграмма текстімен келіссетін-келіспейтіндігі жөнінде олардың пікірін сұрауды ұсынады.

25 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының шетелдіктерге — бұрынғы меншік иелеріне шығынның орнын толтыру туралы мәселе жөнінде Генуя конференциясындағы совет делегациясына жіберілетін директивалық телеграммасының жобасына түзетулер енгізеді.

26 апрель. Берлиндегі Шетелдік ғылым мен техника бюросы (БИНТ) жұмысының нашар жолға қойылғаны туралы және бұл бюроны қайта құру қажеттігі туралы Е. С. Варганың хатын алғаннан кейін Ленин оған осы хабары үшін алғыс айтады және оған неміс тілінде жариялау үшін өзінің РКП(б) XI съезі жабыларда сөйлеген сөзінің текстін жібереді; Варганың хатын А. И. Рыков пен А. Д. Цюрупаға жолдап, Шетелдік ғылым мен техника бюросындағы істің жайын мейлінше қатаң тексеруді тағайындау және одан кейін бюроны қайта құру жөнінде тілек білдіреді.

27 апрель. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Г. В. Плехановтың революциялық шығармаларын бастырып шығару туралы ұсыныс жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Генуя конференциясы туралы, қызыл әскерлерді егіншілік жұмыстарына пайдалануға жіберу арқылы Қызыл Армиядағы адам санын азайту туралы, Украин кооперативтік ұйымдар банкін құру туралы, Баку мұнайын Азербайжанға арнап бөлу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

28 апрель. Ленин өзінің «Жаңаға жақын тақырыптарға арналған ескі мақалалар» деген кітапшасының корректурасын түзетеді және оған алғы сөз жазады.

Ленин Генуя конференциясының сәтсіздікке ұшырауы мүмкін болған жағдайда Совет үкіметі манифесінің конспектісін немесе тезистерін жіберуді өтініп, Г. В. Чичеринге теле-

грамма жіберу туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныс жасайды.

Ленин Бакуге Азнефть жұмысшылары мен инженерлеріне Сурахан мұнай кәсіпшіліктерінде өртке қарсы күрес кезінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін алғыс айтып телеграмма жолдайды.

30 апрель. Ленин Г. В. Чичериннің орыс мәселесі жаңа, арнайы шақырылатын конференцияның талқылануына көшірілуі мүмкін деген хабарына жауап ретінде оған жіберілетін директивалық телеграмманың өзі жазған жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсынады.

2 май. Ленин ««Правданың» он жылдық мерекесіне» деген мақала жазады.

Ленин Финанс халық комиссариатында талдап жасалған ішкі астық заемының жобасы туралы А. Д. Цюрупамен әңгімелеседі; Еңбек және Қорғаныс Советінің темір жолдарды үш категорияға бөлу және маңызы неғұрлым аз темір жолдарды жабу туралы қаулысын жүзеге асыруға кірісу жөніндегі өзінің жарлығын Қатынас жолдары халық комиссариатының басшылығына хабарлауды Цюрупаға тапсырады.

Ленин ішкі астық заемының жобасы туралы Г. Я. Сокольниковқа хат жазады, елдің финанс жағдайын нығайту үшін «шын мәнінде революциялық шаралар» қолдануды талап етеді.

Ленин Бюджет кеңесінің мұғалімдердің санын едәуір қысқарту туралы шешіміне қарсылық білдірген Н. К. Крупскаяның хатын А. Д. Цюрупа мен А. И. Рыковқа жібереді, оның халыққа білім беру ісіне бөлінетін қаржыны көбейту туралы ұсынысын Халық Комиссарлары Советінде қолдауды өтінеді.

Ленин Генуяға Г. В. Чичеринге жіберілетін директивалық телеграмманың жобасын қосып, РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына записка жазады.

4 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; ашаршылыққа қарсы күресуге қаржы табу мақсатымен

шіркеуден алынған бағалы заттарды шетелге сату туралы мәселе жөнінде ұсыныс жасайды. Мәжілісте сондай-ақ Генуя конференциясы туралы, Халық Комиссарлары Советі мен Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің жұмысы туралы, Отын жөніндегі бас басқарма туралы, астана қалалардағы жалақы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

5 май. Ленин А. И. Рыковтың, М. П. Томскийдің және Л. Д. Троцкийдің «Орынбасарлардың (Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателі орынбасарларының) жұмысы туралы қаулының» жобасына жасаған ескертпелеріне жауап қайтарып хат жазады және оны РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері мен А. Д. Цюрупаға арнап И. В. Сталинге жолдайды.

Ленин РКП(б)-ның көрнекті қарт мүшелерінің тізімін жасауды және оларды, атқарып жүрген жұмыстарына қарамастан, экономикалық кеңестердің есептерін зерттеуге қатыстыруды В. А. Смольяниновқа тапсырады.

5 немесе 6 май. Ленин Генуяға Г. В. Чичеринге жіберілетін директивалық телеграмманың жобасын жазады.

6 май. Ленин Москва қаласындағы РКП(б) Замоскворечье аудандық комитеті берген 1922 жылдың үлгісіндегі 114482 номерлі жаңа партия билетін алады.

8 май. Орыс мәселесі жөніндегі «Одақтас державалар меморандумының» совет делегациясына табыс етілгені жөнінде М. М. Литвиновтың Генуядан жіберген телеграммасымен танысқаннан кейін Ленин жауап телеграмма жіберу туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсыныс жасайды және телеграмма жобасын жазады.

9 май. Ленин Советтік Россия мен Германия арасында Рапалло шартына қол қойылуына және оның алдағы уақытта бекітілетініне байланысты Генуяға Г. В. Чичеринге жіберілетін директивалық телеграмманың жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсынады.

11 май. Ленин американ кәсіпкері А. Хаммерге хат жазып, оның Уралдағы асбест рудниктерін пайдалануға алған концессиясының табысты болуына тілектестік білдіреді, бұл концессияның «біздің Республика мен Құрама Штаттар арасында сауда қарым-қатынастарын жасау үшін де зор маңызы» бар екендігін атап көрсетеді; Хаммерге барынша жәрдем беруді өтініп Зиновьевке (немесе оның орынбасарына) жазған запискасын қоса жіберді.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; 1921—1922 жылдары заттай салық жинау туралы және 1922—1923 жылдары жиналуға тиіс салық туралы деректер ақпарын Орталық Комитетке табыс етуді Азық-түлік халық комиссариатына, Егіншілік халық комиссариатына, Орталық статистика басқармасына және Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына тапсыру туралы қаулының өзі жазған жобасын талқылауға ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы туралы, эсерлер процесі туралы, кен жұмысшыларының съезі туралы, Егіншілік халық комиссариатының коллегиясы туралы, Ғылым академиясы мен Көпшілік кітапханасы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен пікір сұралған кезде Американ көмек ұйымымен (АРА) жасалған шарттың мерзімін, егер Мемлекеттік саяси басқарма председателі Ф. Э. Дзержинский бұған қарсылық білдірмейтін болса, 1923 жылғы 1 январьға дейін ұзарту туралы ұсынысты жақтап пікір айтады.

Ленин Нижний Новгород радио лабораториясының жұмысы туралы почта және телеграф халық комиссары В. С. Довгалевскийге хат жазады, Нижний Новгород Советінің радио лабораториясын Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы және лаборатория басшылары профессорлар М. А. Бонч-Бруевич пен В. П. Вологдинді Құрмет тақтасына жазу туралы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті алдына мәселе қойып қолдайды.

13 май. Ленин Москвада салынып жатқан орталық радиотелефон станциясы туралы инженер В. А. Павловпен телефон арқылы сөйлеседі; әңгіме кезінде Павлов хабарлаған мәліметтерді жазып алады.

Ленин академик П. П. Лазаревтің Курск магнит аномалиясын зерттеу жөніндегі жұмысының қалай қаржылапып отырғандығын тексеруді В. А. Смольяниновқа тапсырады.

14 май. Ленин Генуяға Г. В. Чичеринге жіберілетін директивалық телеграмманың жобасын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ұсынады.

15 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөніндегі қаулысының жобасын қосып, И. В. Сталинге записка жазады, сондай-ақ осы мәселе жөнінде И. В. Сталин мен М. И. Фрумкинге хат жазады.

РСФСР Қылмыстық кодексіне кіріспе заңның жобасымен танысқаннан кейін Ленин өзінің жоба жөніндегі ұсыныстары мен толықтыруларын қосып, Д. И. Курскийге записка жазады.

Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі Секретариатының үкімет қаулыларының орындалуын қадағалау үшін тағайындалған қызметкері А. Ульрихтің жұмысын тексергеннен кейін Ленин В. А. Смольяниновқа жазған хатында бұл істегі жөнсіздіктерді атап көрсетеді және істің орындалуын тексеруді мүлтіксіз ұйымдастыра білуге жетуді талап етеді.

15 немесе 16 май. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Генуя конференциясындағы совет делегациясының есебі жөніндегі қаулысының жобасын жазады.

16 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады, онда Генуя конференциясы туралы, үш Интернационал өкілдерінің конференциясы туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 немесе 17 май. Ленин РСФСР Қылмыстық кодексінің жобасы туралы Д. И. Курскиймен әңгімелеседі.

17 май. Ленин РСФСР Қылмыстық кодексіне кіріспе заңның қосымша параграфының екі нұсқасын жазып, Д. И. Курскийге жібереді.

А. В. Луначарскийге, М. Н. Покровскийге, А. Д. Цюрупаға және А. И. Рыковқа жазған хатында Ленин баспа басылымдарының қымбат болуы «халықты пайдалы кітаптардан мақұрым қалдыратындығына» назар аударады және уездік кітапханаларды кітаптармен жабдықтау үшін айрықша шаралар қолдану жөнінде ұсыныс жасайды; осы істің барысын қадагалауды В. А. Смольяниновқа тапсырады.

18 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Генуя конференциясы туралы, азық-түлік салығы туралы, Халық ағарту комиссариаты мен Қатынас жолдары халық комиссариаты коллегияларының құрамы туралы, Орта Азиядағы жағдай туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин А. Л. Вайнштейннің «Заттай салықтың ауыртпалығы туралы» және Н. П. Огановскийдің «Оң қол мен сол қол (заттай салық системалары)» деген саяси жағынан зиянды мақалаларының 1922 жылы 6 майда «Сельскохозяйственная Жизньде» жарияланғаны жөнінде Н. Осинскиймен әңгімелеседі.

Ленин еңбек халық комиссарының орынбасары А. М. Аникстпен комиссариат жұмысы туралы әңгімелеседі.

19 май. Ленин радиотехникасын өркендету туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап И. В. Сталинге екі хат жазады.

20 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына ««Екі жақты» бағыну және заңдылық туралы» деген хат жазады.

Қызыл Армияны қысқарту туралы мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті сессиясының талқысына салу жөнінде жасалған ұсыныс туралы РКП(б) Орталық Ко-

митеті Секретариатының хатына жауабында Ленин өзінің осы ұсыныспен келісетіндігін хабарлайды.

21 май. Ленин барлық халық комиссарларына және орталық мекемелердің басқа да басшыларына өзін демалыста болған кезінде аса маңызды істер және аса маңызды шешімдердің, жоспарлардың, науқандардың, т. т. орындалу барысы туралы хабардар етіп отыруды өтініп хат жазады.

22 май. Ленин Нижний Новгород радио лабораториясының жұмысына, радиотехникасын өркендетуге, Мугань даласын суландыруға, Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының, Юстиция халық комиссариатының, Сыртқы сауда халық комиссариатының және Қатынас жолдары халық комиссариатының жұмысына байланысты мәселелер жөнінде А. Д. Цюрупамен және А. И. Рыковпен кеңес өткізеді.

Ленин Петроград ұйымдарының сменовеховшілдік «Новая Россия» журналын жапқаны жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады.

Ленин Б. И. Рейнштейнді оның Америкаға баратын сапарына байланысты қабылдайды; онымен Совет елінде радиотехникасын өркендету және оның партияның саяси жұмысы үшін орасан зор маңызы бар екендігі туралы әңгімелеседі; Рейнштейнге американ мамандарының совет радиотехниктеріне көмек көрсетуін ұйымдастыруды тапсырады.

23 май. Ленин Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің құрамы туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы қаулысының жобасын жазады және оны Саяси бюроға арнап И. В. Сталинге жолдайды.

Ленин Қырымдағы жағдай туралы және татар коммунистері арасындағы алауыздықтар туралы Қырым республикасы Халық комиссарлары советінің председателі С. Саид-Галиевпен әңгімелеседі.

Ленин Горкиге дем алуға жүріп кетеді.

24 май. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап хат жазады, онда

американ концессионерлері А. Хаммер мен Б. Мишельді *«мейлінше* қолдау туралы» ұсыныс жасайды.

25—27 май. Ленин, науқасы бірінші рет қатты асқынып, оң қолы мен оң аяғы ішінара жансызданып, тілі күрмеледі.

Кеш дегенде 26 май. Ленин Закавказье еңбекші әйелдерінің бірінші съезіне құттықтау телеграмма жолдайды.

Июньнің ортасы. Лениннің денсаулық жағдайы жақсарады.

18 июнь. Ленин эсерлерге болған сот процесінің барысы туралы Н. К. Крупскаямен әңгімелеседі.

24 июнь. Дәрігерлер консультация берген кезде Ленин профессор Г. Клемперерден А. Д. Цюрупаның денсаулық жағдайын сұрап біледі; консультациядан кейін денсаулық сақтау халық комиссары Н. А. Семашкоға Гаагадағы келіс сөзде мейлінше сақ болу, сондай-ақ Қатынас жолдары халық комиссариатындағы жанжалды реттеу қажеттігі туралы өзінің пікірін партияның Орталық Комитетіне айтуды тапсырады.

11 июль. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің жұмысы туралы, Гаага конференциясының жұмысы туралы, эсерлерге болған сот процесі туралы И. В. Сталинмен әңгімелесіп, егін шығымдылығы туралы, өнеркәсіп пен финанс жағдайы туралы сұрайды.

12 июль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті жұмысының мәселелері жөнінде Л. Б. Каменевке хат жазады.

13 июль. Ленин Л. А. Фотиеваға жазған запискасында өзінің денсаулық жағдайының жақсарғанын хабарлайды, оған өзіне жіберілетін кітаптарды іріктеуді және Халық Комиссарлары Советі секретарьларының демалысын ұйымдастыру жөніндегі өтінішін А. И. Рыковқа айтуды тапсырады.

14 июль. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің жұмысы туралы, финанс жағдайы және егін шығымдылығы туралы, Қатынас жолдары халық

комиссариатындағы жағдай туралы Л. Б. Каменевпен әңгімелеседі.

16 июль. Ленин егін шығымдылығы туралы, Мемлекеттік банктің қызметі туралы, партия істері туралы, Германиядағы жағдай туралы Н. И. Бухаринмен әңгімелеседі.

20 июль. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Лениннің азық-түлік салығы туралы және концессиялар туралы ұсыныстарын талқылайды.

28 июль — 3 август. Ленин РКП(б) Бүкіл россиялық XII конференциясына әзірлікке байланысты партия істері туралы Г. Е. Зиновьевпен, Л. Б. Каменевпен, И. В. Сталинмен, Л. Д. Троцкиймен әңгімелеседі.

5 август. Ленин өзіне Бүкіл россиялық XII партия конференциясының құттықтауын әкелген И. В. Сталинмен әңгімелеседі, конференция делегаттарына өзінің алғысын айтуды тапсырады және таяу уақытта өзінің жұмысқа қайта оралатындығына сенім білдіреді.

7 август. Ленин Г. И. Петровскиймен, Н. Н. Крестинскиймен және Г. К. Орджоникидземен әңгімелеседі.

11 август. Ленин Азербайжан Орталық атқару комитетінің председателі С. А. Агамали-оглын және оның қасына еріп жүрген А. С. Енукидзені қабылдайды, Агамали-оглынан Закавказье федерациясы Одақтық Советінің жұмысы туралы, Азербайжандағы жағдай туралы, азербайжан еңбекшілерінің жаңа алфавит жасау жобасына көзқарасы туралы, Азербайжан Қызыл Армиясы туралы сұрайды.

17 август. Ленин Финанс халық комиссариатының жұмысы және оның нәпмандар жөніндегі саясаты туралы финанс халық комиссарының орынбасары М. К. Владимировпен әңгімелеседі.

19 август. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының жұмысы туралы И. В. Сталинмен әңгімелеседі.

21 август. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы жұмысының сипаты оның мемлекеттік аппараттың қызметін қайта құру және жақсарту жөніндегі міндетіне сай келмей отырғандығы туралы Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының мүшелері А. И. Свидерскийге, Н. А. Рескеге, Е. Ф. Розмировичке, Л. И. Рузерге және басқаларға хат жазады.

Ленин ағылшын өнеркәсіп иесі Л. Уркартпен оған концессия беру туралы шарт жасасу үшін Берлинге жүргелі жатқан Л. Б. Красинмен әңгімелеседі.

Ленин Мемлекеттік баспа коллегиясының председателі Н. Л. Мещеряковпен және Финанс халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Е. А. Преображенскиймен әңгімеледі.

22 август. Ленин А. И. Рыковпен әңгімелеседі.

25 август. Ленин Украина Халық Комиссарлары Советінің председателі Х. Г. Раковскиймен әңгімеледі.

29 август. Ленин И. И. Скворцов-Степановпен әңгімеледі.

30 август. Ленин егін шығымдылығы туралы, өнеркәсіп жағдайы туралы, бюджет, сом құны туралы, Советтік республикалардың халықаралық жағдайы туралы, меньшевиктер мен эсерлердің антисоветтік қызметі туралы И. В. Сталинмен әңгімелеседі.

31 август. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының және оның мемлекеттік аппараттың жұмысын нормалау жөніндегі бөлімінің жұмысы туралы А. И. Свидерскиймен әңгімелеседі.

Ленин «Советтік Россия достарының қоғамы» ұйымдастырған американ трактор отрядының Пермь губерниясы «Тойкино» совхозында жұмыс істегені туралы мақала жарияланған 25 августағы «Известия» газетінің қиындысын А. И. Рыковқа жібереді және қоғамның Советтік Россия еңбекшілеріне іс жүзінде көмек көрсетуін *«барынша қолдау»* қажеттігі туралы оған записка жазады; трактор

отрядының жұмысы туралы Пермь губерниялық атқару комитетінен сұрауды тапсырады.

1 сентябрь. Ленин Франция коммунистік партиясының съезіне жүргелі жатқан Д. З. Мануильскиймен Франция коммунистік партиясындағы жағдай туралы және халықаралық коммунистік қозғалыс жағдайы туралы әңгімеледеседі.

Ленин шетел тәжірибесін және советтік мекемелерде кеңсе еңбегін нормалау жөніндегі жұмыстың ұйымдастырылуын зерттеу жөнінде Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссарының орынбасары В. А. Аванесовқа хат жазады.

2 сентябрь. Ленин Г. Е. Зиновьевпен әңгімелеседі.

4 сентябрь. Ленин Ф. Э. Дзержинскиймен әңгімелеседі және Л. Уркартпен концессиялық шарт жасасу талаптары туралы және өнеркәсіп пен транспорттың негізгі капиталын қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына арналған өзінің ұсыныстарын оған айтып жаздырады.

5 сентябрь. Ленин М. И. Калининмен әңгімелесіп, өзінің октябрьден бастап жұмысқа кірісуге ниеті бар екенін хабарлайды.

6 сентябрь. Ленин Тұтынушылар қоғамдары орталық одағы басқармасының председателі Л. М. Хинчукпен әңгімелеседі.

Кеш дегенде 7 сентябрь. Ленин И. М. Беспрозванныйдың «Тейлор системасы бойынша ұйымдастырылған шағын завод кәсіпорнындағы жоспарлау бюросы» және «Американ заводтарының қазіргі ұйымдастырылуы (Тейлор системасы)» деген кітаптарын жіберуді өтініп В. А. Смольяниновқа записка жазады.

10 сентябрь. Ленин кәсіподақтардың алдағы болатын Бүкіл россиялық V съезінің міндеттері туралы М. П. Томскиймен әңгімелеседі.

10 сентябрьден кешірек. Ленин О. А. Ерманскийдің «Еңбек пен өндірісті ғылыми жолмен ұйымдастыру және

Тейлор системасы» деген кітабына «Бір кеспек балдағы бір қасық қара май» деген рецензия жазады.

11 сентябрь. Профессорлар О. Ферстердің, В. В. Крамердің және Ф. А. Гетьенің консилиумы Ленинге 1 октябрьден бастап жұмысқа кірісуге рұқсат етеді.

Ленин Кремльдегі пәтерді жөндеуді 1 октябрьге дейін аяқтауға шаралар қолдануды өтініп А. С. Енукидзеге хат жазады.

12 сентябрь. Ленин И. В. Сталинмен әңгімелеседі.

Л. Уркартқа концессия беру туралы алдын ала жасалатын шартпен танысқаннан кейін Ленин бұл мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап И. В. Сталинге хат жазады.

Ленин Л. М. Хинчукке оның «Тұтынушылар қоғамдарының орталық одағы жаңа экономикалық саясат жағдайында» деген кітабының корректурасын жіберуді өтініп хат жазады және оны деревняда кооперация айналымының өсуі туралы деректермен толықтыруды ұсынады.

13 сентябрь. Ленин Американың іскер топтарымен экономикалық байланыс орнату мүмкіндігі туралы және басқа мәселелер жөнінде Л. Б. Каменевпен әңгімелеседі.

Ленин кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V съезіне арналған хаттың жобасын жазады және оны РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне жібереді.

14 сентябрь. РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісінде Лениннің Американың іскер топтарымен экономикалық байланыс орнату мүмкіндіктерін зерттеу туралы және Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарларын тағайындау туралы ұсыныстары талқыланады.

Ленин кәсіподақтардың Бүкіл россиялық V съезіне арналған хатқа қосымша енгізеді.

17 сентябрь. Ленин Республика алтын қорының жағдайы туралы, дефициттің мөлшері және оның ор-

нын толтыру жоспарлары туралы деректерді хабарлауды өтініп М. К. Владимировқа записка жазады.

Ленин А. И. Рыковқа жазған запискасында Республиканың алтын қоры есебінен Донбасс пен Бакуге финанс жөнінен көмек көрсетуді ұсынады.

Ленин еңбек көлік салығын орындаудың қорытындылары туралы мәліметтерді хабарлауды өтініп Ішкі істер халық комиссариаты коллегиясының мүшесі М. Х. Поляковқа записка жазады.

18 сентябрь. Ленин Уркартқа концессия беру туралы алдын ала жасалатын шарт жөнінде Л. Б. Красинмен әңгімелеседі.

Ленин Уркартқа концессия беру жөнінде өзінің теріс көзқараста екендігі туралы Г. Е. Зиновьевке хат жазып, бұл туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне хабарлауды өтінеді.

19 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мен пленумдарының, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советінің протоколдарын өзіне арнап іріктеп алуды, сондай-ақ американ өнеркәсіпшілерімен мұнай концессиялары туралы келіс сөздердің барысы жайында өзіне үнемі хабарлап тұруды өтініп В. А. Смольяниновқа записка жазады.

Кеш дегенде 22 сентябрь. Ленин И. В. Сталинге жазған запискасында Советтік республикалар арасындағы өзара қатынастар туралы мәселе Орталық Комитетте қалай шешіліп жатқандығын хабарлауды өтінеді.

23 сентябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия бюросының председателі Я. Э. Рудзутакпен, сонан соң Н. И. Бухаринмен әңгімеледеді.

Ленин 1 немесе 2 октябрьде өзінің Москваға қайтып келетіні туралы және Халық Комиссарлары Советінің мәжілісін 3 октябрьге әзірлеу туралы В. А. Смольяниновқа записка жазады.

24 сентябрь. Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру және оның бірінші кезектегі міндеттері туралы Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары Г. Л. Пятаковпен әңгімелеседі.

25 сентябрь. Ленин Советтік республикаларды біріктіру туралы мәселе жөнінде Г. Я. Сокольниковпен әңгімелеседі.

Ленин мемлекеттік аппаратты қайта құру қажеттігіне байланысты Москвадағы советтік мекемелердің барлық қызметшілерінің санағын өткізуді ұсынып А. И. Рыковқа хат жазады.

Ленин юстиция халық комиссарының орынбасары Н. В. Крыленкоға жазған запискасында Октябрь революциясының бес жылдығына Совет өкіметі заңдарының жинағын бастырып шығару ісі қолға алынған-алынбағандығын хабарлауды өтінеді.

26 сентябрь. Ленин Советтік республикаларды біріктіру туралы мәселе жөнінде И. В. Сталинмен әңгімелеседі.

Ленин Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап Л. Б. Каменевке хат жазады.

27 сентябрь. Ленин Пролеткульт Орталық комитетінің председателі В. Ф. Плетневтің «Правда» газетінің 27 сентябрьдегі номерінде жарияланған «Идеология майданында» деген мақаласындағы өрескел қателер туралы газет редакторы Н. И. Бухаринге записка жазады.

Ленин Советтік республикаларды біріктіру туралы мәселе жөнінде Грузия Халық комиссарлары советінің председателі П. Г. Мдиванимен әңгімелеседі.

28 сентябрь. Ленин Советтік республикаларды біріктіру туралы мәселе жөнінде Г. К. Орджоникидземен әңгімелеседі.

Ленин Донбасс Мемлекеттік тас көмір өнеркәсібінің басқарушысы В. Я. Чубарьға жолдаған телеграммасында Донбасстың ақша знактары жөніндегі қажеті туралы мәліметтер сұрайды.

29 сентябрь. Ленин Советтік республикаларды біріктіру туралы мәселе жөнінде Грузия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшелері М. С. Окуджавамен, Л. Е. Думбадземен және К. М. Цинцадземен, сонан соң Армения Халық комиссарлары советінің председателі А. Ф. Мясниковпен әңгімелеседі, Ленин Мясниковтан сондай-ақ Закавказьедегі жағдай туралы, ирригациялық системалардың жағдайы, мақта шығымдылығы, т. б. туралы сұрайды.

2 октябрь. Ленин Горкиден Москваға қайтып келіп, жұмысына кіріседі.

3 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Халық Комиссарлары Советі мәжілісінің күн тәртібіне мәселелер енгізу тәртібі туралы мәселе жөнінде баяндама жасайды. Мәжілісте сондай-ақ 1922 жылғы октябрьдегі жалақы қоры туралы, Халық Комиссарлары Советінің алтын, күміс, платина, асыл тастар және шетел валютасы айналысы туралы 1922 жылғы 4 апрельдегі декретіне енгізілетін қосымша туралы мәселелер, жергілікті бюджет туралы заң жобасы және басқа мәселелер талқыланады.

4 октябрь. Ленин Л. Уркартқа концессияға беріледі деп белгіленген кәсіпорындарды тексерген комиссияның председателі И. К. Михайловпен әңгімелеседі; одан кейін Уркартқа концессия беру туралы шарттың жобасы жөнінде өзінің теріс көзқараста екендігі туралы Л. Б. Каменевке записка жазады.

Ленин В. А. Смольяниновқа 1922 жылғы егіннің астығын дайындау барысы туралы деректерді тез арада сұрап алуды тапсырады.

5 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісіне қатысады; Л. Уркартпен алдын ала жасалатын концессиялық шартты бекітуге қарсы сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Закавказьедегі ақша реформасы туралы мәселе талқыланады.

6 октябрь. Советтік республикаларды біріктіру туралы мәселенің РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде талқылануына байланыс-

ты Ленин, бұл мәжіліске аурулығы себепті қатыса алмағандықтан, Л. Б. Каменөвке записка жазады.

Ленин Уркартқа концессия беру туралы мәселенің талқылануына байланысты Г. Л. Пятаковқа хат жазады.

Ленин Донбасстағы жұмыс істеп тұрған тас көмір шахталарының ең ірілері мен ең таңдаулыларында жұмыс істейтін шахтерлерді толық қамтамасыз ету үшін, бұған Республиканың алтын қорынан біраз қаржы бөлу үшін, бұл шахталарды бөліп алудың тиімділігі туралы В. Я. Чубарьдан пікір сұрауды, сондай-ақ оның Донбассты жабдықтау жөнінде шаруашылық ведомстволарымен жүргізген келіс сөздерінің нәтижелерін анықтауды В. А. Смольяниновқа тапсырады.

Ленин Баку мұнай кәсіпшіліктеріндегі жағдай туралы Азнефть басқармасының председателі А. П. Серебровскиймен әңгімелеседі, одан кейін Баку жұмысшыларына хат жазады.

Ленин Москвадағы Бауман ауданының «Путь Молодежи» комсомол газетінің редакциясына құттықтау хат жазады.

Ленин «Советтік Россия достарының (Америкадағы) қоғамына» арналған хаттың жобасын жазып, оны тапсыру үшін Л. К. Мартенске жібереді.

7 октябрь. РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Ленинді Коминтерннің IV конгресіндегі РКП(б) делегациясы бюросының құрамына сайлайды.

9 октябрь. Ленин В. А. Смольяниновпен және Н. П. Горбуновпен әңгімелеседі; үлгілі станцияға арнап Америкадан тракторлардың үлгілерін сатып алу жөнінде профессор Волков жасаған ұсыныс туралы Егіншілік халық комиссариаты мен Кәсіптік білім беру жөніндегі бас басқармадан пікір талап етуді тапсырады.

Ленин Донбасс тас көмір өнеркәсібінің жағдайы туралы В. Я. Чубарьмен әңгімелеседі.

10 октябрь. Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің Отын жөніндегі бас басқармасы бастығының орынбасары В. А. Трифоновқа жазған

хатында Пермь губерниясындағы «Тойкино» совхозында жұмыс істеп жүрген американ трактор отрядына бензин мен жағар май босату жөнінде тез арада жарлық беруді ұсынады.

Ленин тоқымашылар кәсіподағы Орталық комитетінің председателі И. И. Кутузовпен әңгімелеседі және тоқымашы жұмысшылар мен жұмысшы әйелдердің Бүкіл россиялық V съезіне құттықтау хат жазады.

Ленин А. И. Рыковпен және Л. Б. Каменевпен, Украина Халық комиссарлары советі председателінің орынбасары М. В. Фрунземен, Г. М. Кржижановскиймен, Г. Л. Пятаковпен әңгімелеседі.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Қызыл Армиядағы адам саны туралы, Совет сотының құрылысы туралы ереженің жобасы туралы, Қатынас жолдары халық комиссариатының штаттарын қысқарту туралы, Л. Уркартпен алдын ала жасалатын концессиялық шартты қабылдамау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 октябрь. Ленин РКСМ Бүкіл россиялық V съезіне құттықтау хат жазады.

Ленин 6 октябрьде РКП(б) Орталық Комитеті пленумының мәжілісінде сыртқы сауда монополиясы туралы мәселенің талқыланғандығы жөнінде және пленумның бұл мәселе туралы шешімі жөнінде Л. Д. Троцкиймен әңгімелеседі.

Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құру туралы Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Н. А. Рескемен әңгімелеседі және одан бұл мәселе жөнінде баяндама әзірлеуді өтінеді.

Ленин Өнеркәсіп және транспорт советі бюросының председателі А. З. Гольцманмен, Югосталь басқармасының председателі И. И. Межлаукпен, еңбек халық комиссары В. В. Шмидтпен Бюроның жұмысы туралы, жалақы және ауыр индустрия жөнінде; Л. Б. Красинмен сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде 1922 жылы 6 октябрь-

де РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы қабылдаған шешім туралы, РКП(б) Орталық Комитеті үгіт және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Я. А. Яковлевпен және Үгіт және насихат бөлімі насихат бөлімшесінің меңгерушісі К. А. Поповпен Пролеткульттің қызметі туралы әңгімелеседі.

12 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда халық ағарту комиссарының орынбасарлары туралы, Орталық Комитет пленумының сыртқы сауда мәселесі жөніндегі шешімі туралы, теңізшілерді демобилизациялау және флоттың жауынгерлік қабілетін нығайту туралы, Қиыр Шығыс республикасы туралы, прокурорлық бақылау туралы, Грузиядағы Земо-Авчальск су-электр станциясының құрылысы туралы, финанс және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде 1922 жылы 6 октябрьде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы қабылдаған шешім туралы И. В. Сталинмен әңгімелеседі.

Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы Л. Б. Красинмен әңгімелеседі; одан кейін РКП(б) Орталық Комитетіне бұл мәселе жөніндегі хаттың жобасын жазып, оны танысу үшін Красинге жолдайды.

13 октябрь. Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитетіне жазылған хатты толықтырады және оны И. В. Сталинге жолдайды.

Ленин В. А. Смольяниновпен және Н. П. Горбуновпен әңгімелеседі; Почта және телеграф халық комиссариаты мамандарының американ радиотелефон құрылысының техникалық жаңалықтары жөнінде хабардар болуын қамтамасыз етуді Горбуновқа тапсырады.

Ленин американ суретшісі О. Е. Чезарені қабылдайды, суретші Россиядағы ашыққан балаларға көмек қорының пайдасына шетелде тарату үшін Лениннің портретін салады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда комиссияның еңбек көлік салығын ақша міндеткерлі-

гімен ауыстыру туралы баяндамасы, Концессия бас комитетінің праволарын кеңейту туралы, отынға баға қою туралы және басқа мәселелер талқыланады.

16 октябрь. Ленин М. И. Фрумкинмен әңгімелеседі; Сыртқы сауда халық комиссариатының айналымдары мен табыстарын сипаттайтын кестелерді Халық Комиссарлары Советіне ай сайын беріп тұру жөнінде Сыртқы сауда халық комиссариатына нұсқау береді.

Ленин Финанс халық комиссариатымен бірге жалпы валюта қорының ай сайынғы есебі туралы қаулының жобасын әзірлеуді Халық Комиссарлары Советі іс басқарушысының көмекшісі Б. Г. Закске тапсырады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі П. А. Богдановқа жазған хатында жанар сланецтерді зерттеуде және практика жүзінде пайдалануда табысқа жеткен И. М. Губкин бастаған бір топ инженерлерге көмек көрсету және көтерме сыйлық беру үшін шаралар қолдануды ұсынады.

Ленин Земо-Авчальск су-электр станциясының құрылысын қаржыландыру жөнінде Г. К. Орджоникидзеге хат жазады.

17 октябрь. Ленин Л. Б. Каменевпен және И. В. Сталинмен кеңес өткізеді.

Ленин Карелия еңбек коммунасы Экономикалық кеңесінің председателі А. В. Шотманмен Карелиядағы шаруашылық құрылыс туралы әңгімелеседі; одан кейін Карелияда жазу қағазы фабрикасын салу туралы және слюда кенін өндіру туралы Карелия еңбек коммунасының өтінішін қолдауды ұсынып Л. Б. Каменев пен Н. П. Горбуновқа записка жазады.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда комиссиялардың РСФСР-дің Еңбек туралы заңдар кодексін және Жер кодексін әзірлеу туралы баяндамалары, Советтердің губерниялық съездері және губерниялық атқару комитеттері туралы Ереженің жобасы, Қатынас жолдары халық комиссариатының сметасы, жергілікті бюджет туралы, Отто Вольфтің концерні бас-

қаратын герман фирмаларының консорциумымен келісім жасасу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 октябрь. Ленин Вольфтің консорциумымен жасалатын концессиялық келісімнің жобасы жөнінде А. М. Лежавамен және М. И. Фрумкинмен әңгімелеседі.

Ленин Вольфтің консорциумымен жасалатын келісім туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне арнап И. В. Сталинге хат жазады, бұл мәселені Саяси бюроның талқысына салуды ұсынады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі П. А. Богдановтан Курск магнит аномалиясын зерттеуді қаржыландыру туралы материалдарды сұрауды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

19 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; герман фирмаларының консорциумымен жасалатын келісімнің жобасы туралы, американ іскер топтарының өкілдерін экономикалық келіс сөздер жүргізу үшін Советтік Россияға шақыру туралы хабарламалар жасайды. Мәжілісте сондай-ақ халықаралық Лозанна конференциясындағы совет делегациясының Таяу Шығыс проблемалары жөніндегі директивалары, жапон әскерлерін Владивостоктан эвакуациялау туралы, Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясын әзірлеу туралы, жұмысшыларға арналған демалыс үйлері туралы, дінге қарсы насихат жөніндегі комиссияның құрамы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Я. А. Яковлевпен оның Пролеткульт председателі В. Ф. Плетневтің қате көзқарастарын сынап «Правдаға» арнап жазған мақаласы туралы әңгімелеседі.

Ленин РСФСР-дің Германиядағы сауда жөніндегі өкілі Б. С. Стомоняковпен сыртқы сауда монополиясы туралы әңгімелеседі, оған бұл мәселе жөнінде тезистер жобасын әзірлеуді, ол жобаны мемлекеттік монополияны бәсеңсітуге қарсы болып отырған басқа да

қызметкерлермен талқылап, келісуді тапсырады.

Кеш дегенде 20 октябрь. Ленин финанс қызметкерлерінің алдағы болатын Бүкіл россиялық съезі туралы Г. Я. Сокольниковпен әңгімелеседі.

20 октябрь. Ленин финанс қызметкерлерінің Бүкіл россиялық съезіне құттықтау хат жолдайды.

Ленин Кіші Халық Комиссарлары Советінің председателі А. С. Киселевпен Кіші Халық Комиссарлары Советінің және оның секретариатының жұмысы туралы; Жұмысшы-Шаруа инспекциясы коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскиймен; «Экономическая Жизнь» газеті редакторының міндетін атқарушы А. М. Кактыньмен өнеркәсіптің жұмысы және оны қаржыландыру туралы, трестердің құрылымы туралы, сондай-ақ американ жұмысшыларын Советтік Россияға иммиграциялау туралы әңгімелеседі.

Ленин Н. П. Горбуновпен әңгімелеседі, оған американ жұмысшыларын Советтік Россияға иммиграциялау жоспарларына байланысты Кемероводағы және Надеждин заводындағы жұмысшылардың саны туралы анықтама дайындауды тапсырады.

Ленин «Советтік Россияға техникалық көмек қоғамына» және «Советтік Россия достарының (Американдағы) қоғамына» хаттар, сондай-ақ «Тойкино» совхозында жұмыс істеп жүрген американ трактор отрядына барынша көмек көрсетуді ұсынып Пермь губерниялық атқару комитетінің председателіне хат жолдайды.

21 октябрь. Ленин «Динамо» заводы партия ұясының секретары Борисовты және завод комитетінің председателі А. Ф. Вежисті қабылдайды, олар Ленинді 7 ноябрьде заводта сөз сөйлеуге шақырады; Ленин сөз сөйлеуге келісім береді; «Динамо» заводы құрметті мейманарының кітабына қол қояды.

Ленин Грузия Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитетінің мүшелері К. М. Цинцадзе мен С. И. Кавтарадзеге телеграмма жолдап, онда Цинцадзенің, Кавтарадзенің, Грузия Коммунистік (большевиктер)

партиясы Орталық Комитетінің басқа да кейбір мүшелерінің партияға жатпайтын қылығын, олардың «Орджоникидзеге балағат сөздер айтуын» айыптайды және олардың РКП(б) Закавказье өлкелік комитетімен болған жанжал туралы мәлімдемесін РКП(б) Орталық Комитетінің Секретариатына табыс ететіндігін хабарлайды.

23 октябрь. Ленин Пролеткульттің қызметі туралы және Яковлевтің «Правдаға» арнап жазған ««Пролетарлық мәдениет» және Пролеткульт туралы» деген мақаласы туралы Н. И. Бухаринмен, И. В. Сталинмен және Я. А. Яковлевпен әңгімелеседі.

Ленин Н. П. Горбуновпен әңгімелеседі, оған «Госсемкультураның» (Тула губерниясындағы Шатилов сұлы тресінің) селекциялық жұмысына өзінің орасан зор мемлекеттік маңыз беріп отырғандығын егіншілік халық комиссарының орынбасары И. А. Теодоровичке айтуды тапсырады және тресттің жағдайы және оның қаржылануы туралы мәліметтерді хабарлауды өтінеді; сондай-ақ экономикалық кеңестер есептерінің Халық Комиссарлары Советіне түсуі туралы анықтама дайындауға тапсырма береді.

24 октябрь. Ленин М. И. Фрумкинмен Сыртқы сауда халық комиссариатының жұмысы туралы және Б. С. Стомоняковпен ол ұсынған «Сыртқы сауда монополиясы туралы тезистер» жайында әңгімелеседі.

Ленин Совет мемлекетінің концессиялық саясатының мәселелері жөнінде Г. В. Чичеринмен хаттар алысады.

Ленин американ трактор отряды жұмыс істеген Пермь губерниясындағы «Тойкино» совхозын сондай-ақ Тамбов және Одесса губернияларындағы американ ауыл шаруашылық коммуналарын үлгілі шаруашылықтар деп тануды, оларға көмек көрсетуді ұсынып Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Президиумына хат жолдайды.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Жоғары тариф советін қайта құру жобасы, Финляндиямен жасалатын сауда шартының жобасы,

Азаматтық кодекс туралы және басқа мәселелер талқыланады.

25 октябрь. Ленин Сыртқы сауда халық комиссариаты коллегиясының мүшесі Сорокинмен коллегия жұмысы туралы әңгімелеседі.

Ленин Италиян коммунистік партиясы басшыларының бірі А. Грамшимен әңгімелеседі.

Ленин қағаз ақша құнын тұрақтандырудың Г. Я. Сокольников ұсынған шаралары туралы мәселе жөнінде Л. Б. Каменевпен әңгімелеседі.

Ленин селекционер П. И. Лисицынның және Шатилов сұлы тресінің жұмыстарымен танысуды және «Правдаға» бұл жұмыстардың маңызын сипаттайтын мақала жазуды өтініп Л. С. Сосновскийге хат жазады.

Ерте дегенде 25 октябрь. Ленин Л. Уркартпен жасалатын шарттың талаптарына қосымшалар жазады.

26 октябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Пролеткультқа берілетін мемлекеттік жәрдем ақшаны қысқарту туралы мәселе талқыланған кезде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Лозанна конференциясына қатысатын РСФСР делегациясының құрамы мен программасы туралы, Л. Уркартпен концессия туралы келіс сөздерге арнап көпшілікке түсінікті кітапша шығару туралы, экономикалық кеңестер туралы мәселені Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің алдағы болатын сессиясының күн тәртібіне енгізу туралы, академиялық театрларға берілетін мемлекеттік жәрдем ақшаны қысқарту туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Владивостоктың интервенттерден азат етілуіне байланысты Қиыр Шығыс республикасы Министрлер Советінің председателіне құттықтау телеграмма жолдайды.

Ленин Цуторфтың председателі И. И. Радченконың шымтезек өндіру жұмыстарын механикаландыру үшін шетелден машиналар сатып алу туралы ұсынысын қарауды және жәрдем беруді тапсырып Мемлекеттік жос-

парлау комиссиясына Г. М. Кржижановский мен Г. Л. Пятаковқа записка жазады.

Ерте дегенде 26 октябрь. — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің сессиясында сөз сөйлеуге әзірлене отырып, Ленин өз сөзінің жоспарын жасайды.

27 октябрь. — Ленин ағылшын газеті «The Observer»-дің тілшісі М. С. Фарбманның сұрақтарына жауаптар жазады.

Ленин мектептерге және сауатсыздықты жоюға бөлінетін қаржыны көбейту мақсатымен Халық ағарту комиссариатының сметасын қайта қарау қажеттігі туралы халық ағарту комиссарының орынбасары В. Н. Максимовскийге хат жазады.

Ленин әскери ведомство сметасының Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы белгілеген деңгейден жоғары етіп бекіткен жобасы туралы Г. М. Кржижановскиймен әңгімелеседі.

27 октябрь мен 5 ноябрь аралығында. — Ленин ағылшын газеті «The Manchester Guardian»-ның тілшісі А. Рансомның сұрақтарына берілетін жауаптардың бастапқы нұсқасын жазады.

28 октябрь. — Ленин Советтік Арменияның шаруашылығын өрге бастыруға көмектесу шаралары туралы шешімдердің орындалуын тексеруді тапсырып В. М. Молотовқа записка жазады.

Ленин ағылшын коммунистерінің Англияда парламент сайлауын өткізу кезіндегі тактикасы жөнінде К. Б. Радекке хат жазады.

29 октябрь. — Ленин Англияда болатын парламент сайлауы және ағылшын коммунистерінің сайлау алдындағы науқан кезінде ұстайтын тактикасы туралы Коминтерннің IV конгресіндегі Великобритания Коммунистік партиясының делегаты Г. Веббпен әңгімелеседі.

Ленин 28 октябрьде Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде әскери ведомствоның сметасы өсіріліп бекітілгеніне байланысты Л. Б. Каменевпен әңгімелеседі.

Ленин Москва Көркем театрының Бірінші студиясында Ч. Диккенстің «Пеш үстіндегі шегіртке» деген спектаклінде болады.

30 октябрь. Ленин Халық Комиссарлары Советінің әскери ведомствоның сметасы туралы қаулысын міндетті түрде қайта қарау қажеттігі жөнінде Л. Б. Каменевке хат жазады.

Ленин Л. Уркарт концессиясының шарттары туралы мәселе жөнінде «Правдада» айтыс ашуды ұсынып Г. Л. Пятаков пен М. И. Фрумкинге хат жазады; бұл ұсынысын РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына енгізеді.

31 октябрь. Ленин Н. П. Горбуновпен әңгімелеседі, оған шаруашылық майданындағы табыстар туралы газет қиындыларын іріктеп алуды тапсырады.

Ленин IX сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің IV сессиясының қорытынды мәжілісінде сөз сөйлейді.

Ленин Қара теңіз бұғаздары туралы мәселені талқылауға қатысу үшін РСФСР өкілдерін Лозанна конференциясына шақырған Англия, Франция және Италия үкіметтерінің 1922 жылғы 27 октябрьдегі нотасына жауап ретінде бұл үкіметтерге РСФСР үкіметі жіберетін нотаның жобасы жөнінде Г. В. Чичеринге және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының барлық мүшелеріне хат жазады.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен пікір сұралған кезде Ленин, Еңбек және Қорғаныс Советінің резервтегі азық-түлік қоры таратылып берілгендіктен, азық-түлік қорлары мен паектарын қосымша бөлу туралы қандай да болсын өтінішті қарауға қабылдамау жөнінде Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советіне берілген директиваны бекітуді жақтап сөз сөйлейді.

Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда мемлекеттік ұтыс заемы мен мемлекеттік лотерея шығару туралы мәселелер, Кіші Халық Комиссарлары Советі туралы ереже және басқа мәселелер талқыланады.

1 ноябрь. Ленин Октябрь революциясының бес жылдық мерекесіне байланысты «Петроградская Правдаға» құттықтау жазады.

Ленин Л. Б. Каменевпен, И. В. Сталинмен және Г. Е. Зиновьевпен кеңес өткізеді.

Ленин Коминтерннің IV конгресіне Итальян коммунистік партиясынан келген делегаттар Н. Бомбаччимен және А. Грациадеимен әңгімеледеді.

2 ноябрь. Ленин Октябрь революциясының бес жылдығына байланысты «Правдаға» құттықтау жазады.

Ленин кооператор-коммунистердің Бірінші халықаралық конференциясына құттықтау хат жазады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Кооперативтік банк туралы мәселенің талқылануына байланысты қаулының тезистерін жазады. Мәжілісте сондай-ақ Лозанна конференциясындағы совет делегациясы платформасының жобасы және Англия, Франция, Италия үкіметтеріне жолданатын нотаның жобасы туралы, азық-түлікпен жабдықтау жоспары туралы, өз орталықтарына қарсы шыққан эсерлер конференциясы туралы, табыс-мүлік салығы туралы, Қиыр Шығыс республикасы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Н. П. Горбуновқа өзінің атынан құпия иммиграцияға қарсы күрес жүргізу туралы хаттың жобасын жазуды тапсырады.

Ленин Халық шаруашылығы жоғары советі президиумының мүшесі А. М. Краснощеков пен Орыс-американ индустриялық корпорациясының председателі С. Хилманды қабылдайды; Мемлекеттік банк басқармасының председателі А. Л. Шейнманмен банктің эмиссиялық қызметі туралы әңгімелеседі.

3 ноябрь. Ленин Коминтерннің IV конгресіндегі РКП(б) делегациясы бюросының конгресті әзірлеу мәселелері жөніндегі кеңесін өткізеді; «Коминтерннің Бүкіл дүние жүзілік IV конгресіне, жұмысшы және қызыл әскер депутаттары Петроград Советіне» құттықтау хаттың жобасына түзету енгізеді.

Ленин Петроград тоқымашыларына құттықтау жазады.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Еңбек және Қорғаныс Советінің астық өткізу жөніндегі уәкілінің баяндамасы, жер жыртуда электр қуатын пайдалану туралы, 1922 жылғы ноябрьдегі жалақы минимумы туралы, Донбассты айналым қаржысымен жабдықтау туралы, Уралдың металлургиялық заводтарын агашпен қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин ағылшын газеті «The Manchester Guardian»-ның тілшісі А. Рансомды қабылдайды.

4 ноябрь. Ленин Статистиктердің Бүкіл россиялық съезіне құттықтау хат жазады.

5 ноябрь. Ленин А. Рансомның сұрақтарына берілетін жауаптарды жазып бітіреді.

Петроградта Коминтерннің IV конгресі ашылады, конгресс өз жұмысын одан әрі Москвада жалғастырады. Ленин президиумға және конгрестегі француз комиссиясына сайланады. Бірінші мәжілісте оның конгреске және Петроград Советіне жолдаған құттықтау хаты оқылады.

6 ноябрь. Ленин Москва және Москва губерниясы жұмысшы және шаруа әйелдерінің партиялық емес конференциясына құттықтау хат жолдайды.

Г. М. Кржижановскийге жазған хатында Ленин Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына Донбасстың тас көмір өнеркәсібін қаржыландыру туралы мәселені тез арада әзірлеуді тапсырады.

7 ноябрь. Ленин бұрынғы Михельсон заводының жұмысшыларына және мемлекеттік «Электропередача» электр станциясының жұмысшылары мен қызметшілеріне құттықтау хаттар жазады.

8 ноябрь. Ленин Брянск губерниясы Клинцы қаласындағы Стодоль шұға фабрикасының жұмысшыларына құттықтау хат жазады.

Ленин Донецк көмірінің 1913 және 1916 жылдардағы бағалары туралы анықтама әзірлеу, Хаммер концессиясындағы ереуіл туралы

ВЦСПС пен кен жұмысшылары кәсіподағы Орталық комитетінің шешімі жайында ВЦСПС-тен анықтама сұрау, Госсемкультура туралы Саяси бюро қаулыларының қалай орындалғанын және биылғы жылы Саяси бюроның Госсемкультура туралы тағы да қаулылар қабылдаған-қабылдамағанын егіншілік халық комиссарының орынбасары Н. А. Теодоровичтен сұрау, Мемлекеттік универсал магазин туралы анықтама сұрау жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырмалар береді.

Ленин И. В. Сталинмен, Л. Б. Каменевпен, Француз коммунистік партиясының Коминтернің IV конгресіндегі делегаты Рено Жанмен әңгімелеседі.

9 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады, онда Советтердің Бүкіл россиялық X съезінің күн тәртібі, Қытай-Шығыс темір жолы туралы, Жапонияның Сахалинді оккупациялағаны туралы, трестер туралы, табыс-мүлік салығы туралы және басқа мәселелер талқыланады.

10 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелерінің кеңесін өткізеді.

Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда кредит мекемелерінің қызметін бақылау туралы, Шатура құрылысын қайта бастау туралы, теңізшілерді материалдық жағынан қамтамасыз ету туралы және басқа мәселелер талқыланады.

11 ноябрь. Ленин Соколовтың Вычегдадағы қуатты көмірлі кен орындары жөніндегі запискасы туралы И. М. Губкиннен пікір сұрауды Н. П. Горбуновқа тапсырады.

Ленин Германиядағы жағдай туралы, Германия коммунистік партиясындағы алауыздықтар туралы, Советтік Россияның шаруашылықтағы табыстары туралы және жаңа экономикалық саясаттың маңызы туралы К. Цеткинмен әңгімелеседі.

13 ноябрьден ертерек. Ленин Коминтернің IV конгресінде жасайтын «Россия революциясының бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспек-

	тивалары» деген баяндамасына әзірленеді, баяндаманың жоспарларын жасайды.
13 ноябрь.	Ленин Коминтерннің IV конгресінің таңертеңгі мәжілісінде «Россия революциясының бес жылдығы және дүние жүзілік революцияның перспективалары» деген баяндама (неміс тілінде) жасайды.
	Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Қызыл Армиядағы адам санын қысқарту туралы қаулысының жобасын жазады.
13 ноябрьден кешірек.	Ленин Германия коммунистік партиясының Коминтерннің IV конгресіндегі делегациясын қабылдайды.
14 ноябрь.	Ленин Бүкіл россиялық ауыл шаруашылық көрмесіне құттықтау жазады.
	Ленин Солтүстік Америкадағы орыс колониясына хат жазады.
	Ленин В. Н. Яковлевамен және И. И. Ходоровскиймен олардың халық ағарту комиссарының орынбасарлары болып тағайындалуына байланысты әңгімелеседі.
	Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда жергілікті тұқым қорлары туралы, өнеркәсіп бақтары мен огородтарынан алынатын салық туралы қаулылардың жобалары, салық жинайтын қызметкерлердің материалдық жағдайын жақсарту жөніндегі шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.
15 ноябрь.	Ленин «Clarté» («Сәуле») тобына хат жазады.
	Ленин И. И. Скворцов-Степановпен, Коминтерннің IV конгресіне Итальян коммунистік партиясынан келген делегат А. Бордигамен, В. М. Молотовпен, А. Н. Свидерскиймен, Чехословакия коммунистік партиясындағы «әсіре солшылдар» тобының лидерлері В. Штурцпен және Б. Илекпен әңгімелеседі.
	Ленин мемлекеттік театрларға берілетін жәрдем ақшаны қысқарту туралы мәселе жөнінде А. Л. Колегаевпен әңгімелеседі.
Ерте дегенде 15 — кеш дегенде 17 ноябрь.	Ленин Франция Унитарлық Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясының Коминтерн мен Профинтерннің өзара қатынастары туралы

мәселедегі позициясы жөнінде Профинтерннің бас секретары С. А. Лозовскиймен әңгімелеседі.

16 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; мемлекеттік театрларға берілетін жәрдем ақшаны қысқарту туралы қаулының жобасына түзетулер енгізеді, А. Л. Колегаевқа бұл қаулыны орындау үшін қажетті шаралардың бәрін қолдануға праволы болу мандатын бекітуді ұсынады. Мәжілісте сондай-ақ әскери бюджет рубрикаларын қайта қарау жөніндегі комиссияның баяндамасы, Қызыл Армияны қысқарту туралы, Трестер туралы ереже жасау туралы және басқа мәселелер талқыланады.

17 ноябрь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда бағаларды реттеу туралы, Муғаньдағы мелиорация жұмыстары басқармасына 10 трактор беру туралы, астық өткізуге байланысты нақты шаралар туралы және басқа мәселелер талқыланады.

18 ноябрь. Ленин Профинтерннің II конгресіне Франция Унитарлық Жалпыға бірдей еңбек конфедерациясынан келген делегаттар Г. Монмуссомен және П. Семармен Франциядағы революциялық қозғалыс және жұмысшылардың жағдайы туралы, Унитарлық еңбек конфедерациясын Профинтернге қосу шарттары туралы, Француз коммунистік партиясындағы жағдай туралы әңгімелеседі.

Ленин Сыртқы сауда халық комиссариаты бойынша есеп беру жөнінде М. И. Фрумкиннен сұрау, И. В. Мичуриннің жұмысы мен тәжірибелері туралы баяндама жіберу жөнінде Тамбов губерниялық атқару комитетіне жарлық жолдау, Г. М. Кржижановскийге Еңбек және Қорғаныс Советінде Түркістан ирригациялық жүйесі туралы баяндама жасайтындығы жөніндегі нұсқауды айту, Азнефть председателі А. П. Серебровскийге мұнай концессиясы туралы сұрау жолдау жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырмалар береді.

Ленин Мемлекеттік саяси басқарма председателінің орынбасары И. С. Уншлихтпен әңгімелеседі.

19 ноябрь. **Ленин өнеркәсіпте шаруашылық есепті енгізу туралы Халық шаруашылығы жоғары советі председателінің орынбасары И. Т. Смилгамен әңгімеледеді.**

20 ноябрь. **Ленин Коминтерннің IV конгресіндегі РКП (б) делегациясы бюросының кеңесін өткізеді, онда Коминтерн программасының жобасы туралы баяндама бойынша болған жарыс сөздің сипаты туралы мәселе талқыланады.**

Ленин Москва Советінің пленумында сөз сөйлейді.

Ленин РСФСР финансының жағдайы туралы — Мемлекеттік банк пен Тұтынушылар қоғамдары орталық одағының жұмысы туралы, ауыр өнеркәсіпті қаржыландыру, салық, сом құны және басқа мәселелер туралы Г. Я. Сокольниковпен әңгімеледеді.

21 ноябрь. **Ленин Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде председательдік етеді; Концессия бас комитеті туралы ережені қайта қарау мәселесі бойынша бірнеше рет сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ Жүк тасымалдау жөніндегі Орталық комитет туралы ереженің жобасы, орталықта және жергілікті жерлерде шығыс тілдеріндегі үгіт пен насихаттың жағдайы және қажеттері туралы, Гидроторфты қаржыландыру, Әлеуметтік қамсыздандыру халық комиссариатының сметасын бекіту туралы және басқа мәселелер талқыланады.**

22 ноябрь. **Ленин совет қызметкерлері кәсіптік одағы Бүкіл россиялық V съезінің президиумына құттықтау хат жолдайды.**

Ленин Америка Құрама Штаттарына жүргелі жатқан, Американ көмек әкімшілігінің Россиядағы уәкілі полковник В. Хаскельді қабылдап, Россияның аштарншылыққа ұшыраған жерлеріндегі халыққа көмек көрсеткені үшін америкам халқына алғыс айтуды өтінеді.

Ленин Америка Құрама Штаттарының сауда министрі Г. Гуверге жолдапатын хаттың жобасын жазады, онда Советтік Россияның экономикалық проблемаларымен танысу үшің

осында келіп қайтатыны жөнінде Гувердің В. Хаскель арқылы айтқан ұсынысы сөз болады; жобаны РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелеріне және Г. В. Чичеринге жібереді.

Ленин Баранов фарфор заводының (Волынь губерниясы) Москваға келген жұмысшыларының делегациясын қабылдайды, бұл жұмысшылар Ленинге сыйлық ретінде әзірленген сервизді оған тапсыру үшін келген болатын.

23 ноябрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Халық ағарту комиссариатының мәселелері талқыланған кезде сөз сөйлейді. Мәжілісте сондай-ақ қарусыздану жөніндегі Москва конференциясы туралы, Кооперативтік банк туралы, Концессия бас комитетінің құрамы туралы, ауыл шаруашылық кредиті туралы, Мемлекеттік трестер жайындағы ереже туралы, платина сату жөніндегі аралас қоғам туралы және басқа мәселелер талқыланады.

24 ноябрь. Ленин Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісінде председательдік етеді, онда Ішкі сауда жөніндегі комитет туралы ереженің жобасы, темір жол тарифін арттыру туралы мәселе, Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының парақорлыққа қарсы күрес жөніндегі баяндамасы, Еңбек және Қорғаныс Советі комиссиясының Советтердің X съезіне материалдар әзірлеу туралы баяндамасы, мақта өнеркәсібіне көмек көрсету үшін Түркістанға астық тасып жеткізу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Жетісу темір жолының құрылысы жөнінде Түркістан республикасы экономикалық советінің уәкілі Сафоновпен әңгімелеседі.

Ленин 1922 жылы 22 октябрьде орындарынан түсу жөнінде өтініш берген Грузия Коммунистік (большевиктер) партиясы Орталық Комитеті мүшелерінің мәлімдемесін шұғыл түрде қарайтын және Грузия Компартиясында берік татулық орнатуға қажетті шараларды ұсынатын комиссия тағайындау туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті

Саяси бюросының мүшелерінен пікір сұралған кезде дауыс беруден қалыс қалады.

Ленин соғыс-теңіз кемелерін жөндеу және жасау программасын қысқарту қажеттігі туралы Республика Революциялық-әскери советі председателінің орынбасары Э. М. Склянскиймен әңгімеледеді.

25 ноябрь. Ленин соғыс-теңіз кемелерін жөндеу және жасау программасын қысқарту және осының есебінен мектептердің мұқтаждықтарына қосымша қаржы бөлу туралы И. В. Сталинге хат, конгрестің Е. С. Варга жазған «Аграрлық іс-қимыл программасының нобайы» деген қарарының жобасы жөнінде Коминтерннің IV конгресіндегі РКП(б) делегациясының бюросына хат, Коминтерннің IV конгресіне Италиядан келген делегаттарға арналған хаттың жобасы жөнінде және Троцкийдің жаңа экономикалық саясат туралы тезистері жөнінде Л. Д. Троцкийге хат жазады.

Ленин ағарту қызметкерлерінің Бүкіл россиялық IV съезіне өз атынан құттықтау хат жолдау жөнінде нұсқау береді.

Ленин А. Д. Цюрупамен әңгімеледеді және РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Трестер туралы ереженің жобасын әзірлеу жөніндегі комиссиясының жұмысына атсалысу жөнінде оған ұсыныс жасайды; Н. П. Горбуновқа осы мәселе жөніндегі барлық материалдармен А. Д. Цюрупаны таныстыруды, сондай-ақ платинаны заңсыз сатып алуға қарсы күрес туралы қаулының жобасын Саяси бюроның барлық мүшелеріне жіберуді тапсырады.

Дәрігерлер Ленинге бір апталық алаңсыз демалыс тағайындайды.

27 ноябрь. Сыртқы сауда туралы мәселе жөніндегі материалдармен танысқаннан кейін Ленин Н. П. Горбуновқа бұл материалдарды А. Д. Цюрупаға жіберуді тапсырады.

Ленин Н. П. Горбуновқа Орта Азиядағы ирригациялық жұмыстар және Жетісу темір жолының құрылысы туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Орта Азия бюросының председателі Я. Э. Рудзутактан сұрауды тапсырады.

28 ноябрь. Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы М. И. Фрумкинмен және Н. П. Горбуновпен телефон арқылы әңгімелеседі; Л. А. Фотиеваға бұл мәселе жөнінде қосымша материалдар сұрауды тапсырады.

Ленин А. М. Лежаваға РКП(б) Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумына байланысты «жағдайды байқап білуді» — Орталық Комитет мүшелерімен, шаруашылық халық комиссариаттарының және ВЦСПС-тің қызметкерлерімен олардың сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөніндегі позициясы жайында сөйлесуді тапсырады.

29 ноябрь. Ленин соғыс-теңіз кемелерін жөндеу және жасау программасы жөнінде И. В. Сталинмен, одан соң (телефон арқылы) Л. Б. Каменевпен әңгімелеседі.

Ленин соғыс-теңіз кемелерін жөндеу және жасау программасын қысқарту туралы мәселе жөнінде И. В. Сталинге хат жазады.

Ленин РСФСР-дің шетелдегі сауда өкілдіктерінің қызметіне ревизия жасайтын Халық Комиссарлары Советі комиссиясының жұмысы туралы, сыртқы сауда монополиясы туралы және РКП(б) Орталық Комитетінің алдағы болатын пленумы туралы В. А. Аванесовпен әңгімелеседі.

30 ноябрь. Ленин В. В. Адоратскиймен әңгімелеседі және ол бастырып шығаруға әзірлеген К. Маркс пен Ф. Энгельстің таңдамалы хаттарының жинағын қарап шығады.

Ленин кітапханашы Ш. М. Манучарьянцке Ф. Энгельстің «Саяси өсиет (Жарияланбаған хаттардан)» деген кітабын өзінің сөресінде сақтауды өтініп записка жазады.

1 декабрь. Ленин В. М. Молотовпен және С. И. Сырцовпен РКП(б) Орталық Комитеті аппаратының жұмысы туралы, А. Д. Цюрупамен, Коминтерннің IV конгресіне Австралия Компартиясынан келген делегаттар В. П. Ирсманмен және Дж. С. Гарденмен әңгімелеседі.

2 декабрь. Ленин Азов-Қара теңіз бассейнін зерттеу нәтижелері және елде балық шаруашылығын

қалпына келтіруге қажетті шаралар туралы профессор Н. М. Книповичпен әңгімелеседі.

Ленин Советтік Россиядағы ашыққандарға халықаралық жұмысшы көмегін ұйымдастыратын шетелдік комитеттің (Межрабпом) бас секретары В. Мюнценбергке Межрабпом қызметі туралы хат жолдайды.

РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелерінен пікір сұралған кезде Ленин платина сатып алушыларга қарсы күресті ең ауыр жаза қолдануға дейін күшейту туралы шешімнің жобасын бекітуді жақтайды.

4 декабрь. Ленин А. Л. Колегаевпен РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мемлекеттік театрларға берілетін жәрдем ақшаны қысқарту туралы қаулысының орындалуы жөнінде, Бүкіл россиялық электротехникалық әлсіз токтар заводтары тресінің председателі И. П. Жуковпен, Халық шаруашылығы жоғары советі Главэлектросының бастығы А. З. Гольцманмен және оның орынбасары П. Ф. Лаврентьевпен электр өнеркәсібін қалпына келтіру және өркендету жөніндегі шаралар туралы Халық шаруашылығы жоғары советі әзірлеп жатқан декреттің жобасы жайында, В. А. Аванесовпен Халық Комиссарлары Советінің сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөніндегі комиссиясының қорытындылары жөнінде әңгімелеседі.

Ленин М. И. Фрумкиннің «Сыртқы сауданың жағдайы туралы қысқаша материалдар» деген баяндамасымен танысады, одан соң бұл мәселе жөнінде онымен әңгімелеседі.

Ленин Кыштым заводы туралы материалдарды зерттеу, Москва мен Петроградтағы совет қызметшілері санағының материалдарын талдап жасау жүйесімен танысу, металлургия өнеркәсібін, Донбассты және Азнефтьті қаржыландыру туралы негізгі деректерді әзірлеу жөнінде Н. П. Горбуновқа тапсырмалар береді.

Ленин И. И. Ходоровскийге РКП(б) қалалық ұяларының селолық ұяларды және селолық ұялардың қалалық ұяларды қамқорлыққа алуы туралы мәліметтер жіберуді өтініп хат жазады, Коммунистік Жастар Интернациона-

лының III конгресіне құттықтау хат, РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының Гаага халықаралық бейбітшілік конгресіндегі совет делегациясының міндеттері туралы мәселе жөніндегі комиссиясына арнап хат («Гаагадағы біздің делегацияның міндеттері туралы мәселе жөніндегі заметкалар»), Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары арасында жұмысты бөлісу туралы ұсыныстар жазады.

5 декабрь. Ленин Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының мүшесі А. И. Свидерскийге жазған хатында Азов теңізінде және Донның сағаларында жыртқыштықпен балық аулау фактілерін, сондай-ақ Жаңа Жер аралының колонистерімен сауда жасау ісінің дұрыс жолға қойылмағаны жайындағы мәліметтерді тексеруді талап етеді.

Ленин Профинтерннің II конгресіне Чехословакия кәсіподақтарынан келген делегаттар Й. Гайспен, Храмостамен, Й. Франекпен, Рихтермен, Хаберамен Чехословакиядағы жұмысшы қозғалысы туралы; Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповпен Москва мен Петроградтағы совет қызметшілері санағының материалдарын талдап жасау туралы және Орталық статистика басқармасының жұмысы туралы; А. Д. Цюрупамен әңгімелеседі.

Ленин Н. П. Горбуновқа егіншілік халық комиссары В. Г. Яковенкодан И. В. Мичуриннің питомнигі үшін не істелгені туралы анықтама сұрауды тапсырады.

6 декабрь. Ленин В. Н. Яковлева мен Л. Б. Каменевтен барлық мектептердің оқушылары мен мұғалімдерін қамтамасыз етуге қажетті астықтың мөлшері туралы сұрауды және Орталық статистика басқармасының жұмысы туралы материалдармен танысу жөніндегі өзінің өтінішін Л. Б. Каменев пен А. Д. Цюрупаға айтуды Л. А. Фотиеваға тапсырады.

Ленин И. В. Сталинмен, Халық шаруашылығы жоғары советінің председателі П. А. Богдановпен, ауыл шаруашылық және өнеркәсіп иммиграциясы жөніндегі комиссияның пред-

седателі А. В. Эйдукпен, почта және телеграф халық комиссары В. С. Довгалевскиймен әңгімелеседі.

Ленин Италияның Коммунистік және Социалистік партияларын біріктіру туралы мәселе жөнінде Итальян социалистік партиясы басшыларының бірі К. Лаццариге жолданатын хаттың жобасын жазады.

Ленин Федосеевтің революциялық қызметіне арнап Истпарт шығаратын жинаққа «Николай Евграфович Федосеев туралы естеліктер» жазады және оны А. И. Ульянова-Елизароваға жолдайды. (Естеліктер «Н. Е. Федосеев туралы бірнеше сөз» деген атпен жарияланды.)

7 декабрь. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының мәжілісіне қатысады; Мемлекеттік жабдықтау комиссиясының баяндамасы жөніндегі қаулының жобасына қосымшалар және халық ағарту комиссары мен оның орынбасарлары арасындағы өзара қатынастар туралы қаулының жобасына түзетулер енгізеді. Мәжілісте сондай-ақ қарусыздану жөніндегі конференция туралы, экспортқа астық шығару туралы, ауыл шаруашылық кредиті туралы, 1922 жылғы декабрьдегі жалақы қоры туралы, Азық-түлік халық комиссариаты мен Финанс халық комиссариатының аппараттарын қосу туралы, совет инженерлерін шетелге жіберу туралы және басқа мәселелер талқыланады.

Ленин Ч. П. Штейнмецке хат жазады және ол хатты Америка Құрама Штаттарына қайтқалы жатқан американ коммунисі Г. Вәрге апарып беруді тапсырады.

Ленин Л. А. Фотиеваға халық комиссариаттарының және жалпы алғанда барлық мемлекеттік мекемелердің шетелге қуылып жіберілген адамдарға мандат беруіне және оларды қызметке тартуына, сондай-ақ Советтік Россиядағы шетелдік миссиялармен тікелей байланыс жасауына тыйым салу жөнінде И. С. Уншлихт жасаған ұсыныспен өзінің келісетіндігі туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросына хабарлау, мектеп оқушылары мен мұғалімдерін нанмен қамтамасыз ету туралы деректерді әзірлеу үшін

Саяси бюро тағайындаған комиссияның жұмысы туралы В. Н. Яковлевадан сұрау жөнінде тапсырмалар береді.

Горкиге жүріп кетуіне байланысты Ленин Н. П. Горбунов пен Л. А. Фотиеваға РКП(б) Орталық Комитетінен келіп түсетін документтер жайында өзіне хабарлап тұрудың тәртібі туралы нұсқаулар береді.

Кешке Ленин Горкиге жүріп кетеді.

8 декабрь. Ленин телефон арқылы Л. А. Фотиевамен сөйлеседі, ол Ленинге 7 декабрьде Ленин мәжілістен кеткеннен кейін РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы қабылдаған шешімдер туралы хабарлайды.

Ленин И. В. Сталинге арналған хатын телефон арқылы айтып жаздырады, ол хатында РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының меньшевик Н. А. Рожковқа Москвада тұруға рұқсат етуі туралы және Профинтерн мен Коминтерннің аппараттарына РКП(б)-ның қызметкерлер жіберуі жөнінде 7 декабрьде қабылдаған қаулыларымен келіспейтіндігін білдіреді.

Ленин телефон арқылы Л. А. Фотиеваға Қара теңізде кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жөнінде Қара теңіз мемлекеттерінің конференциясын шақыру туралы мәлімдеме жайында Лозанна конференциясындағы совет делегациясынан келген телеграмма бойынша, Советтердің X съезіне арналған қарарлардың жобаларын қайта қарайтын комиссияның құрамы туралы, Советтердің Бүкіл украиндық VII съезіне құттықтау жолдау туралы, РКП(б) Орталық Комитетінің пленумын кейінге қалдыру туралы РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы шешімдерінің жобаларымен өзінің келісетіндігін хабарлайды.

Ленин Орталық Комитет Саяси бюросы жұмысының регламенті туралы РКП(б) Орталық Комитетінің пленумына арналған ұсынысын телефон арқылы айтып жаздырады.

9 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары мен председателінің жұмыс

тәртібі туралы ұсыныстарын телефон арқылы айтып жаздырады және оларды А. Д. Цюрупаға, А. И. Рыковқа, И. В. Сталинге және Л. Б. Каменевке жолдайды.

10 декабрь. Ленин Бакуде эсерлер процесі бойынша шығарылған үкім жөнінде РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы шешімінің жобасымен өзінің келісетіндігін телефон арқылы айтады.

Ленин Н. П. Горбуновқа «Жаңа жолда. Жаңа экономикалық саясаттың 1921—1922 жылдардағы қорытындылары. Еңбек және Қорғаныс Советінің комиссиясы редакциялаған еңбектер» деген жинақтың корректурасын сұрауды тапсырады.

Ленин М. И. Фрумкинге жазған запискасында РСФСР-дің шетелдегі сауда өкілдіктерінің қызметіне ревизия жасайтын Халық Комиссарлары Советі комиссиясының тезистері туралы өзінің пікірін хабарлауды өтінеді.

Ленин Советтердің Бүкіл украиндық VII съезіне құттықтау жолдайды.

12 декабрь. Ленин Горкиден Москваға қайтып келеді.

Ленин А. И. Рыковпен, Л. Б. Каменевпен және А. Д. Цюрупамен олардың арасында міндеттерді бөлісу және Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі аппаратының жұмысын ұйымдастыру туралы, Ф. Э. Дзержинскиймен оның Закавказье өлкелік комитеті мен Мдивани тобы арасындағы жанжалды тексеру үшін РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросының комиссиясын басқарып Грузияға барған сапары туралы, РСФСР-дің Германиядағы сауда өкілі Б. С. Стомоняковпен сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде әңгімелеседі.

13 декабрьден ертерек. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде сөз сөйлеуге әзірленеді, сөзінің конспектісін жасайды.

13 декабрь. Лениннің науқасы екі рет қатты асқынады.

«Владимир Ильичті,— деп жазылған Лениннің ауруының тарихында,— ешбір мәжілісте сөз сөйлемеуге және жұмыс істеуден уақытша мүлде бас тартуға әрең көндірдік. Владимир Ильич ақыр аяғында бұған келісті

және өзінің істерін бүгіннен бастап тоқтата тұратындығын айтты».

Ленин Саяси бюроның Н. А. Рожков туралы 7 декабрьдегі шешіміне екінші рет наразылық білдіріп РКП(б) Орталық Комитетіне хатын, сыртқы сауда монополиясы туралы мәселенің РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында талқыланатындығы туралы М. И. Фрумкинге, Б. С. Стомоняковқа және Л. Д. Троцкийге хатын, Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары арасында жұмысты бөлісу туралы Л. Б. Каменевке, А. И. Рыковқа және А. Д. Цюрупаға хатын, сыртқы сауда монополиясы туралы РКП(б) Орталық Комитетінің пленумына арнап И. В. Сталинге жолдайтын хатын айтып жаздырады.

14 декабрь. Ленин өзінің РКП(б) Орталық Комитетінің пленумына арнап жазған сыртқы сауда монополиясы туралы хатын И. В. Сталин мен Л. Д. Троцкийге, сонымен бірге В. А. Аванесовқа жіберуді тапсырады, Аванесовқа жазған қосымша запискасында одан өз ұсыныстарын жіберуді өтінеді.

Ленин РСФСР-дің шетелдегі сауда өкілдіктерінің қызметіне ревизия жасайтын Халық Комиссарлары Советі комиссиясының председателі Е. М. Ярославскиймен әңгімелеседі.

15 декабрь. Ленин Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде өзінің сөз сөйлейтіні жөнінде және сыртқы сауда монополиясы туралы мәселені РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында талқылауды кейінге қалдыруға жол беруге болмайтындығы туралы РКП(б) Орталық Комитетінің мүшелеріне арнап И. В. Сталинге жолдайтын хатын, сыртқы сауда монополиясын қорғап Орталық Комитеттің пленумында сөйлеуі керектігі туралы Л. Д. Троцкийге хатын айтып жаздырады.

Ленин Халық Комиссарлары Советі жанындағы Финанс комитетінің жұмысы туралы материалдарды сұратады.

Декабрьдің 15-інен 16-сына қараған түні. Лениннің денсаулық жағдайы күрт нашарлайды.

16 декабрь. Ленин Халық Комиссарлары Советі мен Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасарлары арасында жұмысты бөлісу туралы мәселе жөнінде Л. Б. Каменевке, А. И. Рыковқа және А. Д. Цюрупаға хатын Н. К. Крупскаяға айтып жаздырады.

Ленин денсаулық жағдайына байланысты Советтердің Бүкіл россиялық X съезінде өзінің соз сойлей алмайтындығын И. В. Сталинге айтуды Н. К. Крупскаяға тапсырады.

Ленин Е. М. Ярославскийге сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде РКП(б) Орталық Комитетінің пленумында Н. И. Бухариннің, Г. Л. Пятаковтың және басқалардың сөйлеген создерін жазып алуды тапсырады.

18 декабрь. РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Лениннің ұсыныстарын қолдайды және сыртқы сауда жөніндегі мемлекеттік монополияның бұлжымайтындығын қуаттайды; дәрігерлермен келісім бойынша, пленум қарарының текстін Ленинге хабарлау жөнінде шешім қабылданады. Пленум арнаулы қаулы қабылдап, дәрігерлердің Ленинге арнап белгілеген режимнің орындалуына жеке жауапкершілікті И. В. Сталинге жүктейді.

21 декабрь. Ленин сыртқы сауда монополиясы туралы мәселе жөнінде Л. Д. Троцкийге хатын Н. К. Крупскаяға айтып жаздырады.

Декабрьдің 22-сінен 23-іне қараған түні. Лениннің денсаулық жағдайы одан әрі нашарлайды: оң қолы мен оң аяғы жансыздана бастайды.

23 декабрь. Ленин, өзін «бір мәселе толғандырып жүргендіктен», стенографисткаға бес минут бойы айтып жаздыруына дәрігерлердің рұқсат етуін өтінеді. Рұқсат алғаннан кейін, Ленин «Съезге хатты» (1-ші бөлімін) айтып жаздырады.

24 декабрь. Ленин күн сайын, аз уақытқа болса да, өзінің «күнделігін» айтып жаздыруына рұқсат берілуін талап етеді. И. В. Сталин, Л. Б. Каменев және Н. И. Бухарин дәрігерлермен кеңес өткізгеннен кейін мынадай шешім қабылданады: «1. Владимир Ильичке күн сайын

5—10 минут айтып жаздыруға право беріледі, бірақ мұның өзі хат-хабар жазысу сипатында болмауға тиіс және бұл жазбаларына Владимир Ильич жауап күтпеуі керек. Жолығысуға тыйым салынады. 2. Достары да, үйіндегілер де Владимир Ильичтің ойланып-толғануына және мазалануына мүмкіндік бермеу үшін оған саяси өмірден еш нәрсе хабарламауға тиіс».

Ленин «Съезге хатты» айтып жаздыруын жалғастырады.

25—26 декабрь. Ленин «Съезге хатты» айтып жаздыруын аяқтайды.

27—28 декабрь. Ленин «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы» деген хаты мен «Есте ұстау үшін»— талдап жасауға арналған тақырыптар туралы деген заметкаларын айтып жаздырады.

29 декабрь. Ленин «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы» деген хатын айтып жаздыруды аяқтайды және «Съезге хатқа»—«РКП(б) Орталық Комитеті мүшелерінің санын көбейту жөніндегі бөлімге» деген қосымшасын айтып жаздырады.

30 декабрь. ССР Одағы Советтерінің I съезі Ленинді съездің құрметті председателі етіп сайлайды; Ленинге құттықтау жолдау жөнінде шешім қабылданады.

Ленин «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатының бірінші бөлімін айтып жаздырады.

31 декабрь. Ленин «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатын айтып жаздыруды аяқтайды.

1923

1—2 январь. Ленин «Күнделік дәптердің беттерінен» деген мақаласын айтып жаздырады.

4 январь. Ленин «Съезге хатқа» (1922 жылғы 24 декабрьдегі жазбаға) қосымшасын және «Коо-

перация туралы» деген мақаласының бірінші бөлімін айтып жаздырады.

5—6 январь. Ленин «Кооперация туралы» деген мақаласының екінші бөлімін айтып жаздырады.

Кеш дегенде 9 январь. Ленин «Біз Рабкринді не істеуіміз керек?» деген мақаласының жоспарын айтып жаздырады.

9 январь. Ленин «Біз Рабкринді не істеуіміз керек?» деген мақаласын («Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаласының бастапқы нұсқасын) айтып жаздырады.

Ленин Н. П. Горбуновқа эмиссия туралы салыстырмалы деректерді шұғыл түрде әзірлеуді тапсырады.

11 январь. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Ленинді РКП(б) XII съезіне Орталық Комитеттің саяси есебі бойынша баяндамашы етіп бекітеді.

13 январь. Ленин «Біз Рабкринді не істеуіміз керек?» деген мақаласын айтып жаздыруды аяқтайды.

16—17 январь. Ленин Н. Сухановтың «Революция туралы запискалары» жөніндегі мақаласын айтып жаздырады. Мақала 1923 жылы 30 майда «Правдада» «Біздің революция туралы (Н. Сухановтың запискалары жөнінде)» деген атпен жарияланды.

19 январь. Ленин «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек (Партияның XII съезіне ұсыныс)» деген мақаласын айтып жаздырады.

20 январь. Ленин «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаласына қосымшалар мен түзетулер енгізеді.

Ленин Л. А. Фотиеваға мекемелердің еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру жөніндегі жұмысы туралы анықтама әзірлеуді тапсырады.

22 январь. Ленин «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаласын жазумен шұғылданады.

23 январь. Ленин «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаласын жазып бітіреді және оны «Правдаға» жолдайды.

24 январь. Ленин Ф. Э. Дзержинскийден немесе И. В. Сталиннен РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы комиссиясының грузин мәселесі жөніндегі материалдарын сұрап алу жөнінде Л. А. Фотиеваға тапсырма береді; бұл материалдарды зерттеп, баяндау записка жазуды Л. А. Фотиеваға, Н. П. Горбунов пен М. И. Гляссерге тапсырады; маған «мұның өзі партия съезі үшін керек болып отыр» деп атап көрсетеді.

26 январь. Ленин А. Д. Цюрупаға, А. И. Свидерскийге, В. А. Аванесовқа «егер олар» менің «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаламды «мақұлдайтын болса», еңбекті ғылыми жолмен ұйымдастыру мәселелері бойынша бірқатар кеңестер өткізсін деп айтуды Л. А. Фотиеваға тапсырады.

30 январь. Ленин А. Д. Цюрупаның қандай деп жауап қайтарғандығын, оның, А. И. Свидерскийдің, В. А. Аванесовтың және Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының басқа да мүшелерінің «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақаланы мақұлдайтын-мақұлдамайтындығын Л. А. Фотиевадан сұрайды.

1 февраль. Ленин РКП(б) Орталық Комитеті Саяси бюросы комиссиясының грузин мәселесі жөніндегі материалдарын талдап жасау жөніндегі нұсқауларды Л. А. Фотиеваға айтып жаздырады; одан А. Д. Цюрупаның және басқалардың «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек» деген мақалаға көзқарасын және «Орталық Комитетте мақала туралы мәселенің сөз болған-болмағандығын» сұрайды.

2 февраль. Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласының бас жағын айтып жаздырады.

Ленин өзіне А. Е. Ходоровтың «Дүние жүзілік империализм және Қытай (Саяси-экономикалық зерттеу тәжірибесі)» және М. П. Павловичтің «Советтік Россия және империалистік Жапония» деген кітаптарын тауып беруді Н. К. Крупскаяға тапсырады.

3 февраль. Ленин грузин мәселесі жөніндегі материалдар бойынша не істеліп жатқандығы жайында Л. А. Фотиевамен әңгімелеседі.

4 февраль. Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын айтып жаздыруды жалғастырады, одан соң жазылғанды қарап шығады және қосымшалар енгізеді.

5 февраль. Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын айтып жаздыруды жалғастырады.

Ленин грузин мәселесі жөніндегі материалдар бойынша не істеліп жатқандығы жайында М. И. Гляссермен әңгімелеседі; оған Москва мен Петроградтағы совет қызметшілері санағының материалдарын талдап жасаудың қандай жағдайда екендігін Орталық статистика басқармасының басқарушысы П. И. Поповтан сұрауды тапсырады, бұл материалдардың партия съезіне дейін жариялануға тиіс екендігін атап көрсетеді.

6 февраль. Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын айтып жаздыруды жалғастырады.

7 февраль. Ленин совет қызметшілері санағының нәтижелері жөнінде әзірленіп жатқан жинақ туралы, грузин мәселесі жөніндегі материалдар бойынша не істеліп жатқандығы туралы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құру жоспарына Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариаты коллегиясының көзқарасы туралы Л. А. Фотиевамен әңгімелеседі.

Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын айтып жаздыруды жалғастырады.

9 февраль. Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құру туралы мәселені РКП(б) XII съезіне ұсынғысы келетіндігі жайында Л. А. Фотиевамен әңгімелеседі; совет қызметшілері санағының нәтижелері туралы жинақтың әзірленуін бақылауды Г. М. Кржижановский мен А. И. Свидерскийге тапсыруды өтінеді.

Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласының қорытынды бөлімін айтып жаздырады.

Ленин Н. К. Крупскаядан «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаланың қорытынды бөлімін оқып шығуды өтінеді.

10 февраль. Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын танысу үшін А. Д. Цюрупаға жолдауды Л. А. Фотиеваға тапсырады.

12 февраль. Ленин совет қызметшілері санағының нәтижелері жөніндегі жинақты әзірлеу туралы, грузин мәселесі жөніндегі материалдар бойынша не істеліп жатқандығы туралы, Жұмысшы-Шаруа инспекциясын қайта құру туралы Л. А. Фотиевамен әңгімелеседі.

14 февраль. Ленин Л. А. Фотиевамен әңгімелеседі; өзінің барлық тапсырмаларын, әсіресе грузин мәселесі жөніндегі тапсырмасын тезірек орындауды өтінеді; өзінің грузин мәселесі жөніндегі пікірін РКП(б) Орталық бақылау комиссиясы президиумының мүшесі А. А. Сольцке айтуды тапсырады.

25 февраль. Ленин таңертең «оқыды және істер жөнінде сөйлесті... Кешке оқыды және бір сағаттан астам айтып жаздырды». (Доктор А. М. Кожевниковтың жазбасынан).

Марттың басы. Ленин Н. К. Крупскаяның «Мәдениет базасы» деген мақаласын оқиды, оған мақаланы бұқараға, жұмысшылар мен шаруаларға сауатсыздықты жою ісін өздерінің қолға алуы туралы үндеумен толықтыру жөнінде кеңес береді.

2 март. Ленин «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласын айтып жаздыруды аяқтайды.

3 март. Ленин өзінің «Аз болса да, жақсы болсын» деген мақаласының корректурасын қарап шығады.

Ленин РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы комиссиясының грузин мәселесі жөніндегі материалдары туралы Л. А. Фотиеваның, М. И. Гляссердің және Н. П. Горбуновтың баяндау запискасы мен қорытындысын алады.

5 март. Ленин Л. Д. Троцкийге хатын айтып жаздырады.

Ленин И. В. Сталинге хатын айтып жаздырады.

6 март. Ленин П. Г. Мдиваниге, Ф. И. Махарадзеге және басқаларға хатын айтып жаздырады.

Лениннің денсаулық жағдайы күрт нашарлайды.

10 март. Лениннің науқасы қайтадан асқынып, мұның өзі оң жақ денесінің жансыздануының күшейе түсуіне және тілі байлануына әкеліп соқтырады.

14 март. «Известияда» Лениннің денсаулық жағдайының едәуір нашарлағаны және үкіметтің Лениннің науқасының барысы туралы медициналық бюллетеньдерді жариялауды қажет деп білетіні туралы үкімет хабары жарияланады.

Февраль — март. Лениннің соңғы мақалалары мен хаттарындағы нұсқауларды басшылыққа ала отырып, РКП(б) Орталық Комитеті партияның XII съезіне арнап ұйымдастыру мәселесі жөніндегі, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы мен Орталық Бақылау Комиссиясын қайта құру туралы, ұлт мәселесі және басқа мәселелер жөніндегі қарарлардың жобаларын әзірлейді.

17 апрель. РКП(б) XII съезі ашылады; съезд Ленинге құттықтау хат қабылдайды.

18 апрель. РКП(б) XII съезі президиумының мәжілісінде Лениннің «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жөнінде» деген хатын 18 апрельдегі кешкі мәжілістен кейін сеньорен-конвент мәжілісінде (делегациялар өкілдерінің кеңесі), ал одан соң делегациялардың жиналыстарында оқып беру жөнінде шешім қабылданады.

25 апрель. РКП(б) XII съезінің он алтыншы мәжілісінде Ленин партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып бірауыздан сайланады.

26 апрель. РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Ленинді Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі етіп сайлайды.

15 май. Ленинді Горкиге көшіреді.

24 май. РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Лениннің «Кооперация туралы» және «Біздің

	революция туралы (Н. Сухановтың записка-лары жөнінде)» деген мақалаларын тезірек жариялау жайында шешім қабылдайды.
4 июнь.	РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Лениннің 2 июньде Н. К. Крупская Орталық Комитетке табыс еткен «Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына заң шығару функцияларын беру туралы» деген хатын Орталық Комитеттің мүшелері мен мүшелігіне кандидаттарға танысу үшін жолдау жөнінде шешім қабылдайды.
26 июнь.	РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы Лениннің «Кооперация туралы» деген мақаласында мәселенің жаңаша қойылуына байланысты кооперация туралы мәселе талқылайды.
6 июль.	ССР Одағы Орталық Атқару Комитеті ССР Одағы Үкіметін — Ленин бастаған Халық Комиссарлары Советін құрады.
Июльдің екінші жартысы.	Лениннің денсаулық жағдайы жақсара түседі; ол жүре бастайды, сол қолымен жазуға жаттығады.
21 июль.	Ленин «Горки» совхозының басқарушысы А. А. Преображенскийге барады, оның үйінде үш күн болады.
10 август, 1923—20 январь, 1924.	Ленин «Правданы», кейінірек «Известияны» және басқа газеттер мен журналдарды күн сайын қарап шығады, кейін өзіне Н. К. Крупская оқып беретін материалдарды белгілеп отырады.
11 сентябрь.	Ленин Москвада ашылған Бүкіл россиялық ауыл шаруашылық көрмесі туралы «Горки» совхозының шаруашылық меңгерушісі А. Г. Панковтың әңгімесін тыңдайды.
8 октябрь.	Ленин жаңа кітаптардың тізімдерін мезгіл-мезгіл жасап, өзіне жіберіп тұруды тапсырады.
18 октябрь.	Ленин Горкиден Москваға келеді.
19 октябрь.	Ленин Кремль алаңында, Москва көшелерінде, Ауыл шаруашылық көрмесінің террито-

	риясында автомобильмен жүріп өтеді, Кремльге қайтып келеді, өзіне кітапханадан кітаптар іріктеп алады, одан соң қайтадан Горкиге жүріп кетеді.
2 ноябрь.	Ленин Глухов мануфактурасы жұмысшыларының делегациясын қабылдайды, делегация Ленинге жұмысшылардың сәлемін айтады және сыйлық ретінде шие көшеттерін береді.
24 ноябрь мен 9 декабрь аралығында.	Ленинге Н. И. Бухарин, Е. А. Преображенский, М. Г. Бронский кіріп шығады.
29 ноябрь.	Ленин «Октябрь революциясының 6 жылдығы» деген документті кинофильм көреді; И. И. Скворцов-Степановпен және О. А. Пятницкиймен кездеседі, Москва Советіне қайта сайлаудың барысы туралы, Германиядағы жағдай және басқа мәселелер туралы олардың әңгімелерін зор ықылас қойып тыңдайды.
16 декабрь.	Ленинге «Красная Новь» журналының редакторы А. К. Воронский және Н. Н. Крестинский кіріп шығады.

1924

7 январь.	Ленин «Горки» совхозы мен санаторийінің жұмысшылары мен қызметшілерінің балаларына арнап ұйымдастырылған ёлкаға қатысады.
17—18 январь.	Н. К. Крупская РКП(б) XIII конференциясының барысы туралы «Правдада» жарияланған есепті Ленинге оқып береді.
19 январь.	Ленин шанамен орманға барады, аң аулауды қызықтайды.
19—20 январь.	Н. К. Крупская РКП(б) XIII конференциясының «Правдада» жарияланған қарарларын Ленинге оқып береді. «Сенбі күні,— деп жазды кейінірек Н. К. Крупская,— Владимир Ильич мазасызданғандай болғанда, мен оған қарарлардың бірауыздан қабылданғандығын айттым. Сенбі мен жексенбіні біз қарарларды оқумен өткіздік. Владимир Ильич өте көңіл қойып тыңдап, кейде сұрақ беріп отырды».

21 январь. Лениннің денсаулық жағдайы кенеттен күрт нашарлайды.

18 сағат 50 минут. Ленин қайтыс болды.

Январьдың 21-інен 22-сіне қараған түні. Лениннің қайтыс болуына байланысты РКП(б) Орталық Комитеті пленумының кезектен тыс мәжілісі өтеді.

22 январь. РКП(б) Орталық Комитеті «Партияға. Барлық еңбекшілерге» үндеу қабылдайды.

Советтердің Бүкіл россиялық XI съезінде М. И. Калинин В. И. Лениннің қайтыс болғаны туралы хабарлайды. Съезд президиумы «ССР Одағының барлық еңбекшілеріне РСФСР Советтерінің XI съезінен» деген үндеу қабылдайды.

РКСМ Орталық Комитеті «Россия Коммунистік жастар одағының барлық мүшелеріне. СССР-дің барлық жас жұмысшылары мен шаруаларына» үндеу қабылдайды.

Ленинді жерлеуді ұйымдастыру үшін ССР Одағы Орталық Атқару Комитетінің Президиумы Ф. Э. Дзержинскийді председатель етіп комиссия құрады.

22—23 январь. РКП(б) Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының мүшелері, Халық Комиссарлары Советінің мүшелері, Советтер съезі мен Москва ұйымдарының делегациялары, төңіректегі деревнялардың шаруалары Ленинмен қоштасу үшін Горкиге келеді.

23 январь. Сағат 10—11-де Лениннің денесі салынған табытты жиналғандар Горкиден Герасимово станциясына көтеріп апарады.

Сағат 13-те Лениннің денесі салынған қаралы поезд Москваға келеді; табыт Одақтар үйінің Колонналы залына апарылады.

Коминтерннің Атқару комитеті мен Профинтерннің Атқару бюросы «Ленин — біздің мәңгі тірі көсеміміз» деген үндеу хат қабылдайды.

23—27 январь. Москваның жүз мыңдаған жұмысшылары, шаруалары, қызыл әскерлері және қызметшілері, Совет Одағының барлық түкпірлерінен, басқа елдерден келген еңбекшілер деле-

гациялары Ленинмен қоштасу үшін Колонналы зал арқылы күндіз-түні толассыз ағылып өтіп жатады.

25 январь. ССР Одағы Орталық Атқару Комитетінің Президиумы Лениннің Мавзолейін салу туралы қаулы қабылдайды.

26 январь. ССР Одағы Советтері II съезінің қаралы мәжілісі болады; съезд «Еңбекші адамзатқа» деген үндеу, Петроградты Ленинград деп атау туралы, Ленинге ескерткіштер орнату туралы, Лениннің шығармаларын шығару туралы және басқа қаулылар қабылдайды.

27 январь. 9 сағат 20 минутта Лениннің денесі салынған табыт Одақтар үйінен Қызыл алаңға шығарылады.

Қызыл алаңға қойылған, Лениннің денесі салынған табыттың жанынан еңбекшілер легі толассыз ағылып өтіп жатады.

Сағат 16-да Лениннің денесі салынған табыт уақытша Мавзолейге енгізіледі. Бүкіл елде барлық кәсіпорындардың жұмысы мен транспорттың жүрісі 5 минутқа тоқтатылады, қоштасу белгісі ретінде фабрикалар мен заводтар гудок береді, қаралы салюттің залптары естіледі.

21 январьдан кейін. Бүкіл елде қаралы митингілер мен жиналыстар өткізіледі, оларда Совет Одағының жұмысшылары, шаруалары, қызыл әскерлері, барлық еңбекшілері өздерінің Ленин ісіне берілгендігін, Коммунистік партия төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасқандығын мәлімдейді; мыңдаған жұмысшылар РКП(б) мүшелігіне қабылдау туралы өтініш береді.

31 январь. РКП(б) Орталық Комитетінің пленумы, жұмысшылардың Коммунистік партия қатарына өту жолындағы қозғалысының өріс алғанын ескере отырып, станоктағы жұмысшыларды партияға «лениндік шақыру» бойынша алу туралы қаулы қабылдайды.

Лениндік шақыру бойынша барлығы 240 мың таңдаулы, дайындығы неғұрлым мол, табанды және сенімді жұмысшы РКП(б) қатарына өтеді.

МАЗМҰНЫ

---

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Маркспзм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

*В. И. ЛЕНИННІҢ СОҢҒЫ ХАТТАРЫ МЕН МАҚАЛАЛАРЫ

23 декабрь, 1922 ж. — 2 март, 1923 ж.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

ҚОСЫМШАЛАР

СУРЕТТЕР

Ленин В. И.

Л 40 Шығармалар толық жинағы: Орысша 5-бас. аударылды/Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы ин-ты.— КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.— Алматы: Қазақстан басп., 1982.— 840 бет.

Т. 45. Март, 1922 — март, 1923.

ББК 11.5

Томды орыс тілінде баспаға дайындаған
Н. Н. Суровцева, Л. А. Кашницкая,
М. И. Труш, Н. А. Амплеев

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
В. П. Кукушкина

Есімдер көрсеткішін дайындаған
Е. Ф. Полковникова

В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін
К. Ф. Богданова мен *Р. З. Юницкаяның* қатысуымен
дайындаған *Э. В. Клопов* пен *В. Т. Логинов*

В. И. Ленин редакциялаған документтердің және
В. И. Ленин жазған болуы ықтимал еңбектердің
тізімдерін дайындаған *Р. М. Савицкая*

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

ИБ № 1269

Сдано в набор 03.10.80. Подписано в печать 05.02.82.
Формат 84×108 1/32. Бумага № 1. Гарнитура обыкновенная новая.
Высокая печать. Усл. печ. л. 44,6. Уч.-изд. л. 39,84.
Тираж 15 000 экз. Заказ № 406. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан»
Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств,
полиграфии и книжной торговли, 480124, г. Алма-Ата,
проспект Абая, 143.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических
предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР
по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480124,
г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Печатники: Панина С., Сергеева Т.